



**АЯН
ТӨЛЕГЕНҰЛЫ
ҚАЖЫБАЙ**

1982 жылы Ақмола облысы Көкшетау қаласында туды. 1999 жылы Көкшетау қаласындағы М.Ғабдуллин атындағы № 3 қазақ орта мектебін, 2004 жылы Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарих-филология факультетін бітірген. 2004–2007

жылдары аталмыш оқу орнының қазақ әдебиеті және шетел әдебиеті кафедрасының аспирантурасында оқыды. 2010 жылы «Белгібай Шалабаевтың ғылыми-сын, әдеби аударма еңбектері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2008 жылдан Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Қазақ филологиясы» және «Орыс филологиясы» кафедраларының аға оқытушысы болып қызмет етіп келді.

2012 жылдан «Көкше» академиясы гуманитарлық-педагогикалық факультетінің «Қазақ филологиясы және шет тілдері» кафедрасының доценті міндетін атқарушысы болып қызмет атқарып келеді.

**БЕЛГІБАЙ ШАЛАБАЕВТЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
КӨРКЕМ АУДАРМА ЕҢБЕКТЕРІ**

МОНОГРАФИЯ

**АЯН
ҚАЖЫБАЙ**

АЯН ҚАЖЫБАЙ

БЕЛГІБАЙ ШАЛАБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ АУДАРМА ЕҢБЕКТЕРІ (МОНОГРАФИЯ)

Көкшетау - 2015

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«КӨКШЕ» АКАДЕМИЯСЫ**

Аян ҚАЖЫБАЙ

**БЕЛГІБАЙ ШАЛАБАЕВТЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
КӨРКЕМ АУДАРМА ЕҢБЕКТЕРІ**

(Монография)

Көкшетау - 2015

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Қ 15

Монография Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Ғылыми-әдістемелік және «Көкше» академиясының Ғылыми кеңестерінде талқыланып, баспаға ұсынылды

Жауапты редакторы:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **Р.Н.Нұрғали**

Ғылыми редакторлары:

филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Қ.Алпысбаев

филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қ.Жұртбай

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Ысқақұлы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.Ы.Есмағұлов

Қ 15 Белгібай Шалабаевтың ғылыми-зерттеу және көркем аударма еңбектері. /
Қажыбай А.Т. –Монография. – Көкшетау: «Көкше» академиясының баспасы, 2015. – 556 б.

ISBN 978–601–206–082–9

Зерттеуші Аян Төлегенұлының бұл ғылыми еңбегі бүкіл саналы ғұмырын қазақ әдебиетін жете зерделеуге арнаған ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Белгібай Шалабайұлы Шалабаевтың ғылыми сын, әдеби мұрасын қазіргі тәуелсіздік талаптары биігінен қарап, бағалауға арналған. Әдебиет сынын, фольклорын, қазақ прозасының тууы мен қалыптасу тарихын (оның ішінде қазақ романы жанрындағы сюжет және характер, типология және поэтика, дәстүр және жаңашылдық мәселелері), абайтану, сұлтанмахмұттану, көркем аударма мәселелерін зерттеген ғалым еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ әдебиеті сынының тарихы, фольклортану, салыстырмалы әдебиеттану ғылымдарымен тығыз байланыста қарастырылған. Қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосқан білікті сыншы, талантты әдебиетші Б.Шалабаевтың ұлт әдебиетіне сіңірген еңбектері тың көзқарас, парасатты пайым тұрғысынан ой сүзгіден өтіп, іргелі ізденісіне, ғылыми ой-тұжырымдарына, дәйекті-деректі пікірлеріне кең орын берілген.

Ұсынылып отырған монографияда әдебиетші ғалымның ғылыми-ғұмырнамалық биобиблиографиялық көрсеткіші де қоса берілген. Б.Шалабаевтың өмірі мен ғылыми-шығармашылығын арқау ете отырып, оның еңбектері сараланады, зерттеулер мен естеліктерінің хронологиялық көрсеткіші және өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер тізімі енгізілген. Көрсеткіштегі материалдар хронологиялық ретпен әр жылға сәйкес жүйеленген. Өмірбаяндық библиография негізінен қазақ және орыс тілдеріндегі деректердің басын құрағандықтан да, екі бөлімге топтастырылып отыр.

Монографияны жоғары оқу орындары филология, журналистика факультеттерінде арнаулы курстарды оқыту барысында пайдалануға болады. Сондай-ақ кітап әдебиетіміздің жанашырларына, ғылыми қызметкерлерге, кітапханашылар мен көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978–601–206–082–9

©Қажыбай А.Т., 2015

© «Көкше» академиясының баспасы, 2015

САЛИҚАЛЫ ЗЕРТТЕУ, ТОЛЫМДЫ ТАЛДАУ ЕҢБЕК

Бүгінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымы толық жаңаша қалыптасқан жағдайда ойлау жүйесінің соны ізденістердің ілгері сатысына қадам басқан оның сан арнаны құрайтын салалары – әдеби сын, фольклортану, аударматану, проза, поэзия, драматургия жанрларын саралу ілімдері өзара бірлікте әрі дара-дара терең тақырып құраған сипатта кең өріс ашып отыр. Осы орайда осынау ұлан-дария еңбектердің бастауында шоқтығы биік әдебиеттанушы ғалымдарымыздың, сыншыларымыздың тұрғандығы ақиқат.

Жекелеген тұлғалардың шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыда тереңдей зерттеу – әдебиеттанудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әдебиетке тән нәрсе үздіксіз даму, жаңа ізденістермен толығу екені белгілі. Бұл мәселелердің барлығына жекелеген шығармашылық тұлға ықпал ететіні сөзсіз. Бұл ретте халқымыздың рухани қуатын, толайым болмысын дәуірлетіп дүйім дүниеге паш еткен, өміріміздің ілеспе шежіресі, айнасы іспеттес төл әдебиетіміздің тарихын, әдеби мұрасын, оны жасаушы ақын-жазушылардың ерен еңбегін бағалау, өмір деректері мен шығармашылығын мәтіндік тұрғыдан танып, зерттеп, ғылыми жүйеге түсіру, т.б. жөніндегі теориялық тұжырымдары, ойлы пікірлері, сөз жоқ, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін аса құнды. Есесіне отандық әдебиеттанудың өшпес мұрасын жетілдіріп ширатқан ойшыл ғалымдарын, соны байыптап таразылаған сыншыларын, тілдің барша байлығын қаузалап, асылын ақтарып, түпнұсқаның қарпін емес, автор ойының рухын жеткізуде еселей тер төккен кәсіби аудармашыларын зерікпей зерттеу мен ғылыми айналымға енгізу ісі де аса өрелі де жауапты міндет екені мәлім. Әдебиеттегі қордаланып қалған нышандарды еңсеру жолында өткеніміздің жақсысын саралап, өшкенін жаңғырту, сөйтіп ұлттың рухани бет-әлпетін, дәуір дидамын айқындап отыру мәселесі бүгінде келелі үрдіске айналып отыр.

Адам баласын дүниедегі өзге жаратындылардан даралай танытатын мәдениет болмыс пен сананың барлық саласын бірдей қамтитын әрекеттер тұтастығы арқылы көрініс табатынын ескерсек, бұл қатарда рухани мәдениеттің алатын орны айрықша. Қай дәуірде де қоғамдық сананы қалыптастыруда орасан маңыз иеленетін рухани мәдениет салалары ішінде, әсіресе, әдебиеттің атқарар қызметі, ықпал-қуаты аса зор. Ғасырлардан ғасырларға ұласып жатқан ой қазынасының ең асылдарын өз бойына екшей дарытатын әдебиеттің бұл ерекшелігі оның қоғамдық сана дамуында жетекші рөл атқаруына жол ашады. Демек, әдебиет адамзат ойының өткенін игеруші, бүгінгі бағытын айқындаушы, ертеңгі бағдарын белгілеуші көсем өнер.

Көсемдік жүгі қашанда ауыр. Жер бетіндегі үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысы да әлемдік өркениет шаңырағының жабығынан сығаламай, қал-қадерінше төріне озуды мұрат тұтып отырған ізгі бәсекелі дәуірде ұлттық ой-сана көшбастаушысына түсер салмақтың еселене түсері бесенеден белгілі ақиқат. Өйткені өркеуде өркениетке тән тәкаппар талғам үдесінен табылу үшін ұлттық мәдениетте өзгеге ұқсамас даралық пен деңгей биіктігіне қол жеткізу шарт. Бұл – кез келген ұлттың еншісіне тие бермейтін несібе. Ол

үшін әуелгі кезекте, өзін-өзі тануға, танып-білгенін өзгеге танытуға бейіл ұлттық сана қажет, ұлттық сананың уақытпен жарыса кемелдене беруіне күш салар қара нар тектес қайраткер тұлғалар қажет.

Бұл тұрғыда көңілге мақтаныш ұялатар тағы бір шындық бар. Ол шындық – әлмисақтан қазіргі таңға дейін ұласып жатқан тарихымыздың қай кезеңі де ұлт мұратын ұлық тұтқан үлкен жүрек иелерінен кенде болып көрмегендігі. Ұлт мұратын ұлықтау әсіре қызыл ұранмен емес, ел игілігіне адал қызмет етумен іске асарына ден қойсақ, кейінгі елу жыл бедерінде алаш баласының ардақтысына айналған бірегейлер легінде өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бері бүкіл саналы ғұмырын, қызметін әдебиетке арнаған, өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап өмірінің соңына дейін әдебиет ғылымының өркендеу процесіне белсенді араласып, қазақ әдебиетінің дамып, орнығу рөлін анықтаған Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Белгібай Шалабаевтың көп қырлы ғылыми және шығармашылық мұрасы өркештене танылады.

Ғалым еңбектерінің көркемдік ерекшелігі, идеялық мазмұны, еңбек жолы мен шығармашылық дамуы эволюциясына арналған республикалық мерзімді басылымдар бетінде әр кезде жазылған рецензиялық мақалалар оқырмандар назарын аударып отырды. Дегенмен, осы мәселелер жөніндегі ғалым-зерттеушілердің жол-жөнекей пікірінен басқа салиқалы ой айтылған жоқ. Осы кезеңге дейінгі зерттеулерде әдебиетшінің көркемдік танымы, танылу аясы, сыни ұстанымы, аудармашылық қыры, туындыларындағы көркемдік, жанрлық, стильдік ерекшеліктері, т.б. мәселелер арнайы қарастырылмаған, ғылыми байсалдылықпен түбегейлі сараланған емес. Аян Қажыбайдың зерттеуі – Б.Шалабаевтың осы қарымды сыншылық, алымды әдебиеттанушылық тұлғасын арнайы сөз еткен алғашқы еңбек. Автор бұрын-соңды зерттеу нысанына айналмаған ғалым-әдебиетшінің әдеби-сыншылық, ғылыми-зерттеу, көркем-публицистикалық және аударма еңбектерін ғылыми-теориялық деңгейде түбегейлі сараптаудан өткізген. Ғалымның әдеби-ғылыми мұрасы бұрын зерттеушілер назарынан тыс қалып келген қырлары жөнінде жасалған тың байқаулар мен соны пайымдаулар алғаш рет монографиялық кешенді түрде жан-жақты зерттелініп, әдебиетші-ғалымның көркемдік танымының жаңа қырлары, сыншылық позициясы, интеллектуальдық-эстетикалық зерделеудегі, жанрлық және стильдік ізденістерінің ерекшеліктері мен еңбектеріне кең орын беріліп, жаңа кезең талаптарына сәйкес сараланған. Бұл – жұмыстың тақырыбының өзектілігі мен ғылыми маңыздылығын айқындайтын фактор. Әрине, сын, сыншы жайлы іздену, толымды тұжырымдар жасау автордан әдеби-теориялық білімді, көркемдік-эстетикалық талғам-танымды қажет етеді. Сыншы туралы сөйлеу үшін өзінде де сыншылық қабілет болуы керек. Меніңше, жас ғалым бұл талаптың үдесінен оңтайлы шыға алған.

Кітаптың құрылымы Белгібай Шалабаевтың ғылыми-әдебиеттанушылық, сыншылық қыры мен публицистикалық, аудармашылық келбетін айқындайтын екі тараудан тұрады. Әр тарау екі тараудан құралған.

Бірінші тарауда қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі Б.Шалабаевтың сын-зерттеулердің әдеби дамудағы маңызы мен құндылығын ашатын, кеңестік идеология талабынан туындаған басты кемшіліктерінің болмыс-бітіміне талдау жасалынған. Әдіснамалық тұрғыда қате теориялар табиғатын зерделеу барысында осы кездегі сынның тарихында ғалым-сыншының алар орны, теориялық және жанрлық түрлері жағынан өсіп-жетілу жолындағы қол жеткізе алған ізденістердегі басты бағыт-бағдарлар мен негізгі нысаналар анықталған; сол жолда кездескен түрлі көзқарастар мен кемшіліктерден туындаған іркілістердің себеп-салдарының негізі көрсетілген. Оның ғылыми, сыни зерттеулеріне, әдебиеттанудағы көркемдік ізденістерге, еңбектерінің тақырыптық аясы, жанрлық ерекшелігі, сыни ұстанымдарына, көркемдік таным шеберлігі мен әдіс-тәсілдеріне талдау жасалынған. Қазақ қоғамының дамуында маңызды орын алатын демократ-ағартушылар мен кеңестік дәуірдегі көрнекті қаламгерлер шығармашылығы, олардың әдеби үрдіс дамуындағы ізденістері, алатын орны, әсер-ықпалы туралы еңбектерін қарастыру нәтижесінде әдебиетші-ғалымның қазақ әдебиеті тарихындағы басты жетістіктері мен негізгі зерттеушілік ерекшеліктері ашып көрсетілген. Автор ғалым еңбектерін жан-жақты талдау үстінде оның әдеби процестегі маңызын көрсетіп, қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын екшеу негізінде роман зерттеушісі, әдебиет тарихшысы, халық ауыз әдебиетінің қамқоршысы әрі жанашыры ретіндегі ғылыми ұстанымдарының эволюциясын ашып, көзқарас концепциясын айқындаған. Ғалымның әдеби сын, ғылыми зерттеу шығармашылығы көркемдік таным, ұлттық романтанудың көшбасындағы жанрлық ізденіс, жеке объектілік талдау, т.б. жағынан жүйеленіп, ұлттық таным мен әдеби өрлеудегі рухани сабақтастық қырларына маңыз берілген. Б.Шалабаевтың «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа» (1956), «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (проза, поэма, роман) (1958), «Казахская литература» (Советский период) (1965), «История казахской прозы» (сюжет и характер) (1968; 1975), «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983; 1990) еңбектері мазмұнының дәуір шындығымен және шығармашылық ортамен байланысы көрсетіліп, еңбектерінің тарихи, ғылыми маңызы жаңаша пайымдалған.

Қазақ романының әдеби-мәдени маңызы, қоғамдық-әлеуметтік мәнін ашып көрсетудегі Б.Шалабаевтың ғылымдағы ізденістері де жүйелі талдау өзегіне айналады. Қазақ романының туып қалыптасуына Ыбырай, Абай шығармаларының тигізген әсер-ықпалының мол болғандығын да ғылыми тұрғыдан дәйектеп дәлелдейді. Әсіресе, еңбекте С.Торайғыров шығармашылығына қатысты ғалымның байламдары өзіндік түйіндеулер жасаудағы ізденістері біршама сәтті талданып, ғылыми баға берілген. Жалпы, қазақ романының туып, қалыптасуы жолында тынбай-талмай шығармашылық қызмет атқарған басқа да көптеген қаламгерлердің әдеби мұралары жөнінде әдебиетші айтқан пікірлердің күні бүгінге дейін өзінің маңызын жоймағандығын нақты мысалдармен дәлелдейді. Ауыз әдебиеті мұрасын игеріп, зерттеу ісінде Б.Шалабаевтың да тыс қалмағандығы еңбекте

жүйелі әңгіме өзегіне айналған. Тарихи жырлардың шығу тегін, жанрлық, тілдік, көркемдік, т.б. қасиеттерін әдебиеттану ғылымының заңдылықтарына сәйкес қарастырады. Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орындары бар, есімдері айрықша аталатын С.Торайғыров, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, т.б. шығармашылығына теориялық сараптама жасаған әдебиетшінің ғылыми ұстанымдарына, зерттеушілік қабілет-қарымына да кең түрде көңіл аударылады. Әдеби байланыстар мәселесінің тарихи негізін анықтау барысында ғалымның әдеби байланыстар мәселесін зерттеуді жолға қоюдағы атқарған істері біршама байыпты талданады.

Екінші тарауда қаламгердің әдеби-публицистикалық шығармалары және көркем аударма еңбектеріне ерекше ден қойылған.

Публицистика – өмір шындығын суреттейтін жанр. Өмір шындығын әр жазушы өзінің қалам қабілетіне, білім деңгейіне, тағы басқа қасиеттеріне орай әр түрлі қырынан түрліше суреттеп жазады. Әсіресе публицистикалық мақалаларында өмірден көріп-білгендерін нақты деректер арқылы сипаттайды. Шындық өмірдің көріністерін ой-толғауымен өрнектеп, тіл шеберлігі арқылы оқырмандар жүрегіне жол табуға тырысады. Бұл Б.Шалабаевқа да тән машық еді. Осы ретте әдебиетшінің сөз шеберлігінің ерекшеліктерін анықтайтын Аян Төлегенұлының мына тұжырымдарына баса назар аударамыз: автордың ұнамды қасиеті – қай суреткер, қаламгер, ғалым айналасында болмасын, мейлінше байсалды, әділ пікір тудыру. Сыншының әр нәрсені қиялдан шалғыш дағдысы, көңіл көзінің жүйріктігі, лайықтыны қадірлеу, ағат басқанды кешіруге бейім, сырттай қатқыл көрінсе де, іштей бауыр тартатын мінезі бейнелеу нысанына алынған жекелеген тұлғалардың даралық қалпын анықтауда зияткерлік, салиқалы жүк көтереді; портреттік сын мақаланың қыры мен сырын жақсы білген сыншы айтар ойын алысқа апармай-ақ шығарманың өн бойынан табады. Ол оқыған шығармалары бойынша портреттік сын мақала жазу үшін, алдымен шығарманың ішкі құрылымын өзге шығармалармен салыстыра суреттеуге көбірек бейім келеді. Б.Шалабаев ақын-жазушылар туралы портреттік сын мақала, рецензия, эссе-сын жазуға төселген қаламгер. Қорыта келгенде, бүгінгі публицистер үшін Шалабаев дәстүрінің тағылымы – болмыстың әлеуметтік қырларын зерттеудің, оймен таразылаудың және қорытынды жасаудың ғылыми әдістерін игере білу, өмір деректері мен құбылыстарын көрсетуде айқын идеялық-адамгершілік позиция ұстану, дәлелдің қисындылығына қол жеткізу, кез-келген процестерді олардың өзара байланыстары арқылы қарастыра білу, бірізділікке, тұрпайылыққа, таптауырындыққа, догматизмге ұрынбай ширақ талдау және қорытынды жасау қабілеті, тиісті түрлерде мазмұнды шебер өрнектеу – идеялар мен бағыттардың нағыз кәсіби қоры болып табылады.

Әдебиетшінің көркем аудармадағы ізденістері де зерттеуші назарынан қаға беріс қалмайды. Көркем аударма жасаудағы шеберлік қырлары, ізденіс амалдарына талдау жүргізудің нәтижесінде оның былайғы көпшілікке беймәлім бір қырын, яғни аудармашылық шеберлігін танытып-табыстыруы

зерттеу еңбектің маңызын көрсетер бір қыры болса керек. Автор В.Г.Белинскийдің «Таңдамалы шығармалары», В.Г.Короленконың «Тілсіз» («Без языка») повесі, М.Горькийдің «Жастар мен балалар туралы» («О молодежи и детях») атты деректі публицистикалық жинақ еңбек тәржімаларына сараптаулар жасай отырып, әдебиетшінің кәнігі аудармашылық соны қырларын ашатын, дара қолтаңбасын айқындайтын көркем аудармаларының өзіндік ерекшелігіне, рухани құнды еңбек екендіктеріне көз жеткізумен қатар, осылардың негізінде Б.Шалабаевтың тілдік-стильдік аудармашылық шеберлігіне талдау жасаған. Аудармашының көркем әдеби шығармашылыққа баға беруде ұстанған принциптері мен өзіндік позициясы, қосқан үлесі, шығармашылық ықпалы тарихи-әдеби заңдылықтарға орай, қазіргі заман талабына сай өскелең әдеби-эстетикалық таным тұрғысынан қарастырылып, қазақша аударылған көркем әдебиет үлгілерінің қазақ әдеби тілінің дамуы мен қалыптасуындағы рөлі тұжырымдалған.

Сөзімізді түйіндей келе, автордың еңбекті жазу барысында көп ізденгені, тақырыпты жан-жақты меңгергені айқын аңғарылып тұр.

Аталмыш зерттеу еңбек қалың оқырман қауымды, артына халқы қадірлеп оқитын әдебиетші ғалымның аманаттап кеткен тағылымды да танымдық әдеби мұраларын ғалымдық, сыншылық, қаламгерлік, аудармашылық ерекшелік қырларымен байыпты таныстыруымен құнды болмақшы.

*Құныпия АЛПЫСБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

КІРІСПЕ

Қазақтың – «елі – алаш, керегесі – ағаш» азаттықтың еңсесі көтеріліп, төл тарихымызды тереңдеп танып зерделеуге, ақтандақтарымыздың көмбесін ашуға мемлекет тарапынан пәрменді қолғабыс пен мол мүмкіндіктер жасалынып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арналған Жолдауында мәдени-тарихи мұраны сақтауға, зерттеуге, оларды игеріп, кеңінен танытуға айрықша мән берілген. Елбасы «Мәдени мұра» бағдарламасында: «...ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау басты мақсат» екендігіне ерекше ден қоюмен қатар [1], тағы бірде: «Алдағы міндет ұлт мәдениетінің ұлы тұлғасын кезендік бұрылыстарда тарих сахнасына «шығара» білуде болса керек. Мұндайда әрі кең, әрі жүрдек «бүгінгі күннің даңғылымен» жүру үшін байырғы тәсіл жарамсыз болмақ. Былайша айтқанда, өткенге мойын бұрамын деп болашағыңнан айырылып қалуың кәдік» [2, 5-б], – деп айқын мақсат, ортақ міндет қойған болатын. Бұл тұжырымдар бүгінгі таңда елімізде мәдени мұраны зерделеп, зерттеуге, жаңаша танып-білуге қаншалықты маңыз беріліп отырғанын да айғақтайды.

Олай болса, кеңестік замандағы тарихта, әдебиет пен өнерде бүркемеленген шындықтың пердесін ашып, өз кезінде зерттелмей, зерделенбей, танылмай келген мәдени байлықтарымызды заманымыздың даму үрдісіне сәйкес бағалау – тарихи, ғылыми, әдеби, мәдени жағынан ойластырсақ, ауадай қажетті міндет.

Заманның даму, өсіп-өрбу барысында қоғамдық сана, ғылым, көркем өнер, әдебиет – барлығы да бір-бірінен аса ажырамай, әрқайсысы қоғамның экономикалық-материалдық жағдайына орай дамидындағы белгілі. Сондықтан да көркем өнердің барлық саласы қоғамнан тыс өмір сүре алмайтындығы дәлелденген шындық. Және де мәдениет те, ғылым да бір мезетте пайда болып, қалыптаспағандығы айдан анық.

Олай болса, өнерді танып-білуге қызмет ететін ғылымдардың бірі ретіндегі филологияның пайда болуы жазу мәдениетінің едәуір өркен жайған кезеңімен орайлас келетіні мәлім. Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, Таяу Шығыстың аса жоғары дамыған ежелгі мәдениетінде филологияның белгісі де жоқ болса, орта ғасырлардағы Батыс Еуропада филология еншісіне болар-болмас қана орын тиеді екен. Ал филологияның отаны болып табылатын ежелгі Үндістан мен Грекияда филология сөз бен сөйлеудің, сөз бен ойлаудың ара қатынасын гносеологиялық тұрғыдан қарастыратын үрдіс ретінде дүниеге келіп, қалыптаса бастағаны белгілі. Сол себепті да кейінірек пайда болған философиялық дерексіздік пен филологиялық нақтылық арасындағы қарама-қайшылықтарға қарамастан, әу баста философия мен филология біртұтас дүниенің екі бетіндей болып көрінуі кездейсоқтық емес еді. Зер сала үңілер болсақ, филологияның шын мәніндегі өрлеуі гносеологиялық ойлар дамуының ұлы дәуірлерімен ұдайы орайлас келіп отыратынын аңдауымызға болады. Мәселен, эллинизм дәуірінде (б.д.д. 330–23 ж.ж.) грек философы Аристотельдің «Поэтика» еңбегінен [3] бастау алған

әдеби-эстетикалық ой-пікірлердің өсіп-өрбу, өрістеу тарихы ерекше. Одан бері орта ғасырлар эстетикасы Әбу-Насыр әл-Фараби трактаттарындағы [4]; Еуропада XVII–XVIII ғасырларда эстетикалық көзқарастар Р.Декарттың [5], Г.Э.Лессингтің [6], Г.В.Гегельдің [7] айтулы еңбектеріндегі; XIX ғасырдағы И.Кант [8], В.Г.Белинский [9] секілді т.б. тұлғалардың әдеби, сыни, философиялық мұраларындағы эстетикалық болжамдар мен тұжырымдар әдебиеттану ғылымының ежелгі іргетасы болып танылды.

Осы орайда айта кеткен орынды, адам болмысын қандай да бір дәуірдегі адам ойының мәдениет жәдігері болып табылатын көркем мәтін арқылы қарастыруға негізделген филологияның өзі жеке ғылым ретінде XIX ғасырда ғана қалыптасқанын ескерсек, қазақ филологиясының ғылым ретінде шаңырақ көтерген уақытын өткен XX ғасырдың бастапқы жылдарына телісек те, ғылыми филология көшінен кенже қала қоймасымыз анық. Әдеби-теориялық мәселелердің таза ұлттық негізде дами түскен кезеңі XIX ғасыр болды. Әрине, сонау орта ғасырдан бері қарай, қазақ әдебиеттануының әдебиет қисыны жөнінде мүлде еш нәрсе болмады деген ұғым тумаса керек. Осынау мол таным мен XIX ғасырда қазақтың рухани болмысында елеулі із қалдырған Ш.Уәлиханов [10], Ы.Алтынсарин [11], А.Құнанбаев [12] сынды біртуар дарындардың ой-толғамдарынан нәр алған XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары да өздерінің әдеби-сыншылық, философиялық көзқарастарын қалыптастырып, үнемі даму үрдісіне бет түзгендігі ақиқат еді.

Әдеби өркендеудегі тарихи сабақтастық тұрғысынан зер салсақ, әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес қосқан Ә.Бөкейханов [13], А.Байтұрсынов [14], Қ.Жұбанов [15], М.Дулатов [16], Ж.Аймауытов [17], М.Жұмабаев [18], Х.Досмұхамедов [19] секілді ұлт зиялылары еңбектерінің маңызы зор. Олар кеңестік заманда өзінің тиісті бағасын ала алмаса, бүгінгі таңда аты аталған дара тұлғалардың әдеби мұраларының мәні мен маңызы қайта қаралып, ел игілігіне жаратылып, шығармалары әдебиетіміздің алтын қорына енгізілді.

XX ғасыр басындағы әдебиет тарихында елеулі оқиғалар орын алғандығы барша әдебиетші қауымға белгілі жәйт. Қазан төңкерісінен кейін бүкіл қоғам жаңа заман күйбеңімен қалайша тірлік етсе, әдебиет пен өнер де сондай күй кешті. Ғасыр басындағы ғылыми зерттеушілік пікірлер саласындағы ізденістер әдеби мұраларды жинау және әдебиет тарихын жасауға ұмтылу мен қисындық ой-тұжырымдар сол ғасыр ұсынған талап-тілектермен бетпе-бет келді. Бұл орайда кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің ғана емес, сонымен бірге әдебиеттануы мен сынының да көш басында болған, әсіресе, 1917–1940 жылдар әдебиетінде ауыз толтырып айтарлықтай мәдени мұралар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сәдуақасов, Қ.Кемеңгеров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, М.С.Сильченко, М.П.Баталов, Т.Нұртазин, Х.Жүсіпбеков, Қ.Аманжолов, Д.Әбілев, Ә.Сәрсенбаев, Ғ.Сланов, С.Ерубаев, Қ.Бекқожин, М.Хакімжанова,

Ә.Әбішев, Ж.Саин, С.Камалов, Ә.Байділдин, Қ.Әбдіқадыров сынды т.б. көптеген майталман сөз шеберлерінің қаламынан туғаны анық. Бұл әдеби мұралардан бастау алып, кешегі күнге дейін ізденіс аясы, бағыт-бағдары, өріс-өресі тұрғысынан да түрлі деңгейде, алуан сипатта болып келген әдебиетке қатысты үлкенді-кішілі зерттеулердің ғылым дамуындағы мән-маңызын, өзіндік орнын ескермеу шындыққа қиянат болмақ. Әдебиет тарихының сан-сала проблемаларын алуан қырынан қарастыратын еңбектерден тыс алғанның өзінде, әдебиеттану және әдебиет сынына қатысты көптеген іргелі зерттеулер жасалғаны белгілі. Кеңестік идеология қарамағында өмір сүрген қазақ әдебиеті мен әдебиеттануының социалистік реализм талаптарына сәйкес тірлік ете отырып, ылдиға түспей, үнемі даму, жетілу жолында болғандығы айқын еді. Сондықтан да қазақ әдебиетінің ғана емес, әдебиеттану мен сын жанрының көшін бастап, сындарлы ой-пікірлер қалыптастырған С.Сейфуллин, Ғ.Тоғжанов, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, М.Қаратаев, Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин сынды тұлғалардың еңбегі ерен болатын.

Осы керуеннің ізінен қалмай, әдебиеттану мен әдебиет сынына қатысты біртуар зерттеулер жазып, әдебиет майданында көзге түскен, кейінгілерге үлгі-өнеге болған тұлғалардың қатарында: З.Ахметов, З.Қабдолов, М.Базарбаев, Ш.Елеукенов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымов [20] сынды ғалымдардың әдебиеттің теориялық мәселелеріне арналған еңбектерін, Б.Кенжебаев, Т.Кәкішев, Н.Ғабдуллин, Р.Нұрғалиев, М.Қараев, Ж.Смағұлов [21] секілді әдебиетшілердің әдебиеттану мен сын тарихы проблемаларына негізделген зерттеулерін, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Д.Ысқақов [22] тәрізді т.б. зерттеушілердің сын теориясын саралауға бағытталған туындыларын атауға болады.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымында зерттеу жұмыстарын әдеби-тарихи шындыққа сай жүргізуде кеңестік идеология қағидаларының қаншалықты зиян келтіргендігі аз айтылған жоқ. Бұл мәселені қалыпқа салып зерделеуде соңғы жылдары ауқымды шаралар атқарылуда. Атап айтқанда, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, М.Мырзахметов, Ш.Елеукенов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев [23] сынды т.б. ғалымдардың еңбектері аса маңызды. Сондай-ақ, 1920–1960 жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихы соңғы он жылда жаңаша көзқарас, тың пайымдау тұрғысынан ой сүзгіден өтіп, қайта сарапқа салынып, іргелі ізденістерге, сыни, ғылыми ой-тұжырымдарға, дәйекті-деректі пікір пайымдауларға негізделген елеулі зерттеулер жазылды [24]. Қазақ әдебиетінің тарихы да жаңаша көзқарас тұрғысында тұжырымдалып, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының басқаруымен көптомдық боп жарыққа шықты. Осы орайда, қазақ әдеби сынының, фольклористикасының, проза жанрларымен аударматану ғылымдарының жеке-жеке сала ретінде қалыптасуы мен дамуына өзіндік үлес қосқан зерттеуші-ғалымдар тұлғасын, сыншылық, әдебиеттанушылық болмысын, фольклортанушылық келбетін, аудармашылық шеберлігін, ғылыми-шығармашылық қызметін уақыт ағымына сай зерттеп білудің, саралап танудың мәні ерекше.

Әсіресе қазақ көркем ойы мен сынының қалыптасу тарихында 60–80 жылдардың өзіндік өзгешелігі бар. «...Өткен ғасырдың 60-шы жылдары! Бұл сапалық өзгеріс неден дегенде ішкі қуатының, адам жанының құпия ішкі иірімдерінің, психологиялық тебіреністер арқылы характерлердің нанымды бейнелерінің ашылуы» [25, 99-б], – деп сыншы Төлеген Тоқбергенов алғашқылардың бірі болып тұжырымдаған болатын.

Әйтсе де, көзі ашық, көкірегі ояу талантты дарабоздардың талайы кеңестік замандағы үстем идеологияның құрсауында шырмалғаны – шындық. Сондықтан да, бұл кезеңде ғұмыр кешкен қандай да болмасын дарын иесінің еңбегін сараптаған сәтте ол өмір сүрген қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайларға зер салып отыру – әділетті тұжырымының қалыптасуына мүмкіндік тудырмақ. Себебі, сонау 40–60 жылдар аралығында, қиындығы мен қысастығы мол болған әдебиет майданында, әдебиеттану ғылымының ауыр жүгін қайыспай көтеріп, әдебиетіміздің өрісті биіктерге самғауына, айқын бет түзеуіне үлес қосқан, туған әдебиеттің шарықтай дамуы үшін тура жол іздейміз деп, өмірдің небір бұралаң жолдарынан өтіп, табандылық көрсеткен дарынды әдебиетші, зиялы қауым қалыптасып еді. Олардың қатарында: Ө.Тұрманжанов, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Қ.Жұбанов, Қ.Бекқожин, А.Байтасов, Ә.Тәжібаев, Ж.Тілепбергенов, Х.Есенжанов, Қ.Мұхамедханов, Қ.Нұрмаханов, М.Ғабдуллин, Т.Нұртазин, А.Нұрқатов, Ә.Шәріпов, Қ.Жармағанбетов, С.Сейітов, Б.Шалабаев, С.Төлешев, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, Ш.Сәтбаева, З.Ахметов, С.Қирабаев, Н.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Мәметова, Қ.Қуандықов, Т.Қожакеев, Х.Әдібаев, Ә.Дербісәлин, Т.Әлімқұлов, С.Талжанов, Т.Кәкішев, З.Шашкин, Б.Сахариев, М.Дүйсенов, Ы.Дүйсенбаев, Е.Лизунова, Т.Ахтанов, Н.С.Смирнова, М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов, М.С.Сильченко, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Тұрғанбаев, М.Сармурзина, Т.Амандосов, Ә.Хасенов сынды т.б. әдебиетшілердің болғаны, олардың қай-қайсы да кейіннен қазақ әдебиеттану ғылымының өсу, өркендеу сатысында өзіндік белгі қалдырғандығы – ақиқат.

Белгілі ғалым Т.Кәкішевтің: «Соғыстан кейінгі идеологиялық зорлық-зомбылықтардан құтылып, 50-жылдардың екінші жартысы мен 60-шы жылдардың ұзына бойына ақыл-ойға ептеп болса да осындай таластың болуы – біршама ірі де сүбелі істерді атқарып тастауға мүмкіндік берді. Сын мен ғылым қай жағынан болса да толыса өркендеуге мүрсат алған шақта жетелі де білімді, эстетикалық жағынан сауатты, ғылыми зерделі дарындар жауынгерлік сапқа тұрды. Олар оқу-ағарту, халық мәдениетін көтеру, қоғамдық сананы өрлету тұрғысынан едәуір қызмет атқарды» [21, 348-б], – деген пайымдауына жүгінсек, бұл толқын – кешегі қаламгер ұстаздарының жазықсыз құрбан болғанын білген, өздері де ептеп болса да саясат содырлығын көрген, әдебиеттанудың ақсап жатқан кемшілікті тұстарын айқын аңғарған талантты буын, тегеурінді топ болатын. Шынында да, ұстараның жүзіндей алмағайып уақытта өмір сүре жүріп, әдебиетіміздің өркенді биіктерге бет түзеуіне үлес қосқан, туған әдебиетінің дамуына тура бағыт сілтейтін сүре жолды іздеу барысында кей-кейде бұралаң сұрлеулерге

түсіп кетуден де кенде емес осы бір жауынгер мінез дарындар қатарында М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Т.Нұртазин, А.Нұрқатов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Қ.Нұрмаханов, Қ.Қуандықов, Н.Ғабдуллин, З.Қабдолов, Ы.Дүйсенбаев, Х.Әдібаев, М.Дүйсенов, Ә.Дербісалин, Ә.Қоңыратбаев, З.Ахметов, Ш.Сәтбаева, С.Талжанов, т.б. әдебиетшілердің болғаны, олардың қай-қайсы да кейіннен қазақ әдебиетінің өркендеу тарихында өзіндік із қалдырғаны мәлім. Олардың лег-легімен әдебиеттануға келуіне халықтың рухани өрлеуі бірден-бір себепші болса, осынау «алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілердің» бел ортасында жүрген өз замандастары арасында әдебиеттану мен сынға елеулі үлес қосқан, сондай-ақ проза, фольклор, аударма салаларында да еселі еңбек еткен таланттардың бірі – Белгібай Шалабайұлы Шалабаев еді.

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Белгібай Шалабаев (1911–1990) өзінің бүкіл саналы өмірін туған әдебиетіміздің тарихын зерттеуге арнап, оның ғасырлар бойғы даму, қалыптасу, кемелдену кезеңдерін ашып зерделеуде айтарлықтай үлес қосты. Алайда ғалымның сан салалы, алуан арналы әдеби-сын, ғылыми-зерттеу, әдеби-публицистикалық, көркем-аударма еңбектері мен ғылыми-творчестволық қызметі әлі күнге дейін жеке зерттеліп өз бағасын ала қойған жоқ. Ғалымның бай бағылан әдеби мұрасы оқырманға толық танылып бітпеген. Оның азаматтық, қаламгерлік тұлғасы, сыншылық, аудармашылық даралығы, еңбектеріндегі толғамды ойлары мен жаңалықтары, шығармашылық шеберлігі жете зерттелмеген. Сыншының қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі әр кезде еске алынғанымен, сол үлестің аты аталып, түсі түстелген емес. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін өркендетуге сіңірген еңбегі ауқымды болса да, әлі күнге ғылыми бір жүйеге түспегендігі оның ғылыми-сыншылық, көркем және публицистикалық мұрасын жинақтай отырып, жан-жақты зерттеудің қажеттігін айқындай түседі.

Әдебиеттанушы, сыншы, аудармашы ғалымның соңында қалған ғылыми, көркем, публицистикалық еңбектерін қазіргі тәуелсіздік талаптары биігінен қарап бағалаудың мезгілі жетті. Қазақ әдебиетін зерттеудің қай саласында болсын жемісті еңбек еткен ғалым мұрасының бүгінгі әдебиеттану ғылымы үшін ғибраты мол. Сол себепті Б. Шалабаевтың әдебиет тарихы, фольклор мен проза жанрларын зерттеп, аударматану ісіне қосқан үлесін айқындау мақсатын көздейтін бұл зерттеудің өзектілігі талас тудырмаса керек.

Қазіргі қазақ әдебиеті – сан салалы арналары бар рухани жетістіктерімен сараланып көрінеді. Рухани мәдениет қазыналарының ең негізгі салаларын жекелеген шығармашылық тұлғалардың еңбектері құрайды. Сыншылық-зерттеушілік ой дамуында өзіндік орны бар жекелеген тұлғалардың еңбектеріне қазіргі күн тұрғысынан көз салған тұста олардың жетістік, кемшіліктерінің қай-қайсысын да объективті бағалауға ұмтылу және әсіре бояусыз шынайы ғалымдық болмысын ашу нақты кезеңдегі әдеби үрдістің бет-бағдарын, жанды бейнесін айқындауға септігін тигізері даусыз. Себебі –

қандай да болмасын қоғамдық-әлеуметтік ортаның үлкенді-кішілі жекелеген тұлғалар мен адамдардан құралатыны ақиқат. Бұл орайда басты мақсат қандайда бір зерттеушінің еңбегіне белгілі бір кезең жемісі деп қана үңілумен шектелмей, сол еңбектің ішкі мазмұнына дендей бойлау, сол арқылы уақыт талабымен көркемдік талаптың қаншалықты ұштаса көрініс тапқанын зерделеу, нәтижесінде көркемдік талап деңгейін саралай отырып, нақты кезеңге тән көркемдік таным дамуына зейін аудару, сонымен бірге, шығармашылық жеке тұлға ізденісінің қоғамдық көркем ойға әсерін, оған керісінше, жеке тұлғаның көркемдік танымына қоғамдық сана ықпалын саралай тануға талпыныс болмағы ләзім.

Қайсыбір ғылым саласында болмасын, ғылымды жасаушы да, дамытушы да, халық игілігіне жаратушы да – жекелеген дарынды тұлғалар. Әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының даму тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған сыншылар мен ғалымдардың еңбектерін жан-жақты саралай қарастырып, салыстыра, салғастыра бағалау нәтижесінде ғана нақты кезеңге тән әдеби үрдістің шынайы бейнесі объективті көрініс табары анық. Жекелеген әдебиетшілер мұрасын барынша жан-жақты зерделеу мен зерттеу ісі әдебиеттану ғылымының персоналия тарихы үшін бүгінде алғы кезекте тұрған міндеттердің бірі. Аталмыш міндеттерді шешу барысында қазіргі әдебиеттануда жасалып жатқан ізденістер баршылық. Қазіргі ұлттық әдебиеттануда әдебиетші сыншы ғалымдардың шығармашылығын саралай қарастыру негізінде төл әдебиеттің түйінді мәселелері оң шешімін табуда. Әсіресе, ұлттық әдеби сынның қалыптасуы мен өсіп-өркендеуіне үлес қосқан айтулы сыншы-ғалымдар шығармашылығын арнайы қарастырған еңбектер жазу – уақыт талабы. Осы талапқа сай әдебиеттанудың әртүрлі мәселелерін сөз еткен бірсыпыра зерттеулер де жарық көрді. Атап айтқанда, Ш.Уәлиханов тұлғасын филолог қырынан саралайтын Ш.Сәтбаеваның, фольклортанушы тұрғысынан қарастыратын Қ.Алпысбаеваның, 20-жылдардағы әдеби-мәдени, тарихи процестер тұрғысында Ж.Аймауытұлының қазақ әдебиетіндегі қаламгерлік орнын айқындап, әдеби мұрасына ғылыми сипаттама беру арқылы, қазақ романын қалыптастырудағы ерекше үлесін танытып, жазушының роман жанрының даму жөніндегі ой-пікірледі жүйелеген, образдар жүйесін талдау барысында қаһарманның рухани әлемін суреттеудегі құралдарының, амал-тәсілдерінің ерекшелігін психологиялық зерттеу амалы тұрғысынан қарастырып, авторлық позиция және Ж.Аймауытұлы шығармаларындағы танылу аясын зерттеген А.Зейнулинаның, С.Сейфуллиннің әдебиет тарихына арналған еңбектерін өзек еткен М.Бағалбековтің, көркем шығармада тарихи шындықтардың жайын құжаттар мен архивтік деректерді көрсету арқылы С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты роман-эссесінің тарихи-саяси ерекшелігін, әлеуметтік-эстетикалық таным-білікке жасаған, әлі де жасайтын ықпал-әсерін жаңаша талдаған К.Ахметованың [26], І.Жансүгіров қаламынан туған прозалық шығармаларды негізгі үш салада: әңгімелерін, романын, әдеби-сын еңбектерін, идеялық-көркемдік тұрғыдан қарастыра отырып, дәстүр мен жаңашылдыққа, жанр мен стильге қатысты ерекшеліктерін, тақырыптық-

идеялық ізденістерін, тілдік-көркемдік өзгешеліктерін, прозасы мен поэзиясы арасындағы байланысын, идеялық-тақырыптық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жан-жақты зерделеген Л.Әділбекованың, Қ.Кемеңгерұлы мұрасына зер салатын Г.Ордаеваның, Х.Досмұхамедұлы тұлғасын әдебиет тарихшысы қырынан қарастыратын Р.Әлмұханованың, М.Әуезовтің ғылыми, сын еңбектерін тұтастай қарастыратын К.Сыздықовтың, тілдік, стильдік тұрғыдан сараптайтын С.Тасымованың [27], фольклортануға қатысты сөз ететін Ә.Молдахановтың, жазушының өмірі мен шығармашылық жолын тұтастай қарастыра отырып, әр кезеңдегі жазылған шығармалардың тақырыптық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін суреткердің сол тұстағы шығармашылық психологиясымен, ішкі-сыртқы жағдайлардың ықпалымен салыстыра отырып, оның идеялық-көркемдік астарын ашқан Т.Жұртбайдың, Абай мұрасының М.Әуезов шығармашылығынан, дәлірек айтсақ, «Абай жолы» эпопеясынан көрініс беріп, келісімді жалғастық тауып соны қырларын ашу арқылы ұлы ақын мен ұлы жазушы арасындағы рухани сабақтастықты дәстүр жалғастығы тұрғысынан алып, екі алыптың әдеби шығармашылығындағы үндестікті пайымдайтын, «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай өлеңдері мен қарасөздерін пайдаланудағы М.Әуезовтің шеберлігін анықтаған А.Қартаеваның, архив материалдарын, жазушының өзінің еңбектеріндегі Құнанбай жайлы деректерді, «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы зерттеулерді, эпистолярлық мұраларды салыстыра отырып, тарихи түптұлға мен кейіпкер мәселесін ғылыми тұрғыдан зерделеп, роман-эпопеяның жазылған кезеңіндегі кеңестік тоталитарлық саясаттың жалпы әдебиетімізге, тарихи тақырыпқа, М.О.Әуезов шығармашылығына, оның ішінде «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай образының сомдалуына тигізген ықпалын ғылыми тұрғыда талдаған Т.Жолдасованың, Қ.Жұмалиевтің ғалымдық болмысын сөз ететін М.Атымұмовтың [28], зерттеулерін әдебиет проблемаларымен бірлікте таразылайтын Р.Зайкенованың, Е.Ысмайыловтың ғылыми-зерттеу және сын еңбектерін қарастырушылар К.Сейдаханов, Н.Нұрпейісов, С.Жұмағұлов, М.Қаратаевтың әдеби шығармашылығын сын проблемаларымен өзектестіре зерделейтін Р.Сыздықованың [29], Ә.Қоңыратбаевты қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушісі тұрғысынан қарастыратын Т.Қоңыратбаевтың және З.Ахметовтің зерттеу ебектерін тұтастай зерттеген Ш.А.Тәжібаеваның, С.Мұқановтың әдеби мұрасы хақында бұрынғы берілген бағаларға сын көзбен қарап, әдебиеттанудың соны әдіс-тәсілдері арқылы жетілдіре зерттеп, кең тынысты, көп қырлы творчестволық лабороториясына жан-жақты үңіліп, қаламгерлік құпиясына енген Қ.Ергөбековтің, әдеби зерттеулеріне зейін қоятын С.Тайманованың, З.Қабдолов еңбектеріндегі әуезовтану мәселелері туралы Л.Тұрғараеваның [30], әдеби-теориялық еңбегінің ғылыми-эстетикалық, зерттеушілік негіздерін көрсетіп, оның әдебиет теориясының ұлттық әдебиеттанудың қалыптасуы мен өсіп-өркендеуіне, проблемалық мәселелерін шешуге қосқан үлесіне баға берген Г.Аяпованың және әдеби шығармашылықтағы сын мәселесі жайындағы С.Төртқаринаның «Г.Мусрепов как литературный критик», Д.Сартбаеваның «Бейсембай

Кенжебаев – қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушісі», Б.Рахметованың «Темірғали Нұртазиннің ғылыми-сын және әдеби-публицистикалық мұрасы», Қ.Мұхатаеваның «Ы.Т.Дүйсенбаевтың ғылыми мұрасы» [31], А.Дүйсебекованың «Сыншы, әдебиеттанушы Тәкен Әлімқұлов», Д.Тұрантегінің «Р.Бердібаев – сыншы ғалым», К.Ахметовтың «Айқын Нұрқатовтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу еңбектері», М.Керімбековтің «І.Омаровтың әдеби-сыншылық мұрасы», Р.Әбілхамитқызының «Ғ.Мұстафиннің әдеби-сыншылық мұрасы» [32], А.Жүсіпованың «Қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау мәселелері және Т.Кәкішұлының ізденістері», Ш.Әділованың «Т.Тоқбергенов – әдебиет сыншысы», Ж.Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу жолдары», С.Такировтың «XX ғасырдың 40–50 жылдарындағы қазақ әдеби сыны» [33] атты зерттеу еңбектерінің ғылыми-танымдық дәрежесі жоғары деуге болады.

Әдебиеттану ғылымында жекелеген тұлғалардың шығармашылығын, әдеби мұраларын жан-жақты зерттеу – әдеби ағымның бағыт-бағдарын айқындауға бірден-бір ықпал етері сөзсіз. Бұл ретте ғылыми еңбектің нысаны болып отырған ғалым Б.Шалабаевтың әдеби-сын, ғылыми зерттеу және көркем аударма еңбектерін ұлттық әдебиеттану, әдебиет тарихы, сын тарихы, фольклортану, салыстырмалы әдебиеттану мен көркем аударма теориясы ғылымдарымен тығыз байланыста қарастырудың қажеттілігі бүгінгі таңда күмән туғызбайды.

Б.Шалабаевтың әдебиеттану, көркем әдебиет, мәдениет салаларында атқарған еңбектері сан салалы. Ол көркем әдебиет аудармашысы, қазақ журналистикасы мен баспасөзінің жетекші маманы. Сонымен бірге әдебиеттанудың әр саласына – қазақ прозасының тууы мен қалыптасу тарихына (оның ішінде қазақ романы жанрындағы сюжет және характер, типология және поэтика, дәстүр және жаңашылдық мәселелерін сөз еткен), фольклортану, аударматану мен әдебиет тарихы, теориясы мәселелеріне арналған еңбектері ұлан-ғайыр. Ол – әдебиет сыншысы да. Әдебиетші ғалымның осы еңбектерінің әрқайсысына арнайы тоқталып, әдеби сыншылық еңбегі мен ромانتанушылық ерекшеліктері жайында сол тұстағы әдеби процесте К.Л.Зелинский, М.Әуезов, М.Қаратаев, Ы.Дүйсенбаев, Х.Бекхожин, Ә.Сатыбалдиев, М.Ғабдуллин, Е.В.Лизунова, М.Сильченко, Б.Ысқақов, Т.Қожакеев, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов, Ш.Елеуқенов, С.Төлешев, Т.Абдрахманов, С.Садырбаев, Н.С.Ровенский, М.Сармурзина, М.Серғалиев, М.Жолдасбеков, Ж.Дәдебаев, Д.Ысқақұлы, С.Безмалицина, Ө.Тастемханов, Н.Қанафин, Т.Қалмурзин, М.Пархоменко, М.Бәйгелов, Р.Сағымбеков, А.Нағыметов, Е.Жақыпов, М.Қалдыбаев, М.Косов тағы басқалар ой пікірлерін білдіріп, естеліктерін жариялаған. Әдебиетші еңбектерінің көркемдік ерекшелігі, идеялық мазмұны, еңбек жолы мен шығармашылық дамуы эволюциясына арналған республикалық мерзімді басылымдар бетінде әр кезде жазылған рецензиялық мақалалар оқырмандар назарын аударып отырды.

Дегенмен, осы мәселелер жөніндегі ғалым-зерттеушілердің жол-жөнекей пікірінен басқа зерттеулер жазылған жоқ.

Сондықтан да Б.Шалабаев сияқты әдеби мұрасы әлі күнге ғылыми маңызын, көркемдік биік деңгейін жоймаған көрнекті ғалым еңбектерінің кезіндегі тарихи маңызын, бүгінгі ғылыми құндылығын жүйелеу, талдау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескере отырып, қаламгердің сыншылық, ғалымдық, зерттеушілік, аудармашылық тұлғасын сомдаумен қатар танылу аясын зерделеу, зерттеу шараларын жүргізіп, дәйекті-дәлелді тұжырымдар айту – ғылыми жұмысымыздың басты нысанасы болып табылады.

Қазақ әдебиеті сынының, әдебиет тарихының, проза тарихы мен теориясының, фольклортану мен аудармасының өркендеуіне өзіндік үлес қосқан Б.Шалабаевтың әдеби мұрасы бойынша зерттеу қажеттілігі қазіргі жаңаша тарихи жағдайдың өскелең талаптарынан туындап отыр. Осы орайда зерттеудің алдына қояр негізгі мақсаты – көрнекті ғалым, профессор Б.Шалабаевтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу, көркем-аударма еңбектерімен әдеби-публицистикалық мұрасын екшеп, жіктеп, жүйелі түрде талдау мен сараптау негізінде, арғы-бергі еңбектеріне зер салып, оларды өз кезеңінің әдеби сын үрдісімен тығыз бірлікте, іштей үндестікте қарастыра келе ұлттық әдебиеттануға қосқан үлесін, еңбектерінің алатын орны мен жаңашыл ғылыми сипатын ашу, өзіндік ғылыми ұстанымдары мен көзқарасын және бүгінгі әдебиеттану үшін маңызын анықтау.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін жұмыстың алдына мынадай нақты міндеттер білгіленді:

– қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі, яғни 1940–55 жылдар аралығындағы сын-зерттеулердің әдеби дамудағы маңызы мен құндылығын ашу, кеңестік идеология талабынан туындаған басты кемшіліктерінің болмыс-бітіміне талдау жасау, әдіснамалық тұрғыда қате теориялар табиғатын зерделеу үдерісінде осы кездегі сынның өз тарихындағы алар орнын, теориялық және жанрлық түрлері жағынан өсіп-жетілу жолындағы қол жеткізе алған ізденістердегі басты бағыт-бағдарлар мен негізгі нысаналарын анықтау, осы жолда кездескен қате көзқарастар мен кемшіліктерден туындаған іркілістердің себеп-салдарының негізін ашып көрсету, дамуы мен дағдарысын ғылыми-зерттеушілік тұрғыда дәйектеу және Б.Шалабаевтың сынға келу жолдарын, ғалым өмір сүрген дүрбелең дәуір және әдеби даму процесімен сабақтастықта қарастырып, өмір кешкен кезеңнің өзіндік сипатына сай оның алғашқы сыни, ғылыми еңбектерін бағамдау арқылы қоғамдық-әлеуметтік, танымдық көзқарасының қалыптасу жолдарын анықтау;

– маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының, тоталитарлық жүйе мен идеологиялық қыспақтың әдеби сын мен сыншы-ғалымдардың шығармашылық ізденісіне, дүниетанымына тигізген кереғар әсерін тілге тиек етіп, 1956–80 жылдардағы қол жеткізе алған табыстар мен кеңестік идеология әсерінен туындаған олқылықтарды, әдеби процестегі хал-ахуал мен қоғамдық болмысты сипаттай отырып, Б.Шалабаевтың ғылыми, сыни зерттеулеріне, әдебиеттанудағы көркемдік ізденістерге, еңбектерінің

тақырыптық аясы, жанрлық ерекшелігі, сыни ұстанымдарына, көркемдік таным шеберлігі мен әдіс-тәсілдеріне талдау жасау барысында сол жылдардағы әдеби үрдісте атқарған міндеттері мен бүгінгі әдебиеттану дамуындағы өзіндік орнын нақтылай ашып көрсету;

– қазақ қоғамының дамуында маңызды орын алатын демократ-ағартушылар мен кеңестік дәуірдегі көрнекті қаламгерлер шығармашылығы, олардың әдеби үрдіс дамуындағы ізденістері, алатын орны, әсер-ықпалы туралы еңбектерін қарастыру нәтижесінде Б.Шалабаевтың қазақ әдебиеті тарихындағы басты жетістіктері мен негізгі зерттеушілік ерекшеліктерін ашып көрсету, ғалымдық-сыншылдық талантын таныту;

– Б.Шалабаев еңбектерін жан-жақты талдау үстінде оның әдеби процестегі маңызын көрсету, қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын екшеу негізінде роман зерттеушісі, әдебиет тарихшысы, халық ауыз әдебиетінің қамқоршысы әрі жанашыры ретіндегі ғылыми ұстанымдарының эволюциясын ашу, көзқарас концепциясын айқындау;

– ғалым зерттеулерінің сұлтанмахмұттану іліміне қосқан үлесін бағамдау;

– Б.Шалабаевтың «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа (1956), «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) (1958), «Казахская литература» (Советский период) (1965), «История казахской прозы» (Сюжет и характер) (1968; 1975), «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983; 1990) еңбектері мазмұнының дәуір шындығымен және шығармашылық ортамен байланысын көрсету, еңбектерінің тарихи, ғылыми маңызын анықтау, тарихи процестің ерекшелігін бейнелейтін көркемдік шешімдердің кеңес дәуіріндегі шығармаларда көрініс табуын тақырыптық тұрғыдан сараптап талдау, қазақ прозасының қатаң шарттанған (обусловленный) төл үлгі-үрдістері мен ішкі заңдылықтарын саралау, роман мен өмір шындығының арақатынасын бажайлау, жалпы қазақ проза жанрларындағы сюжеттердің, образдардың, характерлердің түпкі тек-тамырына бойлау, бұл жолда әдебиет тарихы, тіл білімі сияқты сан-сала рухани өрістермен шендестіре отырып, алғаш рет кешенді пайымдаулар жасау, сол ауқым-өреде қазақ прозасының біртұтас жүйесіне ден қойып, оны тарихи-салыстырмалы және тарихи-кезеңдік әдістері тұрғысынан зерделеу, сөйтіп қазақ романының тақырыптық-эстетикалық, идеялық-тақырыптық, тілдік-көркемдік, жанрлық-стильдік ерекшеліктерін, тегі мен түрін, поэтикасы мен типологиясын, сюжет және характерін, дәстүр және жаңашылдығын, тарихи болмысын айнытпай анықтау тәрізді жоталы-жоталы проблемаларға қатысты ғалым-зерттеушінің айтқан ойлары мен жасаған тұжырымдарын салмақтау;

– Б.Шалабаевтың көрнекті әдебиет өкілдерінің еңбектеріне қатысты, яғни С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, Ж.Сыздықов, Д.Әбілев, Т.Жароков, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Ә.Жиреншин т.б. шығармашылығы жайлы жазылған сын, зерттеу мақалаларын, очерк, портреттеріндегі мазмұнды ой-пікірлері мен тұжырымдарын саралау;

– әдеби байланыс ұғымының мәнін, оның әдебиеттану ғылымындағы рөлін, қазақ әдебиеттануындағы әдеби байланыстар мәселесінің тарихи негізін анықтау барысында ғалымның әдеби байланыстар мәселесін зерттеуді жолға қоюдағы атқарған істерін зерделеу;

– Б.Шалабаев зерттеулеріндегі қазақ әдебиеті тарихы мәселелерінің зерттелу деңгейін анықтау және ғалымның ғылыми ой-тұжырымдарының қазіргі мән-маңызын ашу;

– В.Г.Белинскийдің «Тандамалы шығармалары», В.Г.Короленконың «Тілсіз» («Без языка») повесі, М.Горькийдің «Жастар мен балалар туралы» («О молодежи и детях») атты деректі публицистикалық жинақ еңбек тәржімаларына сараптаулар жасай отырып, әдебиетшінің кәнігі аудармашылық соны қырларын ашатын, дара қолтаңбасын айқындайтын көркем аудармаларының өзіндік ерекшелігіне, рухани құнды еңбек екендіктеріне көз жеткізумен қатар, осылардың негізінде Б.Шалабаевтың тілдік-стильдік аудармашылық шеберлігін, өзіндік шығармашылық тұлғасын анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде қарастырылып отырған әдебиеттанушы-ғалым Б.Шалабаевтың әдеби-ғылыми мұрасы бұрын зерттеушілер назарынан тыс қалып келген қырлары жөнінде жасалған тың байқаулар мен соны пайымдаулар алғаш рет монографиялық тұрғыда кешенді түрде жан-жақты зерттелгенін, зерттеу объектісіне айналған барша еңбектері талдау материалы ретінде жүйелі түрде жаңаша көзқарас тұрғысынан тереңдей ой сүзгіден өтіп, іргелі ізденісіне, ғылыми ой-тұжырымдарына, дәйекті-деректі пікірлеріне кең орын берілген ғылыми жаңалығы айтуға болады:

– Б.Шалабаевтың әдеби-ғылыми мұрасы тұтас бір лабораториялық процесс, ғалымдық мәнер-машығы тұрғысынан жан-жақты зерттелініп, ғылыми айналымға енгізіліп отыр;

– Б.Шалабаевтың ағымдағы әдебиет мәселелеріне арналған мақалалары мен жекелеген қаламгерлердің шығармашылық тұлғасын ғылыми тұрғыдан зерделеуге негізделген шағын көлемді зерттеулеріне позициялық тұрақтылық, проблема нақтылығы, ой қанықтығы, тұжырым дәйектілігі етене сипаттар болып табылады;

– әдебиетші ғалымның еңбектеріндегі көркем прозалық шығармалардағы сюжет және характер белгілі бір тарихи дәуірде бейнелеудің нақты әдістері кеңінен сөз болады, әрбір шығарма қазақ романының тарихында белгілі бір саты ретінде талданады. Мәселеге бұлайша келу аса көрнекті қазақ жазушыларының туындыларындағы сюжеттің даму ерекшеліктеріне, характер жасаудың әдістері мен тәсілдеріне арналған кейбір тарауларда монографиялық сипатта баяндауға мәжбүр ететін қырлары салиқалы психологтың көркемділігі мен сезімталдығын, білікті әдебиетшінің шұрайлы тілі мен қаламгерлер шығармаларындағы сюжет фрагменттерін және характер болмыстарын объективті-аналитикалық сараптай білу қабілетін, сарабдал сыншының ғибраттық идеологемасының ажарын танытатын, өзі нысана еткен мәселені әдебиет пен өнер

заңдылықтары шеңберінде, отандық және әлемдік әдебиет тарихындағы құбылыстармен өзектестіре өрбітетін Б.Шалабаев зерттеулеріне пікір айқындығы, қисындық ой жүйелілігі, қорытындылардың дәлелдігі, тиянақтылығы тән;

– Б.Шалабаев зерттеулерінде қоғамдық-әлеуметтік талдау мен көркемдік-эстетикалық талап тығыз ұштасып жатады. Бұл орайда ол жеке қаламгердің әдеби үрдіске, әдеби үрдістің жеке қаламгер шығармашылығына әсерін тұтастықта қарастырады. Сонымен бірге, қоғамдық-әлеуметтік талаптардың әдеби үрдістегі қандай да бір құбылыс дамуындағы ролін де үнемі ескеріп отырады;

– Б.Шалабаев дүниетанымы мен көркемдік танымының ұдайы даму үстінде болғаны ой өрбітуіндегі салыстырулар мен дәйектеулерден, дәлелдері мен ой түйіндерінен, сондай-ақ, әдеби сын, ғылыми-зерттеу мақалаларын, тұтас монографиялық зерттеулерін түрлі қырынан өзара салыстыра қарағанда да анық танылады;

– өзі қарастырып отырған мәселе бойынша Б.Шалабаевтың ғылыми тұрғыдан әр кез айқын позиция ұстанатыны оның зерттеулерінен анық көрінеді. Бұл жағдайда, әсіресе, қазақ романының тууы мен қалыптасу жолдарын ой өрбіткен тұстарда, Абай, Сұлтанмахмұт мұрасы жайындағы негізсіз пікірлерге қарсы уәж айтқан сәттерде ерекше аңдалады;

– зерттеудің негізгі арқауы әдебиетші Б.Шалабаевтың ғылыми шығармашылық бейнесін таныту, сыни ой-пікірлерінің қалыптасу жолдарын, аударматануға қосқан үлесін айқындау болғандықтан, сыншылдық, аудармашылық тұлғасы арнайы зерттелініп, әдебиетшінің көркемдік-танымдық, интеллектуальды-эстетикалық, тілдік-стильдік, ерекшелігі танылады. Көркем аудармалары сапалық жағынан сараланып, талданады. Б.Шалабаевтың көркем әдеби шығармашылыққа баға беруде ұстанған принциптері мен өзіндік позициясы, қосқан үлесі, шығармашылық ықпалы тарихи-әдеби заңдылықтарға орай, қазіргі заман талабына сай өскелең әдеби-эстетикалық таным тұрғысынан қарастырылады;

– жұмыста аудармашы Б.Шалабаевтың аудару тәсілдері, аударған мәтіндерінің ерекшеліктері туралы түйіндер жасалады. Қазақша аударылған көркем әдебиет үлгілерінің қазақ әдеби тілінің дамуы мен қалыптасуындағы ролі тұжырымдалады. Белгілі бір кезеңдегі жасалған практикалық тәжірибенің – қазақ аудармасы бай қорының тіліне құрылымдық-типологиялық, салыстырмалы-компоненттік, нормативтік талдау жасау арқылы Б.Шалабаевтың аудармашылық тәжірибесі қорытылады. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі ұлттық ойлау мен ұлттық философияға қатысы бар, мәдениеттің тілдегі көрінісін белгілейтін тілдік единицалардың аударма әдебиетте игерілуіне тән заңдылықтарды жүйелеу арқылы қазақ ғылымындағы жаңа арна – лингвомәдениеттанудың кейбір бағыттары мен зерттеу объектілері қарастырылады;

– Б.Шалабаев әдеби өмірге белсене араласқан кезеңде көркемдік танымның кез келген көрінісінде қоғамдық-әлеуметтік сананың, әсіресе, ол тұстағы идеологияның ықпалы жоғары болғанын, соның салдарынан қандай

да бір шығармашылық тұлғаның яки көркемдік құбылыстың мән-маңызын саралауда оның берісі ұлттық, әрісі адамзаттық көркем ой дамуына көркемдік тұрғыдан қосқан үлесін анықтаудан бұрын, қоғамдағы үстем идеологиямен қаншалықты үндестік табатындығын айқындау алдыңғы кезекке шыққандығын, дәл осы идеологиялық үстемдік салқыны Б.Шалабаев зерттеулерінде, әсіресе, алғашқы сын зерттеулерінде байқала қалып отыратынын орағытып өту де шындыққа қиянат болары анық.

Ғалымның әдеби-ғылыми мұрасын зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, ғылыми-эстетикалық, әдеби-теориялық, тарихи-диалектикалық, объективті-аналитикалық, жүйелі-кешенді, салыстырмалы-салғастырмалы, дағдылы ғылыми сипаттамалық, салыстырмалы әдебиеттану, проблемалық, нақты талдау, саралау сияқты ғылыми әдіс-тәсілдер мен жинақтау, қорыту, социологиялық, эвристикалық, герменевтикалық, тарихилық принциптері қолданылды. Сонымен қатар қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар әдістемелеріне тән зерттеу әдіс-тәсілдерімен тығыз байланыста қарастырылған зерттеудің теориялық негізіне іргелі еңбектер жазған отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдар мен қайраткерлердің әдеби-ғылыми, сын-зерттеу еңбектері басшылыққа алынды.

Б.Шалабаевтың әдеби шығармашылығы алғаш рет зерттеу жүйесіне айналғандықтан, бұрын-соңды зерттеушілер назарынан тыс қалып келген әдеби-ғылыми, көркем-әдеби маңызды мәселелер жаңа уақыт талаптары тұрғысынан қарастырылды:

– Б.Шалабаевтың әдеби сын, ғылыми зерттеу шығармашылығы көркемдік таным, кемел романтанудың көшбасындағы жанрлық ізденіс, жеке объектілік талдау, т.б. жағынан жүйеленіп, ұлттық таным мен әдеби өрлеудегі рухани сабақтастық қырларына маңыз берілді;

– өз тарихындағы күрделі кезең болып табылатын 1940–50 жылдардағы қазақ әдеби сыны маркстік-лениндік әдіснамаға сүйенген ізденістер жолында іркілістерді бастан өткерді. Ол әдебиеттанудағы өзіндік орнын айқындауда, жанрлық сипатын негіздеуде айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Әдеби сын соғыс кезіндегі идеологиялық бақылаудың аз ғана босаңсуын барынша тиімді пайдаланып, ұлттық руханияттың асыл арнасына тереңдей ене білді. Атап айтқанда, фольклорлық және әдеби мұраны сын тезінен өткізудегі тарихилық принципін ұстанды, әдеби-теориялық тұрғыдан бағалауда тың тұжырымдар жасауға ұмтылды. Саяси-әміршілдік жүйедегі өзгерістерден туындаған елуінші жылдардың ортасынан басталған «жылымыққа» сай әдеби сын өзіне тән басты кемшіліктер мен олқылықтардан арылуға күш салды. Бұл сынның әдеби-теориялық, эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан әдеби процеске жасаған ықпалынан көрінді. Әдебиет тарихын жаңаша жүйелеуге сын өзіндік үлесін қосты. Осы тұста сын партиялық қаулы-қарарлар талабына сай бейімделе келе, маркстік-лениндік әдіснама қағидаларын орынсыз қолдануда біршама кемшіліктерге де ұрынды. Әдеби сын көркем әдебиетті эстетикалық, ғылыми негізде талдауда, дәйектеуде өз табиғатынан алшақтап, таптық таным мен партиялық басшылық сияқты қате теориялар ықпалына бой алдырды. Әдеби сынға тың толқынның келуі дәуір

талабына сай өзіндік дәстүрі арнасындағы жаңашылдыққа бейім ізденістер жасады. Бұл ретте Б.Шалабаевтың әдеби шығармашылығы 40–50 жылдардағы көркемдік-эстетикалық танымның үздік үлгісі ретінде зерттелініп, ондағы тақырып аясы, дәстүр жалғастығы мен уақыт үндестігі, сыншының өзіне тән қолтаңбасы, кең көлемде қарастырылып, сараланып көрсетілді;

– Б.Шалабаевтың ғылыми мұрасы қазақ әдеби сын процесінің 1960–80 жылдардағы кезеңімен сабақтастырыла алынып, сыншының азаматтық бейнесін танытатын сыни ұстанымы, көркемдік ойлау ассоциациясының ұлттық ерекшелігі, әдебиетшінің шығармашылық өрісіндегі өзіне тән көркемдік ізденістері мен зерттеу ауқымы, әдебиетіміздің жалпы теориялық, жанрлық ерекшелік мәселелері, нақты көркемдік құбылысты зерделеу, жеке тұлғалық өнер жолдарын жарқырата таныту соны соқпақтары бағытындағы прозалық туындыларын талдауларындағы таным көкжиегі айқындалды;

– Б.Шалабаев өз еңбектерінде қазақ әдебиеті тарихын біртіндеп арғы ғасырларға қарай тереңдеп зерттеу принципін ұстанды. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау мен зерттеу барысында «фольклор мен поэзия – прозаның төркіні» деп түйген ғалым, «қазақтың мақал-мәтелдері» мен «өтірік өлеңдеріне» арналған зерттеулерін жариялап, әдиби-теориялық, ғылыми-зерттеу еңбектерінің кемелді бір желісі, сүбелі арнасы «XIX ғасырдағы тарихи жырлар» эпикалық жәдігерлер тақырыбына діттелген, «Жанқожа батыр жайындағы жырлар», «Бекет батыр жайындағы жырлар», «Досан батыр жайындағы жырлар» халық дастандарын алғашқылардың бірі ретінде зерттеп, бұл жырлардың ұлт әдебиеті тарихындағы орнын айқындап беруде күш салды; 1959 жылы 15–19 маусымда Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған «Әдеби мұра және оны зерттеу» республикалық ғылыми-теориялық конференцияда «Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында» (қисса – жанры туралы) деген тақырыптағы баяндама зерттеуінде қазақ әдебиетінің тарихында соны жанр болып табылатын қиссаның жанрлық табиғатына, төлтумалық ерекшелігіне, оның мазмұндық, көркемдік, стильдік сипаттарына байланысты теориялық байыптаулар мен қисындар, құнды пікірлер айтты;

– Б.Шалабаев Абай, Сұлтанмахмұт прозалық шығармаларын зерттеу ісіне елеулі үлес қосты;

– Б.Шалабаевтың аудармашылық шеберлігі, көркем аудармаларда қол жеткізген жетістіктері мен ағат кеткен кемшіліктері, өзіндік қолтаңбасы нақтылап көрсетілді;

– бір сөзбен айтқанда, ұлттық әдебиеттану ғылымының өсіп өркендеуіне мол үлес қосқан көрнекті ғалым Б.Шалабаевтың ғылыми мұрасы еліміздің рухани игілігі болып табылады.

1 Белгібай Шалабаевтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу ізденістерінің негізгі арналары

1.1 Белгібай Шалабаевтың ғылыми-зерттеу еңбектері

Тарих дегеніміз тасқынды, тасыр ұлы дария тәрізді ғой. Тереңіне бойлап, бас-аяғын зерттеп-зерделемей жатып, оның қайдан басталарын, ағысының қайда апарарын, қайдан шығып, қайда құярын бажайлау тіпті де мүмкін емес. Тарихи кезеңдерге шек жүргізіп, шекара қою да қиын шаруа. Осы кеселдер мен апаттар тектес, ескертусіз келеді және соңғы құрбандығын омақа асырғанша бір тыншымайды. Санап шығу мүмкін емес көп уақыт бұрын ғарыш төріндегі әлдеқандай төтен жарылыстан сындарлы галактикалық жүйе түзіліпті. Оның ішкі қуат алмасуынан тіршілік пайда болыпты. Құбылмалы дүниенің құйқылжыма ықпалымен өніп-өрбу қажеттігі сананы, таным-түсінікті қалыптастырды. Соның арқасында тіршілік бірте-бірте алыс-алыс кеңістіктерге аяқ басыпты. Үйірлестік пен үйішіліктен туындаған әлеуметтесу этникалық, мәдени-өркениеттік, саяси-мемлекеттік әр алуандыққа жол ашыпты. Сөйтіп, адамзат бірте-бірте әуелдегі бір тектен өрбігенін естен шығарып, жүре келе пайда болған айырмашылықтарына басты мән беріп, әуелі бірін-бірі жатырқайтынды, артынан бір-бірімен жауласатынды шығарыпты. Жер жаралып, су аққалы бері біртіндеп ойкуменаға айналу кезеңінен бастау алатын бұл үрдіс, әсіресе, дағдылы ырзық айыру әбден дағдарған тұстарда тіптен өршіп кететінге ұқсайды.

Әлем тарихына үңіліп, ар жақ – бер жағымызға шолу жасар болсақ, отаршыл елдер өзара мүдделес те, бұратана халықтар өзара тілектес. Күші жеткен озбыр да содыр ұлыстар жаңа кеңістіктерге ұмтылса, күші жетпеген қауқарсыз, дәрменсіздер ырзық айырудың жаңа тәсілдерін іздестіруге мәжбүр болды. Келе-келе соңғылар алдыңғыларды басып оза бастады. Олар жер үсті игілікпен қоса жер асты байлықтарды да игеруге көшті. Ол аумақ пен тұрғындардың ара-қатынасын атымен өзгертті. Аумақ – экономикалық қамсыздықтың бірден бір кепіліне айналды. Белгілі бір кеңістікті тұрақты иемдену қажеттілігі туды. Ұлт, ұлттық мемлекет солай пайда болды. Бұл сонау XV–XVI ғасырлардан бастап, жер асты құндылықтары мен қазыналарын игеру мен индустриялық даму жолына алдымен бет бұрған батыс Еуропа елдерінде кеңірек етек жайды. Көп ұзамай технологиялық үстемдікке де солар ие болды.

Бес құрылықтың біреуінің болмашы пұшпағына ғана шоғырланған технократтық басымдық қалған дүниені қауқарсыздандырып шыға келді. Былайғы дүние әлі игерілмеген кеңістік ретінде қарастырыла бастады. Ондағы халықтарды бұдан арғы тарихи дамуға шамасыз бүгін бар, ертең жоқ уақытша тұрғындар деп санаушылық бел алды. Азулы, азусызбен бітім таппай, тау қойны талайдан ұласқан даудын ақыры оларды неғұрлым тезірек мемлекеттік дербестік пен ұлттық сипаттан айыруды көздейтін сұрқиялы басқыншылық саясаттың күшеюіне әкелді. Барша адамзатқа дүниежүзілік соғыстар мен әлеуметтік революциялар ахуалы күштеп таңылды. Оны

біреулер өркениет камын, екінші біреулер езілген тап мүддесін көздегендік деп түсінді. Шын мәнісінде, жер бетіндегі халықтардың көбіне – ұлт пен ұлыс ретінде жойылып кету, мемлекеттерге – тәуелсіздігінен айырылу қаупі төнді. Бұған төтеп берудің жалғыз жолы – өркениеттің жаңа жетістіктерін өз еркімен меңгеріп, халықаралық тиімді еңбек бөлісуге тікелей қатысуға тезірек жетілу еді. Мұндай жағдайда біреулер дүние жүзілік соғыстарға бой алдырса, біреулер – ұлт азаттық қозғалысын қоздыруға мәжбүр болды. Өйткені, өзінде бар экономикалық ресурстарды басқалармен тиімді бөлісіп, өркениет игілігіне қол жеткізу үшін, сол арқылы өз отандастарының саяси-экономикалық мүдделеріне жауап бере алатындай кемелді дамуға ие болу үшін, ең алдымен, ұлттық езгіден арылу, мемлекеттік дербестік пен тәуелсіздік керек еді. Алайда, оза дамыған дүниенің идеологтары азды көпке, әлсізді күштіге біржолата жығып беру арқылы жаһандық жарастыққа тезірек жетісуге болады деп санады. Жарастықтан гөрі үстемдік көбірек күйттелді.

Алайда, бұл қай жақ, қай тап үшін де аса қауіпті ахуал еді. Өркениетті жалпы адамзаттық құндылық деп қарамай, оның белгілі бір бөлігінің басыбайлы метрополиясы не монополиясы деп ұғатын жаңсақтықтан түбегейлі арылмай, аздың да, көптің де, әлсіздің де, күштінің де құлағынан қиқу кетпейді. Тек бір тарап өгейсітушіліктен, екінші тарап жатырқаушылықтан үзілді-кесілді арылған жағдайда ғана ортақ жарастыққа қол жетпекші. Ол ұлттық факторды жоққа шығармай, қайта ұлттық дамуды өркениет жетістіктерімен үйлестіре өрбіту арқылы ғана жүзеге аспақшы.

Ертелі-кеш өмір сүрген ойшыл ғұламалардың мұраларына көз жүгірте қалсақ, ең алдымен байқалатын басты мәселе – елдік, азаттық мәселесі. Оған қатынасты толғамдар есте жоқ ерте бағзы замандарда дүниеге келген халық творчествосында, сонымен бірге салт-дәстүр, әдет-ғұрыпта да сан алуан. Ертеректе, батырлар жырында, лиро-эпикалық жырларда, мақал-мәтелдерде, билер сөзінде және тағы басқаларда бейбіт өмір, өзара түсіністік, сыйластық, ерлік, сұлулық үнемі дәріптеліп, екіжүзділік, зымияндық, сатқындық, жатыпатарлық, күншілдік сияқты жат қылықтар қатаң әшкереленген. Халқымыз Қобыланды, Ер Тарғын, Қыз Жібек, Баян сұлу, Аяз би, Жиренше шешен сынды қадірменді ұл-қыздарымыздың мәңгі ұмытылмас асқақ образдарын жасап, оларды жастарға үлгі-өнеге етіп ұсынса, Қарабай, Шығайбай, Қодар, Қараман, Бекежан тәрізді ісі мен сөзі көпшіліктің мүддесімен ешбір қабыспайтын күйкі, қарау, зорлықшыл, сараңдардың бейнесі арқылы ұрпақтарын жексұрындық, жамандық атаулыдан аулақ болуға үндеген. Бұл сияқты жарасымдылықты, жақсылықты, елдікті уағыздап, оған қарама-қарсы мінез-құлықты, теріс, қылмысты әрекеттерді сынау сарыны ешқашан тоқтаусыз, толасыз жалғаса беруге тиісті. Өйткені ол адамның табиғатынан туындайды.

Таң қаларлық жайт, өз жерімізде, бұйырған несібемізге шүкіршілік етіп, өз алдымызға, ешкімге қақтықпай-соқтықпай өмір кешуден өзгені ойламасақ та қайсы біреулерге ұнамаппыз. Біреулер бас жоқ, көз жоқ жайылымдарымыз бен өзен-көлдерімізге өңешін созса, біреулер жер асты байлығымызға жиендік жасамақ болыпты. Сөйтіп Қазақ хандығы жеке ту көтеріп үлгірер-

үлгірместен үлкенді-кішілі дау-дамайға жолықты. Сырттан сығалай андушылыққа ұшырады. Жат ниеттілердің тарапынан қауіп-қатер сезіле бастаған күннен бермен бұрынғы биязы, жанға жайлы елдік, еркіндік, бүтіндік әуені сергектік, қаһармандық ұрандарымен астасып, қатал сарынға ұласты. Кейбір қоныстас көршілердің басқыншылық пиғылы нақты шындыққа айналған алмағайып, аласапыран тұстарда ол сарын құбылнамалық, нұсқаушылық қызмет атқарды. Асан қайғы, Қарға бойлы Қазтуған бабаларымыз және олардың жолын қуған ақылмандар нақыл, өсиеттерін, жыр толғауларын өзекті мақсатқа – «қара қазан, сары баланың» қамына – бағыштады. Өздері күні-түні қан майданда жүрді. Осы дәстүр, осы үлгілік рәсі өзінің жалғастығын ешқашан жоғалтқан емес. Басқасы басқа, бақ тайып, ақ патшаның боданында бұлқынған зар заманда да бет-бедерін сақтай білді. Ойымызды сәл-пәл тарқатыңқырай сөйлесек, патша өкіметі өзінің қазақ сахарасындағы үстемдігін «Жаңа низаммен» түбегейлі орнықтырған соң жаныштау, тонау саясатын емін-еркін өрістете берді. Жан-жақты түгел қамтыған нәубет ызғары бірте-бірте тұрмыс-тіршіліктің, салт дәстүрдің буын-бунағын қалағанынша аралап, ұлттық ерекшелігімізге қатер төндірді. Жұршылықтың наразылығы күшейді. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы тәрізді атпал ақындар қандастарын бұл зілзалаға үн-түнсіз, жалғыз қалдырған жоқ. Қарманып бақты. Үнемі қасынан табылды.

Ұлтжандылар қарасыны бұдан біраз бертін, Абай заманында, қалындай түсті. Елдің бас көтерген ұл-қыздары жағдайға орай өздерінің іс-әрекеттерінде найза мен қылышқа емес, сөз өнеріне сүйенді. Қоғамдық ойдағы Асан қайғы, Қарға бойлы Қазтуған, Доспанбет, Жиенбет жыраулардан тамыр тартып, Махамбет, Нысанбайлардан жалғастық тапқан күрес сарыны Абай арқылы әдебиетімізге берік орнықты. Бұрын ол негізінен сырттан торыған барымташы, басқыншыларға арналса, кейін биліктен айырған отаршыларға бағышталды.

Шамамен XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақтың маңдай алды атқа мінерлері элиталық дәрежеге жақындап қалған-ды. Абылай хан, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Айтеке би, Бұқар жыраулардың соңынан ерген бір топ зиялылар «Жалпы ұлттық іргелі мәселелерді шешуге күш жұмсап, рухани көкжиегімізді, дүниетанымдық болмысымызды жаңа сапаға» [34] көтере бастаған болатын. Әйткенмен көп кешікпей Ресей империясының құзырына өту-өтпеу жөніндегі ырың-жырың талас-тартыстар сол тарихи оң процестің ірге бекітуіне бөгет жасады. Патша өкіметі хандар мен сұлтандардың араларына от жақты, өзара атыстыру-шабыстыру тәсілімен олардың қарамағындағы аймақтардың аралас-құралас байырғы тірлігін жарға жықты. Діттеген мақсатына жақындай түскен отаршылар іле-шала, «ел мен жерді ойрандағандарын былай қойып, сананы да уландыра бастады. Тілін, дінін, тұрмыс-салтын менсінбеуге, ата кәсібі мен тарихын ұмытуға, өзінен-өзі қорланып, өзгенің зорлығына бауыр басуға ынталандыратын эзәзіл саясат ерекше мүттәйімдікпен» [35] қолға алынды.

Жалпақ адамзат әлі түгел және түпкілікті мойындап үлгермеген бұл ақиқатқа өткен ғасыр басында-ақ қанығып үлгергендер қатарында қазақ қауымы да бар еді. Оған танданса да, танданбаса да болады.

Танданбайтынымыз: Қазақстан отаршылдық құрығынан ең соңы боп құтылғанмен, оған ең алдымен ілікті. Екі ғасырдай мігірсіз бұлқыныс мойындағы бұғалықты одан әрмен тарылта түсті. Талай сабаздар болмайтыннан дәмәтіп, мерт тапты, сенбейтінге сеніп, дерт тапты. XX ғасыр басындағы әлемнің барша әлеуметтік жанды жараларының бәрі бірдей талаурап, бәрі бірдей бебеулеген ең ұшынды аймағы да қазақ сахарасы еді. Оның үстіне, екі ғасырдан астам езгі дербес ел ретінде жұтылып кетуге керекті айла-шарғының көбін әлдеқашан жүзеге асырып үлгерген-ді. Дала уалаяттарын билеудің үш дүркін реформасы ұлттық бүтіндіктен, аумақтық тұтастықтан, дәстүрлі билік институттарынан әбден жұрдай қылған-ды. Көрші төрт губернияға бөлініп берілген қазақ аймақтарының төртеуінде де этникалық бедерсіздендіру саясаты қауырт қолға алынған-ды. Ішкі аймақтардан жаңа қоныстанушылар көптеп әкелінді. Құнарлы жерлерге солар орналасты. Байырғы халық метрополияға тақау аймақтарда этникалық азшылықтың, ал қиян далада дағдылы шаруашылық пен үйреншікті тұрмыс ауқымына күштеп қамалған резервацияның күйін кешті. Индустриялық революция оларды бұл күндеріне де зар қылуға бағыт алды. Метрополиядан ағылатын қоныстану тасқыны пайдалы қазбаларға бай шөл аймақтарға да лап қойып, қазақтар өз жерінде өздері азшылыққа айналып, жаппай кірме күнге түсетін қауіп төнді.

Мұндай жағдайда ең болмаса, сойылатын тоқтының соңғы тұяқ серіпкеніндей бір қарсылық боларын әркім-ақ ұғар еді. Бірақ, танданатынымыз: бұл жолы «бұрынғыдай қиқулап атқа мініп, зеңбірекке қарсы шауып, қанға бөккеннен мән шықпайтынын», ұрымтал кезде жан-жақты қамдастырылған жүйелі күреспен қарсы тұру керектігін түсінетін кемел тұлғалардың кенеттен қалай табылғаны? Ұлттық төл элита әлі қалыптасып үлгермеген еді. Оқығандар шашыранды жұрттан шыққандықтан бас қосып, күш біріктіруге құлықты емес еді. Мұндай жағдайда әлгіндей тәуекелге бел байламақ түгілі ол жайында ойланудың өзі ақылға симас батылдық еді.

Хакім Абайдың жолын қуған алыптардың ең көрнектілерінің бірі де бірегейі – Ахмет Байтұрсынов алты алаштың өткендігісі мен бүгінгісін жан-жақты саралай келіп, бұдан былай «бұрынғыдай қиқулап атқа мініп, зеңбірекке қарсы шауып, қанға бөккеннен мән шықпайтынына», сондай-ақ «ұлт тізгіні ұлттың өзіне тимей тұрып ұлттық даму жүзеге аспайтынына» көңілін бекітті. Ал дербестік туын иемдену үшін алдымен баланы ана тілінде оқытып тәрбиелеудің маңызы ерекше екенін, ең бастысы жас жеткіншекке әрбір дыбыстың қағаз бетінде қалай таңбаланатынын үйретіп қана қоймай, заманның қыр-сырын бағдарлауына көмектесу қажет екенін ұғынады. Оның ойынша, қазақтың алға кеткен жұрттармен тең дәрежелес тіршілік етуінің бірден-бір жолы – сапалы білім, жоғары мәдениет, жасампаз еңбек, өзара түсіністік, берік ынтымақтастық. Алайда құба даланың бұла перзенті боп

ұзақ жүрген көшпелілер, алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, «мал бағу мен барымта жасаудан» басқа кәсіп көрмегендіктен көп кәсіпке шорқақ. Оны меңгеруге сауат жетпейді. Сауаттан гөрі де құнт жетпейді. Өйткені, сол кездің өзінде, «қазақта хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары» болыпты. Алайда, сауаттылар саны: «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмадың деп өкпелеу жөн бе?» – деп А.Байтұрсыновтың өзі айтқандай, әлі де болса аз еді. Оның үстіне, ол сауат қазақтың қам-қарекетінен аулақ жатқан әуейі сауат еді. Олай болатыны, орыс оқуының көксейтіні – қол астындағы жұрттардың жазу-сызуы, тілі, діні бір болғаны. Мұсылман оқуының көксейтіні: бір Алланың шарапатынан басқа ештеңеге алаң болмауға баулу. Сондықтан да, қазақша оқымай, қазақ өзіне керек ғылым үйренбейді. Бұны айтқаны үшін Байтұрсынов пен әріптестері екі тараптан да құқай көрді. Патша өкіметі: айып салып, абақтыға қамаса, мұсылманша оқығандар: «қазақша деген қайдан келді» деп үркіп, «орыстың сорпасын ішіп, шошқаның жілігін кемірген орысша оқығандар... мұсылманша оқығандарды маскара қылмақ», – деп ғайбаттап, ағайынмен араздастырды. Сонда екі жаққа да қазақша оқу қажетсіз боп шығады. Неге бұлай? Әркім өзіне керегін күйттейді. Көптің керегін әркім өз шаруа деп емес, біреудің шаруасы деп санайды. Ол үшін біреулерге өкпелеп, біреулерді сынайды. «Қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып толықпақшы. Іс қолынан келмейтініне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр. Алға басып жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» [36, 243-б], – деп үндеу тастайды ол баспа бетінде.

Жазмышқа не шара, адамзат керуеніне шықпа жаным шықпамен ақырын ілесіп келе жатқан бұратана аймақтың бірі – қазақ сахарасы жиырмасыншы ғасырдың табалдырығынан аттар-аттамастан бірінен бірі өткен сұрапыл тағдырға тап болды. Патша өкіметінің «Июнь жарлығы» мен Қазан төңкерісі күндері аяусыз тоналған сорлы алаш ес жиып үлгірместен, басқасы басқа, бар-жоғы он жылдың төңірегінде екі рет ашаршылыққа ұрынды. Шаруашылығы күйреді. Әкімшілдікке негізделген отырықшыландыру саясаты да қыруар қиындықтарға жолықтырды. Нәтижесінде халқының жартысына жуығы қырылып, сайын дала қаңырап қалды. Оған қоса ол бас көтерген азаматтарынан және айырылып, сең соққан балықтай сенделді. Әдебие пен мәдениет тартқан қасіретте есеп жоқ. Шығармашылық тоқырады. Бар рухани қазынаны көріпкел большевиктер өз қалауынша сараптады. Әдебиет қоғам танудағы, адам танудағы өзіне тән қадір-қасиетін, өнерлік сипатын жоғалта жаздады.

XIX ғасырдағы «қарағай басын шортан шалған» зар заманның, XX ғасырдың алғашқы зілзала, зобалаң кезіндегі қазақтың сілкініп, оянған сәтінің, кеңестер дәуірінің қырық қырлы қырғынды күндеріндегі әдебиет шығармаларының да өзегінен ұлттық сананы, ұлт тағдырының арқауы көкірек көзіне оңай шалынады. Ертеден жеткен төл әдебиеттің асыл мұрасы

эпикалық мол мұраларымыз кейіннен тасқынды судай ақын-жыраулар поэзиясына ұласты да, ХІХ ғасырдың екінші ширегінде ұлттық рухани олжалы аңсарларын әдебиетіміздің киесі де, иесі хакім Абай қалаған тың жаңаша сападағы әдебиетке ауысты. Кемел бітімді қазақтың жазба әдебиеті ХХ ғасырдың басынан осы ғасырдың аяғына дейін көркемдік дамудың неше алуан эволюциясын басынан кешірді. Осы толықсып-жетілу, көркею үрдісінде төл әдебиеттің алдынан дәуірдің талай алмағайып бұралаң-бұлтарысы, асу бермес өткелі мен шың құздары, зұлматы мен ғибраты, жалғаны мен ақиқаты кездесті. Өткен өктем ғасырдың аумалы-төкпелі бет-бедерінде, қысыл-таяң, қытымыр мінезі, замана тауқыметі әңгір-таяқ ойнатып, қилы кезеңде азаттыққа, рухани дербестікке бет алған талай алаш арысын солдырып тастады. Кеше ғана аяқ-табағы араласып, айрандай ұйып отырған елдің кеңес үкіметі орнағалы бір-біріне қарадай жауығып, ағайын арасынан дұшпан іздеп, қатыны шөміш алып қоқандаған, еркек-сымағы бақан алып бауырлаған, елі азған, жері тозған заманның бір көрінісі отызыншы жылдардың сталиндік репрессия дауылы болды. Репрессияның екі иінін жұлып жеп тұрған озбырлы тұсында талай шаңырақ шайқалып барып, ортасына түсіп, талай ошақтың ойраны шықты, ұядай от басы азып, бала-шаға шілдің қиындай тозып, қияпатты дәуірдің дауылды толқынына ілесіп әр қиырға бас сауғалап кетті, әкеден бала, баладан ана безді. Аштық пен жалаңаштықтың ұрығын сеуіп большевизмнің қолдан жасаған қызыл қырғынды террорынан, қынадай қырып жатқан қарақуырдақ қасабынан ұлт интеллигенциясының еш өкілі қағыс қалмады. Сондай қаскөй қылықтар кейінгі төңкеріс, қанқырғын отызыншы, соғыс пен қызыл науқанды қырықыншы, сұрқиялы елуінші жылдары ұлттық бетке ұстар шығар қаймағын, сыпырып жеткені еске түскенде, кесепат тамыры қай заманда түйін салғанын біліп, жағанды ұстайсың... Алайда саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарап, қаһарлы қылыштан қан тамып отырған қат-қабат қайшылықты заманда зорлық-зомбылық көріп, боздақтары қуғын-сүргінге ұшырап, мерт болғанымен, тірілері тірлігін һәм ірілігін жасады. Соның арқасында қазақтың ұлы сөзі – әдебиеті өлген жоқ, өзінің көркемдік даму бағдарынан жаңыла қоймаған. Әдебиеттанудың туу, өсу, жетілу, кемелдену жолында сойқанды жылдардың, желбуаз улы ұрандары да, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» гомосоветикустардың утопиясына бөленген әсіре тапшылдық, гөй-гөйлерді айналып өтпеген. Дегенмен тәкаппар уақыттың ұлы тегеуріні бәрін де өз жөніне қойды, тезіне салды. Оң мен солдың, ақ пен қараның ара жігін айырып бергендей. «Сөз жүзінде бостандық, іс жүзінде бодандық» бұратана халыққа билеген, сайқал саясаттың қиянпұрыс зымиян зәрі бір күнгідей болмай үрген көбіктей жоғалып, құрдымға сінді. Батыс ойшылы Густав Лебонның ертеректе айтқан, «Қол астына түрлі-түрлі халықты ноқталап отырған үлкен империялардың маңдайына ешқашан ұзақ ғұмыр кешуді жазбаған», – деген ой-тұжырымы шындыққа айналды.

Киіз туырлықты қазақтың санасындағы азаттық діл, моральдық тазалығы мен адамгершілік ұстанымдары туған әдебиетіміздің дүркін рет қыл тамаққа келсе де, тіннің әуірімімен үзілмей үміт шырағы боп алға

ұмсындырған рухани қазыналы алтын тұғырының жоғалмауынан, анығын айтқанда тоталитарлық жүйенің қылышынан қаны тамған заманда ұлттық әдеби мұраға зор жанашырлық пен ыждағатты ізденіс танытып, жанын шүбірекке түйген жанкештілікпен ақиқат пен әділдіктің арашасы болған ат төбеліндей ғана ғұлама әдебиетші – ғалымдардың, заңғар қаламгерлердің аманаты деп түйгеніміз ләзім. Әлқиса, тоталитарлық кезеңнің тар шеңберінде қыстыққан, шермеңде күй кешіп ширыққан көркем, зерлі сөзіміздің талайсыз тағдырына сенім болып, үміт соқпағының сүрлеуіне діттелген төл әдебиеттану ғылымы осылайша дүниеге келген болатын.

Бүгінде отандық ғылымның қай саласы болмасын жаңару, жаңғыру барысында өткенін екшей отырып, ұлттық мұрат-мүддеге орайлас тың ізденістерге бет бұруда. Бұл үрдіс ұлттық идеологияның пәрменді саласы – қазақ әдебиеттануына да тән. Түптеп келгенде, қоғамдық ғылымдардың басты мақсаты – қазақ мемлекеттігін саяси және рухани тұрғыдан нығайту, оның ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, адамзат өркениетімен ұштастыру болып табылады. Ал осы бағыттағы ізденістер өзегі – ғылым саласын тәуелсіздік талабына сай дамыту десек, оның өткенінен сабақ алу тағылымы да назардан тыс қалмауы шарт. Тарихи тағылымы өткенді терістеу немесе бірыңғай қаралауда ғана емес, кешегінің өз құндылығын жоймаған озық дәстүрін сабақтастық үрдісіне сай бойға сіңіруде. Мұның өзі қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын толық қалпына келтіру талабынан туындаумен қатар, даму белестерінің идеологиялық кедергілерімен астасып жатқан күрделі ғылыми мәселелерін айқындай түсу қажеттілігін де көрсетеді.

Бұл ретте қазақ әдебиеттануының туу, қалыптасу кезеңдеріне тән басты ерекшелікті айтқанымызда, оның бастапқы отаршылдық (империялық), кейінгі тоталитарлық жүйе жағдайында жүзеге асқанын ерекше атауымыз қажет. Сондықтан да күрделі қоғамдық саяси мәселелермен сабақтасып жатқан әдебиеттанудың идеологиялық қысымға толы кезеңдердегі іркіліс ғана емес, басты жетістіктері де жан-жақты саралануы керек. Ол біріншіден, түрлі саяси зобалаң толқындарын өткерген ұлт руханияты өз болмыс-бітімін қандайлық деңгейде сақтап қалды, екіншіден, тоталитарлық жүйе жағдайында қазақ зиялылары ғылыми-зерттеушілік ізденістегі еркіндіктің тұсаулануына қарамастан ұлт мүддесін діттеген дүниетанымын шығармашылық тұлғасына қалай сіңіріп, жүзеге асырды деген күрделі мәселені объективті зерделеуге мүмкіндік береді. Академик Р.Нұрғалидің «Жасыратыны жоқ, кеңес өкіметі, құлап, компартия билігі құрығанға дейінгі жетпіс жыл бойы әдебиет, өнер, гуманитарлық ғылымдар марксизм-ленинизмнің ауызына қарады. Бейнелі өнер, ишарамен сөйлейтін әдебиет түп-тура саясат шапанын кие алмайды, бірақ әдебиеттану, сын саласында зорлықпен енгізілген қисындар көп болатын. Сондықтан да ХХ ғасыр әдебиетін жаңаша пайымдау, оның кезең-кезеңіндегі стильдік-жанрлық ізденістеріне, бейне, көркемдік қазынасына баға беру, талантты қаламгерлер шығармаларының эстетикалық байлығын анықтау, бір сөзбен, бос топырақтан кенді аршып алу – жеңіл-желпі шаруа емес, бұл – көп қайрат-қажыр жұмсауды талап ететін ұзақ шиыр» [37, 5-б], деген мақсат талабы өз

алдына кезек күттірмейтін олжалы арналар. Сондықтан бұл мәселеде ұшқарылыққа, қызбалыққа жол бермей, тек ғылыми қатаң қағидаларға сүйеніп, даусыз тарихи дәйек-деректер негізінде ғана қорытындыға келуіміз керек.

Қазақ әдебиеттануы жеке ғылым саласы ретіндегі туу және қалыптасу тарихында күрделі де қайшылықты белестерін бастан өткере отырып, қазір жетістіктері мен кемшіліктерін саралауда тың ұмтылыстар жасауда. Қазақ елінің егемендік алып, тәуелсіздікке жетуі қазақ руханиятына түбегейлі өзгерістер әкелді. Біріншіден, ұлттық таным мен сана-сезім империялық құрсаудан босап, тарихи негізге тамыр тартатын рухани жаңғыруға бет алды. Екіншіден, әдебиет пен өнер мәселелері бойынша отызыншы жылдар соңы мен қырқыншы-елуінші жылдары қабылданған партиялық қаулы-қарарлар өз күшін жойды. Сол арқылы тоталитарлық жүйе қыспағындағы қазақ руханияты, соның ішінде әдебиеттану ғылымы да маркстік-лениндік әдіснаманың таптық, халықтық, партиялық аталатын тар шеңберлі қағидаларының қалыпты арнасынан шықты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Тоталитарлық режим қазақ ұлты жөнінде таза экономикалық және таза таптық міндеттерден басқа ұлттық өсіп-өнудің негіздерін тікелей қирату бағытын ұстады» [2, 242-б], – деген пікірі, тоталитарлық жүйе табиғатын айқын танытады. Әсіресе, маркстік-лениндік қағидаларды басшылыққа алған одақтық әдебиеттану әдеби, фольклорлық мұрану игеру мен зерттеуде, әрбір ұлттың әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда таразылау мен дәуірге бөлуде, сөз өнерінің даму барысын тарихи сабақтастық, дәстүр мен жаңашылдық заңдылықтарына сай сын тезінен өткізуде, бағалауда зиянды әсері ұзаққа созылған кемшіліктерге, ақтаңдақтарға бой алдырды. Соңғы жылдардағы орыс әдебиеттануында, соның ішінде әдеби сындағы басты ағаттықтар мен олқылықтар жан-жақты сараланып, арнайы қарастырылып, пікір алысушылық нысанына айналғанын айта кетуіміз керек. Әрине, әдебиеттану ғылымы мен сынындағы ізденістер барысында болмай қалмайтын іркілістер туып, қалыптасу жолында орын алатын дағдарыстар себебін бір ғана маркстік-лениндік әдіснаманың ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікіріне кереғар келген талабымен сабақтастыра беру де біржақтылыққа ұрындырады. Бұл мәселеге академик С.Қирабаевтың «Мәселе өткен жолымызға, табыстарымыз бен қателіктерімізге ұшқырлықпен емес, ұстамдылықпен дұрыс, объективті ой көзімен баға беруде» [38, 21-б], – деген пікір тұрғысынан келу қажет.

Тарихи дамудың барысында Қазақстан тәуелсіздік алып, егемендікке қолы жетіп отыр. Қысастықпен бұрмаланып келген тарихымыздың қордалана бастаған қателіктері мен қайшылықтарының ақиқатын айтудың мүмкіндігі енді туды. Қазақ еліне тәуелсіздік келгеннен бері талай игі істер жасалып жатыр. Соның ең өзектілерінің бірі – рухани байлығымызды жаңаша бағамдау. Бұл қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне, ән-күйіне, тұрмыс-тіршілігіндегі әрқилы машықтары мен тәлім-тәрбие саласындағы үлгі-өнегесіне, сайып келгенде, рухани әлеміне жаңа заман

биігінен қарап, салыстыра зерттеу, дәстүрдің озығы мен тозығын айқындап, өркениетіміздің бұрмаланбаған келбетін, ылайланбаған кәусәр ойын сол қалпында жеткізу, жалғандыққа ұрынбаған шын табиғатын таныту мақсатынан туып отыр.

Әр тарихи кезеңнің ашылар, ақтарылар орайы бар. Осы орайда көрнекті орыс жазушысы В.А.Надеждин: «История человечества есть история того, как отвратительно воплощались прекрасные идеи» десе, немістің ойшыл философы Карл Ясперстің, «история – то происходящее, которое, пересекая время, уничтожая его, соприкасается с вечным» деген пікірлерінің тамыры, төркіні тарихымыздан алар тағылымның қалың қатпарын көрсетсе керек. Әлмисақтан адамзат баласы өткені мен бүгінін, болашағын білуге ынтызарлықпен ұмтылады. Тірліктің ұзын-ырғасын қас пен көздің арасымен өлшеп-межелеп, өтпелі өмірді қамшының сабындай шолақ ғұмырға балап, сусыған сынаптай өтіп бара жатқан уақыт үрдісінің терең ой тұңғиығына шомып, әр күнін еске түсіріп отыратын арғы-бергі ақылгөй, дана ата-бабаларымыз да, «өлі риза болмай – тірі көгермейді» дей келе, тірілердің несібесі, өлілердің разылығы, келер ұрпақтың игілігі үшін өткенді бағдарлап-байқап, кесіп-пішіп жөн айтады. Елдің ұлылары мен заңғарларын бірде асқақтатып төбесіне көтерсе, енді бірде сау-тамтық қалдырмай жермен-жексен етеді.

Қазақ халқының тарих көші сан ғасырларға созылған бұралаң-қалтарыстардан өтіп, тәуелсіз сара жолға шықты. Қилы тарихымыздың жетпіс жыл бойы саяси және идеологиялық аласапыран мен рухани қысымға толы кезең болды. Қазан төңкерісі, азамат соғысының өртеңі мен жаңа қоғам құру науқанының тауқыметі, саяси қуғын-сүргін ұлттық сананы тұмшалап, оның рухын мәңгүрттік тұман басты. Дегенмен, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» атты жалаң ұранмен үстемдік құрған кереғар идеологияның кезінде күн кешсе де, қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті үздіксіз даму үстінде болды.

Қазақ әдебиетінің, әсіресе ұлттық көркем сын мен әдебиеттану ғылымының кеңес дәуіріндегі аужайы сөз болғанда, алдымен әдебиет әлемінің заңғары Ғабит Мүсіреповтің бір кездері сүйіспеншілікпен атап көрсеткен «алыптар тобының» ауызға алынары – еш талассыз жайт. Есімдері ел есінен кетпес саналы өмірлерін руханият кеңістігін қорғауға, әдебиетіміз бен тіліміздің өрістеп, өркендеуіне арнаған, халқымыздың жан сүйіспеншілігіне ерекше бөленген, елдіктің ерен биігіне көтерілген, кесекті дәуір сомдаған кесек мінезді алыптар тобы, әлбетте терең толғаныстарға жетелейді. Осынау алдыңғы буын ағалардың ізін суытпай, жолын қаузалай індеткен, «алыптар тобы» атанған кешегі Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабидендердің өкшесін баса әдебиеттегі қадамын әуелде өлең, әңгіме, фельетон, очерк жазудан бастаған білікті ғалым, сарабал сынның сардары, кәнігі аудармашы, көрнекті жазушы, тағылымды ұстаз Белгібай Шалабаевтың есімі, ол күндері де, бұл күндері де бүтін елімізге жақсы таныс. Бұл кесімді пікіріміз әдебиет-сүйер қауымның құлағына тосын естіле қоймас.

Әдебиеттанудың «еңбек торысы», ғұлама ғалымдары атанған Бейсембай Кенжебаев, Қажым Жұмалиев, Темірғали Нұртазин, Әбділда Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев, Есмағамбет Ысмайылов, Мәлік Ғабдуллин, Айқын Нұрқатов секілді т.б. көптеген талантты ғалым, қаламгерлермен қатар Белгібай Шалабаев та сонау отызыншы жылдардан бастап әдебиетке аса бір ерен ынтызарлықпен белсене араласып, бар білімі мен қабілетін жастарды тәрбиелеу мен әдебиетті дамытуға қалтқысыз арнауды мақсат тұтты. Сол ізгілік жолында әдебиеттану ғылымында аянбай қызмет етіп, ақыл-ой, парасатымен бауыр бастырып үлгерген көптеген ғылыми еңбегін жазып қалдырды да. Қазақ әдебиеттанудың дамуына сүбелі үлес қосып, әдебиеттер байланысы проблемасының қайнар бастауында тұрған әдебиетші-ғалым Б.Шалабаевтың өмір жолы мен ғылыми қызметіне көз салғанда, қазақ тарихының ұлы өзгерістерінің көп қырларын аңғарамыз. Б.Шалабаев өзінің бір естелігінде: «Алатаудың асқан тәкаппарлығы ардагер Сәкеннің өр тұлғасын еске түсіргендей екен-ау! Жалынды азаматтың шәкірті, ізбасары бола жүріп, әдебиет әлеміне ерте араласыппын. Қазақ әдебиетінің түрлі дәуірдегі ғылыми тарихын ұлы Мұхтармен бірге зерттеу бақытына бөлендім... Асыл ағалардың қабырғамды қатайтып, бұғанамды бекіткен, қанаттандырған, қалтқысыз қамқорлығын қалай ұмытармын!...» – деген еді. Ғалым ағалар аманатын абыроймен ақтауды өз шығармашылық кредосына айналдырғанына ғалым еңбектерімен танысу барысында сан мәрте көзіміз жетеді.

1961 жылдың жазғытұрымында Б.Шалабаев елу жасқа толғанда, өзі білім берген шәкірттерінің бірі танымал ақын Тұманбай Молдағалиев ұстазына мынадай өлең жолдарын арнаған болатын:

Көлсің сен дөңбекшіген, толқып жатқан,
Жаралған махаббаттан, мол қуаттан.
Шөлдесек, сусындадық, аяулы ұстаз,
Етеміз сені бүгін біздер мақтан.

Шәкірт көп сені көрген, саған ерген,
Алдына ақыл сұрап бара берген.
Бауырыңнан ұшқан талай балапанды
Көруге сен құштарсың жаңа белден.

Ағынан жарылған ақынның осы бір ғиззат лебізі бүгін де қозықөш жерден естілгендей, әдебиетші, ұлағатты ұстаз «шинелінен» шыққан талайлардың ырыздық-несібесін аңғартады. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, өсіп өркендеуінде өзіндік орны бар тұлғалардың қатарындағы «әдебиетті шын сүйетін аға буын әдебиетші ғалымдардың» [39, 392-б] бірі филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Шалабаев жайында бірер ауыз жайдақ сөзбен тартымды бір нәрсе айтудың өзі мүлдем мүмкін емес.

Б.Шалабаев тағдыры өз тұрғыластарының көбінің тағдырымен ұқсас: жеңіс, жемістері де, соқпақты жолдары да.

Қазақ халқының тарихында қуанышы мен қайғысы бірдей болған жиырмасыншы ғасырдың жемісті сәттері мен кеселді шақтары да жеткілікті

болды. Социалистік қоғам салтанат құра бастаған аталған ғасырдың қазақ халқының басына нәубет үйірілген 20–30 жылдары оқу, білімге талпынған, кәсіби білім ордалары көбейе бастаған, жоғары білімді мамандар шыға бастаған да кезең болғаны рас. Әсіресе, Кеңестер Одағының бас иесі іспеттес Ресейдің патшалық дәуірден қалыптасқан классикалық дәстүрі бар Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург), Москва сияқты ірі қалаларындағы оқу орындарында оқып білім алған жастардың орны айрықша. Кейін қазақ әдебиеті мен қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті тұлғаларына айналған Т.Жароков, М.Қаратаев, Т.Нұртазин т.б. өткен ғасырдағы отызыншы жылдардың басында Ленинградтан білім алған қазақ жастарының бір парасы еді. Осы бір талантты шоғырдың қатарында біз зерттеуімізге арқау етіп отырған сан қырлы талант «әдебиет зерттеушісі, сыншы, аудармашы, қазақ әдебиеті тарихынан лайықты орнын алған ерекше дарын иесі» [40, 94–107-бб] профессор Белгібай Шалабаев та бар болатын.

Әдебиетші өмірінен аздаған мәлімет айтар болсақ, Б.Шалабаевтың маңдайына мынау жарық дүниенің есігін ашу мерзімі кешегі дүрмегі де дүрбелеңі мол кезеңнің шырғалаң шағы 1911 жылға дөп келіпті. Бұрынғы Семей губерниясына қарасты Павлодар уезі Баянауыл ауданының № 5 ауылында, қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Далба ауыл атырабының төл тумасы. Баянауылда, әр түрлі кәсіпшілікте жалданып жұмыс істейтін жатақ отбасында туған Белгібай қаршадайынан жоқшылық, жетімдік зардабын көп көрген. Әкесі Шалабай ақсақал жалғыз атты жарлы, араб қарпімен басылған кітаптарды емін-еркін оқи алатындай сауаты бар, өресі өрісті өнерге деген шын лебізі аңқып тұратын, серілеу адам болатын. Киелі Баянауылдың қасқа жолынан аттанған, сөйтіп қазақ әдебиетіне алғаш соқпақ салғандар қатарына қосылып, XX ғасырдың ұлылары шоғырынан тәжілі орын алған өзімен аталасы алты алашқа мәлім Мәшһүр-Жүсіп Көпеев еді. Осы қасиетті жолдың өрісін қал-қадерінше ұзартқан өз заманының көзіқарақтысы. Қиссалардың денін, Абайдың ел арасында тараған өлеңдерін, Біржан мен Ақан әндерін мақамдап айтатын, Жаяу Мұса, Мәшһүр-Жүсіптермен ауылы аралас, қойы қоралас жиі араласып тұратын ол көкірегіндегі оты бар баланың ізденімпаздығын ерте оятып, әдебиетке деген құлшынысын арттыра түседі. Міне, осындай түгіні түзу елде, әкесінің мол қамқорын көріп өскен бала оқу соңына түсуге белін бекем буады.

Алайда «қадірі болса адамның ортаңда тірі жүргенде, орыны қалар ойсырап, бір күні көрге кіргенде» демекші, ауыр қазаға ұшыраған, ажал құрығына ерте іліккен әкесі 1922 жылы өмірден өтеді. Бойы өсіп, бұғанасы қатпаған он бір жасар тұрымтайдай бала Белгібай, Баянауыл баурайында байлардың қозыларын бағады. Қытымыр өмірдің қатаң жазасына душар болған Белгібай байлардың қозыларын баға жүріп, бай есігінде күң болып жүрген анасына жәрдемін тигізеді. Бірақ, сұм өмір оны ауыр қайғыға жығады, көп ұзамай 1924 жылы аяулы қамқоршы анасы да кенеттен дүние салады. Алдындағы отарлы бағланы байдікі болғанымен, кекілі желбіреп, көзі жаудырап, ертелі-кеш Семейге алып баратын үлкен жолға қарағыштай беретін арманшыл бала қиялы тым биікте еді. Он төртке қарағанда жергілікті

ауылдың кеңесі (сельсовет) оны қорғансыз жетімдердің қосағында Семейдегі № 2 Балалар үйіне жібереді. Табанын тас тіліп, маңдайын күн қақтап өскен ұланның талайы артық, талабы үстемдей сезілетін. Аласапыран дәуір, дүниені төңкеріп жатқан дүрбелеңді дүбірлі кезең сахараның жас перзенттерін тез марқайтқан. Белгібай өмірінде де уақыт салған іздер сайрап жатыр. Есін біліп, етек жеңін түрген жасөспірім өзінің өмірдегі орнын табу жолында еңбек етеді. Өзінің қатар-құрбыларымен бірге мектеп қабырғасын көрген ол, орысша оқып жасөспірімдер мектебінде бастауыш білімін алады. «Жетім қозы тасбауыр, маңырар да отығар» дегендей, қолы бос уақытында ересек балалармен бірге Семей губерниялық баспаханасында баспа бөлімінің үйренуші-стажері ретінде жұмыс істеп жүріп, сол қым-қуыт уақыттың белең-белесінде өзін алға сүйреп, ұмтылудан жаңылмай, тек өзіне, өзінің қуаты мен табиғи дарын қабілетіне сенуге ғана дағдыланған бала ерте есейеді. Иә, бұл – жас азаматтың шындалып, оң мен солын танытқан есею жылдары болатын. Болашақ әдебиетшінің өмірдің қайнаған ортасында болуы, замана ағымына сай болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды ой елегінен өткізуі оның түсінік-түйсігін байытты. Қолына түскен көркем әдеби кітаптарды көп оқиды. Әсіресе кезінде әкесінің жіліктей шағып, майын тамызған, құлағының құрышын қандырған халық ауыз әдебиетінің асыл інжу-маржандары қисса-дастандарды енді өз бетінше оқып әсем ой-толғаныстар мен күйзелісті тебіреністерге шомады. Шығыс әдебиетінің қазақ тіліндегі нәзира үлгісімен жырланған «Мың бір түн», «Рүстем дастан», «Фархад–Шырын», «Ләйлі–Мәжнүн», «Тахир–Зухра», «Жүсіп–Зылиқа», «Ескендір», «Шәкір–Шәкірат», «Боз жігіт», «Атымтай Жомарт» сияқты қисса-дастандармен жете танысып, көбін жатқа айтатын болады. Осы кезде, оның көп ізденіп, беріліп оқитын Крылов, Пушкин, Тютчев, Гоголь, Белинский, Герцен, Лермонтов, Тургенев, Фет, Некрасов, Салтыков-Щедрин, Толстой, Абай, Короленко, Горький, Куприн, Сұлтанмахмұт, т.б. классиктерінің шығармаларын атауға болады. Қаршадайынан қара сөздің қадірін біліп, тегін түсініп, байыптап, бағалап өскен он төрт, он бестегі бала қолына қаламын алып, бұла ойларын бұлжытпай қағазға түсіреді. Сөйтіп өрелі ойлары өлең болып өріліп, кейінде тасқа басылған санаулы өлеңдерімен құрбыларының арасында «ақын бала» атанады. Бала күннен жүректі қытықтаған құштарлық, өлең-жырға, әңгіме-хикаяға деген құмарлық, Белгібай санасында суымайды, қайта күшейе береді. Ол айтысқа да түсіп көреді, ұзақ қисса-дастандарды жаттайды. Бірақ мұның бәрі де өнер жолына біржолата берілу емес, тиіп-қашты үзді-жұлды құбылыстар еді. Сөз қисыны келгенде Белағаңның «әу» деп, әдебиетпен алғаш айналысудағы өлеңнен бастау алған мына бір бастан кешірген оқиғасын айта кетсек дейміз. Сөзіміз дәйек-дәлелді болу үшін Б.Шалабаевтың 1935 жылғы 25 тамызда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Әдебиетке құмарлық» атты мақаласына жүгінуге тура келеді.

1925 жыл. Семейде шығатын «Қазақ тілі» газеті редакциясында атақты демократ ақын Сәбит Дөнентаев қызмет істейді. Бір күні Сәбиттің кабинетіне қолында қойын дәптері бар бала кіріп келеді. Өткен жетіде бір пьесаларын газетке жариялауға берген, бірақ басылым бетінде әлі көзге түспеген

педагогикалық техникумның екі оқушысы да пьесаның хал-жағдайын білу үшін бөлім редакторының алдына келіп тұр екен. Сәбит үлкен көлемді қолжазбаны алды да, соның сыртына жазылған өзінің пьесаға деген «рецензиясын» оқиды. Онысы:

«Драма ма, құрама ма?
Сөз осынан құрала ма?
Кеше туып, бүгін өсіп,
Сақал-мұртың шыға алама ма?
Сендер бүйтіп бұлқынды – деп,
Өмір бетін бұра ала ма?» –
дегендей болып шығады.

Сұрауға сараң да, сынға келгенде шарт сынба екі оқушы ашу-ызаларын жасырмай, қолжазбаларын жыртып тастайды да сыртқа шыға жөнеледі.

– Мен де өлеңдерімді сізге көрсетейін деп едім, – деп келген бұйымтайын түсіндіреді жаңа келген бала. Сәбит пісенделі сөзі болмаса да, дәмеленіп тұрған балаға жымыып қарап:

– Жасың нешеде? – деп сұрайды.
– Он төртте.
– Өлеңім бар дейсің, ә?
– Иә.

– Сендей кезімізде біз ойынмен болушы едік. Дүниеден босқа қаласың ғой. Кітапты оқып ойнай бер, – деп, сөзін аяқтады Сәбит. Бала бұл сөзге қатты ренжіді. Ағасының бетіне тура қарай алмай, Абайдан жаттаған бірнеше өлеңін нақышына келтіріп мәнерлеп оқып берді.

– Ол шал өз бетімен өлмей, жұртты жалықтырып кеткен шал, сен оған ерме, – деді Сәбит келте қайырып. Бала дегенінен қайтпайтын сыңай танытқандай тырнақалды өлеңдерінің Абайды пір тұтып оқығаннан кейін туған сергек ойдың жемісі екенін айтқысы келді, алайда оны Сәбит ақынның төрелігіне қалдырды. Қойын дәптерін жазу үстелінде қалдырып кетеді. Ертеңінде келсе, Сәбит кешегі күлімсіреген жүзімен, жазған өлеңдерін қайтарып береді. Мұқабасында:

«Жассың ғой, шырақ,
Болма дана ертерек.
Асықпай шыдап,
Жүрсең, «сабыр» көп беріп,
Әйтпесе бір күні қаласың,
Көш артында ентелеп», –
деген жазуы бар екен.

Шамасы, Сәбиттің бұл ескерту төрттағаны «ақын баланың» балғындай жүрегіне батып, көңіліне кірбең түсіреді. Өйткені ол бұдан былай әдебиет әлемінен алыстап, білімді басқа арнадан іздейді, жігер-қайратын тосын жолдарға салады. 1928–1930 жылдар аралығында Орынбор, Орал қалаларының Қазақ өлкелік медицина техникумында оқиды. «Дәрігер боламын», «инженер боламын» деп, екі жыл бойы соның қамында жүреді. Алайда, әдебиеттен алыстаған сайын одан биік, одан ыстық арманы жоқ

екенін, өз бақытының әдебиетте ғана екенін бірте-бірте түсіне бастайды. Әдеби асуларды ассам деген бала күнгі әлди-арманын еске түсіреді. Асылы көкірекке Алла тастаған түйір дәннен шығар. Қазақтың талай арыстарын дүниеге сыйлаған қасиетті Баянауылдың Ертіс топырағында туып-өскен Белгібайдың дарынды болмауы, әдебиетке құлшына ұмтылмауы мүмкін емес еді. Ақыры ғылыммен шұғылдану сияқты абыройлы да қиын міндетті өз өмірінің мақсаты етуге мықтап табан тіреген ол, көп ұзамай 1930 жылы еліміздің тұңғыш білім қара шаңырағы – 1928 жылы Алматыда Ташкент педагогикалық институтының негізінде құрылған Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының тіл және әдебиеті бөліміне (бүгінгі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) қабылданады. Бұл болашақ ірі әдебиетші ғалым, сыншы, аудармашы, көсемсөзші, ұстаз Б.Шалабаевтың арманға толы алғашқы қадамы, ізденісі мол, ауыр да азапты жолының бастауы болатын. Осында оқып жүріп өзінің тұңғыш прозалық шығармасын жазады.

1930-шы жылдары жиырмалардағы арман арқалаған сері жігіттің баспасөзде жылт еткен тырнақалдысы «Біздің артель», «Түн құшағында», «Пионерлер маршы», «Тыңда», «Октябрь ұлдары», «Октябрь ұлына сәлем», «Социалистік құрылыс», «Көктемнің алғашқы күндері», т.б. өлеңдерінен, «Желмаяға міну», «Тоғайда», «Құрмаш әкесін қалай алдады?» әңгіме, очерктерінен қайырғанда ұзақ жылғы шығармашылық жолында қаламгер эстетикалық әсері күшті сан қырлы көркем образдарды кестелеп, сан алуан тақырыптарды қозғады. Өлең, әңгіме, очеркпен әбден шыңдалып келген ол бірте-бірте прозаның күрделі де қиын жанры – повесть жолына түскен. Повестің қыр-сырын дөп басқан ірі сыншы В.Г.Белинскийдің: «Былайша айтқанда, драмаға арқау бола қоймайтын, романға тапшылық ететін, бірақ ғасырлар бойы бастан кешіріп болмастай жәйттерді қас-қағым сәттің өзіне шоғырластыратын терең мәнді оқиғалар, жағдайлар болады; повесть осындай құбылыстарды алады да, өзінің тар шеңберіне сыйғызып жебереді» деген повесть жанры жайында айтылған дәл де дәйекті пікіріне осы жанрдағы Б. Шалабаевтың «Тайжеген тауында» шығармасы жауап бере алатынына көзіміз жетеді. Автордың идеялық бағыты анық, эстетикалық мұраты айқын, көркемдік дәрежесі биік те бедерлі, мазмұны бай әрі мағыналы.

Алғашқы нұсқасы 1932 жылы «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының бірнеше сандарында (№ 5, 6, 7) жарияланған «Тайжеген тауында» және 1936 жылы жеке кітап болып шыққан «Жекпе-жек» повестері кезінде оқушы қауымның зор ілтипатына бөленген еді. Онан бері араға ширек ғасыр мерзімін салып барып шығармаға қойылатын тілек, талаптардың өзгеруіне байланысты автор бұл шығармалардың басын біріктіріп повесті бұрынғы олпы-солпы, артық-кемді ағат тұстардан арылтып, тың тарауларды қосып қайта өңделген нұсқасын кейіннен «Өмірде не болмайды» деген жаңа атпен 1961 жылы повесть, әңгімелер және фельетондардың жеке жинағына енгізеді. Кітапқа енген басқа көлемі қысқа «Тұлпар жасқа толды», «Минутта орнаған мәдениет», «Мұхит жорығында», «Нұрлан мен Нұрыш», «Үш айқас», «Бригаданың бастығы» сияқты

суреттеме, сықақ әңгімелерде бала мінезін дәл беретін ұтымды диалог, Отанын қорғаған офицер естелігі, кең далада мәдениетті бір «минутта» орнатпақ болған асыра сілтеуші т.б. жайлы сөз болады.

Қарт ҚазПИ-дің тіл және әдебиет бөлімінде оқи жүріп, 1933–1934 жылдар аралығында Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің балалар мен жастардың көркем-әдеби өлкелік комсомол – «Пионер» (бұрынғы «Қазақстан пионері» газеті, бүгінде «Ақ желкен» журналы) газетінде жауапты редактордың орынбасары болып қызмет істейді. Азабы көп ғылыммен айналыса жүріп, журналистиканы да қосаққа ала жүріп, оның қыр-сырын, ұңғыл-шұңғылын терең білетін, ысылған қызметте шыныққан кәсіби шеберлігін танытады. Газет қызметшісі бола жүріп білімге деген құштарлықтың қаршадайынан қанға сіңгендігін қараңызшы, Алматыда байыз таптырмаған жігіттің алған білімін қанағат місе тұтып қалмай, сол тұстағы терең ілім-білімнің бесігі – Тарих, философия, әдебиет және лингвистика Ленинград институтының (қазіргі Санкт-Петербург мемлекеттік университеті) әдебиет факультетінің әдебиет және лингвистика бөлімі аспирантурасына аттануы, бір жағынан ұстаз ағалардың қамқорлығы, сенімі болса, екінші жағынан көкіректі тербеген жастық албырттық алып ұшқан ізденісінің әсері екені де түсінікті.

Орыс әдебиетінен ауызданып, ерте аяқтанған Белгібай мәдениеттің, білімнің үлкен кіндігі – Ленинградқа тартады. Асылында, ол – бұл қалада оқыған алғашқы қазақ студенттері мен аспиранттарының бірі. Тамаша әдеби орта, әлемдік даңқы бар ғұлама ұстаздар, ғажап бай кітапханалар, бұған алыс қыр перзентінің білімге деген ынтасы (тіпті қомағайлығы десе де болады) қосылып, жақсы жеміс бере бастайды. Ленинград университетінің әдебиет және лингвистика бөлімі аспирантурасында оқып жүріп үлкен ғалым-академиктер А.Н.Веселовский, А.Н.Самойлович, В.М.Жирмунский, шығыстанушы ғалым, профессорлар В.А.Десницкий және Н.К.Пиксановтар, профессорлар Б.М.Эйхенбаум, А.Г.Фоминдерден дәріс алған жас ғалым Б.Шалабаев әдебиеттану ғылымына түгелдей бет бұрған болатын. Міне, содан бері діттеген бағытынан шыға білген, одан ешбір таймаған Б.Шалабаев көпшілікке танымал ғалым әрі сыншылық биікке көтерілді. Қысқа қайырылатын осынау санаулы жылдар астарына зерделей, зерттей көз тіккен жан саналы қызметінің үш жылын әдебиеттану ісіне арнаған сергек сезім мен сарабдал сана иесінің, ғалым Белгібай Шалабаевтың түндер бойы том-том кітап ақтарып, ақ қағазға үңіліп, көрер таңды көзбен атырған ерен еңбегін көрер еді. Ерен еңбектің мәңгілікке ұласқан есепсіз өтеуіндей жемісін көрер еді. Осында оқыған жылдары (1934–1937 ж.ж.) ол «Пушкин и Абай» деген көлемді сын мақаласын жазады. Қазақ, орыс, қос тілді тең емген аудармашылық қабілетін тұңғыш танытқан ол В.Г.Короленконың «Тілсіз» («Без языка») повесін ана тілімізде сөйлетіп, 1936 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарыққа шығарады.

1937 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің (Санкт-Петербург мемлекеттік университеті) аспирантурасын бітіріп, Б.Шалабаев Алматыға оралады. Мұндағы Қазақ коммунистік журналистика институтында алғаш

ашылған қазақ әдебиеті кафедрасын басқарады. Сонымен бірге 1938–1942 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы әрі Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасының доценті қызметтерінде болған. 1938–1942 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы әрі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының (Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) қазақ әдебиеті кафедрасының доценті қызметтерінде болған.

1939–1940 жылдары Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының ротаторында басылған «Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған қазақ фольклоры және қазақ әдебиеті тарихының кеңейтілген программасы» («Расширенная программа по казахскому фольклору и истории казахской литературы для филологических факультетов вузов») қазақ, орыс тілдеріндегі ұжымдық оқу-әдістеме құралының негізгі серіктес авторы болған.

Б.Шалабаевтың биік талғам, мол ізденіс, сындарлы талдау еңбектерінің басым бөлігі әдебиет тарихы мәселелеріне арналған. 1938 жылы қазақ фольклоры және бүкіл қазақ әдебиетінің тарихына арналған ғылыми-әдістемесінің тұңғыш бағдарламасы жасалған еді. Осы бағдарламаға енген әдеби мұраның барша рухани қазынамыздың асыл үлгілері Қазақ КСР Ғылым академиясының академиялық басылымдарында тасқа басылған болатын. Оны құрастырғандар М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Б.Шалабаев, т.б. еді. Бұл басылымдардың авторлары редакциялық алқасында Б.Шалабаев еңбектерінің орны бөлек. Аталмыш бағдарламаның кейіннен фольклор мен қазақ әдебиеті тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеуге мұрындық болғаны аян.

Әдебиетшінің алғашқы ғылыми қыруар қызметі, қадау-қадау зерттеу қадамдары кешегі сұм соғыстың нағыз жан беріп, жан алысқан 40-шы жылдардың басына дөп келіпті. Ол жөнінде жазушы «Үш айқас» атты естелігінде былайша ағынан жарылыпты: «Ойыма өткен жолым елестегендей: есіме түскені әкем өліп, жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленгендігім, алдымен пионер, комсомол болып, онан кейін институт, аспирантура, КазПИ мен КазГУ, оларда қазақ әдебиеті тарихынан сабақ бергенім, өлең, очерк, фельетон, повесть, әңгіме, әдеби сын, диссертация жазғаным. Бірақ оны қорғағам жоқ, себебі Отанға қауіп төнді. Майданға аттану керек болды... Иә, солай, жауды жеңуге безенген жалғыз мен бе, барлық совет халқы еді ғой» [41]. Жеңімпаз елдің перзенті ретінде балаң жігіттің бойында кеңестік патриотизмнің, коммунистік партияға деген кіршіксіз сенімнің қалыптасуы да заңды құбылыс. Және де бұл жағдай жекелеген адамдардың бойында ғана емес, кешегі кеңестік жандардың бәрінің дерлік санасында болған жалпыхалықтық құбылыс болатын. Халқымыздың бейқұт өңірі, бейбіт өмірі үшін шыбындай жанын шүберекке түйіп, қасықтай қанын төгуге әзір болған жауынгер ғалым қырқыншы

жылдардың нағыз жан беріп, жан алысқан сұрапыл тұстарында қаламсабын қаруға айырбастап, Отанымызды фашистік жендеттерден қорғауға аттанады. 1942 жылы партия қатарына өтеді. Қан майданда саяси жетекші, батальон комиссары, полк үгітшісі, дивизия партия комиссиясының мүшесі ретінде туған жердің азаттығы үшін от пен өрттің арасында өлімге бас тіккен жауынгерлік өмір кешті. Белағанның осындай бір батыр тұлғасы 1944 жылы 30 мамырда «Казахстанская правда» газетінде жарияланған қос орденді капитан В.Белуниннің «Учёный-воин» атты очеркінде аса бір жүрекжарды құрметпен сомдалған. Сонау Ржевтен, Оршаның Белорус майданына дейінгі өлім жолында талай фашистің көзін жойып, Батыс майданының 164 – атқыштар дивизиясының 33 – армиясына қарасты, 742 – атқыштар полкының құрамында жауға қарсы шабуылға қатысып, жауды бекіністен қуып шығарады.

«Фашистерді өкшелей қуып келеміз. Совет жауынгерлерінің тегеуірініне шыдай алмаған гитлершілдер қалың қарағайлы ну орманға қарай жөңкіле қашуда. «Алға, партия солдаттары! Жойыңдар фашист құзғындарын!» деп, жауынгерлерге командир Белгібай Шалабаев ұран тастады. Өз командирінің айбынды дауысынан қуат, жігер алған жауынгерлер қашып бара жатқан жауды жаңбырдай жауған қалың оқ астына алды. Орманға жетпей-ақ фашистердің күл-талқаны шықты». Капитан В.Белунин мұнан әрі қарай өжет командир Б.Шалабаевтың жауынгерлік тар жол, тайғақ кешуін жарқын баяндайды.

Мындаған арысымыз мезгілсіз опат болған сұрапыл сойқан хақында, Қазақстан жауынгерлерінің ондағы көрсеткен ерлігі жөнінде бір кітап сөресін толтырарлық дүние жазылған болар. Дей тұрғанмен, Отан деген ұғымға бір кездердегі Кеңес Одағын ортақтастырсақ та, бүгінгі Қазақстанға Ұлы Отан соғысының ешқандай қатысы жоқтай, мұрын шүйіре шыр айналатындардың да табылатынын жасыра алмаймыз. Ел сеніміне еніп алған аз ғана шоғыр – «коммунист көсемдердің» еркінсігені соншалық, олардың бойында самодержавиелік көңіл ауаны асқына түсті. Соның салдарынан бүкілхалықтық Ұлы Жеңістегі орыстардың орны асыра көрсетіліп, тіпті оларды кеңестік жүйедегі өзге халықтардың өркендеу тарихында жарылқаушы, ағартушы халық ретінде танытуға күш салынды. Ұлт зиялылары арасынан «буржуазиялық ұлтшылдар» іздеу науқанының соғыстан соңғы жылдары қайтадан асқынуының астарында да «орыстандыру саясатының» салқыны жатқан болатын. Таптық көзқарасқа қабаттасқан «орышылдық» сана әдебиет пен өнердің өрісін тарылта түсті. Рухани дүние идеологияның әзірлеп берген қалыбынан аспауы керек болды. Руханиятқа қатысты ой-пікірлердің барлығы таптық көзқарасқа негізделді. Үстемдік етуші идеологиямен көзқарасы қабыспағандар Сталиндік лагерьлерде ұсталды. Бұл кезең, яғни 40-жылдардың екінші жартысы мен 50-жылдардың басы лагерьлер жүйесінің қаулай көбейген дәуіріне айналды. Тарихи дерек көздеріне сүйенер болсақ, 1948 жылы «контрреволюциялық» және «антисоветтік» әрекеттері үшін айыпталғандарға арнап «арнайы режимдегі

лагерьлер» құрылып, «қызмет еткен». 1949 жылы бір ғана Степлагта 200 мың тұтқын қамалған екен.

Отан деген ұғым ол кезде әрі кең, әрі киелі болатын. Ол ақселеулі кең көсілген Сарыарқа даласы, ақ басты, қарлы шыңды Алатау да, қарауыта мұңартқан Қаратау да, алтын арқадай ардақты Алтай да, алаштың кіндік қазығы Ұлытау да ғана емес, Отан ол кезде өртке оралған Ресей, Украина мен Белоруссия, қоршауда қалған Балтық елдері мен Закавказье болатын. «Отан үшін алға!» деп «уралап» атой салған Кеңес жауынгерлері біздерге «Жеңіс!» атты қасиетті де қастерлі ұғымды сыйлап кетті. Сондықтан да біз аталарымызға қарыздармыз.

Туған елден жырақта, от пен оқтың ортасында өмір мен өлім арпалысында фашистік жендеттерді бір адым ілгері аттатпай, оқ тескен кеудесімен жат жердің топырағын құшып, мәңгілік тосқауыл боп қалған қазақстандық боздақтардың «Отан үшін!» деп өлгенін қалай ұмытармыз. Қанды қырғынның қызу жолын кешіп келген, тәні түгіл жаны жаралы жауынгерлер, көптеген бауырлар қорымында жатқан аруақтардың үзілмес рухы ұмытыла қояр ма екен... Әрине ұмытылмайды.

«Ұлы Отан соғысы» деген атауға ие болып, қасіретті һәм қаралы тарихымызға айналып, санамызға сіңген қанды майданның аяқталғанына жетпіс жыл болды. Бүгінгі бейбіт күніміздің сән-салтанаты сол соғыс жылдары мезгілсіз жоғалған жастың, қыршын үзілген ғұмырдың ерлігінің нәтижесі екендігі баршаға мәлім.

Б.Шалабаев жоғарыдағы ерліктері үшін I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» және «Қызыл жұлдыз» ордендерінің кавалері атанды. Шайқаста ауыр жараланып, сан рет контузияланған ол госпитальға түседі. Одан екінші топтағы мүгедек болып елге қайтады. Осындай қиын-қыстау кезеңіне қарамастан ол институт, университет студенттеріне лекция оқуын тоқтатпай, ұзтаздық парызын өтейді.

1944–1949 жылдары Б.Шалабаев ҚазПИ-де декан, кафедра меңгерушісі, Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтында аға ғылыми қызметкері болады. Іскер оқымысты университетте кафедра басқарса, академия институтында сектор меңгереді. 1944 жылы «Наследие творчества Горы-Айгырова в истории казахского романа» («Қазақ романы тарихындағы С.Торайғыров шығармашылығының мұрасы») деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сонау Ленинградта (Санкт-Петербургте) қазақтың ұлы ақынының есімін орыс әдебиетшілеріне паш етіп, тұңғыш терең танытып, сәтті қорғап шығады. Бұл еңбектен зерттеушінің таным аясының орасан кеңдігін де, тұжырым-пікірлерінің тиянақтылығын да, дерек-материалдарды елеп-екшеудегі тынымсыз еңбекқорлығын да көреміз. Қазақ романының тарихи генезисін суреттеу арқылы, С.Торайғырұлының романдары мен өлеңдерін дәріптеген бұл еңбектің көтерер жүгі батпан, көкейкестігі мен салиқалы мазмұнының өзекті екендігіне көз жеткізу қиынға соқпас. Ғалым диссертациясы сұлтанмахмұттану ілімін тың идеялармен, ойлармен, тақырып-өрнектермен байытты. Автор бұл еңбегінде замана талқысымен қатпарлы жылдардың сағымына оранып, аумалы-төкпелі

кезеңдер дүрбелеңінде халқымыздың зердесінде көмескі тартып, ұмытыла жаздаған, халық әдебиетінде ойып орын алар біртуар тұлға С.Торайғырұлының асқақ қайраткерлік сом бейнесін оның шығармалары, дүниетанымы, саяси-әлеуметтік бағыт-бағдары арқылы ақынның халық санасында қайта жаңғыртуды мақсат тұтқан.

1948 жылы жарияланған «Жоғары оқу орындарына арналған ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті программасының» құрастырушы авторы. Сол жылы В.Г.Белинскийдің қайтыс болғанына жүз жыл толуы қарсаңында орыс сыншысының «Избранные произведения В.Г.Белинского» («В.Г.Белинскийдің таңдамалы шығармалары») алғашқы қазақ тіліндегі екі аударма кітабы жарыққа шығады. Қазақ әдебиетінің тарихында, оның ішінде аударма мәдениетінің даму тарихында бұл оқиға, сөз жоқ, маңызды орын алады. Қазақтың әдебиеті мен әдеби тілінің даму жолдарын баяндайтын тарихи құжаттардың қатарындағы бұл да бір көз тартарлық елеулі жәдігері іспеттес. Алғаш рет баспадан шыққан «Таңдамалы шығармаларының» – бірінші кітабына көлемді алғысөз жазып, түсініктемелер мен сілтемелер берген аудармашылық шеберлігін бұрынғыдан да еселей түскен ғалым, сыншы, аудармашы Б.Шалабаевтың бұл қомақты еңбегі асыға күткен қазақ оқырмандарының назарларына ұсынылды. Осы кітап арқылы қалың оқырман орыс әдебиеті мен әдеби сынның өркендеу жолдарын, даму сатыларын жақсы білетін болды. Дәл осы жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихы» (үш том, алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихы» 1960–1967 жылдар аралығында шықты. Ол басылымдардың фольклорға арналған бірінші томы профессор М.О.Әуезовтің жалпы редакциясын басқаруымен сонау, 1947–1948 жылдары жарық көрді) академиялық ғылыми-ұжымдық басылымның құрастырушы авторларының бірі Б.Шалабаев болған еді («Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына енген ғылыми-танымдық зерттеу еңбектері – «Қазақ халқының мақал-мәтелдері»; «Өтірік өлеңдер»; ХІХ ғасырдағы тарихи жырлар: «Жанқожа батыр жайындағы жырлар»; «Бекет батыр жайындағы жырлар»; «Досан батыр жайындағы жырлар»).

1949 жылы жарық көрген «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» академиялық басылымның кеңес дәуірі әдебиетіне арналған ұжымдық материалдар авторларының бірі болған Б.Шалабаевтың бұл кітапқа енген әдеби-сын, ғылыми-зерттеу очерктері – «Сәбит Мұқанов», «Жақан Сыздықов» бірлесіп жазған авторлықта «Қалмақан Әбдіқадыров» шығармашылықтарына арналған. Осы жылы жарық көрген аудармашының тағы бір көлемді аудармасы М.Горькийдің «О молодежи и детях» («Жастар мен балалар туралы») атты деректі публицистикалық мақалалар, мөлтек очерктер, хаттар, шағын сықақ әңгімелер жинағы болды.

Одан кейінгі жылдардағы профессор Б.Шалабаевтың өмірі мен қызметінің негізгі, белеңді кезеңдерін назарға алсақ, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы жолында аянбай тер төгіп, еңбек сіңірген, бойдағы қайраты мен білімін саналы түрде әдеби өмірге бағыштаған баянды, мазмұнды ғұмырын қамтитын жылдарын көреміз. Атап айтқанда, 1949–1951 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-

Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, доценті болған; 1951 жылы 4 тамызда КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданған; 1953 жылы Қазақ КСР ҒА баспасы шығарған «М.О.Ауэзов. Казахская советская литература» («М.О.Әуезов. Қазақ совет әдебиеті») (Проспект коллективного труда) орыс тіліндегі академиялық басылымның негізгі авторлардың бірі болған; 1953 жылы Қазақ КСР ҒА-ның баспасы жариялаған М.Базарбаев, М.Дүйсеновтермен бірге университеттің және педагогикалық институттардың филология факультеттерінің студенттері үшін «Казахская советская литература» («Қазақ совет әдебиеті») (Проспект коллективного труда) орыс тіліндегі оқу құралын әзірлеген; 1956 жылы «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа» («Революцияға дейінгі қазақ прозасы мен романының тарихынан») атты педагогикалық институттардың сырттай оқитын студенттеріне арналған алғашқы оқу құралы жарық көрген; 1956 жылы 17–18 желтоқсанда «КПСС ХХ съезінің» қарарларына және директиваларға сәйкес «Қазақ поэзиясының қазіргі жайы туралы» Қазақстан Кеңес Жазушылары одағы басқармасының ІІІ пленумында жарыссөзге қатынасқан; 1957 жылы 25 наурызда М.О.Әуезовтің «Абай жолы» (1942; 1947; 1952; 1956) төрт томдық роман-эпопеясының толық жазылып аяқталуына арналған «Абай» романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы» атты Алматыда өткен Бүкілодақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Қазақ әдебиетінің алып шығармасы – замандастарының назарында» деген тақырыпта баяндама жасаған; 1957 жылы 25 қарашада Б.Майлиннің творчествосына арналған поэзия кешінде «Б.Майлин – прозашы» деген тақырыпта баяндама жасап, естелік айтқан; 1957 жылы орыс тілінде жарық көрген «Сборник статей о казахской литературе» («Қазақ әдебиеті туралы мақалалар жинағы») мақалалар жинағына «Об отношении казахского классика к великану русской литературы А.С.Пушкину» әдеби зерттеуі енген; 1958 жылы «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) («Революцияға дейінгі қазақ әдебиеті тарихының очерктері») (Проза, поэма, роман) кітабы жарық көрген. Оқулық «КСРО халықтар әдебиетінің» курс бағдарламасына енген; 1959 жылы 23 маусымда Алматыда өткен «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері жайында» ғылыми-теориялық конференцияда жарыссөзге қатынасқан; 1959 жылы Қазақ КСР ҒА баспасы шығарған «М.О.Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию» (М.О.Әуезовтің алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы) орыс тіліндегі мақалалар жинағына «Назидания Абая и зарождение поэмы в казахской литературе» атты ғылыми-зерттеуі жарияланған; 1959 жылы 15–19 маусымда Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған «Әдеби мұра және оны зерттеу» республикалық ғылыми-теориялық конференцияда «Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында» (қисса – жанры туралы) деген тақырыпта баяндама жасаған; 1960 жылы жарық көрген «Социалистік реализм туы астында» әдеби-сын мақалалар жинағына «Қазақ эпопеясы әдебиеттік сында» зерттеу мақаласы енген; 1962 жылы «Университеттің филология факультетінің қазақ бөліміне

арналған қазақ әдебиетін оқытудағы методикалық программасы» («Программа методики преподавания казахской литературы для казахского отделения филологического факультета университета») деген оқу-әдістеме еңбегін жариялаған; 1962 жылы Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Мемуарная повесть Сакена Сейфуллина» («Сәкен Сейфуллиннің мемуарлық повесі») деген тақырыпта орыс тілінде баяндама жасаған; 1965 жылы «Казахская литература» (Советский период) («Қазақ әдебиеті») (Совет дәуірі) қазақ романының тарихына арналған орыс тіліндегі монографиясы жарық көрген. Танымал сыншы Н.С.Ровенскийдің жалпы редакциясымен жарияланған бұл кітап еліміздің барша әдебиетші мамандары үшін таптырмас, зәру оқу құралына айналып, филология факультеттері бойынша «КСРО халықтар әдебиеті» бағдарламасының оқу курсына енген болатын; 1970 жылы «История казахской прозы» (Сюжет и характер) («Қазақ прозасының тарихы») (Сюжет және характер) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Докторлық диссертациясы жеке монографиялар болып алғашқыда 1968 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан; 1975 жылы екінші рет толықтырылып, өңделген кітабы «Мектеп» баспасынан жарық көрген. Монографиялар «КСРО халықтар әдебиетінің» курс бағдарламасына енген; 1951–1973 жылдары Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, докторы қызметін атқарған; 1973 жылы 31 мамырда профессор атағын алған; 1973 жылдан факультеттің студенттер ғылыми ұйымының ғылыми кеңесшісі. Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология ғылымдары бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғайтын Жоғары Аттестациялық Комиссия ғылыми кеңесінің мүшесі; 1983 жылы «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983 жылы «Мектеп» баспасынан жарыққа шықты; қайта өңделген және редакцияланған бұл соңғы монографиясы 1990 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді) қазақ тіліндегі монографиясы жарық көрген.

1949–1951 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі; 1951–1973 жылдары Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, докторы қызметін атқарады; 1973 жылы 31 мамырда профессор атағын алады; Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті) филология ғылымдары бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғайтын Жоғары Аттестациялық Комиссия ғылыми кеңесінің мүшесі; 1986 жылдан кафедраның кеңесші профессоры болды. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық

университетінде және Абай атындағы Қазақ мемлекеттік университеттерінде табан аудармастан жарты ғасырға жуық ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, профессоры болып атқарған айта қалғандай ұзақ ұстаздық қызметі – өз алдына бір тарих. Ғалымның әдебиетті зерттеумен айналасуы, ғылыми шығармашылық жолы ұстаздығымен қатар басталады. Қазақ жазушылары мен әдебиетшілерінің арғы-бергі уақыттардағы көптеген өкілі алған білім, істеген қызметі жөнінен келгенде – педагог Ыбырай Алтынсарин, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров өз алдына, С.Сейфуллин, М.Әуезов ұзақ жылдар жоғары оқу орындарында қызмет етті. Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Т.Нұртазиндер сияқты Б.Шалабаев та бүкіл қажырлы өмірін ұстаздық жолына арнады. Ғалым талантының көп қырын түйістіріп, сол қырлардың бірін-бірі толықтырып, молықтырып тұруларының нәтижесінде Б.Шалабаевтың бүкіл тұлғасын көріктендіріп, сұлуландырып көрсететін үлкен бір қабілеті, қасиеті – оның ұстаздық жолы. Әдебиет теориясы, ауыз әдебиеті, қазақ совет әдебиетінің тарихы және оны оқытудың әдіснамасы, қазақ романы т.б. арнаулы курстардың қайсысынан да Б.Шалабаев студенттерге жүйелі білім беріп, кафедра меңгерушісі ретінде де, кеңесші профессор ретінде де дарынды жастарды ғылымға тартып, зерттеу жұмыстарына жұмылдыра білді. Мыңдаған маман филологтар мен журналистер, тарихшылар мен философтар, ондаған ғылым докторы, елуге тарта ғылым кандидаты, бірнеше Қазақ КСР-на еңбегі сіңген ғылым қайраткерлерін тәрбиелеп шығарды. Бүгіндегі аға буын қазақ ақындары мен жазушыларының басым көпшілігі, филолог ғалымдар мен бірқатар мәдениет, қоғам және мемлекет қайраткерлері – Б.Шалабаевтың төл шәкірттері. Телегей теңіз білім иесі, шалқар шабытты, терең ойлы, шешен тілді лектор, профессор Б.Шалабаев тағлымы тәлімдік үлгі-өнегесі ретінде шәкірттер санасында жаңғыра береді, естерінде сақтала береді.

Профессор Б.Шалабаевтың зерттеу еңбектерінің көпшілігі қазақ топырағында жарық көрген шығармаларға тікелей қатысты. Б.Шалабаев – роман сияқты күрделі де қиын жанрды түбегейлі зерттеген еліміздегі санаулы ғана ғалымдардың бірі. Іргелі ғалымның қазақ романының шығу төркіні төңірегіндегі салиқалы пікірлері мен келісті бағалары бүгінде аса құнды. Бұл салада еңбек еткендердің көпшілігінің ақылман ағасы, өнеге тұтар ұстазы деуге хақылымыз. Қазақ әдебиеттану ғылымына, оның ішінде әсіресе әдебиет тарихына, роман жанрының тууы мен қалыптасу табиғатына қомақты үлес қосып, толымды еңбектер жазған Б.Шалабаев прозаның маңызды да мәйекті мәселелеріне байланысты бірнеше монография, оқу құралдарын жазған. Ондағы толымды да шұрайлы ойлары қазір өрістей дамып, ғылыми арнаға айналуға дайын. Ол дүниелердің қазақ әдебиеті үшін жаңалық сипаты бар құбылыс екенін талай мақала рецензияларда орынды аталды. Б.Шалабайұлының ғалымдық-өнерпаздық ерекшелігі – өзінің зерттеу еңбектерінде аңызына түрен түспеген тың салаларды нақты дәйек-деректер негізінде індете зерттеуге құмарлығы дер едік. Міне сондықтан оның қаламынан туған дүниелерге ғылыми қауым да, шәкірттер әлемі де, әдебиетті

қызықтаушылар да әркез құлақ түріп отырады, әдебиетшінің жазып қалдырған оқу құралдары бүгін де қалың көптің қолынан түспейтін орасан қажет кітаптарға айналып отыр. Қазақ романының тууы барысында ауыз әдебиеті дәстүрінің рөлі мен қызметі, Ыбырай мен Абай прозалық шығармаларының жалпы көркемдік дәрежесі, ерекшеліктері мен эпикалық сипаты туралы ғылыми пайымдаулар тағысын тағы әдеби теориялық келелі мәселелер, қазақ әдебиетінің проза жанрлары және олардың басқа халықтардың әдебиеттерімен байланыстары, ондағы мазмұн мен түрдің сабақтастығы, өзара әсерлері, үндестік, ықпалдастық сарындары тұжырымдала келе біртіндеп қазақ әдебиеттануындағы үлкен ғылыми еңбектерге төрт монографияға және үш тұрақты оқу құралына (стабильные учебники) ұласты: «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа» – «Революцияға дейінгі қазақ прозасы мен романының тарихынан» (1956), «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) – «Революцияға дейінгі қазақ әдебиеті тарихының очерктері» (Проза, поэма, роман) (1958), «Казахская литература» (Советский период) – «Қазақ әдебиеті» (Совет дәуірі) (1965), «История казахской прозы» (Сюжет и характер) – «Қазақ прозасының тарихы» (Сюжет және характер) (1968; 1975), «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983; 1990). Ғалым қазақ топырағында роман сияқты кең полотнолы шығарманың дүниеге келуінің, жанрдың тууының себебін дәлелді ашады. Қазақ романы сол кездің мінберінен карағанда С.Көбеевтің «Қалың малынан» басталса, бұл шығарманың жазылуының объективті себебі бар екенін атап көрсетеді зерттеуші. Профессор Шалабаевтың дәлелдеуінше, қазақ ауыз әдебиеті, Ыбырай мен Абайлардың шағын прозасы мен кеңінен тарап келе жатқан (сол кездегі қазақ интеллигенттерінің арасында) орыс классикасының үлгілері қазақ романының тууына жағдай жасады. Демек, осының бәрі қазақ романының жазылуының дер кезі еді.

«Фольклор мен поэзия – прозаның төркіні» деп түйген зерделі ғалым Шалабаев роман туралы зерттеулерінде шығарма көтерген тақырып, оның әлеуметтік мәні, тәрбиелік қасиетін атаумен бірге, автордың стильдік ерекшеліктеріне мол орын береді. Әр автордың кейіпкерді бейнелеудегі, характер сомдаудағы басқаға ұқсамайтын даралығын ғалым нақты және сенімді тани біледі.

Ғалымның мұндай пікірлерімен санаспауға болмайтын сияқты. Былайша айтқанда, белгілі бір туынды жайында сөз болғанда, ондағы идея, композиция, сюжет тәрізді көркемдіктің құрамдас элементтерін сөз ету үстінде автордың стилін назардан тыс қалдыру әділдікке жатпайды және зерттеудің толымсыз болып жататыны да рас. Осы бір мәселелер әр кездің ғалымдары мен сыншыларына үлгі тұтуға тұрарлық жайттар болары анық. Сондықтан да КСРО Ғылым академиясы Алексей Максимович Горький атындағы Дүниежүзілік әдебиет институтының ғалымдары жазып, Мәскеудің «Наука» баспасы шығарған 1978 жылғы «Советский роман» деп аталатын кітапта профессор Б.Шалабаевтың «Қазақ романының тарихы» жоғары бағаланды. «Бұл еңбек, – делінген онда, – қазақ прозасының пайда болып,

дамуында халықтық-поэтикалық творчествоның рөлі жан-жақты ашып көрсетілген, Сейфуллин, Майлин, Жансүгіров, Әуезов, Мүсірепов, Мұстафин тәрізді қазақтың көрнекті прозаиктерінің романдары мен повестері әр қырынан талданған». Мұның өзі көрнекті ғалым Б.Шалабаевтың еңбектерінің Одақ көлеміндегі ғұламалардың назарына ілігіп жүргенін көрсетеді. Академиктер М.Қаратаев және Ғ.Мұсабаевтардың 1975 жылы жазған мына бір толымды пікірін де ортаға алсақ, «Будучи критиком, литературоведом, членом Союза советских писателей СССР, преподавателем казахской литературы и теории литературы в вузах города Алма-Аты, Б.Шалабаев с 30-х годов выступает автором ряда оригинальных литературно-критических и научно-исследовательских статей по истории и теории казахской литературы и в частности истории возникновения и формирования казахского романа. К числу их можно отнести статьи «О некоторых принципах изучения истории казахской литературы», «О романе», «Султан-Махмуд Торайгыров».

Как исследователь казахского фольклора, Б.Шалабаев опубликовал ряд ценных научно обоснованных очерков в первом томе истории казахской литературы о таких неисследованных жанрах, как «Песни-небылицы», «Казахские пословицы и поговорки», «Исторические песни XIX века».

То же самое можно сказать относительно казахских календарных, трудовых и обрядово-бытовых песен, изученных и опубликованных Б.Шалабаевым в журнальных статьях и в учебнике для средних школ.

Еще значительнее роль Б.Шалабаева как исследователя научного изучения истории казахской литературы и освещения творчества ее ведущих представителей и отдельного, еще не изученного жанра, такого как «кисса». В этом отношении можно сослаться и на такие коллективные труды, где он выступает как соавтор: «Очерки по истории казахской советской литературы» (1949 г.), «Сборник статей о казахской литературе» (1957 г.), «Литературное наследие и его изучение» (1961 г.), Казахская литература – учебник для средней школы (1941 г.), «Первая программа по казахскому фольклору и истории казахской литературы для филологических факультетов вуза» (1939 г.), «М.О.Ауэзов» (1959 г.), «Под знаменем социалистического реализма» (1960 г.) и др.

В названных выше коллективных трудах Б.Шалабаевым опубликовано множество очерков по вопросам начального периода письменной литературы начала XX века и советского периода, где ученый разрабатывает очень актуальные проблемы истории и теории казахской литературы в плане освещения творчества ее ведущих представителей, а также ставит ряд еще неразрешенных проблем, касающихся стиля, жанра, литературных взаимосвязей.

Особую ценность имеет его научно-популяризаторские статьи, очерки о творчестве Белинского, Горького и др. Им же переведены на казахский язык критические статьи Белинского «Сочинения А.С.Пушкина», «Разделение поэзии на роды и виды» и ряд статей М.Горького о литературе.

Нельзя не отметить, что Б.Шалабаев является автором таких учебников и монографий, как «Из истории казахской дореволюционной прозы и

романа» (1956 г.), «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (1958 г.), «Казахская литература. Советский период» (1965 г.), «История казахской прозы. Сюжет и характер» (1968 г.), «История казахского романа» (1975 г.). На наш взгляд, достоинства этих очень ценных капитальных трудов Б.Шалабаева заключаются в следующем: во-первых, автором впервые разработаны научная история казахской прозы, ее сюжет и характер, во-вторых, Б.Шалабаев, как знаток истории казахской литературы, привлек максимум материала для правильного освещения поставленной проблемы. Он использовал все источники казахской литературы, опубликованной на арабском, латинском алфавитах, что недоступно многим молодым литературоведам.

Радует нас и то, что объект научного исследования Б.Шалабаева имеет неисчерпаемую перспективу, как природное богатство нашей республики. Он занимается изучением истории казахского романа, всегда актуальной, всегда необходимой проблемой современного литературоведения» [42], демекші, әдебиетші-ғалым Б.Шалабаевтың үрдісін бағамдауда аталмыш тезистердің бағдарлаушылық сипатын әрдайым басшылыққа алған жөн.

Әдебиетші Шалабаевтың назарына өз зерттеуінің негізгі – романмен қоса, басқа жанрдағы шығармалар да ілігіп отырды. Мәселен, Жақан Сыздықов, Тайыр Жароков, Қалмақан Әбдіқадыров сияқты көрнекті ақындарының өлеңдері мен поэмаларын талдаған еңбектері жарық көрді. Демек, ғалым жанрдың біреуімен ғана шектеліп қалмай, поэзияның да өзіндік ерекшеліктерін жақсы тани білетін, бұл салада да автордың даралығын дәл басып ажырата алатын зерттеуші ретінде белгілі.

Сол сияқты, өз әріптестері – сыншылар мен әдебиетші-ғалымдардың жазғандарына да үн қоспай қалған жоқ. Мұның да кездейсоқ құбылыс болмағаны түсінікті; әдебиеттің күнделікті даму процесін қадағалап отырған ғалымның, төл әдебиетіміздің тарихын көз алдынан өткізіп отырған зерттеушінің бұл бағыттағы өзге де зерттеушілердің еңбектеріне үңіліп отыруы табиғи құбылыс. Солай болғандықтан да өз әріптестерінің үлкенді-кішілі еңбектеріне үн қоспай отыра алмайды. Айталық, Мұхамеджан Қаратаевтың, Есмағамбет Ысмайыловтың сыни, зерттеушілік еңбектері туралы жазылған мақалаларын әрі әріптестерімен тәжірибе алмасу деп те ұғуға болатын сияқты, әрі жақсы жазылған зерттеулерге шын ілтипатымен қарайтын ғалым-ұстаздың ақ жүректен жарып шыққан лебізі деп те қарауға әбден болар еді.

Көрнекті ғалым ретінде профессор Шалабаев жеке мақала, монография, оқулықтар жазумен шектеліп қалмай, «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1948, 1960, 1967), «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» (1949), «Социалистік реализм туы астында» (1960), «Қазақ әдебиеті туралы мақалалар жинағы» (1957) секілді академиялық еңбектерді жазуға араласып отырды.

Б.Шалабаевтың еңбектерінің басым көпшілігі ғылыми-зерттеу саласынан әсіресе, көзге түседі. Ғалымның қаламынан туған жүз қырықтан астам ғылыми мақаласы, жүз отыз баспа табақ көлеміндегі төрт

монографиясы мен үш оқу құралы, жиырма баспа табақ көркем шығармалары мен публицистикалық еңбектері және әр жылдары шыққан «Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған қазақ фольклоры және қазақ әдебиеті тарихының кеңейтілген программасы» («Расширенная программа по казахскому фольклору и истории казахской литературы для филологических факультетов вузов») қазақ, орыс тілдеріндегі ұжымдық оқу-әдістеме құралы, «Жоғары оқу орындарына арналған ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті программасы», қазақ әдебиеттануының және тарихының көрнекті өкілдері Қ.Жұмалиев және Ә.Марғұландардың авторлық ұжым құрамында болып шығарысқан орта мектептің 8-касына арналған фольклорды оқытудың тұңғыш әдістемелік «Қазақ әдебиеті» оқу құралы, М.Базарбаев және М.Дүйсеновтермен бірге университеттің және педагогикалық институттардың филология факультеттерінің студенттері үшін «Казахская советская литература» («Қазақ совет әдебиеті») (Перспектив коллективного труда) орыс тіліндегі әзірлеген оқу құралдары соның айғағы.

Б.Шалабаев Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жансебіл ерліктері және жанкешті еңбегі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденінің кавалері (кавалер ордена «Красной Звезды») (Әскери, соғыс тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін; 23 наурыз, 1944 жыл) атанып, «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (медаль «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») (1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін; 9 мамыр, 1945 жыл) және «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» (медаль «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») («1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін»; 6 маусым, 1945 жыл) медальдарымен марапатталған. КСРО-ның түрлі деңгейдегі жоғарыдағысымен қоса он медалімен «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (медаль «За трудовую доблесть»), «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысының жиырма жылдық жеңісі» медалімен (медаль «Двадцать лет Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») және басқа да медальдарымен марапатталған. Әдебиетшінің аса нәтижелі, жемісті ғалымдық, сыншылық, ұстаздық ерен еңбегі үшін одан басқа әр жылдары он үш үкіметтік марапат берілген. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Мақтау грамотасымен, Құрмет грамоталарымен марапатталып, «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі», «Қазақ КСР-на еңбегі сіңген ғылым қайраткері», «КСРО халық ағарту ісінің үздігі» құрметті атақтарына ие болған. Одан басқа «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Еңбектегі үздік табыстары үшін», «КСРО Жоғары мектебінің үздігі» белгілерімен марапатталған. Аса жауапты, адал ұстаздық еңбегі үшін ҚазМУ және ҚазПИ-дің ректораттары мен парткомдары тарапынан сан мәрте мол алғыс, зор құрмет қошемет қолпаштауларға бөленген.

Филология ғылымдарының докторы, Қазақ университетінің әдебиет кафедрасының профессоры, институт, университет филология факультеттерінің қазақ әдебиеті кафедраларының аға оқытушы, доценті

болған Белгібай Шалабайұлының қажырлы еңбегі 1985 жылы «Қазақ КСР-на еңбегі сіңген ғылым қайраткері» атағы берілумен атап өтілді.

Ғылыммен айналысқан осынау жылдар көлемінде ұшқыр ой, дәйекті пікірлерімен әдебиетші қауым ортасында ғана емес, жалпы жұртшылық арасында кеңінен танылып үлгерген Белгібай Шалабаевтың ғалымдық болмысы, сыншылық даралығы хақында кеңінен ой бөлісіп, сөз қозғайтын уақыт әлдеқашан жеткен.

Әдебиет әлемінде нұрлы ізін қалдырып кеткен жайсаң тұлғаның тірлікте атқарған істерінің ауқымына бір мәрте зер салар болсақ, бұл пікірдің ақиқат аулынан алшақ жатпағанын аңдаймыз.

Зерделі жанға Белгібай Шалабаев әлемінде үлгі тұтар тағылымды үрдіс көп. Оның бәрін сарқып айту мүмкін де емес, шарт та емес.

Біздің ниет – үлкенді-кішілі еңбектеріне сүйене отырып, Б.Шалабаевтың зерттеушілік, ғалымдық, сыншылық болмыс әлемінің өзіндік қыр-сырына қанығу, танығанымызды, тапқанымызды қауым игілігіне ұсыну, жұршылық кәдесіне жарату. Нақтылай айтқанда, Б.Шалабаевтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу еңбектерін талдай қарастырып, өзара сабақтастық, өзіндік ерекшелік сипаттарын ашып тану арқылы олардың қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу, даму жолындағы орнын анықтау.

Қазақ әдебиеті сынының, әдебиет тарихының, проза тарихы мен теориясының, фольклортану мен аудармасының өркендеуіне өзіндік үлес қосқан Б.Шалабаевтың әдеби мұрасы бойынша зерттеу қажеттілігі қазіргі жаңаша тарихи жағдайдың өскелең талаптарынан туындап отыр. Осы орайда бірінші тараудың алдына қояр негізгі мақсаты – көрнекті ғалым, профессор Б.Шалабаевтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу еңбектерін екшеп, жіктеп, жүйелі түрде талдау мен сараптау негізінде, арғы-бергі еңбектеріне зер салып, оларды өз кезеңінің тарихи жағдайларымен, себеп-салдарымен, әдеби сын үрдісімен тығыз бірлікте, іштей үндестікте қарастыра келе ұлттық әдебиеттануға қосқан үлесін, еңбектерінің алатын орны мен жаңашыл ғылыми сипатын ашу, өзіндік ғылыми ұстанымдары мен көзқарасын және бүгінгі әдебиеттану үшін маңызын анықтау.

Осы мақсатымызға орай:

1. Б.Шалабаев өмір кешкен кезеңнің өзіндік сипатына сай оның ғылыми еңбектерін қарастыру арқылы қоғамдық-әлеуметтік, танымдық көзқарасының қалыптасу жолдарын анықтау;

2. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі, яғни 1940–55 жылдар аралығындағы сын-зерттеулердің әдеби дамудағы маңызы мен құндылығын ашу, кеңестік идеология талабынан туындаған басты кемшіліктерінің болмыс-бітіміне талдау жасау, әдіснамалық тұрғыда қате теориялар табиғатын зерделеу үдерісінде осы кездегі сынның өз тарихындағы алар орнын, теориялық және жанрлық түрлері жағынан өсіп-жетілу жолындағы қол жеткізе алған ізденістердегі басты бағыт-бағдарлар мен негізгі нысаналарын анықтау, осы жолда кездескен қате көзқарастар мен кемшіліктерден туындаған іркілістердің себеп-салдарының негізін ашып көрсету, дамуы мен дағдарысын ғылыми-зерттеушілік тұрғыда дәйектеу

және Б.Шалабаевтың сынға келу жолдарын, ғалым өмір сүрген дүрбелең дәуір және әдеби даму процесімен сабақтастықта қарастырып, өмір кешкен кезеңнің өзіндік сипатына сай оның алғашқы сыни, ғылыми еңбектерін бағамдау арқылы қоғамдық-әлеуметтік, танымдық көзқарасының қалыптасу жолдарын анықтау;

3. Маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының, тоталитарлық жүйе мен идеологиялық қыспақтың әдеби сын мен сыншы-ғалымдардың шығармашылық ізденісіне, дүниетанымына тигізген кереғар әсерін тілге тиек етіп, 1956–80 жылдардағы қол жеткізе алған табыстар мен кеңестік идеология әсерінен туындаған олқылықтарды, әдеби процестегі хал-ахуал мен қоғамдық болмысты сипаттай отырып, Б.Шалабаевтың ғылыми, сыни зерттеулеріне, әдебиеттанудағы көркемдік ізденістерге, еңбектерінің тақырыптық аясы, жанрлық ерекшелігі, сыни ұстанымдарына, көркемдік таным шеберлігі мен әдіс-тәсілдеріне талдау жасау барысында сол жылдардағы әдеби үрдісте атқарған міндеттері мен бүгінгі әдебиеттану дамуындағы өзіндік орнын нақтылай ашып көрсету;

4. Қазақ қоғамының дамуында маңызды орын алатын демократ-ағартушылар мен кеңестік дәуірдегі көрнекті қаламгерлер шығармашылығы, олардың әдеби үрдіс дамуындағы ізденістері, алатын орны, әсер-ықпалы туралы еңбектерін қарастыру нәтижесінде Б.Шалабаевтың қазақ әдебиеті тарихындағы басты жетістіктері мен негізгі зерттеушілік ерекшеліктерін ашып көрсету, ғалымдық-сыншылдық рөлін анықтау;

5. Б.Шалабаев еңбектерін жан-жақты талдау үстінде оның әдеби процестегі маңызын көрсету, қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын екшеу негізінде роман зерттеушісі, әдебиет тарихшысы, халық ауыз әдебиетінің қамқоршысы әрі жанашыры ретіндегі ғылыми ұстанымдарының эволюциясын ашу, көзқарас концепциясын айқындау;

6. Ғалым зерттеулерінің сұлтанмахмұттану іліміне қосқан үлесін бағамдау;

7. Абайдың шығармашылық ерекшелігі жайындағы зерттеулерінің өзіндік мән-маңызын анықтап, ақынның шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық, ақындық айналасы, ақын дәстүрінің жалғастығы, аудармаларының ерекшеліктері, эпикалық жанрды байытудағы рөлі, қарасөздері, ақынның өзге әдебиет өкілдері шығармашылығымен байланысы, шығармаларындағы тілдік-көркемдік сипаттар туралы зерттеу еңбектерінің маңызын сараптап көрсету;

8. Б.Шалабаевтың «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа (1956), «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) (1958), «Казахская литература» (Советский период) (1965), «История казахской прозы» (Сюжет и характер) (1968; 1975), «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983; 1990) еңбектері мазмұнының дәуір шындығымен және шығармашылық ортамен байланысын көрсету, еңбектерінің тарихи, ғылыми маңызын анықтау, тарихи процестің ерекшелігін бейнелейтін көркемдік шешімдердің кеңес дәуіріндегі шығармаларда көрініс табуын тақырыптық тұрғыдан сараптап талдау, қазақ

прозасының қатаң шарттанған (обусловленный) төл үлгі-үрдістері мен ішкі заңдылықтарын саралау, роман мен өмір шындығының арақатынасын бажайлау, жалпы қазақ проза жанрларындағы сюжеттердің, образдардың, характерлердің түпкі тек-тамырына бойлау, бұл жолда әдебиет тарихы, тіл білімі сияқты сан-сала рухани өрістермен шендестіре отырып, алғаш рет кешенді пайымдаулар жасау, сол ауқым-өреде қазақ прозасының біртұтас жүйесіне ден қойып, оны тарихи-салыстырмалы және тарихи-кезеңдік әдістері тұрғысынан зерделеу, сөйтіп қазақ романының тақырыптық-эстетикалық, идеялық-тақырыптық, тілдік-көркемдік, жанрлық-стильдік ерекшеліктерін, тегі мен түрін, поэтикасы мен типологиясын, сюжет және характерін, дәстүр және жаңашылдығын, тарихи болмысын айнытпай анықтау тәрізді жоталы-жоталы проблемаларға қатысты ғалым-зерттеушінің айтқан ойлары мен жасаған тұжырымдарын салмақтау;

9. Әдеби байланыс ұғымының мәнін, оның әдебиеттану ғылымындағы рөлін, қазақ әдебиеттануындағы әдеби байланыстар мәселесінің тарихи негізін анықтау барысында ғалымның әдеби байланыстар мәселесін зерттеуді жолға қоюдағы атқарған істерін зерделеу;

10. Б.Шалабаев зерттеулеріндегі қазақ әдебиеті тарихы мәселелерінің зерттелу деңгейін анықтау барысында әдебиеттің теориялық мәселелеріне байланысты тұжырым-пікірлерін талдап қарастыру міндеттерін шешуге әрекеттендік.

Осынау келелі мақсат пен күрделі міндеттерді көтерген тарауымызды талдамас бұрын, ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңдеріне, тарихи өрлеу сатыларына, әдебиет пен әдебиеттану ғылымындағы ізденістер мен іркілістердің, жетістіктер мен кемшіліктердің түпкі себеп кілттипандарын 1900–1940, 1941–1970 жылдар ұсынған талаптардан іздеп, сол тұрғыдан өрбіте қарастырғанымыз және сын табиғатына, жанрларына, сипаттарына кідіргеніміз жөн болмақ. Басқа қоғамдық ғылымдар секілді қазақтың ұлттық әдебиеттану ғылымының да бастан өткізген туу, даму, қалыптасу секілді кезеңдерге және шығармашылық ізденістер мен іркілістерге, ғылыми проблемаларға толы тарихи жолы бар. Ол әлбетте өзінің жеке ғылым саласы ретіндегі қалыптасу жолын тексеруге, әр кезеңіндегі жетістігі мен кемшілігіне баға беруге ұмтылуда. Онсыз қандай да болсын ғылым саласының өсіп-өркендемейтіні белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда ұлттық әдебиеттану ғылымының бастан өткізген негізгі кезеңдерін, яғни тарихи алғы шарттардан тұратын алғашқы бастауларын, туу, жетілу, қалыптасу дәуірлерін арнайы зерттеудің, шығармашылық кескін-келбетін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаудың шешуші қадам болып табылатыны анық. Өйткені, ұлттық әдебиет туралы ғылым белгілі бір білімдер жиынтығы мен әдеби құбылыстарды танып-білу құралы ретінде өзінің ұғым-түсініктері, теориясы, әдіснамасымен бірден пайда бола қойған жоқ, қиын-қыстауға толы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешірді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп-өркендеу жолын кең байтақ даламыздағы қоғамдық ой-сананың жан-жақты өсуіне, жетілуіне орай сыншылдық-эстетикалық, әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-

пікірдің зерделеушілік мәнге ие бола бастау, алғашқы ғылыми және теориялық ой-пікірдің ояну, көркем әдебиетке байланысты ұғым-түсініктердің қалыптасу, әдеби мұраны жинап, жариялау, зерттеу процесіне сай кезеңдерге бөле отырып тексерудің, әдіснамалық тұрғыда толық жетілуін саралаудың практикалық та, теориялық та мәні бар. Бұл турасында алғаш пікір айтқан ғалым Е.Ісмайылов: «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізгі екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасу, даму дәуірі» [43, 35-б], – деп екіге бөле отырып, алғашқы кезеңде заманның талап-тілектеріне байланысты дүниеге келуіне ана тілі мен әдебиетінің мектептер мен оқу орындарында оқытыла басталуына сай алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуы түрткі болғанын атап көрсетеді. Ал академик М.Әуезов бұл турасында: «Қазақ әдебиеттану ғылымы бүгінге жеткен сатысымен, түгелімен Ұлы Октябрь революциясының жемісі болды... Қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттану жүйесі бізде орта мектептерде оқу құралын жасаудан туды» [44, 207-б], – деп жазды. Осы жоғарыда келтірілген пікірлерге қарасақ, ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын кеңестік дәуірден бастап зерттеу керек деген көзқарас негізінен дұрыс болғанмен, бұл ғылым саласының туу дәуіріне дейінгі тарихи бастаулары назардан тыс қалғаны байқалады. Тарихымыз жаңаша таразыланып жатқан қазіргі уақытта еуроцентристік ой-пікір мен марксизм-ленинизм ілімінің және зерттеу жұмыстарына қате қаулы-қарарлармен үнемі бағыт-бағдар беріп отырған кеңестік идеология ықпалында айтылып, қағидаға айнала жаздаған көзқарастарға сыни тұрғыда жаңаша қарау – әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеу мәселелерімен тығыз байланысты. Ғалым Т.Кәкішев қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу жолдарын белгілі бір дәуірлерге бөлгенде, сын мен әдебиеттану ғылымының сабақтаса, бір-бірін толықтыра дамытынын ескере отырып, үлкен үш кезеңге жіктейді. «Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917–1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938–1985 жылдар аралығы» [23, 3-б], – деп көрсетеді. Сын тарихына тән бұл үш кезеңнің қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу жолына тікелей қатысы бар. Себебі, әдебиет сыны өзінің туу дәуірінен бастап-ақ сол әдебиеттің тарихы мен әдеби-теориялық мәселелері жайында пікір білдірмей тұра алмайды. Бұл туралы ұлы сыншы В.Г.Белинский: «Орыс әдеби сынының тарихи жолы мен даму кезеңдерін шолу дегеніміз – орыс әдебиетінің тарихын еріксіз шолу» десе, орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеушілердің бірі П.А.Николаевтың: «Әдебиет туралы білімдер жиынтығын тарихи тұрғыда

жүйелі шолу алғашқыда сын материалдары негізінде жүзеге асты» [45, 7-б] дегені дәлел бола алады.

М.Әуезов, Е.Ысмайылов пен Т.Кәкішевтің қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірін Қазан төңкерісінен кейін бастауының тарихи себептері де жоқ емес. Оған басты тірек болып отырғаны – қазақ фольклоры мен әдебиет тарихын тексерудегі негізгі жұмыстар 20–30-жылдардағы оқулықтар мен алғашқы монографиялық зерттеулерде, ғылыми мақалаларда жүзеге асуы. Алайда әдебиет туралы ғылымының тууы үшін ең әуелі әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық көзқарас пен ой-пікірлер қалыптасуы керек. Бұл – белгілі бір уақыт аралығын талап етіп, ұзаққа созылатын күрделі процесс. Себебі, белгілі бір шығарма немесе ақын шығармашылығы туралы бағалаушылық мәндегі көзқарасты білдіретін алғашқы ойлар мен түсіндірмелер жинақтала келіп нақты айтылғанда ғана әдебиетті өнердің бір түрі екенін танытуға кірісетін әдеби-теориялық ой-пікірлер мен ғылыми ұғымдарға айналады. Бұған, яғни әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікір мен ғылыми ұғымдардың қалыптасу процесіне, қоғамдық өзгерістер мен әлеуметтік жағдайлардың әсерінен халықтық ой-сананың оянуымен қоса өркендейтін әдеби мұраны жинау, жариялау және игеру жұмыстары жетекші рөл атқарады. Сондықтан кез келген халықтың әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу жолын сөз еткенде, оның бастаулары болған әдеби-теориялық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғаш айтылуы, олардың бір жүйеге түсуі, жинақталуы, ғылыми ұғымдардың қалыптасуы қай кезден басталды, халықтың рухани сана-сезімдеріне қалай ықпал ете алды, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар қандай еді деген проблемаларға жауап іздеуіміз қажет.

Қандай да болсын ғылым саласы бірден туып, қалыптаса қоймайтынын ескеретін болсақ, онда әдебиет туралы ғылымның алғашқы адымы қарапайым ой-пікірден, алғысөз бен түсіндірмелерден, ғұмырнамалық деректерден, халық тарихына байланысты ақпарлар мен мәлімдемелерден, шығарманың мәнін ұғып, рухани азық ретінде қабылдаудан бастап, өзінің туу, қалыптасу процесіне дейін ұзақ жолды бастан өткереді. Ғалым А.С.Курилов бұл тұрасында – «Әдебиет туралы ғылым белгілі бір елде қашан және қалай туды, қалыптасты деген сұрақ өте күрделі. Ол өз кезегінде ұлттық әдебиеттанудың тарихи белесі, оның өзіндік бастауы және негізімен сабақтас. Сондай-ақ бұл мәселе оның аймақтық және әлемдік әдебиеттануға араласуының уақыты мен сипатына да қатысты болып табылады. Әр ұлт әдебиеті туралы белгілі бір білім шеңбері мен түсінігінің әдебиет туралы ғылымның талап-тілектеріне сәйкестігі, әрі сол әдеби-ғылыми танымдық ой-пікір ұлттық ретінде өзінің түсінігі, ұғымы және жеткізу түрі жағынан қала отырып, жетістіктер мен жаңалықтарға қол жеткізеді. Сол арқылы жалпылық ғылыми мойындауға ие болады да, баршаға ортақ игілікке айналады» [46, 2-б], – деп жазады. Ендеше, көне түркі жазба ескерткіштерін хатқа түсіруден бастап, Шоқан, Ыбырай, Абай заманына дейін созылған ұзақ дәуірді қазақ әдебиеттану ғылымының тууына дейінгі тарих алдындағы дайындық кезеңі деп алу заңды болмақ. Ал, туу дәуірін XX ғасырдың басынан бастауымыздың

да негізі жоқ емес. Халқымыздың мәдени, әдеби, ғылыми табыстарын тек Қазан төңкерісімен ғана байланыстырып, тарихи тамырларымызды жоққа шығарумен келген еуропоцентристік және ұлттық нигилистік пікірлерді түзететін, кеңес өкіметінің орнауымен ғана құрсаулап қояр шектеушілікті қоятын уақыт жетті. Қайта, ол табиғи даму эволюциясына сай дұрыс өркендеп келе жатқан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге «пролеткультшылдық», «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым» теориясы секілді көзқарастардың зиянды әсерін, маркстік-лениндік әдіснама қағидаларын араластырып, аласапыран қылып жіберді. Дегенмен қазақ әдебиеттануының дамуы мен дағдарысқа толы қалыптасу дәуіріндегі қол жеткізе алған жетістіктері мен кемшіліктері маркстік-лениндік әдіснама құрсауында және идеологиялық қыспақта болғанымен, түрлі бұрмалаушылықтарға жол бере отырғанымен, «бір адым алға, екі адым кейін» жүруге душар болса да, жеке ғылым саласы ретінде толық қалыптасып үлгерді.

Өзінің қалыптасу тарихын жан-жақты зерттеп алмай тұрып, бірде-бір ғылымның толық мәнде қалыптасып, алға қарай дамуы мүмкін еместігі жалпыға мәлім жайт. Өйткені ол зерттеулер сол ғылымның қол жеткізген жетістіктерін толық меңгеруіне көмектесумен қатар, өткен жолындағы ізденістер мен іркілістерге баға беріп, зерттеу әдіснамасының негізгі принциптерін ашады, одан әрі қарай дамуына ықпал жасайды. Бұл айтылғандардың қазақ әдебиеттану ғылымына тікелей қарым-қатынасы бар. Егер орыс ғалымдары өздерінің әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу тарихын зерттеуде айтарлықтай табысқа қол жеткізген болса, кейбір белорусс, мордва, татар, өзбек секілді ұлттардың әдебиеттану ғылымы әдеби сын тарихын зерттеумен байланыстылықта қарастыра отырып, тың қадамдар жасады.

Өмір шындығының көркем шындыққа қалайша айналғандығын саралайтын көркем шығарманы әдеби тұрғыдан бағалайтын, әдеби дамудың бүгінгі мәселелерін талқылап, бағыт сілтеп отыратын әдеби-публицистикалық, ғылыми-эстетикалық шығармашылық түрін әдеби сын дейміз.

Сын – аса күрделі сала. Сондықтан да оған анықтама бергенде, түрліше пікірлер айтылып жүр. Әдеби сынның негізгі зерттеу объектісі – көркем әдебиет, әдеби процесс. Сыншы белгілі бір әдеби шығарманы талдап, баға беру үшін әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін методологиясын қолданады. Әдебиет сынының ғылымнан басты айырмашылығы көбіне қазіргі әдебиеттің жай-күйін қарастыруында; әдеби мұраларды бүгінгі заман тұрғысынан пайымдауында. Әдеби сын әдебиеттің теориясы, әдебиеттің тарихы жеткен жетістіктерге негізделеді. Әдеби сын баспасөз бетінде газет жанрларында жазылып, өмір сүреді. Әдеби сынның әдеби, ғылыми, публицистикалық, идеологиялық сипаттары бар.

Көркем шындыққа айналатын өмір – аса күрделі құбылыстардың біртұтас жиынтығы. Міне, сол сан қырлы өмір оқиғаларының көркем әдебиетте қалайша көрініс тапқандығын анықтап отыратын әдеби сын да

оларды түрлі жақтарынан зерттейтін ғылым салаларының жетістіктерін қажетінше пайдаланып отырады. Әдеби сын көркем шығарманың жетістіктері мен кемшіліктері жайлы пікірлер десек, мұндай ойларды қатардағы қарапайым оқырманнан бастап, академикке дейін білдіруге хақысы бар. Әдеби сында берілген бағаның бәрі бірдей дұрыс болуы міндетті емес. Онда артық-кем пікірлердің кездесуі заңды да. Әдеби сын бір жағынан, көркем шығарманы «жақсы», не «жаман» деп насихаттап отырса, екінші жағынан, оқырман атынан жазушы туындысын бағалап, оған белгілі бір талаптар қояды.

Сонымен, әдеби сын – көркем шығармашылыққа қатысы бар қоғамдық ғылымдардың тоғысқан түйінінде, рухани өмір әлемінде күнделікті әдебиетті, сол арқылы өмірді зерттейтін, пікір білдіретін қоғамдық сананың сан сипатты бір саласы.

Әдебиет туралы сыни пікірлер оның өзімен бірге пайда болып, жасап келеді. Әдеби сын көне заманда туғанымен де көп уақыттар бойы ауыз әдебиеті үлгілерін тыңдағанда оны ұнату немесе ұнатпау дәрежесінен аса алмай келді. Солай десек те халықтық эстетиканың тікелей әсерімен қазақ ауыз әдебиетінде көркемдік, идеялық сапалары жоғары классикалық туындылар жасалынды.

Әдеби сын жазба әдебиеттің, ғылымның дамуымен тікелей байланысты. Отырарлық ғұлама әл-Фарабидің сөз өнері жайлы жазған еңбектері бізге жетіп отыр. Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың әдебиетке қатысты айтқан пікірлері қазіргі қазақ әдеби сынының бастапқы бастаулары іспеттес. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңмен жазылған поэзияның теориясы десе де болғандай. ХІХ ғасырдың екінші жарымында қазақ баспасөзінің пайда болып, «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» беттерінде әдебиетке қатысты материалдардың көріне бастауы әдеби сынның тарихындағы жаңа кезеңнің басы болды. Төңкеріске дейінгі дәуірде әсіресе, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде жаңа кітаптардың шығуы туралы хабарлар, жекелеген жазушыларға арналған ғұмырнамалық мақалалар, әдеби шолулар, түрлі тақырыптағы мақалалар көптеп көріне бастады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, т.б. қазақ әдебиеті жайлы құнарлы пікірлер айтты.

Жиырмамыншы жылдары қазақ әдебиеті жаңа дәуірде қандай бағытта дамуы керектігі, көрнекті әдебиет қайраткерлері хақында қызу пікіралысулар болды. Әсіресе Абай, Мағжан шығармашылықтары жайлы айтыстар жиырмамыншы жылдардағы әдеби сынның орталық мәселелеріне айналды. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» (1928), Ғ.Тоғжановтың «Мағжанның ақындығы мен Жүсіпбектің сыны» (1926), «Әдебиет және сын мәселелері» (1929) сияқты еңбектер қазақ әдеби сынының жаңа биіктерге бет алғанын байқатты. Ұлттық әдебиетіміздің түрлі мәселелері жайлы С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Тоғжанов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, Ы.Мұстанбаев, Х.Досмұхамедов, С.Сәдуақасов, Қ.Кемеңгеров, Ә.Бәйділін, Х.Жүсіпбеков, Е.Бекенов, Ш.Тоқжігітов,

Б.Кенжебаев т.б. өз ойларын ортаға салып, әдеби өмірде белсенділік танытты.

Төңкерістен кейін көркем шығармаларды бағалауда партиялық принцип негізгі өлшем деп танылып, әлеуметтік тұрпайы сындар өріс алды. Мұндай сындар әсіресе ҚазАПП-тың (Қазақстан пролетариат жазушыларының ассоциациясы) тұсында барынша ушыға түсті. Әдеби сын компартияның идеологиялық қаруына айналды. Әдеби сынның негізгі міндеті қаламгерлердің қай тапқа, яғни байшыл, кедейшіл, жолбике сияқты топтардың қайсысына жататындығын анықтауға сайды. Әдеби күштерді ұйымдастырып, бағыт-бағдар беріп отыруға тиіс ҚазАПП (1925–1932) ұйымына он шақты жазушы мүше болып, қалғандары идеялық тұрғыдан сыналып, саяси тұрғыдан қуғынға ұшырады. 1929 жылы қазақ қаламгерлерінің дені жазықсыз жазалануға ұласты. Шығарманың көркемдік қасиеттерінен гөрі идеялық жағына маңыз берген социологиялық солақай сындар бүкіл соғысқа дейінгі дәуір бойы үстемдік құрып, ақыры 1937 жылы жазушыларды екінші дүркін жаппай жазалауларға ұрындырды.

Отызыншы жылдары әдеби сынның аннотация, рецензия, айтыс мақала, шолу, шығармашылық портрет сияқты түрлері баспасөз бетінде жиі көрініп, жанр ретінде қалыптасты. Әдебиеттің тарихына, теориясына қатысты іргелі еңбектер жазылып, сынның ғылыми сипаты арта түсті. Ғ.Тоғжанов, Б.Кенжебаев, Қ.Өтепов, І.Қабылов, Р.Жаманқұлов, Ә.Қоңыратбаев, О.Қуанышев, Ж.Сәрсекөв, М.Жолдыбаев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев сияқты профессионал кәсіби, білікті сыншылар шықты. Әдеби сынның тақырыптық аясы кеңіп, көркемдік, теориялық талдауларының сапасы арта түсті. Бұрынғыдай идеялық жағына көп мән берушіліктен оны әдеби-эстетикалық тұрғыдан танып білуге ұмтылушылық байқалды. Жаңадан шыққан әрбір көркем шығарма хақында сын өз пікірін білдіріп тұруға тырысты. Кейбір елеулі туындылар туоалы пікірталастар да өрбіп жатты. Қазақ әдебиетіндегі формализм мен натурализм жайлы болып өткен айтыс әдеби сынның құлашты кеңге сермеп, белсенділігінің, ғылыми сипатының арта түскендігін байқатты.

30-жылдары өткеннің әдеби-фольклорлық мұраларын игеруге, зерттеуге үлкен бетбұрыс болды. Ауыз әдебиетінің түрлі жинақтары шықты. Оқу орындарына арналған әдебиет оқулықтары жазылды. С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932), Ғ.Тоғжановтың «Абай» (1935), Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1940) сияқты оқулық, сын-зерттеу кітаптары әдеби ой пікірдің өресін биіктеткен елеулі еңбектер болды. Бұларда ауыз әдебиетін, әдеби мұраны игеру саласында батыл қадамдар жасалды.

Соғыстан соңғы кезеңде әдеби сынның көкжиегі кеңіп, әдеби ой-толғаулардың ғылыми негізділігі арта түскенімен де әдебиеттің партиялық принципі барынша қадағаланып отырды. Көркем әдебиетте, сын-зерттеу саласында саяси қырағылықты күшейту мақсатында жүргізілген істердің барысында бірсыпыра қаламгерлер тағы да қуғынға ұшырады. «Ұлтшылдыққа», «ескішілдікке» қарсы саяси науқанның барысында

әдебиеттің бүкіл тарихы Абайымен қоса теріске шығарылды. Алғашқы екі кітабы жарық көрген «Абай жолы» эпопеясында қазақтың өткен ғасырдағы өмірінің суреттелуінен бастап бар қадыр-қасиеті жоққа шығарылып, теріс идеялар береді деп танылды. Осы саяси науқанның нәтижесінде Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхамедханов, М.Қаратаев, т.б. сотталып, әдебиеттен шеттетілді. Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, т.б. қуғындалды. 1955 жылы республика басшылығы ауысып, идеологияның солшыл бағыттағы тоңы ептеп жібіп, шығармашылық жұмысқа мүмкіндіктер туа бастаған кезде тоқырауға ұшыраған қазақ әдеби сыны қайтадан жанданып, кең арнасына түсе бастады. Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Т.Нұртазин, А.Нұрқатов, Қ.Нұрмаханов, М.Ғабдуллин, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, З.Қабдолов, Б.Сахариев, Т.Кәкішев тәрізді сыншылар қазақ әдеби сынын жаңа биіктерге көтерді.

Алпысыншы жылдары көп томды қазақ әдебиетінің тарихы жасалумен бірге әдебиеттің теориялық түрлі мәселелерін тереңдеп зерттеген бірсыпыра монографиялық еңбектер көрінді. Жетпісінші жылдары әдеби сынның дамуына мол мүмкіндіктер жасалынды. Газет-журнал беттерінен сын бөлімі тұрақты орын алды; баспадан «Уақыт және қаламгер», «Сөзстан» сын мақалалар жинақтары тұрақты шығып тұрды. М.Қаратаев «Асулар алда» (1973), Р.Нұрғалиев «Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» атты трилогиясы (1988) үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығын алды. С.Әшімбаев Қазақстан жастар сыйлығын иеленді. Қазақ әдеби сынының тарихына, теориясына арналған зерттеулер көріне бастады.

Сексенінші жылдардың соңына қарай елімізде басталған түбірлі бетбұрыстар қазақ әдеби сынына да тың серпіліс әкелді; алға жаңа міндеттер қойды. Саяси, шығармашылық қызметтері ақталған М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердиевтің, Ж.Аймауытовтың, М.Көпеевтің, т.б. әдеби мұраларын игеруде әдеби сын қыруар жұмыстар жасады. Кезінде жүргізілген солақай саясаттардың салдарынан әдебиетіміздің тарихында орын алған «ақтаңдақтарды» жоюда, егеменді елдің бүгінгі күн талаптарына сай ғылыми негізді әдебиеттің тарихын қайта жасауда, күрмеуі көп қазіргі әдебиеттің күрделі мәселелерін шешуде әдеби сын ауқымды жұмыстарды жүзеге асыруға бет бұрды. Мұндай үлкен міндеттерді атқаруда сынның ғылыми сипаты артып, әдебиеттану ғылымының өрісі кеңейе түсті.

Қазақ әдебиетінің көркемдік мәселелерін ғылыми тұрғыда саралап, танып-білуде әдебиеттану ғылымымен бірге оның сыны да айтарлықтай қызмет жасап келеді. Қазіргі қазақ әдеби сыны кемелденіп, әдебиетіміздің алдында тұрған зәру мәселелерді шеше алатындай дәрежеге жетті. Әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, даму жолдары мен тарихының көптеген мәселелерін, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін соны көзқарастарды қазақ әдебиеті сыны тарихын зерттеген көптеген еңбектерден көреміз. Бұларда қазақ әдеби сынының тарихы ғылыми тұрғыдан жүйеленді; жекелеген жазушылардың сыншылық қызметтері, шеберліктері арнайы зерттелді. Сонымен бірге әдеби сын бірсыпыра зерттеулерде әртүрлі ыңғайда

сөз болып келген еңбектер де баршылық. Тіпті олардың ұзын-ырғасын түгендеп, тізіп шығудың өзі біршама уақыт пен көп көлемді қажет етеді. Сондықтан біз олардың ішінен өзіміз қарастырғалы отырған мәселеге жанасатын сүбелі-сүбелілерін ғана іріктей атап шығуымен ғана шектелеміз.

Орыс әдебиеті сынының тарихын зерттеу ісі ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан басталған көрінеді. Ол А.С.Пушкин есімімен байланыстырылыпты. Ақын туралы зерттеу еңбектерде оның орыс әдебиет сыны тарихын жазып шығу жайында Н.В.Гогольге ұсыныс жасағалы туралы айтылады. Алайда ақын аманатының орындалған-орындалмағаны белгісіз.

Бұдан кейін бұл істі қолға алғандардың қатарына орыстың атақты сыншылары, орыс әдеби сынының классиктері Третьяковский, В.А.Жуковский, В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Д.И.Писарев, Г.В.Плеханов, А.В.Луначарскийді т.б. жатқызуға болады. Олар орыс әдебиеті сынының тарихын тұтас күйінде зерттеп, жүйелеп шықпаса да, сын тарихы туралы көптеген құнды пікірлер айтқан. Осылардың арқасында орыс әдебиеті сыны үлкен бір белеске көтерілген. ХІХ ғасырдың соңында А.Гацфельдт әдеби сынды ғылыми тұрғыдан түсіндіруге арнайы кітап жазды [47]. Е.Мустангованың, А.П.Гроссманнның еңбектері осы саланың айтарлықтай табысы болды [48].

Содан кейін әр жылдары жарық көріп тұрған «Проблемы литературной критики», «Проблемы развития литературной критики», «Русская литературная критика 70–80 г.г. ХІХ века», (В.Н.Коновалованың редакциямен шыққан монография), Литературно-критическая деятельность русских писателей ХІХ в., Русская литературная критика: Вопросы истории, теории, методологии» атты ұжымдық еңбектерде орыс әдебиеті сыны тарихының сан қилы мәселелері жан-жақты қарастырылады. Сыншы-ғалымдардың сын тарихын түзген жекелеген монографияларының саны да мольға түсті. Олардың ішінде В.И.Кулешовтің, В.П.Муромскийдің, Б.Егоровтың т.б. еңбектері жоғары бағалануға лайық. Әсіресе әдебиет сыны тарихына қатысты шешімін таппаған проблемалар мен көкейкесті мәселелерді қарастыруға бағытталған «Русская литературная критика: История и теоретические подходы» деген В.В.Прозоровтың жетекшілігімен шыққан еңбектің маңызы айрықша. Мұнда сын тарихын дәуірлеу, сын мен әдебиеттану ғылымының ара жігі, сынның аймақтық және ұлттық ерекшеліктері, қазіргі міндеттері мен проблемалары туралы алдыңғы қатарлы ғалымдардың ойлы да орнықты пікірлері келтірілген. Мұндағы көтерілген мәселелердің қазақ әдебиеті сынына қатысты жәйттері көп-ақ. Сынның теориялық жақтарын зерттеу өткен ғасырдың жетпісінші жылдардан бастап жандана бастады. Б.Бурсовтың, Ю.Боревтің, К.М.Долговтың, М.Г.Зельдовичтің, В.Ивановтың, В.М.Литвиновтың, Б.Г.Лукьяновтың, П.Г.Якименконың, Т.С.Шукинаның т.б. сынды ғылыми зерттеу объектісіне айналдырған елеулі еңбектері жарық көрді [49]. Ғылыми тұрғыдан жан-жақты тереңдеп зерттеген түрлі академиялық, сыни жинақтарда әдеби сынның теориялық негіздері ашыла түсті [50]. Әдеби сынның ғылыми мәселелеріне арналған теориялық конференциялар өтіп, олардың

материалдары жарық көрді [51]. Сынның теориясынан жоғары оқу орындары үшін алғашқы оқу құралдары өмірге келді [52]. Ғылыми диссертациялар қорғалды [53]. Әдеби, ғылыми басылымдарда осы мәселеге арналған сандаған материалдар жарияланды.

Нәтижесінде әдеби сынның табиғатын жан-жағынан тереңдеп зерттеген, бағалы байқаулар жасай алған, ғылыми жағынан құнды еңбектер өмірге келді. Жинақтап айтатын болсақ, сынды ғылыми тұрғыдан зерттеушілердің пікірлері бірнеше бағытта өріс алды. Б.Бурсов, К.Кожин, Л.Якименко, А.Михайлов, В.Иванов, Ю.Суровцев, Л.Кициницкая, Л.Новиченко, В.Сахаров сияқты бірсыпыра ғалымдар сынды көркем әдебиеттің бір саласы деп санайды. Сын көркем әдебиеттің құрамдас бір бөлігі деген пікірді «Қазіргі әдеби сын. Теориялық және методологиялық мәселелері» (1977) атты ұжымдық монографияға енген он шақты мақаланың авторлары түгелге жуық білдірген. Т.Кәкішев «Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, ... теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар» [23, 11-б], – деп жазады. С.Қирабаев «Сынның әдебиет жанрларының бірі екені, ал сыншының да жазушы екені әдетте еш дау тудырмайды» [54, 355-б], – дейді.

Ендігі бір пара пікірді айтушылар сынды ғылымға, әдебиеттануға жатқызады. Әдебиеттің теориясы, тарихы сияқты сынын да әдебиеттану ғылымының бір саласы деп біледі. А.С.Пушкиннің «Сын – ғылым. Сын өнер мен әдебиет туындыларындағы сұлулық пен кемшіліктерді ашып отыратын ғылым» – деуінің өзі бұл пікірдің тамыры қаншалықты тереңде жатқандығын аңғартса керек. Сынды ғылымға жатқызушылардың дені – әдебиетші ғалымдар. Д.С.Лихачев, А.И.Метченко, М.Б.Храпченко, В.Воробьев, Б.Егоров, В.Р.Щербина, Ю.А.Андреев, Г.Н.Поспелов, А.С.Мясников, Н.И.Соколов, Г.А.Червяченко, А.С.Бушмин, Ф.Кузнецов, М.Козьмин, Т.Шукшина, А.И.Иезуитов, В.Е.Хализев, Ф.М.Головенченко, Г.А.Абрамович, Н.Анастасьев сынды зерттеушілер осы пікір жағында. Қ.Жұмалиев «Әдебиеттің теориясында», «сын – әдебиет туралы ғылымның бір түрі» [55, 7-б], – деп көрсетеді. З.Қабдолов сынды әдебиеттану ауқымында қарастырған: «Ал, әдебиет туралы ғылым; негізінен, мынадай үш түрлі ғылыми салаға бөлінеді: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны» [56, 45-б]. К.Сыздықов «Әдебиет сыны жазылу формасы жағынан көркем әдебиетке қаншама жақын болғанымен, әдебиет туралы ғылымның бір түрі болып саналады» [57, 9-б], – деп жазады.

Тағы бірсыпыра зерттеушілер сын сөз өнері мен оның ғылымының синтезі дегенді айтады. Д.Н.Овсяннико-Куликовскийдің, З.Барановтың, В.Ковскийдің пікірлері осындай. Тіпті, сынды көркем әдебиетке, әдебиеттануға жатқызып жүргендердің өзі тағы бірде оның екі жақты қасиетін мойындап жатады. В.Кожин сынды көркем әдебиеттің бір компоненті деп білсе де оны «әдеби публицистика» [58, 164-б] деп атайды. А.Бочаров та «сын – журналистика» [59, 67-б], деп мәлімдейді. Б.Энгельгардтың, Ю.Боревтің, А.Зеленов пен Куликовтың, А.Висьтің, Б.Лукьяновтың, Ю.Лукиннің еңбектерінде әдеби сынды эстетиканың сөз өнерін зерттейтін бір саласы тұрғысынан қарастырылады. Сол сияқты әдеби

сынды көркем әдебиетке де, оның ғылымына да, журналистикаға да қатар жатқызған, идеологиялық сипатына баса мән берген пікірлер де бар. Тіпті, М.Коган сын «сипатына қарай ол ғылым да емес, өнер де емес, басқа бір үшінші нәрсе» [60, 91-б] деп те жазды.

Бұл айтылғандардан әдеби сын туралы ғылыми пікірлердің әлі де бір арнаға тоғысып, нақтылы бір тұжырымға келе алмай жатқандығы көрінеді. Мұның өзі әдеби сынның сипаты мен табиғатының аса күрделі, оңай шешілмейтін күрмеу, осы салада атқарылар істің ауқымды екендігін байқатса керек.

Сынға ғылыми сипат тән бе, әлде көркемдік публицистикалық сипат тән бе деген мәселе үнемі күн тәртібіне қойылып келеді. Бұл мәселеге арнап қалам тартпаған орыс сыншылары сирек. Мысалы, И.Груздев: «сын іскерлік және көркем проза арасындағы аралық жанрлардың бірі» [61] десе, В.Майльч, сын – «ғылым, неге десеңіз ол тануға бағытталған және танымды кеңейтеді: ол – өнер, өйткені бейнелі» [62], – деп түйеді. Бұл пікірлерді Б.С.Рюриков бүкілодақтық кеңес жазушыларының II съезінде жасаған баяндамасында: «сынға ғылыми сипаттың тән екендігі дау тудырмайды. Бірақ сонымен бірге сын әдеби шығармашылықтың айрықша түрі» – деп қуаттай түседі [63]. Бұдан шығатын қорытынды, кәсіби сынға ғылымилық пен көркемдік екеуі бірдей тән екен.

Бұл айтылып отырған жәйттер тікелей сынның теориясына қатысты болса да, одан әдебиет сынының тарихы шет қала алмайды. Сынның теориясы, методологиясы және тарихы үшеуі бірігіп, бірін-бірі толықтыра, өзара байланыса қызмет еткенде ғана түбегейлі ғылыми зерттеулерге жол ашылмақ. Демек сынның теориясына, методологиясына қатысты шешімін таппаған мәселелерді де қатар қозғап, сол жолдағы әр алуан ізденістерді әңгімелей отырып, қазақ әдебиеті сыны тарихының қалыптасу жолындағы бел-белестер мен іркіліс-ізденістерінің даму тарихының біртұтас толққанды бейнесін жасай аламыз.

Кей кезде ғалымдар тарапынан сын көркем әдебиеттің бір саласы деген де пікірлер естіліп қалып жүр. Бірақ мұнымен келісе қою қиын. Мұны белгілі ғалым Д.Ысқақұлы тиісінше дәлелдеп берген [64, 10-б].

Жалпы әдебиет туралы еңбектерде әдеби сынды әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде қарастыру үрдісі орныққан. Солай бола тұрса да, олардың арасындағы ұқсас жақтардың көп болуына қарамастан, бір-бірінен елеулі айырмашылықтары да бар екендігі ескеріліп, соңғы кездері бұл мәселені қайта қарастыру мәселесі де жиі-жиі күн тәртібіне қойылып жүр. Мысалы, Ю.Суровцев сын әдебиеттану ғылымы аясында туғанымен бірте-бірте одан алшақтап, өзіндік табиғатын қалыптастырған. Ол көбіне көркем әдебиет пен публицистикаға жақын [58, 21-б] деп санайды. Мұны Б.И.Бурсов та қуаттайды. Ал қазақ ғалымы Ш.Елеуенов болса, бұл мәселені тіпті тікесінен қояды. Автор сынды әдебиеттанудан бөлек, өзіндік зерттеу жүйесі бар дербес ғылым саласы деп санайды [65, 53–59-бб]. Бұл ғылымның атын сынтану деп атап, оның мынадай құрамдас бөліктерін: теориясын, тарихын, методологиясын, принциптерін, жанрларын бөлек алып

әдебиеттанудан оқшау ғылым саласын жасайық деген ұсыныс тастады. Көрнекті ғалымның бұл пікірі ТМД елдері арасында тұңғыш рет айтылып отыр және өзінің қисындылығымен назар аударады.

«Сын көркем әдебиетпен бірге пайда болып, бірге дамиды. Әдебиет бар жерде оның сыны да бар. В.Г.Белинскийдің «... сынды өнер туғызған жоқ; сол сияқты сын да әдебиетті туғызған жоқ» [66, 271-б] деуінде шындық жатыр. Демек, көркем әдебиет пен оның сынын айыруға болмайды. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Сынның осындай жағдайына байланысты оны көркем әдебиеттің бір саласы деп те жүр. Шындығында, әдеби сын көркем әдебиет емес. Алдымен, екеуінің мақсаты екі түрлі. Әдебиеттің объектісі өмір болса, басты мұраты – сол өмір құбылыстарын көркемдік тұрғыдан бейнелеу. Бұл мақсатына түрлі көркемдік тәсілдерді пайдалану арқылы жетеді. Ал, сынның объектісі – әдебиет, сол арқылы барып, өмірді зерттейді. Әдеби сынның негізгі мақсаты – бүгінгі күн әдебиетінде, әдеби процесте болып жатқан соны құбылыстарды, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді уақтылы саралап отыру. Сыншы бұл міндеттерді орындау үшін аналитикалық талдау әдістерін қолданады. Ал, жазушы типтік жағдайда типтік бейнелер, яғни көркемдік жинақтаулар жасауға ұмтылады. Объект көркем әдебиетте өмір болса, сында – әдебиет; қолданатын негізгі тәсілдері әдебиетте көркемдік жинақтау да, сында – аналитикалық талдау. Осындай басты қасиеттері әдебиет пен сынның бір емес, екі бөлек нәрсе екендігін дәлелдейді. Солай бола тұра, сынның әдеби сипаты айқын. Сыншыны да белгілі бір дәрежеде суреткер деуге болады. Бірақ, оның суреткерлігі жазушыныкіндей емес. Ол шығарманы талдау үстінде өз пікірін дәлелдеу мақсатында мұрат тұтқан арман бейненің, немесе, табиғат көрінісінің әсем бедерін жасауы мүмкін. Дегенмен, бұл суреттер аяқталмаған қалпында болады. Ал, әдеби шығармада барлығы да жан-жақты көрініп, тұтас бір көркем сөз көрмелері жасалуға тиіс. Сыншы да өмірді образды түрде көріп, табиғаттың әсем бояуларын сол қалпында бейнелі түрде қабылдап, сезіне біледі, бірақ өмір шындығын біртұтас күйінде образды түрде суреттеуге шамасы жете бермеуі де мүмкін және оның аса қажеттілігі де шамалы.

Баламен тіл табысу үшін кейде баланың тілімен, балаша да сөйлеу керектігі сияқты көркем әдебиет туралы пікір білдіріп отырғанда сол әдебиеттің өз тілімен сөйлеу де қажет. Ю.Н.Тыняновтың «сынның өзі әдеби жанр ретінде сезінгенде», «әдебиеттің бағытын ұстағанда» барып, оқырманның да, қаламгердің де кәдесіне жарай алады дегені белгілі [67, 148–149-бб]. Ол осы айтқандарын өзінің тарихи роман-зерттеулерінде жүзеге асырғандай да болады. Сыншыда суреткерлік қасиеттің болуы ол көркем әдебиетті талдағанда жазушының образбен, сезіммен, әдемі тілмен жеткізген өрнекті ойларын сол қалпынан төмен түсірмей, бояуын жоғалтпай, әсерлі жеткізу үшін де қажет. Сыншының тілі де өзі пікір білдіріп отырған шығарманың тіліне сәйкес келіп жатуы керек. Бұл айтылғандардан сынның көркем әдебиетке жатпайтындығы, солай бола тұра оның әдеби сипаты басты қасиеттерінің бірі екендігі көрінеді.

Сынның көркем әдебиетке жатпайтындығы сияқты әдебиеттануға қосатын пікірде де біржақтылық бар. Рас, екеуінің зерттеу объектісі бір – әдебиет. Бұл – екеуінің ұқсас жағы. Сынды әдебиеттің ғылымына жатқызып жүрген пікірлер негізінен осы әдебиетті зерттеп, талдайтын қызметтеріне сүйеніп айтылып жүр. Осылай бола тұра әдебиеттану мен сынның арасында елеулі айырмашылықтар бар.

Көркем әдебиетті танып білуді бір процесс деп алатын болсақ, әдебиет сынның, содан кейін барып жан-жақты ғылыми зерттеулердің объектісі болатындығын, сын аяқталған жерде ғылымның басталатындығын көреміз. Сонда күнделікті көркем әдебиет жайлы сын алғаш пікір білдіріп, ондағы жаңалықтар мен кемшіліктерді барлап, ғылымға «шикізаттар» дайындайды. Яғни, сын көркем әдебиетке бағыт-бағдар беріп, жол салып отыратындығы сияқты әдебиеттану ғылымының да алдында жүріп, оған қажетті фактілер, материалдар, пікірлер жинастырып, оның алғашқы тұғырын тұрғызып отырады екен.

«Сын күдікке жақын» [68, 9-б] деп жазады В.Г.Белинский. Сында артық, кем пікірлер айтыла береді, тіпті кей кездерде аса қажет те. Әдеби сында ерсілі-қарсылы, қайшылықты ойлардың айтылуы – заңды құбылыс. Әдебиет жайлы түрліше – мейлі ол дұрыс болсын, бұрыс болсын – пікірлердің көп айтылып, таластар туып жатуы – сынның жемісті жолда екендігінің белгісі. Ал, ғылымның айтқан пікірлерінде күдік болмауы тиіс. Ол өзіне дейінгі әдеби сында айтылған түрлі пікірлерді қорытып, ғылыми тұрғыдан дәлелденген тұрақты баға береді. Сын әдеби өмірдегі кейбір күрделі құбылыстарды дұрыс бағалап, шеше алмауы мүмкін. Ал, мұның бәрі сынның артынан жүріп отыратын әдебиеттану ғылымында сараланып, лайықты бағалануы қажет.

Сын мен әдебиеттану бір-бірімен өте тығыз байланыста қызмет етеді. Бірінсіз бірін көге елестету қиын. Әдебиет ғылымының сынсыз дамуы қандай қиын болса, керісінше сынның да ғылымсыз күні жоқ. Өйткені, сын өз пікірін көбіне ғылымға негіздей отырып айтады. Сол себепті де әдеби сын барлық уақытта ғылымилыққа ұмтылады. Сын әдебиет хақында пікір білдіру үшін әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін, терминдерін, ұғымдарын, заңдылықтарын пайдаланады. Бұл жерде мынадай жағдайларды ескерген жөн. Сын әдебиетті оның ғылымы сияқты жан-жақты зерттемейді, бетін қалқып айтқандай әсер қалдырады. Әдебиеттің сыны көбіне бүгінгі көркемдік процесті қадағаласа, ғылымы көбіне өткенін зерттейді. Мәселеге дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан келетін болсақ, сын әдебиеттен көбіне жаңашыл нышандар іздейді, ал ғылым әдебиетті бұрыннан келе жатқан дәстүр ізінде қарастырады.

Ю.Борев әдебиеттану ғылыми ойлау жүйесіне жатса, сынның ғылыми-көркемдік ойлаудың нәтижесі екендігіне назар аударады [69, 21-б]. Сонда әдеби сында табиғаты жағынан бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі ойлау жүйесі бірігіп, күрделі тұтастық танытады. Бұл ерекшелік сынның жазылу стилінен де айқын көрінеді. Ғылыми да, көркем де жазылатын сын түрлері бар. Ғылыми стильмен жазылған сынның аудиториясы тарыла береді. Кейде

ғылымилықтың тонын жамылған, құрғақ, қасаң тілмен жазылған сындарды әрине, жұртшылықтың тұшынып оқымайтындығы анық. Әдеби сында ғылыми, көркем стильдердің шебер ұштасып жатуы лазым. Яғни, сыни мақалалардың тілі ғылыми стиль мен көркем стильдің жиынтығы; басқаша айтсақ, жартылай ғылыми, жартылай көркем стиль. Бұған публицистикалық стильді де қосып бірге қарастыруының мәні зор.

Әдеби сынның ғылымилық сипаты оның әдебиеттану ғылымымен байланыстылығында ғана емес, бүкіл қоғамдық ғылымдармен қатыстылығынан да көрінеді. Әдебиет қоғамдық өмірдің көркем көрінісі болса, сол тұрмыс шындығының түрлі жақтарының қалайша көркемдік сипатқа ие болғандығын саралауға тек әдебиеттану ғылымының шамасы келе бермеуі мүмкін. Сондықтан да әлеуметтік өмірдің сан саласы түрлі қырларынан зерттейтін тіл білімі, тарих, этнография, философия, эстетика, этика, заң, экономика, психология, педагогика сияқты ғылым тарауларымен де әдеби сын тығыз байланыста болады. Қоғамдық ғылымдардың ішінде әдеби сын әсіресе эстетикамен тығыз байланыста. Кейбір зерттеушілер сынды «қолданбалы эстетика» деп те атап жүр [70, 109-б]. Белинскийдің өзі сынды «жылжымалы эстетика» деп атағаны белгілі. Әдеби сын сөз өнерінің көркемдік қасиеттерін ашуды, соны халыққа түсіндіруді мақсат тұтады. Эстетикалық талдаулар – әдеби сынның өскендігінің, кемелденгендігінің белгісі. Бұл айтылғандардан әдеби сынның ғылыми сипаты айқын көрінеді. Ол өз қызметінде әдебиеттану ғылымының, одан қалды бүкіл қоғамдық ғылымдардың жетістіктеріне сүйенгенде ғана салмақты пікірлер айта алады.

Сынның әдеби, ғылыми сипаттары секілді публицистикалығы да – негізгі қасиеттерінің бірі. Сын журналистика емес, публицистикалық – оның табиғи қасиеті. Әдеби сынның негізгі өмірі – баспасөзде. Сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Баспасөз – сынның өмір сүру формасы, даму арнасы. Баспасөз жоқ кезде әдеби сын да болмайды. Сын оқырманға баспасөз арқылы жетеді. Ол үшін журналистиканың мол мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланады. Баспасөздің негізгі жанрлары – сынның да жанрлары. Әдеби сынды әдебиет материалдарына негізделген публицистика деп те атауға болады. Сынның пайда болуы, атқарар қызметі, мазмұн-түрі жақтарындағы публицистикалық қасиеттері оны журналистикамен тікелей байланыстырады [71, 4-б]. В.Дементьев «біздің сынымыз қозғалмалы публицистика болуға тиіс» деп жазады [72, 38-б]. Публицистика әдеби сынға бүгінгі күнгі көркемдік дамудағы өз шешімін күтіп тұрған толғақты да көкейкесті мәселелерді дер кезінде көтеріп отыруға көмектеседі. Публицистикалық сынның бойына қан жүргізіп, жан кіргізеді. Сынды дәуірдің әдебиет жайлы үні болуға әрдайым бағыттап отырады. Әдеби сынды оқырманның оқуы үшін оның кімге арналып жазылатындығын, аудиторияның біліміне, мүддесіне орай қаншалықты дәрежеде қабылдай алатындығын ескеріп отыру маңызды. Осындай мәселелерді анықтауда сынға журналистиканың жинақталған тәжірибелері көмекке келеді.

Сын тек әдебиетті зерттеп қоймай, баспасөз арқылы бүкіл қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге де араласа алады. Ол көркемдік дамуда ғана емес,

жалпы қоғамдық ой-пікірдің өрістеуінде де маңызды рөл атқарады. Сынның дәрежесі көркем әдебиеттің, мәдениеттің, баспасөздің деңгейімен бірге әлеуметтік жағдайларға, ой-пікірлер өрісіне де тікелей байланысты. Әдеби сынның әлеуметтік сипаты айқын. Сынның әдеби, ғылыми, публицистік сипаттары қандай болса, әлеуметтік сарыны да сондай. А.В.Луначарскийдің «кез келген халықтың қоғамдық ой-пікірінің дамуында жалпы мәдениет тарихында әдеби сынның маңызы өте зор» деуінде көп мән жатыр [73, 120-б]. А.Байтұрсынов көркем әдебиеттегі әлеуметтік мәселелердің ауыр салмағын, оны оқырмандарға жеткізіп, рухани игілікке айналдырудағы сыншылардың аса жауапты да күрделі міндеттерін толық айқындап берген. Жоғарыда айтылғандардан байқалғандай, сынның әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік-идеологиялық, эстетикалық сипатта болуы оның табиғатын айқындайтын негізгі ерекшелігінен саналады.

Сонымен, әдеби сын дегеніміз – көркем әдебиет, оның ғылымы мен журналистиканың тоғысқан түйінінде пайда болып, күнделікті әдеби өмірді зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, баға беретін, оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын, әдеби, ғылыми, публицистикалық сипатты қоғамдық сананың күрделі бір саласы, шығармашылық түрі.

Әдеби сынның басты мақсаты – әдеби өмірде болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде бағалап, оқырмандарға түсіндіріп отыру; субъектісі – сыншы; объектісі – шығарма, жазушы, әдеби өмір; әдіснамасы мен әдістері – диалектикалық материализм, қоғамдық ғылымдар, оның ішінде әдебиеттанудың зерттеу әдістері; сынның мазмұны – әдеби процестің өзекті, зәру мәселелері; құралдары – әдебиеттану ғылымының категориялары, терминдері; өмір сүру арнасы – баспасөз; жанрлары – хабар, аннотация, рецензия, шолу, шығармашылық портрет, мақала, фельетон, эпиграмма, пародия, эссе т.б.; бағыты – оқырман қауым, қаламгер; принциптері – халықтығы, идеялылығы, шыншылдығы, тарихшылдығы, ғылымилығы, жауынгерлігі, өмірмен байланыстылығы т.б.; атқаратын қызметі – үгітшілік, насихатшылық, танымдық, бағалаушылық, талдаушылық, тәрбиелік, ұйымдастырушылық. Әдеби сынның осындай «анатомиялық» бөліктері бір-бірімен үйлесіп, сәйкестік тапқанда ғана ол өз міндетін толық орындай алады» [74, 15–22-бб], – деп жазады сыншы ғалым Д.Ысқақұлы.

Әдебиет – сөз өнері. Кезінде В.Г.Белинский әдебиетке тек эстетикалық сындар керек деп талап қойған [75]. «Шығарманың эстетикалық қадір-қасиетінің дәрежесін анықтау сынның бірінші ісі болу керек. Шығарма эстетикалық талдауды көтермесе, оны тарихи тұрғыдан сынаудың да қажеті жоқ» [76], – деп жазған болатын ұлы сыншы. Ал, көркем шығармаға эстетикалық талдаулар жасау сыншының өнер туралы жан-жақты білімдер, эстетикалық түйсігінің, талғамының жоғары болуын қажет етеді. Жалпы, эстетикалық сындардың болуы – әдеби ой-пікірдің кемелдік дәрежеге жеткендігінің де бір белгісі. Эстетикалық сын дегеніміздің өзі шартты түрде. Әдебиетке таза эстетикалық талдаулар жасау мүмкін емес. Себебі, сөз өнері

туындысының көркемдік құрылымы аса күрделі. Әдеби туындының идеясы мен көркемдігінің, мазмұны мен формасын анықтауға көмектесетін тілдік, әлеуметтік талдаулар бір-бірімен органикалық тығыз байланыста қолданылғанда барып, ол эстетикалық талдауларға ұласады; оның өнер туындысы ретіндегі біртұтас идеялық-көркемдік сапасын анықтай алады. Ал, бұл үйлесімділік сақталынбаған жағдайда, не тұрпайы әлеуметтік сындар, не формализм өріс алады. Мәселе шығарманың көркемдік сапасын анықтау түрлі тәсілдерді тиімді пайдалана білуде жатыр. Көркем туындының басқа жақтарына қарағанда оның эстетикалық құндылықтарын көбірек көрсете білген әдеби талдаулар шартты түрде эстетикалық сынға жатқызылып жүр. Сонымен, эстетикалық талдаулар жасау – әдеби сынның идеалы. Бұл жерде сыншыға әдебиеттанумен бірге эстетика ғылымының да жетістіктері көмекке келеді; эстетикалық талдау әдістерін де қажетіне қарай пайдаланады.

Осыдан шығатын түйін, сын – өнер, әрі уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы. Әдетте, көркем шығарманың эстетикалық әсер-ләззаты көп айтылады. Осы әсер сынға жат па? Жоқ! Сынның да өз эстетикасы бар. Ол әсердің кілтипаны – парасатты сыншы ойларының тереңдігі мен сыншылдығы. В.Г.Белинский айтқандай, «әр сыншының өз қолтаңбасы, өз сезім-тұжырымы, ой-талғамы, өз биігі болсын». Демек, сыншы әдебиет мерейі үшін күрескер. Көркем шығарманың құбылмалы сырын, эстетикалық сипатын, өнер гармониясын, сезімтал жүрек жылуына, қатал талап сарабына салу қасиет болса, күрделі әдеби құбылыстың барыс-бағдарын, жеміс-жетістігін, кем-кетігін байқап, даму үрдісін кең арнаға жайып салу – сыншы міндеті болмақ. Кез келген көркем шығарманың қадір-қасиеті мен құндылығын қалтқысыз анықтап, оған нақты бағасын беру үшін сыншы алдымен ақиқат арашасы бола алатын қасиетке ие болумен бірге, ол нағыз өнерді объективті және терең түсіне білуі тиіс. Сонан соң нағыз сыншының ең үлкен қасиетінің тағы да бір қыры ретінде қарайтын жағдай, ол қай мезгілде де әдеби процестегі қарама-қайшылықтарда қалыс немесе қалтарыста қалып немқұрайдылық танытпай, өзінің азаматтық-сыншылық позициясын білдіріп отыруы. Бұл ретте, әдебиетте танымал ғалым, көрнекті әдебиет сыншысы, ұлағатты ұстаз Б.Шалабаевтың ғылыми ізденістері мен еңбектерін алдымен атаған ләзім. Олай болуы заңды да. Өйткені ол қазақ әдебиеті сынынын, тарихы туралы алғашқылардың бірі болып қалам жебеп, сыншыл ойдын, туу арналары мен бастау бұлақтарын ауыз әдебиеті үлгілерінен тартса, оны жәй ғана айтып қоймай ғылыми негізде дәлел-дәйектермен негіздесе, көне заман ғұламаларының ой-ұшқындарын, қазақтың ұлы ағартушы-демократ жазушыларының сүбелі пікірлерін, эстетикалық танымдарын пайымдап, сынның одан әрі қалыптасу, даму, толығу, кемелдену сатыларынан аман өтіп, ол хақында қисынсыз да жаңсақ, қым-қиғаш пікірлердің жалғандығын дөп басып, әділ де салиқалы бағасын берсе, онда қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау мәселесі көтерілгенде Б.Шалабаевтың есімі аталуы ешқандай да кездейсоқтыққа жатпайды.

«Мен тіршілігі өзінің туындыларымен, сәйкес келмейтін, үндес шықпайтын жандарды жек көремін», – дейтін Роберт Шуманның мейлінше қарапайым пікір-толғанысының терең мәні бар. Өйткені, әдебиет пен өнерде мұның бірталай шындығы аңғарылады. Әсіресе, бәз баяғы «шала Шекспирлер мен толмаған Толстойлардың» (М.Әуезов) күнделікті өмірдегі іс-әрекеттері осының айғағы. Неміс халқының ұлы композиторы Шуман пікірінің кереғар полюстегі сипатын пайымдасақ, сөз жоқ Б.Шалабаев шығармашылығы, әдеби-ғылыми қызметі мейлінше әдемі, мейлінше шынайы, барынша шыншыл дәлелдейді. Өйткені, үлкен ғалымның бүкіл тіршілігі, мағыналы ғұмыры өзінің еңбектерінде керемет біртұтастықта, ғажайып үндестікте, теңдесі жоқ бүтін күйінде көрініс табады. Бұған ғалымның шығармашылық зертханасын, зерттеу шеберлігін көрсетіп, әдеби-сыни, эстетикалық-этикалық көзқарастарын айтсақ та жеткілікті. Бұл күрмеуі күрделі, түйіні тастай мәселені ашпас бұрын, отандық сын тарихына зерлі көзбен сүрлеу тартып, үңіліп, егжей-тегжейіне сәл-пәл шегініс жасағанымыз жөн болар.

Жазушы Альбер Камюдің әйгілі «Сизиф туралы аңыз» романының бір үзіндісінде: «Қайсарлық туралы бір әйгілі мысал: «Құдайлар Сизифтің жасаған күнәсы үш айып тағып, оның өтеуі ретінде ең биік шыңға, жақпар тасты сүйреп шығарсын» деп үкім шығарыпты-мыс. Сол тасты өрге өгіздей сүйреген Сизиф қанша шаршап-шалдықса да мойымай, темірдің өзі шыдас бермейтін азапқа төзіп, келешегінен күдерін үзбепті» делінген. Неге екені белгісіз, әдебиетші, сыншы Белгібай Шалабаевтың есімі аталса, ойымызға оралса, ылғи да көз алдымызға зілдей тасты өрге сүйреп жеткізе алмаған Сизифтің қиын да мехнатты тағдыры елестейді. Әдебиеттану, әдеби сынымыз «социалистік реализм» атты тар қапасқа қамалған заманда, бұл саланы дамытып, рухани құндылықтар туралы жаңаша пікір айтуға талпынудың өзі – жанкештілік еді. Әдебиеттің ең ауыр, күрмеуі күрделі әдебиет тарихын, сын жанрын, қазақ прозасының тууы мен қалыптасуының түрлі мәселелерін зерттеуі, оның өзінің рухани өмірінің де гүл жаратын сәтте іркілістерге толы, тоқырау кезеңдерімен тұспа-тұс келуі жалғыз Б.Шалабаевтың ғана емес, аузын айға білегенімен, тұңғыықта тұнып жатқан ащы запыранды ақиқатты айта алмай, талай «тар жол, тайғақ кешуге» еріксіз ұшырап күйзелген, бағынан гөрі, маңдайының соры бес елі болған сол дәуірде өмір сүрген талай мүйізі қарағайдай әдебиетші, сыншылардың басындағы да қасіреті еді.

Кеңес дәуірінде де өз халқының шынайы жанашыры бола білген ақын мен жазушының көп жағдайда өз шығармасы арқылы ұлттық құндылықты оқырманның санасына сіңіре алатын мүмкіншілігі болды. Ал сыншы үшін мұндай мүмкіндіктердің бәрі шектелді. Әдебиетімізге зорлап таңылған, қоғамымызға жабысқан бір кесел дерт іспетті «социалистік реализм» сыншыларға Сизифтің тағдырын еншілеп берді. Белгілі бір мәдени құндылықтарды ұлттың санасына сіңіру үшін сыншыларымыз керек емес ауыр тасты өрге сүйреуге мәжбүр болды. Адамның бойындағы ізгілікті сезім мен тазалықты жырлаған шығармалар емес, идеологияға жақсы қызмет еткен

дүниелердің бағы жарқырап жанды. Сыншыларымыз коммунистік идеологияның ұлы көсемдерінің еңбегіне арқа сүйей отырып қана шығармаға баға беріп, солардың белгілеп берген шеңберінен шығып кете алмады. Өкінішке қарай, мұндай тағдырдан сыншы Б.Шалабаев та қашып құтыла алған жоқ.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының қайыспас қайсар сарбазы, сарабал сынының сардары Б.Шалабаевтың әдебиет туралы айтқан ойлары, толғаған мәселелері әдебиет сүйер қауымды білімділігімен, парасаттылығымен елең еткізген өз заманының жемісі еді. Әлбетте, ғалымның еңбектерін оқи отырып, сыншының қателескен сәтін де, мүлт еткен кезін де аңғармау мүмкін емес. Алайда, әдебиетші Б.Шалабаевтың қаламынан туған зерттеу мақалаларды зерделей отырып, оның өнерге берілген адалдығын, әдеби процеске байланысты өз ойын білдірген сыншының барынша әділетті болуға тырысқандығын байқамау мүмкін емес. Әлем әдебиетінің озық үлгілерімен кеңірек танысып, сол ұлы қазанда не пісіп жатқандығын зерделеп, ұлттық топырақта туған шығармалардың бағасын білуге болатындығын сыншы Б.Шалабаев өз замандастарының ішінде ертерек түсінген секілді. Олай дейтініміз, Б.Шалабаев шығарманы талдау барысында әлемдік әдебиеттегі ұлы туындылармен салыстыра, салғастыра отырып саралайды. Қазақ әдебиетінің сол ұлы биікке көтерілуін аңсайды. Және құнарлы топырақта туған біздің ақан-жазушыларымыздың әлі де талай ұлы дүниелер туғыза алатындығына кәміл сенеді.

Әдебиет – мәңгіліктің майданы, метафизикалық құбылыс. Жаңаның ескіні ығыстырғанындай мұнда да өмірдің ырғағына, заманның өзгеруіне байланысты сан-алуан пікірлердің қайта сараланып жататындығы табиғи нәрсе. Алайда, жаңа дүниенің жаршысы болу, ескі дүниенің бәрін күресінге лақтырып тастау болмаса керек. Сол себептен де әдебиетші, сыншы Б.Шалабаевтың әдеби өмірдің процестерін жете таныған, көркем шығарманың табиғатын мейлінше адал талдаған еңбектері өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

Жалпы, Б.Шалабаев әдеби процеске, сынға қай жылдардан араласты десек, 1930–40–50-жылдарды меңзеген болар едік. Оның алғашқы сыни мақалалары сонау отызыншы жылдардан бастап жарық көре бастады. Мысалы, «Пушкин и Абай» (О преимственности и литературных взаимоотнош. в каз. и рус. лит.) атты сын мақаласы «Казахстанская правда» газетінің 1936 жылғы № 295 санында жарық көрсе, «Қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы кейбір принциптер туралы» пікір алысу ретіндегі зерттеуі «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы № 11 санында жарияланды. Әйтсе де, мерзімді, Одақтық басылымдарда жарияланған мақалаларына, алғашқы шыққан сыни-зерттеу еңбектерінің жанрлық табиғатына зер салсақ, ол әдеби сынға 40-жылдардың басынан бастап араласқан деуге болады. Олай болса, сол жылдардағы әдебиет пен мәдениет, сын, фольклор, көркем өнер саласындағы «хал-ахуал қандай болды?» деген күрделі сауалдың көкейге оралуы заңды құбылыс.

XX ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік пікірлер саласындағы ізденістер, әдеби мұраны игеру проблемалары және ұлттық әдебиеттің ғылыми тарихын жасау мен әдеби-теориялық ой-тұжырымдар сол ғасыр ұсынған талап-тілектермен бетпе-бет келді. Еркін ойға тежеу салынуы, нақты ғылыми қағидаларға тосқауыл құрылуы, зерттеушілік ой-пікірді бірыңғай жүйеге айнала бастаған идеологиядан бөліп алып қарау мүмкін емес. Бұл жерде бір ғана адамнан гөрі мемлекет туғызған идеологияға, бірден-бір әділ, бірден-бір дұрыс деп есептелінген отаршылдық, кейінірек коммунистік деп аталған жүйеге айрықша көңіл бөлген жөн. Кез келген тарихи құбылысқа жаңа уақыт тұрғысынан үңіле келіп, сынап-мінеу оңай нәрсе, алайда сол тұстағы қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік жағдаяттар келбетіне үңілу кемшін соғып жатады. Қалай болғанда да орасан көлемде жағымсыз сипаттары мол болғанымен, қарастырылып отырған кезеңде белгілі бір принциптер тұрғысынан алғанда, әдебиеттану ғылымының барлық саласында ілгерілеушіліктің болғаны рас. Ол жайт бір ғана сала бойынша емес, кешенді түрде барлық сала бойынша көрініс бергенін айтқан абзал.

XX ғасыр басында қазақ баспасөзінің тууы, оның қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір орталығына айналуы ұлттық публицистиканың дамуына ықпал етті. Сонымен қатар баспасөз халықтық эстетикадан бастау алып, XIX ғасырда жанрлық сипат алуға ұмтылған әдеби сынды тудырды, ол көркем әдебиеттің дамуы мен оны зерттеу мәселелерін нақты және жан-жақты сөз етуде сәтті қадамдар жасады. Жазба әдебиет өркен жайып, жанрлық түрлері дамыды, қазақ лирикасы мен прозасы жаңа көркемдік ізденістерге ұмтылды. Фольклорлық және классикалық мұраның таңдаулы үлгілері жарияланды, әдеби жинақтарға енді, жеке кітап болып басылып шықты. Осыған сай әдеби сын да әр дәрежедегі эстетикалық биіктерге қол соза бастады. Кітап шығару ісі қызу қолға алынды. XX ғасырдың алғашқы 20 жылы ішінде 500-ге тарта кітап жарық көрді. Олардың ішінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері, қиссалар, әдеби жинақтар, әліппелер мен оқу құралдары, сол кезеңдегі ақын-жазушылар шығармалары т.б. бар. Классикалық мұрадан ибн Сина, Қ.Яссауи, Ш.Қанайұлы, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Д.Бабатайұлы, М.Мөңкеұлы шығармалары кітап болып жарық көрді. Ол өз тарапынан қалың оқырман қауым мен қалыптасып келе жатқан қазақ зиялыларына ғылыми-зерттеушілік ой-пікір мен сыншылдық-эстетикалық көзқарас қалыптастырғаны сөзсіз.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті оқулықтар, өлең кітаптар, қазақ тілінің тазалығы, басылып шыққан халық ауыз әдебиеті жинақтары туралы рецензия мен сыни мақалаларды көп жариялау арқылы әдеби-тарихи ой-пікірді толықтыра түсті. Бұл тұрғыда айрықша көңіл аударатын бір мәселе – қазақ тіліндегі оқулықтарға деген талап-тілектің күшеюі. А.В.Луначарскийдің «Таза әдеби шығармалардан құралған хрестоматия ғана емес, тіл біліміне арналған оқулықтардың өзі сыншылдық-ғылымдық ой-пікірмен сабақтасып жатады» деген пікіріне сүйенсек, ғасыр басындағы көптеген оқу құралдарының шығуы мен қазақтарға арналған орыс тілін үйрену үшін әліппелер, оқулықтар, сөздіктердің шығуы құптарлық құбылыс

болды. Сыни мақалалар оқулықтардың педагогикалық сипаты мен таза қазақ тілінде балаларға түсінікті жазылуын талап еткенде, Ы.Алтынсариннің «Хрестоматиясын» әрқашан үлгіге ұсынып отырды. ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеттануындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің толыса түскенінің айқын көрінісін М.Сералиннің «Шахнамадан» аударған «Рүстем–Зүһрапқа» жазған «Сөз басы» атты зерттеу мақаласынан көруге болады. Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиет тарихын зерттеуді жеке дарын шығармашылығын ғұмырнамалық бағытта сөз етуден бастаған әдеби-тарихи ой-пікірдің бір жүйеге түсіп нақтылана бастағанын көрсететін зерттеу – Қ.Ысқақовтың 1909 жылы Петербург қаласында бастырған «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» жинағына жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласы.

Тарихи деректерге көз жіберсек, Қ.Ысқақовтың ұлы ақын мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеуде жазған бұл мақаласының орысша нұсқасы сәл ертерек жарық көрді. Мақала Ә.Бөкейхановтың аударуымен 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде жарияланғанда «Абай Құнанбаев» (некролог) деген және орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібірлік бөлімінің «Записки Семипалатинского подотдела...» деп басталатын жинағына 1907 жылы «Абай Құнанбаев» деген атпен жарық көреді. Орыс тілінде шыққан бұл мақалалар Ә.Бөкейханов атымен шыққанымен, оны әдебиетші ғалым Т.Жұртбай Ә.Бөкейхановтікі деп көрсеткенімен [77], Абай ғұмырнамасын алғашқы жазушы Қ.Ысқақов екені даусыз. Оны Т.Кәкішев өз еңбегінде ғылыми дәлелдеп берді [23, 166–198-бб].

Кеңес дәуірінде қазақ зиялыларының төңкеріске дейін жазған мақалалары қазақ әдебиеттану ғылымында аталмай, егер аталса, теріс көзқараста түсіндіріліп келді. Бұл еңбектердегі жеке ақын-жыраулар туралы айтылған әрбір пікір мен әр автордың өзіндік ой-көзқарасы әдебиеттану ғылымы мен сынының өсу дәрежесін көрсетіп қана қоймай, әдеби-теориялық және әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің әдебиет тарихына байланысты нақты айтыла бастағаны байқатады. Бұл жолда «Қазақ» газетінде жарияланған А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың Абай творчествосына байланысты шыққан мақалалары осының айғағы.

Қорыта айтқанда, Қ.Ысқақов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың қазақ әдебиетінің көрнекті дарындары туралы мақалаларында олардың өмірі мен творчествосын танытуға деген талап-тілек те анық көрінді. Сол кезеңдегі қоғамдық-элеуметтік мәселелерді көтерген және сыни мақаламен салыстыра қарағанда, бұлар – ғұмырнамалық негіздегі ғылыми-зерттеушілік сипаты нақты танылатын еңбектер. Сол себептен де ұлт әдебиетінің дарынды өкілдері Ш.Уәлиханов пен А.Құнанбаев шығармашылығын ғылыми тұрғыдан бағалауда әдебиет тарихындағы және мәдениетіндегі орнын белгілеудегі алғашқы қадам деп қарасақ, классикалық мұраны зерттеудің бастауы мен сара жолға апарар негізгі соқпағы Қазан төңкерісіне дейін-ақ көріне бастады деген тұжырымға келеміз. Себебі, әдебиет туралы ғылымның туу дәуіріндегі алғашқы еңбектердің ғұмырнамалық сипатта болуы заңды.

Әдеби-тарихи ой-пікірдің тіл мен әдебиет тағдыры туралы және ғұмырнамалық негіздегі ғылыми мақалалардағы, әдеби кештер секілді игі шаралардағы ұлт әдебиетінің тарихын зерттеуге деген ізденісі жемісті қадам болды. 1915 жылы Семейде өткен әдебиет кешінде Р.Мәрсекөв сөйлеп, қазақ әдебиетінің тарихына шолу жасап берді. Мақаланың негізгі мақсаты ұлттық әдебиеттің өткені мен бүгінгі хал-жағдайын саралай отырып, ғылыми тұрғыда зерттеу болғаны байқалады. Бұл мақалада әдеби-тарихи ой-пікір ұлт әдебиетінің тарихын дәуірге бөлу мәселесіне тұңғыш қадам жасады. Ол әдебиеттану ғылымының туу дәуірінің алғашқы жылдары үшін аз олжа емес еді. Ол қазақтың ұлттық әдебиетінің бірнеше дәуірлерден тұратын тарихы бар екенін алғаш рет ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Сол арқылы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге жаңа бастама салып, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар жасады. Оның бұл саладағы ізденістері сол кездің өзінде-ақ көріне бастады.

«Қазақ» газетінде жарияланған «Н.» деген автор жазған «Әдебиетімізге көз салу» деген ғылыми-зерттеу мақала – ғасыр басындағы аздаған жылдардың ішінде-ақ әдеби-тарихи ой-пікір, ғылыми ұғымдарды меңгеруге батыл кірісе алғанына нақты мысал. Мақаланың ұлттық әдебиет туралы ғылымның туа бастаған кезеңіндегі елеулі ғылыми-зерттеу еңбек еткенін айтқан уақытта, әдеби-тарихи пікірге қосқан тағы бір жаңалығын айтпай кетуге болмайды. Ол - ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тексеру бағытында мәнді арна табудағы ұмтылысында, басқа мақалаларда кездесе қоймаған әдебиеттің халықтығы мәселесі.

Ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір фольклортану саласында да соны ізденістер жасап, ғылыми тұрғыда тексеруде көңіл аударарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Фольклорлық үлгілердің жеке кітап болып шығуы мен әдеби жинақтарда мол орын алуы бұлар туралы сыни және зерттеушілік сипаттағы мақалалардың жазылуына түрткі болды. Оларда фольклор тарихы мен теориясының мәселелері де қозғалып, ғылыми бағытта тексеруге өз ұлтымыздың өкілдері де қызу араласа бастады. «Қазақ» газетіндегі А.Баржақсиннің «Мақалдар» (1915, № 120), Ж.Басығариннің «Өлең-жыр, әндер» (1914, № 61) деген секілді мақалаларында фольклорлық мұраны зерттеу мәселесі көтерілсе, Г.Потанин, Ә.Диваев туралы мақалаларда қазақ фольклорының зерттелуі туралы ой-пікір ашық көрінеді. Ал басылып шыққан шығармаға сын айта отырып, ғылыми сөз ету Ә.Бөкейхановтың «Қара Қыпшақ Қобыланды» мақаласынан байқалды.

«Айқап» журналында А.Байтұрсыновтың «Кітаптар жайынан» (1911, № 1), Ғ.Мәмековтің «Өлең-жырларымыз туралы» (1914, № 2), А.Баржақсиннің «Ашық хат» (1914, № 5), белгісіз автордың «Баспашылдық дүниесінде» (1914, № 23) т.б. мақалаларда фольклорлық мұраны игеру проблемалары көтеріліп отырылды. Фольклорлық мұраны игеру саласындағы осы тәріздес игі қадамдардың жасалуы нәтижесінде ғылыми-зерттеушілік ізденістер фольклортану саласындағы келешек ізденістерге кең жол ашатын үлкен бір мәселені шешіп алды. Ол халық ауыз әдебиетін жанрға және түрге бөлуде

жасалған алғашқы классификацияның тууы еді. Бұл Ә.Диваев пен М.Ж.Көпеевтің еңбектерінен көрінді.

Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өнер, әдебиет, роман, поэма, мысал, драма т.б. туралы теориялық ұғымдарды меңгеруі жолына қарасақ, олардың көркем әдебиетте көрініс табуы мен ғылыми сөз болуы тығыз байланыстылықта жүріп отырды. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін маңызды еді. Атап айтқанда, А.Байтұрсыновтың «Білім жарысы», «Білім жарысы хақында», Ә.Бөкейхановтың «Роман не нәрсе?», «Роман бәйгесі», М.Сералиннің «Роман жарысы туралы», «Қазақ» газетінде редакция тарапынан жазылған «Роман жарысына қосылушыларға», «Талапкер» деп қол қойған автордың «Роман жарысы туралы» мақалаларда роман, оның жанрлық табиғаты мен өзіндік ерекшелігі туралы әдеби-теориялық еңбектер көрініс тапты.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірінде қол жеткізе алған табыстарын саралаған уақытта, оның өз қадамын нық баса алғанын дәлелдей түсетін тағы бір жайттарға назар аударған жөн. Ол – осы ғылымның қосалқы салалары болып табылатын библиография мен текстологиясына қатысты мәселелердің де нақты көтеріле бастауы.

1920–30 жылдар аралығындағы ұлттық әдебиетті зерттеудегі ғылыми ізденістерінде көңіл аударарлықтай сәтті кадаммен танылып, өзінің туу дәуірін бастаған қазақ әдебиеттану ғылымы Қазан төңкерісінің әсерінен қиянатқа тап болды. Ғылыми-зерттеушілік сипатқа бет бұрған әдеби мұраны игеру жұмыстарына қазақ даласына қанды қырғыны мен қуғын-сүргінін ала келген төңкеріс кері әсер етті, дағдарысқа түсірді. 20-жылдардың бас кезінен бастап төңкеріске дейінгі әдеби мұраны зерттеу мәселелеріне әр түрлі бағыттағы «формальды мектеп», «пролеткультшылдық нигилизм», «бірыңғай ағым теориясы», «тұрпайы социологизм» секілді концепциялар қызу араласып, сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірде өз үстемдігін құру үшін өзара тартысқа түсті. Бұлардың барлығы да маркстік-лениндік әдіснаманың көркем әдебиет туралы саясаттағы бет-бағдарын анықтап алғанға дейінгі әртүрлі бағыттағы ізденістер еді. Бұл концепциялардың орыс әдебиеттану ғылымында орын алуын әдебиетші ғалым С.И.Машинский өзінің «Классика и литературная наука» былайша сипаттайды: «Поиски истины в научном исследовании никогда не даются легко. Особенно тогда, когда они лежат в совершенно новой, неизвестной области. Эти концепции посвоему были поиском истины, но в неверном направлении. Поступательное развитие марксистско-ленинского литературоведения шло в острой идеологической борьбе с различными ошибочными концепциями». Мәдени-тарихи, биографиялық, салыстырмалы тарихи, филологиялық, психологиялық сияқты зерттеу мектептері болған орыс әдебиеттану ғылымының өзі 20-жылдары осы қате тұжырымдарға бой алдырып алған болса, әдеби сыны енді ғана туып, әдебиеттану ғылымы толық көрінбеген біз секілді ұлт республикаларына тигізген әсері өте қатты болғанына дау жоқ. Ғасырлар бойы жасалып, адамзат қоғамына рухани азық ретінде қызмет етіп келе жатқан фольклорлық және классикалық мұраның

тарих қоқысына лақтырылған сын мен әдебиеттанудың алғашқы кезде түсінбей қалуы тарихи шындық еді. Мркстік-лениндік әдіснаманың әдебиетті таптық тұрғыдан түсіну принципін қинала қабылдауы да сондықтан болды.

Алғашқы кезде пролеткультшылдық көзқарасқа бой беріп алған кеңес үкіметі мәдени мұра туралы саясатын тез түзетіп алып, мәдени-әдеби қазынаны жұмысшы табының мүддесіне сай пайдалану ісін жедел қолға алды. Пролеткультшылдық көзқарас сарынымен төңкерісшілдер үрке қарап жүргенімен, әдебиет тарихында көрнекті орын алған ақын-жазушылар шығармалары басылып шықты, олар туралы зерттеушілік бағыттағы ой-пікір айтыла бастады. Жаңа заман талабына сай қиыншылыққа ұшырай отырса да, әдебиеттану ғылымының туу кезеңі жалғаса түсті.

Жаңа туып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымы мен жанрлық қалыптасу процесіне бет бұрған әдебиет сыны әдеби мұраны игеру барысында екі түрлі бағытқа қарсы күресті. Оның біріншісі, әдеби мұраны, әсіресе, фольклорлық мұраны игеру мен зерттеуде қатты үстемдік алып «Бүкіл ел ауыз әдебиеті – халық мұрасы. Оның жақсы мен жаманы жоқ, бәрін жинап пайдалану керек», – деген «бірыңғай ағым теориясы» болса, екіншісі – «ауыз әдебиеті – үстем тап өкілдерінің қалдырған мұрасы, сондықтан, оны жинап, насихаттаудың қажеті жоқ», – деп, әдебиеттегі дәстүрлік негізді, тарихи сабақтастықты жоққа шығарған – пролеткультшылдар таратқан нигилизм. Әдеби мұраны игеру жолында 20-жылдардан басталған осы екі бағыт қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде үнемі бой көрсетіп отырды.

Фольклорлық мұраны игеру, зерттеу жұмыстарына сол кездегі идеологиялық күрестің салқыны тигендіктен бұл қате концепциялар әдебиет майданында қызу айтыс-тартыс туғызды. Туған халқының бақытты болашағы үшін бар мүмкіндігінше еңбек етіп, қызмет жасаған, әдеби мұраны жинау, зерттеу саласында елеулі еңбектер қалдырған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедовтер пролеткультшылдардың содыр нигилистік солақай сындарына қарамастан фольклорлық мұраның біраз үлгілерін жариялады. Жинақтарға жазылған алғы сөздер мен түсіндірмелер ғылыми-зерттеушілік сипатта болды.

Әдеби мұра, оның ішінде халық ауыз әдебиеті туралы әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды бір арнаға салу 1924 жылғы қазақ білімпаздары бірінші съезінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болды. Съезде халық творчествосының үлгілерін жинау, жариялау жұмыстары қорытындылана келе, оның алдағы уақыттағы қызметіне бағыт-бағдар берілді.

20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында халық әдебиетін жинау, жариялау, зерттеу мақсатындағы С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың, А.Байтасовтың, Ә.Тәжібаевтың, Ж.Тілепбергеновтың т.б. мақалалары жарық көрді [78]. Осы кезеңдегі жинаушылық сипаттың басым болуына байланысты бұл мақалалар халықтың ескі әдебиет мұраларын халықтың игілігіне жарату, рухани байлығына айналдыру міндеттерін көтере-отырып, ол үшін көп болып кірісуге шақырды. Дәуір талабына сай үн қосып, әдеби мұраны шығаруға атсалысқан, бірталай үлгілерді жариялаған, мақалалар жазған

А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың көзқарастары идеологиялық күрес арысында дұрыс сараланбай айтыс-тартыс туғызды. «Ұлтшылдардың мақалаларында әрқашан «бірыңғай ағым теориясының» жүйесі жатады» деген қате пікірлердің орын алуы нигилистік көзқарасты шамадан тыс күшейтіп жіберді. 20-жылдардың аяғына қарай бұл көзқарас бәсең тартып, айтылған қате пікірлер түзеле бастады.

«Әрбір халықтың әдеби-көркем мұрасында оның бүкіл тарихы мен жан-дүниесі, дүниетанымы жатады. Сондықтан келешек ұрпақ үшін ол рухани өмір тәжірибесінің мәңгі тірі бастаулары болып саналады. Бұл шындық Қазан төңкерісінен кейін-ақ бірден өзіне жол сала бастады» [79, 10-б], – деп жазылғандай, өз бағыт-бағдарын танып қалған әдеби-тарихи ой-пікір төңкерістен соң әртүрлі сипаттағы концепциялар мен көзқарастарға кездесті. Олар әдебиет тарихын классикалық мұраны жаңаша тануға ұмтылған әр қилы әдістерге сүйенген теориялар еді. Оның басты себебі әдебиеттану ғылымы 20-жылдардың бас кезінің өзінде-ақ классикаға, яғни өткен дәуірдегі өмір сүрген ақын-жазушылар шығармашылығына ерекше көңіл аударудың болуы еді. Қазақстан сияқты ұлт аймақтарын былай қойғанда, «академиялық мектеп» атанып, әдебиет тарихын зерттеу саласында дәстүрлі жолы бар орыс әдебиеттану ғылымының өзі 1920-жылдан бастап орыс классиктерін әдебиеттің таптығы принципіне сай жаңаша зерттеуді қолға алды.

Маркстік-лениндік ілім өз әдіснамасын жан-жақты насихаттап баққанымен, әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір оны бірден қабылдай қойған жоқ. Классикалық мұра – қандай халықтың болсын ұлттық мәдениетін дамытуда ерекше ықпал жасайтын рухани байлық. Классикалық дәстүрі мен тарихи сабақтастығынан айрылған әдебиет өзінің ұлттық тамырынан да қол үзіп, өсу, даму жолын жоғалтар еді. Міне, сол себептен де 20-жылдары Қазақстанда да әдеби мұраны игеруге деген жаңа ықылас пен ынта біртіндеп пайда бола бастады. 1920-жылдардың бас кезінде мерзімді баспасөз бетінде өткен дәуірдегі әдеби мұраларды жариялау ісі қолға алынды, көптеген кітаптар, жинақтар жарық көрді.

1930-жылдардан бастап бұл іске қазақ кеңес әдебиетінің ақын-жазушылары да қызу араласты. С.Сейфуллин құрастырып, алғысөзін жазған Ақмолланың (1935), Ы.Алтынсариннің (1935), Ақан серінің (1935), І.Жансүгіров шығарған Сүйімбайдың (1935), Қ.Жұмалиев бастырған Махамбеттің, М.Жұмабаев шығарған Шәңгерейдің шығармалар жинағы бүкіл халықтың рухани қазынасына ғана емес, жас талапкерлердің үлгі алар мектебіне, туып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымының әдебиет тарихын жасау бағытындағы зерттеу жұмыстарының нысанасына да айналды. Құрастырып алғысөз жазушылар сол ақынның өмірбаяндық деректерін келтіре отырып, оның өлеңдерін ақын өмір сүрген дәуірдегі тарихи оқиғаларға немесе ақын өмірінде болған шындыққа назар аударып, жазылу себебін ашуға талпынған, ақын творчествосын жинап бастыру мен зерттеу жүргізудің тарихнамасын баяндап отырған.

Төңкерістен кейін соғысқа дейінгі дәуірдегі әдеби сында тұрпайы социологиялық сындар үстемдік құрды. Қазақ әдебиеті қай бағытта дамуы

керек деген мәселе бойынша пікірталастарда өткен ғасырларда жасалынған әдеби мұраның барлығы дерлік ескірген, кертартпа деп танылып, жаңа заманға лайықты әдебиетті пролетариаттың күшімен жасауымыз керек деген ұран көтерілді. Көркем әдебиетті, әдебиетті зерттеу істерін коммунистік партияның мүддесіне неғұрлым тиімді пайдалану мақсатымен 1925 жылы 11 маусымда Қазақстан пролетариат жазушыларының ассоциациясы (ҚазАПП) құрылды. ҚазАПП басшылық жасаған жылдарда (1925–1932) әдебиет майданында партиялық принципті басшылыққа алған ұр да жық солақай сындар үстемдік құрды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңдерін сөз еткен уақытта әдеби мұра мен көрнекті ақындар творчествосы туралы ой-пікірлер бірден сабасына түсе қоймады. Сол кездегі бүкіл кеңестік әдебиеттану ғылымы секілді Қазақстан да әдеби мұраны, классикалық әдебиет өкілдерін зерттеу мәселесінде кейбір қате көзқарастарға, концепцияларға қарсы күрес жүргізуге тура келді. Оның бірі – 20-жылдардың бас кезінде-ақ бастаған пролеткультшылдардың нигилизмі болса, екіншісі – ҚазАПП қайраткерлері қатты қолдап, жиі пайдаланған «тұрпайы социологизм» әдісі. Бұл екі теория классикалық мұраны зерттеуде Қазақстанда ғана емес, бүкіл кеңестік әдебиеттану ғылымында орын алды.

Әдебиет тарихын зерттеуде пролеткультшылдар әдеби дәстүрді жоққа шығарса, «тұрпайы социологизмді» қолдаушылар әдебиеттің партиялығын желеу етіп, таптық тұрғыдан талдауды, догмаға айналдырды. Оған төңкерісшілердің, атап айтқанда С.Мұқанов, Ғ.Тоғжанов, Е.Бекенов, М.Дәулетбаев, А.Байдильдин, М.Қайыпназаров және тағы басқалардың мақалаларын атауға болады. Ұлттық ғылыми зерттеушілік ой-пікір бұл қате теориялар ықпалында қалған жоқ, таза ғылыми сипаттағы өз ізденісін жалғастыра берді. Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы», С.Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері», Қ.Кемеңгерұлының «Көркем әдебиет туралы», Ж.Сәрсембиннің осы аттас «Көркем әдебиет туралы» т.б. мақалалар оған айқын дәлел.

Орыс әдебиеттану ғылымына қарағанда біздің ұлттық әдебиет тарихын зерттеуде көп қиындыққа кезікті. Оның бірнеше объективтік себептері бар. Біріншіден, революцияға дейінгі ақын-жазушылардың шығармашылығы зерттелмек түгіл, толық жиналып, текстологиялық жүйелікке түсіп, толық басылып шыққан да жоқ еді. Екіншіден, әдеби мұраны зерттеуде қалыптасқан дәстүр мен озық тәжірибе болмады, үшіншіден, қазақ зиялыларының көбі ағартушылық-демократтық бағытта болғанымен, көркем өнер туралы әдеби-теориялық біліммен терең таныстығы шамалы болды. Сондықтан да қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынына әдеби мұраны ұлттық нигилистерден, жалған жаңашылдардан, догматиктерден қорғай отырып туу, өсу дәуірін бастан өткізуіне тура келді. Оны біз қате теориялар ықпалындағылар тарапынан датталып келген Абай мұрасының 30-жылдардың басында ғылыми тұрғыда әділ бағалана бастауынан көрер едік. Е.Ысмайылов айтқандай, «Абайды ғылыми зерттеу кезеңі басталды». Абай ғұмырнамасын, шығармашылығын, өнерпаздық тұлғасын, әдебиет

тарихындағы орнын жан-жақты зерттеу қолға алынды. Бұл ұлт әдебиетіндегі басқа дарындар шығармашылығын ғылыми зерттеу ісіне қозғау салды. М.Өтемісов, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров, Шортанбай, Нарманбет, Шәңгерей, С.Көбеев, М.Ж.Көпеев, С.Дөнентаев туралы ғұмырнамалық, ғылыми-зерттеушілік сипаттағы еңбектер жарық көре бастады. Бұл ұлттық әдебиеттанудың туу кезеңіндегі тың ізденістердің көрінісі еді.

Солай бола тұрса да классикалық мұраны зерттеуде қазақ әдебиеттану ғылымындағы қате пікірлер мен «тұрпайы социологиялық» тұжырымдардың қатты өріс алуына 1932 жылғы «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме хат әсер етті. Сталиннің «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» хатының ықпалында жасалған бұл нұсқау-құжат «халық фольклорының көптеген шығармаларының, революцияға дейінгі кезеңнің аса көрнекті бірқатар ақындарының творчествосын жөнсіз жазғыруды күшейтіп, сол кездегі маңдай алды әдебиетшілерді қуғындауды өршітті, олардың көпшілігін кейіннен репрессияға ұшыратты» [80].

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушылар С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Мәметова, Б.Кенжебаев т.б. еңбектері қаралағыш сынға алынып, ғайбаттауға жол берілді. Ол әдеби-тарихи, әдеби-теориялық ой-пікірдің өрістеуіне кедергі келтірді, әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі ізденістерін аласапыранға айналдырды. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір дағдарысқа ұшырады, әдеби сын идеологияның сойыл соғарына айналды.

1920–30 жылдардағы классикалық мұраны, жеке дарындарды сөз еткен ғылыми мақалалар туралы ойымызды түйіндесек, олардан қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі әдеби-теориялық, әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ізденістер жолында іркілістерге ұшырай отырып өсу, ғылыми сипатқа көшу эволюциясын анық байқаймыз. Қазақ әдебиетінің революцияға дейінгі тарихындағы көрнекті өкілдердің творчествосын бағалауда нигилистік көзқараспен, «тұрпайы социализм» теориясымен күресе отырып, таза ғылыми-зерттеушілік мәндегі ой-тұжырымдар мен пікірлер нақты айтыла бастады. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселесі де көтерілді. Қазақ әдебиетінің тарихи курсы жасау мен дәуірге бөлу проблемасының ғылыми жүйеленуі алғашқы оқу құралдары мен әдебиет хрестоматияларында жүзеге асты. «Қазақ халқымен талай ғасырдан бері бірге жасап, рухани байлығы болған ауыз әдебиетінің озық үлгілері мен жеке дарындардың, әсіресе, Абай сияқты данышпан ақынның творчествосын игеру барысында қазақ әдебиетінің сыны өсу дәуірінде екені танылып қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасып келе жатқаны аян болды» [23, 114-б]. Яғни, Ұлы Отан соғысына дейінгі жылдарда қазақ әдебиеттану ғылымының әдебиет тарихын зерттеу арқылы өзінің туу кезеңін бастан өткізіп, қалыптасу кезеңіне бет бұрудағы ізденістерінде ғылыми-зерттеушілік сипаттағы мақалалардың қосқан үлесі айтарлықтай мол болды.

Жиырманасыншы жылдардан бастап қазақ әдебиетін ғылыми түрде зерттеу істері қолға алына бастады. Халық арасындағы сауатсыздықты жою саясатын қазақ интеллигенциясы қызу қолдады. Бұл жолдағы алғашқы қадам бастауыш дәрежесіндегі мектептерге түрлі әліппе, сауат ашқыш құралдар жасаудан басталды. А.Байтұрсыновтың «Әліпби» (1921), «Оқу құралы» (1921), «Әліпби. Жаңа құрал» (1926), «Тіл құралы» (1920), Т.Шонанұлымен бірігіп жазған «Оқу құралы» (1927), М.Жұмабаевтың «Сауатты бол» (1923), Ж.Аймауытовтың «Жаңа ауыл» (1929) атты оқулықтары мен тағы басқалардың оқулық, хрестоматиялары ұлттық әдебиеттің мектепке жеке пән ретінде жүре бастауына жетекші ықпал жасады. Мәселен, М.Әуезов 1927 жылы қазақ әдебиеті тарихынан тұңғыш зерттеу еңбек болып табылатын «Әдебиет тарихы» атты оқулығын жазады.

Бұл кезеңде көптеген ақын-жазушылар қазақ әдебиетін зерттеуге ден қойды. 1926 жылы А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышының» шығуы әдебиет әлемін теориялық тұрғыдан танып білудің басы болды. Сан-салалы қазақ әдебиетінің табиғаты, қыр-сырлары алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттелініп, жүйеленді. Кітап «Сөз өнерінің ғылымы», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталынған үлкен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Көрнек өнерінің тараулары», «Сөз өнері», «Шығарма сөз», «Мазмұн түрлері», «Сөз өнерінің ғылымы», «Тіл қисыны», «Сөз талғау», «Тіл әуезділігі», «Өлең шығару» деген тарауларға жіктеліп, жалпы әдебиеттану ғылымының негізгі қағидалары қазақ әдебиетінің нақтылы материалдары негізінде түсіндіріледі. Екінші бөлімде қазақ әдебиетінің үлгілерін қара сөз бен дарынды сөз (поэзия), ауыз әдебиеті мен жазу әдебиеті деп бөліп, әпқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады.

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған тұңғыш теориялық туынды болды. Еңбектің тағы бір құндылығы сол, мұнда қазақ әдебиетінің ұлттық табиғатын неғұрлым толық аша түсетін ғылыми жүйе, әдебиет теориясының қазақша терминдері жасалынды. Сонымен бірге кітапта қазақтың бай ауыз әдебиеті, әдеби мұрасы алғаш рет ғылыми айналымға түсті. Әсіресе Абайдың, Мағжанның өлеңдеріне ұлттық поэзиямыздың озық үлгісі ретінде көбірек назар аударылған.

М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) қазақ фольклорын жанры мен түріне жіктей отырып, тұңғыш рет жүйелі түрде зерттеген әдеби танымдық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бетін мәнді арнаға бұрған, бірнеше кезеңдерге бөлінетін әдебиет тарихы бар екенін танытқан бірден-бір оқулық, әдебиеттану ғылымының алғашқы қарлығашы болды. Еңбек шыға салысымен-ақ пайдаланудан алынып, зиянды еңбек деп танылды. Оның басты себебі бұл кітаптың қазақтың өткендегі бай әдебиетіне арналуы еді. Жеті бөлімнен тұратын кітапта сыршылдық салт өлеңдері, батырлар әңгімесі, ел поэмалары, тарихи өлеңдер, ертегілер, айтыстар, зар заман ақындары арнайы қарастырылған. Еңбекте қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері алғаш рет жүйеге түсірілді. Олардың озық түрлеріне талдаулар жасалды. Мысалы, тарихи өлеңдерден Абылайхан, Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет,

Бекет батыр сияқты жырларды талдайды. Зар заман ақындарына Асан қайғы, Бұхар жырау, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, Нарманбет, Шернияз, Досқожа, Күдері жатқызылады. Бұлардың елім деп еңіреп, халқым деп қайғырып жазған өлеңдеріне тоқталады. М.Әуезовтің осы оқулығында зар заман ақындары қатарына бұл дәуірге арғы заманнан Сыпыра жырау, Қазтуған, бергіден Алаша Байтоқ, Базар жырау, Досқожалар кіретінін атап өтіп, тарата баяндап талдау жасамаса да, бұлардың сөз саптаулары мен сарындары осы шеңбердегі үлгіде келетіні атап өтілген болатын. Бұл 20-жылдардың орта шеніндегі әдеби-тарихи ой-пікірде қазақ әдебиетінің тарихын арғы бастауларынан, демек қазақ хандығы құрылған кезеңнен бастап тексеру керек деген көзқарастағы ізденістің орын тебе бастағанын көрсетеді. Оның ұлт әдебиеті тарихын дәуірге бөлуге тікелей қатысты екені айтпаса да түсінікті. Осы идея алғашқы оқулықтар жазушыларға ауысып, М.Әуезов әлгіндей барлау түрінде ғана айтса, Х.Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» еңбегінде біршама жүйелі түрде жүзеге асты. Ол қазақ фольклорының даму процесі тұрғысында ой қозғай келіп, халық ақындарының рөлі ерекше екенін, олардың қай дәуірде өмір сүргенін атап көрсетуді мақсат тұтқан. Қазақ әдебиеті мынадай дәуірлерге бөлінеді деп атап көрсетпесе де, ортасында аты сақталған халық ақындарын әр ғасыр бойынша жіктей отырып түгелге жуық келтіреді. Х.Досмұхамедов ауыз әдебиетін халықтың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, наным-сенімдерімен тікелей байланыста қарап жіктегендегі көрінеді. Осындай негізге сүйенген еңбекте қазақ халық әдебиетінің үлгілерін 46 жанрлық түрге жіктейді. Күні бүгінге дейін жеткілікті назар аударылмай келе жатқан ауыз әдебиетінің түс жору, шежіре, мақтау өлеңдер, билік сөз, бата, алғыс, қарғыс, әзіл, зарзаман-толғау, күлкі, өсиет, көрісу, сәлем, діни өлеңдер, қисса сияқты түрлерін көрсетуі, соңында әдебиеттер тізімінің берілуі еңбектің ғылыми салмағын арттырып тұр. Ол кездегі компартиялық түсінік бойынша, қоғам дамуының төменгі сатыларында өмір сүрген халық шын мәніндегі әдебиетті жасай алмайды, озық әдебиет дамыған қоғамдық формацияда, социализмде ғана мүмкін, яғни қазақтың нағыз көркем әдебиеті қазан төңкерісінен кейін ғана туа бастады. Осындай біржақты бағыт компартия билеген дәуірдегі қазақ әдебиеттану ғылымындағы басты қағидалардың бірі болды.

Солақай саясаттың кебін С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932), С.Мұқановтың «XX-ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) зерттеу-оқулықтары да киді. С.Сейфуллиннің кітабы «Қазақ әдебиеті» аталғанымен де онда негізінен ауыз әдебиеті қарастырылады. Оқулыққа «I кітап, Билер дәуірінің әдебиеті» деген қосымша анықтама беруіне қарағанда автор қазақ әдебиетінің көп томдық тарихын жасауды ниеттенген сияқты. Еңбекте әдебиет халық тарихымен тікелей байланысты қарастырылып, әдеби нұсқалар молырақ берілген. М.Әуезовтің кітабында ауыз әдебиетін жүйелеуге алғашқы әрекет жасалынса, С.Сейфуллин бұл істі тереңдете түседі. Мысалы, ауыз әдебиетін негізгі екі топқа бөліп, алғашқысына оның шағын түрлерін, екіншісіне эпосты жатқызады. Біріншісін, ертектер, салт өлең-жырлары, діни өлеңдер, төрт түлік туралы, ойын-сауық өлең-тақпақтары, билер сөздері деп жіктейді.

Эпосты «жырлы әңгімелер» деп атаған да оның екі түрін («батырлар әңгімесі» мен «ертедегі жырлы әңгімелер») көрсетеді.

С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» – күрмеуі көп кезеңнің әдебиетін кеңінен қарастырған көлемді еңбек. Бұл кітап та күні кешеге дейін «жабық» еңбектердің қатарында болды. XX ғасырдың басындағы қазақ ақын-жазушыларының барлығы дерлік совет өкіметі тарапынан «ұлтшылдықпен» қараланғаны белгілі. Әдебиеттегі содырлы саясаттың тікелей әсерінен сол кездің қаламгерлерінің көпшілігін идеялық жағынан айыптай отыра көркемдік қасиеттерін бағалауға келгенде шындықты айта алған. Кітап А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ғ.Қарашев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Б.Күлеев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов сияқты «алашорда әдебиетіне» жатқызылған ақын-жазушылардың шығармашылықтарына алғаш рет талдау жасалынып, көркемдік тұрғыдан бағалы пікірлер айтылғанымен құнды. Мысалы, М.Жұмабаев жайлы «Ақындық жағына келгенде Мағжан қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ» – деп бағалауын қазіргі зерттеулер толық дәлелдеп отыр.

С.Мұқановтың осы бастамасын жалғастырып, қазақ әдебиетін оқытуды әдебиеттің тарихи курсы жобасына жақындату талабымен көрінген, әдебиет тарихын дәуірге бөлудің жаңа да тиімді жобаларын ұсынған оқулықтар жазылып шыға бастады. Солардың бірі – І.Жансүгіров пен Ғ.Мүсірепов құрастырып шығарған «Көркем әдебиет жинағы» атты хрестоматия.

Бұлар әдебиетті тарихи курс ретінде оқыту жолындағы талабы арқылы қазақ әдебиеті тарихының даму процесіндегі белгілі бір дәуірлерді ашып, қазақ әдебиеттану ғылымының алдына дәуірге бөліп зерттеу және оны бір жүйеге түсіру проблемасын қойды. Ал жүйелі түрде дәуірге бөлу дегеніміз – әдебиет тарихының тарихи сабақтастық дәуіріндегі даму жолын танып білу үшін ең басты принциптердің бірі. Осы принципке сай қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөлудің жаңа жобасын ұсынған оқулық М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтар жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» болды.

Ғылыми зерттеудегі негізгі қарастырылған ақындар қазақ әдебиетінің XIX және XX ғасыр басындағы дәуірлерінің көрнекті өкілдері бола тұрса да, авторлардың басты мақсаты ғылыми-педагогикалық талаптарға және әдебиетті мектепте тарихи курс ретінде тереңдете оқытуға сай тұрақты оқулық жасау болғандықтан, орыс классиктерінің өмірі мен творчествосын таныстыруды жөн санаған.

Қазақ әдебиеті оқулығына орыс классиктерін кіргізудегі осы авторлар салған бастама 30-жылдардағы барлық оқу құралдары мен хрестоматияларда орын алды. Бұл қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жазу мен дәуірге бөлуде басты рөл атқармағанмен, кейінірек ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді орыс әдебиеттану ғылымындағы маркстік-лениндік әдіснаманың бағыт-бағдарын ұстануға және оқулықтар мен хрестоматиялардың ғылыми-педагогикалық, оқу-әдістемелік дәрежесін арттыруға әсерін тигізді. «XIX

ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралындағы» әдебиет тарихын дәуірге бөліп тексерудегі жаңа жүйе, соны топшылаулар мен тұжырымдар зерттеушілік ой-пікірдің тың бір қадам жасағанын байқатады. Оқу құралында көптеген эстетикалық-социологиялық мәселелердің беті ашылып, қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми арнамен жазу қажеттігін танытқан сәтті ізденістердің бірі болды.

30-жылдардың бас кезінде жарық көрген оқу құралдары мен оқулық-хрестоматиялар ғылыми ой-пікірдің маркстік-лениндік әдіснаманы игере отырып тереңдеу жолын да көрсетеді. Бірақ бұл процесс ешбір кідіріссіз алға баса берген жоқ. Оған басты себептердің бірі «тұрпайы социологизмнің» қатты өріс алуы еді. М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтың «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1930) оқу құралында ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің кемелдене түсіп, бір саты жоғары көтерілгенін көрсек, М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев құрастырған «Әдебиет хрестоматиясында» (1934) «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалынан шыға алмай қалған. 1930 жылдардың екінші жартысына қарай оқулықтардан гөрі хрестоматиялық сипаты басым оқу құралдарын шығару үрдісі орын алды. 1936 жылы С.Әлімбаев, Ә.Қоңыратбаевтың III класс үшін, 1937–1938 жылдары М.Әуезовтің VI класс үшін, Үсеновтің IX класс үшін, М.Жанғалин мен С.Ерубаетың X класс үшін, Ә.Тәжібаевтың V класс үшін, Д.Әбіловтің VII класс үшін, С.Мұқанов пен Х.Бекхожиннің VIII, X кластар үшін, Е.Ысмайыловтың IX класс үшін әдебиет хрестоматиялары шығып, мектептерді оқу-құралдарымен қамтамасыз етуді талап еткен дәуір тілегінің қажетіне жарады.

Қазан төңкерісінен кейін туындаған идеологиялық қыспақ, әсіресе, қоғамдық ғылымдардың табиғи даму арнасын тежеп, ғылыми сипатына нұқсан келтірді. Осының салдарынан отызыншы жылдары ұлттық әдебиеттану ғылымы ойсырап, оның көрнекті өкілдері қуғын-сүргінге түсті. Қазақ әдебиеттануында қолға алына бастаған ізденістердің маркстік-лениндік дүниетаным талаптарына сай емес деген желеумен теріске шығарылуын, көрнекті ақын-жазушы, әдебиетші ғалымдарды репрессияларға түсіргенін айтумен бірге ұлттық сын мен әдебиеттануды идеология қолшоқпарына айналдырғанын байқаймыз. Яғни тоталитаризм үстемдік құрған осынау күрделі кезеңнің негізгі себеп-салдарын жете танудың, қыр-сырын ашып, оған үңілудің қажеттігі туындап отыратыны анық. Тоталитарлық жүйе қандай да болмасын халықтың ұлттық руханиятын қысымға алу, тарихи санасын жою, зиялы қауымын қуғын-сүргінге түсіру сияқты қатал саясат ұстанады. Бұл жерде кешегі тұтас кеңестер елдері, соның ішінде халқымыздың басынан өткерген зұлмат пен қасірет тарихын саяси тоталитарлық жүйеге берілген мына анықтамадан да терең тани түсеміз, «Тоталитаризм [франц. totalitarisme от лат. totalis целый, весь, полный] – 1. Государственный режим, политический строй, при котором государственная власть в обществе сосредоточена в руках какой-либо одной группы (обычно политической партии) уничтожающей в стране демократической свободы и возможность возникновения политической оппозиции, полностью

подчиняющей жизнь общества своим интересам и сохраняющей свою власть благодаря насилию, военно-полицейскому террору и духовному порабощению населения, то же что фашистский режим, тоталитарное государство – форма государства, характеризующийся полным (тотальным) контролем со стороны органов государственной власти над всеми сферами жизни общества, фактической ликвидацией конституционных прав и свобод, насилием, репрессиями в отношении оппозиции и инакомыслящих» [81, 576-б]. Өз кезегінде тоталитаризмнің қазақ тарихындағы көрінісі Ресей империясы және сол империяның тікелей мұрагері болып табылатын КСРО тарихымен тығыз байланысты. Мәселен Қазан төңкерісіне дейін отаршылдық қысымындағы ел тағдырын жырлаған және ұлттық оянуды тақырыптық-идеялық арна еткен қазақ ақындарының өлең жинақтары патшалық цензура тарапынан қатал қыспаққа ұшырап отырды. Зерттеуші Ж.Шалғымбаеваның «Қыспақ көрген кітаптар», «Бұғауда бұлқынған дәуірсөз» мақалаларындағы деректерден Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілінде шыққан кітаптарға патша өкіметінің бақылауы, цензуралық қысымы қандайлық деңгейде болғанын байқаймыз. Атап айтқанда, 1984 жылдан бастап қазақ тіліндегі кітаптарға бақылау жүргізіліп, олардың отаршыл империя мүддесіне қарсы деп табылғандарын жариялануы мен таралуына барынша кедергі келтіріліп отырды. Соның барысында «Піриәдлар» («Өксік»), «Оян, қазақ!», «Есіл жұртым», «Ақын», «Балалар бадавамы», «Насихат қазақия», «Абрит», «Шолпан», «Қарлығаш», «Кітапхана жұрнағы», «Қазақ шәкірттеріне һадия», «Әдебиет өрнегі», «Жас ғұмырым», «Шикаят», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Қазақтың осы күнгі әңгімесі», «Дүниядан шикаят», «Тұр, қазақ» жинақтары идеялық мазмұны жағынан қауіпті деп табылды [82]. Сол арқылы ұлттың оянуын басты мақсат еткен және отаршылдық саясатты әшкерелеген кітаптар, олардың авторлары қуғын-сүргінге түсті. Бұл ретте А.Байтұрсыновтың «Қазақ қалам қайраткерлері орыстан қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған. Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау бар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта туған. Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтынын ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес» дегені отаршылдық қысымға деген рухани наразылық танытып, сол жолда тарихи міндетін атқарып шыққан алаш арыстары шығармашылығының даралық сипатын айқындайды. Империялық үстемдік өктемдігіне қарамастан халық қамын жеген қазақ зиялылары патшалық билеудің қитұрқы саясатын ашық айыптап, әшкерелеп отырды. Алайда ондай батылдық танытқан ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлғалы алаш арыстарын абақтыға қамады, жандарымдық бақылауға алды. Демократиялық ой-пікір мен адам құқығы аяққа тапталып, империялық өктемдік бұратана деп табылған халықтарды орыстандыруда мейлінше қатал саясат ұстанды.

Бұған мысал ретінде М.Тынышбаевтың 1905 жылы Автономшылар одағының бірінші құрылтайында жасаған «Қазақтар және азаттық қозғалыс» баяндамасын келтіруге болады. Онда Ресей империясының қазақтарға қатысты ұстанып отырған саясаты ашық айыпталып және саяси-рухани қысымның болмыс-бітімі батыл әшкереленіп: «Үкіметтің нені көздеп отырғаны түсінікті: біріншіден, жабайы және тағылық қуғын-сүргіндер және тілді, әдет-ғұрыпты, барлық өзіндік ерекшелікті қыспаққа алу арқылы қазақтарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру; екіншіден, түрлі әкімшілік шаралар арқылы, пәрмендер мен ережелер күшімен қазақтарды хұқықсыз, қауқарсыз, заңсыз тобырға айналдыру; үшіншіден, оларды қаны төгіліп, сүйегі шашылған ежелгі атақоныс жерлерінен айыру және құла дүз, қу далаға ажал аранына айдау. Қандай қанқұйлы, зымиян мақсат?!», деп жазылса, түркі тілдес халықтарға қатысты саясатты татар халқының перзенті Садри (Садреддин) Максуди II және III Мемлекеттік Думаның V сессиясында: «Біздер, мұсылмандар, басқа да орыс жұртымен бірге көріп отырған қысымның үстіне мұсылмандарға әдейі жасалған бірқатар нағыз қуғын-сүргінді, шектеулерді және басқаларын бастан кешіп отырмыз. Қай халықтың да өзіне тән ең қымбаттысы, ең қасиеттісі болады. Әдетте ақыл, парасаты бар үкімет қаншалықты реакцияшыл болғанымен халықтың мұндай қымбатты, қасиетті жақтарына тиіспейді. Бұл халықтың – ана тілінің, сол тілдегі мектебінің, тағы басқаларының жойылып кетпеуі, өмір сүруі деген сөз. Бұлар әр халықтың ең бір киелі дүниелері. Ал кейінгі жылдары үкіметіміз біздің осындай ең қымбатты, ең киелілерімізге қол сұғып отыр: біздің мектептеріміз, біздің әдебиетіміз қуғындалуда, біз алғаш рет өмірмен, мынау жарық дүниемен танысқан тіл, нәресте кезімізде анамыз бізге алғаш рет үн қатқан тіл қуғындалуда» [83] деген пікірімен Ресейлік отаршыл саясаттың адамзаттық гуманизмге жат іс-әрекетін, деспотизмін ашады. Ал кешегі тарихымызды тануда, бағалауда еуроцентристік, шовинистік көзқарастан туындаған қате қағида бұлжымас заңдылыққа айналып, «Отарлық жаулаудың барлығын қосып алу, көбіне өз еркімен қосылу деп жарияланды. Ресей өзінің түстігі мен шығысындағы жабайы, надан, қанқұйлы халықтарды мәдениетке, игілікке жетелеуші болып шықты, қанды істер ақталып, зұлым саясат мадақталды» [84, 133-б].

Қандай да болмасын отаршылдық және тоталитарлық жүйе мақсаты – өзіне тәуелді халықтарды дербес ұлт ретінде жою, рухани құндылықтарынан айыру десек, Ресейлік билеп-төстеудің өзіндік ерекшелігі де бар. Тарихшы М.Қозыбаевтың «Батыс отаршылдарынан Ресей отаршылдарының бірнеше өзіндік өзгешелігі болды. Біріншіден, Ресей отарлық бұғауды қотандас халықтарға салды. Екіншіден, ол отар елге қоғамның небір азғын, шеттен шыққан топтарын үзбей жіберді, елді, халықты нашақорлыққа, сатқындыққа, екіжүзділікке итермеледі» [85, 29-б] деген пікірі орыс отаршылдығының сипатын танытады. Сондықтан да сол отаршылдық зардабын татқан елдердің тұтас руханияты тарих талқысына түсті. Әсіресе, қазақ халқы үшін ұлт ретінде жойылып кетудің қауіп-қатері ерекше төнді. Осыны терең сезінген

ұлт зиялылары ел санасын ояту, халық мүддесі мәселелерін өмірлік мұрат-мақсат етіп қойды.

Қазақ қоғамындағы ұлттық сарынның терең әлеуметтік сипат алуында «Қазақ», «Айқап» басылымдары маңызды орын алды. Олардағы көсемсөз, саяси-әлеуметтік лирика «Оян, тұр, жатпа, қазақ» деп, халықтың елдігі мен өрлігінің сарқылмас бұла күшіне үміт артты, тың серпіліс берді. Ғасырлар тоғысындағы отаршылдық пен отаншылдық арасындағы бітіспес майданда ұлт тағдыры мен азаттығын сезінуде әр азаматтың жұрт алдындағы парызын парасат пайымына салды. XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары өздеріне дәуір талабы жүктеген ауыр міндетті атқарып шықты. Ол қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуы, азаттығына деген ұмтылысынан айқын танылды. Оған ғасыр басындағы алаш зиялыларының тарихи ерен істері дәлел. Біріншіден, халықтың саяси бостандығын өткір көтерді, ұлт дербестігін басты орынға қойды, екіншіден, қазақ әдебиетінің тақырыптық-идеялық арнасын ұлттық идеологиямен еселей түсті. Академик С.Қирабаевтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Абайдың ағартушылық, демократиялық жолын ұстана отырып, оны саяси күрес идеясымен толықтырды, отаршылдықты, ұлттық езгіні айыптады. Отаршылдыққа қарсы күрес елдің тәуелсіз даму жолына түсуі, алдыңғы қатарлы елдерге теңелу, оқу-білім үйрену, халық тұрмысының ауыртпашылықтарын сөз ету бүкіл дәуір әдебиетінің ерекшеліктеріне айналды» [86, 16-б] деген пікірі алашшыл әдебиеттің ұлттық сипатын айқын танытады.

Ғалым Т.Кәкішұлы қазақ зиялылары басынан өткерген саяси зобалаң толқындарының басты үш кезеңін атап көрсетеді. Олар 1920–1951 жылдар аралығын қамтыған кешегі кеңес дәуірінің ленинизм, сталинизм, яғни тоталитарлық жүйе жағдайындағы ұлт тарихындағы ең бір зұлмат пен зобалаңға, қасірет пен қайғыға толы кезең болатын [87, 288–310-бб]. Бұл жерде қазақ зиялыларын ұлт көсемдері ретінде саяси қыспаққа алу Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда да өзінің заңды жалғасын тапқаны еш таңданыс туғызбайды. Әсіресе, большевиктік саясатты қолдамаған алаш зиялыларына қарсы жүргізілген саяси науқандардың барысында талай қиянаттарға жол берілді. Мысалы, М.Дулатов 1918 жылы жазылған «Жасасын, Алаш автономиясы! Көркейсін, Алаш!» атты мақаласында большевиктік саясаттың шектен шыққан қаталдығын сол кезеңнің өзінде-ақ әшкерелеп, былай жазған еді: «Большевиктердің мықты бір жауы автономия алмақ жұрттар еді. Большевиктер Украина даласын қанға бояды. Түркістан автономиясын жоғалтып, халқына ойран салып, Қоқан шаһарын жермен жексен қылды. Үкімет адамдарының біразы жабылды, бірсыпырасы қашып құтылды. Башқұртт автономиясын таратып, азаматтарын абақтыға жапты. Қырымды қанға бояды. Азаматтарын қойдай бауыздады, Қырым муфтиі Жәмежихан хазіретті әуелі абақтыға жауып, соңынан кескілеп суға ағызып жіберді. Автономия боламын деген жұрттардың әрқайсысының көрген күні осындай болды... Алаш азаматтары большевиктің оғына да ұшты, абақтысына да жабылды, қашып та жүрді. Осынша басын өлімге, бейнетке байлағандағысы – Алаш баласын большевиктің бүліншілігінен аман алып

қалу еді» [88, 437-б]. Ал А.Байтұрсынов «Бас өзгерді, бастық өзгерді, төбе өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр» деп жаңа саясаттың бұрынғы билеп-төстеудің заңды жалғасы екенін ашық айтты. Басқасын айтпағанда қазақтың тарихи атауы империялық басыну, шовинистік астамдықтан бұрмаланды. Кезінде О.Сүлейменов айтқандай, «Сен мені хазар дедің, қайсақ дедің, маңғұл дедің, ақыры қазақ атадың-ау, әйтеуір». Оның өзінде С.Сейфуллиннің ұлтжандылығынан туған «Қазақты – қазақ дейік, қатені түзетейік» (1923) мақаласы қозғаушы күш болғаны тарихи шындық.

Мәселен С.Сейфуллин аталған мақаласында «Бүгінге шейін қазақты орыстар «киргиз» деп келді. Не себепті қазақты орыс «киргиз» деп кеткенін тексермей-ақ, осы «киргиз» деген аттың қалайша жалпы қазаққа жапсырылып кеткенін баяндамай-ақ, енді бұл тарихи қатенің түзетілуі керек екенін жұртқа айтқым келеді.

Орыстың патшасы қазақты қаратып алып, жалпы қазаққа «киргиз» деген айдар жапсырған соң орыс патшасының төрелері, жасауылдары қазақты біртүрлі мүгедек, мақау жануар деп санап, «киргиз» дегенде бір түрлі көкірекшіл, кесірлі қиянатпен, қорлағанын мазақпен айтатын болды. Ал патшаның «шарапатына» маз болған мырзалар қазаққа жоғарыдан төмен қарап, тұмсығын кекірейтіп, пысқырып, «киргиз» дейтін болды. Төрелердің қатындары итіне ұрысқанда: «Ах, ты палкан, киргиздан да жамансың, – дейтін болды» деп жазды. Сол арқылы ұлт атауының бұрмалануын қалпына келтіру мәселесін мемлекеттік деңгейде шешу талабын қойды. Сондықтан да «Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» дегенді қойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек» деген ұлт намысын қайрайтын пікірін еш жасқанбай батыл көтерді.

Халқымыздың басынан өткерген түрлі саяси идеологиялық науқандар зардабын айтқанымызда сталинизм қасіретінің қанды ізі ұлт тарихында жазылған ең бір зұлматқа толы қилы кезең болғанын ерекше зерделеу қажет. Сталинизм бір ғана қазақ халқының емес, тұтас кеңес елдерінің кешегі тарихында ұлттық қасіретке толы кезең ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, орыс ғалымы Е.Громов «Сталин: пути эстетического утилитаризма» мақаласында: «Вне изучения Сталина и сталинизма невозможно понять величайшую трагедию советского искусства 30–50-х годов: что от него осталось ценного и осталось ли вообще, как жили и могли жить в те страшные времена талантливые люди?» [89, 97-б] деп жазады.

КСРО елдерінің төлтума мәдениеті мен әдебиетінің тоталитарлық жүйе жағдайында идеологиялық қысымға алынуының кілтпаны мен салдарын қарастырған орыс ғалымы Е.Добренко ондай жүйеде қандай да болмасын ұлттық және дәстүрлі мәдениеттің жұтылуының тамыры тереңде екенін екшейді. Ғалым тоталитарлық мәдениет көрінісі кешегі төңкеріс рухындағы жаңа мәдениет жасау жолындағы саяси биліктің қитұрқы әрекетінің жемісі екенін ашық айтады. «Тоталитарная культура – наследница революционной вступает в реальное противоборство с традиционными системами культуры, а

в них закреплено два предела самосознания – национальный и интернациональный. Образующая ими взвесь и формирует индивидуально-национальные миры, в вершинных своих проявлениях – универсально-общечеловеческие. Вот именно между этими двумя границами сознания пробивает свой «третий путь» революционная и затем ее преемница – тоталитарная культура. Такая «война на два фронта» – закон «новой культуры». Бұдан тоталитарлық жүйе өзіне тән жаңа тоталитарлық мәдениет жасау жолында кез келген халықтың руханиятын құрбандыққа шалу үшін қандай да болмасын озбырлыққа баратыны айқын таныла түседі. Демек, тоталитарлық қоғамда қандай да болмасын ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің өзіндік сипатын сақтай отырып өрістеуге жол берілмейді. Ал белгілі бір ұлттың қаламгері өзінің халқының ұлттық даралығын суреттеген немесе жырлаған жағдайда тоталитарлық жүйе қысымына алынып, қуғын-сүргінге түсуі бұлжымас заңдылық деп қарастырылады. Сондықтан да өмірдің шындығын жазуға, қоғам қайшылығын суреттеуге тек тоталитарлық жүйе талабына сай келу басты орынға қойылды. Әдебиет пен өнерді идеология құралына айналдырған партиялық билік түрлі қаулы-қарарлар арқылы әміршіл-әкімшіл жүйенің бағыт-бағдарын үнемі нығырлап отырды. 1945–1953 жылдар аралығында қабылданған партиялық қаулы-қаралар сталинизмнің руханият әлеміне жасалған қиянатының шырқау шыңы болды. Одақ көлеміндегі қаулыларды атамағанда бір ғана Қазақстанда осы тұста жеті зілді қаулы-қарар қабылданды. Сол арқылы қазақ халқының әдеби және классикалық мұрасы кезекті саяси науқан тегеурініне алынып, көрнекті қаламгерлер, әдебиетші ғалымдар қуғын-сүргінге түсті. Біріншіден, қазақ халқының сан ғасырлық тарихының көркем шежіресі болып табылатын ұлттық сөз өнерінің асыл үлгілері халыққа зиянды шығармалар деп қараланды, екіншіден, ұлт зиялылары саяси тұрғыдан айыпталып, қуғын-сүргінге алынды, абақтыға қамалды. Бұл ретте орыс жазушысы А.Фадеевтің мына толғанысы тоталитарлық жүйе жағдайындағы ұлт зиялыларының басты трагедиясын айқын танытады деуге болады: «Лучшие люди литературы умерли в преждевременном возрасте, все остальные, мало-мальские способные создавать истинные ценности, умерли не достигнув 40–50 лет».

Ізденістер мен іркілістерге толы туу дәуірінде сан қилы қиыншылықтарды бастан өткерген, саясат пен идеология қыспағында құрбандықтарға да баруына тура келген, маркстік-лениндік әдіснамалық қағидаларына біржола мойынсұна бастаған ұлттық әдебиеттану ғылымы 40-жылдардың басынан бастап өзінің қалыптасу кезеңіне қадам басты. Қазақ халқының өнері мен әдебиеті, ғылымы, оқу-ағарту саласы үшін бұл өте бір қиын мезгіл еді. Социализм орнату жолында қазақ халқына аяусыз қатал саясат ұстанған қызыл империя ұлттық өнер мен әдебиетті, ғылымды жаңа заманға қажет деп тапқан маркстік-лениндік әдіснама мен идеологияға бағындыру мақсатында тарихта бұрын-сонды болмаған зұлмат қырғынға жол берді. Осының салдарынан қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің даму жолын бастаған жаңа дәуіріне әдебиет туралы ұлттық ғылымның туып, аяғынан қаз тұрып кетуіне жанқиярлықпен еңбек сіңірген, әдебиет тарихы мен

теориясының күрделі мәселелерін бар мүмкіндікті пайдалана отырып шешіп бере алған, кейде заман талабына сай қателіктерге ұрына отырса да ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыт бағдары мен негізін салып кеткен білікті де білімді әдебиетші, сыншы, зерттеуші кадрларсыз келуге мәжбүр болды.

20–30 жылдардағы әдеби сынды жанр ретінде қалыптастырған, әдебиет туралы ғылымды тудырып үлгерген азды-көпті табысты сталиндік саясат жоққа шығарған еді. Сын мен әдебиеттану енді И.Сталин басшылығымен түзетулер енгізілген маркстік-лениндік әдіснама мен идеологияға сай бағыт-бағдар түзеуге дайындала бастады. «Ұлтшыл-алашшыл» атанған сыншы-әдебиетшілердің зерттеу еңбектерін былай қойғанда, төңкерісшілердің көп жағдайда маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай келетін мақалалары мен зерттеулері, оқулықтары ғылыми айналымға енгізілмей тиым салынуы, пайдаланудан шығарылып тасталуы үлкен қиындыққа ұшыратты. Бұл даму жолын бастағалы тұрған ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін ең басты кедергі еді. Ғалым С.Қирабаев атап өткендей: «Әдебиет тарихының көп беттері «ақтандақ» күйінде қалды, социалистік реализ теориясы әдебиеттік әдісімізді бір жақты, жалаң мадақтаудан аса алмады, әдебиет сыны да өз міндеттерін ойдағыдай орындаған жоқ» [38, 21-б]. Сол себепті де сын мен әдебиеттану ғылымы маркстік-лениндік әдіснаманы түпкілікті басшылыққа ала отырып, дәуір талабы жүктеген келелі істерді қолға алуға, яғни өзінің өткен жолын біржақты терістей отырса да, жаңа бағыттағы ізденістерге ден қоюға мәжбүр болды. Бұл жерде ұлттық әдебиеттану, соның ішінде, әдеби сын идеологиялық қыспақ пен теперішке толы 1937–38 жылдар қасіретінің қиянатын өткергенімен, қырқыншы жылдары өзінің дамуын тоқтатқан жоқ. Профессор Т.Кәкішев оны қазақтың ұлттық әдеби сынының қалыптасу дәуірі деп атағаны мәлім [23, 3-б].

Ұлы Отан соғысы кезінде сын да, зерттеу де көңілдегідей дамуға мүмкіндік ала алмады. Әдебиет кітаптары аз шықты. Әдеби газет-журналдар жабылып қалды, жастар газеттері де шықпады. «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері ғана сақталып (кейде шағын форматпен), олардың бетінде сирек те болса, шығып тұрған кітаптарға сын-рецензиялар басылды. Солардың ішінен көңіл аударатындары – Ғ.Мүсіреповтің М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабы жөнінде жазған «Абай романы туралы» (1943) мақаласы мен майданнан жіберілген Қ.Аманжоловтың «Абдолла» поэмасы және Ә.Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңі туралы «Майданнан соққан жаңа леп» деген мақаласы (1944). Бұл екі шығарма да «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған. Олар туралы пікірді Ғ.Мүсірепов те сол газетте жариялады. Алғашқы мақала М.Әуезовтің Абай өмірі жайлы эпопеялық туындысының бірінші кітабына арналған еді. Ғ.Мүсірепов онда ұлы жазушының үлкен жоспарының сәтті басталғанын айтып, романның құрылысына, идеялық-көркемдік сипаттарына ең бірінші рет кең талдау жасады. Екінші мақалада майдангер ақындардың «өзекті өртеп шыққан» жалынды сөздеріне көңіл аударды. «Барлығы жеңіс үшін, барлығы майдан үшін» деп, майдан жаққа көз салып отырған халыққа бұл жырлар «майданнан соққан жаңа леп» болғанын айтты. Е.Ысмайыловтың,

Б.Кенжебаевтың, С.Төлешевтің, Қ.Жармағанбетовтің сирек те болса басылған мақалалары жаңа кітаптар мен әдеби өмірдің мәселелеріне арналды.

1812 жылғы соғыста Батыстың әр өңірін аралай отырып, Парижге жеткен орыс әскері, ойлы офицерлері, саналы солдаттары өздерінің көзімен көргендеріне таң қалып, жанымен сезгендерін Ресейге жыр қылып айтып келгені белгілі. Халық мақсатын, ел мәртебесін ойлағандар Ресейдің өркендеуіне тұсау болып келе жатқан монархиялық құрылыстан құтылудың амалдарын қарастырып, декабристер көтерілісін ұйымдастырды. Буржуазиялық теңдікке ұмтылғандардың ынтымақ-бірлігі жетіспей, жеңіліске ұшырады. Бастаушылары атылды, асылды, көмектескендері мен «іш тартқандары» Сібірге, Қиыр Шығысқа, Қазақ даласына жер аударылды.

XIX ғасырдың басындағы соғысқа қарағанда, XX ғасырдың 30–40 жылдарындағы дүниежүзілік соғыстың аумағы мен мақсаты мүлдем өзгеше екені даусыз. Соғыстың бар ауыртпалығын көтерген кеңес адамдары Батыс Еуропаның қамалдарын алды, қалаларын көрді. Тұтқынға түскендер мен еріксіз айдалғандар Германияның лагерьлері мен жекеменшік үйлерінде құлдықта, күндікте жүргенде елді аңсаумен қатар, төңірегіне көз салып, талай ойға батқаны сөзсіз. Ал жауынгерлер болса, өздері қиратып, басып алған елді мекендер мен қалалардың сәулетті келбетін көріп, қираған сарайларды аралап, жасау-жиһаздарды тамашалады. Үкімет дұшпан жерінен алған олжадан елге посылка жіберуге рұқсат етті. Ал қолында билігі барлар дүние-мүлікті елге вагондап жөнелткені жайлы деректер бар. Жау жерінен келген дүниелер елге жеткенде, мұндағы мұндықтарды таң қалдырды. Елдегі жетім-жесірлер, бала-шаға батыс дүниесіне табына қараған, қолына тигенін мақтан тұтқандары да шын. Еуропаны жеңіп қайтқан солдаттың санасында оның мәдениетін мадақтау, құрметтеу сезімі оянды. Бірақ сол арқылы санамызға ненің дарып жатқанына мән бере бермедік. Бұл жағдайлар коммунистік идеологияға қатты әсер етті. Оның ойы да, сөзі де өзгере бастады.

Соғыстың бас кезінде, қысылшандық туғанда И.В.Сталиннің аузымен ата-бабаның аруағы еске алынып, партия әр елдің патриоттық сезімін бір арнаға бағыттай білген еді. Ал жаудың беті қайта бастаған уақытта тарихтың үлгілі әсері күшейіп, әр халық өзінің өткенінен сабақ алуға ұмтыла бастағанын тағы да көрді. Мұндай «ұлтшылдыққа» жол беріп отыруды орынсыз деп тапқан партия олардың бетін қайтару жұмысын бастады. Оның бастамасы ретінде ВКП(б) Орталық Комитетінің «Татар партия ұйымында саяси-көпшілік және идеологиялық жұмыстың жай-күйі және оны жақсарту шаралары туралы» (1944) қаулысы алынды. Онда түркі халықтарының ортақ батыры, ел билеушісі Едігенің қызметіне теріс баға берілді. «Едіге батыр» жыры «ұлтшылдықты» қоздырушы деген сипатта қара тізімге ілікті. Едігені өткен заманның кертартпа билеушілері қатарына қосып, ол туралы халық әдебиеті жоққа шығарылды.

Татар ұлтшылдығына қарсы саяси науқан Қазақстанда Едіге батыр туралы зерттеу жүргізген ғалымдарға қатысты өз жалғасын тауып жатты.

Мәселен Ә.Марғұланның «Эдыге в истории и преданиях» (1944) атты еңбегі шовинистік пікірдегі Е.Степанов сынының сойылына алынып, «ұлтшылдық» тұрғыда «әшкереленді».

Партия тарапынан жүзеге асырылып демеу тапқан осындай шовинистік көзқарастар дендей түсті де, тарихшы А.И.Яковлев Сталиндік сыйлыққа ұсынылған «Қазақ ССР тарихын» «ұлтшылдық» тұрғыдан орысқа қарсы жазылған еңбек» деген астамшыл пікірі арқылы солақай сынға жол салып берді.

Бұдан кейінгі кезекте Сталин екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына байланысты ұйымдастырылған жеңіс шеруінің қабылдауында соғыстың ауыртпашылығын көтерген орыс халқы деп атап, оны «Ұлы халықтар» қатарына қосты. Оның саулығы үшін тост көтерді. Орысты аға тұтып үйренген саясат жеңді де, оны ұнатпағандар іштен тыңды. Әйтпесе, соғыста кеңес халықтарының бәрі де өзінің санына лайық қару ұстады, құрбандық берді, етігімен су кешті. Тіпті жері жау қолында қалған Балтық республикалары мен Украина, Белоруссия мүддесі ескерілмеді. Бұл жағдайлар бұрын да жүргізіліп келген ұлыдержавалық шовинизмді қоздырды. Шовинизм мемлекеттік-партиялық саясаттың өзегіне айналды. Ендігі жерде аға халықтың ыңғайына көніп, басқа халықтар өзінің ерлік дәстүрлерінен, ата-бабаларының ұлы істерінен безуі қажет болды. Патша өкіметі тұсындағы отаршылдық коммунистік партияның саясатына кірді. Кеудемізді ешкімге бастырмаймыз, өзгелер бізден үйренсін деген коммунистік өркөкіректік айналымға келмей, «батысқа бас имеу», «табынбау» деген науқанды көтерді. Олар ел соғыспен әлек болып жатқанда, халықтың бүкіл рухани дүниесі батыстың іріген-шіреген мәдениетінің әсерімен бұзыла бастаған екен деген ой түйді. Партия осыны ауыздықтау шараларын белгіледі. Мұндай науқан халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіндегі қиындықтардан назарды басқа жаққа аудару, сөз бостандығын жиі пайдаланатын әдебиет пен өнер адамдарын тежеу мақсатында атқарылды. Оның үстіне, соғыс жылдары ата-баба аруағын еске түсіру арқылы өзінің тарихын және тарихи тұлғаларын көтере бастағандарды шектеп, оны таптық, партиялық тұрғыда ғана пайдалану мәселесін қойды. Бір жағынан, батысқа бас июшілікке қарсы күрес, екінші жағынан, одақтас республикаларда ұлтшылдықтың өріс алуын әшкерелеу процесі қатар жүрді.

Сырт қарағанда, бұл қаулыларда Орталық Комитет формализм, пессимизм, бисаясаттық сияқты ұнамсыз құбылыстармен күресу қажеттігін көтеріп, орыс мәдениетінің демократиялық дәстүрлерін басшылыққа алуға үндесе де, шын мағынасында, ол әдебиет пен өнерде партиялық принципті күшейтуді көздеді. Социалистік реализмнің жаңа өмірді мадақтап, жеңімпаз Кеңес халқының жеңісіне лайық шығармалар туғызу тұжырымдамасын қолдады. Өткен заманды қызық тұтпауға, шет елдің арзан, жылтырақ мәдениетін дәріптемеуге үндеді.

Партияның осы қаулыларында белгіленген шараларды жүзеге асыру Қазақстанда талай әпербақан әрекеттер тудырғанын еске алу абзал. Қазақстан партия ұйымы елден бұрын елпілдеп, Мәскеудің ығына жығылып, ұлт

мәдениетіне әңгіртаяқ ойнатқаны жасырын емес. Мұның нақты фактілерін Қазақстан Коммунистік партиясының «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30–40 жылдарғы кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі ҚКП ОК комиссиясының қорытындысы» (1989) атты құжаттан табуға болады. Осы «Қорытынды» бойынша бүкіл рухани өміріміз бен мәдениетімізге ылаң салған 8 қаулы бірден өзінің күшін жойып, ақыл-санаға азаттық берілді. Бірақ Коммунистік партия өзі жасаған қысастықты, әсіресе, қазақ тарихы мен мәдениетіне байланысты әділетсіз сорақылықтарды өз қолымен түзетіп кете алмады, кешікпей тарап кетті.

Өзінің сойқанды күшінен айырылған қаулылар қайсы және олардың қандай зардаптары болғанын әдебиеттану ғылымы мен сынына жанастыра айтсақ, біздің бүкіл рухани дүниеміздің қандай зорлық-зомбылық көргенін анық аңғарып, артық пен кемдіктің сырын түсінуге мүмкіндік туады. Сонда ғана зиялы ойларға 50–60 жыл бойы бұғау салып, ақыл-парасат пен таным-білікті қалай қыспаққа түсіргенін көреміз.

«Қорытындыда» хат, түсіндірме деп аталғанмен, біздің бүкіл ой жүйемізге қырсығын тигізіп, кесірін өршіте түсуге себепкер болған бір құжатқа – «ВКП(б) өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме хатына айрықша тоқталған. Бұл құжат Ф.Э.Голощекин тұсында қабылданды да, сол кездегі және одан соңғы көп бұрмалаушылықтарға жол салды.

Бұл құжат, ең алдымен, әрбір құбылысты өз кезіндегі таным деңгейінде бағалау керек деген диалектика қағидасын елемеді. Бәрін бүгінгінің безбеніне салып өлшеді де, өткеннің бәрін таптық тұрғыдан сараптады. Осы түсіндірме хатты жүзеге асырудың алғашқы сөзі ҚазАПП-тың 1932 жылы 26–29 ақпанында өткен бірінші съезінде айтылды. ҚазАПП-тың сол тұстағы басшысы М.Қайыпназаров дайындаған, съезд қол көтеріп бекіткен қаулысында: «Қазақ көркем әдебиетінің социалды құрылыс міндеттеріне ілесе алмай жүргенінің себебі: алдымен, қазақ Кеңес жазушыларының көбінде алаш-ордашылық, байшылдық салт-сананың ықпалы әлі күнге дейін күшті, бірқыдыру жазушылардың шығармаларында бай-феодал салт-санасы, жергілікті ұлтшылдық, төңкеріске қарсы троцкизм сарындары бар (Сәкен, Жақан). Қазақ қара шаруаларының артта қалған сарындарына еріп, қара шаруаның өрісі тар көзқарасына және ұсақ буржуазияшылдық санашылдыққа (идеализмге) салынғандық та бар (Ілияс, Бейімбет, Сәбит, Өтебай және басқалар), жік тартысын көркем әдебиетке қыстырғандық та бар. Сын, өзара сынды бетке ұстап, кейбір жолбике жазушылардың кеңес мекемелерін, коммунистерді, колхоздарды обывательдерше сынағандары да (Мәжит, Жұмат және басқалар) болды». Одан әрмен ҚазАПП басшысы М.Қайыпназаров әдеби сын мынадай талап үдесінен шықсын деп табады: «1. Сын диалектика – затшылдық дүниетануынан теріс жайылмасын. 2. Пролетариат жазушыларының шығармаларын сынағанда ол жазушының шыққан тегі, қай жікке жататындығымен сыналсын, шығарманың бағасына,

бұқараға социалдық тәрбие бере алуына қаралсын, т.б.» деген сөздер жазылған [90, 13-б]. Аты аталғаннан қорықты ма, әлде түсінігі солай ма, әйтеуір Өтебай Тұрманжанов «КазАПП-тың I съезі не деді?» атты мақаласында «алашорда оқығандары (жазушылары) төңкеріске дейін де, төңкерістен кейін де қазақ еңбекшілерінің, пролетариаттың дұшпаны болды дейміз. Еңбекшілердің досы емес, қасы болды дейміз» [90, 3-б], деп жазды.

Ғ.Тоғжанов өзін сыннан арашалап, жаңа басшылыққа жағыну мақсатымен «Большевик Казахстана» журналының 1932 жылғы 5–санында «Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық туралы» мақала жазып, алашордашылықты «әшкереледі». Голощекиннің Қазақстанда «кіші Октябрь» науқанын өткізіп, партия ұйымдарын большевиктендіру, ауылды советтендіру, жедел коллективтендіру саясатын қолдамаған қаламгер қалмады.

Қазақтың әдебиетші коммунистері осындай мақалалармен әлгі хатқа жауап беріп жатқанда, марксизм-ленинизм институтының қызметкерлері қазақ ұлтшылдарын әшкерелейтін зерттеу дайындап та үлгерді. «Очерки по истории Алаш-Орды» деген кітапты С.Брайнин мен Ш.Шафиро жазды. Онда «Алаш» партиясы былай тұрсын, бүкіл қазақ халқының еңбекші бұқарасының патша өкіметі мен империализмге қарсы күресі, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, азамат соғысы жылдарында көрген азабы, алаш азаматтарының атқарған қызметі түгелдей жоққа шығарылды.

Сондықтан да «Қорытындыда» 1932 жылғы 10 қаңтардағы түсіндірме хат «халықтың рухани өміріндегі құбылыстар мен тенденцияларға, тарихи өткеніне баға беруде маркстік көзқарастың жоқтығынан ақсап жатты... Революцияға дейінгі кезеңнің аса көрнекті бірқатар ақындарының шығармашылығына жөнсіз жазғыруды күшейтіп, сол кездегі маңдайалды әдебиетшілерді (А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сәдуақасов, Қ.Кемеңгеров және басқалар) қуғындауды өршітті, олардың көпшілігі кейіннен репрессияға ұшырады» деген тұжырым жасалды. Бұл хаттың зардабы мен ызғары уақыт өткен сайын күшейе түспесе, азайған емес.

Марксизмнің материалистік теориясы көшпенділердің мәдениеті бар деп танымағандықтан, көшіп-қонып жүріп өмір сүрген халықтарды тағылық жайлаған ел деп білді. Оған В.И.Лениннің қазақ сахарасы туралы: «Қараңдаршы, мына далиған далада жабайылық, нағыз тағылық жайлаған ғой», деп нығарлап айтқаны осының нақты мысалы.

Осындай зымиян тұжырымдарға иланған ұлт өзінің елдік намысын да, өрелі ойын да таптатты. Қазақ даласына әлдеқалай саяхаттап келгендер болсын, не қазақ даласының нәрін сормақ ниетпен келсін, не қазақты өзінің құлына айналдырғысы келген отаршылдар болсын, әйтеуір рухын езіп, жан дүниесін жүдетіп, орыс халқының санын көбейту саясатын жүргізгендер алаш ұлдарын тең көрмесі бұлай тұрсын, оның ұнжырғасын түсіріп, меселін басу үшін түрлі «хикаяларды» ойлап шығарды, халқымызға қауіп төндірді. Тарихымызды өздерінің мақсаттарына лайықтап жазды, өз білгендерін істеді.

Әдебиет сынының тарихындағы бір белес, 1939 жылы маусым айында өткен Қазақстан жазушыларының II съезі болды. Мұнда әдебиетіміздің әр саласы – проза, драматургия, поэзия, сын туралы баяндамалар жасалып, келелі кеңестер ортаға салынды. Жазушы Ғ.Мүсірепов әдебиет сынының жай-күйі жөнінде баяндама жасады. Заңғар жазушының баяндамасында сынның ғылыми сын, халық сыны, кәсіпқой сын түрлері ажыратылып, арзанқол, таяз, ғылыми негізсіз сындардың залалының аталуы – сын тарихындағы жаңа сөз еді. 30-жылдардағы сынға қатысты пікірлерге кідіріп өтсек, осы кезеңде тұрпайы, дөрекі социологиялық сынның, таптық, атеистік көзқарастардың өрістегенін, барлық мәселені партиялық, тапшылдық тұрғысынан шешу талабының үстем болғанына көз жеткіземіз.

Бұдан басқа құжаттардың бәрі де 1946–1956 жылдар арасында алынып, ғылыми ізденістің бағытын теріске бұрып, халықтың азаматтық тарихы мен мәдениетін, өнері мен әдебиетін шындық деңгейінде зерттеуге мүрсат бермеді; соған қоса, олар 1937 жылғы науқан кезінде ұлттық нигилистердің қаулап шығуына жағдай жасады. Өзінше ойлауға, еркін жазуға мүрша бермеді.

«Қорытындыда» күшінен айырылған құжаттардың ішінде ВКП(б) ОК-нің 1946 жылғы «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы», «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы», «Ұлы өмір» кинофильмі туралы», «В.Мураделидің «Ұлы достық» операсы туралы» қаулыларынан кейін оларда одақтық әдебиет көлемінде алған «Кеңес шындығын бұрмалап көрсету», «Кеңес адамдарына жала жабу» театр сахналарында «Идеясыз, ұстамсыз» пьесалардың қойылуы, кинофильмдерде «Кеңес шындығының бұрмаланып көрсетілуі», музыкадағы «формалистік элементтер» қатты сынға алынды. Көркемдік шығармашылықтағы идеясыздық пен саясаттан тыс болуға тырысушылықты айыптады. Әдебиет пен өнер қызметкерлерін социалистік реализмге, партиялық принципке берік болуға шақырды. Осы қаулылардың негізінде іле-шала Қазақстан Компартиясы ОК-ті «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» (21 қаңтар, 1947 жыл) деген атышулы қаулы алып, ескі мәдени мұраға сын көзімен қарамағаны, бүгінгі заман тақырыбына жазылған шығарамалардың аздығы, қазақ халқы тарихының «бұрмаланғаны» үшін көптеген жазушылар мен ғалымдарды қатты сынға алды. Мұндай өктем қаулылар республикада ұлтшылдыққа қарсы күрестің өршуіне, «тұрпайы социологизмнің» солақай сынының қайта өріс алуына негіз болды. Сол арқылы XVIII–XIX және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті өкілдерінің мұрасына, эпостық жырларға «феодалдық-реакциялық», «буржуазиялық-ұлтшылдық» және «діншіл шығармалар» деген қара күйе жағып, ұлттық сана-сезімді түпкілікті тұмшалауға бет алды. Қиратқыш күші орасан зор болған, кейінгі, 50-жылдардың орта тұсына дейін созылған «ұлтшылдықты әшкерелеу» науқаны осы қаулылардан бастау алды. Мұндай қаулылар Қазақстан Жазушылар одағының жұмысы жайлы да, мектепке арналған қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары туралы да алынды. Мұның соңын ала «Правда» газеті

«Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» (1950) деген мақала басып, «ұлтшылдық» қателері үшін көптеген тарихшыларды сынады. Қаралы қаулылардың ақыры зиялы қауымды зиянды етіп, «ұлтшыл-шовинистерді» іздеу, талқандау сияқты сорақылықтарға ұласып, қуғын-сүргінге әкеліп соқтырды. Соның салдарынан Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Қ.Мұхамедханов сияқты тарихшы және әдебиетші ғалымдар жау есебінде ұсталып, сотталды. Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Т.Нұртазин, Ә.Мәметова қызметтерінен қуылса, М.Әуезов пен Қ.Сәтбаевтар өз елінде «көзге күйік» күй кешіп, Мәскеуге бет түзеді. Ал танымал тарихшы-ғалымдар Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменовтерге «ұлтшылдық қамыты» кигізіліп, жиырма бес жылға сотталып кетті. Рухани өмірдің өскелең талаптарға жауап іздеу орнына, көбіне-көп өз ортасынан жау іздеуге ден қойып кетуіне «Қазақстан Жазушылар одағының жұмысындағы үлкен қателіктер мен кемшіліктер, оларды жою жөніндегі шаралар туралы» (17 маусым, 1951 жыл), «Бастауыш және орта мектептерге арналған Қазақ әдебиеті мен тіл бойынша оқулықтардағы қателіктер мен кемшіліктер туралы» (28 тамыз, 1951 жыл) аталатын қаптаған, қабаған қаулылар да қал-қадерінше «үлес» қосты. Соның салдарынан қазақтың төл перзенттері мектеп оқулықтарынан шығарылып, олардың орнына орыстың ағартушы-демократтары қоныстанды. Бұдан былай М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Ә.Марғұландардан бастап, қазақтың дарынды арыстардың тұрпайы сынның нысанасына ілікпегені, сталиндік тезге түспегені кемде-кем. Мұндай қуғындаулар мен асыра сілтеулер Коммунистік партияның жергілікті ұлттарға сенбеуінен, олардың ұлттық мүдделерімен есептеспей, күштеп ұстау саясатынан туындаған еді. Ұлттық интеллигенцияға ол артында бақылаушы барын мезгіл-мезгіл ескертіп қойып отырды, оны қорқытып ұстауға тырысты. 1937 жылдың қанды қырғынынан есін енді жия бастаған халықты сойқанды соғыстың от-жалынына шарпылдыртып, оны жеңіспен аяқтап, еңсесі тіктеле түскенде «ұлтшылдығын» тағы да есіне салған, партия тап осы саясатты көздеген еді. Аталған қаулылар арқылы партия ендігі жердегі идеологиялық жұмыстың бағыт-бағдарын айқындамақ болды.

Кеңестік идеологияның талаптарына сай кезекті саяси зобалаң толқыны басталып, мерзімді басылым беттерінде «ұлтшылдық» пен «саяси қателіктерді» айыптаған, қаралаған сын мақалалар жазылды. Қ.Бекхожиннің «Бір жас ақынның шығармаларындағы жат пікірлер» (1946, 8 қазан), П.Кузнецовтың «Идеясыздық және жайбарақаттық жағдайында» (1946, 4 қазан), С.Төлешевтің «Шығанақ» романындағы қателер» (1946, 20 қазан), С.Бәйішевтің «Идеясыздық және сауатсыздықтың жинағы» («Әдебиет және искусство» журналының 1946 жылғы 1–6 нөмерлеріне сын) (1946, 24 қазан) атты «Социалистік Қазақстан» газетіне шыққан мақалалар қазақ әдебиетін «басты қателер» мен «жат пікірлерден» «арырту» мақсатында жазылғаны, идеологиялық мақсатты көздегені, социологиялық арқауы басым болғаны басы ашық мәселе.

Әсіресе, П.Кузнецов «Идеясыздық және жайбарақаттық жағдайында», С.Бәйішев «Идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағы» атты мақалалары қазақ әдебиетіндегі елеулі шығармалардан тек қателіктерді, кемшіліктерді қазбалау мақсатын ұстанды. П.Кузнецов аталған мақаласында: «Қазақстанның совет жазушылары одағының партия ұйымының жұмысын, жаңа әдеби шығармалардың жарыққа шығуын, жеке жазушылардың творчестволық жолын Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің үгіт және пропаганда бөлімі мұқият қадағалап отырмаған. Жазушылар одағындағы көкейкесті, күрделі мәселелерге назар аударылмаған. Әдебиет тіршілігінің өте маңызды мәселелері, әдебиет сыны, театрлардың репертуарлары жөніндегі аса маңызды мәселелер Қазақстанда оңаша жағдайда шешіліп отырған» [91], – деп әдебиет пен өнер, сын мәселелеріне Қазақстанда саяси тұрғыда жете көңіл бөлінбей отыр деген біржақты баға берді. Сол арқылы идеологиялық күресті қандай бағытта және қалай жүргізу жолын меңзеді. Ә.Тәжібаев, Қ.Шаңғытбаев, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Қ.Жұмалиев, Қ.Аманжолов, С.Мұқановтардың шығармаларындағы «кемшіліктерін» де П.Кузнецов барынша әшкерелеуді мақсат еткен. Автор Ә.Тәжібаевтың «Біз де қазақпыз» пьесасын «жарамсыз», «зиянды» десе, Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» туындысын «дүмбілез» роман деп табады. Ғ.Мүсіреповтің «Ер Қаптағай» әңгімесінен, Қ.Жұмалиевтің «Едіге батыр» пьесасынан бірыңғай саяси қателіктерді қазбалай келіп, оның негізгі себебін: «Идеология майданында қырағылықтың мұқалғандығынан, қазақ әдебиетіне идея, принциптік жағынан большевиктік талап қоюдың ұмытылғандығынан ғана болып отыр» [91], – деп түсіндіреді. П.Кузнецов мақалалары орталықтың билеп-төстеудегі әккі саясатын тағы бір қырынан танытып, қаралағыш мақалалар ұйымдастыру арқылы қазақ зиялыларын зияндыларға теңеп, қазақтың басты қаламгерлерін солақай сынға алды.

Мерзімді басылымдар бетінде тұрпайы сындар саяси зобалаң толқынының кезекті науқаны басталғанын дәлелдеп берді. Оған партия тарапынан да қолдау жасалып отырды. Бұған республика басшысы Ж.Шаяхметовтің 1947 жылы Алматы қаласының ғылым, әдебиет және көркемөнер қызметкерлерінің жиналысында жасаған «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» атты баяндамасы нақты бір дәлел бола алады. Баяндамашы қазақ әдебиеттануының маркстік-лениндік әдіснамадан алшақ кеткен жайттарына кеңінен талдау жасайды.

«Тіл және әдебиет институты қазақ әдебиетінің тарихын маркстік-лениндік жолмен зерттеу жөніндегі аса маңызды, игілікті міндетін атқара алмай, саяси өрескел қателер істеді» [92, 3-б], – дей келіп, әдебиет тарихын зерттеуде әдебиеттің таптығы, партиялығы принциптерінен ауытқушылыққа екпін сала сөйледі. Әсіресе, Ә.Мәметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері», Б.Кенжебаевтың «С.Торайғыровтың ақындығы туралы» диссертацияларын, Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың қазақ әдебиетінен жазылған оқу кітабын қатты сынға алып, оларға тән «ұлтшылдық» белгілерді «айқындап» берді. Бұл айыптауымен әдебиет тарихын зерттеу ісінде қол жеткізілген табыстардың бәрін жоққа шығарды. Әдебиетшілердің «бірыңғай

ағым» теориясына тән қателіктерге ұрынуын дәлелдеуге ұмтылды. Сол себепті де, Мұрат, Дулат, Шортанбай, С.Торайғыров, Ғ.Қараш, Ш.Бөкеев сынды әдебиет алыптарының мұралары терістелді де, әдебиет тарихын тіптен жұтаңдады. «1947 жылғы қаулының ең негізгі көздегені отаршылдыққа қарсы шыққан қазақ пиғылын, әсіресе Дулат, Шортанбай, Мұрат сықылды ақындардың өткір, ащы сындарын қоғамдық санадан аластау болды, отаршылдарға қарсылықты орыс халқын сүйемеушілік, жек көрушілік деп көрсетіп отырды» [93, 125-б].

Аталған баяндамаға тоқталуымыз, біріншіден, әдебиет пен өнерді уысынан шығармаған партиялық саясаттың дйттеген мақсатын көрсету болса, екіншіден, халықтың өз әдебиетін, тарихын тану жолындағы сана-сезімін тұсаулап, ұзақ жылдар бойы кесірін тигізіп келген қаулы-қарарлардың ұлттық әдебиеттануда іркіліс тудырып, әдебиетші ғалымдарды жасытып тастағанын көрсету болып табылады. Мәселе – әдебиеттануды ойсыратып, әдебиетші ғалымдарды қуғын-сүргінге салған қаулы-қарарлар зілінің ащы сабағында.

Қырқыншы жылдардың соңына қарай «ұлтшылдыққа» қарсы жүргізілген идеологиялық күрес көркемөнердегі космополитизмге қарсы саяси науқанмен толықты. Батыс мәдениеті, әдебиетіне бас июшілікке қарсы күрес «Космополитизм – империалистік реакцияшыл идеологияның ұлы қаруы» атты мақала арқылы көрініс берді де, сыншылдық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жаңа бір қасаң қағида шырмауына салды.

Космополитизмге қарсы күрес науқанына барлық ғылым саласы жұмылдырылғандықтан, әдеби сын да одан шет қалмады. Одақ деңгейінде үлкен идеологиялық мән берілген бұл науқанға қазақ әдеби сыны да өз «үлесін» қосуға ұмтылды. Мысалы, А.Жұбановтың «Көркемөнердегі космополиттерді әшкерелейік», Н.Сәбитовтің «Против реакционной идеологии панисламизма и пантюркизма» атты мақалалары және Қазақ ССР Ғылым Академиясының «Хабаршысында» жарияланған «За искоренение космополитизма в буржуазно-националистических извращениях в науке» атты зілді мақалалар Қазақстандағы космополитизмге қарсы жүргізілген саяси науқаннан мол хабар береді. Космополитизмге қарсы деген саяси астары мол кезекті науқанның басты мақсаты да жайдан-жай тумағанды. Бүкіл әлемдік іс-тәжірибеден үйрену, жаңашыл деп танылған кейбір теорияларды пайдалану үрдісі қауіпті деп табылды. Әлемдік ғылым әдіснамасы талаптарына сай ізденіс «космополитизм», «батысқа бас июшілік», «буржуазиялық-ұлтшылдық» ретінде терістелді.

Егер де қырқыншы жылдардағы қаулы-қарарларды ұлт әдебиетін, оның тарихын құрдымға кетірудегі «ұлтшылдықты» әшкерелеудегі алғашқы саты десек, елуінші жылдардың басы сол қаулы-қарарларда көрсетілген қателіктер және кемшіліктермен күресу нақты жүзеге асуымен ерекшеленеді.

Елуінші жылдардың басында қабылданған қаулы-қарарлар шешімінен туындаған қателіктер қазақ әдебиеттануы мен сынында мына мәселелерге қатысты анық байқалды: Абайдың ақындық мектебі мен ақын шығармашылығын зерттеу, Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жырлар мен

көтеріліске қатысты әдеби мұраларды мансұқтау, ХІХ және ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті өкілдерінің өмірі, туындыларындағы отаршылдыққа қарсы күрес сарыны, М.Әуезовтің «Абай» романы, С.Мұқанов, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин және өзге де ақын-жазушылар шығармашылығындағы керітартпалық пен «ұлтшылдық» және қазақ эпосына қатысты нигилистік көзқарастар.

Сондықтан да қазақ әдебиеттануы мен сынында Кенесарыға, Наурызбайға қатысты зерттеулер мен көркем туынды жазған ғалымдар, қаламгерлердің бәрі де «ұлтшыл» атанып шыға келді. Мәселен, Е.Ысмайыловтың «Кенесары Қасымовтың қазақ халқын азат ету жолындағы күресі туралы» мақаласы, Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмасы, М.Әуезовтің «Хан Кене» драмасы мен «Ақындар ағасы» романы, С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесі, Қ.Жұмалиевтің «Батыр Мәлік» мақаласы саяси өлшеммен қаралғандықтан, «қара тізімге» алынып, қауіпті шығармалар сипатында танылды.

Бұл айтылғандарды дәлелдеу керек десек, мысалы үшін «Социалистік Қазақстан» газеті «Қазақ совет әдебиетінде большевиктік сын кеңінен өрістелсін» атты бас мақалада бұған басты бағыт салып берді де, М.Ғұмаров «Қазақ әдебиет тарихындағы Кенесары Қасымов қозғалысын зерттеушілерге қарсы» (Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1951, № 5, 18–26 б.), Т.Жароков «Әдебиетімізді жат пікірлер мен қателерден біржола арылтайық» («Лениншіл жас», 15 тамыз, 1951), М.Сильченко, Н.Смирнова «Қазақ әдебиетінің тарихы партия жолымен, марксизм-ленинизм жолымен зерттелсін» («Коммунист», 1951, № 9, 5–14 б.), Т.Нұртазиннің «Кенесарының зұлымдығын әшкерелейтін поэма» («Әдебиет және искусство», 1957, № 6, 74–77 б.) мақалалары арқылы Кенесарыға қатысты әдеби мұраны зерттеу мен көтерілісті арқау еткен шығармалардағы қателіктер таптық көзқарасқа құрылған біржақты сын сойылына алынды.

Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша қабылданған қаулы-қарарларды жүзеге асыруға ойысудан және маркстік-лениндік әдіснаманың таптық, партиялық принциптерін шектен тыс басшылыққа алу салдарынан сын тығырыққа тірелді. Саясат шылауындағы кеңес әдеби сыны идеология құралына айналуының әсерінен партиялық басшылық тарапынан саяси науқанға орай ұтымды пайдаланылып отырды десек, мұндай олқылықтан қазақ әдеби сыны да шет қала алмады. Әсіресе тұрпайы сындар әдебиеттің көркемдік дамуына, эстетикалық пікірдің өрістеуіне кереғар әсер етті. Оның негізгі әрі басты себебін ғалым Д.Ысқақұлы дөп басып, дәл таниды, «Оның әлеуметтік сипатын асыра бағалап, таптық, партиялық көзқарас деңгейіне дейін көтерген сол кезеңдегі партиялық мемлекеттік саясаттың тікелей салдары еді» [31, 29-б].

Әдебиет туралы оқырмандардың эстетикалық, көркемдік танымын қалыптастыруда, әр қаламгердің шығармашылық ізденісінің жетістігін, олқылығын саралауда, туындыны байыпты талдауда қазақ әдеби сыны өз биігінен, сын табиғатына тән талап пен талғам үдесінен шыға алмай жатты.

Ұлттық ғылыми-зерттеушілік, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдегі шығармашылық ізденіс өрісі тарылды.

Бұл қаулылардың одан әрменгі шектен тыс әпербақандығын, ондағы шығармашылық адамды қудалаудың фактілерін түсінген Хрущев кезінде оған аздаған өзгертулер кіргізді. Ол «Ұлы достық», «Богдан Хмельницкий» және «Шын жүректен» операларын бағалауда жіберілген қателіктерді түзету туралы» (1958) деген қаулы қабылдап, алдыңғы қаулылардың қатаң тәртібін жұмсартты. Италиян кинофильмдеріндегі неореализм дәстүрлі мектебінің алғаш рет жабық, тұншыққан, жаппай күйреген казармалық, тоталитарлық Кеңестер Одағында көрініс алуы қоғамдық ой-санада күрт өзгерістерді пәрменді бетбұрыстарды тудырғаны мәлім. «Адам кейпіндегі соцреализмді», адамзаттың қолы жеткізген рухани құндылықтарын, гуманистік ізгіліктерін, аңсаған, көксеген асыл дарашыл мұрат-армандары мен аңсарларын насихаттау ісі дәл осы хрущевтік «жылымық» кезеңінде батыл қолға алына басталды. Бұл да, әрине, Хрущевтің демократтығынан емес, Сталиннен кейін интеллигенцияға жақсы көрінуге тырысуынан еді. Қазақстандағы «ұлтшылдықты» ол да көріп, оны «жөндетуге» Орталықтан басшылар (П.К.Пономаренко, Л.И.Брежнев) жіберіп, Қазақстан тыңын көтеру үшін Орталық Ресейден, Украинадан, тағы басқа жерлерден халықты жаппай көшіруді ұйымдастырды. Бұл республикада өзінің тұрғын халықтарының санының азайып кетуіне әкеліп соқты.

Еліміздің саяси-қоғамдық өміріндегі осындай қиындықтарға қарамастан қазақ қаламгерлері өзінің шығармашылық қызметін жалғастыра берді. Бұл тұстағы әдебиет кадрлары майданнан қайтқан, өмір тәжірибесін өтіп келген ақын-жазушылармен қатар, бірсыпыра жас таланттар есебінен толықты. С.Шаймерденов, А.Шамкенов, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, З.Қабдолов, М.Әлімбаев, Т.Бердияров, Қ.Шаңғытбаев, Ғ.Қайырбеков, т.б. осы кезде әдебиетке келіп, өздерінің болашағын таныта білді.

1954 жылы қыркүйекте Қазақстан жазушылары өздерінің үшінші съезін өткізді. Онда 1939–1954 жылдар аралығындағы әдебиеттің тәжірибесі, көркемдік табысы мен кемшіліктері талқыланды. Съезден кейін 1955 жылдың қаңтарынан бастап соғыс кезінде тоқтап қалған «Қазақ әдебиеті» газеті қайтадан шыға бастады. Қазақ әдебиеті дамуының кейінгі жағдайларына бұл съезд де, одан кейін (1954, желтоқсан) өткен Одақ жазушыларының екінші съезі де пайдалы ықпал жасады. Оларда өмірді тереңірек зерттеу, көркемдікке жетілу, әдебиеттегі түр мен стиль мәселелеріне бірсыпыра көңіл бөлінді.

Отызыншы жылдардан басталған қазақ әдебиетінің қарқынды беталысы бұл кезде біразға есейіп, идеялық-көркемдік мектебінен өткен еді. Әдебиеттің тұтқасын ұстаған аға таланттар ұрпағы қалыптасты. Осылардың шығармашылық ізденісі арқасында қыркыншы жылдардың екінші жартысында-ақ ұлттық әдебиетіміз үлкен-үлкен шығармалар туғызды. М.Әуезовтің «Абай» романының екінші кітабы (1947), С.Мұқановтың «Ботакөз» болып өңделіп қайта басылған романы («Жұмбақ жалау») мен «Сырдариясы» (1948), Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» (1949),

Ғ.Мұстафиннің «Миллионері» (1948) қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтіп, оны Одақ оқырмандарына, сол арқылы дүние жүзі көлеміне шығарды. 1948 жылы Мәскеуде КСРО Жазушылар одағының пленумында қазақ әдебиетінің жағдайы талқыланып, сонда А.Фадеев оны «профессионалды үлкен әдебиет болып бүкілодақтық әдебиет дәрежесіне көтерілген және сол арқылы дүниежүзілік аренаға шыққан әдебиет» («Литературная газета», 1948, 22 желтоқсан) – деп бағалады. Одақтық әдебиеттің басшысы «Абай», «Миллионер», «Сырдария» жөнінде өте жақсы пікірлер айтты. 1949 жылы «Абай» романына бірінші дәрежелі Мемлекеттік сыйлық берілді. Аталған шығармалар арқылы осы дәуірден бастап проза қазақ әдебиеті жанрлары ішінде алға шықты. Романдармен қатар, прозаның шағын жанрлары өрістеді. Тың игеру ісіне байланысты көркем очерктер көптеп туды.

Қазақ поэзиясы бұл дәуірде өзінің заман талаптарына елгезек қарайтын әдетімен соғыстан кейінгі бейбіт еңбек тақырыбын жырлауға белсенді қызмет етті. Қазақ өлеңі көркемдік салада іздене жүріп, еңбектің қоғамдағы рөлін, еңбек адамының бейнесін, сол арқылы жаңарып жатқан өмірдің жарқын суреттерін ашуда бірқатар табыстарға жетті. Қазақ лирикасының да өсіп жетілгені осы тұс. Шағын лирикада қазақ ақындары отансүйгіш сезімді, адамның ішкі байлығын, табиғаттың жарқын көріністерін суреттей алуға көтерілді. Бұл салада Ғ.Ормановтың, Қ.Аманжоловтың, Ж.Сыздықовтың, Ж.Саинның, Ә.Сәрсенбаевтың, С.Мәуленовтің, М.Әлімбаевтың табыстары әжептәуір. Поэзияда көркемдік-бейнелеу амалдарын жетілдіру, өлең техникасын жаңарту саласында да жаңа ізденістер байқалды.

Бұл жылдары поэма жанры да өркен жайды. Соғыс салған жараны еске алу, бейбіт еңбекке көшудің проблемалары, қоғамдық өмірдің жаңалықтары мен жаңа адамның бейнесін жасау қазақ поэмасының тақырыптық ауқымын кеңейте түсті. Сюжетті лирика-публицистикалық поэмалардың жаңа үлгілері туды. Драмалық тартысы күшті, өмір шындығын кең суреттеген өлеңді романдар жазылды.

Қазақ драматургиясы саласындағы ізденістердің бағыт-бағдары да сол дәуірдің міндеттерінен туындады. Қоғам өмірі мен адам тағдырындағы қайшылықты күйлерді дәл танып, шығармаға тартыс есебінде пайдалану, сол тартыста жеңіп шыққан еңбек адамының биік рухын бейнелеу драматургияның негізгі беталысын белгіледі. Оның үстіне, 50-жылдардың бас кезінде «тартыссыздық» теориясының сыналуы, өмірде тартыстың барлығын мойындау сол тартыстың әлеуметтік сипатын тану жолындағы ізденістерге бастады. Ұлттық драматургияда өнімді жұмыс істеген Ә.Әбішев, Ш.Хұсайынов, Ә.Тәжібаев сияқты қаламгерлердің шығармаларында бұл саладағы ізденістер айрықша танылды.

Әдебиет сыны мен әдебиетті зерттеу ғылымы үшін бұл дәуір аса бір қиын әрі күрделі кезең болды. Партияның идеология саласындағы қаулылары, космополитизмге қарсы күрес, ең алдымен әдебиет пен өнердегі «бұрмалаушылықтардың» бәрін сын мен ғылымнан көрді. Қазақ әдебиетіндегі «ұлтшылдықты» әшкерелемей отырған да сын мен ғылым боп шықты. Сондықтан да Қазақстан Компартиясы ОК-ті «Қазақ ССР Ғылым

академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси-өрескел қателіктер туралы» қаулысы қаһарын сын мен ғылымға төкті. Институт директоры, үлкен сыншы-ғалым Е.Ысмайылов орнынан алынып, партиядан шығарылды, кейін тұтқындалды. Мәдени мұраға сын көзімен қарамағаны, Шортанбай, Мұрат, Дулат, Нарманбет, Мәшһүр-Жүсіп, Сұлтанмахмұт сияқты «ескішіл», «алашордашыл» ақындарды мадақтағаны үшін көптеген ғалымдар мен әдебиетшілер сынға ұшырады. Кенесары қозғалысын ұлт-азаттық қозғалыс деп бағалаған тарихшы Е.Бекмахановтың көзқарасы сынға алынды. Көтеріліс Кенесары қозғалысын өз мансабы үшін күрескен монархистік қозғалыс деп жарияланды. Тарихшыларға қоса, әдебиеттегі Кенесары туралы жырларды зерттеушілерге кінә артылды. Абай мектебі «буржуазиялық ғылым» есебінде жоққа шығарылды. Мектеп оқулықтарындағы қателіктер туралы, Қазақстан Жазушылар одағындағы ұлтшылдық қателіктер туралы арнаулы қаулылар қабылданды. Осылардың нәтижесінде қазақтың ауыз әдебиеті тарихының көп шығармалары ескішіл деп жарияланып, оларды оқуға тыйым салынды. Батырлар мен эпос кейіпкерлері шыққан тегіне қарай жіктелді. Қобыланды, Алпамыс – байдың балалары, байларды қорғаған батырлар, Төлеген – бай баласы, Қыз Жібек – хан қызы ретінде бағаланды. Қазақтың бай эпосынан кедейдің ішінен шыққан Қамбар батыр мен тазша бала, Алдар көсе мен Жиренше шешен жайлы ертегілер мен аңыз әңгімелер ғана халықтық деп танылды.

Осы тұстағы қазақ әдебиетінде бірсыпыра жаңа шығармалар жарияланып, мұның өзі әдеби сынға мол жауапкершілік жүктелді де, әдебиеттің жайы мен міндеттерін, олардың жетістігі мен кемшілігін саралаған сын мақалалар молынан жазылды. Егер де отызыншы жылдар соңы мен қыркыншы жылдар басындағы әдебиеттануда әдебиет тарихын жаңа мектеп бағдарламасына сай жүзеге асыруға баса назар аударылса, ендігі кезекте әдеби сын сөз өнерінің проблемалық, яғни теориялық, жанрлық мәселелеріне де ерекше ден қоя бастады. Бұл ретте М.Ғабдуллин, А.Токмағамбетовтің «Әдебиеттегі сын мәселесі туралы», М.Ғабдуллиннің «Әдебиеттегі жағымды образдар туралы», Н.Сауранбаевтың «Қазақ әдебиет тілі және оның терминологиясын жасау туралы», С.Сейітовтің «Жақсы кітаптар», «Жазушы өз дәуірінің қайраткері болу керек», Ә.Тәжібаевтың «Қазақ әдебиетінің бүгінгі міндеттері», Е.Ысмайыловтың «Соғыс кезіндегі қазақ поэзиясының жайы мен міндеті туралы», «Бүгінгі өмірдің жыры туралы», «Қазіргі поэзиядағы Отан қорғау тақырыбы» атты мақалаларын атауға болады. Сонымен қатар қазақ драматургиясы мен театр, өнер сыны да даму үстінде екенін байқатты. Мәселен, М.Ақынжановтың «Арманы мол, дерменсіз пьеса», М.Әуезовтің «Марабай мен Мардан», Қ.Бадыровтың «Жаңа міндеттің бастамасы», Б.Кенжебаевтың «Жолдастар», Е.Ысмайыловтың «Абай образы», А.Лекеровтің «Жеңіске шақырады» аталатын сын мақалаларында қазақ драматургиясының жай-күйі, даму жолындағы жетістіктер мен олқылықтар қарастырылды.

Осы мақалаларда аталған пьесалардың көркемдік сипатынан гөрі идеялық арнасына көбірек мән берілді. Оның өзі заңды да. Оның себебі

тарихи кезең өнерпаз тұлғалардың өнердегі асқақтығы мен Отан қорғаушы ерлердің өршілдігін дәріптеуді талап етті.

Әдеби сынның жанрлық сипаты да толыса түсті. Атап айтқанда, проблемалық және шолу мақалалар, шығармашылық портрет, эссе сияқты түрлері жиі көріне бастады. Мысалы, Е.Ысмайыловтың «Ақындық өнерге жетілу – өмір шындығын ақиқат бейнелеудің дұрыс жолы», «Ақындық талант өз орнына жұмсалсын» атты проблемалық сын мақалаларында қазақ поэзиясын өршіл романтикамен қанаттандыру, қазақ лирикасының теориялық мәселелері кеңінен талданды.

Көркемдік деңгейі биік соны туындының эстетикалық сын тудыруы да заңды. Бұл ретте сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің «Майданнан соққан жаңа леп» мақаласы қырқыншы жылдардағы эстетикалық сынның үлгісі ғана емес, жаңаша байыптау және талдау сипатындағы мақала болуымен ерекшеленді.

Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы мен Ә.Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңінің шынайлығын, ақындық мәдениетін асқан білгірлікпен талдай білді. «Қасым мен Әбудің осы екі шығармасы майдандағы ақындарымыздың ойлау, тереңдеу үстінде екендіктерін де дәлелдейді...өйткені бұл өлеңнің екеуі де «байырғы даңғыл» емес. Осы күнгі барлық кеңес поэзиясының жақсы үлгілерімен салыстыруға болатын шығармалар» [94, 188-б], – деген сындарлы пікір білдірді.

Поэзия сынында Қ.Бекхожин «Ерлікті жырлайық», А.Лекеров «Ақын шабыты», С.Мұқанов «Отан қорғауда маңызы зор поэма», С.Сейітов «Барды барша, жоқты жоқша айту керек», А.Токмағамбетов «Кавказ», Б.Шалабаев «Еңбек, кәсіп жайындағы өлеңдер», «Календарлы әңгіме, өлеңдер», Ы.Дүйсенбаев «Қазақ ақындары Отан туралы», Ж.Жұмақанов «Мәншүк туралы поэма», Қ.Тұрғанбаев «Ақбөпе» мақалаларымен көрінді. Әрине, бұлардың бәрі әдеби сын табиғатымен, оның ғылыми-теориялық, эстетикалық сипатымен үйлескен, биік деңгейлі десек, қателескен болар едік. Әйтсе де бұларды кешегі отызыншы жылдар ойраны тұсында орын алған солақай, ұр да жық саясатшыл сынмен салыстыруға да келмейтіні көрініп тұр. Бұл мақалалар, біріншіден, көркем шығарманың идеялық сипатына назар аудару, оқырмандарға таныстыру мақсатындағы шолу сипатында болса, екіншіден, қазақ поэзиясының проблемаларын талдаумен, қарастыруымен ерекшеленіп, негізінен, сынның ғылыми бедерін арттыруды мақсат еткен проблемалық және шолулық сипатта болды.

Белгілі ақиқат – әдеби сын әдебиеттің, көркем шығарманың негізінде туады. Сондықтан да көркем әдебиет дамуының бір шарты әдеби сын болуымен бірге көркем әдебиет әдеби сынды дамытады. «Социалистік реализмнің салқыны – қазақ әдебиетінің құзар биік туындыларына әр түрлі дәрежеде тигенін жасыра алмайсын. Дегенмен, өнердің аты өнер. Оның ішкі заңдарын терең сезінген талант талай асыра сілтеулерге оншалықты бой алдырған жоқ. Оның үлгісін қазақ әдебиетінен де кезіктіресің» [95, 233-б], – деп жазды әдебиетші Ш.Елеуқенов. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ кеңес әдебиетінің сандық көрсеткіштен сапалық деңгейге ойысуындағы бір белес қырқыншы жылдар еншісінде болды. Соның нақты дәлелі – 1942 жылы

М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабының жарық көруі. Қазақ прозасын әлемдік әдебиет биігіне көтерген аталған романның тууы әдеби сынның да эстетикалық арнада, ғылыми сипатта даму дәрежесіне ықпал етті.

«Абай» романының дер кезінде жарық көруіде Б.Кенжебаевтың сіңірген еңбегі айрықша болды. Ғалым кесек туынды туралы Қ.Шаңғытбаевпен бірігіп, «Абай» атты алғашқы сын мақала жазып, жоғары баға берді. «Абай» – тарихи роман» – дей келіп, туындының композициялық бітімі, әр образдың өзіне тән ерекшелігі туралы да сындарлы пікір білдірді. Мерзімді баспасөзде бірталай сын сын мақалалар жарияланып, 1943 жылдың 21 мамырында «Абай» романын талқылау мақсатында жазушылар мен ғалымдар бас қосты.

Мұнда «Абай және роман туралы» атты баяндаманы сыншы Е.Ысмайылов жасады. Романның қазақ әдебиетіндегі сонылығын, басты жаңашылдық сипатын, қаламгер шеберлігін, образдар даралығын байыптаудағы сыншы пікірінің құпратлық, сонымен қатар талас тудыратын тұстары да бар екенін Ғ.Мүсірепов баяндамасынан көреміз. Бұл жерде Е.Ысмайылов баяндамасында құнды пікір, байыпты талдау жоқ деген ұғым тумаса керек. Е.Ысмайылов пен Ғ.Мүсірепов ой-пікірінің бір арнаға түйіспеуі, түрлі қайшылықты көзқарастың болуы – сын табиғатына тән басты сипат. Әдебиет мүддесін ардақ тұтқан пікір қайшылығы, сыни пікір алшақтығы, түптеп келгенде, әдебиетте қордаланған проблемалық мәселелерді шешуге, көтеруге қозғау салатынын да ескеруіміз қажет. Ғ.Мүсірепов Е.Ысмайылов роман деп атаған туындылардың мән-мағынасын еш төмендетпей, олардың шын мәніндегі классикалық шығарма табиғатына үйлеспеуін ескертуі эстетикалық сынға тән пікір. Сондай-ақ «Абай» романы – бүгінгі қазақ әдебиетінің жаңа белі. Бұл – роман деген үлкен ұғынысқа толық жауап беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші роман. «Абай» шын мағынасында европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған» [94, 174-б], – деген байыпты пікірді де Е.Ысмайыловтың роман табиғаты туралы түсінігін салиқалы түрде түзетуге, тереңдетуге арналған парасатты пайымы болып табылады.

Е.Ысмайылов жоғарыда аталған баяндамасында Құнанбайды Иван Грозныйға теңейді. Бұл пікірді де Ғ.Мүсірепов құптай бермеген. Ал Е.Ысмайылов Құнанбайды Грозныйға теңеуінің басты себебін: «Өз заманындағы елдің келешегі деген мақсатты алдына зор арман етіп қоймаған. Бірақ іргелі рулы елдердің қаз арасындағы алалығына, рушылдық қылықтарына қатал әкімшілік үкіммен тиым салатын, елді бір тізгінмен, бір әмірмен бір уайымда, шырмауымда ұстаймын деген әрекеттерінің тарихи қажет жақтары жоқ емес пе деген ойға келесің» [96, 313-б], – деп түсіндіреді.

Сыншы пікірін байыптағанымызда, Құнанбайды Иван Грозныйға теңеуінің астары қалың екенін аңғаруға болады. Басты мақсат – Құнанбайды жағымсыз кейіпкер тұрғысынан алып қарау арқылы біржақтылыққа ұрынбауды діттеуінде. Бұған: «Бұл образға жеке оқиғалар тұрғысынан ғана баға бермей, жалпы тарихи дәуірдің даму тұрғысынан қарап, баға беретін болсақ, Құнанбай бейнесінде ашып зерттей түсетін сырлар толып жатыр. Ру

алалығына қатты күрес ашқан Құнанбайға, Шыңғыс төреге, Балғожа биге жағымсыз, бірақ жағынан ғана баға беруіміз жеткіліксіз болар еді» [96, 313-б], – деуі дәлел бола алады. Е.Ысмайыловтың осы ойы сол тұстағы әдеби сынға салмақты да жаңашыл пікір болды деп білеміз.

«Абай» романы туралы сыншылдық ой-пікір әдеби сынның көркем туынды табиғатын байыпты саралау, жанрлық сипатын жіті талдау, әдеби даму барысын сын тезінен өткізу сияқты келелі мәселелерге батыл бара алатынын дәлелдей түсті. Мұның өзі әдеби сынның эстетикалық, теориялық, ғылыми тұрғыдан алғанда шындалып қана қоймай, әдебиеттанудағы өз орнын айқындау жолында ілгерілеу үстінде болғанын, сынның басты әдістері мен қағидаларын игеру арқылы әдебиеттің, қаламгердің мүддесін көздей бастаған талап пен талғамның өрісті арнасын таба бастағанын дәлелдей түседі.

М.Әуезовтің «Абай» романын талдау барысында қанаттана түскен проза сыны елеулі туындыларға талдау жасап, басты жетістігі мен негізгі олқылығын саралауға, әдеби даму барысын сын елегінен өткізуге күш салып отырды. Атап айтқанда, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ батыры» романына қатысты Е.Ысмайылов «Тақырыптың көркемдік шеберлігі» мақаласын жазды. Сыншы жазушының аталған шығармасын прозаның көлемді жанрын меңгеру жолындағы шығармашылық ізденістің жаңа бір асуы екенін айта келіп, романдағы басты кейіпкердің суреттелуіне, жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне баса назар аударады.

Қазақ әдебиетінің дамуына тікелей қатысы бар өзекті мәселелерді анықтауға әдеби сынның талпынысы кезең талабы ғана емес болатын. Поэзияда Қ.Аманжолов, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Саин, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, А.Токмағамбетов, Ғ.Орманов, Қ.Бекхожин, сонымен қатар Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, С.Сейітов, Қ.Жармағамбетов, Қ.Шаңғытбаев сынды ақындар, прозада М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Әбішев, Ғ.Сланов, драматургияда М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Ә.Әбішев, Ш.Құсайынов жаңа шығармаларымен көрініп, 30-жылдар ойранынан көркемдік деңгейі, идеялық арнасы тарылған, дағдарысқа түскен қазақ әдебиетін аз уақыт ішінде жандандыруға, әр жанрды дамытуға күш салды. Қазақ кеңес әдебиеті ғана емес, тұтас кеңес әдебиеті ұстанған социалистік реализм әдәсә талабы шеңберінен шығу қаламгерлер шеберлігінің биік деңгейде болуына қолбайлау болды.

«Социалистік реализм дәуірінде шығарманың көркемдігі мен шеберлігінен гөрі оның тақырыбы, зәрулігі алдыңғы қатарға қойылғаны белгілі, көркем шығармаларды талдағанда да оның тақырыптық жай-күйіне де баса назар аударылатын. Осы дәстүр соғыс кезіндегі әдебиетте де жалғасын тапты» [93, 53-б], – деген пікірде де шындық бар. Әрине, кеңес дәуіріндегі әдебиет ұстанған көркемдік әдіс – социалистік реализм өмір шындығын жан-жақты суреттеуге мүмкіндік бермегені және қаламгерлерде ой еркіндігі болмағаны мәлім. Ал тыйым салынған тақырыптарға бара қалған ақын-жазушыларға саяси сенімсіздік білдіріліп, қуғын-сүргінге түскенін де назардан тыс қалдырмауымыз қажет. «Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ

әдебиетінің мойындағы жүк батпан салмақпен ауырлай түскен-ді. Соғыс тақырыбын көрсету тәжірибесінің аздығы өз алдына, сол қарсанда әдебиетіміз көп шеберлерінен, үздік таланттарынан айрылып қалған. Бұл ауыр қаза орнының толуына, жараның жазылуына уақыт талабы қаратпастай қатал да қиын еді» [97, 68-б], – деп жазған Р.Нұрғали пікірін қостамасқа болмайды.

Мұндай келеңсіз үрдіс қыркыншы жылдардың соңына қарай өз биігіне жетті де, елуінші жылдардың басында шешуші сипатқа ие болды. Саяси зобалаңның жаңа толқынына жол ашылды да, ұлт зиялыларын қудалау, соттау науқанына ұласты. Атап айтқанда, қыркыншы жылдардағы сынның табысы деуге боларлық «Абай жолы» эпопеясына байланысты қол жеткізе алған жетістігін теріске шығаруға дейін барды. М.Әуезовтің абайтанудағы соны ізденістеріне байланысты ғылыми айтыста тағылған айыптаулар аз болғандай, енді «Абай» романының саяси кемшілігін қазбалауды көздеген солақай сипаттағы мақалалар да жариялана бастады. Мысалы, М.Сильченко «Новый роман об Абасе» мақаласында: «Ақын ағаның» оқырман қауымға таратылуға еш қатысы жоқ, ол қате пікір қалыптастырады, шындықты бұрмалап көрсетеді», «М.Әуезовтің романы шындықты бұрмалайды, оқырманды жаңылыстырады», – деуінің астарында «керітартпашылық», «ескішіл» деген саяси айыптаулардың жатқаны анық. Бұл сыңаржақ пікір «Казахстанская правда» газетінің бетіндегі «По поводу романа Ауезова «Абай» атты мақала арқылы жалғасын тауыпты. Онда да әдебиеттің ұлттық ерекшелігі мен халықтық сипаты еш ескерусіз қалып, «феодалдық-патриархалдық ескішілдікті дәріптейді» [98], – деген бір жақты пікір айтылды.

М.Әуезовтің шығармашылығын жаңа қырынан зерттеген «Мұхтар шыңы» еңбегінде Р.Бердібай жазғанындай: «Бұл мақала М.Әуезовке жала жабудың барып тұрған сорақы көрінісі ғана емес, ұлт зиялысына деген озбыр астамдықтың, ұлы орысшыл шовинистіктің асқынған түрі» [99, 124-б] еді. Әдеби сын елуінші жылдардың басындағы партиялық қаулы-қаралардың талап-тілегінен шығу мақсатын ұстанды. Ұлттық әдебиеттің жанрлық өсуі, көркемдік көкжиегінің кеңеюі, сюжеттік-композициялық және образдар жүйесіндегі тың ізденістер туралы ғылыми-теориялық пікірлер айтуды көп жағдайда назардан тыс қалдырды. Бүкіл кеңес әдебиетіндегідей қазақ әдебиетінде де «тапсырмалы» тақырыптарды жырлау, социалистік қоғам жетістіктерін, халықтар достығын, партияны, «күн көсемдерді» жырлау белең алды. Оған бүкіл әлем мойындаған «Абай жолы» эпопеясының солақай сынға ұшырауы дәлел.

Тоталитарлық жүйе жағдайында тұтас рухани құндылықтар сыңаржақ қаулылар қыспағында қалып, ұлт зиялылары қапасаққа қамалған қазақ халқының тағдыр-талайында 1950 жылдардың екінші жартысы серпіліс пен сілкініске толы кезең болды. Сталиннің өлімінен соң 1956 жылы өткен СОКП-ның тарихи XX съезінде жеке басқа табынушылықтың ауыр зардаптарының сын тұрғысынан қарастырылуы, 1957 жылы жеке басқа

табынушылық қалдықтарын жою жөніндегі арнаулы қаулының қабылдануы қоғамдық өмірге елеулі өзгерістер мен тың жаңалықтар әкелді.

Әдеби сынның биік деңгейден көрінген тұсы – 1957 жылдың 25 наурызында өткен «Абай» романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы» атты конференция болды.

Елуінші жылдардың басында М.Әуезовтің романы айыпталып, оған қатысты саяси астары қалың, «тұрпайы социологизм» ықпалындағы үстірт сын мақалалар жазылған. Сол себепті де ендігі кезекте шоқтығы биік шығарманың қазақ әдебиетіндегі көркемдік деңгейінің биітігі мен жазушы шеберлігін ғылыми-зерттеушілік, сыншылдық-эстетикалық тұрғыда дұрыс бағалау мейлінше қажет болатын. Саяси өлшемге сай талдау мен идиологиялық тұрғыда өрескел бұрмалаудан туындаған қателіктерді түзетуде конференцияның маңызы ерекше болды.

Ендігі кезекте әдеби сын өзінің ғылыми арнасын тауып, эстетикалық сипатымен әдеби даму барысын жіті қадағалауға, басты туындыларды сын тізінен өткізуге, сол арқылы әдебиеттанудағы жетекші орнын айқындауға бет алғанын да көрсетті. Елуінші жылдардың соңы ұлттық әдебиеттанудың жаңғырк кезеңіне сай ізденіс аясын кеңейте түсті десек, бұл орайда қазақ әдебиетінің, әдебиеттануының мәселелері 1959 жылдың наурыз айында өткен Қазақстан Жазушыларының IV құрылтайында да кеңінен сөз болды. Құрылтайды кіріспе сөбен М.Әуезов ашты. «Есеп беру дәуіріндегі қазақ әдебиетінің дамуы және КПСС-тің XXI съезінің шешімдеріне орай Қазақстан Жазушыларының міндеттері» деген тақырыпта Ғ.Мүсірепов баяндама жасады. Жарыссөзде М.Қаратаев, С.Қирабаев, М.Базарбаев, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Т.Жароков, А.Тоқмағамбетов, С.Бегалин, Х.Ерғалиев, Б.Момышұлы, З.Кедрина өзге де қаламгерлер сөз алды.

Соғыс кезінде барлық күш жеңіс үшін жұмсалғанымен, ұлттық ғылыми-зерттеушілік бағыттағы ой-пікір өз ізденістерін тоқтатқан жоқ. Заман талабы оның алдына жаңа міндеттер қойып, тез арада шешуді талап етті. Оның алғашқысы «ұлтшыл-фашист, халық жаулары» жазған оқулықтар мен олардың шығармашылығы енгізілген оқу құралдарын қамтамасыз ету міндеті болды. Ал екіншісі әдеби мұра үлгілерін жариялау, пайдалану, насихаттау және зерттеу міндеті еді. Оны соғыс кезінде бүкіл халықты жеңіс үшін ерлік пен еңбекке жұмылдыруда отаншылдық, патриотизм рухын көтеруге шақырған кеңестік идеология тудырды. Ол таптық көзқарасқа сай тиым салынып келген батырлық эпостардың жарыққа шығуы мен зерттеле бастауына себепкер болды. Бұл басқа да фольклорлық жанрлардың ғылыми тұрғыда қаралуына өз әсерін тигізбей қалмады.

Дәуір талабынан туған осы екі міндет ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әдеби мұраны таптық көзқарас тұрғысынан бағалаудың, «тұрпайы социологизм теориясына» сай зерттеудің бәсең тартуына әсер етті. 1940 жылдан 1947 жылғы қаһарлы қаулы шыққанға дейінгі аз ғана уақыт аралығында ғылыми-зерттеу жұмыстарына берілген мүмкіншілікті қазақ әдебиеттану ғылымы мол пайдаланып қалғанын байқауға болады. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір 20–30 жылдардағы ғылыми еңбектер мен

мақалалардағы әдебиет тарихы мен теориясын тексерудегі бағыт-бағдарды жалғастырып әкетті.

Себепсіз салдар жоқ екені белгілі. Орта мектепті оқу құралдарымен қамтамасыз етуден туындаған осы қажеттілік ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихы мен теориясын тексеру бағытында тың ізденістерді жасауына, жаңа еңбектердің жазылуына ықпал етті. Жаңа бағдарлама жобасына орай 1937–38-жылдары жазылған әдебиет хрестоматиялары мен оқулықтар түгелдей өзгеріске ұшырады. Партияның көркемөнер мен әдебиет, ғылым салаларындағы саясатының талаптары негізінде жасалған жаңа бағдарламада орта мектептің 8 сыныбына фольклор мен XVIII және XIX ғасырдың I жартысындағы әдебиетті, 9 сыныбына XIX ғасырдың II жартысынан төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын, ал 10 сыныпта кеңес дәуірінің әдебиетін оқыту жоспарланған еді. Бұл, әрине, жоғарғы сыныптардағы әдебиетті тарихи курсқа жақындата жүргізу мақсатынан туындаған болатын-ды. Осыдан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тексеруіне жаңа мүмкіндіктердің жолы ашылып, тың ізденістерге баруына жағдай туды. Бірақ, ол оңайлықпен жүзеге аса қойған жоқ. Себебі, әдебиет хрестоматиялары мен оқулық жасауда біршама тәжірибе жинақтап қалған әдебиетші кадрлардың көбі атылды, сотталды. Ал аман қалғандарына саяси сенімсіздік білдірілді. Сондықтан үкімет пен партия оқу құралдарын жасау міндетін әдебиет пен сында, халық ағарту саласында енді ғана таныла бастаған жас кадрларға жүктеді. Соның негізінде төменгі сыныптарға арналған Ш.Кәрібаевтың 5–класқа (1933–41, 1944), Қ.Бекқожиннің 6–класқа (1939–41, 1943), А.Көшімбаевтың 7–класқа (1939–44) әдебиеттік оқу кітаптары жазылды. Ал әдебиеттің тарихи курсы жүргізу мақсатына орай жоғарғы сыныптарға Е.Ысмайыловтың 9–класс үшін «Қазақ әдебиеті» (1940–42, 1944), Қ.Жұмалиевтің 8–9 кластар үшін «Қазақ әдебиеті», Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан және Б.Шалабаевтың 8–класс үшін «Қазақ әдебиеті. Фольклор» (1941), Д.Әбілев пен Ж.Саинның 10–класс үшін «Әдебиет хрестоматиясы» (1939), «Қазақ совет әдебиеті» (1940), С.Мұқанов пен Қ.Бекқожиннің «Қазақ әдебиеті» (1940–42, 1944) атты орта мектепке арналған хрестоматиялары жарыққа шықты. Бұл хрестоматияларды төңкеріске дейінгі ұлт әдебиетін тарихи шындыққа сай жүйелі зерттеу жасауға алғашқы барлау жасаған, тың ізденістерге бастама салған еңбектер деп бағалаған жөн. Өйткені, үлкен дау-дамайға түсіп, әдебиет тарихындағы лайықты бағасын тек отызыншы жылдардың орта тұсында ғана алған А.Құнанбаев пен Ы.Алтынсариннен басқа ақын-жазушылар туралы нақты ғылыми тұжырым жасала қоймаған болатын. 30-жылдардағы әдебиет хрестоматиялары мен оқулықтарды, басқа да ғылыми мақалалар мен зерттеулерде шыққан ортасына сай үстем тап мүддесін жырлағанына, ескілікті көксеуші кертартпалығына немесе либерал-буржуазияның өкілі болғандығына баса көңіл аударылған ақын-жазушылар енді жаңаша бағаланды. Бұқар жырау, Шортанбай, Сұлтанмахмұт, Нысанбай, Шәңгерей, Ғ.Қарашев, М.Ж.Көпеев секілді ақындар әдебиет хрестоматиясынан тұрақты орын алып, өмірі мен шығармашылық мұрасы оқытыла бастады. Ал бұрын

оқу құралдарына енгізілмей келген Дулат, Мұрат, М.Өтемісұлы, Нарманбет, С.Көбеев, С.Дөнентаев т.б. дарындардың әдебиет тарихындағы орнының белгіленуі, хрестоматияларда жүзеге асқан тың ізденістердің жемісі екені анық.

Фольклор мен әдебиет тарихын зерттеудегі негізгі бағыт-бағдарлары мен арналары әдебиет хрестоматияларында осындай сипатта айқындалған болса, олардың күрделі мәселелерін ғылыми тұрғыда тереңдете тексеру оқу құралдарын жазу барысында жүзеге асты. Оқулықтар мен басқа ғылыми зерттеулерді қарастырғанда ең негізгі бір мәселеге, қазақ әдебиеті тарихының ғылыми курсына жасау мен дәуірге бөлу жолындағы ізденістерге орай сөз ету қажет. Сонда ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолында қол жеткізген табыстары мен бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда қателік болып табылатын кемшіліктерді құрыс саралай аламыз.

Алғашқылар болып 1941 жылы Қ.Жұмалиевтің 8–класқа арналған «Қазақ әдебиеті», Е.Ысмайыловтың 9–класс үшін «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралдары жарық көрді де, мектепте әдебиеттің тарихи курсына жүргізу мақсатынан туғандықтан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденістер жасауына жол ашты.

Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің 1940 жылдан бастап 1947 жылдың 21 ақпанындағы Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» талқандағыш қаулысына дейінгі аз ғана уақыт аралығында зерттеу нысанына алған енді бір кезеңі кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті тарихы болды. Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ кеңес әдебиетінің туу, қалыптасу, өсу мәселелері алғаш рет ғылыми тұрғыда тексеріле бастады. 1942 жылы Е.Ысмайыловтың жалпы редакциясымен 10 сыныпқа арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығы шықты [100].

Ал әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолындағы қадамында сәтті ізденістер жасап жатқанда әдеби сын сыңаржақ солақайлығын «ұмыта» қойған жоқ болатын. Сын қанды соғыс жүріп жатқан кезеңнің өзінде кейбір жеке ақын-жазушылардың шығармалары мен кітаптары туралы кеңестік идеологияның талабына сай тұқырта пікір айту әдетінен жаңылмады. Мысалы, «Социалистік Қазақстанда» Қ.Есенбаевтың «Жазушы Ғ.Мүсіреповтің зиянды пікірі туралы» (1944, 22 қазан), С.Төлешовтың «Сәбиттің диалектикалары» (1944, 17 қазан) деген мақалалар арқылы олардың кеше ғана «халық жауларымен» байланысты болғандығын естеріне түсіріп қоюды назардан тыс қалдырмады.

Оқу құралдарына байланысты қазақ әдебиетінің тарихына «тұрпайы социологиялық» көзқарастың қайта жаңғыруы «Социалистік Қазақстан» газетіндегі С.Төлешовтың «Қазақ әдебиеті туралы» (1944, 12 сәуір), «Қазақ әдебиетін зерттеудегі елеулі қателіктер мен кемшіліктерді батыл және тез жойайық!» (1 желтоқсан) деген сын мақалаларында тағы да көрініс тапса, 1946 жылы П.Кузнецовтың «Идеясыздық пен жайбарақаттық жағдайында» (4 қазан), «Лениншіл жастағы» А.Ысқақовтың «Зиянды кітап» (11 қыркүйек) секілді әшкерелегіш мақалаларға жалғасты. Бұлар 1947 жылғы қаһарлы

қаулыға алып барар жолдағы дайындық кезеңінің жалпы сипатын танытатын алғашқы белгілері десе де болады. Оған партияның көркемөнер, әдебиет және ғылым туралы саясаты мен идеологиясынан туындаған объективті себептер де әсер етпей қалмады.

Осы құралдары мен басқа да зерттеу еңбектеріндегі «ұлтшылдықтың» салқынын әшкерелегіш жоғарыда айтылған мақалалардың жазылуына бұл бір себеп болса, 1946 жылғы БКП(б) Орталық Комитетінің идеология саласы бойынша қабылданған «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы», «Драма тетрларының репертуары туралы және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулылары отқа май құя түсті. Осының барлығы Қазақстандағы ұлтшылдықты әшкерелеудегі идеология майданын жандандыра түсті де, мәдениет, әдебиет саласында қырық жылдан астам кесірін тигізген 1947 жылғы және одан кейінгі қате қаулыларға ұласты. Олардың күшін партияның XX съезінен кейін басталған жаңаша көзқарастың өзі жоққа шығара алмады.

Ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің қалыптасу дәуіріне қадам басқан осы кезеңде қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу, теориялық мәселелерін тексеру жұмыстары тек қана оқу құралдарында жүзеге асты десек қателескен болар едік. Керісінше, олардың осындай деңгейде танылуына ғылыми зерттеу мақалалар мен монографиялық сипаттағы еңбектердің үлесі аз бола қойған жоқ.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің мақалалар мен еңбектерде ерекше көңіл аударғаны қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі болды. Ол енді ғана қалыптасу жолын бастаған қазақ әдебиеттану ғылымы үшін заңды құбылыседі. Осыған сай қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуде 40-жылдардың бас кезінен екі түрлі көзқарастағы жүйеге бөлу жобасы қалыптаса бастады. Оның алғашқысын Қ.Жұмалиев «XVIII ғасырдың екінші жартысындағы, XIX ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы әдебиет, XX ғасыр басындағы әдебиет» деген үлгіде 1940 жылы ұсынған болатын [101]. Ал бұған қарсы екінші көзқарастағы үлгі Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет (XV–XVIII ғғ.), XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет, XIX ғ. екінші жартысындағы әдебиет, XX ғ. басындағы әдебиет, Қазақ совет әдебиеті» деп бөлген, С.Мұқановтың көне әдебиетті «Алтын Орда тұсындағы әдебиет, Ақтабан-шұбырынды тұсындағы әдебиет» деп дәуірлеген жүйелері болды [102]. Алайда Б.Кенжебаев пен С.Мұқанов ұсынған бұл жүйелердегі жоба басқа әдебиетші ғалымдар тарапынан қолдау таппады.

Солдай бола тұрған күннің өзінде 1940–50 жылдар арасында әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесін нақты сөз ете бастаған ғылыми-зерттеушілік ой-пікір, оқу құралдарында әр ғасыр әдебиетіне сай хронологиялық жүйеде топтастырылған ақын-жазушылар мұрасын жан-жақты тексеру міндетін алға тартты. Әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеу мәселесінде оқулықтар жолбасшылық рөл атқарды дей тұрғанымызбен, әр дәуір әдебиетіне сай қарастырылған ақын-жазушылар шығармашылығын монографиялық сипатта зерттеуге сай бағыт-бағдар ғылыми мақалалар мен зерттеулерде жүзеге асты.

Мысалы, төңкеріске дейінгі әдебиеттен Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұт шығармашылықтарын егжей-тегжейлі тексеруге деген ұмтылыс анық көрініс тапты.

Ұлттық әдебиет туралы ғылымның 40-жылдардағы ғылыми ізденістерін сөз еткен уақытта зерттеу әдістерінің қандай сипатта көрініс тапқанына көңіл аудармасқа болмайды. Өйткені, қандай да болсын ұлттық әдебиет туралы ғылым бүкіләлемдік әдебиеттануға тән әртүрлі мектептер теориясына сәйкес даму жолын толықтай бастан өткермеген күннің өзінде, олардың негізгі белгілері байқалмай қалуы мүмкін емес. Маркстік-лениндік әдіснама төңкеріске дейінгі орыс әдебиеттану ғылымындағы академиялық мектептер қалыптастырған әдіс-тәсілдерді жоққа шығарғанымен, олар біржола құрып кетті дей алмаймыз. Көркемөнер мен ғылымды маркстік-лениндік әдіснаманың принциптерінен шығармаған партия саясатының 40-жылдары тізгінді сәл де болса босатыңқырағаны тарихи шындық. Осыған орай Ресейде ғана емес, ұлт республикаларында да көркем әдебиетті ғылыми тексерудегі бүкіләлемдік іс-тәжірибеден үйрену, жаңашыл деп танылған кейбір теорияларды пайдалану үдерісі қатар жүріп жатты. Ол кейін ғылымдағы космополитизм, батысқа бас июшілік, буржуазияшыл-ұлтшылдық деп табылғаны мәлім.

Бұл тұрғыдан келгенде осы кезеңдегі қазақ әдебиеттану ғылымы да өз мүмкіндігі келгенше ұмтылыстар жасамай қалған жоқ. Оқулықтар мен хрестоматияларда негізінен биографизм мектебінің талаптарына сай ғұмырнамалық тұрғыдағы тексеру басты бағыт алды. Бірақ оған кеңестік әдебиеттануға тән таптық наным, қоғамдық тартыс, дүниеге таптық көзқарас секілді қағидалары да араласып отырды. Ал жекелеген ақын-жазушылар мұрасын монографиялық тұрғыда зерттеуде ғылыми-зерттеушілік ой-пікір биографизм ауқымынан шығып, социологиялық арқауы басым талдаулардан алыстай бастағаны байқалды. Мысалы, оны Абай мен Ыбырай шығармашылығына арналған ғылыми мақалалар мен еңбектердегі мәдени-тарихи салыстырмалық мектепке тән ой-көзқарастардан байқауға болады. Шоқан, Махамбет, Сұлтанмахмұт мұралары алғаш рет тексерілу нысанасына алынып отырғандықтан да ғұмырнамалық сипатта қарастыру басым түсіп жатқанымен тарихи және әдеби-теориялық талдау жасай отырып тексеру деген талпыныс анық байқалды. Ең бастысы ұлттық әдебиеттану ғылымы «тұрпайы социологизм» теориясының зиянды ықпалынан алыстап, сталиндік «түзетулер» енгізілгенге дейінгі маркстік-лениндік әдіснама талаптары анық байқала отырса да бар мүмкіндікті пайдаланып қалуға ұмтылды.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің осы кезеңдегі екінші жетістігі оқулықтар, ғылыми мақалалар және зерттеу еңбектердегі тексеріле бастаған ақын-жазушылардың қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орындарының дұрыс және әділ бағалануы еді. Оған біз қате қаулылардың қағидаға айналған тұжырымдары өз күшін жойғаннан кейін ғана көз жеткіздік. Көптеген дарындардың әдеби мұрасын зерттеудегі осы маңызды бастаманы тек соңғы он жыл ішінде ғана жалғастыруға мүмкіндік туды. Оған дейін қазақ

әдебиеттану ғылымының 40-жылдарда-ақ қол жеткізген осы табысы бұрмалана түсіндіріліп келді.

Жинақтай айтар болсақ, ұлттық әдебиеттану ғылымының осы 40-жылдардағы қол жеткізе алған жетістігі аз табыс емес еді. Бірақ осылайша ұлттық әдебиеттің бар-жоғын түгендеуге ұмтылып, ол жолда іркілісінен ізденісі басым түсіп жатқан қазақ әдебиеттану ғылымына Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1947 жылғы «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателер туралы» қаулысы тап келді. Ол қазақ әдебиетін ұлттық мүддеге сай танып-білу және зерттеу жолындағы тың бағыттағы қадамдарды жоққа шығарғанымен қоймай, ақыл-ойға ұзақ жылдар бойы тұсау салған кеңестік саясат пен идеологияның қатаң талаптарын ала келді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының 40-жылдардағы табыстарын осылайша жоққа шығарған бұл қаулы В.И.Лениннің «әр ұлттың мәдениетінде екі түрлі мәдениеттің элементі болатыны туралы» қағидасын тағы да алға тартып, «тұрпайы социологизм» теориясына тән қате көзқарастың қайта өріс алуына жол ашты. Ең бастысы ұлттық әдебиеттанудың ғылыми әдіснамалық ізденістерінде кең өркен жая бастаған тарихилық және халықтық принциптеріне маркстік-лениндік ілімнің таптық қағидасының тар шеңберіне қайта апарып құрсаулауды саяси мән бере отырып негіздеді.

Ұлттық әдебиеттанудағы «қателіктерді жоюға» шақырған үндеуге идеологияға жақын, саясатшыл әдеби сын бірден үн қосты. Сыншылдық көзқарастың қаулыға дейін анда-санда көрініс беріп қалып отырған тапшылыққа негізделген сыңаржақ солақайлығы қайта дәуірлеп, ғылыми-тарихи, әдеби-теориялық ой-пікірдің «өрескел қателіктерін» аямай әшкерелеу мен өлтіре сынау өрістеді. Қаулы мен идеологиялық саясаттың қатаң талаптарына сай ғылыми зерттеу жұмыстарындағы қателіктерді түзету үшін оқулықтар мен оқу құралдарын қайта жазу ісі де қауырт қолға алынды. Бұл салада бұрын жұмыс жасап жүрген авторлардың көбіне саяси сенімсіздік білдірілді жәнеқырағылықпен қадағаланып отырылды. Сол себептен 8 сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясы (1947) С.Мұқанов пен Қ.Бекхожин авторлығымен жарық көрді. Онда қамтылған фольклорлық үлгілердің таптық сипатта болуына айрықша көңіл аударылды. Сол сияқты 1948 жылғы Қ.Бекхожиннің 10 класқа, Ә.Шәріповтің 9 класқа арналған «Қазақ әдебиеті» хрестоматияларында, Қ.Жұмалиевтің 8 класқа, С.Мұқанов пен Қ.Жұмалиевтің 9 класқа, Ғ.Мүсірепов, Қ.Бекхожин, Қ.Жармағанбетов, С.Сейітовтердің 10 класқа арналған оқу құралдарында қазақ әдебиеті тарихының «құйрық-жалы күзеліп», таптық көзқарас пен партиялық саясаттың талаптарына сай келетін ақын-жазушылар шығармашылығы ғана қамтылды. Оның өзінде олардың дүниетанымы мен шығармаларындағы тапшылдық қайшылықтарды «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалындағы талдаулар арқылы ашу жағы басым түсіп жатты. Бұдан жоғарғы оқу орындарындағы әдебиет пәні бағдарламалары да сау қалған жоқ.

«Тұрпайы социологизм» теориясының өріс алғаны сондай, 1952 жылғы оқу бағдарламалары мен оқулықтардың ғылыми-танымдық сапасы нашарлап, ғасырлар бойы жасалған фольклор мен тарихи әдебиет түгелге жуық жоққа шығарылды.

Ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің туу дәуіріндегі және жетілу кезеңінің алғашқы жылдарындағы азды-көпті жетістігінен бас тартуға дейін барған осы бір қиын кезеңде «халықтар көсемінің» жеке билігі құлады. Алғашқыда жаңаша идеологияның аңысын аңдыған қазақ әдебиеттану ғылымы көп ұзамай-ақ даңғыл жолға бастаған бұрынғы сұрлеуін қайта іздеп тапты.

1954–55-жылдары ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің «тұрпайы социологизм» теориясына қарсы күреске шығуына жол бастаған тағы да Абай мұрасын жаңашыл көзқараста жан-жақты зерттеудің қолға алынуы еді. Осы екі жылда ұлы ақынның қайтыс болуына 50 жыл, туғанына 110 жыл толуына байланысты мерзімді баспасөз бетінде орыс, қазақ тілдерінде жүзден астам мақала жарияланып үлгерді.

Осы жылдардағы қазақ әдебиеттануының айтарлықтай ізденістері болып табылатын табысы деп әдеби-теориялық сипаттағы зерттеулердің көбейе түсуін атар едік. Жеке ақын-жазушыға арналған ғылыми және сын мақалалардағы ой-пікірді айтпағанда, таза теориялық ұғым-түсініктерді ғылыми сөз ете бастаған еңбектердің жариялануы құптарлық құбылыс еді. Нақты айтқанда, реализм және сыншыл реализм, жанр түрлері, идея, тақырып, конфликт, характер, ұнамды образ, тип және типтік тұлға, түр мен стиль, дәстүр мен жаңашылдық, өлең сөздің құрылысы секілді келелі күрделі мәселелердің қазақ әдебиетіндегі табиғаты мен игерілуіне арналған бірнеше мақала жарық көрді. Осы ізденістерден қазақ әдебиеттану ғылымының 1947–53 жылдар аралығындағы дағдарыстан кейін қайта дами бастағанын көреміз. Бірақ оның бәрі өздігінен және оп-оңай жүзеге аса қойған жоқ. «Тұрпайы социологизм» теориясы мен нигилистік көзқарас өз позициясынан айырылғысы келмегенмен, енді әрі-сәріде тұрған кеңестік идеология оған сүйеу бола алмады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының өз сара жолын қайта жалғастыра бастаған осы соны қадамдарын, жеке басқа табынудан туындыған кемшіліктерді түзетуге бағытталатын алдағы үлкен өзгерістерге іштей дайындығы болды десек қателеспейміз. Ол КПСС-тің XX съезінен басталған бетбұрыста, яғни жаңару, жаңғыру кезеңінде жүзеге асты. Компартияның XX съезінен басталған жаңаша өзгерістер әкелген «жылымық» кезеңі әдеби мұраны игеру мәселесіне байланысты тың көзқарастағы бағыт-бағдар тууына себепкер болды. Ол ең бастысы, өткен дәуірдегі әдебиет өкілдері туралы ғана емес, кеңес кезіндегі әдебиеттің ақын-жазушылары шығармашылығын монографиялық тұрғыда зерттеу ісінің дұрыс жолға қойылуына бастама салды.

Қоғамдық дамудағы саяси-әлеуметтік мәселелермен қашан да біте қайнасатын рухани әлемге соны серпін, сілкініс әкелген Н.С.Хрущевтің «жылымық» (И.Эренбургтің «Оттепель» деген повесінің атауынан шыққан)

жаңғырығы отандық әдебиеттануда өзіндік мол із қалдырды. Оны қазақ халқының өзіндік болмыс-бітімін кеңестік идеологияның социалистік мәдениет атты рухани құндылықтарға жат қысымынан, күштеп таңған қисынсыз догмаларынан арылтудағы, сол арқылы ұлттың көне мәдениеті, әдебиетіндегі тарихи жадын қалпына келтірудегі әрі дамыта түсудегі кешегі кеңестік дәуірдегі тарихи тағылымы мол кезең деп қарастыруға болады.

Сталиндік биліктің күні біткен соң, 50-жылдардың бастапқы тұсы тоталитарлық жүйені реформалау, саяси өмірді тұрақтандыру, қуғын-сүргін саясатын айыптау әрекеттерімен ерекшеленді. Дегенмен түп-тамыры тереңге кететін «орыстандыру» пиғылы «совет халқы» аталатын жана адамдар қауымдастығын құру идеясымен қайтадан өрістеді. КСРО-ны мекендеген ұлттар мен ұлыстарды тоғыстыру, ол үшін орыс тілін кеңінен өрістету міндеттілігі, 80-жылдардың басында ұлттық республикаларды біртіндеп тарату басты мақсатқа айналды.

Қоғамдық-әлеуметтік, саяси өмірде өтіп жатқан бұл үрдістердің қай-қайсы да әдебиет пен өнерге із қалдырмай кеткен жоқ. Қашаннан коммунистік-кеңестік құрылымның қатаң бақылауында болып келе жатқан қаламгерлер бұл жылдары да таптық дүниетаным шеңберінде шырмалды. 1954 жылы өткізілген Қазақстан жазушыларының III съезі мен Одақ жазушыларының II съезі қаламгерлер қауымын «марксизм-ленинизмді творчестволықпен игере отырып, шындықты танып-білуге» шақырды. Кеңес жазушыларының аталмыш форумында қаламгерлер қауымына А.А.Фадеевтің аузымен: «Көп жазушылар өмірді нашар біледі, одан тіпті қол үзген немесе оны немқұрайды зерттейді», – деген қатал сын айтылып, «біз шындыққа өмірге құштар, коммунизм үшін күрескер адамдардың көзімен қарауымыз керек» [103], – дейтін талап артылды.

Рухани игіліктерді жасаушы тұлғалардың алдына осы кезеңде қойылған міндеттер мен идеологиялық қысымның, «орыстандыру» саясатының «социалистік ұлт» деген жамылғы бүркенген суық ызғарын М.Әуезовтің М.Фетисовпен бірлесіп жазған «Социалистік ұлттар әдебиеттерінің даму заңдылықтары» деген мақаласынан анық байқауға болады: «Социалистік ұлттардың психологиялық жан-дүниесіндегі ортақ сипаттар мен сапаларды саралаудағы үздіксіз іздену процесі ұлттық мәдениеттер мен әдебиеттерді бұрынғыдан да бетер туыстырып, бірін-бірі кемелдендіре түседі. Жазушылардың көркемдік түсінік-білігі де солай өзгеріп, кемелдене береді, көркем творчествоның мазмұны мен формасынан бауырлас халықтарды жақындастыратын жаңа арналарды тапжылмай, талмай іздестіріп, тауып алып отырады. Ұлттық характерге социалистік ортақ сипаттардың етене болу процесі, әлбетте, алуан тілді әдебиеттердің туындыларында жасалатын образдардан көрініс табады» [104, 79-б]. Авторлардың түпкі мақсаты әдебиеттер байланысының бір-біріне игі ықпалын танытуға негізделген ізгі ниет болса да, «социалистік ұлттар», «ұлттық характерге социалистік ортақ сипаттардың етене болуы», т.с.с. пікірлерінен уақыт тынысы, қоғамдық өмір талабы айқын сезіледі.

Адам – қоғамдық орта жемісі, оның жігерлі субъектісі. Сондай-ақ қоғамнан тыс өнер де, өнерпаз тұлға да болмақ емес. Қоғамдық сананың мораль, ғылым, дін, өнер, пәлсапа, т.б. сияқты болмысты тану әдіс-тәсілдерінің біріне саналатын әдебиет те қоғамдық-саяси өмір талаптарына жауап беруге тиіс болды. Бұл жағдайда көркем әдебиетпен біте қайнасып, өмір сүретін әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымы да, оларды тудыратын тұлғалар да мезгіл жүктеген міндеттерден тысқары қалуы мүмкін емес еді. Осы кезеңде дүниеге келген руханият туындыларында ұшырасатын үлкенді-кішілі қателік-кемшіліктердің сырын да осы тұрғыдан түсінген жөн. Сондықтан да «партияның тарихи XX съезіне дейінгі аралықта көркемдік дамудың даңғыл жолын айқындау барысында ұтымды ізденістер мен табыстар кейбір реттерде «бірыңғай ағым» мен космополиттік көзқарастардың зиянды сырларын әшкерелеулер арқылы жүзеге асты, андасанда артық сілтеп, кем алған кез де жоқ емес» [23, 9-б], – деген пікірдің аталмыш жылдары қажырлы еңбек еткен Белгібай Шалабаев еңбектеріне де тікелей қатысы бар.

Елуінші жылдардың екінші жартысы Сталиннің өлімінен кейінгі саяси-қоғамдық өзгерістермен, жеке адамға табыну саясатын сынаумен, Хрущевтің шығармашылық адамдарын тежеу салтына жасаған реформасымен («Жылымық атанған») ерекшеленеді. Бұл тұста Қазақстандағы әдебиет саласындағы асыра сілтеулер де бірсыпыра тынышталды. Елде партия, үкімет басшылығы жаңарды. 1954 жылы өткен Қазақстан жазушыларының III съезі мен КСРО жазушыларының екінші съезі әдебиеттің өмірмен байланысын арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Осы игі шараларды партияның XX съезі мақұлдап бекітті. Соның нәтижесінде 1937 жылы жазықсыз қараланған адамдар ақталды. С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров мұралары әдебиет тарихынан қайта орын алды. «Алыптар тобының» әдеби мұраларының туған халқымен қайта қауышуы ұлттық әдебиеттану мен сынға да соны серпін берді. Олардың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, әдебиет тарихында алар орнын айқындау мен әдеби мұрасын зерттеуде қолға алынар істер бағыты айқындалды. Бұл үрдіске әдеби сын да өзіндік үлес қосты. Ұлттық әдебиет тарихының жекелеген өкілдеріне арналған мақалалардан «тұрпайы социологизм» салқыны тұрғысынан қарастырылған Ш.Қанайұлы, Д.Бабатайұлы, Ш.Бөкеев, Ш.Жарылғасұлы, М.Ж.Көпеев, Н.Орманбетұлы туралы дұрыс баға беруге деген талап байқалды. Бұл аталған ақындар мұрасын дұрыс та байыпты зерттеудегі талпыныс тәуелсіздік кезеңіне сабақтасар басты жаңалық еді. Ө.Тұрманжанов, М.Қаратаев, Х.Есенжанов, С.Талжанов, Е.Ысмайылов, З.Шашкин, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхаметханов сынды қаламгерлер қайта оралып, жазушылық қызметін жалғастыруға мүмкіндік алды. 1959 жылы Қазақстан жазушыларының IV съезі өтті. Жазушылар қатары өсті.

Әдебиет тарихын зерттеу мен әдеби сынның дамуы осы кезеңде ерекше қарқынмен жүрді.

Жылымыққа тән жаңғыру кезеңін қазақ зиялылары барынша тиімді пайдаланып қалуға тырысты. Бұл ретте әдебиетші ғалым Р.Бердібайдың «Ең

үлкен мәдени байлық», Ә.Нарымбетовтың «Ана тілін ардақтайық», Т.Кәкішев, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов барлығы сегіз адам қол қойған «Тіл мәдениеті», М.Қаратаевтың «Қайта қарауды қажет ететін мәселе», Б.Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» атты ұлт руханиятының өзекті мәселелерін өткір көтерген мақалалары соның айғағы деуге болады. Алайда тоталитарлық жүйе ұлттық мүддеге тамыр тартатын және әлеуметтің санасына қозғау салатын мұндай ізденіс өрісін барынша тұсаулауға күш салды. Соның барысында 1956 жылы 10 желтоқсанда ҚКП Орталық Комитетінің «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулысы қабылданды [105].

Газет-журналдар, ғылыми басылымдар, баспалар, жоғары оқу орындары, Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты әдебиет сыны мен ғылымының өсуіне мұрындық болды. Жүздеген мақалалар жазылды, ондаған кітаптар, жинақтар шықты, диссертациялық еңбектер қорғалды. Түрлі конференцияларда, пленумдарда, съездерде, жыл қорытындыларында, жеке жанрға, жеке кітапқа арналған талқылауларда әдебиет мәселелері жан-жақты сарапқа түсті. Қысқасы, тар заманда, әкімшіл-әміршіл дәуірде көркем әдебиет, соның сыны мен ғылымы ұлттық рухтың негізгі ұраншысы бола білді. Әдебиет сыны, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы жеке-жеке арна тауып, тарам-тарам жолмен өрістей бастады. Жеке жанрлар проблемасы, бір қаламгер шығармашылығы, белгілі дәуір әдебиеті, текстология (мәтін тану), библиография (кітабият), фольклортану, әдебиеттер байланысы, анықтамалық энциклопедиялық еңбектер, оқулықтар, ұжымдық зерттеулер өрістеп, әдебиетші-сыншы, әдебиетші-ғалымдардың маманданған шоғыр-шоғыр топтары пайда болды.

Осы секілді жағымды жағдайлар қазақ әдебиеті сыны мен зерттеу жұмыстарына да пәрменді ықпал жасады. 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың басында әдеби сынға көңіл бөлудің үлкен бір көрінісі – сын кітаптарының басылуы еді. Ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихын зерттеу саласында алдыңғы кезекте М.Әуезов пен С.Мұқановтың бұрын жазылып, мерзімдік баспасөзде жарияланған, бірақ кітап болып басылмаған еңбектері жиналып жарық көрді. Олардың қатарында М.Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» (1959) (автор бұл еңбекте біраз әдебиетші ғалымдардың ішінен Б.Шалабаевтың да ерен еңбегін тілге тиек етеді), С.Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» (1960) атты кітаптары бар еді. Сәл кейінірек С.Мұқанов «Жарқын жұлдыздар» (1964) деген атпен Шоқан мен Абай шығармашылығы туралы зерттеуін жариялады.

Осыған жалғас аға буын әдебиет зерттеушілер Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев еңбектері біртіндеп жарық көре бастады. Кезінде әдеби-сыншылдық қызметі партиялық тұрғыдан ылғи сынау астынан шықпаған бұлар ғылыми-шығармашылық ізденудің жаңа белесіне аяқ басты.

Бұл жылдары бұлардан басқа да көптеген ірі әдебиетші, сыншылардың еңбектері жарық көрді. Олардың ішіндегі ең бастылары Т.Нұртазиннің «О творчестве Сабита Муканова» (1958), «Жазушы және өнер» (1960), «Бейімбет Майлин творчествосы» (1966), «Шеберлік туралы ойлар» (1968),

Сильченконың «Абайдың шығармашылық өмірбаяны» (1957), Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қарасөздері» (1956), М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1959) Қ.Мұхаметхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959), С.Қирабаевтың «Ғабиден Мұстафин» (1956), «Спандияр Көбеев» (1958), Т.Ахтановтың «Ғабит Мүсірепов» (1956), А.Нұрқатовтың «Мұқтар Әуезов» (1957) атты еңбектерін атауға болады. Көптеген ғылыми мақалалар басылды.

Әдебиет сынының дамуына даңғыл жол ашылды. Сын бұрынғы айғайшудан арылып, әдеби процесті, жаңа шығармаларды байсалдықпен талдауға бет бұрды. Алғашқы сын мақалалар жинағы шыға бастады. Оған мысал ретінде М.Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар», «Рожденная Октябрем» (1958) атты сын кітаптарын айтуға болады. Күнделікті әдеби сынға Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин сияқты кәнігі сыншылармен бірге әдебиеттің жас күштері (А.Нұрқатов, С.Қирабаев, Т.Әлімқұлов, З.Қабдолов, Қ.Нұрмаханов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, Р.Нұрғали т.б.) араласа бастады.

60–80 жылдарда қазақ әдебиетінің бұрын қарастырылмаған жанрлық проблемалары бойынша көптеген маңызды ғылыми жұмыстар жүйелі түрде қолға алынып, сан-алуан еңбектер жарық көрді. Монографиялық зерттеу стилінде І.Жансүгіров (Ы.Дүйсенов), Б.Майлин (Т.Нұртазин, Б.Наурызбаев), С.Сейфуллин (Е.Ысмайылов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев), Қ.Аманжолов (Т.Әбдірахманова), С.Мұқанов (Т.Нұртазин, М.Хасенов), Х.Есенжанов (З.Серікқалиев), М.Әуезов (М.Мырзахметов, Л.Әуезова, Р.Нұрғалиев, Т.Жұртбаев), Ә.Тәжібаев (М.Дүйсенов), Қ.Бекхожин (Ә.Нарымбетов) шығармалары талданса, юмор, сатирасын (Т.Қожақеев, М.Тілеужанов, Т.Кәкішев, Д.Ысқақов), драматургия (С.Ордалиев, Ә.Тәжібаев, Р.Рүстембекова, Е.Жақыпов, Р.Нұрғалиев), проза (Б.Шалабаев, Р.Бердібаев, Ш.Елеукенов, Ә.Шәріпов, Б.Майтанов), поэзия (М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов, З.Ахметов), әдебиеттер байланысы (Ш.Сәтбаева, Е.Лизунова, Е.Ғабдиров), аударма (Ә.Сатыбалдиев, С.Талжанов, Х.Садықов), көне әдебиет тарихы (А.Қыраубаева, М.Мағауин, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Өмірәлиев, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков), фольклор (Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, О.Нұрмағамбетова, Е.Тұрсынов, Н.Төрекұлов, С.Қасқабасов, С.Садырбаев, Ш.Ыбыраев), текстология (Қ.Мұхаметқанов, М.Бөжеев) проблемалары тарам-тарам салалар бойынша сарапқа түсіп, жеке зерттеулер, кітаптар, ұжымдық жинақтар, тізбекті басылымдар жарыққа шықты. Осы еңбектер негізінде кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды; орта мектепке жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазылды.

«Алпысыншы жылдар буынының» айтулы өкілдерінің 60-жылдардағы сын мақалалары осы саладағы ізденістерімен таныла бастаған өзге де таланттардың күшімен қанаттаса, дәуір талабына орай, әдебиеттанудың жүгін жұмыла көтерудегі тың талпыныстарымен құнды. Академик С.Қирабаев атап өткендей: «1956–1966 жылдар аралығында он жылда жүз елуден астам сын және зерттеу кітаптарының жарық көргенін айтудың өзі жеткілікті. Мұндай өнімділік бұрынғы әдебиет даму кезеңдерінің ешбірінде болған емес... Қазақ әдебиеті сыны мен әдебиеттану ғылымының осы дәуірде

қарқынды дамуы, ең алдымен, қоғамдық ой-пікірде еркіндік тууымен байланысты болды».

Жылымықтың қазақ руханиятына тигізген игі ықпалы кеңестік идеологияға таза беріліп кетпеген Алаш рухты зиялылар және де ұлттық әдебиетке соны леп әкелген жаңа толқынның сын мақалаларындағы ой-өрісінен, дүниетанымынан айқын көрініс тапты. Атап айтқанда, елдің елдігін сақтайтын тіл, әдебиет, мәдениет, тарихқа қатысты саясат ұстанымына байлаусыз болуды дйттеген рухани азаттық аңсарындағы байыптаулары ұлттық руханиятты адамзаттық құндылықтармен, халық зердесінің өзіндік мәнімен сабақтастыру талабындағы эстетикалық таным-біліктің нәріне айналды. Бұл ретте кешегі әміршіл-әкімшіл кеңестік жүйенің әдеби-мәдени кеңістігіне ерекше әсер еткен жылымықтың идеологиялық қысымнан ада аз ғана азаттық ауасымен тыныстап үлгерген «алпысыншы жылдар буыны» атанған толқынның жаңаша ойлау мен тың ізденіс үрдісі соның айқын дәлелі болып табылады. Осы буынның айтулы өкілдері Ә.Кекілбайдың «Жеке адамға табынушылықты сынау рухани құндылықтарды қайта бағамдау талабын туғызды»; Р.Нұрғалидың «Бұл толқын құлдық кіріптарлықпен жаншылмаған, халқының ең жақсы қасиеттерін мұрат тұтып, Батыс пен Шығыстың үздік үлгі-дәстүрлерін игеріп, барлық салада жаңа арна, кең өріс ашты»; О.Сүлейменовтің «Менің буыным көз жасы мен жалыннан жаралған... Менің буыным – жақында ғана тағы оталып кеткен жерге енді қылтиған қылша өскіндер» деген пікірлері жылымық кезеңнің ғана емес, сол дәуір құбылысымен табиғаты біте қайнасқан аталған буынның азаматтық, шығармашылық болмыс-бітімін айқындайды.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде, сын мен әдеби мұраны игеру, қордаланған проблемалық мәселелерді шешуде 1959 жылдың 15–19 маусымында Қазақстан Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты өткізген «Мәдени мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференцияның алар орны ерекше. Бұл ғылыми конференцияның да жылымық кезең талабынан туындағаны анық. Конференция С.Бәйішевтің кіріспе сөзімен ашылып, негізгі баяндамаларды Е.Ысмайылов, М.Базарбаев, Н.Смирнова, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, М.Қаратаев, С.Сейітов, Т.Сыдықов, С.Талжанов, Х.Сүйіншәлиев, З.Ахметов, Ә.Дербісалин, Н.Қарашевалар сөз алса, жарыссөзде алты баяндама тыңдалды. Оларда әдебиеттанудың келелі мәселелері талқыға салынып, әдеби мұраны дәуір талабына сай ғылыми саралау қажеттілігіне баса назар аударылды.

«Қазіргі әдебиеттану ғылымында аталған конференция жетістіктер мен кемшіліктер жаңаша сараланып жатқан «жаңғыру» кезіндегі бұл үлкен әңгіме біраз ілгері басу болды. Оны ұйымдастырған, әрі оған белсене қатысқан әдебиетшілер қауымы шындықты орнатуға атсалысты» [93, 219-б]. Алайда конференцияда қабылданған ұсыныстар «біздің ұлттық мәдениетіміз бен руханиятымызға, олардың өсіп-өркендеуіне, ғылымымыз бен эстетикалық ой-пікірлеріміздің дамуына орасан зиян келтірді, білімімізді біржақты әрі жартыкеш етті» [106], – деген де пікірлер бар. Бұдан қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында осы конференцияның сол кездегі ғылыми маңызы

туралы нақты бір тұжырым жасалмағанын аңғарамыз. Бұл ретте ғалым С.Қирабаев, «Қазақ халқының бай фольклорлық және тарихи, әдеби мұрасын түгелдей ұлттық мүдде тұрғысынан әділ бағалауға көтеріле алмағанмен, бұл конференция бұрынғы асыра сілтеулерден арылу, әдебиеттің халықтығын анықтау саласында едәуір ілгері басқандықты көрсетті» деп жазса, әдебиетші С.Қасқабасов «Конференция фольклор мен әдебиет тарихына, сондай-ақ кеңес әдебиеті мен әдебиеттануға және фольклортануға қатысты нақты ұсыныстар қабылдаған болатын. Алайда, көптеген ұсыныстардың сол кездегі идеологиялық қыспақтың кесірінен солақай, сыңаржақ сипатты болғанын айтпаса болмайды» [106], – деген пікір білдіреді. Шындығында, конференцияның өз кезеңі үшін үлкен маңызы болғанын айта отырып, қабылданған ұсыныстардың «тұрпайы социологизм» үдесінен, тоталитарлық жүйе талабының тар шеңберінен шыға алмағанын ашық мойындауымыз қажет. Біріншіден, қазақ әдебиетінің тарихи бастауын көне дәуірден бастау қажеттігін көтерген Б.Кенжебаев ұсынысы қолдау таппай, XVIII ғасырдан жүйелеу мәселесі бекітілді, екіншіден, Дулат, Шортанбай, Мұрат мұраларын оқытуға тиым салынды. Соның барысында сонау патша заманынан бері қолданылып келе жатқан цензура кеңестік идеологияға сай жаңғырып жатты. «Ең өкініштісі – осы ұсыныстардың зардабы оның аумағынан әлдеқайда асып кетуі еді. Тек Шортанбай, Дулат, Мұраттарға ғана қатысты емес, күллі әдебиет тарихы мен фольклорға байланысты жәдігерлер мен шығармалар, олар жайындағы зерттеулер қатал цензураға ұшырады» [106], деген С.Қасқабасов пікірі тоталитарлық жүйенің болмыс-бітімін танытса керек.

Конференция баядамаларында қазақ кеңес әдебиетінің негізгі мәселелеріне баса назар аударылғандықтан, әдеби сынның келелі проблемалары жеткілікті деңгейде қарастырылмағанын байқаймыз. Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, М.Базарбаев, М.Дүйсенов, И.Смирновалардың сынға қатысты жанама пікірлері болмаса, қосымша және жарыссөздегі баяндамалар әдебиет тарихына, демек әдеби мұра, оны игеру, зерттеу төңірегінде өрбіді. Әрине, мұның өзі түсінікті де. Себебі әдебиет тарихына қатысты дәстүр мен жаңашылдық, тарихи сабақтастық, көркемдік әдіс арналарына байланысты бір шешімге келмейінше, бұл бағыттағы сыншылдық-эстетикалық ізденіс аясын бағамдау қиындықтар тудыратыны мәлім.

Осы конференцияның әдебиеттанудағы маңызын мына мәселелерден айқын аңғарамыз: Фольклорлық мұра, төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын дәуірлерге бөле отырып, басты проблемаларын шешіп алудағы батыл қадамдарын айтпағанда, қазақ әдебиетін теориялық тұрғыдан зерттеуге көбірек назар аудару, көркемдік әдіс, дәстүр мен жаңашылдық, жанрлық даму және қалыптасу жолдары, стиль мен көркемдік шеберлік мәселелеріне сай тексеру, әдебиеттің социалистік мазмұны мен ұлттық сипатын, идеялық-шығармашылық және социалистік реализмнің принциптеріне сай өсу жолын жаңа талапта қарастыру мәселелері сол кезеңнің әдебиеттануы мен сын тұрғысынан алғанда көп ілгерілеу болды.

Қай ғалымның болмасын еңбегінің дәреже-деңгейі жазғандарының санымен емес, сапалық құндылығымен, демек, ішкі ойының ұшқырлығымен, пікірінің нақтылығымен бағаланары айқын нәрсе. Бұл мәселеде Б.Шалабаев қаламынан туындаған дүниелердің қай-қайсы болмасын, мейлі ол шағын мақала, сын-рецензия болсын немесе ғылыми талдау, зерттеу, әйтпесе мөлтек көркем шығарма не аударма болсын, бәрі де шынайы болмыс-бітімімен жүйелі ой иесінің табиғатын аңдатады.

Әдебиет қоғамның тәрбиешісі болғандықтан, оның ерекше маңыздылығын түсінген сыншы, әдебиетші өз қаламынан туған мақалаларында зерттеу нысанасына алған әрбір тақырыбына көркемдік шеберлік, биік талап тұрғысынан қарайды. Көркем туындылардың жетістігі мен кемшіліктерін саралап көрсетіп, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дегендей, турасын айтуға талаптанады.

Осы тарапта біздің назарымызды аударған ғалым Б.Шалабаевтың 1959 жылы 15–19 маусымда Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған аталмыш «Әдеби мұра және оны зерттеу» республикалық ғылыми-теориялық конференцияда «Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында» (қисса – жанры туралы) [107] деген тақырыпта жасаған жарыссөз баяндамасы. Әдебиетші бұл зерттеуінде қазақ әдебиетінің тарихында соны жанр болып табылатын қиссаның жанрлық табиғатына байланысты құнды пікірлер айтады. Ғалым қиссаның төлтумалық табиғатына, оның мазмұндық, көркемдік, жанрлық, стильдік сипаттарына байланысты теориялық байыптаулармен қисындар қазақ зерттеушілері тарапынан көп айтылмай, назардан тыс қалып келе жатқанын орынды ескертеді.

Танымал ғалым А.Қыраубаева: «Қисса-дастандар мәселесінің жалпы жағдайлары М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Б.Шалабаев, Х.Сүйіншәлиев еңбектерінде сөз болады.

Б.Кенжебаев (Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1973. 108–109-бб.) шығыс сюжетіне жазатын ақындарды «ағартушылар» деп бөлу арқылы, «кертартпа», «ескішіл» деген айдар тағудан ажыратып алды. М.Бөжеев пен З.Ахметов («Қазақ әдебиетінің шығыс мәдениетімен байланысы» – Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1961. 2-том; Бөжеев М. Абайдың ақындық айналасы. А., 1971.), М.Ғұмаров («Бұрын зерттелмеген жырлар» – Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1960. 1-том. 429–500-бб.), Ә.Қоңыратбаев (Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1994. 200–226-бб.), Б.Шалабаев («Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында: (Қисса – жанры туралы)»: Жарыссөз // Әдеби мұра және оны зерттеу. / Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. 15–19 июнь, 1959. А., 1961. 240–244-бб.), Ы.Дүйсенбаев (Қазақтың лиро-эпосы. А., 1973.), Р.Бердібаев (Гүлстанның бұлбұлдары. А., 1970.; Қазақ эпосы. А., 1982.; Эпос – ел қазынасы. А., 1990.) қисса-дастанды танып-білудің қажеттілігін талдап көрсетті. Мұндай күрделі мәселені алғаш нақтылай көтеруімен құнды болды» [108, б-б], – деген түйіндеуге жүгінсек, қисса жанрын назарға алып, зерттеген

көрнекті, білгір әдебиетшілерімен қатар Б.Шалабаевтың талдаулары нақтылы да салмақты екендігіне көз жеткіземіз.

Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей кеңестік кезеңде қалыптасқан Қазақстандағы ғылым салалары тоталитарлық қоғамның талап-тілектері, өлшем-қағидаларымен таразыланып келді. Ұлттық ғылым әлемдік парадигма үлгі-сипаттарын тұтынудың орнына, көп жағдайда кеңестік идеологияны басшылыққа алып келді. Соның салдарынан әдебиет, мәдениет, өнердің басқа салалары жете зерттелмей кенжелеп қалды. Кеңестік өлшемге сәйкеспейтін салаларымыз ақсап жатты. Ұлттық мәдениет, тіл, өнер салаларының ақтаңдақ беттері «Авгийдің ат қораларындай» көп жылдар бойы қордаланып, оның зәрулік, көкейкестілігі айқындала түсті.

Жалпы алғанда адамзат мәдениетінің өсіп-өркендеуінде айрықша жарқырап көзге түскен өнердің пайда болу кезеңдерінің тарихы қатпарлы тарихтың сілем-сілем белестеріне жол тартатыны белгілі.

Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандар – түпкі бастауын тарихтың терең қойнауынан алып, XX ғасырдың бас кезіне дейін келіп жеткен әдебиеттің арналы саласы. Қисса-дастандар адам баласының формациялық қоғамдық қатынастары жетіле бастағанда пайда болды десек те, оның түп-төркіні тіпті сонау рулық-тайпалық қауымдағы кезеңдерге барып тірелетінін көреміз. Қатпарлы тарихтың шаң басқан сілемдерін қағып-сілкіп, текті өнерді қазіргі ұрпаққа жарқырата көрсетер кезіміз әбден жетті.

Қисса-дастан жанры – қазақтың айнала шығыс елдерімен рухани байланысы, бай мифологиясынан, діні, халық тарихы, адамдық мұраттарынан жан-жақты мағлұматтар беретін қызықты дүние.

«Қисса-дастанның» төркіні түрік жұртындағы «оянушылықтармен», оның әдебиеттегі көрінісі – нәзира дәстүрімен тығыз байланысты. Түрік әдебиетіндегі нәзира дәстүрі (XIII–XIV ғ.) көне сюжеттерді жаңғырту идеясынан шыққан. Жалпы, «оянушылық» мұратының өзі көне мәдениетке қайта оралу екені аян.

Бұрыннан бар сюжетті қайталай жазып, белгілі мифтер мен культтерді жаңғырту – шығыста ежелгі Ассирия-Вавилон дәуірінен (б.д.д. 2 мыңыншы жылдар) бастап дамыған үрдіс (Смирнова В.В. Мировая художественная культура. М., 1995. Часть 1. – С. 24). Ассирия-Вавилон нәзирасы сумерлердің (шумер) әдеби сюжеттерін жаңғыртқан. «Гильгамеш» жыры Вавилон мәдениетін дәуірінде қайталай жазылып қалып, сол арқылы кейінгі ұрпаққа жетті.

Бұған ұқсас үрдісті ежелгі грек әдебиетінен де көруге болады. Грек кикликтерінің (нәзирашыларының) негізгі тақырыбы ежелгі мифтерден туындап, бір ғана «Илиада» мен «Одиссеяның» (б.д.д. IX–VIII ғ.) айналасында қаншама шығармалар жазылған (Немировский А.Н. Мифы древней эллады. М., 1992. – С. 308). Оның өзінен анағұрлым көлемді түсініктемелер туған (XII ғ.). Тіпті, Геродоттың «Тарихы» да ежелгі тарихи деректер мен мифтерді жаңғыртуымен құнды.

Қисса-дастан жанры ежелгі әдебиетімізде XIII–XIV ғасырларда туып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дамып-

қалыптасты. «Қиссаның» («Қисса» араб сөзі, көп мағыналы сөз. Араб тілінде ол – «зат», «дерек», «тарих», «оқиға», «әңгіме», «баяндау», «суреттеу», «мысал», «ертегі» сияқты сан түрлі мағынада қолданылады) негізгі өзегі: Құран сюжеттері, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» желілері болғанымен, оның түпкі бастауларында жоғарыдағы Ассирия-Вавилон, көне грек мифтері, тіпті архаикалық мифтер де бар. Ғалым А.Қыраубаева, «Төңкеріске дейінгі кітаптардың көпшілігі «қисса» деген атпен шыққанымен, оның ішінен шығыс сюжетіне жазылғандары ғана қисса-дастандар ретінде қарастырылады. Онда түрік, ислам тарихының мол мұралары қамтылып, заман адамдарының зердесінде қазақ мәдениетінің мыңдаған жылдық тарихы бейнеленіп, «Әне, мәселе қайда?» дегендей, ойтүрткі салынды. Түріктік, исламдық дүниелердің тарихтағы мәні мен маңызын түсіндіруді мақсат еткені үшін, оны жазған ақындарды: «пантүрікшіл», «панисламшыл» деп айыптаған кездер де болды. Әдебиетті саясаттандырудың салдарынан көпке дейін зерттелмей қалды» [108, 4-б], – деп жазады.

Б.Шалабаев, қиссадан басқа да ауыз әдебиеті жанрлары мен қазақ ақындарының жыр-толғауларының «қисса» деген атпен қалайша жаппай атала бергенін «ХІХ ғасырдың соңғы ширегінен ХХ ғасырдың алғашқы 15-жылында Москва мен Петербург, Қазан мен Уфа, Ташкент пен Омбы, Орынбор мен Троицк, тағы басқа қалаларда қазақ тілінде қандай кітап басылсын, соның бәрі «қисса» аталды. Осы тізбек, осы серияның ішінде «Қобыланды» мен «Ер-Тарғын», «Қыз Жібек» пен «Қамбар», «Айман-Шолпан» мен «Алпамыс» және кейбір қазақ ақындарының жыр, толғау поэмалары да болды» [105, 240-б], – деп жанр тарихының генезисіндегі кереғар мәселелердің аужайын бір суыртпақтап өтеді.

Жанр табиғатының әу бастан айқын нақтыланбауы, мәселенің дұрыс қойылмауы белгілі тұрпайы ғалымдарды да жаңсақ тұжырымдарға, байламдарға алып барғанын: «Академик В.Радлов өзінің белгілі «Түрік тектес халықтардың әдебиет нұсқаулары» атты еңбегінде батырлық жыр, ғашықтық жыр, қиссаларды бір-бірінен ажыратпай бәрін бір топ, бір салаға кіргізген. Осы принцип СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті В.М.Жирмунский мен Х.Т.Зариповтың «Өзбектің халықтық батырлық эпосы» туралы зерттеулерінде де кең қолданылған» [107, 240-б], – деп ашып көрсетеді.

Қисса-дастандар зерттеушілер тарапынан терминдік тұрғыдан әртүрлі аталып келеді: «Қисса» (С.Мұқанов, М.Бөжеев), «рыцарлық дастан» (Е.Э.Бертельс), «романдық дастан» (В.М.Жирмунский, Н.И.Конрад, Х.Т.Зарифов, Е.М.Мелетинский), «лиро-эпос» (Ы.Дүйсенбаев), т.б. Соңғы жылдардағы зерттеулерде «дастан» (Ш.Сәтбаева, Ө.Күмісбаев), «романдық дастан» (Б.Әзібаева) атауы жиі қолданылып жүр. Қисса жанры көне дәуірлерден бері қарай қарастырылғандықтан, «қисса-дастан» деген атау дұрыс сияқты. Өйткені, ежелден қалыптасқан «қисса» сөзін алып тастаудың реті жоқ. «Қисса» – осы көне жанрдың мағыналық жағынан айырмашылықтары мен ерекшеліктерін жан-жақты аңғартатын сөз болып табылмақ.

Бұл ретте Б.Шалабаев жанр табиғатының дөп басып анықталмауы белгілі зерттеушілерді де жаңсақ тұжырымдарға алып барғанын айта отырып, жанр сипаты жөнінде өз ой-тұжырымдарын да алға тартады. «Бұған қарағанда «қисса» деген терминнің әуелде қайдан шыққанын, қиссалардың қандай идеялық, көркемдік мәні болғанын, әдебиеттің қай тегіне баланғанын дәл айту өте қиын. Тегі қиссалар мен фольклорлық шығармалар мен жеке автордың дастан, романдарына әрі ұқсас, әрі ұқсас емес, сондықтан да әлі күнге дейін зерттелмей келген, қиындығы да, қайшылығы көп тың дерлік жанр» [107, 240-б].

Қиссалардың мазмұны, сюжеті, жанрлық ерекшелігі туралы батырлық дастан мен салт жырларынан айырмашылығы жайында әрі батыл, әрі тың, әрі түбірлі, әрі қызық пікір айтқан Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі, жазушы, профессор, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Омарханұлы Әуезов болғандығын баса айтады.

«Әуезовтің қорытындысына қарағанда, қиссалардың мазмұнына негізгі материал болған өмір фактілері бірыңғай, бірқилы емес, әр түрлі. Біріншіден, қиссалардың сюжеті советтік шығыс елдерінің бұрынғы дәуірде шаруашылық жағынан да, сауда-саттық жағынан да, мәдениеті жағынан да қарым-қатынасы болған өзге елдердің де аңыз бен ертегі салт жырлары мен батырлық аңыз, эпостарының да ептеген ықпал, әсері тиген; екіншіден, сол ескі сюжет ескі әдебиеттік тақырыпқа қазіргі Қазақстан мен Өзбекстан, Тәжікстан мен Әзербайжан, Татар мен Қырғыз, Башқұрт пен Қарқалпақ ақындары, оның ішінде ХІХ ғасырда өмір сүрген ақындар, жазушылар өздерінше өңдеп түзету енгізген.

Сөйтіп, осы елдердің тілек-мүддесіне, әдет-ғұрпына лайық, сол кездегі тарихи кезеңге сәйкес, фольклордағы қаһармандық-батырлық жырдан да, әдет-ғұрып, ғашықтық салт жырларынан да өзгеше, жаңа сапалы, тың мазмұнды әдебиеттік жанр жасалған» [107, 240–241-бб], дейді.

М.Әуезовтің қиссаларды дидактикалық роман, батылдық-аңыз романы (рыцарский), қызық оқиғалы (приключенческий) романдар тобына қосуының өте орынды екенін, себебі қиссалар мен батырлық дастан, салт жырларының арасына тиісті шек қойылуы керектігін айта келіп, қиссалар тарихи жаңа жағдайға сәйкес, жаңа сапалы әдебиет тегі ретінде өзіне тән мазмұндық, сюжеттік, жанрлық ерекшелігімен танылған түр десек, олар бұрынғы феодалдық, хандық дәуірде шыққан эпостардан ерекше өз ғасырының табысы ретінде жаңа сапалы жанр ретінде зерттелуге тиіс деп тұжырым жасайды.

Қиссалардың сюжет-мазмұны Абулқасым Фирдоуси, Әлішер Навои, Низами Генжаби, Мұхаммет Фзули шығармаларынан бой тартып, «Көрұғлы», «Кітаби дәдем Қорқыт», «Мың бір түн» сияқты шығыс классикасының жауһарларының оқиға желісінде тапқанын көрсете келіп, жанрдың тарихи генезисіне, туып-қалыптасуына бойлай түседі.

Қазақ ақын-жырауларының да қиссаны жат көрмей, оларды үнемі халық арасында кең насихаттағанын, әсіресе олардың арасында ең көрнектісі жыр алыбы Жамбыл болғанын айтады.

Түрік «оянушылығы» қазақтың Көк Ордасының құрылуына зиялы қауымды рухани жағынан дайындауға ат салысты. Бірақ нәзира үрдісі қазақ хандығы тұсындағы әдебиетте уақытша қажетсіну шеңберінен шығып кеткендей болды. Іргесін жаңадан бекітіп жатқан қазақ елінің көкейкесті мәселелерін шұғыл жеткізіп отыруға қажеттілік әдебиетке өз жанрын әкелді, ерлік рухқа толы жыраулық поэзия дамыды.

Ал, бодандық бұлты қоюланған ХІХ ғасырдың екінші жартысынан былай қазақтың ұлттық «оянушылығының» бірі көрінісі ретінде ХІІІ–ХІV ғасырлардағы нәзира дәстүрі қайтадан жедел дами бастайды. Нәзиралық әдеби тәсіл мен машықтық негізгі жанры қисса-дастандар болып жалғасты. Ұлттық «Оянушылықтың» жан-жақты дамуының бір басында Абай бастаған, ұлттық сананы жаңаша дамытудың бағыты тұрса, екінші жағында қазақи салт-сана мен имандылықтан айырылып қалмаудың жолын ескілікті дәстүрлерден іздеген ақындар тобы жинақталды. Олар қазақтың ежелгі жазба әдеби үрдісін жақсы білетін, мифтік сюжеттер мен Құран хикаяларын, «Қисса Жүсіп» пен «Қисас-ул әнбианы» оқып-көрген, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» оқиғаларын жаттап өскен ақындар еді. Үлгі алған, оқыған мектебі дәстүрлі классикалық түрік, араб-парсы әдебиеті болған. Осы орайда зерделі зерттеуші Б.Шалабаев еңбегінде, Жүсіпбек Шайхұсламұлы (1854–1936), Ақылбек Сабалұлы (1880–1919), Кашафутдин Шаһмарданұлы (1840–1910), Шәді Жәңгірұлы (1865–1916), Әріп Тәңірбергенұлы (1856–1924), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1857–1931), Әсет Найманбайұлы (1867–1922), Ақыт Ұлымжыұлы, Мәулікей Жұмашұлы, Ораз молла, Мүсабек Байзақов (1849–1932), Кете Жүсіп Ешниязұлы (1871–1916), Мансұр Бегежанұлы (1875–1933), Мәделі қожа, Тұрмағамбет Ізтілеуов сияқты нәзирашы-қиссашы шайырлар есімдері орынды аталып, кей шығармаларына талдау жасалынады.

Қазақ арасына кең тараған діни және ғашықтық сюжеттерге құрылған «Сал-Сал», «Зарқұм», «Кербала», «Сейітбаттал», «Фархад–Шырын», «Ләйлі–Мәжнүн», «Тахир–Зухра», «Жүсіп–Зылиқа», «Ескендір», «Шәкір–Шәкірат», «Бозжігіт», «Атымтай Жомарт», «Орақы мен Күлше», «Шаһмаран», «Көрұғлы», «Тотының тоқсан тарауы», «Қырық уәзір», «Мұңлық–Зарлық» сияқты қиссалардың қазақ әдебиетін дамытудағы әдеби-тарихи мәнін байыпты зерттеушіге тән сарабалдықпен зерделейді. Қисса жанрының түбегейлі зерттеліп, өз орнын алуына қолбайлау болған жағдайлар, үлкен кедергілердің солақай социологиялық сын мен пролеткультшілердің зарарлы ықпалы мен тұрпайы, біржақты көзқарас пайымдауларының салқыны өлшеусіз зиянын тигізгенін сол кездегі рухани ахуал мен идеологиялық атмосфераға қарамай ақты ақ, қараны қара деп батыл тұжырымдайды. Қиссалардың ғылыми жағынан зерттеліп, арнайы жанр ретінде орта және жоғары дәрежелі мектептердің бағдарламаларына енгізгені жөн деп орнықты да ойлы ұсыныстар білдіреді.

«Жылымықтың» (1953–1964) лебі сан жылдар бойы қалыптасқан сталиндік жүйенің тоңын жібіткенімен кенестік тоталитарлық саясаттың әдебиет пен өнерге қатысты ұстанған бағытын түбегейлі өзгерте алғаны жоқ.

Бұған қатысты орыс әдебиеттануындағы «Литературный процесс периода «оттепели» был лишен естественного развития. Государство строго регламентировало не только проблемы, которых можно было касаться художникам, но и формы их воплощения. В СССР запрещали произведения, представлявшие «идеологическую угрозу»... Советские читатели оказались отрезанными не только от мировой литературы вообще...» [109, 28-б], – деген ой-пікір тұтас кеңестік тоталитарлық жүйенің адамзаттық өркендеуден томаға тұйықта болған тар шеңберінің кейінгі дамуға қаншалықты зиянды болғанын айқындайды. Дегенмен, елуінші жылдардың соңында қазақ әдебиеттану ғылымы, әдебиет тарихы мен әдеби сыны «жылымық» кезеңінің бар мүмкіндігін тиімді пайдалана отырып, жеке басқа табынудан туындаған басты кемшіліктер мен негізгі олқылықтардан арылуға батыл бет алды.

Қазақ халқының рухын асқақтатып, елдік пен ерлігін, ынтымақ пен бірлігін аспандатып тұратын бір киелі күш бар. Ол сол халықтың ықылым замандар бойы жасаған жан азығы, мәдениеті, философиясы деп танылатын – ауыз әдебиеті екендігі аян. Халық мұрасының табиғатын танытуға ат салысқан зиялылар есімін ауыз толтырып айтуға, байыпты бағасын беріп том-том кітап етіп жазуға болатындығын дәлелденген мәселе. Алайда, ауыз әдебиеті зерттеліп біткен деген пікірді ешкім айта алмайды. Қайта рухани қазынамыз туралы тебіреніс енді ғана басталды деген дұрыс. Халық ауыз әдебиетінің ұлттық рухани мұрада алатын орны айрықша. Әр халықтың жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына қосылатын асылдары бар. Ұлтымыздың осы ыңғайдағы ең асылы – фольклоры. Әдебиет зерттеушісі Б.Қазыханованың пікіріне сүйінсек, «Когда читаешь богатый фольклор, собранного в Советском Казахстане, то невольно приходит в голову мысль: если разделить все эти богатства на душу населения, то каждый казах становится автором предании, легенды, пословиц, поговорок и т.д.» [110]. Асылы, қазақ халқы рухани сұраныстың ең ауыр жүгін үйіп-төгіп сөз өнеріне, дәлірек айтсақ фольклорына теңдеген сыңайлы. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ фольклорын қаншалықты танып-түсіне алсақ, қазақ халқының да төл табиғатын соншалықты танып-түсіне аламыз деп қорытынды жасауға әбден болады.

Қазақтың рухани мұрасы көл-көсір, теңіздей шалқып жатқан қымбат қазына. Асылды ардақтау алаш азаматының парызы. Сәби болып шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, ат жалын тартып мініп, жеке отау тігіп, тірліктің толқынында жүзіп, ақыр-соңы жарық сәулемен қоштасар сәттегі мәңгілік сапарға дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, әнмен әрлеп, қара сөзбен шебер қалаған қазақ халқының рухы күшті, дәстүрі берік.

Рухының күш-қуаты – қазынасының киелілігі. Дәстүрінің беріктігі – асыл сөзінің айбары тек пен түрді жүйелеп, айтқанының үлгі мен өнеге болып мәңгілік жасай бере алатыны. Осы кәусар бұлақтан талай ұрпақ мейірін қандырып, ел мен жерге деген махаббатын жүрек әміріне бағындырды. Салтын сүйіп, ғұрпын ғибрат етіп, тіршіліктің мән-мағынасы тілім деді. Туған тілдің қадір мен қасиетін ұққан, ұлтжанды тұлғалардың бәрі

де халық мұрасымен сусындады. Бұл істе әсіресе сөз өнерін мұрат тұтып, қалам қайраткерлерінің көрсеткен игілікті істері айтарлықтай.

Қазақтың даңқты перзенттері Шоқан, Абай, Ыбырайлардың халық шығармашылығына деген ықылас-ниетін танып, соқтықпалы-соқпақты сүрлеуін даңғылға айналдыруда А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, М.Ж.Көпеев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.О.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев және т.б. лайықты еңбек етті. Фольклортану ғылымында олардың еңбектері өз бағасын алған. Ғылым үздіксіз дамып, қалтарыста қалғандарын өз ырғағына салып отыратындығы баршаға мәлім. Алғашқыдағы халқым дегеннің бәрі атсалысқан фольклортанудың әмбебап кезеңі алыстап, бірте-бірте таза фольклоршы ғалымдар легі қалыптасты. Сандаған мамандықтардың өзі халық мұрасынан бөлініп, тарау-тарау жолға түскенде рухани қазына өзінің сөз өнері негізіндегі қызметінің басты мұраттарына қатысты қарастыруды қажет етті. Фольклордың тек пен түрлері анықталып, халықтың ғасырлардан-ғасырларға ауысқан інжу-маржандарын жинақтау, зерттеу мәселелері күн тәртібіне шықты. Асылын ардақтайтын фольклортанушылар қатары Б.Уақатов, С.Садырбаев, Р.Бердібаев, Н.Төрекұлов, Т.Сыдықов, О.Нұрмағамбетова, Б.Адамбаев, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Б.Әбілқасымов, М.Тілеужанов, Ш.Ыбыраев, Т.Қоңыратбай, Б.Әзібаева, А.Сейдімбек, М.Жармұхамедұлы, Ш.Керім, К.Матыжанов, З.Сейітжанов т.б. есімдерімен толысты. Ықылым замандардан ауызша жеткен рухани құндылықтар болса, сол баға жетпес асыл қазынаға қатысты ғылымда бірте-бірте қанатын қомдап, тәуелсіздіктің теңдессіздігін түйсіне биіктерге талпына бара жатқандай.

Халық мұрасына мұқият көңіл бөліп, рухын асқақтатқандар есімдері мен еселі еңбектерін арнайы сөз ететін уақыт басталды. Біздің іс-әрекет келешек өскелең ұрпаққа ой салып, санаға сәуле түсірсек деген талпыныс. «Қарапайымдылық қанға сіңген қасиет» десек, соның керегі мен дерегін құнды қазыналарымызды барынша сүзіп, ел ертеңіне елеулі екендігін сезінген зиялыларға мың алғыс. Тек, оқта-текте «Абай жолынан фольклор іздеп не бітіресіздер?», «Қазақ халық ауыз әдебиеті» пәні немесе фольклор ұлттық әдебиеттің тарихына жатпайды ғой, – деген жат пиғыл, рухы көңілінен көшкен, ақыл-есі жүдеу жандардың кездесіп қалатыны болмаса... Оларға «ата мұраң – асыл қазынаң» болмаса ұлт болып, қазақ әдебиетін қалыптаса ма еді деуден басқа айтар уәж жоқ. Бар өкініштісі солардың ел басқарып, әдебиеттану саласы бойынша еңбек етіп жүргені ғана... Бірақ бәріне де уақыт емші. Бықсып қалғаны қайсы, алау боп жанғаны қайсы, тарихтың өзі бағасын бере жатар.

Қазақстанда тарихи-әлеуметтік жаңа сананың қалыптаса бастау кезеңінде халықтық поэтикалық творчествосының да айқындала айтылатын тұстары көбейді. Қазақ фольклоры өзіндік болмыс-бітімі жағынан кез келген елдің ауыз әдебиетінен кем түспейді. Ол – талай кезеңде бірнеше ғұламалардың табына айтқан, тамсана жеткізген ақиқат шындығы. Академик Ф.М.Соколов: «Фольклор өткен заманның жаңғырығы, әрі сонымен қатар, бүгінгі күннің айқын дауысы да» дейді. Осы пікірдің барлық халықтардың

фольклорына қатысы бар екендігі даусыз. Алайда рухани байлығымызды, оның құндылығын таразылау кезеңінде зиялылардың зерделі ой-пікірлерінің ауадай қажет екендігін түсінесің. Бұл ретте қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған ауыз әдебиетін жинап, жариялау, ғылыми тұрғыдан зерттеп, рухани байлық ретінде кәдеге жарату мәселесі бойынша ұлан-ғайыр істер тындырған қайраткерлердің еңбектерін салмақтасақ, ұлттық мәдениетімізге елеулі еңбек сіңірген көрнекті қайраткерлердің бірі Белгібай Шалабаевтың қазақ фольклортанудағы аз болса да, саз боларлық зерттеулері айқындала түседі. Рухани мұрамыздың қадір-қасиетін егжей-тегжейлі зерттеу үшін, ең бастысы, халықтың өткен тарихын, әдеп-ғұрпын, дәстүрін жетік білу керек. Осы бір биіктіктер Б.Шалабаев басынан табылады. Ғалым дүдәмел, дүмбілез пікірлерден бойын алшақ ұстап, халық фольклорын сан қатпарлы тарихи оқиғаларды көркемдік тәсіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жан-жақты жеткізетін руханият байлығының басты бір саласы және де көркемдік-эстетикалық, әдеби-танымдық мәні зор мәдени мұра деп таниды. Ол елдің өткендегі сөз өнерін, көркем туындыларының ғаламаттарын ашуға талпынып, жүйрік қиял, терең ойлылық пен даралықтың үлгісін танытты. Сонау жас кезіндегі жалықпастан жаттап жинаған ертегі, жыр, аңыз, мақал-мәтел, күлдіргі, әзіл әңгімелер мен қисса-дастандарды бертін келе ғалым фольклортанудың бар табыстарымен ұштастырады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басы қазақ тарихында елеулі кезең болғандығы белгілі. Ол қазақ халқының ойы озық, көкірегі зерделі көрнекті өкілдері ел тағдырына, өткені мен болашағына ой тербеген кезең болды. Сол кезең қазақ халқының қоғамдық әлеуметтік, мәдени, рухани өмірінде болып жатқан өзгерістер мен адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеялардың жаршысы болды.

Сонымен бірге XX ғасыр басындағы әдебиет өзінің қайнар көзі фольклордан да алыстамай, соның ауқымында дамыған әдебиет еді.

Қазақ халқының фольклоры ғасырлар бойындағы көркемдік ақыл-ойының жемісі, бұлақ көзі. Сол бұлақтан сусындап, өмірлік нәр, қуат алмаған бірде-бір ақын, жазушы жоқ шығар. М.Әуезов өзінің Абай туралы монографиясында: «Дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз.

Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз поэзиясын көркейтті» [111], – деп жазған еді. Шынында да ауыз әдебиеті мен оның дәстүрлері қашан да болмасын үлкен әдебиет үшін негіз, нәр алар жанды өзегі болып қала береді. Жазба әдебиеті қанша дамығанмен өзінің туған топырағынан қол үзіп кете алмайды.

«Талайлар ұмытылып қалды деп өкінгенмен әлі де болса ауызда аман қалған әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық, – деп жазды Мағжан Жұмабаев. – Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Жазба әдебиетіміз негізді, берік өз еліміздің ауыз әдебиеті боламыз десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті» [112].

Фольклор халықтың жазба әдебиеті туғаннан кейін де өз өмір сүруін тоқтатқан жоқ, әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен халықтың рухани өмірінен орын тауып отырды. Сонымен қатар фольклордың дәстүрлері негізінде туған, халық поэзиясының белгілі жанрлық түрлерін жаңарту, жаңғырту негізінде жасалған туындылар да байырғы өлең, жырлармен рухани ажырамас бірлікте қатар өмір сүрді. Әдебиеттің даму барысы үшін бұл заңды құбылыс. Пайда болған әрбір туынды белгілі бір дәстүр негізінде туа отырып, оның бар тілегіне жауап беруді мақсат етеді.

Фольклор және әдебиет арасындағы байланыс теориялық, тарихи, әдеби актуальды мәні бар мәселе. Қазақ әдебиетінің даму және қалыптасу процесі тікелей фольклормен байланысты.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жанрлар жасау процесінде фольклорға ерекше назар аударылды. Бұл кезде фольклорлық мұралар жинақталып, олар жайында газет-журналдарға мақалалар жариялана бастады. Қазақ фольклорын жинап-зерттеу жұмыстары тоқталмай өзіндік бағасын шетел, орыс, қазақ ғалымдарынан алып жатты. Осы үрдістердің бәрі де қазақ фольклорындағы сюжеттер мен мотивтерді реалистік тұрғыдан көрсетуіне ықпал етті.

Фольклор мен әдебиет арасындағы байланысты зерттеп жүрген ғалымдар, олардың ішінде С.Қасқабасов төрт типке бөледі: 1) Генетическая связь (генетикалық байланыс); 2) Оппозиция (оппозициялық байланыс); 3) Созвучная связь (үндес байланыс); 4) Обратная связь (кері байланыс) [113].

Әр халықтың әдебиетінде фольклор мен әдебиет арасындағы байланыста өзіндік қарым-қатынас жүйесі құрылады. Мұнда кейін жалпы заңдылықтар өзіндік дамуын алады дей келіп, Д.Медриш мұндай байланыстың мынадай белгілерін атайды: 1) фольклорлық стилизация; 2) интерпретация; 3) әдебиеттің халықтық мифологияға қайтып оралуы; 4) сюжеттік байланыс; 5) стильдік байланыс; 6) тақырыптық байланыс [114]. Алайда бұдан аңғаратынымыз дамыған әдебиет пен фольклор арасындағы байланыс және оның тигізетін әсері екі жақты. Сонымен әдебиет пен фольклор арасындағы байланыс ұзақ процесс, бұл типтер басқа халықтар фольклорының материалдары көрсеткендей бәріне де ортақ. Теориялық зерттеулер де өте ұқсас. Сондықтан да кез-келген байланыс түрі жазушының шеберлігі мен шығармашылық жетістіктерін айқындап береді.

XX ғасырдың нәубетті қыркыншы жылдарындағы әдеби-ғылыми атмосфераның ауырлығына қарамастан әдебиет тарихын зерттеу, фольклортану ісі өздерінің жоспарлы жұмысын жүргізе берді. Бұл саладағы іргелі жұмыс қазақ әдебиеті тарихын жүйелеу, зерттеу проблемаларымен байланысты басталды. Алғашқы талап ретінде 40-жылдардың соңғы кезінде «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы (М.Әуезовтің редакциясымен, 1948) жарық көрді. Ол ауыз әдебиетіне арналып, қазақ фольклорының жанрлары жүйеленіп зерттелді. «Қазақ әдебиетінің тарихы» қамтыған материалының молдығымен де, әдеби зерттеушілік талғамның жоғарылығымен де өз кезінде қазақ әдебиеттану ғылымының елеулі табысы саналады. Оны жазуға М.Әуезовтен басқа, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев,

Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Б.Шалабаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Мәметова, т.б. ғалымдар қатысты. Б.Шалабаевтың бұл кітапқа енген көлемді зерттеулері «қазақтың мақал-мәтелдері» мен «өтірік өлеңдеріне» арналған. Сонымен қатар әдебиетшінің мұндағы әдиби-теориялық, ғылыми-зерттеу еңбектерінің кемелді бір желісі, сүбелі арнасы «XIX ғасырдағы тарихи жырлар» эпикалық жәдігерлер тақырыбына діттелген. Атап айтқанда, «Жанқожа батыр жайындағы жырлар», «Бекет батыр жайындағы жырлар», «Досан батыр жайындағы жырлар» жөніндегі зерттеулер өздерінің өткір полемикасымен қызықтырады. Бұл және басқа тың еңбектер ерте кездегі М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин бастаған фольклорлық зерттеулерді кеңітіп, бір жүйеде ғылыми негізде байыпты жазылған алғашқы тұтас толымды зерттеу еді. Онда халық ауыз әдебиетін жинау, зерттеудің мәселелері, қазақтың тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілері, батырлар жыры, ғашықтық жырлары, айтыс, шешендік сөздер, тарихи жырлары, Кеңес тұсындағы халық әдебиеті үлгілері зерттелді.

«Қазақ фольклорының тарихы» деген ұғым мен зерттеу дәл өз мағынасында осы уақытқа дейін арнайы түрде күн мәселесіне қойылған емес. Оның бірнеше себебі болды. Біріншіден, ғылымда фольклорды жеке көркем жүйесі бар, көп өзіндік белгілерімен ерекшеленетін руханият деп түсінбей, оны көркем әдебиеттің бір саласы деп ұғыну орныққан еді. Соның салдарынан фольклор тарихы – әдебиет тарихы деп қарастырылып жүрді. Екіншіден, фольклортану ғылымының өзі де көп уақыт бойы әдебиеттанудың ішінде жүрді және сол әдебиеттанудың теориялық, әдіснамалық амал-кұралдарына сүйеніп, соларды пайдаланып келді. Әлбетте, одан ол үлкен зиян шеккен жоқ, бірақ фольклордың көптеген қасиетін толық тани алмады. Үшіншіден, әдебиет тарихы жүйелі түрде, кезең-кезеңге бөлініп зерттелді де, фольклор синхронды түрде, бізге жеткен қалпы бойынша сипатталып, оның тарихи даму жолдары, қандай дәуірлерді бастан кешкені ескерілмеді, жеке-жеке жанрлар ғана зерттеліп жүрді. Әрине, фольклордың, дәлірек айтқанда, қай шығарманың нақ қай жылы немесе қай ғасырда туғанын, оның қандай өзгеріске ұшырағанын дәп басып айту мүмкін емес. Сол себепті де бұрынғы Кеңес Одағы тұсындағы ғалымдар да, қазіргі кезеңдегі оқымыстылар да фольклордың тарихын дәуір-дәуірге бөліп зерттеуге көп бармады, ал барған күннің өзінде маркстік-лениндік әдіснамадан шыға алмай, таптық формациялар бойынша қарастыруға мәжбүр болды. Бірақ бұл жол тұрпайы социологияға ұрындырды. Мәселен, 1950–1960 жылдар аралығында орыс фольклортану ғылымында орыс фольклорының тарихына арналған бірнеше еңбек жарық көрді. Бұл кітаптарда фольклордың тарихы феодализм дәуіріндегі, капитализм кезеңіндегі, совет тұсындағы деп жіктеліп қаралды да, әр дәуірлеудің өзі ғасырлар мен нақты жылдарға бөлінді және фольклордың тарихы көркем ойдың даму тұрғысынан емес, әлеуметтік тұрғыдан, езілуші таптың шығармашылық қабілетін дәріптеу мақсатында зерттелді. Кезінде ол еңбектер үлкен сынға да ұшыраған болатын.

Қазақ ғалымдары да қазақ фольклорының тарихына арналған алғашқы үлкен еңбекті 1948 жылы жарыққа шығарды. Бұл еңбек те кезінде сынға

ұшырады, бірақ сын ғылымнан аулақ, саяси-идеологиялық сипатта болды да, аталмыш кітап «зиянды» деп танылып, ғылыми айналымнан алынып тасталды. Ал, шындығына келгенде, бұл еңбек – үлкен жұмыстың игілікті бастамасы еді, өйткені, сол тұстың өзінде-ақ қазақ әдебиетінің тарихын бірнеше том етіп жазу көзделген-ді. Сөз жоқ, бұл кітап – өз дәуіріне тән ғылыми тұжырымдарға сүйенді, сондықтан оның теориялық сапасынан гөрі идеологиялық, саяси ұстанымы басым болды. Дей тұрғанмен, бұл еңбекте фольклордың тарихын жанрлар арқылы зерттеуге талпыныс болғанын айтпасқа болмайды. Мәселен, тоғыз бөлімнен тұратын томның бірінші бөлімі қазақ фольклорының зерттелуіне арналса, содан кейінгі екінші бөлімді пайда болу мерзімі жағынан ең көне деп есептелетін ғұрыптық фольклор мен ескі діни нанымдарға, сондай-ақ шаруашылыққа байланысты туған жанрлар құрайды: салт өлеңдері; мал, шаруашылық туралы өлеңдер; дін салт өлеңдері; наурыз; бақсы сарыны; бәдік, арбау, жалбарыну; жарамазан және жарамазанның батасы; үйлену салт өлеңдері: әдет, салт; тойбастар; жар-жар, сыңсу-жұбату; беташар; мұң, шер өлеңдері: қоштасу, естірту, көңіл айту; жоқтау.

Осыдан әрі қарайғы бөлімдер: ертегілер; батырлық жыры; ғашықтық жырлары; айтыс өлеңдері; шешендік сөздер; тарихи өлеңдер; қазақ совет фольклоры деп берілген. Аталған бөлімдер, негізінен, фольклордың ХХ ғасырға жеткен күйіндегі көркем жанрларды қамтыған, алайда, мұнда ол жанрлардың қай дәуірде қандай күйде болғаны сөз болмайды, неден, қайдан пайда болғаны, қалыптасу барысында нелерге сүйенгені айтылмайды. Сондай-ақ «Қазақ совет фольклоры» деген жеке бөлімнің болуы – зерттеушілердің сол тұстағы одақтық фольклортану мен әдебиеттануға тән ұстанымды басшылыққа алғанын айқын аңғартады. Мәселен, осы бөлімнің тараушалары мынадай: революциялық күрес кезеңіндегі өлең, жырлар; ауылды советтендіру жөніндегі өлең, жырлар; колхоз, өнеркәсіп өміріне байланысты халық әдебиеті; терме, мақалдар; қазақтың халық әдебиетіндегі Ленин, Сталин образы; ерлік туралы жырлар; халық әдебиетіндегі Аманкелді образы; Отан соғысы кезінің жырлары. Көріп тұрғанымыздай, тараушалардағы проблемалар азаматтық тарихтың ізімен, таза әдебиеттану шарттарымен қарастырылған және талданған шығармалардың дені – авторлық өлеңдер мен жырлар. Олар түгелдей таптық, советтік идеология тұрғысынан бағаланып, фольклорға ғана емес, бүкіл әдебиетке тән көркемдік-эстетикалық құндылығы жағынан қарастырылмаған. Сонымен қатар бұл бөлімде сол кездегі концепцияға сәйкес халық ақындары шығармашылығы мен фольклордың ара жігі ашылмай, біртұтас халық әдебиеті деп ұғыну орын алған. Сондықтан Ақмолда, Күдері, Жамбыл, Сәттіғұл, Иса, Нұрлыбек сияқты ақындардың өлеңдері совет фольклоры үлгісінде қаралған. Соның салдарынан бар деп есептелген совет фольклорының өзін дәуірлеу түгелдей дерлік ХХ ғасырдағы тарихи-қоғамдық кезеңдерге сәйкестендіріліп, фольклор өмір ағымына сай жедел өзгеріп отыратын рухани дүние емес екені ескерілмеген. Ал, «совет

фольклоры» деген ұғымға келсек, ол көпке дейін ғылымда мойындалып келді.

Совет фольклоры – толыққанды шығармашылық деген тұжырымды халық ақындарының өлеңдері мен жыр, толғаулары негізінде дәлелдемек болған еңбектің бірі – 1955 жылы жарыққа шыққан «Очерки казахской народной поэзии советской эпохи» атты кітап болды. Бұл кітапта жоғарыда айтылған концепциялық кемшіліктер толығымен көрініс тапты, ақындардың ауызша, импровизациямен шығарған өлең-жырлары халық поэзиясы деп танылды, ақындардың айтысы да халық поэзиясының туындысы санатына жатқызылды. Дәл осындай көзқарас кейінгі еңбектерде де орын алды. Мәселен, 1960 жылғы кітапта «Тарихи жырлар» бөлімінде 1916 жылғы көтеріліс туралы халық поэзиясын сөз еткенде ақындардың шығармалары талданады. Ал, 1968 жылы жарыққа шыққан еңбекте «Советский фольклор» деп аталатын тараушада дәстүрлі фольклор жанрларының жай-жапсарына қысқаша шолу жасалып, содан соң Жамбылдың, Исаның, тағы басқа ақындардың импровизаторлық өнері мен өлең-толғаулары туралы жазылады.

Жалпы, ХХ ғасырдың 70-жылдарына дейін бүкіл Кеңес Одағы фольклортануында орныққан қағида бойынша еңбекші бұқараның шығармашылығы ретінде жекелеген жыршылар мен сказительдердің ескі фольклорлық дәстүрге негіздеп жырлаған туындылары советтік эпос деп танылды. Сөйтіп, орыс фольклористикасында Марфа Крюкова секілді сказительдер шығарған былиналар, бізде ұлы Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, т.б. ақындарымыз шығарған жырлар фольклор деп қабылданды, ал, оларды зерттегенде әдебиет заңдылықтары басшылыққа алынды. Осы концепцияның айқын көрінісі – 1964 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбек болды. Бұл том түгелдей совет фольклорына арналды да, қазақ совет фольклоры туралы ғылымның даму тарихы; қазақ совет фольклорының даму жолдары деген екі үлкен бөлімді қамтыды, сондай-ақ совет фольклоры есебінде атақты халық ақындарының авторлық дастандары мен поэмалары да қарастырылды. Бір тәуірі – бұл шығармаларды талдағанда зерттеушілер олардың ежелгі фольклор поэтикасының ізімен, дәстүрімен шығарылғанын атап көрсетеді. Әсіресе, шығыс дастандарының үлгісінде туғандарын да, әрі өзіміздің жазба әдебиетіміздің әсерінен жазылғандарын да нақты мысалдар арқылы нанымды дәлелдеген. Ал, советтік өмірді бейнелеген шығармаларды реалистік көркем әдебиеттің талаптары негізінде талдау арқылы ғалымдар халық ақындарының дүниелері фольклорға келе бермейтінін мойындаған деуге болады.

Совет өкіметі кезінде фольклор болды ма, жоқ па, болса – ол қандай еді, – деген сауалдар төңірегінде ХХ ғасырдың 60–70 жылдарында бүкіл одақтық фольклортануда үлкен пікірталас туды. Қорыта келе, «совет фольклоры» деген фольклор болған жоқ, сол ұғымның өзі де қате, ғылыми жағынан дәлелсіз дейтін тұжырым орнықты. Осыған орай есте ұстайтын нәрсе – фольклор деп тек қана ежелден келе жатқан авторы жоқ шығармаларды айту керек пе, әлде әр заманда туып, ел ішінде айтылып жүретін халық шығармашылығын да тану дұрыс па? Біздіңше, дәстүрлі фольклормен қатар

бүгінде ел арасына тарап кеткен авторы беймәлім әртүрлі жаңа өлеңдер (әсіресе, кара өлең), мақалдар, әңгімелер мен анекдоттар – халық шығармашылығы ретінде фольклор болып саналуға тиіс. Әрине, бұлар ерте заманнан келе жатқан фольклордан ерекше, мұнда дәстүрлі фольклорлық поэтика жоқ, бірақ халықтық этика мен ұғым-түсініктер бой көрсетеді. Демек, бүгінгі таңдағы халық шығармашылығынан ежелгі фольклорды іздемеу керек. Сонымен бірге заманның, қоғамның талап-талғамына сай халық шығармашылығының түрі, орындалу мәнері өзгеше болуы ықтимал екенін, сондай-ақ халық шығармашылығы жаңа формада, айталық, отбасылық ансамбль түрінде де болуы мүмкін екенін де ескеру қажет. Қазақ фольклорының тарихын зерттегенде осының бәрі есте болуға міндетті.

Фольклордың өзінің де тарихы, қалыптасу, даму жолдары бар екені, оның әр дәуірде әр түрде болатындығы – бүгінгі күнде күмән туғызбайтын ақиқат. Өткен ХХ ғасырдың өзінде-ақ қазақ фольклорының тарихи кезеңдерін қарастыруға ұмтылыс болды. Мысал ретінде жоғарыда аталған «История казахской литературы» атты еңбектің фольклорға арналған бірінші томын атауға болады. Кітапта «Очерк истории казахского фольклора» деген тарау беріліп, ол төмендегі тараушаларға бөлінген: фольклор времени этногенеза казахского народа; фольклор XVI-XVIII вв.; фольклор XIX – начала XX вв.; советский фольклор. Бұл жерде айтатын нәрсе – қазақ фольклорының тарихын дәуірлеуге ғалымдардың көңіл бөлгенін құптай отырып, дәуірлерді анықтау принциптерімен келісу қиын. Өйткені, мұнда азаматтық тарихтың ізімен жүру шарты қолданылған да, фольклор тарихы майда кезеңдерге бөлініп кеткен, әрі фольклордың ішкі даму заңдылықтары ұмыт қалған, соның нәтижесінде фольклор тарихы әдебиеттің даму жолдарына сай болып шыққан. Рас, бұл еңбекте жекелеген жанрларды тарихи дамуы тұрғысынан зерделеуге күш салған жәйт бар, алайда, авторлар көбінесе кеңес өкіметіне дейінгі және кеңес тұсындағы деп, екі кезеңді бөле көрсетеді. Бірақ, жалпы алғанда, бұл кітап – қазақ фольклоры – өзіндігі мол мұра екенін, оның өз даму жолдары болғанын алғаш мәселе етіп қойған еңбек болды.

Сонымен, ойымызды қорыта айтар болсақ, қазақ фольклоры – әдебиеттің бастауы бола тұра, өзіндік қасиеттерге де бай. Оның ұзақ тарихын баяндамастан бұрын, фольклордың мәні мен мағынасын ашып, оның теориялық мәселелерін сөз етіп алған жөн сияқты. Алдымен «фольклор» деген не, оның статусы қандай, теориялық негіздері мен жанрлық табиғаты қалай әрі неден көрінеді деген проблемаларды қарастырып, олардың фольклор қалайша және қандай жолдармен қарапайымдықтан көркем сөз өнеріне көтеріліп, бүгінгі заманға жеткен классикалық түріне айналуындағы рөлін көрсету – бұл еңбектің басты мақсаты. Аса көңіл бөліп айтатын нәрсе: бұл монография – оқулық емес. Егер оқулыққа қойылатын талап – ғылымда қабылданған, тұрақты қағидаға айналған тұжырымдар берілуі керек болса, мұнда фольклортанудың әрқилы мәселелері жаңадан жазылған зерттеулердің нәтижесін пайдалана отырып, өзіндік ізденістер мен талдауларға негізделген соны пікірлер ұсынылады, қазақ фольклоры жалпы адамзаттық руханияттың

даму заңдылықтары аясында қарастырылып, оның ежелгі түр-сипаты басқа құрлықтардағы XX ғасырға дейін көне рулық-тайпалық салтта өмір сүрген жұрттардың рухани мәдениетімен тарихи-стадиялық әрі тарихи-типологиялық әдістермен салыстыру арқылы анықталады.

Оқырман назарын мына жағдайларға да аударуды жөн санаймыз. Бұл еңбекте жанрлардың зерттелу тарихы баяндалмайды, оған жеке зерттеу жұмысын арнау керек. Кітаптың мақсаты – ұлттық фольклорымыздың даму жолдарын көрсету, оның жекелеген жанрларының туу, қалыптасу, өркендеп-өзгеру үдерістерін айқындау. Әрине, бұл жерде белгілі дәрежеде шарттылық болатыны күмәнсіз, өйткені қай жанрдың болса да пайда болған мезгілін дәл осы уақыт деп кесіп айту қиын. Сондықтан бір жанр бір дәуірде қарастырылса, ол нақ сол кезеңде туған деп түсінбеу керек, себебі ол жанрдың бастауы бұрыныраққа барады, ал қалыптасуы, немесе өркендеуі сол қарастырылып отырған шаққа дөп келеді. Айталық, «Қазақ хандығы тұсындағы фольклор» құрамында қаралатын кейбір жанрлар тап сол заманда тумаған, олар ертеректе пайда болып, хандық кезінде өркендеп, көркем фольклорға айналған. Сол сияқты «Жаңа дәуірдің» де біраз жанры өз бастауын орта ғасырда алып, көркемделіп дамуын XVIII–XIX жүзжылдықтарда басынан кешірген. Сонымен бірге бұл дәуірде жаңа жанрлар мен шығармалар да өмірге келіп отырған. Ал, XX ғасырдағы фольклор туралы сөз болғанда жаңадан пайда болғандармен қатар бұрынғы жанрлардың өзгергені, жаңа сипатқа ие болғаны айтылады. Тағы бір ескертетін нәрсе: еңбектің құрылымында бірізділік сақталмағандай көрінуі мүмкін. Оның себебі үлкен жанрларға жалпы сипаттама беріледі де, олардың ішкі шағын жанрлық түрлері жеке тараушаларға бөлінеді. Мәселен, дастан жанрын сөз еткенде оған жалпы сипаттама беріліп, ал ішкі шағын түрлері «діни дастандар», «хикаялық дастандар», «ғашықтық дастандар» деп бөліне, жеке қарастырылады. Басқа да үлкен жанрларға осы шарт қолданылды. Және үлкен жанрларға жататын кейбір шығармалар жеке талданды, ондағы мақсат – фольклордың сөз өнеріне айналғанын, оның өнерлік қасиеттерін көрсету болды.

Соңғы зерттеулерге келсек, Қазақ әдебиеті тарихына арналған 10 томдықтың 1 томындағы ұжымдық монографияның жазылуы барысында жаңа зерттеулермен қатар ертеректе жазылған белгілі ғалымдар З.Ахметов, Б.Уахатов, Д.Шалабеков еңбектері де ықшамдалып пайдаланылды. Мұның себебі, біріншіден, олардың жұмыстарында әлі күнге құнды тұжырымдардың болуы, екіншіден, ғылымда әрқашан жалғастық болатындығы. Әрине, кітаптағы айтылған кейбір ойлар мен пікірлер, тұжырымдар даулы болуы да мүмкін, кей тұстары күмән тудыруы да ықтимал. Бұлай болуы орынды, себебі қазақ фольклоры нақ осы тұрғыда зерттеліп көрген емес және ешбір елде фольклор тарихы арнайы түрде бұлайша жүйелі сипатта әлі күнге дейін зерделенген жоқ. Егер ғалымдар мен мамандар тарапынан ескертпелер, тілектер айтылып жатса, авторлық ұжым оған түсіністікпен қарап, ризашылығын білдіреді делінген.

Еңбектің тараулары мен тараушаларын жазған ғалымдар мен 1 томның құрылысына тоқталсақ, төмендегідей. Оның себебі бұл тараулар мен оның атаулары ауыз әдебиеті туындыларының зерттелу деңгейін көрсетеді және ауыз әдебиеті шығармаларының қазіргі анықталған бөлінісі, оған қандай шығармалар жататынын мен ауқымын да анықтай алады: ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Қасқабасов («Кіріспе», «Қазақ фольклоры: статусы мен теориялық негіздері», «Ежелгі замандағы рухани мәдениет: жалпы сипаты», «Орта ғасырлардағы фольклор: жалпы сипаты», «Жаңа дәуірдегі фольклор: жалпы сипаты», «Миф», «Хикая», «Этиологиялық ертегі», «Қиял-ғажайып ертегі», «Хайуанаттар туралы ертегі», «Батырлық ертегі», «Ғашықтық жыр», «Аңыз», «Әпсана», «Хикаят», «Новеллалық ертегі», «Сатиралық ертегі», «Тарихи жыр: жалпы сипаты», «Кенесары туралы тарихи шығармалар», «Лиро-эпикалық (балладалық) жыр», ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Бердібай («Көне эпос», «Батырлық жыр: жалпы сипаты»); филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ыбыраев («Көне эпос»); ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Ахметов, филология ғылымдарының кандидаты Б.Ақмұқанова («Қазақ хандығы кезеңіндегі фольклор» тарауына «Мақал-мәтел»); филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Абылқасымов («Арбау», «Бәдік», «Бақсы сарыны»); филология ғылымдарының докторы, профессор К.Матыжан («Үйлену ғұрып фольклоры», «Балалар фольклоры», «Жаңылтпаш»); филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Керім («Егіншілік жөніндегі фольклор», «Жұмбақ», «ХХ ғасырдағы фольклор» тарауына «Мақал-мәтел»); филология ғылымдарының докторы Б.Әзібаева («Дастан: жалпы сипаты», «Хикаялық дастан», «Діни дастан», «Ғашықтық дастан»); филология ғылымдарының докторы М.Жармұхамедұлы («Қыз бен жігіт айтысы», «1916 жылғы көтеріліс туралы фольклор»); филология ғылымдарының докторы Б.Уахатов («Наурыз мейрамы мен фольклоры», «Қара өлең», «Тарихи өлең»); филология ғылымдарының докторы, профессор А.Сейдімбек («Күй аңызы», «Қара өлең»); филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қоңыратбай («Түркі қағанаты кезіндегі фольклор», «Тарихи аңыз»); Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент А.Тоқтабай («Наурыз мейрамы мен фольклоры», «Қымызмұрындық тойы мен өлеңдері»); филология ғылымдарының кандидаты Д.Шалабеков («Жұмысшылар фольклоры»); филология ғылымдарының кандидаты С.Сәкенов («Тарихи жыр»); филология ғылымдарының кандидаты Ж.Ахметжанова («Тарихи өлең»); филология ғылымдарының кандидаты С.Дәрібаев («Егіншілік жөніндегі фольклор»); филология ғылымдарының кандидаты Р.Әлмұханова («Жарапазан», «Оғыз-қыпшақ дәуіріндегі фольклор», «Алтын Орда тұсындағы фольклор», «Алпамыс батыр», «Айтыс: жалпы сипаты», «Мысал айтыс», «Шешендік сөз»); филология ғылымдарының кандидаты, доцент П.Әуесбаева («Әңгіме»); фольклортану бөлімінің ғылыми қызметкері Д.Жақан («Жерлеу ғұрпының фольклоры», «Қобыланды батыр», «Лирикалық өлең», «Өлең»);

фольклортану бөлімінің ғылыми қызметкері А.Тойшанұлы («Терімшілік пен аңшылыққа қатысты фольклор», «Мал шаруашылығына байланысты фольклор», «Арбау», «Жалбарыну», «Алғыс (бата)», «Қарғыс», «Ант», «Едіге», «Әлеуметтік-сүйіспеншілік дастан»). Кітапты баспаға дайындауға институттың ғылыми қызметкерлері Д.Жақан мен А.Тойшанұлы, Д.Рахметова қатысқан.

Қазақ фольклорының байлығы туралы айтылған пікірлер жеткілікті. Осы тұжырым ғылымда жан-жақты анықталып, халық мұрасына деген сүйіспеншілікті арттыра түскендігі аян. Бұл толық дәлелденген шындық. Оның бастаулары Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потаниннің тебіреністерін туындап, керек десеңіз Еуропаның профессионалдық жазба әдебиетімен салыстыруға дейін барған. Себебі, қазақ даласының көшпелі өмірі бұған мейлінше әсер еткен еді. «Ауызша айту фольклордың тек қана шығарылу, таралу формасы емес, бүкіл қоғам тарапынан қолдау тапқан өнердің басты шарты болды. Үлкен де, кіші де ауызша өнер дәстүріне дағдыланды, жасынан санасына сіңіріп, соны ғана мойындатады. Бүкіл қоғам ауызша өнер мектебі болды» [115]. Анығына келсек, бұндай түйінді ой айтуға А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.О.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, Н.Смирнов, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаевтардан бастап, бүгінгі фольклортанушы Р.Бердібаев, О.Нұрмағанбетов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Т.Сыдықов, С.Садырбаев және т.б. еңбектері нақты жауап бере алады.

Қазақ фольклорының жиналуы, ауыз әдебиетіне қатысты пікір білдірген адамдардың бәрі де фольклортанушы ғалымдар емес. Олардың біздің рухани байлығымызды жинақтаудағы ұстанған мақсат-мүдделері әртүрлі болатын. Бұның басты анықтамасын XVIII–XIX ғасырларда қазақ даласында болған бірнеше экспедиция материалдары береді. Айталық, қазақ елін аралаған П.Паллас, И.Георги, Г.Клапорт, Г.Мейендорф, В.Даль, П.Семенов-Тянь-Шанский, А.Гумбольд, М.Киттары, А.Голубев т.б. көрген-білгендерінің жинақталуы көптеген сауалдарға жетелейді. Соншалықты қазақ ауыз әдебиетіне бұлардың қызығушылығы қалай? Көптеген мағлұматтарды тереңдей іздестіруінің сыры неде? Бұл сауалдар талайды толғандырған. Біздіңше, сол экспедицияларға шыққандар тосын ел тарихы, әдет-ғұрып, наным-сенімі, діні, емшілік тәжірибесі, қару-жарақ, киім-кешек, жер-су, тау-тас, өсімдіктері мен жануарлары, қазба байлықтары туралы деректерді фольклордан тапқан еді. Сондықтан да болар, сол кезеңдегі газет-журнал беттерінде экспедицияның тындырымды істері жиі жарияланып тұрғаны. Келе-келе жалпы фольклорлық мұралардың толық мәтінін шығаруға көңіл бөлінген. Бұл іске халқымыздың сол кездегі оқып, білім алған ұл-қыздары араласты. Рас, бұл орайда халқымыздың мұрасын шын жанашырлық танытқан орыс ғалымдарының салмақты ой-пікірлері «Этнографическое обозрение», «Русское богатство», «Живая старина», «Вестник Европы» т.б. журналдарда жарық көрген. Осылардың ішінде ауыз әдебиеті үлгілері «Акмолинские областные ведомости» аталатын газетте көптеп жарияланған. Бұл газет көптеген ғылыми еңбектерде бірде «Особое прибавление к

Акмолинским областным ведомостям» немесе «Киргизская степная газета» деп сілтеме арқылы беріледі. Анығына келсек, оның анықтамасы мына төмендегідей: «Халқымыздың әдеби мұраларының ішінде «Дала уалаятының газеті» орны ерекше. «Дала уалаятының газеті» 1888 жылға дейін Омбыда шығатын «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде орыс және қазақ тілдерінде шығып тұрды. Газеттің орыс тіліндегі номерлері «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям» деген атпен шыққан. 1894 жылы «Особое прибавление» орнына екі тілде шығатын газет ұйымдастырылып, оның орыс тіліндегі «Киргизская степная газета» деп аталса, қазақ тіліндегісі сол «Дала уалаятының газеті» деген атпен шыға берді» [116], – дейді осы газеттің әдеби нұсқаларын ерінбей жинақтап, қалыпқа түсіруші ғалым Ү.Субханбердина кітапқа жазған арнайы мақаласында. Газеттің негізгі бағдарламасы патша үкіметінің бұйрық-жарлықтарын, заңдары мен әкімшілік істерін жариялау болса да, мұнда жалпы әдебиет пен тарихқа, қазақ мәдениетіне қатысты мақалалар жарық көрген. Соның ішінде халық ауыз әдебиетіне ерекше көңіл бөлініп, керек десе әрбір сандарында рухани қазынамыздың көптеген үлгілері жарияланып отырған. Атап айтатын болсақ, ел арасындағы айтылып жүрген аңыз, ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ, шежіре, эпостық шығармалардың кейбір үлгілері жарық көрген. Олардың қазақша үлгілері орыс тілінде аударылған. Бұның бәрі «Дала уалаятының газеті» бетіндегі 1888 жылдар мен 1902 жылдарға дейінгі баспасөз бетіндегі ауыз әдебиеті үлгілерінің жарыққа шығу жайларынан мәлімет. Әрине, бұдан да басқа «Қазақ», «Айқап» беттерінде де жарияланған дүниелеріміздің барлығы зиялы қауымға жақсы таныс. Сонымен бірге, қазақ баспасөзі тарихында ерекше аталатын «Садақ», «Сана», «Абай», «Таң», «Шолпан», «Жас Қайрат», «Темір қазық», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп», «Әдебиет майданы», «Әдебиет және искусство», «Майдан», «Жұлдыз» журналдарының алғашқы сандарынан бастап, рухани қазынамызды жариялап отырғанын көреміз. Керек десеңіз осы басылымдардағы шыққан асыл қазыналар кітапхана қорларын толықтырған үстіне толықтыра берген. Оның басты себебі: жарық көрген материалдар кейіннен кітап болып шықса, екіншіден, қолжазба қорларын да молайтқан еді. Алғашқы қазақ тіліндегі кітаптың өзі ауыз әдбиетінен басталатынын ескерсек, бұл мәселенің күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспеуінің өзіндік тарихы барын толық түсінеміз. Әсіресе, бұл істі бүгінгі қазақ баспасөзінің тарихына байланысты жазылып жатқан еңбектер қолға ала бастады. Қолда бар айғақты дәлелдер мен жеткілікті деректер былай дейді: «Қазақ кітап басылымының өз тарихы ХІХ ғасырдың бас кезінен басталады. Бірінші қазақ баспа кітабы «Қисса-и Сейфулмәлік» деген атпен «Азия» баспасынан 1807 жылы шықты. Бұл қазақ, шағатай, татар тілдері аралас шығыс аңызына құрылған ғашықтық дастан еді. Сол жылы Қазан гимназиясының бапаханасы саналатын «Азия» Қазан университетінің қарамағына берілді. Міне, осы университет баспаханасынан өткен ғасырдың бірінші (ХІХ ғасырды айтып отыр – А.Қ.) жартысында оншақты аталым қазақ кітабы жарық көрді. Бұлар негізінен шығыс және қазақ фольклорының үлгілері, патша үкіметі мен

губерниялық әкімшіліктің ресми жарлықтары мен қаулыларының тәржімалары еді» [117, 83-б]. Бұдан кейін ХХ ғасырға дейін аталған Қазан шаһарында «Қисса-и Алпамыс», «Қисса-и Қыз Жібек», «Қисса-и Айман–Шолпан», «Қисса-и Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны», «Хикаят риссала-и Мұңлық–Зарлық», «Қисса-и Зарқұм» және де басқа көптеген ауыз әдебиеті шығармалары бірнеше рет бастырылған. Осыншалық дүниелерді шығарудағы патшалық Ресейдің өзіндік көзқарастары да бар еді. Өз қарамағына отарлыққа алуды ойлаған сұрқия саясаттың бір тармағы қарапайым халықтың жасанды жанашыры болып, қармаққа онай түсіру үшін арнайы мешіттер салдырып, діни білім беруді және соған лайықты кітаптарды көптеп шығара бастады. Елдің бас көтерлеріне шен-шекпен үлестіріп, халық арасына жік түсірді. Сөйтіп, осы тартыстардың нәтижесінде қазақтың жеріне күннен-күнге сұғына ене түсті. Заман өктемдігін ерте түсінген қазақтың зиялы оқығандары елінің ертеңі, ұлтының келешегі үшін күресті. Қолына қалам алған ұлтжанды қазақ ең алдымен қазақ атын өшірмеуге тырысты. Оның өшпес күші – рухани қазына екендігін түсінді. Қасиетті қазынаның алтын арқауы, бұлақ бастауы – ауыз әдебиеті, фольклор екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Сондықтан да, баспасөз ісіне араласқандардың алғашқы – ағартушылары, кейінгі – қолдаушылары алдымен ауыз әдебиеті байлығын көрсетуге тырысты. Аудару ісіне көңіл бөлді. Басқа халықтар мұрасымен салыстырып, тың пікірлер пйтып, халық қазынасының құндылығы туралы бағалы бастамалар көтерді. Бұның бәрі неден туған, қайда бастайтын, һәм-харекеттер еді?! Түйіндей айтсақ, өз ұлтының ешқандай халықтан кем еместігін, туған елінің ар-намысы, қайрат-жігері жоғары екендігін көрсету жолындағы күрес болатын. Ал, бұл істі баспа жүзіне шығарудағы қазақ ағартушыларының тындырғаны ұшан-теңіз екендігі ғылымда бағасын алған. Алдымен айтарымыз, фольклорлық мұраларымызды сол кезеңдегі жарыққа шығару ісі – біріншіден, газет пен журналдардың жұртшылық беделін арттырды. Екіншіден, қазақ баспасөзінің ертеңі мен келешегіне жол салды. Үшіншіден, елдің өкініші мен үмітін, қуанышы мен қайғысын айтатын болашақ ақын-жазушы, журналистерді қалыптастыруға ықпал етті. Шындығында осы бір алтын арқау, үзілмес үкілі үміттей баспасөз жалғасын тапқан.

Қазақ фольклорын жинақтау, жариялау және зерттеу ісіндегі әдебиетші ғалымдардың баспасөзде әр жылдары жарық көрген үлкенді-кішілі зерттеу еңбектерін назарға алғанда, Б.Шалабаевтың 1941 жылы жарияланған «Еңбек, кәсіп жайындағы өлеңдер» мен «Календарлы әңгіме, өлеңдер» атты қос зерттеу мақаласын айтпай кетуге болмайды.

Қазақ фольклористикасы 40-жылдары, яғни соғыс жылдарының өзінде де ілгерілей түседі. Бұл жылдары соғыс жағдайына және біраз фольклористердің майданға кетуіне қарамастан, қазақ ауыз әдебиетін зерттеу саласында біраз жұмыс жүргізілді. Ең алдымен қазақ фольклористері соғыстың алғашқы күні-ақ ортақ ел көтерген ұранға үн қосып, халықтың патриоттық рухын көтеру, басқыншы жауға қарсы күрес ұйымдастыру ісіне белсене араласады. Бұл жөнінде олар халықты ерлікке шақыратын өткір

мақалалар жазады. Жергілікті жерлерде халық ақындарының слеттері, айтыстары өткізіледі. Олардың көтерген тақырыбы: фашистік жендеттерді жеңу үшін күш аямау, майданға көмекті беру, бірлесіп еңбек ету.

Соғыс жылдарындағы фольклористикамыз біріншіден халықтың ерлік, патриоттық дәстүрін зерттеуді басты мәселе етіп көтереді. Сонымен қатар ауыз әдебиетінің жанрларын монографиялық көлемде зерттеу ісін қолға алады. Бұл ретте қазақтың айтыс өлеңдері туралы С.Мұқановтың, Т.Нұртазиннің, халық ақындарының, соның ішінде Жамбыл мен Нұрпейіс творчествосы туралы М.Әуезовтің, Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың қазақ халқының эпостық жырлары туралы Ә.Марғұланнның, Б.Кенжебаевтың, шешендік сөздер туралы Әмина Мәметовалардың еңбектері жарық көреді.

Екіншіден, соғыс кезінде жүргізілген зерттеулерде қазақ ауыз әдебиетінің мәселелері, жеке өлең, жырлардың шығу тарихы, даму жолдары халқымыздың тарихы байланысты қарастырылады. Қай кезде қандай шығарма туғандығы және оған қандай тарихи себептер болғаны бір қыдыру мол ашылады. Бұл, мәселен, қазақтың эпостық жырларының немесе айтыс өлеңдерінің шығу тарихы туралы жазылған еңбектерден орын алады.

Соғыс жылдарында қазақ ауыз әдебиетінің мәселелері орта мектепке арналған оқулық көлемінде де баяндалды және онда, мүмкін болғанынша, қазақ фольклорының негізгі жанрлары түгелдей қамтылды деуге болатындай еді. Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, С.Мұқанов, Қ.Бекхожиндармен бірге серіктес авторлықта болған Б.Шалабаев жазған оқулықтар мен құрастырған хрестоматияларда қазақ ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары жүйелі түрде, оқушыларға толық мәлімет, тұрақты білім беру мақсаты көзделді. Әрбір жанрдың өзіндік ерекшелігі, шығармалардың идеялық, көркемдік қасиеті, тарихқа байланысты айтылды.

Қай халықты алсақ та оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салты болатындығын білеміз. Мұның бәрі сол халықпен бірге жасасып, оның тарихына өзінше ілесе жүретіндігін байқаймыз. Қоғамдық өмірдің, экономикалық жағдайлардың ілгерілеп дамуына байланысты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, сана-сезімі, дүниеге көзқарасы, т.б. өзгеріп отырады. Бір заманда туып, бертін келе, көп уақыт бойына қалыптасқан, белгілі жүйеге түскен дағдыға айналған тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-сана, алғашқы мазмұнын біртіндеп жоғалта да бастайды. Бұлардың орнына қоғамдық-әлеуметтік тілек жағдайларына сәйкес жаңа мазмұн, түр туады. Демек, қоғамдық және экономикалық жағдайлар, олардың дамуы ертеден келе жатқан, қалыптасып қалған тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрып, салтқа өз әсерін тигізеді, жаңа мазмұнда өзгеруіне, бұрынғы қалпын біртіндеп жоғалтуына ықпал жасайды.

«Халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын жақсылап зерттейміз десек, – дейді М.Горький, ауыз әдебиетін білуге тиіспіз». Қазақтың ауыз әдебиетінде халқымыздың өткендегі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрып, салтын елестететін шығармалар өте көп. Бірақ олардың көпшілігі ерте заманда ауызша туып, көпшілікке ауызша тарағандықтан, өзінің айтылу барысында әр түрлі өзгерістерге ұшырады,

алғашқы түпнұсқасын таза өз күйінде сақтай алмай, жоғалтып та алды. Сондықтан да біз халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған шығармалардың қайсысы ерте, қайсысы кеш шыққандығын белгілей алмаймыз. Бұл мәселе, фольклористикада әлі толық анықталмай, түбегейлі шешілмей келеді.

Қазан революциясына дейінгі қазақтың ауыз әдебиетінде халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған шығармалардың түрлері бар. Соның ішінде бастылары мыналар:

1. Төрт түлік мал, еңбек-кәсіп жайындағы.
2. Үйлену салтына байланысты.
3. Дини ұғымға байланысты.
4. Көңіл-күйін білдіретін шығармалар.

Шартты түрде болса да, осындай төрт салаға бөлінген шығармалардың қазақ халқының ертедегі тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, діни ұғымдары, арман-мүддесі қандай екендігін аңғаруға болады. Осындай еңбектер арқылы халық өзінің өткендегі өмірін елестетеді, қуанышы мен тілегін, қайғысы мен мұңын, басынан кешкен тұрмыс күйін суреттейді. Сонымен қатар, халық осы алуандас әңгіме-жыр, өлең, ертегілерінде адал еңбекті, еңбек етуді мадақтайды.

Әдебиетші Б.Шалабевтың қазақ фольклорынан сабақ беріп жүрген мұғалімдер мен сырттан оқитын оқушыларға арналған консультация беретін «Еңбек, кәсіп жайындағы өлеңдер» [118] атты мақаласынан жоғарыда сөз болған халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған еңбек-кәсіп жайындағы шығармалардан мәселенің мәнін жете аңдаған ғалымнан мол мәлімет аламыз.

Тыңдап көрелік, «Фольклордың ең бұрын шыққан жанры – еңбек өлеңі. Еңбек өлеңі дегеніміз, еңбек процесінен туып, ертедегі адамдардың күшін біріктіру үшін, ауыр жұмысты жеңілдету үшін, жұмыс үстінде айтылған өлең. Бұл алғашқы қоғам адамдарынан күнкөру, тіршілік әрекетінен, жұмыс ырғағынан пайда болады. Бірақ, ертеде шыққан еңбек өлеңі еш елдің ауыз әдебиетінде сақталмаған. Бергінде, тап қоғамында пайда болған еңбек өлеңдерінен – Норвегияның «Тас қалаушылардың өлеңі», Финнің «Диірмен әні», Чех елінің «Сабан жинау өлеңі», Эстонның «Кендір күту әні», Судан елінің «Бидай тарту өлеңі», Жапонияның «Жүк тасушылар өлеңі», Орыстың «Дубинушка» атты өлеңдерін атауға болады.

Қазақ фольклорында әлмисақтан шыққан шығармалардан сақталған – еңбек, кәсіп өлеңдері.

Бұл біздің бұрынғы ата-бабаларымыздың тіршілік ету үшін, істеген әрекетін, негізгі кәсібін, дүниетануын көз алдымызға елестететін көркем ескерткіш. Мұның еңбек өлеңдерінен айырмашылығы бар: егерде, еңбек өлеңі тек жұмыс үстінде, еңбек процесінде айтылған болса, еңбек, кәсіп өлеңі бүкіл бір елдің негізгі еңбегін, күнкөріс тәсілін, кәсібін түгел қамтиды. Мәселен, қазақ фольклорындағы төрт түлік мал жайындағы шығармалар мен аңшылық жайындағы өлең-жырлар осы сықылды.

Қазақ халқы кеңестік заманға дейтін, негізінде, көшпелі жағдайда болды да, мал шаруашылығымен кәсіп етті. Халықтың күнкөрісі, тұрмыс-тіршілігі

төрт түлік малға байланысты еді. Жесе – азық, кесе – киім, мінсе – көлік дегендей, көшпелі жағдайда өмір сүрген, экономиканың басқа түрі дамымаған қазақ халқы үшін төрт түлік мал тіршілік тірегі болды.

Өзінің тұрмыс-тіршілігінде осындай ерекше орын алған, пайдасы тиіп, қызметі сіңген төрт түлік мал жайында қазақ халқы ерте заманда-ақ неше түрлі әңгіме, жыр, өлеңдер шығарған. Бұлардың бәрінде де мал шаруашылығымен кәсіп еткен адамның төрт түлік жайындағы көзқарасы, ой-арманы, тілек-мүддесі көрініп отырады» [118, 18-б], – дейді.

Шынында да ауыз әдебиетінде төрт түлік мал жайындағы шығармалардың кейбір үлгілері өте ерте заманда, адамдардың жаратылыс сырын түсіне алмаған кезінің өзінде-ақ туа бастаған. Шоқан Уәлиханов «Шамандықтың қазақтардағы қалдығы» дейтін еңбегінде, М.О.Әуезовтің «Қазақ ертегері» туралы жазған зерттеуінде төрт түлік мал жайындағы шығармалардың алғашқы үлгілері ертедегі адамдардың ой-өрісі төмен сатыда тұрған кезінде шыққандығын айтады. Жаратылыс сырын түсіне алмаған ол кездегі адамдардың әлем дүниесіндегі әрбір құбылыстарды өзінше долбарлап жорыған, бұларда жаратушы күш бар деп сенген, соған табынған. Төрт түлік мал жайындағы шығармалардың алғашқы үлгілері осындай ескі сенім-нанымдарға байланысты туған. Осы орайда Б.Шалабаев алғашқылардың бірі болып, төрт түлік мал жайындағы еңбек-кәсіп әңгіме, өлеңдерін төмендегідей жіктеп, саралайды:

«Төрт түлік мал жайындағы еңбек, кәсіп әңгіме жаңа жырларын мазмұнына қарай алтыға бөлуге болады: бірінші – бақташылық әңгіме, жырлар; екінші – мал мен адамның айтысы; үшінші – мал мен малдың айтысы; төртінші – малдың өзара сырласуы; бесінші – малдың түп нәсілі, шығу тегі туралы лақапты әңгіме, жырлар («Топан суы», «Қазықұрт тауы»); алтыншы – төрт түлік малдың әр қайсысына арналған өлеңдер.

Бақташылық әңгіме, жырлардың негізгі тақырыбы – малды ит-құстан аман сақтау, соның ішінде, қасқыр өте-мөте өш келетін, қойды қорғайтын қойшының көлігінің жарамды болуы және қойшының өтірік айтпай адал қызмет етуі. Бұл жырдың енді бір саласы, бұрын ылғи мал бағушылықпен күнелткен қазақ елінің мүддесіне құралады. Ол – мал төлден өседі деген идея. Осы идея «әр түліктің өз төлін сүюі». Адам баласын қандай сүйсе, – мал да өз төлін сондай сүйеді деген, мейлінше нәзік, ишаралы, астарлы теңеумен айтылады.

Шынында бұрынғы замандағы шаруаның мал туралы түсінігі осы сықылды еді. Барлық күнкөріс тіршілігі соған тәуелді, бағынышты болғандықтан, олар малдың көбеюін, өздерінің өсіп, өнуінен кем санамаған. Кейбір малдың балаламауын, артынан төл ермеуін өзгеше жорып, өздерінше пайымдаған. Мал да «сый, құрмет, қастерлеуді керек етеді, оның да адамдай есі, ақылы, намысы бар» деп білген, ұғынған. Бұл ертеде қазақ елі сияқты ылғи мал бағушылықпен күнелткен өзге елдердің ауыз әдебиетінде де бар жағдай. Осыны фольклортану ғылымы зооморфизм дейді» [118, 19-б], – деп жазады.

Қазақ халқының ертедегі күнкөрісі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы төрт түлік малға байланысты болғандығы ауыз әдебиетінен белгілі орын алды, ол көптеген шығармаларға тақырып арқауы, мазмұн болды десек, сонымен қатар, халықтың дүниетанымына, болмыс бітіміне, психологиясына, сезім дүниесіне, тіліне де әсер етті. Әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиевтің айтуына қарағанда: «Мал бағып күн көрген ертедегі адамдар өзі жасаған ауыз әдебиетінде ең жақсы образ, теңеулерді әртүрлі жануарлардың өмірінен алып отырған. Бұған, – дейді Қ.Жұмалиев, – екі себеп бар, біріншіден, төрт түлік ғасырлар бойы адамның ой-санасынан ұнамды орын алған; екіншіден, төрт түліктің қайсысы болса да көпке белгілі, сол белгілі нәрсе арқылы белгісіз нәрсені елестеткен» [119]. Осы пікірді қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымның бірі Б.Кенжебаев та айтады: «Қазақ халқы, – дейді Б.Кенжебаев – малға сыр мінез. Адамның келбетін, түсін, сиқын, жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны малдың мүшелеріне, мінезіне салыстырады, сөйтіп, әр түрлі теңеулер жасайды» [120, 39-б]. Әдебиет зерттеушісі Б.Шалабаевтың да пікірін назарға алсақ, «Қазақ баласын жақсы көргенде «құлыным», «қозым», «ботам» дейді. Бұл сөздер әдебиетте образға айналған. Ал сұлу қызға «Ботакөз» деп әдемі теңеу теңейді. Көңіл-күйін білдіруге келгенде «ботадай боздады», «қозыдай шулады» деседі. Адам тұлғасын сипаттағанда «жігіттің нары екен», немесе бой жеткен сұлу қыздар жайын айтқанда «жез бұйдалы нар тайлақтай» деседі. Мұның бәрі ауыз әдебиетінде жасалған ұнамды, қонымды теңеу, метафора, салыстырулар болып табылады. Бәрінің де оғаштығы жоқ, адам ойына дөп келген образды сөздер. Олардың қайсысы болса да, бағзы заманнан бері төрт түлікпен кәсіп еткен халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған және адамдардың мал жайындағы ой-сезімін білдіре шыққан. Сондықтан жоғарыда аталған теңеу, метафора, образға айналған сөздер қазақтың әдеби тілін байыта түскен» [118, 19–20-бб], – деген пікір пайымдаулары әріптес әдебиетші ғалымдардың ой-пікірлерімен үндесіп жатыр.

Қазақ халқы төрт түлік мал жайында шығарған туындыларында жылқы мен түйеге ерекше көңіл бөлген. Оның себебі осы аталған екі түліктің қазақ тіршілігінде аса маңызды орын алуына байланысты еді. Жылқы ертедегі қазақ үшін кесе – киімі, жесе – еті, ішсе – қымызы бар мал болумен қатар, ол көлік еді. Ең басты қасиеті – жылқы ел қорғау жолында зор пайда келтірген мал. Тарихтың айтуына қарағанда, өткен заманда қазақ еліне шетелдік басқыншылар талай рет шабуыл жасап, ойран салған. Басқыншы жауға қарсы қазақ жігіттері әскери жасақ құрып аттанған, тойтарыс берген. Сонда олар өздеріне керек тұлпар атты сайлап мінген. Мұндай тұлпарлар ел қорғаған батырлардың жауынгер жолдасы, жәрдемшісі болған. Сондықтан да халық әдебиеті ел қорғау ісінде батырларға қызмет еткен сәйгүлік, тұлпар аттарды сүйсіне жырлап, өзінің әңгіме, жырына қосқан.

Ал халықтың түйені ардақтап, ауыз әдебиетіне қосуы оның адам үшін еті, сүті, жүні пайдалы болғандығында ғана емес. Ең бастысы – түйенің күшті, төзімді көлік екендігінде. Көшіп-қонып жүрген жағдайда қазақ халқының негізгі көлігі түйе болған еді. Түйе жемге, шөлге төзімді келеді. Ол

бір-екі аптаға дейін жем жемей, су ішпей өркеш майын қорек етіп жүре беретін мал. Сондықтан да шаруа адамы түйе малын аса қадірлейтін болған. Түйенің ауыз әдебиетінде асыра мақталып жырлануының бір себебі осыдан. Бұған – «Боз іңген» ертегісі дәлел.

Б.Шалабаев зооморфизмнің элементтерін осы «Боз іңген» шығармасынан жете аңғарып, былайша талдайды: «Қазақтың бақташылық өлеңінде зооморфизм, әсіресе «Боз іңген» жырында айқын сезіледі: иесі қайымаған бедеу інгенді боталату үшін ел жиып ақыл сұрайды, інгеннің «көңілін аулап» үстіне кілем жаптырып, жібектен бұйда тақтырады.

Керуенге сатылып, ботасынан айырылған боз іңген, кісіден бетер уайымға түсіп, алдына ботасымен бірге жүргенде орындалатын көксеулі арман қояды:

Арман көріп ботамды,
Емізер күнім бар ма екен!
Жар жағалап қыдырып,
Тал бүршігін сыдырып,
Жегізер күнім бар ма екен?!
Айналайын жас ботам
Немене болып қалды екен?!

Боз інген өзін сатушыларға лағынет айтады, – «көрсетпе ботам терісін» – деп, телек тілейді. Ботасын, баласын сағынған адамша: «буыны босап», «бойы еріп», «жар жылап», «айналып», иіріліп іздейді. Кейде ол көктегі құстармен «сөйлесіп» ботасына «сәлем айтып», «зарлағанда», түйені құстар «аяп», інгеннің «күйіне» тау тастың «күңіренетіні» де бар. Мұның бәрі «Боз іңген» жырының бұрынғы адамдардың дүниетануы мен болмыс түсінігіне толық сәйкес келетінін пайымдатады. Себеп, бұрынғылардың: тау, тас, мал, аң, шөп, су, ормандар да адамша сезеді, ойлайды, қаймығады, сөйлейді деп білгені, – фольклортану ғылымына көптен мәлім. Мысалы: «Боз іңген» жырында жансыз «тау, тастың, түйенің күйіне күңіреніш» тәрізді. Міне, осы сықылды анимизм жансыз затқа жан бітіру (зооморфизм) малдың адамша сезіп сөйлеуі элементтерінің қатысуына қарағанда «Боз іңген» жырын әртінде шықты деп айтуға болады. Бұған жырдағы «тау тастың күңіренуі», құс пен түйенің өзара адамша сөйлесуі дәлел...[118, 19-б], – дейді.

Б.Шалабаев атап көрсеткен еңбек-кәсіп өлеңдерінің басқа да түрлеріне тоқталып өтеді. «Еңбек, кәсіп өлеңдерінің екінші саласы – мал мен адамның айтысы дедік. Бұл да бұрынғы адамдардың жаңағы түсінігімен тығыз байланысып жатады: сиыр иесімен айтысады, шаруақор емес иесіне, малдың ұзап өріске жайылуы – пайдалы екенін өлеңмен түсіндіреді.

Төрт түлік малдың бір кейіпті болмай, әртүрлі болуының өзі, оларға шешілмес жұмбақ болды. Бұл жұмбақты бұрынғылар, белгілі зооморфизм тәсілімен шешуге тырысты, мал мен малды айтыстырды. Еңбек-кәсіп өлеңінің үшінші саласы – мал мен малдың айтысы осылайша туады.

Төртіншісі – малдың өзара сырласуы, мұнда: мал екінің біріне бітпейді, өзінің сүйген жеріне және жақтырған адамына тұрақтайды, – деген пікір айтылады. Мұнда көп мағына бар. Ол – «малдың өзара сырласуы»

өлеңдерінің бертінде – тап қоғамында болғандығы: түйе – «зордың», қой – «Шығайбай» тәрізді «сараң, настың», сиыр – «қудың» қолына жиналып, солардың меншігі бола бастаған кезде шыққандығы.

Еңбек, кәсіп өлеңінің бесінші саласы, малдың түп нәсілі туралы әңгіме, жырларға келсек, мұның негізгі тақырыбы – әр түліктің шығу тарихы. Әрине, бұл іспеттес қиын мәселені шешу, малды зооморфизм, дүниені анимизм тәрізді сәбилікпен түсінген бұрынғылар қолынан келмеді. Олар бұл сұраққа жауап беру үшін бөгде жәрдемге мұқтажанды. Осы ретте бұрынғылардың тапқаны белгілі «топан суы», «Қазықұрт тауы» жайындағы космогония мен теогония болған рәуішті.

«Малдың түп нәсілі туралы әңгіме жырларды да» халық космогония мен теогонияның шындыққа жанасатын метафизикалық жақтарын «ен» тәрізді, анекдот дерлік, әбес сөздер арқылы әжуа етеді. Бұған түйе мен есектің Нұқ пайғамбар кемесі тоқтаған жердегі жанжалы дәлел...

Біздің арғы ата-бабаларымыз ескі сенім-нанымдарға иланып, әрбір түліктің жаратушы құдайы бар деп білген. «Қазықұрт тауы» әңгіме-жырында халық төрт түлік малдың қалай пайда болғанын ескі діни ұғымдарға байланыстыра былай баяндайды: Баяғы бір заманда дүние жүзін топан-су қаптап кетеді. Тек қана Қазықұрт тауы аман қалады және осы таудың ығында Нұқ дейтін әулиенің кемесі тұрады. Топан қаптаған кезде жан-жануарлар осы кемеге тығылады. Мұның ішінде төрт түлік малдың әрқайсысынан тұқым болады. Әрбір түліктен бір-бір тұқым аман қалады да, кейіннен ол өрбіп өседі. Бұл түлектерді топаннан сақтап қалған олардың жаратушысы, иелері болады. Жылқының иесі – Жылқышы ата (кейде Қамбар-ата деп те айтылады), қойдың иесі - Шопан-ата, түйенің иесі – Ойсыл-қара, сиырдың иесі – Зеңгі-баба, ешкінің иесі – Сексек-ата деп әрқайсысына жекелей ат қояды. Әрбір түліктің осы секілді иелері болғандығын, солардың арқасында топан-судан аман қалғандығын «Қазықұрт тауы» дейтін әңгіме-жыр былай суреттейді:

Қазықұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсыл-қара жануар содан қалған.

Бұдан әрі қарай жыр басқа түліктер жайын сөз етеді. Әрбір түліктің қалай өрбегендігін айтқанда, өлеңнің бастапқы екі жолын қайталап отырды [118, 20–21-бб].

Халықтың төрт түлік мал жайындағы, оның қалай өрбіп-өскендігі жайындағы алғашқы көзқарасы, ұғым-түсінігі осылайша болып келеді. Төрт түліктің өз алдына иелері (Ойсыл-қара, Шопан-ата, Жылқышы-ата, Сексек-ата, Зеңгі-баба) болуына, әрқайсысына жекелей ат қоюына қарағанда, әдебиетшінің мысалға алған өлең бертінде шыққан емес. Ол сонау ерте заманда, көп құдайға табынған (политеизм) шамандық дәуірде туған деуге болады. Олай дейтін себебіміз мынадай: Шоқан Уәлиханов ислам діні жайын айта келіп: «Қазақ арасына ислам діні XIV ғасырда ене бастады» [121], – дейді. Ал академик В.В.Бартольд былай деген: «Сырдария бойында,

Хорезммен көршілес отырған қыпшақтар XII ғасырдың аяғына дейін мұсылман емес еді, жалпы алғанда моңғолдардың басқыншылық жорығына дейін ислам түріктердің көпшілігінің діні емес болатын» [122]. Ал қазақ тарихын зерттеушілер қазақ арасына ислам діні VIII ғасырда ене бастады деп, бірақ ол XVI ғасырға дейін бүкіл ел қолданған тұтас дін еместігін көрсетеді. Мұнымен қатар, тарихшылардың бәрі де XIV ғасырға дейін қазақтар көп құдайға табынып (шамандық кез) жүргенін айтады. Ол кездегі адамдар жаратылыс сырын түсіне алмағандықтан, ой-өрісі төменгі сатыда болғандықтан жоққа сенген, дүниедегі әр түрлі құбылыстарды күшті санап, құдай есебінде фетиштерге табынған. XVI ғасырдан бергі жерде де, яғни қазақ арасына ислам діні молынан жайылған кезде де, екі дін (шамандық пен ислам) қатарласа жүрген.

Міне, бұл айтылғандардан төрт түлік мал жайында шығарылған өлең, жырлардың алғашқы нұсқалары ерте заманда, қазақ арасына ислам діні енбестен бұрын туғандығы байқалады. Ал бертін келе, қазақ арасына ислам діні тарап, көпшілікті шырмаған дінге айналған кезде көп құдайға табынушылық біртіндеп жойыла бастайды. Өйткені ислам дінінің шарты бойынша, жаратушы құдай көп емес, біреу ғана деп айтылады. Бірақ қазақтар ислам дінінің шартына жан-тәнімен беріліп кетпейді. Ш.Уәлихановтың айтуына қарағанда, қазақтар ислам дінін, оның шарттарын мойындағанмен де, нағыз діндар халық болмаған. Сондықтан олар бұрынғы шамандықты да, кейіннен енген исламды да бірдей қолданып жүреді. Бұған төрт түлік мал жайында шығарылған әңгіме, жыр-өлеңдер дәлел. Б.Шалабаевтың «Календарлы әңгіме, өлеңдер» мақаласынан үзінді келтірсек, «... бақсылар жырын алсаңыз, оның негізгі тақырыбы: ауырған адамды емдеу, малды емдеу, құрғақшылықта бұлт «шығарып» жауын жаудыру, малды шағатын түрлі зиянкес жәндіктердің (жылан, бүйі, кара құрт, бәленгі) уытына қарсы сөз күшін жұмсау т.т. Демек, бақсы жырының мазмұны «... сөз күші арқылы, «үшкіру» әдісі арқылы, «әруақты шақыру» әдісі арқылы табиғаттың адамға жау құбылыстарына әсер етуде болып отыр».

Алайда, бақсылар осы идеяны, «аңқау елге арамза молда» дегендей, шындықтағы айла, тәсіл, мүмкіншіліктен тыс далбасалықпен іске асыруға тырысты. Сондықтан олар, байланысы жоқ, біріне бірі қайшы реалды түсінік пен діни ұғымды араластырып отырды: «Ән атасы» Қорқыттан жәрдем сұрай отырып, «жын», «пері», «пірлеріне» сиынады, «пайғамбарға», батырға жалбарынумен бірге теке, түйе, жылқы, қасқыр, жылан т.б. көмек тілейді.

Бұрын бақсылардың елге абыройы жүруіне әр түрлі себеп болды: соның бірі – бақсылардың халыққа жаққан өлең мен музыкалық аспаптарды қолдануы. Өз ойларынан шығарған далбаса сандырақ өлеңін, олар халық қастерлеген фольклор шығармасы және қобыз, домбыра, сыбызғының үніне қосып бояп айтты. Бұл халыққа қайсы бір дәрежеге шекті жаққанмен де, өлең, ән, қобыз, домбыраны «шайтанның кәсібі» деп білетін қожа, молдаларға ұнамайтын, бақсы мен қожа молда итпен мысықтай араз болатын. Осыған қарағанда, бақсыларды қазақ даласына ислам дінінен бұрын кіріп, онымен бірге жасаған шаманизм сенімінің нағыз уәкілі деуге болады.

Өйткені, бақылар жырында ислам дінінің элементі өте аз, және сол аз элементтің бергінде кірігіп барып, бақылар жыры қоссенімге ұшыраған тәрізді» [123, 38–39-бб], – дейді. Демек, зерттеуші жоғарыдағы ғұлама Ш.Уәлихановтың пікірін ұстанғанын аңғарамыз.

Айтулы оқымысты қазақ фольклорының табиғатын, синкретизм өнерін, оның танымдық, тағылымдық, тәрбиелік қасиеттері мен сипаттарын шебер жіктеп, талдаған зерттеу еңбектерінің бір парасын мақал-мәтелдерге арнайды.

Қазақ халқы, басқа халықтар секілді, жазу-сызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін тудырып, олар арқылы тұрмыс-тіршілігінің әр алуан жақтарын суреттеген; қоғамдық өмірін, дүниеге көзқарасын, арман-мүддесін, т.б. бейнелеп көрсеткен. Осы негізде туған және ауыз әдебиетінің күрделі бір түрі деп халықтың мақал-мәтелдерін атаймыз.

Мақал-мәтелдер бір ғасырдың ғана жемісі емес. Олардың алғашқы үлгілері есте қалмаған, ерте заманда туып, өзінің қалыптасу, даму, өсу процесінде талай ғасырмен бірге жасасқан, бұл жолда әр түрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес өзгеріп, жаңарып отырған.

Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтарының ел арасынан жиналуы, хатқа түсуі, баспа бетіне шығуы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұлардың кейбір үлгілерін ертеректе ел арасынан жинап жазып алғандар Ш.Уәлиханов, В.Радлов болғанын білеміз. Бұлардан кейін, революцияға дейін қазақтың мақал-мәтелдерін, жұмбақтарын жинап, баспа жүзіне шығаруда айтарлықтай еңбек еткендер: Ш.Ибрагимов, А.В.Васильев, П.М.Мелиоранский, Ф.Плотников, В.В.Катаринский, Ә.Диваев, Сабыржан Садықов, Мейрам Ысқақов, т.б. болды. Аталған адамдар қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтарының кейбір үлгілерін жинап жазып алды да, сол кезде орталықта және Омбы, Орынбор қалаларында шығатын газет-журналдарға бастырды, жеке кітапша етіп шығарды. Мәселен, Ш.Ибрагимов қазақтың мақал-мәтелдерін 1874 жылы Орынборда, А.Васильев 1892 жылы Орынборда, В.Катаринский 1899 жылы Орынборда, Ф.Плотников Омбыда бастырды. П.Мелиоранский жинаған мақал-мәтелдер археология қоғамының Шығыс бөлімінің еңбектерінде (1893 ж.) жарияланды. М.Исқаков жинаған мақал-мәтелдер 1914 жылы Қазан қаласында өз алдына кітапша болып шықты. С.Садықовтың «Жұмбақ» деген жинағы 1902 жылы Қазан қаласында басылды. Ә.Диваев жинаған мақал-мәтелдер «Туркестанские ведомства» деген газетте жиі жарияланып тұрды.

Қазақтың мақал-мәтелдері, жұмбақтары кеңестік дәуірде мол жиналумен қатар, баспа жүзінде шығып, ел арасында тарап отырды. Мәселен, «Мың бір мақал» дейтін жинақ 1925 жылы басылды. 1935 жылы Өтебай Тұрманжанов төрт мыңнан астам мақал мен мәтел енгізіп «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» деген атпен үлкен жинақ шығарды. Бұл қазақ мақалдарынан құралған көлемді жинақтың бірі болатын. 1950 жылы Қазақстан Ғылым академиясында қазақ мақалаларының Б.Ақмұқанова құрастырған жинағы жарық көрді. Кеңестік дәуірде қазақтың жұмбақтары да бірнеше рет жинақ болып басылды. Бұлардың ішінде көңіл аударарлық жинақ 1940 жылы

шықты; оны құрастырған профессор С.Аманжолов, ал сөз басын жазып, редакциясын басқарған профессор М.Әуезов еді.

Сөйтіп, қазақ халқының мақал-мәтелдері, жұмбақтары ел арасынан ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бергі жерде ғана жинала бастағанын көреміз. Ал оларды ғылыми жолмен зерттеу ісі революцияға дейін де, онан кейін де өрістеп кетпегенін ескерту қажет. Мақал-мәтелдерге қатысты әр жылдары жазылған зерттеулер, жарияланған еңбектер, айтылған пікірлер өте көп. Дегенмен олар әлі де болса, монографиялық көлемде жазылған ғылыми зерттеулер болып табылмақ емес, тек барлаушысы, бастамасы деуге болады. Осы жағдайларды еске ала отырып, әдебиетші Б.Шалабаевтың да, Қазақ әдебиетінің тарихы (1948) академиялық басылымында жарық көрген «Мақал, мәтел» [124] және Қазақ тілі мен әдебиеті журналының 1959 жылғы № 12 санында жарияланған «Халық даналығының құнды қазынасы» (Мақал-мәтелдер туралы) [125] атты қос зерттеуін талдау, саралау барысында қазақ халқының тарихында ерте заманнан келе жатқан мақал-мәтелдерімен шолу түрінде танысып, олардың ғалым анықтаған халықтық және әдебиеттік сипатын байқау міндетін алға қойып отырмыз.

Ғалым М.Ғабдуллин мақалдар мен мәтелдердің құрылыстарын, өзара айырмашылықтарын, мазмұндарын саралай, сабақтай келе, төмендегідей ой түйеді: «Мақалдарға тән ерекшеліктің бірі – оның құрылысында. Мақалдар көбінесе, бір сөйлемнен құрылады «Кеңесті ел – кемімес», «Тіл – қылыштан өткір», «Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады» т.б.). Осындай бір сөйлем арқылы-ақ мағынасы терең, мазмұнды әңгімелерді жеткізе алады.

Мақалдардың құрылысында дыбыс үндестігі, бір дыбысты не бір сөзді қайталаушылық, сөз ұйқасымы айрықша орын алады. Мақалды бұлай етіп құру, оның мазмұнын тереңдете түсумен қатар, айтылатын негізгі ойды көркемдеп жеткізуге себепкер болады, соған көңіл аударады. «Болған іске болаттай берік бол», «Үміт – үзілмес», «Ерлік – елдің сыны», «Болған кісі болдым демес, болдым десе, болғаны емес» дегендерден дыбыс қайталаушылықтың, дыбыс үндестігінің үлгілерін көреміз.

Мұнымен қатар, қазақ мақалдары, көбінесе, өлеңнің жеті-сегіз буынды жыр түрінде жасалады. Негізгі ойды аз сөзбен өткірлеп, жеткізе айтуды көздеумен бірге, оның әдемі, көркем және ұйқасымды болып келу жағын да қарастырады. Бұл ретте кейбір мақалдар бір шумақтан тұратын өлең сияқты. Бұған: «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер; ер басына күн туса, етігімен су кешер», «Арық деген жаман тай, жазға шығып ат болар; жамандығың сезілсе, жақын кісі жат болар», «Жамандықты көп қусаң, құтылмас пәле жолығар, жақсылықты көп қусаң, бақ-дәулетің молығар» деген мақалдар мысал бола алады. Мұндай мақалдар кейде терең мағыналы толғау, нақыл сөз есебінде де айтылады.

Қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады, мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып отырады. Ал мәтелдерде бұл секілді мазмұнды, оқиғалы әңгімелер өте аз кездеседі. Мәтелдер, көбінесе, сөз айшығы, көркем тенеу, сөз образы («Көппен көрген ұлы той», «Құрыққа сырық жалғап», «Қызым

саған айтам, келінім сен тыңда», «Тілге тиек жасап», «Ханнан қазық, биден тоқпақ», т.б.) ретінде қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады. Мәтел айтайын деген ойын турасынан білдірмей, жанама түрінде, әр түрлі салыстыру, теңеу арқылы жеткізеді; кейбір сөздерін тыңдаушының өзі аңғарып түсінер деген оймен әдейі қалдырып кетеді. Бұл мәтелдің өзіне тән ерекшелігінің бірі болып табылады» [126, 90–91-бб], – деп көрсетеді.

Тілші ғалым М.Балақаев тіл шеберлігіне жалпы сипаттама береді: «Негізгі тілдік материалдар – халық тілінің байлықтары сөздер, фразалар, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер тек солар арқылы әрі жатық, әрі нақышты, өзгелер бірден түсіне қоятын сөз кестелерін тіл шеберлігіне арқау еткенде ғана жұрт ықылас қойып, сүйсініп тыңдайтын болады» [127]. Орынды айтылған мақал-мәтелдер ойды әсерлі етіп түсіндірудің құралы. Халқымыздың мақал-мәтелдерінің шешендігін лингвист В.В.Радлов былай бағалаған: «Қазақ ақындарының қабілетінің зор екеніне барған сайын көзім жете түсуде, қалай әсем сөйлейді. Айтқысы келгеннің бәрін тез түсіндіреді, қарсыласының да сөзіне шебер тойтарыс бере біледі, балаларының ақыл-ой, есі де тез жетіледі. Ойын дәл ұғындыра алады».

Халқымыздың мақал-мәтелдерінен оның ғасырлар бойы қалыптасқан даналығы көрінеді. Осындай қасиеттеріне қарай мақал-мәтелдерді тәрбие және оқу үрдісінде орынды пайдалану, еліміздің тарихын, тілін жетік білуде орасан рөл атқарады.

Қазақ совет энциклопедиясында мақал-мәтелдерге төмендегідей анықтама берілген: «Мақал-мәтелдер – қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі жанрларының бірі. Мазмұны халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, санасын бейнелейді, табиғат, қоғам, адам жайындағы ұғымдарын, сенімдерін түйіндеп көрсетеді. Дидактикалық шағын жанрлардың аз сөзбен көп мағына беретін ең қысқа және көркем түрі» [128, 529-б].

Мақал-мәтел – ықшамды түрде айтылатын, көп жағдайды аңғартатын, өмірдегі құбылыстарды тапқырлықпен түйіндеп, шеберлікпен жеткізетін сөз нақышы.

«Мақал-мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тәжірибесінен қорытып ереже, өмір заңы түрінде тұжырымдалған аталы сөз халықтың ой түйіні» [129, 91-б].

Ал, мақал мен мәтелге «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Мақал зат. Үлгі-өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз. Мақал деп қысқа, образды, ұйқасты тұжырымды нақыл сөздердің тізбегін айтамыз. Мысалы: «Мақал – сөздің атасы, уәде ердің опасы /мақалнама/»; «Мәтел зат. Тұжырымды бейнелі әрі ықшам нақыл сөз. Мысалы: Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтелдер айтылып кетеді» [130, 102-б].

Мақал-мәтелдер құрылысы жағынан ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі.

Б.Шалабаев мақал-мәтелдердің ерекшеліктері мен шығу жолдары туралы мынадай пікір білдіреді, «Халқымыздың ерте заманнан бері тырнақтап жиып, сақтап, атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан халық даналығының ең құнды қазынасы – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің ауыз әдебиетіне жататын жанрлардан өзгешелігі, көне заманның мұрасы ретінде кітапханаларда, архивтерде сақталып жатпай, оның өмір талабына сай жаңарып, толығып отыратындығында және күнделікті өмірге икемділігінде. Мақал-мәтелдер қай кезде болмасын халықты жақсылыққа, адамгершілікке, кішіпейілділікке, өнер-білімге уағыздайды. Бұдан, біз мақал-мәтелдердің дидактикалық мәні зор екендігін байқаймыз. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер – тіліміздің лексикалық қорын байытуға әсерін тигізеді. Жазба әдеби тілінің көркейіп өсуіне ауыз әдебиеті негізгі тірек болады.

Мақал-мәтелдер фольклор жанрының бір түрі. Осыған байланысты мақал-мәтелдер, біріншіден, халық ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін бойына сақтаса, екіншіден, қазіргі жазба әдебиетіне өзінің халық тілінде жасалған формасын ешбір өзгертпей еніп отырғандығында.

Мақал мен мәтелдің талай үлгісі де шыққан, олар фольклордың көне, ескі түріне қосылады. Бұлардың баста қалай пайда болғанын жорамалмен ғана айтуға болады. Мақал-мәтелдердің бірнеше түрлі болатынын және жасалу әдістері де алуан түрлі болып келетінін аңғаруға болады. Бірақ, бұлардың барлығына тән қасиет – өмір құбылыстарының мәнін, сыр-сипатын ашып, қорытынды жасауға бейімділігі. Мақал-мәтелдерді шығарушы, әрі таратушы – халық. Мақал-мәтелдер халықтың рухани бай өмірінен, ой-қиялынан, ақылынан туады... Сонда кейбір мақал, мәтел өз алдына бөлініп шықпай, бүтін бір ертегі, дастан, хикая, өлең, жырлардың ішінде жүруі керек. Келе-келе осылардың «тоқсан ауыз сөзі» өзінен өзі ұмытылып «тобықтай түйіні» мақал, мәтелге айналған сияқты [124, 282-б], – деп жазады.

Мақал-мәтелдердің табиғатының күрделілігі, оның көнелігі мен қолдану аясының кеңдігінде. Белгілі бір жағдайға, тақырыпқа байланысты шебер айтылған ұтымды, тиісті нақыл сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына кең тараған. Осыған нақыл сөздер бастапқы кезде халық арасында анау айтқандай, мынау дегендей, деп шешеннің есімімен қосарлана жүрген еді. Ал, кейін шығарушының есімі ұмытылып, ұтымды, орынды қолданылған сөздер халық сынынан өтіп, өңделіп, мақал-мәтелдерге айналып кеткен.

Мақал-мәтелдердің шығу жолдары алуан түрлі. Оларды шығарушы, жоғарыда ғалым Б.Шалабаев дұрыс атап көрсеткендей, халық. Халық тілегіне сай туып отырған мақал-мәтелдерді шығарушы әуелде жеке кісі болса да, авторы ұмытылып қалады. Сондықтан мақал-мәтелді халықтың рухани қазынасы деп атайды. Мақал-мәтелдердің ең негізгі шығу жолы – халықтың әлеуметтік тұрмысына және экономикалық жағдайларына байланысты. Кейбір мақал-мәтелдердің халық ертегілерінен, өлең жырлардан пайда болғанын мына мақал-мәтелдерден жете аңғарамыз:

«Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты».

Орыс ғалымдары Ф.Буслаев және Е.Ляцкий кейбір мақал-мәтелдердің ертегілерден, анекдоттардан, өлең-жырлардан шығатын қасиеттерін ескере

отырып, мақал-мәтелдерді «қысқа көлемді басня» (Ф.Буслаев), «мақал-баснялар» (Е.Ляцкий) [131] деген анықтамалар берген. Бұл жай ғана берілген анықтама емес. Өйткені мақал-мәтелдердің ішкі, сыртқы құрылыстарына көңіл аударсақ, осы жоғарыда айтылған пікірлерді аңғарамыз. Бұрынғы ауыз әдебиетінің поэзиясы, негізінен, жыраулардың, ақындардың, сал-серілердің туындылары. Осылардың ішінде кейбір мақал-мәтел болып кететін қасиеті бар сөз тіркестері ұшырап отырады. Осы сөз тіркестері соңыра, мақал-мәтелге айналып, өлең, жырлардың толық мазмұны ұмыт қалып қояды. Бұл қасиетті дөп басып, Б.Шалабаев төмендегідей түйіндейді, «Бертінде тараған кейбір мақал, мәтелдің қандай әдебиет ескерткішінен бөлініп шыққанын айтуға да болады. Мысалы: «Аяз әлінді біл, құмырсқа ізінді біл» деген мәтел «Аяз би» ертегісінен алынғанға ұқсайды.

«Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей»
Абай өлеңінен туған.
«Жаманнан жақсы туады,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан жаман туады,

Бір аяқ асқа алғысыз», деген мақал Махамбет өлеңінен туған деуге болады. Әсіресе Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың даналық, нақыл өсиет сөздері халық арасында кеңінен тарап, мақал-мәтелге айналып кеткен. Абайдың асыл мұрасы баспасөз бетінде де мақал-мәтел ретінде қолданылып жүр және өз еңбектерінде мақал-мәтелдерді кең пайдалана білген» [124, 282-б], – деп жазады. Шынымен де мақал-мәтелдердің осындай шығу жолдарына үңілгенде, нақыл сөздердің нақты авторлары ұмыт болып, бәрін халық еншілейтін сипатқа ие болады. Мәселен, Қ.Жұмалиев Абай шығармаларының тілі жөнінде жазған еңбегінде, ұлы ақынның қара сөздері мен өлеңдерінде қазақтың 53 мақал-мәтелін қолданғанын көрсетеді [132].

Сонымен қатар, ақын-жазушылар І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов және т.б. тілімізге өздерінің қанатты сөздерін қосты. Халық мақал-мәтелдерді сөйлеу тілінде көп қолданғандықтан, даналық сөздердің авторларына назар аудармайды.

«Мақал-мәтелдердің шығу жолына тағы бір себеп – аудармаға байланысты», дейді ғалым Б.Шалабаев, ойын одан әрмен жалғастырып, – Халықтар достығының, қарым-қатынастарының нәтижесінде мақал-мәтелдер үнемі ауысып, бір-біріне ықпал жасап отырады. Кейбір мақал-мәтелдер жалпы түркі тілдеріне ортақ болғандықтан, көптеген туыстас халықтардың мақал-мәтелдері сақталып, күні бүгінге дейін өз мағыналарында қолданылып келеді. Мысалы: «Айран ішкен құтылар, Шелек жалаған тұтылар»; «Темірді қызған кезде соқ»; «Құр қасық ауыз жыртар» және тағы басқа.

Кейбір мақал-мәтелдер қырғыз, түрік, өзбек, татар, ноғай, қазақ тілдерінде бір мағынада қолданылады. Ал, кейбір мақал-мәтелдердің орыс тілінен біздің тіліміздің құрамына еніп кеткендіктен, оның ертеде ауысқанын байқаймыз. Мәселен,

«Жүз сомың болғанша,
Жүз жолдасың болсын»
«Не имей 100 рублей,
А имей 100 друзей».
«Тиын теңгені сақтайды»
«Копейка рубль бережет» [125, 18-б].

Ал, кейбір мақал-мәтелдердің бірнеше тілде мағыналық, әрі лексика-грамматикалық жағынан ұқсас болып келетіндері де кездеседі. Мұндай мақал-мәтелдердің пайда болу тарихы терең зерттеу құмыстарын қажет етеді. Дегенмен, төмендегідей себептермен дәлелдеуге болады:

Біріншіден, жалпы халықтардың экономикалық, шаруашылық жағдайлары, жақсылық пен жамандық туралы, адамгершілік, үлгі-өсиет жөніндегі көзқарастардың ұқсастықтарының болуынан – тілдегі мақал-мәтелдердің мағыналық ұқсастықтары пайда болады.

Екіншіден, халықтардың өзара қарым-қатынаста болуы арқасында – олардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, лексикалық байлықтарының да өзара ауысып, тіл даму барысында елеулі белгі қалдырады.

Үшіншіден, мақал-мәтелдердің бір тілден екінші тілге ауысуына көркем шығармалар да әсер етеді. Бұл кезде бір тілдің мақал-мәтелдері басқа тілдерге тарайды. Сәтті аударылған мақал-мәтелдер ел арасына кең тарап, халықтық сипатқа ие болады. Бұдан, бір халықтың лексикалық және фразеологиялық қорының баюына басқа тілдердің әсері, ықпалы болатынын байқаймыз. Осы орайда әдебиетші Б.Шалабаевтың ғылыми пайымдауларына тағы бір мәрте тоқталып өтсек, «Мақал мен мәтелдің даму жолдары бірдей. Мақалдар мен мәтелдер үнемі туып, өңделіп, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, ауысу барысында, халық ойында жылдар бойы сақталып, сұрыпталып отырады.

Қазақ мақал-мәтелдерінде қазақ елінің басынан кешкен тарихи кезеңдердің із, сүрлеуі айқын көрінеді. Арғы көне заманнан бергі, күні бүгінге дейінгі еліміздің тарихи даму жолында кездескен үлкенді-кішілі оқиғалардың бәрі де, белгілі мөлшерде мақал, мәтел қазынасына өзінше енші қосқандығы байқалады. Әр дәуірдің туғызған салт-санасы, әдет-ғұрып, дәстүр, кәдесі, ырымына дейін мақал, мәтелге тақырып, мазмұн болғанға ұқсайды.

Жер дауы, жесір дауы, құн дауы тәрізді жанжалға бітім айту ісінде, қазақта көркем сөз күші көп қолданылғаны мәлім. «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін» толып жатқан шешен жайындағы ел ауызындағы аңыз мұны жақсы дәлелдейді. Нақыл сөз тілмарлықпен бірге, бітім айтушылардың сүйенетін заңы, ұсынатын ережесі мақал, мәтел болған. Халық мақал мен мәтелді бір кезде заң есебінде қолданған...

Бір ел мен екінші ел мақал, мәтелдерінің арасындағы айырмашылық, олардың түрінде емес, мазмұн мен тақырыбында. Әр елдің күн көріс тіршілігі, тұрмыс салты, оның мақал, мәтелдеріне әсер етпей қоймаған» [124, 283–284-бб].

Зерттеуші одан әрі ұлттық әдебиеттің қалыптасуындағы мақал-мәтелдердің рөлі, мақал-мәтелдер мен әдеби жанрлардың байланысы, жалпы фольклор мен әдебиеттің көркемдік әдісі, жекелеген қаламгерлер шығармашылығының фольклорға қатысы сияқты маңызды мәселелерді топтай келе, Ресей, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көркемдік мәдениетіне тән көптеген тілдердің туыстығы, ұзақ уақыт көршілес болуы олардың тарихи-мәдени жағынан үндесіп, мұраларының жақын болуына әкеп сайығанын айтады.

Мақал мен мәтелдің құрылысындағы, жасалу жолындағы ең басты ерекшелігі – өлеңге тән сипат қабылдауы. Көп жағдайда ақындық өнермен тығыз байланысты туады. Мақал-мәтел көбіне ырғағы, үйлесімі бар, өлең – жыр түрінде құрылады. Мақал-мәтелдерде сөздер сан-алуан теңеу, эпитет, метафора, метонимия сияқты стильдік фигуралар мен бейнелеу тәсілдері арқылы шебер қолданылады.

Мақал-мәтелдер – поэзиялық жанр. Мақал-мәтелдердің поэзияға жақындайтын ең басты қасиеті, ол – ырғақ, ұйқас, сөз қайталау сияқты өлеңге тән сипаттамалар. Мақал-мәтелдердің ел арасына тез тарап, олардың өткірлігін арттыра түсуде, ырғақ пен ұйқас ерекше қызмет атқарады. Ырғақ – мақал-мәтелдерді тез ұғып, есте сақтауына ықпал жасайды. Мақал-мәтелдер, көбінесе, екі жолды (тармақты) бір шумақты болып келеді және де мақал-мәтелдердің әрбір шумағында, әрбір жолында келетін сөздердің буын санының біркелкі болып келіп отыруына байланысты ырғақ жасалады. Өлең құрылысында буын санының біркелкі болуы шарт болса, мақал-мәтелдер бұл негізге сай келе бермейді. Мақал мен мәтелдердің өлеңнен басты айырмашылығы – бұлар сөзге өте сараң болып келеді, құрамында кездесетін басты артық сөздер шығып қалып отырады. Ал, қазақ өлеңдерінде үстеме, жанама мағына беретін сөздер көп кездеседі.

Мақал мен мәтелдердің құрамындағы сөздердің айтылу сазы мен әуеніне қарай, олардың мағыналық жағын айқындауда пауза мен интонацияның көмегі ерекше. Себебі, әр тармақта қанша бунақтың барлығын паузаның көмегі арқылы байқасақ, бір шумақтағы бірнеше тармақты бір-біріне байланыстыру – интонацияның көмегі арқылы жасалады.

Зерделі зерттеуші Б.Шалабев мақал-мәтелдердің осы ерекшеліктеріне де баса назар аударады. Бұл жөнінде ғалым былай дейді: «Мақал мен мәтелдердің құрамына енген сөздер саны ықшам болса да, олардың бір сөзден құралатындары кездеспейді. Мақал мен мәтел жеке сөз арқылы ойды толық жеткізе алмайды және құрамы да бір-екі буын арқылы жасалмайды. Көбінесе, 3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13 буынды және аралас буынды болып келеді. Өлеңнің құрылысынан мынадай айырмашылықтары болады:

а) Мақал мен мәтел бір немесе екі, кейде одан да көп жай сөйлемнен құралып, әрбір сыңарлы толық ойды білдіреді. Ал, өлеңде әрбір тармақ – толық ойды білдірмейді.

ә) Мақал мен мәтелдерде буын саны біркелкі болып сақталмайды. Бірақ, мақал-мәтелдердің барлығы ұйқасқа құрыла бермейді, тек қана екі және төрт жолды болып келетіндері ғана. Мысалы:

«Қарағайға қарап, тал өсер,
Қатарына қарап, бала өсер».

Ал, кейбір мақал-мәтелдер ең соңғы сөздері сөз қайталау арқылы емес, дыбыстық үйлесім арқылы ұйқасады. Мысалы:

«Жолға шықсаң сайлан,
Бес қаруыңды байлан»;
«Жақсы ағайын – күншіл,
Жаман ағайын – сыншыл».

Кейбір жағдайларда мақал-мәтелдердің құрамында бір сөздің қайталанып келуі арқылы ұқсайды:

«Адам көркі – шүберек
Ағаш көркі – жапырақ».

Кейбір мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің бастапқы әріптері бірыңғай дауссыз дыбыстардан басталуы арқылы жасалады (аллитерация). Мысалы:

«Шөлдегенде ішкен су
Шекер емей немене»
«Қайраны жоқ көлден без,
Қайырымы жоқ елден без».

Бастапқы дыбыстардың бірыңғай дауысты дыбыстардан келуі арқылы жасалады (ассонанс). Мысалы:

«Ел үмітін ер ақтар,
Ер атағын ел сақтар»
«Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер».

Халық сөздің тек сыртқы сұлулығына көңіл қоймайды, ең алдымен дыбыстарды үйлестіріп, сөз ажарын арттырып, әсерлі ету арқылы сөз мағынасын шебер жеткізу үшін қолданады» [125, 19–20-бб], – деп өте орынды, ғылыми білгірлікпен талдап көрсетеді.

Мақал-мәтелдер – ықшамды түрде айтылатын, көп жағдайды аңғартатын, өмірдегі құбылыстарды тапқырлықпен түйіндеп, шеберлікпен жеткізетін сөз нақышы.

Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тарағаны және ұзақ өмір сүретіні де осы мақал-мәтелдер. Қ.Жұмалиевтің, «Мақал-мәтел – халықтың тек қана көркем сөз өнері ғана емес, әрі философиясы, әрі ғылымы, әрі тәрбие құралы» [132], деген аталы пікіріне жүгінсек, мақал мен мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылған, тұжырымдалған ой-түйіні және бір ойды ұтымды, өткір етіп айтып беретін нақыл сөз, асыл қазынасы екеніне көз жеткіземіз.

Мақал-мәтелдердің тілі қарапайым және өте көркем, сөздік құрамы бай. Сөйлем құрылысы жағынан жеңіл, әсерлі болып келді. Халық мақал-мәтелдеріндегі қолданылған сөздердің тек қана сыртқы сұлулығын қарамайды, сонымен қатар құрамындағы сөз мағынасын шебер, орынды қолданылуына да назар аударады. Мақал-мәтелдерді оқып үйрену ана

тіліміздің байлығын, сөйлем құрылысын, дұрыс сөйлеу заңын жетік білуімізге, тілімізді дамытып ой-өрісімізді кеңейтуге себепші болады.

Ал, мақал-мәтелдердің негізгі ерекшелігі: ол – халық ойының ескерткіші ғана емес, сонымен қатар күнделікті сөйлеу тілі құрамындағы тірі тілдік бірлік. Халық інжу-маржанының мол қазынасына кезіккен ғалымның ендігі сөзі мақал мен мәтелдің жанрлық ерекшеліктері мен айырмашылықтарында өрбіп отырады.

«Ауыз әдебиетінің өзге түріне қарағанда, мақал, мәтел ертегіге жақын. Ертегіге тән кейбір қасиет бұларда да бар. Басқаша айтқанда, мақал, мәтелдер де ертегі мен жұмбақ тәрізді, ишара мен қалтарыс басым, жәндік хайуандар жөнінде айтылған мақалдар адамға, адам туралы малға, я басқа бір затқа ауысып кетуі оп-оңай. Сондықтан, мақал, мәтелдердің бір емес, бірнеше мағына беретіндері көп. Ішкі құрылысы жағынан алғанда, мақалдар екі түрлі: біріншісі – айтайын деген ойын ашық етіп бірден, турасынан білдіреді («Жауды аяған жаралы қалады», «Бірлігі жоқтың – тірлігі жоқ», т.б.). Екіншісі – негізгі ойды астарлап айтатын, ишаратпен білдіретін мақалдар. Қазақ мақалаларының біразы осы соңғы түрге енеді. Мұның мысалдарына «Жығылсаң нардан жығыл», «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деген мақалдарды жатқызуға болады. Сырт қарағанда бұл мақалдарда айтылатын ой айқын, әрқайсысы өз орнында тұрған секілді. Бірақ олардың түпкі мағынасында басқа әңгімелер жатады. «Жығылсаң нардан жығыл» деген мәтелдің мағынасы, биік нардан құлап мертігу емес, нардай биік жақсылық іске ұмтыл, әлің жетпей қалса, мақсатыңа жете алмасаң, ол айып емес деген ойды білдіреді. «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деуде тура мағына болумен қатар, астарлап айтылған жанама мағына бар. Ол сырын білмеген аттан сақтанумен бірге, сырлас болмаған, сырын білмеген адаммен бірден ашна-жай болудың қолайсыз жағдайға душар ететінін аңғартады. Осы сықылды «Түйенің үлкені көпірден таяқ жер», «Керек тастың ауырлығы жоқ», «Қысқа жіп күрмеуге келмес», «Аузы күйген үріп ішер», «Артқы айылың берік болса, атың тулап не қылсын», «Бұқаның арамзасы бұзау арасында», «Итке ит, жер ошақ басында жолығар, қуға қу намазшамда жолығар», «Шабан үйрек бұрын ұшар», «Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шықты», «Май бұзылса тұз себер, тұз бұзылса не себер» тәрізді бір зат туралы айтылып, мағынасы екінші затта жататын, бірнеше пікірді түйістіріп беретін, мақал мен мәтелдер көп.

Сыртқы құрылысы, мазмұны ұқсастықтан әдетте біз мақал мен мәтелді жалпылама қолдана саламыз. Олардың айырмашылығын байқамаймыз. Бірақ, бұлардың арасында елеулі өзгешелік бар. Мақал, мәтелді білу қандайлық керек болса, олардың айырмашылығын білу де, сондай қажет.

Мақал дегеніміз тағылым берерлік, ырғағы бар, тәжірибеде көп қолданылатын бейнелі, қысқа нақыл сөйлем.

Мақалдың көлемі үнемі бір келкі келуі шарт емес, әртүрлі болуы мүмкін. Бұл төмендегі мысалдардан жақсы байқалады.

1. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді».

2. «Жығылып жатып, сүрінгенге күлме, жыртығың тұрғанда тесікке күлме».

3. «Талапты ерге нұр жауар».

Бірі ұзын, бірі қысқа болғанымен, бұлардың мақал екендігін сездіріп тұрған қасиет: үшеуінде де айтылған пікірдің анықтығы, тұжырымды болып келуі, әрқайсысының өмір құбылысындағы бір ақиқатты қамтып тұрғандығы.

Мақалдың өзіне тән құрылысы, көркемдік ерекшелігі, шеберлік тәсілі барлығын байқау қиын емес. Мысалы: түр мен мазмұнның арасынан қыл өтпестей қабысып келу үлгісін, мақалдан көресіз. Көлем жағынан алғанда, мақалдың қысқасы бір жол, ұзыны алты жолға дейін барады, көбінше, осыдан аспайды.

Жай өлеңде бар ұйқас мақалда да бар, бірақ, мақалда бір әріппен бір сөзді, бір емес, бірнеше рет қайталау, әдеби троп және стильдік фигураны жиі қолдану арқылы бейнелеу басым.

Негізгі қабілеті аз сөзбен терең ойды түсінікті түрде кесіп айту болғандықтан мақалда метафора, метонимия, синекдоха көп қолданылады. Осы себептен мақалда бір-біріне қарама-қарсы түсінікпен затты салыстыру арқылы барып, пікірді айқындау тәсілі өте күшті.

Егер мақал өмір ережесі дерлік белгілі бір түйінді пікірді пайымдататын терең мазмұнға құрылса, мәтел заттың сапасын көркем теңеу, сұлу сөзбен сипаттауға негізделеді. Мақалда «тайға таңба басқандай» кесіп айтылған қорытынды берілсе, мәтелде жанамалап айтылған көмескі ишара басым болып отырады. Мысалы: «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген мақал болса, «Тілдің балын ағызып, сөздің майын тамызып, хас шешендер сөз айтар» – мәтел. Осы секілді, «Ақылдының сөзі қысқа, айта қалса нұсқа» – десе мақал; ал, «Ақылының кемдігін күлкіменен жеткізер, ырысының кемдігін ұйқыменен жеткізер» – мәтел.

Демек, мәтел дегеніміз де өнеге берерлік, бейнелі, ырғағы бар сөйлем. Мұның мақалдан айырмашылығы: мағынасы ашық болмай, ишарамен айтылатындығы, сөйлемнің толымсыз болып келуі.

Мысалға соңғы мәтелді алсақ, кәдімгі толық, я жайылма сөйлем дерлік. Ал, жете тексере келгенде, бұл шын мағынасындағы толық сөйлем емес. Өйткені, осы мәтелдің бастапқы екі жолында «ақылының кемдігін, күлкіменен жеткізер» деген де «ақымақ» деген сөз қалып қойып отыр да, соңғы екі жолында – «ырысының кемдігін, ұйқыменен жеткізер» дегенде «жалқау» деген түсіп қалып тұр және осы жетпей тұрған сөздер сөйлемнің ең негізгі мүшелері. Сонда мәтел сөйлемі толымсыз, пікірі көмескі, кім туралы айтылып отырғаның, тыңдаушының өзі долбармен табыларлық екі үшті сөйлем болғаны. Бұл мәтелдің мақалдан ең негізгі айырмашылығы. Осы талданып отырған мәтелдің мағынасын бұлжытпай беретін: «Жалқауға дәклет үшін ұйқы берер, Ақымаққа ақыл үшін күлкі берер» деген мақал бар.

Мұнда сөйлем қысқа, оқуға жеңіл, мазмұны анық.

Мәтел бұлай емес. Мәтелдегі ой кесіп айтылмай, «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда», «Ағама жеңгем сай» дегендей көмескі демесін болып отырады...

Халықтың миына сіңген, ақылына қонған, әдетіне кірген, халықпен бірге жасасқан, әлі де бірге жасайтын ең асыл, тозбас қазынаның бірі – мақал мен мәтел. Мақал, мәтел арқылы сөз үнемделеді. Пікір ашық, айқын айтылады. Сөз өнерінің бұл тамаша құралын зерттеп, оқып үйренуіміз керек» [124, 286–288-бб], – деп жазады. Ғалым түйінінен, ең алдымен, мақал-мәтелдер болашақ ұрпаққа, өскелең жеткіншекке оқыту, үйрету сол қазынадан нәр беру, рухани жағынан халыққа жақындастыру, халықтың даналық байлығын түсіну, меңгеру арқылы қазақ халқын сыйлауға бағыттау, достыққа шақыру деп түсіну керек. Қазақ мақал-мәтелдерінің шығу жолдарын, этимологиясын, жанрлық еркшелік, айырмашылықтарын, т.б. күрделі мәселелердің жай-күйіне арналған жас ғалымның осы алғашқы мақалаларынан-ақ зерттеу нысанасының ауқымдылығы, көтерген мәселелерінің өзектілігі, әрі ғылыми тереңдігі бірден көзге түсіп, санаға ұялайды.

Адам санасының сәбилік кезінен бастап, даму процесінің өзіне тән сан қилы бұралаң жолдарын кешіп, сол ұзақ сапарда шындалып, жетіліп, ақыры көркем туынды дәрежесіне дейін көтерілген ауыз әдебиетінің бір бай саласы – халықтың күлдіргі әзіл әңгімелері.

Тапқырлыққа негізделген өнер жарысы, жалпы көңіл көтеру мақсатында туындаған алғашқы қоғамдағы халық күлкісі, оның әзіл-оспақ, қалжың-қағытпасы тұрмыс-тіршіліктің тар шеңберінде қалып қоймағанын өмір өзі көрсетіп отыр. Жалпы күлкі элементтері өмір шежіресі болып табылатын әдебиеттің барша жанрларында кездесіп, әдеби көркем туындының әрі мен нәрі болатын ортақ қасиетке де ие. Мұны біз сонау тәңіршілдік заманындағы, түрлі фетиштерге табыну кезіндегі халықтың ескі сана-сезімін көрсететін «Күн жайлату», «Күн жаудыру», «Жылан арбау», «Бәдік жыры», т.б. тәрізді салт жырларынан бастап, халық санасының анағұрлым өскен дәуірінде туған тұрмыс-салт жырларынан, ертегілерден, шешендік сөздерден, ақындық айтыстардан, тағы басқалардан көптеп кездестіреміз.

Әлем халықтары мәдениетінің тарихына үңілсек, мұның мысалдарын көптеп кездестіруге әбден болады. Мәселен, Еуропа халықтарындағы орта ғасырда, тіпті одан да әрегіректе болыпты делінетін күлдіргі өнершілер – сайқымазақтар, шпильмандар, паяцтар; орыс-славян жұртындағы скоморохтар, елкезбелер, ал шығыс халықтары фольклорындағы кейіпкерлер қатарында арабтың Джухасын, парсының Бахуласын, түріктің Базаралысы мен тәжіктің Мүшфихасын, сонымен бірге, түркі халықтарындағы қоғамдық сипат алған Қожанасырдың типтік образын қоса атау орынды болмақ. Сондай-ақ, түрікте – Бекташ, түркіменде – Кемине, қырғызда – Шаршен, қазақта – Алдар Көсе, қарақалпақта – Өмірбек, түрік дүниесінің біразында Қожанасыр атына теліп айтылар небір ғажайып әңгімелер бар.

Ал арғы заманнан келе жатқан Алдар Көсе мен Жиреншелердің тапқырлықтары мен даналықтарын былай қойғанда, «...ең бір қарапайым қазақтың өзі де ана тілін ұмытып қолдануда Еуропадағы француздар мен орыстардан қалыспайды. Олардың сөз саптауы өте оралымды, әрі таза, әрі жағымды», – деп В.В.Радлов әділ айтқан. «...Халық өте сүйген өнерінің бір түрі осындай күлкі әңгімелер. Бұлардың шеберлік, өткірлік, тапқырлық

күйлеріне қарап, сол әңгімелерді шығарған ортаның талантын, өнерпаздығын тануға, бағалауға болады», – деп жазады ұлы Мұхтар Әуезов.

Әр халықтың ұлттық тіл ерекшелігіне орай күлдіргі әзіл әңгімелерді атауы да әр түрлі аталып келеді. Өзбектер оны «ләтифалар» десе, түрікпендер «шота сөз», татарлар «мәзек» дейді. Орыс тілінде «анекдот», «байка» деп жүргеніміз де сайып келгенде, осы күлдіргі әзіл әңгімелер деген түсінікті береді. Қазір ТМД халықтарының, сонымен қатар дүние жүзіндегі басқа да елдердің күлдіргі әзіл әңгімелері орыс тілінде «анекдоты» деген атпен шығарылып келеді. Ал, «анекдот» деген сөздің төркініне үнілсек, ол грекше жарияланбаған, ауызша тараған деген ұғымды білдіреді. Өмірде болып жатқан жамандық атаулыға халық жирене қарап, оған өзінің көзқарасын, арман-мүддесін, қуаныш-күйінішін осы әзіл әңгімелерінде білдіріп отырды. Досына деген әзіл-оспақ, қалжың-қағытпасын қалтқысыз жадырай күле айтса, ал қарсыласына, дұшпанына ызалы күлкісі мен уытты мысқылын қару етті.

Ел арасында мол тараған, халықпен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан күлдіргі әзіл әңгімелер бірқатар ұлт тілдерінде ертеректен бері жиналып, әр түрлі жинақтарда басы біріктіріліп, жарияланып келеді. Мәселен, орыстың бірқатар күлдіргі әзіл әңгімелері Н.Кургановтың құрастыруымен 1769 жылы Санкт-Петербургте «Письмовник» жинағында жарық көрді. В.С.Березайскийдің баяндауымен «Ежелгі елкезбелердің күлдіргі әзіл әңгімелері» 1798 жылы шығарылды. Сондай-ақ, ертеден бері жиналып келе жатқан француз, неміс, итальян, орыс күлдіргі әзіл әңгімелері 1846 жылы Санкт-Петербургте «Аудармашы немесе ескісі бар, жаңасы бар, осы заманғысын қоса алғанда, жүз де бір хикая және қырық күлдіргі әзіл әңгіме» деген атпен басылды. Мұнан елу жыл өткен соң ғана, 1896 жылы М.Крывошлыктың «Тарихи күлдіргі әзіл әңгімелер» атты, 1900 жылы М.Шевляковтың «Орыстың атақты адамдары туралы күлдіргі әзіл әңгімелер жинағы» деген кітаптары баспа бетін көрді. Сонымен бірге, өзбек халқының сүйікті ақыны Машраб (1657–1711) атына байланысты күлдіргі әңгімелер 1896 жылы Ташкентте «Шоқ Машраб» деген атпен кітап болып шыққан. Татардың күлдіргі әзіл әңгімелері де 1896 жылы «Чын сүз», 1909 жылы «Чын әкият» деген атпен Шиһабетдин және Ғабделғазиз деген кісілердің құрастыруымен Қазанда жарық көрді.

Күлдіргі әзіл әңгімелердің зерттелуі барысына көз жіберсек – басқа жұрттарды былай қойғанда, орыс ғылымында революциядан бұрынғы зерттеушілерден А.Пельцер, А.Потебня және Н.Сумцов сияқты үш адамның есімін атай аламыз. Бірақ бұлардың еңбектерінде де күлдіргі әзіл әңгімелер дербес жанр ретінде қаралмай, көбіне-көп ертегілермен салыстырыла ғана сөз етіледі.

Қазақтың күлдіргі әзіл әңгімелеріне келер болсақ, революциядан бұрын халқымыздың бай ауыз әдебиетінің үлгілерін жалықпай жинап, оны үніле зерттеген, көп жағдайда баспа жүзіне жарыққа шығарған – озық ойлы ғалымдар, Ресей жағрафиялық қоғамының мүшелері: Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, И.Березин, А.Васильев, А.А.Алекторов, Г.Потанин,

Н.Ильминский болатын. Сол сияқты, халық даналығының асыл маржандарын жинастыруға Ыбырай, Абай, Ә.Диваев қосқан үлес те өз алдына бір төбе. Олар жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінен қазақтың күлдіргі әзіл әңгімелерінің нұсқаларын көптеп кездестіруге болады. Сондай-ақ, М.Терентьевтің 1875 жылы Петербургте жарық көрген «Хрестоматия Турецкая, Персидская, Киргизская и Узбекская» және Я.Лютштың 1883 жылы Ташкентте шыққан «Киргизская хрестоматия» атты кітаптарында да бір топ күлдіргі әзіл әңгімелер бар.

Халықтың бай ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жүйелі түрде жинастырып, зерттеу, сұрыптау, саралап баспа бетіне жариялау ісі өткен ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап-ақ шындап қолға алынды. Соның ішінде, дүние жүзі халықтарының да, бұрынғы КСРО құрамына енген ұлттардың да халықтық күлдіргі әзіл әңгімелері әлденеше рет жеке-жеке кітап болып, қалың қауымның қолына тигенін ескере кеткен жөн. Мәселен, бір ғана Қожанасыр туралы күлдіргі әзіл әңгімелерді алсақ, күллі түркі тілдес халықтардың тілінде тегіс дерлік баспа бетін көріпті. Орта ғасырда өмір сүрген Сирияның әйгілі шайыры Абдуль-Фараджының (1226–1286) «Қызық уақиғалар кітабы» орысшаға тәржімаланып 1961 жылы Ленинградта жарық көрсе, Иранның ауыз әдебиетіндегі белгілі кейіпкер Дахо туралы «Книга о простаках Дахонаме» 1968 жылы Москваның «Наука» баспасынан, Вьетнам күлдіргі әзіл әңгімелері де осы баспадан 1974 жылы «Высокоученый Куинь и другие забавные истории» деген атпен жарияланған. Сондай-ақ, «Түрікпен әзілдері» (Ашхабад, 1962 ж.), «Латыштың күлдіргі әзіл әңгімелері» (Рига, 1961 ж.), «Украин халқының күлдіргі әзіл әңгімелері» (Киев, 1964 ж.), «Мың да бір мазақ», «Тоқсан тоғыз мазақ» (Қазан, 1960 және 1963 ж.ж.), «Қарақалпақ халық аңыздары мен күлдіргі әзіл әңгімелері» (Нүкіс, 1962 ж.) жеке кітап болып шықты.

Біздің елімізде де бұл іске кезінде көненің көзі іспетті шежірежі күймақұлақ қариялардан бастап, ғалымдар, ақын-жазушылар, журналистер, мәдениет және халық ағарту саласының қызметкерлері белсене атсалысты. Қазір Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорындағы ұшан-теңіз материалдар солардың ізгілікті еңбегінің куәсындай. Халық мұрасы жиналып қана қойған жоқ, XX ғасырдың басынан-ақ жариялана бастады. Мәселен, ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға зор еңбек сіңірген Ә.Диваевтың қоғамдық қызметіне 40 жыл толуына байланысты, 1924 жылы «Тарту», 1927 жылы «Балаларға тарту» атты кітаптар шығарғаны осының айғағындай. Біз бұл екі кітаптан да халықтың күлдіргі әзіл әңгімелердің небір тамаша үлгілерін кездестіреміз.

Күлдіргі мұраларымызды жинастырып, зерттеп, оларды жүйелеп бастырып, олар туралы әр жылдары пікір айтып, халық игілігіне ұсынуда зор еңбек еткендердің ішінен, әсіресе, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ө.Тұрманжанов, М.Жармұқамедов, М.Әлімбаев, Б.Адамбаев, Н.Төреқұлов есімдерін атамай кетуге болмас еді. Өйткені бұлар күлдіргі әзіл әңгімелердің табиғаты туралы және оны жаңа заманға лайық қалай дамыту керектігі жөнінде дер кезінде пікір қозғап,

күлдіргі әзіл әңгімелерді жинап қана қоймай, оны жеке жинақтар етіп құрастырып, оның қоғам өміріндегі рөлін арттыруға лайықты үлестерін қосты.

Дегенмен қазақтың күлдіргі әзіл әңгімелері, өкінішке орай, әлі күнге жеңіл-желпі, ұсақ-түйек нәрсе деп қаралып, жеткілікті көңіл бөлінбей, өзінің лайықты ғылыми бағасын ала алмай келе жатыр. Қазақ сияқты шешендік өнерді аса қадірлеген, (тілді өнер атаулының алды деп санаған), ұтқыр сөз, әдемі қалжыңды бағалай білген, сөз баққан халықта аталмыш сипаттағы әңгімелердің молдығын ескеріп, кезінде М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Н.Төреқұлов, т.б. ат төбеліндей ғана ғалымдардың бұл келелі іске шын беріліп, оны тірнектеп жинап, жойылып кетпеуі үшін күресіп, халық кәдесіне жаратуға ұмтылған үлкен жүректі азаматтықтың белгісі бар осындай хас ғалымдардың сиреп кетуінен деп білеміз. «Анекдот типтес» (М.Әуезов) бұл әңгімелер ауыз әдебиетіндегі өзінің төркіндес жанрларынан жігі ашылып, енші алысқан да жоқ. Қазақ фольклорындағы ертегі, аңыз әңгімелерден табиғаты бөлектеу екені көзге ұрып тұрса да, мәселен: есте жоқ бағзы заманда туғандарының өзінің Қожанасыр, Алдар Көсе, Жиренше секілді авторлары барлығына немесе солардың атына телінуіне қарамастан; яғни күні кеше өмір кешкен Қиясбай, Айдарбек, Торсықбай, Сүлеймен, Елеңке, Шәрке сал, Мыңжасар, Ақымша, Бұзаубай, Қазанбай, Тлебай, Дайрабай, Бостан, Тонтай, Жетес т.б. «қулардың» күлдіргі әрекеттерімен күлдіргі сөздері туралы әңгімелердің ауыз әдебиетіндегі басқа мұраларға мүлде ұқсамайтынына қарамастан, әлі күнге дербес зерттелген емес. Сол сияқты жеке жанр ретінде танылмаған қазақтың күлдіргі әзіл әңгімелерінің бір тобы ертегілер қатарында жүрсе, бір қақпай әзіл, қалжың-қағытпа әңгімелерден новеллаға ұласатын күлдіргі әзіл әңгімелердің енді бір парасы шешендік сөздер тобынан орын алған. Бұл, әрине, аталған үлгінің ауыз әдебиетіндегі басқа жанрлармен төркіндестігінен де болар. Бірақ күлдіргі әзіл әңгіменің шешендік сөздерге, яки ертегіге араласып кетер жөні қайсы?

Есесіне күлдіргі әзіл әңгімелердің өлең түрінде келетін нұсқаларын айтыс жинақтарына кіргізіп жіберетін жайларымыз да жоқ емес. Ал, дұрысында, екі ақынның ақындық айтысқа дейінгі, екі шешен бидің негізгі дауды немесе даулы мәселені бастағанға дейінгі бірін-бірі көріп-көрісіп, аман-саулық сұрау үстінде де қақтығыса беретін әзіл-қалжың, әжуа-мысқылының бәрін – бірінші жағдайда айтысқа, екінші жағдайда шешендік сөздерге жатқызуға болмаса керек. Бір-екі шумақ өлеңмен бір-бірін, мінеп, әжуалап, тұтқиылдан тиісіп тұқыртуға тырысса, қарсыласы да қапы қалмай уытты әзілмен қарымта жасаған ақындар диалогы, табиғаты жағынан айтыстан гөрі күлдіргі әңгімелерге жақын, соның талаптарына сай келеді. Шындығында да, адам бірден шешен болып тумайды. «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деген қанатты сөзде терең мағына жатыр. Әдемі әзіл, ойнақы қалжың-қағытпа, ұстараның жүзіндей өткір уытты мысқыл-кекесін, қиыннан қиыстырғыштық, тапқырлық, терең қисын – сол шешендік өнерге, айтқыштыққа жеткізер жол іспетті. Халықтың әзіл әңгімелерінде осы бір асыл қасиеттердің қай-қайсысы да молынан

табылады. Дәл осындай қасиеттерді жете таныған ғалым Б.Шалабаев өз пікірін былайша білдіреді: «Қазақ халқы ертеден ойын-сауық пен ән-күйді, әзіл-күлкіні, өлең-жырды сүйген халық. «Әу» деп бір ауыз ән салмайтын, бір шумақ өлең шығармайтын қазақ жоқ десе де болғандай. Халық аудиториясы іспетті әр түрлі жиын-тойда, жастардың бас қосқан көңілді кештерінде екі адам кездесе кетсе, бірі бастап, бірі қостап, бірі жалғастыра жөнелетін кәдуілгі әзіл-қалжың, күлдіргі әңгімелер өмірмен етене аралас туындап жатады. Сондықтан да біз одан халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, эстетикалық талғам-тілегін айқын сезінеміз.

Халық күлкісі, халық әзілдері дегенде халық беталды күле бермеген. Ол әуелі күлер, күлкі етер жайлардың парқын пайымдап, ой таразысына салып, содан кейін ғана оған деген өзінің қатынасын білдіріп отырған, өйтпеген күнде халық мағынасыз күлкіге жирене қараған, тіпті ондай бейберекет күлкі иесі жұрт алдында өзі масқара болары да бар. «Әзіл апат келтіреді», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» деген мақалдар да осыны меңзеп тұрғандай. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» дегенде, Абай да күлкінің осындай қадір-қасиетін түсіне білуге, бағалай білуге үндеген» [133, 12–13-бб], – дейді.

Б.Шалабаев «Фольклор мен поэзия – прозаның төркіні» деп түсініп, прозалық шығармалардың бастауында тұрған күлдіргі әзіл әңгімелердің табиғатына одан әрі үңіле түседі, «...күлдіргі әзіл әңгімелер объектісіне қарай сын-сықақ, әзіл-оспақ, қалжың-қағытпа, ащы әжуа, уытты мысқыл, кекті кекесін түрінде де келе береді. Бірақ достық әзілден басқасы үлкен әлеуметтік мәнге ие екенін көреміз. Заман, дәуір тынысы сезілетін ол әңгімелерден бізге жеткені халықтық идеямен шындалған шынайы да шебер күлкі ғана. Тек сондай күлкі ғана өміршең күлкі болатынын, тек сондай күлкі ғана өлмейтінін В.Гюгоның «Әлсіздің езу тартқаны – әлдінің қарқылдап күлгенінен әлдеқайда қатерлі» деген сөзі де дәлелдей түскендей.

Ежелден фольклор туындыларында, соның ішінде күлдіргі әзіл әңгімелерде де өмірдегі қарама-қайшылықтар: қастық пен достық, адамшылық пен зұлымдық, опасыздық пен баяндылық, толып жатқан жамандық пен жақсылық жайы қатар көрініс тауып отырған. Сондықтан да халықтың күлдіргі әзіл әңгімелерінде жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің неше алуан көркем бейнелері жасалды. Алдар Көсе мен Шықбермес Шығайбай, Қожанасыр мен қожа-молдалардың неше түрі, Тазша бала мен малының, байлығының көптігіне масаттанған байлар соның бір айғағындай болса, кейінгі кездегі күлдіргі әзіл әңгімелерде де халықтық геройлар – сол Тазша бала, сол Жиренше шешен мен Алдар Көсе, Қожанасыр ізбасарлары іспетті дана да шешен, тапқыр да ақылды болып келеді. Өйткені, табиғат аясында кең дүниенің иесі болып өмір кешкен еңбек адамының көргені мен білгені, өмірден үйрене отырып түйгені көп. Сондықтан да олар кез келген сұрақтың мәнісін өз көзімен көріп, өз қолымен ұстағандай тап басып, небір қиын түйіндерді оп-оңай шешіп беріп отырады, сөйтіп, қарсыласын дәлелді сөзбен ылғи да жеңіп шығады. Олардың сөз саптауы да өте оралымды, тілдің көріктеу құралдарын сарқа пайдаланып, небір оралымды ойларын маржандай жарқыратып жайып салады. Мұндағы тапқырлық пен ақыл-парасат кімді

болса да таң қалдырары хақ. Әсіресе, үстем тап өкілдерімен қақтығысудан туған әзіл әңгімелердегі қарсыластың жеңілуі мен ұтылуы – тек жай ұтылу, жеңілу емес, рухани жағынан күйреу деген сөз.

...Батыс әдебиетіндегі шым-шытырық оқиғалы романдардың осындай аңыз-әңгімелерден туындағаны белгілі. Ол романдарда жаңа пайда болған буржуазиялық қоғамның белсенділігі бейнеленеді. Алдар Көсе мен Жиренше шешен туралы аңыздар қазақтың феодалдық-патриархалдық қоғамының ерекшеліктеріне байланысты роман болып қалыптаспай қалған.

XV–XVIII ғасырда қазақтардың көркем сөз өнерінде поэзия алдыңғы орынға шықты. Мұның себебі не?

Әдебиеттегі жекелеген жанрлардың оза шауып алдыңғы қатарға шығуын немесе аяндап артта қалып қоюын ең алғаш шынайы ғылыми тұрғыдан түсіндірудің негізін қалаған К.Маркстің ілімі екені белгілі. Өнер мен қоғамдық қатынастардың біркелкі дамуын материалистік тұрғыдан түсіндіру, өндірістің капиталистік әдісін поэзиямен жауығуы әлгі сұрақты шешер кілтті қолға береді. Капитализмге дейінгі дәуірлерде поэзия көптеген халықтарда басым дамыған жанр болды. Ол өзінің эстетикалық рөлімен қатар тарихтың, педагогиканың, этиканың функциясын атқарып келді. Бұрын қазақтарда баспа орындары болмағандықтан, ақындар мен жыршылар халық алдында ойына келгенді, ауыза түскенді айта бермей, домбыраның ырғағы мен дыбысына сай келетін поэзиялық шығармаларын таңдауға мәжбүр еді.

Қазақ халқының сөз өнері мен музыка мәдениетінің осы ұлттық өзгешелігін атақты шығыстанушы ғалым А.Веселовский бірден байқаған. «Қырғыздардың (қазақтардың) өлеңдерінде, – деп жазады ол, – буындарға қатты мән беріледі, өйткені ол домбыраның үніне қосып айтылғанда белгілі бір ырғақты қатаң сақтауға тиісті. Осы ырғаққа сәйкес келмеген өлең дереу түзетіледі: сөз қосылады немесе алынып тасталады».

Қобыз, домбыра сияқты ұлттық музыкалық аспаптар олардың өлшеміне сәйкес үздік өлеңдерді талғауда, сезімталдыққа баулуға, сондай-ақ қазақ өлеңдерінің халық әндеріне айналуына көп септігін тигізген. «Қазақтардың көркем сөз творчествосында поэзия бірнеше ғасырлар бойы басым боп келді» [134, 107–108-бб], – деп, халық даналығынан туған, тапқырлыққа құрылған көркем сөз үлгілері, күлдіргі әзіл әңгімелердің бір қырын танытуды көздейді.

Оқиғасын реалистік болмыстан, шындық өмірден алып ауызша шығарған қазақ халқының көркем шығармаларының елеулі бір саласы – аңыз-әңгімелер. Аңыз-әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісін, өмірін әңгімелеу негізінде туған. Мұндай адамдардың халыққа қамқор болып, халық намысын қорғағаны, бұл жолда жасаған әр алуан істері ел ауызында аңыз-әңгімелерге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Олардың аты, ісі ерте кезде жазу-сызу өнері болмағандықтан хатқа түспеген, тек халықтың аңыз-әңгімелерінде сақталған.

Сондықтан да, деп жазады ғалым Б.Шалабаев, «Әуел басында тарихи шындыққа, нақтылы деректерге негізделіп туған әңгімелер кейіннен халықтың ауызша айтатын аңыздарына айналған. Бұл әңгімелер бертін келе әр түрлі қоғамдық жағдайларға, халық тілегіне сәйкес өзгеріп, жаңара берген,

оған бергі заманның өмір шындығынан туған жана оқиғалар, көзқарастар қосылған. Солардың бәрінде жаңағы адамдардың аттарын айнытпай сақтай отырып, соңғы кездің тілектерін көрсететін аңыздарда туған. Мысалға, Алдар Көсе жайындағы қазақ аңыздарын алсақ, оларда әр заманның ізі жатқанын байқаймыз. Онда хандар билеген заманның да, бертінде байлар мен саудагерлер әкімдік еткен дәуірдің де елестері бар. Бұдан, бір жағынан, Алдар Көсеге байланысты аңыздардың ерте заманда туғандығын аңғарсақ; екіншіден, бергі кездің де жай-жапсары суоеттелгенін көреміз. Ел қиялы ертедегі Алдар Көсені бергі заманға алып келгенде, бұрынғы аңыздардың кейіпкерлері арқылы соңғы кездің суретін беруді мақсат еткен деуге болады» [133, 14-б].

Аңыздардың әңгімесі тарихта болып өткен адамдар жайынан алынады дегенді шартты түрде қабылдауымыз керек. Өйткені қазақтың аңыздарында аталатын Алдар Көсе, Асан қайғы, Жиренше шешен туралы тарихи деректерден гөрі аңыз-әңгімелер көп. Олардың қай ғасырда жасағанын да дәлелдеп айту қиын. Алайда солардай адамдар тарихта болуы әбден мүмкін. Оны әдебиетші Б.Шалабаев та растай түседі, және осы аңыз-әңгімелер мен жоғарыда сөз болған күлдіргі әзіл әңгімелердің барлығы ғалым пайымдауынша, қазақ романының тууы мен қалыптасуының алғы шарттары, тарихи күретаыры болып табылмақ.

Ғұлама ойшыл Әл-Фарабидің: «Білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сөз – ол теориялық өнердің барлығына тән, ортақ жайт» демекші, қазақ фольклортану ғылымы да түрлі сан тарау жолдарға түсіп, ақырында өз сүрлеуін өшпестей даңғылға айналдырды. Басталуы тар жол, тайғақ кешу болса да, бара-бара көшін түзетіп алған рухани құндылықтардың құдіретін танудың өзіндік тарихы бар екендігі мәлім. Рухани құндылықтардың сырын ашуға алғашқыда қазақтың барлық зиялы қауымы атсалысты. Бұл істе қазақтың ақын-жазушылары, өнер қайраткерлері, тарихшы, философ, педагогтар істері ауқымды екендігі баршаға аян. Фольклордағы алғашқы кезенді жан-жақты қаламгерлер қалыптастырған, қазынаға қалтқысыз қызмет еткен әмбебап таланттардың тынымсыз еңбек дәуірі деу де дұрыс. Бұның қисынды себептері бар екендігі анық. Өйткені, фольклор – диалектология, этнография, тарих, философия, педагогика-психология, музыкамен байланыста екендігін ескерсек, ұлттың ұлағаты мен бабалар аманатын асқақтату салмағы зиялылардың парасат-пайым таразасына тең түсетіндігі түсінікті. Сондықтан фольклорды білу салт-дәстүрді түйсіну, сөз құдіретін игеру, өнер өресін жүрекпен сезіну, ұлттың ұлылығын тану болып шықпақ.

Негізі халық шығармасы, бүкіл қауымның ертедегі мұрағаты болып табылатын ауыз әдебиетінің зерделеудің басы осылай басталса, кейін фольклорды танытуға тағдырын арнаған таза фольклоршы ғалымдар қалыптасты. Жарасы жойқын, жымысқы жұмбақ жиырмасыншы ғасырдың есті тандырған елуінші жылдарынан кейін М.О.Әуезов, Ә.Х.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Н.С.Смирнов, Ы.Дүйсенбаевтар салған сүрлеудің даңғылға айналуына Б.Уақатов, С.Садырбаев, Р.Бердібаев, М.Ғұмарова,

О.Нұрмағамбетова, Б.Адамбаев, Т.Сыдықов, Н.Төрекұловтар шыңыраудағы шындықты шыңдағы шынарға айналдыруға айтарлықтай үлес қосты. Фольклордың тектері мен түрлерін саралап, жекелеген жанрлар табиғатын тексеру мәселелері қазақ фольклортану ғылымының шынайы бет-бейнесін айқындай түсті. Әрине, кеңес дәуірінің дегеніне қатысты орыстың фольклортанушы ғалымдарының еңбектеріне сүйену, түбі бір түркі тектес халықтар мұраларымен кең көлемде салғастыру ісі жүзеге аспағанымен сол кезең шеңберіндегі зерттеулердің салмақты болғандығы сөзсіз. Рухани құндылықтарды саралау мәселесінде ХХ ғасырдың 70–80 жылдарының орны бөлек. Жемісті де, жеңісті жылдар ретінде ұлттық фольклортану ғылымын қалыптастыруға С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, Б.Әбілқасымов, Б.Байтанаев, Ж.Тілепов, А.Сейдімбек, Б.Әзібаевалар келіп қосылды.

Ал өткен ғасырдың зымиянды, сұрқиялы қыркыншы жылдарындағы фольклортану ғылымының халі ауыр еді. Десек те, осы кезеңнің әр уақыт бедерінде әдеби-ғылыми атмосфераның ауырлығына қарамастан әдебиет тарихын зерттеу, фольклортану ісі өздерінің жоспарлы жұмысын жүргізе берді. Қазақстанда қыркыншы жылдардан бастап фольклортану ғылымы кең көлемде зерттеле басталды. Бұл кезеңдерде қазақ фольклорын зерттеуші ғалымдардың қатары молая түсті. Оны зерттеуде Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин сияқты фольклоршы-ғалымдар белсенді түрде араласты. Бұл іске орыс ғалымдары Ю.М.Соколов, А.С.Орлов, М.С.Сильченко, Н.С.Смирнова, т.б. қомақты үлес қосты.

Бұл саладағы іргелі жұмыс қазақ әдебиеті тарихын жүйелеу, зерттеу проблемаларымен байланысты басталды. Ғылыми зерттеу жұмыстарға жоғарыда аттары аталған фольклорист-ғалымдар кеңінен тартылып, академик М.О.Әуезовтің басшылығымен 1948 жылы қазақ әдебиеті тарихы (I-том, Фольклор) жарыққа шықты. Ол ауыз әдебиетіне арналып, қазақ фольклорының жанрлары жүйеленіп зерттелді. «Қазақ әдебиетінің тарихы» қамтыған материалының молдығымен де, әдеби зерттеушілік талғамның жоғарылығымен де өз кезінде қазақ әдебиеттану ғылымының елеулі табысы саналады. Оны жазуға М.Әуезовтен басқа, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Б.Шалабаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Мәметова, т.б. ғалымдар қатысып, қазақ фольклорының сандаған саласына қатысты салиқалы, ойлы пікірлерін білдіріп, қалам қайратын көрсететін елеулі еңбектер жазып қалдырды. Б.Шалабаевтың бұл кітапқа енген көлемді зерттеулері «қазақтың мақал-мәтелдері» мен «өтірік өлеңдеріне» арналған. Сонымен қатар әдебиетшінің мұндағы әдиби-теориялық, ғылыми-зерттеу еңбектерінің кемелді бір желісі, сүбелі арнасы «ХІХ ғасырдағы тарихи жырлар» эпикалық жәдігерлер тақырыбына діттелген. Атап айтқанда, «Жанқожа батыр жайындағы жырлар», «Бекет батыр жайындағы жырлар», «Досан батыр жайындағы жырлар» жөніндегі зерттеулер өздерінің өткір полемикасымен қызықтырады. Бұл және басқа тың еңбектер ерте кездегі С.Сейфуллин, М.Әуезов, Х.Досмұхамедов бастаған фольклорлық зерттеулерді кеңітіп, бір жүйеде ғылыми негізде байыпты жазылған алғашқы тұтас толымды зерттеу еді. Онда халық ауыз әдебиетін жинау, зерттеудің

мәселелері, қазақтың тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілері, батырлар жыры, ғашықтық жырлары, айтыс, шешендік сөздер, тарихи жырлары, кеңес тұсындағы халық әдебиеті үлгілері зерттелді.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» (1948) жазылып бітіп, қолжазба баспаға ұсынылған бойда, Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің 1947 жылдың 21 қаңтарында қаулысы шықты. Қаулы «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты жұмысындағы орасан саяси қателіктер» деп аталды. Сол қаулыда осы томның алғашқы редакциясы қатты сынға алынды. Одан кейінгі жылдары Кенесары Қасымұлының «ісіне» байланысты айтыстың қорытындысында («За марксистско-ленинское совещание вопросов истории Казахстана // Правда. – 1951. – 22 мая») Е.Бекмаханов, М.Әуезов бастаған бір топ тарихшы, әдебиетші ғалымдарға саяси айып тағылып, қудалау басталды. Соның бір себебі М.Әуезов редакциясын басқарған «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған I-томы, ондағы «Кенесары-Наурызбай» деп аталатын тарауы болатын.

Осы оқиғалардан кейін бұл том саяси жағынан зиянды деп табылып, қолданудан шығарылып тасталды. Соның салдарынан қазіргі күнде таптырмайтын өте сирек басылым болып қалды.

Аталған академиялық басылым – қазақ фольклортану ғылымындағы бұдан бұрынғы жекелеген зерттеулерді ғылыми бір жүйеге келтіріп жинақтаған, ауыз әдебиетін зерттеу саласында жиырмасыншы, отызыншы, қырқыншы жылдарда істелген жұмыстардың қорытындысы іспетті күрделі еңбек.

Томды шығарушылардың зерттеу әдіс-тәсілдеріне тән тың көріністер – ондағы материалдардың жанр бойынша берілуі, хронологиялық тәртіппен тізілуі, көлемді историяграфиялық бөліммен жабдықталуы, әрбір бөлімнің соңында ғылыми әдебиеттердің тізімі көрсетілуі. Академиялық басылым фольклор материалдарын қамту жағынан орасан бай. Қазақстан Ғылым академиясы тіл және әдебиет институтының қолжазба фондысы бұл еңбекте жеткілікті пайдаланылған.

Қазақ әдебиеті тарихының 1948 жылы шыққан фольклорға арналған I-томында аса көрнекті фольклортанушы ғалым М.Әуезовтің ғылыми қызметі барлық жағынан толық, кең түрде көрінді.

Тарихи даму барысында талай жол, тайғақ кешуді бастан кешірген қазақ халқы бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет ретінде, қоғамдық-әлеуметтік, рухани өмірімізге көптеген игі жаңалықтар енгізіп келеді. Солардың ішінде ең бастысы – әрбір халықтың тарихына, тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне, әдет-ғұрпына, жалпы рухани мұрасына зор құрметпен қарау мәселесі болса керек. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуының өзі ордалы ойға шабыт, көшпелі сөзге қанат бітірері сөзсіз.

Міне, осындай дәуір шындығын, замана ақиқатын қалпына келтіріп жатқан осы кезеңінде халық мұрасына, оның ішінде қазақ халқының азаттығы жолында күрескен қаһармандар тұлғасы сомдалған фольклор нұсқаларын танып-білудің маңызы зор. Демократияшыл уақыт жеңісінің нәтижесінде күні кеше ғана біртуар баһадүрлеріміз Абылай, Қабанбай,

Бөгенбай, Кенесары т.б. еске алу мақсатында берілген астардың дүбірі ерлікке, егемендікке, еркіндікке үндейтіндігін паш етті. Ой-өрісі, қабілетті дамытудың көкжиегі – уақыт екендігін тағы да өз дәлелін тапты.

Қай халықтың болмасын асыл сөзінің туу және өсіп өркендеуі күрделі құбылыс. Тәуліктің күні мен түні оған да өз ізін салып баққан. Қазақтың жанды баурап, сананы арбайтын сыйқырлы сөз жүйесі атадан балаға ауызша жетті. Сондай ауызша шығарылған мол мұрасының бірі – «Тарихи жырлар». Ондағы сөз болатын өзекті мәселе – өмірде нақтылы болған әлеуметтік, саяси оқиғалар еді.

Ал, тарихи жырдың өз алдына жеке жанр екендігін М.О.Әуезов былайша көрсетеді: «Бұл жырлардың бәрі де, ерте туғандары да, кейінірек шығарылғаны да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта анық болған адамдар. Жырлардың авторлары – көбінесе сол оқиғаларды көзімен көрген тұстастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай – сап-сабымен баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылықтары бар. Яғни тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларда тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады».

М.Әуезовтың тарихи жырлар туралы ізденістері, нақтылай келтірілген дәлелді пікірлері келешек ізденушілерге үлкен ой салып, шын мәнінде тарихи жырды зерттеудің кілтін қолдарына ұстатты.

Егер тарихи жырлардың зерттелу тарихына үңілер болсақ, осы жанрдың өзіндік ерекшелігіне байланысты қанша даулы пікірлердің болғанын түсінер едік. Жанрлық тұрғыда талас-пікірлер негізгі үш бағытта көрініп, «тарихи жыр» деген термин атауды жоққа шығару көзделді.

1. Тарихи жырларды «батырлық жырлар» құрамында қарастыру керек деушілер.
2. «Тарихи жыр» деген атауды дұрыс көріп, оны дәлелдеп көрсетушілер.
3. «Кенже эпос», – деп қарауды қостаушылар.

Осы үш бағытты ұстаған еңбектердің бәрінде, зерттеушілер өз дәлелдерін ұсынады. Бұл жерде М.Әуезов қандай бағыт ұстанғаны мәлім. Ғұлама ғалымның пікірлерінің құндылығы, өз тұстастары Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов еңбектерінде дәлелдене түсті. Бұдан кейін, фольклор саласында тынбай еңбектеніп келе жатқан Р.Бердібаев, Ә.Қоңыратбаев, С.Садырбаев, Н.С.Смирнова, Е.Тұрсынов зерттеулерінде жалғасын көрсетсе, тарихи жырлардың зерттелу тарихына үңіліп жанрлық табиғатын танытудағы С.Қасқабасовтың еңбегінде өз дәлелін толық тапты.

Алайда, тарихи жырларды зерттеуде көрнекті жазушы-ғалымымыз М.Әуезов еңбегі аталған дүниелермен ғана шектеліп қалған ба? Бұдан басқа зерттеулері болды ма? Міне, осындай заңды сұрақ, салмақты сауалдар да туындауы әбден мүмкін. Бұл тұрғыдан біріншіден біз мынаны айтар едік. Егер кедергі кездеспесе, «Тарихи жырды» – танытушы М.Әуезов болар еді. Ол үшін айтарымызды нақтылап, дәлелге жүгініп көрейік.

1. «Тарихи жырлар» тек қатаң түрде таптық тұрғыдан бағалап, сол тұрғыдан түсіндірудің қажеттігі ғұлама ғалымға одан әрі ой өрбітуге мүмкіндік бермеді. Түбегейлі тарихи жырларды зерттеу керек болса, онда елінің елдігін көкसेген Абылай секілді ірі тарихи тұлғалар ісіне басқаша баға берілу керектігін сұңғыла М.Әуезов алдымен түсінді. Дәлел керек пе? Оған алысқа бармай-ақ мына бір мысалды келтірсек те түсінікті. 1945 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы М.О.Әуезовтің басшылығымен, «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томын даярлау кезінде белгілі ғалым Қайым Мұхаметхановқа «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр» жырларын жазу тапсырылады. Сондағы өмірдің талай көшінде жүріп жасалған ата тарихымызға деген қиянатты, Қайым Мұхамедхановтың мына бір сөздері дәлелдей де алатындай. «Менің жазғанымды» Мұхтар қарап шығып толықтыратын, жөндейтін, өңдейтін жерлерін көрсетті. Айтқандарын орындадым. Қайта қарап шығып қабылдады. Содан үш жылдан кейін, 1948 жылы, «Қазақ әдебиетінің тарихы» (I том) басылып шықты. «Қаракерей Қабанбай батыр да», «Қанжығалы Бөгенбай батыр да», әдебиет тарихы кітабына кіргізілмеді. Кейінірек «Бұл қалай?» – деп, Мұхтаннан сұрап едім: – Қайтесің, қалай дерің бар ма? Жоғары орындағылар сенің Қабанбайыңды да, Бөгенбайыңды да тарихқа кіргізіп, дәріптеу керек емес деп тапты. Болды», – деп қысқасынан қайырды да қойды [135] – деуі, тоқыраудың қалың тондарының салқын қабаттарының ызғарын әйгілеп тұрғандай. Бұл – бір.

2. Тарихи жыр текстері реттелмей, әр кезеңдегі туған нұсқалары бір-бірімен салыстырыла қаралмауының салдары қазақ фольклорына да, зерттеуші М.О.Әуезовке де жасалған қастандық еді. Тарихи жырлардың бүгінгі таңдағы жарық көре бастауы, бұған дейін мұқият бақылауға алынуы оған дәлел болса керек. Сөз арасында айта кетейік, 1979 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты дайындап, жарыққа шығарған «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атта кітапта: «тарихи өлең» терминін фольклористикамызға алғаш енгізіп, жүйелі зерттеген М.Әуезов болды. Ол өзінің қазақ әдебиетіне арналған алғаш еңбектерінің бір бөлімін «тарихи өлеңдер» деп атаған да, оған Исатай, Махамбет, Бекет батыр туралы жырларды енгізген», – деп жоғары баға берген. Шындығында, Мұхтар Омарханұлы енгізген «Исатай-Махамбет», «Бекет батыр» жырлары екендігі даусыз, ал ондағы «Кенесары-Наурызбай» жыры айтылмаған. Оны айтудың қаншалықты қиын екендігі түсінікті, бірақ автордың ерлігіне ризашылық білдіру керек. Зерттеуші М.О.Әуезовтің қолында тарихи жырлардың бірнеше үлгілері болғаны рас.

Халқымыздың ерлік істеріне М.Әуезов терең түсінікпен қарап, олар турасындағы жырларды халқының керегіне, рухани қажетіне жаратуға талпынды. Бұл бағыттағы ғалымның әрекетіне де қатаң соққылар беріліп жатты. Тағы да қайтадан қаралып, түрлі сұрыптаулардан өткен «Қазақ әдебиеті тарихы» (I том, 1 кітап) басылып шыққанда, осы кітаптың басшылығы М.Әуезовке тапсырылды. Күні-бүгінге дейін оқулық ретінде қолданылып келе жатқан, өзіндік айтары бар кітапта, «ауыз әдебиетін зерттеулерде 1920 жылдар мен 1930 жылдардың басында кездесетіндей

М.Әуезов пен С.Сейфуллин еңбектерінің тағы бір кемшілігі фольклордың халықтығы жөніндегі мәселені түсінуде болды. Халық арасында айтылып жүрген ауыз әдебиеті шығармаларының бәрін олар фольклорға жатқызып, халық поэзиясының әлеуметтік мазмұны жайындағы мәселелерді жете игермеген еді. Тіпті Потанин, Диваев сияқты фольклористердің еңбектеріндегідей, М.Әуезов пен С.Сейфуллин де қазақ ауыз әдебиетінің тәуір үлгілері қатарына «Кенесары-Наурызбай» поэмасын, зар-заман жайындағы өлеңдерді т.б. қосқан» деген пікір ұшырасады. Бұдан тарихи жырлардың жоқшысы болып, оларды жарыққа шығаруға ұмтылған М.О.Әуезовке кездескен кедергінің негізін анық түсінесің. Қазақ фольклорының халықтығы туралы Сәкен мен Мұхтардың білімсіздігін көрсетіп алып, кейінгі зерттеушілерге советтік идеология өз дегенін істеп, айдағанына жүргізіп отырды.

Біз бүгін С.Сейфуллин және М.Әуезов көрегендігін танып, олардың фольклортанудағы өзіндік орнын білдік, кеш те болса бағаладық.

3. 20-жылдары фольклортанушы ғалым болып қалыптасқан М.Әуезовтің осы саладағы ғылыми зерттеулері 30-жылдары ары қарай тереңдей түседі. 30-жылдардың аяғы мен 40-жылдардың басында орыс тілінде жарық көрген жазушы Л.Соболевпен бірігіп жазған «эпос и фольклор казахского народа» [136] деп аталатын ғылыми очеркі қазақ фольклортану ғылымындағы іргелі еңбектердің қатарынан саналады. Қазақ фольклортану ғылымына елеулі үлес болып қосылған аталмыш еңбекте авторлар озық ғылыми методологияны басшылыққа алып, халқымыздың эпосы мен фольклорын тектік, жанрлық жағынан төмендегідей жанрларға топтайды:

1. Халық поэзиясының шағын түрлері – үйлену салт жырлары («жар-жар», «беташар», «сыңсу»). Мұң-шер жырлары («жоқтау», «көңіл айту», «естірту», «қоштасу»).

2. Ертегілер («қиял-ғажайып ертегілер», «салт ертегілер», «балаларға арналған ертегілер»).

3. Батырлар жыры («Едіге», «Қобыланды», «Ер Трғын», «Ер Сайын»).

4. Ғашықтық жырлар («Қозы көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан»).

5. Тарихи жырлар.

6. Айтыс өлеңдер [137].

Фольклордың ұсақ түрлері деген топқа жоғарыда аталған жанрлардан басқа «көңіл айту», «бәдік», «наурыз», «жарапазан», «бата сөздер» де кіргізілген.

Қазақ фольклорын бұлайша жанрлық тектері жағынан жүйелеу бұдан кейінгі жерде қазақ фольклортану ғылымында қалыптасқан қағидаға айналғаны белгілі.

Очерктегі ең құнды әрі көлемдірек бөлімі қазақ эпостарына арналады. Мұнда қазақ эпосының шығу төркіні, идеялық-тақырыптық мазмұны, стилі, эпостық негізгі белгілері нақтылы зерттеледі. Эпостың шығу тегі сөз болғанда, олар алғашында «жоқтау», «естірту» сияқты халық әдебиетінің шағын түрлерінен тууы мүмкін, халық шығармашылығының кішігірім

түрлерінің ұзақ эпостық жырларға ауысуы заңды деп қарайды. Мәселен, Қобыланды батырдың жауға аттанар алдында үй-ішімен қоштасуы, Алшағыр шауып әкеткеннен кейін бұғауға түскен ата-анасының батырды жоқтауы, «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның ел-жұртымен қоштасуы. Ал, «Қыз Жібек» жырында «қоштасу» да, «жоқтау» да, «естірту» де бар.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпосын алсақ, онда тек «жоқтау», «қоштасу», «естірту», «көңіл айту», «жар-жар», «сыңсу» ғана емес, эпоста аса сирек ұшырасатын «сүйінші» жыры да, яғни, тұрмыс-салт жырларының түр-түрінің бәрі де бар. Халық шығармашылығының кішігірім түрлерінің ірі формаға ауысуын, ұлан-ғайыр эпос қалай туғандығын қазақтың ең көне, ең ескі осы жырынан анық көреміз» [138], – дейді.

Батырлық эпос пен лиро-эпостың қалыптасып дамуы жайындағы бұл ойларын авторлар басқа халықтардың әдебиетіндегі мысалдармен де «Одиссея» эпопеясының өзегін құраған Демодоктың Алкиной сарайында Одиссейдің ғайып болған қайғылы хабарын баян ететін жыры; «Шахнамадағы» әкесінің Рүстемді жоқтауы; «Игорь жасағы туралы жырдағы» Ярославнаның шығармадағы оқиғаны қысқа түрде баяндайтын «жоқтауы» т.б. дәлелдей түседі.

Батырлар эпосы бірден үлкен жыр ретінде тумай, алғашқы тұрмыс-салт жырларының негізінде, немесе батырдың әр кездегі ерлігін жырлаған жеке өлеңдердің жиынтығынан үлкен жырға айналуы мүмкін деген осы пікірді қазақ эпосын кейінгі зерттеуші ғалымдар (Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Р.Бердібаев) қолдайды.

Мұхтар Әуезовтің Л.Соболевпен бірігіп жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты ғылыми еңбегі қазақ ауыз әдебиетін зерттеудің тереңдей түсіп, жаңа биікке көтерілгендігінің анық дәлелі.

4. Тарихи жырларды жинақтап, зерттеумен қатар, жазушы әрі драматург М.Әуезовтің ендігі бір шеберлігін көрсететін жағдай, ол тарихи жырлардың тақырыбы мен сюжетін негізге ала отырып, «Бекет», «Хан Кене» атты тамаша шығармалар жазды. Жазушы бұл істе де өткір сынға алынып, әсіресе, «Хан Кене» драмасы үшін сыңаржақ пікірлерге тап болды. Кеңес үкіметінің көркем өнерге деген саясаты талайларға зиянын тигізіп баққандығы аз айтылып жатқан жоқ. Әсіресе, Әуезов секілді Ұлы тұлғалардың шығармашылық жолына жасалған шектеулердің көрінісін, біз арнайы сөз етіп отырған тарихи жырларға да байланысты мәселелерден танимыз. Басқа да шектеулердің өлшемі шексіз.

Ауыз әдебиетін зерттеуде терең із қалдырған М.Әуезовтің тарихи жырларды зерделеуде белгілі бір дайындығы жоқ пе еді. Ол оған дейін ауыз әдебиетіндегі халықтың ежелден бері сақтап келе жатқан фольклорлық мұралары – батырлық, ғашықтық жырлары зерттеудің негізін салып, оларды басқа туысқан халықтардың эпостарымен салыстыруда көрегендік танытқандығы орынды бағасын алған. Қырғыздың атақты эпосы «Манасты» Шоқаннан кейін, ғылыми жағынан зерттеп, оны жер жүзіне танытуда ерекше еңбек жасағанын қалай ұмытамыз.

Ендеше, «фольклордың халықтығы» деген қағида да, кеңес идеологиясында халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан рухани мұрасына жасалған тосқауыл екендігі даусыз. Оның астарында «феодалдық-феодалдыққа дейінгі», «тапсыз-таптық» қоғам дейтін бүркеніш схема жатқан. Сол схемамен халықтың рухани мұрасын оңай жіктеп-жіліктей салатын. Соның салдарынан халық фольклорының тегін, табиғатын танып-білуден алшақтап, фольклорды танудағы ең басты нысан этногенез бен этногоникалық заңдылықты түсіну қиынға соқты. Осы заңдылықты танып, білу мәселесінде М.Әуезов әлемдік деңгейге көтерілді. Сондықтан да қазіргі фольклортану ғылымындағы тарихи жырларды зерттеудегі қол жеткен табыстарды дарынды ғалым М.Әуезовтен бөлектеудің еш реті жоқ. Ол – тарихи жырларды зерттеудің жолын тауып, негізін салған ғұлама.

М.О.Әуезовтің ұшан-теңіз әдеби-ғылыми мұрасына тереңірек зер салсақ, оның екі үлкен арнасы зерттеушілердің назарын ерекше аударады. Біріншісі – абайтанушылығы, екіншісі – фольклортанушылығы. Бұл екеуі – оның жазушылық, әрі ғылыми мұрасының бір-біріне пара-пар екі алтын дінгегі іспетті.

«Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» тарихшы, әдебиетші, философ ғалымдардың еңбегінде қордаланып зерттелді. Ал енді, «Мұхтар Әуезов және фольклортану проблемалары» бүгінгі күнге дейін өз дәрежесінде зерттеліп, көпшілікке таныла қойған жоқ. Әсіресе, М.О.Әуезовтің 20-жылдардағы фольклортану саласындағы ғылыми еңбектері кезінде белгілі себептермен жылы жабылып қалып, жетпіс жыл бойы «ақтандақтар» күйін кешіп келді. Оның көркем шығармаларындағы фольклоризм проблемаларына келсек, бұл салада жазылған бірқыдыру зерттеу еңбектері бар.

Ең алғаш М.Әуезовтің фольклор саласындағы еңбектері туралы пікір айтқан сыншы Ғ.Тоғжанов оның 20-жылдардағы еңбектеріндегі [139] бұрын жазба әдебиет дәстүрі дамымаған қазақ әдебиетінің алғашқы дәуірінде алдымен халқымыздың бай мұрасы фольклордан үйренуіміз ләзім, соған сүйеніп жаңа әдебиет жасау қажеттігі туралы орынды пікірін: «Мұхтар бүгінгі қазақ жігіттеріне Біржанның салдығын, Ақанның серілігін, қарияларға Асанның қайғысын үлгі етеді, үлгіні ертегі-әңгімелерден, батырлық жырлардан алу керек екендігін үгіттейді» [140], – деп тұрпайы социологиялық сын тұрғысынан біржақты кінәлайды.

М.Әуезовтің 1932 жылғы 10 маусымдағы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған ашық хатынан кейін ғалымның фольклор саласындағы жоғарыда аты аталған еңбектері мүлде айтылмай жабылып қалды. Бұл жағдай М.О.Әуезовтің фольклортанушылық мұрасының осы уақытқа дейін ауқымды көлемде зерттеліп, көпшілікке кеңінен танылмай келуінің басты себебі еді.

1950–60 жылдары М.Әуезовтің тұтас шығармашылығына арналған ғылыми-очерктерден [141] оның фольклор туралы еңбектеріне ішінара ғана тоқталған. Аталған ғалымдардың барлығы да фольклортанушы М.Әуезовтің отызыншы. Қыркыншы жылдардағы зерттеу еңбектерін тілге тиек етіп, қазақ

фольклортануы мен әдебиеттануы ғылымдары енді-енді бой көтеріп қалыптасып келе жатқан кезінде тыңнан түрен салған жиырмасыншы жылдардағы еңбектеріне сол кездегі белгілі себеппен бара алмады. М.С.Сильченко мен Н.С.Смирнованың очеркінде фольклортанушы ғалымның жиырмасыншы жылдары жазған қыруар еңбектерін аттап өтіп, «қазақтардың халық поэзиясын ғылыми зерттеудің бастамасын Әуезовтің отызыншы, қырқыншы жылдардағы еңбектерінен көреміз» [141, 17-б], – деп пайымдалды.

60-жылдарың орта кезінен бастап М.Әуезовтің фольклор мұрасы арнайы зерттеу тақырыбына [142] айнала бастағанмен, оның 20-жылдардағы еңбектері, белгілі себеппен «тиіп-қашты» ғана сөз болды.

Енді бүгін сол қоғамдық жүйенің, оның ресми идеологиясының күні батып, олар келмеске кетті. Тәуелсіз, егеменді ел болып, өз рухани мұрамызға өзіміз ие болу құқына жетіп отырмыз. Соның нәтижесінде ұлттық тарихымызға, сан ғасырлар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халқымыздың ең асыл қазынасы – фольклорға, оны бүкіл саналы өмірінде жинап бастыру, зерттеу, студенттерге дәріс оқумен ұштастырған аса көрнекті фольклортанушы-ғалым М.О.Әуезовтің іргелі еңбектерін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеген арнайы ғылыми басылымның [143] жарық көруіне жол ашылды.

Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізді. Аспанында көкке ұмтылған көк байрағы желбіреп, ХХІ ғасырға көшін түзеп, ынтымақ пен бірлікті, бостандық пен азаттықты, туысқандық пен татулықты әркімге де, әлемге де әйгілеп, өзінің мақсат-мұратын белгілеп «әділеттің ақ жолына» түсті. Тәуелсіздік бізге аспаннан түсе қалған жоқ. Ол ата-бабалардың ұлы арманы. Қасықтай қаны қалғанша келешегі үшін айқасқан, ертеңіне зор сеніммен бақиға аттанғандардың үзілмеген үміті. Оның дәлелі – қасіреттің сан мәрте куәсі болған жұмыр жер. Азаттық үшін арпалысқан апайтөс ұлдар, қасиетті қаракөз қыздар қаншама қайғы-мұңды, азап пен мазақты бастан өткерді десеңізші? Рухын өшірмек болса да, өршелене соққан даланың желіндей екілене есетін, көшрелілер тарихы көркем де, келісті бір шежіре іспетті. Аласапыран заманның айғағы мен айбары турасындағы ғажайып көркем дүниенің бір – тарихи жырлар. Сайын даланың бір шетінен екінші шетіне салт атпен талай шарлап, сан айқасты бастан өткерген баһадүр батырларды, айбынды да, ақылды хандарды, тура сөзді әділ билерді, әлеуметтік өмірдің жүгін жеңілдеткен жырауларды тұтас көркем шежіреге сидырған, үш мың жылдық дәуреннің бес жүз жылын баяндайтын тарихи жырлар шын мәнінде телегей-теңіз байлығымыз, қасиетті кір шалмас қастерлі мұрамыз.

Бір талассыз мәселе тарихи эпоста өзінің көркемдік жүйесі жағынан, басқа да көркемдік эпикалық дүниелеріміздің пайда болу заңдылықтарынан мүлде ерекшеленбейді. Эпосқа тән белгілерді бойына молынан сіңіріп, тарихи тұлғаларды көркемдік дәстүрге сай жинақтап, қаһармандарды асқақ биікке көтеріп даралап баяндау тәсілдерін де рухани мұралармен сабақтастық бар екенін тануға болады. Солай дегенмен де, бұның бәрі де айтуға оңай.

Тарихи эпостың өзі ішкі мазмұнына байланысты, дәуірлік мән-мағынасына қарай төрт топқа жіктеледі:

1. XV–XVIII ғасырдағы қазақ хандығына қатысты тарихи жырлар. («Есім хан», «Еңсегей бойлы Ер Есім», Сәтбек, Олжаш және т.б. жырлар).

2. XVIII ғасырдағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған Тарихи жырлар (Қабанбай, Бөгенбай, «Шақшақ Ер Жәнібек», «Батыр Баян», Олжабай, Абылай, Өтеген, Арқалық, Сырым және т.б. батырлық жырлар).

3. XIX ғасырдағы отарлау саясатына қарсылықты білдіретін тарихи жырлар («Исатай – Махамбет», «Кенесары – Наурызбай», «Ерназар – Бекет», Жанқожа, Досан, Сұраншы және т.б. батырлық жырлар).

4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы тарихи өлең, жырлар (Аманкелді, Бекболат, т.б. батырлық жырлар).

Эпос туралы құнды қазыналарымыз бола алатын тарихи жырлар туралы түрлі мақалалар мен зерттеулер жасалды. Қазақ халқының даңқты перзенті ұлы заңғар Шоқан Уәлиханов алғаш «тарихи жыр» деген атауды ұсынса, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев және т.б. ғалымдар жанрлық анықтама беріп, басқа эпостық мұраларымыздан ерекшеліктері бар екендігін түсіндіруге ықпал етті. Алайда, кеңестік дәуір кезінде тарихи жырлар арнайы басқа мұраларымыз секілді жарық көрмеді. Олардағы қаһармандар қатаң түрде таптық тұрғыдан бағаланды. Тарихи өлең, жырларды тереңдей зерттеуге үніліп, ғылыми жағынан құндылығы талғамға жауап берген еңбектер де көзден тасаланып, қайта шығуына тыйым салынды. Зиянды деп танылды.

Батырлық өлшемі – ерлік, елдіктің өлшемі – бірлік. Сол елдік пен ерлікті ғасырлар тоғысында дәл тауып, тамаша түсіндіру жолында талантты жазушы да, ғұлама ғалымдар да өлшеусіз еңбек етті. Біреу – шындықты жеткізе алмай шырылдады, екіншісі – саясаттың салқынын танып, сәуле түсірудің жолын тапты, үшіншісі – атақ үшін арпалысып жақсыларға жала жапты. Алғашқы арпалыс, екінші жанталас қана ұлттық сананы оятты, ата-бабаның ақ жолына үңілдіріп нәтижесінде тәуелсіздік таңы атты. Кеңестік идеологияның пәрменімен кемсітілген, өктемдігімен өшірілген «өжеттеріміз» ортамызға қайта оралды. Алаштың атын аспанға шығарған алыптарға арналған мерейтойлар, ғылыми конференциялар, алқалы жиындар өтті. Ел тарихында тұңғыш рет өткізілген сол салтанаттар бостандық, егемендік ұғымдарын паш етті. Еркіндік, елдік, ерліктің үлгісіне үндеді. Түйіндей айтсақ, тарихи жырлардың тағылымы күшті екендігін күллі түрік тектес халықтар терең түсінді.

Кезінде, Ш.Уәлиханов қазақ халқының ауыз әдебиетін «өз қоғамы өмірінің сенімді очеркі» [144] деп дұрыс бағалап, тарихи зерттеулерінде білгірлікпен пайдаланғаны белгілі. Қазақ эпосының тарихилығы Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов және басқа тарихшылар тарапынан да жоғары бағаланды. Е.Бекмаханов: «Фольклордың Қазақстан тарихын зерттеудің аса маңызды дерек көзі ретіндегі мәні зор. Бұл қазақ халқының XIX ғасырдың екінші

жартысына дейін жазба әдебиеті болмағандығымен түсіндіріледі. Сондықтан ірі тарихи оқиғалар қазақ халқының есінде ауызша шығармашылық: поэмалар, өлеңдер, жырлар, ертегілер, аңыздар және тағы басқалар арқылы сақталды. Фольклорлық материалдың маңызды тарихи оқиғалар мен тұлғаларға дәл баға беретіндігінде жатыр, өйткені тарихтың жасаушысы әрі тікелей қатысушысы халықтың өзі» [145, 37-б], – деп жазған болатын. Е.Бекмаханов өзі пайдаланған фольклорлық жанрлардың қатарында тарихи жырларды да атаған [145, 36-б]. Ғалым: «Зерттеушінің аса маңызды міндеті – шындықты ойдан шығарудан бөліп алу ғана емес, оларды мұрағаттық және әдеби дерек көздерімен барлық мүмкіндікті сарқа пайдаланып салғастыра тексеру» [145, 39-б], – деп ескерте кетеді. Демек, тарихи жырлар – бұрмаланып келген тарихымызды шынайы қалыпқа келтіру үшін аса қажет деректердің қайнар көзі.

Е.Ысмайыловтың тарихи поэзияның әлсіз зерттелуінің басты себебі «азаматтық тарихтың әлсіз зерттелуінде, ... көптеген фактілер мен оқиғалар, бұл оқиғалардағы жеке тұлғалардың атқарған қызметтері аяғына дейін ашылып» [146, 189–190-бб] көрсетілмеуінде жатқанын атап өткенін, «Тарихшылардың көптеген онжылдықтар бойы Кенесары қозғалысын бірде жоғары көтермелеп, бірде әшкерелеп келгені белгілі. Бұл, сөз жоқ, әдебиеттанушыларға осы көтеріліске қатысты тарихи өлең-жырлар мен аңыздарды бағалауда бір-біріне мүлде қарама-қарсы көзқарас ұстануына мұрындық болды» [146, 191-б], – деп, ашына жазғанын да қаперден шығару мүмкін емес. Тарихи жырларға жасалған мұндай қиянаттар бір бұл емес. Осындай олқылықтардың орны өте баяу толықтырылып жатқанын да мойындауға тура келеді.

Қазақ эпосының бір саласын «тарихи жыр» деп алғаш рет атаған Ш.Уәлиханов бұл топқа Едіге, Орақ, Ер Көкше және Ер Қосай туралы жырларды жатқызған. Мұндай жіктеу аталған батырлардың өмірде анық болғаны жылнамалық деректерден байқалатындығына негізделгенін ғалым анық аңғартады. Бірақ Ер Көкше, Ер Қосай туралы жырлардың ешқандай тарихи қызығушылық тудырмайтынын да атап өтеді [144, 196–197-бб].

«Тарихи жыр» термині осы замандағы мағынасында тұңғыш рет А.Байтұрсыновтың 1926 жылы шыққан «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде қолданылды. Онда Едіге, Шора, Қобыланды және т.с.с. батырлар туралы жырлар «ертегі жыр» деген терминмен аталып: «Батырлар әңгімесі өтірік-шыны аралас қойыртпақ болады» [147], – деген жанрлық сипаттама беріліп, тарихи жырдың үлгілері ретінде Орақ-Мамай, Абылай, Кенесары-Наурызбай, Ерназар-Бекет, Қоян қыстың жұты туралы жырлар, Жанкісінің Қоқан ханына айтқан өлеңі аталады.

М.Әуезовтің 1927 жылы «Әдебиет тарихы» оқулығында тарихи жырларға А.Байтұрсыновтікіне ұқсас сипаттама берілді. Жанкісінің өлеңімен тегі де, табиғаты да бірдей Махамбеттің және басқа ақындардың өлеңдері бұл кітаптың «Зар заман» ақындары атты тарауында талданады. Бұл кітаптың тағы бір құндылығы – Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай», Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет», Ә.Диваев жазып алған «Бекет батыр» жырлар кеңінен

талдануында. М.Әуезов өзіне бұлардан басқа жырлар мәлім емес екенін жазады. Аталған еңбекте тарихи жырлардың өздеріне тән ерекшеліктері: «Түр жағынан тарихи өлеңдер бұрынғы батырлар өлеңдерімен туысады,... кейбір тарихи өлеңдер жырлану ретінде де баяғы батырлар өлеңінше құралған» [148], – деп көрсетіліп, мысал ретінде «Бекет батыр» жырындағы типологиялық сарындар сөз етіліп, олар үлгі қуған олақ ақынның өзі білген «қошқар мүйізі» [148, 165–166-бб] ретінде бағаланады. М.Әуезов бұл сынын 1939 жылы жарық көрген «Қазақ эпосы мен фольклоры» атты мақаласында қайталамайды, керісінше, жырды жоғары бағалайды.

Х.Досмұхамедовтің 1928 жылғы еңбегінде тарихи жырларға фольклорлық жанрлар кестесінен орын берілді.

С.Сейфуллин «тарихи жыр» деген терминді қажетсіз деп санаса да, батырлардың көне нұсқаларына қарағанда, бертінгі кезде шыққандары шындыққа жақын бола беретінін [149] мойындады.

Қазақ тарихи жырларының қырлары мен сырларын халыққа танытуда С.Мұқановтың «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің очерктері» (1942), Ә.Марғұланның «Қазақ эпосының сипаты мен тарихи шарттылығы жайлы» (1946), Қ.Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958), Е.Ысмайыловтың «В поисках нового» (1967), ғалымдар ұжымы жазған «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1948), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1-том, 1-кітап, 1960), «История казахской литературы» (1-том, 1968) атты еңбектерінің атқарған қызметі ерекше. Тарихи жырлар бұл еңбектердің жекелеген тарауларында ғана қарастырылып келгеніне назар аудармасқа болмайды. Тарихи жыр жөнінде білгендерін көпшілікке ұсынудың бір де бір мүмкіндігін қапы жібермей ерлік деп бағалауға болатын М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин сияқты ат төбеліндей әдебиетші-ғалымдардың ынта-жігеріне цензура қойған тосқауылдың бір көрінісі осындай.

Қазақ эпосын типологиялық тұрғыдан тану, басқа да халықтардың эпикалық дүнпелерімен салғастыра зерттеудің тәжірибелері фольклортану ғылымында қалыптасқан. Солай десек те, кеңес дәуірінде типтік белгілер көбіне қолдан жасалған «Ұлы халықтың» дүниесінен ізделіп, содан көбірек сүзілгені идеологиялық ықпалдың әсерінен еді. Тарихи өлең, жырлар көбіне тарихқа байланысты қарастырылып, одан сол тарихтың айы, күні, жылы іздестірілді. Осының нәтижесінде керексізі сызылып тасталып, қажетке жарайтыны қалқып алынды. Тарихи жырлардың зерттелуіндегі бір жетістік, олардың батырлық эпостармен ұқсастықтары мен айырмашылықтарына назар аударудан туындады. Бұл мәселе жоғарыда сөз болған М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Р.Бердібаев еңбектерінде жүзеге асты. Мұнда ежелден жырланып, қазақ сахарасына мәшһүр болған Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбар, Ер Көкше, Ер Сайын т.б. жырлармен тақырып пен идея, сюжет пен мотив мәселелеріне көңіл бөлінді. Дегенмен, зерттеушілердің дені тарихи жырлардың – батырлық эпостан айырмашылығына көбірек мән берді. Бұның қорытындысы «тарихи жыр» дегеніміздің өзі эпосқа тән белгілерді бойына сіңірген бе, жоқ мүлде басқаша

құбылыс болғаны ма? – деген сауалдарға тіреді. Ол үшін ғасырлар тереңіне үңілу керек болды. Әдебиетке түскен таптық бұғау оған жол бермеді. Анығына жүгінсек, тарихи эпостағы типтік белгілерді ұлттық шеңберде де алып, одан әрі түркі тектес халықтардың мұрасымен байланыста қарауға әбден болады. Алдымен айтарымыз қазақ халқының түп негізі түркі екендігін анық түсіндіретін – тарихи жырлар. Мысалы:

Қазақ деген – түріктің руы еді,
Алтын Орда қарауында тұрып еді.
Шыңғыс хан немересі Береке хан,
Еділде зор мемлекет құрып еді.

Тоқай – Темір, Береке – бір туысқан,
Орыс халқын қаратып, жерін қосқан.
Әмір-Темір билеген жері еді,
Түркістан, Үндістан мен Билужстан.

Сұлтан Баязит – Түріктің сұлтаны еді,
Бүкіл Балқан патшалығын ол биледі.
Тоқтамыс Алтын Ордаға хан болғанда,
Түріктің дәуірлеген мезгілі еді.

Баязит, Әмір-Темір, Тоқтамыс хан –
Біртұтас Түрік руға болған сұлтан.
Он төртінші ғасырдың мезгілінде
Түрік жұрты дәуірлеп өсіп тұрған.

Бұл үзінді Қазақстан Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының қолжазба қорында сақталып келе жатқан «Сабалақ – Абылай хан» жырынан. Бір кездегі тұтас түркі елінің шежіресін беретін мұндай үзінділер тарихи жырларда молынан ұшырасады. Тұрақты тіркес ретіндегі кездесетін «түрік жұрты», «түрік дәуірі», «қаны түрік», «түрік ері», «түрік сұлтаны» т.б. эпикалық жырлардың бастамасында айтылып отырады. Әйгілі «Есім хан», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Олжаш батыр» жырларынан бұған дәлелді көптеп табамыз.

«Сақтар мен ғұндар дәуіріндегі бірлестік ыдырап, Көк Түріктердің алғашқы мемлекеті – Түрік қағанаты құрылған мерзімді баяндайтын «Алып Ер Тона», «Атилла», «Оғыз қаған», «Шу батыр», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандарының негізгі мұраты – елдің тәуелсіздігін сақтау жолында аянбай күресетін, қастасқан жауын жеңбей қоймайтын, халықты азаттыққа жеткізетін, ақылына қайраты сай батырлардың сом тұлғасын жасау болып табылады».

1) Қазақ фольклорының заңды мұрасы саналатын, XV–XX ғасырларға дейінгі жасалған тарихи жырлардағы басты мәселе қалайда тәуелсіздікті сақтап қалу жолындағы күрес.

2) Қазақ елінің түп негізін шежірелеп баяндап, ел басына күн туғанда ұлы даланы сақтап қалу жолындағы ержүрек батырлардың бейнесін сомдау еді.

3) Бұның нақты дәлелі Есім хан, Олжаш, Сәтбек, Шора, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Батыр Баян, Өтеген, Арқалық, Сырым, Исатай – Махамбет, Кенесары – Наурызбай, Ерназар – Бекет, Досан, Жанқожа, Сыраншы, Бекболат, Аманкелді т.б. тарихи жырларда тұр.

4) Ерте дәуір ескерткіші боп саналатын «Атилла» дастанында ғұндардың Еуропаға қоныс аударып, Еділ өзені мен Атлант мұхиты аралығында билік жүргізгенін жыр ететін туындыдағы билік жүргізуші, жекпе-жекте даңқы жер жарған Атилланың алып тұлғасы эпикалық билеуші бейнесінде көрінеді. Қазақ тарихи жырларында да Есім хан, Абылай хан елді біріктіріп, басқарушы және жекпе-жекте жауына дес бермеген қаһарман ретінде саналған. XVIII ғасырға қатысты тарихи жырлардың бәрінде Абылай бейнесі айрықша сипатталып, эпикалық билеуші дәрежесіне көтерілген (Біз бұл салыстыруларды түрік ғалымдары Ф.Копрулузаде, Б.Р.Рахмети, Н.С.Банарлы еңбектеріне сүйене отырып, тұжырымдар жасадық).

Қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалардың ішінде тарихи дастан жанрының орны айрықша дараланып тұрады. Ақындардың тарихи дастандары батырлар жырының мазмұны мен пішіні жүйесі негізінде қалыптасып дамыды. Тарихи негізден алынған оқиғаларды эпикалық көлеммен жырлауда фольклордағы батырлық эпостың элементтері де біршама сақталады. Қазақ әдебиеті тарихының XVIII–XIX және XX ғғ. дамуындағы ақындардың тарихи дастандары осы жанрдың мол шоғырын байқатады. Бұл орайда, Мұхтар Әуезовтің ғылыми тұжырымы қазақтың ақындық поэзиясындағы тарихи шығармалардың жанрлық, поэтикалық болмысын түсінуге бағдарлайды: «... тарихи өлең ел әдебиетінің жаңа бір ағымы, жаңа түрі сияқты. Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан тұрады. Пәлен жыл мен пәлен жылдың арасында болған тарихи дәуірдің жыры. Сол дәуірде арнаулы оқиғаның қақ ортасында болған атақты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген істің жыры болады. Тарихи өлеңдердің ішіндегі адамдар жалпақ елге белгілі, жалпақ елге қадірлі сүйікті адамдар. Сол адамдардың ісі, беттеген мақсаты, көптің өміріне қозғау салған әсері көптің ауызында неше алуан әңгіме болып қалады. Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі. Сондықтан, сөзі мен суреттерінің шындығы көбінесе даусыз. Сондайлық тарихи оқиғалар өз тұсында көпке жайылған жанды әңгіме болып жүрсе, кейде ақындардың қолына жетіп, өлең өлшеуіне түседі. Тарихта болған оқиға өлеңге айналған соң өзі ескінің тарихы болып жоғалмайтын болады» [148, 140–141-бб.]. М.Әуезов осы айтылған пікірінің аясында қазақ тарихи жырларының негізгі тақырыбы, нысаны болған Қазақ хандығы (XV–XVIII ғғ.) және Ресейге бағынған екі кезең дәуірлерді атайды. Тарихи жырларға нысан болған алғашқы кезеңді «Тарихта бұл екі дәуірдің жапсары Әбілқайыр, Тәуке, Қайып, Абылай хандардың заманына келеді. Бұл дәуірдің басы 1723 жылғы Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» [148, 142-

б], – дейді. Тарихи тақырыпты жырлаған шығармаларды М.Әуезов негіздеген ғылыми-методологиялық бұл бағдармен қарағанымызда қазақтың ақындық поэзиясындағы осы кезеңдер шындығын жырлау үздіксіз жалғасып келеді. Абылай ханға және қазақ хандығы батырларына арналған шығармалар сол кезеңде де, кейінгі әдеби дамуда да жырланды. «Абылай туралы жыр», «Абылай хан... Ақ атам», «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», «Абылай хан әңгімесі», «Абылай хан», «Сабалақ Абылай хан» (Олжабай Нұралыұлы жырлаған нұсқа) дастандары фольклорланған туындылар. Ал, Шәді Жәңгірұлының «Тарихат», Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян», Мәжит Айтбаевтың «Хан Абылай», Доспер Саурықұлының «Есенгелді» сынды шығармалары да тарихи жыр-дастандар дәстүрінің ең көрнектілері.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін қазақ тарихи өлеңдері жекелей алынып, арнайы зерттеу нысанасына айналмауының объективті және субъективті себептері бар екендігі мәлім.

Тарихи өлеңдер өз бастауын тым ертедегі түркі тектес халықтар бірлестігі, Алтын Орда, Ноғайлы кезеңі, Қазақ хандығының құрылуы, қалыптасуы жайындағы халық басына түскен аласапыран оқиғалардан алады. Сол тарихтың сыр-сипатын, шынайы болмыс-бітімін ашу тарихшы, әдебиетші қауымға оңай тимегені рас. Ал, XX ғасырдағы Кеңес үкіметінің идеологиясы, партияның пәрменшіл саясаты рухани құндылықтарды терең тануға түрлі қаулы-қарарлар тасқынымен тосқауылдар жасап, таптық тұрғыдан қатаң қараудың нәтижесінде тұралатып келді. Шағын өлеңдер түгіл, кең көлемді эпикалық жырлардың өзі көзден таса, халық назарынан бүркемеленіп мұрағаттарда, кейбір үлгілері аңыз болып ел аузында ғана сақталып қалды. Қазақ халқының басынан кешкен «Ақтабан шұбырынды...» заманы мен «азаттық жолындағы күрес» оқиғалары туралы ауыз әдебиеті шығармаларын ұрпақ санасынан өшіру мақсаты көзделіп, ұлт мұрасына кереғар саясат жүргізілді. Ақиқаттың дәлелі мен деректері көптің аузындағы аңыз-әңгіме, өлең-жырларда екендігі айтылса да, өктем саясат өз дегенімен қажеттісін қалқып, керек емесін көзден тасалай білді.

Ғалымдар тарапынан тарихи өлеңдердің тек-тамыры көне түркі ескерткіштерінен табылатыны, оның кенже үлгілері Ұлы Отан соғысы кезеңінде де туындағандығы жөнінде ескертулер айтылып келді. Бүгінгі уақыт талабы тарихи өлеңдердің жанрлық мәселелерін, поэтикалық әлемін, ауыз әдебиетінің жанрлармен байланыс-бірлігі, тақырыптық топтасулары мен атқарған қызметін тексеру қажеттігіне ықпал етті.

Қазақ халық поэзиясының бір саласы ретінде тарихи өлеңдер XX ғасырдың 20 жылдарынан кейін сөз болып, оған қатысты пайымдаулар жасала бастаған. Оның басты дәлелі А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде, М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) еңбектерінде ауыз әдебиетінің тектері мен түрлеріне қатысты, тарихи кезеңдер шындығын берудегі халық поэзиясының рухани күш-қуаты тұрғысында бағаланады. Осы еңбектердің көпшілігінде қазақ

фольклорындағы тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың арасына шек қойылмай бірлікте алынып, ой-пікірлер айтылды.

Бұдан кейін ХХ ғасырдың 40–50 жылдары және онан кейінгі кезеңдерде тарихи өлеңдерге қатысты мәселелер назарға ілікті. Мәселен Ә.Х.Марғұланнның эпосқа қатысты еңбегі (1946), Н.С.Смирнованың ХVІІІ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі эпикалық және тарихилық мәселелеріне (1948; 1949; 1951) байланысты зерттеулері мен қазақ әдебиеті тарихына арналған көп томдықтың алғашқы томында (1948) сөз бола бастады. Бұл еңбектерде де тарихи өлеңдер мен тарихи жырлар арасы толық анықталмай, зерттеушілер «тарихи жырлардың ең кішігірім үлгілері» деген атау қалыптастырды. Бұл аталып отырған еңбектердегі талданғандар шын мәнінде тарихи өлеңдер болатын. Тарихи өлеңдердің бертіндегі туғандарына байланысты Б.Кенжебаевтың еңбегі 1916 жылғы көтеріліс жырларына арналды (1956). Осы тақырыпта Х.Ищановтың «1916 жыл және халық поэзиясы» (1958) еңбегі жарық көрді. Сөйтіп, тарихи өлеңдер туралы тарихи жырлармен қоса ғылыми тексерулер ісі басталды. Тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде туғандары туралы бұл кезеңдерде жинақтау ісі болса да, ғылыми тұрғыдан талдаулар шолу түрінде айтылған ой-пікірлермен шектеледі. 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының 1-томы ауыз әдебиетіне арналып, мұнда ХVІІІ ғасырдан бастап, тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың өткендегі тарихи оқиғаларды шын мәнінде жеткізе алатындығы айтылды. Кітапта ХІХ ғасырдағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты туған өлеңдер жөнінде түсініктер беріліп, біршама ғылыми салмақты пікірлер айтылды.

Тарихи өлеңдерге қатысты ғылыми зерттеудің жаңаша бағыт-бағдар алуы өткен ғасырдың 60–80 жылдар аралығы деуге болады. Атап айтсақ, 1962 жылы М.Жармұхамедовтің «1916 жылғы көтеріліске қатысты қазақ халық поэзиясы» атты кандидаттық диссертациясы қорғалса, 1968 жылы орыс тілінде «Қазақ әдебиет тарихының» көп томдығының бірінші томы жарық көріп, онда қазақ фольклорының ХVІІІ-ХІХ ғғ. тарихи шығармаларға арналған бөлімді С.Қасқабасов пен Е.Тұрсынов, ХХ ғасырға арналған бөлімді Е.Ысмайылов жазады. Қазақтың тарихи жырлары мен аталған ғасырларға қатысты мұнда да бағалы пікірлер айтылған еді. М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1968) атты монографиясының жарық көруі, диссертациялық еңбегінің қорғалуы да көне мұраны жаңғыртып, жаңаша көзқарас қалыптастыруға ықпал етті деуге болады. Себебі бұл еңбектерде тарихи өлеңдер туған дәуірлерге байланысты байыпты байлам, ғылыми жаңаша тұжырымдама қалыптасқаны аян.

Белгілі ғалым Б.Уахатов «Қазақ халық өлеңдері» (1974) атты монографиялық еңбегінің бір тарауын тарихи өлеңдерге арнады. Бұдан бұрынғы тарихи жыр мен тарихи өлеңдерді бірге қарап, арасына шек қойылмай келген мәселелерге автордың бұлайша концепция ұсынуы тарихи өлеңдерге байланысты жаңаша бір бағыт әкелді деуге болады.

Арада бес жыл өткеннен кейін, қазақтың тарихи жырларына арналған «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979) атты Қазақ ССР ҒА

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымдық монографиялық еңбегі жарық көреді. Тарихи жырлар мен тарихи өлеңдердің жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық табиғатын, тарихи негіздерін ашуда бұл еңбек өз кезінде лайықты бағасын алған еді. Еңбекке басшылық жасаған ғалым Р.Бердібай мақаласында да тарихи жырлар мен тарихи өлеңдерге қатысты мәселелер айтылып, ғылыми зерттеу мәселесіндегі кешеуілдеудің себеп-салдарына тоқталады. Осы іргелі еңбектегі С.А.Қасқабасовтың «Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасуына тарихи өлеңдердің цикленуі ықпал еткені аталып, екі жанрдың айырмашылықтарын ғылыми тұрғыдан жан-жақты түсіндірсе, Е.Тұрсыновтың «Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасу эволюциясы сөз болып, автор екі жанрды бірлікте қарайды. 1982 жылы жарық көрген Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» атты еңбегінде тарихи жырларға арнайы тарау беріліп, осы тарауда «тарихи өлеңдердің іздеушісі керектігі» түбегейлі зерттелуі туралы мәселе қозғалған еді. Бұл пікірлер дамытылып, әсіресе, «ақтабан шұбырынды» дәуіріне қатысты «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңі туралы пікір талас туындап, тәуелсіздік алғаннан кейін де осы мәселе турасында көптеген мақалалар дүниеге келді. 1993 жылы «Қазақтың XVIII ғасырындағы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған тарихи жырлар» жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған Б.С.Рахымов еңбегінде тарихи жырлардың өз бастауы тарихи өлеңдерден тамыр тартатыны, тарихи өлеңдердің тақырыптық топтасулары туралы мәселелер көтерілді.

Тарихи өлеңдердің айтары – қазақ ұлтының бастан кешкен түрлі деректі оқиғалары, тарихи ірілі-ұсақты ел басына қиын-қыстау күн туғандағы қайғы-қасіреті, мұң мен шері, қуанышы мен келешек өмірге деген үміті екендігі белгілі. Өкінішке қарай көбіне ауызша айтылып, суырыпсалмалық дәстүр үлгісінде тарағандықтан, көне дәуірлерге қатысты өлең-жырлар ұмытылып үлгерген. Бұған берітіндегі жазу-сызу өнері орныққан кезеңдегі түрлі идеологиялардың қырсығын тигізіп, тарих теңізіне тереңдеуге де мүмкіндік бермегенін айтпасқа тағы болмайды. Пікіріміздің дәлелсіз еместігін қазақ өлеңдеріне қатысты құнды зерттеу жүргізген ғалым Б.Уахатов былайша нақтылайды: «...қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиғалар көп. Бірақ, соның барлығы бірдей бір ауыз әдебиетінде сақталып қалмаған. Тек кейінгі бір-екі ғасырда туған тарихи аңыз-әңгімелер мен өлеңдер болмаса, арғы көне дәуірлердің нақтылы деректеріне құрылған жыр үлгілері жоқтың қасы. Соның ішінде тарихи ұсақ жырлар, яғни бір кездегі Қорқыт, Еділ-Жайық туралы, Шыңғыс ханның қаһарлы жорығы, Ақсақ құлан, Жошы хан туралы өлеңдер өте аз сақталған» [150, 64–65-бб], – дейді. Халық поэзиясының дер кезінде хатқа түспеуінен көп қазыналар ұмытылып, кей үлгілерінің түрлі өңдеулерден өтіп отырғаны баршаға мәлім. Ендеше, тарихи өлеңдер халық поэзиясының бір саласы болғандықтан мұндай әрекетті айналып өтуі мүмкін емес еді. Академик М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер», – дей отырып, «Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады» [148, 140-б], – деуінің қисынды айтылғанын көреміз.

Демек, тарихи өлеңдердің пайда болу мәселелері тым ерте дәуірлерге байланысты екен. Қазақтың тарихи жырларының қалыптасуына тарихи өлеңдердің әсер-ықпалы бар екенін айтып, арнайы көңіл бөлген академик С.А.Қасқабасовтың төмендегі пікірі де соның дәлелі болып табылады. «Тарихи өлеңдер қоғам дамуының әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл – оперативтік жанр. Сондықтан тарихи өлең өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен, бүкіл түркі халықтарының тарихи кезеңдерінің ең көне үлгісі Білге Қаған, Күлтегін, Тоньюкук т.б. туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге болады» [150, 28-б]. Ал бізде тарихи өлеңдер XVIII ғасырдан басталады деген пікір қалыптасқан. Кейінгі көне түркі дәуірлеріне байланысты еңбектерден шын мәнінде тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде қалыптасқанын аңғаруға болады. Бұл істе белгілі ғалым, академик Р.Бердібайдың: «Әзірше зерттеушілеріміз тарихи өлеңді арнайы жүйелеп, толық қамтып тексеруге жеткілікті көңіл бөле қойған жоқ. Түбінде тарихи өлеңнің өз іздеушісі туса, оның хронологиялық кезеңін де, аумағы да анағұрлым айқындала түсетіндігі кәміл. Кейбір фольклортанушылардың тарихи өлеңді белгілі оқиғалар негізінде құрылған көлемді жырлармен бір топта қарап келгендігі де, бұлардың жанрлық жігіне жете мән беріле қоймағандықтан» [151, 185-б], – деуінің дәлелді айтылғаны талассыз. Мәселен, Көне түркі жазба ескерткіштері туралы терең ізденіп, лингвистикалық жағынан үздіксіз зерттеп келе жатқан ғалым Ә.Құрышжанұлының еңбегінде «Таңғұттармен соғысу», «Мыңлақ елімен соғысу», «Ябақулармен соғысу», «Жорық жырлары», «Алып ер Тонаны жоқтау», «Белгісіз батырды жоқтау», сынды дүниелерді көне түркі тілінен аударып, оларды «Халық өлеңдерінен үзінділер» деген атаумен берген [152, 297-б]. Анықтай қарар болсақ, осы өлеңдердің болмыс-бітімі тарихи өлең табиғатына толық сәйкес келеді.

Түркі-моңғол халықтарының тарихы туралы қыруар еңбек жазған В.Бартольд еңбегінде де тарихи өлең қалыс қалмаған [153]. Оның қисынсыз еместігі «Моңғолдың құпия шежіресімен» салыстырғанда байқалды [154].

Академик Ә.Марғұлан қазақтардың ертедегі Жеті-Асар, Жанкент, Жент, Баршынкент, Сығанақ, Отырар қалаларының жоғалып кеткеніне күйініп, «жоқтау жырын» шығарған дей отырып, сондай өлеңді күн шығысты зерттеген ғалым Алиф деген кісінің тапқанын айтады. Өлеңді ғалым орыс тіліне аударып, бергінде «Туркестанские ведомости» газетіне бастырғаны туралы мәлімет береді [155, 42–43-бб].

Қазақ хандығынан бұрынғы Ноғайлы дәуіріне қатысты көптеген айтушылары ұмытылып, халық өлеңдеріне айналып кеткен өлеңдер де баршылық. Оны біз Құрбанғали Халитовтың «Тауарих Хамса» атты еңбегінен табамыз. Мұнда «Қазақ пен ноғай айырылуы», «Ноғайлының бүлінуі», «Еділ менен Жайықты» т.б. өлеңдерден қазақ халқының ел болуы бір күннің ісі еместігі, басынан сандаған қиын күндердің өткенін көрсетеді.

Тек жиырмасыншы ғасырдың 70–80 жылдары ғана С.Қасқабасов, Р.Бердібаев, Б.Абылқасымовтың тексерулерінің нәтижесінде екі жанрдың ара жігі ажыратылған. «Ал, шындығына келсек, қазақ фольклорында «тарихи

жыр» да «тарихи өлең» де өзінше өмір сүре алатын, дербес жанрлар. Бұл – қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік дара сипаттарының бірі» [156, 28-б]. Бұл дәуірдегі тарихи өлең ретіндегі анық бағаланған «Елім-ай» өлеңі болатын. «Ақтабан шұбырынды» дәуірінің өзегі делінген «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңін алғаш хатқа түсіріп, орыс тіліне аударған Т.А.Сейдалин, С.А.Жантөрин және П.Н.Распоповтар екен. Қазақ поэзиясын зерттеудегі өзіндік үлесі бар Н.С.Смирнова «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінің 14 нұсқасы бар екенін атайды. Өлең нұсқаларын әр кез, әр уақытта ел арасынан жинақтап, белгілі еңбектерде кімнен алынғаны В.В.Бартольд, С.Сейфуллин [157], Қ.Жұмалиев [158], Мәшһүр Жүсіп Көпеев, М.Мағауин мен Ә.Кекілбаев, Ж.Досқараев, Ы.Дүйсенбаевтар жинақтаулары мен еңбектерінде баяндалады. Өлеңді айтушылар Айтбай Белгібаев, Мұстафа Оразайұлы, Әбдірайым Байтұрсынұлы екендігі аталады. Олардың өлеңді кім айтқанына қатысты жауаптарында, Тобықты Топыш, Көтеш ақын есімдері аталған. Келесі бір дерек, ауыз әдебиетін жинақтаушы Қаратай Биғожиннің айтуынша «Елім-ай» әнінің сөзін Қожаберген жырау, әнін Қожаберген жыраудың әйелі Айша шығарған деген болжам айтылған. Біздіңше, өлең ел арасына кең тарап, ауыздан-ауызға көшу барысында фольклорға тән дәстүрдің көрсеткішіне айналған. Жалпы тарихи өлеңдер туралы тексеру барысында «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына қатысты өлеңдер көбірек алынып, зерттеушілер тарапынан жеткілікті пікірлер айтылғанын аңғардық. Бұл тұрғыда «Қаратаумен қоштасу», «Еділмен қоштасу», «Аманат», «Сарыарқамен қоштасу» өлеңдері кезең шындығынан шалғай кетпеген. Заман дерегі Ш.Уәлиханов [159] еңбектерінде айтылып, кейінгі ғалымдар зерттеулерімен толысқан. Небір жан түршігерлік оқиғалар Жоңғар қалмақтарынан болып отырғаны тарихи өлеңдерден көрініс тапқан. Ондай өлеңдердің көпшілігі Т.А.Сейдалин, С.А.Жантөрин құрастырған жинақта [160], С.Сейфуллин оқулығында, ғылыми қолжазба қорларында сақталған. Тарихи өлеңдердің кейінгі кезеңде табылған үлгілері Б.Рахымов еңбегінде талданған [161].

Тарихи өлеңдердің ендігі бір шоғыры XIX ғасырдағы тарихи жағдайларға қатысты туған. Бұл ғасырдағы ел басына түскен азаптың басы Қокан мен Хиуа хандықтары болса, екіншісі, Ресей патшалығының империялық саясаты, үшінші, сол ғасырдағы жұт жылдары деуге болады. Бұл кезеңдегі өлеңдерді жинастыру ісіне Ы.Алтынсарин, И.Бартольд, И.Березин, Т.А.Сейдалин, С.А.Жантөрин, М.В.Готовицкий, Қ.Бекниязов, Қ.Есжановтардың үлес қосқанын білдік. Кеңес дәуірінде Абай атындағы ҚазПИ студенттерінің 1948–1949 жылғы ел арасындағы арнайы экспедициялық жұмыстарында көптеген тарихи өлеңдер жинақталған [162]. Қазақ жерінде түрлі зұлмат пен қатар аштық нәубетінің келгендігі де тарихи өлеңдерден орын алған. Бұндай апат – 1879, 1880 жылдары болған. Ауызша қазақ арасында сақталған «Қазақ қайғысы», «Аштық», «Аштықтан халық камалды» атты өлеңдердің айтары сол екендігі мәлім.

Қазақ поэзиясында өзге дәуірлерге қарағанда ертерек қолға алынып, мұқият жинақтау мен зерделі зерттеулерден өткен 1916 жылғы ұлт-азаттық

көтерілісіне қатысты халық өлеңдері деуге болады. Бұл көтеріліс туралы тарихи тұрғыдан 1947 жылдан бастап тарихи жинақ құрастырылып, Б.Кенжебаев [163], Ф.Н.Киреев, Ш.Я.Шафиро [164], Е.Ысмайловтар түрлі еңбектер жазса, 1916 жыл туралы Д.Ысқақов, Е.Ысмайлов, Ә.Сәрсенбаевтар арнайы жинақ шығарған [165], 1916 жылғы көтеріліс тақырыбында М.Жармұхамедов ғылыми еңбек жазса [166], ел тарихына қатысты жазылған көп томдықтарда 1916 жылғы халық поэзиясы мен тарихи түрлі оқиғалар қалыс қалмай тексерілген.

Қазақ тарихи өлеңдеріне қатысты мәселелер тарихи жырларды зерттеуші М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайлов, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Б.Әбілқасымов еңбектерінде қалыс қалмайды. Бұл заңдылықты қазақ тарихи жырларын бертінде, ел егемендігін алғаннан кейінгі зерттеушілер З.Сейітжанов [167], Б.Рахымов [168], С.Сакенов [169], Г.Қ.Рахымбаевалардың [170] еңбектерінде де лайықты орын алған.

Тарихи өлеңдер, жырлар мен дастандарды дәуірлік жағынан бүгінгі фольклористика ғылымы ендігі уақытта былайша тақырыптарға бөліп қарастырады:

1. Тарихи жырлардың, өлеңдердің көне дәуірдегі хатқа түскен үлгілері.
2. Қазақ хандығы кезеңіне байланысты тарихи жырлар.
3. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына қатысты туған тарихи өлеңдер мен жырлар.
4. XIX ғасырдағы туған тарихи өлеңдер, жырлар, поэмалар.
5. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жырлары, өлеңдері.

Тарихи жырлар мен өлеңдердің жинақталуы, зерттелуі осындай жүйені жасауға жетелейді.

Қазақ тарихының Ресей бодандығы құрсауындағы кезеңін эпикалық шығармаларда бейнелеген ақындардың дастандары да ұлттық әдебиетіміздегі көркемдік үрдістер жалғасын танытады. Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай», Жүсіпбек Шайхисамұлының «Қисса Наурызбай төре», Доскей Әлімбаевтың «Кенесары» және т.б. шығармалары бар. XVIII–XIX ғғ. және XX ғ. Қазақ әдебиетінде Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Ағыбай, Жанқожа, Бекет, Райымбек, Махамбет, Амангелді және т.б. көптеген батыр-қаһармандарға байланысты қазақ тарихының елеулі оқиғалары эпикалық жыр арқауына алынды.

Төл әдебиеттануымыздың «еңбек торысы» атанған көрнекті әдебиетші ғалым, сыншы Белгібай Шалабаевтың әдиби-теориялық, ғылыми-зерттеу, ой-толғау еңбектерінің кемелді бір желісі, сүбелі арнасы «XIX ғасырдағы тарихи жырлар» эпикалық жәдігерлер тақырыбына діттелген. Атап айтқанда, «Жанқожа батыр жайындағы жырлар», «Бекет батыр», «Досан батыр жайындағы жырлар».

Ғалым Б.Шалабаев бұл жырлардың ұлттық нұсқаларын салыстыру барысында эпос пен эпикалық дәстүрге байланысты, тарихи жырлар мен өлеңдердің шығу, таралу тарихын, жанрлық, тілдік, көркемдік т.б. ерекшеліктерін, көптеген мәселелерді ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырады. Сол негізде жырлардың поэтикалық эволюциясын көрсетуді

мақсат етті. Оны орындау үшін зерттеулерде мынадай негізгі міндеттер алға қойылды:

– Жанқожа, Бекет, Досан батырлар туралы жырларда бейнеленген тарихи тұлғалар сипатының тарихи шындықпен ара қатынасын, оның жанрлық ерекшелігін айқындап беру;

– Жырларда суреттелген оқиғалардың, шайқастардың және олардың себептерінің тарихи дерек-дәйектермен үндесуі;

– Жырлардың таралу аймақтарын, географиясын саралау және жыршылық мектептер мен жекелеген жыршылардың эпикалық дәстүр арнасымен таратудағы рөлін көрсету;

– Кейбір тарихи фактылардың өзгеріске ұшырайтыны, сонымен қатар, халық қиялынан туған қоспалары, бұлардың жанр табиғатына үйлесуі, тұтастанудың ұлттық нұсқалардағы көрінісін анықтау;

– Жырлар мен аңыздардың көркемдік бітімін айқындайтын категориялар; сюжет пен сюжетті құрайтын мотивтер, композициялық ерекшеліктерді, образ жасау тәсілдерді, бейнелеу құралдарды, сөз кестелерді саралай, зерттей келе, тарихи жырлардың ұлттық нұсқаларының типологиялық ұқсастықтарын (тарихи-генетикалық, тарихи-мәдени, тарихи-типологиялық) және айырмашылықтарын бажайлау;

– Батырлар жырларын тудырған уақыт, кезеңдерінің ерекшеліктерін көрсету;

– Тарихи жырлардың көркемдік өрнектері; тарихи шындық пен жырларға тән көркемдік шындықтың ара қатынасын, жырлардағы орталық бас қаһармандары мен олардың тарихи тұлғаларымен байланысын анықтау.

Біздің ойымызша, ғалымның жоғарыда сөз болған барлық тарихи жырларына жеке тоқталып, ғылыми саралау және талдау жасау, мақсат та емес, шарт та емес. Сондықтан біз солардың ішіндегі ең көлемдісі «Жанқожа батыр жыры» жайындағы ғылыми-зерттеулерін ғана талдамақпыз.

Алаш жұртының арын арлап, елдік туын көкке көтерген ұлт-азаттық көтерілістің қаһарманы Жанқожа Нұрмұхаммедұлы туралы әр кезеңде жазылған көркем шығармалар, эсселер мен ғылыми мақалалар, монографиялық еңбектер мен тарихи-ғұмырбаяндық зерттеулер аз емес. Батыр бабаның болмыс-бейнесін сомдап, ол өмір сүрген дәуір суретін қанықтыра түсетін Зейнолла Шүкіровтың «Сыр бойы» романы, Бекділда Алдамжаровтың «Ұлы сел» тетрологиясы, Молдахмет Қаназдың «Жанқожа» кітабы, Әбсаттар Оспановтың «Жанқожа батыр» деректі хикаяты мен шежіреші қарт Өмірзақ Ахметов шығармаларында байтақ тақырыпты әркім өзіндік таным биігінен игеруге талпыныстар жасаған. Әйтсе де, біртуар батырдың барша болмысы мен кісілік келбеті, ерлікті жорықтары мен елдікті сақтаған бітімгершілік қасиеттерін сөз ететін халық ауыз әдебиеті үлгілері – реальды тарихи жырлар мен поэмалардың орны бір төбе.

Көрнекті тарихшы М.Тынышбаев Жанқожа Нұрмұхаммедұлы үш жүзге даңқы жайылған батыр деп бағалайды. Рас, Жанқожа батырдың ерлікке толы тағдыры шытырман әрі қасіретті. Бұл зерттеуші қауымның жауапкершілігін еселей түседі. Бір ғана батыр киген сауыт пен оның қазасына қатысты

қисынды-қисынсыз аңыз-деректердің өзі қаншама?! Сондықтан, осы уақытқа дейін айтылған ой, жазылған мәлімет-деректерді тең салмақтағанда, таразы басын әлі айтылмаған сөздердің батпаны баса түспек.

Сыр елі де қашан, қай кезеңде, қай ғасырда болсын ірі-ірі тұлғалардан кенде қалмаған. Соның ішінде ХІХ ғасырдың алғашқы жартысын алсақ, көш бастар кемел кемеңгерлігімен, алқалы топта алдына жан салмақ ділмәр шешендігімен, екіталай күн туғанда елге қорған болар хас батырлығымен даңқы шыққан дүлдүл саңлақтары ерен есімдерін тарихқа алтын әріптермен жазып қалдырғаны да ақиқат. Солардың бірі – Жонқожа Нұрмұхаммедұлы. Ұлт азаттық көтерілісінің басшысы Жанқожа Нұрмұхаммедұлы табиғатынан батыр, оның ғұмыры тарихтың аласапыран отарлау кезеңіне дөп келді. Адал да, әділ, әрі батыр болғасын есесі кеткен жетім-жесір оған жүгінетін, ел шебіне жау келсе Жанқожаны іздейтін болған.

Сыр бойындағы Табын мен Шөмекей рулары қол астына қаратып отырған полковник Ермұхаммед Қасымовтың әу бастағы ізгі арманы байтақ жатқан Шектіні де қоса билеп, өзінің жайлауы мен қыстауының көлемін кеңейту еді. Бұл мысықтілеу мақсаттың іске асуына Жанқожа батыр жол бермеді. Өйткені, батыр әуел бастан-ақ жапсарлас Хиуа, Қоқан хандығына, айдаһардай қаһарын төгіп отырған қоңсыласы Ресей империясына, тіпті, жеке мүддесінен аса алмайтын қазақ төрелеріне де сенімсіздікпен қараған.

Ермұхаммед сұлтан Сыр бойында шексіз билікке қол жеткізу үшін жасаған құйтырқы әрекеттерінде әуел Хиуа хандығынан беті қайтқанымен, жымысқы саясатын ақырына дейін жеткізуде қолдауды Ресей империясынан тапты. Жанқожа батырдың Ресей мен екі ортадағы алғашқы «достығы» кейін әуелгі уәдесінен тайқып, бір жамбасынан екінші жамбасына оңай аунай салған орыстардың Аралдан бекініс-қала, Райымнан порт салғанын, қоқандықтардың Ақмешіттен қамал тұрғызғанын, Хиуа ханының Сыр бойы қазақтарынан ретті-ретсіз зекет-ұшыр жинап, бейбіт халықты тонай бастағанын көргенде бітіспес жаулыққа айналып сала берді. Жанқожа батырдың барлық мақсаты мен ой-арманы Алаш ұлының басын қосып, бағзы бабалардан қалған байтақ даланың барша байлығы мен дәулетін жау пиғыл жат жұрттың қолына бермей, келер ұрпақтың үлесіне адал аманаттау болатын. Бірақ...

Жанқожа Нұрмұхаммедұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі, сол кезеңдегі тарихи және саяси ахуалды бажайлаған Н.Веселовский, И.В.Аничков еңбектері, Э.Мейер, Н.Маев, А.И.Макшеев, П.Иванов жазбалары қай кезде де ізі суып үлгермеген оқиғаларға уақытын тап басып шолу жасалған құнды мәлімет көзі болып қала бермек. Кейін, қазақ фольклорының эпостану саласының тарихи жырлар мәселесін әр кезеңде түрлі аспектіде сөз еткен Е.Бекмаханов, С.Сейфуллин, Т.Шойынбаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Н.Төреқұлов, Е.Тұрсынов сияқты ғалымдар тарихи танымыздың көкжиегін мүмкіндігінше кеңейткенін ерекше айту парыз. Әсіресе, әдебиетші Б.Шалабаев «Жанқожа батыр» атты қос еңбегінде Жанқожа батыр туралы халық жырларын, батыр өмір сүрген қоғам мен заман тынысын, бодандық дәуірде туған азаттық көтерілісін бейнелейтін

жырлардағы тарихи шындықтың табиғатын жан-жақты талдап, байыпты таразылады. Ал, соңғы жылдары жарық көрген профессор Жұмат Тілеповтың «Елім деп еңіреп туған ерлер жыры», «Тарих және әдебиет» атты монографиялық еңбектерінде Жанқожа батыр туралы күні бүгінге дейін ақтаңдақ болып келген біраз тың тарихи-деректер мен келісті дәйектер молынан келтіріліп жан-жақты талданады.

«Жаңа тәуелсіз заманасында көптеген қаһармандар тарихқа оралды, өлгендеріміз тірілді, есік алдында елеусіз қалғандар төрге шықты. Алайда осы бір ұлы дүрмекке оларды жүзге бөлу, тайпалық принцип ұстау сияқты бей-берекетсіз жағдайлар кездеседі. Шын мәнінде, ұлылар бір тайпаның, бір жүздің маңдайына сыймайды, олар ұлттың ұлылары, халық перзенттері, тарих қайраткерлері», – дейді тарихшы М.Қозыбаев. Расында, дүбірге толы ХІХ ғасырда ұлын құлға, қызын күнге айналдырып, елдің тоз-тозын шығара тонап, мал-жанын алдына салып айдап, жерді бөліп алуға тырысқан сыртқы жаудың пәрменіне төтеп беріп, азулылармен алысқан халық батырлары – тарихи тұлғалар.

Ел басына күн туған кездерде, батырлық пен батылдықты, елдік пен өрлікті, қайсарлық пен қаталдықты қатар ұстап, туған жерінің азаттығын аңсаған, Хиуа мен Қоқан хандықтарына, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қас қақпай қаруын сілтеген, жетпіс жыл бойы аттан түспей, ел бостандығы үшін күрескен батыр Жанқожа Нұрмұхаммедұлының есімі, халық жадында сақталып, оның тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресі қазақ тарихында айрықша орын алады.

Батыр – тарихи тұлға. Халық батырларын жырларында дәріптеген ақындар мен жыраулар жұрт тыныштығын бұзған жауға қасарыса соққы беріп, ел бірлігін сақтап, ел тірегіне айналған қаһармандарға құрметпен қарауды болашақ ұрпаққа аманат етіп тапсырған. Батырлар жайында жазылған жырлар олардың биік тұлғасын, өр мінезін асқақтатып, халық үшін жанын берген, ұлт үшін аянбаған қаһармандық келбетін сипаттауының маңызы осында.

Әдебиет зерттеушісі Белгібай Шалабаев Жанқожа батырдың өміріне тоқталып, былайша жазады: «Жанқожа – қазақтың азаттығы жолында күрескен батыры, ХІХ ғасырдағы Сыр бойындағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, 17 жасында батыр атанып, жасы сексеннен асқанша қолынан қаруы түспей, ел бостандығы үшін күресіп өткен халық қаһарманы. Қарапайым халықтың арасынан шыққан Жанқожа батыр өзі өсіп-өнген ортамен бірге болды, сол ортаның арын арлап, мұңын жоқтады. Содан болар, сырттан келгендер тізесін батырса да, ауыл шетіне жау келсе де, руаралық тартыс, жер не жесір дауы болса да, Жанқожаға жүгінді. Халқының бостандығы жолында бес қаруын асынып, қол бастап, жауымен текетіресіп, елінің тентіреп кетуінен сақтады.

Жанқожа батыр 1774 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Арықбалық ауданында дүниеге келген. Арғы әкесі Киікбай Әбілхайыр ханның тұсында әрі батыр, әрі би, өткір тілді адам болған. 1847 жылы Елекей сұлтан Қасымұлының Жанқожа батырға: «Менің атам Әбілқайыр хан болып

тұрғанда, сенің атаң Киікбай әрі батыр, әрі би еді. Ол екеуі бірігіп, Сыр бойындакөшіп жүрген қарақалпақтарды Хиуаға, Торғай мен Ырғыз бойына дейін жаулап келген қалмақтарды Қытай жеріне қуып салып еді», – деп жазған хатына қарағанда Жанқожаның бойындағы батырлық қасиеттің арғы тегінен дарығанын аңғарасың. Әкесі Нұрмұхаммед те сол кездің өзінде Кішкене Шектіде беделі болған. Киікбай атақты Есет батырдың туған қарындасы Тәжіге үйленген. Нұрмұхаммед сол Тәжіден туады. Ал Нұрмұхаммедтен бес бала – Ақмырза, Жанқожа, Жауқашар, Бек, Шөже өрбіген, – дей келе, батыр айналасы жөнінде мынадай тың деректер келтіреді, – Жанқожа батырдың өмірі жау жан-жақтан анталаған ірі тарихи оқиғалардың бел ортасында өтті. Қоғамдық ортасы, қазақ даласында болып жатқан саяси жағдайлар Жанқожаның ерте есейіп, ерте ойлануына әсер етті... Батырдың әкесі кедей адам болған, қарапайым тіршілік еткен. Жанқожаның өзі жеке басының ерлігімен көзге түседі. Талай жаугершіліктен олжа алмаған. Барынша тақуа (таза) адам болған. Жауын қапыда алуды қолдамаған, адал ұрыс – жекпе-жек дәстүрін жақтаған. Қаруы айбалта мен шолақнайза болған. Батырдың бейнесі – төртпақ, орта бойлы, ет бетті, атжақты, қалың қабақ, қара-сұр, ұзын сақал кісі екен. Жауырыны қақпақтай, арқасында желкесінен құйымшағына дейін жалы болған деседі. Үстіне түйе жүн шекпен киген. Басына қара далбай, аяғына етік киіп, беліне кісе буған. Мінгені Көксерке. Жанқожа күрделі заманда күрделі ғұмыр кешкен аса қиын тұлға. Ол – алты Әлім әулие тұтқан киелі адам... Жанқожаның қарулас батыр серіктері аз болған жоқ. Жанқожа Кенесары ханға да көмекке келді. Есет, Ақтан, Құлбарақ, Әйімбет, Сырлыбай, Толыбай, Байзақ, Құдайберген, Бұқарбай және т.б. батырлар майдандас болды, ортақ жауға қарсы бірге шақасты, бірін-бірі қолдап отырды... [171, 600–609-бб].

Қазақтың үш жүзінің басын қоссам деген ақиық арман, аңсаған мұрат жетегіндегі ел тарихындағы ең соңғы ханы туралы дәуіріміздің дарабозы ұлы Мағжан ақын, «Алашта талай-талай ерлер өткен, Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?» деп жырлағанындай, «Қазақ халқының Митридатты» атанып, Қап тауының Шәмілімен иық тіресе шыққан заңғар күрескер Кенесары қозғалысының тарихи тұрғыдан келгенде өзінің әділ бағасын алуы таяуда ғана жүзеге асты. Оның туған халқының азаттығы жолында он жылға ат үстінен түспеген теңдесі жоқ жойқын жорықтарына үнілуге басымыз бодандық бұғауынан босағаннан кейін ғана мүмкін болып отырғандығы тағы да ақиқат. Аумалы-төкпелі заман қойнауындағы қым-қиғаш тарихи оқиғалар сорабын бағамдағанда, маңдайының соры қалың қазақтың тағдырындағы ойлы-қырлы белес – Кенесары Қасымұлының ұлт азаттық қозғалысқа қолбасшылық жасаған тұстары арқылы бағаланып келгені мәлім. ХІХ ғасырдың ең отты жылдары Абылай ұрпағына тұспа-тұс келді. Қазақ халқының тарихында ең соңғы Тәуелсіз хандық туын тік ұстаған әйгілі Абылай хан екендігі жылнамашы-шежірешілер жадында жаттаулы. Дүниенің төрт тарабымен де тіл табысып, ымырашылдығымен «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» жұмақ дәурен құрғысы келген және де сол ойын көбіне іс жүзіне асыра білген Абылай саясаткерлігі, дипломатияшылдық ақылгөйлігі

адам айтса нанғысыз еді. Бір жағын алпауыт Ресей патшалығы омырып, екінші бүйірін айдаһар Қытай кеміріп жатса да, жалпақ қазақ елін қанжығаға байлатпай, бірде егеулі найза ұшымен, бірде уәлі тілдің уытымен қорғап, жер қайысқан жау қолдарынан құтылып кетіп отырған Абылай хан парасатын берік ұстанғысы келген қаһарлы немере Кенесары батырдың да атамекен үшін арыстандай айбат шегуі шексіз болды. Әу бастан-ақ сахара даласына аларта көз сұғын қадаған, жегі құрттай дендеп кіріп, іштен шалар ұзын құрық айлакерлігі бар орыс империясының пасық пиғылына тосқауыл қоймай жақсылық жоқ екендігін жан-дүниесімен сезінген ержүрек сұлтан жанталасып-ақ бақты. 1841 жылдың қыркүйек айында қазақ руларының өкілдері ата-баба салтымен Кенесарыны ақ киізге көтеріп хан сайлаған соң, бүкіл ел дүмпуін орыс отаршыларына қарсы күреске арнаған айбарлы атаның ұрпағы ел азаттығын ең басты байрағы етті. Қым-қиғаш жорықты бастап кеп жіберген салқар дала сардары дулығалы басын тасқа да соғып, тауға да соғып, қылышын қынабына салмай өтті өмірден. Патшалық Ресей тегеуріні пәрменді екенін түйсінген асыл текті алдияр батыр қара қорым халқын «айдаса, жылқы – жаудікі; қатты соқса, желдікі» боп тұрған аумалы-төкпелі қилы кезеңде алпауыт ауызынан аман алып қалам ба деген қаһармандық тілекпен 1837 жылдың жазғытұрымында ұлт азаттық көтеріліске жетекшілік етті. Қызыл судай жайылған қазақ елінің еркіндік аңсаған қозғалысы сең бұзылғандай серпінді еді. Сел қаптағандай сесті еді. Сондықтан азаттық іздеген ашулы хан бес қаруын жастанып жүріп әділеттілік ұрысын жалғастыра берді. Қолбасы соғыс өнеріне қатты көңіл бөлген, сайдың тасындай сақадай-сай сарбаздарын іріктеген. «Ер азығы мен бөрі азығы дүзде» болған бұлдыр-бұлдыр күндерде тілі басқа, діні басқа жат жұртқа бодандықтан бұлқынып, «етігімен су кешіп, ауыздықпен су ішіп», қайран қазақ өлкесін қызғыштай қорып, қайрат көрсетті. Жанына жалаңтөс жаужүрек баһадүрлерді жинады. Құралайды көзге атқан мергендер, аттың белін қайыстырған палуан-сарбаздар, алдынан қарасаң шалқақ, артынан қарасаң еңкек болып көрінетін сүйріктей сұңғылы бойлы Науан Басығара, Бұғыбай сынды жер шолушылар, «Деп тұрмын түбін бұзсам мен нудың, Лебімен «Абылайлап» алтын тудың» – деп атойлайтын Науырызбай секілді бітімі бөлек нояндар атақонысты аузы түкті кәуірлерге (кәпірлерге) тапталпасқа тайталасты. Аққу ұшып, қаз қонған айдын көлдің тұнығы шайқалмаса екен, түгін тартса майы шығатын көкорай өлкенің шалғыны жапырылмаса екен деген ниет жолындағы жанқиярлық айқас, амал не, қайғылы аяқталды. Сан қилы себеп-салдар жеңіс туын жоғары ұстауға мұрша бермеді. Яғни замандасы Жамбылдың сөзімен айтқанда: «Кенесары, Науырызбай заманында жаннан асқан ер болды, қазақты орысқа бермеймін деп, Сарыарқада соғыс салды. Олар таланған елді қорғаймын деп, қасына мың сан батыр қол ертіп жүрді. Кенесары жағадан алған жаудан жеңілетін ер ме еді? Ол етектен алған «иттерден» жеңілді ғой».

XIX ғасырдың басынан басталған бұл ұлт азаттық көтерілісінің тең толымды тұлғасы болған Кенесары және ол басын біріктірген ержүрек батырлары туралы аз жазылған жоқ. Тоталитарлық дәуірде олардың бәрі де

бір-біріне кереғар, қарама-қарсы болып келді. Тарихшылардың бір жағы патша билігіне қарсы шыққан Кенесары және оның қасиетті туы астында басын біріктірген батырлар есімін ардақтап аспандатса, екінші жағы олардың есімін ұрпақ есінен өшіруді ойлайды. Жанқожа Нұрмұхаммедұлы – осындай екіұдайлықтың құрбаны болған күрделі тұлға. Зымиян идеология мен сұрқия саясаттың жетегіне еріп, хас батырын қаралап, есімін ел есінен өшірмекші болғандар қаншама... Сырдария егінші-шаруаларының қарулы көтерілісіне басшылық еткен Жанқожа батырдың отаршылдыққа қарсы «ақ патшаны» абыржытқан 1856–1858 жылдардағы көтеріліс сипаты күні кешеге дейін «реакцияшыл», «буржуазиялық-ұлтшылдық» санатында кері насихатталып келді. Ал мұның өзі қаншама жыл бойы қалың жұртты шынайы тарихтан алыстатты. Әрине, Қазан революциясы қоңырауынан кейін Жанқожаның ұлт-азаттық жолындағы қанқұйлы қимылы қаһармандық ретінде бағаланған пайымдаулар да жоқ емес еді. Яғни, әдебиетші ғалымдар С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев т.б. өздерінің ХІХ ғасыр әдебиеті тарихына арнаған еңбектерінде Жанқожа, Есет қолбасшылықтарын орынды атап көрсетіп, ел қорғаушылық тұлғаларын танып, олар бастаған көтерілісті ұлт азаттығы үшін жүргізілген деп бағалаған.

Өткен ғасырдың 70–80-жылдарына дейін Жанқожа, Есет батырлар бастаған көтеріліс туралы тарихшы, әдебиетші қауым арасында қызылкеңірдек пікір таластың қадасына айналған өзара дау-дамайдың болғаны белгілі. Жанқожа бастаған Сырдария қазақтарының қозғалысын нақты зерттеген тарихшы Т. Шойынбаев Жанқожаның күресін және оның өз басын халықтық сипатта болды деп дәлелдейді [172, 14-б]. Сонымен бірге тарихшы В. Шахматов өзінің еңбектерінде Жанқожа, Есет бастаған көтерілістерді ұлт азаттық қозғалыс деп қарайды [173, 66-б]. Тарихшы Е. Бекмаханов Жанқожаның өзін де, ол бастаған қозғалысты да бастан-аяқ діншіл-ескішіл бағыттағы қозғалыс деп бағалайды [174, 16-б]. Ірі тарихшының бұл жансақ, қым-қиғаш пікіріне илана қою қиын-ақ. Тіпті оның әйгілі «Казахстан в 20–40 годы ХІХ века» атты еңбегінде мынадай жолдарға кезігеміз: «Жанқожа да, Есет те Кенесарының патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бірігіп күресу туралы ұсыныстарын қабылдамады, өйткені Кенесарыны олар өздерінің саяси бақталасы деп қарады...». Ермұхан Бекмаханов секілді тарих алыбының мұндай атүсті, дәйексіз пікірлерді айтуында әрине белгілі дәрежеде объективті себеп-салдардың да әсері жоқ емес-ті.

Ғалым Б. Шалабаев тарихи деректерді еш бұрмаламай, Жанқожа көтерілісіне дұрыс бағасын береді, «Жанқожаның Сыр бойының қазақтарын қорғап, Қоқан, Хиуа хандықтары мен Патшалық Ресей басқыншылармен отыз жылдай өз бетінше соғыс салғаны тарих беттерінде өшпестей жазылды. Сыр бойына бекініс орнатып, емін-еркін жайғасқан Бабажан бектің жергілікті халықты басып-жаншыған алым-салықты үсті-үстіне көбейтіп, бермегендерін сабап, кейде өлтіріп, қыз-келіншектерді зорлауы, осылайша жергілікті халықты басып-жаншыған зұлымдығы мен айуандығы Жанқожаны елінің бостандығы, еркіндігі жолында атқа қондырды. Бұл оның

сол кезеңдегі ауыл мен ауылды шаңдатып, малына бөрідей тиюді кәсіпке айналдырған барымташыдай, болмаса өзінен күштінің сойылын соғып, айтқанына көніп, айдауында жүрген сатқын сұлтандардай емес, әр кезде халықтың жағында екендігін танытады.

Бабажан бекінісі Бесқаланы алуда қазақ батырлары бірігіп, Хиуа бекінісінің тас-талқанын шығарады. Қоқанның салық жинаушысы Имағамбетті және Бабажанды Жанқожа батыр өлтіреді. Бұдан кейін де Жанқожа бастаған Сырдария қазақтары Хиуа әскерінің тонаушылық шапқыншылығына тойтарыс беріп, Хиуаның Сырдарияда орнығуына қарсыласып бағады. 1843 жылы Жанқожа Қуандариядағы Хиуа бекінісін жойса, 1845 жылы Жаңақала бекінісін қалпына келтіруге жіберілген екі мыңдай хиуалық отрядтың бетін қайтарады. Хиуа ханы қаншама рет жеңіліске ұшыраса да, қарсыласуын қоймайды. Олар өздерінің қару-жарағына, армиясына сенетін. Себебі қару-жаракты хиуалықтар ағылшындардан сатып алатын. Солай бола тұра «елдің шетінде, жаудың бетінде» отырған, найза мен қылыштан басқа қаруы жоқ Кіші жүз елі батыстан қаптаған зеңбірек, мылтықпен қаруланған мықты күшке, олардың зорлық-зомбылығына қарсы тұруға мәжбүр болған.

Сыр еліне тізесін батырғандардың екіншісі – қоқандықтарға қарсы күресте, соның ішінде Созақты алғанда Жанқожа батырдың есімі ерекше аталады.

Созақты алсақ осыдан,
Қоқанның туын құлатып,
Сүйекті туған ерлерге,
Табылмас бұндай азаттық, –
деп, Созақ бекінісінің алдында Жанқожа батыр бастаған Кіші жүз қолына жігер берген батырдың жырауы Төремұрат Кенесарының жырауы Доғалақпен айтысқанда:

Үш жүзден Жанқожа ағам әруағы асқан,
Жәкеңе күші асып, кім таласқан?!
Бұза алмай Кенесарың үш күн қамап,
Ақыры бас сауғалап тұра қашқан.
Өтірік пен Созақтағы бұл оқиға,
Артынан Жәкең бұзып, қақпаны ашқан, – деп шындықты көптің алдына жайып салып, Жанқожаның даңқын асырады» [171].

Тарихи деректерге жүгінсек, үш жүздің басын қосып, Қоқан хандығының отаршылдығына қарсы соғысуды мақсат тұтқан Кенесары Жанқожадан да көмек сұрап, Созаққа қоқандықтарға келуін өтінеді. Бұл шақыруды қабылдаған Жанқожа батыр Тоғанас, Қыстаубай, Сатыбалды, Көпжасар, Қызылбас палуан сынды батырлар бастаған 500 сарбазымен Созаққа аттанады. Қамалды алуға алдын ала амал-айла ойластырып, соғыс тәсілін шебер пайдаланған Жанқожа батыр Созаққа қоқандықтарға көмекке келе жатқан екі жарым мыңдай әскердің алдын ұрымтал тұстан тосып алып, бытшытын шығарады. Қолдың бас батыры Тағанды тірілей қолға түсіріп, он сарбазымен Созақта күтіп отырған Кенесарыға апарып береді. Одан кейін

Қоқан хандығының қазақ даласындағы мықты бекіністерінің бірі саналатын Созақты алуда да ерлігімен көзге түседі. Жанқожаның Созақ бекінісіне шабуыл жасағанда зор қайрат жасап, қамалды алғанын Қ.Бекхожиннің артында қалған мұраларынан да кезіктірдік. Сол жорықта Жанқожаға Кенесарының риза болғаны сондай, Созақ өңіріне хан көтермекші болады. Сонда Жанқожа батыр: «Біз бұл жердің халқын билеу үшін келгеніміз жоқ. Біз қоқандықтарды қудық, енді ұлы және орта жүздердің ішінен басшы сайлаймыз. Олардың жері ғой, өздері басқарсын. Біздер елімізге қайтамыз», – деген.

Тарих сахнасында Жанқожа батырдың тағы бір көрінетіні – 1856–1857 жылдардағы патшалық Ресейдің отаршыл саясатына қарсы шыққан ұлт-азаттық көтерілісі. Қазақ жерінің әр аймағында Махамбет Өтемісұлы, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер қазақтың басын біріктіріп, бостандықты ту етіп, озбырлыққа қарсы қарсылықтарды ұйымдастырған. Ал патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы шыққан қазақ батырларының ішінде Сыр бойындағы азып-тозған халықтың азаттығы жолында жасы сексеннен асса да, аттан түспей ел бақыты үшін күрескен халық батыры Жанқожаның орны алабөтен. XIX ғасырдың өзінде-ақ орыс ориенталисі И.В.Аничков Жанқожа батыр жайында: «Біз Орта Азиядағы түркі тайпаларының бас бостандығы мен тәуелсіздігі үшін шыбын жанын шүберекке түйген Кенесары, Көтібарұлы Есет, Садық және басқалар тәрізді атақты Жанқожа әулиені күллі қазақтың аты шулы батырлары мен дала қаһармандарының санатына толық жатқыза аламыз», – деп, баға берсе, XX ғасырдың басында М.Тынышбаев: «Барлық үш орданың ең бір атақты батыры және биі қазақтың бостандығы үшін күрескен Жанқожа батыр (Әлім, Шекті) орыстарды да, хиуалықтарды да, қоқандықтарды да, хандарды да мойындаған емес», – деп жазып кеткен. Оның үстіне «Кіші жүздің тарихы қанмен жазылған» деп баға берген Халел Досмұхамедов: «Патша өкіметінің құрығынан құтылу үшін Кіші жүздің істеген істерінің біз бірқатарын ғана білеміз. Бұлардың ішінде көпке әсер беріп, бүтін жұртын қорғағандары мыналар: 1785–1800 жылдардағы Байұлы Сырым батырдың көтерілісі. Екінші, 1830–1845 жылдардағы Байұлы Беріш руынан шыққан Тайманұлы Исатай мен Өтемісұлы Махамбеттің көтерілісі. Үшіншісі, 1850–1860 жылдардағы Әлімұлы Шекті руынан шыққан Нұрмұхаммедұлы Жанқожа мен Көтібарұлы Есеттің көтерілісі», – дегенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс жеңіліс тапқанымен оның қазақ халқының тарихында ірі прогресшіл рөлі болды. Бұл туралы ғалым Х.Маданов былай деп жазады: «Біріншіден, бұл қозғалыс бұқараның кереметтей саяси мектебі ретінде көзге түсті. Қазақ халқының патшаның отарлау саясатына кейінгі жылдардағы қарсылығы осы көтерілістің негізінде өсіп дамыды. Оның сабақтары отарлау саясатының қаншалықты озбыр, қанішерлік, халықтың тәуелсіздігін аяқасты етіп отырған саясат екенін түсінуге, оған қарсы күресте өзінің еркі мен жігерін ұштауға көмектесті». Тарих қойнауына үңілсек бұдан кейінгі XIX ғасырдың 50–60 жылдарында көтерілістер дәл осы күрестің негізінде өріс алды. Есет Көтібарұлының 1853–

1857 жылдардағы, Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 1856–1858 жылдардағы, сол сияқты 60–70 жылдарда болған өзге көтерілістердің біреуі де өзінің қарқынымен, маңызымен Кенесары бастаған халық бұқарасының қуатты да сұсты қозғалысына тең келмейді. Сондықтан да оның жаншылуымен патшаның Қазақстандағы экспансиясына қарсы тұрған соңғы кедергі жойылған еді. Алайда қазақтардың патша үкіметінің отарлау саясатына қарсылығы бұдан кейін де ешбір толастамады. XIX ғасырдың 40–50-ші жылдары Ресей Сыр бойын толық отарлау үшін 1853 жылы Ақмешітті алған соң Сырдария әскери шебін құрды. Бекіністер салу кезінде қазақтарды орналастыру үшін қазақтың үш мың үйін Сырдария өзенінің арғы жағына (яғни шөл далаға) зорлап көшірді. Орынбор генерал-губернаторы Перовский жергілікті халықтың егін салуына қарсы болды, оған себеп қазақтарды астық мәселесінде түгелдей Ресейге тәуелді ету болатын. Осыған байланысты казактар арықтарға су шығартпай қойды. Әбден ашынған халықты бастап Жанқожа көтеріліске шығады.

XIX ғасырдың ортасында хандық билік түбегейлі жойылып, орыстың отаршылдық саясаты басқару жүйені өзгертіп, хан мен қара халық арасындағы бірлік бұзылды. Патшалық Ресей Сыр бойында 1847 жылы Райым бекінісін, 1848 жылы Қосарал фортын салып, өз үстемдіктерін жүргізу саясатын қолға алды. Орынбор басшылығына генерал-губернатор В.А.Перовский келген кезде Жанқожаның орыстармен қатынасы суып, араға салқындық түсе бастайды. Бекіністер салу арқылы үстемдіктерін орнатуға көшеді. Орынбор шекаралық комиссиясының Сырдария жүйесі бойынша өкілі И.Осмаловскийдің көмекшісі, тілмаш Мұхамеджан Ахмеров алым жинауға шабармандарын Жанқожа батырдың ауылына жұмсайды. Жанқожа «Орыс заңында мұндай салық мүлде жоқ», – деп халқының мойнына түскен ауыртпалықты бір өзі көтеріп, хабаршыларды қуып жібереді. Жанқожа өз қарабасы емес, халқының тыныштықта өмір сүруін тілейді. Тізесін батырған отаршыл Ресейдің алым-салықтарынан, езгісінен қалжыраған қазақтың халін өз көзімен көріп, шыдай алмаған 82-дегі батыр қолына қаруын алып, алпауыт мемлекетке қарсы шыққан шағы – 1856 жылдың желтоқсан айының соңғы күндері. Әуелгіде 1500 сарбазбен көтерілген Жанқожа батырдың маңайы көп ұзамай 5000 көтерілісшіге толыққан. Көтерілісшілер Қаратөбе маңында Л.Булатовтың отрядына бірнеше рет шабуыл жасайды. Ашу-ызасы қайнаған халық жан алып, жан беріседі. Соғыс тактикасын орнымен қолданған Жанқожа Булатовқа соғыста өзінің артықтығын көрсетеді. Жеңілуге қараған Булатовтың жағдайын естіген Орынбор генерал-губернаторы В.Перовский қатты алаңдағаны сондай, ол генерал-майор Фитингофт бастаған 300 атты қазақ, 320 жаяу әскер, 1 зеңбірек, тағы да басқа қару-жарақтармен қоса сұлтан Елекей Қасымов бастаған бірнеше жүз қазақ жасағы бар жазалау отрядтарын аттандырады. Патшалық Ресей үшін қазақтарды айдап салу тиімді болды. Алғашқы кезде Жайық қазақтарын (1773–75 жылдардағы Е.Пугачев көтерілісінен соң Орал қазақтары деп атала бастаған) Ресей үкіметі қазақ жерлерінің Батыс жағын жаулап алуда алғы шепте ұстағаннан кейін Орынбор, Сібір және Жетісу қазақ әскерлерін құрып, оларды қазақ

жерлерін түпкілікті отарлау үшін отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістерін басу үшін де пайдаланды.

1856 жылы желтоқсанда Жанқожа төрт-бес мың шаруаларымен (негізінен садақ, найза, балта, айырмен қаруланған) Қазалыны қоршауға алады. Оған қарсы бір зеңбірек, екі ракеталық станок, 54 штуцер мен қаруланған үш жүз аттылы казактар, 320 жаяу, оның үстіне башқұрт отряды мен Елекей Қасымов бастаған 500 адам, Арал флотилиясы көтерілісті басуға жіберілді. Желтоқсанның 25-күні түнде бекіністегі казачествоның аттарына дайындалып қойған жүз бес шөмеленің барлығына ат қойылды. 1857 жылдың қаңтарында патша әскерімен ұрысқан кезде Жанқожа жасақшыларының саны бес мыңға жетті. Сол жылы 9-қаңтарда Арықбалық деген жерде көтерілісшілер жеңіліс тапты.

«Жанқожа – білек пен жүрекке сүйенген адам ғана емес, ол – ойлы стратег, шебер дипломат, парасатты би. Жанқожа өзіне қарасты қазақтар арасында егіншілікті дамытуға, бөгендер салуға күш жұмсайды. Оның экономикалық және саяси қызметінің прогресшіл сипатын Арал және Сырдария қазақтарын басқару жүйесіне енгізген өзгерістерден де көруге болады. Батыр көп ісегінде жеке басының мүддесін қоғамдық мүддемен ұштастыра отырып әрекет етуге көңіл бөледі. Бұл жағдай оны өзінің жеке билігін нығайтуға ғана тырысқан тұлғалардан ерекшелей түседі», – дейді тарихшы ғалым, профессор Көшім Есмағамбетов.

Бұл – Жанқожа батырдың адамгершілік бет-бейнесіне, тұлғалық қасиетіне берілген шынайы баға. Ал өз ортасынан шыққан батырды халқы ол өлгенде қабырғалары қайыса жоқтауы, ол жоқтаудың кейіннен халық толғауына айналуы Жанқожа рухын биіктете түседі.

1859 жылы наурыздың 19-күні жазалаушы отряд жорыққа шығып, алдынан кездескен ауылдың бәрін атып-шауып, тонайды. 1860 жылы Жанқожаны Е.Қасымов бастаған жазалаушы қарулы топ өлтіріп кетеді. Шындығында, Жанқожаның өлімі қапыда болды. 1860 жылы Қызылдың ішінде отырған батырды өлтіру мақсатымен жанына қолшоқпарларын ертіп барған Елекей сұлтан қолын өзі қанға былғамай, Жанқожаға өштес рудың адамдарын айдап салды. Империялық саясаттың әрі қазақ арасындағы алауыздықтың, кекшілдіктің құрбанына ұшыраған Жанқожа батырдың ақтық демі таусылғанымен, оның қазақ үшін, халық үшін қасық қаны қалғанынша арпаласып өткен ерлігін елі ұмытқан жоқ.

Тарихи жыр-өлеңдер – өткен ғасырлардың тарихи оқиғаларын суреттейтін жанды шығармалар, халық поэзиясының тамаша үлгілері. Тарихи жырлардың халық поэзиясымен үндесіп жатуында оның табиғатының жақындығы әсер етеді. Нағыз халықтық позиция мен демократия қазақ әдебиетінде Махамбет творчествосынан басталатынын ескерсек, оны түсіну қиын емес. Қазақ даласында жан-жақтан анталаған жаудың жымысқы саясаты, олардың жергілікті халыққа тізесін батыруы, одан қалды басқыншылардың ығына жығылған қазақ байлары мен төрелерінің озбырлығы, зорлық-зомбылығы сол кезең әдебиетіне, соның ішінде өрістеп дамыған поэзияға қатты әсер етті. Ел азаттығы мен

бостандығы жолында халықтық поэзияның дамығаны осы тұс. Бір жағынан күресшіл поэзия өкілдері Махамбет, Дулаттың жырлары өз дәуірінің өзекті мәселесін жырласа, екінші жағы – Мұрат ақын, Нысанбай, Ығылман, Төремұрат жыраулар өз заманы туғызған батырларды тарихи жырларының қаһармандарына айналдыру арқылы ерлікті дәріптеді. Бұл жерде Мұрат ақын – Мұрат Мөңкеұлын тек ақиық ақын ретінде ғана емес, халықтың ардақты ұлы Махамбеттің өлеңдерін жұртына шашау шығармай жеткізуші, әдебиет тарихының білгірі, мұратанушы ретінде бағалауымыз керек. Мұрат пен Ығылманның Махамбетті халқымен қайта табыстыруы – қалың қазақтың игілігі үшін жасалған азаматтық іс. Махамбет – Мұрат – Ығылман сабақтастығы ұлы мұраны бүгінгі күнге жеткізген қасиетті керуеннің алтын көпірі болып қалды

Садағын сала байланса,
Астана жұртын айналса,
Бес қаруын белге ұрса,
Ат үстінде күн көрсе,
Арып ашып шөл көрсе,
Тебінгіні теріс тағып,
Темір қазық жастанып,
Қарындас үшін қан жұтса –

Ол ержігітке жарасар! – деп, патриоттық пафоспен тереңнен жырлайды, тарихи жырлардың мазмұны, идеясы арқылы халықтық поэзияның өскенін аңғартады. Қазақ поэтикасының ішінен халық поэзиясы деп бөле-жара қарайтын себебіміз, халық ақындары дүниеге әкелген шығармалардың дені шынайы, саясаттың ыңғайына жығылып, саяси оқиғаларға жалтақ жауап бермейтін шымыр, халық үшін жанын аямаған ерлердің іс-әрекеттерін сол қалпынша баяндайтын жыр-өлеңдерден тұрады. Ақын-жыраулар шығармаларының негізгі ұстанымында ұлттық идея жатыр. Ол – отаншылдық, патриоттық, ұлт үшін жанын қию секілді асқақ сезімнен туындайтын азаттықты аңсау, бостандықты жыр ету, тәуелсіздікті ту ету. Тарихи жырлардың батырлық жырлармен тұтастықта қаралатын бір ерекшелігі де осында, жыр өлеңдер, толғаулар мен дастандар халық жадында жатталып, халық санасында өшпестей сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетуінде. Бірі ауызша ел аузында жүрсе, бірі жазбаша күйінде қолжазба қорында жарыққа шығуын күтті. Тәуелсіздікті аңсаған жырлардың еліміздің тәуелсіздікке қол жеткен тұста оқырманмен қауышуында санада жаңғырған рухани заңдылықтың жатуы бекерден-бекер емес. Ендеше тарихи жырларды тәуелсіздік аңсаған алапат күш пен ұлттық рух жаңғырығындағы поэзия тасқыны, замана сыры деп толық түрде айта аламыз.

Жанқожаның ерлік істерін айта келіп, Б.Шалабаев, «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы хақында, ақ патша әскерінің Сыр бойындағы алғашқы қадамы туралы «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлы» атты тарихи очерк жазып, оны 1894 жылы Қазан қаласында бастырып шығарған И.В.Аничков осы еңбегінде сахарада өткен сайыпқыран батырдың далалықтар арасындағы абырой-атағына таңқалып: «Осыдан елу жылдай

бұрын қайтыс болған батырдың есімін, істеген істерін білмейтін, ауыздарынан суы құри отырып айтпайтын бірде-бір ауыл, бірде-бір үй жоққа тән» деп жазыпты. Расында да, Сыр бойы жұрты қаһарман батыр, әулие баба туралы шындық пен аңызға тізгін берсе, ол сарқылмайтын сырға, таусылмайтын жырға бастайтыны рас» [171], – деп өте орынды атап өтеді.

Жанқожа батыр туралы жазылған батырлық және реальды тарихи жыр-поэмалардың хронологиялық жүйесі де бір ізге түсірілмеген. Ендеше, ХІХ ғасырдың аяғында Қазан қаласында татар тілінде жарық көрген «Жанқожа батыр» деп аталатын қысқа эпостық үзіндіні Мұсабай жыраудың белгілі жырының алдына түсіруге тиіспіз. Жанқожаның ерлігін насихаттайтын жырлардың басында Мұсабай жыраудың «Жанқожа батыр» туралы тарихи жыры тұрғанын ғалымдар мойындайды. Өздерінің батыр туралы жырларды талдаған еңбектерінде де ең әуелі осы жырды арқау етеді. Тек бұл Жанқожа батыр туралы тарихи жырлардың алғашқысы емес, Веселовскийдің жинағында берілген «Жанқожа батырдың толғауы» қазақ халқының ұлт-азаттық, бостандық жолындағы бұқаралық күресі сипатталған тарихи жырлардың ішінде алғаш баспа бетінде жарияланған нұсқаның бірі болғандықтан, оның орны ерекше. Мысабай жырлаған бұл жырды жыраудың өз аузынан 1893 жылы орыс ориенталисі И.В.Аничков жазып алған. Одан Н.И.Веселовскийдің «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае» атты кітабында жарияланған. Жыр Жанқожа батырдың ата-тек шежіресін баяндаудан басталады. Ал, Мұсабай жыраудан жазылып алынған сюжетті ұзақ толғаудың орны бөлек екенін ерекше атап айтқан жөн. И.В.Аничков өз еңбегінде ел арасында ауызша тарап жүрген аңыз-әңгімелердің «...ең көбін батыр туралы әңгіме-аңызды төкпей-шашпай сақтай білген, оның ең жақын туысқаны боп келетін, барлық айтушылардың әр түрлі нұсқаларын түгелге жуық жинаған, Майдан аталығынан тараған атақты Мұсабай жыраудан есіттім» дейді. Бұл да Мұсабай сияқты эпик жыршының эпикалық білімі мен жад қуатының өте жоғары болғандығын айғақтайтын құнды мәлімет.

Тарих тереңінде қазіргі ұрпаққа берері көп талай сыр кезігері аян. Сан ғасырлар бойы аты сақталған бабалардың ақыл-ойын, арман-мүддесін келер ұрпаққа дарытар ырыздық несібесі мол айтар сырын бейнелейтін ел есінде қалған сөз құдіретінің өрнектері қазірде маңыздана түсуде. Бұл ретте ХІХ ғасырдағы тарихи жырлардың орны алабөтен. Солардың ішіндегі «Жанқожа батыр» жыры ұлттық әдебиетіміздің антологиясына енетін көркемдік арнасындағы елеулі туындылардың бірі ретінде бағаланбақ. Дастанның тарихи-танымдық ғибраты, идеялық-композициялық бітімі, көркемдік-стильдік өрнектері қазақ поэзиясының эстетикалық тағылымын, ұлттық сипатты болмысын таныта алады.

Жырдың шығу төркіні төңірегінде әңгіме арқаның ағытып, бір нұсқасының авторы белгілі, тақырып нысанындағы материалдар нақты дәйек-деректер бойынша жырланған, мазмұны мен пішіні әдебиеттің заңдылықтарына сәйкес тарихи тақырыптағы дастанды әдебиеттану қисындары бойынша қарастыра келе, әдебиетші Б.Шалабаев жырдың

тұңғыш, енді бір нұсқасын авторы беймәлім халық поэмасына деңгейіне көтеріп оны фольклортану аясында зерделеп іздестіреді: «Сырдария қазақтарының Қоқан, Хиуа хандықтарымен патша үкіметінің отаршылдық әрекеттеріне қарсы жүргізген «заңды және тарихи әділетті» көтерілісі туралы халық арасында туған бірталай шығармалар бар. Солардың ішінде айрықша орын алатыны – Жанқожа батырдың есіміне байланысты жыр. Жанқожа туралы бір жырды Мұсабай жыраудан алғаш рет Аничков, Веселовский жазып алып жариялаған. Мұнымен қатар Жанқожа жайында кейін ел аузынан жиналған авторы белгісіз тарихи дастан бар.

Бұлардың бәрінде де Жанқожа бастаған қозғалыстың әр кезеңін, әсіресе Жанқожаның патша үкіметіне және Хиуа бектеріне қарсы күрестерін, оның өмірінің соңғы мезгілдерін баяндайды. Алайда идеялық, көркемдік жағынан бұл аталған үлгілер ала-кұла, идеялық қайшылықтар да кездеседі. Жанқожа жайындағы тарихи жыр, аңыз әңгімелердің ішінде көлемі кең, мазмұн, көркемдік жағынан құндысы «Жанқожа батыр» деп аталатын халық поэмасы. Бұл поэма әлі күнге жарыққа шықпай, көптеген өзге фольклор шығармалары тәрізді, ел аузында сақталып кеп бізге жеткен. Поэмада Жанқожаның күрес әрекеті, көтерілісі, жорықтары түгел көрсетілмеген. Бірақ солардың дені қамтылады» [171, 603-б].

Әдебиетшінің жырдағы тарауларын жете саралап, майын тамызып, жіліктеп талдайтын мына бір тұсына үңілсек: «Поэманың төртінші тарауының мазмұны күрделі, қызық құрылған. Мұнда, Қоқан бегінің қолынан қаза тапқан Қасымның асына барған Жанқожамен Кенесарының кездескені айтылады. Кенесары әкесін өлтірген қоқандықтардан кек алу үшін Жанқожа батырдан көмек сұрайды. Батыр мен Кенесары ақылдаса кеп, Қоқан ханынан қарымта алуға, ондағы қорлықта жүрген қазақты азат етуге серт байласады.

Жанқожа екі мың әскермен Кенесарының қолына қосылып, жолда көп қаланы алып, Созақты кеп қоршайды.

Қорған бұзылса да, қоқандықтар қазылған ордан өткізбей оқ жаудырып, қазақтар қырғынға ұшырайды. Ұлы жүз, Орта жүз сарбаздары неше рет барып, қамалды ала алмай қайтады. Бүкіл қазақ қосынының қолбасшысы Кенесары Жанқожаға:

Ендігі кезек сенікі	Жолың жеңіл ер едің,
Кіші жүздің баласы,	Енді батыр өзің бар.
Сен қалдың жалғыз сақтанып,	Ертеңге шейін баптанып, –

дейді.

Жанқожа, Төремұрат дейтін жырауға әскерлерді рухтандыру үшін насихат сөйлетіп, өзі он жігітпен қаланы айналып, торуыл, барлау жүргізеді. Төремұрат, қазақты құлданбақшы болған бөгде жаулардың халыққа салған бүліншілігін өлеңмен толғап, Хиуа хандығынан тартқан елдің зардабын «Ақтабан шұбырынды» оқиғасымен салыстырады. Жырау жауынгерлерді шабуылға құлшындырып, қолына ту алады. Бұл кезде, барлауда жүрген Жанқожа жаудың қамалына бұғып келеді.

Қамал бір дарбазасы бар, он төрт қатар арбамен қоршалған, айнала қазылған ор екен. Жанқожа алдымен қамалдың ортасындағы биік қорғаннан оқ жаудырып жатқан мергендердің бастығын атып түсіреді. Сөйтіп, қазақ қосындарына жол ашу үшін, дарбазаның үлкен құлпын бұрап тастап, қақпаны ашып өзі ішке кіреді. Жауды қирата жеңеді» [175, 330–331-бб].

Жыр көп басылып таралмағандықтан, оның толық мазмұнына талдау жасай келе Б.Шалабаев, халық ауыз әдебиетіндегі Жанқожа батыр жайындағы түсінікті тарихи деректермен салыстыра отырып, солардың арасындағы айырмашылықты байқауды мақсат тұтқан. Жырдың қат-қабат тартыстарға толы, дүрмегі мен дүрбелеңіне бай, шытырманы мен шырғалаңы мол композициялық желісінің басты оқиғасы Жанқожаның Хиуа, Қоқан хандығымен ұстасып, осы хандықтардың қазақты билеу, қанау ісінде қол шоқпары болған «әкімдермен» болған соғысы. Қол астындағы қазаққа ХІХ ғасырда тырнағын батырып, реті келсе бүткіл қазақ даласын отар етуге тырысқан елдің бірі Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы 1821 жылы Ұлы жүз қазақтары көтерілгендігі тарихтан белгілі. Бұл көтеріліске он екі мың адам қатысып, ұрыс Түркістан, Әулиеата, Шымкент төңірегін түгел қамтығанмен де, ақыры бос қан төгіспен біткентұғын.

1841 жылы қазақ қолы қоқандықтармен қайра соғысты. «Бұл соғыс «Жанқожа батыр» поэмасының төртінші тарауында жырланған оқиғаның, тарихта шын болғанын дәлелдейді.

Кенесары төрт мың қолмен, бес мың әскер қорғаған Созақты алғанда, Жанқожаның Кенесарыға екі мың кісімен кеп көмектесуі рас. Осы жеңістің нәтижесінде, қоқандықтар бітім сұрап, бұрын басып алған қазақ жерін қайта қайырады.

Мұнан кейін, қазақтың Хиуа хандығына қарсы бас көтеруі, 1847 жылы болғандығы және бұл жылдар Хиуа хандығы салық төлемеген қазақ ауылдарына ылғи шабуыл жасап отырғандығы, тарихта анық болған істер. Осы секілді бір шабуылда кішкене шекті руының мал, мүлкі таланып, үйлері өртеліп, балалары суға лақтырылады. Сондай жауыздыққа қарсы орай соққы бермек болған Жанқожа, өз күшімен хиуалықтарды жеңе алмайтынына көзі жетіп, патша үкіметінен жәрдем сұрайды. Жанқожаға көмекке Райым (Қазалы) гарнизонының әскері келеді. Батыр, солармен күш қосу арқылы жауын жеңіп, Хиуа хандығы қол астындағы қазақты азат етеді.

«Жанқожа батыр» жырының үшінші тарауы осы тарихи фактының ұзын ырғасына құрылған. Бірақ, кейде жырдың мазмұны мен тарихи деректердің бір-біріне сәйкес келмейтіндігі де бар» [175, 332-б]. Б.Шалабаев осындай тарихи параллелизм жүргізу арқылы көптеген сюжеттік желілер мен қисындардың тарихтан алынғандығына көз жеткізіп, заманауи көш керуенінің шежірелік ұқсас әуендердің сыбызғы сазы жырға өзгеше әсерлік пен сенімділік дарытқанын айғақтайды. Әсіресе Жанқожаның поэмадағы қазасы туралы әдебиетшінің төмендегі пайымдауы ерекше: «...халық сүйікті батырын өлімге қимағандықтан, поэмада, Жанқожаны жау ұстап абақтыға салады, онан ешкім қайтпайтын еді дегендей етеді. Жанқожаны шынында, 1860 жылы, 80 жасында патша әскерімен және қазақтың оған қосылған

әкімдері өлтірген. Батырдың өлуі былай әңгімеленеді: Патша үкіметіне сатылған Табын руының адамдарымен қамаған әскерден қашып құтыла алмайтынын сезген Жанқожа, үйінің жанындағы бір төбешіктің басына шығып намаз оқиды. Айбынды ерден сескен жаулары жақындай алмай, алыстан атып өлтірмек болады. Бірақ, батырдың басындағы қалқан, үстіндегі сауыт денесіне оқ дарытпай, жаудың бір мергені, өндіршегін кезеп атқанда барып құлайды. Қастасқан жауына иілмей, ұстанған жолынан таймай, Жанқожа батыр нағыз ерлік өліммен осылай қаза табады» [175, 333-б].

Зерттеуші жыр мазмұнының бүгесі мен шігесін, ұңғыл-шұңғылын байыпты ғана тізіп шықпай, мейілінше оның идеялық-композициялық құрылымына, көркедік-эстетикалық бітіміне, көркемдік-стильдік өрнегіне баса назар аударып өз зерттеуін салмақты оймен, сабырлы түйінмен тәмамдайды, «жырдың композициясына нұқсан келтірерлік бос баяндау, артық сөз, селкеу оқиға жоқ... Халық поэмасының идеялық-композициялық бағыты анық, эстетикалық мұраты айқын, көркемдік дәрежесі биік те бедерлі, мазмұны терең әрі мағыналы. Поэманың оқиға дамуы мен композициялық құрылысында, тарихи жырлардың белгісі түгел сақталады. Бас қаһарман Жанқожаның тууы, өсуі, әке-шеше, үй-іші, жеке басы туралы жайларға назар аудармай, оның тек тарихта жұрт көзіне көрінген әрекеті ғана әңгіме болады. Ол әрекеті – Жанқожаның туған елін, оның ар, намысын қорғай білгендігі, өжеттілігі, батырлығы болып шығады. Поэманың көркемдік қасиеті – осы негізгі идеяның оқырман санасына шебер жеткізілгендігінде. Мысалы: Жанқожаның бейнесін алсақ, оның тұлғасы өз елін шын жақсы көру, сүюдің үлгісі дерлік. Жыр, «халықтың шын ұлы болсаң, Жанқожадай бол» дегендей» [175, 333-б]. Расында, солай еді. Жанқожа тек тарихи тұлға ғана емес, қаһармандықтың символына айналған әдеби көркем бейне.

Орыс мәдениетінде летопись-жылнамаларды түзу арқылы қоғамдық тарихқа альтернатива ретінде балама тарих жасалатын дәстүр бар. Ал, қазақ мәдениетінде Еуропа және орыс тарихшыларының қасаң теориялық қағидаларына малшынбаған, қоғамдық тарихтың босағасынан бейкүнә қараған ұлттық танымдағы шежірелік аңыз-тарих ғасырлар бойы ауызша жырланып келе жатқан эпостық мұраларымызды бірсыдырғы жақсы сақталған. Мұнда фольклортанушы ғалымдарымыз күні бүгінге дейін жөнді назар аудармай, қосымша, күмәнді дереккөз ретінде ғана қарастырып келе жатқан эпик ақын-жыршылардың өткен тарихқа деген авторлық көзқарасы, уақыт пен кеңістік талабы, орындаушының тарихты таразылай білуі, көңіл көкжиегі таныған тақырыбын өз дәрежесінде меңгере алуы сияқты жәйттер маңызды рөлге ие екенін айту ләзім.

Ресей архивтерінде Жанқожа Нұрмұхаммедұлына қатысты тарихи құжаттар мен батыр өмір сүрген дәуірдің шындығын шыжғырып һәм шиырып айтатын айғақтар аз емес. Солардың басым көпшілігі Ресей патшалығына Даланың шен-шекпенге құмар би-сұлтан, старшындары тарапынан жазылған «рапорттар» мен «донесениелер». Бұл құжаттардың дерегін батыр баба туралы күні бүгінге дейін жазылып, хатқа түскен батырлық эпос, тарихи жыр-поэмалар, дастандар мен қолжазба күйінде

сақталған кейбір айтыс өлеңдерінің үзінділері нақтылап, белгісін бекітіп, арқауын ширатып, барынша қуаттай түседі. Бүгінде мұрағат сөрелерінің еншілі мүлкіне айналып отырған деректі құжаттар мен құнды қолжазбалар қай заманда да терістеуге көнбейтін, кім балталаса да қирата алмайтын қамал тәрізді. Олардың түптің-түбінде әйтеуір бір жарық көретіні тағы ақиқат. Сондықтан Жанқожа Нұрмұхаммедұлы өмір сүрген тұтас дәуірдің шымшытырық тарихы, батырдың өмірі мен қазасының аңызы мен ақиқаты, жақатас ағайын арасындағы сағымның дірілдей толқып тұрған нәзік тін – сонау оқиғалардан қалған аталар тарихының ұмытылмас іздері, бәрі-бәрі бұл байтақ тақырыптың болашақ зерттеушілеріне ауыр салмақ артып, жауапты сынақ жүктері хақ.

Келер күндерде аталмыш деректер мен Жанқожа батырға қатысты барша тарихи жыр-дастандардың басын біріктіріп, фольклортану ғылымының озық теориялық талаптарына сай әр жырды жеке вариант-нұсқа ретінде қарастырып, бас-аяғын түгендеп жарыққа шығару мәселесі тұр. Болашақтағы боямасыз шынайы тарихқа алып баратын басты қадам да, батыр бабаның кесек тұлғасын аңыздар сорабынан арши түсетін құнды дереккөз де, талай ғылыми зерттеуге арқау болатын баян да осы болмақ. Ендеше, Жанқожа батыр туралы жазылған реальді тарихи жыр-поэмалардың басын қосып, әрбір жырды төлқұжат-түсініктемесімен, сипаттама-анықтамасымен, шығармада кездесетін жер-су атаулары мен тұлғалар тарихын толықтай жүйелеп, атадан қалған асыл мұраны дербес жинақ етіп бастырып шығару ісі сылтау көтермейтін, кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Алаш жұртының бағы үшін туып, ары үшін ту көтерген Жанқожа баба туралы «Жанқожа батыр» халық дастандарының кезінде архивке өткізген көзіқарақты құймақұлақ дана ақсақалдарымыздың жазбаларынан алынып, сараланып, саптыаяққа құйған астай ел игілігіне айналып үлгергендігі қай заман. Осынау жырлармен дүркін-дүркін табысып, қауышып жатқан әр өскелең ұрпақ азаттық жолындағы шаһит болған ұлы сардарлар шындығын терең танып, тарихымызда әлі де толып жатқан ақтаңдақтардың көмбесін ашуға құлаш ұрады. Осы жолда «Жанқожа батыр» хақындағы әр жылғы жырларының көкейкестігі арта түсіп, ол шығармалардың азаттық құрбанына айналған Жанқожа батырға орнатылар зәулім ескерткіштің іргетасы болары анық.

Сөз өнерінің өз заңдылығы бар. Ешбір бұйрық, өктемдік пен әкімшілдік, базына ниет пен құрғақ тілек өнерге өктемдік жүргізе алмайды. Дәуіріміздің маңғаз, оғлан ақыны Мағжан Жұмабаев, «Қызыл тіл – кісендеулі қолым емес» деп күңіренсе, ұлы суреткер Мұхтар Әуезов «Заман толқыны тарих теңізінің жағалауында көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырады», – деп жазады. Бұл көркем өнердің мақсат-міндеттеріне қатысты айтылған аталы сөздер екені мәлім.

Көркем өнердің жұртшылыққа қызметі айрықша екенін ескерсек, оның маңызын терең түсіндіретін сыншы екені анық. Әдеби сын – әділет үшін күрес жанры. Қолына қалам ұстағанның бәрі де сынға барады. Бірақ, екiнiң бiрi нағыз сыншы емес. Шындықтан шыр айналып, жарамсақтыққа жол

берген жердегі сыншының тірлігі көк тиын. «Жақсы жазу үшін жақсы білу керек» деп, Стендаль айтқандай сыншы міндері айтқаны арқылы мойындалмақ. Алысқа бармай-ақ, қазақ сынының сырлы әлеміне сүрлеу салып келе жатқан берідегі М.Қаратаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, І.Омаров, Т.Ахтанов, З.Серікқалиев, С.Әшімбаев т.б. қаншама парасатты қылықпен құндылықтарды парақтап, асыл сөздегі пасықтықты аластады. Сыншылардың қатарына талайлар қосылып, табансызы тосылған тұстарда болғанына тек уақыт ғана төреші екендігі мәлім.

Әдеби сынды мұрат тұтқандардың бірі – Белгібай Шалабаев еді. Б.Шалабаев белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз, танымал сыншы болуымен бірге төл әдебиетіміздің алуан мәселелері жөнінде көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерін жазған білікті әдебиетші ғалым еді. Ол – қысқа әрі нұсқа жазған әдебиетші. Нұсқалы көркем сөздің ұстасы бола отырып, әдеби сынға да белсене араласқан. Қаламынан көркемдіктің інжу-маржанын төгіп, қазақ әдебиетіне, халқына қалтқысыз қызмет еткен, ұлтымыздың мақтанышына айналған Белгібай көркем әдеби талдауларға да, әдеби-сыни зерттеулерге де батыл бара алды.

Қазіргі дәуір – жақсы дәстүрлерді қайта жаңғыртумен қоса жаңалықтардың да толассыз тууымен, кейбір түйінді мәселелерге жанаша көзқараспен қарап, онды баға беруімен өзгешеленеді. Бүгінгі қазақ әдебиеті де осындай жаңару, жаңаша ойлау жүйесімен бірлікте, тұтастықта қарастырылуда. Мұны құптау да, қолдау да қажет. Бірақ, өткеннің бәріне салауат айтып, мансұқ етуге болмайды. Сол себепті, біз ендігі жерде әдебиет зерттеушісі Белгібай Шалабаевтың қазақ әдебиеттану ғылымының іргелі арнасы, сүбелі саласы – абайтану мәселелері жөніндегі еңбектеріне, ондағы кейбір ой-пікірлеріне қайта оралып, маңызды қырларына тоқталып, түйінді тұстарын тарата сөз етуді, саралай қарастыруды мақсат етіп қойдық.

Абай Құнанбайұлы – ғасырлар бойына алалы жылқы, ақтылы қойын шұбыртып, қыс қыстау, жаз жайлау арасында көшпелі өмір кешірген қазақ халқының еркінен тыс бір сападан екінші сапаға ауысу процесі қауырт басталған, яғни орыс отаршылдығының зорлық-зомбылығының нәтижесінде өркениеттің өзге сатысына біржолата бет бұрған кезеңнің ғұламасы.

Оның ғұмыры мен шығармашылығы өткен тұс – «алды – жалын, арты – мұз» деуге тұратындай тұйықтаулы, соған сәйкес өліара, өтпелі заман. Кейінге қайырылар жол жабық, ілгеріден көрінген із көмескі еді. Расында да, қазақтар үшін бұл уақыт – «беймезгіл бір ауыр кезең», «тарихтың беймезгіл тығырығы» (Мұхтар Әуезов) беймезгіл тұс еді.

Батыс ойшылы Карл Ясперс: «Рух саласындағы аса ұлы құбылыстардың өткел ретіндегі мәні әрі аяқтау, әрі бастау болып табылады. Олар аралық міндетті атқарып, тек белгілі бір тарихи дәуірдің еншісіне ғана бұйырған ақиқатты айқындайды; ал мұның бейнесі адамдардың жадында өшпестей сақталады, бірақ ендігәрі қайталануы да, тыннан тууы да мүмкін емес. Адамның ұлылығы, бәлкім, осындай өткелден өрбіп-өнетін болар», – деп жазыпты. Бұл тұжырымның Абай тұлғасын тануда да септігі тиеді. Себебі, ұлы ақынымыз қазақтың өзіне дейінгі бүкіл ішкі дамуының қайталанбас

қорытпасы болуымен бірге, болашақтағы ел жайғасып-жайылар соны қоныс, тың өріске жол нұсқаған кемеңгері де еді.

Құдайберген Жұбановтың: «Абай – өз ортасының Данте сияқты адамы», – деп оның бойынан ренессанстық, тың реформаторлық сипат іздеуі әсте тектен-тек емес.

Абай жорықшы жыраулар жолын тұтынған дабыл мен дауылдың жыршысы болудан саналы түрде бас тартып, тіпті батырлықты идеализациялауды да мақсат тұтпады; өйткені отаршыл империяға қарсы қарулы қарсылықтың жағдайы өткендігін білді («Кетті бірлік, // Сөнді ерлік, // Енді кімге беттемек?»); «Батырдан барымташы туар даңғой»).

Абай өзі шығармашылық тұрғыда едәуір нәрсе үйренген (бұл жайында енді ғана еркін айта бастадық!), сонымен қатар сын тезіне салған (мұны бұрын да жазып жүр) зар заман ақындарының гөй-гөйінен де шығандап ұзап кетті; неге десеніз, сол мезгілдегі азған жұрттың жексұрын кейпін жазғырумен шектелмей, келешекте бой көрсетер – ақын идеалындағы – жаңа тұрпатты қазақтың келбетін де көзге елестетті. Әдетте күрт бетбұрыстар кезеңінде адам баласының әп-сәтте кешегіден күдер үзіп, деп-демде жаңаға жүгіне қоюы оңайлықпен жүзеге аспайды. Абайдың байырғыны бес саусағындай біле тұрса да, «өткен өмір – көрген түсті» дәрежелеп-дәріптеуге, елжірете ежіктеуге ұмтылмауынан даналық, даралық ұстаным белгі береді. Бұрынғыны көзсіз көксемей – ақынның кейде суреткерлік сырларының сыртында жататын, кейде олармен кірігіп кететін, елді тәрбиелеу, түзеу мақсатындағы ұстаздық миссиясының заман талабына орайласқан, аңғарыла қоймайтын астарларының бірі. Былайша айтқанда, бұл – дәстүрлі дағдыны бұзу, тың тарапқа сүрлеу тарту. Онсыз үлкен жаңалық жасалмайды.

Сонымен, Абай – қазақ халқының тарихи тағдырындағы екі сапалық кезеңнің арасындағы қылкөпірдей болған бейуақ тұстың ақыны.

Абайдың шығармашылық өмірі – қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы. Сондықтан оның ақындық жолын зерттеу бүкіл ұлттық әдебиеттің даму, есею кезеңдерін саралаумен ұштасады. «Әр ұрпақ Абай жөнінде өз сөзін айтатын болады. Абайтану есігі кімге де болса, ойы мен пікірі бар оқырманның бәріне ашық», – деп академик С.Қирабаев атап өткендей, әдебиетіміздің алыбы, қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбайұлы – бүгінгі күні ғылымның әр саласына түрен салған ерекше кемеңгер. Ақын туындыларының даналығы тек қана көркемсөз өнеріне қатысты немесе әдебиет пен тіл көлемінде ғана емес, әлемдік философия, дінтану деңгейіне дейін көтерілді.

Абай мұралары – қазақ әдебиетінің көп зерттелген әлі де небір құпиясы мол және әр қырынан бұдан да тереңірек зерттеуді қажетсінетін ғылыми үлкен салаға айналып отыр.

Кезінде ақынның мұрасын, оның өмірбаянын түсіндіру, талдау ісі отаршыл империяның және кеңестік «орыстандыру» саясатының үдесінен ғана шығатын біржақты зорлықшыл партиялық тәсілдің ауқымында түсіндірілді. Өткен ғасырдың 20-жылдар мен 30-жылдардың алғашқы

жартысы қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңінің басы боп, мол қиындықтармен айтыс-тартыстарға толы болғаны белгілі. Қазақ әдебиетінің тарихындағы көрнекті ақындар мен қазақ ғұламаларының басқасын былай қойғанда Ыбырай мен Абай феодал табының «шіріген бай-манаптарының» идеологтары немесе «миссионерлері» деп танылып, Шоқан шығармашылығын тану әлі қолға алынбаған болатын.

XIX ғасыр қазақ әдебиетінің тұтас дәуірін айқындап тұрған шоқтығы биік, тұлғалы дарын Абайдың әдеби мұрасы, әлеуметтік көзқарасы, дүниетанымы деген мәселелер төңірегінде зерттеушілер арасында толастамас дауға айналған сәттер мол болды. Әсіресе социалистік реализмнің қазтабан нұсқасындағы әдебиет пен өнерге таптық схоластика көзқарасы, деректі социологиялық өлшемдері, тұрпайы социологизм әдісі тұрғысынан қатаң қарайтын уақытта Абайдың марқұм басын, дүркін-дүркін дауға салып, әрі итеріп, бері тартып дегендей әдебиетші-сыншыларымыз біраз әбігерленді. Бұл ұзақ сонар сонау 1920-жылдардың аяғынан басталып, күні кешеге дейін сары аурудай созылып келгендігі мәлім. Абай шығармашылығы турасында 1920–30 жылдардағы пікір-таластардың жалпы күйін, хал-ахуалын дөп түсіріп, дәл айтып ашына, уытты сөзбен түйреген көрнекті абайтанушы М.Мырзахметовтың мына бір пікір пайымдауы дәлелдей түседі, «Абайдың әдеби мұрасының зерттелу тарихында 30-жылдардың соңына дейін орын алып келген тұрпайы социологиялық, формалистік, компаративистік жат танымдар мен РАПП-тың солақай саясаты үстем болып, пікір жүргізуі Абай мұрасын танып білу, зерттеу саласында басты кедергіге айналған келеңсіз құбылыстар көп зиянын, зардабын тигізіп, абайтану көшінің тарихи тура таным жолына түсуіне айтарлықтай тосқауыл жасап бақты». 30-жылдардың соңы мен 40-жылдары бұрынғыдан да күшейе түскен өктем саясаттың қатал қысымындағы әдебиеттің қасаң тартуының ішкі кілттипандары мен себептерін түсінуге болады. Зиялы қауым арасында әдейі тасталып отырылған жікшілдік оты, шегіне жете ушыққан таптық көзқарас зардабы, ұрандалып өткен кезеңдік науқандар мен саяси қудалаулар. «Саяси сенімсіз» деп танылып, «буржуазияшыл, реакцияшыл, алашшыл...» т.т. «шылдардың» айдары тағылған тек Абайдың басына қиындық әкелген жоқ, сол уақыттың саясатымен біте қайнастым деген ғалымдардың өзіне жайлы болмады. М.Әуезов сонау 20-жылдардың өзінде, Абай ұлтшыл буржуазия өкілі ретінде бағаланатын кезеңде, ақын мұрасына төніп келе жатқан қауіпті сезіп, оны «Ұлт ақыны» биігіне көтере бағалапты. М.Әуезовтің: «...революциядан бұрын Абай жөнінде ешнәрсе жазылмады, айтылмады деуге болмайды... Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған... Абайдың өмірі мен ортасын, еңбектерінің әр алуан сипаттарын, өз шамасынша, көпшілікке мәлімдеп отырған үлкенді-кішілі танытқыш сөздерді, деректерді еске алуымыз керек», – деген сөзін қай кезеңге көз жүгіртсек те, жадымыздан шығаруға болмайтынын да түсінеміз.

Абай шығармаларын жинастырып, бастырып, зерттеу жұмыстарының басталғанына ғасырға жуық уақыт өтті. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара

сөздерін текстологиялық талдаудан өткізіп, канондық мәтіндердің жасалғанына да жарты ғасыр!

Абай мұралары жөнінде алғашқы жазба деректерді «Дала уәлаяты» газетінен табамыз. Абайдың өмірі мен ақындығы туралы алғаш ғылыми негізде ой айтқан – Әлихан Бөкейханов десек, қателеспейміз. А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны», М.Дулатовтың «Абай», С.Нұржановтың «Наши поэты и литература», Екеудің (бүркеншік) «Абайдың өнері мен қызметі» және «Абайдан соңғы ақындар», Ғ.Сағындықтың «Абай», Ы.Мұстамбаевтың «Ұлы ақын Абай», Б.Кенжебаевтың «Абай» деген мақалаларын алғашқылар қатарында айрықша атап өтуге тұрарлық.

А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Әуезов, т.б. алып алаш арыстары іргесін қалаған, абайтану бүгінде өз алдына отау тіккен, көп іс тындырған, әдебиетіміздің тарихындағы дербес ғылыми сала.

Абайтану ғылымындағы аса күрделі әрі жемісті кезеңдердің бірі өткен ғасырдың қырқыншы жылдары болатын. Бұл жылдары абайтанудағы келелі мәселелерге сынның қосқан үлесі аз емес. Мысалы, 1940 жылы Абай шығармаларының толық жинағы басылды. Онда М.Әуезов жазған ақынның толық өмірбаяны берілді. Абай шығармаларының тұңғыш библиографиялық көрсеткіші Е.Ысмайылов, Қ.Бекхожин құрастыруымен орыс, қазақ тілдерінде басылып шықты. Бұл да сынның бір табысы дер едік. Себебі библиографиялық көрсеткіштерде негізінен бұрын-сонды жазылған сын-зерттеу мақалалар бір жүйеге түсіп нақтылануына, бар-жоғы түгенделуіне мүмкіндік жасалатыны жалпыға мәлім жай.

Сонымен қатар әдебиет тарихының өзекті арналарын зерттеу, оны жүйеге келтіруде сын ғылыми ізденістерге түрткі салып отырды. Қырқыншы жылы Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Мұрат Мөңкеұлы, М.Ж.Көпеев, Ә.Тәңірбергенов, С.Торайғыров сынды әдебиет тарихының көрнекті өкілдері туралы ғұмырнамалық әдеби-тарихи сипаттағы мақалалар жарияланды. Мұның бәрі классикалық мұраны игеру, зерттеу ісіндегі ілгерілеуді танытып қана қоймай, таптық танымнан туындаған «тұрпайы социологизм» тұрғысындағы қате көзқарастардан арыла бастаған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді де көрсетеді. Сондай-ақ таптық көзқарасқа сай теріске шығарылған, халыққа жат деп танылған фольклорлық шығармалар, соның ішінде эпостардың көрнекті үлгілері туралы әдеби-тарихи шындыққа сай, келелі ойлар айтыла бастады. Мысалы, М.Ғабдуллиннің «Халық фольклоры жайында», «Қобыланды батыр», Б.Кенжебаевтың «Қазақтың халық эпосы туралы», «Қобыланды батыр туралы», Ә.Марғұланның «Эпосы жыры туралы», «Эпостық жыр туғызудағы тарихи мұралар» атты мақалалары тек 1940 жылы жазылғанын ескерсек, ұлттық ғылыми-зерттеушілік бағыттағы ізденістердің де толастамағанын байқаймыз. Мұның бәрі өз кезегінде әдеби сынға да ықпал етіп, проблемалық мәселелеріне қозғау салып отырды.

Әдеби сынның жандануы – тұтас әдебиеттанудың ілгерілеуімен тығыз байланыста болатын күрделі процесс. Ұлы Отан соғысы жылдары басты мақсат – ортақ жау фашизмді талқандау болғандықтан, бүкілодақтық

деңгейде әр ұлттық ерлік рухын, отаншылдық сезімін асқақтау мәселесі өткір қойылды. Кезең талабын өз уысынан шығармай жіті қадағалап отырған кеңестік идеология тұтас халықты жеңіске жұмылдыруда аз уақыт болса да, ұлттық мүддеге тамыр тартатын ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге еркіндік бергендей болды.

Бұл өз кезегінде, біріншіден, әдеби және фольклорлық мұраны зерттеуде қатаң қағидаға айналған таптық көзқарас пен «тұрпайы социологизм» теориясы талабына сай зерттеу ісінің бәсең тартуына әсер етсе, екіншіден, төңкерістен кейін қара күйе жағылған әр ұлттың тарихи тұлғалары дәріптеліп, бұл халықтың отаншылдық сезімін көтеру мәселесінен анық байқалды.

1941 жылы Е.Ысмайылов, Қ.Бекхожин Кенесары-Наурызбай және олардың батырлары жайындағы жыр-дастандар мен аңыз-әңгімелерді баспаға әзірледі. М.Ақынжанов «Қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі», Х.Әділгереев «Қазақ халқының құрылу тарихынан», Е.Ысмайылов «1916 жылғы көтеріліске қатысушылардың кейбір жауынгерлік салты», Б.Кенжебаев «Абылай», С.Мұқанов «Батырлық салт» атты мақалаларымен көрінді. Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы туралы танымдық мақалалар да жарияланды. Осындай мәнді ізденістер нәтижесінде 1943 жылы қазақ тарихын жан-жақты әрі тарихи шындыққа сай объективті зерттеу ісіндегі үлкен жетістікті айқындайтын «Қазақ ССР тарихы» жарық көрді. Бұл іргелі еңбекті жазуға атақты тарихшылар Е.Бекмаханов, А.Панкратовалармен қатар М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Бекхожин, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов сынды әдебиетшілер де үлкен үлес қосты.

Ал әдебиет тарихын зерттеуде С.Мұқановтың «Қазақтың XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабының жарық көруі Бұқар жырау, Шортанбай, Мұрат, Шернияз, Нысанбай сынды идеялық қайшылығы мол деп танылған ақындар мұрасын дұрыс бағалау ісіндегі іркілістерден арылтты. Сол арқылы әдебиет тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеудегі М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы зерделеген «Зар заман» ағымы, оның басты өкілдері туралы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір тарихи сабақтастыққа сай жалғасын тапқандай болды.

Қырқыншы жылдардың бірінші жартысындағы қазақ әдеби сыны дәуір талабы жүктелген келелі істер барысын атқаруда жанрлық түрлері жағынан қалыптасу үстінде болды. Әдебиет тарихының айтулы өкілдерінің мұрасын, шығармашылығын игеру, зерттеуде, ең бастысы, әр дарынның сөз өнеріндегі өзіндік орнын айқындауда, Абай шығармашылығы басты әрі шешуші сипат алды. Әдеби сын тарихын зерттеуші Т.Кәкішев қазақ әдебиеті сынының қалыптасуы мен ұлттық әдебиеттану ғылымының туып, қарқынды өсу жолындағы басты мәселе ретінде ауыз әдебиетінің озық үлгілері мен жеке дарындардың, әсіресе, Абай сынды кемеңгер ақын шығармашылығын игерудің маңызы айрықша болғанын атайды [23, 446-б].

Абайтанудың ғылыми негізін салған М.Әуезов «Абай өмірі мен творчествосын зерттеу проблемасы неғұрлым кең, принципіалды, жан-жақты талқыланса, оның мұрасын зерттеу нәтижелері соғұрлым жемісті,

елеулі бола бермек» [176, 38-б] деп жазғанындай, Абай мұрасын, шығармашылығын ғылыми негізді зерттеуде «тұрпайы социологизмнен» туындаған кемшіліктерден арылу мәселесі қырқыншы жылдардың басында өткір қойылғанын байқауға болады.

Баспасөз бетіндегі мақалаларда ақын өмірі, шығармашылығы, әдеби мұрасы әр қырынан қарастырылып, оған сыншы, әдебиетші ғалымдармен қатар ақын-жазушылар атсалысты. Қ.Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі», «Абай – ұлы реалист ақын», Е.Ысмайыловтың «Кемеңгер Абай», А.Тоқмағанбетовтің «Абайдың ақындық мектебі», М.Ақынжановтың «Абай шығармаларының әлеуметтік мазмұны», М.Бөжеевтің «Абайдың аударма еңбектері», Қ.Бекхожиннің «Қазақ халқының ұлы ақыны» атты мақалалары ақын мұрасын зерттеу де және насихаттауда елеулі рөл атқарды.

Абай мұрасына арналған мақалалар көлемді монографиялық зерттеу еңбектерге ұласып, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің өскелең келбетін танытты.

Бұл бағыттағы ізденіс М.Әуезов пен Б.Кенжебаевтың «Абай – қазақтың ұлы ақыны», М.Сильченконың «Абай» атты кітапшалары арқылы көрінді. Алайда әдебиет және өнер мәселелері бойынша қабылданған қаулылар абайтанудағы мәнді ізденістерді тұсаулаумен болды.

М.Әуезовтің редакциясымен жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихында» (1948) әдебиетіміздің ғана емес, қазақ халқының өткен тарихы да шындыққа сай қарастырылды. Бұған кеңестік идеология кешіріммен қарай алмасы өз-өзінен түсінікті де еді. Мәселен, Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жыр, аңыз-әңгімелердің кеңінен талдануы, ұлт тарихындағы Кенесары қозғалысының әділ бағалануы қай кезеңдегі әдебиеттану үшін құндылығын жоймайтын әрі ғылыми-зерттеудегі атап өтерлік үлкен жетістіктер болатын.

Қырқыншы жылдардың екінші жартысындағы әдеби сында атқарылған проблемалық мәселелер, елеулі табыстар да болды. Біріншіден, ұлттық әдебиеттануда Абай, Махамбет, Жамбыл, Сұлтанмахмұт шығармашылығын монографиялық тұрғыдан зерттеуде іргелі еңбектер жарық көрсе, абайтанудың ғылыми аясы кеңейе түсіп, Абай мұрасы әдеби-теориялық тұрғыдан зерттелді, библиографиялық көрсеткіш жарияланды. Екіншіден, «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1948) жарық көріп, Кенесары, Наурызбай туралы тарихи жырлар қарастырылды, қазақ кеңес әдебиеті тарихының очеркі жарияланды.

Елуінші жылдардың басындағы әдеби сындағы даулы да өзекті мәселелер Абайдың ақындық мектебі мен шәкірттері төңірегінде өрбуі кездейсоқ емес еді. «Әдебиет және искусство» журналында 1951жылдың бесінші санында жарияланған «Кенесары халықтың қас жауы» атты қаһарлы мақалада ғылыми-зерттеу жұмыстарында жебірілген кемшілік бұл ғана емес, Абайдың ақындық мектебіне, ақын шәкірттеріне қатысты қате пікірлер де түзетілуі және жете талқылануы керек деген саяси талап тұрғысындағы ұсыныстар жасалып, ол идеологиялық тың мәселеге айналып, әдеби-сын нақты жүзеге асыруға кірісті.

С.Мұқановтың Абайдың ақындық мектебі туралы баяндамасы сол тұста дендеп тұрған таптық танымға негізделгендіктен пікір қайшылығына ұрынған. Әсіресе, Ш.Құдайбердіұлы, Тұрағұл Абайұлы, Н.Орманбетұлы, Қ.Жанатайұлы, Ә.Тәңірберген, Ә.Найманбаев, М.Ж.Көпеев мұраларынан саяси сипаттағы қателіктерді теріп, іліп аларлық ешнәрсе таппауы соның айғағы.

Өз кезегінде М.Әуезов «Абай мұрасын танудағы жетістіктер мен кемшіліктер» баяндамасында Абай өмірі мен шығармашылығын байыпты да ғылыми негізді зерттеуге шақырғанымен, ол ғалымдар тарапынан қолдау таппады. Себебі әдеби мұраны тарихи дұрыс тұрғыда зерттеуге ұмтылған әдебиетші-ғалымдардың «ұлтшылдық» дәуірлеп тұрғанда батылы жетіп кірісе алмады. Солақай сыншылар әдебиеттің таптығы мен халықтығын желеу еткенімен, тарихи шындықты бұрмалаған күннің өзінде қалай зерделеу қажеттігін толықтай түсіндіріп беруге шамасы жетпеді.

Үш күнге созылған айтыстың нәтижесін қорытып жазған республикалық газеттерде жарияланған мақалаларға көңіл бөліп қарасақ, «ғылыми» айтыстың сырын, шын мақсатын айқын түсінеміз.

Атап айтқанда, «Социалистік Қазақстан» газетінде «Абайды зерттеудегі бұрмалаушылыққа қарсы» (1951, 4.07, бас мақала), «Лениншіл жас» газетінде Б.Сахариеттің «Абай шәкірттері дегендер кімдер?» (1951, 15.08), Қ.Тұрғанбаевтың «Абайдың ақындық мектебі туралы» (1951, 13.06), С.Нұрышевтың «Абай ақындығының алғашқы кезеңі туралы» (1951, 14.01), «Казахстанская правда» газетінде М.Сильченко мен Н.Смирнованың «Правдиво освещать жизнь и творчество Абая» (1951, 30.10), М.Сильченконың «Состояние и задачи научной разработки наследия Абая» (Вестник Ан КазССР, 1951, № 10) мақалалары сол мақсатты ұстанды.

Ең алғаш М.Әуезов, Е.Ысмайылов, М.Сильченко, А.Нұрқатов, Т.Нұртазин, т.б. пікірлері енгізілген «Абайды тану тарихынан» атты ғылыми тұжырымдар, зерттеулер жинағы шықты. Абайтану, әсіресе, 50-жылдардың орта шенінен бергі кезеңде ерекше қарқынмен дамыды. Атап айтқанда 1956 жылы жарық көрген Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздері», Қ.Мұқамедхановтың 1959 жылы жарияланған «Абай шығармаларының текстологиясы жайында», А.Нұрқатовтың 1966 жылғы «Абайдың ақындық дәстүрі» атты ғылыми монографиялары абайтанудың тұңғыш ірі жетістігі деп бағалауға болады. Мұнан кейінгі уақыттарда да ақын шығармаларын әдеби жанрлардың әр қырынан қарастырған түрлі зерттеу кітаптары мен мақалалар, іргелі ұжымдық жинақтар басылып шықты.

Қазақ әдебиетінің іргелі, салықалы саласы болып отырған абайтану ғылымының қалыптасу жолын зерттеуді көздеп, «Абайтану – менің өмірлік тақырыбым» деп жар салған ірі абайтанушы М.Мырзахметұлының бұл саладағы сүбелі еңбектері бір төбе. «Алыста болса іздеп тап, коренойға кіруге» деген ұлы ақынның өнегелі өлең жолдары абайтану саласына үлес қосқан әрбір әдебиетші – ғалым М.Мырзахметұлының терең де мазмұнды ғылыми ізденісіне негіз болса керек-ті. Ғалымның «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» (1982), «Абай жүрген ізбен» (1985), «Абай өмірі

мен творчествосы» (1987), «Абайдың адамгершілік мұрағаттары», «Абайды оқы, таңырқа...» (1993), «Жүрегімнің түбіне терең бойла» (1995), «Әуезов және Абай», «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» (1997), т.б. көптеген еңбектерін жариялап, «Абай», «Мұхтар Әуезов» энциклопедияларының ғылыми мақалаларын жазумен қатар 1977 және 1995 жылдардағы Абай шығармаларының академиялық толық толық жинағын жариялауға атсалысты.

ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен Абайдың 150 жылдығы рухани дүниеміздің жаңа белестерін ашып, ақын шығармаларымен қатар ұлттық әдебиетімізді де, ұлтымызды да әлемге танытқаны баршаға аян. Осынау айтулы мереке қарсаңында жарыққа шыққан елеулі еңбектердің қатарында З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі», Қ.Мұқамедхановтың «Абай және оның шәкірттері», «Абайдың мұрагерлері», Ғ.Есімовтің «Хакім Абай», Ә.Нысамбаевтың «Абайдың дүниетанымы және философиясы», т.б. кітаптарды атауға болады. Абайды әр қырынан зерттеген, соңғы жылдары шыққан еңбектер абайтануға жаңаша серпін әкелді деуге толық ғылыми негіз бар. Тарата айтсақ, М.Әліпханұлының «Құттың кілті – кісілік» (1997), А.Көбесовтің «Абайтану дәрістері» (2000), Т.Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... сүйесің» (2000), Т.Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек», Б.Байғалиевтің «Абайдың өмірбаяны архив деректерінде» (2000). Ұлы ақынның 160 жылдық мерейтойы да өз деңгейінде аталып өтті. Абай рухына әрдайым оралып, зерделеу тәуелсіз мемлекетіміздің табиғи үрдісіне айналды. Сондықтан да ақын ескерткіші Мәскеудің нақ ортасында мәңгілікке орын тепті.

Қазақ әдебиетінің тарихында 1995 жылы жарық көрген «Абай» есімнамалық энциклопедиясының орны ерекше. Қазақ мәдениетіне алтын діңгектей асыл мұра болып қосылған бұл басылым академик Р.Нұрғалидың жөн-жобасымен, тікелей қатысуымен түркі әлемінде алғаш рет жарық көрді. «Абай» энциклопедиясының шығуы мен Абай шығармаларының академиялық екі томдығының жарық көруі – абайтанудың жаңа бір белеске көтерілгендігінің айғағы. Ғылыми зерттеулердің жаңа деңгейге көтерілгендігінің тағы бір белгісі ретінде «Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері» (2002) ғылыми жинағы шықты және сонымен қатар Абай мұраларынан ондаған кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды.

Абай шығармаларын зерттеу жұмыстары қилы кезеңдер мен қиын асулардан өтіп, талай зор табыстарға жетсе де, ақынның төл мұраларын еркін елге тән жаңа көзқарас тұрғысынан сараптап, мәтіндерге кеңестік идеология «күйесінен» толық арылтатын дәйектігі текстологиялық талдау жүргізу кемелденді деуге әлі ертерек. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» демекші жаңа мыңжылдықта ақын мұралары дәуір өзгерістерімен үндесіп, тың мазмұн, соны сипаттарға ие болуда. Бұл орайда Абай шығармалары замана талабына сай ғылымның түрлі салалары бойынша зерттеу көзіне айналып, жаңа қырларымен танылуы көңіл қуантады. Абайдың дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарастары бүгінгі күн мінберінен зерделеніп, қоғамдық пікірталастардың азығына айналуда. Әсіресе, философ ғалымдар өздерінің кеңестік саясаттың уысында кеткен үлесін толтыруға құлшына кірісті.

Белгілі себептермен уақытында түбегейлі зерттеліп, білікті ғалымдардан тиісті бағасын алып үлгермеген Абай әлемінің ашылмаған сыры әлі көп. Кеңестік және қазіргі дәуірдің ғалымдары Абайдың адами көзқарастарында орыс зиялыларының әсері (Крылов, Пушкин, Тютчев, Белинский, Герцен, Лермонтов, Тургенев, Полонский, Фет, Некрасов, Салтыков-Щедрин, Толстой, Чернышевский, Добролюбов, Писарев, Бунин, т.б.) мол десе, зерттеушілердің бір тобы оны «грек философтары және батыс ойшылдары мен классиктерінен үйренген» (Тит Лукреций Кар, Аристотель, Платон, Сократ, Софокл, Эсхил, Декарт, Спиноза, Гегель, Шопенгауэр, Фейербах, Джон Стюарт Милль, Дарвин, Спенсер, Бокль, Гомер, Шекспир, Лесажа, Гете, Шиллер, Скотт, Беранже, Ирвинг, Байрон, Купер, Мицкевич, Бальзак, Дюма, Лонгфелло, Гарриет Бичер-Стоу, Брет-Гарт, т.б.) дейді; тағы бір тобы «ол шығысшыл ақын» (Мұхаммед Хорезми, Әбунасыр әл-Фараби, Әбурайхан әл-Бируни, Әбуғали Ибн Сина, Әбілқасым Фирдоуси, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Иүгінаки, Омар Һайям, Бақырғани, Сағди, Рашид ад-Дин, Рабғузи, Сайф Сарай, Ибн Хальдун, Науаи, Бабыр, Физули, Шамси, Сайхали, Әбілғазы, Сағди, Хожа Хафиз, Ат-Табари, Рабғузи, Әбілғазы Гафури, Хусайн Байқара, Мұхаммед Салық, Мұхаммед Ғабдуху, Жәлел ад-Дин Ауғани, Шаһабуддин Маржани, Рашидаддин, Софы Аллаяр, Әбдул Баһир, Әл-Журжани, Халил ибн Ахмад, Жаһіз, ибн Рамик, Жәми, Имам Газали, Жүсіп Қарабағи, т.б.) дегенді айтып жүр. Соңғы кезде ақынның діни-әлеуметтік философиясына да біржақты баға беріліп, тіпті, үстірт, теріс пікірлер де байқалып қалды.

Қысқасы, Абайдың дүниетанымы жайындағы ғылыми-қоғамдық пікірталас басталып та кетті. Тек «Әттең, Әуезов болғанда» деген өкінішті тіркес ойыңа еріксіз түседі. «Әттең» дейтініміз 60-жылдарға дейін Абайды идеалист, діншіл, буржуазиялық ойшыл дейтін сыңаржақ пікірдің үстем болғаны жасырын емес. Осы мәселе жайында академик С.Қирабаевтың, «Идеологиялық қыспақ Мұхтар Әуезовтің Абай туралы зерттеулеріне де белгілі дәрежеде әсер еткені оның әр жылдар жазғандарын салыстыра қарасаң, анық көзге шалынады. Осы жағдайлар қазір ұлттық әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін, Абайдың осы процестегі орнын бүгінгі тәуелсіз елдің мұрат-мақсаттары тұрғысынан байсалды зерттеуді қажет етеді» [38, 31-б], деген орынды да, ойлы пікірлері бұл сөзімізді растай түседі.

Қазақтың ұлы ақыны, терең ойшылы Абай есімі заман өткен сайын биіктеп, Абай десе, елең етпейтін жан, селт етпейтін көңіл, сөйлемейтін тіл болмайтындығы бұл күнде ақиқатқа айналып отыр. Ол жайында айтылмаған ән, оқылмаған жыр, жазылмаған дастан бар болса, оның орнын өскелең ұрпақ, келер дәурен толтырмақ. Уақыт керуені жылжыған сайын Абай поэзиясы, Абай үні, Абай салған сара жол сан қырынан жол ашып, оқырманын таңқалдыруда.

Абай сөзі – халқымыздың рухын асқақтатып, айдай әлемге тарады. Ал абайтанудың алғашқы асулары өткен ғасырдың басынан-ақ бастау алған болатын. Абай хақындағы алғашқы дуалы сөзді елдің азаттығы мен рухани бостандығын көкसेген Алаш көсемдерінің бірегейі – Ә.Бөкейханов айтқан

еді. Ол А.Құнанбаев дүниеден өткеннен кейін өз қолымен қазанама мәтінін жазып, «Семипалатинский листок» газетінде жариялаған [177]. Ақиқатына жүгінсек, қазанама Ә.Бөкейхановтың Абай тақырыбына алғаш қалам тартуы емес. Осы орайда белгілі әдебиетші ғалым Ж.Ысмағұловтың мына бір пікірі Алаш қайраткерінің шын мәнінде абайтану ілімінің негізін салушы ретіндегі өзіндік еңбегін айғақтай түседі: «... Егер бұдан бұрынырақ, ақынның көзі тірісінде, 1903 жылы қазақ өлкесі туралы Петербургте басылып шыққан анықтамалық кітапта халқымыздың жалпы рухани мәдениеті жөнінде толғана келіп, жаңа әдебиетінің төлбасы ретінде Абай атына айтқан сындарлы ойлары мен байсалды бағалауын еске алсақ, Ә.Бөкейхановты ұлы ақынның алғашқы шежірешісі және зерделі зерттеушісі деп бағалауға толық негіз бар деп ойлаймыз» [178, 4-б].

Осылайша, Ә.Бөкейхановты Абайтанудың алғашқы сөзсаптаушысы, шежірешісі деп танысақ, мұнан кейінгі ұлы ақынды таныту ісінде А.Байтұрсыновтың та мұрындық болғанын көреміз. 1913 жылы өзі редакторлық жасаған «Қазақ» газетінде «Қазақтың бас ақыны» мақаласын жариялап, ұлы Абай өлеңдері турасында былайша ой толғаған: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» [179]. Осылайша А.Байтұрсынов Абай өлеңдерінің болмысын танып, ақын өнерінің қадір-қасиетін, табиғатын, сыры мен сипатын ашуға күш салды.

Жалпы, Абай дүниеден өткен он шақты жылдың аралығында ақын мұраларын жинақтап, жарыққа шығаруға күш жұмсаған қайраткерлер қатарында М.Дулатовтың да есімі ерекше аталуы орынды. Ол 1908 жылы «Ибраһим ибн Құнанбаев», 1914 жылы «Қазақ» газетінде «Абай» атты мақалаларын жариялаған. Ол еңбектерінде Абайдың кім екендігі, заманы, ақындық өнері жайлы мол деректер келтірілген.

Бұл салада Абайдың өз баласы Тұрағұл мен немере інісі Кәкітай Ысқақұлының да еңбектері ерен екендігі барша әдебиетші қауымға аян еді. Екеуінің жанашырлық еңбегінің нәтижесі – 1909 жылы Петербургте Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Сонымен бірге, 1914 жылы Семей қаласында ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтардың Абайдың дүниеден өткеніне 10 жыл толуына орай еске алу кешін ұйымдастыруы, баяндама жасауы да маңызы зор шара екендігі шындық. Осыдан бастап жыл сайын ақын рухына тағзым етіліп, оның шығармашылығын ел арасында насихаттау кеңінен өріс алды.

1918 жылы Семейде Ж.Аймауытов және М.Әуезовтің ұйымдастыруымен «Абай» атты қоғамдық-әдеби журнал өмірге келді. Бірер

жылдай жарық көріп тұрған бұл журналдың (12 саны ғана шыққан екен – А.Қ.) негізі, әлеуметтік мәні, шығармашылық болмысы Абай сынды ақынның рухынан нәр алғаны ақиқат болатын [178, 6-б].

XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап болашақ жазушы, талантты ғалым М.Әуезов, Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастап берген абайтану ілімін шырқау биікке көтеріп, қазақ әдебиеттану ғылымының бір арналы саласына айналдырып, 1930 –50-жылдарда М.Әуезов қазақтың бас ақыны туралы елеулі зерттеулер жүргізе отырып, Абайдың өмірбаяны мен оның ақындық айналасы туралы құнды еңбектер қалдырды.

Әйтсе де, 50-шы жылдардың басында әдеби мұраға, сөз өнерінің тарихи тұлғалары жайлы кең шеңберде үн тастауға қырағы партия идеологтары социалистік жүйеге қауіп төнеді деп есептеп, үнемі тыйым жасап отырғаны мәлім. Мәселен, 1942 жылы 1-томы, 1947 жылы 2-томы шыққан М.Әуезовтің «Абай жолы» романы солақай сынның төпелеуіне түскені тарихтан мәлім. 1951 жылы 13–15 маусымда Абай шығармашылығына байланысты Ғылым академиясы мен Жазушылар одағы бірігіп өткізген жиында бірқатар беделді, дәрежелі әдебиетшілер Абай мектебі, Абай дәстүрі деген ұғымдарға, өнердегі әрқилы бағыттарға үзілді-кесілді қарсы шығып, Абайды шындап зерттеген ғалымдарға саяси айып тағады. Бұл жиналыста С.Мұқанов «Абайдың әдеби мектебі және оның шәкірттері», С.Нұрышев «Абайдың әдеби мұрасын танудағы кейбір талас мәселелері», М.С.Сильченко «Абай творчествосының идеялық арналары», М.Әуезов «Абай мұрасын танудағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы» деген тақырыптарда баяндамалар жасайды [180, 218-б; 128-б].

Тек, XX съезден кейін қателіктің бәрі сарапқа салынып, 1957 жылы 25 наурыздағы конференцияда Абай мұраларының тағдыры шешіліп, ғылыми конференция «Абай» романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы» деп аталады. Онда М.Қаратаев, А.Нұрқатов, Т.Нұртазин, Қ.Құттыбаев, З.Ахметов [181] секілді ғалымдар баяндама жасап, ақынның өмірі жөнінде, заманы жайлы, көркем туындыларының болмысы туралы ғылыми тұжырымдарын ортаға салып, ой-пікір алмасады. Осылайша Абай әлемін зерттеп, танып-білу үрдісіне кең жол ашылады.

Көрнекті сыншы-ғалым Т.Кәкішев былай дейді: «... 1954 жылдан бері қарай қоғамдық ғылымның әр саласында Абай жайында отызға тарта ғылыми-зерттеу, насихаттама еңбектер шықты. Бұған қоса, Абай шығармалары мен дүниетанымының әр саласы бойынша қоғамдық ғылым өкілдері жиырмаға тарта диссертация қорғағанын айтсақ, Абайтану ілімі әдебиеттанудың үлкен бір саласына айналғанын көреміз» [181, 149-б]. Мұның бәрі тарихи шындыққа айналды. 1959 жылы 15–19 маусым аралығында Алматыда әдеби мұра және оны зерттеудің негізгі проблемаларына арнап өткізілген ғылыми-теориялық конференцияда да Абай шығармашылығы қалыс қалмай, жан-жанқты сөз болды [182]. Осылайша абайтану ілімі қарқынды даму үрдісіне көшті. Абай шығармашылығы турасында қалам тартқан арғысы А.Байтұрсынов, М.Дулатовтан бастап, берідегі Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, М.Сильченко, Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев,

Қ.Мұхамедханов, Т.Әлімқұлов, М.Бөжеев, Ә.Жиреншин, Х.Сүйіншәлиев еңбектерін атауға болады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай жайлы сыр шертпеген, ой толғамаған, ұлы мұраның тұңғығына бойлап, сыр ашқысы келмеген зерттеуші қаламгер жоқтың қасы. Әр зерттеуші Абай әлемінен өз сүрлеуін, өз пайымдауын тапты десек, ақын мұраларының мәңгілігіне, өміршендігіне сеніп, тәрбиелік мәні теңіздей терең, дариядай айқын болып, ұрпақтан ұрпаққа өсиет болатындығына көзі жетіп, абайтанушылардың қатарында қалам тартқан әдебиетші, зерделі зерттеушілердің бірі – Б.Шалабаев еді. Ол бұл тақырыпқа жан-жақты дайындықпен келді.

Б.Шалабаевтың Абай туралы ойлары ұлы ақын есімімен танысқан күннен бастап үздіксіз даму үстінде болған. Жалпы әдебиетшінің сөйлеген сөздерімен жазған мақалаларын барлай отырып, ұлы ақын төңірегіндегі ойларының эволюциясын шартты түрде кезеңдерге бөлетін болсақ, бұл абайтану тарихын дәуірлеу мәселесімен кезеңдес келіп жатқанын көреміз. Бұл заңды да. Себебі бүгінгі абайтанудың арғы бастауларында талай пікір-тұжырымдар айтылып, бәрі жинала келе кең арналы ілімге құйып, қазақ әдебиеттануының өнімді бір саласы боп қалыптасқаны қаншалықты даусыз болса, солардың ішінде Б.Шалабаевтың де пікірлері болғаны және белгілі дәрежеде шешуші рөл атқарған кезеңдерінің жоқ емес екендігі де соншалықты талас тудырмас.

Ал, абайтану тарихы мәселесі жөнінде ғалымдар пікірлерінде аздаған ғана алшақтықтар немесе тереңдетулер болмаса, бәрінің түптеп келгенде негізі бір. Осылайша Абайдың дәуірі, ақындық әлемі, дүниетанымы, жаңашылдығы сияқты күрделі де, өзекті желілер күні бүгінге дейін егжей-тегжейлі зерттеліп, Абай ұлылығы әлемге мәшһүр болды.

1936 жылы «Казахстанская правда» газетінде жарияланған «Пушкин и Абай» атты зерттеу мақаласы Б.Шалабаевтың бұл саладағы тырнақ алды еңбегі. «Фольклор мен поэзия – проза төркіні» деп түйген болашақ романтанушы, қазақ жазба әдебиетінің іргесін қалаған Шоқан, Ыбырай, Абайлардың іргелі кесек прозалық туындыларын қазақ романының тууы мен қалыптасуының тұңғыш бастау қайнары дәрежесіне көтеріп бағалайды. Әлмисақтан жеткен толғауы тоқсан әдебиеттің асыл жәдігері эпикалық мол мұраларымыз кейіннен тасқынды судай ақын-жыраулар поэзиясына ұласты да, ХІХ ғасырдың екінші ширегінде ұлттық рухани олжалы аңсарларын хакім Абай қалаған тың жаңаша сападағы әдебиетке ауысты. Кемел бітімді қазақтың жазба әдебиеті бүкіл жанрларда, бағыт-тараптарда толықсып-жетіле, заманауи үрдістермен қабаттаса үндесіп, дәуірдің талай алмағайып бұралаң-бұлтарысы, асу бермес өткелі мен шың-құздары, ылдиы мен өрі, зұлматы мен ғибраты дегендей сан алуан күйзеліс күйлерге түскендігі белгілі. Осы ерекшеліктерді жете таныған әдебиетші Б.Шалабаев А.С.Пушкиннің өмірден өткеніне жүз жыл толуына орай жазған танымдық мақаласында заңғар Пушкин поэзиясының ұлы Абайға ықпал етуі, Абайдың өмір тарихынан мәлімет айту, ақын өлеңдерінен, орыс поэзиясының күні мен айы іспеттес Пушкин және Лермонтовтардан аударған өнегелі

тәржімаларынан өзі таныған ерекшеліктерді ортаға салу мақсатын көздей отырып, елеулі де әсерлі ой-пайымдауларын оқырманына ұсынып, Абай ғұмыр кешкен заманның болмысын байыптаумен қатар, ескілік құрығының салмағы қаншалықты ауыр да қатерлі екендігін жастайынан ұғынған ақынның өз ортасынан дараланып, рухани өсу, кемелдену эволюциясын сараптай отырып, төмендегідей пікірін білдіреді: «... насыщенные гражданским пафосом, полные гнева, стихи Абая являются непревзойденными образцами в казахской литературе. Встав на путь реализма, Абай сыграл прогрессивную роль в истории казахской литературы... Абай стал родоначальником письменной казахской литературы и национального казахского литературного языка... в литературный фонд поэта вошли не только образцы народного творчества и восточной речевой культуры, но и русская литература, в первую очередь – Пушкин и Лермонтов, сыгравшие огромную роль в формировании творческого облика самого Абая...

Не случайно расцвет поэтического таланта Абая падает на 1880-е и 90-е годы, тесно переплываясь с изучением и творческим освоением Пушкина и Лермонтова. Меняется представление Абая о значении литературы и месте поэта в обществе. Как известно, положение казахских поэтов певцов, импровизаторов в те времена было жалким: вынужденные скитаться по степи, переходя из аула в аул, они жили теми подарками, которые получали за исполнение своих и чужих произведений.

Ранний Абай – до знакомства с Пушкиным естественно пренебрегал званием поэта и даже собственные произведения выдал за творчество своего друга Кокпая. И, несомненно, под влиянием Пушкина – Абай осознал подлинное значение поэта в обществе. Вслед за Пушкиным, заявившим: «Я памятник себе воздвиг нерукотворный», Абай задавая себе вопрос: «Можно ли считать, что человек умер, если после него остались бессмертные слова», – гордо отвечает: «Пусть смертно будет мое тело, Но ни я, ни созданное мною не умрет», – так высоко стал ценить свое поэтическое призвание Абай. Под влиянием Пушкина изменился весь облик поэзии Абая. Стихи поэта освободились от насыщенности, стали простыми, легкими, музыкальными. Локоничность соединилось в них с глубиной и богатством мыслей и разнообразным обогащением влияние – поэтических средств. Поэзия Абая стала популярной, любимой поэзией казахского народа. Большая часть стихов стала народными песнями. Можно смело сказать, что Пушкин через Абая являлся могучим участником идейного и художественного развития казахского народа, сделав необычайно ценный вклад в культуру Казахстана.

Любовь к Пушкину, глубокое уважение классической русской литературе Абай передал и своим многочисленным ученикам. Аул рода Тобықты, благодаря деятельности Абая, превратился в собрание любителей литературы, привлекая к себе, со всего Казахстана сказателей, певцов импровизаторов, начинающих поэтов. Абай читал собравшимся свои произведения и переводы сопровождая чтения беседами о Пушкине, о его изумительном творчестве», – деп пайымдайды. Одан әрі Абай реализмі әр

бағытта көрініп отыратындығын сыншы ақынның Лермонтов, Пушкин шығармаларына жасаған аудармаларынан, сатиралық туындыларынан, сазды да күйлі әндерінен, өлең құрылысына енгізген тың формаларынан, өнегелі де өрісті ғақлияларының болмысынан айна-қатесіз танитындығын сөз ете отырып, ұлы ақынның шеберлігі – диапазонының кеңдігінде деп тұжырымдайды. Ең құнарлы ой – Абай қазақтың жазба әдебиетінің басы, негізін салушы деген тұжырым, алғашқы жарық жұлдызы деген балама.

Білім-білігі, шеберлігі толықсыған әдебиетші қаламынан Абай мұраларын ғылыми тұрғыда зерделеген мақалалар бұдан былай бірінен соң бірі дүниеге келіп, жарияланып жатты. Бұл тұрғыда: «Пушкин и Абай» (1936), «Вдохновленный Пушкиным» (1945), «Орыс әдебиетінің алыбы Пушкин – ұлы Абайдың ұстазы» (1950), «О прозе казахских просветителей XIX века» (1951), «Об отношении казахского классика к великану русской литературы А.С.Пушкину» (1957), «Назидания Абая и зараждения поэмы в казахской литературе» (1959) сияқты мақалалары [183] айғақ болмақ. Б.Шалабаевтың ұлы руханиятының асыл арнасы – Абайдың әдеби мұрасына қатысты жазылған бұл өзекті еңбектер, құнды зерттеулер бүгінгі егеменді еліміздің алар асуына, шығар биігіне бағыт-бағдар беруімен құнды. Зерттеуші әсіресе, ұлы ақынның аударма өлеңдері мен қара сөздерінің көркем мәтіндеріне, ондағы сөздік қор мен тілдік қолданыстарына ерекше мән беріп, олардың тұрақты (канондық) мәтінін қалыптастыру мәселесіне ерекше ден қояды. Абай мұраларының жанрлық түрлері, стильдік ерекшеліктері, әдеби тілдің қуаты, т.т. секілді әдебиеттану ғылымының күрделі мәселелері де жан-жақты қарастырылған. Абай ғақлияларының шығу тарихы, сол тұстағы хакімнің көңіл-күйі, хал-жағдайы, өмір кезеңдері, тағдыр белестері, жалпы шығармашылық-психологиялық желісі жайында кеңірек ғылыми мәліметтер келтірілген. Сонымен бірге Абайдың қоғам өміріндегі тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттар дұрыс көрсетіліп, талданып, қалың оқырман алдына тартылды.

Тағдыры күрделі, шығармашылығы өте терең ғұлама, заңғар Абайдың даралық, даналық сипатын жоғары бағалаған, ғылыми құнды еңбектер соңыра Б.Шалабаевтың қазақ прозасының оның ішінде төл роман жанрының тууы мен қалыптасуы жайындағы жазылған әр жылдардағы құлаш-құлаш, кесек монография, оқу-құралдарына еніп, зерлі тініне, алтын арқауына айналды. Бұл кітаптар әдебиетші, сыншы ғалымдар назарынан тыс қалмаған. «Сын және библиография» айдарымен шыққан көптеген рецензиялық мақалалар осының дәлелі. Мәселен, ғалымның «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа» (1956) оқу құралына әдебиетші Ы.Дүйсенбаевтың берген мына бір пікіріне кідірсек, «Б.Шалабаев в своей работе рассматривает историю зарождения казахской художественной прозы, дает конкретный анализ новелл Ибрая Алтынсарина, слов назиданий Абая Кунанбаева, прозаических произведений Султан-Махмуда Торайгырова и Испандияра Кубеева.

В работе Б.Шалабаева дан краткий исторический обзор возникновения и развития в казахской литературе жанра прозы. Он совершенно правильно

ищет истоки его в казахском устном народном творчестве, в народных сказках, легендах и новеллах.

Автор справедливо подчеркивает выдающуюся роль казахских просветителей XIX века, которые, опираясь на опыт русской классической литературы того периода, создавали подлинно новую литературу, обогащенную как в идейно-художественном, так и в жанровом отношении.

Абай Кунанбаев наряду со своими замечательными стихами, поэмами и переводами произведений А.С.Пушкина, М.Ю.Лермонтова, И.А.Крылова и других русских поэтов оставил и прозаические произведения в виде «бесед», «наставлений». Надо отметить, что эти наставления не относятся к художественной прозе, в них скорее всего великий поэт делился своими философскими наблюдениями. Это видно из самой формы бесед. Здесь мы не наблюдаем отточенности абаявского языка, наоборот, он стремится приблизиться к форме живой разговорной речи.

Хотя Б.Шалабаев отвел значительное место назиданием Абая, он все же не смог в достаточной степени раскрыть их сущность, ограничившись толкованием смысла отдельных «слов» (как известно, у Абая «назидания» разделены на отдельные «слова»). Пожалуй, в этом мы не вправе упрекать одного Шалабаева, так как эту задачу должны решать совместными усилиями наши философы, правовики и литературоведы. Если Абай сделал только первые попытки в создании казахской прозы, то последующие казахские демократические писатели уже выступили с рассказами, повестями, романами. К их числу автор справедливо относит таких писателей, как И.Кубеев и С.Торайгыров» [184].

Дәрекі социологиялық, еуроцентристік, таптық-схоластикалық, атеистік көзқараспен келген кезде әдебиетшілер абайтануда толып жатқан, солақайлыққа, сан алуан ағаттыққа ұрынғаны белгілі. Солардың қатарында Б.Шалабаев та болғаны жасырын емес. Мысалы оның Абай мұрасына қатысты жазылған тұңғыш еңбектерінде мынадай жаңсақ, ұшқары пікірлер орын алған, «...Абай освободил казахскую поэзию от религиозно-мистических, риторических од, типа «хадисов», «байтов», «хсы» – пестрых по языку, неуклюжих по форме, проповедующих в основном идеи исламизма»; «Националистическая, алаш-ордынская критика поспешила представить Абая в виде «казахского самородка», творчество которого было свободно от влияния «инородных культур». Алаш-ордынцы старались сделать великое имя поэта знаменем борьбы против советской власти в Казахстане...»; «В первом, восьмом, девятом и тридцать девятом словах нетрудно обнаружить противоречия во взглядах Абая. С одной стороны, он подвергает уничтожающей критике весь уклад современной ему действительности, в том числе «всемогущего аллаха», с другой – не находит соответствующих способов для устранения общественных пороков» [183].

Б.Шалабаевтың «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) (1958) атты зерттеу еңбегіне енген «Назидания Абая Кунанбаева и развития эпического жанра в письменной литературе» деген тарауын жоғары бағалай келе, кей ағат тұстарын қаламгер

Қ.Бекхожин өткір сынға алады: «Значительное место отводится в книге классику казахской литературы Абаю Кунанбаеву, выступавшему новатором не только в поэзии, но и в прозе. Анализируя целеустремленность произведения Абая, автор приходит к выводу, что проза и поэзия Абая тесно связаны между собой. И в прозе и в поэзии он выступает как обличитель угнетателей трудящихся, как поборник за социальную справедливость и счастья народа.

Правда, «назидания» Абая, названные им «Гаклией», не относятся к художественной прозе. В «Назиданиях» затрагиваются различные вопросы философского, правового, общественного, семейно-бытового и морально-этического характера. Б.Шалабаев анализирует такие прозаические произведения Абая, которые по своему идейному содержанию и по форме изложения стоят ближе к публицистике. Так, автор ссылается на третье, тридцать третье, сорок первое слова, где Абай ставит жизненно важную для казахского народа проблему. Он призывает, чтобы трудящиеся казахи наряду со скотоводством занимались и земледелием и другими полезными промыслами. Одиннадцатое слово, как замечает автор книги, адресовано тем, кто ведет паразитический образ жизни, кто напоминает типы русских помещиков, вроде Обломова из романа И.А.Гончарова. Анализируя двадцатое слово «Назиданий», Б.Шалабаев приходит к интересному выводу, что Абай был хорошо знаком с творчеством Н.В.Гоголя, И.А.Гончарова.

Новаторская деятельность Абая не ограничивалась созданием лишь таких малых форм прозы, как «Назидания». Он идет дальше по линии обогащения и развития в казахской литературе эпического жанра в стихах путем переводов произведений Пушкина, Лермонтова, Крылова. Здесь Шалабаев имеет в виду прежде всего непревзойденный творческий перевод Абаем отрывков из «Евгения Онегина».

Можно с гордостью отметить что обращение казахских просветителей к опыту великих русских писателей отражает сближение двух народов, порожденное историческим присоединением Казахстана к России.

Новая книга Б.Шалабаева по истории дореволюционной казахской литературы не свободна от некоторых недостатков. Так, при анализе прозаических произведений основоположников казахской литературы Абая Кунанбаева и Ибрая Алтынсарина автор склонен видеть их новаторство только в подражании или перенятии опыта классиков русской литературы. В книге Шалабаева недостаточно проанализированы идейные и художественные достоинства оригинальных произведений классиков казахской литературы, неярко показаны их личные дарования» [185].

«Интересно дан в монографии разбор гаклий Абая. Их морально-этическая сущность говорит о том, что Абай был непримиримым обличителем подлости, ханжества и бездушия, страстным защитником обездоленных, глашатаем добра и разума. В книге рассматривается деятельность великого поэта как переводчика» [186] деп, М.Ғабдуллин және Қ.Бекхожин, Б.Шалабаевтың «История казахской прозы» (Сюжет и характер)

(1968) монографиясындағы «проза Абая» тарауын да қысқа да нұсқа тілге тиек етеді.

Б.Шалабаевтың 1983 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан көлемді еңбегі «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы». Бұл кітапқа кезінде Т.Қожакеев пен М.Қалдыбаев мынадай рецензия берген болатын: «...ұлы Абай творчествосын сөз еткен тұстардан да ғалымның қарымдылығын айқын танып отырмыз. Абай прозасының әрі қысқа әрі нұсқалығы шығыс әдебиетінің ықпалынан, ал ащы да болса, ағынан жарылып, шындықты бұлтаққа салмай тура айтып, жұртты жақсылыққа, адамшылыққа бастауы XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің дәстүрінен дарыған дейтін пікір де өте орынды» [187]. Оқулық әдебиетші қауымның зор ілтипатына бөленген еді. Онан бері араға жеті жыл мерзімін салып барып оқулыққа қойылатын тілек, талаптардың өзгеруіне байланысты автор бұл ғылыми еңбегін бұрынғы олпы-солпы, артық-кемді ағат тұстардан арылтып, тың тараулар қосып қайта өңделген нұсқасын бұрынғы атаумен 1990 жылы жариялайды. Бұл толымды еңбекке алғашқылардың бірі болып ой-пайымдауын ортаға салған зерттеуші М.Бәйгелов болды. Ол, «...профессор Б.Шалабаевтың аталған еңбегі жоғары талапқа жауап беріп, ондаған жылдар бойы өз міндетін ақтап келе жатыр. Методикалық жағынан алғанда, кітаптың оқу программасына толық сай келетінін, мазмұнының байлығын айту керек болса, ғылыми тұрғыдан алғанда да, бұл еңбек Отанымыздағы әйгілі ғалымдардың назарына іліккені қуанышты жайт. «Советтік әдебиеттану ғылымына 50 жыл» (Ленинград) деп аталатын академиялық жинақта әйгілі әдебиетші К.Зелинский былай деп жазады: «Кезінде Пушкин мен Лермонтовтың, Гоголь мен Тургеневтің, Достоевский мен Толстойдың творчествосын пролет-культшылардың, тұрпайы социологтардың «өздері туып өскен әлеуметтік топтардың экономикалық мүдделерін ғана бейнелейді» деп бағалағаны жұртқа мәлім. Бұл «теория» бойынша олардың бәрі «дворян», «ұсақ буржуазия» болып табылдымыс. Жиырмамыншы жылдары Абайдың, Уәлихановтың, Алтынсариннің, Торайғыровтың және басқаларының шығармалары да Қазақстанда солай бағаланды. Қазақ әдебиетін бұл қауіпті, әрі ескірген аурудан «емдеу» үшін аса күшті көркем әдебиет «дәрісі» қажет еді. Мұндай «шипалы дәрі» «Абай» және «Абай жолы» романдары арқылы келді. Ол арада ескі қоғамның барлық мерзімі, жамандық пен жақсылық арасындағы бітіспес күрес батыл әрі әділ түрде суреттелді».

Мұндай пікірдің кімге болса, әсіресе, қазақ романының туу қалыптасу тарихымен белсене айналысып жүрген адамға етер ықпалы орасан зор екені даусыз. Солай болғандықтан да жас кезінен осы салада жемісті еңбектеніп жүрген Б.Шалабаевтың өз ойына деген нық сенімінің артуын, ізденісінің жемісті екенін түсінуге хақылымыз» [188, 190-б], дейді.

«Абай тану деген сөз, – дейді Т.Әлімқұлов, – ең әуелі, Россия аумағын тану, орыс әдебиетінің өткен жолдарын, көтерілген биіктігін анықтау тұрғысына тірелмек. Ұлттық томаға-тұйықтық Абайға жүрмейді. Қара сөзінде: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деп дүние жүзінде теңдессіз нақыл айтқан ойшыл Абай зерттеуші атаулыны

шыдаммен сынамақ. Абайтану тұрғысының ең биігі осы сынаққа соқпақ» [189]. Үлкен жазушы, білікті сыншы Т.Әлімқұловтың осы пікірі зерттеуші Б.Шалабаевтың пікірімен үндес, мұндағы қос сыншының ойы Абайдың «орыс тілі – дүниенің кілті» деген сөзіне саяды.

Абайтану саласында Б.Шалабаев Абайға теңдессіз теңеулер айтып, ақынды зерттеймін, зерделеймін деген зерттеушіге көп ізденіс, мол дерек қажет екенін түсіндіреді.

Абай – қазақ елінің көш бастаушысы, көрегені, қамқоры, ақылгөйі, мақтанышы, пірі, оның бір өзінің қазақ халқының рухани өмірінде қаншалықты құнарлы қызмет атқарғанын уақыт дәлелдеп келеді. Қилы-қилы қызметімен, еселі еңбегімен өз халқының дәуір-дәуірлік шежіресін жасап кеткен Абай өзінің дара болмысында да шексіз ұзақ жасамақ. Абай парасатының биіктігі, Абай сезімінің тереңдігі, оның көңіл-күйі, көкей көксеуі, өкініші, қуанышы, арманы, үміті бірдей емес, бірте-бірте баян тапқан. Сыншының байқағыштығы, дананың ойшылдығы, ақынның түйсікшілдігі туысы бөлек пенденің терең тебіренісі арқылы шежіреленеді. Дарындарды қаңбақша қуған қара заманда қайнаған қан, қинаған жан, өткелсіз өксік өзінің тұңғық мұңын, намыстың наласын кейінгіге сиқырлы сыбаға етеді. Осының баршасында белгілі мезгілдің бейнесі, дәйекті деректердің таңбасы жатады. Абайды зерттеймін деген ізденушінің әмсе тұтатын бір жайты – осы.

Бүгінгі таңда Абай ғақлияларының, афоризмдерінің болмысына тереңдей талдау жасалынып, көңілге қонымды зерттеулер жүргізілгендігі белгілі. Бұл тұрғыда Абай қара сөздерінің табиғатына зер салған Х.Сүйіншәлиев еңбегі [190] мен Абай афоризмдеріне ден қойған Қ.Өмірәлиев [191] зерттеулерінің абайтану ғылымындағы бағасы өте жоғары. Дегенмен Абайдың қара сөздері – әлі күнге терең зерттелмеген, әдебиет тарихы үшін де, қазақ ұлтының өркениетті ел атануы үшін де көкейкесті мәселелерді қозғайтын маңызды тақырып болып қала бермек. Абайтанудың негізін салушы заңғар М.Әуезов, «Тегінде Абай шығармаларының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз» [192, 24-б], деген болатын «Абай жайын зерттеушілерге» деп аталатын мақаласында. Шындығында 1952 жылы Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздерінен» қорғаған кандидаттық диссертациясынан кейін Абай қара сөздері ұзақ жылдар бойы тұтастай, жүйелі түрде зерттелмеді. Әр кезеңінде кейбір салыстырулар, барлау еңбектердің болғаны рас. Абай шығармашылығына орыс және Еуропа әдебиетінің ықпалы, байланысы қаншалықты дәрежеде болғандығын зерттеуге басымдық берілгендігінің жақсы жағымен қатар кері әсері де бар еді. Себебі бүкіл адамзаттық құндылықтарды қамтитын гуманизмнің биік шыңына көтерілген Абайдың Шығыстың да, Батыстың да және төл әдебиетінен де молынан сусындағанын көре тұра оларды бөле-жарып қарау, ақын шығармашылығының қыры-сырын дұрыс саралауда кедергі келтірді. Әсіресе, Абайдың қара сөздерінде Шығыс әдебиеті мен Ислам құндылықтарын тереңінен түсініп айтылуы, сыңаржақ саясаттың салдарынан тасада қалып, жете мән берілмеді. Тіпті, М.Әуезовтің өзі де, «...Абай

қарасөздерінде дініне иланған тыңдаушыларына құдайдың, пайғамбардың, имам, парыздың жайларын көбірек айтады. Оқушылармен әңгімелескенде өз ойына соларды көбірек серік етеді. Және өлеңнен қара сөздерді төменірек түсіретін тағы бір өзгешелік бар. Онысы: дін тұтынушылар мен би-болыс, атқамінерлер жөніндегі аса аяусыз, сыншы жазушы болған қалпын Абай қара сөздерде біраз жеңілдетті, ашуын азайтыңқырап алды» [192, 24-б], – деген сөзінің астарын түсіну оңай емес. Абайды бүкіл әлемге танытқан М.Әуезовтің ақын қара сөздері жайлы тар шеңберде бұлайша ой толғауының астарында кеңестік идеологияның салмағы жатқандығы жалған емес еді.

Осы айтылғандардан келіп Абайдың діншілдігі, дінге көзқарасы туралы мәселе өзінен-өзі туындайды. Бұл – өте күрделі мәселе. Бұрынғы идеологиялық ұғымдар шеңберінде Абайды діншіл етіп көрсету мүмкін емес еді. Олай болған күнде оған коммунистік дүниетаным жүйесінен орын тимей қалар еді. Бірақ сөйте тұра, ұлы ойшыл бабамызды біржола діни схоластика стихиясына беріп қойған да дұрыс болмас еді деп ойлаймыз. Өйткені ағартушылық пен діни мистиканың, сакральды мәтіндер мен эзотериканың сыйыса алмайтын жерлері бар екенін ешкім де теріске шығара алмаса керек. Егер Абай дүниенің кілті – ғылым мен білімде, барлық хикмет – өнерде деп уағыздамаса, дүниедегі шындықтың бәрі – құранда деп білсе, онда, сөз жоқ, ол тек қана дін жолына түсер еді және бұл бағытта да алдына жан салмас еді.

Абай олай еткен жоқ. Әуелі ғылым мен білімді насихаттады. Сонан соң барып, шарифатты күйттеді. Осының бәрі, айналып келгенде, адамгершілік тәрбиенің қамы болатын. Халқының болашағын ойлаған ақынның ұғымынша, тарих көшінен кейін қалып қоймау үшін алдымен оған таудай талап, талмайтын ізденіс керек еді. Ілгергі елдермен иін теңестіру үшін солардың ғылым-білімін үйрену керек еді. Ал оның бер жағында елдің елдігін сақтап, ақыл-парасатқа жүгінген биік адамгершілік аясында есею үшін жалпы қауымға бірлік керек еді. Сонымен бірге жеке адамдар жүрегінде ізгілік, адалдық, қайырымдылық, ар, әділет ұрығын үнемі мәпелеп өсіру керек еді. Бұл жөніндегі діннің прогресті рөлі кімде де болса күмән туғызбасқа тиіс.

Ал енді Абайдың жеке өз басының дінге көзқарасы туралы мәселеге келетін болсақ, мұның да заңды диалектикалық жолы бар. Тегінде, құдай, тәңірі деген сөздер ақын шығармашылығының тек соңғы дәуіріне ғана тән нәрсе емес. Олар ертеден бар.

Мәселен, ақынның «Жазғұтырым» атты өлеңін алайық. Бұл Абайдың табиғатпен өте етене болған кезі болатын. Сонда ол жаратылыстағы керемет үйлесім мен заңдылыққа бас иіп тұрып, бірде: «Безендірген жер жүзін тәңірім шебер», – деп сүйсінсе, енді бірде:

«Тамашалап қарасақ тәңірі ісіне,

Бойың балқып, еридi іште жігер», – деп елжіреді. Бірақ одан әріге бармайды. Сонда оның сүйсініп, елжіреп отырғаны табиғат па, әлде тәңірі ме? Ол жері ашылмайды. Сондықтан тәңірі деген сөзді табиғаттың екінші аты деп, немесе жұрт санасында қалыптасқан жалпы ұғым ретінде қабылдауға болатын-ды.

Ал кейінірек келе, табиғат пен адамның арақатынасы жөніндегі түсінік өзгеріп, күрделілене түскен кезде, ақын санасындағы табиғаттың алдында адам бел ала бастайды. Адамның ішкі дүниесі мен ақыл-парасатының тереңдігіне бойлаған сайын, оның ғаламдық істерге қабілетті екеніне көзі жеткен ақын енді табиғаттан адамды жоғары қояды.

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген тұжырым – осыған айғақ. Ақын бұл жерде адам өмірінің мәңгілігін оның өмірдегі тындырған ісімен байланыстырады. Сондай өлмес істердің бірі – сөз даналығы, өлмейтін сөздің ғұмыры. Екінші жағынан, ақын адам жанының мәңгілігін құдай құдіретінің адамға деген ерекше ықыласымен сабақтастырады. Адамның тәні өлгенмен, жаны мәңгі өмір сүреді екен. Ал оның жұмақ төрінен орын алуы адамның мына дүниедегі имандылығына байланысты болады екен.

Сонан соңғы бір ғажабы – ақын ұғымындағы Алла мен ісләм дінінің қағидалары ылғи бір жерден шығып, бір шеңбердің аясынан табыла бермейді. Абайда Алла – бәрінен жоғары тұрған, мәңгі өзгермейтін мызғымас ұғым. «Алланың өзі де рас...» атты өлеңіндегі: «Күллі махлұк өзгерер, алла өзгермес», – деген сөз, ешбір қалтқысыз айтылған тұжырым. Ал оның бержағындағы құдай сөзі деп қабылданып жүрген Құранда мұндай тұрақтылық жоқ.

«Қағида шарифаты өзгерсе де,
Тағриф алла еш жерде өзгермейді».

Ақын бұл жерде мұсылманшылықты уағыздайтын шарифат қағидалары күндердің күнінде өзгеруі мүмкін, ал Құдай жөніндегі ұғым өзгермейді деген пікірді барынша анықтап айтып отыр. Осымен байланысты ол дін уағызшыларының атына да сын айтады. «Алла деген сөз жеңіл» атты өлеңді тағы бір қайталап оқысақ, бұған да айқын көз жеткіземіз.

«Ақыл мен хауас барлығын
Білмейдүр жүрек, сезедүр.
Мүтәкәллимін, мантикин
Бекер босқа ездүр».

Құдай сөзінің жер бетіндегі жаршыларымыз деп жүрген адамдардың атына бұдан шұғыл айтылған сынды ақылға сыйғызудың өзі қиын.

Сонымен қорыта келгендегі айтылар түйін: Абайдың діншілдігі – қай жағынан алып қарағанда да, адамның өмірлік мүдделерімен тығыз байланысты, ақыл-парасатқа негізделген, мейлінше адамгершіл діншілдік. М.Әуезовтің сөзімен айтқанда, «...оның діні сыншыл ақылдың шартты діні болып шығады» [192, 158-б]. Былайша айтқанда, Абайдың құдайға табыну түрінің өзі оның бойына біткен даналығының бір көрінісі болып табылады.

Б.Шалабаев Абай мұрасының барынша таза, қоспасыз болуына айрықша мән берді. Ол бұл тұста М.Әуезовтің қағидалы ой-пікірлерін басшылыққа алып отырды. М.Әуезовтің осы ой-тұжырымының әлеуметтік салмағына ден қойған, Абай қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін зерттеген Б.Шалабаевтың мына бір пайымдауының орны бөлек: «Проза Абая органически связана с его поэзией и в тематическом, и в сюжетном, и в идейном отношениях. Они взаимно дополняют друг друга, и там и здесь

ставятся в основном одни и те же проблемы, одни и те же вопросы. Вполне понятно, что нельзя говорить изолированно об Абасе – прозаике и об Абасе – поэте. Абай, как большой художник, для реализации своих идей пользовался различными средствами. Он выступал и как поэт, и как прозаик, и как композитор, и как мыслитель и просветитель. При этом он преследовал благородную цель – защитить интересы народа всеми средствами, какие только оказались доступными ему.

Абай во всем своем творчестве является поборником просвещения, глашатаем демократических идей, суровым обличителем социального зла, великим гуманистом и сатириком» [193, 42-б], деуі әдебиетшінің ғалымға, яғни Б.Шалабаевтың М.Әуезовке қарсылығы деп ұқпай, қайта шәкірттің ұстазды, зерттеушінің ғалымды түсіне білуге, ғақлия даналық сөздерін талдап-тани білуге ұмтылысы деп білеміз. Б.Шалабаев шешімінің шымырлығы соншалықты, оның әділ бағасын беруге М.Әуезовтің «тар заманда тамаша пікірлерінен» тамаша дүние жасағанын ғалымдарымыз бен сыншыларымыз енді-енді аңғарғандай әсер етеді. Сөйтіп, Б.Шалабаев Абайдың ғақлияларына ден қойғанда оның әр сөзінің тұңғығына бойлап, ақын мен заманның ішкі сарайындағы үндестік пен үгіттің мәнін-мағынасын ұғады. Абай қара сөздерінің заманагөйлік табиғатын түсініп, келешекке айтар өсиет-намасына зор сеніммен қарайды.

Абай қара сөздерін әдеби тұрғыда арнайы зерттеу нысанына ала бастау М.Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» монографиясында көтеріліп, Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздері», М.Сильченконың «Абайдың творчестволық биографиясы», З.Ахметовтың «Абайдың ақындық әлемі», Т.Әлімқұловтың «Жұмбақ жаны», Қ.Өмірәлиевтің «Абай афоризмі», М.Мырзахметовтың «Абайтану тарихы», «Абай және Шығыс», Т.Жұртбайдың «М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі», А.Ісімақованың «Абайдың классикалық стилі», З.Жұмағалидің «Жаңа дәуір әдебиетіндегі Абай дәстүрінің жалғастығы», Ж.Шойымбеттің «Абай қарасөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері», Қ.Салғараұлының «Таным баспалдақтары» еңбектерінде жалғасын тауып, айтылған ғылыми тұжырымдардың құнын айрықша атап өткен орынды. Сонымен қатар педагог-ғалымдар А.Көбесовтың «Абайтану дәрістері», С.Ғаббасовтың «Халық педагогикасының негіздері», лингвист – ғалым Р.Сыздықованың «Абайдың сөз өрнегі», филрсоф-ғалым Ғ.Есімовтің «Хакім Абай» еңбектерінде Абай қара сөздерін ғылымның әр саласымен байланыста зерттеліп, Абай танымдарын танудың ауқымын толықтырады.

Абайдың қара сөздері зерттелу жағынан кенжелеу қалып қойды, себебі қара сөздерде діни-философиялық мақамдардың жиі ұшырасатындығынан болса керек. Идеологияның құрсауынан бүкіл ғұмырын Абай мұраларын зерттеуге арнаған, абайтанудың негізін қалаған, М.Әуезов Абай қара сөздері туралы өз пікірін кеңінен көсіліп, қыр-сырын молынан ашуға білім-танымы жетсе де, ойына «кедергілердің» кесе көлденең тұрғаны байқалады: «Сонда тыңдаушысы туралы Абайдың күдігі көп. Кейбір терең өсиет, озғын ойлары бұның тыңдаушыларының санасына жетпеуге мүмкін. Сол себепті өлең

сөздерінде ұзақтан, тереңдеп айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын, оның шыншыл және күшті азаматтық сындарын мынау қара сөздерінде оңайлатып, азайтып, қысқартып айтатыны да болады. Бұл ретте ақынның өлеңінде кездесетін қайшылықтар және тарихтың тар көлемді түсініктер көбірек көрінетін кездері болады.

Оқушы мен көпшілік тыңдаушыларының өз тұсындағы сенім-нанымдарын еске алғандықтан, ақын дін тақырыбын көбірек сөз қылады. Әрине, оның өз нанымы өзгермейді. Сондықтан өлеңіндегі сияқты дінді адамгершілік моральдің тәрбиенің қараңғылыққа қарсы, шартты түрдегі өткелі есебінде бағалайды» [192, 205-б]. М.Әуезовтің Абайдың «күшті азаматтық сындарын қара сөздерінде оңайлатып, азайтып, қысқартып айтатыны» деген сөзді М.Әуезовтің өзіне де қатысты деп алсақ әрі ол Абай қара сөздері жөніндегі пікірін әдейі «оңайлатып, азайтып, қысқартып» айтқан десек шындықтан тым алшақ кете қоймаспыз. М.Әуезов Абай өлеңдерінен қара сөздері «төмендеу еді» деген ой ұшқынын да байқатады, мұнысы Абай – байшыл, Абай – діншіл деген кезіндегі улы жыландай зәрін төккен «төпелеген сыннан» өзі – мұсылман, Исламды терең меңгерген данышпан Абайды әл-әзірге өлеңдерімен ақын Абай деп ғана зерттеуді жалғастыра берудің мүддесінен, ақылдың «айласынан» шыққан сөз қолданыс деп ұқтық. «Осындай негізгі түсінік (убеждение) Абайдың қара сөзінде де көрінеді. Бірақ осымен қатар дініне иланған тыңдаушыларына құдайдың, пайғамбардың, имам, парыздың жайларын көбірек айтады. Оқушылармен әңгімелескенде өз ойына соларды көбірек серік етеді. Және өлеңнен қара сөздерді төменірек түсіретін тағы бір өзгешелік бар. Онысы: дін тұтынушылар мен би-болыс, атқамінерлер жөніндегі аса аяусыз, сыншы, жазушы болған қалпын Абай қара сөздерде біраз жеңілдетті, ашуын азайтыңқырап алады», – дейді М.Әуезов. Абайды бүкіл қазаққа ғана емес, бүкіл әлемге танытқан М.Әуезов қаншама шегініске барады, мұнысын әлі заман өзгерер, көңілі ояу, көкірегі ашық оқырманын дін туралы айтқанда Абай өз ойына оқушыларының ойын көбірек серік етті деуімді, тікелей Абайдың өз ойы деп нақтылай айта алмауында, қара сөзді сәл төмен еді деуімді түсінер деген болжам жатқандай.

Абай мұрасын зерттеп, абайтану ілімінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, көзі тірісінде-ақ академик жазушы атанған, әдебиет тарихын зерттеуде үлкен еңбек еткен Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» еңбегін оқығанда Ғ.Мүсіреповтің замана екпініне ойысып «орыс халқының ұлы мәдениетін меңгеру» деген сөз тіркесін сол кездің көзқарасымен өте орынды деп бағаласақ, ол бүгінгі күні көзқарасымен бұл сөздің тым жиі айтылып қолданылғандығын, асыра сілтегендігін түсіністікпен қарап, пайымдасақ, Абай туралы түйдек-түйдек құнды ой-толғамдарға кезігіміз. Ғ.Мүсіреповтің, «Алысты болжаған терең ойдың, үлкен сарынның ақыны Абай алды-артын шолып, қазақ халқының жалғыз әдебиеті емес, бүкіл рухани мәдениетінің келешегіне жөн сілтеп кетті. Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді. Ол өз заманы мен өз елінің

қайғы-мұнын көтергенде соны тарихи даму жолындағы бар адам баласының тақырыбына айналдыра алды» [194, 205-б], – деген тұжырымы кемеңгердің тарихымыздағы орны ерекше екенін атап көрсетеді.

Абайдай ұлы бар, ақыны бар, данасы бар қазақ ұлтының тарихын беріден бастап, әдебиеті тек «мифтен» тұратын томаға-тұйық «балалығы арылмаған ел» деп шулайтындар Ғ.Мүсіреповті оқымаған болар, әйтсе «бар адам баласының тақырыбын» көтеруге беттеген әдебиетші «балаң» деп қалай ғана айтуға дәті шыдайды. Қазақ әдебиеті «адамзат тақырыбын» тереңнен қозғау үшін қаншама қилы-қилы кезеңдерді өткеріп, сан ғасырлық тәжірибе жинақтап, сан асылды тану үшін сан ұрпақ санасының сараптауынан өткізді емес пе, соның нәтижесінде Абайдай ұлы тұлғаларға қол жеткізді емес пе?!

Сонау 1945 жылы жазған осы еңбегінде Ғ.Мүсірепов Абайдың үлгі, пір тұтқан ұлы ағалары – Пушкин, Лермонтов, Некрасов деп сан құбылтып жазса да олардан Абайды төмен санамайды, «шығармалары үндесті, қабысты» деп келеді де «Абайда еліктеу де жоқ», «қарыз алу да жоқ», табыну да жоқ, поэзияның өмірдегі орнын сол Пушкинше, Лермонтовша ұғыну бар» деп түйіндейді. Дәл және анық айтып Абайды оларға теңестірумен қатар тереңірек ойланған жанға «соларша ұғып білу үшін олармен тең түсіп ғана қоймай асып түсуің керек» деген астарлы меңзеуді аңғарасыз. Шындығында Абай аудармаларын оқығанда Пушкин, Лермонтов өлеңдерін қазақтың төл тумасындай етіп, олармен құлақ тістесе шыққанын, оза түскен тұстарын айқын көресіз. Яғни қазақтың төл тумасын жасауда әлемде Абайға теңесер дана – ақын таппайсыз, Пушкинді «орыстың Абайы» деп айтудың артық екенін түсінесіз, жасандылықтың әдебиетке жараспайтынын ұғынасыз.

Академик ғалым Р.Бердібай ақынның ауыз әдебиеті байлығын жете меңгерген аса талғамдылығы оның шығармаларынан айқын танылатынын айтады. Абайдың фольклор даналығының асыл нәрін, рухын пайдалануды көздегені, әсіресе мақал, нақыл сөздерді қолдану тәсілінен анық байқаймыз дейді зерттеуші. Ақын өлеңдері мен қара сөздерінде мақал, қанатты сөз секілді тамаша тапқыр тіркестер жиі кездеседі. Тіл қазынасын мол игергендігі соншалық, Абай өлеңдерінің көптеген жолдары халықтың ғасырлар бойында екшеліп, сұрыпталып шыққан мақал-мәтеліндей әсер қалдырады дейді. Өлеңі (назым) мен прозасында (нәсір) шешен қиюласқан, мағынасы терең, жасалуы жатық, бейнелі, айшықты, әсем тізбектер тұнып тұрғанын, олар халықтың нағыз көңіл түкпірінен қайнап шыққан асыл ой меруерті секілді. Солармен қатар, бұлар халық ұғымына мейілінше жақын, әрі тосын өрнекпен жасалғандығын айта отырып, кейде ертеден елге қашықты, басқа ақындарда талай рет кездескендей болып көрінетін оралымдардың өзі Абай қолданысында жаңа мағына тудырып, «таныс», «бейтаныс» түрге көшетіндігінде ескертеді. Р.Бердібай Абай мұрасын танып-білудің ғылыми тәсілдері, методологиялық таяныштары әлі анықталмағанын айтады. Алдағы жұмыстардың жемісті болуы зерттеушілеріміздің жаңа көзқарас қалыптастырып, жасанды догмалар қыспағынан құтылуына байланысты айта отырып, жылдар бойында Абайтануды белгілі бір шеңберден шығармай келген жалған қисындардың кейбіреулеріне тоқталады.

Абайтануда – М.Әуезовтің еңбектері басты бағдаршам. Сондықтан да Б.Шалабаевтың «Абай прозасы» жайындағы зерттеулерін терең талдамас бұрын, М.Әуезовтің қара сөздері талдауына үнемі зер салып отыратын дағдылы әдетіміз бойынша өз пікірімізді белгілі дәрежеде болса да ғұламаның айтқандарын негіз ете отырып саралауға талпындық.

Екінші сөзінде – халықтарды салыстырады, қазақ, ноғай (татар), сарт (өзбек), орыс сияқты көршілес елдерде оқушысы қазақ жұртшылығына әділетті достық көңілмен ұғындырып береді дейді абайтанушы ғалым. Біздің байқағанымыз «әділетті достық» дегенінде кеңестік кезеңнің көңіл-күй ауанын достық сөзіне түсірген сияқты. Әңгімені жәй бір тыңдаушылар тобында отырғандай, жеңіл әзіл тәрізді бастап, өз халқының дәлелсіз үстірт өзімшілдігін мысқыл ете келеді. Содан барып шын сыншыл ойларына ауысады, «Еңбек сүйген ел атаулының бәрі де қазақтай еңбексіздікке мол салынған және сол еңбекті өнеркәсіпте, күндегі тірлікте көрші елдің бәрінен кейін қанып отырған халқына үлгі берерлік, артық елдер болып бағаланады» дегенді байыбына бармасақ, заман ырғағын аңғармасақ әр түрлі түсіндіруге болады. Бұл жерде қазақтың еңбексездікке мол салынғаны ғана емес, оның қайдан келген «пәле» екенін іздеу көрініс береді.

Шынтуайтында Абайдың үшінші сөзін ғана емес қай сөзін алсаңыз да ақынның өз тұсындағы емес бүгінгі күннің шындығына дәл келеді, айтқандары қазіргі күннің өзін көріп тұрғандай өсиет – сөз ретінде өріле түседі.

Кешегі кеңестік Одақтың құрсауынан босанып шыға келген, бүгінгі тәуелсіз ел құшағына орала қалған қалың қазақ санасы дағдарысқа тап болды. Отаршылдықтың сан қилы саясаты, сан қырлы «жымысқы» әрекеті, сан салалы айла-тәсілдермен бүркемеленген «кіші» ұлтты жоюға жоспарланған көп жылдық бағдарламасының нәтижесі алдымыздан атойлап шыға келді. Абай айтқан «қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағы, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғыны, рас сөзі аз болатұғыны, қызметке таласқыш болатұғыны, өздерінің жалқау болатұғыны» қазақ ұлтының туа бітті қасиеті емес, қалай жабастырылғанын байқамай жүре келе тапқан «қасиет-қасіреті». Осындай зұлымдық іске өршелене ұмтылған отаршыл орыс империясының бұл әрекетінің түбі қазаққа қайырлы болмайтынын данышпан жүрегі сезе білді, қатты сезіктенді. Абайдың сезіктенуі дәл келіп, бұл күнде жүре келе тапқан «қасірет-қасиеті» қазақ ұлтының шаңырағын шайқалтуда. Олар – «өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар». Абай айтады «Мұның бәрі төрт аяқты малдың көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым – солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыста тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметінен біреудің қыстауын сойып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек – әр қазақтың ойы осы» [195, 130–131-бб].

Бұл айтып тұрған жағымсыз ойдың қазақтың санасына ұямай бастауы Абайға дейтін тек қана жалқы сипатта сирек кездесетін болса, енді оның жалпылық сипатқа айнала бастағанын ақынның зирек көңілі анық байқап тұр. Тек Абай сөзі, Абай түсінігі – жалған саясатпен бұрмаланып түсіндіріліп келеді. Бұл көрініс еліміздің тарихын жазғанда әліппеден энциклопедияға дейін өңін айналдырып айтылды, санаға сіңірілді. Қазақ ұлт болып қалыптаспаған, өркениетке қол жеткізбеген, тарихы беріден басталған «жабайы тобыр» дәрежесінде деген пайымдау қылаң берді, әрі сол пайымдау бірте-бірте санада бекітіле берді. Абай қазақ бір-бірімен қырқысумен келеді демейді, «бір-біріне қаскүнем болмағы» дейді; қазақ бұрыннан жалқау, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ еді демейді, «осындай жандар шығады» дейді.

Отаршылдық ойранынан кейін Абай айтқан «ешкімге достығы жоқ жандардың шығуы» бүгінгі күні де ылаңын салуда. Яғни «достығы жоқ жандар» дегеніміз – ең бірінші өзінің ұлтына достығы жоқ, тек өзге ұлттың ғана тілін, мәдениетін, дәстүрін мойындайды, отаршылардың уысында өсіп шыққан, тәрбиеленген «мәңгүрттер» мен «көзқамандар». Олар үшін өз Отаны, өз ұлты тек материалдық байлықтың көзі ғана, соның ордасы ғана, Абайша айтқанда «мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан».

Төртінші сөздің де тақырыбы өзіне бөлек басқаша шығатындығын, бұл өсиетте бұрыңғы өлең сөзінде көп айтқан бір тақырыпты қозғайтындығын айта отырып, онысы – күлкі туралы ойлаған ойы, сыны дейді. Біздіңше ойы деп тұрғаны «Рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі – өзі де қайғы» дегені болар, ал сыны «жүректен келмейді... сыртыменен бет-ауызын түзеп, ... әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі» дегені болар.

Махамбет Өтемісұлының деректік құжаттарымен танысқанымызда «ұрлық» сөзі орыс патшасының отаршылдық зұлматын бүркемелеу үшін, елім деп еңіреген батырдың беделін барынша төмендетіп көрсету үшін мың құбылта «қасақана» пайдаланғандығының куәсі болдық. Бұл айтып отырғанымыз өзге қара сөзден және де өз тақырыбымен оқшауырақ тұратын он бірінші сөз – ұрлық турасынан басталып, ұлықтарға қарсы, оларды қатты әшкерелеген сыншының ойын танытатын сөзге бағытталып отыр. Халықтың, көпшіліктің өкілі боп отырған азамат жазушы жаңағыдай ұлықтар кесірінен бейнет шегетін ел үшін ширығып, ызалы турашылдың сөздерін сөйлейді.

М.Әуезов кезінде айтуға, терең талдауға тиым салынған Абайдың дін жөніндегі қара сөздеріне ептеп қана сақтықпен тоқталып өтеді, қара сөздердің ішінде тағы бір қайталай түсетін тақырып – дін менен мораль, тәрбие жайларын қозғайтындығын, оларға: он екінші, он үшінші, жиырма жетінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз сегізінші және қырық бесінші сөздердің жататындығын айтады.

Б.Шалабаевтың Абай ғақлиясы жайындағы әдеби-сын, әдеби-зерттеу еңбектері ғылыми-эстетикалық тұрғыдан алғанда көп мәселеге барлау жасаған, әдебиетшінің таным-білігінде, кем-кетігінде анық танытқан зерттеулер болды. Әрине Абайтану ілімінің бүгінгі биігінен қарасақ, біраз пікірдің балаңдығы, жетімсіздігі де байқалады, бірақ сол кездегі ой-пікір

өрісінен қарағанда біраз мәселенің арнайы әңгімеге арқау болуы орынды да. Б.Шалабаев Абай ақындығының сырын талдаған уақытта, автор Абай реализмін, Абай сыншылдығын, өнегелі арнадан нәр ала білгендігін арнайы атап көрсетеді. Ол Абайдың табиғи талантына, ақындық қуатына өмір шындығы арқау болғандығын айта келіп, Абай ұлылығының бір қайнар бұлағы ретінде орыс әдебиетін ерекше атап өтеді. Абайдың ұлылығы жайлы құнарлы ойлар айта білген, Шалабаевтың кей кездерде өз заманының әуеніне қарай «Абайдың ерекше ұлы еңбегі – орыс халқының ұлы мәдениетіне, ұлы ақындарына сүйене отырып, төменгі сатыда тұрған әдебиетін ең жоғарғы сатыға шыққан реалистік әдебиетке қосуында, революциялық адымында», – дегеніне еш таңдануға болмайды.

Әрине Б.Шалабаев таптық теорияға негізделген кеңестік қоғамда өмір сүрді. Сол заманда еңбек етіп, абырой-даңққа ие болды. Сондықтан да оның сыншылдық көзқарастарында кездесіп отыратын социалистік реализм әдісі тұрғысынан айтылған кейбір пікірлерге таңырқауға болмайды. Керісінше Б.Шалабаев қазақ кеңес әдебиеттануындағы роман жанрының зерттеуші көш басшыларының бірі бола жүріп, жаңа типті әдебиет үшін күресті. Қалай десек те әдебиетші Абайдың ұлы мұрасын сол заманына орайластырып ыңғайымен, ретімен айта алған деп білеміз.

«Абай (Ибраһим) Кунанбаев (1845–1904) выступал новатором не только в поэзии, но и в области прозы. Он создал интересные афоризмы в виде «бесед – наставлений», насыщенных философскими рассуждениями, предельно лаконичных и отличающихся ясностью мысли.

Прогрессивный художник – мыслитель, Абай видел залог прогресса в труде, в просвещении. В своей прозе, представленной в виде назиданий, поэт затрагивал различные вопросы общественного, семейно-бытового и морально-этического характера и давал им философское объяснение. Недаром он назвал цикл своих произведений «Гаклией», что означает «беседы – наставления». Каждое такое наставление принято условно называть «словом» [193, 34-б], – дей келе Б.Шалабаев енді бір кіріспе сөзін М.Әуезов тілімен түйіндейді: «...Абай «Ғақлиясы» ұзын саны 45 «сөзден» тұрады. Оның әрқайсысы қоғамдық, моральдық-этикалық және тұрмыстық сипаттағы тақырыптарға, ойға құрылған. «Бұл шығармаларда Абай сөзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізді» деп бағалайды аса көрнекті ғалым М.Әуезов» [133, 28-б]. Әдебиетші Б.Шалабаев Абайдың қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне терең үңілмесе де, араб-парсы, жалпы шығыс әдебиетінде елеулі орын алатын ой-толғауы түрінде жазылып, философиялық ой түйінін тұжырымдауға бейім рисола (трактат) тәрізді шығарма – «ғақлияның» этимологиялық астарын және жанрлық табиғатын дәл анықтауға талпыныс жасағанын көреміз. Баршаға мәлім, Абайдың қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері туралы пікірлер әр түрлі. Бұған себеп Абай қара сөздерін қалыптасқан проза жанрының қатарына тели салудың қиындығынан туындайды. Бұл қиындықты заманымыздың кемеңгер жазушысы М.Әуезов бастан, яғни Абай шығармашылығын зерттей

бастағаннан-ақ сезсе керек: «Жалпы алғанда Абайдың осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның, өзіне бөлек, бір алуаны боп қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелігі, мемуар да емес. Стиль, мазмұны жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» [192, 204-б] деп ой қорытуында үлкен кілттипан, терең астар жатқандай, әсіресе «Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі» деуі көптеген шешімін таппаған сауалдарға жетелейді. Бүкіл ғұмырын Абай мұрасын зерттеуге арнаған, энциклопедист, ғұлама-жазушының «қарасөздерді» Абайдың өзі тапқаны дейді, бірақ жаңалығы деп ашып айтпайды, көркем сөздің түрлерін, талай-талай ғылыми еңбектерінде бүгешігесіне дейін талдайтын, әдебиет теориясының білгірі мұнда жұмбақтап, әлденеге меңзеу ғана бар. «Өзінің адамгершілік, әлеуметшілік, ағартушылық ойларын айтуда, Абай педагогикалық жақсы әдісті қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан, үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгіт-насихат асырады».

Абайдың қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері туралы арнайы зерттеген Х.Сүйіншәлиев оны алты топқа бөледі: «Олар: 1. Өсиет-ғақлия (поучение, рассуждение); 2. Тастих (утверждение) ретінде келетін философиялық трактат; 3. Нақыл сөз (афоризм, изречение); 4. Кеңес әңгіме (беседа), Дидактикалық насихат (назидание); 5. Сын мақала ретіндегі публицистика; 6. Көркем прозалық элементтері бар әңгіме» [190, 122–123-бб].

Х.Сүйіншәлиевтің Абай қара сөздерін әр қырынан талдауға барғаны, «ертеден мәлім прозалық шағын түрлерді» қолданған деп қорытындылауы сөз жоқ үлкен істің бастамасы, Абай шығармашылығына ден қойған ғалымның «Абай қара сөздерін негізінен жай проза деп атау керек: өйткені, өлең нормасына түспеген, жай сөзбен жазылған шығармасын басқаша атау мүмкін де емес» [190, 122-б], деп өзіндік топшылау жасауы деп бағалаймыз. Тек сол кездегі замана желінің табы білініп, бірыңғай орыс әдебиетінің ықпалын басым етуге мәжбүр болуы, Абайдың прозаны Пушкинше бастап, бірақ Пушкин ірі прозашы болып қалыптасып көркем проза берген, ал Абай Пушкиндей бола алмай шағын прозашы болып қалды деген салыстырудың қазіргі күнгі көзқараспен қарағанда «сәтсіз» шыққандығы бірден байқалады. «Бірақ, осы жайт прозаларының өзі бұрынғы өсиеттерден өзгеше мазмұнда, өткір көркем тілмен жазылған жана идеядағы еңбек болып шықты» деп қанша мақтағанмен Пушкин сөз болған жерде Абай «дәрменсіз болып» қала беру еді, Абайдың шығармашылық жетістігі Пушкиннің шығармашылығына жетсем деген талаптану ғана болмақшы. Олай болған күнде Абайға жетем дегендердің деңгейі қандай дәрежеде қалмақ? Міне осындай жаңсақ та сұрқия түсінік – стереотиптер кезінде біраз әдебиетшінің санасын уландырды, «қара қылды қақ жарар» зерделі пікірлерді жәдігөй еуроцентризм шырмауынан босатпады. Мұндай әлжуаздық пен

дүбәрәшылдыққа ырық бермеген саясат сойылына көнбеген ғалымдар да жоқ емес әрине. Солардың бірі ретінде Б.Шалабаевтың есімін екшеп айтуға болады. Ғалымның мына бір пікіріне ден қойсақ, «Пушкин прозаны» «ой тілі» деп бағалаған. Абай прозаға ауысқанда ұлы ақынның осы қағидасына сүйенгені байқалады. Өйткені, оның прозасы қысқа әрі өткір, «сөзге – тар, ойға – кең». Сондықтан оның көбі мақал-мәтелге, афоризмге айналды: «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады». «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың». «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың», «Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың...».

Абай прозасы қысқа, қарапайым, әрі философияға бай. Оның әрі қысқа, әрі нұсқалығынан шығыс әдебиетінің ықпалы байқалса, ауыр да болса жарылып, шындықты бұлтаққа салмай тура айтып, жақсылыққа, адамшылыққа бастауы ХІХ ғасырдағы орыс әдебиетінің дәстүріне келеді» [133, 32–33-бб], – дейді.

Абайдың ұлттық фольклорымыз бен Шығыс сюжеттерін пайдалануы жайында С.Қасқабасов еңбегінде қазіргі күн талабына сай дәлелді батыл пікір айтады. Әсіресе, Абайдың қазақ фольклорын ғана емес, күллі әлем, әсіресе шығыс халықтары фольклоры мен классикалық әдебиетін де игергендігін, өз шығармасына пайдаланғандығын айта келіп, сонымен қатар Еуропа мен Ресей халықтарының мәдениетін, әдебиетін, ғылымын меңгергенімен, олардың сюжеттерін алмағанын, реті келгенде қара сөзінде кейбіреулерін мысалға келтіріп, ара-арасында талдап отырғандығының себебін былайша түсіндіреді: «Мұның басты себебі – қазақ пен шығыс фольклорындағы ежелден келе жатқан ортақ сюжеттер мен дастандары, қиссалар мен жырларды, ертегілерді Абай өз өлеңдері мен поэмаларына негіз етіп алған. Ал, орыс пен Еуропа елдерінің тұрмысы мен мәдениеті қазақ жұртына жат еді, олардың әдебиеті де түсініксіз болатын. Осыны ескерген Абай орыс әдебиетін аударғанымен, сюжеттерін пайдаланбаған. Оның бұл бағыттағы мақсаты өзгеріп жатқан өмірге лайық жаңа ой, соны идея іздеу, сөйтіп қоғамдық ой-пікірді байыту, оны дамыту және өзгеше өлең өрнектерін табу, қазақ әдебиетіне тың тақырып енгізу, ұлттық мәдениетке жаңа сарын қосу т.т. болатын. Ұлы ақын мақсатына жетті» [196, 6-б], деген қорытындыдан Абай мұрасын саясаттандырудан аулақ ұстап, таза ғылыми таным мен пайымдаудың әрі Абай ұстанымын нақтылаудың үлгісі айқын сезіледі.

Абай қара сөздерін арнайы зерттеген Х.Сүйіншәлиев, «Абай прозасында публицистика сарыны басым» десе, М.С.Сильченко «қара сөздер» көркем прозаға жата алмайды, өйткені бұл «сөздердің әрқайсысында бірнеше жанрдың элементтері бар» [197, 73-б], деп айта отырып, қара сөздің бір қатарын публицистикалық сипатта, ғылыми проза стилінде жазылған шығармалар дейді.

Көптен бері Абайдың педагогикалық қара сөздерін зерттеп жүрген педагог-ғалым А.Көбесов Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздері» монографиясын талдай келе, бұл еңбекте қара сөз, кеңес сөз немесе қарапайым кәдуілгі «ғақлия» қатарына жатқызудың реті келмейтінін, оған өзінің келіспейтінін білдіреді. Абайдың өзі «Китаб тасдихдағы» арабтың «тасдих» сөзі арабтың «сенім», «растау», «бекіту» деп мағына беретін сөздеріне сәйкес келеді, сондықтан Абайдың еңбегін «сенім кітабы» не болмаса «растау немесе бекіту кітабы» деген ғылыми атау берген жөн болар еді, – дейді.

А.Көбесовтің айтқанындай Абайдың қара сөздерінде педагогикалық тәлім-тәрбиенің көрініс беретінін жоққа шығара алмаймыз. Тіпті, ғалым-педагог А.Көбесовтің Абайдың педагогикалық ойларын тынымсыз ерінбей, жалықпай іздеп талдауын әрі ол жолдағы табысын және жаңашыл ойларын қуаттаймыз. Әсіресе, оның қазіргі педагогикалық терминология бойынша айтсақ, Абай тәрбиенің ішінде ең бірінші орынға таза діни тәрбиені қойып, қалған тәрбие түрлерін (адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, т.б.) осы тәрбиеге байланысты жүзеге асырады дегені құптарлық пікір. Абайдың діни фанатизмге, соқыр сенімге бармай, гуманизм жолын ұстаған қасиетті дінді ұстанатынын айтады.

Абайдың қара сөздерін А.Көбесов педагогикалық трактат десе, сонымен бірге философиялық трактат атасақ қалай болады деген де пікірлер етек алғаны белгілі.

Әлқисса, Абай философиялық трактат жазған кәсіпқой философ емес, себебі, Абайды философ деушілерге М.Әуезовте өз пікірін білдірген, онысын былайша қорытындылайды: «Абай мұраларын зерттеушілердің кейбіреулері «Абай философиясы» деген тақырыпты бөліп алып, тексеруді талап етеді. Абайды философ деп атап жүргендер де табылады. Анығында, бұл жөнінде дұрыс түсінік керек. Шын мәнінде алғанда Абай философ емес. Ғылымдық кең мағынасында Абай философ емес дейтуғынымыз – оның арнап жазған философиялық жекеше толғаулы еңбектері, трактаты жоқ. Қорытып айтқан системалы философиялық көзқарас болса, Абайда, ең алдымен, жаратылыс туралы, адам ойының, познаниесінің жүйелік тұрғысынан қараған өзіндік өрісті оқуы (учениесі) болса керек еді» [192, 169-б]. М.Әуезовтің пікірін келтіре отырып Абай қара сөздерді философиялық трактат деңгейінде жазылды деген пікірін мүлдем жоққа шығармаймыз, керісінше Абайдың өлеңдерінде де және қара сөздерінде де озық ойдың иесі данышпан, танымы терең, қиял көкжиегі кең өзіндік толғаулары бар адамзаттың ой мен сөз алыбы екенін, өзі өмір сүрген кезеңнің қоғамдық дамуындағы ақындық, көркемдік, эстетикалық мәселелерге, мораль философиясына, гуманизм-адамгершілік туралы ерекше айтқандары ешбір дау тудырмайды.

Сонымен қатар философ Ғ.Есімнің біздің Кеңес дәуіріндегі философтардың Абай оқыған Ислам философиясына мән беріп зерттемеуінен, тереңіне үңіле алмауынан Абайдың көзқарастарын талдау өте қиын шаруа деп кемшіліктің бетін ашуы Абай-философ деп нақты айта алмауымыздың бір себебін аңғартады.

Асылы, Абай шығармаларын зерттегенде Абай – ақын деген ұстанымды басты назарда ұстауды естен шығармауымыз жөн секілді. Екіншіден, біз философияны не педагогиканы зерттеген философ не педагогтің зерттеуін емес ақын Абайдың шығармаларын оқып, соның ішінен философиялық, педагогикалық құнды, терең ойларды байқап отыр емеспіз бе, тіпті қара сөздеріне де өлеңнен кейін барғандықтан, ешбір әдебиетші-зерттеуші Абай прозаик-жазушы еді деп атап көрсеткен емес. Бұны Абайдың жазушылығын жоққа шығару деп түсінбейміз ғой. Сол себепті Абайдың қара сөздерін трактат деп айтқаннан гөрі әл-әзір дәлеліміз толық болмағандықтан Абай қара сөздерінде трактаттың элементтері молынан кезігеді дегеніміз дұрыстау көрінеді. Сыншы Т.Шапай: «...Абай – әулие емес. Абай философ емес. Абай – ақын (Жарайды, ойшыл-ақ ақын болсын). Абайда жекелеген философиялық ой, пікір бар. Жүйелі, төлтума философия жоқ» [198, 16-б]. Ал Абайдың Мүрсейіт қолжазбаларымен жеткен «Кітап тасдих» яғни отыз сегізінші қара сөзі туралы әңгіме өз алдына әлі де болса жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Тал бесіктен әнмен әлдиленіп өскен ақын көшпелі ел тұрмысында халықтың салт-дәстүрлерін көріп әсершіл боп жетілген. Тіршіліктің шұғылалы сәттері мен көңілге кірбің түсіретін тұстарын жас жағынан көріп, танып-біліп өскен Абай өмір құбылыстарының сыр-сипатын көзбен көріп, көңілге түйді, пәк жүрекпен ұға білді. Сондықтан да ол өнер адамдарына қызыға қарады, қарапайым жандардың тән сұлулығына сүйсініп, рулық, таптық тартыстардың мәнін ұғуға тырысты, сан алуан сұрақтарға жауап іздеу міндетін өз маңайына жүктеді. Сол орайда табиғатпен сырласты, жүрегімен мұндасты. Бар білімін жадына түйген түйінін поэзиялық туындылары мен өсиетті ғақлиялары арқылы жарыққа шығарды. Хакімнің ғақлияларына талдау жасай келе, Б.Шалабаев өз ойын былайша ағытады: «Абайдың «Ғақлияларында» сюжет те, кейіпкер де жоқ. Бірақ лирикалық герой ретінде Абайдың өз характері сондайлық айқын және асқақ дәрежеде берілген. Өйткені бұларда автордың сан алуан жан сезімі, көңіл күйі бар. Ол – өмірдегі құбылыстарды жіті бақылайтын, күйкі көріністерді көргенде ашына түсетін, өмірдің мерездеріне жирене қарап, тыңдаушысын, оқырманын солардан безіндіруге жанын салып бағатын қамқор дос. Ол – надандық, арсыздық, қатыгездіктің қас дұшпаны, қорғансыздарға пана, бүкіл жақсылықтың, адамдықтың жаршысы. Оның осы философиялық-лирикалық характері үнемі өсіп-жетіліп отырады. Қорыта айтарымыз, Абай – бойына терең асыл мен жоғары адамшылықты жинаған ізгі характердің тап өзі» [133, 33-б].

Одан бұрын Абайдың он төрт жастан бастап өлең шығарып, халық ақындарына, шығыс поэзиясына еліктеуден туған жырларды дүниеге келтіруін әңгімелеумен бірге, ақынның ең құнарлы поэзиясы жасы ұлғайған шақта туындағанын пайымдайды. Ақынның халық даналығынан, шеберлігінен үйренгендігін, шығыс мәдениетіне де сын көзбен қарап игеріп, махаббат бостандығын, әділетшілдікті, әлеуметтік прогресті жырлайтын сыршыл поэзияға жаны жақын болғандығын айғақтайды.

Абайдың шығыс шайырларының басым көпшілігі (Низами, Науаи, Хафиз, Сағди, Физули, Фирдоуси т.б.) зор ғұлама болғандығын тани тұра,

орыс әдебиетіне ерекше ден қойғаны мәлім. Орыс әдебиетінің мәртебесі тым асқақ болғандықтан, ұлан-байтақ Ресей адамзаттық сананың қайнар көзін әдебиеттен іздегендігі анық екендігін түсінген зерттеуші оның бір көрінісін, әсіресе Абайдың қара сөздерінен анық көрінетінін айтады, «Эпиграммы, ирония и сатира Абая как в стихах, так и в прозе, адресованы тем, кто ведет паразитический образ жизни, кто напоминает типы русских помещиков, вроде Обломова из романа И. А. Гончарова. К этой категории относятся прежде всего баи, старшины, волостные управители, представители духовенства и другие угнетатели народа.

«...Вор думает, – писал в одиннадцатом слове Абай, – что он разбогатеет воровством, а хозяин скота пытается наверстать убытки, украв у соседа с излишком. Власть имущие стараются разбогатеть за счет истца и также за то, что они выручают вора».

Абай, будучи великим сатириком и сторонником реалистического искусства своей эпохи, не мог мириться с тем социальным злом, антинародную сущность которого он видел и понимал.

С искренним возмущением он ставит такой вопрос: «Легко было бы укротить самих воров, но кто укратит баев, ставших послушными союзниками плутов и смутьянов».

Внимательно прочитав двадцатое слово «Назиданий», нельзя не признать, что Абай был хорошо знаком с творчеством знаменитых русских писателей – Н.В.Гоголя, И.А.Гончарова. В этом слове Абай, направляя острие своего юмора и сатиры против казахской обломовщины, хлестаковщины, пишет: «И от еды, и от игры, и от смеха, и от хвастовства, и от щегольства, и от пиров, и от бесед, и от женщин – в большей или меньшей мере, – от всего человек остывает, и это так потому, что пресыщение обнаруживает в каждой вещи порок» [193, 37– 38-бб], – дейді. Мұнда өзге абайтанушылардан өзгешелігі Б.Шалабаев тұңғыш рет, батыл түрде ұлы ақынның надан, жексұрын, әрі қазақтан шыққан шынжыр балақ, шұбартөс алаяқ, жылпос-жырынды, жексұрын әрі сұмпай өкілдерін орыстың әйгілі «Обломов», «Хлестаковшылармен» ұқсастырып салыстырғандығын айта келіп, Абайдың орыстың классикалық әдебиетін жоғары талғампаздықпен қарағандығын сөз етеді.

Өз заманындағы қоғамдық құрылыстың әділетсіздігіне, еңбекші халықтың күйзелісіне, би-болыстардың тәртібі мен озбырлығына қарсы шыққан Абай мұндай қатерден құтылудың жолын еңбектен іздегендігі шындық еді. «Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген Абайдың еңбектің өзі қоғамдық құрылысқа тәуелді екенін толық дәрежеде ұғына алмағандығын, қара сөздерінде еңбектің мәнін молықтыра түсетіндігін сөз ете келіп, зерттеуші: «В четвертом, сорок втором и сорок четвертом словах Абай видит, смысл жизни в разумном труде и осуждает праздный образ жизни, порождающий глупый смех и веселье. С точки зрения Абая, труд должен играть решающую роль в судьбе человека, став основной его стремлений, его практической деятельности для познания мира и управления самим собою. «Ум и знания, – по мнению Абая, – это уже плоды труда... Труд развивает чувство познания. Труд закрепляет в сознании услышанное.

Человек приводит знание в порядок, отбирает нужное от ненужного и становится умным» [193, 37-б].

Африкалық жазушы Рене Мениль «Отаршылдық экзотизм» атты мақаласында: «Отарлық қоғамдағы жұмыс басты пенде тіршілігінің негізгі айырым белгісі мынадай көрінеді: мұнда адам баласы өзінен өзі айырулы, өзінен өзі адасулы, өзіне өзі – жат. Отаршылдықтан бөле-жарғысыз мәдени езгі құбылысы әрбір бодан елде тарихтан, діннен, салт-санадан көрінетін ұлттық рухты аяққа таптауға және жоюға тырысады, оның орнына өзіміз айтып жүрген «метрополияның бөгде рухын» насихаттауға күш салады», – дейді. Жазушының бұл сөзі кешегі «Теріскей Сарыарқаны кәпір алып, Қазақтың болмады орын бағланына» (Сегіз сері) демекші, әу бастан-ақ қазақ даласына аларта көз сұғып қадаған Ресей империясының даламызға, елімізге сұғына еніп, еркін жайлап, тұтастай басып алған, сөйтіп бодандық бұғауынан босатпаған «Сарыарқа сайран жердің сәні кетті, Жортатын жолбарыстар сар далада, Доңыздар қорсылдаған мекен етті» (М.Жұмабаев) отаршыл келімсектер табаны астында жанышталып, езгіленген «Шормандай шолтандаған шолақ билер, Орыстың шекпеніне елін сатқан» (М.Жұмабаев) «бұратана» халқына қаратыла айтылғандай әсер етеді. Демек, өзін-өзі сақтап қалу талабындағы қазақ қауымының тағдырында, тіршілігінде оның сыртқы ахуалымен – бодандық қалпымен қатар, ұлты ретіндегі ішкі дамуының да атқаратын маңызы аз еместігі анықталады. Шындығында да, жаңа тарихи жағдайға жуық арада бейімделе білу – этнос өміршеңдігінің кепілі.

«Адасып алаңдама, жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай».

Халқын «түзу жолға шығуға» шақырған Абайдың бәрінен бұрын: «Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай», – деп күйзелуінде біраз сыр бұгулі. Себебі, әлі көшпенділіктен көз жазбаған жұрттың ата кәсібімен «араздасуы» – ең болмаса мал баға алмауы – тозғындықтың басталу белгісі емес пе?! Оның орнына «не ғылым, не еңбек» жоқ. Ақын концепциясында «еңбекпен мал табу» ұғымы бар, бірақ «мал бағу» мен «еңбек» бір мағынаны білдірмейді. «Мал бағу» – өткен өмірдің атрибуты, «еңбек» – бүгін мен болашақтың қарекеті. Ақын шығармашылығындағы еңбек культі сол тұстағы қоғамдық қажеттіліктен, бұл қажеттілікті оның қапысыз танып-түйсінуінен туған еді.

Түптеп келгенде, Абайдың насихаттап, дәріптейтіні – бұдан былайғы жерде қазақты қашса да құтқармайтын отырықшылық мәдениеттің күнкөріс кәсіптері:

«Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – байқап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң қуан сол кезд...».

Ендеше, қолөнер, егін, сауда ісін меңгеру – өркениет өзегіне тартылған қазақтың келешек дәреже-дәрпінің таразысы. Ал ақынның «мал ізде», «мал тап» дегені, бүгінгіне байыптағанда, «ақшалы бол, байлыққа қол соз, капитал жина» мағынасында мәністеледі. Бұл және өздігінен емес, «үйренумен», «ойлаумен» жүзеге аспақ, сондай-ақ кісі осы жолда «адамдығына», «адалдығына» шәк келтіртпеуі шарт. Еңбектің тәуелді ел тірлігіндегі елеулі тұсын Абай былай бағамдайды: «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік». Міне, өзі айтатын шаруа (кең мағынасында – экономика, тар мағынасында – кәсіп) өзгерісін Абайдың ұлт тағдырымен ұйыстыру межесі осындай.

Бұл ретте Б.Шалабаев былай дейді: «Үшінші, отыз үшінші және қырық екінші сөздерде Абай сол кездегі қазақ даласы үшін аса маңызды проблеманы алға тартады. Ол мал бағумен қатар қазақтарды егіншілікпен, саудамен айналысуға, ғылым мен кәсіпті игеруге үндейді.

Абай надандық пен зорлық-зомбылықты ашына әшкерелейді, жер-су, жесір дауын қоздырып, қарамағындағы ел-жұртын өзара қырқыстырып, ырыс-берекесін кетіретін байлардың жауыздығына күйінеді. «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының малын мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма?! Мұның бәріне өңгелерден гөрі қолы бос, мырза атанғысы, малы көп, дәулетті көрінгісі келетін желөкпе, мақтаншақ бай кінәлы деп санайды Абай» [133, 29-б].

Абай сөздерінің жазылған жылдары көрсетілмесе де, ой-толғамдарына, сөз саптауларына зер салғанда, ғақлиялардың ақынның ой тоқтатып, егде тартқан шағында, яғни ғұмырының соңғы жылдарында жазылғанға ұқсайтындығын Б.Шалабаев ерекше атап көрсетеді.

Ғақлияларындағы ой-толғаныстар Абайдың дүниеге көзқарасын поэзиядағы өмірлік танымынан да тереңірек көрсететіндігін сөз еткен автор: «Проза Абая, как и вся его поэзия, пронизана психологизмом, которого нельзя найти в доабаевско-казахской литературе. В этом легко можно убедится при чтении многих его произведений, в частности, следующих афоризмов: «Успех и счастье пьянят человека: из тысячи лишь один в счастье сохранит настолько разума, чтобы не предстать перед людьми нагим».

«Пока тебя не вознесо счастье, добра тебе желают все кругом. Но возвысило тебя счастье – доброжелатель твой лишь ты сам». «Если хочешь, чтобы дело ладилась – сумей за него взяться», «Делись тайнами с тем, у кого нет друзей, но дружи с тем, у кого много друзей. Избегай беспечного, утешай опечаленного» [193, 45–46-бб], екендігін сөз ете отырып, Абай қара

сөздерінде афоризмдерден аяқ алып жүре алмастай жағдаяттың бар екендігін де жоққа шығармайды. Б. Шалабаевтың пайымдауынша, «Для афоризмов Абая свойственны идейная насыщенность и художественная простота. Эти качества характерны почти для всей его прозы. Цикл назиданий Абая, в том числе значительное количество слов «Гаклии», насыщены анализу значения труда и для индивидуума и для общества. «Простолюдin, – пишет Абай, – прославленный за ум, выше царя, увенчанного счастьем. Юноша, продающий свой труд, достойнее старика, торгующего своей бородай». «Бойся не черта, а жадного попрашайку. Лентяй всегда ханжа и лицемер».

Оптимизм Абая больше ощущается в прозе, нежели в поэзии. Об этом свидетельствуют хотя бы следующие афоризмы:

«Слава – высокая скала. Змея забирается на нее ползком, но сокол достигает ее единым взмахом крыла». «Мир – океан. Время, как ветер, гонит волны поколений, сменяющих друг друга. Они исчезают, а океан кажется все тем же. «Кто не испытывал зла? Теряет надежду лишь безвольный. Ведь истина, что в мире нет ничего постоянного, значит – зло не вечно. Разве после суровой, вьюжной зимы не приходит весна – цветущая, многоводная, прекрасная» [193, 46-б]. Осылайша, хакім сөздерінен біраз мысалдар мен айғақтар келтіріп, өзіндік салмақты тұжырымдарын жасаған.

Қоғамдық тығырықтың мәнін тауып, одан сытылып шығар бағыт-бағдарды белгілей кету – Абайға тән үрдіс деп білген зерттеуші ойшыл қара сөздерінің енді бір парасына тоқталады: «Хакім жиырма екінші сөзінде қазақтың ішінен жақсы көріп, қадірлеуге лайықты адам таба алмай шерменде болғанын айтады. Бай да, мырза да, болыс пен би де, мықты мен есті кісі де, ғаріп-қасерлер де өз атына сай емес, бәрінің де кулық-сұмдығы қосарлана жүретініне күйінеді.

Оныншы сөз қазақтың құдайдан қалайтын тілектеріне арналған. Алдымен бала тілейді? Не үшін? Өлгенде орнымды бассын, артымда қалсын, құран оқысын, қартайғанда асырасын деп қана тілейді. Абайша осы үш тілектің бәрі де орынсыз.

Абайдың халыққа қарап сөз айтқысы келген де, тіл ұшына алдымен оралатыны – ғылым, білімнің пайдасын айту. Басқа мәселелер турасында айтып отырып та, бұл ойға қайта айналып соға береді. Ғылымның зор пайдасын өлеңдеріне де қосқан. Соны місе тұтпай, прозасында асықпай түсіндіріп, тәптіштей пернелеп, қадап айтады. «...Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, жер де, ғылым да бәрі орыста тұр...».

Отыз екінші сөз түгелдей білім-ғылымды үйренбекке талап қылушылықтың шарттары мен мақсаттарына арналған.

Жиырма тоғызыншы сөзде Абай қазақ мақал-мәтелдеріне талдау жасайды. «Көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар» дей келіп, мақал-мәтелдерде кездесетін жаңсақ пікірлерді мысалға келтіреді: «Жарлы болсаң, арлы болма». (Ардан кеткен соң, тірі жүргені құрысын); «Қалауын тапсаң, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ». (Сұрауын... қалауын табамын деп қорлықпен өмір өткізгенше малды не жерден... не

аққан терден сұрау керек); «Атың шықпаса, жер өрте». (Жер өртеп шығарған аттың несі мұрат); «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол». (Тәңірге жазып, мінбей-түспей, арып, шөмеңдеп диуаналықпен бір күн болған бурашық неге жарайды?); «Алтын көрсе, періште жолдан таяды». (Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсе қызар сұмдығын қостағалы айтқаны); «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті». (Ата-анасынан малды тәтті көретұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар? Бұл арсыздық қылығы) ...Абай осындай «білместікпен айтылған сөздерден бек сақ болуға шақырады. Абайдың прозасы оның поэзиясы мен тақырыптық жағынан да, идеялық тұрғыдан бірін-бірі толықтырып, біте қайнасып жатыр. Екеуінде де негізінен бір проблемалар, бір мәселелер қойылған.

Айтып-айтып келіп, «осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» деп сұрақ қояды... «Осындай сөз тыңдамайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен» деп налиды ойшыл Абай» [133, 30–32-бб].

Сонау көне заманда қазақтың жазба әдебиетінің кәсіби дәрежесін биікке көтерген Абайдың прозалық шығармаларында дүниеге, қоғамға, өнерге т.б. көзқарасы соншалықты кең, қатпарлы қырлары мол болғандықтан келер дәурен ұрпақтарының несібесіне сан алуан сыбаға қалдырғандығы мәлім. Ол сыбаға, Б.Шалабаев сөзімен айтқанда: «Реалист Абай өзі өмір сүрген ортадағы езілген халық душар боп отырған зорлық пен әділетсіздікті әр қырынан көре білді, соны өткір тілмен әшкереледі. Әлеумет өміріндегі кесапатты құбылыстарды Абай, ең алдымен, моральдық-эстетикалық тұрғыдан сынады.

Дербес формада жазылған ойшыл, шыншыл, түйсікшіл Абай прозасының өзіндік ерекшелігі бар. Оған тән сипат ол қысқа тұжырымды, қарапайым келеді, дидактизммен ұштасқан философиялық ойы әрі мол, әрі тереңде жатады. Өз прозасында Абай өмірдегі жағымсыз құбылыстарды сынауды тереңдете түседі. Оның прозасында нақыл сөздердің жиі ұшырайтындығы Шығыс әдебиетінің дәстүрін байқатса, автордың оптимистік көңіл күйіне қарамастан, бітіспестей кереғар сыншылдыққа бой ұруы ХІХ ғасырдағы орыс әдебиетінің дәстүрін аңғартқандай болады» [199, 89-б]. Осынау сан-салалы әдеби мұраның өн бойынан Абай эстетикалық дүниетанымының сыншылдығы бой көрсетіп, прозадағы қолтаңбасын айғақтап отыратындығын сөз еткен Белгібай философия туралы, моральдық-этикалық қағидалардан құнарланған ілімдер жайлы өзіндік ой-өрісін, көзқарасын бекітіп алып Абайдың көркемдік әлеміне зер салады.

Абай прозасындағы сюжет және характердің кейбір мәселелерін сөз еткен әдебиетші енді бірде: «Абайдың философиялық-ағартушылық идеялары мен дала өмірінің түрлі жағдайларын бейнелеуге арналған қара сөздерінде белгілі бір сюжет жоқ. Сондықтан онан арнайы сөз етерліктей нақты характер, кейіпкер бейнесі жасалмаған. Алайда, нақыл сөздер автордың лирикалық характері арқылы баяндалады; ол – өмірде болып жатқан оқиғаларға сырттан ғана қараушы емес, зорлықшыл жуандардың озбырлығын, жауыздығын,

екіжүзділігін, мейірімсіздігін аяусыз әшкерелейтін және сол зұлымдықтарға қарсы әділеттіктің, ақыл-ой, ар-намыстың жаршысы болған, езілгеннің қорғанышы болған лирикалық кейіпкердің характері. Өмірдің жағымсыз жақтарын қабылдамайтын, сөйтіп алға, сәулелі болашаққа қарап құлаш ұрған автордың философиялық-лирикалық характері, бір қалпынан жылжымай, қатып қалған бейне сияқты көрінбейді, керісінше, өрбіп, дамып, жетіліп отыратын образ тәрізді сезіледі; ол – адамзат қоғамының гармониялық үйлесімде болуы үшін күрестегі, мәңгі бақи алға ұмтылумен болатын қозғалыстағы характер. Отыз екінші қара сөзіндегі адам туралы толғауында білім мен ақылды бірдей ұстай білетін шоқтығы биік характер – Абайдың өз бейнесі екенін үлкен сеніммен айтуға болады.

Абай өзінің төлтума шығармаларымен де, түпнұсқамен терезесі тең көркем аудармаларымен де қазақ прозасының даму тарихында биік белестерге қадам басты. Ол қалдырған дәстүрді ілгері қарай жалғастырушы келесі буындағы демократ жазушылар Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров болды...» [199, 89–90-бб], – деп пайымдайды.

Осылайша Белгібай Шалабаев кемеңгер ғақлияларының әдебиеттегі болмысын, тірліктегі орнын айғақтай отырып, өзіндік пайымдауларын жасағаны анық. Бұл – зерттеушінің Абай лабораториясына тереңдей еніп, ақын мұраларының табиғатын, сиқырлы сырын жан-жақты түсінуге ұмтылғандығының айғағы.

Атамзаманғы тарих қойнауындағы бұлыңғыр түкпірден қазақ әдебиетін, өлеңін бермен қарай шалсақ абайға келіп аялдаймыз. Ал, оны бүгінгі жеткен жерінен кері қарай қарастырсақ та Абайға барып кідіреміз. Абай – қазақ мәдениетінің тоғыз жолының торабы, қазақ ақыл-ойының алтын бесігі. Ес жиып, етек жапқан қазақ баласы, Абаймен алғаш таныса бастаса-ақ болғаны «Онегин мен Татьянаның жазысқан хаттары» арқылы Пушкинмен кездеседі. Дәл осы қазақ поэзиясындағы Абайға апарар жолды қаз қалпында қайталап, қазақ прозасындағы Әуезовке ат басын бұрсақ та алдымыздан «Татьянаның қырдағы әні» болып тағы да Пушкин шыға келеді. Қазақ оқырмандарына бүкіл шетел, дәлірек айтсақ, күллі батыс әдебиетінен ең алғаш етене таныс болған осы Пушкин Александр Сергеевич.

Пушкин мен Абайдың бейнелері біздің көңілімізде әрдайым рухани бауырмал бірлікте, бір таудың қос шыңындай көрінеді. Ал Пушкин мен Абай, Абай мен Пушкин әлеміне бойлап бару үшін білмекке құштарлық ділгірлігін өтеу, білімділік биігіне көтерілу деңгейі аздық етеді. Табиғи таным-түйсіктің тереңдігі, сезім сергектігінің шырайлы сәттері, жүрек ділімен орайласып жатар жарқын сипаттар өзінің сәулелі нұрын себездете төккенде ғана бұл ұлы тұлғалардың ой қуатын сезініп, айтпағын аңдай алар ма екенсіз? Бәлкім, бұлар да аздық етер!

Осы орайда әдебиеттанушы Б.Шалабаевтың «Абай – эпикалық жанрды байытушы» («Обогащение Абаем эпического жанра») атты шағын да болса шымыр, айтары айқын, дәйекті мықты ұстыны ұстамды еңбегі біздің жаңағы бір әлжуаздау ойымызға әр қосып, өзінің әділ пайымдауларымен разы еткендей болады.

Сөз жоқ, Пушкиннің қаламгерлік құдіреті мен кісілік киесі туралы Аполлон Григорьевтен артық айтқан адам табылмас. «Пушкин наше все», деп мойындаған пайымдауынан да әрі, В.Г.Белинскийдің: «Пушкин мәңгі бақи өмір сүретін, үнемі даму қозғалысында болып отыратын құбылыс. Әрбір заман бұл жөнінде өзінің пікірін айта отырады және оны қаншалықты дұрыс бағаласа да, келесі заманның ол туралы онан да гөрі тың бір нәрсе айтуына орын қалып отырады» деген пікірімен орайлас келер ұлылығымен биіктей түспек. Ойшыл Достоевский ақын еңбегін «Пушкин болмағанда біздің жалпы орыстың өзіндік бет-бейнесіне деген сеніміміз мұндайлық болмас еді» деп орыстық шеңберді (бұл да аз абырой емес!) алып қараса, Анна Ахматованың «Пушкин уақыт пен кеңістікті еңсеріп жетті» деген пікірінен әлемдік деңгейге көтеріп Парнас биігіндегі Пушкиннің толайым болмыс бітімін танығандай боламыз.

«Ең бастысы бүкіл туындыларында Пушкин орыстың ұлттық идеалын жасаушы кемеңгер», – дейді Д.Лихачев. Орыстың арғы-бергі ұлы ойшылдарының бәрі де осы пікірді бір ауыздан жан-жақты толықтыра түсетіндей. Горький «Пушкин – орыс поэзиясының күні». Ол қайтыс болған кезде замандастар айтты мұны. Пушкин орыстың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, әдебиетін жасаушы. Пушкин халық шығармашылығына көңіл бөлген және оны әдебиетке енгізген ең бірінші орыс жазушысы» десе, «Пушкин бүкіл орыс жұртшылығының алдында өз елінде тек ұлы жазушы ғана отыра алатын алтын таққа ие болған бірінші ақын. Орыс әдебиетінің мұнан былайғы даму мүмкіншіліктерінің бәрін де Пушкин әзірлеп берді», – деп жазады Чернышевский.

Содан да болар Пушкин шығармашылығы жөнінде жазылған ұлан дария зерттеу еңбектері былай қойғанда осынау феномендік тұлға табиғатын білмекке іңкәр әлем жұртшылығы Пушкинді өз тілінде сөйлетпекке, сөйтіп барып танып, білмекке ұмтылып келеді. Ұмтыла бермек те!

Сол Пушкинді жете меңгеріп, қазақ тіліне аударуға ниет еткен Абай анау-мынау жекелеген өлеңдері емес, «Орыс өмірінің энциклопедиясы» деп бағаланған, өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романына қол салады. Және қалай десеңізші, жеріне жеткізе аударуды ғана алдына мақсат етіп қоймай жарыса, бәсекелесе, талантын тайталастыра, артылдыра аударарды. Оған бір ғана мысал келтірсек соның өзі жеткілікті сияқты. «Татьянаның Онегинге хатында»:

«Кто ты, мой ангел и хранитель,
Иль коварный искуситель:
Мои сомненья разреши.
Быть может, это все пустое,
Обман неопытной души!
И суждено совсем иное...
Но так и быть! Судьбу мою
Отныне я тебе вручаю,
Пред тобою слезы лью»,

Ең алдымен Абай Пушкиндегі анда-санда бір ұйқасатын шұбалаңқы жырды ауыспалы ұйқастығы біркелкі шумаққа түсіреді. Міне былай:

«Шыныңды айт, кімсің тербеткен,

Иембісің сақтаушы.

Әлде Азғырып әуре еткен

Жаумысың теуіп, таптаушы.

Шеш көңілімнің жұмбағын,

Әлде бәрі – алданыш.

Жас жүрек жайып саусағын,

Талпынған шығар айға алыс».

Салыстырып қараңызшы, алғашқы шумақтың әр жолы келесі шумақтың басқа екі жолы мағыналық қалай үйлесім тапқан. Соңғы екі жол Абайда мүлде өзгеше. Түпнұсқадағы негізгі ойды жеткізуде автордың бәсеңсіп қалғанын жіті байқап, «олай емес, былай болса көкейкесті ой шегіне жетеді» деп айқындай аспандата қанат қақтыра кемелдендірген.

«Жас жүрек жайып саусағын,

Талпынған шығар айға алыс», – деп Абай қазақ, орыс поэзиясында ғана емес, бүкіл әлем әдебиетіне таңдай қақтырар соны метафора жаратты.

Абай, «Онегиннің Татьянаға жауабы» деген өлеңді алдымен сегіз, жеті буынды ауыспалы ұйқасты жеке шумақты жырмен аударарды. Одан кейін осы өлеңді он бір буынды қара өлең ұйқасымен де қайта тағы аударып көреді. Негізінде өзі аударған екі аударманы өзара салыстырып таңдаған бірін алып, екіншісін қалдыруы керек. Шын шебердің қолынан шыққан не нәрсенің болса да бәрі кәдеге асатындықтан бұл екі аударманың екеуі де әдебиет әлемінде әлі күнге дейін сақталуда. Бірін қалдыруға ешкімнің де көзі қиып, қолы бармайды. Сондықтан ұрпақтан ұрпаққа ауысып сақтала бермек. Ол олма, «Онегиннің өлердегі сөзі» атты өлеңді Абай өз тарапынан қосып, шығарманы кемелдендіре түседі. «Онегиннің Татьянаға жазған хатының» аудармасында:

«Михрабым сен, бас ұрамын,

Тіл жете алмас ғүзіріме», – деген жолдар бар. «Михраб» мешітте имам ғана тұратын қасиетті орын. Украинаның ақыны Иван Драчтың «Аудармашы доспен әңгіме» деген өлеңінде:

«Аудару – ол өзге дінге енгізу,

Дінге енгізу әсте оңай болып па?!», – деген қағидасы Ивановның бұл өлеңі жазылмай тұрып, Абайда атам заманда-ақ іске асқан екен. Бұл да Абай аудармасының сапасы жағынан өте жоғары дәрежеде екендігінің тағы бір дәлелі.

Абайдан бастап Пушкин шығармалары қазақ тіліне өзге шетел ақындарына қарағанда әрі көп, әрі сапалы аударылды. Тіпті Пушкиннің қара сөзбен жазылған «Дубровский» романын Шәкәрім өлеңмен аударғанының өзі дүниежүзілік бірден-бір әйдік құбылыс.

Әдебиетші ғалым С.Абдрахманов өзінің «Біздің Пушкин» атты зерттеуінде, бүгінгі күнге дейін Пушкиннің 93 тілде 1750 түрлі аудармасы барын тілге тиек етеді де, ақынның әркімнің-ақ сауырын сипап, жалына қол

артқысы келер шоқтықты туындысы «Евгений Онегинді» ағылшындар 10 рет, немістер 13 рет, қытайлар 7 рет аударғандығын айтады. Сөйте тұра, осылардың бірде бірі түпнұсқа тектілігін толық қалпында танытарда көңілдің діттеген тұсынан бой көрсете алмағандығына таң қаласың, содан да ұлы туындыға қайта-қайта орала берудің сырын сезінгендей боласың.

Пушкин мұраларын, соның ішінде қазақ топырағында «Евгений Онегинді» аударған Абай, Ілияс Жансүгіров, Қуандық Шаңғытбаев, Кәкімбек Салықов шеберліктерін салыстыра қарау үстінде көптеген қызықты ойлардан суыртпақ тартып, кемелді пікірлерін тарқата таяп етер зерделі зерттеу, жіктердің еңбектері аз болса да, саз боларлық биік деңгейде.

Пушкиннің «Евгений Онегин» сияқты өлеңмен өрілген романын ұлан байтақ Ресей елінің тарихы, салт-дәстүрі, қоғамдық ортасы, толайым болмыс бітімін қамтыған, яғни «орыс өмірінің энциклопедиясы» дегізген кемелді кесектілігімен қымбат жәдігер ретінде қабылдай отырып, осы ауқымды дүниеден 386 жол ғана аударса да Абай қазақи жүрекке тым жақын, елдік тұрмысымызға тосындығы жоқ тағылымды қалыпты сақтай алғандығын, данышпан ақын қалам қарымының Пушкин дарындылығы мен шарпысып жатар шырайлы сәтін Б.Шалабаев дөп басып, тани алған. Тарқата айтуы да содан, «Следует особо отметить, что новаторская деятельность Абая не ограничивалась созданием лишь таких малых форм прозы, как назидания. Он идет дальше по линии обогащения и развития в казахской литературе эпического жанра в стихах путем переводов.

Известно, что еще в 1889 году Абай перевел несколько отрывков из «Евгения Онегина».

С поразительным искусством конгениального переводчика им были преодолены трудности точной передачи пушкинского текста, связанные с тем, что казахская литература тогда еще не располагала оформленным и развитым языком, а лексический фонд последнего отличался бедностью. По художественной выразительности, смысловой точности и полноте абаевские переводы близки, почти тождественны избранному оригиналу. Так, например, известные строки из письма Татьяны:

«Зачем вы посетили нас
В глуши забытого селенья?
Я никогда не знала б вас,
Не знала б горького мученья...»
Абай перевел:
«Келмесен егер сен бізге,
Сау болмас па ем әлбетте?
Болмаса ашына мен сізге,
Түспес ем мұндай бейнетке».

Чтобы достигнуть точности в поэтическом воспроизведении переводимого текста, Абай ищет и находит в казахском языке необходимые, соответствующие оригиналу слова, создает и смело использует свои художественные образы, термины. По праву настоящего мастера слова Абай-переводчик, не допуская никаких смысловых искажений, авторизирует

отдельные строки в соответствии с локальными особенностями казахского быта. Например, в XII строфе пушкинского романа строки:

«И молвил: «Вы ко мне писали,
Не отпирайтесь, я прочел
Души доверчивой признанья,
Любви невинной излиянья».

Абай перевел так:

«Қатыннан жақсы ұғындым сөздің бәрін,
Кірі жоқ, кіршігі жоқ мағыналарын.
Жасырмай жастық пенен, нанғыштық пен,
Айтыпты сыншыл тілің бар іңкәрін».

Этот кропотливый труд увенчался замечательным успехом. Письмо Татьяны, ответ Онегина настолько понравилось молодежи, что девушки и джигиты стали с упоением заучивать их наизусть.

Абай сложил несколько мелодий для пушкинских стихов: «Амал жоқ, қайттым білдірмей» («Не могу не сказать»), «Тәңірі қосқан жар едің сен» («Ты моя супруга не разлучная») и ряд других. Эти мелодии в свое время распевались на торжественных празднествах, на свадьбах и стали настолько популярными, что превратились в народные песни» [193, 46–48-бб], – деп ой түйіндеуі, жобасы Абай аудармаларында берілген келісті баға болумен бірге, Абайдың әргі-бергі қазақ топырағында ірге тепкен аударма дәстүрінің көш басында талассыз, тендессіз бой көтеріп тұрғанын танытқан баға деп қарастырсақ жөн болмақ. Дегенмен, Б.Шалабаевтың, «...ол кезде қазақтың көркем әдеби тілі қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда жұтаң, лексикалық қоры тапшы болуына қарамаста...» секілді теріс пікірімен келісе алмайтынымыз белгілі. Тіпті, зерттеуші үлкен ағаттыққа ұрынып одан да сорақы пікір айтады, «Проза казахских демократов – просветителей, состоявшая в основном из новелл Ибрая Алтынсарина и «бесед» («Гаклия») Абая Кунанбаева, как и вся литературная деятельность их в целом, пронизана веяниями тех передовых идей, которые проникали из России в казахскую степь во второй половине прошлого столетия... С одной стороны, оно противостояло регрессивному течению в литературе, возглавляемого Шортанбаем Канаевым и Муратом Мункиным, ведя борьбу с их реакционным романтизмом, мистикой, фанатизмом... [183]. Қазақ әдебиеттануына маркстік-лениндік метариалистік көзбен қарап бағамдаған әдебиетшінің «зар заманның» заңғар жыршыларын – Шортанбай Қанайұлы мен Мұрат Мөңкеұлын реакцияшыл утопиялық-романтизмнің, сиқыршылық пен фанатизмнің көсеушілеріне айналдыруды қаншалықты сорақы болса, соншалықты дарақы. Әрине, мұндай даурықпа дақпырттардың орын алуы сол сұрқия кезеңнің талабынан туындаған. Сондықтан бұған таңдай қақтырып, жағасын ұстаудан аулақпыз. Қилы кезеңдер қырық түрлі қисынмен ұғындырылған «зар заман», «зар заман ағымы», «зар заман ақындары» деген қастерлі, киелі ұғымдар үрей көлеңкесінен, саясат салқынынан арылып, енді қазақ тарихындағы, әдебиет тарихындағы белгілі бір құбылыс ретінде өз арнасына құйыла бастады.

М.Әуезов «Орыс классиктері мен Абай» атты мақаласында, Абай «Евгений Онегин» романына қандай мақсатпен келді деген сұрақ қояды да оған нақтылы жауап қайтарады. Қазақ ақынының «Пушкин шығармасына өзінше қошқар мүйіз салуының» себебін сол кездегі ағартушылық-демократиялық мұраттардан іздестіреді. Бұл тараптағы ойларын былайша өрістетеді: «Жар дегенде, әйел – дос дегенді бағалай алмай, қалың малдың сомасымен өлшейтін көңілі соқыр, ойы терең ортаға, мырза мен бек ортасына, Абай әйелдің сезімін терең толғауын Татьянаның нәзік, шебер тілі арқылы айтып жеткізбек болады. оған Татьяна сол үшін керек. Опасыз, асқақ және өзі опық жегіш жігіт Онегин де соған ұқсаған мақсатпен керек болады» [200, 13-б]. Демек, М.Әуезов бұл тұста әдебиеттің замана тілектеріне жауап беруі қажеттігін еске салады. Соған орай Абай үлгісін алға тартады. Тіпті өзге ел әдебиетінің өнегесін де қазақ қауымының ділгір міндеттерін атқарысуға пайдалану қажеттігін айрықша атап өтуді қажет деп табады.

Сонымен бірге академик-жазушымыздың Абай туралы өзге зерттеулерін, әсіресе, «Абай жолы» роман-эпопеясын оқығандағы тағылымдарға жүгінсек, ұлы ақынның «Евгений Онегин» романына үңілуінің өзге де сырлары бар екендігіне көз жеткіземіз. «Абай жолы» роман-эпопеясынан мынадай жолдар оқимыз. «Осылайша, 1887 жылдың қысында орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам басты».

Енді осы жолдарға ой жүгіртіп көрелікші: ХІХ ғасырдың аяқ шенінде ұлы ақынымыз не себепті орыс әдебиетіне кілт бет бұрады? Абай Крыловтан бастап, Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедриндердің, сыншы тарихшыларының – баршасының еңбегімен не себепті оқып танысқан? Кездейсоқ нәрсе ме жоқ әлде заңдылығы бар құбылыс па? Сөз жоқ, соңғысы дұрыс. Пушкиннің Татьянасын қазақ даласына әкелгеннен кейін екі жылдан соң Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде:

«Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,

Екі жаққа үңілдім», – деп әдебиет саласындағы күллі тындырған істерін қорытындылайды.

Бұдан қазақ ақынының «Евгений Онегин» романын, басқа да орыс, жалпы батыс әдебиеті жетістіктерін қазақ әдебиетінің игілігіне айналдыруға саналы, қазіргі заман тілімен айтқанда, жоспарлы түрде кіріскенін аңғару қиын емес. Ол кезде жаңа бас құрап келе жатқан әдеби процестің сипаты да Шығыс рухани асыл дүниесін терең білетін Абайға енді Батыс игіліктерін молынан игеруіміз қажеттігі хақында ой салды.

Әлбетте, Мағырып пен Машырықтың қисапсыз рухани қазынасының қоймаларын қаншама ақтарып-адақтаса да, Абайдың шығармашылығы ең әуелі өз ұлтының «субстанциялық стихиясымен» (В.Г.Белинский) қауышып-қойындасуымен құнды, құрметті. Ал осы орайда ақын ізденісінің үш бастау-бұлағының басында тұруға тиісті – қазақтың төл топырағында жапырақ жайған әдебиеті. Оның ішінде дара, дербес поэзия өкілдерінің арасынан – кезеңдік және көркемдік, сонымен бірге мекендік факторларды елпекшегенде – «Бұқар – Жанак – Дулат – Шортанбай» тізбегінің басқаларынан бұрын көзге көрінуі заңды.

Абай өскен өңірдің өлең өнерінде аттары ауызға алдымен алынатын бұл ірі тұлғалардан – көбінесе бірден танылып-түстеле қоймағанмен – данышпан ақынның дүниесіне сынала-сұрыптала, сүргелене сіңісіп кеткен белгі-бедерлер баршылық. Әсіресе, әлеуметтік әуезділік бағытындағы жалғастық пен жаңғыртушылық желісі анық жобаланады.

Қазіргі парасатты, пәтуәлі ғылымның қарауылынан қарағанда, мәдениеттер тоғысының шет-шекарасын диалогизм принципіне орайласқан (М.Бубер, Н.Бахтин, В.Библер, Ю.Лотман) «мәдениеттер мәмілесі» («диалог культур») қағидасымен қиыстырған ұтымды. Өйткені белгілі бір мәдениеттің бөтен мәдениетпен жүзбе-жүз жолығып, теңбе-тең сұхбаттасқан-сырласқан сәтінде ғана өзін анағұрлым толығырақ, тереңірек танып-түйсініп, қадір-қасиетін қайта құнттайтыны сөзсіз. Бұл бір мәдениеттің басқа бір мәдениетке жұтылу арқылы жойылып тынуын емес, керісінше – өзара ауысу-алмасу, сіңісу-синтезделу, үйрену-үрдістену нәтижесінде бұрынғыдан бетер баюын, бағалануын дәріптеуді көздейді. Әрине, «мәдениеттер мәмілесін» атүсті, асығыс түсінудің – яғни, оны аяқ асты етудің өлі судай томаға-тұйыққа, абсолюттендірудің бұлдыр, беймәлім бағдарсыздыққа сүйрейтіндігін де әркез ұмытпаған жөн; іс жүзінде ақырғы төрелікті айтатын төбеби – тарихи ситуация тудырған ұлттық мұрат-мүдде.

Әлеуметтік-мәдени «Шығыс-Батыс» парадигмасын қайсыбір мәдени құбылысқа, оның ішінде жекелеген автордың жекелеген туындысына таңып, таңбалағанда да абай болған абзал.

Ұлы Абайдың теңдессіз талантының сұрып-сүзгісі арқылы төл топырағымызға Мағырып пен Машырық мәдениетінің беталды баспаламай, инабаттана, икемделе келгендігін, бұрынғы бай дәстүрге жаңашылдықпен жұптаса жарасып кеткендігін көреміз. Мұның төркіні мен тұңғиығы, сыры мен сипаты жайында талай жазылды, әлбетте, әлі де жазыламақ жайлары жетерлік. Абайлық «меннен» танылатын Қазақ – Шығыс – Батыс синтезі ақын шығармасының күллі контексінен көзі қарақты кісіге оңай оқылады. Бәлкім, ауызша айтса айтқан шығар, бірақ хакім тұлғаның өлеңдерінен не қара сөздерінен «Мен батыстан мынаны білдім, Шығыстан ананы анықтап алд...» деген секілді бірде-бір сілтеме сөзді ұшыратпаймыз; тіпті ол үшін Батысқа, Шығысқа бөлінбейтін тұтас әлем ғана бар тәрізді. Біз болсақ, кейде жоқ жерден жаңалық жасауға жүгіретін әдебиетімізге әуестеніп, Абайды бұрмалап жібергенімізді байқамай жатамыз; қызды-қыздымен ойламағанын ойлатамыз.

Қазақ қоғамын ұйқылы-ояу халден шығарып сергіту, қазақты оң-солын айыруға үйрету, жер-суынан айырылып бара жатқан мына мүшкіл халінен құтылудың амалдарын ойластыру, қазақ санасына ағартушылық-демократиялық ой сіңіру, бар тапқан-таянғанды орыстың ғылымы мен өнерін игеруге жұмсау керектігін шешіп алғаннан кейінгі жерде Абай ендігі нақты қадамдарын санап басқанға ұқсайды. Соның бір әдемі, дана ақылмен шешілген көрінісі – «Евгений Онегин» секілді адамзат көркем ойының қайталанбас құбылысына қалай келу керектігін шешуі.

Романды басынан бастап сыдыртып түгел аударып шығуға тиіс пе, жоқ әлде... Міне, бұл тұстағы ұлы ақын шешімін бас абайтанушымыз М.Әуезов дөп басқан. Абай өлеңмен жазылған романның барлығын қотармай-ақ, түйінді, ұрымтал деген жерлерін таңдап аударуға ұйғарған. Осы ұйғарым сырын «Евгений Онегин» романының Абай нұсқасы хақында көлемді еңбек жазған профессор Н.Ғабдуллин «Абайдың нәзира үлгісі» атты мақаласында былай деп пайымдайды. «Орыс қоғамының Пушкин романында суреттелетін тұсы Абайдың өз заманындағы көшпелі сахара жұртына түсінікті ме еді? Әрине, түсініксіз еді. Ал, түсініксіз нәрсенің бәрі жұртқа жат көрінбек. «Евгений Онегин» тарихи сипат беретін суреттерді, дворян қауымының пішінін танытатын сан түрлі көріністерді, Абай, міне, сондықтан айналып өткен. Өзі түсінбейтіндіктен емес немесе көңілі қаламағандықтан емес, сөзін арнаған тыңдаушыларының түсіну дәрежесін ойлап, әдейі солай еткен» [201, 56-б].

М.Әуезов «Евгений Онегин» үзінділері аударма деуден гөрі Пушкин романын шабытты әңгімелеуге ұқсайды. Абай «Нәзира» үлгісін қолданып, орыс ақынының тақырыбы мен сюжетін жаңаша баяндайды» [200, 54-б]. Бұл пікірге жоғарыда аталған мақаласында Н.Ғабдуллин де қосылады, «Абайдың «Евгений Онегин» алып толғаған махаббат жырын – нәзира үлгісімен жазылған лирикалық дастан деп атағанымыз мақұл», – деп жазады. Ол тек романның абайлық нұсқасының жанрын бөлекше атайды.

Нәзира – Шығыс поэзиясының етене дәстүрі. Ол дәстүр жөнінде көп жазылғандықтан, қосымша түсініктер беріп жатудың қажеті шамалы. Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанына «жауап» қату, үн қосу түрінде оның осы шығармасының тақырыбын, сюжет желісін пайдалана отырып, жүздеген шайыр өнер сынасқан. Солардың бірі, қазақ ақыны Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүн» туындысын Физули Бағдади жырлаған нұсқадан өзінше кестеледі. Академик Ш.Елеукенов: «Кей-кейде нәзира үрдісі жеке өлеңдер бойынша да, бір әдебиет көлемінде де қолдыналы береді. Жас Мағжан кезінде Абайдың «Жазғытұрым» шығармасын оқи сала ақын ағасымен өлең сайысына түсіп, өзі де «Жазғытұры» атты Абай өрнегіне ұқсайтын да, ұқсамайтын да, сайып келгенде, жаңа туынды туғызады» [202, 46-б], – деп жазады.

Абай да «Ескендір» поэмасында Александр Македонский мен Аристотельді ХІХ ғасырдың аяқ шеніндегі өзі өмір сүрген заманының талап-тілектерін ескере отырып жырлаған. Белгілі сюжетті нәзиралық арнада толғаған Абай б.з.д. ІV ғасыр материалы негізінде өзін көптен алаң ғып жүрген мәселенің түйінін шешеді. Атап айтқанда, поэмадан Абайдың отаршылдыққа қарсы наразылығы анық та қатаң естіледі. Шығармадан Ресей империализмі деген сөзді кездестірмесек те, «Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да, өлсе тояр көзіне құм құйылғанда» тек Александрға ғана емес, Александр Македонский іспетті жерге тоймайтын жебірлерге қарсы памфлет, уытты әшкерә сөздер.

Ресей империясының соншама ұлан-ғайыр жері бола тұра, тағы да қай елді жаулап алсам деп, жерге тоймайтын тойымсыз қомағайлығын сынап келе, украин ақыны, кобзарь Тарас Шевченко өздерін үшінші Рим санайтын

орыс басқыншыларына: «... ау енді Қап тауының арғы бетін сүйреп сұғындыңдар, соншама жерді қайда жібересіңдер, ертең өлгенде молаларына бірге сүйреп әкетесіңдер ме?» – деп ашқарақ отаршылдарды ашу-ызалы мысқылмен қарып өткен. Абай сыны осы деңгейлес:

«Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,

Алған сайын дүниеге тоя ма екен?

Қанша тірі жүрсе де, өлген күні

Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен», – деген, Абай сөздері XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында шөл-шөлейтке қуылып, тықсырылып жатқан қазақтың көз жасын туғызған ашынған қарғысы есебінде естілмеді ме екен? Ондай сауал қоюымызға «кәпір» деген сөз түрткі болып отыр. Араны үлкен кәпір кім? Абай заманынан жиырма екі ғасыр бұрын жасаған Ескендір патша ма жоқ әлде қазақ даласына ислам енгеннен кейін ауызға алына бастаған нақтылы «кәпірлер» ме?

Демек, нәзира – жаңғырық жанр емес. Нәзираның өз шарттары бар, бірі – туған уақытының табы қалатындығы. «Евгений Онегин» қазақшалағада нәзира дәстүрі қандайлық дәрежеде орындалды? Міне, бұл сұраққа жауап әр түрлі. Академик З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» (1995) атты кітабында: «Кейде еркін аударма Шығыс поэзиясында орын алған нәзира дәстүріне келеді деп айтылып жүр. Асылында, нәзира деген белгілі сюжетке жазылған шығармаға қатысты ұғым» деп, Абайдың Пушкин ізімен толғаған туындысын нәзира емес, еркін аудармаға Пушкин романына сарындас төлтумаға жатқызады. Ал Абайдың төлтума аудармасы қашанда қазақ аулына қоңсы қонады.

Бір анығы ұлы Абай Пушкин романына ойланып, толғанып келгенін, кітапты оқи сала бірден аударуға кіріспей, алдына белгілі бір міндет қойып барып, қолына қалам алғанын байқаймыз. Міндет – бір бақаннан бір қазық шығаруда емес-ті. Мұхитқа кеме салады. Немесе мұхиттан, бір бөшкеден бір бақыр су алғандай, ауыз су өндіретін тәсіл бар. Абай әдісі соңғысын еске түсіреді. Абай Пушкиндей мұхиттан қазақ ауылына сусындайтын ауыз су айырған ба деп ойлайсың.

«Пушкиннің тыңдаушысы бір бөлек. Абайдың тыңдаушысы бір бөлек. Орыс ақынынікі – тіпті тыңдаушы да емес, оқырман. Абайдікі – көбінесе – тыңдарман. Өлең-жыр стилі де соған қарай бейімделеді» [202, 47-б], – дейді ғалым Ш.Елеукенов. Әдебиетшінің осы пайымдауын біз де Абай шығармаларының бүкіл бітіміне сәйкес келеді деп санаймыз. Абай аудиториясының басым бөлігі – қағазға түскенді көзбен түйсініп, көкірекке түйші емес, ауызша айтылғанды құлақпен қабылдау дағдысындағы ғалым айтқан, «тыңдарман» қауым. Сондықтан ақын әрі жазуға (жазып отырса да) әрі айтуға мәжбүр. Мысалы, ол: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты өлеңінде:

«Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

деп әуелгі әңгімесін оқырманға бағыштап келеді де, әрі қарай күтпеген жерден тыңдаушыға бет бұрады:

«...Шу дегенде құлағың тосаң алды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын, алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей».

Ұлы ақынның лексикасында жазу мен айту сөздерінің образдық өрістерінің осылайша ортақ семантикалық, синонимдік қатарда тоғысып-табысып жатулары – ғажайып қызық құбылыс. Бір жағы, Абай шығармашылығының ауызша (көшпелі) және жазбаша (отырықшы) – қос мәдениеттің арасын жалғаған алтын көпір екендігінің де айғағы. Асылы, Абайға қатысты алғандағы «ақын» және «тобыр» проблемасы белгілі бір дәрежеде «айтушы» мен «тыңдаушы» арасындағы қарым-қатынаспен таразыға тартылмақ.

Ғалым Б.Шалабаев Абай аудармасындағы дәл осындай тұстарды дөп басып, «Абайдың инемен құдық қазғандай ауыр бейнеті арқасында Татьяна мен Онегиннің хаттары қазақ жастарының ойынан шықты. Олар бұл өлеңдерді бірінің аузынан екіншісі қағып алып жаттады.

Айтыс кезінде қыздар өз ойын Татьяна хатының сөзімен білдірсе, жігіттер Онегиннің сөзімен жауап берді. Сөйтіп Пушкиннің геройлары қазақтарды мүлде жатырқамай жақының жайлау – төріне жайғасып, бір-бірімен бауырласып кетті» [133, 34-б], – деп дұрыс көрсетеді.

«Романның Абай ойластырған нұсқасы қазақ әдебиетінің ғашықтық жыр дәстүрлерін жалғастырғандай. Бір махаббат ерте, бір махаббат кеш оянады. Осы үйлеспеушілік салдарынан тағдырлары екі жасты қоспады. Пушкин романы суреттейтін бұл драмалық ахуал қазақ ақыны шығармасының өзегіне айналған. Сол себепті қазақ ақыны кейіпкері өзгешелеу, түпнұсқадан басқашалау. Абайға Онегиннің бекзадаға тән артық-тұртық бозбалашылықтары емес, бұл кейіпкерді айналасынан биік көрсететін қасиеттері әлдеқайда қымбат. Сондықтан түпнұсқадағы Онегин бойына жарасып тұратын кей құйтырқы мінез Абай шығармасынан өзінен өзі түсіп қалып отыр» [202, 47-б]. Ғалым Ш.Елеукуновтің бұл салиқалы пікірі ғалым ағасы Б.Шалабаевтың зерделі ойларымен үндесіп жатыр. Бұл мәселенің жай-жапсарын Б.Шалабаев төмендегіше тарқатады: «Пушкин шығармаларына жасаған аударманы жұрттың құшақ жая қарсы алуы Абайды жаңа шығармалар жасауға шабыттандырды. Ол да өлеңмен роман жазды. Ондағы хаттардың бірі: «Онегиннің өлердегі сөзі» деп бағалады.

«Келді жанға жылы тиіп,
Диуана болды бұл көңілім.
Басылмай бір құшып, сүйіп,
Бойым тұр дал болып иіп,
Көңілім жүр құс болып шүйіп,
Есіркеп сүйгізіп еді,
Кетіпін жүз есе күйіп.
Қылдың арам ойыңды,
Бір бұрмадың мойныңды,
Сен ақылмен көңіліңді
Тыйып, жеңдің бойыңды.

Мен бұрылып түзеле алман,
Қайтсін дедің сорлыңды...
Атам, анам қара жер,
Сен аша бер қойныңды,
Сенен басқа еш жерден,
Таба алмадым орнымды».

Абай өз «Евгений Онегинін» осылайша Онегиннің ішкі монологымен тәмамдайды.

Онегин образын Абай Пушкиннен сәл басқаша толғайды. Оның Онегині Татьянаға деген махаббатын жүрегінде сақтаған күйі көрге кіреді... Бұл Абайдың сүйіспеншілікке деген көзқарасына («Әйелдерді ермекке айналдырма, ал егер көңіліңе ұнаса бүкіл болмысыңмен құлай сүй!») сай келеді» [133, 34–35-бб], – деп ойын одан әрі өрбітеді: «Перевод Абаем произведения Пушкина, создание своего романа в письмах – не случайное явление, а выражающее современные настроения поэта.

Во всех произведениях Абая осуждается окружавшая его феодально-родовая среда, ее несознательность и невежество. Поэт, любящий созидательный труд, культуру, жаждущий просвещения, проявляет к этой среде отвращение. Он против своего желания был вынужден признать личное превосходство над ней и свою обособленность... Невежественной среде, не понимающей высоких гражданских идеалов и порывов поэта, закономерно противопоставляется личность человека, обогатившего свою эпоху. Неудивительно, что Онегин, представленной Пушкиным как «лишний человек», пришелся Абаю по сердцу и показался близким. Онегина Абай представил приятной личностью, положительным и решительным джигитом.

Поэтому Абай не по-пушкински, а по-своему толкует взаимоотношения Татьяны и Онегина. В страстном влечении к любимой Онегин характеризуется чертами рассудочности и несомненного благородства, позволяющего ему ограничиваться только тонкими намеками о своих чувствах. Пушкинский герой в интерпретации Абая выступает поучительным примером благородства и морального поведения для молодых людей казахской степи. Сдержанность, культурность, благоденствие, чистота сердечных взаимных влечений, уважение друг к другу, отличающие в переводах Абая Онегина и Татьяну, утверждаются в качестве образца для подражания во взаимоотношениях девушки и джигита.

Тему любви Абай разрешает в гуманистическом духе. Образ Онегина в абаевской трактовке прямо перекликается с обаятельными образами Лейли-Меджнун, Козы-Корпеш и Баян-Сулу, исполненными волнующего самопожертвования во имя всеохватывающей любви. Естественно поэтому, что у Абая Онегин уходит в могилу, сохраняя в сердце любовь к Татьяне:

«Я уж не изменюсь больше,
Что ты хочешь от несчастного?
Отец и мать – черная земля,
Ты открой свою грудь».

Это совсем не по Пушкину, а отвечает точке зрения Абая на любовь: «Не увлекай женщину, а если любишь, так люби искренне, отдавая ей всего себя». Вследствие такого убеждения на вопрос, «что значит настоящая страсть», Абай отвечает:

«Если твоя рука коснется ее локтей,
Хлынет кровь к твоему сердцу, и оно застучит,
Если лицо приблизишь к ее шее,
Щемящая истома охватывает тебя».

Таким образом, с переводами произведений Пушкина тесно переплетались мотивы собственных произведений казахского классика, его этические поучения, осуждающие отрицательные явления в казахском быту и призывающие к человечности» [203, 18–19-бб].

Осы тұста түйетін бір түйін Абай стилінің даму өрісіне байланысты. Пушкин романын қазақ жүрегіне қалай жеткізсем деген оймен Абай тіпті еркін аударманың аясынан да шығып кететіні байқалады. Басында дәл аударма еркін аудармаға ауысты. Абай стилін бара-бара еркін аударма мүмкіншіліктері де қанағаттандырмайды. Ол енді еліктеу (подражание) дейтін мәнерге көшеді, өйткені шығармаға түпнұсқада кездеспейтін бір штрихтар енгізуге тура келеді. Сонда еліктеу мәнері құбыла келе шығарманы тағы да бір жаңа белеске шығарады. Оның аты – төлтума.

Міне, Абай нұсқасының бұл ерекшеліктеріне Абайтану үнемі назар аударумен келеді. М. Әуезовтің мына тұжырымы «Онегин-Татьяна хаттарына» да тікелей қатысты. Пушкинше жырлады дегенді Пушкинше жалпы мәдениетті, үлкен сорапты ақынша жырлады деп түсіну керек дей келе, М.Әуезов: «Абайдың еуропалық үлгі-өрнекті өзінше біржолата өзгертіп, қайта тудырып, тіпті шеттен келгендігін білдірмейтіндей қып жаңадан беретіндігін көреміз» [200, 16-б], – деп жазды.

Осы тұрғыда ой тербеткен әдебиетші ақын Ә.Тәжібаев: «Абай аудармаларына қарап отырсақ, біз қолданатын ұғымдағы «аудармадан» әлдеқайда бөлек, әлдеқайда биік» [204, 51-б], – дейді. Мұнда зерттеуші «аударма» деген «Хаттарға» қатысты сөзді тырнақшаға алады. Ол да Абай нұсқасы аударма емес деген көзқарасты ұстанады.

З.Ахметов «Хаттарды» жартылай аудармаға сарындас шығармаға жатқызады. «Сарындас деп кем дегенде жартылай аударма болып келетін, бірақ түгелдей алғанда төлтума туындыға айналған өлеңді ғана айтамыз... «Евгений Онегин» романын алсақ, Абай оның сюжетін әңгімелеген емес, кейбір үзінділерін алып, кейде жазып, бара-бар, кейде өте еркін тәржімелеген» [205, 167-б].

Абайтанушылардың қай-қайсысы да «Онегин-Татьяна хаттарының» көптеген күрделі ерекшеліктерін дөп басады. «Хаттарды» аударма атаулының бүкіл түрі кездеседі. Дәлме-дәл (сөзбе-сөз), яки бара-бар, еркін аударма, балама тәржіма, сарындастық тәржімаға қатысы шамалы еліктеу, дербес шығармаға тән қасиеттер – бәрі ұшырасады. Жоғарыдағы талдауларға сүйенсек, осы қасиеттерді тізбелеп шыққан соң. Бұл – төлтума деген қорытындыға келеміз. «Алайда, – деп жазады Ш.Елеуқенов, осы

анықтаманың да кеміс тұсы бар. «Хаттар» романдағы хаттардың ізімен жазылды емес пе? Сонда ол қалайша төлтума аталмақ?» – деп орынды сауал қойып, оның жауабын айтады, «... қасиет – белгілердің бәрі жиналып, қордаланып келіп, жаңа саналы дүние туғызған. Бейнелеп айтсақ, бұл – қорытпа, құйма дүние. Жартысы мырыштан және басқа элементтер араласқан мыстың қорытпасы жаңа сапалы металға – жезге айналмай ма? Сол секілді Абай «Евгений Онегин» романынан жаңа сапалы түр – құйма туынды өндірген» [202, 52-б], – дейді.

«Құйма шығарма» төлтуманың бір түрі болғанда, Абай туындысының жанры қандай деген сұраққа М.Әуезов айқын жауап қайтарады. «Абай» версиясында «Евгений Онегин» эпистолярлық роман түріне ие болды» [200, 55-б], – деп кесіп айтады. Оған лексикалық дастан, поэма деген жанрлық анықтамалар да берілді. Мұны аударма және болмаса өлеңдер шоғыры (циклі) деуге келмейді. Түпнұсқада төрт бірдей жастың, ал «құйма туындыда» екі бірдей жастың арасындағы роман. Оған лирикалық «қаны» араласуы – табиғи нәрсе. Роман – адамның жан диалектикасымен айналысатын жанр. Ол әрдайым лириканың, әсіресе, реалистік лириканың тәжірибесіне сүйенеді. Романға барар жолында Пушкин секілді Абай да реалистік лирика өрнегін тоқуға бар қуат-талайын салып кіріскен-тін. Ғалым З.Қабдоловша бағалай алсақ, Абай Пушкиннен «аудару үстінде ақынның өзі де самғап, шығанға шырқап, поэзия шыңына шығыпты. Қазақ әдебиетіндегі өзіне дейінгі өлең сөздерінен мүлде қара үзіп, ілгері кеткен... Классикалық поэзияның сан дабысты, сырлы, сиқырлы симфониясына өз үнін, өзгеден ерекше, тек өзіне ғана тән ғажайып сұлу үнін қосып, майда қоңыр саз тауыпты».

Кезінде сыншы В.Г.Белинский: тарихи тұлғалар мен өнер заңғарларына барлау жасап, сараптай келе ұлылар шоғырын екі түрге бөліп, былайша, ой түйген екен: «Есть два рода деятелей на всяком поприще: одни своими делами творят новую эпоху, действуют на будущее, другие действуют в настоящем и для настоящего».

Первые бывают не признаны, не поняты, не оценены и часто даже гонимы и ненавидимы своими современниками, их апофеоза создается в будущем, когда уже самые кости их истлеют в могиле, вторые – всегда любимцы и властелины своего времени, но уважаемы, превознесенные и счастливые при жизни своей, они получают уже совсем не то значение после своей смерти, а иногда переживают свою славу.

Без сомнения, первые выше вторых, ибо это природы великие и гениальные, тогда как вторые – только сильно и ярко даровитые природы.

Первые, если они действуют на литературном поприще, завещают потомству творения вечные, неумирающие; вторые – пишут для своих современников, и их произведения для будущих поколений получают уже не безусловное, но только историческое значение, как памятники известной эпохи».

Міне, осы тұжырымдағы «ұлы таланттарға» тиесілі игі қасиеттер Абай шығармашылығында мейлінше мол орын алып, ақын сөзіне жан бітіргендігін

айта келіп, Б.Шалабаев жоғарыдағы В.Г.Белинский қағидасын растайтын штрихтарды Абай тұлғасынан іздеп табады.

«Наследие Абая также бессмертно. Его творчество ознаменовало собой новый этап в развитии казахской литературы, определило пути и направление ее дальнейшего развития. Известный казахский журналист, публицист и поэт Мухаммеджан Сералин создал поэму «Гуль-Кашима», которая берет свое начало в популярном стихотворении Абая «Одна красивая девушка жила у хана».

Как и Пушкин, Абай боролся за гуманность, справедливость, стремился воплотить свои идеалы в художественные образы.

Именно это позволило ему найти тот узловой пункт, где сходятся истоки духовных сокровищ своего родного казахского народа, а также соседних народов Востока и богатый мир русской литературы. Благодаря этому творчество Абая уважают и ценят все народы» [193, 50–51-бб].

Б.Шалабаев өз еңбектерінің шағын бір тармағын Абай поэмаларының тарихы мен тақырыбына, идеялық сарынын ашу мақсаттарына арнаған. Зерттеуші әдетте поэма қатарында қарастырылып жүрген «Ескендірді» роман ретінде талдайды. «Абайдың эпикалық шығармаларының ішінде «Ескендір» поэмасы оқшау тұрады. Ол – өлеңмен жазылған роман». [133, 36-б]. Енді бірде оны шағын повесть қатарына да енгізеді, «... Абай бұл шағын повесте патшаның тәкаппарлығын, тойымсыздығын келеке етеді» [133, 37-б]. Мұнда да көңіл бөлуге тұратын жайт екенін аңғару қиын емес, өйткені зерттеушінің дәлелдеу қисыны осыған жетелейді. Абайдың ұлы Пушкиннен мол әсер алғанын бұл күнде ешкім жоққа шығара алмайды. Ал ол әсер ұлы орыс ақынның басқа одан кейін де күшейе түскенін дәлелдеп жату тағы да артық болар еді. Демек, орыс әдебиетіндегі өлеңмен роман жазу үлгісінің ұлы қазақ ақынына ой салмағанына кім кепіл бола алар еді? Ендеше, бір жағынан, сондай ықпалды ескеру тұрғысынан, екінші және ең бастысы – өлеңмен жазылса да бұл шығармада қою оқиғаның болуы, белгілі дәрежеде айқын суреттелген бейнелердің сомдалуы «Ескендірді» роман (не «шағын повесть») деп атауға мүмкіндік береді. Абай әдепкіше мазмұн мен түрдің керемет үйлесімін көздеп, соған сәйкес тілдік – стилдік – интонациялық тамаша тәсіл тапқан.

Б.Шалабаевтың Абай жайлы ой-пайымдауларынан аңдарымыз – ақын туындыларының табиғатына, стиліне, түріне, жанрына зерделі зерттеушілік танымымен еніп, оның өлеңдері мен қара сөздерінің, өзіндік түйіндерін жасайды. Ал Абай сияқты ғұлама тұлғаның Пушкин тәрізді ұлы ақынның «Евгений Онегин» туындысын аудару үстінде ой-қиял ұшқырлығын байқастатуы, «монументалдық» Абайдың, «пластикалық» Абайға ұласып жату көріністерінің орын алуы, кей тұста түпнұсқадан да қара үзіп, үздік шығып отыру сәттеріне қайран қалатын әдебиетші Б.Шалабаевтың ақын Жуковскийдің «Аудармашы прозада – құл, ал поэзияда – ақынның бақталасы» деген аталы пікірін қуаттай отырып Пушкинді қазақ жұртына танытуда үлгілікке ұсынар ғаламат қайрат жұмсаған Абай еңбегін еленер биікке көтеріп әкеткен еңбектерінде, біздіңше, Абай мен Пушкинді тануға

қосылған қомақты еңбектер, аударма дәстүрін жаңа қырынан танықтан толымды дүние деген ойға табан тірейміз.

Әрине, ұлы Абайды зерттеушілер көп, әлі де талай зерттеушілер дүниеге келері анық, олар да өз толғамын, өз байламын ортаға салар. Десек те, Б.Шалабаевтың зерттеулері өзінен бұрынғы да, кейінгі де зерттеулерге ұқсамайтын мол ізденіс, тың ой, сындарлы пікірлерге құрылған құнды дүниелер деп танимыз.

Бүгінгі таңда кемеңгер Абай мұралары ғылыми зерттеу кеңістігіне айналғаны айдан анық. Елбасы Н.Назарбаевтың: «Ақын Абай қазақтың суырыпсалма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырды. Бұрын-соңды көтерілмеген тақырыптарды көтерді. Бұрын-соңды үрдіске енбеген жанрларды үрдіске енгізді. Абай әлемі біздің жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз» [206], – деген сөзі ақын мұрасына байланысты егеменді мемлекетіміздегі салиқалы ой-пікірдің бағыт-бағдарын айқын аңғартады.

Сан ғасырлардың «Темірқазығы» болған, бола беретін абайдай данышпан поэзиясының қыр-сырын танып, оның астарынан қоғамдық-әлеуметтік болмыстың сырын ұғу – екінің бірінің маңдайына жазылмаса керек-ті. Бұл тұста абайтанушылар арасында Белгібай Шалабаевтың да мәртебесі жоғары десек қателеспес едік.

Жоғарыда сөз болған әдебиетшінің Абай жайлы жазған шағын мақалалары мен көлемді зерттеу еңбектерінің табиғи болмысынан мынадай мәселелерді аңдауға болады:

– Б.Шалабаев мақалаларында ақын шығармашылығын жан-жақты зерттеп, негізінен прозалық шығармаларының табиғатын түсінуде тақырыпты барынша меңгергендік, жүйелілік, дәйектілік ой-пікірлері аңғарылып отырады;

– өзі айтқан тұжырымдарына көз жеткізу мақсатында әдеби фактілерді, тарихи деректерді неғұрлым көп пайдалана білген;

– Абай поэзиясын талдауда философиялық, дидактикалық, эстетикалық ой-толғаныстарға барып, ақынның табиғи дарынын танытумен қатар өзінің де сындарлы сыншылық табиғатын аңдата алған;

– мәселенің мәнін ашуда баяндау, түсіндіру, сипаттау тәсілдерін орынды байсалдықпен қолданып, құбылыстың сырын бүкпесіз, әсірелемей, өз қалпында баяндай жеткізген;

– әдебиетші-зерттеушінің Абай әлемінің қиырлы шатқалдарына бойлап шерткен сырларынан құдды «шежірелік сипат» аңғарғандай боласыз;

– Абай поэзиясындағы және қара сөздеріндегі ізгілікті жаңалықтарды көтерумен қатар, дәуірінде кәсіби дәрежеге көтерілген әдебиеті жоқ кезеңде ақын туындыларында кездесетін кемшіліктерді де сараптап, оның мәнін түсіне білген;

– ұлы ақынның аудармаларына, әсіресе Пушкиннен аударған «Евгений Онегин» туындысының ерекшеліктерін зерделей келе, Абай әуезінің, үнінің астарынан сиқырлы сыр іздейді;

– кеменгер ақын ғақлияларының да көркем әдебиеттегі орны мен көркемдік ерекшеліктерін саралап, ұтымды ой түйіндейді;

– Абайдың қазақ әдебиетіне әкелген жаңалықтарының арасынан оның қара сөздерін бөле-жара атап, қара сөздердегі жаңашылдық үлгілері ретінде автордың ойшылдық, білімдарлық қасиеттерін неғұрлым терең ашып көрсетуге мүмкіндік беретін мемуарлық, әдеби нышандар мен қоғамдық-публицистикалық, философиялық-моралистік, сатиралық сипаттардың ұтқыр тоғысуын көрсетеді.

Белгібай Шалабаев Абай шығармашылығын жіті зерттей отырып, өзінен кейінгілерге бағалы, игілікті мұра қалдырып кетті деуге болар еді. Зерттеуші еңбектерінің маңызы – Абай поэзиясын, қара сөздерін, дәстүрін, жаңашылдығын оқып-біліп, зерттеймін дегендерге аса пайдалы мәдени байлық. Өйткені: «Абай дәстүрі – қазақ әдебиетінің даму тарихында заңды жалғасын тауып, жан-жақты байып келе жатқан асыл арна...

Қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі төңірегіндегі пікір-таластар барысында «Абайдың ақындық айналасы», «Абайдың шәкірттері», «Абайдың ақындық мектебі» деген сияқты ұғымдар қалыптасқан. Түптеп келгенде, мұның бәрі де Абайдың ақындық дәстүріне келіп тірелер еді. Өйткені Абайдың айналасындағы және одан кейінгі ақын шәкірттері Абай қалыптастырған әдеби дәстүрден тыс бола алмайды» [207, 16-б], – деген ғалым Б.Әбдіғазизұлы тұжырымына жүгінсек, жоғары айтылған ойымыздың ақиқаттығына көз жеткіземіз.

1944–1949 жылдары Б.Шалабаев ҚазПИ-де декан, кафедра меңгерушісі, Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтында аға ғылыми қызметкері болады. Іскер оқымысты университетте кафедра басқарса, академия институтында сектор меңгереді. Бұл кезең сұрапыл соғыс зардаптарынан елдің есі жаңа кіріп, етек-жеңін жинақтап, өнер-білімге, мәдениетке, ғылымға деген саналы көзқарастың орныға бастаған шағына дөп келетіндіктен, Белгібай Шалабаев қаламынан туған еңбектердің алғашқысы қалам ұштау, ширықтыру, ғылыми зерттеуге, көркем әдебиетке төселу секілді мәнде болғандығын аңдауға болады. 1944 жылы «Наследие творчества Торы-Айгырова в истории казахского романа» («Қазақ романы тарихындағы С.Торайғыров шығармашылығының мұрасы») деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сонау Ленинградта (Санкт-Петербургте) қазақтың ұлы ақынының есімін орыс әдебиетшілеріне паш етіп, тұңғыш терең танытып, сәтті қорғап шығады. Сонау 1920–30 жылдары тұрпайы социологиялық, 1940–50 жылдардағы нормативтік, идеологиялық сынның бір жақтылығы салдарынан халыққа зиянды деп бағаланған Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты ақынды арнайы зерттеу, оның шығармашылық мұрасы жөнінен көлемді ғылыми еңбек жазу – оңай шаруа емес-ті. Қаншалықты партиялық принциптілік пен цензуралық қатаң бақылау болғанымен, ұлы ақынның шығармашылығын талдап, оның мәдениет тарихында алатын орнын бағалау тек ғылыми біліктілікті ғана емес, азаматтық ерлікті де талап еткен болатын. Ал, Белгібай Шалабаев осыны іске асырып, «Қазақ романы тарихындағы С.Торайғыров шығармашылығының

мұрасы» зерттеуінің бетінде дүйім жұртқа жария етті, диссертация жазып, қорғады. Қазақ романының тарихи генезисін суреттеу арқылы, С.Торайғырұлының романдары мен өлеңдерін дәріптеген бұл еңбектің көтерер жүгі батпан, көкейкестігі мен салиқалы мазмұнының өзекті екендігіне көз жеткізу қиынға соқпас. Ғалым диссертациясы сұлтанмахмұттану ілімін тың идеялармен, ойлармен, тақырып-өрнектермен байытты. Автор бұл еңбегінде замана талқысымен қатпарлы жылдардың сағымына оранып, аумалы-төкпелі кезеңдер дүрбелеңінде халқымыздың зердесінде көмескі тартып, ұмытыла жаздаған, халық әдебиетінде ойып орын алар біртуар тұлға С.Торайғырұлының асқақ қайраткерлік сом бейнесін оның шығармалары, дүниетанымы, саяси-әлеуметтік бағыт-бағдары арқылы ақынның халық санасында қайта жаңғыртуды мақсат тұтқан.

Торайғыров – қазақ әдебиетінің барлық жанрының профессионалдық дәрежесінің күрт көтеріліп, биік мәдениетке жетуіне айрықша еңбек сіңірген құнарлы талант. Оның шығармалары белгілі бір кезең талабына үн қатып қалу ниеті ауқымынан биік тұр. С.Торайғыров еңбектері – өмірдің терең шындықтарын реалист суреткердің көзімен жіті байқап, кәнігі шеберлікпен бейнелеген туындылар. Әдебиетіміздің жас толқынының Сұлтанмахмұт сынды қаламгерді ерекше қастерлеп, жоғары бағалауы, оның данқына бас ұру ғана емес, бұл ең алдымен, аға буын әдебиетшілердің ғибратты парызы еді.

Рас, С.Торайғыров өнерінің әр қыры талай сын-пікірлердің, ғылыми зерттеулердің объектісі болды. Жазушының мол мұрасын түгел алып, тұтастай құрастырған тұңғыш еңбектердің бірі – Б.Шалабаевтың айтылмыш диссертациясы. Жас ғалым өзінен бұрынғы зерттеушілер еңбектеріне көз жұмып өте шықпайды, олардың қисынды-қисынсыз пікірлерін екшеп, жаңа ғылыми тұжырымды байлау жасайды. Сұлтанмахмұттың өмірбаянына қатысты көптеген жаңа материалдарды тауып, соны деректер жинаған. Шыққан орта, алған білім, көрген тәрбиенің қаламгер талантын қалыптастыруға атқарар қызметі ерекше екені аян. Сондықтан әдебиетшінің Торайғыровтың жастық шағын, оқуға берілген кездерін шұқшия зерттеуі табысты болған. Әсіресе ақынның өлең формасындағы жазылған романдардың көркемдік амал-тәсілдері, қыр-сыры егжей-тегжейлі зерттелінген. Мұндай мәнді диссертация үлкен де зерделі, қиын да ауқымды еңбектер арқылы жарыққа келді. Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды алып ақын жайында арнайы құлаш-құлаш зерттеу мақалаларын жазып қана қоймай, оның жоғалған еңбектерін жинау, жариялау ісімен де шұғылданған. Өз еңбегімен қатар өзгенің шығармаларын ескі газет-журналдардан тауып алып, оған қайтадан өмір беру, архив шаңын қағу машығы әдебиетші зерттеушінің өзіне ғана емес, еліне де олжа салғанын көреміз.

Түркі тілдес әдебиеттер жазушыларының көбіне шығармашылық жемісті әсер еткен көрнекті қаламгер, үлкен білімпаз, ағартушы Измаил-бей Гаспринский жүйесінің Сұлтанмахмұттың шығармашылығына әсер етуі, оның жазушылық талантының ерте көрініп, тез жетілуіне татар ардагері И.Гаспринскийдің ықпалы тигендігін зерттеушінің жанамалап айтуы, әдеби дәстүр мен жаңашылдық, әдеби байланыстардың мәселелерін әділ көрсетуі,

сөз жоқ, үлкен жаңалық еді. Ақын дүниетанымының қалыптасуы күрделі эволюциядан өтеді. Қаламгер ұстанатын эстетикалық мұрат та бір күнде пайда бола қалмайды. Осы құбылыстың Торайғыровқа қатысы көрінісін Б.Шалабаев түпкілікті шешіп бермегенімен, өзекті, тыңғылықты алғаш ойлар айтқандардың бірі еді.

Диссертацияда Сұлтанмахмұттың шығармалары жанр-жанр бойынша алынып, сарапқа түсіп, жеке-жеке талданады. Бұлай зерттеудің бағалы жағы көп. Жазушы эволюциясын, өсу сатыларын көрсетуге мол мүмкіндік туады. Әдебиетші, ақын әдеби мұраларының ішіндегі орны ерекше өлеңмен жазылған романдарына айрықша тоқталған. Жазушының творчестволық зертханасына еніп, жеке шығармалардың қалай, қандай жағдайларда туғанын қарастыру – әдебиеттік зерттеудің негізгі міндеті. Ең сүбелі ойы, «Сұлтанмахмұттың шығармалары ұлттық көркем мәдениеттің классикалық мұрасына заңды түрде кіреді» деген, кесімді тұжырымы.

Торайғыров – қазақ әдебиетінің ірі классиктерінің бірі. Бұл – бүгін ешкім дауласпайтын аксиома. Классиктер шығармашылығын талай қырынан көрсететін қыруар зерттеулер жазылатыны және ақиқат. Б.Шалабаевтың аталмыш еңбегі осы сапардағы салмақты, бағалы еңбек болды.

Отызыншы жылдардың бас кезінде қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармашылығы хақында екіұшты пікірлер болғаны белгілі. Оның ағартушылық-демократтық бағыт-бағдарын жақтаушылардың қатарында Шалабаев та болды. Сұлтанмахмұтты «алашшыл», «реакцияшыл», «буржуазияшыл» ақын деушілердің, тұқыртқан, нықыртқан даурықпа дақырттарын, жаққан шала күйесін сол кезеңде беттеріне басып, тойтарыс беру некен-саяқ қана ғалымдардың қолынан келер тегеурінді батырлық іс болатын. Солардың бірі де бірегейі – Бейсембай Кенжебаев болса, бірі – Белгібай Шалабаев болғандығы мәлім.

Әдебиетші ғалым Ы.Дүйсенбаев 1959 жылғы әдеби мұра және оны зерттеуге арналған ғылыми-теориялық конференцияда «XIX ғасырдың 50–70 жылдарындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері» деген тақырыптағы баяндамасында: «Әдетте бір ақынның шығармасына баға бергенде, біріне бірі қарама-қарсы екі түрлі көзқарас орын теуіп келді: не сол ақынды халық мұңын мұңдаған прогресшіл қайраткер етіп тарихта қалдыру, я болмаса оны кертартпа, реакцияшыл, феодал жыршысы деп танып, тарихтан мүлде шығарып тастау. Біздіңше, көрнекті мәдениет қайраткерінің, егер ол шын мәнінде сондай болса, реакцияшыл екенсің деп тарихтан шығарып тастауға болмайды, ол ақын өзінің тиісті бағасын алып, белгілі бір көлемде зерттелуге тиіс» [208, 113-б], – деп жазады. Бұл – шынында да сол кездегі талаптар тұрғысынан алғанда, бүкіл «кертартпашыл» ақындар шығармашылығына әділ баға беруге жол салатын орынды пікірі еді. Дәл осындай тұғырлы принципті ғалым Б.Шалабаев та ұстанып, С.Торайғыровтың әдеби мұрасына әділ бағасын береді.

Киіз туырлықты қазақтың санасындағы азаттық діл, моральдық тазалығы мен адамгершілік ұстанымдары туған әдебиетіміздің сан рет қыл-тамаққа келсе де, тіннің әуіріммен үзілмей үміт шырағы боп алға

ұмсындырған рухани қазыналы алтын тұғырының жоғалмауынан, анығын айтқанда тоталитарлық жүйенің қылышынан қаны тамған заманда ұлттық әдеби мұраға зор жанашырлық пен ыждағатты ізденіс танытып, жанын шүберекке түйген жанкештілікпен ақиқат пен әділдіктің арашасы болған ат төбеліндей ғана ғұлама әдебиетші-ғалымдардың, заңғар қаламгерлердің аманаты деп түйгеніміз ләзім. Әлқисса, тоталитарлық кезеңнің тар шеңберінде қыстыққан, шерменде күй кешіп ширыққан көркем, зерлі сөзіміздің талайсыз тағдырына сенім болып, үміт соқпағының сүрлеуіне діттелген әдебиеттанудың сүбелі арнасы – сұлтанмахмұттану ғылымы осылайша дүниеге келген болатын.

Уақыт қиракездігінен көз жазып қалған талай аяулы арыстарымыз ақталып, туған халқымен қауышқанына біраз жылдардың жүзі болды. Десек те, қайта ашылып, дүниеге қайта келген алыптармен көзайым жүздесуден – бұрыннан халық мойындаған асылдарымызға уақыт жетпей, сәл кенже қалып бара жатқан секілді. Шынтуайтында қайта ашылған «жаңа» мен есесі толмаған, жете індетіліп болмаған «ескіні» қатар ұштастыра, жарыстыра, сабақтастыра жіті зерттер болсақ ұтатынымыз сөзсіз. Бұл орайда, әр буын қазақ ғалымдары ақи-тақи аштық, кәміл қалыптастырдық деген жеке ақын, жазушылардан бастап, тұтас-тұтас дәуірлерге дейін жаңа уақыт көзімен қайта қарап, дұрысымыз қайсы, бұрысымыз қайсы – соны бір ой елегінен өткізіп алмағымыз абзал. Өйткені, жете зерттедік, жекетану ретінде қалыптастырдық дейтін абайтану, махамбеттану, сұлтанмахмұттану секілді ілгері ілімдердің де күн тәртібіне көтерілген әлі де болса тың мәселелері туындап отыратыны заңды. Абайдың тұңғыш шежіреші – биографы Әлихан Бөкейхановсыз, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовсыз, олар жазған сын-зерттеу, арнауларсыз ұлы ақынды жіті таныдық деу, әйтпесе Халел Досмұхаметовсыз Махамбет ақынды, Жүсіпбек Аймауытовсыз Сұлтанмахмұтты зерттеп, танып білдік деу – ұшқарылық, ағаттық болар еді. Сондықтан Мұхтар Әуезовтің абайтануға, Қажым Жұмалиевтің махамбеттануға, Бейсембай Кенжебаевтің сұлтанмахмұттануға сіңірген еңбегін жеке-дара ілім қалыптастырған қайраткерлігін зор сүйіспеншілікпен бағалай отырып, аталған (аталмаған) ақын-жазушылардың асыл мұрасына да қайта бір оралып терең үңілу – маңызды іс. Ендігі міндет – аталған ұлы ақындар (және олардың ақындық айналасын) әдеби мұрасын ғана емес, сол ілім (абайтану, махамбеттану, сұлтанмахмұттану, т.б.) қалай басталып, қалай қалыптасқанын қат-қабат қарастыру. Осындай ойды нысана еткенде сұлтанмахмұттанудың бүгінгі уақытқа орай туындаған кейбір мәселелерін тілге тиек етіп, алда тұрған міндеттерді айқындап, ең өзектісі ақынның күрделі тағдыры мен бай әдеби мұрасы өскелең әдебиетші-ғалымдар, профессорлар Б.Кенжебаев пен Б.Шалабаевтардың зерттеулерінде қашан, қалай, қандай дәрежеде көрініс тапты секілді көл-көсір сауалдары төңірегінде егжей-тегжейлі қарастыру заңды. Есесіне академик жазушымыз Ғабит Мүсіреповтің, кезінде әдебиет туралы айтқан: «... социалистік реализм әдебиетінің идеялық және көркемдік талаптарына енді терең бойлайтын кезеңге шықтық. Ол талаптарды қалай меңгере алғандығымыз тақырып

талғаудан бастап шындықтан алынған конфликт жасай алу, созымды сюжет құра білу, нанымды образ жасау, түсінігі дәл образды тілді меңгеру сияқты, қорыта келгенде шеберлікті меңгеру мәселесіне тіреледі. Шеберлік – біздің алдымызда тұрған бірінші мәселе», – демекші, бізде осы мәселені көтере түсуге тырысып, С.Торайғырұлының қаламгерлік шеберлігін қарастыру барысында бір мысқалдай болса да игі үлесін қосуға талпындық.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әдебиетінің тұтас дәуірін айқындап тұрған шоктығы биік, тұлғалы талант, хакім Абайдан кейінгі асқар белі сынды ақыны – Сұлтанмахмұт Торайғырұлының төл әдебиет тарихында ойып алар орны бөлек. Жарты тұтамға жетер-жетпес қысқа ғұмыр кешкен ақын жасына қарағанда, мейлінше мол, жасына қарағанда, мейлінше жасамыс мұра қалдырып ағып өткен «аққан жұлдыз» іспеттес жан. Небәрі жиырма алты, жиырма жеті жыл ғана ғұмыр кешкен қыршын жастың өзі өмір сүрген ортаны терең барлап, терең зерттеп, көп мәселеге көңіл көзін жібере білгеніне қайран қаласың.

Қазақ әдебиеттанудағы сұлтанмахмұттанудың ғылыми іргесін қалаған профессор Б.Кенжебаев. Дүрмегі мен дүрбелеңі мол бұл ғылыми саласының дүниеге келуі тікелей Б.Кенжебаевтың табанды зерттеуінің нәтижесінде ғана жүзеге асты. С.Торайғырұлы бар әдеби мұрасын – бар тағдырын ғалымға аманат етіп тапсырып кеткендей, ол бар ғұмырын ұлы ақын мұрасын тануға, танытуға, әр кезеңде жабылған жаладан арашалауға бағыштайды. Өзі анық танығанынан танбайтын табанды, қайсар ғалым Б.Кенжебаев болмағанда, ол ақын аруағы үшін басын бәйгеге тігіп, жан сала күреспегенде, Сұлтанмахмұт есімін әлідей-ақ әлдеқашан ақтаңдаққа айналдырып жіберіп, өзінің тұтастары – ардақты ағаларымызбен бірге тарих қойнауынан енді-енді қайта ашып, қайыра қауышып жатар едік. Ақын есімінің өшіп кетпей, ұлтшыл санатта жабық қалмай, бүгінгі ұрпаққа маңдайы жарқырап жетуінде – ғұлама ғалым Б.Кенжебаевтың зор күрескерлік әрекеті жатыр. Ақын ғылыми өмірбаянын түзу, жинақтарын асқан ыждағаттықпен ғылыми өреде құрастыру, текстологиялық жұмыстар жүргізу, өмір белеңіндегі айтқызбаған кезеңдерді деректі-көркем әңгіме түрінде жазу, ұлтшылдық қарғыс таңбасы басылып жауып тастаған өлеңдерін мақалаларында атын атамай, түсін түстемей насихаттау... міне батыр жүрек ғалым Б.Кенжебаев атқарған істердің қайсыбірі осылар. «Ризамын не көрсем де осы жолда» (С.Торайғырұлы) деп ақын айтқандай, Б.Кенжебаевтың, Сұлтанмахмұтты ақтау, жақтау, сөйтіп үлкен ілімге айналдыру жолында кешпеген бейнеті, көрмеген құқайы жоқ. Бұл жолда ол беделге бас имеді, мансапқорға жағынбады, ақиқаттан танбады. Дәйімгі табандылығын ұлы ақын мұрасы дауға түскенде де танытты. Саяси саудагершілік райымен күн көрген, парықсыз тасырлыққа даңғыл жол ашқан бәз біреулермен айқасып, денсаулығынан да айырылды. Ұлы ақынды анықтау, ақтау, тану, таныту жолында ол ұлтшыл да, космополит те атанды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысына да ілікті. Қайсар әрекеті үшін Қазақстан Компартиясы ОК-нің әр кездегі хатшылары болған Ж.Шаяхметов, М.С.Соломенцев, Н.Жанділдиндермен қырандай сілкесіп айтысты.

Ақын есімін тұңғыш 1922 жылы естіп, сол жылы ақынның «Адасқан өмір» деген атпен жарық көрген жинағын оқыған ғалым, бұл шығармалардан аса айрықша әсер алады. Сол күннен бастап Сұлтанмахмұт Бейсембайдың сүйіп оқитын ақынына айналады. Мәскеуде М.Горький атындағы әдебиет институтында оқып жүргенде, 1939–40 оқу жылы өзінің тырнақалдысы «Сұлтанмахмұт Торайғыров» деген тақырыпта курс жұмысын жазады. Ол 1940 жылы мамыр айында, ақынның қайтыс болғанына жиырма жыл толуына орай «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Міне, содан бері өмірінің соңғы күндеріне дейін ғалым Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығын зерттеу жұмысымен үздіксіз айналысып келді. Зерттеуші Б.Кенжебаев 1947 жылы «Сұлтанмахмұттың ақындығы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, ақын ғұмыры мен шығармалары және ол кездің басқа да көкейкесті тақырыптары хақында көптеген әдеби-сын, ғылыми-зерттеу мақалаларын, жеке-жеке зерттеу очерк кітаптарын 1949 жылы «Сұлтанмахмұттың ақындығы», 1957 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Журналист Мұхаметжан Сералин», 1958 жылы «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары», «1916 жылғы көтеріліс жырлары» (К.Шәменовпен бірге), 1960 жылы «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» (осы еңбектердің негізінде 1958 жылы докторлық диссертациясы дайын болды. – А.Қ.), 1968 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі» секілді терең зерттеулерін, 1975 жылы «Асау жүрек» әңгімелер жинағын және т.б. көптеген тың еңбектерін ақынның шығармашылығына арнады.

Б.Кенжебаев өзінің докторлық диссертациясында: «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетінде С.Торайғыровтың «Кедей» поэмасынан басқа жұмысшы, кедей, жалшы тақырыбына арнайы нақты жазылған бірде-бір шығарма болмады. С.Көбеевтің «Қалың мал» романындағы, тағы басқа бірді-екілі ұсақ өлең-жырларда тек сөз арасында, шет-пұшпақтап қана айтылады» [209, 55-б], – деп жазды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жүйелеуде де ол тап мәселесіне қарай емес, ақын-жазушылар ұстанған көзқарас, әдебиеттің даму аңғарын басты принцип етіп қарады. Өзі өмір сүрген уақыт, ол кездегі саяси жағдайды еске алғанда ғалымның бұлай етуі – рухани ерлік.

XX ғасыр басындағы әдебиет – қазақ әдебиетінде ғана емес, дүние-жиһан әдебиетінде күрделі кезең. Ол кезең қаламгерлерінің дәуірінде ұлтшыл, алашордашыл атанбаған бірі жоқ. Оларды зерттеген ғалымдар да ұлтшылдық қармағына тез түсіп отырды. Жұртты оқуға шақырып, ізгілікке үндеген қарапайым Мақыш Қалтаев жөнінде жазған мақаласының өзін кезінде, «Тот же журнал напечатал статью Б.Кенжебаева о реакционном поэте – панисламисте Макише Калтаеве. Мотивом к опубликованию этой вредной статьи послужило то, что поэт значился в школьных программах. Куда полезнее было бы дать критику порочной программы, а не популяризировать реакционного поэта» [210], – деп жазды кезінде Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі И.Храмков. Әңгіме бір ақын жөнінде болғанымен, XX ғасыр басындағы әрбір ақын-жазушы жөнінде мәселе осы ыңғайлас. Б.Кенжебаев әдебиетте еленбей

келе жатқан бар ақын-жазушыны тауып, оның әдеби мұрасын архивтерден жинап, теріп, зерттейді. Алғыс алу орнына ғалымды сын күтіп тұрады. И.Храмковтың сынап отырғаны – Б.Кенжебаевтың «Мақыш Қалтаев» аталатын зерттеу мақаласы. Мақала жақсы жазылған. «Қазақ халқының осы көрсетілген тарихи жағдайлар оятқан оқығандарының, ақын-жазушыларының бірі». «Қолдан жазып «Тұрмыш» атты журнал шығарған», «Жалпы алғанда Мақыштың ізгілік, ағартушылық, демократтық пікірі көп басым. Қазақтың революциядан бұрынғы молда, діншіл ақын-жазушыларынан қазақ өмірінің бірталай күрделі мәселелерін қозғаған. Реалистік бағытқа, сыншыл реализмге жақын келген...» [211, 72–79-бб], – секілді тәп-тәуір пайымдаулар айтылған еді.

Әлгі сыннан кейін докторлық диссертацияда осындай оң байқаулар қамтылмапты. Диссертациядағы «Жасынан мұсылманша оқыған, әбден жетілген молда, ғұлама сияқты, қажыға барып қайтқан» [212, 70-б], – деген сөйлемдердегі күшейткіш бояулар 1958 жылғы монографияда алынып тасталған. Кітаптағы жан-жақты ашылған ақын шығармашылығы жайлы тыңғылықты ойлар мазмұндалып қана берілген. Бәрі де солақай сынның әсері еді.

Әр дәуірдің әдебиетінде ерекше тұлғалар болатыны түсінікті. Белинскийдің «Орыс әдебиетінің гогольдік дәуірі» дегені секілді, ХХ ғасыр басындағы әдебиетте ерекше тұрған тұлға – С.Торайғырұлы. Б.Кенжебаев Сұлтанмахмұттай ірі тұлғаны даралап алған еңбектерін саралай, салмақтай келе мынадай жүйеде қарастыруды жөн көрдік: профессор Б.Кенжебаев – 1. С.Торайғырұлы әдеби мұрасын жинаушы; 2. Сұлтанмахмұттың шығармаларын 1944, 1950, 1957, 1962, 1987 жылдары бір-екі томдық, таңдамалы шығармалар жинағын құрастырып, жарыққа шығарушы; 3. Ақын өмірі мен шығармашылық тағдырын зерттеуші; 4. Сұлтанмахмұт шығармаларының мәтіншісі (текстологы). Ақын шығармалары мәтіні жөнінде Ы.Дүйсенбаев, Т.Әбдірахманов, М.Сәрсекеев сияқты әдебиетшілермен пікір сайысына барған; 5. Сұлтанмахмұттану ғылымының негізін салушы; 6. С.Торайғырұлы жайында түсірілген деректі фильмнің сценарий авторы; 7. Сұлтанмахмұттану тарихын қоса жазған зерттеуші. Сайып келгенде ғалым Б.Кенжебаевтың сұлтанмахмұттану ғылымында із қалдырмаған ашық аланқайын таппайсыз.

1930-жылдардың соңы мен 40-жылдары бұрынғыдан да күшейе түскен өктем саясаттың қатал қысымындағы әдебиеттің қасаң тартуының ішкі кілттипандары мен себептерін түсінуге болады. Зиялы қауым арасында әдейі тасталып отырылған жікшілдік оты, шегіне жете ушыққан таптық көзқарас зардабы, ұрандалып өткен кезеңдік науқандар мен саяси қудалаулар. «Саяси сенімсіз» деп танылып, «буржуазияшыл, реакцияшыл, алашшыл...» т.т. «шылдардың» айдары тағылған тек Сұлтанмахмұттың басына қиындық әкелген жоқ, сол уақыттың саясатымен біте қайнастым деген ғалымдардың өзіне жайлы болмады. Б.Кенжебаев сонау 40-жылдардың өзінде, Сұлтанмахмұт ұлтшыл буржуазия өкілі ретінде бағаланатын кезеңде, ақын мұрасына төніп келе жатқан қауіпті сезіп, оны «Халық ақыны» биігіне

көтере бағалапты. Солай бағалапты да айықпас, құтылмас пәлеге қалыпты. Ол «Сұлтанмахмұт қазақ халқының ашынған ойын, мұңын, тілегін, аңсаған арманын, асыл сана-сезімін бойына сіңірген, қазақ халқының өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік және рухани бейнесін түгел қамтып жырлаған талантты ақын. Қазақ халқының Абайдан кейінгі реалист үлкен ақыны» [213], – деп жазған екен игі ниетпен.

Ақынға ізгі ниет, анық бағалауды қимаған солақайлар тап-тап беріпті ғалымға. Атап айтқанда Ж.Сәрсеков «Сұлтанмахмұт – Шоқан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, т.б. үлгілі дәстүрінен тіпті аулақ, реакцияшыл ақын» [214], – деп ұлы ақынды кеудесінен итере, кері сырып тастапты. Халық ақыны деп бағалаған әдебиетшіге едәуір тіл тигізіпті. Ол аз десеңіз, тап солай «халық ақыны» деп бағалағаны үшін Қ.Бекхожин Бейсембайды «Буржуазияшыл-ұлтшыл ақындардың адвокаты» [215], – деп қаралапты. Ғалым Сұлтанмахмұттың дүниетанымы озық, жыр мұрасы үздік дегені үшін жазықты болады. Әдетте халыққа еңбегі сіңген сүйікті ақынды не өлідей, не тірідей кем бағалап, кері тартып жатса, не қара күйесін жағып алып өресінің таяздығын танытса, сырттан үшінші біреу ара ағайындық жасап «мұныңыз дұрыс болмады» деп араласар еді. Ал Ж.Сәрсеков, Қ.Бекхожин Сұлтанмахмұт мұрасын артық бағалап қойды деп байбалам салған-ды. Талай ақын, жазушы ұсталып, атылып, дарға асылып, айдалып кетіп, талай әдеби мұра жабылып қалып, қалың оқушы жақсы әдеби үлгіге сусап отырғанда, саяси науқаннан аман қалған бірді-екілі С.Торайғырұлы сынды ақынды халыққа көп көру, енді сол ырыс-несібеден айырғысы келу, араша түскен ғалымды жазықты-жауапты етуді қалай түсінерсің! Мақаланың аты «Буржуазияшыл-ұлтшылдардың адвокаттары» (Қ.Бекхожин) болғанда, айтары – ғалымға таңары – «халық жауы, ату, асу керек» болып шықпай ма?!

«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, ғалым көрген қуғын-сүргіннің басы – осы еді. Бұл қуғын 1947 жылы ғалым «Сұлтанмахмұттың ақындығы» аталатын тақырыпта кандидаттық диссертация қорғар тұста тіпті үдеп кетеді. Қылышынан қан тамған Қазақстан Компартиясы ОК-ті 1947 жылы «Қазақ ССР Ғылым академиясының, Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» арнайы қаралы қаулы қабылдағаны мәлім. Онда бірсыпыра еңбектермен бірге Сұлтанмахмұт әдеби мұрасының ұлтшылдық сипаты, оны зерттеген ғалым Б.Кенжебаевтың бағалауындағы «ұстамсыздық» сыналды. Кейін ғалымның өзі бұл қаулы жөнінде былай деп жазды: «Болған іс, басымнан өткен уақиға ретінде бір жайды айтпасыма болмайды. Мен өзімнің әлеуметтік өмірімде сынға, талқыға көп түстім. Әсіресе 40–50-жылдары жиырма жыл бойы дерлік үздіксіз орынды, орынсыз сыналып, айыпталып, соққы көріп жүрдім... 1947 жылы «Қазақ ССР Ғылым академиясының, Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси-өрескел қателіктер туралы» деген қаулы шығарды... Қаулыда менің «Сұлтанмахмұттың ақындығы» деген кандидаттық диссертациям – қолжазбам да сыналды. Онда ақынның ұлтшылдығы, қайшылығы ашылмаған, саяси бағыты, көзқарасы асыра бағаланған делінді».

«Торғай жаңбыр жауса, балапанын қорғайды, бұршақ жауса, басын қорғайды» дегендей, үйіріліп соғып келе жатқан дауылдан қорықпасқа мүмкін емес-ті. Кенжебаев та Сұлтанмахмұттың «аз-кем қателескенін» айтып, кандидаттық диссертациясын 1949 жылы «қайта жөндеп», «Сұлтанмахмұттың ақындығы» деген атпен кітап етіп шығарады. Кітапқа Тіл және әдебиет институтының сол кездегі директоры М.Ғабдуллин партиялық сынға қарсы келмейтін, партиялық этиканы ескере отырып алғы сөз жазды: «...ҚК(б)п Орталық Комитетінің жоғарыда аталған қаулысында және Ж.Шаяхметов жолдастың «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» туралы жасаған баяндамасын Б.Кенжебаевтың осы еңбегі большевиктік әділ сынға алынып, Сұлтанмахмұт шығармашылығын зерттеудегі автордың жіберіп алған елеулі қате-кемшіліктері атап көрсетілген болатын. Онда: Кенжебаев жолдас Сұлтанмахмұт шығармаларын мадақтаумен болып, оның таптық әлеуметтік мәнін және қайшылықтарын толық аша алмады, делінген. Содан бергі кезде Б.Кенжебаев жолдас қазақ әдебиетінің тарихын жасау жөнінде күрделі ғылыми жұмыстар жүргізе отырып, өзінің Сұлтанмахмұт жайында жазған осы еңбегін қайта қарап, ондағы қате-кемшіліктерін түзеп шықты...» [216], – деп жазады. Дегенмен «қателігін» мойындағанына қарамастан, Б.Кенжебаевты сынаудан, ұлтшыл атандырудан, басына бұлт үйіруден тынбады, танбады «достары». 1949 жылы 17 сәуірде Қазақстан Жазушылар одағы партия жиналысы болып, онда Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов секілді ірі ғалымдар «ұлтшыл» көзқарасы үшін айыпталды. С.Омаров, Ж.Саин, С.Мұқанов секілді ардақ тұтар ақын-жазушыларымыздың сол жолы Б.Кенжебаев жөнінде айтқан сөздерін стенограммадан оқысаңыз, төбе шашыңыз тік тұрады. (Бұл жиналыс жөнінде «Лениншіл жас» газетінің 1989 жылғы 11 қазан күнгі № 198 (11235) санында жарияланған «Жылымық алдындағы ызғар» аталатын мақалада бірсыпыра жайлар баяндалған. – А.Қ.).

«Кұйрықты бұйрықтар» дегендей, Б.Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт үшін көрер құқайының тағы бір ауыр кезеңі осылай басталып кетті. «Саяси қырағылық» деген ұғыммен бүркемеленген қуғын, ізге түсу, шалу, мұқату, мазақтау одан әрі жалғасып жатты. Қазақстан Компартиясы ОК-нің сол кездегі хатшысы Н.Жанділдин «Коммунист» жинағында, 1950 жылы Б.Кенжебаевтың «қателігін мойындап», «жөндеп» шығарған аталмыш кітабы жөнінде «Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап» аталатын мақала жариялады. Мақалада Б.Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт дүниетаным-көзқарас туралы пікірі қатты сыналып, улы тіл, ащы сия зәрі ақынға да аямай төгілді: «Б.Кенжебаев өзінің кітабында Сұлтанмахмұт творчествосын марксизм-ленинизм тұрғысынан зерттеймін деп тырысқан. Бірақ ол марксизм қағидаларын қоғамдық құбылыстарды түсіндіруге марксистерше емес, талмуд-карилерше қолданған... Сұлтанмахмұттың сарыуайымға салынып, дүниеден үміт үзуге дейін баруын біз қалайша ақтай аламыз? Сұлтанмахмұтта жазық жоқ, бұған сол кездегі дәуір кінәлі деу – тарихқа жала жапқандық болар еді. Сұлтанмахмұттың бұл дәуірде де (1918–20) ұсақ буржуазияшылдықтың, буржуазияшыл-ұлтшылдықтың идеясына

шырматылып, объективтік реакцияшыл рөл атқарғанын ашық көрсетудің орнына, оны бүркемелеуге, немесе ақтауға тырысу – марксизмге жат нәрсе» [217], – деп жазды ол. Мақала авторы философиялық терминдерді орынды-орынсыз үстемелеп, Сұлтанмахмұтты қате-кемшіліктерге мелдектетіп, оны жақтаушы, ақтаушы Б.Кенжебаевты қайдағы-жайдағы талмуд-кариге балаудағы мақсат не? Оның мақсаты анық, С.Торайғырұлы сынды ұлы ақынды әдебиет тарихынан мүлдем сызып тастау, ал ақын арқылы оның мұрасын зерттеуші Б.Кенжебаевты құрту, шегеріп айтсақ мүдірту үшін жасалып отырған зұлым әрекеті еді.

Сондағы Б.Кенжебаевтың не жазығы бар? Бәлкім, Б.Кенжебаев ұлы ақын С.Торайғырұлын жете біліп, танып, жетік бағалағаны үшін кінәлі. Бәлкім «Абай» секілді ұлы эпопеяның алғашқы кітабын Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшылары қарсы болуына қарамастан жарыққа шығарып жібергені үшін жалалы... Әйтеуір біздің аңғарғанымыз ол жылдары Қазақстан Жазушылары одағы мен Қазақстан Компартиясы ОК-ті, Ғылым академиясы арасында табанды ғалым Б.Кенжебаевқа қарсы жасақталған үлкен күш, екі арада жортуыл, жорығы... Тіпті әдебиетті қапысыз танитын, нәзік түсінеді дейтін талғампаз сыншы Баламер Сахариеттің өзі «Б.Кенжебаевтың творчествосындағы қателіктер» деген мақаласында кісі танымас «метаморфозаға» айналып, кісілік табиғатына қайшы келер пікірлер айтады. Өлі Сұлтанмахмұтты да оңдырмайды, тірі Бейсембайды да аямайды. «Б.Кенжебаев Сұлтанмахмұтты «өз заманының ұлы, асқан азамат ақыны», «қазақ халқының классик ақын-жазушысы» деп... жөнсіз асыра бағалайды да, ақынның алашордашыл, ұлтшыл бағытта болған қателіктерін атүсті сүйей салады... шынында Сұлтанмахмұт ұсақ буржуазияның сойылын соғушы, соның мүддесін қорғаушы болды», – дейді. Ол аз болса, «... Б.Кенжебаев өзінің бұл ұлтшылдық бағыттағы өрескел қателері талай рет қайталанып көрсетілсе де, ол баспасөз бетіндегі мұндай пікірлерге күні бүгінге дейін құлақ аспай, қателіктерін түзетуге тырыспай келеді. Тіпті қателіктерін мойындауды да қажетсінбейді. Бірақ оның мұндай орынсыз «қайсарлығына» совет жұртшылығы төзе бермейді» [218], – деп зерделі зерттеушіні сойылмен ұрғандай сұлатып салады.

Б.Кенжебаев бастаған әр буын зерттеушілерінің байсалды, табанды әрекеті арқасында сұлтанмахмұттану бүгінгі күнге арналы ілім, жемісті жеке тануға айналып жетті. Бұлай деу айтуға ғана оңай. Әйтпесе Сұлтанмахмұттай асау жүректі ақын басының саяси дау-шарлардан аршылып жеке ілімге айналмағы қандай оңай болсын? Бұл ілімнің «тар жол, тайғақ кешуі» мол-ақ. Сұлтанмахмұттану қастерлі ілімге айналғанға дейін талай-талай қатерді бастан кешті, қасиетке айналғанға дейін талай рет қасіретке соғып-соғып өтті. Қайтесіз уақыт қиракездігі, табысуға тартыншақ, тартысуға тұрысқыш қазақ табиғаты. Міне осындай уақыт ауырлығынан, қазақ оқымыстыларының алты бақан алауыздығынан сұлтанмахмұттануда көп «ақтаңдақтар» пайда болды. Ол «ақтаңдақтарды» шешуді қаншама ғұлама, қайталанбас оқымысты болуына қарамастан аға буын еншісіне сайқал саясат ызғары бұйыртпады. Олқылық орнын толтыру – бүгінгі, ертеңгі буын зерттеушілер

міндеті. Әйтсе де сол көшпелі зерттеуді талап ететін келелі көп мәселенің қайсыбіріне тоқталамыз.

Ең алдымен өкініп айтар жайт – С.Торайғырұлының өмірі мен шығармашылық тағдырына қатысты жазба құжаттардың жоқтығы. Ақыннан небәрі үш фотосурет сақталып жетті. Басқадай жазбалай ресми құжат жоқ. Сондықтан ақынның жарық дүниеге келген күні, айы, жылынан бастап даулы. Тіпті ақын шығармашылығын зерттеушілер де оның туған жылын әр түрлі таниды.

Біреулер С.Торайғырұлы 1892 жылы (Б.Шалабаев), енді біреулер 1893 жылы (Б.Кенжебаев), тағы бір зерттеушілер 1894 жылы туған деп біледі. Ақын туған жылдағы ала-құлалықтың бас себебі – қатталған құжат, нақты документтің (тууы туралы куәлік, паспорт дегендей) жоқтығы. Сонымен бірге орысша, қазақша және ескіше, жаңаша жыл санау ерекшелігінен туындайтын айырмашылық әсері. Ақын туған жылды долбар-топшылауға итермелейтін енді бір жағдай өзінің ауырып, өліммен арпаласып жатып жазған өлең, айтқан қоштасу сөзіндегі әрі-сәрілік. Ең соңында, өзі емес, өзгелер көбірек араласып жинақтаған өлең соңындағы шығарма жазылған ай, күн, жұлдызының дұрыс қойылмауы да көп себеп бұл ретте.

Бар мәселе – ақын туған жылға ғана тіреліп тұрған жоқ. Алым-берім бірер жылға соншалық шұқшиып, соншалық өкінішке айналдырмауға да болар еді, егер ақынның ғылыми өмірбаяны мейлінше дәлдікпен, мейлінше мол дерекпен түзелер болса. Мәселенің бұл жағы оның туған жылынан әрмен даулы. Бір зерттеушілер С.Торайғырұлы тапшыл ақын дейді. Енді біреулер тапшыл емес, ұлтшыл ақын дейді. Зерттеушінің бірі – ақын дүниетанымы қайшылықты десе, енді бірі қайшылықты емес дейді. Ақыр аяғында ақынды былай қойып, өзді-өзі айтысып, жаға жыртысып, есе қайтарысып кетеді, кейбір зерттеушілеріміз. Бұл да жаңарған уақытқа орай жаңаша келіп, қайта қарастыратын мәселе.

1930-жылдары сұлтанмахмұттануының үлкен жетістігі қайсы дейтін сауал қойсақ, ол ақын шығармаларының біршама жинақталып, қалың жұртшылыққа таралуы болмақ. Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ ССР Халық Ағарту комиссары болып тұрған уақытта, халқымыздың әдеби мұрасына байланысты екі комиссия құрылғаны тарихтан белгілі. Біріншісі – Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармаларына, мұрасына жауапты болып Мұхтар Әуезов, ал, екіншісі – Сұлтанмахмұт Торайғырұлының әдеби мұрасын жинау, жетекшілікті жүргізу Жүсіпбек Аймауытовқа тапсырылады. Хронологиялық түрде айтсақ, ақын шығармалары тұңғыш рет кітап болып 1922 жылы Қазан қаласында, араб әріптерімен «Адасқан өмір» деген атаумен үш дастаны – «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны) басылғаны белгілі. Құрастырушысы XX ғасыр басындағы қазақтың белгілі ақыны, өмірі қыршын үзілген талантымыз Бернияз Күлеев. Екінші рет кітап болып, ал шығармаларының толық жинағы ретінде алғаш рет 1933 жылы, сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында, жазушы-драматург, өнерпаз арысымыз Жүсіпбек Аймауытовтың үлкен парасаттылығының арқасында жүзеге асты. Алайда, ақын шығармаларын

жинап, өмірбаянын түзіп, алғысөз жазып бастырмақ болған Ж. Аймауытовтың жасаған игі әрекеті, оның өзі ұсталып кеткеннен кейін, 1933 жылы шала шарпы жүзеге асқан. Әріден жоғалумен келе жатқан асыл туындылардың 30-жылдары және бірсыпырасы қолды болған, жоғалған.

Көзі тірісінде «Тамшы», «Тентектің жиған шоқпары» секілді тұтас-тұтас жинақтары жоғалса, 1933 жылы ақын күнделігі, хаттары саяси қуғын әсерінен шығармалар жинағына енбей қалады да, кейін ізім-қайым жоқ болады. Іздеген кісіге, үнілемін деген талапкер жанға бұл да бір ынтығып кіресер, талмай сабылып іздер қомақты іс.

Ғалым Ғ.Сарыбаев Ж.Аймауытовтың 30-жылдардағы басынан кешкен небір ауыр тауқыметтердің бір парасын дөп басып: «Қазақ әдебиеті классиктері сериясымен» басылған жинақты даярлаушы әрі алғы сөзін жазушы да Жүсіпбек Аймауытов болатын. Алайда, «халық жауы» деп жалған айып тағылып, сталиндік репрессия құрбаны болған Ж.Аймауытовтың алғы сөзін жинаққа енгізу сол тұста саяси қылмысқа тең қауіп тудырғандықтан, бастырушылар жинақты алғы сөзсіз шығаруды жөн табады. Жинақтың алғы сөзсіз, сын-ескертпесіз шығуы өз кезегінде солақай сынның қырына ілініп, партиялық әдебиетке жасалған қастандық ретінде сыналып, «таптық көрсоқырлық» деп бағаланды» [219].

Осындай жалған қаралауларға жауап ретінде әрі ақын шығармаларын тарихи әділетсіздіктен арашалау мақсатында «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» деген кітапша басылып шықты. Шағын кітапшаға С.Мұқановтың осы кітапша атауымен аттас және авторы көрсетілмеген «Торайғырұлы Сұлтанмахмұт» деген мақала енгізілген. Бұл мақаланың авторы Ж.Аймауытов екендігін сұлтанмахмұттанушы ғалым Арап Еспенбетов алғаш нақты фактілермен дәлелдеді. Ғалым: «Материалдар жүйесі мен жазу стилі Жүсіпбек Аймауытовқа сілтейді. Ж.Аймауытов 1927 жылдың 20 мамырында көрнекті ақын, фольклорист Мәшһүр Жүсіп Көпеевке жолдаған хатында: «Мен бес-алты айдан бері Сұлтанмахмұт сөздерін жинап, жақында бітіріп, көшіріп, реттеп, баспаға, Ордаға барып тапсырып қайттым. Махмұт сөздері құранның үлкендігіндей кітап болды. Ендігі жылдар басылып шықпақ. Аман болсақ, біреуін жіберемін», – деп хабарлайды. Хаттан Сұлтанмахмұт кітабын дайындаушы Аймауытов екендігі айдай айқын білінеді ғой. Ж.Аймауытов 1931 жылы жалған жалаға тап болып, атылып кеткеннен соң іле-шала жарыққа келген мақалаға оның аты-жөні қойылуы мүмкін емес еді...» [220, 47-б].

Ж.Аймауытов жинап, қолымен көшіріп, баспаға дайындаған 1933 жылғы жинақ – Сұлтанмахмұт Торайғырұлының «толық шығармалар жинағы» аталады. Аталуы солай болғанымен, бұл да ақынның толық шығармалар жинағы емес-ті. Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы 1942 жылы ақынның «Кедей» поэмасын, 1944 жылы «Адасқан өмір» поэмасын жеке кітап райында басқан. Бұл сол кезде баспада бас редактор қызметін атқарған Б.Кенжебаевтың тікелей араласуымен жасалған игілікті жай.

1950 жылдары Қазақ Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты С.Торайғырұлы шығармаларын жинау, іріктеу, сұрыптау, қайта бастыру әрекетіне кіріседі. Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан өлке-

өңірлеріне экспедицияға шығады. Табылған өлеңдерді М.Әуезов басқарған арнайы комиссия талқыдан, сүзгіден өткізіп сұрыптайды. Нәтижесінде Б.Кенжебаев құрастырып, алғы сөз жазып, ғылыми түсінік беруімен 1950 жылы С.Торайғырұлының таңдамалы бір томдығы жарық көреді. Бұл ақын шығармаларын ғылыми танудың алғашқы баспалдағы деуге болады. Жинақтың бір ерекшелігі – экспедиция тапқан өлеңдер іріктеліп-сұрыпталып, «Жаңа табылған өлеңдер» аталып, кітапқа енеді. Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы «Жаңа табылған өлеңдерді» жазылған жылына орай орналастырылып, 1957 жылы осы жинақты қайта басып шығарады. Сұлтанмахмұттанушы Б.Кенжебаев атқарған тағы бір дара іс осындай.

«1967 жылы Қазақ Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ысқақ Дүйсенбаев бастаған бір топ ғалымы С.Торайғырұлының екі томдық толық шығармалар жинағын көлемді алғы сөз, көлемді түсініктемемен дайындап бастырды. Кәнігі сұлтанмахмұттанушы, профессор Бейсембай Кенжебаев ақын қос томдығы редакциялық алқасына әлдебір себептермен кірмей қалған. Бұған не себеп? Кілтпан – академиялық ғалымдар тобы «Кіріспеде» ақын дүниетанымын қате бағалаған, жыл-жылымен орын-орнына қойылған «жаңадан табылған» өлеңдердің кейбірін жинаққа енгізбей тастаған, өлеңдердің кейбірінің жазылған жылын, жеке жолдарын өзгерткен. Сұлтанмахмұттанушы ғалым бұл өзгерістерді ақын мұрасына әдейі жасалған қиянат ретінде көрді, өзгертулерді қабылдамайтынын айтып, институт директоры М.Базарбаевқа хат жазды. Нәтиже болмады. Ақын ғалым С.Торайғырұлы аруағы үшін редакция алқасының мүшесі ретінде қол қойды.

1987 жылы «Жазушы» баспасы «Сарыарқаның жаңбыры» деген атпен ақын шығармаларының екі томдық жинағын жарыққа шығарды. Баспа көркем әдебиеттік табиғатына орай ғылыми түсініктерге орын берген жоқ. Байырғы сұлтанмахмұттанушы Б. Кенжебаевтың көлемді алғы сөзімен жарық көрген қос томдыққа баспаның сол кездегі бас редакторы, жазушы М. Мағауин бірсыпыра еңбек сіңірді. Жасы ұлғайған, сырқат мендеген ғалым қос томдықты текстологиялық сүзгіден өткізе алған жоқ. «Сарыарқаның жаңбырының» жарыққа шыққанын көруді де ғалымға тағдыр жазбады.

Жоғарыда айтқанымыздай, 30-жылдарда сұлтанмахмұттану ғылымын түбегейлі зерттеу, насихаттау ісі жанданып, толассыз жүріп, нәтижесі әр алуан деңгейдегі зерттеулерге ұласты. Осы кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі тұлғатану ісі кеңестік тоталитарлық жүйенің қыспағында болып, таптық тұрғыдан үгіттеу басты орынға шықты. Социалистік тұрпайы әдіс негізінде қарастыру әдебиеттану ғылымының методологиясы ретінде танылып, қара дүрсін пролетарлық көркем мәдениет қалыптастыру көзделді. «Отызыншы жылдарда әдебиеттану ғылымында әдеби сында тұрпайы социологизм әдісі, РАПП-тың солақай салты күшті еді. Олар әр ақын өзі шыққан таптың ғана жырын жырлайды деп білер еді, ақын-жазушы шығармаларын тек мазмұнын ғана сөз етер еді. Осыдан Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы бұл жылдары мақала, кітап жазған, пікір айтқан қазақ әдебиетшілері мен сыншылары

ақынды әрқайсысы әр түрлі түсініп, әр түрлі бағалады, әр саққа жүгіртті. Ол жөнінде жалпылама, екі ұшты, ұшқары қорытулар жасады» [221, 27-б].

Осы кезеңде ХХ ғасыр басында көркем ой алыбы танылған Сұлтанмахмұт мұраларын біржақты қарастырушылар мен әділ бағасын беруге ұмтылғандар арасында әр тұрғыдағы әдеби айтыстар, пікір-қақтығыстар жанданды. Бұл үрдіс жаңадан тамыр алып, өркен ала бастаған жас әдебиет сынының өскелең мұратынан туындаған еді. Сұлтанмахмұттану ғылымының өрлеу эволюциясы алуан қайшылықтардың қадам бастауы – табиғи шарттылықтан. Сонымен қатар әлеумет өміріндегі саяси құбылыстар, әдебиет өнеріндегі таным қайшылықтарына әкелуінен. Осының және бір себебі, әдебиет сыншыларының теориялық таяздығынан сұлтанмахмұттану ғылымын күрделі көркем құбылыс ретінде қабылдамай әрі объективті ғылыми-теориялық әдіснамасын айқындамауынан. Осы тектес біржақтылық ұшқарылыққа ұрындырды.

Әдебиет сыны мен тұлғатану саласына шынайы бағасын беру үшін алғы кезекте оның әдіснамасын қалыптастыру зәрулігін түсінген, түйсінген Б.Кенжебаев пен Қ.Өтепов «Әдебиет сынын дамытуымыз үшін алдымен оның методологиялық мәселесін шешіп алуымыз керек» [222], – деп баса көрсетіп берді. Сұлтанмахмұт мұраларын тану ісіндегі асыра сілтеулер мен теріс тұрғылар жасаудың орын алуына – ұлт мұратымен үндесетін ғылыми-зерттеу методологиясының анықталмағандығы басты себеп деп білеміз.

Сұлтанмахмұт шығармаларына 1930–80 жылдары сол кездегі партиялық әдебиетінің таптық бағыты тұрғысынан негізінен бес түрлі көзқарас белең алды. Олар: біріншісі – ұсақ байшыл ақын; екіншісі – буржуаз-мещанин ақын; үшіншісі – социал утопист ақын; төртіншісі – материалист еңбек шаруа табының ақыны; және бесіншісі – ағартушы-демократ, халық ақыны.

Әдебиетші ғалым Б.Шалабаев, үзеңгілес ғалым Б.Кенжебаев секілді аталмыш бесінші оң көзқарасты ұстанып, өз ғылыми бағыттағы ізденістерінде төтелей темірқазық еткен болатын. Көптеген әсіре қызыл, шолақ белсенділер, таптық схоластика тұрғысынан байбалам салып, қайдағы пәлені ойлап шығарып, қара күйе жағып, улап-шулап жатқан кезде Б.Шалабаев, Б.Кенжебаевтай ақын өміріндегі тарихи фактілерді тырнақтай да бұрмаламастан, шығармаларын зор ыждағаттылықпен тәптіштей келе, әдебиетіміздің заңғары Сұлтанмахмұттың ағартушы-демократтық, реалистік портретін жасап берді. Ғалымның ақын турасындағы ойлы еңбектері Б.Кенжебаевтың асыл дүниелерімен егіздің сыңарындай үндес, ортақ сарындас болып келеді. Олар сонысымен де құнды, бағалы. «Сұлтанмахмұт секілді алып тұлғаны іштей жақтап қана қою бір басқа да, сол ойын көпшілік алдында батыл және ғылыми дәлелімен айта білу бір басқа. Сонымен бірге өз пікір пайымдауының, қаруын таныта білер табанды-принциптілік, көкейге қонымды етіп жеткізе білетін қабілет қажет. Осы орайда Белағанның ниеті мен талабы да, ойының мығымдығы мен байсалдылығы да биік деңгейден көрінді деуге толық негіз бар» [40, 104-б], – деп жазады тілші ғалым, профессор М.Серғалиев. Зерттеуші М.Бәйгеловтің мына тұжырымы да жоғарыдағы пікір-пайымдауларды қуаттай түседі: «Әйгілі әдебиетші

К.Л.Зелинский «Советтік әдебиеттану ғылымына – 50 жыл» деп аталатын академиялық жинақта былай деп жазды: «Кезінде Пушкин мен Лермонтовтың, Гоголь мен Тургеневтің, Достоевский мен Толстойдың творчествосын пролеткультшылардың, тұрпайы социологтардың «өздері туып-өскен әлеуметтік топтардың экономикалық мүдделерін ғана бейнелейді» деп бағалағаны жұртқа мәлім. Бұл «теория» бойынша олардың бәрі «дворян», «ұсақ буржуазия» болып табылды-мыс.

Жиырманшы жылдары Уәлихановтың, Алтынсариннің, Құнанбаевтың, Торайғыровтың және басқаларының шығармалары да Қазақстанда солай бағаланды. Қазақ әдебиетін бұл қауіпті әрі ескірген аурудан «емдеу» үшін аса күшті көркем әдебиет «дәрісі» қажет еді. Мұндай шипалы дәрі «Абай» және «Абай жолы» романдары арқылы келді».

Мұндай пікірдің кімге болса, әсіресе, қазақ романының тууы қалыптасу тарихымен белсене айналысып жүрген адамға етер ықпалы орасан зор екені даусыз. Солай болғандықтан да жас кезінен осы салада жемісті еңбектеніп жүрген Б.Шалабаевтың өз ойына деген нық сенімінің артуын, ізденісінің жемісті екенін түсінуге хақылымыз. Сондықтан да қазақ романының тарихын жазуға нық бел байлады ғалым. 1975 жылы жарық көрген «Қазақ романының тарихын» москвалық оқымыстылар жоғары бағалады... Б.Шалабаев бұл мәселеде, әсіресе, С.Торайғыровтың марқұм басын түрлі жала-пәледен ақтап, бос топырақтан кенді аршып алған романдарын даңғыл жолға салуы ғалымның шексіз адалдығын баса көрсетеді» [223, 189–190-бб].

«Тіл – буынсыз» дейді. Міне, сондықтан да шығар, сол буынсыз тілдің төл жемісі көркем әдебиет мәселелерінде бір-біріне қарсы топырақ шашқан, өзара ауыл-үй қона алмас қым-қиғаш кереғар пікірлердің айтыла беретініне етіміз үйренгелі қашан. Буынсыз тілдің «даурықпалары» сұлтанмахмұттану ғылымын да айналып өтпеген. Айналып өтпек түгілі, бұл салада түйдек-түйдегімен жиі, өте көп ұшырасады. Соның бір көрінісі зерттеуші Б.Шалабаевтың диссертациясынан да аңғарамыз. Мәселен ондағы: «...фрагменты диссертации, напечатанные в журнале «Литература и искусство Казахстана» («Султан-Махмуд Торы-Айгыров», кн. 10, 1939), в значительной мере явились методологическим переворотом в деле научного переосмысления и пересмотра творческой деятельности не только Торы-Айгырова, но и других представителей казахской предоктябрьской литературы. Читателю стоит в этом отношении вспомнить ошибочные концепции учебников, очерков, книг профессора М.Ауэзова, писателя-литературоведа С.Муканова, доцента М.С.Сильченко и покойного М.Баталова. Основной методологический порок, присущий всем этим авторам, состоял в том, что в их трудах марксистского-ленинское литературоведение оказалось подмененным вульгарным социологизированием... Авторы подобных глубоко ошибочных утверждений строили свои концепции в духе господствующих тогда взглядов РАПП и КазАПП, с одной стороны, и влияния «школы» Покровского в истории, с другой» [224, 2–3-бб], – деп көңіл түкпіріндегі ой-тұжырымдарым бүкпесіз ағытады. Әдебиеттану шежіре-тарихтың қаралы беттерін бажайлап сөз ететін

мына бір үзіндіге назар аударсақ: «Я обращаю внимание читателей на некоторые выдержки из этих трудов (С.Мұқанов, М.Әуезов еңбектері. – А.Қ.), которые касаются темы моей диссертации. Так, автор книги «Казахская литература XX века» / С.Муканов писал о Торы-Айгырове следующее: «Торы-Айгыров – ярый буржуазный поэт. Однако он и сам не заметил, каким образом воспел жизнь бедняка. В поэме «Бедняк», правильно показывая формы эксплуатации человека человеком, он не мог показать пути избавления от этой эксплуатации. Ни слова не говорит о партии, о советской власти, о пролетарской революции... Поэтому Султан-Махмуд оказался буржуазным поэтом». Почти к такому же ошибочному результату приходит в своей книге «Казахская литература XIX и начала XX века» о Торы-Айгырове и профессор М.Ауэзов: «На рубеже XX столетия, особенно после революции 1905 года, зародилась и развивалась буржуазно-националистическая литература... Ясно, какую роль играла литература, руководимая националистической буржуазией. Конечно, были и поэты демократического крыла общего националистического движения: Торы-Айгыров, Донентаев и т.д. Однако они находились на поводу буржуазной интеллигенции. Например, Султан-Махмуд, увлеченный идеей социализма, однако он не мог вылечиться от своей буржуазно-националистической болезни». И по стилю и по содержанию 1, 2, 3, 4 и 5 главы данной диссертации ставят своей задачей реабилитировать Торы-Айгырова в противовес данным ошибочным утверждениям и показать, что народный поэт Султан-Махмуд является демократом, классиком, великим казахским национальным поэтом, а не буржуазным националистом» [224, 3-б], – деп ақынды ақтауға бар күш жігерін сарқа жұмсайды.

М.Әуезов пен С.Мұқанов сынды әдебиет алыптардың мұндай жаңсақ, қым-қиғаш пікірлерді айтуында әрине белгілі дәрежеде объективті себеп-салдардың да әсері жоқ емес-ті. «Ұлтым» деп қабырғасы қайысқан ұлы тұлғалардың өздері де бұл кезде саяси-әлеуметтік атмосфераның райына қарай пікір білдіріп жатты. Отаршыл өктемдікті басынан кешірген талай қазақ зиялысы, сол қысыл-таяң, әсіреңкі кезеңнің тауқыметін тартып, кезіндегі бір ұлтжанды ақынымыз: «Өткізу үшін шындықты, өтірік қостым ішіне» дегендей, өгіз өлмес үшін, арба сынбас үшін, болмыстың мәнісін іздеп, өгіздің сирағы майыспайтын, арбаның шабағы шытынамайтын басқа бір тосын сара жолдарды қарастыру қажет болды. Әйтпесе Сұлтанмахмұт ақынның өшпес атын өшіріп, халық зердесінен тұқым-тұяғымен құртып жіберер еді. Сол кездегі зиялы қауымның мұраты – жуанмен белдесу, ұзынмен бойласу емес, ұлы адамның әдеби мұрасын көздің қарашығындай сақтап, ең соңғы сәтіне дейін ғылыми атеизм жоққа шығарған әуелгі құбыла бағдарынан ауытқымау еді. Сондықтан Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов сияқты Сұлтанмахмұтты қапысыз танитын заңғарлардың ақын өмірінде бадырайып тұрған фактілерге қарап жатпауынын, тіпті мансұқ етуінің басты себебі осыдан деп білеміз.

Сұлтанмахмұт шығармаларына 30-жылдары сол кездегі партиялық әдебиеттің таптық тұрғысы турасынан негізінен төрт түрлі көзқарас белең

алды. Олар: біріншісі – ұсақ байшыл ақын, екіншісі – буржуаз-мешанин ақын, үшіншісі – социал утопист және материалист шаруа табының ақыны.

С.Мұқановтың жоғарыда аталған мақаласы 1932 жылы басылып шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиясындағы Сұлтанмахмұт туралы жазған материалының ықшамдалып, түзетілген нұсқасы болатын. Онда ақын өмір сүрген орта, қоғам мен дәуір тынысы зерделеніп, Сұлтанмахмұттың ақындық қуаты, таптық тұрғысы жайындағы ой-пікірлері берілген. Ойшыл ақын Сұлтанмахмұт жырларының көркемдік қуатын дәл саралағанмен, бағытын теріс көріп сынайды. «Міне, осындай себептермен Сұлтанмахмұт жалпы қазақ бұқарасына әйгілі ақын емес. Бірақ Сұлтанмахмұт әйгілі болуға тұратын шығармасы түрі жағынан да, мазмұны жағынан да күшті, қазақтың ілгерінді-кейінді жасап жүрген күшті ақын саналатын адамдарының қатарына қосылатын ақын... Ол белгілі бір таптың ақыны... Ол негізінде ұлтшыл, байшыл ақын» [225, 24-б], – деп түйеді. С.Мұқанов «ұлтшыл, байшыл» деп қоғамның мәжбүрлігінен социологиялық тұрпайы әдістің тар шеңберінен аса алмаса да, нәзік астармен, елеусіз емеурінмен түрі күшті, мазмұны бай ақын екендігін ишаралайды.

Осы мақаланың өзі Сұлтанмахмұттың ақындық бағыты туралы айтыстың тууына қозғау болды. Іле-шала осы мақалаға сын жауап ретінде көрнекті ақын әрі білгір әдебиетші Е.Бекенов «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» деген кітабын шығарды. Кітапта Сұлтанмахмұттың шығармалары біржақты бірыңғай таптық көзқарас тұрғысында сыналып, ұлтжанды мұратын ұлтшылдық ниет ретінде мансұқтады. «Біздіңше, Сұлтанмахмұт сол кездегі байшыл, ұлтшыл ақын-жазушылардың ішіндегі ең төңкерісшілі болды... Сұлтанмахмұт өзінше қаланы, мәдениетті, өнерді, байды, кедейді, алашорданы – бәрін көрді. Өзінше социализмді де көрді. Сондықтан Сұлтанмахмұт дәуірінде ұсақ байшыл, бұқарашыл, төңкерісшіл ақын болды деп санаймыз. Сәбит төңкерісшіл, жаңа байшыл болған Сұлтанмахмұтты қалайша ескішіл, «феодалшыл, қазақтың ескі қалпын көксеген дала ақыны» қылады. Оның бұл пікіріне қосыла алмаймыз» [226, 59-б]. Бұл пікірден көргеніміздей, зерттеуші Сұлтанмахмұтты буржуазиялық революцияның ұсақ ақыны ретінде қабылдайды. «Жаптым жала, жақтым күйенің» нағыз кері. Әрине, Сәбит С.Торайғырұлының «байшыл ақын» болуы ескішілдігінен деп білсе, Е.Бекенов ақынның ұлтшылдыққа баруында ескішілдіктің жұқанағы да жоқ, саналы түрде келген деп, ақтаусыз үкім шығарады.

Үлкен жазушымыз С.Мұқанов Сұлтанмахмұтты ақын райында жек көріп отырған жоқ, оның «Таныстыру», «Алаш ұраны», «Айтыс» (қала ақыны мен дала ақынының айтысы) секілді ғажап шығармаларында байшыл-ұлтшылдарды мақтап, марапаттауын кеше алмайды. Әйтпесе өз романын алғаш «Адасқандар» (1931 жылы жарияланған бұл роман қайта өңделіп, 1959 жылы «Мөлдір махаббат» деген атаумен қайта басылып шықты. – А.Қ.) атауында С.Торайғырұлының «Адасқан өмір» поэмасының ықпалы жатқан жоқ па? Әрі С.Мұқанов Сұлтанмахмұттай дарынды ақынның көп өлеңін жанымен сүйіп, жатқа айтады екен. Алайда таптық көзқараста қалыптасқан

С.Мұқанов сүйікті ақынның ұлтшыл-байшыл ақын-жазушылар арасында болғанын, идеялас жүргенін кеше алмайды.

30 ж. өзінде-ақ, сұлтанмахмұттану ғылымының тамырына балта шабылып, біржолата ұлт әдебиеті кеңістігінен аластатылмақ болғанда ақын мұрасының насихатшысы әрі айнымас арашашысы М.Әуезов болды. Сұлтанмахмұт ақындығы турасында «Абайдан соңғы ақындар» деген мақаласында (Ж.Аймауытовпен бірігіп жазған. – А.Қ.) берген «сыршыл ақын» деген бағасын өзгертпесе де социалистік режимнің шаблонына лайықтауға тура келді. М.Әуезовтің «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығында ақын шығармаларына қысқа көлемде болса да талдау жасауға күш салып, ақын мұраларының мазмұндық сапасын, сыршылдық сипатын танытты. Сұлтанмахмұт мұраларының маңызын дәл түсінеді. Алайда, «таптық ағым» турасында келгенде, кеңестік диктатура (Сұлтанмахмұт Торайғыров «буржуазияшыл, ұсақ байшыл ақын» деген пікірі – А.Қ.) уысынан шыға алмайды. Зерттеуші кітабында «Сұлтанмахмұт, түптеп келгенде қазақ бұқарасының тұрмысын көп жазған ақын... Бірақ кедейге жаны ашығанмен, шығар жолды тауып бере алмайды. Тап тартысының революцияшыл түріне жете алмайды... Еңбекші таптың күресіне ілесе алмайды. Сондықтан Сұлтанмахмұт ұсақ байшылдық көлемде қалды» [227, 171-б], – деп үстем көзқарасты сүйейсалды қолдай отырып, ғылыми концепция жолымен ақындық қуаты күшті, сыршыл ақын дегенді түйсіндіреді. М.Әуезов осы мақаласын «Әдебиет хрестоматиясы» атты оқу құралына жа өзгеріс, түзетусіз қайта енгізген.

Өзіне дейінгі зерттеушілерімен салыстырғанда Б.Шалабаев қазақ әдебиетін әлеуметтік жағдаймен тығыз байланыста зерттеді. Тіпті қазақ жайы орыс, татар, башқұртпен салыстырылды. Ал, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев дәуір әдебиетін портреттік ыңғайда зерттеді. Б.Шалабаев ғылыми жинақтау деңгейіне көтерілді. Әрбір тұлғаға берілер баға әр түрлі. Ертеде «демократ-ақын» (Е.Ысмайылов) атанған М.Ж.Көпеев елуінші жылдары діншіл, реакцияшыл, зиянды тұлға деп танылды. Ал, Б.Шалабаев замандас әдебиетші досы Б.Кенжебаев секілді Мәшһүр Жүсіпті «ағартушы» деп атап, әдебиет тарихына енгізеді. Жалғыз М.Ж.Көпеев қана емес, «қожамолда», «қажы», «төре» атанып қоғамдық өмірден шеттетілген Нұржан Наушабаев, Омар Қарашев, Әубәкір Кердері, Балқы Базар, Мақыш Қалтайұлы, Ақылбек Сабалов, Шахнығмет Шахсейітов, Айтмағамбет Белгібаев сияқты қазақ әдебиетінің ғажап дарабоздарының әдеби мұраларын оң бағалап, ағартушы бағыттың ірі өкілдері ретінде әдебиетке енгізуде Б.Шалабаевтың еңбегі жоқ емес.

Ескіше оқып, көне шығыс мәдениетін еркін меңгерген бір шоғыр ақын-жазушының мұрасын тауып, жинақтап, зерттеп, әдебиет тарихына енгізу, оларды «ағартушы», «демократ» ретінде танытуы – Б.Кенжебаев пен Б.Шалабаевтың елуінші жылдары атқарған үлкен, қомақты істері деп білеміз.

Үлкен әдебиетші-ғалымдар Б.Кенжебаев және Б.Шалабаевтың биік өреден табылуының ендігі бір себебі Жирмунский, Малов, Сидельников, Фетисов, Десницкий, Пиксанов секілді орыс түріктанушылармен, Нәжіп,

Гайнулин, Харисов, Маллаев, Артықбаев, Мәмбетов, Кәримуллин сияқты түрік текті ұлт ғалымдарымен өмірде таныс-біліс, өнерде шығармашылық ынтымақта жүруінің әсері. Тағы бір ескерер жәйт – Б.Кенжебаев пен Б.Шалабаев ХХ ғасыр басындағы түрік халықтары баспасөзімен бетпе-бет келген сайын Ш.Маржани, И.Гаспринский материалдарына жолығып отырды. Б.Кенжебаевтың, «... ол кездегі саяси ахуалды ойға алғанда кейбір ақындарды бірді-екілі өлеңінде буржуазияға, исламға, түрікшілдікке ептеп іш тартады» деген пікірін дұрыс түсініп қабылдаған жөн. Ақмолла, Мұхаметжан Ш.Маржанидың шәкірті дегенді алғаш Б.Кенжебаев айтқан еді. Алайда ол кезде Ш.Маржани, И.Гаспринский реакцияшыл тұлғалар ретінде сыналатын. Б.Кенжебаевтың бұл кемшілігін әдебиетші ғалым, сыншы Т.Кәкішев өзінің «Сын сапары» атты монографиясында орынды көрсеткен. Ол екі тұлға да бұл күнде күллі түріктік деңгейде философ, қоғам қайраткері аталады. Б.Шалабаев бұл ретте И.Гаспринскийдің ағартушылық қызметін алғаш өзінің кандидаттық диссертациясында тілге тиек етіп, оқымысты татар ағартушы-зиялыларының қазақ әдебиетіндегі алғаш проза жанрларының қалыптасуындағы тарихи орнына әділ бағасын береді. Ғалым зерттеуіне тоқталсақ, «Большая часть казахской дореволюционной интеллигенции получила образование в татарском медресе и не владела русским языком, а единственным средством к приобретению знаний для нее был татарский язык. И это не могло не повернуть лицо казахской интеллигенции к татарской культуре и литературе.

Как известно, воздействие татар шло не только по линии литературной, но и по линии новометодной школы («джадидизма») основанной в последней четверти XIX века известным татарским реформатором Измаил-бей Гаспринским.

Система Гаспринского вела борьбу в противовес старой духовной конфессиональной схоластики и произвела реформу в области школы. Либеральное движение джадидизм возникло как форма борьбы за новые методы обучения («усули джадид»), против консерваторов («кадимистов»), державшихся за старые методы преподавания в религиозных школах. В ранний период джадидизм у татар в Поволжье и в Азербайджане носил прогрессивный, просветительский характер. В школах джадидов преподавание было организовано по европейскому образцу, изучались, кроме религиозных предметов, родной язык, литература, арифметика, география и др. Уже в начале XX века систему Гаспринского применяли в Казанской «Мукаммедие», Уфимской «Халие», Оренбургской «Хусаиние» и «Базифе» в Троицке и в других татарских школах. Джадидисты требовали переустройства быта и культуры, что вызвало упорное сопротивление консерваторов, в особенности реакционного мусульманского духовенства. Кадимисты уничтожали школьное оборудование в новых школах, организовывали фанатиков и невежд, избивавших учителей (муалиммов) и сжигавших новые учебники. Учение Гаспринского постепенно приняло широкий общественно-культурный и просветительский характер. Наиболее прогрессивная часть татарских, башкирских и азербайджанских писателей

принимала деятельное участие в движении Гаспринского. Татарский писатель Муса Акджигитов в сатирической повести «Хисаметдин менла» (1886) резко критиковал кадимистов и противопоставлял им образы новых передовых людей. Азербайджанский сатирик Сабир со свойственным ему сарказмом клеймил невежество консерваторов, защищая джадидов. Героями многих драм, рассказов становятся просвещенные джадиды; в татарской литературе: драма Г. Ильяси «Несчастливая девушка» (1887), повесть Ризы Фахрутдинова «Асма» (1903), рассказ Закира Хади «Счастливая девушка» (1904) и многие другие.

Молодежь из зажиточных семей, стремившаяся к более основательному светскому образованию, училась в русских гимназиях и учительских семинариях, а молодежь, не имевшая доступа в русские учебные заведения и попавшая благодаря этому в татарские медресе, очень быстро усваивала идеи Гаспринского.

Общеизвестно, что Гаспринский пытался сочетать свой реформизм с европейской культурой и эту мысль он проводил через газеты «Тарджиман» и в своих беллетристических произведениях, например, в «Европейских письмах».

До организации своей газеты «Казах» и журнала «Ай-Кап» казахская интеллигенция обычно выступала со статьями на страницах татарских газет и журналов: «Вакт», «Шура», «Терджиман» (издавалось с 1883 года И. Гаспринским в Крыму на татарском языке), «Уолдуз», «Галям-Ислам», «Пура», «Бургану-Таракки», «Хуршид», «Шухрат», «Осиет» и др.

После 3–4 летнего пребывания в медресе они возвращались на родину и отдавались литературной деятельности. Таким образом «культурное шефство» татар всецело служило для трансформации рационализма и сентиментализма на казахской почве. Достаточно назвать имена таких беллетристов, как Муса Акъенит-Заде и Магомет Загир Бинеев, которые сразу же появились на горизонте нарождающейся татарской прозы. Казахские писатели следовали идейным и творческим традициям произведений «Хисамутдин Мулла» (автор Муса Акъенит-Заде) и «Смертные грехи» (автор Магомет Загир Бинеев), заимствовали их рационализм (на примере «Калым» С. Кубеева) и сентиментализм (на примере повести «Марьям Горемычная» Салима Кашимова)...» [224, 14–16-бб].

Демократ жазушылар санатында зерттелетін С.Торайғырұлы, С.Дөнентайұлы, Ә.Тәңірбергенов, М.Сералин, С.Көбеевтің өмірі, білім алған ортасы, шығармаларының жазылу тарихы, олардың басылуы, зерттелуі, идеялық-көркемдік ерекшеліктері – осылар секілді сан алуан мәселелерге зерттеушілер Б.Кенжебаев пен Б.Шалабаев көбінесе тыңнан, бірінші болып жауап берді; ғылыми, әдеби байламдар жасады. Демократ қаламгерлердің әдеби мұрасына жағылған жаладан арашалап, жанрлық тұрғыдан талдауын алғаш қолға алған да осы қайсар мінезді, батыр жүректі қос әдебиетші. Ғалымдардың мұндай қорытынды ойларын, пікірлерін ХХ ғасыр басындағы әдебиетті зерттеген кейінгі әдебиетшілер өз еңбектеріне сүйеніш, тірек етті, ілгері жалғастырды, орынды пайдаланды.

30-жылдардың өзінде-ақ, сұлтанмахмұттану ғылымының тамырына балта шабылып, біржолата ұлт әдебиеті кеңістігінен аластатылмақ болғанда ақын мұрасының насихатшысы әрі айнымас арашасы Б.Шалабаев ақын шығармашылығына үлкен бағасын береді: «Тяжелое положение казахских трудящихся, их быт, чаяния и интересы, находившие блестящее выражение в народно-революционной литературе, нашли отражение и в произведениях демократических писателей данного периода: Машхура Жусупа Купеева, орденосца Испандияра Кубеева, Султан-Махмуда Торы-Айгырова и Сабита Донентаева и др. Торы-Айгырову принадлежит одно из крупных мест в истории казахской демократической литературы» [228, 120-б].

Дәл осы кезеңде ойлы ақын мұраларына ғылыми апробациялар жасалмады. Ағымдық, социогендік сипатына қарай теріс баға беруде РАПШ-тың солақай саясаты үстемдік етті. Әдебиет сынындағы тұрпайы социологизм кейбір зерттеушілердің ақын шығармашылығы жайындағы пікірлері екі ұшты, тіпті бір-біріне кереғар көзқарастар танытуға әкеп соқтырды. Мәселен, Сансызбай Айтмұқанов өз мақаласында «Сұлтанмахмұт Торайғыров қоғамдық теңсіздік жөнінде белгілі бір пікірді мықтап ұстанған адам емес» деп реакцияшыл консервант қылып көрсетсе, келесі абзацта «Сұлтанмахмұт әлеумет теңсіздігіне көзқарасы өзінен бұрынғы болған қай реалист жазушылардан болсын өзгеше, түсінігі анық, терең және идеясы әсерлі болған» деп прогресшіл реалист ақын ретінде дәріптейді [229]. С.Айтмұқанов мұнымен де тоқталмай, сыршыл ақын өлеңдерін «өмірден қол үзген» торығудың символы деп қарастырады да, іле-шала «онда ешқандай торығу, пессимизм, я «өлімнің символы жоқ» деп қайта ақтап алады. Автор я пессимист, я оптемист ақын екендігін еш адам түсінбестей бұлтаққа, жалтақтыққа саяды. Бұл зерттеуінде Сұлтанмахмұтты ұлы классик ретіндегі дана жазушы деп оң бағасын беріп келе жатып, «ұсақ байшылдықтан аспай қалған» буржуаз ақын деп және бір қойып қалады. Сұлтанмахмұт шығармаларындағы әлеуметтік мотивтерін зерделегенде «прогресшіл консервант ақын», «демократияшыл ұсақ буржуаз» деген бір-біріне мүлдем кереғар бәтуасыз шешім, берекесіз де жаңсақ пікір қорытады.

Социалистік қоғамды жырлауда үлкен табысқа жеткен ақын ретінде көрсетіп, Сұлтанмахмұт ақын шығармаларының соншалықты күйеленгеніне араша түспек болған зерттеушілердің бірі – Б.Шалабаев. Әдебиетші, профессор Е.Ысмайыловтың әдебиет хрестоматиясына енген мына бір сөзіне, «Ол буржуазиялық гуманизмнен буржуазиялық әділдікті даттаудан аттап өтті, ол ұсақ буржуазияның жеке меншіктік психологиясынан аттап өтті, олардан қол үзіп, социалистік утопизмге келді. Оған да тұрақтап тұрғысы келмеді, социализмге жететін жол іздеді. Бірақ бұл жолды таба алмады» [230, 134], деген теріс, жаңсақ пікіріне қосылмайды, және де, «Мен ғашықпын көруге әділдікті, тегіс қылып көркейткен өмір түсін» деген ақын мұратын социалистік утопияның көркем бағдарламасы ретінде қабылдаудан туындаған ұшқары пікір болатынын, Сұлтанмахмұтты «социал утопист» болды деу қаншалықты теріс байлам болса, ақын шығармаларын қоғамдық формация межесінен бағалау соншалықты сорақы көзқарас боларын қадап айтады.

Осы жылдарда Сұлтанмахмұтты ақындық ағымын біршама байыптылықпен қарап, оны «демократ-бұқарашыл ақын» деп пайымдау жасаған зерттеушілер бой көрсетті. Солардың басы қасында Б.Шалабаев та болды. Сұлтанмахмұтты «демократ – халық ақыны» деп оң пайымдаған ғалым «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (ғалымның бүкіл монографияларына енген сын-зерттеуі. – А.Қ.) деген көлемді сын мақаласында ақын мұрасының қазақ әдебиетіндегі алар орнын, тарихи-әлеуметтік мәнін объективті бағалауға ұмтылыс жасайды және де сол жылдары белең алған сұлтанмахмұттанудағы қайшылықтарға, оның ақындық беті турасындағы полемикаға әділет биігінен қарауға шақырып, ақын мұрасын тұншықтырған сорақылық атаулыны жоюын ашық талап етеді. Сонымен бірге, М.Әуезовтің «ұсақ байшыл ақын», С.Мұқановтың «ұлтшыл, байшыл», Е.Ысмайыловтың «социал утопист ақын» деген теріс бағалауларын сын тезіне салады. Аталған ірі зерттеушілердің қате көзқарастарын, сұлтанмахмұттану жолындағы адасуларын баса көрсетеді. С.Торайғырұлын Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы ретінде таниды. Оның шығармаларында ұлт өмірі, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалы молынан қамтылып, мәдени-ағартушылық, поэзия мен проза салаларына зор өзгеріс, тың жаңалық енгізген новаторлық һәм реформаторлық қасиетін жете аңғарып жоғары бағалайды. Бұл ретте Б.Шалабаев ақын өміріндегі тарихи оқиғаларды объективті әрі әділ түрінде бағалайтын білікті сыншы екенін көрсетеді.

Поэзия қай дәуірде де, қай заманда да көңіл күйінің буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, дүркін рухтанған, өмірлік мұрат аңсарларға ұмтылған сәттердің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әсем әуені. Өлеңнің біз айтып жеткізе алмайтын қуатты сөзден бас құрайтыны содан. Хакім Абайдың: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, // Өлеңмен жер қойнына кіреді денең...// Өмірдегі қызығым бәрі өлеңмен...» дейтін тұжырымда дүниеге философиялық көзқарастан, өлең-жырдың адам ғұмырынан, ой-санасынан ажырамас бірлікте екендігіне ден қоюдан туған.

Ендеше, қаншама қысталаң мен қиямет-қайымды, тіпті амалсыз кері кету кезеңдерін бастан кешірген қазақ поэзиясы бойға біткен бастапқы тәңірлік табиғатына көп кір жұқтырмай, өзінің өзегінде ұлтымыздың түпкі таным-түсініктері мен олардың жолайғы жаңғыруларының тінін «мың өліп, мың тірілген» шақтарда жат қиқым-қоспасыз сақтай білгендігіне сенеміз де сүйінеміз. Сол тұңғыық тылсымның көзге көрінерлік бітімдерінің бірегейі – ұлттық идеялардың жыраулар мен ақындардың шығармашылықтарында қай тұрғы-тарапта көркемдік құйылым тапқандығының арналарын қарастыру арқылы өлең өнерінің эстетикалық һәм этикалық маңызын оның қоғамдық қызметімен байланыстыра талқылауға болады. Бұл ретте ақын С.Торайғырұлының поэтикалық мұрасы алдыңғы қатарға шығары даусыз.

«Ұлы ақынға толық мағынасында ұлттық болудан артық абыройлы нәрсе жоқ, ұлттық болмайынша, ол ұлы адам бола алмайды. Ал ұлы адамдарға келсек, олардың көпшілігі – өз елінің ұлы. Оның ұлы болуының шарты – өз халқының өкілі бола білуінде...».

«Белгілі бір замандағы белгілі бір халықтың ақыны болғандықтан, ол өз заманының, өз халқының ұлы болды... өз заманының дәрежесінде болды...».

А.С.Пушкиннің орыс өміріндегі орны һәм оның поэзиясының тарихи мәні туралы осы екі пікірдің алғашқысы В.Г.Белинскийдікі де, соңғысын айтқан – Н.Андобролюбов. Бұлардан түйер тұжырым: ұлылық дегеніңіз – ұлтына ұл болу, яғни кез келген ұлттық ақын адамзат алдында өз халқының өкілі, өз ел-жұртының Елшісі ретінде сөйлейді екен. Ендеше: «Үміт қып менен қарайсың, көңіліне медеу санайсың, балалыққа жарасам, аталыққа жарайсың!» – деп азаматтық арман-мұратын ақи-тақи айқындап алып, қазақтың басқа жұрттармен қатар тұрмай, азап-бейнет қасында – «ұйқысы көп, ояуы аз» халде тұрғанына қайран ақын жүрегі қан жылай келіп:

«Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз?!
Тепкісінде басқаның
Қор боп жүдеп барамыз.
Көріне көзге азапта
Мәңгі қайтіп қалалық?!
Ойынды енді азат қыл,

Қалсын былай балалық!», – деп қайсар қайратқа мініп, «әділет қызметкері» болмаққа шындықтың ауылын іздеп» шыққан он алтыға әлі толмаған жап-жас жігітті Алаштың ардақтысы, ұлттық ар-намыс жоқшысы демей, кім дейміз? «Қараңғы қазақ көгіне Күн болуды» көкसेген «Шәкірт ойын» жазғанда ол жиырма бір жаста еді.

«Шығамын, тірі болсам, адам болып,
Жүрмеймін бұл жаһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып?!
Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған!».

Алдына мұндай асқаралы міндет қою үшін де ішкі рух қуаттылығы керек. С.Торайғыровтың жер бетінде бар болғаны жиырма жеті жылға созылған қысқа ғұмыр-тірлік өмірбаяны да, өлмес-өшпес өлең-дастандары да өжет рух қуатына суарылған. Заманның запыран да өжет рух қуатына суарылған. Заманның запыран дерті зар қақтырған және «қайтейін, елім, қимаймын, қия алмай, жанды қинаймын, сіздерге әкеп шашуға, ілім-білім жинаймын» мүддесі жолында өз жайын мүлде ұмытқан әрі кедей, әрі ауру жастың соншама жанкештілігіне қайран қалмауың мүмкін емес! «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» деп он төрт жасында жазған өлеңінде өзі өрнектегендей, азғантай ғұмырында қос томдық комақты дүние беріп кетті. «Тұрмысқа», «Шығамын, тірі болсам, адам болып», «Өмірімнің уәдесі», «А, дүние», «Ендігі беталыс», «Лағнет бұлты шатырлап», «Жақсылық көрсем – өзімнен», «Жазғы қайғы», «Жарлау», «Шәкірт ойы», «Алаш ұраны» секілді асыл өлеңдер, «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» аталатын сындарлы романдар,

«Қайғы», «Таныстыру», «Айтыс», «Адасқан өмір», «Кедей» тәрізді дарқан ойлы, терең тебіреністі дастандар, көшелі көсемсөздер... Ал бұлардың бәрі-бәрі жастайынан жабысқан ауыр сырқат, азапты тұрмыс тауқыметтерімен алыса жүріп, әуелі молдадан, сосын Троицкідегі медреседен ілім-білім ала жүріп, ауыл мектебінде, «Айқап» журналында қызмет жасай жүріп, партиялық һәм қоғамдық-әлеуметтік істерге араласа жүріп тындырған тірліктерінің бір парасы ғана. «Жасамаймын еңбектің жемісін көзбен көрем деп, жасаймын бір қолқабыс кейінгіге берем деп» деген мұрат-мүдде қам-қарекеттері-тін.

Зерттеуші Б.Шалабаевтың Сұлтанмахмұт жайындағы әр жылдардағы еңбектерінде ақынның тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттары, шығармаларының жанрлық түрлері, стильдік ерекшеліктері, ақынның шығармашылық зертханасы мен тіл шеберлігі, қаламгерлік қасиеті, т.т. мәселелер терең талданып, зерделі қазақ оқырманының алдына тартылды. Енді солардың негізгі арналарына, өзекті желілеріне кідіріп өтейік.

«Торайгыров с 1912 года, будучи уже учеником медресе, создает произведения, в которых отчетливо слышится голос будущего демократа. Мотивы, позволяющие признать в Султанмахмуте того времени певца бедноты, выразителя ее настроений, прослеживаются в его стихотворениях 1912–1914 годов «В чем цель ученья?» («Окуда мақсат не?»), «Мечеть» («Мағынасыз мешіт»), «Всякая всячина» («Анау-мынау») и др. Уже в то время под пером шестнадцатилетнего юноши рождается ядовитая ирония, острие которой направлено против социальных верхов» [231, 69-б], – деп ақынның поэзиядағы алғашқы қадамдарын тілге тиек етеді. Дәстүр жалғастығы туралы сөз басталғанда әр кездері «Қазақтың бас ақыны» атанған ұлы Абайға оралатынымыз заңды. Бір ғажабы, Сұлтанмахмұт поэзиясы ұлы ұстазы Абайдың талғам, талаптары мен сыншыл арман аңсарларынан әсте алыстап, аулақтамай, керісінше бауырбасты жақындап, іштей араласып, ойына ой, сезіміне сезім жалғап, үнемі қос өрімдей қатар түсіп отырады. Өзін қоршаған орта, қоғамның ішкі-сыртқы сипаты, қазақи пиғыл, қылық, мінез атаулының бәріне ұлы ұстазы хакім Абайдың көңіл көзімен қарап, Абайдың пайым-парасатын қабылдайды, сол тұрғыдан бағалайды да. Керек десеңіз, ақын ағасының ойын өрістететін тұста оның өлең жолдарын сөзбе-сөз қайталаудан қашпайды. Абай берген баға мен пайым-тұжырымға өзінің толық қосылатындығын, қолдайтындығын шегелей түседі. Абай мектебінің тоқығаны мол шәкірті екендігін дәлелдер тұсы өте мол. С.Торайғырұлының Абайдың сыншылдық реализм мектебінің қайнар бұлағынан нәр алып, өлең архитектурасын әр таман жетілдіргендігі мәлім. Осы мәселені зерттеуші жете аңғарып: «Юный поэт Султанмахмут еще не делает соответствующих выводов из изображаемых им социальных противоречий окружающей действительности. Вместе с тем некоторые первые стихи поэта отразили влияние старых шаблонов предшествовавшей ему поэзии. Султанмахмуту выйти на широкую дорогу помогло его высокое уважение и искреннее признание поэтического гения великого Абая. Абаю,

как художнику, привившему ему традиции критического реализма и особую архитектонику стихосложения, Султанмахмут обязан очень многим. Недаром он в статье «О сборниках песен в казахском языке» ставит стихи Абая как образец казахской поэзии, достойной высокого почтения.

Окрыленный сочувствием и симпатией к Абаю, Торайгыров в период 1912, 1913 и 1914-х годов создает свои стихотворения «Кумыс» («Қымыз»), «Учащимся» («Шәкірттерге»), «Праздник суеверия» («Айт») и др. Эти стихи свидетельствуют о влиянии на него абаевской реалистической поэзии» [232, 87-б], – деп ақынның қалыптасуында Абайдың реалистік дәстүрінің ықпалын баяндай келе, зерттеуші одан әрі ақын өлеңдерінің эволюциялық өрлеу жолын көрсетеді. «Как было сказано выше, Торайгыров с самого начала своего творческого пути (период с 1912) выступают продолжателем абаевской линии критического направления в казахской литературе. Но, идя от Абая, он создает и свой собственный стиль, выражающийся в форме ораторско-обличительной лирики, насыщенной острыми социальными мотивами, отличающейся постоянными обращениями, призывами, негодующим и зовущим к борьбе пафосом. Таковы, например, его стихотворения «Теперешний шаг», «На жизнь», «Листья», «Счастье», «Вечер», «Кочевка», «Дожди в степи», «На одного человека», «Родине», «Встреча печальных», «Для чего живу», «Поцелуй девушки», «Клятва жизни», «Девушке, вышедшей замуж за старика», «Цветок», «Молодое сердце» и др.» [231, 78-б]. Тегіс тізбелеп болмаған осынау Сұлтанмахмұт өлеңдерінен ұлы Абайдың дәрия ой ұшқындары жарқ-жұрқ етіп шашырай төгіліп, шәкірт Сұлтанмахмұт сезіміне от болып түскендігі даусыз. Сөз жоқ, Сұлтанмахмұт ұлы ұстазының көлеңкесі болып қалғысы жоқ. Қалмады да! Оның өз жүрегіне тым жақын Абайдың ой тұжырымдарынан тірек тауып, тұғыр таниды. Сол арқылы өз ойын тарата сөз етіп, жаңа, тың өрістерге бет түзейді, ой жаяды. Бұл ерекшелікті талғампаз зерттеуші жете танып, мынадай бір тоқтамға келеді, «Однако не для всех юношеских стихов Султанмахмута характерно литературное подражание. Введением в стихи иносказательных образов, новой тематики Султанмахмут преодолевает влияние современной ему поэзии. Он стремится к демократизации своего стиля, прибегая к поэтическому иносказанию и пользуясь стилем, распространенным в начале XX века в среде демократических писателей.

Прием иносказания был характерной особенностью творчества и Сабита Донентаева, поэта, близкого и родственного в идейном отношении Султанмахмуту. Из-за цензурных условий тот и другой для выражения своих мыслей прибегали к басенному жанру. Благодаря этому творчество демократических писателей приобретало значительную художественную силу, было проникнуто критическим отношением к старому режиму.

Обличением системы самодержавного управления степи проникнуты многие басни Донентаева, в частности «Жаворонок» («Бозторғай»), написанный в 1915 году.

Любопытно, что «жаворонок» – певец необъятной степи, наполняющий мелодичными звуками овраги, луга и нивы, обидевшись на хищную птицу

(турымтай), ищет правосудия и справедливости и не находит их. Так разоблачается несостоятельность либеральных иллюзий на освобождение казахов сверху.

В аллегорическом стихотворении «Смотря на одного борца» («Бір балуанға қарап»), относящемся к 1913 году, ту же проблему более остро ставит и Султанмахмут, беспощадно бичуя темные стороны современной ему действительности... Замысел басни интересен тем, что в нем проявилось подлинное отношение поэта к народу, страстное желание видеть его активным. Используя образ борца как символ народной силы, способной противостоять деспотизму и произволу эксплуататоров в казахской степи, Султанмахмут решительно высмеивает отсталость, некультурность, пассивность и покорность народа. В порыве страстного желания активизировать народ поэт восклицает:

Кім сені бұл дүниеде бар деп айтар?

Кім саған жықпай бәйгі «ал» деп айтар?

Жықпасаң да, күресіп талаптансаң –

«Еті тірі, жаужүрек жан» деп айтар» [232, 88–89-бб].

Әдебиетші ақынның жас кезіндегі әзіл, мысқылға құрылған өлеңдері мен оқу-білім алуға шақыратын жырларының әлеуметтік, қоғамдық мәнін ашуға көңіл бөледі, «Шәкірт ойы» (1917 ж.) атты лирикалық өлеңін жеке бөліп атайды да, мұны ақынның өмірдегі алға қойған ізгі мақсаттарының жинақталған қорытындысы ретінде ұсынады деп жоғары бағалайды, «Сарыарқаның жаңбыры» деген өлеңін бостандыққа арналғанын, оны жер-жаһанды гүлдендіретін жаңбыр іспетті деп біледі. Десек те, зерттеуші еңбектерінде де мін жоқ емес. Сол кездегі идеологиялық жағдайлардан туындаған кейбір таптық тұрғыдағы пікірлер мұнда да қылаң беріп отырады. Мәселен, мына бір пікірді алсақ: «Отношение Султанмахмута к народу полно оптимизма, веры в созидательную силу народа. Из этого вовсе не следует, что в творчество Торайгырова никогда не проникали иные взгляды и настроения. Так, в стихотворении «Лозунги Алаш» («Алаш ұраны») и в поэме «Представление» («Таныстыру») он допускает грубую ошибку: выступает сторонником буржуазного национализма. Однако это были только отдельные срывы поэта как следствие неустойчивости его мелкобуржуазных взглядов того времени» [232, 93-б], – деп кезінде өзі сынаған бірен-саран қызыл танау сыншылардың қамытын киіп, өзі де ағаттыққа ұрынады. Ақынның зор шабытпен жазылған гимн дәрежесіндегі туынды «Алаш ұраны» өлеңінің атын атаудың өзі қиын болған кезеңді ескерсек, бұл пікірдің сол кезеңнің атмосферасымен үндесіп жатқанын аңғарамыз. Десек те соған ғана теліп қоятын қасаң қағиданың заманы өтті. Бұл ой-тұжырымы ойсырап жатқан олқылық болғанымен, басты мәселе оқырман назарына ақынның әдеби мұрасын қал-қадерінше объективті және бұрмаламастан толық әрі тиянақты жеткізу болса, Б.Шалабаев бұл міндетті шама-шарқынша орындағанына көз жеткізу қиынға соқпас.

«Если прогрессивный романтизм начала XX века обогащал казахскую литературу и в отношении содержания, и в отношении литературных форм,

то особенно плодотворно это выражено в творчестве Торайгырова. Султанмахмут выступает крупнейшей фигурой среди представителей демократической поэзии конца XIX и начала XX века. В его творчестве вырисовывается облик поэта как страстного защитника интересов народных масс, борца против всяких форм эксплуатации и угнетения. Творчество Торайгырова как по объему, так и по достоинствам занимает одно из самых виднейших мест в казахской литературе после Абая и по праву входит в классическое наследие национальной художественной культуры» [233, 53-б], – деген орынды бағасы Сұлтанмахмұттану ілімін ілгері оздырар тұғырлы концепция болып қала бермекке керек.

С.Торайғырұлының новаторлық ақындық қырын оның өлең құрылысынан жете тани білген зерттеуші бұрын-соңды жасалмаған, ақынның біраз өлең архитектурасына талдау жасайды. Мәселен, ақынның «Неге жасаймын» (1918) өлеңіне жасаған талдауына көңіл бөлсек: «Хотя для большинства стихов Торайгырова и характерны каноны поэтической лексики и рифмы существовавшей до него казахской устной и письменной поэзии, но вместе с тем он является новатором не только в области содержания, но и в области поэтической формы. Наряду с широким употреблением поэтического словаря и мелодики стихотворений Абая он вводит и новую поэтическую лексику, создает собственные оригинальные рифмы, сближая стих с прозой, отказываясь от баюкающей музыкальности старого стиха и стремясь к наибольшей динамике выразительности и точности мысли.

Он вводит новую форму стиха; такой стих условно можно назвать как «составной разнослоговый стих». Он строится на основе «прозаического» синтаксиса обычной разговорной речи и не соблюдает равностоговой основы абаевского стиха. Такова, например, рифма стихов «Казашке» («...ға»), «Ужасы войны» («Соғыстың кесірі»), «Белоснеженькая милая» («Ақ сәуле»), «Подайте» («Әкелші»), «Для чего живу» («Неге жасаймын») и др.

Типичным примером составного разностогового стиха является стихотворение «Для чего живу», текст которого мы ниже приводим в оригинале:

(«Неге жасаймын», 1918 ж.)

Сусыз шетсіз шөлдерден – а (7 слогов)

Тұмандағы түпсіз көлдерден – а (8 слогов)

Адамдық күні өткенше; – в (8 слогов)

Қасқыр мен қой дос болып, – а (7 слогов)

Достықсыз өмір бос болып, – а (8 слогов)

Шын өмірге жеткенше, – в (7 слогов)

Іштен өсіп адамдық, – а (7 слогов)

Сырттан түлеп жамандық, – а (8 слогов)

Тазарып әбден кеткенше: – в (8 слогов)

Талай шаштар ағарар, – а (8 слогов)

Талай тәнді жер алар, – а (7 слогов)

Талай буын қуарар – а (7 слогов)

Талай өмір суалар, – а (7 слогов)

Жасамаймын еңбектің, – – в (7 слогов)

«Жемісін көзбен көрем» деп – – а (8 слогов)

Жасаймын «бір қолғабыс», – с (7 слогов)

«Кейінгіге берем деп» – ы (7 слогов)

Подобного рода конструкцию стиха мы условно называем составной, так как она состоит из известных до Торайгырова канонизированных рифм (первый куплет, состоящий из 9 строк, – а, а, в; а, а, в; а, а, в, и последний куплет – из 4 строк – в, а, с, а и из новых поэтических форм (средний куплет, состоящий из 4 строк, – а, а, а, а), введенных уже им...

В историко-литературном плане творчество Торайгырова сыграло исключительную прогрессивно-новаторскую роль в направлении обогащения казахской литературы в идейном, художественном и жанровом отношениях» [232, 102–103-бб]. Сұлтанмахмұт өлеңдерінің ғылыми келбетін көз алдынан өткізетін бұл маңызды зерттеудің әр буын әдебиетшілерге дарытар ырыздық-несібесі ұшан-теңіз болатыны күмәнсіз.

Ғалымның әдебиеттану мен алғаш айналысудағы терең ізденіс, талпыныстары С.Торайғырұлының өлеңмен жазылған «Қамар сұлу» (1914) және «Кім жазықты?» (1914–15) романдарынан бастау алғандығы мәлім. Тіптен бұл екі романды ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалымның бармаған жері, баспаған тауы жоқ дерлік. Сұлтанмахмұт романдарының шығу төркіні, стильдік-жанрлық ерекшеліктері, көркемдік идеясы, тақырып арнасы, сюжет-композициясы, образдар галереясы, тілдік қолданыстары, көркемдік-эстетикалық әсерлері, т.б. қыр-сырына жалғасатын күрделі мәселелері жан-жақты қарастырылған.

«Қамар сұлу» романы – С.Торайғыров шығармашылығының жаңа сапаға өткелі тұрғанын, көркемдік-идеялық ізденістерін анық көрсететін шығарма. Онда қаламгердің қазақ қоғамы алдындағы кеселдерді әшкерелеумен қатар, оны жан-жақты бейнелеуге күш салғаны аңғарылады. Осы үшін ол жаңа формаға, роман деп аталатын күрделі жанрға барады.

1913–1914 жылдар роман жанрының қоғамдық санадағы орны, қызметі туралы әңгімелердің қозғалған шағы.

«Қамар сұлу» романына келгенде, көркем прозада С.Торайғыровтың біраз тәжірибесі бар. «Зарландым» (1912), «Ауырмай есімнен жаңылдым» (1913), «Қазақ ішінде оқыту жайы» (1913), «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» (1913), «Өлең мен айтушылары» (1913) т.б. шығармалар жазушы қаламының көркем прозада да қарымды екенін аңғартты. Қаламгер орыс прозасының небір үлгілерін, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын жақсы білген.

«Қамар сұлу» С.Торайғыров шығармашылығындағы алғашқы көлемді шығармалардың бірі. Оның поэмалары кейін жазылған. Сондықтан да күрделі жаңа жанрдағы бұл романның қаламгер шығармашылығындағы алатын орны да ерекше. Романның С.Торайғыровтың таланты, дүниетанымы, саяси-әлеуметтік идеялары айқын көрінеді.

Кейінгі күрделі шығармаларында «Адасқан өмір», «Кедей» т.б. қаламгер үлкен идеяларды образға, жинақты бейнелерге көшіруге еркін барады. Ал

1915 жылы ел аузынан жазып алған «Сақып пен Жантұрсын», «Жазықсыз тамған қан» аталатын шығармаларының үзінділерінде жазушының проза жанрындағы болашағы көрінеді.

Бұл роман да өмірде болған оқиғалар негізінде жазылған. Шығарма фабуласын Алтай елінде болған кездерінде ел аузынан алған.

С.Торайғыров қазақ қоғамы ілгері дамуына кесел болып отырған кемшіліктердің ірісі ретінде тамақ үшін бәріне көніп, сұмдыққа көз жұмып отырған надан, көнбіс көпшілікті көрсетеді.

«Бай деп, кісі деп Нұрымды айт. Кәріліктің алды, жігіттіктің соңы» деп, шіркін ерледі ғой. Қамар секілді қосағаның тұс келуі сонысына қарай ғой. Ой, өркенің өссін! Алғаныңмен қоса ағар!» дегендегі Нұрым олардың сөзіндегідей қатарынан артық туған жан емес, ел ортасында «халқынды қан жылаттың Жорға Нұрым» атанған ақсақ Нұрым. Сұлтанмахмұт осы психологияны астарлай да, тура да баяндайды. Романда сатиралық өрнектер мен ирония, публицистикалық әуендер қабат келеді. Жазушы өзінің ашу-ызасын туғызған қазақы тірлік келеңсіздіктерін ашына жазады, жымысқы психологиясын сынға алады. Әшкерелейді, ашынады.

Романда полилогтардың алатын орны өте зор. Әрі полилогтар пайдалану С.Торайғыров шығармаларында көркемдік-идеялық мәні бар үлкен тәсіл. Полилог арқылы қаламгер барша жолсыздықтарға жол беріп, көнбеске көніп, тамақ аңдыған надан топтың жиынтық бейнесін береді, әшкерелей жазады. Адамдық құқықтарын, ар-намыстарын аяқ-асты етіп отырған әлеуиеттік топтар жолсыздығына селт етпеген жандарға, бәрін біліп, қорлық пен мазаққа төзген, көнбіс халыққа бұл әдет пен халінің сұмдық сиқын көрсетеді. Сондықтан да ол қызығын малға сатып аламын, мақсатқа да мал арқылы жетемін дегендерді де, оларға жол беріп отырған тамақ аңдушыларды да сынға алады. Осы топ портретін, психологиясын шеберлікпен жазады.

Бұл ерекшелікті әдебиетші ғалым Б.Шалабаев та дұрыс пайымдайды, «1914 жылы Сұлтанмахмұт шарифат заңы мен қазақ қызының мүсәпірлік мүскін жайына наразылығын білдіріп, «Қамар сұлу» романын жазды. Оның негізгі идеясы – адам үшін рухани, моральдық бостандықты талап ету.

Сюжеттік жағынан алғанда бұл роман С.Көбеевтің «Қалың малын» еске салады. Бұл екі шығарманың авторлары да тірі адамды мал-мүлік ретінде саудаға салатын қалың малдың заңына наразы. Бұл екеуінің ұқсастығы тек осы ғана. Тақырыбы ортақ болғанмен, Торайғыров адамшылыққа жат бұл ғұрыпты әшкерелеуде «Қалың малдың» авторынан гөрі әлдеқайда дәйектірек, істейтін қимыл-әрекеті әлдеқайда ірі.

Торайғыровтың бұл романында қазақ әдебиетіндегі тұңғыш типтік характерлер жасалған. Роман прозамен жазылса да, онда өлеңдер бейнелеу құралы ретінде мол пайдаланылған. Сонымен қатар жазушы романдағы диалогтарды, монологтарды, хаттардағы жеке сөздерді, фразеологиялық тіркестерді жаңа, құбылтып пайдалануға тырысқан. Романдағы әрбір характер типке жақындайды. Кейіпкерлерді мінезіне, өмірге көзқарасына, қоғамдағы орнына қарап, үш топқа бөлуге болады: бірінші топта – өзінің қарттығына, тұр-тұрпатының келіссіздігіне қарамастан, он бес жасар Қамарды алмаққа ниет

еткен болыс әрі бай Нұрым, оның сыбайластары мен атқосшылары Оспан, Қалтан, патша өкіметі мен байлардың адамдары; екіншіде – аңқау елге арамза молдалық жасаған, әйелдің қайғы-қасіретін тереңдейтін Әбділда, Бәйтік, Көңілбай сияқты арамзалар, үшінші топта – өз махаббаты үшін жанын пида етуге әзір Ахмет пен Қамар және оларды жақтаушылар.

Жазушы түгелдей болмағанмен, образ жасаудағы схематизмнен едәуір аулақтай алған. Сондықтан да С.Торайғыров романында қазақ әдебиетінде алғаш рет типтік характер жасалған. Белгілі бір әлеуметтік топтағы әр алуан адамдарға ортақ мінез-құлықтарды жазушы көре біледі және соны нақтылы бір образдың басына топтастырып береді. «Қамар сұлу» романында бірқатар типтік характерлер жасалған, әрбір кейіпкер өзгеге ұқсамайтын өзіндік тілде сөйлейді. Әсіресе есті, жігерлі Қамардың образы сәтті, нанымды шыққан. Роман оның қыйғылы өлімімен аяқталады. Бірақ оның өлімінің өзі өмірдің мерездеріне қарсы айтылған қарғыс. Кітаптың соңғы беттерімен қорланған, бақсының таяғынан көйлегінің өрім-өрімі шыққан, көп азап шеккен, бірақ ешқайсысына мойымайтын Қамарды көреміз.

Романның негізгі эпизоды – Қамардың соңғы зарының өлеңмен жазылуы кездейсоқ емес. С.Торайғыров қазақ оқырмандарының өлеңге деген ерекше ықыласын және өлеңнің тез жатталып, ауыздан-ауызға көшетінін ескерген. Мұнда сол кездегі сұрқай заманда Қамар байлар мен арамза молдалардың сұрқиялығын әшкерелеп, жастарға игі істерді өсиет етіп алады. Романның құндылығы – оның идеясы автордың монологтарында емес, көркем образдар арқылы берілгендігінде» [133, 46–51-бб], – деп жазады ғалым. Одан әрі Б.Шалабаев Сұлтанмахмұттың роман жанрына қалам тартуының ішкі себептеріне тоқталады. «Қамар сұлу» романының оқиға жүйесінің өрбіп дамуын көрсеткенде жазушы, негізінен, хронологиялық әдісті ұстанып отырғандығын айта келіп, мынандай қорытынды ой түйеді: автор романда бір топ жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің жаңа бейнелерін жасап, көне салт, ескі әдет-ғұрыптарды аяусыз да қатал сынады, жастарды өз бақыттары үшін батыл күреске үндейді. Осындай сипаттарымен бұл романның жаңадан қалыптаса бастаған қазақ прозасының дамуына зор үлес болып қосылғаны даусыз екендігін атап көрсетеді.

«В число письменных художественных памятников Востока, способствовавших развенчанию феодальной идеологии и звавших к новому, вошел и роман Торайгырова «Красавица Хамар».

Роману присущи определенные художественные достоинства, его действующие лица выступают как типические, обобщенные образы их живой, индивидуализированный язык соответствует своеобразию каждого характера. Особенно удачен, художественно убедителен в романе образ умной и вольной Хамар, стоящий в центре произведения. Поэтому нельзя признать правильным мнение (Б.Шалабаевтың бұл пікірі оның «Султан-Махмуд Торы-Айгыров» деген мақаласында көрініс тапқан. – А.Қ.), что «Красавица Хамар» относится не к художественной, а к публицистической литературе...

«Красавица Хамар» – большое достижение художника. От натурализма и сентиментализма первых казахских романистов Султанмахмута отличает

глубина психологического и социально-бытового изображения. Основной художественный метод его романа психологический бытовой реализм. Идеи романа воплощены в художественных образах, а не являются авторскими декларациями» [231], – дейді ғалым.

«Қамар сұлу» романының идеясы махаббат тарихы трагедиясынан ғана туындамайды. Жазушы әйелдер тағдырын адамдық правосын ескермеген қоғамдағы түрлі әлеуметтік күштердің осы проблемаға қарым-қатынасын да бейнелеп көрсетеді. Түйінді мәселелерді болашақ өркениет проблемаларымен көтереді. Романдағы салт-сана дегенді де шартты түрде ұққан жөн.

Роман қаһарманы – қалыңы төленген біреудің жесірі, болмаса жоқ-жітік кедейдің қызы емес, оқыған, текті атаның тұқымы. Әкесі Омар, Хасен – көзі ашық, оқыған, ойлы, дәулетті жандар. Роман басындағы Қамар портреті ретінде берілген өлең соңындағы қыстырма шумақта Омардың Қамарды бетін қақпай тәрбиелегені айтылса, теңіме бармаймын деген ой Қамардың басында мүлде жоқ. Ендеше, осы жарасты тірлікті астан-кестен қылатын қандай әрекет, оның өзегінде қандай мотив бар. Мотив – қадімгі қазақы күндестік. Балаларын оқытып жатқан Омар тірлігіне ағалары Оспан би мен Қалтан қажы, надан көпшілік қарсы. Қамарды бұлаңдатып өсіргеніне, ел мақтауына ілінгеніне қарсы. Оқыған баласы Ахмет арқасында «жаман Жәукенің» халық қатарына қосылғанына қарсы, Ахметтің өнерлігіне, сауаттылығына қарсы. Өздерін көзге ілмеген Қамардың Ахметті таңдағанына қарсы. Қолдарына әлдеқалай хат түскенде «өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуанып, шуылдасып қалатыны» сондықтан. Романда осы оқиғаға қатысы бар әр әлеуметтік топ өкілінің мүддесі көрінеді.

Қолы жетпеген замандастары Қамардың сорлағанына қуанса, себебі – күндестік. Оспан биге Нұрымның атақ, абырой, билігі керек, Қалтан қажыға орысшыл інісін тоқтау қажет, басқа атқамінерлерге Оспан мен Қалтан қажының, Жорға Нұрымның ықыласы, құрметі, дастарқаны, көпшілікке-тамақ, той кәделері, әңгіме т.б. қызық.

С.Торайғыров шығармашылығында астарлап сөйлеудің, символдық сипаты, семиотикалық мазмұны бар образдың, типтердің орны өте мол. Мысалы, «Адасқан өмір», «Кедей» т.б. шығармаларда қаламгер өмірдегі нақты оқиғаларды бейнелеуден, солар арқылы ой-дидактикаға барудан алыс. Ол шығармалардың көркем жүйесі астарында үлкен әлеуметтік проблемалар ғана емес, философиялық та мәні бар мәселелер көрінеді. Қаламгер нақты өмір оқиғаларына сүйенетін тәрізді образдар арқылы үлкен жинақтауларға, реалистік шарттылықтарға барады. «Қамар сұлу» романында да, кейінгі шығармаларында да нақты әдіске айналатын осы бағыттағы бейнелеу байқалады.

Замана бағытын ұққан Омар мен оқыған ұлы Қасенді, Ахметте бұл әлеуметтік күштерге қарсы тұрарлық қайрат аз. Қазақ аулындағы дәстүрлі қарым-қатынастар мықты, жаңа күштер әлсіз. Роман соңындағы бақсыны өлтіріп, Жорға Нұрымды жаралаған Ахмет әрекеті шарасы қалмаған, не істерін білмеген адам тірлігі.

«Қамар сұлу» романының көркем мазмұнында бадырайып көрініп тұрған дидактика, тәрбиелік мән жоқ. Сюжетті пайдалану тәсілдерінде де ерекшелік мол. Суреттеуге, әңгімеге, суретті диалогтерге барып отырғанмен мақсат фабуланы жеткізуде. Оқиға мен уақытты да мейлінше тығыздай баяндайды. Суреттеуден гөрі оқиға желісін, оның себеп салдарын көрсету басым.

С.Торайғыров өз романдарының арқауы ретінде ақылды, сезімтал жандардың трагедиялық тағдырын алады. Оның бас қаһармандары тұлғалық деңгейге дейін даралана көрсетіледі. Ертеңін ойлаудан гөрі өткенді сақтауда тәуір көрген әлеуметтік топтардың бұр жара бастаған жаңалықтарымен қарым-қатынасы, қақтығысы, күрес жан-жақты суреттеледі. Мақсат мүдделері, ой, сезімдері көрсетіледі. Бірде жаңалықтарды жеңіп, жастарды қасіретке душар қылса, екіншісінде, өздерінің қаусаған сипаттарын сезеді, рухани жеңіліс табады.

Әлеуметтік тұрмыс пен қоғамдық өмірге, салт-санаға ене бастаған жаңалық, күрес идеяларын талдау – С.Торайғыров үшін басты мақсат. Оның ұлттық ерекшеліктері де осы күрес үстінде ашылады. Мысалы, сүймеген адамына ұзатылып, зар жылаған қыздың тойындағы сый-сияпат пен ет аңдыған адамдар бейнесі – қаламгер шығармашылығында өзіндік бояуға ие. Олар үшін нақты жағдайда адам қайғысынан гөрі той сияпаты, қызығы қажеттірек. Жылау мен адам трагедиясы – олар үшін күнделікті оқиға. Оны көп көрген, тойған, көнеген. Солай болған, бола бермек деп ойлайды. Оны өзгерту керек-ау деп ойланып жатқан да олар жоқ, жолсыздық, заңсыздық – өмір заңы. С.Торайғыров осы пәлсапаға қарсы қадала жазады. Трагедияның содан екенін айтады, енжарлық пен көнбестіктің, надандықтың сұрықсыз сипатын бейнелейді.

Қыз бала малды, дәулетті шалға тиюге, байға баруға тиісті. Ол жылайды да көнеді. Ата-бабамыз сөйткен. Одан өзге жол жоқ. Көпшілік психологиясы, пікірі осы. «Қамар сұлу» романында ата баба жолына көнбей күрескен көтерілген қыз характері, тағдыры бейнелейді. Қамар көптің бірі, надан, кедей қызы емес. Текті атаның бетінен қақпай өсірген ерке қызы, есті, әдепті қыз. Ата-ана алдына шығып, елдің салтын бұзсам деген ойында да жоқ. Осы жолда сүйгені Ахметке де тоқтау айтады. Қосылуға мүмкіндік болмаса – әуре болу, сөзге қалу, түсу мүлде қажет емес дейді.

Алайда, тағдырына Жорға Нұрымның араласуы есті қыз жан дүниесіне, санасына төңкеріс әкеледі. Қамар өзінің хұқының жоқтығын көреді. Салт-сана, әдеп туралы сенімі шайқалады. Ашынады, қарсылық білдіреді, күреске шығады. Бұл күрес бірте-бірте ұлғайып, өз басынан асып қазақ қыздары проблемасын қозғайды. Қаламгер осы көркем мазмұнға әкелетін сюжет, фабула таңдайды.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы қайшылықтарын дөп басу, танып білу, тереңдей талдау, жан-жақты көркем бейнелеу оңай шаруа емес. Бұл тез өсіп, қанаттанып келе жатқан талантты тұлға С.Торайғыров үшін ғана емес, қазақ әдебиеті үшін де жаңа әдеби үлгі, икемді форманың қажеттігін көрсетеді. Қаламгер романдарына, әсіресе «Кім жазықтыда», оның

қаншалықты романдық ойлау деңгейінде көтеріле алғаны айқын көрінеді. Оның таланттылығы прозамен жазылған романнан кейін, өлеңмен жазылған романға тәуекел етуінде, күрделі жанрдың түрлі үлгілерін де байқап көруінде.

С.Торайғыров прозалық роман тәжірибесін белгілі деңгейде игере тұра, екінші романында өлеңге баруының нақты бір себептерінің барлығы анық. Ол қаламгердің ақындық талантында ғана емес күрделі мазмұнды көлемді дастанға, поэмаға айналдыруда көркем мазмұнда өрнектеуде қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрдің барлығын да ескеруде. Тез жазуды талап еткен төтенше шақта (бәйгеге арнап) дәстүрлі үлгіні пайдалануға ұмтылу таңданатын іс емес. Прозалық роман поэтикасының әбден кемелденбей тұрғанында өлеңмен жазылған романның әдемі көрінуі ғажап емес. Қоғамдық сана үшін де өлеңмен жазылған романның әдемі көрінуі мүмкін.

«Сұлтанмахмұттың екінші бір елеулі шығармасы – өлеңмен жазылған «Кім жазықты?» (1914–1915) романы. Ол – бай қазақ семьясының революцияға дейінгі өмірі мен адамшылық әдет-ғұрыптары жайындағы әлеуметтік-тұрмыстық шығарма.

Бұл романда бай үйдің тұрмысы, оның қазақ даласындағы праволық артықшылықтары баяндалады. Былай қарағанда аумағы тар сияқты боп көрінетін тақырыпты С.Торайғыров, алғашқы шығармасындағы сияқты, әлеуметтік маңызы зор кең арнаға қарай бұрып алып кетеді. Соның арқасында ол семья, тұрмыс-салт, адамгершілік, махаббат төңірегіндегі тартыстардың қайсысын болса да еркін суреттеуге, сол кездегі қазақ ауылындағы реакциялық құбылыстарды сынауға, бір топ жағымсыз кейіпкерлердің характерін жасауға, сөйтіп революциядан бұрынғы қоғам өмірінің реалистік картиналарын бейнелеуге мүмкіндік алды.

Бұл шығармасында жазушы бұрынғы туындысына қарағанда алға қарай елеулі қадам жасады. Мұнда кейіпкерлердің психологиялық мінездемелері тереңдей түсті.

Шығарманың басты тұлғасы – Әжібай болыс. Қазақ сатириктері, әсіресе Абай мұндай қорқақ әкімдердің типін жасаған болатын. Әжібай олардың қатарын толықтырып қана қойған жоқ, қайта олардың бәрінен шоқтығы биік тұр.

«Кім жазықты?» романы айшықты халық тілімен жазылған. Автор кейіпкерлерінің тілін сәтті даралай білген. Болыстар, рубасылар, интеллигенттер, сауатты және сауатсыз әйелдердің әрқайсысы онда өз тілінде сөйлейді. Ақынның реалистік батылдығы, жасаған характерлерінің көптірлілігі, ізденістерінің ауқымдылығы көптеген өз замандастарынан оның шоқтығын биік көрсетеді...

«Кім жазықты?» романы С.Торайғыров енгізген өзіндік характерлер М.Әуезов, С.Мұқановтың және басқа жазушылардың шығармаларында өз жалғасын тапты. «Абай жолындағы» Құнанбай, «Ботагөздегі» Итбай көп қырымен болыс Әжібайды еске салады.

С.Торайғыров романдары – Октябрь революциясы қарсаңында қазақ прозасы жеткен ең жоғары деңгей. С.Көбеевтің «Қалың малымен» бірге

алғанда олар роман жанрының қазақ әдебиетінде тамыр жаюына жасалған талапты қадамдар деп санауға әбден болады» [133, 51–55-бб], – деп түйеді. Көшелі романтанушы, білікті зерттеуші Б.Шалабаевтың С.Торайғырұлы романдары жайындағы осы және басқа да алуан-алуан ой-тұжырым, тосын пікірлі ғылыми зерттеулері жемісті ізденістердің, олжалы табыстардың қатарына жатпақ.

Жұрт арасында, қалыпты ағыммен сыйыспайтын кейбір әнтек істер атақ, даңқ, шен үшін жасалады деген тоғышар түсінік бар. Есті адам басын қатерге тігіп мансап, лауазым іздемейді, нақты қажетті игі іс жасайды. Абай бабамыз тауып айтқан: «Арсыз болмай атам жоқ, – Алдамшы болмай, бақ қайда!». Заңғар хакімнің осы сөзін қос сұлтанмахмұттанушы ғалымдарға – Бейсембай Кенжебаев пен Белгібай Шалабаевтарға қарата айтуға болады. Бір кездері «алашордашыларды дәріптегені» үшін талай әңгіртаяқ жеп, қуғын көрген асыл жанды Бейсембай Кенжебаев сұлтанмахмұттанудың іргесін қалап, ақынның барша бай-бағылан мұрасын халық игілігіне жаратып, есімін әйгілеуде қайсарлық танытса, үзеңгілес әріптесі ғалым Белгібай Шалабаев та ақын мұрасына ізгі жанашырлық пен мол қамқорлық танытып, ақиқат пен әділдікке, бүтіндік пен түгелдікке қызмет еткен еңбектеріне әдебиетшілердің мол алғыстарын айтпасқа лажы жоқ. Қос әдебиетші ғалымның еңбектерінде де 30–40 жылдардағы тұрпайы социологизм тұрғысынан яғни, таптық мәні, партиялық беделі, күрескерлік қабілеті, әлеуметтік мотиві сынды жайттар деңгейіндегі жайлар көрініс таппай қалған жоқ. Алайда, осы кезеңдегі зерттеулер жайы сұлтанмахмұттану ғылымының өрістеу ісіне алғышарт болып, ендігі даму бағыт-бағдарын айқындауға жаңа мүмкіндіктер ашып берді.

1.2 Белгібай Шалабаевтың сыни ұстанымы және әдеби сын еңбектерінің идеялық-тақырыптық аясы

XX ғасырдың бас кезіндегі ағартушылық-демократтық бағыттағы қазақ әдебиетінде пайда болған азаттық идеясы қоғам, халық өміріндегі әлеуметтік-саяси мәселелермен тікелей қабысып жатты. Бұл орайдағы бостандық мұраттары, біріншіден, қараңғылық пен надандық түнегенін бүкіл халық болып құтылу, азаттыққа қол жеткізу идеясы арқылы айқындалса, екіншіден жеке адамның бас бостандығы жолындағы күресінен сезіледі. Ал жеке адам үшін күрес қоғамның осыған дейін бас екі жорық болып, теңсіздікте келген мүшесі – қазақ қызының тағдыры төңірегінде дамыды.

Жеке адамның бас бостандығы үшін күрес идеясы ғасыр басындағы әдебиеттің негізгі лейтмотиві болды да, қазақ әйелі көркем әдебиеттің, оның ішінде жаңа жанр – қазақ романының басты кейіпкеріне айналды. Ендігі жерде бостандық идеясын ту етіп көтерген әйелдің тағдыры мен арман-мұңы жаңа сипаттағы образдар жүйесінің туып, қалыптасуына ықпал етті.

Әйел тағдыры, теңсіздікті бастан кешкен әйел бейнесі барлық қаламгерді тебірентті де, бұл проблема қазақ әдебиетінде қоғамдық өмір әділетсіздігі мен теңсіздігін ашудың көркем құралы қызметін атқарды. Осы іздену жолында алғашқы туындылар пайда бола бастады. Мұхамеджан Сералиннің «Гүлкәшима» поэмасы әйел теңсіздігіне арналған алғашқы поэма болды да, бұл шығармада ақын сүйген қызына қосыла алмай арманда кеткен жігіт өлімі арқылы махаббат, әйел теңдігі мәселесін шешуді күн тәртібіндегі бірінші мәселе етіп қояды.

Қазақ әйелі образының шығармадағы басты кейіпкерге айналып, әйел теңдігі тақырыбының әдебиетке негізгі идея болғаны соншалық, дәуір шындығын терең де жан-жақты суреттеген реалистік туындылар – Міржақып Дулатов қаламынан шыққан «Бақытсыз Жамал» атты тұңғыш қазақ романы, оған іле-шала туған Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік», Шәкәрім Құдайбердиевтің «Әділ-Мария», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романдары осы мәселеге байланысты жазылды. Сайып келгенде, бұл романдарда сол кездегі шындық тұрғысынан қазақ әйелінің біртұтас образы жасалып, әлеуметтік теңсіздік мәселесі айқын көрсетілді.

Бұл орайда қазақ романының XX ғасырдың бас кезіндегі жанр ретінде қалыптасып даму жолдары, образдың жүйесі мен көркемдік ерекшеліктерін зерттеу, соның ішінде ұлттық әдебиет тарихындағы алғашқы романдарда әйелдер образын жасау мәселесі жеке бір шығарманың компоненті ретінде қарастырып саралау, эволюциясын зерттеу әдебиеттану ғылымы үшін маңызды істердің бірі болып табылады. Күні бүгінге дейін ғасыр аралығында роман деп аталған шағын проза үлгісінен үлкен эпостық үлгідегі «дәуір энциклопедиясы» атанған «Абай жолы» сияқты күрделі роман-эпопея тудырып, әлем әдебиетінің биік төрінен орын алған осындай ірі табыстарға жетуіне негіз болған жағдай мен себеп, алғашқы роман үлгілерінің

қалыптасу, даму жолдары мен ішкі даму ерекшеліктері жеткілікті деңгейде зерттелмей келді десе де болады.

Біздің пайымдауымызша, бұл мәселенің мынадай себептері бар: біріншіден, ХХ ғасыр басындағы алғашқы қазақ романдары кешегі кеңестік жүйе тұсындағы шындық тұрғысынан қарастырылып, олардың тұңғыш рет жазылғандығына қарамастан құндылығы төмен деп біржақты бағаланды, бұл жерде идеологиялық қатаң бақылаудың зиянды әсері тимей қалған жоқ. Себебі, «ұлтшыл-буржуазияшыл» бағыт өкілі ретінде мансұқ етілген аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының жазылғаны, шыққаны қазақ қоғамында үлкен сілкініс туғызғандығы туралы мүлде айтылмай, әдебиет тарихында ескерусіз қалды. Мұның есесіне Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы асыра мақталды да жарты ғасырдан астам уақыт бойы әділетсіздік бой көрсетіп, шындық бұрмаланды. Бұл жерде «Қалың мал» романының көркемдік құндылығын, қазақ романы тарихындағы орнын еш жоққа шығармаймыз. Кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің тоталитарлық тәртібі әдебиетке іріткі салып, ұлттық көркем дүниенің асылдарын туған халқынан айырды. Оның үстіне әрбір романда болсын, басқа шығармада болсын бай мен кедей күресін, яғни тап тартысы болуын талап етті.

Ғалым С.Қирабаев, «Қазақтың көркем прозасы негізінен жиырмамыншы жылдардың бергі жағында туып, қалыптасты. Революциядан бұрын «Роман» деген атпен басылған шығармалар («Қалың мал», «Қамар сұлу», «Бақытсыз Жамал») таза прозалық үлгіде емес, өлеңмен аралас келетін, көркем суреттері аз, белгілі бір сюжетті әңгімелеп шығатын схемалық хикаялар еді.

Жазу мәдениетінің кеш тууы шын мағынасындағы көркем прозаның дамуын да кешеуілдетті. Ал, жиырмамыншы жылдар ішіндегі тарихи оқиғалар легінің қабаттасуы, адам өмірі мен тағдырының күрделілігі, өлеңнің ауқымына сыймастай өзгерістердің молдығы прозаның дамуын жеделдетті» [234, 74-б], деп қазақ романының тууы мен қалыптасуының алғашқы кезеңіне дұрыс бағасын береді. Шын мәнісінде, ХХ ғасырдың алғашқы жартысы қазақ тарихы үшін қалтарыс-бұлтарысы көп, қан мен кекке толы алмағайып жылдар тізбегінен құралды. Қазақ интеллигенциясын құраған өрімдей жастар алмас қылыштың жүзіндей өткір ойларымен: «Ұранымыз – Алаш!» деп ортаға шықса, зымиян саясаттың қыл арқанын сүйреткен батыраштар құрығын тақымына қыса елеуреп, оларды қапысын тауып, қапелімде қан құстыруға ұмтылған апалас-төпелес шақ еді. Бұл – ашаршылықтан азып-тозған қазақтың жұпыны халін, жадау көңілін, қаталаған, қатыгезденген жүрегін одан әрмен қатайта түскен, зұлматы мен зымияндығы жымдасқан, «қалқаны қалың, камалы берік» режимнің сұсты тұрпаты түсіңнен шошытып оятардай кезең еді. Солай болды да. Әсіресе, әдебиет әлемін, баспасөз майданын жағалағандар сауысқаннан сақ болуға тиіс. Өйтпегенде, хатқа түскен бір ауыз сөзіңіз түбіңізге жетуі бек мүмкін. Өйткенмен, сүрінбес тұяқ, жаңылмас жақ болсын ба?... «Алай тартсаң арба сынатын, былай тартсаң өгіз өлетін» мезгілдің сұсы бөтен. Саясаттың сайқал мінезі баға жүріп, жұмыр бастың амандығын қорғау жолында кім не

істемеді? Айтыс-тартысты, алыс-жұлысты... Қазақ зиялыларын бір-біріне айдап салған сұрқия пиғыл уыздай ұйыған ортаны іркіттей ірітіп тынды...

Бүгінгі таңда сол кезеңдегі әдебиетімізге тән құбылыстар, үдерістер мен үрдістер төңірегінде, ғасыр басындағы қаламгерлер мен олардың әдеби мұрасы жөнінде жаңаша көзқарас тұрғысынан пікір айту, объективті тұжырымдар қалыптастыру қажеттігі алдыңғы кезекте тұр. Сондай мәселелердің бірі алғашқы қазақ романдарының қатарындағы С.Көбеевтің «Қалың мал» романындағы әйел образын жасау мәселесінің төркінін жеке проблема ретінде қарап, әдебиетші, романтианушы Б.Шалабаевтың бұл турасындағы тұжырымды, ойлы пікірлерін саралау. Бұл ретте, алғашқы қазақ романдарындағы әйелдер образын жасау қалай қалыптасып дамыды, қандай әдістер қолданылып, дәстүр жалғастығы болды деген мәселелерді қазіргі әдебиеттану ғылымының соңғы жетістіктері тұрғысынан бажайлап, жеке проблемалық ой қозғау жалпы қазақ прозасының туу, қалыптасу, даму жолдарын зерттеуге, тұтас тарихын жасауға септігін тигізеді деген пікір бар.

Роман жанрының пайда болуы қазақ әдебиетінде тарихи оқиға ретінде қабылданса, бұл жанрдың тууы, қалыптасуы, даму туралы мәселелер әдебиеттану ғылымы назарынан тыс қалып көрген жоқ. Қазақ романының табиғатына сипаттама беріп, оның тақырыптық, идеялық ерекшеліктері, жанрлық белгілері, сюжеттік желісі мен композициялық құрылымын, поэтикасын, көркемдік қасиеттерін талдап қарастырған еңбектер біршама жазылды. Солардың ішіндегі М.Қаратаевтың «Социалистік реализмнің қазақ прозасындағы қалыптасуы» (1965), Е.Лизунованың «Современный казахский роман» (1964), Б.Шалабаевтың «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа» (1956), «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) (1958), «Казахская литература» (Советский период) (1965), «История казахской прозы» (Сюжет и характер) (1968; 1975), «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983; 1990), А.Нұрқатовтың «М.Әуезов творчествосы» (1965), Ш.Елеуқеновтың «Казахский роман и современность» (1967), «От фольклора до романа-эпопеи» (1987), Л.М.Әуезованың «Исторические основы эпопеи «Путь Абая» (1969), Ә.Байтанаевтың «Шын шеберлік» (1969), Р.Бердібайдың «Роман және заман» (1967), «Қазақ тарихи романы» (1979), «Мұхтар шыңы», «Тарихи роман» (1997), З.Ахметовтың «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания» (1984), «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» (1997), М.Атымұмовтың «Қазақ романдарының поэтикасы» (1975), Б.Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996) және т.б. еңбектерді ерекше атап өтейік. Алайда қазақ романы туралы әр жылдарда жазылған іргелі зерттеулер мен монографияларда қазақ романындағы әйел образы тақырыбы төңірегіндегі жанама түрде ғана кейде бір тараудың ішіндегі бір бөлігі ретінде ғана ғарастырылып келді. Осы орайда С.Тойшыбаеваның «Образы женщин в дореволюционной казахской литературе» (1963), А.Зейнулинаның «Жүсіпбек Аймауытұлының қазақ романын қалыптастырудағы рөлі» (1998), С.Тапанованың «Әйелдер образының алғашқы қазақ романдарындағы жасалу эволюциясы» (1998) атты кандидаттық диссертацияларда идеялық-көркемдік

ізденістері әрқилы, сонымен қатар бір мәселені – әйел теңдігі мәселесін бірдей көтерген, жазушылық шеберлігі жағынан да бір-бірінен өзгешелік байқалатын ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі алғашқы романдардың авторларының туындыларын салыстыра зерттеу негізінде әйел образын жасаудағы ерекшеліктерін танытуға ұмтылыс жасалды.

Бұл мәселенің хронологиялық шегі – ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің 1900–1917 жылдары жарық көрген алғашқы қазақ романдары туралы жазылған Б.Шалабаевтың «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа (1956), «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) (1958), Ә.Дербісалиннің «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966), Б.Кенжебаевтың «Әдебиет белестері» (1986), «ХХ ғасыр басындағы әдебиет» (1993), З.Бисенғалиевтың «ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы», коллективтік «ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1994) монографияларында да әйел образы көркемдік ерекшеліктерге байланысты ғана қарастырылды. Сол сияқты қазақ романдарындағы әйелдер образдары туралы пікірлер С.Қирабаевтың «Революция және әдебиет» (1977). Р.Нұрғалиевтің «Өнер алды – қызыл тіл» (1974), Ш.Елеуқеновтың «Жаңа жолдан» (1989) зерттеу еңбектерінде айтылып, азды-көпті қарастырылған.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихындағы алғашқы романдарда әйелдер образын жасау принциптері С.Қирабаевтың «Спандияр Көбеев» деген зерттеуінде (1958), «Қалың мал» романының бас кейіпкері Ғайша, А.Еспенбетовтың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атты монографиясында (1992), «Қамар сұлу» романының бас кейіпкері Қамар образына талдау жасау арқылы біршама шешілген.

Әйел тақырыбы, әйел образы ХVIII–ХІХ ғасырлардағы әдебиетте орын алғанмен үлкен әлеуметтік мәселе деңгейіне көтеріле алмады да, ақын-жазушылар әйел бейнесін жырларына қосқанда «жақсы қатын», «жаман қатын» сияқты дидактикалық сипаттағы сарындардан әрі асқан жоқ. ХVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының туындылары әйел мәселесін жеке тақырып етіп қозғамаса да, жаңа мазмұндағы әйелге сипат беру, жақсы, жаман әйелді салыстырып тәрбиелік мәнге назар аудару жағынан ауыз әдебиетімен және осыған дейін ХV–ХVIII ғасырлардағы ғұмыр кешкен Асанқайғы, Шалкиіз сияқты жараулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет түріндегі дидактикалық жырлар. Бұл ретте ауыз әдебиеті үлгісін ұстаған суырып салма ақын Шал Құлекеұлы өз өлеңдерінде ел өмірін, халық тұрмысын қамтумен бірге әділетсіздік, жүгенсіздік, паракорлық атаулыны сынап келіп, әйел бейнесіне де біршама назар аударған.

Ақындық өнерін қалың бұқара қамы үшін жұмсаған өткір тілді ақын Құлан Алдабергенұлы да өз шығармаларында әлеуметтік теңсіздіктерді әшкерелеп, қазақ ішіндегі әйелді қалың малға сату сияқты жағымсыз қылықты айыптайды, осы арқылы жеке әйел образын жасамаса да, әйел бейнесіне деген құштарлығын, махаббат сезімдерін білдіреді. («Әйелдер бар әртүрлі» деген толғауында) ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақтың ескі өміріндегі жағымсыз әдеттердің құрбаны болған әйелдердің аянышты

тағдырына жоқшы болып, бұл кесепаттың тамырына балта шабар кездің таяу қалғанын халқымыздың сол кездегі ірі ақыны Біржан сал Қожағұлұлы батыл жырлап, махаббат еркіндігін, әйел теңдігін тілге тиек етті, өзі өлең сайысына түскен Сарамен айтысында осындай асыл жанның бас азаттығын аңсап, оны Жиенкүл сияқты азғынға қор қылмай, теңіне қосып күндіктен құтқаруды талап етті.

Қазақ ән өнері мен поэзиясында ерекше орны бар дарын иесі Ақан сері Қорамсаұлы да кіршіксіз махаббатты, әйел бейнесін жырлап, өзі сүйген, ұнатқан қыздарға ғана емес, жалпы қазақ сұлуларына, қыз-келіншектеріне қырық шақты өлең арнаған. Ақан сері басқа шығармаларында әділетсіздік атаулыға қарсы шығып, үн көтергенімен махаббат жыршысы, әйел бейнесін сомдаудың тамаша шебері болуы, әйел бейнесін әлеуметтік теңсіздіктің құрбаны ретінде сомдай алған жоқ.

Қазақ әдебиетінде әйел тақырыбын ұлы ойшыл ақын Абай бұрын болмаған дәрежеде дамытып, әйел бейнесін сомдауға үлкен төңкеріс жасады. Әйел теңдігі тақырыбы Абай өлеңдерінде кең қамтылып, жалпы адамгершілік идеясымен қабысты. Ол қазақ қызының теңсіздікті басынан кешіріп, теңіне қосыла алмай келген ауыр халіне күйініш білдіріп, осыған наразылық белгісі ретінде аянышты сезімге толы өлеңдерін арнады. «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» – деп аталатын өлеңінде ескі салт бойынша қалың малға қартаң жастағы ханға тоқалдыққа беріліп, жас өмірі қор болған қазақ қызының аянышты халін суреттейді.

Ұлы Абайдың әйел теңдігі мәселесі мен әйел бейнесін жасаудағы шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырған Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет, Міржақыптарды алдымен айтамыз да, бұл топтың соңын ала Спандияр Көбеев, Тайыр Жомартбаев және басқа қаламгерлерді атаймыз.

Роман жанрының ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде алғаш рет пайда болуы ұлттық мәдениет тарихында үлкен құбылыс ретінде аталып, төл әдебиетіміздің өскендігін байқатқан өлшем биігі болды. Ғасыр басындағы үлкен әлеуметтік өзгерістерді әдебиет тілімен әрлі де нәрлі сөйлетіп, халық санасына терең ұялату үшін жаңа түрлік және жанрлық ізденістердің қажеттігі туды да, қазақ зиялы қауымының осы тұстағы алдыңғы қатарлы, озық ойлы өкілдері болып танылған көрнекті ақын-жазушылары өздері өмір сүріп, бастан кешкен кезең келбетін жинақтап, ондағы әлеуметтік қайшылықтар мен күрделі оқиғаларды, адамның ішкі жан тебіренісінде болып жатқан түрлі өзгерістерді суреттеуде кең құлашты эпикалық жанр – романға жүгінеді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің қай-қайсысының болсын бозторғайша шырылдап, күйіне жырлап өткен көкейкесті тақырыптарының бірі – әйел теңсіздігі мәселесі болса, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдары осы тақырыпты жан-жақты да терең қозғап, дәуір шындығын кеңінен ашып берген шығармалар болды.

Әйел теңдігі мәселесі осы аталған тұңғыш қазақ романдарының ең басты тақырыбы болып, бұл мәселе жалпы әлеуметтік теңсіздіктің бірі ретінде айшықталды. Әйелдер бас бостандығы мәселесі сол кездегі халықтық қозғалыстың саласына айналған осы романдардың тек қана әйелдер тақырыбын басты объект, басты кейіпкер, басты идея етіп алуын толық айқындайды.

XIX ғасырда қазақ әдебиетінде әйел теңдігі мәселесі ішінара сөз болды да, әлеуметтік деңгей тұрғысынан көтеріле алмады. XX ғасырдың бас кезін алсақ, бұл мәселе жалпы алғанда, бүкіл әйел тағдыры, әйел тұлғасы рухани теңдік алудың басты бір саласы ретінде күн тәртібіне қойылды, балиғатты жасқа толып, болашақтағы жеке тағдыры беймәлім, күңгірт, қыл үстінде тұрған қыз баланың ескі рулық салт-сананың шырмауынан шығып, өзі қалаған адамына қосылуы демократтық және ағартушылық бағыттағы қазақ әдебиетінің басты ұраны болды. Сол себепті де жаңа ғасыр көгінде демократ, ағартушы ақын-жазушылар әйелге бостандық әперіп, тең құқық беруді өздерінің шығармашылық мұраттарының басты бағдары болған азаттық идеясы қатарына қойып, өз туындыларында бұл мәселені батыл айтты, романдары мен повестерінің, әңгімелерінің басты кейіпкері етіп әйел бейнесін алды, баспасөз бетінде жарияланған мақалаларында да әйел бейнесіне жете көңіл бөлді. Қазақ әйелінің аянышты ауыр жайы, ескі әдет-ғұрып салдарынан шеккен азапты халі шынайы суреттелген жоғарыда сөз болған ақын-жазушылардың шағын болса да, роман деген айдар тағылып жазылған туындылары XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әйел образын жасаудағы алғашқы жемісті тәжірибелер болып табылады.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбының кеңінен қамтылып, әйел бейнесінің жеке шығармаларда, әсіресе романдарда басты кейіпкер, қаһарман ретінде сомдалған соншалық, осы кезең әдебиетін жан-жақты зерттеген ғалым Ә.Дербісалин деп атап көрсеткендей бұл мәселе «өзінің айқын демократияшыл тенденциясы мен реалистік сипаты жағынан барынша өсіп, әдебиеттің бұрыннан келе жатқан жанрлық формаларына симап, жаңа әдеби формалар іздеген ірі проблемалық тақырыптардың қатарына көтерілді» [235].

Шынтуайтқа келгенде, Қазақ романы XX ғасырдың бас кезінде, анығын айтқанда 1910 жылы туды. Бұған дейін алғашқы қазақ романы деп С.Көбеевтің «Қалың малын» айтып келсек, енді бұдан былай көп жылдар бойы әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйе кесірінен тиым салынып келген М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын қазақ әдебиетіндегі бірден-бір тұңғыш роман деп батыл айта аламыз. Романның бірнеше повестің салмағын, өлшемін көтерер жанр түрі екенін А.Байтұрсынов, Қ.Жұмалиев, Б.Шалабаев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, З.Ахметов роман туралы айтылған анықтама-тұжырымдамаларымен түйінделеді. Бұл ретте академик Р.Нұрғалидың, «Қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет роман деген жанрлық анықтама қойылып, жарияланған прозалық көлемді туынды – «Бақытсыз Жамал».

Кітап басында ескертпе ретінде берілген:

Қазақтан шыққан талапкер.

Бұл кітапты қарап көр.

Таратуға халыққа оқып,

Боларсыздар себепкер, – деген жолдардың жалғасы 14 шумақтан тұратын «Сөз басында» таратылып айтылады. Салған жерден автор қазақ халқының құрылымы, тұрмыс-салты, мінез ерекшеліктері, кемшілік, олқылықтары туралы толғана келіп, роман жазудағы өз мақсатын баяндайды.

Міржақып – төмендердің аласасы,

Сезімнің бар ма, жоқ па тамашасы.

Жылтырап тесік моншақ жерде қалмас,

Қазақша бір роман жаза салшы, – деген авторлық әзіл халық арасына кең тарап кеткен.

Шығармаға арқау болған оқиғалар XX ғасыр басында қазақтың кез келген атырабында, кез келген ауылында, кез келген шаңырағында өтуге мүмкін, әркімге таныс, түсінікті, ортақ, етене сипаттары бар, жалпылық мәнді жәйттер. Автор өз тұсындағы әлеуметтік-қоғамдық өмірдің маңызды арналарын адам тағдыры, нақты әрекет, тартыс арқылы көрсетуді мақсат етіп, ой, идеяны ашық публицистикалық түрде емес, бейнелер, образдар арқылы, көркемдік тәсілдермен береді. Бір сөзбен айтқанда, жазушы таза прозалық шығарма, жанр шарттарын толық қанағаттандыратын туынды жасау талабын ерекше ескерген.

Абайдың қарасөздері, Ыбырайдың шағын новеллалары «Дала уалаяты», «Айқап» беттерінде жарияланған бірен-саран әңгіме үлгілері қазақ топырағында кең көлемді проза дәстүрлерін жасай алмағанын ескерсек, Міржақып – жаңа жанрдың төлбасы.

«Бақытсыз Жамал» романы туралы алғаш пікір айтқан Ахмет Байтұрсынов: «Қазақта бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазып шығарған Міржақып Дулатов болды. Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910 жылы басылып жарыққа шықты», – деді [37, 73–74-бб.], – деген аталы пікірі XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде «Бақытсыз Жамал» романы осы жанрдағы тұңғыш роман болумен қатар әйел образын жасаудағы алғашқы көркем тәжірибе ретінде ең көлемді, шоқтығы биік шығарма болғанын дәлелдей түседі.

«Бақытсыз Жамал» роман болып жазылуына не себеп, не түрткі болды, қандай жағдайлар әсер етті деген сұрақтарға бір сөзбен – әйел тағдыры, қазақ әйелінің аянышты тұрмыс-тіршілігі, ескілікті салт-сана, қалың мал жайы, осыдан келіп әйел теңдігі мәселесі себеп болды деп толық айтуға болады.

М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан» кейін жарық көрген С.Көбеевтің «Қалың малы» (1913), С.Торайғыровтың «Қамар сұлуы» (1914), Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелігі» (1912), Ш.Құдайбердиевтің «Әділ-Мариясы», Ж.Аймауытовтың «Ақбілегі» ұлттық әдебиетіміздің XX ғасыр басындағы алғашқы романдар легін жалғастырып, жанр жүгін өз әлінше көтере білген үздік шығармалар.

Бұл жазушылар творчествосының бәрінде де М.Дулатов қаламына тән өнеге халық өмірін, қазақ әйелдерінің ауыр тұрмысын тереңнен қозғай суреттеу дәстүрі айқын көрініс береді. М.Дулатов дәстүрінің жасампаз

тағлымы кеңес дәуіріндегі С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармаларынан да көрінеді.

Тіпті М.Дулатов дәстүрі қазақ әдебиеті шеңберінен де асып, татар, өзбек, башқұрт әдебиеттерінің классиктері Ғ.Ибрагимов, Фитрат, Молдан Қылыш, И.Аралбаев, С.Құдаш шығармашылығына да әсер еткен.

Бұл романдардың тақырыптары бір болса да, әр жазушы өз шығармасында әр түрлі келелі мәселелерді көтереді. Сондықтан романды жазуда әр жазушының өз идеясы, өз жаңашылдығы болады. Мысал келтірсек, «Бақытсыз Жамал» романында – Сәрсенбайдың бақ, билік үшін істеген озбырлығына бақытсыз қыздың өз махаббаты жолындағы күресі жайлы жазылса, С.Көбеевтің «Қалың мал» романында зардап шеккен қазақ қыздарына кесәпат нәрсе, бай-жуандардың құлқынын тесіп бара жатқан – қалың мал туралы баса айтылады. С.Торайғыровтың «Қамар сұлуында» ислам дінінің кертартпалық сипаты, бақсы-балгерлердің жексұрын мінез-құлықтарын әшкерелеп жазса, Ж.Аймауытовтың «Ақбілегінде» тақырыбы жағынан басқа шығармалармен ұқсас болса да, онда жаңаша көркемдік шешім табады. Жалпы алғанда бұл жылдардағы жарық көрген қазақ романдарын тақырып жағынан үш жікке бөліп айқындауға болады. Біріншісі – қазақ қыз-келіншектерінің бас бостандығы, екіншісі – халықтың әлеуметтік теңсіздігі, таптық күресі, үшіншісі – бұқараның жаңа заман, жаңа өмір құруға кірісу жолы, оның қалыптасқан бейнесін жасау шеберлігі ескеріледі.

Қазақ әдебиетінің даму үрдісінде құнарлы қалам, күрделі талант иесі – Спандияр Көбеев төңкерістен кейін туған қазақ әдебиетінің бастауында тұрып, өзінің замандастарымен бірге жаңа жанрлардың қазақ топырағында негізін салуға қатысты. Бүгінгі күнге дейін қазақ әдебиетінде романның тууын жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басында деп келсек, С.Көбеевтің 1913 жылы жарық көрген «Қалың мал» романы бұл ойымызды жаңсақтандырып, роман жанрының алғаш тууы мен қалыптаса бастауы С.Көбеев шығармашылығымен байланыста екеніне көзіміз жетеді.

С.Көбеев (1878–1956) ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі. Қаламгер жазушылық және ұстаздық қызметпен қатар айналысқан. Негізінде жазушылық қызметіне ұстаздық еңбегіне қажетті тәрбие құралы ретінде қараған. «Қалың мал» романына дейін жарық көрген «Үлгілі тәржіма», «Үлгілі бала» кітаптары осы мақсаттан туындаған шығармалар еді. Бұл кітаптардың балалар әдебиетіне қосар үлесі мол.

С.Көбеевтің 1913 жылы Қазанда жарық көретін «Қалың мал» романы көпшілікке жақсы таныс шығармалардың бірі. Ол орта, арнаулы, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарының бәрінде жүйелі түрде сөз болады. Хрестоматияға енген.

Алайда романға арналған талдаулардағы басты назар бай-кедей арасындағы таптық тартыстарда болғандықтан, негізінен осы романның 1934 жылы екінші түзетіліп басылған нұсқасы ғана сөз болған. Алғашқы нұсқа бірен-саран зерттеушілер еңбектерінде ғана кездеседі. Ал олардың арасында айтарлықтай айырма бар.

Екінші басылымда С.Көбеев ресми идеология ыңғайына орай біраз түзетулер жасады. Алайда, романның көркем мазмұны сол қалпында сақталғандықтан соңғы түзетулер қаламгер күткен нәтиже берген жоқ, қайта көркем жүйедегі қайшылықтарды туғызды. Өйткені, роман жазылып, жарияланған 1911–1913 жылдар мен түзетілген 1933–1934 жылдардағы қоғамдық ахуалы өзге еді.

С.Көбеевтің «Қалың мал» роман бізге қазақ романы құрылымындағы әлеуметтік мазмұн қызметін ашуға көмек береді. Біріншіден, онда С.Көбеев тәрізді қазақтың ағартушылық-демократтық бағыттағы жазушыларының роман сияқты көлемді прозалық шығарма келу жолы, мақсаты бар. Ол туралы қаламгер былай деп жазады: «Надандыққа, феодалдыққа ескішіл, өрескел сорақы салтқа қарсы күрес жүргізудің бірден бір жолы халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру деп, оны мәдениет сатысына аяқ бастыру деп ұғушылардың бірі мен едім. Бірақ сегіз-тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодалдық салтпен күресу үшін тек бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне әбден көзім жетті. Бұл күресте санаға күштірек әсер ететін басқа да құралдар керек сияқты көрінеді. Іздене келе, мен осы мақсатқа жету жолында ағартушыға ыңғайлы күрес құралының бірі – көркем әдебиет екен деген ой түйдім.

Мен осы ойымды жүзеге асыру мақсатымен 1911 жылдан бастап «Қалың мал» романын жазуға кірістім. Романға себеп болған негізгі ойдың бірі – роман сияқты қазақ тілінде тұрмыс жағдайынан алынып, көркем шығармалар жазылса, олар халық арасына неғұрлым көп тараса, ескіліктің, феодалдық әдет-ғұрыптың тамырына балта шабылар еді, еңбекші елдің санасы оянып, мәдениетке талпынар еді деген қорытындыдан туды» [236, 244-б]. Қаламгер алдына қойған салмақты, келелі әлеуметтік осы мақсат шығарманың, мазмұны ғана емес, көркем құрылымына, поэтикасына әсер еткен.

Романның 1913 жылы Қазанда басылған вариантына тоқталуына және оның алғашқы және кейінгі басылымдары арасындағы айырма көркем жүйедегі әлеуметтік мазмұн рөлін анық көрсетеді.

С.Көбеев революциядан бұрын жазылған романына 30-жылдары қайта оралғанда негізгі объектісіне жаңа көзқараспен келген. Сөйтіп, бүгінгі оқушы қауымға жақсы таныс «Қалың мал» романындағы қақтығыс, елге тізесін батырып отырған озбыр бай – Тұрлығұл мен кедей тобы Медеу ауылы арасындағы таптық тартыс пайда болған. Контрасты стильде баяндалатын бұл қақтығыс 1913 жылғы «Қалың мал» романында өте солғын, онда бай-болыстармен, билердің момын елге істеп отырған қиянаттары ағартушылық-демократтық көзқараста ғана айтылады.

Ғалым Ш.Елеуқенов С.Көбеевтің «Қалың мал» романын көрнекті әдебиетші, роман теоретигі М.М.Бахтиннің кезінде ұсынған хронотоп жүйесінен іздегенді жөн көреді және бұл күрделі мәселенің мән-мәнісіне жете тоқталып, анық-қанығына үңіледі. Әдебиетшінің пікірінше роман жанрының «тұтастығын» уақыт және кеңістіктен іздеу қажет.

«Чтобы оседлать прозу, преодолевая наивную прямолинейность в выражении авторского замысла, необходимо было перейти на качественно

новую ступень художественного сознания – романное мышление, представляющее собой «сложноорганизованное жанрово-стилевое единство, устремленное к познанию целостности мира в его живом, противоречивом и требующем осмысления развитии» (Советский роман. Новаторство, поэтика, типология. М.: Наука, 1978. С. 197.).

Больших результатов в освоении жанров достиг Спандияр Кубеев, который, может быть, интуитивно сознавал, что роман, как эпический жанр охватывает процессы общественной жизни. Поэтому С.Кубеев стремится к полноте, стараясь показать как можно больше картин из окружающей действительности. На этом автор не ставит точку. Ему нужна не всякая целостность, а такая, которая во времени не отделяется от него самого...

«Кадым» роднит с древним эпосом та же целостность, поскольку возможно ее достичь путем изображения частной жизни человека, связанного тысячами нитей с обществом, где он родился и живет. Однако, чтобы показать степень отражения казахского общества дореволюционной поры в романе «Калым», нам следует выяснить еще один вопрос. Подлежит ли расшифровке, как любое другое понятие, слово «целостность»? Оно, конечно, состоит из конкретных частей, но каких? Изучая жанр романа, нельзя не коснуться двух понятий – времени и пространства. Сущность целостности невозможно понять, минуя их. Некоторые исследователи вместо слова «целостность» применяют эти понятия, как бы объединив их. Я имею в виду систему хронотопа (буквально означает – времяпространство), предложенную известным советским ученым, теоретиком романа М.М.Бахтиным.

Заимствованный из области математического естествознания (теории относительности Эйнштейна) термин «хронотоп» употребляется М.М.Бахтиным для обозначения эстетических проявлений пространства и времени как формы познания.

«В литературно-художественном хронотопе, – пишет М.Бахтин, – имеет место слияние пространственных и временных примет в осмысленном и конкретном целом. Время здесь сгущается, уплотняется, становится художественно-зримым, пространство же интенсифицируется, втягивается в движение времени, сюжета, истории. Приметы времени раскрываются в пространстве, и пространство осмысливается и измеряется временем. Этим пересечением рядов и слиянием примет характеризуется художественный хронотоп.

Хронотоп в литературе имеет существенное жанровое значение. Можно сказать, что жанр и жанровые разновидности определяются именно хронотопом, причем в литературе ведущим началом в хронотопе является время. Хронотоп как формально-содержательная категория определяет (в значительной мере) и образ человека в литературе; этот образ всегда существенно хронотипичен» (Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. М.: Художественная литература, 1975. С. 235.).

М.Бахтин стремится выяснить типологическую схему романов по их разновиностям. При этом во главу угла ставится вопрос: какой характер

носит хронотоп в данной группе произведений, в особенности время, не в смысле этапа отображаемой эпохи, а в его эстетическом значении, как двигателя сюжета, составной части образа. М.Бахтин, к примеру, жанр греческого романа определяет как авантюрный. И не потому, что в греческих романах следует искать образы неких «авантюристов». Таков характер данного хронотопа, в котором время не детерминировано, а носит случайный характер (события в авантюрном романе происходят вдруг, неожиданно, внезапно). Сколько бы не нагромождалось препятствий перед влюбленными героями, все они, по воле случая, преодолеваются, при этом образы остаются статичными, неизменными даже по возрасту и в конце концов подходят к счастливой развязке. Поступки героев, ограниченных своей любовью и преодолением внешних препятствий, не имеют сколько-нибудь важного значения. Герои замкнуты в кругу своих частных, «приватных» интересов.

Основные же особенности фольклорного времени М.Бахтин выводит из своеобразия коллективной жизни при первобытнообщинном строе, коллективной борьбы его членов за свое существование. Все здесь грандиозно: и человеческая жизнь, и жизнь природы. В ходе классового расслоения общества труд определяется от быта, появляются ритуалы, в общине выделяются индивидуальные жизненные ряды, индивидуальные судьбы. Возникает классический эпос, в котором, на основе единства и неразделенности фольклорного времени, достигается проникновение в историческое время. Мифы умирают: уже Лукиан низводит богов в сферу житейского быта и эротики. «Но само эпическое время в его целом – это «абсолютное прошлое», время праотцев и героев, отделенное непроходимой границей от реального времени современности (современности издателей, исполнителей и слушателей эпических песен)» (Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. С. 367.).

Однако мотивы фольклора продолжают плодотворно использоваться. На основе анализа «Сатирикона» Петрония, непосредственного предшественника Боккаччо, М.Бахтин отмечает явление реалистической эмблематики, как типа реализма (образ, оставаясь реальным, тесно связанным с конкретной социально-исторической эпохой, концентрирует в себе масштабные, гигантские общечеловеческие проблемы, охватывающие все времена). «Торжество жизни над смертью, все радости жизни – еда, питье, совокупление – в непосредственном соседстве со смертью, у гробового входа, характер смеха, одинаково провожающего старую и встречающего новую эпоху, воскресение из мрака средневековой аскезы к новой жизни через приобщение к еде, питью, половой жизни, телу, жизни – все это роднит «Декамерон» с петрониевским типом. Здесь то же перерастание социально-исторических ограничений без отрыва от них, та же реалистическая эмблематика (на фольклорной основе)» (Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. С. 373.).

Убедительно раскрыты М.Бахтиным связи фольклора с греческим романом и развитии идеи метаморфозы – этого мифологического феномена с той лишь разницей, что фольклорный образ широты и силы опускается из

космоса на грешную землю, обретает лик повседневности, становясь формой осмысления и изображения изнанки частной жизни («Золотой осел» Апулея).

На основании изложенной методологии и применении ее к анализу романа «Калым» следует вывод: в этом первенце крупной формы казахской прозы действует хронотоп динамичный и по-своему бурный. Время событий в романе, написанном на тему свободы любви, если и нельзя назвать смутным, то охарактеризовать как предсмутное можно, поскольку мертвое, на первый взгляд, море патриархальщины всколыхнулось: господствующие классы тревожат какие-то недобрые для них предзнаменования, эти силы порой роняют слишком легко то, что, казалось бы, крепко держат.

Развивающиеся в недрах общества процессы настолько серьезны, что время показывает на перемены, а это в свою очередь сообщает художественному произведению тенденцию к переоценке ценностей. А последнее всегда было свойственно в гораздо большей мере именно жанру романа.

Переоценка ценностей в «Калыме» происходит во взаимосвязи, взаимодействии и взаимопроникновении значительного объема хронотопических рядов. Из них особо выделяются следующие ряды...

Первый ряд – изображение феодально-байского отродья, создающего основные трагикомические ситуации социального характера;

второй ряд – бедняки и средние слои, противостоящие злу и несправедливости;

третий ряд – девушки, джигиты и вдовы, стремящиеся к личной свободе;

четвертый ряд – Итбай, мечтающий пробиться из бедняков в имущие;

пятый ряд представляет авторскую позицию;

далее – ряд потерпевших бедняков, жаждущих возмездия.

И, наконец, ряд бытовых, народных сцен (национальные игры, мотивы фольклора)...

Благополучный исход борьбы влюбленных в романе «Калым» вступал в противоречие с правдой жизни. Одна из причин: писателю не удалось решить до конца проблему творческого отношения к поэтике фольклора, он порою прямолинейно воспринимал некоторые его мотивы. Дало о себе знать клише сказки, требующее неременной счастливой концовки, когда влюбленным после многих мытарств наконец-то удастся соединить узы. А ведь действительность патриархальщины, ставшей темой произведения С.Кубеева, не давала повода для подобного оптимизма. Но в целом роман правдиво раскрывает причинные связи явлений: в нем убедительно показано зарождение естественно и стихийно складывающейся борьбы бедных с имущими. Вот почему «Калым» следует считать реалистическим произведением, а по жанру – романом социально-бытового плана. Это означало, что казахская литература в лице Абая и его последователей в поэзии и прозе уже до революции встала на реалистическую почву.

Словом, появлению казахского романа предшествовали определенные условия (схожие, как нам представляется, с условиями происхождения романов в других литературах): 1) возникало осознание необходимости

коренных изменений в самой жизни; 2) отражая эту необходимость, литература устремляется к теме современности; 3) для своего выражения современная тема потребовала новых повествовательных форм, которым под силу целостный охват проблем современности, вмещающий в себя и политику, и философию, и мораль, и психологию – все, чем живет и дышит человек; 4) необходим был жанр преобразованного эпоса, то есть романа, который доказал наибольшую способность к переоценке ценностей» [237, 100–103-бб; 108–109-бб].

Әдебиетші ғалым Б.Шалабаев С.Көбеев шығармашылығы мен қызметіне қысқаша тоқталып, «Қалың мал» романының шығу тарихына үніледі, «XX ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық әдебиетінің өкілі, Республикамызға еңбегі сіңген қарт мұғалім Спандияр Көбеевтің жазушылық қызметі, негізінен, Октябрь революциясынан бұрын басталды. 1910 жылы оның «Үлгілі тәржіме» (Крыловтан аударған мысалдары), 1911 жылы «Үлгілі бала» (бастауыш мектеп балаларына арналып құрастырылған хрестоматия) атты кітаптары шықты. Жазушының ең көрнекті шығармасы – «Қалың мал» романы да революциядан бұрын, 1913 жылы Қазанда ағайынды Каримовтардың баспасында басылды.

«Қалың мал» – жазылған мезгілі жағынан қазақтың жазба әдебиеті тарихында тұңғыш роман болып саналады. Бұған дейін Ыбырай Алтынсаринның шағын новеллалары мен Абайдың қара сөздері болмаса, проза жанрында көлемді шығарма болған емес. Жазылған дәуірінің ерекшеліктері мен жазушының тәжірибесіздігіне қарамастан «Қалың мал» романы қызғылықты жазылған, қазақ оқушыларының сүйіп оқитын шығармасына айналды. 1934 жылы «Қалың мал» түзетіліп екінші рет басылды. 1954 жылы Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы бұл романды үшінші рет басып шығарады.

Спандияр өзінің бар өмірін ағартушылық қызметке арнаған адам. Ол ағартудың жолын тек бала оқыту ғана деп түсінбейді, өзінің ағартушылық қызметінде көркем әдебиетті де құрал етіп пайдалануды көздейді. Кішіқұмда оқытушы болып жүрген кезде Крыловтың мысалдарын аударуы, Гогольдің «Өлі жандары» мен Пушкиннің «Дубровскийін» ел арасына әңгіме қып айтып таратуы бұған айқын мысал. Ол көркем әдебиеттің халықтың сана-сезіміне күшті әсер ететінін бірден аңғарады. Спандиярдың бұл жолда XIX ғасырдағы орыстың классикалық әдебиетінің халықтық мазмұнын тереңірек түсінгені байқалады. Міне, осы мүмкіндіктің бәрін автор өзінің ағартушылық қызметінің жемісті болуы жолында жұмсайды. Жазушы бұл романында қазақ әйелінің революциядан бұрынғы аянышты өмірін, іс-әрекет, мінез құлқын Ғайша образы арқылы жинақтап көрсетеді.

Романға түпқазық болған тақырып – қыз үшін қалың мал алудың адамшылыққа жат, жексұрын құбылыс екеніне оқушының көзін жеткізу. Оқушылардың көз алдынан революцияға дейінгі ауылдың көріністері тізбектеліп өтіп жатады. Алпысқа келгенде әйелі өлген Тұрлығұл Ғайша деген он бес жасар қызды алмақшы болады. Қыздың әкесі Итбай молдаға керегі – тек қызына берілген қалың мал ғана.

Демократ Көбеевтің көзқарасы бойынша, қалың мал – әйелдің адамшылық сезімін қорлайтын жексұрын құбылыс. Сондықтан романның сюжеттік желісі бір-біріне тең жастардың бас қосуы мен шынайы сүйіспеншілігін қадірлеуге құрылған.

Алайда, «Қалың мал» – тек әйел теңдігі мәселесін жалаң сөз еткен, оны халық тұрмысынан бөлек алып, оқшау суреттейтін шығарма емес. Ол революция алдындағы қазақ ауылының жалпы бейнесін, әлеуметтік оқиғаларға сәйкес сол ауылға ене бастаған өзгерістерді суреттейді» [133, 42–43-бб], – дейді.

Асылы, С.Көбеевтің «Қалың малы» – оқиға мен тартысқа құрылған өмір шындығын, басты кейіпкер – Ғайша образы арқылы адам тағдырын суреттейтін роман болғандықтан, одан көркемдік компоненттердің біразын табуға болады. Роман суреттелетін оқиғалар Ғайша тағдыры төңірегінде топталған. Себебі, шығармадағы басқа кейіпкерлердің іс-әрекеттері басты кейіпкерге байланысты болса, Ғайша олардың тағдырын өзара байланыстырған, бостандық үшін күресіне ұйытқы, басты тұлға болып табылады.

Шығармада суреттелетін оқиғалар Ғайша образы арқылы бір-біріне жалғасып, өзектес өрбиді, белгілі дәрежеде көркемдік тұтастық табады. Жазушы образ жасауда да біршама шеберлік танытқан. Басты кейіпкер – Ғайша да, басқа кейіпкерлер де бір-біріне ұқсамайды. Олар жеке-жеке тұлғалар ретінде дараланып, әрқайсысы өзіне тән ерекшеліктерімен дараланады.

«Қалың мал» романында революция алдындағы қазақ ауылының жалпы бейнесі, әлеуметтік оқиғаларға сәйкес сол ауылға ене бастаған өзгерістер суреттеледі. Ескі ауыл дегенмен, төңкерістен бұрынғы қазақ ауылы да дамудан тыс, тоқырап қалған дүние емес, аздап болса да жаңаланып, ілгері дамып келе жатқан ел. «Қалың мал» – сол ескі ауыл өмірінің бір көрінісі.

1905–1907 жылдардағы революцияның қазақ даласындағы жаңғырығы либерал-демократиялық пиғылдағы қазақ интеллигенция өкілдерін біріктіріп, ұлт аймақтарында қоғамдық ой-пікірлердің жандануына себепкер болды. С.Торайғыров, С.Көбеев, С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Сейфуллин т.б. еңбекші халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Көшпелі халықтың отырықшылыққа және егіншілікке көшуі, халық ағарту, әйелдердің теңдік алуы т.с.с. өзекті қоғамдық-саяси проблемаларды көтерді.

«Қалың мал» романының бір кейіпкері Байғазы би: «Бас ауылнай жағына барып съез құрып келеміз. Халық арасында бір-біріне ауысқан-түйіскендері бар, тоқты-торымдай жанжалдары бар екен, сондайларды бітіріп келеміз. Елде дау-жанжал мұндай көп болар ма!... Ел де бұзылып біткен ғой, әсіресе жесір дауы-ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айырылатын келіншек... кейбіреулер құдасынан айрылмақшы... Құрекеннің (Құрымбай биді айтады. – А.Қ.) пышағы май үстінде, қалтасы да толған шығар» [238, 6-б], – дейді. Бұл – сол заманның айқын шындығы еді. Дәуір лебін сезініп, «бостандық», «азаттық» деген сөздер құлағына шалына бастаған халық арасында осындай әрекеттердің туа бастауы да заңды. Кедей

байдан неше жыл ала алмай жүрген ақысын даулайды (Байғазының «халық арасында бір-біріне ауысқан-түйіскендері бар, тоқты-торымдай жанжалдары бар екен» деп майдалап отырғаны – осы), жастай малға сатылып, шалға тиген қыз өз басына азаттық алуға ұмтылады, т.б.

Іргесі шайқалмаған ескі салт-сананың, әдет-зандарының бастысы – қалың малға қозғау түсе бастайды. Бұл мәселені негізінен қалың малдан өздері жапа шеккен әйелдер, өздерінің адал махаббатына ерік ала алмай, қалың мал басын байлауға түсірген жастар көтереді. Олар қарғыс атқан қалың малды жоюды, әйел басына бостандық беруді, әркім сүйгеніне баруын тілейді.

Б.Шалабаев бұл романның неліктен «Қалың мал» деп аталғандығына былайша ой түйеді: «...Серғазы үйінде ойында отырған Ғайшаның өз басының мұнын әнге қосып айтуы сол жайындағы көпті қатты толқытқанын жазушы «Қалың мал» романында да орынды байқатқан.

Ғайшаның өлеңін естіген сол үйдегі әйел, еркектердің ойға қалмағаны жоқ. Бірсыпыра қатындар жылап та алды. Жылаған қатындардың көбі – малдың күшімен амалсыз келгендер. Кейбіреулері Ғайшаға жаны ашып жылап жатыр» [238, 29-б], деп жазады ол.

«Қалың мал» романының ұнамды қаһармандары да, автор да қалың мал сияқты кеселге атымен қарсы. Шығарманың негізгі идеялық түйінін осы маңнан іздестіру де орынды. Романның «Қалың мал» атануы да сондықтан» [133, 44-б].

«Қалың мал» романында жетпіс шамалы кейіпкерлердің аты аталады. Олар негізінен біріне-бірі қарама-қарсы қалың малға көзқарасына қарай екі топқа бөлінеді. Ұнамды кейіпкерлер – Ғайша, Қожаш, Балкүміс, Серғазы, Бірке, Әлкен, Жүніс т.б. Ұнамсыз кейіпкерлерден ерекше дараланатындар – Итбай, Тұрлығұл, Байғазы, Құрымбай, Әбіш т.б.

Б.Шалабаев роман кейіпкерлерін аталмыш екі кереғар топқа бөле отырып, «Осы екі топтың бітіспес күресі романның мазмұнын құрайды. Сүйіспеншілік тартыс та осы күреске бағындырылған» [133, 43-б], – дейді.

Романның негізгі кейіпкерлердің бірі – Ғайша. Шығарманың негізгі бір түйіні қазақ әйелі басындағы ауыр хал мен оны сол кіріптарлыққа душар еткен қалың мал – осы Ғайшаға тікелей байланысты.

Жазушының суреттеуінде Ғайша – балалық мінезден әлі арылмаған кінәсіз жас. Өз басына төніп қалған қатерді ол бірден сезе алмайды. Тұрлығұлдың інісі Әбіш келіп, Итбаймен құдалық жайын сөйлесіп отырғанын көрген Ғайша шешесіне келіп: – Апа, ағамдар не сөйлесіп отыр? Пәлен ақша, пәлен мал деп, бірдеме дейді. Мана жат жұрттыққа жаратылған бала ғой, беру керек дегенін естіп едім? [238, 17-б], – деп сұрайды. «Басы ауырмағанның құдайда не жұмысы бар» дегендей, Ғайша бұл кезде әлі қазақ әйелі басындағы аянышты халді жете көріп, түсінуден әлі алыс. Ғайшаны бұл жолға күрес, өз басының бостандығы жолындағы күрес алып келеді. Өз басына күн туған жас қыз тым тез есейеді, өз бақытын арашалауға батыл араласады.

Бұл тұста көрікке, мінезге бай Ғайша өзін батыл, өз бостандығы үшін күреске де даяр саналы қыз етіп көрсетеді. Ол өзі сүймеген адамға қарсы қалың малға сатылып баруға қарсы болады, өзіне тең адал, шын жар іздейді. Әке үкіміне наразылық білдіріп, құр жылаудан ештеме шықпайтынын ол жақсы біледі. Тұрлығұл үйіне барып, мал әкеліп, байдан көрген сыйсыяпатын айтып жеткізе алмай отырған Итбайдың сөзіне шыдай алмай, Ғайша бұл іске наразылығын алдымен әкесіне естіртеді және бұл ойын өлең арқылы білдіреді. Б.Шалабаев бұл тұсты былайша сипаттайды: «Романның басты қаһарманы – Ғайша. Ол – батыл да өжет қыз. Өз басының бостандығы үшін күресе біледі. Оны тізе бүктіру қиын. Ғайша өз ісінің дұрыстығына да, жеңіп шығатынына да кәміл сенеді. Бұл – қазақ әдебиетінде дәуір тудырған жаңа образ.

Ғайша өзіне Тұрлығұл құда түскенін естігенде әкесіне былай деп зарланады.

Әй, аға, шыныменен малға беріп,
Ғайшаның теңін таппай шалға беріп.
Жиылған ағайынға отырғаның,
Біреудің бақ-дәулетін қызық көріп.
Ғайшаның теңі қайда, елі қайда?
Кешегі уайымсыз күні қайда?
Қалқамды сүйгеніне берем дейтін
Әкенің жанашырлық сөзі қайда?
Көз жасым, ренішіме қаламысың?
Балаңды от пен суға саламысың?
Болмаса жаның ашып жалғыздыңды,
Айырып жау қолынан аламысың?

Бұл өлеңнен басына ауыр іс түсіп, не істерін білмей дал болған шерлі адамның ауыр күрсінуі сезіледі. Өзегі өртеніп, қасірет пен өксікке тұншыққан қыз өлеңі әкеге тек жалбарыну емес, оған айып артқандай естіледі. Мойнына қалың малдың қамыты ілінген қазақ қыздарының көңіліне бұл өлең кезінде бірден жатталып қалатын.

Бірақ қызының зарына дүниеқоңыз әкенің құлағы керең еді. Малдан басқа сенері де, көрері де жоқ Итбай Ғайша мұңын түсінбейді, жанына жара түскен қызына мейірім көрсетпейді. Ғайша зарын әдеттегі ұзатылған қыздың қоштасуы есепті қабылдайды. Осыдан кейін барып, Ғайша бас бостандығын іздеудің басқа жолын қарастырады.

Өзіне тең, басына азаттық берер ер іздеген Ғайша Қожашты кездестіреді.

Көбеев жастарды сарсаңға салған трагедияның себебін қалың мал сияқты барып тұрған кертартпа қарсылықтан іздейді, соның себебін ашуға тырысады» [133, 43–44-бб].

Романның идеясы Қожаш пен оның пікірлес жолдастары Жүніс, Бірке, Әлкендер арқылы да ашылады. Ғайша образын толықтыра түсетін, ер көңілді, жау жүрек, бас бостандығын аңсаған жастар болып көрінеді.

«Қожаш пен оның пікірлес жолдастарының достық ынтымағы күшті, бастарына күн туғанда жігіттер лезде тізе қосып, зорлықшыларға мықтап

тойтарыс беріп, олардың байлыққа мастанып, лепірген көңілін су сепкендей басып тастай алады.

Ғайшаның теңіне қосыла алмауы сияқты, Қожаштың да өзі теңдес қызды айттыра алмастай себебі бар еді. Ол – қатал әдет заңы, қалың мал. Қалың мал Ғайшаны ғана зарлатып қоймайды. Қожашты да әлекке түсіреді.

Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы мен Итбайдың қалың мал алып, қызын ұзатуға даярлануы Қожаш әрекетін бірсыпыра жеделдете түседі. Ол Ғайшамен көңіл қосып, оны алып қашады.

Қожаштың мақсатына тез жетуіне оның жолдастары Жүніс, Әлкен, Бірке көмектеседі. «Ит жегенше иесі жесін» деген бір мақал бар еді, сол Ғайшаны сен алып қашсаңшы, жиен. Осыдан еліне аман-есен бір жетіп алсаң, құтылғаның ғой. Сонау Көкшетауға артыңнан кім іздеп барар дейсің», – дейді Жүніс.

«Жиен Ғайшаны алып қашса, артынан іздеп барушы болар, бірақ жиеннің елі де іргелі ел емес пе? Бұл елді алсақ, бұ да сүттей ұйып отырған ел емес. Тұрлығұлдың жесірі үшін өле кетуші шамалы болар. Міне, Тұрлығұл үшін өлмейтінің бірі – мына мен», – дейді Бірке» [133, 44–45-бб].

Жүніс, Бірке, Әлкендер – Тұрлығұл, Байғазылардың талай тізесі батқан кедей ауылдың бас көтерер жас адамдары. Олардың іс-әрекеті романда көрінетін қазақ ауылындағы бай мен кедей деген екі кереғар полюстегі әлеуметтік топтардың күресін айқындай, тереңдете түседі. Тұрлығұлдың Медеуге (ру аты – А.Қ.) жасап жүрген зорлығы сайлау кезінде олардың Тұрлығұл жағында болмағандығынан деп түсіндіреді автор.

«Сонан бері бізге не істегісі келмей жүр... Болыс-билер өз жағында болғасын біздің мың шығатын «Кеңшалғынды» тартып алмақшы боп жүрген жоқ па?» – дейді Бірке [238, 35-б].

«Ана жылы жоғалған бір биесін нақақтан-нақақ үйде қарап отырған біздің Жанарыстаннан көріп, жаяу тастап, жалғыз аты мен сиырын алды ғой», – дейді Бекарыстан [238, 39-б].

Кедей ауылдың бұл жігіттері өздерін жазықсыз жәбірлеушілерге сәл де болса бас көтеріп, қарсы тұрады. Бірде олар Кең шалғынды даулап, аулына келген болыс-билерді жанжал шығарып, қуып жіберуге дайындалады, бірде ұрыншақ, тентек мінез, өр кеуде бай баласы Шалқанды (Байғазының баласы, Тұрлығұлдың күйеу баласы) сабайды. «Бірақ Жүніс, Бірке, Әлкендердің ісі – саналы түрдегі әлеуметтік күрес емес, байлар озбырлығына қарсы стихиялық түрде бой көтеру, соның нәтижесінде туған ұсақ жанжалдар ғана» [133, 45-б], – деп жазады әдебиетші Б.Шалабаев.

Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы мен Қожаштың қызды алып қашу туралы ойы – тек Жүніс, Әлкен, Біркелерді еліктіріп қана қоймайды, Тұрлығұлдың тізесі батқан көп адамның ескі жарасының аузын ашады.

«Сіздің ақсақалдар (өз аулының үлкен адамдарын айтады – А.Қ.) Кең шалғын мен Тасөткелді, тағы әнеукүнгі өзіңе айтқан жесір әңгімесін ұмытпаған көрінеді. Осы Итбайдың қызының тұсында Тұрлығұл байдан кекті бір алып қалуға болар еді, бірақ сол қызды әкететін еркек тумаған шығар» деп отыр [236, 45-б].

«Ғайшаны алып қашқан кісіге жаяу қалсам да, астымдағы атымды қосып берер едім» [238, 35-б].

«Қолдан келген жәрдемді, Тұрлығұлдан бір кек әперуге жарасаң, сенен аямас едік» [238, 45-б].

Бірке аузынан айтылатын осы сөздер – Тұрлығұлдан кек алуды ойлап, орайын іздестіріп отырған көптің ойы еді. Оның үстіне көзі ашық, жақсы-жаманды тани бастаған ауылдың талапты жастары – сол Бірке, Әлкен, Жүністер де осыны қолдайды. Олардың образы өмір талқысынан өтіп, шырай бастаған пысық, еті тірі жігіттерді танытады.

Бірақ олар тілеулес болған Қожаштың қолына байлау болатын нәрселер ол заманда аз емес еді. Тақыр кедей Қожашқа малқұмар молда Итбай қалыңсыз қыз бермейтіні анық. Мұны білген Қожаш «Күш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ», – деп қол қысқалығына күйінеді. Заман, заң әділетсіздігі кедей адамның теңіне қосылуына жол бермейтініне налиды. Қызды алып қашуды ойлағанмен, Тұрлығұлдың жесір дауы тағы даяр. Ол өңірде Тұрлығұл сөзі өтпейтіндер тіпті аз. Жалғыз-жарым Қожаш сияқтыларды Тұрлығұл түтіп жейді. Осының бәрін қорыта, ақылдаса келе Қожаш өз еліне, Көкшетауға көшпек болады. Сонда барып орналасып, Тұрлығұлдың жесірін алыстан келіп, алып қашуға бекінеді.

«Қожаштың Ғайшаны алып қашуы, дейді Б.Шалабаев, – ескі қазақ ауылының сүйегіне сіңіп, берік орын тепкен әдет-ғұрып заңына берілген қатты соққы еді. Жаңалықты сезіне бастаған елде ескіліктің қалдықтарына күшті қарсылық көрсетіліп жатқан жағдайда байларға қарсы бой көтеру, қыздың қалың мал төлеген күйеуіне бармай, өз теңін іздеп қашып кетуі, жас жігіттердің байлардың қыспағына көнбей олардың жесірін алуға тәуекел етуі – революция алдындағы қазақ ауылында көп кездескен жайттар» [133, 45-б].

Осындай қоғамның қатал әдет заңы үстемдік алып, барлық істің тетігін мал мен байлық шешіп тұрған осындай заман қазақ ауылында болған адам төзгісіз надандық пен қас пасықтықтың куәсі болып еді. Бұл жайды ел ішіндегі бірен-саран байыпты кедей адамдар көре де бастады. Бірақ олардың қолдан келері, әрекеті әлі онша мардымды емес еді.

«Қалың мал» романындағы Серғазы арқылы жазушы осындай адал ниетті, ешкімге жамандық ойламайтын, қиянаты жоқ, әлділердің ісіне іштей наразы, алайда сыртқа шығарары жоқ момын адамды бейнелейді. Ол – көп сөйлемейтін, ерегіс-жанжалда жұмысы жоқ жан.

Романда аз көрінгенмен тәп-тәуір әсер қалдыратын адам – Ғайшаның шешесі Ақсұлу. Оның романда көрнекті орында болмауының да себебі бар. Әйелді адам орнына санамайтын, онымен ақылдасуды қажет деп санамайтын сол бір өгей заманда Ақсұлу іспеттілер аналық қызмет атқарғанмен, баласының тағдырын шешуге батыл кірісе алмайтын. Қызының шалға берілуіне наразы шешенің бар қолынан келері – от басының күңкілі мен көз жасы ғана еді. Ақсұлу – баласына жаны ашитын, оның бақытты, қызықты тұрмыс құруына тілектес адам. Сондықтан ол Ғайшаны Тұрлығұлға беруге қарсы болады. Бірақ Итбай Ақсұлумен ақылдаспайды, өз дегенін істеп,

Ғайшаның басын дауға салады. Ақсұлудың қолынан келері – қызына қосылып жылау, оның келешегін ойлап қамығу.

Ұнамсыз кейіпкерлердің ішінен ерекше дараланып, әрі нақтылы, жеткілікті суреттелетін тип – Ғайшаның әкесі Итбай. Шала молдалығы бар, бірақ онымен берекелі мал тауып көрмеген бұл адамның бар есі-дерті – баю, дәулет жию. Ол Тұрлығұлдың байлығына қызығады, сондай болсам екен деп армандайды. Дүние қоңыз, малқұмар адам баю жолындағы кедергінің бәріне де өзінің өресіз әрекетімен қарсылық көрсетіп, Ғайша тұсында қалың мал алу арқылы дәлет жинап қалуды көздейді. Тұрлығұл байдың бәйбішесі өліп, Ғайшаға сөз салуы – Итбайдың құдайдан сұрап ала алмай отырған тілегі еді. Сондықтан да Тұрлығұл құдалыққа кісі жібергенде (құдалық сөйлесуге Тұрлығұлдың жақын ағайыны жылпос, жырынды қу Әбіш келеді) Итбай ішінен өте қатты қуанады. Жайшылықта ат ізін салмайтын үлкен бай үйінің дүмше молда Итбаймен бірден жақын қатынас жасай қоюы да тегін емес еді. «Көктен тілегенін құдай жерден беріп», оны Итбай да тез аңғарады. Әбіштің неге келгенін бірден түсінген ол қонағына бәйік болып, асты-үстіне түсіп қарсы алады. Амандықты үсті-үстіне сұрап, Тұрлығұлдың да амандығын қайта-қайта білгенсіп жалпылайды.

«Бұлар Тұрлығұл байға біздің Ғайшажанды айттыра келген шығар, қазыны бұзбай сал» [238, 13-б], – дейді ол ас үйге шығып әйеліне.

Итбай характерін анық беруде мейлінше көрнекті рөл атқарып тұрған осы бір деталь оның жомарттығын аңғартпайды. Әйтеуір қонақтардың көңілін тезірек тауып, олардан құдалық туралы жылы сөз естіп қалуға асығады ол. Малқұмар молда Әбішке бірдемесі ұнамай қалып, Тұрлығұлмен құда болу сәтінен айрылып қаламын ба деп қорқады. Қонақтардың келген күні ашып ешнәрсе айтпауы, жылы-жұмсағын жеп үн-түнсіз жатып қалуы Итбайды қатты тынышсыздандырады. Ол жүрегі лүпілдеп түнімен ұйықтай алмай шығады. «Бұлар ештеме демегені қалай, батыр-ау? Етімді текке жеп кететін бола ма? Қазына бекер тұтас салдырған екем!» – деп ойлайды ол. «Қой, жұмыссыз неге жүрсін. Ертең келген жұмысының жөнін айтар» [238, 13–14-бб], – деп жұбатады өзін-өзі.

Осылай тынымы, мазасы кеткен Итбай ертеңіне Әбіштің Тұрлығұлға Ғайшаны айттыра келген сөзін естігенде есі шыға қуанады, жауабын да тез береді. «Жақсы айтасыз, Тұрлығұлға бір баланы бермеймін демеймін», – дейді ол Әбішке. Тек сырт көзге ыңғайсыз болмасын дегендей, ауыл адамдарымен ақылдасқансиды.

«Итбай характерін жасауда жазушы юморды шебер пайдаланады. Ол Итбайдың теріс мінез, оғаш қылықтарын үнемі келекелеп, сынап жазады. Сонымен бірге Итбай ойы, психологиялық күйініш-сүйініштер қабаттаса келіп, мол суреттеліп, геройдың іс-әрекетін, образ ашарлық тілдік ерекшеліктерін толықтырып отырады.

Жазушының суреттеуінде Итбай тек малқұмар, дүние қоңыз адам ғана емес, даңққұмар, содыр, мақтаншақ та.

Жазушы геройының оғаш мінездері мен іс-әрекетіне үнемі сын жасап отырады. Бұл – автордың ұнамсыз образды әшкере етіп, оқушыға әбден таныту ниетінен туған» [133, 45-б], – деп дұрыс көрсетеді Б.Шалабаев.

Жазушы Итбайдың малқұмар, даңғой, әулекілік қылықтарын өз тарапынан баяндап қана қоймайды, сонымен бірге оны өзіне лайық ісімен, мінезімен, сөзімен ерекшелеп көрсетеді. Бұрын да шала есі бар Итбай қолына мал тигесін енді тіптен желігіп кетеді. Ол өз ағайындарынан да іргені бөлек сала бастайды. Бір жылы қыстау төңірегіндегі ел жазғұтыры жайлауға көше бастайды да, Жамантай қатты науқас боп Амантай ауылы мезгілінде жайлауға көше алмайды. Итбай тықыршып, маса-шыбынға жем болып отырамыз ба, әртүрлі шаруамыз бар ғой, бие де байлаған жоқпыз, науқасы қайтуші еді, теңге салып алсақ та көшу керек деп, Амантай, Серғазыларға ақылдасады. Бірақ, олар Жамантай науқасының түрі жаман болған соң Итбайға ырық бермейді. Итбай осы кезде үйге бір кіріп, бір шығып «осы ит өзі өлетін болса өлмеді-ау» деумен болады.

Бұл – Итбай мінезінің әбден шектен шыққан, өзінің иттігіне оқушының көзін жеткізген мезгілі. Енді ол Амантай, Жамантай секілді ағайындардан қол үзгенмен, бай адамға дос табылады деп түсінеді.

Бірақ көз алдындағыдан басқаны көруге дағдыланбаған Итбай қыз сатып баюға болмайтынын, оның барлығы байлардың өз мүддесін тапқанша уақытша істеп отырған «кеңдігі» екенін түсінбейді. Кезі келгенде Тұрлығұл ол малдың бірін ұрлатып, екіншісін барымталатып, үшіншісін даумен жеңіп қайтып алатынын, өзінің әрі малдан, әрі қыздан айырылып, әрі ел алдында күлкі болатынын ол сезінбейді.

Итбайға өз ісінің қателігін өмір сабағы ғана танытады. Ғайша Қожашпен қашып кетеді де, Тұрлығұл одан мал даулауға шығады. Итбай кеше өлімін тілеп жүрген ағайындарының, бүгін саулығын тілеуге шығады. Оның паналары да, сүйенері де – сол ағайындары болады.

– Жазығымыз Тұрлығұлдың жасына қарамай қыз берген еді, қорықсақ, сыйласақ та би-болыстардың тілегінде болған еді, келсе жалпылдап қонағасымызды берген едік, енді мұнысы қалай?

– Қолына берген соң қатыныма ие болмадың деген Тұрлығұлдікі не сөз, ат-тон, айыбы не? – дейді олар.

Сол ағайын, туыстарының сүйеуімен Итбай Тұрлығұлға мал қайтып берген жоқ, дейді жазушы. Бұл – әрине, онша шындыққа жата қоймайды. Тұрлығұл, Әбіштер бар тұрғанда, Итбай Амантайлардың талай малы барымтаға түскені даусыз.

Әдебиетші Б.Шалабаев романдағы басты ұнамсыз кейіпкердің бірі – Итбай образын талдай келе өз ойын былайша түйіндейді, «Қорыта айтқанда, Итбай – романда мейлінше ерекшеленген, өзінің іс-әрекет, мінез-құлқымен дараланған образ. Оның бойына сол замандағы жексұрын сипаттардың біразы – малқұмарлық, қараулық, ұсақ мінезділік, даңқұмарлық, даңғойлық, мақтаншақтық, есерлік, дарақылық т.б. жинақталған.

Романда осы қарайлас сыйқы бар адамдардың ішінен Итбай жалғыз емес. Оның інісі Қарақұл да, туысы Амантай да – күні туса Итбай болғалы тұрған адамдар» [133, 45-б].

Романдағы ең ұнамсыз кейіпкерлердің енді бірі – Тұрлығұл. Дегенмен, «Қалың мал» романының қай басылымын алсақ та, Тұрлығұл жастарға қарсы тегеурінді қимыл көрсететін басты бейне емес. Кейінгі жөндеулерінде автор қосымша детальдар мен эпизодтар арқылы оны алдыңғы лекке шығармақ болса да, мақсатына жете алмаған. Кейінгі басылымдарда Тұрлығұлға қосылған мінездемеге назар аударсақ: «Тұрлығұл ұзын бойлы, мес қарын, түксиген қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймыққандай, елге зәбірлі, көршілеріне мазақ, қатты мінезді адам еді».

Ендеше осындай мінезді адамның жалшыларының еркін жүруін немен түсіндіруге болады.

Көркем шындықтың өзі бірімен бірі байланысып, үндесіп жатқан бөлек әлем. Сондықтан да ондағы басты кейіпкерлердің кейбір әрекетін өзгерту, мысалы күшейту арқылы оны жаңартуға болмайтыны белгілі. Ол үшін сол характер сомдалатын басқа да компоненттерге, әсіресе әлеуметтік мазмұнға қажетті түзетулер енгізу керек.

С.Көбеев әлгіндей жаңа мінездеме жасаған Тұрлығұлдың әрекеттерін өзгертпей, сол алғашқы қалпында (1913 ж. романдағы) қалдырған. Роман басындағы шаруасын істейтін жалшылардың мал мен үйге қарауды біржола қойып «қонақ үйге су-су шұлғау, байпақтарын» жайып, байдың аса қадірлі аты, үлкен торыны (1913 ж. Рисак торы) мініп алып қақпан құрып, тышқан аулап, шілделікте жүруі қалай болар екен? Сол тәрізді, романда Тұрлығұл үнемі Әбіштен сұрайды. Ағайындарының оның малына қол сала бастауы қалай? Әлгіндей мінезді, әрекет адамына бұл тән емес.

Тұрлығұл сонша катал-әрекет адамы болса, күйеу баласы Шалқанға қамшы жегізіп, үйінен Ғайшаны алып кеткен Қожашқа қарсы қалай болғанда да бір әрекет жасар еді. Тіпті солай болғанда да Тұрлығұлдың кейінгі әрекеттері тым жеңілдеу, автордың мінездеуіне сай емес.

Сыртқы бейнесі ұсқынсыз Тұрлығұлдың іші де толған арамдық пен надандық. Ол енді өзінің байлығымен сатып алғысы келеді. Байлық – ол үшін жақсы, беделді болудың өлшемі. Б.Шалабаев автордың 1913 жылғы алғашқы нұсқасымен шектелгендіктен бұл кейіпкердің образын төмендегідей сипаттайды, «Революцияға дейін қазақ әйелдерінің қыр соңынан қалмай, оларды зарлатқан, әйел теңдігін аяққа басқан, көптеген демократ жазушылардың ызасын келтірген, оның ішінде «Қалың мал» романының авторы осы шығармасында айрықша көтерген қалың мал – осы Тұрлығұлдардың малы. Тұрлығұл өзінен гөрі малына көбірек сенеді. «Маған бермегенмен де, малға береді ғой» – дейді ол Ғайша жайын алғаш сөз еткенде. «Менің малыма қыз табылмайтын ба еді, неге маған бұл дана береді», – дейді тағы да Тұрлығұл Итбайға ренжіп. Ағасынан қалған немере інілерін ол малын қызғанып үйіне жуытпайды.

Романда Тұрлығұл жаманшылықтың, жауыздықтың, зорлықшылдықтың жиынтығы іспетті. Өзі алғалы отырған қыздың нендей ойда, көңілі қалай ма,

жоқ па, оның мұнда ешқандай ісі жоқ. Оның ұғымы бойынша, барлық гәп, бұ дүниенің қызығы мен қазығы байлық пен билікте. Ал өзі соның екеуіне де ие. Сондықтан Ғайшаның мұның айттырып, сөз салуына көнгісі келмеуін тек балалық, тіпті ақымықтық көреді.

Осындай малға ғана сүйенген, одан басқа сенері де сезері жоқ сасық бай Тұрлығұл – сезімсіз, топас, қара жүрек адам. Жасының жетпістен асып кеткеніне қарамастан ол малға сатып жас қыз алады. Ғайшаның көз жасына қарамайды.

Байлығы мен надандығының үстіне, Тұрлығұл – мазасыз адам. Ол қарамағындағы шаруаларды бір шыбықпен айдайды. «Тышқақ лағым құрлы бәсі жоқ иттер, мені аяп жүрмендер. Тойғандарыңды көтере алмай жүрген шығарсындар, ерегіссем, ақыларыңды бермей қоямын», – деп қорқытады ол Аманжол мен Хасенді.

Тұрлығұлдың ұнамсыз қылықтары – қалың мал беріп қыз алумен, қарамағындағы шаруаларға қатал қараумен шектелмейді, оның үстіне ол – мейлінше кекшіл, залым адам. Бұған Тұрлығұлдың Медеуге көрсеткен қиянаты толық дәлел бола алады.

Жазушы Тұрлығұл образы арқылы сол кездегі қазақ байларына тән – типтік характерді даралайды. Ол өзінің барлық қылық-әрекеттерімен романда мейлінше анық көрінген» [133, 45-б]. С.Көбеевтің «Орындалған арман» атты кітабында, Тұрлығұлдың прототипі – Кішіқұмдағы Ыбрай бай делінген. «Тіпті Тұрлығұлдың түрі-түсі, жалпы сыртқы пішіні, мінез-құлқы Кішіқұмдағы Ыбрай байдың айнымаған бейнесі деуге болады. Тұрлығұлды көр де – Ыбрайды көр. Алайда, романдағы қаһармандар жеке бір адамның ғана бейнесі емес, сол уақыттағы өмір шындығына тән кейіпкер жыйындысы деп білуіміз керек», – дейді С.Көбеев («Орындалған арман», 108 б.).

Жазушы шағын эпизодтар мен ұтымды штрихтар арқылы сол кездегі ел билеу жүйесіндегі әділетсіздіктерді, парақорлықты, биліктің мал мен ақшаға сатылатындықтарын батыл әшкерелейді.

Бұған қосымша романдағы кейбір әлеуметтік жағдайды да есепке алу керек. Романның, әсіресе, 1913 жылғы нұсқасында Тұрлығұл елге-зорлық жасап, қаталдық көрсететін ызғарлы байдан гөрі, бәйбішесінің өліміне қатты қайғырған дәрменсіз шал. Сондықтан да Ғайшаға жаны ашып, көмектесуші жастар Әлкен, Бірке, Жүніс, Серғазылар оның әрекетсіздігін біліп, Қожашқа Ғайшаны Көкшетауға алып қаш деп кеңес береді. «Сонау Көкшетауға артынан іздеп кім барар дейсің. Еліңе бір жеткесін заңмен, болмаса қолмен бұл (Ғайша – А.Қ.) елінде қалады. Тұрлығұл болса шал, Итбай болса, мынау».

«Итбай болса мынау» дегеннің өзінен автордың бұл образға деген ирониясы, юморы байқалады.

Сонымен қатар, Қожаштың ағайындары да Тұрлығұлдан қорқып отырған жоқ. «Жарайды, талабың қайырлы болсын, мұнда аман-есен бір жетсең, Есіл елі біздің Қыр елінен зорлағанда ғана мал алады, болмаса ол да жоқ қой». Қарап отырсақ, Тұрлығұлдан ешкім де қорқып отырған жоқ. Аткамінер, ақсақалдар мен би-болыстардан да үрейленіп отырған кісі

көрінбейді. Бұл сол дәуірдегі халық көңілі мен санасындағы өзгерістердің бірін көрсететін факті ғана.

XX ғасыр басында қазақ жастарының, әсіресе, қыздарының бостандық үшін күресінің соншалықты күшеюі де ғасырлар бойы тырп еткізбей келген салт-сананың, би-болыс, ауылнай, атқамінерлер тобының билігінің бұрыңғыдай шексіз болмай солқылдауында, олардың қаулап көтеріліп келе жатқан ел наразылығынан үрейленуінде, жоғары-төмен жалтақтауында.

С.Көбеевтің «Қалың мал» романының 1934 жылғы екінші басылымында шығарма көркемдік жүйесіндегі әлеуметтік мазмұн өзгертіледі. Тұрлығұл момын байдан елді ықтырған ірі феодалға айналады. Сондықтан да оқырман роман мазмұнындағы сәйкессіздікті бірден сезінеді.

Көркем шығарманы келесі басылымда өңдеуде көркемдік жүйедегі әлеуметтік мазмұн әуендеріне абай болу керек. Қоғамдық қатынастарда пайда болған жаңалық, жаңа сана, әрекет, мінез-құлқы, түрлі әлеуметтік күштер көзқарасы, қарым-қатынасы тиісті деңгейге көркем мазмұнда көрініс табады. Бұл ескерілмеген немесе өзгертілген жағдайда роман көркем мазмұнындағы үндестік бұзылады. «Қалың мал» романындағы көркем шындық осыны көрсетіп отыр.

Шығарманың басты-басты кейіпкерлерінің образдары осындай.

С.Көбеев «Қалың мал» романын жазуда XIX ғасырдағы классикалық орыс әдебиетінің гуманистік дәстүрінен үйренгені анық. Романның авторы – жасынан орыс мектептерінде оқыған, орыс әдебиетімен таныс, өз білгендерін халық арасына кең таратуға талпынған адам. Өзінің ағартушылық, оқытушылық қызметімен қатар орыс жазушыларының көптеген шығармаларының мазмұнын қазақшалап әңгімелеп айтып беріп жүреді.

С.Көбеев өзінің творчестволық ізденуін орыстың классикалық әдебиетінен үйренуден, содан үлгі алудан бастады. Бұл жөнінде автордың өзі былай дейді:

«Бұл романды жазу маған оңай тиген жоқ. Мұның әртүрлі себептері де бар еді. Біріншіден, роман жазылған кезде баспа жүзін көрген қазақтың жазба түрдегі көркем әдебиет шығармалары тіпті аз еді және олардың идеялық бағыттарын былай қойып, түрлерін алсақ, ауыз әдебиеті әсерінің рамкасынан асып шыға алмаған дәрежеде еді. Біздің солтүстік аймақта маған тіл үйренер, үлгі-өнеге алар жалғыз-ақ қазақтың ауыз әдебиеті және Ыбырайдың өлеңдері мен балаларға арнап, оқу құралына лайықтап жазған новеллалары ғана еді. (Абайдың жинағы менің қолыма, кейінірек түсті). Сондықтан да романның тіліне, стиліне ауыз әдебиетінің әсері тигендік барлығы қазіргі оқушыға айқын байқалып отыратын болу керек.

Екіншіден, романның сюжеті, оның құрылысы (композициясы) кейіпкескіндері жайында кеңесетін, пікір алысатын да адам жоқ еді, мұны түсінер деген бірен-саран адам болса, оның да «қызық екен» дегеннен басқа айтары жоқ болатын. Маған тек орыс тіліндегі романдарды оқып, оларды үлгі ете отырып жазуға тура келді» («Орындалған арман» 108-б).

«Қалың мал» романының негізгі қаһарманы – халық, роман соның іс-әрекетін, тіршілігін баяндады деп кесіп айту артық болар еді. Бірақ бұл –

романның халықтық идеясын теріске шығармайды. «Қалың малдың» негізгі оқиғасы бір қыздың трагедиялық хал-күйіне арналғанмен, жазушының көзқарасы, сол іске өз жеке басының қатынасы арқылы халықтың пікір, халықтың ойы мен көзқарасы беріледі.

С.Көбеев творчествосының халықтық сипатын, бағытын айқындайтын бұл идея орыс әдебиетінің тікелей әсерінен туған еді.

«Қалың мал» романындағы сыншылдық, сатиралық, юморлық ерекшеліктер де – орыс әдебиетіндегі сыншылдық бағыттан, Гоголь, Чехов тілдеріне тән мысқыл мен улы кекесіннен үйренгендіктің жемісі.

«Әрбір юморда әрі күлкі, әрі қайғы жатады», – дейді революционер-демократ Чернышевский.

Қоғамдағы халыққа жат тәртіп пен сол тәртіпті орнатушыларды сынап-мінеп, күлкі ете отырып, орыстың реалист жазушылары өз Отанының келешегін үнемі ойлаумен болды. Гоголь шығармаларында бұл күлкі бүкіл крепостнойлық қоғамды айыптаудай болып естілсе, Чехов әңгімелерінде адамдық қасиетті ұмыта бастаған тоғышарлар мен обырлар сыйқы суреттеледі. Жазушы өзіне замандас типтерді көріп күлсе, жалпы мораль жайында ойлап қайғырады. Мұның өзі Чернышевский айтқан: жауыздықты әшкерелемей тұрып жақсылық күту мүмкін еместігі туралы пікірді толық дәлелдеді.

С.Көбеев романындағы сатиралық, юморлық ерекшеліктерді де – орыс әдебиетінен үйрену негізінде жазушының саналы түрде кіргізген жаңалықтары деп қарау керек. С.Көбеев те қазақ қоғамының дамуына, ілгері басуына кедергі жасап отырған қылықтардың, салт-мінездердің бәрін батыл сынады, өз еліне қызмет етуге жарайтын жастардың бейнесін ұсынды. Бұл арқылы жазушы халыққа жат нәрселерді жерлей білетіні мен халқын сүйе білетінін, оның сәтті жолда ілгері басуын тілейтінін көрсетті.

«Қалың мал» романындағы образ жасау, стильдік, тілдік ерекшеліктерінен қазақ жазушысына Гогольдің қатты әсер еткені байқалады. Романда суреттелетін паракор, ел жегіш Тұрлығұл, Байғазы, Құрымбай бейнелерінен Собакевичке тән дөрекілік пен жемқорлық, Ноздревқа тән дарақылық пен даукестік, Маниловқа тән жалқаулық (өз шаруашылығына қарамай, ылғи кісі еңбегін пайдалану, Қанша өлгеннен кейінгі Тұрлығұл үйінің бейнесін, Тұрлығұлдың әрекетсіздігін еске түсіріңіз – А.Қ.) аңғарылып отырады. Ақшақұмар, тиындап жиып қап толтырып үйренген Коробочка, атақты сараң, байлықты ғана ойлап адамдық сиқын да жоғалтып алған Плюшкин бейнелерінің кейбір ерекшеліктерін С.Көбеев «Қалың мал» романында Итбай образын жасауға пайдаланған. Итбайдың малқұмарлығы, сарандығы, жайлауға көшіп, бие байлау үшін Жамантай өлімін тілеп жүрген мінездері осыны анық дәлелдейді.

Оның үстіне шығарманың геройларына ат қою әдісінен де С.Көбеев те Гогольдің жазушылық тәжірибесіне сүйену аңғарылады. Орыстың ұлы жазушысы әр кейіпкерін өзінің мінез-құлқы, характеріне ұқсас аттармен (Собакевич, Ноздрев, Манилов т.б.) атаса, Спандияр да осы әдісті

пайдаланады (Итбай – ит мінезді, жексұрын адам. Байғазы – би, бай адам. Әрі бай, әрі қазы, би деген мағынады т.б.).

Осы тәрізді орыс әдебиетінің игі әсерлерімен қатар, С.Көбеевтің «Қалың мал» романында қазақтың бай ауыз әдебиетінің әсері де жоқ емес. Бұл әсер, әсіресе, Итбай образынан анық көрінеді. Ол «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Қарабайға ұқсайды. Қарабай баянды сатып мал үстіне мал қосуды көздесе, Итбай Ғайшаны сатып байымақ болады.

Романдағы кейіпкерлердің мінездемесінен де ауыз әдебиетінің әсері анық байқалады. Ауыз әдебиетіндегі ұнамды кейіпкерлер (әсіресе, қыздар) әдетте, «Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар» ғажап сұлу адам боп кездеседі, оның бойында кемшілік те болмайды. Әрі әнші, әрі домбырашы, әрі балуан – сегіз қырлы, бір сырлы болады. Қыз бен жігіттер, көбінесе, айтысу үстінде табысады. Осындай қасиеттердің біразы Ғайша мен Қожаш бастарында бар. Романның композициялық құрылысына да ауыз әдебиетінің, сол кезде қазақ даласына көп жайылған қисса, ауыз күйіндегі фольклорлық материалдардың ықпалы тиген. Ғайшаның әкесіне айтатын өлеңі, Серғазы үйіндегі тойдағы Қожаш пен Ғайшаның кезекпен ән айту көріністері ауыз әдебиеті негізінде жазылған. Шығарманың тілінде де, автордың баяндау сарынында да ауыз әдебиетіне тән әңгімешілдік бар.

Қазақ тілінде жазылған алғашқы романдардың бірі болса, да, «Қалың мал» тіл көркемдігі жағынан едәуір құнды шығармалардың санатында. Сондықтан «Қалың мал» романының тілін зерттеу мәселесі – қазақтың әдеби тілі дамуының тарихымен байланысты күрделі мәселелердің бірі.

«Қалың мал» романының тіліне тән басты ерекшеліктердің бірі, – деп жазады Б.Шалабаев, автордың халықтық шұрайлы сөздерді, мақал-мәтелдерді орынды, мол пайдалануы. Бедерлі, көркем тілмен жазылған сөйлемдері қысқа да тұжырымды, әрбір кейіпкер өзіне ғана тән тілмен сөйлейді.

Тек мақал-мәтелдерді пайдалануда емес, жалпы дүниеге көзқарас, ой өрісі тұрғысынан да С.Көбеев романында әр адамның тілі мен мінез ерекшеліктері өзіне тән сипаттарымен ашылып отырады. Сол арқылы жазушы образдарды даралай біледі, дей келе, нақты мысалдармен дәлелдей түседі.

«Ондай ретті адам болса, көрерміз, – дейді Тұрлығұл Байғазы, Құрымбайлардан Ғайша жайын естіп, – «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал» деген мақал бар еді. Өз көңілім де қыз алмақ. Маған бермегенмен де, малға береді ғой». Осы бір үзіндінің өзінде Тұрлығұлға, соның мүддесіне орайлас, сол тілекпен туған, өз түсінігіне лайық сөздер бар. Ол «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал» деген мақалды өзіне қонымды көріп айтса, қызды «маған бермегенмен де, малға береді ғой» деп өзінің надан ұғымын, феодалдық тоң мойын ой-өрісін сыртқа шығарып отыр. Осындай ұғым, теріс түсінік тек Тұрлығұл емес, соған типтес надан адамдардың көбінде бар. Және олар өз түсінігіне лайық, бірін-бірі мақұлдап сөйлеседі.

Өмірге осындай надан көзбен қарап үйренген, соған лайық ұғымы бар бұл адамдардың әдет-ғұрпы, сана-салты да осыған орай қалыптасқан. «Е,

бай! Бәйбішеніңді беріпсіз, алды иманды, арты қайырлы болсын, – дейді олар Тұрлығұлға көңіл айта келіп. – Бұрынғы өткен бабаларымыздың айтқаны бар емес пе, «Қатын өлді – қамшының сабы сынды», «Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырар, жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар» деп, басы қаңғырады дейтін жарлы емессің, жастың алпысқа келгеніне қарамай-ақ мал берсең, біреу өзі-ақ қызын әкеп тастар. Малға қызын кім бермеуші еді».

Ал, өмірлік құбылыстарға түзу, дұрыс көзбен қарайтындардың ұғымы басқаша. Олар «Әйелдің сөзін қойшы» деп оған теріс рай бере сөйлемейді, әйел басын азат етуге, оған деген теріс көзқарасты сейілтуге талаптанады. Надан салт-санаға езіліп, үйреніп кеткен топ «әйелге еркектің үлкендігі бола ма» деп қараса, бұлар «Жас-жастың тілегі бір» деп өз ойларының орайлас, тілектерінің бір бағытта екенін айтысады, әйелдің жауы – қалың малға қарсы күреседі.

Жазушы романда осы екі топтың, олардың өмірге деген әртүрлі көзқарасын қарама-қарсы қоя суреттейді. Біреуі оған ескі ата-баба жолымен сүйегіне сіңген феодалдық надан салт тұрғысынан қараса, екіншісі таза адамгершілік қасиеттер тұрғысынан, адал жан, мейірімді жүрекпен қарайды. Ғайшаның Тұрлығұлға баруын алғашқы топ мақұлдап қарсы алып, «беріп отырған жеріміз бай, мал анау, дүние анау... Ғайша бара сол дүниеге ие болып, күмп ете түспей ме?» деп құптаса, екінші топ «Итбайдың өзі шын ит кісі екен ғой, Ғайша сықылды баланы неше бай болса да, шалға бере ме?» дегенді айтады.

Бұл айтылғандардың барлығы Спандияр Көбеевтің революция алдындағы қазақ ауылының өмірін терең біліп, таптық жікті жете аңғарғанын, одан дұрыс қорытынды жасай білгенін дәлелдейді. Бұ шығарманың жалпы көркемдік құндылығын арттырып тұр» [233, 50–51-бб.].

Б.Шалабаев шығарманың кемшін тұстарын да тілге тиек етеді, «Роману присущи серьезные недостатки. За исключением Итбая образы большинства героев романа полностью не раскрываются. Взаимоотношения Кожаса и Гайши показаны поверхностно, порою необубедительно.

Не свободен роман и от элементов натурализма. Тем не менее писатель сумел передать в нем характер вольнолюбивой казахской девушки, способной бороться за свое чувство и человеческое достоинство» [233, 51-б], – дейді.

«Қалың мал» романының мол тілдік, көркемдік ерекшеліктеріне баса назар аударған ғалым Б.Шалабаев өз ойын былайша білдіреді: «Қалың мал» романында пейзаждық суреттер көп емес. Бірақ жазушы аз суреттесе де, табиғат көрінісін әсерлі етіп береді. Ол табиғатты жалаң емес, оны геройдың іс-әрекеті, жан дүниесі, сезімімен, көңіл күйімен байланыстыра суреттейді.

Оның үстіне «Қалың мал» романын оқыған адам қазақтың ескі әдет-ғұрып заңдарынан көп хабар алады. Бұл жерде ұлттық ерекшеліктің белгілері, тұрмыс-жағдайларға байланысты шыққан әдет-ғұрып, салт-сана заңдары суреттеледі. Адамның дүниеден қайтыс болуына байланысты болатын қазақ ауылының мінез-құлқы Қанша өлімінің үстінде көрінсе, қыз ұзату жоралғылары Ғайшаның ұзатылуы суреттелген тұста беріледі.

Өлікке көңіл айту, қуанышқа құтты болсын айту, шілдеhana күзету, ойын-той салттарына романда көрнекті орын берілген. Онда әртүрлі ұлттық ойындар («Алақан соқпай», «Сақина алмақ» т.б.) ойналады. Ұрқияны ұзату тойында ат жарыс, балуан күрес өткізіледі.

Бұл айтылғандардан «Қалың мал» романының қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрып заңдарын зерттеуде этнографиялық маңызы барлығын байқауға болады.

Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романының маңызы ерекше. Бұл – қазақ жазба әдебиеті тарихындағы тұңғыш романы болуы өз алдына, мұнда жазушы төңкеріс алдындағы қазақ ауылының бостандық аңсаған жастары өз бақыттары үшін қалай күресті деген сұраққа жауап береді. Романда қазақ ауылының өмірі, ондағы әлеуметтік теңсіздік, феодалдық-патриархалдық салт-сана аяусыз әшкереленеді. С.Көбеев орыс әдебиетінен үйрене отырып, өз дәуірінің шындығын көрсететін реалистік шығарма жасады. Әрине, «Қалың мал» романының жаңадан шыққан кезіндегі әр-ажары қазір солғын тартқан, бірақ ол өзінің көркемдік әрі тарихи маңызын жойған жоқ. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, бұл роман қазақ әдебиетінде көркем прозаның одан әрі өріс алуында зор рөл атқарды» [133, 45-б].

Әдебиетші ғалым Б.Шалабаевтың роман жанрын жекелей алып, оның сыры мен сымбатын, әдебиеттегі орнын, формасы мен мазмұнына байланысты білікті ой, терең талдау жасағандығы белгілі. Оның пайымдауынша «роман белгілі бір мөлшерде көбіне қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылатын көлемі кең, алған тақырыбы мен баяндайтын оқиғасын барынша сарқып айтатын, эпикалық шығарманың бір түрі» [134, 104-б]. Осы орайда ғалым Ш.Елеуқеновтің, «Происхождение романа в его существенных чертах В.Г.Белинский относил к эпохе «новейшей цивилизации», т.е. к определенным общественным условиям. Выростая из потребностей жизни, роман развивал и синтезировал в себе черты различных родов и видов литературы, в том числе и эпоса. Роману, анализирующему взаимоотношения личности и общества, необходим был наряду с проникновением в частную жизнь охват общества в целом. А это означало то, что роман не мог обойтись без опыта народных и литературных форм эпоса с их масштабностью и всеохватностью. Именно в изображении «народной» жизни, в «мировом содержании» видел В.Г.Белинский назначение эпоса.

В фундаментальном труде «Теория литературы» Института мировой литературы им. А.М.Горького сформулирована важная закономерность в развитии романа после революции: «Сохраняя все свои своеобразные черты, роман становится еще более многогранным и масштабным, вбирая в себя эпическую мощь, размах, действенность» (Теория литературы. Основные проблемы в историческом освещении. Роды и жанры литературы. М.: Наука, 1964. С. 171.).

В новаторском подходе к изображению действия этот существенный процесс авторами выделяется особенно, а именно, как возрождение

эпической природы романа» [237, 187–188-бб], – деген түйіні Б.Шалабаевтың роман жанрына берген анықтамасын нақтылай түседі.

Ғалым романға осылайша тұжырымды сипаттама береді де оның да әдебиеттегі басқа да жанрлардай бірден қалыптасып, мағынасы мен формасы жағынан дами қоймағандығына назар аударады. Ол көне Рим, Александрия, Афина, Милет қалаларында алғаш жарық көре бастаған новеллалар мен бүгінгі романдардың арасының жер мен көктей екендігін ескертеді. Дегенмен өз дәуірі үшін бұл новеллалар роман болып саналғандығын назардан қағыс қалдырмайды. XII–XIII ғасырларда халықтық сипат алған новеллалар «роман» деген атауға ие болды. Әйтсе де орта ғасырлық новеллалар романға тән қызметті атқара алмады.

Шалабаевтың пайымдауынша қазақ топырағында дүниеге келген «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек», «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Қаңбақ шал» тәрізді ертегі, аңыздар, Ыбырай Алтынсариннің «Надандық», «Киіз үй мен ағаш үй», «Оқу», «Әдеп», «Ақ төс» тәрізді қысқаша әңгімелері эпостан кейін туып өрбіген новеллаларға өте ұқсас.

Орта ғасырдағы новеллалар романның орнына жүрген романның шағын формасы деген ғалым тұжырымын қолдауға болады.

Бірнеше новеллалар бірігіп келе-келе романға айналып, ұзақ батырлар жыры эпосқа айналған тәрізді деген Шалабаев болжамы қызықтырады. Ол Баккачоның «Декамерон», М.Наварскийдің «Гепжамерон», бертіндегі Гетенің «Бейне түлкісі» шығармаларын өз ойын бекіту үшін мысалға келтіреді.

Ғалым жалпы роман деп атағанымызбен оның бірнеше түрге бөлінетіндігін нақтылайды. Бірінші – авантюристік роман. Оның басты кейіпкері қу, алаяқ, қолынан келмейтіні жоқ жылпос болып келеді. Алуан арналы оқиға осы кейіпкердің төңірегінде өрбиді.

Екінші – мінез-құлық түзеткіш, яғни «нрав» үйреткіш роман. Мұнда жақсылық пен жамандық қатар өрбиді, кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы суреттеледі.

Үшінші – сентиментальді роман. Ғашықтық, сүйіспеншілік, көрсеқызарлық тәрізді қылықтарды ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас арқылы суреттейді.

Төртінші – публицистикалық роман. Бұл XVIII ғасырдың екінші жартысында Францияда пайда болды. Ғалым оған Вольтердің «Кандид» романын мысалға келтірген. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде жарық көре бастады. Герцен, Чернышевский, Помелевский, Слепцов тәрізді халықшыл жазушылар әлеуметтік мәселелерге назар аударды. Публицистикалық романдар қазақ топырағында да пайда болды. Оған С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдары дәлел.

Бесінші – тарихи роман. Ол XIX ғасырдың бірінші жартысында ағылшын жазушысы Вольтер Скоттың творчествосынан бастау алады. Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», А.Толстойдың «І Петр», т.б.

Алтыншы – фантастикалық роман. Бұл жоғарыда тізілген романдардан мүлде бөлек, қиял-фантазиялық ой көріністерінен тұрады. Жюль Верннің романдары осыған дәлел.

Жетінші – элеуметтік тұрмыс-салт романы. Мұны кейде психологиялық-реалистік деп те атайды. Оған Пушкиннің «Евгений Онегин», Лермонтовтың «Біздің заманның қаһарманы», Горькийдің «Матвей Кожемякиннің өмірі», С.Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романдары жатады [134, 105–106-бб].

Ғалым осылайша жеті топқа бөлгенімен онысын өзі «тек долбарлау, нағыз, дәл жіктеу емес» деп мойындайды. Өйткені жеті түрдің ешқайсысыда таза формасында кезікпейді деген дәлелді тұжырымы да бар.

Ғалым романды қандай тәсілдермен жазылатындығына да назар аударған. Оны ішінара үшке бөліп, өзінше түсінік береді. Кім болса ол болсын, ол алдымен адам. Ендеше әр адамның басынан өткен жағдаятты жазу. Ол адамнан образ жасау, оның тәсілдерін ғалым тарамдай талдауға талпынған.

Шалабаев марксистердің романның социалистік қоғам әдебиетінде өзінің шарықтау шегіне келіп өркендейтіндігін үш түрлі себеппен дәлелдейді. Дейді де сол мәселелерге назар аударады.

XX ғасыр басындағы қазақтың азаттық жолындағы күресіне елеулі үлес қосқан талантты ақындардың бірі – Сәкен Сейфуллин еді. Алғашқы шығармашылық еңбегін демократиялық, ағартушылық бағытта бастаған ол төңкеріс тұсында отаршылдық езгі мен ұлттық қанауға қарсы батыл үн көтеріп, ақындық қызметін халықтық күреспен тікелей байланыстырды. Элеуметтік төңкерістер тұсындағы жолайрықта большевиктер партиясы соңына қосылып, солардың қатарында күрестің азапты жолын басынан кешірді. Содан бастап ақын халықтың азаттығы мен тәуелсіздігі мәселесін пролетарлық күрес идеясымен байланыстыра қарады. «Езілгендер мен қаналғандарға теңдік әперіп, қатарға қосамыз, қоғамның қожасы етеміз» деген ұранға сеніп адал қызмет етті. Сондықтан да өзінің саяси-қоғамдық қызметімен де, шығармашылық еңбегімен де Қазақстандағы социалистік құрылыс ісіне берілгендік танытты және осы саясатты батыл жырлаушы болды.

Социалистік төңкеріске тікелей қатысқан жалғыз қазақ ақыны Сәкен өз шығармаларында дәуірдің күреске толы рухы мен күрес шындығын арқау етіп, күрескер адамның жаңа тұлғасын жасады. Ол әдебиеттің де бетін осы бағытқа бұруға себепші болды. Жаңа әдебиеттің кәсіби жетілуіне, жанрлық жағынан молайып дамуына үлес қосты. Өзі де көптеген жанрларда заманның жаңа сөзін айтушы болды. Азаматтық лирика, лиро-эпостық поэмалар туғызды. Проза мен драматургия, әдебиет зерттеу мен сын саласында да азаттық іздеген халықтың көңіл күйін бейнелей білді.

Төңкерістің алғашқы жылдары саяси-қоғамдық қызметі мен ақындық үні ел арасына кең тараған Сәкен есімі қазақ халқының аңызға айналған ұлттық батыры қатарынан орын алды. Ол шығармаларымен халқына жаңа заман шындығын тануға көмектесті. Мұның бәрі Сәкеннің жаңа мазмұндағы төңкерісшіл қазақ әдебиетінің негізін салушы болғанын дәлелдейді.

XX ғасырдағы қазақ жаңа әдебиетінің негізін салушылардың бірі, Қазақстанның қоғамдық тарихында көрнекті орын алатын қайраткер Сәкен Сейфуллин аз ғана ғұмырында найзағайдай жарқырап өтті. Жаңашыл жазушы қаламынан туған шығармалар халық өмірінің көкейкесті, өзекті тақырыптарын аша көрсетті, жанды бейне, көркем тұлғалар арқылы терең идеялар айтып, эстетикалық игіліктер жасады.

Ұлттық әдебиетке жаңа мазмұн, жаңа түр, жаңа идея әкелген жазушы туындылары халқымыздың қымбат рухани қазыналарының қатарына жатады.

Өмірде өз орнын таба білуден артық бақыт жоқ. Дүние төңкеріліп астанкестені шығып жатқанда, жаңа заманды қалыптастырып жіберуге белсене араласу, игілікті істердің басы-қасында болу кімге болса да үлкен абырой. Патшалық езгі мен тепкіден есеңгіреген елін азаттыққа, теңдікке жеткізу үшін қажетті болған және қолынан келген істің бәрін істеді. Оның бар арман-тілегі – кешегі өткенді бүгінінің пайдасына жарату, сөйтіп жаңа әдіспен қанат жая бастаған әдебиеттің негізгі өркендеу арнасынан көз жазбау болды. Оны талай шығармалармен дәлелдеп, өлмес мұра қалдырып кетті. С.Мұқанов сөзімен түйіндесек, «Сәкен Сейфуллин барлық жанрда да елеулі еңбек атқарып, бәрінің де алғашқы бұлжымас берік қадасын қағып берді».

Ғалым Б.Шалабаев қазақ әдебиетінің алғашқы қадамын анықтау үшін С.Сейфуллиннің прозасына ғылыми талдау жасаудың теориялық және практикалық мәнінің зор екендігіне назар аударып төмендегідей пікір білдіреді: «С.Сейфуллин – қазақ даласында Совет өкіметінің орнауын ең алдымен жырлаған жазушы. Өз творчествосында ол әдебиетке жаңа характер ала келді, жаңа қоғам орнату жолындағы күреске бел буған қазақ ұлдары, азамат соғысының аты аңызға айналған батырларының характерін жасады.

Сейфуллиннің творчестволық концепциясы оның революцияшыл ой-пиғылынан, революциядан кейінгі жылдарда Совет өкіметінің алдында тұрған ұлы міндеттерді терең түсіне білетін күрескердің дүние тану көзқарасынан туады. Ол алға қойған міндеттердің бірі – басына бостандық алған азат адамның характерін қалыптастыру, адамның мінез-құлқын түзету, еңбек адамын жаңа өмірге араластыру, оны сол өмірдің қожасы ету.

С.Сейфуллин творчествосы арқылы қазақ әдебиетінде ары таза, адамгершілігі мол қаһарманның, советтік құрылысты нығайту, социализм құру жолындағы күреске жан-тәнімен берілген патриоттық характері туғанын көреміз. С.Сейфуллиннің «Жер қазғандары», «Бандыны қуған Хамит», «Жемістер» мен «Айша» повесінде және жазушының тіпті ең алғашқы шығармаларының өзінде қазақ өмірінің көкейкесті мәселелері сөз болды. Бұл шығармаларда туған халқының бақыты үшін майданға шыққан күрескердің революция рухына толы жалын лебі сезіліп тұрады. С.Сейфуллин қашанда ел өмірінің революциялық жақтарына құштарлана бой ұрып, соны ынтыға, қызыға суреттейді» [199, 90-б], дейді де, өз ойын былайша қорытады, «Сейфуллин-художник формировался и рос под влиянием Сейфуллина-революционера, политического деятеля» [239, 28-б].

Сәкеннің қоғамдық-әлеуметтік салада да, мемлекеттік іс ауқымында да тындырғандары өте көп. Осының бәрін жайната, жарқырата түсетін керемет

өнерпаздықтың, ақын-жазушылықтың өн бойынан табылғанының мәні зор. Жаңа заман әдебиетінің мазмұны мүлде соныланып, суреттелер кейіпкерлері өзгергендігін жыға түсінген Сәкен драматургияда Еркебұланды сахнаға шығарса, өмір бойы поэзияға үйреніп қалған халықты қара сөзден нәр алуға шақырып, заман шындығына негізделген шығармалар жаза бастады. Оның ең ірісі, көлемді үлгісі – «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық-автобиографиялық романы.

«Қазақ әдебиеті тарихында» бұл шығарма «қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде шешуші роль атқарды. Фактілердің, документтердің молдығымен де, жазушының нақты көркем суреттеумен де жеткізіп суреттейтін күрделі роман әрі тақырып жаңалығымен, әрі тарихшылық пен суреткерліктің жарастық табуымен кімді болса да қызықтырады» [240, 320-б] деген ғылыми тұжырымды С.Мұқанов, М.Әуезов, Ә.Тәжібаев, Ғ.Мүсірепов сынды ұлы ақын-жазушылардың қомақты ой-пікірлерімен, әсіресе Сәкен шығармашылығын арнайы зерттеген ғалымдар Е.Ысмайылов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиевтардың әрқилы эпитет-теңеулермен толтыра айтып-жазғандарымен әдебиеттану ғылымында орныққаны шындық.

Сәкен Сейфуллин романы ұлттық прозаның балаң шағында туғандығына қарамастан, жазушы көркемдік құралдарының әр алуан түрін пайдаланады. Бұл жолда ұлттық әдебиет үшін мүлде тың тақырып әрі жөргекке оралуы роман жанрының автобиографиялық үлгісіне тән кейбір стильдік-композициялық шектеулер әкелетін кедергілерді жеңе білді. Мәселен, жазушы мұрат тұтатын кейбір характер өлшеміне қарама-қарсы келетін мінез-қылықтарды кездестіріп, ашына толғанатын шағынан басқа жерде аса ірі рухани-эволюциялық мәні бар монологтарға барған. Ширыққан тақырыпқа толы бұл монологтар дүниетанымдық, әлеуметтік-ұждандық сауалдарға терең сезім толқынымен жауап іздеу, нағыз ақиқатқа ұмтылу пафосын өрнектеген. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» қазақ ұлты бастан кешкен XX ғасыр басындағы әрі тарихи оқиғаның талғап, оқитын көркем шежіресі болып табылады.

Профессор Т.Кәкішұлы «Тар жол, тайғақ кешу» романы жайында былай дейді: «Роман-эсседе ұлт-азаттық қозғалысының өзекті мәселелері, әсіресе қазақ елінің автономия алып, теңдікке қол жеткізу жолындағы ізденістері, бүкіл алаш қозғалысына ұйымдық сипат дарытатын партияның құрылу мән-жайы, алаш көсемі Әлихан Бөкейханов пен кемеңгер Ахмет Байтұрсынов жайындағы Сәкен көзқарасы мен қарым-қатынасы тарихи шындық деңгейінде әсіресе, 1927 жылғы басылымында байсалды суреттелген. Сондықтан ол – қазақтың төңкерісшіл, социалистік реализм бағытымен дамыған әдебиетінің ғана емес, бүкіл сөз өнерінің ұлы да кезеңді (этапты) шығармасы болып тарих бетінен орын алады.

Шығармашылық жағынан келгенде қазақ әдебиетінде роман жанрының қалыптасуына ықпал етіп, тарихи оқиғалардың мәнін ұғуға нақты сезінуге, жанды бейнеде көруге мүмкіндік берген қайталанбас шығарманың басқаларға тигізген шапағаты көп болды, әрі белгілі дәрежеде тарихи-мемуарлық дәстүр жасады. Көркем образ жасау үшін кейіпкердің барлық

болмысын қамтитын ұзақ-сонар суреттеулерге бара қоймағанымен, ойдым-ойдым миниатюрлар арқылы шеберлігін танытты. Автордың өзі негізгі кейіпкер болғандықтан шығарманың композициялық тұтастығы мен сюжеттік желісі роман-эссе мемуарлық қасиет те дарытты.

Қазақ прозасының алғашқы туындыларында шытырман сюжеттік желі, психологиялық талдаулар, образды сомдау, типтендіру некен-саяқ болғаны рас. Олай болған себебі, біріншіден, біздің жазушыларымыздың көркемдік шеберлігі мәрелі биікке көтеріле қоймаған болса, екіншіден, мирас болып келе жатқан дәстүр онша мол емес еді. Үшіншіден, негізі жаңа қалана бастаған, әлі қалыптасып болмаған өмір өзін пәрменді насихаттауды, тезірек орнықтыруды ақын-жазушылардан қатаң талап еткен болатын. Соның салдарынан шала дүниелер жас қаламдардан аз туындамады.

Көркемдік шеберліктің талай шарты орындалмай жатқанына қарамастан «Тар жол, тайғақ кешу» – қазақ әдебиетіндегі белеңді (этапты) туынды. Қазақ жазушыларының үлкен полотно жасап, роман жанрын игеруге әбден мүмкіндігі барын айқындап берді.

С.Сейфуллиннің эпикалық жанрға ден қоюының себебі не деген мәселеге үңіле қарасақ, негізі қаланып жатқан жаңа өмір поэзия шеңберіне сия бермеді, ал ішіндегі жаңалықтарды, халық тірлігіндегі өзгерістерді алымы кең проза арқылы суреттеу қажет болды» [241, 37-б].

XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың энциклопедиялық анықтамасы болған роман-эссенің тарих пен әдебиеттің бел қайыстырар ауыр жүгін қосарлай арқалауы, құйынды да дауылды, шапағатты да қасіретті кезеңнің шежіресін жасап беруі Сәкен үшін ғана емес, бүкіл әдебиетіміз үшін орасан зор олжа. Өйткені ұлтымыздың тағдыры тәлкекке түскен 1916 жылғы зобалаңның, 1917 жылы елді қаңсыратқан төңкерістердің басы-қасында қазақтың ойы толғамды, тілі өткір, қаламы жүйрік сөз зергерлері аз болған жоқ. Алайда солардың ішінен шынға шыққан шынардай тек Сәкеннің ғана «Тар жол, тайғақ кешуді» жазуы, бірінші уақыт талабы болса, екінші автордың қаһарман батылдығын, ұрпақ алдындағы адалдығын, әлеуметтік парызын мықтап сезгенін аңғартатыны сөзсіз.

«Тар жол, тайғақ кешу», – дейді ғалым Б.Шалабаев, – жаңа дәуірдің жаңа адамдарының жарқын да бірегей бейнелерін жасағандықтан да құнды. Бұл айтулы кітапты жазу үстінде Сейфуллин халық туралы, оның сана-сезімінің қсуі, революция, жаңа заманның орнауы, яғни халқының тарихи қиын жолы туралы шебер жеткізе білді» [133, 74-б].

Ал енді осы шығарманы Сәкенді онша мадақтап, құлай бермейтін Ғабит Мүсіреповтің ойымен бір толғайықшы: «Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуі» өзіндік ерекшелігі бар ғажап нәрсе. Мемуар, документ, көркем проза жанрлары араласып келген, сөйте тұра бұл өзі біртұтас дүние. Екінші бір адам «Тар жол, тайғақ кешуді» қайта жазып шыға алмайды. Бұл бір дәуірдің таңба басатын жеріне таңба басып, мөр басатын жеріне мөр басқандай эсер етеді» дегенін еш уақытта естен шығармау керек.

Қазақ әдебиетінің көркем, мағынасы терең, әлеуметтік мазмұны бай, жанрлық формасы күрделі, ұзақ жасай беретін сирек туындысы – «Тар жол,

тайғақ кешу» романының алғашқы тараулары 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған бұл шығарма тұңғыш рет 1927 жылы жеке кітап болып басылды. 1936 жылы роман екінші рет баспаға әзірлегенде, автор елеулі редакция жасаған. Бұл редакция туралы Т.Кәкішев пен К.Ахметова арнайы кітап жазды. Осы нұсқа кейін бірнеше рет қайта басылды. Роман орыс тіліне аударылды. Жазушы шығармаға арнап жазған «Беташар» деген алғы сөзде: «Мақсұт 1916–1919 жылдардағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің (революцияның) Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде әйтеуір із қалдыру болды» [242, 9-б], – дейді.

Шынында да автор осы алға қойған жазушылық міндетін идеялық-көркемдік тұрғыдан түгел орындап шыққанын көреміз. Расында, «Тар жол, тайғақ кешу» 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен бастап, қазақтардың азаттық жолындағы күресінің шындығын большевик ақынның көзімен бейнелейді. Автор халықтың ғасырлар бойы іштен тынып, сыртқа шығара алмай келген ашу-ызасының 1916 жылғы июнь жарлығы кезінде стихиялық күрес түрінде көрініп, оның әлеуметтік революцияларға ұласуын суреткерлікпен көрсетеді.

Романның «Тар жол, тайғақ кешу» деген аты авторлық идеяны ашуда бейнелік, символдық рөл атқарса, жеке тарауларға берілген аттарда саяси, көркемдік дәлдік бар, уақыт пен кеңістік ерекшеліктері нақты беріледі, жер-су атаулары өз қалпында.

Шығарма Омбы семинариясын бітіріп, 1916 жылы Ақмола уезіне келіп, Бұғылы еліндегі ауылдық мектепке мұғалім болып тағайындалған жас ақын Сәкен Сейфуллин оқу басталғанға дейін жалпы Россияда өтіп жатқан санақ жұмысына қалай араласқанын баяндаудан басталады.

Б.Шалабаев, «Бұл мемуарлық романда қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясына келу жолы, Қазақстан Совет өкіметін құруға атсалысуы жарқын әрі тарихи шындықпен суреттеледі.

«Егер мемуарлар шебер жазылған болса, – дейді В.Г.Белинский, – ол роман өлкесіндегі тағы бір мүмкіндік болып табылар еді. Тарихты дәлме-дәл көрсету мен ойдан қосылған қиял арасындағы ортақ нәрсе неде десенізші? Көркемдеп айта білуде. Тарихшыларды суреткерлер деп текке айтпаған. Жазушы деректермен, фактілермен жұмыс істей бастағанда, соларды өнер ету үшін сол фактілерді мүмкін болғанынша дұрыс көрсетуге тырысуы керек. Фактіні дұрыс көрсету үшін бір ғана білім аздық етеді. Мұның үстіне тағы фантазия қосылуы керек. Деректердегі тарихи фактілер тас пен кірпіш сияқты. Осы материалдардан көркем күмбез орнату тек суреткердің ғана қолынан келеді» (В.Г.Белинский. Собр. соч. в трех томах, т. III, М., Гослитиздат, 1968, 802–803.).

Шынында, сан қилы тарихи фактілер романда өте көп. Тек нағыз суреткер ғана олардан «көркем күмбез» орната алар еді. Көлемі отыз баспа табақтан сәл ғана асатын кітапта жеті жүзге жуық кейіпкер тіршілік етеді. Оқырман мұнда сол жылдардағы партиялар арасында болған қиян-кескі күрестің құнды мағлұматтарын, Қазақстанның ішкі жағдайының сипаттамасын кездестіреді. Романдағы оқиға автордың атынан баяндалады» [133, 64–65-бб], – деп атап өтеді.

Роман сюжетіне дiңгек боп орналасқан аса көрнекті азамат ақын, күрескер Сәкен Сейфуллин тұлғасы зор тарихи-әлеуметтік құбылыстың қазақ жеріндегі дүмпуін, сахара халқының ұлттық-саяси бостандыққа ұмтылған алмағайып тағдырын елестетеді. Автор – қаһарман бар болмыс-бітімі мен дара характер ерекшеліктеріне қарамастан, үлкен жалпылаушылық сипаттарға бай. Қаламгер өз басынан кешкен сұрапыл оқиғаларды еске түсіре отырып, эпизодтық кейіпкерлер өмірінен тікелей баяндау немесе автрдың шегіністер арқылы уақыт шындығын көрсететін мәлімет, хабарлар келтіріп отырады. Романда төңкеріс қарсаңы мен кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның бар түкпіріндегі саяси-қоғамдық істердің бағыты, барысы, салалары кең пайымдалады. Автобиографиялық кейіпкер тіршілігі ел ішіндегі іргелі әлеуметтік-психологиялық құбылыстармен тығыз байланысты. Роман композициясындағы екі сюжеттік жұлгенің бірлесе дамуын, бір-бірін толықтырып, мазмұндық жағынан байытуын аңғарамыз. Сәкеннің жеке басынан өткен жағдайлар газет мақалалары, хат, телеграмма мәтіндері, лирикалық шегіністер, әңгімелеу түрлеріндегі тарихи шындық деректерін нақты мысалмен өрнектейді.

Романда белгілі қаһармандар тобының арасында фабулалық негіз бойынша тұтанып, өрістейтін, шарықтау шегіне жетіп, шешімді табатын әдеттегідей тартыс жоқ. Мұндағы тартыс жалпылық көлемде алғанда не ықылым заманнан бері тақымға басқан үстемдігінен айрылғалы тұрған бай-болыс, төрелер мен патша жандайшаптары және материалдық игіліктер бөлісінен ысырылып қалған, әлеуметтік-құқылық бостандығы шектеулі еңбекші бұқара арасындағы әскери, идеологиялық қақтығыс. Тар мағынасында – Анненков, Колчак армиясын жақтаушылар мен Ақмола Совдепі мүшелерінің күресі. Біз қазір құндылықтар парадигмасын ауыстырғанмен, «Тар жол, тайғақ кешудегі» бас қаһарманмен бірге атақты азабын, Анненков вагонын, Омбы лагерінің темір шынжырын көрген Катченко, Бачок, Дригге, Павлов, Нүркин, Асылбеков, Кондратьева, Панкратова тәрізді большевиктердің сенім күші мен төзім қуатын, табандылығын мансұқ ете алмаймыз.

Жоғарыдағы ар-ождандық, әлеуметтік-психологиялық сапалар шығарманың баяндау жүйесі бойынша С.Сейфуллин образында әрекет-сезімдік деректер арқылы мейлінше мол жинақталады. Сәкен революцияға қалыптасқан тұлға ретінде араласады. Образдың туу, өсу тарихынан хабар беретін көріністер жоқ. Іс-қимыл, қайраткерлік үшінде шырығып, шындала түсетін мәндә мінез сипаттарын танимыз. Кейіпкердің саяси-дүниетанымдық бет-әлпеті жауларына қатысты көзқарасынан байқалады. Ақмоладағы қажы, қалыс, саудагерлермен де, Орал, Торғайдағы Алашорда өкілдерімен де Сәкен публицистикалық стильде ашық айтысқа барады. Біз, әрине, мұндай сәттерге уақыт талабы ыңғайымен, әркім өз талғамына орай, түрлі рәуіште көз салуға еріктіміз. Мәселен, автор теріске шығара көрсететін Алаш қайраткерлерін қазір ұнамды қырынан пайымдауға мүмкіншілігіміз мол. С.Сейфуллин жеке өзіне тән сол кездегі пайыммен, тағдыр нұсқауымен дұшпандық жікке бөлінген қарсыластары туралы субъективті тұрғыдан сөйлеуге құлықты әрі

мәжбүр. Кедейлердің «Үш жүз» ұйымын сауатсыздығы, орашалақтығы үшін қостамас, идеологиялық жауларын сынағанмен, олардың білімі, айла-шарғысын, шешендігін бағалай қоя алмайды.

С.Сейфуллиннің теориялық, таптық ұстанымға сүйенгенін жасыру да, ол үшін жазушыны айыптау да керек емес. «Тар жол, тайғақ кешу» – ең алдымен тарихи, әдеби факт және көркем мәтін. Ал мәтін әр заманда әр адам арқылы әр түрлі оқыла береді.

Бұл ретте Б.Шалабаевтың да мына бір пайымдауын назарға алғанымыз жөн болар, «Тар жол, тайғақ кешуді» 1916–1919 жылдардағы қазақ өмірінің энциклопедиясы десе болғандай. Мұнда тап күштерінің жай-жапсарын білуге мүмкіндік беретін және барлық партиялардың, әсіресе қызметі әлі жан-жақты зерттелмеген «Үш жүз» деп аталатын партияның қызметін, идеялық позицияларын сипаттайтын аса құнды материалдар жинақталған.

Романда әр түрлі ұлттардың алдыңғы қатарлы өкілдері еңбекшілердің өмірлік маңызы бар мүдделерін шешетін ұлт-азаттық қозғалыстың дем берушілері ретінде көрінеді.

...Революциялық ұрандардың, телеграммалардың «Тар жол, тайғақ кешуден» бұрынырақ шыққан Д.Фурмановтың «Тас-талқан» романында көп қолданылғанын атап өткен жөн. Бұрын жазылған шығарманың, оның қаһармандарының немесе сюжеттік тәсілінің басқа бір жазушының жаңа творчестволық шешімге келуіне әсер ететін жағдайлары өмірде кездесе береді. Бұл ретте талантты орыс қаламгерінің туындысы қазақ жазушысы үшін творчестволық үлгі болған» [133, 70–71-бб].

«Тар жол, тайғақ кешу» басынан аяғына дейін өрбіп отыратын тұтас сюжеттік желімен дамымайды. Мемуар болғандықтан да, ол автордың әңгімесіне құрылады. Сәкен өзінің Омбы семинариясына 1916 жылы бітіріп келгенінен бастап, 1919 жылдың күзіне дейін көрген, бастан кешкен жайларын әңгімелейді. Осы әңгіме арқылы оқырман революция алдындығы қазақ ауылының хал-жайы, тұрмыс-күйімен, 1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісінің тууымен, 1917 жылғы ақпан төңкерісі, қос өкімет, Керенский, Колчак үстемдігі тұсындағы оқиғалармен және Қазақстан революциялық тарихымен танысады. Автор әңгімесін тар көлемдегі өзінің биографиясы күйінде емес, кең, әлеуметтік тұрғыдан баяндайды.

Кітаптың бірқатар деректі мәліметтері Ақмола қаласы мен облыстағы әлеуметтік күрес жайларын әңгімелеуге арналады. Ақмола жастары патша өкіметі құлаған соң бірқатар жаңа шараларды іске асырып, «Жас қазақ» атты ұйым құрады, «Тіршілік» атты газет шығарады. Республикадағы кеңес жолын жақтап шыққан алғашқы ұйымдардың бірі болып Совдеп ұйымдастырады.

«С.Сейфуллин «Жас қазақ» ұйымын құрады, оның нақты революциялық программасын да белгілейді.

Автор өз ісінің дұрыстығына, халықтың озық, прогресшіл күштеріне сенеді. Енді біз Сейфуллинді саяси қиын жағдайлардан дұрыс жол тауып шығатын, дұшпанның күшті және әлсіз жақтарын жақсы білетін, революциялық тактиканың шебері ретінде көреміз» [133, 68–69-бб].

1918 жылы маусым айында жергілікті ақ казактар контрреволюцияшыл күштердің көмегімен көтеріліс жасап, Ақмоладағы кеңес өкіметін құлатады да, совдеп басшыларын тұтқындайды. Осы дәуірдің оқиғалары арқылы Сәкен революция қайраткерлерінің тар жол, тайғақ кешуден өткен ерлік күресін суреттейді. Ақмола түрмесінде, атаман Анненковтың азап вагонында өздері басынан кешкен ауыр күрес жолдарын реалистік тұрғыда бейнелейді.

Азап вагонын Сәкен дозақтың отымен салыстырады.

«Бала күнімізде дозақтың азабын суреттегенде айтатын еді:

Тоңсаң, қып-қызыл болып жайнап тұрған, өлшеусіз, үңірейген пештегі отқа тастайды. Оттың күштілігі сондай, күндік жерден күйдіреді. «Күйдім»... десең, өлшеусіз үлкен, үңірейген мұзды теңізге тастайды. Мұзды теңіздің суықтығы сондай, күндік жерден қатырады... «Тоңдым» – десең, қайтадан отқа тастайды...

Міне, сол дозақ – осы біз отырған вагон. Бірақ бұл тым тар. Тым қараңғы» [242, 293-б].

«Тар жол, тайғақ кешу» кейіпкерлерінің бейнесі осындай ауыртпашылық азап үстінде көрінеді. Онда Ә.Жангелдин, А.Иманов, Ә.Әйтиев, С.Шәріпов, Ә.Майкотов, К.Сүтішев, т.б. азаттық жолындағы күрескерлер туралы мол дерек бар.

«Ал әңгіме революционерлердің қызметі жайында қозғалған ретте автор аса терең тебіреніске, сүйіспеншілікке, романтикалық талпынысқа ауысып отырады. Жылы шыраймен суреттелген күрескерлердің – дала комиссары Әліби Жангелдин мен азамат соғысының аты аңызға айналған батыры Амангелді Имановтың, Әділбек Майкотов пен Бәке Серікбаевтың, Сабыр Шәріпов пен Тоқаш Бокиннің, Әбдірахман Әйтиев пен Нығмет Нұрмақовтың бейнелері оқырманның көз алдында тұра қалады» [133, 69-б], – деп жазады Б.Шалабаев.

XX ғасыр басындағы күрделі күрес жағдайында әдебиетімізде тың жанрларды бастауға қатысқан Сәкеннің жазушылық тәжірибесі жанрлардың даму жолын зерттеуде де бағалы әрі қызық. Онда белгілі бір жанрдың шеңберіне сия бермейтін туындылар да кездеседі. Шығарманың идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, жазу стилі тұрғысынан қарағанда, «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи, өмірбаяндық, құжаттық романның да, мемуардың да белгілерін қамтиды. Шығарманың осы өзгешеліктері шыққан кезінен бастап, күні бүгінге дейін мезгіл-мезгіл оның жанрлық сипаты жайлы әр түрлі пікірлер туғызып келеді. Б.Шалабаев «Тар жол, тайғақ кешу» романының табиғатына үңіліп, «В.Г.Белинскийдің жанрлардың шекарасы нағыз дәлдіктен гөрі, шамамен айырылатыны, тіпті тарихи шындық шығармашылық қиялмен ұштасып келіп, өзіне қажет форма тудыратыны жайлы пікірін ескере отырып, оның үстіне, революция дәуірінің әдебиеттің мазмұнына лайық жаңа түр белгілеуде кіргізген зор өзгерістерін қадағаласақ, «Тар жол, тайғақ кешу» – біздің әдебиетімізде де тың туынды екенін түсінеміз. Онда Сәкен мемуарды да, очеркті де, публицистиканы да, лириканы да, саяси сатираны да, өмір туралы ойларын да тоғыстырады. Керекті жерінде тарихи құжаттарды да пайдалана білді. Сөйтіп, «Тар жол, тайғақ кешу» көркем шығарма ғана емес, құжаттық кітап есебінде де Қазақстандағы әлеуметтік күрес тарихынан мол мәлімет беретін еңбек болып шығады.

Сәкен прозасы әдебиетіміздегі осы жанрдың туып, дами бастауы кезіндегі өзіндік қызметімен де, жазушыға тән көркемдік ерекшеліктерімен де қазақ совет әдебиетінде елеулі орын алады» [133, 64–65-бб], – дейді. Дәл осындай пікірді әдебиетші ғалымдар С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалилар да ұстанады. Мәселен, академик Р.Нұрғали: «Романдағы барлық негізгі сюжетті ақынның өзі бастан кешкен, не өз көзімен көрген, не естіген оқиғалар жүйесі құрайтындықтан, шығарманың өмірбаяндық, тіпті мемуарлық сипаты бар. Мұның үстіне Қазақстан өміріндегі аса маңызды әлеуметтік-қоғамдық істер, күрделі тартыстар, тап күресі, дәлірек айтқанда, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, революция жылдары шындығы нақты әлеуметтік дәлдік, объективті тұрғыдан гөрі, белгілі позициямен көрсетілгендіктен, бұл туындыда саяси роман қасиеттері мол. Әр түрлі партиялар программаларын, түрлі қоғам қайраткерлері дүниетанымын, мақсат-міндеттерін, заман шындығын дәл беру үшін жазушы тарихи деректерді, газет-журнал материалдарын өзгеріссіз қалпында, цитата түрінде алып отырады. Ондай көркемдік тәсілдер шығармаға публицистика, журналистика элементтерін ендірген. Осындай жәйттер «Тар жол, тайғақ кешуді» тарихи-мемуарлық роман деуден гөрі, құжатты-саяси роман қатарына қосуға көбірек негіз береді» [37, 200–201-бб], – деп жазады.

Ғалым Р.Нұрғали: «Шартты түрде мағыналық жағынан шығарманы төрт бөлімге жіктеп талдауға болады. Романның «Революцияның алдыңғы жылдары» деп аталған алғашқы үлкен бөлімі «Шұбырада», «Әуілдек», «Тұлып», «Дауыл алдында» секлді жеке-жеке новеллалық сипаты бар, әрқайсысы аяқталған сюжетті әңгімеден тұрады. Жас автор ең алдымен қазақ ауылындағы таптық, әлеуметтік теңсіздікті айқын ажыратып көрсетеді, екіншіден, есте қаларлық адам тағдырлары (Әуілдек көлімен қоштасқан бақытсыз қыз), көз алдыңызға келетін сомдап соғылған дара тұлғалар (паң Нұрмағамбет), Сарыарқаның реалистік қуатпен салынған тамаша пейзаждары бар. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының кейбір көріністерін жазушы Арқадағы өзі көрген, басы-қасында болған оқиғалар арқылы бейнелейді, аса ушыққан әлеуметтік мәселелерді жасырмайды.

Сәкен Сейфуллин революцияның алғашқы жылдарының шындығын, совет өкіметі үшін күрес күндерінің шежіресін, негізінен, Солтүстік Қазақстанда, әсіресе бұрынғы Ақмола губерниясында болған оқиғаларды, нақты, тарихи адамдардың іс-әрекетін бейнелеу арқылы көрсетеді. Бұл баяндаудың басты сюжеттік арнасын революционер-ақынның өзі бастан кешірген, ішінде болған оқиғалар, тартыстар құрайды. Естіген жайттар, оқыған нәрселер, баспасөзден алынған материалдар өзгеріссіз қалпында көркем баяндаудың ішінде үзінді түрінде, дәлел ретінде, тарихи айғақ, құжатты тиянақтама болып, әр жерде беріліп отырады. Әр түрлі партиялардың программалары, олардың мүшелерінің тізімі, түрлі жиналыстардың хаттамалары, сан алуан ресми қағаздар, қаулылар, тарихи деректер, цифрлар – бұлардың баршасын автор, әсіресе төңкеріс кезіндегі аласапыран, қилы заман, дәуір шындығын тарихи тұрғыдан дәл, объективті көрсету үшін саналы түрде пайдаланған. «Алаш» партиясының қалай

құрылғанын, оының әр түрлі атыраптардағы әрекеттерін, негізгі басшыларын Сәкен Сейфуллин тәптіштеп айтудан тайсалмайды. Жеке қайраткерлерге, оқиғаларға саяси баға береді. Ол байламдар «Алаш» қозғалысына байланысты қазіргі көзқарасқа қайшы екендігін көрсету керек.

Романның үшінші бөлімінде чехословактар лаңы, Ақмолада Совет өкіметінің құлауы, содан кейінгі қанды оқиғалардың көп картиналары беріледі.

Көркемдік-эстетикалық тұрғыдан алғанда, «Тар жол, тайғақ кешудің» ең құнарлы беттері осы тұста, шығарманы нағыз психологиялық роман дегізерлік ерекше әсерлі суреттер бар. Автор бұл бөлімде көлденең оқиға, қосымша эпизодқа орын бермейді, басты назар, негізгі объект – Колчак әкімшілігі түрмеге салған әр түрлі ұлттан шыққан, сан алуан мамандық иелерінің төңкеріс жолында бастарын құрбан етуге дайын қаһармандардың трагедиялық жағдайдағы тағдырлары...

Романның төртінші жүйе әңгімесі Сәкеннің Омбы лагерінен қашып шыққаннан кейінгі шырғалаңдарын қамтиды. Бұларды бір-бірімен сюжеттік тұрғыдан байланысып жатқан оқыс оқиғалардың тізбегі десе де болғандай. Дүйсенбі деген бүркеншік атты жамылып, Омбыдан Шет қаласына барып, одан Баянауылдатып, өз ауылына жеткенше 844 шақырым жаяу жүрген жолда ақынның өткір көзі талай нәрселерді көріп, шалғыр құлағы неше алуан әңгімені естіп, өзі де бастан көп хикмет өткеріп, қабат-қабат ой толғайды. Төңкеріс кезіндегі Қазақстанның әлеуметтік-саяси, тұрмыстық-этнографиялық панорамасы жасалады. Жазушы қосалқы эпизодтар арқылы революционерлер Мұқаметқали Тәтімов, Сабыр Шәріпов бастарынан кешкен нақты оқиғаларды көркем новелла тұрғысына жеткізіп береді. Кейбір тарауларда ел өмірінің дәл суреттері, Ашай мерген, Шоқай болыс тұлғалары, ән-күй аңыздары («Ықылас күйі»), Бетпақдаланың табиғаты, Шу өңірінің тарихы беріледі. Шығарма Сәкеннің Әулие-Атаға келіп, Шуда Совет өкіметін орнату әрекеттерімен аяқталады» [37, 201–202-бб], – дейді.

Сәкен прозасының көркемдік мәні оның тақырыптық жаңалығында ғана емес, сонымен қатар ол өз кітаптарында халық өмірінің ең бір ауыр кезеңінің, әлеуметтік өзгерістердің тарихи шын суретін жасауға деген ұмтылысында. Оның кейіпкерлері – әлеуметтік-психологиялық тип есебінде, күрес, тартыс ортасында қалыптасады. Мұны Б.Шалабаев дұрыс атап өтеді, «Жазушы өмірде прототиптері бар жаңа кейіпкерлер жасаған, бұл мемуарлық шығарма үшін жай нәрсе емес. Сейфуллин өз қызметін баяндағанда шындықтан титтей де алшақ кетпейді. Сондықтан біз романдағы автордың бейнесін революционердің ең жақсы қасиеттерінің жиынтығы ретінде қолдаймыз» [133, 76-б].

«Қаламгер кедей қауымына әлеуметтік аяда көз салады. Жалшы-жарлының сырт кейпіндегі ерекшеліктер шет-шегі жоқ бейнет тауқыметін бедерлейді. Ішкі әсер күйлерін, кейінгі салдарымен бірге алынған іс-әрекет түрлерін бай ауыл тұрмысындағы жай-жапсарға сай риторикалық-публицистикалық стильде суреттеу реалистік мақамға бай.

Ал бұдан басқаша сипаттағы, қыр халқы қадір тұтатын рухани серпіліс сәті – той-думан көрінісі психологиялық тұрғыдан аса қызық. Баяндаушы-қаһарман қалың елмен бірге қуанады. Мұнда шешендік пен поэзия, музыканың беделі өлшеусіз зор. «Шұбыра» ауылындағы мереке барша сахара жұртына хас ойын-сауық, архетипіне сай мезеттерді шебер өрнектейді.

Сондай-ақ «Әуілдек» аталатын тараудағы жазушы тағдыр тәлкегінен қосыла алмай, сол қасіреттен жүрегін жарып шыққан зарлы әнін Әуілдек көлі жағасында әрбір кеш сайын салып, жан жарасына табиғаттың сиқырлы күшінен ем іздейтін әйел жайлы халық жадындағы естелік те қыр өмірінің шынайы детальдармен бейнеленуіне елеулі үлес қосады. Қоршаған ортаның жалпы суретінен әйел зарына ортақ лебіз байқалмайтындай. Алайда қасірет тартқан жандарға деген қоғам қатігездігіне тұспалмен мағыналық егіздесу бар. Шындықты сарабал бейнелеуден С.Сейфуллиннің фольклор мен ауызша поэтикалық дәстүрлерге қатысты жаңашыл қадамы байқалады. Табиғатты суреттездегі бұл амал ландшафтың сыртқы қасиеттері автор-қаһарман сана сфералары арқылы көрінумен ерекшеленеді. Жазушы кейіпкер жан дүниесіне үңілер сәттерде пейзаждық жекелеген бөлшектері субъективті қызмет атқара бастайды, антропоморфизмге негіз беретіндей: жылаған бейбаққа қамыс сыбдыры қосылатындай, көл үстіндегі құстар мұнды дауысты іліп әкететіндей...

Пейзаж, портрет жасаудағы С.Сейфуллиннің суреткерлік ерекшелігін тану үшін «Әуілдек» әнінің туу тарихы, кешкі ән-сауықта ерекше көрінген Қабипа атты қыздың бет-келбетін сипаттау тәрізді эпизодтарға көңіл аударсақ, терең авторлық толғаныстардың эмоционалды-бейнелеушілік күші мол екенін көреміз.

С.Сейфуллин шығармада ұшырасатын көптеген кейіпкерлерге толық тоқталып жату мүмкіндігі болмағандықтан, авторлық мінездеме беріп отырады. Мысалы, Ақмола үздік Совдеп мүшелерін ресми түрде санамалай келіп, кейбір өзі неғұрлым таныс адамдарға әдеттегідей шыққан тегі мен кәсібін атаумен шектелмей, оған қосымша адамгершілік, азаматтық қасиеттерін, ең басты характер сипатын ескертіп өтеді. Бұл тұста автор-қаһарман істес болған адамдармен ғана танысып қоймаймыз, жазушының едәуір тұрақты, тыныш психологиялық жағдайларда бұрынғы айтыс-дау, жасырын әрекеттердің қызу көрігінен өткен серіктерін бағалаудағы көңіл-күйі мен негізгі ұждандық-этикалық ұстанымдарын аңғарамыз. Жолдастарына берілетін анықтамалардан әсіресе оқшау, ұнамды мінез көрінетіні – қажырлылық, бірсөзділік, ақылдылық.

Романда айналада өтіп жатқан оқиға, құбылыстарды терең қуатпен бейнелейтін әсерлі жолдар жиі кездеседі. Бірінде автор – қаһарман халық басына түскен ауыртпалыққа күңіренеді, бірінде идеологиялық қарсылықтарына ашынады немесе өзінің, достарының қателіктеріне күйінеді, бұқараның аңқау, надандығына кейиді. Әйтпесе тұтқында жатқанда көрген азап-тауқыметтерін еске түсіріп, шамырқанады, қиын-қыстақтан халықпен бірге шығар жол іздеп, ширғады» [236, 405–406-бб].

Әдебиетші Б.Шалабаев роман жөнінде өз ойын мына сөздермен түйіндейді: «Тар жол, тайғақ кешудегі» басты мәселе – халық өміріндегі ең жауапты кезең болып табылатын тарихи мақсатты жете түсіну. Сондықтан автордың және басқа қаһармандардың болып жатқан оқиғалар мен болашақ өмір жайлы лирикалық-философиялық ой толғаныстары романда кең орын алған. Бұл арада Сәкен күнделікті тұрмыстағы суреттеуші емес, қоғамдық өмір мен адам іс-әрекетін терең талдай білетін ойшыл ретінде көрінеді.

Сондықтан романның көптеген қазақ совет жазушыларына идеялық және көркемдік ықпалы зор болды. Мұны ХІХ ғасырдың соңынан бастап 1937 жылға дейінгі қазақ қоғамындағы дамудың нақты көрінісін бейнелейтін «Өмір мектебі» трилогиясын жазған Сәбит Мұқановтың да, «Көз көргеннің» авторы Ғабиден Мұстафиннің де творчествосынан аңғару қиын емес.

С.Сейфуллиннің дәстүрі М.Қаратаев пен К.Алтайскийдің «Даладағы дабыл», З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» атты тарихи-әлеуметтік романдарынан да сезіледі.

Жазушы мемуарда революциялық романтикаға бой ұрған бейнелер жасады, өзі де солармен жақын жүрді. Олардың ең басты қасиеті – революция ісіне шексіз берілгендік, қайтпас қайсарлық және ешқандай қиындықтан тайсалмайтын мұқалмас жігерлік. Сайып келгенде, бұл шығарма қазақ совет прозасының тарихында ерекше маңызды болып табылады» [133, 77–78-бб].

Өз кезінде ең көкейкесті, заманның өзекті тақырыбына – Қазақстандағы Қазан төңкерісінің тарихи тағдырларын көрсетуге арналған «Тар жол, тайғақ кешу» романы кейбір тұлғаларды, қозғалыстарды, оқиғаларды бағалаудағы қайшылықтарына қарамастан, қазақ әдебиетіндегі сапасы жоғары, уақыт сынынан өткен кемел туынды, ерекше кітап.

Б.Шалабаев зерттеулерінің бір парасы Бейімбет Майлиннің прозасына арналған. Б.Майлиннің сан қырлы шығармашылық мұрасы ұлттық әдебиеттің кешегі және бүгінгі процестерімен тығыз байланысып жатыр. Бұл байланыстың мәні жазушы шығармашылығының жалпы әдебиеттің дамуына өлшеусіз әсер етіп келе жатқандығынан көрінеді.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жаңа дәуірін бастаған «алыптар тобында» ірі ақын, іргелі прозаик және драматург Бейімбет Майлиннің орны өзгеше, бөлек.

Қалам қызметіне ерте (1912 жылдан) араласқан Майлиннің ширек ғасыр ішінде жазған таңдаулы поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалары – біздің бүгінгі сөз өнерімізге қосылған қымбат қазына.

Қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі жанрларын қалыптастырып, дамытуға сіңірген ерекше еңбегін, бүгінгі қазақ ауылының жаңа тарихындағы жиырмасыншы-отызыншы жылдардың көркем шежіресін жасауда атқарған айрықша қызметін өз алдына қойғанда, Б.Майлин өзіне кейін қолына қалам ұстағандарға анық екі қырымен өнеге: 1) «Талант – еңбек» деп Горький айтқандай, саңлақ суреткер өлшеулі ғана шығармашылық ғұмырында өлшеусіз еңбексүйгіштігімен «Жазушылық – жазу, жақсы жазу, жақсы жаза алсаң, қалам құрғатпай жазу» екенін тынымсыз да мігірсіз іс-әрекетімен

қолма-қол дәлелдеп кетті; 2) «Әңгіме – шеберлік мектебі» деп Федин айтқандай, құдды қазақтың Чеховы секілді құдіретті зергер әрі қысқа, әрі нұсқа новеллалары арқылы шын мәніндегі әдеби шеберліктің мектебін ашып, осы жанрдағы шынайы, тап-таза, мөп-мөлдiр реализмнің үлгісін көрсетті.

Б.Майлин – поэзия, проза, драма саласында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгер. Ол «Садақ» қолжазба журналында, «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарияланған алғашқы өлеңдерінен бастап-ақ ел өмірінің сан-сала көкейкесті мәселелеріне ден қояды. Сахара жұртының мұң-мұқтажын, арман-аңсарын, әсіресе азаттық-теңдік тақырыбын тілге тиек етеді.

Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қыз», «Қашқын келіншек», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Кемпірдің ертегісі», «Хан күйеуі», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл-стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады.

Бейімбет Майлин дарыны оның прозалық шығармаларында айрықша жарқырап көрінген. Әсіресе, қазақ прозасында әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол – көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер.

Б.Майлин – он беске тарта повесть, бұған қоса «Азамат Азаматович» атты роман жазған қаламгер. Оның «Қызыл жалау», «Қоңсылар» атты романдары аяқталмай қалған. Мұның сыртында ол – ірілі-ұсақты 25 пьеса, либретто, сценарийлердің авторы.

Майлин аз өмірінде аса өнімді еңбек етіп, елуге тарта кітабын шығарды. Оның шығармаларында қазақ кедейінің мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі, арман-мүддесі бұрын болмаған деңгейде жан-жақты да терең суреттеліп, өміршең типтік бейнелер жасалды. Майлиннің ақындық қызметі 1912 жылы жазылған «Мұсылмандық белгісінен басталады». Төңкеріске дейін жазған көп өлеңдерінде («Мұқтаждық», «Мал», «Байлыққа») ауылдың ауыр тұрмысы, әлеуметтік теңсіздік жырланады. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы Майлин шығармашылығындағы халықтық сипатты күшейте түсті. Осы кезде жазылған «Қанды тұман» өлеңінде қараңғыға қамалған қалың елдің, аянышты халі суреттеледі. Ақынның шығармашылығында ұлт-азаттық, ағартушылық, демократтық сарындар түпкілікті қалыптасып, жаңа биіктерге бет алды. «Кедей», «Жауыз кім?», «Кедейге», «Құтты болсын», «Мейрамың», «Бүгін», «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз», «Коллективтің жырын айт» сияқты өлеңдерінде жаңа заман әкелген ауылдағы өзгерістерді, ондағы елдің тұрмыс-тіршілігін зор шабытпен жырға қосты. Б.Майлиннің поэзиялық шығармаларындағы Мырқымбай – типтік кейіпкер деңгейіне көтерілген жиынтық бейне. Мырқымбай бейнесі арқылы Бейімбет сол кездегі қазақ кедейлерінің болмыс-бітімін, уақыт, қоғам аясындағы тіршілік-тынысын суреткерлік шыншылдықпен бедерлей алған. Майлин

поэзиясындағы Мырқымбай бейнесі – жиырмамыншы жылдардағы қазақ кедейінің типтік бейнесін жасау жолындағы үлкен табысы. Мырқымбай – тұтас бір өтпелі дәуірдегі ауыл кедейінің өмірінде болған өзгерістерді оның сана-сезімі, мінез-құлқы, іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі арқалы шынайы суреттелген типтік бейне. Мырқымбай сияқты типтік дәрежеге көтерілген бейне қазақ әдебиетінде күні бүгінге дейін жасалынған жоқ. Ол ақынның жиырма шақты өлеңінде, екі поэмасында бірде басты, бірде қосымша кейіпкер ретінде көрінеді. Майлиннің біраз өлеңдері әйел теңдігі тақырыбына арналған. «Қыздың сәлемі», «Қашқын келіншек», «Ақсуаттың жанында» сияқты өлеңдерінде ескі салтқа негізделген қазақ қыздарының аянышты тағдырлары суреттеледі. «Азат әйел», «Ғазиза», «Шал мен қыз», «Ажар» сияқты өлеңдерінде жаңа заманда теңдікке жетіп, бақытты өмір сүре бастаған жастарды жырға қосты.

Б.Майлин өзімен замандас қазақ қаламгерлерінің көбі сияқты, жазуды өлеңнен бастағанымен, көп ұзамай прозаға ден қойған, бұл жанрдағы алғашқы туындыларының өзімен-ақ (мысалы, «Шұғаның белгісі») үлкен суреткер екенін паш еткен жазушы. Ол қазақ әдебиетіне проза жанрын қалыптастыруда керемет еңбекқорлық пен үздік шеберлік танытты. Әсіресе оның қуатты талантын айғақтайтын әңгімелері сан жағынан ғана емес, идеялық-көркемдік деңгейімен де қазақ прозасының алтын қорындағы інжу-маржандары болып табылады.

Поэзиясы сияқты, Майлин прозасы да, өзі жетік білетін, негізінен, ауыл өміріне, әсіресе Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ қоғамында адамдардың ой-санасы мен мінез-құлқында, психологиясында болған жаңғыруларды бейнелеуге арналған.

Б.Майлин әңгімелерінде ауыл адамдарының жаңа тұрмысқа көшуінің қиын процесі терең білгірлікпен біртіндеп, сатылап әңгімеленеді. «Қара шелек» деген әңгімесінде колхозға ұйымдасудың бір көрінісі шынайы суреттелген. Мұнда қарапайым ауыл әйелдерінің бірі Айшаның «Коллектив боламыз» деген жиналыста ойламаған жерден белсенділік көрсетіп, ауыл адамдарының атынан сөйлеуі, «майкөт» (байкөт) болған екі байдың жиналыстан шығарылуын талап етуі, ақырында өзі артель бастығы болып сайлануы баяндалады. Жиналыс кезінде өжеттік көрсеткен Айша, кенет өзін артель бастығы етіп сайлағанда, қатты толқиды. Қолдағы малын ортаға салуға іштей қимағанмен, ол жұрттың ауқымынан, заманның ағымынан сырт кете алмайды... Сөйте тұра, қара шелегін бүлдіріп қойғаны үшін Айша көрші әйелге қол жұмсайды. Автор Айшаның санасындағы жекеменшікшіл психологияның қайшылығын көрсетпек болған. Оқиғалар мен мінездерді өмірдің өз ағынынан ойып ала білген суреткер, әлгіндей бір көрініс, деталь арқылы-ақ ұжымдастыру жүзеге оңай аспағанын, бұл жолда талай-талай шырғалаң мен сарсаң, күдік пен толқу болғанын байқата алған.

Ал «Ұлбосын» атты әңгімесінде автор ауылдағы жалған белсенділердің зиянкестігін шебер көрсетеді. Жалпы, Б.Майлин шығармаларында колхоз қозғалысына орасан зардап келтірген арамза атқамінерлердің ұнамсыз қылықтары әшкереленіп отырады. «Ұлбосында» да солай. Колхоз жаңа

ұйымдасып, әлі де көңілдері дүдәмал жүрген адамдарды шолақ белсенділер дүрліктіре түседі. Мәселен, Оспан дегеннің үйіне, ойламаған жерден мынадай салық түседі. Салықты хабарлаушы бала Оспанның әйеліне келіп: «Шеше, тыңдаңыз, сіздің үйге берілген жоспар: бір пұт ет, он қадақ шыртылдақ, он қадақ ескі темір, он қадақ ескі жүн, төрт мүйіз, бес тұяқ, бір ит терісі, бір мысық терісі...», – дейді. Салықтың жиылып тапсырылуына жеті-ақ күн мерзім береді. Мынау сияқты сорақылықты тыяды дейтін өкілдің өзі ештеңені жарытып түсініп көрмеген адам. Осыдан-ақ ондайлардың ауыл өміріне қаншалық залал келтіргенін сезуге болады.

Ауылдың әккі қулары ойлап тапқан пәлекет жалғыз салықпен шектелмейді. Бұлардың озбырлығын көрген ел ішінде неше алуан алып қашпа сөз гулейді. Үрей туғызатын лақаптар тарайды. Қалампыр дейтін өсекші кемпір жұртты онан сайын шошытады: «Колхозға кіргеннің малы да, жаны да өзінікі болмайды екен ғой. Үндеместің үйі біліп, қоңыр сиырын қалаға сатуға апарғалы жатыр екен, колхоздың бастығы барып: «мал сенікі емес» деп жетегінен шешіп алып қалыпты. О да ойыншық-ау, адамды айтсайшы, бәрінен де масқарасы – әйелді ортаға салады білем. Неке болмайды дейді. Әйел мен еркекті нөмірлейді дейді». Міне, осындай жағдайда ауылдың момын шаруа адамдары неше түрлі машақатқа түскен. Автор Оспан деген қарапайым адамның отбасында осы тұста болған мінездерді бейнелейді. Үй иесі Оспан да, әйелі Шәрипа мен қызы Ұлбосын да түрлі толқуларды бастан өткереді. Бұрын қызын кешке қарай үйінен шығармайтын Шәрипа, «әйел мен қыз ортаға түседі» дегенді естігенде, қызын тезірек күйеуге беруді ойлайды. Ақыры Шәрипа қызы Әбулақап деген мұғалімге қосылғанда ғана тыным табады.

Жазушы жеке адамдар өмірінің күнделікті қарым-қатынас шындығынан қоғамдық тіршіліктің сырын аңғарта біледі, «кішкентай» фактілерден үлкен тарихтың сипатын сездіреді.

Б.Майлиннің бірсыпыра шығармасында топас белсенділердің ұнамсыз бейнелері жасалған. Өздері ештеңенің жөн-жосығын түсінбесе де, мансапқа қызығып, көп нәрсені бүлдіреді. Ондайлар «шаш ал десе, бас алуға әзір», айқайға, зорлыққа үйір. Отызыншы жылдардың бас кезіндегі Қазақстанда орын алған нәубетке жандайшаптар айрықша себепкер.

Жазушының «Арыстанбайдың Мұқышы» деген әңгімесінде сондай «белсенді» алаяқтың тұлғасы қашалған. Көпшілік жұмысында қамқоршы больш көрінгісі келетін, бірақ өз құлқынан басқаны ойламайтын, пайда үшін кімге де болса жала жабудан тайсалмайтын, жұртшылыққа бүйідей тиген Арыстанбайдың Мұқышын жазушы былайша таныстырады:

«Төртбақ, теке көз, шалбар бет қараны көрсең, бұл Арыстанбайдың Мұқышы екен де қой. Мұқыш екенін сездіруге өзі де құмар: қызмет басындағы адамды көрсе, шырғалап соның маңынан шықпайды.

– Жақсы келдің, шырағым, сені көруге құмар болып отыр едік, – деп, өзіңе жастық қоя, сені мақтай сөйлейтіні де бар.

– Кеңес үкіметінің жұмысына қасық қаным қалғанша дайынмын! – деп белсенділік көрсететіні де бар.

Онда да түсіне алмай томырықтық істесең:

–Арыстанбайдың Мұқышы дейтін белсенді кедейің мен боламын! – деп төсін қағып қоюдан да тайынбайды.

Осының бәрін жаудырса, «Мұқыш осы екен ғой», – деп, өзің де қол қоясың.

Ал «төртбақ, теке көз, шалбар бет қара», ежірейген мықыр Мұқыштың сырт кескіні де сондай нысаналы. Одан әрі Мұқыштың «қызмет басындағыларды» әбден ығыр қылған екі-үш ауыз үйреншікті жәдігөй сөзі мынау «сені көруге құмармын», «жұмысыңа дайынмын», «белсенді кедеймін». Шынында, Мұқыш, әкесі Арыстанбай секілді, күні кешеге дейін «осы ауылды бір шыбықпен айдап келген» атқамінер, қу, ел жегіш паракор болатын; бүгінгі тіршілігі де сол: «баққаны өсек, айтқаны – ғайбат; көксегені – ұрыс-керіс, жанжал; жұрт арасына іріткі салып, біреуді біреуге атыстырып-шабыстырып жүрген, жалақор, пәлекор. Мұндай алаяқ бұрын да болған, қазір де бар. Жазушы сондайлардың өз кезіндегі бір типтік бейнесін жасаған.

«Б.Майлин – қазақ әдебиетіне өзіндік характерді ала келген жазушы. Оның кейіпкерлерінде ұлттық ерекшелік, ұлттық психология айқын көзге түседі: әрбір образдың мазмұны бай, мағынасы тереңде жатады.

Қазақ прозасында Б.Майлиннің қосқан үлесі ең алдымен повесть жанрын дамыту мәселесімен, оның сюжет ұйымдастыру, фабулалық құрылысын жетілдіру, композициялық тұтастығын шыңдау, жетілдіру мәселесімен тығыз байланысты.

Б.Майлин – көптеген повестер мен әңгімелер жазған адам. Олардың ішінде характер тұрғысынан алғанда құндылары – «Шұғаның белгісі», «Раушан-коммунист» повестері, сондай-ақ «Ленин мектебі», «Алғашқы сабақ», «Қанды кек», «Әмірханның әңгімесі» т.б. әңгімелері» [199, 91-б], – деп жазады Б.Шалабаев.

Б.Шалабаев, «Б.Майлиннің неғұрлым маңызды шығармалары «Шұғаның белгісі», «Раушан – коммунист» повестері мен «Азамат Азаматыч» романы болып табылады» [133, 81-б], – дей келіп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтеді.

Өзінің проза жанрындағы тұңғыш туындысы – «Шұғаның белгісі» хикаятын Б.Майлин жасы жиырмаға толар-толмаста «Садақ» атты қолжазба журналда жариялайды. Соған қарамастан, бұл шығарма күні бүгінге дейін қазақ прозасының айтулы үлгілерінің бірі болып қалып отыр. Егер ол кез – 1914–1915 жылдары – қазақ прозасының жаңа ғана бой көтере бастаған балаң шағы екенін ескерсек, онда мұндай ғажайып туындыны қолына жаңа қалам ұстаған шәкірт талапкердің дүниеге әкелуі танымдық тұрғыдан да ерекше қызық құбылыс. Хикаятта ескі қазақ қоғамындағы кезекті мәселе – әйел теңсіздігі, бірін-бірі сүйген жастардың махаббат бостандығы әңгіме болады. Әлеуметтік теңсіздік кедергі болып, армандарына жете алмаған байдың қызы – аяулы Шұға сұлу мен кедейден шыққан мақтаулы, оқыған жігіт Әбдірахманның қайғылы тағдыры суреттелген. Есімбек бай қызын кедей жігітке бергісі келмей, олардың жолығысуына тыйым салады. Онымен де тынбай, өтірік жала жауып, Әбдірахманды айдатып жібереді. Осындай

қатыгез зорлықтан ішкүса болған нәзік жанды Шұға айықпас дертке шалдығып қайтыс болады. Айдаудан босатылған Әбдірахман сүйікті ғашығы – Шұғасына асығып жеткенде, қайран арудың қазасының үстінен шығып, бордай егіледі, өзіне қалдырған хатын оқып, көз жасын көл етеді...

Осы қысқа қайырымды оқиға сүйіскен жастар бостандығын қолдап, оған ерік бермейтін ескілікті сынайтын, ғасырға жуық уақыт бойы оқырмандарын тамсандырумен келе жатқан сұлу да сырлы, әсем де әсерлі хикаятқа қалай айналған десеңізші!

Б.Шалабаев Майлин повесіне былайша сипаттама береді: «Шұғаның белгісі» – екі жастың, Әбдірахманмен сүйгенінен еріксіз айрылып кейін күйіктен қайтыс болған Шұғаның аянышты махаббаты туралы повесть. Шығарма әсерлі де әсем жазылған.

Кейіпкерлердің жан-дүниесін ашып көрсетуде, олардың мінездерін сипаттауда, авторлық интонацияда, жазу мәнерінде Б.Майлин көп жетістіктерге жеткен. Шығарманың тілі өте көркем, артық еш нәрсе жоқ, бір сөзді алып тастау немесе орнын ауыстыру мүмкін емес [133, 82-б].

Хикаят күзгі табиғаттың әсем суретінен басталады: «Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді. Ұшпалысу бұлттар көшкен керуен сықылды тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырайлы нұрын шаша бастады». Баяндаудың осы бір жайма шуақ әуені әсерлі әңгіменің нышанындай сезіледі.

Әрі қарай «біз» дегеннің бірі – автор, екіншісі – «отыз-қырықтың шамасындағы жер ортасы адам» – Қасымжан деген «сиректеу сақал-мұрты бар, қара бұжыр» кісі екенінен хабардар болып, біршама портреттік белгілерін де біліп аламыз. Әңгімешінің мінген атының үсті-үстіне ұрып отырмаса, кейін қалып қала беретін қырсау, ал тыңдаушының атының «жүргіштеу... жортақтау» болуының өзі де оқырманның хикая қызығына деген ынтасымен әуендестік танытады.

«Жел артымыздан еді» деген де алдағы әңгіме қызығына асықтырғандай әсер етеді.

Ал әншейін ғана: «Пішініне қарағанда, бір түрлі сөйлемпаз адам» дей салғаны да әлденендей бір қызық оқиғадан дәмелендіре түседі. Өне, сол «Пішініне қарағанда, бір түрлі сөйлемпаз адам», «сөзді бастап та жіберді»: «Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... онда бірдәурен... иә... бұл елдің күзге қарай қонатын жері, жазғытұрғы барып, тамызға дейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де «Шұғаның белгісі» атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. ...Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы еді... Ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен Шұға дейтін қызы болды, Шұға десе, Шұға! Шұға, өй, шіркіннің өзі келбетті-ақ еді...».

Жазушының әңгімені Шұға жайына көшіруі мен шеберлігі де сондай тартымды әрі көп мағыналы.

– Мынау аттан түсіп жатқан кім? – деді Шұға.

– Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп, аттарын байлап жатыр екен. Біреуі орысшалау киінген. Тани кеттім:

- Әбдірахман ғой, – дедім.
- Әбдірахманың кім?
- Қазақбайдың баласы.
- Иә, әлгі учитель баласы ма?
- Иә.

– Жап-жас жігіт екен ғой, – деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті. Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауығынан Шұғаның сығалап, бізге қарап тұрғаны білінді...».

Бұл шағын үзіндіден Шұға қыздың сергек сезімталдығы мен есті дегдарлығын сыртынан естуі бар жігітті көргендегі сәл таңырқаныспен жарыса жан түкпірінде пайда болған ынта ұшқынын, ендігі оқиғаның бәрі осы ұшқыннан орбитінін аңдап, жалғасына ынтыға түсеміз.

Шынында да, ендігі жерде Шұға мен Әбдірахман арасындағы сүйіспеншілік оқиғасы бірте-бірте трагедиялық сипат алып, бүкіл хикаяттың отты өзегін құрайды. Шұғаның да, Әбдірахманның да оқырманды қатты сүйіндіріп, ынтықтыратын сыр-сипаттары нәзік те терең ашылады.

Шұға – сертіне берік, сезімі мөлдір, махаббатын өміріндей қастерлеген нұрлы сана иесі. Ол өмір талқысын көріп, шынықпаған, өктем, зорлықшылдармен қалай күресудің жолын да білмейді, сондықтан ызасы мен наразылығы ішкі күйігіне айналған. Әкесінің Әбдірахманды айдаудан босатқанын естіген кездегі қатты сырқат Шұға мен Қасымжан арасындағы мына диалогті оқып көрелікші.

– Жайың қалай, тәуірмісің? – дедім.

– Тәуір емеспін, – деді. Көзіме көзі түсіп кетіп, қамыққандай болды,... – Тәуір емеспін. Тәуір болуды тілемеймін де. Сәлем, сәлем айт, – деді. Жылап қоя берді. Жастығының астына тығылған орамалымен көзін сүртті.

– Тірі келсе, көресің ғой, бірақ мен...

–... Бәріміз де көреміз. Ажарыңыз тәуір ғой, жазыларсыз, – дедім.

– Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аяп отыр».

Шұғаның бұл сөздерінен сүйгені Әбдірахманнан айырылуды өмірге деген үміт отының сөнгені деп санайтынын аңғарамыз. Жазушы шеберлігінен туған осы түйсік бізді алдамағанына көп ұзамай көзіміз жетеді.

«Біз ауылға жеткенде, Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап, Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп, аяңдап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенде, бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып, кейін жүріп кетті. Не айтқанын есіте алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады... Жүгіре басып жандарына келгенімде: «Кұдай рақымет етсін!», деп беттерін сипап, бата қылысты. Мен аң-таң болдым, Айтбай маған қарап:

Есіттің бе, Шұға қайтыпты-ау, – деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым... Жиылған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты:

Өй, Шұға десе, Шұға еді-ау!... – десті».

Ал енді осы Шұғаның үзілер алдында Әбдірахманды шақырып қалдырған арыздасу хатын оқып көрейікші:

«... Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,
Есіне ал, дұғаға мен ынтызармын.
Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,
Астында ақ туының пайғамбардың!»

Қандай арман-мұң, қандай шерлі сыр, қандай салтанатты сабыр! Хатты оқып, Әбдірахманмен бірге егілген үстіне егіле түсеміз, сонымен бірге біздің көз алдымызда алтын арайға бөленген асыл Шұғаның нұрлы бейнесі биіктей, асқақтай береді.

Біз онымен іштей күбірлеп қоштаса тұрып, алғаш рет қалай кездескенімізді есімізге түсіреміз:

Шұға десе, Шұға, өй, шіркінің өзі де келбетті-ақ еді... Аққұба, талдырмаш, көзі қап-қара. Осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін!».

Көкірегімізде тағы да бір жатталып қалған сурет бар еді ғой... «Апырмай адамзатта да ондай сұлу болады екен-ау! ...Аққудың көгілдіріндей, осы аппақ... Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгектермен безеп тастаған қызыл пүліш қамзол, басында үкі таққан бөрік өзі сұлу адамды мүлде жандандырып, құбылдырып тұрды».

Ал осы ару Шұғаның әсем үні, тәтті лебізі қандай еді? Асыл текті нәрсе әманда аз, сирек болады емес пе. Артық сөзге жоқ асыл зат жан еді-ау. Аузынан шыққан сол аз ғана лебізі көкейімізде ұялап қалған. Әбдірахманды алғаш көргенде-ақ Шұға жүрек түбінде бүлк еткен бір ыстық толқынды жасыра алмай: «Жап-жас жігіт екен ғой», – десе, айдалып бара жатқан Әбдірахманға жолдан кездесіп қалғанда: «Қош, қалқам, калқам! – деп, кемсеңдеп, жылап отыра кететіні бар еді-ау». Ақырғы демі таусыларда, Әбдірахман «жаным шығарда: «Шұғам!» – деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер ем», – дейді. Осы үш үзік лебіз Шұға бейнесін даралай, ажарлай түседі, мұндай аз сөзді, ыстық сезімді, терең мәнді мәнер тек Шұғаға ғана лайық, Шұғаға ғана жарасатындай. Дүниеден озған аяулы жан туралы, бір күрсініп алып, біз де енді: «Өй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!...» – дейміз.

Хикаяның басты қаһармандарының бірі – Әбдірахман бейнесі де ескі қазақ ауылынан шыққан көзі ашық, көңілді сәулелі оқыған жастардың келбетін танытады.

Жоғарыда сөз болған повестің мазмұнын Б.Шалабаев төмендегідей баяндайды: «Атақты Есімбек байдың Шұға дейтін әрі сұлу, әрі ақылды қызы болады. Жан-жақтан байдың балалары құда түспек ниетпен айттырады, хат та жазады, «сүйдім, күйдім» деп өзеуреген сөздерін де айтады. Бірақ Шұға ешқайсысына жауап бермейді, бірде-бірін ұнатпайды. Есімбектің қызын күйеуге бермеуінің мәнісі бар. Жас кезінде Қали дейтін құрдасымен «бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, екеуіміз құда болайық» деп, серт байласқан. Енді Есімбек сол сертін күтіп жүреді.

Сол ауылда Қазақбай дейтін тақыр кедейдің баласы Әбдірахман мұғалім болып істейді. Бір жыл жазда Әбдірахман Есімбектің ауылына келгенде Шұғаны ұнатып қалады, қыз да кет әрі болмайды. Шұғаның топас, мейірімсіз әкесі мен ағалары кедей мұғалімге күйеуге шығуға үзілді-кесілді қарсы болады. Шұға кедей болса да, сүйген жігітімен қашып кетуге әзір.

Шұғаның қылығын естіп, оның үйі іші бұлқан-талқан болады. Есімбек қызына қатты ұрсады. Әбдірахманды ауылға келтірмей қояды, Шұғаны үйге қамап, ешкіммен жолықтырмайды. Есімбек Шұға мен Әбдірахманның хикаясын Айнабай дейтін алаяқ байдан естіген-ді. «Қызыл көз бәле» Айнабайдың істемеген бұзықтығы жоқ. Ол жұртты бір-біріне айдап салып, алдап-арбап, жауықтырып біткен жауыз адам еді. Анау-мынау адамдар өзінен сескенетін. Қызы Күлзипаны Әбдірахман қайтсе де алады деп жүрген. Үміттеніп жүрген адамының көңілі Шұғаға ауып кеткен соң, Айнабай осындай қиянатқа барады.

Ал Әбдірахманның күндіз-түні ойлайтыны – жалғыз Шұға. «Көптен көрші болған ел едік, арамызға салқындық түсірме» деп шалдар үгіттеп, Әбдірахманды ақ жолдан тайдырмақ болады. Әбдірахман бәріне де: «Шұға айныса амалым жоқ. Егер Шұға сөзінде тұратын болса, не қиындық болса да көрем. Алмай тынбаймын» деумен болады.

Ал үлкендер жағы «Орысша оқыған дінсіз неме, көптің сөзін аяқ асты қылды» деп Есімбекті жақтайды. Айнабай жауыздық жасауын тоқтатпайды. «Түріктерге жасырын ақша жинап жүр» деп Әбдірахманның үстіне арыз береді.

Көп ұзамай Әбдірахманды тұтқындап, болысқа алып барады. Жол Есімбектің аулының үстінен баса жүретін еді. Шұға соңғы рет Әбдірахманды көреді. Әбдірахман арбадан қарғып түсіп, Шұғаға жүгіреді.

– Апырым-ай! Қайда барасындар, – деді Шұға.

– Болысқа айдап барады, – деді Әбдірахман.

Шұғаның көзінен жас мөлдіреп қоя береді.

Айрылмай амал жоқ екенін екеуі де сезеді. Бірінің көзіне бірі қарап қатты да қалды...

Арт жақтан айқай-ұйқай, боқтау, жүгірген адамның аяғының дыбысы. Алдыңғы жақтан біраз жер барып тоқтап, стражник ойбай салып жатыр.

– Қош! – деді Әбдірахман. Теңселіп келіп арбаға мінді. Көзінің жасы мөлдіреп ағып бетін жауып кетті.

– Қош, қалқам, қалқам! – деді Шұға. Кемсеңдеп жылап отыра кетті» (Б.Майлин. Шұғаның белгісі. Алматы, «Жазушы», 1974, 24-б).

Бұдан кейін Шұға ауруға шалдығып, төсек тартып жатып алады. Есімбек жұмсарып, бақсы-балгерге қаратады, бірақ ешқандай ем қонбайды. Есімбектің бәйбешесі үй ішін үгіттеп, Шұғаны өлімнен құтқармақшы болады. Әбдірахманды ақтап алып, той қылып, екі жасты қоспаққа ниет етеді. Ағайын-туғандарымен ақылдасып, болыстан өтініп Әбдірахманды қайтару үшін хат жазады. Жұрт Әбдірахман жақын арада үйіне келеді деп естиді. Бірақ Шұға күннен-күнге нашарлай береді.

Көңілін сұрай келген досына:

«Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аяп отыр. Ертең сауықсам, қайта күйсеуден тайынбайды. Өлем деп арман қылмаймын, жалғыз-ақ арманым бар. Түнеугүні көргенде Әбдірахман бір ауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда: «Шұғам!» деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер ем... әй, ол жоқ қой! – деп ауыр күрсінеді» (Б.Майлин Шұғаның белгісі. Алматы, «Жазушы», 1974, 27-б).

Әбдірахман босанысымен Шұғаның аулына келеді. Бірақ ол сүйіктісін көре алмайды. Шұға қайғыдан қайтыс болады» [133, 83–84-бб].

«Шұғаның белгісі» – жастардың теңдік, еркіндікті аңсап, әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы үн көтере бастағанын шынайы бейнелеген шығарма.

Біріне-бірі себеп, бірінің-бірі салдары болып жымдасып келген оқиғаларының шынайылығы мен тартымдылығы, шұрайлы да суретті тілінің сиқырлы мәнерлілігі, әсіресе махаббат бостандығын аңсап әлеуметтік теңсіздікке қарсы шыққан Шұға мен Әбдірахман бейнелерінің айрықша сүйкімділігі мен сәулеттілігі, сондықтан да олардың тағдыр-талайының трагедиялық әсерлілігі хикаяны көркемдік-эстетикалық деңгейі ең биік туындылар қатарына қосады.

Б.Шалабаев өз ойын былайша қорытындылайды, «Шұға повесте көп сөйлемейді, іс-әрекеті де аз, бірақ оны үнемі көріп сезіп отырасың, оған шынымен жаның ашиды. Ол қара түнек заманның қатал заңының, мейірімсіз адамдардың құрбаны еді.

Автор повесте халқын шын сүйетін және даланың топас, әрі надан билеп-төстеушілерін жек көретін нағыз демократ ретінде көрінеді.

Повестегі әңгіме бірінші жақтан айтылады, бұл автордың бір оқиғадан екінші оқиғаға, бір кейіпкерден екінші кейіпкерге оңай, орынды көшіп отыруына, шығарманың лирикалық бояуын қанықтыра түсуіне мүмкіндік берген. Сондықтан баяндаудың мұндай тәсілі Майлиннің кейінгі прозалық туындыларында кеңінен қолданылатыны тегін емес.

«Шұғаның белгісі» қазақ оқырмандарының әлі күнге дейін сүйіп оқитын, қолдан түспес шығармасы болып келеді» [133, 85-б].

Қазақ романы өткен ғасырдың оныншы жылдарында М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан» бастау алады да, жиырмамыншы, отызыншы жылдарда – С.Сейфулиннің «Тар жол, тайғақ кешуі», С.Мұқановтың «Адасқандары», М.Әуезовтің «Қилы заманы», І.Жансүгіровтің «Жолдастары»... арқылы жанр ретінде қалыптасады. Төл прозамыздың дәл осы сипатта дамуына Б.Майлин де өз үлесін қосты.

Бейімбет бір емес, қатарынан бірнеше роман жазды. Солардың ішінен мазмұн мен пішін жағынан тұтастауын таңдап, іріктеп қарасақ, «Азамат Азаматыч», «Қоңсылар», «Қызыл жалау» – үшеуін атап айтар едік.

Мейілінше езіліп-жаншылған ауыл жалшысының алмағайып, аумалы-төкпелі Кеңес дәуірінде алдымен адам, содан соң азамат, одан әрі қайраткер деңгейіне дейін бауырын жазып, еңсесін көтеру бұралаңы мен шырғалаңын суреттейтін «Азамат Азаматыч» романы отызыншы жылдардың басында «Әдебиет майданы» журналының бірнеше санында жарияланған.

Б.Майлиннің проза саласындағы ең көлемдісі – «Азамат Азаматыч» романы.

Ол – дәуір шындығын кең қамтыған, көп планды шығарма.

Романның тақырыбы – қазақ кедейлері қатарынан оқыған, интеллигенция өкілдерінің дайындалып шығу жолы. Кітапта бұл Азамат Азаматычтың образы арқылы беріледі. Жалшы Күркілдектің баласы Қожалақтың балалар үйінде тәрбиеленіп «Азамат» деген ат алып шығуы – оның жаңа қоғамның қатардағы азаматы болып, заман жүгін көтеруге жарағанының белгісі.

Роман фабуласы оқу бітірген Азаматтың (Қожалақ Күркілдеков) Қарасай қаласына келіп, мекемеге жаңа жұмысқа орналасуынан басталады. Ескішіл жат топтар оны өз қолдарына қондырып, сол арқылы өрісін кеңейте түсуді ойлайды. Бұрын ақ армиясында офицер болып, большевиктерді қырған, бүгін жасырынып жүрген тап жауы Рақым Шегіров оны өзінің балдызы Мариямға үйлендіреді. Рақым маңындағы жат типтер Кәдірбаев, Қайдар, Жүніс т.б. әртүрлі жолдармен Азаматты жолынан тайдыруға қызмет етеді. Солардың ықпалымен таптық қырағылығы әлсіреп, күресте босанси бастаған Азаматты мекемесінің қызметкерлері Алексеев, Медеу, Қайша, Шәймерден т.б. қамқорлыққа алады. Романда Азамат үшін тартыс өрістейді. Осы жолда бас герой саяси қоғамдық жұмыстардың, семьялық өмірдің, адал азаматтар мен жасырынған тап дұшпандарының арасындағы қарым-қатынастың неше түрлі сынынан өтеді. Осы талас-тартыста өз мінез-құлқын да характерін де қалыптастырады. Ақыры жаулар әрекеті әшкереленіп, Азамат халық жағында қалады.

Жиырмамыншы жылдар ішінде кедейлер ортасынан шыққан жаңа басшы кадрлардың тәрбиеленуі – үлкен қиын жол болатын. Оларға ескі күштер көп кедергі жасап бақты – сүріндірді, қателестірді. Бейімбет үлкен суреткер есебінде Азаматтар басынан кешкен осы қиын жолды ешбір оңайлатпастан табиғи да шын қалпында оқушы көз алдына жайып салады.

Азаматтың өз дәуірінің негізгі қайраткері болып қалыптасуының өзіндік жолы бар. Герой бойындағы ұяндық пен жұмсақтық көп жағдайда оның тап жауларымен қарым-қатынаста босандық көрсетуіне әкеліп соғады. Ол Мариямның қолына оңай түсіп, оның айтуымен Мариямның бөлесі маскүнем Жүніске арашашы болады. Қайдар деген өзінің Мариямға жиен екенін айтып, жақындыққа тартады. Осылардың бәрін Азамат көп уақыт андамайды. Тек шын достарының араласуымен ұғына бастайды.

Романның ұнамды кейіпкері Алексеев, Медеу, Шәймерден, Қайшалар – жаңа заманның рухани тазалығын, жігер-қайратын бойына сіңірген адамдар. Мариям үйінде бұрын жалшы болған, бүгінгі Азаматтың айдаушысы Медеу Азаматты қоршаған топтың зұлымдық істерін байқап, Азаматты сақтандырады. Алексеев Азаматты жат топтан бөлу үшін жиі-жиі командировкаға жіберетін болады. Сөйтіп Азамат Мариямдар ортасынан біртіндеп бөліне бастайды. Ең алғаш ол Қайдар үйіне қонаққа бара алмай қалады. Кейін колхозға біріге бастаған ауылды Қайдарлардың қаншама іріткі

салып отырғанын көреді. Ауылдағы шараларды іске асыруға қатысқан Азамат Қайдар мен Рақымдардың дегенін істемей, адал жолын ұстайды.

Характер тұтастығы, адаммен бірге тумайды, мінез тұтастығы уақытпен бірге жасалмайды, бұл көпке мәлім жайт. Мұндай қасиеттер өмір процесінде, кейіпкердің әр түрлі оқиғалармен, адамдармен қақтығысында, жеке басының кемшіліктерін жою жолындағы күресте там-тұмдап жинақталып, біртіндеп қалыптасады. Сондықтан туған халқына жан-тәнімен бір сәт тура жолдан тайып, кімнің дос, кімнің қас екенін айыра алмай қалуы – табиғи нәрсе.

Бұл ретте Б.Шалабаев, «Кейіпкердің ішкі дүниесіне батыл түрде бойлай отырып, жазушы оның рухани өмірі мен дүниеге көзқарасындағы күрделі белестерді көрсетеді. Азамат Азаматычтың іс-әрекетіндегі психологиялық өзгерістер ортаның, айналысындағы адамдардың ықпалы арқылы түсіндіріледі. Шебер қаламгер Б.Майлиннің басты принципі – шындықты әлеуметтік-психологиялық көзқарас тұрғысында суреттеу» [133, 87-б], – дей келе, ұнамды кейіпкерлер характерлерінің даралығына баса назар аударып, романның басты кейіпкері Азамат Азаматычтың басынан кешкен бүкіл оқиғаларына жете тоқталады. «Қайша, Шәймерден, Алексеев, Медеу және басқалары Азамат Азаматычтың қылығын әрқайсысы әр түрлі түсінеді. Алексеев адамдарды тәрбиелеу керек деп санайды. Азамат Азаматыч – кедейдің баласы, партия мүшесі. Ол әлі жас, бәрін анықтау, тексеру қажет, түзелуге көмектесу керек. Пысық, өткір Шәймерден «Күркілдеков не Мариямнан, не бізден кеткені жөн» деп, мәселені төтесінен қояды.

Күркілдеков әйелінің әке-шешесінен біржола қол үзуге әзір, бірақ ол Мариям туралы, оның ұшқалақ мінезі мен тұрақсыздығынан бейхабар.

Қайдардың аулына барғызбас үшін Алексеев Күркілдековті ауыл шаруашылық артельдерін құруға алыс ауылдарға ұзақ мерзімді командировкаға жібереді. Шәймерден Азаматтың ынжықтығына, көңілшектігіне қатты күйінеді. Ал бұрынғы жалшы, ақтардың кезінде ажал аузынан әзер қалған Медеу, Күркілдековтің көзін ашу үшін оған Рақым мен Қайдардың істеген барлық зұлымдықтарын, Рақым мен Мариямның байланысы туралы жасырмай айтып береді...

Уездегі өмірмен танысып, ауылдарды аралаған сапарында Азамат Азаматыч елде тап күресінің шиеленісе түскенін байқайды. Ол байлардың да, Мариямның барлық туыстары араласып жүретін буржуазиялық-ұлтшылдардың да өліспей беріспейтінін және өз мақсаттары үшін неден болса да тайынбайтынына көз жеткізеді. Губерния орталығындағы совет мекемелерінде істейтін басшы қызметкерлердің арасында Совет өкіметінің жаулары бар, олар байлар мен олардың жандайшаптарынан көмегін аямайды, пәле-жаладан арашалап қалады, алдағы уақытта партияның ауылда жүргізетін барлық шаралары туралы оларға күні бұрын хабарлап отырады, қармаққа ілігіп қалмас үшін сын сағатта не істеу қажеттігі туралы ақыл-кеңес беріп тұрады. Азамат мұны да түсінеді. Губерниялық партия комитетінің секретары Кәдірбаевтың әкесі Жарбол жалшы ұстайды. Азамат Азаматыч Кәдірбаевтың қаһарына қарамастан, Жарболды жалшылар мен кедейлердің жалпы жиналысынан қуады да, өзін сотқа береді.

Азамат Азаматычтың мұндай батыл әрекеті олардың ашу-ызасын туғызады, ал достарын қуантады. Тіпті қатал Шәймерденнің өзі Күркілдековтің белсенділігін мақұлдайды. Ол Азаматты Жарбол жайлаған ауылдарда жер бөлісі жөніндегі комиссияның председателі етіп Сулы болысына жіберуді ұсынады.

Байшылдар Азамат Азаматычты әлі де уысынан шығармауға тырысып бағады. Рақым Шегіровтің үгіті бойынша Мариям уезге күйеуімен бірге бармақшы болады. Бірақ Күркілдеков жалғыз өзі кетеді. Мариям Азаматтың соңынан жолға шығады, бірақ ол уездік қаланың қонақ үйінде он күндей аялдап қалады.

Күркілдеков әйелінің туған-туысқандарынан біржола қол үзеді, ол Мариямның әдепсіз қылығына көзі жеткеннен кейін, одан ажырасады...

Адамды орта билейді. Басында Қарасай қаласындағы қоғамдық қызметін орасан ширақ бастаған Азамат әлгідей отбасының ұйқы-тұйқы, күйкі тіршілігінің шырмауында, «құйрығы шаян, беті адам» (Абай) зымияндар қоршауында қалып, адасады.

Сайып келгенде, Рақым Шегіров, Әлішер Кәдірбаев, Борсықбаев, Бұқабаев, Мариям тәрізді дұшпандары душар қылған осы шырғалаңнан бірте-бірте алып шығу үшін Алексеев, Шаймерден, Таңатар, Қайша сияқты достары қол ұшын беріп, Азамат басын торлаған тұманды айықтыра бастаған тұстан романның бірінші кітабы үзіледі де, бітпей қалады. Ең үлкен өкініш осы арада жатыр...

Азамат Азаматычтың бейнесі психологиялық тұрғыдан нанымды шыққан. Осы кейіпкер арқылы жалған коммунистердің сан қилы айла-шарғысынан шыға алмай, шырғалаңға түскен жас коммунистердің жалпы бейнесін аңғару қиын емес» [133, 92–94-бб].

«Романдағы ұнамсыз типтер күшті жасалған. Олар – ескі заманның беделді қайраткерлері. Бүгін тонын теріс айналдырып киіп, құбылып, жаңа дүниеге де ықпалын жүргізу қамында жүр. «Соңғы жылдың ішінде осы губернияға тиісті жұмыстың қандайына болса да, Рақымның ақылы қатыспай қалған емес, – деп жазады Бейімбет. – Қатынасқаны сол – барлық жұмыс осы Рақымның сілтеуімен орындалып отырды десе де болады. Ең арғысы бірер кеңсеге қызметке қойылатын адам да Рақымның ұйғаруымен қойылатын. Рақым мұны Кәдірбаев, Борсықбаев, Бұқабаевтар арқылы орындап отырды». Осы үзіндіден Рақым Шегіровтің ықпалы күшті адам екені көрінеді. Жаңа келген қызметкер Азаматты танып, оған Мариямды жұмсаған, сөйтіп астыртын екеуін үйлендіруге қатысқан, Азаматты қыз үйіне кіргізіп алған да осы Рақым. Кейін Азамат бұлардың ынтымағынан алыстай бастаған кездерде де Мариямды қайрап, тіпті командировкаға кеткен адамның артынан жіберуге дейін барады.

Мариям – үстем таптың әлсіреген кезде өз мүддесін сақтау үшін қолына ұстаған қуыршағы. Сиқыр амалды, бірақ сыры танылып, қоғамнан аластала бастаған тип.

Тап жауларын суреттеуде жазушы біраз сатиралық образдар жасауға барады. Бір кезде басшы қызметтерде болып, төмендеп Қарасай қаласына

келген Кәдірбаев – қазіргі кезде істен гөрі сөздің адамы болуға көшкенін көреміз. Оның маңында Бұқабаев, Борсықбаев сияқты кулар бар. Олар рухани тозып, өмірден сырыла бастағандар. Кәсібі – арақ ішу, карта ойнау, топ-топ болып жиналып қонақтау» [236, 27-б].

«Азамат Азаматыч» романы – реалистік прозаның елеулі табысы. Оның идеялық түйіні – Азаматтардың шын мәніндегі азамат болуға бет бұруы мен оны тәлкек етпек болғандардың өмір соққысына ұшырауы. Автор оны зор табыспен орындап шыққан. Мұны Б.Шалабаевтың мына бір пікірі де дәлелдей түседі, «Азамат Азаматычтың жүріп өткен жолы – тарихи шындық. Жаратылысынан ақ көңіл, сенгіш, ешкімнің сөзін жықпайтын көңілшек ол, елдегі тап күресінің шиеленісуі барысында идеялық және саяси жағынан жетіліп, ұстамды, батыл күрескер дәрежесіне көтерілді...

Роман тілі көркем, кестелі. Онда байсалды шыншылдықпен қатар, ескіге деген зілді сықақ молырақ ұшырайды...

Б.Майлин қанаушылардың жуан ортасын суреттей отырып, күштілердің заманы өткенін, келмеске кеткенін өткір мысқылмен тура түйрейді.

Аса шебер сөз зергерінің бұл шығармасында сыншыл реализм өнерінде қалыптасқан өмірлік жағдайлар мен мінез-құлықтардың өзара байланысы анық байқалады. Мұнда баяндалған жайттар кейіпкер бейнесінің дербестігіне қысым жасамайды, керісінше, адам бойындағы ең жақсы, таза және адал қасиеттерді, оның идеялық-эстетикалық ішкі рухани байлығын аша түсуге көмектесіп, шындыққа жоғары адамгершілік тұрғысында қарауға тәрбиелейді» [133, 94-б].

Б.Майлин – қазақтың көркем прозасын бастаушылардың және онда реалистік үлгілерді дамытушылардың бірі. Жазушы шығармаларының басты қасиеті ретінде оның өзі өмір сүрген дәуірдің басты мәселелерін өткір де батыл көтеріп, халық тіршілігін реалистік планда кең суреттей алғанын айтуға болады. Ол қарапайым көп өкілін әдебиеттің басты кейіпкеріне айналдыра отырып, дәуірдің іргелі мәселелерін соның өсу, ояну, жаңару жолымен байланыстыра көрсетті. Қандай тақырыпты алып жырласа да Бейімбет жаңа заманның жасампаз күшіне үн қосып, адамдар бойына күш, рух дарытып жатқан өзгерістер әсерін мойындай, кейіпкерлеріне мойындата жазады.

Б.Майлин шығармаларына арқау болған оқиғалардың бірқатары – нақты өмірде болған тарихи жайлар. Оларды бастан кешкен адамдар да жазушы жерлестері. Өзіне таныс оқиғалар мен адамдар тіршілігін суреттегенде жазушы сол күйінде ала салмай, әлеуметтік өмір талаптарына сәйкес өткірлендіре, кейіпкерлерін «таныс бейтанысқа» айналдыра жазады. Оның шығармаларын оқу үстінде өмір көріністерінің жанды бейнесі елестейтіні де сондықтан.

Б.Майлин қазақ ауылы өмірінің сан-салалы, қиын да жұпыны шындығын әсерлемей, сол қалпында бейнелеуді ұнатады. Бұл – оның жазушылық стилінің негізгі ерекшелігі. Әбден үңіле қарасақ, сол бір қарапайым шындықта терең астар барын, қоғамдық дамудың жаңаша бір арнаға түсе бастағанын аңғарғандай боласың.

Жазушы шығармаларын көбінесе нақты бір жеке адамның тағдырына құрады. Оқиға да соның тіршілік, талабы арқылы өрістейді, сондықтан шашырамайды, жинақы келеді. Сөйтіп, сол жеке адамның басындағы тартыс, күрес арқылы заман талабына лайық жаңа геройдың тууын бейнелейді. «Раушан-коммунист», «Шұғаның белгісі», «Азамат Азаматыч» сияқты шығармалардың өзі бұған дәлел.

Адамзат тарихындағы аса бір қаралы кезеңдердің, адам ойының мүлде аласарып тар қапаста тұншығуының зардаптарын шеккен бүкіл халықтық індет боп келген ХХ ғасырдың екінші ширегіндегі саяси-тарихи жағдайлар бұл күнде қайта қопарылып, ақиқаттың сәулесімен таныла түскендей. Арғымақтың арынын басып, асауға жендеттің қолымен тұсау салмаққа ұмтылған баскесерлік соқыр сенімдердің күлін көкке ұшыраған жаңа дәуірде осыған дейін халықтың рухымен бірге жасасып, тұншығып жатса да, қасиет-қадірін күн өткен сайын арттырып, өскелең ұрпақтың көңіл құштарлығына қозғау салар құпия дүниедей өзіне тартып отырған, ұлтымыздың рухани тегеріш темірқазығы, ар-ожданы іспетті белгілі Үш Арыстың әдебиетші, тілші ғалымдарымен дүркін-дүркін қауышуы, зерттеуші қауым тарапынан әлбетте тыңға түрен салар, зерделі мол ізденістерге, терең ой-толғау, ғылыми дәйекті пайымдауларға толы еңбектерге, әр кез зәру болары анық.

Қашан да жаңа бастаманың сәтті де, сәтсіз де қырларының тайталаса бой көрсетуі – табиғи құбылыс. Әрине, өнер туындысының оның қай дәуірде, қай ортада дүниеге келуінен гөрі оның көркемдігі басты қасиеті, өлшемі болып қала береді. Қолда бар тарихи мұраларға құрметпен қарау, оларды өз дәуірі тұрғысынан бағалау, әдебиет тарихында өзіндік орны болған азды-көпті еңбектердің тереңіне бойлап, әділ төрешілігін айту – бүгінгі ұрпақ парызы. Әр салада қалам тербеп, соңында мол әдеби мұра қалдырған әдебиетші-ғалым, сарабал сынның сардары Белгібай Шалабаевтың әдебиеттанудағы орнының қаншалықты маңызды екені айқын нәрсе. Б.Шалабаев атсалыспаған жанр жоқ десе де болғандай. Соның ішінде әдебиетшінің әдеби-сын, ғылыми-зерттеулерінің өзекті бір арнасын «Қазақ романының туу мен қалыптасу тарихы» және «Казахская литература (Советский период)» оқу құралдарына енген «І.Жансүгіровтің «Жолдастар» романы», «Поиски жанра И.Джансугуровым» атты еңбектері құрайды. Отандық романтизмнің ілгері көшбасында тұрған Б.Шалабаевтың бұл толымды зерттеулері әдебиетшінің сезім сергектігінің айнасы іспетті дәуір дабылына дер кезінде үн қосқан табыс белесі болып саналады.

Әдебиет тіршіліктің, қоғамдық өмірдің ілесімі шежіресі, айнасы ғана емес, сол қоғамдағы адамдардың өмір танымын қалыптастыратын, дүниеге көзқарастарын дамытатын көркем құрал. Оның таным тарапындағы мәні де, тәрбиелік қуаты да сол құралдың кереметтей шешуші сырына негізделеді. Ол – көркем әдебиеттің эстетикалық мәні, яғни әрбір көркем шығарманың құндылығы оның адам сезіміне, түсінігі мен түйсігіне ойын қозғар әсерімен өлшенеді. Өмір құпиясына терең бойлай білген жазушы ғана оқырманын сан алуан көңіл күйіне еліктіреді: қуантады, жылатады, толғандырады. Сол сезім арқылы оқушының көңіл түкпіріндегі ойды қозғайды, санасына өшпес із

қалдырады. Әрине, мұндай сипат кез келген өнер туындысында ғайыптан пайда болмайды. Ол жазушының қажырлы еңбектенуінің, талмай ізденісінің арқасында мүмкін болады. Мұндай шеберлік тұма таланттың қажымас-қайрат жігері нәтижесінде қалыптасады, дамиды.

Міне, осындай өлмес өнер туындыларының авторы, ХХ ғасырдағы адамзат ойының алыптары қатарынан берік орын алған, қазақ поэзиясының «Құлагері», сөз сардары – Ілияс Жансүгіров. І.Жансүгіров шығармаларының тереңіне бойлаған сайын жаңа бір асылды тапқандай қуанышымыздың терең сыры неде деген сауал бұдан бұрын да, қазір де, бұдан кейін де сан ұрпақты ойландып, тебіренетін хақ. Адам жанын тербейтін, оны баурап алар әсемдіктің жұмбағын шешуге, шынайы өнер туындысының табиғатын тануға жасалған ұмтылыстарда шек жоқ. Соның бір айғағы – бүгінде әдебиеттану ғылымының кең арналарының біріне айналған Ілиястанудың өркендей кеңеюі.

Өнер атты әлемде жарқ етіп жанғанымен, сезімтал да нәзік жандардың өмірдің жалған иірімдеріне қарсылық көрсете алмай, қанатынан қайырылып қалатындары көптеп кездеседі. Ал, бір өзі бір толқынның жүгін арқалап жүрердей өміршең туындылары бола тұра, әдеби тағдыры шырғалаңға түсіп, ортаның салғырт мінезі мезі етіп, өзіне ғана лайық биік тұғырына қона алмаса да, ізденуден, өзін-өзі қамшылаудан танбайтын дарындар некен-саяқ. Дауылға қарсы жүзіп, көңіл көгіндегі мұратына жеткенше талмайтын, әр шығармасында өршелене өрлей түсетін, уақыт өткен сайын жаңа бір қырынан көрініп, рухани дүниесі алмастай ажарлана, айқындала беретін сондай біртуар тұлғалардың бірі деп Ілияс есімін айтамыз.

Әрбір дәуірдің әдебиетінде өз уақытының ізі қалары хақ. Ал өміршең шығарманың ерекшелігі ол тек өз дәуірінің еншісі емес, болашақтың, жалпы адамзаттық құндылықтардың үзілмес желісін жалғастыруында. Мұнда жазушы жалпыны жалқы арқылы, ортақты ұлттық бояу-өрнек арқылы безендіреді. Ол осындай тамыры тарихтың қойнауларынан бастау алатын, мәуесі мейілінше ұлттық өрнектен көмкерілген алып бәйтерек сынды, сырлы да сұлулық мұнарасы секілді туындылар арқылы өзі туған халықтың бар ізгілікті қасиетін қастерлеп танытатын болады. Бұл тұрғыда қазақ топырағында жаралып, әлем әдебиетінің озық үлгілерінен нәр алған Жансүгіров шығармаларының өзіндік ерекшеліктері айқын көрінеді. Осы талғампаздық пен танымды Жансүгіров қандай көркемдік құралдар, идеялар негізінде жасады деген мәселе төңірегінде сөз қозғасақ, ең әуелі оның шұрайлы тіліне, тағылымы мол танымына, қаламгерлік қабілет-қарымын танытар ой-сезім тереңдігіне бойлау қажет.

1936 жылы 9 желтоқсанда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында І.Жансүгіров: «Менің қаламым, қайратым социалистік дәуір әдебиетіне қызмет етеді. Ақыл-ойым, жүрегім Ұлы Отанымның миллиондаған адамының санасы мен сезімін оятуға жұмсалады. Қолыма қалам алған күннен бастап мен өз Отанымды, өз елімді, кең байтақ даламды талмастан жырлап келемін» деген еді. Осынау көкіректі кере шыққан сұңғыла суреткердің көсем сөзінде бүкіл тоғауы мың тірлік пен бұлтарысты болмыстың қадір-қасиеті бір-ақ ауыз сөздің қауызына сыйып тұр.

Қазақ жаңа әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдіретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет – көпқырлылық. Бұл ерекшелікті ақын, драматург, прозаик І.Жансүгіров шығармаларынан да көруге болады. Халық өмірін реалистікпен бейнелеген дарынды қалам иесінің әр жанрдағы туындыларының ішінде ерекше шарқырап тұрған оның асқақ поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Қазақ публицистикасының қалыптасуына зор үлес қосқан, Қазақстан Жазушылар одағын басқарып, әдеби процеске белсене қатысқан әлеуметтік зор қызметтер қаламгердің азаматтық келбетін көрсетеді. Әдебиетіміздегі, мәдениетіміздегі Ілиястың шығармашылығын бірыңғай поэзиясынан қарастыру, шығармашылығын тек поэзиямен байланыстыру – үстірт, сыңаржақ ұғым. Ілиястың өткір сатирасы, жалынды публицистикасы, ғылыми-сын пікірлері, туған әдебиет туралы ой-толғамдары, тартымды әңгіме-очерктері, шалқар «Жолдастар» романы сайып келгенде, қара сөзбен жазылған көркем және деректі прозалары әр кезең әдебиетшілердің қырағы назарынан тыс қалмаған. Жазушының проза саласындағы көл-көсір еңбектері сол дәуірдің деңгейінен қарағанда ғана емес, сарапшы уақыттың сыны таразысына салғанда да маңызды, мәнді көркем туындылар. Бұл туралы кезінде ғалым Б.Кенжебаев дұрыс атап көрсеткен, «Ілияс негізгі әдеби жанрлардың бәріне де қалам тартты – өлеңдері, поэмаларымен қатар роман, пьесалар, фельетондар, әдеби сындар, публицистикалық еңбектер жазды. Солардың қай-қайсысын болсын ол өзінің әлгіндей талантты дәрежесінде жазатын. Ілиястың шығармалары терең мағыналы, асқақ сарынды, от жалынды, өткір тілді, көркем суретті келетін еді» [243, 77-б], – деп жоғары бағаласа, ғалымның төл шәкірті, көрнекті әдебиетші, академик Р.Нұрғали мынадай тобықтай түйін жасайды: «...Ілиястың терең идеялық, көркем мүсінді эпикалық шығармаларының танымдық-тәрбиелік мәні зор, олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік-адамгершілік идеяларды толғайды; өзінің күйлі, сыршыл, адуын шығармаларымен халқының көп ғасырлық өмірін, азаттық жолындағы күресін реалистік қуат, зор шеберлікпен бейнелеп, артына өлмейтін әдеби мұра қалдырған қанатты қаламгер Ілияс Жансүгіров – қазақ жұртының құлай сүйген ең сүйікті перзенттерінің бірі, оның өр тұлғасы қайсар ақындықтың символы іспеттес» [244, 294-б; 338-б].

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті мен өнері – біздің ұлттық тарихымыздың бөлінбес бір бөлігі. Сол дәуірге тән дамудың қайшылықтары қазақтардың рухани өміріне де әсер етіп, оның ұлттық әдебиеті мен өнерінің тарихында елеулі із қалдырды. Олар да біркелкі өрлеу жолын өте алмай, мезгіл-мезгіл жүрісінен жаңылысып, қайшылықты күйді бастан кешті. Оған әдебиет пен өнерге партиялық идеологияның өктем басшылық жасауы, олардың әдебиет пен өнер шығармаларының тағдырына араласуы елеулі әсер етті. Бүкіл әдеби процесс, тақырып таңдау, жазушылардың көзқарасы әдебиеттің «партиялық принципінен» туындап, қоғам дамуының міндеттерімен тікелей байланыстырылды. Сондықтан әдебиетте науқаншылдық өрістеп, бүкіл адамзат игілігіне ортақ мәселелер көтерілмеді,

кеңестік жүйенің «артықшылығын» көркем туындылар арқылы дәлелдеу орын алды. Төңкеріске дейінгі сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірді жоққа шығарған еуроцентристік көзқарас 40-жылдардағы қате қаулылардың өзегі болып, ғылыми зерттеу жұмыстарын тығырыққа тіреп, әдебиеттің таптығы принципі айрықша дәріптелді. Тіпті тілге өрен, ойға жүйрік, өреге биік заңғарымыз М.Әуезов әдебиеттану мәселелеріне күнделікті науқандық жәйттерді, түрлі құжаттарды, қаулы-қарарды, партиялық талаптарды, қызыл танау саясатты, солақай социологиясын араластырып: «Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзірге қысқа. Бұл – жас ғалым. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құрылғанда, ол өзінің алғашқы туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас аяғын жинағанда түгелімен толық мағынасында Социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңісі болды. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде «өскен ғылым» дерлік мардымды мұра алғамыз жоқ» [44, 207-б], – деп ағаттыққа ұрынғаны және сондай секілді ой-пікірлер салдарынан қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының арғы бастауларын зерттеуге көп уақыт бойы қолы байлаулы болып келгені рас.

«Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің елеулі табысы – үлкен прозаның өрістеуі болды. Ж.Аймауытов өмірден кеткенмен, оның дәстүрі әдебиетте жалғасын тауып қалды. Б.Майлиннің «Азамат Азаматич», І.Жансүгіровтің «Жолдастар», С.Мұқановтың «Теміртас», «Жұмбақ жалау» (кейін «Ботакөз» болып өзгертілген), М.Дәулетбаевтың «Қызыл жар» романдарының негізінде еңбекші халықтың отаршылдық езгіге, қанауға қарсылығы, бостандыққа жету жолындағы арпалысы суреттелген. Олардың басты қаһармандары қарапайым халықтың ішінен шығып, күрес үстінде ысылады. Егер де осы жолда олардың большевиктік, қызылшылдық сипаттары баса айтылса, осы дәуірдің телуі деп қарау керек. Кезінде мұндай ұғымдардың өзі адалдықтың, күрескерліктің белгісі есебінде танылғаны белгілі» [234, 52-б]. Ілиястың «Жолдастар» романының үзіндісі алғаш рет 1934 жылы «Әдебиет майданында» [245] жарияланды. Ол «Ақ вексель» бөлімі болатын. Романның бірінші кітабы ретінде 1935 жылы жарық көрді [246]. Романның жазылуы жайлы ақынның жұбайы Фатима Ғабитова Ілиястың бұл шығармасын трилогия ретінде жоспарланғанын айта келіп: «Жолдастар» трилогия болатын, бітпей қалған екі кітабының материалдары бұл күні Ілиястың өз архивінде сақтаулы» [247, 105-б], – дегеніне қосылуға болады. Романның оқиға желісіне, жазушының жинап кеткен мол материалдарына жете мән берсек, романның екі не үш томдық болып жоспарланғаны анық. Бұл пікірді Ілиясты зерттеушілердің бірі М.Дүйсенов те растайды [248, 57-б].

Қазақ әдебиетінің қазынасында халық тарихының тереңіне бойлап, әр кезең суреттерін көркем дүниенің арқауы еткен шығармалар көптеп саналады. Әсіресе Қазан төңкерісінің алдындағы дүрбелең кезең тақырыбына біршама толымды еңбектер жазылғаны белгілі. І.Жансүгіровтің «Жолдастар»

романы қазақ даласындағы осы дүрмегі мен дүрбелеңі мол қиын қыстау қилы заманды көркем суреттеп, күрделі адам тағдырларымен сабақтастырып бейнелейді. Бір-бірімен тұтаса байланысқан соқталы төрт бөлімнен құралған романның басты идеясы адамдық пен зұлымдықтың күресі, адами биік қасиеттердің ұрпақ бойында замана көшімен бірге жалғасуы.

Қазақ тілінің лексикалық байлығын терең игеру, сатиралық күлкілі жігіттерді көре білу, адам мінездерін ашатын реалистік диалогтарға икемділік секілді ерекшеліктер Ілиястың прозалық шығармаларының, әсіресе оның «Жол аузында», «Құқ» кітаптарына енген әңгіме, фельетондардың басты қасиеттері. Қазақ ауылындағы әлеуметтік-таптық өзгерістерді, жаңа психологияны, өндіріс, мәдениет, техника бой ұрған адамдарды бейнелеу талабындағы әңгімелер, нақты-нақты деректерге сүйеніп жазылған репортаж, очерктер тәжірибесі арқылы өскен қаламгер халық өмірінің кең панорамасын жасауды мақсат еткен қалың оқиғалы, қою тартысты, көп кейіпкерлі «Жолдастар» романын тудырды. Шаһар тіршілігі, қала тынысы, он алтыншы жылғы аласапырандағы қазақ жігіттерінің қасіретті азабы, жұмысшылар ортасы, кемешілер әрекеті, оқыс, шырғалаң, қызықты сюжеттерді ала отырып, жазушы бостандық, теңдік азаттық үшін күрескен халық өкілдерінің сан алуан образдарын жасау арқылы өмір шындығын айтпақ болған. Сатан, Мәмбет, Мардан секілді жігіттер тағдыр талқысына түсіп, қорлық көріп, тапталса да мойымайды, қайралған қанжар іспеттес қайта жарқырап күреске түседі, әуелі барымта, ұрлықпен жуандардан өш алса, кейін әлеуметтік жағдайды, таптық тартысты түсініп, саяси айқасқа шығатын деңгейге көтеріледі. Әрине, романдағы көптеген персонаждарды тұлға дәрежесіне көтерілді деп айту қиын. Қазақтың ауызекі әңгіме айту дәстүріндегі шеберлікті еркін игерген Ілияс жеке бөлімдердің байланысы, композициялық тұтастық, типтендіру принциптеріне келгенде еуропалық үлгілерді терең меңгермегендігін, проза саласындағы, әсіресе роман жазуда тәжірибесіздігін аңғартып қояды. Табиғат суреттері, адам портреттері, мінез қалыптарын ашуда жазушы реалистік биікке көтерілді. Юморлық, сатиралық кейіпкерлерде көркемдік қуат бар. Жазушының суреткерлік қуаты барымта, жұт сценаларын, билер дауы, молдалар айтысын, жұмысшылар ортасын бейнелеуден жақсы көрінеді.

Романның идеялық-көркемдік сипаттарын, авторлық концепциясымен ұштасып жатқан өзекті желілерін дөп басып, ғалым Р.Нұрғали төмендегідей ой түйеді: «Халқымыздың тарихи ауыр жолы, Қазан төңкерісі қарсаңындағы ахуалы, сол төңкеріске келуі, тарихи-әлеуметтік өмірдің өзгеруіне қарай заман сахнасына шыға бастаған жаңа буын өкілдері, осы орайдағы суреткерлік құлаш, этнографиялық дәлдік, мәйекті тіл, үйіріліп түсіп жатқан юмор секілді ерекшеліктер – романның идеялық-көркемдік сипаттарынан, қаламгер мәнерінің куәсі.

Шығарманың сюжеттік желісінде сылбырлық, негізгі арқаумен байланысы әлсіз жайлар, жекелеген желілердің аяқталмай қалуы сияқты кемшіліктер нақты тағдырлар, образдар арқылы көрсете алған, жана кезеңдегі қазақ прозасының көркемдік тәжірибесінің толығып-молығуына үлес қосқан,

қаламгердің азаматтық адалдығы мен әлеуметтік сергектігін, суреткерлік сезімталдығын танытқан, қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік-психологиялық роман жазу барысындағы алғашқы сәтті тәжірибелердің бірі, өмірлік мазмұны терең, эстетикалық әсері күшті, сапалы шығарма» [244, 338-б].

Романдағы оқиға желісінен ә дегеннен М.Горькийдің «Ана», Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» сынды шығармаларымен үндес екендігін байқау қиынға соқпайды. Жазушының романын оқи отырып, автордың осындай әдеби дәстүрдің ықпалымен, әсіресе М.Горькийдің прозаларына сүрлеу тартатын үйлесімді үндестіктің байланысын ғалым Б.Шалабаев жете таныған: «Ілияс Жансүгіров шеберлікті А.Горькийден үйренген. «Біз ұлы ұстазды үлгі тұтамыз» дейтін мақаласында: «Орыс әдебиетін шама-шарқымша оқып, түсінуге жеткен күннен бастап мен Горькийге ойша еліктедім. Оның кітабын бірінен кейін бірін құныға оқыдым. Горькийдің кітаптары жазушы болуға итермеледі. Олар менің көзімді ашып, жаңа күш-қайрат берді, алға жетеледі, әсіресе оның асқақ пафоспен жазылған «Сұңқар туралы жыры», «Дауылпаз туралы жыры» және басқа жырлары өшпес әсер қалдырды» дейді. «Жолдастар» романында А.Горькийдің әсері анық сезіледі» [133, 113–114-бб]. Роман басындағы қараңғы қара жұмысшы баласы Павка Власов пен роман соңындағы революционер, пролетариат жұмысшы Павел Власовты алыңыз. Немесе, аш-жалаңаш, жоқтықтан жақ сүйегі шығып сүмірейген, тіленшідей сүмендеген кедейшілік пен жетімдік қысып, білімге талпынған ауыл баласынан, сауатты, еліне еңбек етіп, жаңарған елдің жас жұмысшысына айналған Қартқожаны алыңыз. «Жолдастар» романын тілге тиек етуші ғалымдар көбіне шығармада толыққанды кейіпкер бейнесі жасалмады деген пікір қалыптастыруға тырысқан. Бұл – жаңсақ, ұшқары пікір дер едік. Төрт тараудан, оның ішінде бірнеше шағын әңгімелердің жинағы рәуішті құрылған роман композициясына мін тағу қиын. Осы ретте Б.Шалабаевтың пікіріне құлақ түрсек, «І.Жансүгіровтің «Жолдастар» романында революция қарсаңындағы қазақ даласының өмірі реалистік түрде суреттелген. Бірақ автордың сюжетті қосалқы оқиғалармен тым «ауырлатып» жібергенін де атап көрсеткен жөн. Негізгі оқиғадан шегіне отырып, ол көптеген новеллаларды орынсыз тықпалаған (мәселен, «Сиыр көрдің бе?», «Жанжал», «Цирк», «Жагер, жоғары шық», «Тасаттық» тараулары). Романда екі жүзге жуық кейіпкер бар, олардың біреуі түрлі оқиғаларға белсене қатысса, екіншісінің тек аты ғана аталған. Романдағы негізгі кейіпкерлер бедерлі бейнеленген. Мәселен, Шалматай қажыны «ит кемірген асықтай тықырайған қара қажы» деп бейнелеуі тек ірі қаламгердің қолынан келмек» [133, 111–112-бб]. Мұндағы әдебиетші атап көрсеткен шағын тараулар, тақырыпшалар кейде ойды бөліп тастайтындай селкеу оқиғалы болып көрінгенімен, салмақты көзге романның өзіндік бір ізді желісі, ой тұтастығы айқын көрініп, бастан аяқ тақырыптың өзекті арнасы жалғасып, жымдасып жатады.

«Жолдастар» романында сомдалған, типтелген негізгі кейіпкер Сатанмен қатар бірнеше «Сатанды» қатар алып шығуға тырысқан авторлық идея жетістігі айтарлықтай. Әр орта, әр жағдаймен қилы тағдыр иелерін

замана ағымының бір уақытта революцияға әкелу жолын көрсетудегі жазушы қолданған тәсілдер ұтымдылығының нәтижесінде өзі суреттеп отырған тарихи кезең оқиғаларын нанымды бере білген. Ауыр ғұмыр, бірақ бір мақсаттағы бірнеше «Власов», «Қартқожалар» образы жазушы жоспарлағандай трилогияға айналғанда, Ілияс кенеттен мерт болмай ойға алған іс аяқтағанда, әдебиетіміздегі үлкен эпикалық шығармалардың біріне айналмасына кім кепіл?! Екіншіден, романдағы оқиғалар өткен кезең – 1913 жылдан 1917 жылдың 26 қазанына дейінгі аралық болса, Ілиясқа кеңес өкіметінің белсенді қайраткерінің бейнесін жасай қоймадың деу де орынды айтылған сын емес. Романның Ілияс қаламының өзіндік «мені» айқын көрініп тұрады. Жазушы романды тақырыбына, роман суреттеген дәуірге сай жатық тілмен жаза білген. Ілияс сөйлемдері жеңіл, әрі көркем, поэтикалық сұлу өрнектермен молынан әшекейленген. Әлбетте, қай жағынан болмасын романды сүттен – ақ, судан таза деуден аулақпыз. Әйтсе де, «жазушының «Жолдастар» романы қазақ романдарының алғашқы қарлығаштарының бірі, өз кезеңіндегі әдебиетіміздің үлкен жетістігі», деген ғалым Б.Шалабаевтың салмақты сөзін назарға аламыз.

«Роман «Бастау», «Ағын», «Толқын», «Тасқын» атты төрт бөлімнен тұрады. Онда 1910 жылдан 1917 жылға дейінгі қазақ халқының өмірі суреттелген. Романның алғашқы беттерінен бастап оқырман ауыл өмірімен және басты кейіпкерлерімен – Сатанмен, оның ағасы Тәжимен, олардың шешесі Сәтбаламен танысады. Шалматай, Шаяхмет және басқа дала мықтыларының бейнелері шығармаға біртіндеп енгізіледі. Романда революция қарсаңындағы тап күресі, әлеуметтік кереғар лагерьлер өкілдерінің қақтығысы көрсетілген» [133, 104-б].

Роман тараулары шағын тақырыпшалармен бөлінген, әрбір шағын бөлігі жинақы, тиянақты әңгіме тақылеттес. «Бастау» – осындай отыз бір тақырыпшаға бөлінген, «Ағын» – отыз алты, «Толқын» – жиырма алты, «Тасқын» – отыз жеті тақырыпшаға бөлінген. Романда автордың ой-өзегінің аздаған сыры секілді авторлық баяндау – монолог, авторлық толғау ретінде пролог келтіреді де, «Бастау» тарауы «Қоянды» жәрмеңкесін баяндаудан басталады.

«Қоянды, жолың қатты, наның тәтті,
Айдаймыз ақсақ қойды, арық атты.

Айдаған осы жолға кедейшілік

Арқаның арқамызға қатты батты» [133, 105-б].

Осы бір өлең шумағы бүкіл оқиға арқауынан хабар беріп тұр. «Қояндыдағы» бай не үшін барады, кедей не үшін барады? Бар болғаны бір қоңыр сиыр, төрт ешкімен қалған Сәтбалаға үлкен баласы Тәжи: «Байдан қой алып қыстасак, аман қаламыз ба?» – деумен, «Ақ вексельге» отыруға көндіреді. Сәтбаланың көңісі жоқ. Әйтсе де қу кедейшілік, күн көріс қамы, екінші жағынан қабырғасы қата қоймаған кіші баласы Сатанды жалға беру жанына батқан әже ұлына келісімін береді. «Байға не айтамыз?» – деген бөлімінде қыс бойы «Ақ вексельге» алған жиырма қойы мен өзінің аз-маз тұяғының бәрі қырылып, үш-төртеуі ғана аман шыққан Тәжидің жақындап

қалған жәрмеңкеден қашуы айтылса, келесі бөлімінде Шалматай байдың повесткасымен шақыртып алынған Тәжидің «Ақ вексіл» құнына жалғыз көк құнаны мен інісі Сатанды бір жыл жалшылыққа беріп, бәтуаласуы баяндалады. Бұған кейінгі оқиға малшылыққа жаңа ортаға кеткен Сатанға байланысты өрбиді. ХХ ғасыр басындағы қазақ даласынан есе бастаған капитализмнің алғашқы лебі оның қоғамдық-өндірістік қатынас пен санадан көрініс таба бастауы элементтері – Ілияс романында Сатан және басқа кейіпкерлердің ісі, ойы арқылы ұтымды көрініс тауып дамытылып отырады. Романда қазақ даласындағы алғашқы өндірістік қатынас та дәлелді, ұтымды тәсілмен суреттеліп, кең өріс тапқан «Ақ вексіл» операциясы баршамызға мәлім ұғым болғанымен, оның мәні неде, ол қалай өтеді, қалай жасалады, қалай жүргізіледі? – деп жіктейтін болсақ, бұл дәуір туралы жазылған еңбектердің ешқайсысынан дәл Жансүгіров романындағыдай толық жауабын ала алмайсыз. Ал «Жолдастар» романында жылына жәрмеңкеге жетпіс мыңнан кем қой салмайтын, дала капиталисі Шалматай саудасы арқылы бұл операция алақанға салғандай суреттелген. Әрі бұдан осы бір қыр капитализмі механизмінің іске асу жүйесін жазушының өмірде терең білгендігін аңғаруға болады. Әлбетте, байлардың жәрмеңкеге әкелген мыңдаған, он мыңдаған қойлары бір базарда түгел өтіп кетпейді, саудаға жарамай қалған ақсақ-тоқсақ, ауру-тұрақ мұндай қойлар жылда жәрмеңке тарқарда аманатқа алушыларға таратылып отырады. Бай бағамын дегеннің аты-жөнін нотариус алдында жаздырып, «ақ вексілге» бере береді. Бұл істің аты да осыдан шықса керек. Жазушы жәрмеңкеге жылына жүз мыңға жуық қой айдаған ірі көпестің, тиыннан тиын туғызған қу тұяқ саудагердің малдарының қалай құрылып, қалай сатылатынын, оқырманға қолмен қойғандай, түсінікті әрі көркем тілмен жеткізген. Романның өн бойында мұндай тақырыбы оның ашылған шағын сюжеттер молынан кездеседі. Тарау соңында Шалматайда екі жыл, Шаяхмет байда – бір жыл жұмыс істеген Сатан көп нәрсеге үйренеді, өмірді көреді. Жазушы кейіпкерін тек қой соңына салып қоймай, өмір мектебінің түрлі белестерінен өткізіп, ысылтып, небір шытырман оқиғаның қан сорпасына түсіріп, пісіреді. Сүйгеніне қосылмаған Нәзипаның жайы, басына түскен күндестік хал, көзі ашық дүниеге ғылыми материалистік көзқараспен қарайтын Балабай уезінің татары Фазыл Жиянгелдин мен ауылдың қожа-молдалары арасындағы тартыс, «Шербешнай съездерге» қатысу, Шалматайдың жұмсауымен барымтаға, Досайдың жүйрік аттарын ұрлауға араласуы – «қой ауызынан шөп алмас» Сатаннан ысылған, ширақ Сатанды өсіріп шығарады. Б.Шалабаев осы бір кейіпкерді былайша сипаттайды: «Сатан жастайынан Әділхан байдың есігінде жалшылықта жүрсе де, не өзі, не үй-иесі кісе киімге, ішсе тамаққа жарымайды. Ол болыстың да, ауыл молдасының да малын бағады. Қанша талаптанса да мына қатігез, сұрықсыз заманда күн көру қиын-ақ. Өмір өте береді, Сатан әділетсіздіктің түп тамырын түсіне бастаған сияқты. Жасынан сөзге шебер, өткір тілді ол көкке өрлеген әсем әнімен және күмбірлеген күйімен жұрт көңілін баурап алады. Ауылдағы қазақ әйелдерінің тағдырына жаны ашиды, олардан қолдан келген көмегін аямайды. Ол жауыз Шалматайдан сұлу

Нәзипаны арашалап қалады» [133, 104–105-бб]. Шаяхмет байға қызметке келіп, Құсайынның бала-шағасымен Жетісуға келе жатқан Сатанға халық арасына аңыз болып тараған Тәуке, Самалық сынды батырларды кездестіруі – Тәуке батырдың сөздері, оқушыға да, шығарма кейіпкерлеріне де үлкен ой тастайды.

«Ағында» романның негізгі кейіпкерлері Мәмбет, Мардандармен танысамыз. Мұнда жазушы қоғам ағымының бастауын Сатан сияқты дала капитализмінен алған ауыл жастарын нағыз ағын – қала капитализміне араластырады. Жас Сатан өзімен салыстырғанда қалалық жерге әлдеқайда ысылған өр мінезді, өтірік қылықты көтере алмайтын, әділетсіздік атаулыға, ар-намыстың таптауына ашық күресіп, жалғыз болса да жан наразылығын көрсетіп жүрген Мардан секілді, тілі өткір, тапқыр, Шеркес Қали атанған Мәмбет сынды, ақ көңіл жуас, жолдасы үшін жан пида Нұрәділ сияқты қазақ жұмысшыларымен танысады. Ертістегі пароход өнеркәсібі, олардың жұмыс күнін сатып алу тәсілі, капиталистік – өмір салтының жанды көріністері. Мұндай жерлердегі жұмыс жағдайы жұмысшыларды капитализмнің аяусыз құрбаны етсе, екінші жағынан пролетариаттық-интернационалдық сананы оятушы, біріктіруші, ұйымдастырушы орталығы ретінде жазушы нанымды суреттейді. Романдағы зұлымдықпен, әділетсіздікпен күрес, адамгершілік, биік рух, жаңаға деген талпыныс аталмыш кейіпкерлер әрекеттері арқылы авторлық идеямен тоғысып жатыр. Сатан, Тәжи, Мардан, Мәмбет, Нұрәділ, Аяпберген т.б. – ел тағдырына жанымен күйзелетін көзі ашық, көкірегі ояу жаңа буынның, жаңа заман құрылыс сапына қосылатын сом тұлғалардың типтік бейнелері. Образдар галереясының басты кейіпкерлердің романдағы орнын, егжей-тегжейін анықтау ісі Б.Шалабаев зерттеуінің негізгі бағыттарының бірі. «Лагерю бедноты, представленной образами Сатана, Тажи, Мардана, Мамбета, Нурадила, Аяпбергена, Камаша, Орлова, Алексея, Герасимова, Михайлова, писатель противопоставляет образы антигероев – Шалматая, Шаяхмета, Асылбека, Мысыкхожи, Абрама, Сулеймена, Жексембая, Досая Идриса, Шаншина, Асана, Исака, Кожакмета. Между этими враждебными классами мечутся Суртай, Кемелбек, Субай... Во второй части романа появляется образ умного и честного Мамбета. Во время поездки по Иртышу на пароходе «Светлана» он размышляет: «Этот пароход сделан человеком – мастером. Сколько весят все эти грузы, множество людей, тяжелый чугунный котел, литые металлические машины – а пароход не тонет. Он лишь поскрипывает и плавно плывет себе по реке. Вот что могут сделать мастерство и знания. С наукой трудно спорить, она может все... Всем своим существом протестовал джигит против жестокого гнета феодалов, жадно искал справедливости, желал счастья и свободы своему народу. С какой ненавистью выступал он против тогдашних «хозяев жизни!». В гневе он может бросить ненавистному угнетателю: «эй ты, сивобородый, может быть, я скоро погибну, но если уцелею, не жди пощады! Я не пожалею тебя и распорю тебе брюхо!». Мамбет – это тип убежденного и твердого борца, человека большого сердца, впитавшего в себя все лучшие качества казахского трудового народа. Интересен в романе образ другого казахского

революционера – Мардана. Его судьба во многом напоминает судьбу Мамбета. Выходец из простого люда, он также проходит путь от батрака до революционера. По словам, «он рос у дальнего родственника Масая, который превратил его в раба. Ему приходилось отбирать у собак брошенные им кости, драться со щенками за прогоревшую на дне котла пищу. Грязный, голодный, больной, ходил по юртам и выпрашивал кусок курта». Немудрено, что характер у Мардана сложился тяжелым и подозрительным. Мардан мог сносить побои, но не терпел унижения словом и со слепой яростью бросался на обидчика. У него ничего не было – ни крова над головой, ни, тем более, скота. Мысль о справедливости и свободе для трудящихся неизбежно должна была родиться в сознании Мардана, и он начинает думать о путях избавления от насилия и унижения... Он уже понимает неизбежность гибели эксплуататорского строя и уверенно бросает им: «Если вы сегодня бросите в тюрьму одного из нас, завтра на его место придет тысяча» [239, 56–58-бб]. Зерттеуші Б.Шалабаев романдағы басқа да кейіпкерлерге кеңінен тоқталады. Мәселен, «Романда мінез-құлқы, сырт көрінісі, өмірге көзқарасы әр түрлі қарапайым адамдардың бейнелері нанымды шыққан. Нұрәділ, Аяпберген, Байғарау, Елеке ақын, Сүндет – олардың әрқайсысы халық бостандығы жолында, бақытты өмір жолында аянбай күреседі. Әрқайсысының таңдаған жолы, арманы, көздеген мақсаты бар. Аяпберген жастайынан жоқшылық пен қорлық көріп өседі. Ерте ағарған шаш, бетіндегі терең әжімдер соның айғағы тәрізді. Халық қасіреті, бұлыңғыр болашақ туралы ойлар оның жанына жегідей жеп, күндіз-түні маза бермейді. Елеке – әнші, сауықшыл адам. Жас кезінде халық ақыны Жанақпен кездескен, атакты Шөжемен айтысқан. Романда ол сөзге жүйрік, өткір ойлы, талантты адам ретінде суреттеледі. Оның әндерін, ертегі, жырларын естігенде жұрт көңілі жадырап, мәз болып қалушы еді. Елекенің қоғамға көзқарасы қарама-қайшы, ол көбінесе ескі дәстүрлер төңірегінен ұзап кете алмайды. Бірақ оның әндері мен өткір мысқылдары халыққа қызмет етіп, күрес жолында үнемі жігер қосып отырады... Романда өздерінің бас бостандығы, теңдігі туралы, сүйген адамдарына қосылуды арман еткен Нәзипа, Күлзейне, Күлән, Қамаш сияқты қазақ әйелдері зор ілтипатпен суреттеледі» [133, 107–109-бб].

Ғалым Р.Нұрғали роман қаһармандарының әрқайсысының өзіндік орнын реалистік тұрғыда шебер мүсіндеп, шығармадағы қаламгер қолданған композициялық параллелизм әдісіне кідіріп, жазушының творчестволық лабораториясын жете зерделейді: «Романның деректі негізін, өмірлік материалын Ілияс зерттеп, жинақтап, іріктеп алған, қаламгерлік қиялмен өзгерткен, сұрыптаған. Дегенмен Мұқаметқали Тәтімов, Көлбай Төгісов секілді тарихи тұлғалардың тағдырымен Мәмбет, Сұртай бейнелерінің ұқсастығын көру қиынға соқпайды.

Романды жазу алдында заман шындығын шежірелеу үшін көптеген адамдармен сөйлескені, өзіндік зерттеу-барлау жұмыстарын жүргізгені, дайындықпен кіріскені бүгінде белгілі. Мардан, Сатан, Мәмбет сияқты кейіпкерлер арқылы автор ел өмірінің бел-белестерін, тарихи тағдыр-талайын көрсетуді мақсат еткен. Біраз кейіпкерлердің тіршілігіндегі өзгерістер өзінің

заңды жалғасын таппай, үзіліп қалған сәттері де бар. Шығарма беттерінде жиі ұшырасатын қыруар кейіпкерлердің негізінен аталған үш характерге байланысты сәттерде ғана табыла қалуы сияқты кемшіліктер автордың үлкен жанрдағы алғашқы ізденісі жемісті болғанымен, тәжірибесі әлі де толыспағанына айғақ.

Бас бостандығын аңсап, заманның қатал тәртібіне қарсы қаншама қайрат қылуға жан салғанымен, көксегеніне жете алмай, жапа шеккен Қамаш, Күлән, Күлзейне, Нәзипа сияқты әйелдер бейнесінен заман аңғары, тарих айдыны, әлеуметтік шындық танылады. Қаламгер бұл орайда алға қойған мақсатын орындаған: заман шындығын шежірелеген, сол арқылы қоғам, адам мәселелерін көтерген» [244, 337–338-бб].

Соңғы «Тасқын» тарауында сахнаға Сатан, Мәмбет, Нұрәділ секілді әділетсіздік, адам төзбес ауыртпалыққа ашынған, ызаланған, бірақ жол таппаған жұмысшылар әрекеті, алғашқы революциялық үгіттер, бірігіп жұмысқа шықпаған майдандағы Мардандар әрекеті баяндала келе, «Бостандық болысы» бөлімінде, февраль буржуазиялық революциясының лебі, Мардандардың майданнан оралуы, көп партияшылық, Асылбек, Кемелбек секілді болыстардың «Бостандық болысы» болып шыға келу жайы қозғалса, «Сенген қойым сен болсаң», «Үш жүз», «Түсінікті» бөлімдерінде жазықсыз ұсталған Марданды ақтап, босатуға келген Аяпберген арызына қаладағы қаптаған партияның – ешбірі көмектесе алмауы, бәрі халық атын жамылған буржуазия екендігі нанымды, түсінікті баяндалған. Роман сюжетінің соңғы нүктесін шығарманың соңғы тараушаларының аттары да айтып тұрғандай. Олар: «Таң жақын», «Қызыл таң», «Жолдастар» деп аталады. Жазушы осылайша жаңа қоғамды қолдаған, қызыл таңмен бірге қолдарына қырмызы ту ұстаған, «бәріміз теңбіз, жолдаспыз», – деп ұрандаған мыңдаған халықтың алаңға жиналу сәтін суреттеумен роман оқиғаларының желісін ұтымды түрде тұжырымдайтын панорамалық картина бейнесімен аяқтайды. Көз алдымызға 1917 жылдың ескіше 26–27 қазан күндері, тасқындай қаптап кең алаңға ағылған толқынды тулары бар адамдар легі, жасыратыны жоқ, тарихта болған төңкеріс ешбір әсірелеусіз елестейді.

«Жолдастар» романын сараптай келе жазушының таңдап алған тақырыбы туралы өмір материалдарынан молынан жинап, тереңнен тергендігін, оны шығарманың өн бойында ұтымды, сәтті пайдаланып отырғанын, өзі жазып отырған уақыт аясындағы әлеуметтік құрылысы мен халықтың тұрмысы мен дәстүрін терең біліп, сол кездегі қоғамдық санадағы болған өзгерістерді де оқырманына дәлелді, нақты жеткізе білген.

Адам мен табиғат жалпы адамзаттық мәні бар, мәңгілік философиялық тақырып. Адамзат баласын тек қоғам ғана емес, ең алдымен табиғат байланыстырады. Сондықтан да оның әдебиеттегі алатын орны ала-бөтен. Көркем шығармадағы табиғат көріністері белгілі бір көркемдік қызмет атқаратыны мәлім. Қашанда суреткер пейзажды көркемдік мақсат үшін пайдаланатыны бар. Бұл ретте Б.Шалабаев І.Жансүгіров романындағы ара-тұра ұшырасатын пейзаждарды талдай келе: «І.Жансүгіровтің романы пейзажға бай емес, бірақ арагідік кездесетін табиғат суреттері әсем де дәл

берілген. Мысалы, «Жазды күні ыстықта қоңыр тау құрысқан күйіктері сияқты, Шөл жерге қырау түсіп, қар жаумай бұл таудың маңайын ел де, мал да көрмейді. Жалғыз-ақ бұл жерді мекендеп жүретін аң да – қара құйрық, қоян, қасқыр, құс та – бөктергі, сауысқан, адам да – жол тосқан ұрылар ғана. Көсеумен шұқылап, атқа пісірген бауырдай қара быжырық таудың жырақаналарында жылт еткен су жоқ. Күні шыжып, ысып, аңызак желі ұдайы соғады. Сайлардың ішіне шанғажайлап біткен седірең тобылғы, тырбықбай бозқарағандар болмаса, берекелі шөп жоқ. Бұта да, шөп те таудың шашындай». Даланың – бұл сүреңсіз, сұрықсыз пейзажды кейіпкерлердің көңіл-күйімен сәйкесіп жатады» [133, 112-бб]. Романдағы жазушы қолданған оқта-текте табиғат пейзаждарының тілі көркем келеді, әрі оқиға характеріне орай кейіпкердің ішкі дүниесімен үндесіп, психологиялық тұрғыдан қатарласып, астарласып, жалғасын тауып жатады.

Шығарманы өнер ретінде танытып, биікке көтеретін басты өлшемдерінің бірі – жазушының сөз қолдану шеберлігі. Әрине, бұл көркем шығарма тілінің баттасқан бояуға бой ұрмай, керісінше жазушының құнарлы ойының ашық та дәл де берілуін қажет етеді. Сондықтан да көркем шығарманың тілі сол өнер туындысының басты өлшемдерінің қатарында саналады.

Әдетте әдеби шығарманың тілі туралы мәселе қозғалғанда жазушының шеберлігі қаламгердің сөз табиғатын қаншалықты түсінетіні тұрғысынан ғана емес, сол сөзді өз мақсатына сай қалай құбылта қолдануы жөнінде де болары анық. Атап айтқанда, халықтық ұғымдардың барынша жинақталған, жүйеленген образдылық сипаты айрықша басым болып келетін тұрақты тіркестер, топономикалық атаулар, салт-дәстүр атаулары, тиянақтап айтқанда, этнолингвистикалық ұғымдар т.б. әдеби нормалармен қатар, стильдік фигуралар мен әдеби троптарды орынды қолданылу жайына талдау жасау арқылы І.Жансүгіровтің талантына тәнті боласыз. Жазушының тілді халықтан үйрене отырып, сөйлеудегі талғампаздықты халқына үйрете де алатынына көз жеткізесіз. Жазушының тіл шеберлігіне талдау жасаған ғалым Б.Шалабаевтың мына пікіріне назар аударсақ, «Жансүгіров – шұрайлы тілдің шебері, көркем сөздің зергері. Қазыналы халық тілінен өзіне керектігін таңдап, талғап ала біледі, оны суреттеу құралы ретінде өте орынды пайдаланады. Кейіпкердің көзқарасына, мәдени дәрежесіне, мінез-құлқына қарап, олардың ауызынан шығатын сөз де мың құлпырып тұрады. Мәселен, Сатан мен Шалматай байдың сөздері бір-біріне ұқсамайды. Сатан мақалдап, мәтелдеп сөйлейді, сөзге ұста, сөзшен. Шалматай да өз мүддесін, көздеген мақсатына сай мақал-мәтелдерді көп қолданады («Жап аузыңды, сорлы сенің балақ бауының менің қолымда», «Құр аяққа бата жүрмейді»). Үстем тап өкілдерінің, мырзалардың, подрядчиктердің, саудагерлердің сөзі, сөйлеу мәнері дөрекі, түйеден түскендей дөкір дөрекі, басыңа таяқпен салып қалғандай ауыр... Романда қазақ даласының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, халық өмірінің жарқын беттері кең көлемде көрсетілген, онды орынды теңеулер мол. Автор диалог арқылы кейіпкердің жан-дүниесін кеңінен танытады.

– Жылама, қарындасым, өзің разы болмасаң, қашсаң да құтыласың ғой, – деп Мәмбет үміт айтты.

– Жыламай қайтейін, ағатай. Сүйеу болар бір кісім жоқ. Менің сөзім кімге өтеді, менің қайғым кімге батады..., – деді Күлән».

Бұл диалогта қазақ қызының дәрменсіз халі туралы ащы шындықтың беті ашылған.

Ілияс Жансүгіров ішкі монологты жақсы меңгерген. «Светлана» пароходында келе жатып Мәмбет өмір туралы былай қиялдайды. «Мынау үлкен өзен, күні-түні тоқтаусыз аққан су асығып қайда барады? Су кім үшін ағады? Өзен осы ағысымен неге ұқсайды? Бір аққан су қайтпайды... Әлде адам өмірі осы сияқты ма». Бұл монолог Мәмбеттің ойын, рухани дәрежесін, мінез ерекшелігін дәл бейнелейді» [133, 112–113-бб]. Қазақтың қара сөзіне қаныққан жазушы еш қиналмастан қазақы табиғатты жеңіл әрі шешен, өзіндік тәтті юморымен небір шұрайлы сөз тіркестерін шығарманың өн бойында төгіп отырады. Әсіресе, қазақы қонақ түрлерін тарата түсіндіруі, «Шербешнай съездегі», «Абдыра тобының» мөрлерін суреттеуі оқырманның көңілін өсіріп, көргенде көзі тояттайтын тамаша сюжеттер. Мысалы, «Оның арызын тыңдап, ең кереметін айыру орнына бишікештер алдына келген піскен етке пышақтарын суырғандай жандарына қолдарын салысып, мөрлерін суырысып жатты. Алынған мөрлер песір молданың кішкене сандығының үстіне үйме-жүйме болып отырған билердің өздеріндей тізіліп барады. Тот басқан, ағаш сапты, дөңгелек темір мөр, сабы мүйіз сұр сопақ мөр, кір-кір төс қалдалардан, жан қалталардан, түйіншектерден құдіретті түрде шығып жатыр. Әркімнің мөрі иесі сықылды – мықыр мойын, құнан бұқа бидің мөрі – ит асық, шуда сақал, жалпақ мұрын бидің мөрі – тот басқан шойын мөр, теке сақал пұшық бидің мөрі – өзінің мұрны сияқты пұштиып қалған. Ұзын мойын кесе қараның мөрі – сұр сопақ, сом мөрлер аяғы буылып, алдына келген малды бауыздайтын қайралған пышаққа ұқсайды» [249, 76-б], міне, осы сияқты тамаша әзіл-оспақ суреттер шығарманың көркемдік деңгейін жоғарлата түседі. Бұған қоса жазушының романдағы тақырып атаулары мен әр тарауға эпиграф таңдаудағы жетістіктерін, пролог жазудағы өзіндік табысын, роман тілінің жеңіл әрі көркемдігіне орай төгіліп тұратын юморын, кейбір тұтас абзацтардың өлең шумағындай ұйқаса тізілуінің шығармаға көрік беріп тұрғандығын, кейіпкерлердің образын сомдаудағы автордың өзіндік тәсілін, автордың өз идеясын толық іске асыру жолында романның композициялық құрылымында қолданған тәсілдерінің (монолог, диалог, шегініс т.б.) ұтымдылығын байқауға болады. Сонымен қатар өз дәуіріне тән алғашқы орыс сөздерінің қазақ арасында қазақылана қолданылуы сияқты детальдар да қаламгер назарынан тыс қалмаған. Әдебиетші ғалым Б.Шалабаев «Жолдастар» романының идеялық-көркемдік, идеялық-тақырыптық тұрғыдан, тілінің поэтикалығы тұрғысынан алғанда жан-жақты жүйеле зерделей келе, І.Жансүгіровтің бұл романын алғашқы қазақ романдарын толықтыра келген, қайшылыққа толы халық тағдырындағы тарихи процесті бейнелеуде романның ауыр жүгін көтере отырып, «І.Жансүгіровтің романы революцияны жырлаған, орыс пен қазақ

халықтарының достығын паш еткен шығарма ретінде біздің мәдени тарихымызда елеулі орын алады», деп өз үлесін қосқан туындылардың бірі екендігін тұжырымдайды.

Романның деректі негізін, өмірлік материалын Ілияс зерттеп, жинақтап, іріктеп алған, қаламгерлік қиялмен өзгерткен, сұрыптаған, дегенмен Мұқаметқали Тәтімов, Көлбай Төгісов секілді тарихи тұлғалардың тағдырымен Мәмбет, Сұбай бейнелерінің ұқсастығын көру қиынға соқпайды.

Реалистік характерлерді сомдау, роман сюжетін ширату, роман тартысын табу, қаһармандар образын деректердің көлеңкесінде қалдырмай, жанды тұлғаға айналдыру секілді суреткерге қойылатын талапқа кеңінен жауап беретін «Жолдастар» романы өз бойына классикалық әлеуметтік-психологиялық, тарихи романдардың өміршең қасиеттерін сіңіре отырып, мазмұн, форма жағынан да сапалық жаңа белгілерімен ерекшеленетін туынды. Осындай тереңдігімен, биіктігімен ерекшелінетін өлмес шығарма, қаламгер Ілияс Жансүгіровтің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің көтерген олжалы жаңа белесі екені сөзсіз.

Қазақ ұлтының рухани темірқазығының бірі Мұхтар Әуезов сияқты ұлы тұлғаның өмір сүрген тарихи кезеңі алыстаған сайын оның шығармашылық өмірбаяны мен мұрасының өзі де сол ұлттың рухани көркем шындығына айналады. Өйткені сол тұлғаның өмір сүруінің өзі құбылыс. Әр ұлттың рухани дамудың қандай дәрежесіне жеткені сол дана тұлғаларға деген көзқарас пен көркемдік өлшемнің деңгейі арқылы пайымдалады. Өйткені, шынайы ұлттық тұлғалардың тағдырына «сананың сәулесін түсіру арқылы біз ұлтымыздың өткен тарихын талдап, бүгінгісін саралап, келер болашағын анықтаймыз. Сондықтан да даналардың тұлғасын саралау – сол ұлттың рухани қажеттілігі» (В.Ключевский) болып табылмақ. Қазақ ұлтының руханияты мен көркемдік жады және әдебиеті мен мәдениеті үшін М.Әуезов те сондай дара да күрделі тұлға. Оның «қат-қабатта», «шытырманда», «бел-белесте», «қияда», «тайғақта», «оқапта», «қақтығыста», «қоршауда», «құз-қияда», «қапада», «қастықта», «биікте» өткен мазасыз шығармашылық өмірі мен танымын түсіну – сол ұлттың рухани парызы. Өйткені, М.Әуезов бір ұлттың емес, мұқым бір қоғамдық құрылыс ауқымындағы «тарихи көркем ойлау жүйесін қалыптастырған» (А.Толстой), «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген» (Л.Арагон) сөз иесі. Әуезовтің даналық көркем ойының мәйегінің құнары – бірыңғай оның туындыларындағы қат-қабат тартыс жүйесінің тоғысуында, жеке тұлға мен қоғам арасындағы көзқарас тартысында ғана емес, үш формацияны тел еміп өскен тағдырының тамырында жатыр. Ал М.Әуезов – көркем творчествосымен қоса жеке өмірі арқылы көшпелілер әлемінің соңғы тұйыққа тірелу қасіретін, самодержавиенің отаршылдық езгісін, оның сана мен санатқа жасаған зорлығын, рухани тәуелділікті тудырған басыбайлы психологиясын, социализмнің «коммунистік-колонизаторлық» (С.Сәдуақасов) сұрқия пиғылы мен тобырлық кекшілдігін, заманалардың төңкерісіне қоса адамның тағдырын оймен екшеп берді. Көркем шындық арқылы тарихи шындықты адамзаттың назарына ұсынды. Бұл – М.Әуезовтің

дүние мәдениетіне қосқан парасат пайымы. Сондықтан да оның өмірі мен шығармашылық жолына және көркемдік әлеміне арналған әр саладағы әдебиетші ғалымдар мен сыншылардың, әдебиет зерттеушілерінің 3350-ден астам монографиялары мен ғылыми мақалаларының жарық көруі заңды.

М.Әуезов – қазақ әдебиетінің ұлы классигі, ХХ ғасырдағы қазақ халқының ұлттық ой-санасының, сөз өнерінің, көркем прозаның асқар биігі. Ол – теңдесі жоқ суреткер жазушы, драматург, ғұлама ғалым-әдебиетші, зерттеуші, фольклортанушы, ұлағатты ұстаз және ірі қоғам қайраткері.

Қазақтың классикалық жаңа әдебиетінің басы Абай дейміз, мұны ұлы ақынның шығармашылығы оған дейін бірнеше ғасырлардағы ақындық, жырау-жыршылық өнерінің шарықтап биікке көтерілген, жаңа сапаға ие болған, яғни, классикалық көркемдік стиль әбден қалыптасқан кезеңі деген мағынада айтамыз.

Абайдың дәстүрлерін жалғастырып, жан-жақты өрістеткен Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Ахмет пен Міржақып десек, олар классикалық стильді көбіне жеке жанрларда қалыптастырып, дамытты. Солардың ішінен шығып, сөз өнерінде өнегелі өріс тапқан, кемел классик Мұхтар Әуезов болды.

Әдебиет майданына ХХ ғасырдың бас кезінде келген, әдеби, қоғамдық өмірге белсене араласқан Әуезовке жазушы болумен қатар қоғам қайраткері, саяси күрескер болуға тура келді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді алаш көсемдері бастаған халықтың еркіндік алуын, мәдениетке, өнер-білімге деген ықыласын арттыруды ту қып ұстап, «Ояң, қазақ!» деп ұран тастаған ұлттық қозғалыс, азатшылдық, демократияшылдық идеялар М.Әуезовтің өмірлік мақсат-нысанасын айқындауына жол ашты. Әрине, М.Әуезовті әлемдік деңгейдегі алып тұлға, әлемдік құбылыс ететін алдымен оның шығармашылығы – жаңа белеске көтерілген ұлттық сана-сезімнің жарқын көрінісі болғандығы. Ұлы жазушы шығармашылығының қайнар көзі, сарқылмас бастау-бұлағы ұлттық сөз өнерімізде, ана тілімізде екенін, ол туған халқының өмір-тұрмысын, тарихын, арман-мүдделерін, психологиясын терең, көркем бейнелеу арқылы ұлттық ой-санамызға, сөз өнерімізге шексіз мол жаңалық әкелгенін естен шығармауымыз керек. Мұхтар Әуезовтің әдеби мұрасы түбегейлі ұлттық мүдделерге сәйкестігі жағынан алсақ та, әлемдік, адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарасақ та, алдымен туған халқының өмірімен тығыз байланысты, тарихи тағдырымен тамырлас болуымен бағалы. Батыс пен Шығысқа, дүние жүзі елдерінің оқырмандарына Әуезов шығармалары қазақ халқының өмірі мен тұрмысын, бүгінгі егемендік алған еліміздің тарихи жолын, асқақ арманын, асыл мұраттарын терең толғап баяндай отырып, бүкіл адамзатты толғандыратын аса зәру әлеуметтік, моральдық мәселелермен ұштастыра білуімен етене жақын.

М.Әуезов – әлемді сөз өнерімен, дара өрнек сырымен тәнті етіп, табындырған киелі есім. Адамгершілік пен арды тұғыр еткен тұлға, жан дүние жұмбақтығы тереңде жатқан өзгеше құбылыс... Оның қаламынан туған үлкенді-кішілі құнды дүниелер адамзаттың мәңгілік мәселелері хақында ой-толғаныстарға жетелейді. Сондықтан да алыстаған сайын биіктей беретін

асқар алып таулар іспетті бүгінде Әуезов әлемі де сырлы сұлулығымен, ерекше сән-салтанатымен өзіне тарта түседі. Осы қасиеті қаламгер шығармашылығын зерделеуді мақсат тұтқан қатарының уақыт өткен сайын молайып, әуезовтану арналарының көбейіп, кеңейіп отыруына негіз болып келеді.

Сол әуезовтанушылардың бел ортасында кім-кімді де елең еткізер бір есім бар. Ол «алыптар тобынан» кейінгі әдебиеттанудың «еңбек торысы» атанған көрнекті әдебиетші, білікті романтанушы – Белгібай Шалабаев.

Б.Шалабаевтың қазақ әдебиетіндегі сындық, сыншылдық арнаны барынша кеңейтіп, сайыр-соқпағын ұзарта түсуде қосқан үлесі салмақты да салиқалы. Ол өзінің осы бағыттағы ұбақ-шұбақ жолында қалам соқтырмаған қаламгерлері тым сирек. Ол сонау әдебиетіміздің алыптары атанған Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин тәрізді ұлылар шоғырының шығармаларына қатысты құнды пікірлер, іргелі ғылыми талдау мақалаларын арнады.

Біз бұл орайда ғалымның заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов шығармашылығына қатысты ауық-ауық назар құлатып отырған ғылыми зерттеу еңбектеріне тоқталамыз.

Б.Шалабаев кезінде М.Әуезовке қатысты «М.Әуезовтың повестері мен эпопеясы», «Повести и роман-эпопея М.Ауэзова», «Образ народа и поэта в эпопее М.Ауэзова», «Сюжет и характер», «Жаңадан дамыған жанр жайында», «Қазақ романындағы сюжет пен характердің кейбір мәселелері», «Қазақ эпопеясы әдебиеттік сында», «Қазақ әдебиетінің алып шығармасы замандастарының назарында», «Асыл туынды», т.б. көптеген ғылыми зерттеу еңбектерін жазды. Ұлы қаламгердің әдебиетіміздегі орны мен беделін белгілеуде ғана емес, Әуезовтың сан қырлы қалам қуатын танытқан кемеңгерлігін барынша кеңейте көрсетуде өз әріптестерімен қатар Б.Шалабаев та сүбелі үлес қосты. Соның ішінде ғалымның «М.Әуезовтің повестері мен эпопеясы» [133] атты көлемді де кесек зерттеу еңбегі ерекше сөз етуді керек етеді.

Зерттеуші жазушының «ірі тұлға» проблемасын шектеуге сатылап көтерілгендігіне көңіл көзін қадайды. Даңқты эпопеяға барар жолға мол әзірлікпен жіті даярлықпен келгенін орынды сөз етеді. Бұл ауқымды мәселе «жазушының идеялық және творчестволық өсуіне байланысты шешіледі» деп оң тұжырым жасайды.

Мақаласында ғалым Әуезовтың екі кесек те келісті қыры – халықтық бейнелерді жасаудағы шеберлігі де екіншісі Абай бейнесінің диалектикасына ден қоя сөз етеді.

Әуезовтың «Қорғансыздың күніндегі» Ғазизаның, «Ескілік көлеңкесіндегі» Жәміштің, «Жетімдегі» Қасымның, «Көксеректегі» Құрмаштың бейнелері «байшыл-рушыл әдет-ғұрып үстемдік еткен қазақ даласындағы қоғамдық тарихи жайларға сәйкес әлеуметтік енжарлықтың көріністерін байқау қиын емес» деген ғалым мұның барлығын «ескілікке, қараңғылыққа, надандыққа қарсы айтылған үкім деп есептеген дұрыс» [133,

116-б], – деп ой түйіндейді. Біздіңше Әуезов әңгімелеріндегі қорғансыздар, қорлық көрушілер, кембағылдар сол кездегі қазақ даласын тұмшалаған надандық, ескілік үстемдік құрған кезеңнің шынайы да ақиқат көріністері болса Б.Шалабаев осынау сипаттарды дөп басып, дұрыс тұжырым жасаған.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезең тынысын танытуда да М.Әуезов бір шоғыр әңгімелер берді. «Шатқаландағы» Шәлтік, «Бүркітшідегі» Бекбол, «Білекке, білектегі» Мақпал, Айша, Жақып, «Іздердегі» Несіпбай мен Құлжатай «Жуандықтағы» Жақсылық, «Асыл нәсілдегі» Есіркеп образдары жоғарыдағы кейіпкерлерге мүлдем ұқсамайтын жаңа заманмен бірге туған жаңа бейнелер, жігерлі, ынталы, белсенді, күрескер тұлғалар еді. Ғалым Әуезовтың жаңа арнаға түсу үстінде замана қойнауынан туған жаңа бейнелердің бет-бедерін белгілеп, суреттеуде шынайы шеберлік танытатындығын дәл басады.

Характер дегеніміз не және оның өмірдегі орны қандай дегенге келсек, оны М.Әуезов былай түсіндіреді: «Кесек характерлер қатынасқан күрес-тартыстар ғана шығарманы кең құлашты, масштабты етеді. Характерінің бір ғана көрінген адам кесек бейне бола алмайды, ол үшін кейіпкерді барлық қырынан жан-жақты көрсету керек» [111, 48-б].

«Кесек характер» проблемасы М.Әуезов шығармашылығында бірден шешімін тапқан жоқ, – деп жазады Б.Шалабаев, – ол жазушының идеялық-творчестволық өсу жолына байланысты бірте-бірте шешілді. «Қорғансыздардың күніндегі» Ғазизаның, «Ескілік көлеңкесіндегі» Кәмештің, «Жетімдегі» Қасымның, «Көксеректегі» Құрмаштың характерлерін алатын болсақ, бұлардың характерінде босандық, батылсыздық бары байқалады. Бұл мінез адамның қара басының инициативасына жол бермей, өрісін тарылтатын ескі рулық салт-сана үстемдік еткен қазақ даласындағы қоғамдық-тарихи жағдайдың жемісі екені мәлім. Алайда, осы «батылдығы жоқ, босаң» деп отырған характерлеріміздің өзі сол замандағы қоғамның мінін, оның артта қалғандығын, қараңғылығын, керенаулығын әшкерелейтін үкім тәрізді еді. Ел өміріне Октябрь революциясы әкелген жаңа лепті бейнелеу үшін М.Әуезов «Шатқаланда» Шалтықтың, «Бүркітшіде» Бекболдың, «Білекке білекте» Мақпал, Айша, Жақыптың, «Іздерде» Несіпбай, Құлжатайдың, «Тас түлектерде» Есіркептің характерін жасады, бұлар жаңа өмірді құру жолындағы күрестегі белсенділігі, жігерлілігімен көзге түседі.

«Кең құлашты», «кесек», «жан-жақты» характерлерді жасау жөнінен қаламгер өзінің дарқан талантын, асқан шеберлігін «Абай жолы» эпопеясы мен «Өскен өркен» романында емін-еркін мол көрсетті» [199, 92-б], – дейді Б.Шалабаев.

Б.Шалабаев «Кең ауқымды», «Көп қырлы» кейіпкер жасау мәселесі М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында түбегейлі шешілді... Бұрынғы шығармалары «Абай жолы» эпопеясына алып келген басқыш, баспалдақ» [133, 117-б] деген пайымға келеді. Ғалым Әуезовтың жиырмамыншы жылдардағы еңбектерін үш топқа бөліп қарастырады.

«Бірінші топқа даладағы әлеуметтік күресті әр қырынан баяндайтын «Қараш-Қараш» повесі, «Барымта», «Жуандық» әңгімелері жатады. Екінші топқа революцияға дейінгі қазақ халқының тұрмысы мен әдет-ғұрпын, әйелдердің жағдайын көрсететін «Қорғансыздың күні», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Оқыған азамат» әңгімелері енсе, үшінші топқа адамның табиғатқа қарым-қатынасын бейнелейтін «Қыр суреттері», «Көксерек», «Жетім» шығармалары жатады [133, 118-б] деп жіктейді.

Ғалым өз еңбегінде Әуезовтың, сөз жоқ, кесек те кемелді повесі «Қараш-Қарашты» талдауға мол орын берген. Повестегі діңгекті бейнелер Бақтығұл мен Тектіғұлдың ер жүрек, қайсар, еңбексүйгіш жігіттер екендігін қадай айтып, «феодалдық-патриархалдық қоғам оларды жоқшылыққа душар етті, қылмыс жасауға итермеледі» деп олардың тарапынан болып жатқан кесек әрекеттердің себебін анықтап, салдарын пайымдайды.

Шалабаев «Көксерек» повесін балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес» деп бағалайды. Ғалым жазушының шеберлігіне ден қоя «повесть өте көркем жазылған. Ондағы әрбір сурет, әрбір көрініс естен шықпастай» [133, 120-б], деп шегелей түседі. «Көксерек» – жазушының «алғашқы махаббатындай ұнататын» [250, 456-б] шығармасы. «Көксеректегі» адам мен табиғат арасындағы байланыс пен қарама-қайшылықты, түсініспеушілікті бейнелеген автор идеясын әсіре солшыл сыншылар бұрмалап, Көксеректің болмыс-бітімінен әлдебір символиканы көріп, оның емеурінінен саяси астар мен қателік іздеді. «Көксерек – феодализмнің ишарасы». «Көксерек – өтіп кеткен көшпенді дәуірдің елесі». «Көксерек – қазір тамырына балта шабылып жатқан ұлттық буржуазияның көкжалдары, соны Мұхтар өкінішпен жырлап, жылап отыр» – десті ойы таяз, заты саяз сыншысымақтар. Міне осындай сыңаржақ, ұшқары пікірлерге әдебиетші Б.Шалабаев тойтарыс беріп, қаламгер шығармасын арашалап, әділ бағасын береді. Әйтсе де ғалым шеберлік пен көркемдікке келгенде нақты мысалдарға табан тірей талдаса дейсің. Кезінде көрнекті жазушы Тахауи Ахтанов Әуезов шеберлігінің басты сипатын оның тіл шеберлігіне орай қарастыра келіп: «Мұхтар Әуезов шын мәніндегі қазақ тілінің королі болатын. Біз осы кісінің шығармалары арқылы өз тіліміздің бояуы мен құбылған сұлулығын, жыр ырғақты сұлу сазын, таусылмас сөз байлығын, шектелмес суреттеу мүмкіндігін көріп қайран қалдық» [251, 9-б], – деп жазса ол Шалабаевтың пайымдауын одан әрі тереңдете түскен тұжырым ғой деп есептейміз.

Б.Шалабаев талдауға кіріспес бұрын Әуезов эпопеясын жазудағы мақсат мұратын автордың өз аузынан сөйлетеді: «Ақын тұлғасын қайта жасай отырып мен халқымыздың тарихындағы оның орны, өткендегі прогресшіл ролі ғана айтып қойғам жоқ, оны біздің заманмен, совет ұрпағымен табыстыратын азбас арман, асыл мұрат жайында да ойландым. Жас Абайдың жалын атқан сезімі, жігіт ағасы болған Абайдың толғаулы ойлары мен әрекеті, кәрілік меңдеген шақтағы халық қамқоры, халық ұстазы болған Абайдың тартысы мен тақсіреті – міне, осының бәрі сол дәуірдегі халықтың да жаны мен жүрегін ұғуға бастайтын жол еді.

Халықтың көрер көзі, лүпіл қаққан жүрегі, дана ойы болған Абай менің ұғынуымда да халықтың қажырлы талабы мен асқақ ой-сезімнің, жан жүрегiнiң, оның бойындағы ең абзал қасиеттің жиынтығы болып табылады» [133, 63-б].

М.Әуезов эпопеяға бару мақсатын, ондағы заңғар тұлға Абай тұлғасын сомдаудағы сыр-сымбатын осылайша тұжырымдаса, академик Қаныш Сәтбаев: «Қазақ халқының өткенін зерттегісі келген ғалымның бірде-бірі бұл кітапты жанап өте алмайды: ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді, ғалым-этнограф көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі. Ғалым-экономистер Қазақстанның ХХ ғасырдағы халық шаруашылығының бақташылық құрылысынан дәлме-дәл нақты мәліметтер алады, ондағы тап қайшылығының өзіндік ерекшелігімен танысады, ғалым-юристер шарифаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң жобаларынан жобағалы мағлұматтар жинайды» [133, 129-б] екендігін шегелей түседі.

Бұдан әрі Б.Шалабаев эпопея хақында пікірлерін білдірген А.Фадеев, Б.Горбатов, Вс.Иванов, М.Шолохов, Л.Собоев, Н.Тихонов, Мырза Тұрсын-Заде, Б.Кербабаев, Айбек, Наири Зарьян, Г.Леонидзе, Г.Бәширов, Л.Арагон, А.Стиль тәрізді әлем әдебиетінің биік тұлғаларының сөздерін алға тарта отырып Әуезов эпопеясының күдіретті құндылығын әлем әдебиеті жауһарларының қатарына апарып, иықтастырып қояды. Біздіңше ғалымның бұл орайдағы методологиялық табысты тұстарын да осы орайдан іздестірген жөн.

«Абай жолы» эпопеясы – қазақ қоғамының алуан түрлі кең қамтыған, мінез-құлық, құмарлық, сүйіспеншілік атаулының сан қырлы тұтас галереясын жасаған, айрықша мол өмірлік деректерді, әдеби, этнографиялық материалды шығармашылық жолмен игеріп, көркемдік әр беріп жинақтаған шығарма. Оқиғалар мен фактілерді баяндай отырып, жазушы өмірлік тартысты барынша ашып көрсетуге, оның әлеуметтік жағын күшейтуге тырысады. Қоғам өміріндегі байланыс-шиеленістердің сан алуан қыр-сырын ашып көрсете отырып, ол белгілі фактілердің шеңберімен шектелмейді, егер қажет болса, бүкіл баяндаудың барлық желісін бір түйінге келтіру үшін, басты проблемаларды бір арнаға түсіріп, түйістіру үшін оқиға барысын өзгертіп, өзінше қиыстырып, жаңғыртады. Түгелдей, немесе жарым-жартылай ойдан шығарылған романдағы көптеген кейіпкерлердің тағдырлары өмірде болғандай кескін-кейіпке ие болып, жалпы тарихи үрдіспен байланысты, біртұтас көркемдік ойдың өзегімен тығыз ұштасып жатады.

М.Әуезов тарихи шындықтың өзіндік болмысын өзгертпестен өмір құбылыстарын суреттеуге кейде мүлде басқа қырынан келеді. Кейіпкерлерді тарихи шындық негізінде сомдай отырып, жазушы оларды өз көркемдік ойының қуатымен толықтырады, шығармаға бүтіндей немесе жартылай ойдан шығарылған, бірақ бейнеленіп отырған шындықтың кейбір елеулі жақтарын терең ашуға, өз идеялық-көркемдік ойын толық қамтуға себі тиетін кейіпкерлерді қосады. Роман-эпопеяда көтерілген проблемалардың кеңдігі, онда көрсетілген адамдар мен олардың тағдырларының алуан түрлілігі,

мұнда баяндалған қоғамдық өмір құбылыстарының, атап айтқанда, қоғамның әлеуметтік құрылысы, қарапайым шаруаның қасіретке толы тәуелді жағдайы, ірі феодалдардың арасындағы қайшылық, жер, жайылым үшін күрес, көшпелі тұрмыс, шаруашылықты жүргізу түрлері, мәдениет, ағарту мәселелері, тағы басқа сол сияқты тұтас тарихи процесс туралы түсінік беретін сан қилы проблемалардың әр қырынан берілуі таң қалдырады. Бұл тарихи оқиғалар мен фактілердің бәрі роман-эпопеяның бүкіл мазмұнымен тығыз байланысып, шығарманың көркемдік өміріне орайлас мән-мағынасы басқаша ашыла түседі.

Халықтың өмірі мен тұрмысын, салт-санасын, оның өкілдернің түсінігі мен көзқарастарын суреттей отырып, М.Әуезов ұлттық қасиет-ерекшеліктерге жалпыадамзаттық сипат дарытады, ұлттық және жалпыадамзаттық белгілердің бірлігін көре біледі, ал қоғамның тарихи дамуынан біздің дәуірімізге дейін өз маңызын сақтаған прогресшіл үрдістерді бөліп ала біледі. М.Әуезов Абай дәуірін көркемдікпен суреттеуде кейбір жағынан алғанда тарихи процестер мен құбылыстардың мәніне терең енуімен тарихшыларға да жөн сілтеп, өнегелі ой тастайды деп батыл айтуға болады.

«Абай жолы» эпопеясы уақыт сынынан мүдірмей өтіп, адамзаттың ақыл ойы, көркемдік даналығы туғызған ең үздік, ең таңдаулы шығармалардың қатарынан орын алды.

Эпопеядағы Абайдың тұлғасы, қай жағынан алсақ та – халықтың тағдырымен тамырлас, ажырамас бірлікте көрінетін, әлем әдебиетіндегі аса ірі көркем бейне. Сонымен бірге ол – жазушының өмір бойы жинақтаған саналы ой-түйіндерінің, ақыл-сезім кеңінің қорытпасы, көркемдік ойының, суреткерлік шеберлігінің асқар шыңы.

М.Әуезов айналадағы өмірді, дүние-болмысты, кейіпкерлердің психологиясын, табиғатты суреттегенде бейнелі түрде айтсақ, «темірге тіл, жаңқаға жан бітіреді». Нағыз классиктің суреткерлік шеберлігі деп соны айтамыз.

«Абай жолы» қазақ өмірінің энциклопедиясы» деп тегін айтылмаған. Эпопеяда қоғамдық өмір жан-жақты, кең қамтылғаны талассыз. Әрине, эпопея елдің тарихы мен тұрмыс-салтының көл-көсір көп суреті ғана емес, сол өмірдің философиясы мен поэзиясы да. Әр түрлі топтардың іс-әрекеті, талас-тартысы арқылы ашылатын ұлттық психологияның, ұлттық ділдің де көрінісі.

«Абай жолы» жай ғана тарих емес, көркемдік ойдың көрігінен өткен, сомдап бейнелеген өмір шындығы, халықтың тағдыры, өткені мен келешегі жайындағы терең толғаныс. Қоғамдық мәселелерді толғайтын жазушы ол дарынына қарай қалайда ойшыл, тарихи жанрда жазса, қалайда тарихтанушы, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, мінезін, құлқын, іс-әрекетін терең ашып көрсете алса, ол сонымен қатар психолог. Сондықтан біз эпопеяда тарихи шындық, өмірдің философиясы мен поэзиясы ұштасқан дейміз.

Эпопеяны әлемдік деңгейге көтеріп әкеткен нендей факторлар деген мәселеде Шалабаев тағы да Әуезовтың өз пікіріне орынды құлақ асады. Ғалым «автордың үлкен талантында, материалды тамаша білуінде, халық тарихын терең ұғынуында» деп алып: «Менің ойымша, біздің заманымыз өткен данышпандардың өмірін натуралистік жолмен суреттеуге келісе алмайды. Өйткені бізді олардың өмірбаянындағы кездейсоқ оқиғалар мен фактілер қызықтырмайды. Аса көрнекті қайраткеріміздің өміріндегі неғұрлым маңызды, тарихпен байланысты көріністері халық есінде сақталады. Тамаша адамдардың өмірін ең алдымен осы көзқарас тұрғысынан зерттеген жөн деп ойлаймын» [133, 132-б].

Осы орайда академик Р.Нұрғалидің эпопея құндылығын айқындап берген үш бунақ принциптерін келтіре кеткен жөн деп есептедік.

Академик:

а) эпопея қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін ашып берді;

ә) эпопеяда реализм принциптері, көркемдік тәсілдер, әдебиеттің дәстүрлері салтанат құрды;

б) эпопея – әдебиетімізде роман жанрының пісіп жетілгенін көрсетті.

Одан әрі Р.Нұрғали эпопеяның үш арнада дамып, өрілетінін қадай айтты. Бірінші арна: «Роман психологиялық, әлеуметтік тартыстар, күрестер жүйесіне құрылған; Екінші арна: Романда терең психологизм бар. Барлық күрес үнемі психологиялық кілтпен шешіліп отырады; Үшінші арна: Адам кейіптері ішкі, сыртқы өзгерістерімен, тіл ерекшеліктерімен, әрекет, қимыл үстінде, ой, сезім тебіреністерімен, психологиялық портрет арқылы беріледі» [37, 262–263-бб].

Б.Шалабаев өз зерттеуінде эпопеяның төрт кітабін төрт арнаға салып қарастырады.

«Эпопеяның бірінші бөлімінде оқырман даладағы рулық тартыстың сипатымен және оның адамдарға әкелген сарымен егжей-тегжейлі танысады. Әуезов бұл орайда бұрын-соңды қазақ әдебиетінде кездеспеген мағлұматтар келтіреді» дейді ғалым.

Қодардың өлімі Құнанбай бұйрығы. Жас Абайға бұл оқиға терең әсер етеді. Бұл ғалымның пайымдауынша «нәзік жанды баланың қаталдыққа қарсы шығуының алғашқы ұшқыны ғана». Одан әрі ғалым: «Қодардың өлімі – әке мен баланың жақсылық пен әділет жұмысы Абайдың және әлеуметтік зұлымдық иесі Құнанбайдың арасындағы бітіспес күрестің бастамасы болған еді» деп оң тұжырым жасайды».

Романдағы Құнанбай мен Бөжей қақтығысы Бөжейге дүре соқтыру, арасындағы ақиқоз ашулы күрес-тартыстар сайып келгенде шонжарлар арасындағы билік пен байлыққа талас, солардың арасында қосақ арасында қоса кетіп жатқан кедей-кепшек қайғы-наласы балғын Абайдың қоршаған ортаға көз қарасын жаңа деңгейге көтереді. «Ел жылады... Елдің белі талды. Көп қысылды» дегендері кәні? Абай осыны да көп ойлап, аса бір қиналып, қысылушы еді», деген тұсты тілге тиек ете отырып ғалым Абай көзқарасының диалектикалық дамуына арна ашады, «Осындайларды түбінен қазып ойлап, Абай барлық үлкендердің шама-шарқын танып алады» деп ойын түйеді.

Романдағы Абай бастаған Дәркембай, Базаралы, Балағаз тәрізді кейіпкерлер кері кеткен кесір заманның орыс шенеунігі Чернов, Майырлармен ауыз жаласқан Құнанбай, Тәкежандар қарсы атой салып шығар іргелі күшке айналады. Бір кезде Қодар өлімінен шошынып ауырған Абай енді есейген, күрескер топтың алдында тұр. Бұл Абайдың кемелдену, кесекті тұлғаға айналған тұсы. Әуезов ендігі жерде Абайды топ бастар көсем, жиынға батыл араласар шешен, елді аузына қаратар ойлы, данагөй ақыл иесі биігіне көтерген. Б.Шалабаев өз зерттеуінде бас кейіпкердің диалектикалық өсу, кеменгерлік биікке қол созу тенденциясын жіті аңғарып, жете зерделейді.

«Абайды азапқа салған көптеген мәселелердің бірі – қазақ әйелдерінің ауыр халі. Мұхтар Әуезов те замандағы әйелдердің қиын тағдырын нанымды суреттей отырып, әр түрлі қайталанбас типтік бейнелер жасаған», – дейді Б.Шалабаев өз зерттеуінде. Оған Абай мен Тоғжан сұлу арасындағы мөлдір сезім – махаббат сезімін алға тартып «Махаббат аянышты, мұңмен аяқталады» деп түйіндейді.

Әуезовтың Абайдың Тоғжанмен ақырғы кездесуін суреттеген тұсын еске алсаңыз, екеу ара «шолақ қана қоштасуын» көз алдыңызға келтіре алсаңыз Абай жүрегінің қан жылауын, Тоғжанның ата дәстүрінен аттай алмаған аянышты халін аңғарасыз, қаламгер шеберлігі артық қимыл, өрескел өзімшіл әрекет, ұшпа сезімге әсте жол бермейді. Мөлдір сезім кіршіксіз мөлдір таза күйінде қалады.

Тоғжанның «Тағдыр бізді қоспады. Өміріміздегі бар ұзақ арман, ауыр зар бұл жолы да сені маған ауыртып әкеп, тоқтамын салды. Енді сүйген көңіл қайтары жоқ. Бірақ серігім сабыр болсын дедім... Асығыңмын, сол асық күйде көзімнің жасын жұтам да кетемін, жаным! – деді.

Абай бар ынталы жүрегімен түйсінгендей болды. – Барды айттық. Өзіңнің де, менің де барымды айттық. Бұйтпесең сен Тоғжан болар ма ең. Бұдан ары қажасам, азғандығым болар еді. Айналдым арызыңнан. Ғашық жанмен айтылған арызыңнан! – деді де Тоғжанның маңдайынан сүйді. Үнсіз ғана бетін басып, екі қолына маңдайын таяп сүйеніп отырып қалды» [133, 142–145-бб].

Осы бір шағын диалогта үлкен жүректі, пәк сезімді қос асықтың бір-біріне деген ғажап та ғаламат ой шарпыстары, ар мен ұят, иба мен имандылықтан аспаған азапты бірақ таза көңіл иелерінің көркем бейнелері есте басылып қалмас па. Ғалым эпопеядағы осы бір шырайлы тұсты дәл басып, айқын қалпында алға тартады.

Қас пен досты ажырата алған, өз ой пікірін орнықтырған Абай әкесі Құнанбаймен иықтаса отырып ой тасасына түседі. Естеріңізге әке мен бала арасындағы пікір қақтығысын сала кеткен жөн болар. Ғалым әке тапқан Абай бойындағы үш мінге баласының өткір де өтімді уәжін алға тарта отырып, кемелді ой иесі биігіне көтерілген дана Абайдың бейнесін аңдатады.

Б.Шалабаев эпопеяның екінші кітабын талдау үстінде Абайдың білмекке ұмтылысын, ғылым мен оқуға ден қоя бастаған тұсын айқындай ашып көрсеткен.

Ғалым «Абай әкесінің қатал билігін шектеуге және халыққа адал қызмет ету арқылы оның жасаған айыбын жууға серт берген еді. Бұл идея эпопеядағы тартыстың негізгі қазығы және сюжет дамуының қайнар көзі болып табылады» деп соны тұжырым жасайды.

Шалабаев осы орайда тарихи роман дегеніміз не деген сауалға Добролюбов, Белинский пайымдауларына арқа сүйейді, солардың тұжырымдарын бұлжымас ақиқат ретінде алға тартады. Кезінде сыншы В.Г.Белинский: «Траих негізінен бізге оқиғаның сыртқы сахналық бетін ғана мәлімдейді. Әр түрлі қам-қарекет пен үйреншікті тірліктің жайшылықтағы күйбеңі көбіне шымылдың арғы жағында қала береді. Ал романға келсек, ол тарихи фактілерді тізбектеуді мақсат етпей, тек өзінің мазмұнына қатысы бар ең қажеттілерін ғана қабылдайды. Сол арқылы бізге тарихи деректердің ішкі мазмұнын жария етеді, бізді тарихи адамның кабинетіне, ұйықтайтын бөлмесіне кіргізеді, үй-ішілік жағдайына, отбасындағы құпия сырларына куәгер етеді. Оны тек салтанатты тарихи мундирмен ғана емес, желбегей қалпақ киген қалпында да көрсетеді. Тарихи роман тарихи ғылым мен көркемөнердің бір-бірімен тоғысар нүктесі іспетті: ол тарихты толықтырушы екінші қыры» [252, 55-б], деп көрсеткен-ді. Одан әрі өз пікірін сабақтаған ғалым, Әуезов тілімен ағынан жарылады, «Әлдеқашан бел асып кеткен көштің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргінші, сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, оны демімен үрлеп тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған менің халім де дәл сол әрекет сияқты еді», деп Абай романының жазылу тарихында тарихи тақырыпқа қалам тартқан қаламгердің күрделі еңбегін дәл көрсетіп берген болатын. Бұл шығарма өз арқауына өмірде шын болған тарихи тұлғалар арқылы өткен дәуір шындығын негіз етіп отырған шығармалардың қай-қайсысына да қатысты екені сөзсіз.

«Баяғы Аристотель заманынан күні бүгінге дейін адамнан тыс, адам өмірінен тыс ешқандай өнер туындысының болмайтыны дәлелденген үстінен дәлелденіп келеді» (З.Қабдолов). «Әдебиет – сөз өнері» болғандықтан, ондағы жазушының творчестволық қиялы да адам образын сомдауға, сол арқылы өзі суреттеп отырған дәуірді «жандандыруға» қызмет етеді... Әрбір көркем шығармадағы өмір шындығы мен жазушы қиялының арақатынасы турасындағы мәселе әдебиет теоретиктерінің еңбектерінде ерте кездерден-ақ сөз болып келеді және оның барлығы да образ жасау мақсатына саяды. Жазушының шығармашылық зертханасында біте қайнасып, біртұтас дүниеге айналғанмен, тарихи романның қос бұлақ көзінен тамыр тартатыны белгілі. Қазіргі тарихи романдар тек сан жағынан емес, сапа жағынан да өсіп отыр. Олар тарихи дәйек-деректерді ғана тізетін ескіліктен шығып, шығармада «оқиғаның қалай болғанын көрсетумен» шектелмей, өткен дәуір мен қазіргі кезең аралығындағы диалектикалық байланысты көрсетуге күш салады. Демек ойдан шығару белгілі образдың, оқиғаның ішкі мазмұнын байыту мақсатында реалистік өнер туғызудың көркемдік тәсіліне айналып отыр. Р.Нұрғали: «Ең үлкен эстетикалық олжа – ақын тағдыры мен халық тағдыры қатар алынған. Бұл орайда М.Әуезов тарихи романға үлкен көркем жаңалық

әкелген, тұтас дәстүр жасаған жазушы. Ақын-жазушылар жайлы шығармалар көп-ақ. Бірақ олардың көбінде тарихи тұлғаның өмірі, өмірбаяны ғана хронологиялық ізімен суреттеледі. Ондай туындылардың басты кемшілігі – типендіруге, жинақтауларға бара алмауында, документализм жетегінде кетіп қалуында болса керек». Романдағы Абай өмірдегі Абайдың көшірмесі емес, автор позициясы негізінде мақсатқа орай шындалып жасалған көркем бейне.

Үлкен реалист жазушы Мұхтар Әуезов қазақ тұрмысының, моральдік институттарының өмірлік материалдары негізін әлеуметтік-психологиялық, тарихи роман тудыруға болатынын дәлелдеді» [37, 263-б], – дейді.

Біз қос ғалымның тарихи романға қатысты байлам пікірлерін салыстыра отырып ой алшақтығы мен пікір мұрындық соқтырар тұстарын аңдаймыз. Дей тұрсақ та социалистік реализм шарттары мен маркстік, лениндік іліммен қаруланған Б.Шалабаевты бүгінгі жаңаша көзқарас тұрғысынан өз концепциясын білдірмеген деп келте кессек қиянат болмақ. Ғалым Абайдың өсу, кемелдену жолдарын рулық құрылыстың сарқыншақтары, ру арасындағы тартыстар, халық бұқарасының тәлкек тағдыры ортасында сынақтарға сала отырып, ширатып, шымыр тартқызып жетілдіргендігіне ерекше көңіл бөледі.

Эпопеяның екінші кітабында тап күштерінің жіктелуі айқындалып, прогресшіл топтың басындағы Абайды көреді.

Ғалым Абайдың диалектикалық өсу жолынан тағы бір сыйпатты таниды. Ол «қаталдық пен әділетсіздікке күрестің қуатты құралы ретінде өнердің, әннің, өлеңнің, күйдің қоғамдағы ролі туралы ой Абай жүрегінен берік орын алды» деп дұрыс бағалайды. Ол пікірін эпопеядағы Абайдың «Біржан аға, сен әнді босағадан өрлетіп төрге шығардың, соныға ғана қуанам. Өнерлі ақын, асқан әнші болсаң – ел көңілдегі мұңды айтып, көзіндегі жасты тыйсаң, сенен зор, сенен қадірлі болмасқа тиісті» [133, 151-б], – деген пікірімен шегелейді.

Сөз жоқ, Абайдың кемелденіп, пісіп жетілуіне өз ортасындағы қиянатшыл қақтығыстармен бірге прогресшіл орыс демократтарының да тигізген ықпалы аз болмаған. Солардың бірі жер ауып келген революционер Евгений Петрович Михайлов еді.

Шалабаев өз зерттеуінде Абай мен Михайлов пікірлерінің бір арнадан табылуын, орыс халқындағы мәдениет, өнер, білім молдығын, содан қараңғы қазақ халқы да татса екен, санасы оянса екен деген Абай арман аңсарын терең сезіне отырып сөз етеді. «Михайловтың жүрегінде революциялық-демократиялық Россия мен қазақ халқының арасындағы туысқандық сезім терең ұялаған» деп атап көрсетеді.

Романдағы Дәркембай бейнесі де Абаймен тағдырлас, тамырлас қатар өрбиді. Ғалым осынау рухани байланысты «Абайдың дұшпаны – оның (Дәркембай – А.Қ.) дұшпаны. Ғасырлар бойы ыңыршағы айналған «у ішсең руыңмен» дейтін қағиданы Дәркембай енді қолдамайды. Ол бай ағайындарынан кетіп, кедей жатақтарға қосылған, солармен бірге жер жыртып егін егеді. Абайдың көмегімен Дәркембай қазақ жатақтары мен орыс шаруаларының тағдыры бір екенін түсіне бастайды» деп дұрыс байлам жасайды.

Көрнекті ғалымның эпопеяның талдау үстінде тұжырымдаған мына пікірі де көңілге қонымды-ақ. Б.Шалабаев «Абай жолының» авторы махаббатты діни романтикадан азат етеді» дейді. Онысын Абай мен Әйгерім арақатынасы арқылы дәлдікке алады. Пушкиннің өлеңдерін аударған Абай Татьянаның Онегинге, Онегиннің жауабына ән шығарады. Бұл ән қазақ даласын аралап кетеді. «Бұл әнді Әйгерім шырқағанда Татьяна қазақ қызынан да мұңдасын тапқандай болады. Ғалым «ән сенімсіздікті біржолата жоғалтып, ұмыттырады, өнер күші сыңсың өсекті үй ішінен ысырып тастайды» деп түйіндейді. Сәдуақас, Хасен, Мағауия, Кәштай тәрізді жеткіншек ұрпақ өкілдері Абай төңірегіне топтасып, ұлы ұстазынан ұлағат алып, бой биіктете бастайды.

Эпопеяның үшінші кітабында екі әлеуметтік топтың арасындағы күрес күшейе түседі. Абай бұл тұста кемелді ой иесі, төңірегіне топтасқан жас таланттарға ақыл-өсиет айтушы ұстаз. Еңлік-Кебек оқиғасына орай Кеңгірбай қаталдығы мен әділетсіздігін ащы да болса ашық айтар жыр жарысына шақырады. Дәрменге ақыл қосқан Абай: «Ақ жүрекке қанат бітіріп, ойды алысқа оздыру керек. Бұрынғыны, бүгінгіні айтқанда, жұрт көңіліндегі тас түйінді шешу қажет. Әкімге жұрттың өкілін айт. Ақын артқа қарап жалтақтамай, алға қарап, мұрат тапсын!». Міне, Абай ұстаздың шәкіртіне қосар ақылы осы.

«Абай өз білімін үнемі байытып, даналықты кітаптан ғана емес, өмірдің қайнаған ортасынан іздейді» деп ғалым дұрыс байлам жасайды. Шынында да Абай Салтыков-Щедрин, Пушкин, Лермонтов, Добролюбов, Чернышевский ықпалымен мол дүниені аңғарса, Петербордан оқып келген сүйікті ұлы Әбіштен (Әбдірахман) көп нәрсені сұрап біледі, зерделейді. Орыс интеллигенциясының өкілі Павловпен көп пікірлесіп, мол мағлұмат алады. Осылар арқылы «Абайдың прогресшіл түйсік түсінігі кемелденіп, әлеуметтік өмір туралы ұғымы кеңейеді» деп атап көрсетеді Б.Шалабаев.

Романда қазақ кедейлері мен орыс шаруаларының арасындағы достыққа да толымды орын берілгені белгілі. Базаралының каторгадан қашып шығуына да осы орыстар көмектеседі. Орыс-қазақ кедейлері тез табысып, тез түсініседі. Себебі екеуінде де ортақ мұң, ортақ арман бар.

Эпопеяның соңғы кітабы ұлы Абайдың қартайып, қайғы ойлап келген шағынан елес берді. Сүйікті ұлы Әбіштен айрылады. Әзімхан сияқты ұлтшыл әкім сахнаға шығады. Ол Абай поэзиясын қабылдамайды. Қайта қас жауына айналады. Абай өміріне қастық ойлайды, бірақ ол арамза ойлары жүзеге аспайды.

М.Әуезов эпопеясында қазақ халқының сонау алыста қалған өмірінде, бұдан жарты ғасырдам астам уақыт бұрын болған оқиғалар мен адамдар бейнеленеді, эпопеядағы кейіпкерлер – өздері өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік, тарихи бет-бейнесін көрсететін характерлер.

Осы арада ғалым Б.Шалабаевтың төмендегі ойы өте орынды айтылған: «Кітап беттерінде халықтың бейнесі көптеген жеке адамдардың сан қилы тағдыры, бір-біріне қайшы көзқарастары, характерлерінің жан-жақтылығы арқылы көркем бейнеленеді. Сол адамдардың өмірі, тіршілігі, олардың ой-

пиғылы, іс-әрекеті жылға-жылғадан ағып келіп, ұласып, сонау халық бұқарасы жасап жатқан үлкен тарихтың арнасына еріксіз құяды. Сондықтан халықтың жан дүниесіне көз жібергенде жазушы өзінің әрбір кейіпкерлерінің характері арқылы олардың айналадағы дүниемен қарым-қатынасын, байланысын көркемдік тәсілмен бейнелеп беру арқылы ішкі сырын аша түседі. Халық өмірінің колоритті картиналарын жасап, халықты біртұтас тұлға түрінде мүсіндеп, қазақтың ұлттық характерін бейнелі түрде елестетіп беру үшін М.Әуезов сан алуан көркемдік тәсілдерді қолданады.

Эпопеяның философиялық, сюжеттік, композициялық түпқазығы етіп М.Әуезов Абайдың өмір жолын алады. Қаламгер оның тағдырындағы шытырмандағарға үнілген сайын ол халық өмірінің тұңғыық тереңіне бойлай түседі, осыған орай, романда халықтық типтердің тұлғасы дараланып, сомдана береді. Абай образы өзге кейіпкерлердің тағдыры мен характерін ашуға жәрдемдесіп отырады. Ал сол кейіпкерлердің әрқайсысы ұлы ақынның күрделенген көп қырлы, жан-жақты бейнесін толықтыруға қызмет етеді.

Абай образы арқылы М.Әуезов бүкіл бір дәуірдің деңгейінде тұрған характер жасады. Осы характерде адамның әділеттік, теңдік сияқты сәулелі, жарқын болашаққа ұмтылуын соншалықты күшті, соншалықты нанымды бейнелеп берген.

Эпопеяның соңында автор шар тарапқа даңқы шыққан, толысқан Абайды көрсетеді. Өмір жолының, күрес-тартысының алғашқы кезеңдеріндегідей ол қазір жалғыз емес. Айналасында жолын қуған шәкірттері – ізбасарлары көп. Алайда, Абайды М.Әуезов болашақтағы әлеуметтік қозғалыс, күрес-тартыс дауылының қарлығашы деп қарайды, оның ұясынан ұшқан түлектердің алдында әлі талай ауыр шайқастар жатқанын аңғартады» [199, 92–93-бб].

Б.Шалабаев өзінің көлемді де кесек зерттеу еңбегі «М.Әуезовтің повестері мен эпопеясы» атты очеркі өзінің күні бүгінге салмақты да салиқалы ой пайымдауларымен құндылығын жойған емес.

Шалабаев қаламгердің аяқталмай қалған «Өскен өркен» романы жөнінде де алғаш пікір білдірген ғалым. Автор «коммунизм құрылысының ұлан-ғайыр жоспарларын жүзеге асырып жатқан біздің замандастарымыздың іс-әрекеті, қызметі мен ой-арманы сөз болады», деп атай келе «роман аяқталмай қалғандықтан бірқатар кейіпкерлердің бейнелері толық ашып көрсетілгендігін» еске салады.

М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы, қызметі жайында әр жылдары жарық көрген зерттеулер, монографиялар мен мақалалар, эссе, естеліктер Әуезовтанудың көкжиегін кеңейте түсті. Сол сияқты ғалым Б.Шалабаевтың да зерттеулеріне зер салғанда, жазушының ұлылығы, оның дара тұлғасының ірілігі, рухы мен жігерінің қуаттылығы – осының бәрі биік деңгейде алдымен шығармаларынан анық танылатынына онан сайын көзіміз жеткендей. Өйткені шығарғаны оқып түсіну, талдау зерттеуде классик-жазушының ойының тереңіне бойлау мүмкіндігі шексіз. М.Әуезовтің халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұнығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармалары қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байтып, баға жетпес жан азығы бола бермек.

Әдебиет классигі болу екінің бірінің маңдайына жазыла бермейді. Өз тұсындағы әдеби қозғалысқа белсенді ықпал еткен, оның дамуына өз шығармаларымен үлкен үлес қосқан, әдебиетті байытқан, оның көркемдік жүйесіне жаңалықтар әкелген, сол арқылы туған халқының ілтипатына бөленген ұлы таланттар ғана мұндай абыройға ие болған. Жаңа дәуірдегі ұлттық әдебиеттің негізін салып, оны барлық жағынан жетілдірген ұлы қаламгерлер тобы – Сәке, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар есімдері қазақ халқының жүрегінен жылы орын алуы да осы саладағы еңбегіне байланысты. Сәбит Мұқанов та осы топқа кіреді. Бұларды кезінде Ғабит Мүсірепов «Алыптар тобы» деп атаған. Ол С.Мұқановпен қоштасуға арналған қаралы жиында: «Бір өзі бір библиотека кітап жазған, бір өзі бір елдің басынан кешкен бар дәуірін қамтуға құлаш ұрған, әр дәуірдегі елдік, ерлік тіршілігін, ой-өрісін, сезім тереңдігін көрсете алған, теңдесері сирек кездесетін қалам еңбекшісі, көп ұлтты совет әдебиетінің алдыңғы қатардағы көрнекті жазушыларының бірі» деп атап еді. Осы сөзде бүкіл Сәбит Мұқановтың жазушылық биік тұлғасы қысқа да тұжырымды ашылған.

Сәбиттің есімі ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде басталған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысымен, жаңарулармен тікелей байланысты ел арасына кең тарады. Осы тұста сол қозғалысты қолдап, жаңа дәуірдің әдебиетін жасаушы ағаларымен бірге ол қалам қайратын халықтың отаршылдықтың езгісінде жаншылған, надандыққа шырмалған күйін суреттеуге, жаңару идеясын қолдауға жұмсады. Жиырмамыншы жылдардан басталған қазақ халқы өміріндегі өзгерістер мен жалпы қоғамдық даму түгелдей Сәбиттің қатысымен өтті. Ол тек қалам иесі ғана емес, үлкен қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. Содан өзі қайтыс болғанға дейінгі (1973) қазақ жерінде іске асқан қоғамдық құрылыстың қай саласында болса да Сәбиттен қалған із бар. Ол халық өмірімен тығыз байланыста, оның мүддесін батыл қорғап, өмір сүрді. Жаңа әдебиеттің негізін салуға қатысып, оны халық өмірінің шежіресіне айналдыруға жәрдемдесті. Көркемдіктің биік үлгілеріне көтерілді. Жазушы деген аттың абыройын көтеріп, оны үлкен қоғам қайраткерлерінің қатарына қойды. Жалпы «Алыптар» еңбегі бір жақты емес, осындай жан-жақтылығымен, күрескерлігімен, қоғамдық құрылыстағы қажырлы еңбегімен, әдебиеттегі озық, биік туындыларымен ерекшеленетін еді. Кейін алдыңғы ағалары өмірден кеткен кезде солардың мұрат-мақсатын арқалап, ұзақ жолдың қызығына қоса ауыртпалығын да көтерген Сәбит болды. Мұхтар Әуезовтің «Сәбит өмірі мен еңбегі жазушының бір басының ерекшелігін ғана баян етпейді. Ол қазақ әдебиетінің тарихындағы аса күрделі дәуірдің өскен жолын іздеген мүддесін, жеткен өрісін де баян етеді» [200, 283-б], – деуі де осыдан болса керек.

Сондықтан да Сәбит Мұқанов туралы, оның жазушылық жолы туралы айту – ХХ ғасырдың жиырмамыншы-жетпісінші жылдары аралығындағы қазақ әдебиеті мен қазақ халқы тарихындағы өзгерістерді әңгімелеумен бірдей. Осы жылдардағы ұлттық әдебиетіміздің өсіп, қалыптасуы да, жетілу жолы да, табыстары мен олқылықтары да оның шығармашылығынан анық байқалады. Осы әдебиетті қолымен жасасып, халықтық қозғалыстың куәсі

болып, әлем мойындаған көркемдік танымымыздың жарқын тұлғасы қатарына кірді. Ғасыр басында ауызша таралған поэзияға арқа сүйеген, жаңаша ізденістерін әлеуметтік қозғалыстармен бірге бастаған ұлттық әдебиетіміздің жедел дамуына, барлық жанрда кемелденуіне, қаламгерлердің жаңа буындарының туып, жетілуіне, ұлттық көркемдік танымның әлемдік үлгілермен ұштаса өрістеуіне, жазушының қоғамдық белсенділігінің артуына Сәбит үлкен үлес қосты. Оның поэзия, проза, драматургия, сын мен әдебиеттану саласындағы еңбектері, көркем очерктері мен публицистикалық мақалалары, тарихи зерттеулері мен оқулықтары, аудармалары жазушының жан-жақты талантын танытумен бірге, оның ізденістерінің шеңберін де айқындады, ғасырдың күрделі шындығына шырмалып, әр тарапқа құлаш ұрып ізденген халықтың арман-мұңын да бейнелейді. Осылардың әрқайсысында-ақ Сәбит ұрпаққа үлгі болар мұра қалдырды.

Белгібай Шалабаевтың сыншы ғалым ретіндегі еңбектерінің ішіндегі елеп, екшеуге тұрарлығы, сөз жоқ, көрнекті қаламгер Сәбит Мұқанов шығармашылығына қатысты десек қате бола қоймас. Өйткені ғалымның 1949 жылы жарық көрген «Қазақ Совет әдебиеті тарихының очерктері» кітабына енген Б.Шалабаевтың «Сәбит Мұқанов» атты толымды зерттеуі, «Сәбит Мұқановтың поэзиясы» («Қазақ ССР ҒА Хабаршысы» 1951, №2. – 152–163-б.) атты зерттеу еңбегі, «Романы С.Муканова» (История казахского романа. – Алма-Ата: «Мектеп», 1975. – С. 208.) атты көлемді еңбегі, «Путь С.Муканова – романиста» зерттеуі (Казахская литература (Советский период) – Алма-Ата: «Мектеп», 1965. – С. 235.), «Ақын аға» мақаласы («Лениншіл жас», 1960, 13 ноябрь), «Жетекші ақын» мақаласы («Социалистік Қазақстан», 1960, 13 ноябрь) және т.б. зерттеулері ғалымның Сәбит Мұқановтың шығармашылығынан көз жазбай жіті қадағалап отырғандығын әрі терең зерделеу үстінде қаламгер табыстарын дөп басып тани алғандығын көреміз. Жоғарыда терімдей тізбелеп шыққан үлкенді-кішілі зерттеу еңбектерінде Б.Шалабаев жазушы шығармашылығын екі арнада қарастырады. Біріншісі С.Мұқанов поэзиясы да, екіншісі жазушының романдары. Осы екі арнада сөз өрбітер болсақ социалистік реализмді ту тұтынған Сәбиттің поэзиядағы алғашқы балаң поэзиясынан бастап «Сұлушаш», «Ақ аю» тәрізді көлемді де кесек роман, поэмаларына дейінгі өсу, толысу, кемелдену жолдарын сүзе зерделей сөз етеді. С.Мұқанов та басқа қалам қайраткерлері тәрізді туған әдебиет қойнауынан, оның бастау көзі – фольклорынан тәлім алды, орыс әдебиет үлгілерінен өнеге тапты. Әйтсе де жас Қазақ Совет әдебиеті деп аталатын әдебиетке батыл араласу үшін жаңа сапалық сипаттағы соны стиль, тың түр, озық идеяны ұстана отырып шығармашылық еңбек үстінде көп үйреніп, мол зерттеу қажет еді. Сәбең осы бағытта шығармашылықтың ләззаты азабын шеге отырып ілгерілей берді, ұмтыла түсті. Осы орайда ғалым дауылпаз ақын В.Маяковскийден көп үйреніп, өнегесіне өріс ашқандығын атап көрсетеді. Оған дейінгі Сәбит поэзиясындағы ауыл өмірі, жарлы-жалшылар тұрмысы, әйел теңсіздігі тәрізді ел елестері өз көрінісін алға тартады. Әсіресе сюжеттік қақтығыс, тартысқа құрылған оқиғалы поэмаларға ден қою қисындары ғалым қаламгердің өзіне сөз бере отырып

дәлелдейді. «Мен, – дейді Сәбит, – өлеңге бала жасымнан талап еткенмен, жазушылық жұмысына сауаттанған күннен бастап поэма жазуға әуес болдым. Ішінде кейіпкерлері бар сюжетті шығарма сол кезде-ақ құмар затым еді. Бірақ шын мағынасында поэма жазу үшін маған төмендегі себептер бөгет болды:

1) Мен жаза бастаған кезде, ескі ертегілер болмаса, қазақтың жазба әдебиетінде поэма деген жоқтың қасы еді;

2) Орыс тілін өте кеш білгендіктен, орыстың ертелі-кешті сюжетті поэма жазған адамдарының шығармаларына көпке шейін тілім батпады;

3) Әдебиеттің теориясы, тарихымен кеш таныстым [253, 5–6-бб].

Ғалым бұл орайда жазушының «Жұмаштың өлімі», «Шоқпыттың шаруасы», «Пионер», «Тұлпар жорығында», «Балбөпе» поэмаларын тілге тиек ете отырып бұларда «көркем шығармаға қойылатын шартты сақтамаған, идея, форма бірлігі жоқ, өлеңге айналған баяндама сияқты: факты көп, бейнелеу жоқ, дәлелмен беріледі» [254, 154-б], деп орынды сынады. Сөз жоқ, көрнекті қаламгер, С.Мұқанов осынау кемшіліктердің шеңберінде қалмай, ірі сілкініс, іргелі ізденістер үстінде жетілді. Ғалым бұл орайда «Сәбит «Ақ аюға» шейін араға «Батырақ», «Октябрь өткелдерін» салып әдебиетімізде де дастанның қалыптасып өркендеуіне өзінше үлес қосты» деп оң бағасын береді. Б.Шалабаев С.Мұқановтың «Ақ аю» поэмасына ерекше ден қояды да шығарма құндылығын «өз заманы, өз дәуірі, өзімен тұстас адамдардың қаһармандығын» жырлағандығын бөле-жара айтады. Өз ойын одан әрі сабақтаған ғалым: «поэманың идеясы өте түсінікті: егер табиғат адам үшін жаралған болса, оның қожасы совет азаматтары. Олардың бармайтын жері, аспайтын белі, бағындырмайтын нәрсесі болуға тиіс емес. Осы идея поэманы түгелдей кеулеп, барлық тарауда дәлелденіп негізгі арқау боп отырады» деп тұжырымдайды. Бұл зерттеудің 1951 жылы жазылғандығын ескерсек, ғалым тұжырымының Сәбеңнің поэмасы тәрізді коммунистік идеясының қасаң аясынан табылып жататындығына әсте таңданыс білдірмесек керек. Б.Шалабаев Сәбиттің кесек поэмалары мен бірге шағын саяси лирикаларына да назар аударып тың идея, мазмұнмен байыған поэзияның бұл түрі жаңа сапалы жанрға айналғандығына назар аударады.

Шынында да Сәбит поэзиясы да сол тұстағы көптеген қазақ ақындарына ортақ социалистік құрылыстың пафосын жоғары екпін, тың тебіреніс үстінде толғайды. Бұл орайда Сәбеңнің саяси лирикалары бір оқшау тұр. Әлеуметтік мәні өз кезінде жоғары сипатқа ие болған «Қызыл ерлерге», «Советтің ұлы», «Жас жігер», «Майға сәлем» тәрізді көптеген сюжетті өлеңдері Сәбитті әдебиетіміздегі саяси лириканы өркендетушілер қатарына қапысыз қосқан болатын. Ғалым сол тұстағы ақын поэзиясының тақырыптарын ішінара үшке бөліп қарастырады. Олар: советтік отаншылдық, халықтар достығы, компартияның жетекшілік ролі, орыс халқының ағалық көмегі болып бір арна құраса, екіншісі қазақ әйелдерінің теңдікке қол жеткізген салтанатты сәті, күндікке қарсы күресі тақырыбына топтастырылған «Албасты», «8 март», «Әжеме», «Еңбекші әйел еңбектен» тәрізді өлеңдерін қосуға болады. Бақытты шара тұрмысы, техникамен жарақтанған бүгінгі дала бейнесі де

әдебиетші зерттеуінде бір арна құрайды. Ғалым 1937 жылы жазылған «Колхозды ауыл осындай» толғауын мысалға ала отырып, ақынның:

«Қайындар күмістің сом бақанындай,
Жиі терек әскердің қатарындай.
Бұтақтар жапырағы сылдыраған
Өзбектің батсайы шапанындай», –
деген суреттеу шеберлігін алға тартады.

Б.Шалабаев С.Мұқановтың поэзиядағы жолының сәттілігімен қатар ағаттықтарын көрсетуде де шынайылықтан шырай беріп отырады. Ол «аттың жалында, түйенің комында» жазылған, асығыс жазылған, ойлануы, толғануы жетпеген, түзетілмеген шығармалар жоқ емес. Бұл салақтық, әсіресе оның ақындығының алғашқы дәуірінде айқын сезілетін» [254, 157-б], дейді. Жоғарыда С.Мұқановтың поэзиясындағы эстетикалық көзқарасының қалыптасуына, өлеңдеріне жаңа ажар, соны түр әкелуіне В.Маяковскийдің ықпалы зор болғандығын айтып едік. Осы орайда Б.Шалабаевтың мына құнды пікірін ойға оралту еш артықтық етпейді, «Сәбиттің Маяковскийден үлгі тағылым алу процесінде белгілі бір баспалдақ болғаны сөзсіз. Ол алдымен Маяковский поэзиясының жаңалығына қызықты, қазақ өлеңінде бұрыннан бар бунақты буынға бөліп, өлеңдік жолдың санын көбейтті. Біріншіден, бұрынғы 7–8 буынды ерікті ұйқасты, ол жаңа мазмұнға сәйкестеді, екіншіден, ескі өлең ұйқасын батыл өзгерту тәсілін он бір буынды өлеңге де кең қолданды. Мұның бәрі бір жағынан еліктеу болса, екіншіден үздіксіз талпыну, іздену еді. Маяковскийдің көшірмесіне ұқсамай, өзіндік ақындық ерекшелігін көрсету болатын» [254, 154-б]. Сәбеңнің өзі де В.Маяковскийді ұстаз әрі жаңашыл ақын ретінде шүбәсіз қабылдағаны, «Дружба народов» альманағында (1950, № 2. – 148-б): «Маяковский был величайшим новатором в области поэтического языка. Я не знаю другого поэта, который с такой полнотой использовал бы все языковые богатство своего народа», – деп те жазғаны мәлім. «Әрине, Сәбит бұрынғы-соңғы ұлы ақындарға еліктеп, үнемі соларды қайталаған орташа талант емес, өз заманы, өз ғасыры, өз дәуіріне бар әлінше үн қосқан ақын» – деген Б.Шалабаевтың аталы пікірімен ақын Сәбит жайлы тұжырым жасасак жөн болмақ.

Белгібай Шалабаевтың Сәбит шығармашылығын зерттеудегі үздік еңбегі деп ғалымның «С.Мұқановтың романдарын» атап айтуға болады. Бұл зерттеудің басты құндылығы біздіңше, ғалымның жазушының 1931 жылы «Адасқандар» болып жарық көрген романының өңделіп барып 1959 жылы жарық көрген «Мөлдір махаббатын», 1938 жылы жарық көрген «Жұмбақ жалаудың» 1946 жылы қайта өңделіп шыққан «Ботагөзін», «Балуан Шолақ» және «Сырдария» романдарының жаңарып шыққан нұсқаларын салыстыра отырып өріп бере алғандығы деу керек. Өйткені алғаш жарық көргенде өткір сөз болып, елеулі сынға ұшыраған бұл романдардың қай-қайсысы болсын автордың проза саласындағы ізденістер үстінде жіберіп алған кемшін тұстары болатын. С.Мұқановтың алғаш жарық көрген романы «Сұлушаш» болатын. Әуелден-ақ сюжетті өлең жазуға икемділігі «Сұлушашты» жазу үстінде Сәбеңнің алымдылығы мен қарымдылығын аңдатып тастады. Көне

аңыз кейіпкерлерін бүгінгіге алып келіп суреттеуде автор ауыз әдебиетіне қызығушылығы емес, керісінше ғалым оң аңғарандай «Бүгінгі өмір жайлы ой түйіндеуге, халықтың жарқын да бақытты өмірге дамылсыз ұмтылуын түсінуге, қазақ даласында тап күресінің шиеленсуінің тарихи себептерін танып-білуге жәрдемдеседі» [133, 179-б]. Сұлушаш пен Алтай арасындағы сүйіспеншілік бірден бай әке Тілеубердінің қарсылығына тап келеді. Қу кедей Алтайға Сұлушашты қиғысы жоқ. Автор осынау қақтығыстар арқылы оқиғаны ушықтыра шиеленістіріп, шиыршық атқан трагедиялық халге жеткізеді. Өртте қалған Сұлушаш суға құлап өлсе, Алтай өзіне қанжар сілтейді. Өлерінде ол:

«Дүниеге мендей талай тентек келер,

Адам өлер, көш көшер, өсер, өнер.

Бұл күнде байлар ғана иеленсе,

Бір кезде құл ие боп сүтінді емер», – деп толғанада, ой көзін ертеңіне қадайды.

«Сұлушаш» романының «Кілт» атты кіріспесінде-ақ өз позициясын айқындап, «Жалғанда табынатын тәңірім – табым, Табы жоқта «тәңірі» жоқ – күні жарым» – деген Сәбең теңсіздік құрбанына айналған қос ғашыққа поэзия тілінде ғажап ескерткіш соққаны дау тудырмайды. Өйткені ғалым сөзімен айтсақ: «Сұлушаш» романы тек Сәбиттің творчествосы үшін ғана емес, жиырмасыншы жылдардағы бүкіл қазақ әдебиеті үшін маңызды роль атқарды. Сәбиттің прозамен жазылған сәтті романы «Мөлдір махаббат» еді. Алғашқы нұсқасы «Адасқандар» деген атпен 1931 жылы Қызылордада басылып шыққан. Автор 1959 жылы идеялық көркемдік тұрғыдан өңдеп «Мөлдір махаббат» деген атпен қайра жарыққа шығарды. Соңғы нұсқада басты кейіпкер Бүркіт бейнесі барынша сомдалып, кесек тартып толысып шыққан. Ол әкесінің жауыздық әрекеттеріне түбегейлі қарсы шыққан күрескер, күрт мінезді, барынша табанды тұлға Бүркіт қилы қақтығыс, алуан мінезділермен бетпе бет үстінде өзінің эгоистік пиғылынан арылып, көпшіл коллективтік мінезге ойыса бастайды. Ғалым Бүркіттің бойындағы эволюциялық өзгеріс «Адасқандарға» көрініс таппай еді деп орынды пайымдаған Бәтестің образы да соңғы нұсқада ажарланып, шырайлана түскен. Ғалымның бұл орайдағы «Сәбит Бәтесті басқа жазушылар жасаған қазақ қыздарының образын қайталамайды. Оның ішкі дүниесі де, мінезі де, тағдыры да өзгеше» деп жіті аңғарған. Романдағы тағы бір тағдыры қызық қазақ қызы бар. Ол – Әсия Бектасова. Ол Октябрьмен тағдырлас туған, өз басының теңдігі жолында күреске тайсалмай түсер тұлға тұрғысында суреттелген. Романның жаңа вариантындағы Еркін Ержанов та маңызды тұлға. Ол совет өкіметі қазақ даласына әкелген жаңалықты қостап қана қоймай, соны орнықтыру үшін күресетін дәрежеге жетеді. Б.Шалабаев романның екі нұсқасын салыстыра отырып алғашқысындағы әлсіз, кемшін тұстарды «Мөлдір махаббатта» толық игергендігін, қосымша бейнелер, оқиғалар қосып ширата түскендігіне назар аударады. «Роман өмір шындығы мен жоғары көркемдік қасиеттері арқасында оқушылар сүйіспеншілігіне бөленді» деп дұрыс байлам жасаған.

1938 жылы «Жұмбақ жалау», араға сегіз жыл салып «Ботагөз» деген атпен жарық көрген романның тағдыры да Сәбең үшін оңай болмағанға ұқсайды. Романның желісі 1912–1918 жылдар аралығындағы қазақ халқының басынан өткерген ірі тарихи оқиғалардан құралған. Автор бір-біріне жау әлеуметтік топтардың қақтығыстарын, халық тұрмысының суреттерін революциялық күресті кезеңдерді қамтыған. «Жұмбақ жалаудағы» Ботагөз орыс мектебінде оқитын кедейдің қызы. Әкесі өлгеннен соң ұста ағасы Балтабектің қолында. Омбы мұғалімдер семираниясының бұрынғы студенті Асқар Досанов пен Ботагөз арасындағы сүйіспеншілік оқиғасына Итбай килігеді. Жетім қызды тоқал еткен болыс Итбай қыздың нағашысы Амантайға қолқа салып Ботагөзді көндіруді өтінеді. Ол көнбейді. Шиеленіс ширығады. Асқар Кузнецовпен танысып, революциялық идеямен ауызданады. Ақыры 1916 жылғы Патша жарлығына қарсы көтеріліс болып Итбайдың басы қағылады.

«Ботагөз» романында ғалымның пайымдауынша автор «әлеуметтік мән беруге тырысқан». Романның алғашқы нұсқасында Асқар өз қамымен жүрген Ботагөзге деген сүйіспеншілігіне селкеу түспеген қалыпта болса «Ботагөзде» ол жаңалыққа құштар байсалды, білімді жас ретінде сипатталады. Асқардың іс-әрекеттерін кесектендіретін сүбелі оқиғалар енгізілген. Мәселен Асқардың жетім бала Сабитке қамқорлығы, «Айқап» журналына интернат ашу жөніндегі материал беруі тәрізді штрихтар оның образын кемелдендіре түседі. Ботагөз революцияға араласу үстінде қоғамның саяси әлеуметтік мәнін аңғарады. Өз бетінше жұмысқа кіріп, отбасын асырайды. Әйтсе де Итбай болыстың құрығы ұзын, бұл арада да тыныш өмір сүргізбейді. «Жұмбақ жалаудың» екінші бөлімі 6 тараудан тұрса, «Ботагөзде» «Толқындағы той» атты жетінші тарау қосылып, онда Темірбек пен Бүркітбайдың өлімі баяндалады. Ғалым жаңа нұсқаға енгізілген тарау аттарының оқиға мәнін ашар орамлымдылығын да орынды аңғарған. Б.Шалабаев Асқарды «Ленин ілімінің гуманизмі мен тарихи шындығын жан тәнімен қабылдаған, революцияның ең бір қиын-қыстау кезеңдерінде де одан айнымаған, рухы күшті, табанды, батыл күрескердің типі» деп бағаласа «Амантай Тойбағаров – бұрын әдебиетте болмаған соны, шыншыл характер» деп бағалайды. Ботагөздің де образы Сәбең сомдауында дараланып, бір оқшау шыққан. Ол сол тұстағы қазақ қыздарынан өзгеше. Қалада тұрып орысша оқиды, рухани мәдениеті бай орыс қыздарымен достасады. Орыс классиктерінің шығармаларынан нәр алады. Ол, ғалым сыншының атап көрсеткеніндей, «жаңа дәуірдің перзенті, оған ескі феодалдық-рулық құрылыстың салт-саналары мен қылықтары жат». Әлеуметтік теңсіздікті бастан кешіп өскен Ботагөз революция күндерінде жаңа өмір құрушылар қатарына қосылуы дәлелді де дәйекті. Оны Шалабаев та дұрыс аңғарған. «Жұмбақ жалауда» Кузнецов бейнесі көмескі қалса «Ботагөзде» пролетарлық революцияға жетекшілік ететін еңселі тұлға дәрежесіне көтерілген.

Итбай характерін ашуда да автордың көп еңбектенгені аса нанымды да көрнекті шығаруға барынша қалам қуатын жұмсай білгені Б.Шалабаевтың өз зерттеуінде романдағы оқиғаларды, диалогтарды, образ жасау тұстарын

молынан қамти отырып сөз етіп отырған нысанның құндылықтарын ой елегінен өткереді. Онысын «Ботагөз» романымен С.Мұқанов халықтың тұрмысын, тарихын, мәдениетін, ойы мен сезімін жете білетін әлеуметтік жазушы ғана емес, сонымен қатар көркем сөздің шебері екенін тағы бір көрсетті. Осыған оқушының көзі жетсін деген ниетпен біз бұл туындыдан үзінділерді мол келтірдік» деп тұжырымдайды.

Сәбит Мұқановтың 1942 жылы жарық көрген тағы бір кесек туындысы «Балуан Шолақ» романы жазушы өмірде болған алып күш иесі Нұрмағамбеттің образын сомдаған. Жазушы Балуан Шолақ өмірінің қай кезеңін шындықта болуға мүмкіншілігі бар кәдімгі табиғи нәрседей ақылға қонымды етіп, психологиялық жағынан дұрыс көрсетеді» дейді сыншы ғалым. Б.Шалабаев романның алғашқы нұсқасындағы қайшылықтар мен салақтықтан кеткен тұстарды тап басып дұрыс сөз етеді. Мәселен балуан орыс досы Михаилмен 23 жасында кездеседі. Ал балуан 1856 жылы туған. Сонда бұл 1879 жыл болмаққа керек. Михаил балуанға социал-демократиялық бағыты туралы өз пікірін баяндайды. Өйткені Михаил РСДРП-ның идеясы мен Лениннің көзқарасын қолдайтын адам еді дейді автор. Ал тарихи шындыққа жүгінсек Ленин онда 9 жаста, РСДРП әлі ұйымдасқан жоқ. Шалабаев жазушының бұл қайшылығын «жалған оқиғалар шеңберіне тереңірек кіріп кетуден туған ағаттық екендігі даусыз» деген әділ пікір білдіреді. Сондай-ақ Сәбеңнің Балуан Шолақты 1916 жылы ұлт-бостандық қозғалысының идеологы, Аманкелді Имановтың ақылшысы етіп көрсеткенін, немесе «Біздің қолымыз жеңіске тек қана Лениннің басшылығымен жетеді» деген Балуан Шолақ сөзінің шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын ғалым Шалабаев жіті аңғарған.

Соңғы түзетулерінде С.Мұқанов романдағы мұндай кемшіліктерін түзетіп, ел сүйсініп оқырлық сәтті туынды дәрежесіне көтерген.

Белгібай Шалабаев «Сырдария» романын талдау үстінде де автордың жіберген кей кемшін тұстарын орында сөз етеді. Ол «Романдағы сәтсіздікті үш салаға бөліп» қарайды. «Бірінші, романның негізгі тақырыбы канал емес, сол каналды жасаушы жаңа адам – еңбектегі адам. Олай болса, совет адамының еңбекке көзқарасы, еңбек өнімділігін арттырудың советтік әдісі – социалистік жарыс, искусство дәрежесіне көтерілген еңбек мәселелерінің ең соңғы табыстары С.Мұқановтың жаңа романында толық қамтылды ма деген сұрақ туады. Роман еңбек мәселесінің төңірегіндегі жаңалықтарды толық қамти алмайды деген пікір орынды. Екінші, жазушы шығармадағы қаһармандардың тұрмыстағы қарым-қатынасын көрсетуде совет адамдарының жаңа салтына сыйымсыз жағдайларды сипаттайды (Сюзанна Бенедикровнаның Байжанмен кездесуін, Гүлнәр мен Байжан қатынасын еске алыңыз). Үшінші, романда жазушы негізгі оқиғаның желісінен тым жиі шығып кете береді (Есек кіріп кеткен қауын, адам жұтқан жайын, Сырбай арығына келген үш құлаш жайын ертегілерін еске түсіреді). Б.Шалабаев «Сырдария» романындағы тіл жұтаңдығы, тұрпайылығы, суреттердің жоқтығы, көркем әдебиет тілінен гөрі газет мақаласының стилі басым деген де әділ пікір білдіреді [255]. Кейіннен «Сырдария» терең өзгерістермен

өңделді, кемшіліктер түзелді. Б.Шалабаев өзінің «Қазақ романының тууы мен қалыптасуы» атты еңбегінде: «Романның сюжеті мен композициясы табиғаттың байлығын адам игілігіне жарату жөнінде колхозшылардың іс-әрекетін суреттеуге бағындырылған. Қаһармандардың характерлері, эмоциялық-психологиялық сипаттамалары олардың қаншалықты адал және қажырлы еңбек етуіне байланысты жетілген. Романдағы әрбір кейіпкер өзіне ғана тән қайталанбас бейнесімен есте қалады», – деп тұжырым жасайды. Сөйтіп көрнекті ғалым Белгібай Шалабаев қазақ әдебиетіндегі алыптар шоғырындағы Сәбит Мұқановтың артта қалған мол мұрасын саралап, терең талдау жасап, өзінің лайықты бағасын беруде әділ де ақиқатшыл пікірлерімен парасатты биікке көтеріле алған деген қорытындыға келеміз.

Қазақ әдебиетіндегі «алыптар тобы» санатындағы қаламгерлердің бірі Ғабит Мүсірепов – өзіндік дәстүр қалыптастырған ірі суреткер. Айтулы қаламгердің көркем туындылары бірқатар зерттеу жұмыстарына арқау болды. Олардың ішінде жазушы шығармаларындағы көркемдік шеберлік, тілі мен стилі, идеялық мазмұны сияқты мәселелер молынан қамтылды. Алайда Ғ.Мүсірепов қаламынан туған көркем дүниелердің шығармашылық тағдыры туралы терең де жүйелі зерттеу жұмысы жеткілікті деп айту әсте ерте. Олардың қатарына «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Жат қолында» романдарының жазылу тәжірибесі, әдеби сында зерделенуі жайлы мәселелер де кіреді. Белгілі бір мерзімнен кейін туындының шығармашылық көркемдік сыр-сипаты ашыла түсетіні де бар. Осы орайда аталмыш романдардың жазылу тәжірибесі, бағалануы, сарапқа салынуы жайлы жазушы зертханасына қатысты мәселелерді қарастырып талдауға талпыныс жасадық. Бұл жерде жазушының тақырып таңдауы, оны көркем дүниеге айналдырудағы әдіс-тәсілдері, шығармашылық процесс, «Қазақ солдаты», «Оянған өлке» романдарының өмірлік деректері және оларды сұрыптап ала білу мәселесі, шығарманың көркемдік-эстетикалық жүйесі, идеялық-композициялық құрылымы, әдеби сында бағалануы басты назарға алынып, зерттеу талаптары тұрғысынан қарастырылды.

Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы қазақ әдебиеттануында кең тұрғыда қарастырылғанын айтуымыз керек. Қ.Құттыбаев, М.Бекбергенов, Ж.Молдағалиев, А.Оспанов жазушы прозасын арнайы нысана етсе, Н.Ғабдуллин қаламгер драматургиясын талдады. Х.Әдібаев көлемді монографиялық еңбек жазса, С.Әшімханова жазушының шығармашылығы жайлы орыс тілінде докторлық диссертация қорғаған. Монографиялық очерк авторлары А.Нұрқатов, Т.Ахтанов, С.Сейітов, С.Жұмабеков суреткердің шығармашылық тұлғасын оқушы қауымға тұтас таныстыру мақсатын орындап шыққан. Бұдан басқа, қазақ прозасы, қазақ романдары туралы жазылған М.Қаратаев, Т.Нұртазин, М.Базарбаев, Б.Шалабаев, Р.Бердібай, С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Ш.Елеукенов, М.Атымов, Б.Майтанов, Ж.Дәдебаев, А.Тұрбеков еңбектерінде Ғ.Мүсірепов романдары, прозасы әдеби даму арқауында сөз болады. «Оянған өлке» романы хақында Л.Климович, Б.Рунин, С.Марков сияқты орыс ғалымдары өздерінің еңбектерінде кеңінен сөз етті. Аталған көл-көсір фундаментальді

еңбектерде Ғ.Мүсірепов шығармашылығы әр қырынан – қаламгердің стильдік ерекшеліктері, мінез жасау мен сюжет құрудағы шеберлігі, өмір шындығын шынайы бере білуі, оқиғаларды іріктеуі, тіл байлығы тұрғысынан сөз етіліп, ғылыми толғамдар жасалды.

Дәуіріміздің заңғар жазушысы Ғ.Мүсірепов шығармашылығы жайында жазуда әдебиетіміздің сарабал сынның сардарлары аз тер төккен жоқ. Солардың қатарына С.Қирабаевтың «Ғабит Мүсіреповтың романдары» [234], Ж.Ысмағұловтың «Қаламгер мұраты» [256], Т.Ахтановтың «Ғабит Мүсірепов» [251], Ә.Тәжібаевтың «Ғабит Мүсірепов туралы сөз» [257], Р.Нұрғалидың «Үш бағана» [37] тәрізді кесек те толымды зерттеу еңбектерін ерекшелей айтуға болады. Осынау шоғыр қатарында белгілі сыншы Б.Шалабаевтың да Ғабит Мүсірепов жазушылығына қатысты «Ғ.Мүсірепов романдары» [133], «Прошлое и настоящее в романах Г.Мусрепова» [239] тәрізді соқталы еңбектерін қосуға болады.

Б.Шалабаев Ғ.Мүсіреповтың әйгілі қос романы – «Қазақ солдаты» мен «Оянған өлкені» бөліп алып жеке сөз етеді. Ол заңды да болар, өйткені академик С.Қирабаев атап айтқандай «Қазақ солдаты» Ғабиттің эпиктік талантын мойындатса, «Оянған өлке» Ғабиттің эпиктік талантын әйгілеп қана қойған жоқ, М.Әуезовтің «Абайынан» кейінгі дәуірде қазақ романының жетілген, жаңа үлгісін ашты» [234, 245-б]. Осынау орнын тапқан орнықты бағаға академик Р.Нұрғалидің мына пікірлерін қоссақ Ғ.Мүсірепов талантының тағы бір қыры қылаң берері сөзсіз, «Ғабит шығармашылығы – қазақ өнерінің сұлу бір арнасы. Ғабит әні – таза үнді, шырқау үн. Ғабит арнасы – мөлдір, тұнық арна. Ғабит шығармалары ұзақ баптап, жалқұйрығын сүзіп барып бәйгеге қосқан жүйріктерді еске түсіреді» [37, 484-б]. Жұмағали Ысмағұлов: «Ғабит Мүсірепов – шеберлігі шығарма сайын ширығып, шындала берген, бірден-бірге өрлеп, ең шырқау биіктерге көтеріле берген жазушы» [256, 88-б], – деп шегелей түседі.

Б.Шалабаев «Қазақ солдаты» романын талдауға кіріспес бұрын бұл кесек туындының Ұлы Отан соғысы жайында жазылған тұңғыш қазақ романы екендігіне назарыңды аударады.

Сөз жоқ, өзінің тақырыптық жағынан майдан алаңын тандап алған, сөйтіп қаһарман Қайырғали Сарталиевтың образын ашуда шеңбері кен шеберлік таныта алған Ғ. Мүсірепов таланты «Қазақ солдаты» арқылы танылғандығы дау тудырмайды.

«Қазақ әдебиетіне мәдениет, көркемдік, тереңдік әкелген» [37, 484-б] Ғ.Мүсіреповтың бұл романынан да Б.Шалабаев пайымдай алған небір сұлу да сұңғатты тұстары аз кездеспейді.

Ғалым Қайрош пен анасының кездесу сәтіндегі жүрек тебіренер тұсты дөп басып тани біледі, үзіндіні де үзіп-жұлмай тұтастай алады. Сөйтіп «жазушы стилімен, шығарма қаһармандарының жан дүниесін суреттеудегі оның шеберлігінен оқушыға хабар беру үшін үзіндіні толық келтірдік» [133, 241-б], деп қадай айтады.

Шалабаев Мүсіреповтың адам портретін сөзбен салудағы шеберлігіне тәнтілік білдіреді. Әдемі юмор, ащы сарказм тұздығын араластыра отырып

берер шынайы шебердің шырайлы тұстарына кідірістейді. Мәселен, «Қайрош кеме тоқтағанда, Ақботаға жолығады. Қасында күйеуі бар. Жазушы Ақбота портретін былайша бейнелейді: «Балғын жас денесі жұмырланып, әр мүше өзінің табиғи көркемдігін тауып, үзіліп тұрған кезі екен... Ол әдемі, ақ келіншек болыпты. Жасында дөңгелек жүзді, жұмсақ мұрындылау, арықтау, аласалау еді, қазір ашаң жүзді, қыр мұрынды, бойшаң болуға бет алыпты. Балғын дене иіліп-бүгіліп, дөңгеленіп тұр» [133, 244–245-бб]. Қаламгер Ақботаның күйеуінің кескін-келбетін суреттеуде әжуа ажарын жарқырата аша түседі. «Жас баланың өкшесіндей тайпыған ғана кішкене иек, сояудай тістерін әрең жасырып, құлағына дейін созылған қалың ерінді, бақа ауыздау жігіт екен. Мойны қылқиған, айыр желке, ала көздеу... Желке мен төбесінің арасы төрт-ақ елі, қушық жауырын, қалақша жігіт өте бір сүйкімсіз жан көрінеді» [133, 245-б], – деп бейнелейді.

Қайрош шекарашылар қатарында. Бұл арада да ол өзінің ерлігімен есте қалады, екі шекара бұзушыны ұстайды. Отан алдындағы сол қызметі үшін аулына барып қайтпақ. Бірақ тұтқиылдан соғыс басталды. Қайроштың от пен оқтың астында сыналар сәті туады. «Мас өгіздей, лас шошқадай басы жеткен жерін артымен ластап келеді» деп бейнеленетін фашистердің жауыздыққа толы ұсқынсыз кейпін көз алдына елестетеді. Немесе «тілдің» документтеріне қарап:

– Неміс емес, итальян болар, – дедім.

– Біреуі де емес, сволочь! – деді Володя – Жендет! Ондай арсыз доңыздың фашизмнен басқа ұлты болмау керек», – деген диалогты келтіре отырып сыншы «жауынгерлердің жүрегінде қан құйлы жауға деген өшпенділіктің біртіндеп күшейіп, мінездерінің қатая бастағанын шебер береді» [133, 249-б], деп түйін жасайды. Шағын штрих арқылы Мүсірепов жауға деген бітімсіз күреске көтерілген көкшіл сарбаздардың сұңғылалы сипатын бере білгендігі сөзсіз.

Ұрыс үстінде шыңдалған, сыналған, сомдалған Қайроштың бейнесі көптеген қаруластарымен ортақ жауға жасалған жорықтарда жарқырай, даралана, жоталана түседі.

Тахауи Ахтановтың осы орайдағы пікірін пайымдар болсақ оң болмақ. «Романда Қайырғалидың характері жоталанып айқын ашылған. Ол алдына биік мақсат қоя білетін, қойған мақсатына жетпей тынбайтын қажырлы, қайратты жас болып көрінеді» [251, 49-б], – деуі әбден орынды.

Жазушының кеңес жауынгерлерін ұрыс үстінде, жекпе-жек шайқастарда көрсетуде де шынайы шеберлікпен жазады. «Қой арасына кіріп кеткен аюдай Зониннің алып денесі ерекше көзге түсіп қалады. Оған жармасып, қарсылық еткен бір жан жоқ сияқты. Екі қолы бос, еркін жайқап жүр. Анда-санда ракета жарқ ете қалғанда Семеннің жүзінен өзің шошынғандайсың», – деген әрекет, жойқын қимыл үстіндегі солдат бейнесі табандылық үлгісіндей көңілінде қалып қояды.

Керчь түбіндегі сұрапыл шайқаста теңдесі жоқ шайқаста жиырма жауынгерден үш қана сарбаз тірі қалды, соның бірі қазақ солдаты Қайырғали Сарталиев. Осы ерлігі үшін ол Советтер Одағының Батыры атанды.

Ғалым Шалабаев «Қазақ солдаты» романын талдай келіп «Оқырманды терең патриоттық және интернационалдық сезімдерге, туған жерді сыртқы жаулардан қорғаған адал перзенттерге алғыс пен қаза тапқандардың аруағын құрметтеуге тәрбиелейді» [133, 256-б], – деген тұжырым жасайды.

Романның көркем шығарма екендігін, қаламгердің алға қойған арман-аңсарын орындай алғандығын аңдай білген ғалымның мына пікіріне түбегейлі қосыламыз.

«Соғыс тақырыбы әдетте күтпеген қалтарыстары көп, тартымды сюжетті, бұрын еш жерде айтылмаған жағдайларды жасауға мол мүмкіндік береді. Алайда сыртқы мазмұн тартымдылығы шығарманың тереңдігіне әр кезде сәйкес келе бермейді. Қызықты сюжетпен арбап, оқушыны еліктіруге ұмтылу көбінесе шығарманың көркемдік жағына, әсіресе күрделі образдар мен типтік бейнелер жасауға елеулі нұқсан келтіреді. Тек ірі суреткер (!) ғана кезектесе алмасып жатқан қызғылықты сюжеттердің негізінде жатқан өмір заңдылығын көре біліп, адамдардың бедерлі образдарын жасай алады. Осы тұрғыдан алып қарағанда «Қазақ солдаты» – елеулі шығарма, зор табыс» [133, 256-б]. Романның сюжеті мен характерін, идеялық композициялық жүйесін егжей-тегжейлі пайымдай келе, әдебиетші Шалабаев кесек прозалық туындының тілі мен стилін де тілге тиек етіп, тобықтай түйін жасайды: «Романның тілі қарапайым, керек жерінде, астарлы әзіл мен терең ой да көптеп көрініс береді. Шығарманы тартымды етіп құра білген. Оқушының көңілін жадырататын ащы кекесін, мірдей мысқыл мол-ақ. Ұрыс көріністері көз алдында болып жатқандай әсер етеді. Кейіпкерлердің сөздері мінездеріне сай берілген» [133, 257-б].

Көркем туындының жазылу тәжірибесін сөз еткенде, сол шығарманың өміршең сырын, жазушы зертханасын жан-жақты зерттеу негізінде тани аламыз. Бұл мәселе көркем шығарманың әдеби сында бағалануы, эстетикалық-көркемдік жүйесі сияқты күрделі жайттарды қамтиды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, «Оянған өлке», «Жат қолында» романдарының көптеген өмір материалдарын, дерек-дәйектерді зерттеу, салыстыру, жинақтау негізінде туғанын көреміз. Қазақ топырағында Қарағанды көмір кенінің көзі ашылып, одан кейінгі өрістеу сатыларын, жұмысшы табының даму, қалыптасу тарихын, заманның типтік жағдайлары мен типтік мінездерін шебер суреттеген де Ғ.Мүсірепов дилогиясы болды.

Төл әдебиетімізде тарихи тақырыпты арқау ету кеңінен қанат жайған келелі дәстүр десе де болғандай. Жалпы, тарихи тақырып – көркем әдебиеттің басты нысаналарының бірі болды. Тарихты көркем әдебиетте бейнелеудің әлем әдебиетіндегі тамаша үлгілерін еске ала отырып, бізде, яғни, қазақ әдебиетіндегі бірегей үлгі ретінде ұлы жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын атай аламыз. Әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтің аталмыш романдарын («Абай жолы» мен «Оянған өлке») талдай отырып, мынадай тұжырымдарға келеді: «М.Әуезов Абай өміріне байланысты XIX ғасырдағы қазақ даласындағы тіршілікті романтикалық реализм дәстүріне сай бейнелесе, Ғ.Мүсірепов осы даланың екінші бір өлкесіндегі тіршілікті эпикалық-драмалық пафос

ауқымында өрнектейді» [258, 101-б]. Көркем шығарманың негізгі өзегі – өмір шындығы. Жазушы өмір шындығының ішінен өзіне қажеттісін сұрыптап алады да, көркемдік шындыққа сәйкес өрістетеді, шешім табады. Өмір шындығын эстетикалық тұрғыда шебер көрсете алған шығарма ғана толыққанды, терең мазмұнды, биік деңгейлі болмақ. Осы талап тұрғысынан алып қарағанда, «Оянған өлке» романын жазу барысында суреткер Ғ.Мүсірепов көптеген тарихи фактілерді зерттеп, салғыстыра келе, жинақтау арқылы тамаша, кесек туындыны дүниеге әкелгенін көреміз.

Жан-жақты талаптарға жауап беретін халықтық туындыны дүниеге әкелу – хас шебердің қолынан ғана келетін іс екені аян. Сондықтан, «Оянған өлкені» жазу тәжірибесіндегі қаламгердің талай ізденіс, жетістік, талпыныс сәттеріне куә боламыз: «Спасск заводының құрылған жері – Көкөзектің қабағында Ушаков болып тұрдым, бірде кіреші Ыбырай болып тұрдым, кейде жұмысшы болып тұрдым. Бір әндірістің өзін әр мамандықтың, әркімнің көзімен қарап, сол адамның тілегімен шұғылданбасаң, өндірісті түгел көре алмайды екенсің. Не нәрсені болмасын кейіпкердің көзімен қарамасаң, оның орнына өзінді қоймасаң, көп нәрсе ішін алдырмай кетеді» [259, 73-б]. Осы пікірден-ақ, Ғ.Мүсіреповтің өмірді біліп жазу, білгенің өзін бейнелеп, көркем жазу талабын жазушылардың жасына да, жасамысына да қойылатын басты талап екендігіне салмақ салатынын байқаймыз.

Қарағанды турасында көптеген шындық деректер мен шежірелерде аталған, тарихта болған адамдардың есімдерін роман бойынан да кездестіреміз. Бірақ, Ғ. Мүсірепов тарихи деректерді емін-еркін, өз қалауынша орынды пайдаланады. 1949 жылы Мәскеу радиосынан А.Морозға берген қаламгер сұхбатындағы: «Менің романымның кейіпкерлері Қарағандыда кездесіп-сөйлескен қарт көміршілер-шахтада 65 жыл істеп, кейін шахта директоры болған Бекбекен Сихенбаев және 1907 жылдан Қарағандыда істеген Социалистік Еңбек Ері Түсіп Күзенбаев. Екеуінің де естерінде ескі тәртіп жақсы сақталған» [260], 1949 жылғы: «...қазір Қарағандыдағы өндірістің дамуы мен қазақ жұмысшы табының қалыптасуын суреттейтін үлкен көлемді «Қарағанды» романын жазу үстіндемін» [260], – деген жазбалар назар аударып, жазушының творчестволық жоспарын көрсетеді.

Қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбын өзек ету ХХ ғасыр басынан қалыптасты десе болады. Бұл тұста С.Сейфуллиннің «Айша», «Жер қазғандар» повестерін ауызға алған жөн. Аталмыш екі повесте ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы әлеуметтік өмір шындығы суреттелген. Қазақ даласындағы кен ошақтарының бірі – Нілді зауыты «Айша» повесінде ауызға алынса, «Жер қазғандар» повесінде темір жол бойында еңбек етіп жатқан жұмысшылар тағдыры баяндалады. Сонымен қатар, кен ошақтары орналасқан Қарағанды, Теміртау көркем прозаға арқау бола бастады. Әсіресе, Қарағандыдағы көмір өндірісі жиі назарға алынды. Қазақ жұмысшы табының қалыптасып шығуында өзіндік орны, тарихы бар Қарағандыны шығарма өзегіне алу, әрине, көп еңбекті әрі шеберлікті талап етті. Бірсыпыра ауыз әдебиеті үлгілеріне арқау болған Қарағанды туралы күрделі шығармалардың

қатарында прозалық шығармалардан С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды», Ә.Әбішевтің «Жас түлектер» романдарын; драмалық шығармалардан М.Әуезовтің «Сын сағатта», Ә.Әбішевтің «Достық пен махаббат», Ж.Шаниннің «Шахта» пьесаларын атауымызға болады.

Айтқанымыздан шығатын қорытынды – осы тақырып түгел сарқылып баяндалған жоқ. Бұлардың қатарында төңкерістен бұрынғы Қарағанды жайының көп мәселесін кең түрде қамтыған Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы зор міндетті атқарып, көркем сурет пен типтік бейнелер қатарын жасады. Жазушы мұрағатындағы Қарағанды шахтерлерінің еңбек күніне арналған очеркте [260] 3-бис шахтаның тау-кен шебері И.Арипов, Б.Әлжанов, М.Айбеков, Б.Досқожанов, Қ.Байтуғанов сияқты шахтерлердің еңбегі, Қарағандының өткені мен бүгіні салыстырыла әңгімеленеді.

«Сол кезде Қарағанды деп аталған өңкей жалаңаш дала ғана еді. Оның байырғы қожайындары – ағылшындар, өздерінен кейін 3 саманнан жасалған үй (кеңсе) және біреуі «орыс», екіншісі «қырғыз» аталған 2 үлкен зираттарды тастап кеткен болатын. Бұл зираттардың орасын үлкендігі және адамдар тұрғын үйлерінің мүлде болмағандығы таң қалдырды. Еріксізден бұл жерге, ағылшындар, адамдар тек өз күш-жігерін беріп, есесіне шағын ғана төмпешікке ие болуға келген-ау деген ой мазалайды» [260], – деп қаламгер очеркін Қарағанды көмірін өндіруде өз еңбектерін аямаған шахтерлердің айтқан деректеріне негіздейді. Шығармадағы қоғам өміріндегі қақтығыс-шиеленістер әбден нанымды, табиғи түрде алынып дамыған. Көптеген жер аттары да, адам аттары да, оқиғалық өрістеулер де тарихи шындықпен іздес, қарайлас. Дегенмен, көркем шығарма өмір материалының ешқашан да көшірмесі болмайды. Сондықтан да, Қарағанды тарихына байланысты көптеген адамдардың көркем бейнесінде елеулі өзгешеліктер болуы әбден табиғи. «Болашақ шығарманың сүйегі көп арналардан жиналады. Әр түрлі кітаптар, материалдар қарайсың. Олардың бәрі әсер берері, ассоциация тудырары хақ, бірақ мыңнан бірі де шығармаға енбей қалуы мүмкін. Жеке сөйлем, дайын абзац дегендер менде болмайды. Ондай жиған-терген баста, жүректе жүруге тиіс. Ішкі ағыстар әбден күшейген кезде қағазға түспек. Ұнамаған нәрсені өшіріп, қайта жазамын» [261, 253–256-бб], – деп Ғ.Мүсіреповтің әдебиет зерттеушісі Р.Нұрғалимен шығармаларының туу процесі туралы ой бөліскенінен де байқағанымыздай, қаламгердің шығарма жазу кезінде өз ерекшелігі, өз машығы болған. Әр сөз, әр сөйлемін жазуда өз басына қатаң талап қоя білген. Ал ғалым Х.Әдібаев қылаусыз асқан сөз шебері Ғ.Мүсіреповтің көркем дүниедегі интеллектуалдық деңгейін, қапысыз қиюласқан композициялық құрылымын, қамшының таспасындай өрілетін сюжет желісін, соны сөз иірімдерімен байытқан тіл шеберлігін дөп басып, мынадай тұжырым жасайды: «Қашан да Ғабит келісімді сөз, қанатты сөйлем табу үшін инемен құдық қазғандай еңбектенеді. Кейбіреу еңтігіп, қола үйіп жатқанда, ол өнер сарайының әр кірпішін сан қашап, сан түзеп, баппен басады. Еңселі өнер алдында уақыт қашан да әлсіз, өрнегіне дақ түспей, су жаңа күйінде ғасырлар белін баса бермек» [262, 256-б].

«Оянған өлкенің» түрлі қасиеттерін әңгімелеген сын пікірлер, зерттеулер аз емес. Роман жайында берісі республикалық, әрісі сол кездегі одақтық газеттер мен журнал беттерінде Т.Ахтановтың, Қ.Нұрмақановтың, Л.Климович, С.Марков, Б.Руиннің, Т.Нұртазиннің, Р.Бердібаевтың [263] арнаулы мақалалары, жеке зерттеу еңбектері, әдеби-сын очерктерінде арнаулы бөлімдер мен тұтас пікірлер жазылды. Бұл еңбектерде шығарманың тәрбиелік мәні, көркем бейне жасау ерекшеліктері бірсыпыра баяндалған. Солардың бірі Ғ.Сланов пікірі [264, 106-б] Ғ.Мүсіреповтің тарихи романы әдебиетіміздің тарихынан қандай орын алады, көркемдік деңгейі қандай дәрежеде деген маңызды сауалдарға жауап бергендей. «Оянған өлке» романының әдебиетімізден алатын орны туралы айтылып келген ой-тұжырымдар әр алуан. Роман қандай жаңалықтарды әкелді, қандай түбірлі мәселелер көтерді, әдебиетімізді, оның ішінде прозамызды қандай мінездермен байытты, нендей өзгешелік-кемшіліктер болды, айтылған пікірлердің дұрыс-бұрыстығы қай дәрежеде деген сияқты мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылған. Алғашқы пікірлердің қатарына енгізуге болатын А.Нілдібаевтың рецензиясында романның идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасалып, кейбір ескерер жайттар да жинақталған. Осыған дейін қазақ әдебиетінде жан-жақты көрсетілмеген мәселенің қолға алынғандығы баса айтылады. Романдағы Бұланбай, Алшағыр, Жабай, Күнзила, Назыкеш, секілді халық ішінен шыққан кейіпкерлер мен Игілік, Омар, Жұмабек төре, Күреңкөз қожа ара қатынастарына тоқталады. Рецензент Байжанның өзіндік қасиетіне, кейініректе толығымен Бұланбай тобын қолдауына тоқталып өтеді. Сонымен қатар, пікір айтушы Омардың інісі – делқұлы Тілеуке сынды бейненің роман үшін қажеттілігі шамалы, ешқандай мағынасы жоқ кейіпкер екендігін айтады [260]. Х.Әдібаевтың пікірін келтірелік: «Характер жасаудағы Ғ.Мүсірепов қолындағы тағы бір мықты құрал – портрет. Қазақ әдебиетінде портрет жасау жолындағы үлкен жетістіктерді танытатын туындылар – «Ботагөз», «Оянған өлке», «Абай жолы». Динамикалық портрет, статистикалық портрет болып сан түрлі құбылып осы шығармаларда биік мәдениетті өнер дәрежесіне көтерілді. Іркес-тіркесімен көрінген қазіргі портреттер солардан бұршақ атып, өрістеген өрім талдар» [262, 210-б], – деп кейінгі әдебиетке үлгі боларлық дәрежедегі қасиетін де атап өтеді. Ғ.Мүсірепов романының кейіпкерлеріне назар салғанда, қаламгердің портрет жасаудағы шеберлігін анық көреміз. Кейіпкердің көңіл-күйін, ішкі сезімін портрет арқылы таныту, шығармадағы оқиға желісіне орай юморлық портрет беру тәсілдері өте ұтымды.

Әдебиетші Қ.Нұрмақанов сын мақаласында романның оқиғасы әр тарапты, тарихи материалдарды кеңінен қамту ерекшеліктерін көрсете отыра, кейбір кемшіліктерді де ортаға салған [263]. Сын айтушы қаламгерді ескілікті аңсаушы ретінде танытып қояды. Автордың Игілік пен Жұман арасындағы тартысты қандай мақсатпен көрсеткелі отырғанын, бұл тартысты оның қандай тарихи биік тұрғыдан қарайтындығын ескермеген пікір. Ғ.Мүсірепов Рязанов пен Ушаковтың арасындағы тартысты да композициялық шиеленіс жасау үшін ғана көрсетпеген, тіпті сонымен бірге

екі мінез-құлықтың арасындағы да тартыс емес. Бұл ақша мен билікті өз қолына жинақтауға тырысып, күштінің күштілігін көрсететін тартыс. Мұндай тартыс тарихи жағынан ақталған және көркемдік жағынан нанымды. Қ.Шәукенов пен Қ.Халықов романның мәніне тоқталып кеткен. Игілік пен Жұман арасындағы тартыс дәурені өтіп бара жатқан қоғам мен жаңа туып келе жатқан қоғамның арасындағы тартысты бейнелейтіндігі атап көрсетілген. Орыс жұмысшылары мен қазақ жұмысшылары арасындағы достық пен ынтымақтастық шебер суреттелген делінеді [265]. Бұланбай мен Сүгірәлінің күрес үстінде ұғынысуы, Байжан бейнесінің ерекшеліктері, Жабай мен Назыкеш арасындағы сүйіспеншілік мәселесі де назардан тыс қалмай, оң пікірге ие болған.

«Оянған өлке» романы жөнінде орыс зерттеушілерінен Л.Климовичтің мақаласын атауға болады. Автор қазақ жазушысы Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романының көптеген игілікті жақтарын көрсеткен, романның біршама кейіпкерлерінің тарихта болған адамдар екендігін, есімдері тарихи құжаттар мен зерттеулерде кездесетіндігін, олар жайлы Қарағанды шахтерлерінің есінде бірталай естелік-әңгімелер де сақталғандығын алға тартады. Әсіресе, роман беттерінен белгілі Апақ Байжанов, Никон Ушаков, Рязанов, Зотов, Севостьянов, Игілік Өтепов есімдерін келтіреді [266, 166–171-бб]. Демек, Л.Климович Ғ.Мүсіреповтің романында дәл сол жылғы, сол күнгі болған оқиға екендігін нақты атамай, тарихи деректерді өзінше көркемдік шешім тұрғысында алып қолданғанын көрсетеді.

«Оянған өлке» туралы пікірлер көптеп айтылды дедік. Оларда шығарма түрлі қырларынан талданған. Қай-қайсысы болса да «Оянған өлкенің» қазақ әдебиетіндегі үлкен орнын жоғары бағалайды. Белгілі сыншы-зерттеуші М.Қаратаев «Оянған өлкені» көлемі жөнінен де, көркемдік сапасы жөнінен де автордың ең келелі туындысы деп таныған. «Оянған өлкенің» сюжеттік құрылысындағы өзіне тән ерекшеліктер, романның тартыстық желілерінің дамуы, композициялық бітіміндегі өзгешеліктер жайында Р.Бердібаевтің еңбегінде талданған. Зерттеуші қазақ романдарын, негізінде бірнеше мәселе тұрғысынан алып қарайды. Сюжет, тартыс, мінез, композиция мәселелерінің қазақ романында қалайша көрініс тауып жүргендігі жайында жинақы, түйінді ойлар айтады [263, 89–91-бб].

«Оянған өлке» романы жөнінде орыс зерттеушілерінен әсіресе, көп тоқталғандары З.Кедрина мен Е.В.Лизунова. Әдебиетші-ғалым З.С.Кедрина монографиялық еңбегінде «Оянған өлкенің» көптеген жаңалық сипаттарын атап көрсетеді. Әсіресе, ол қазақ жұмысшы табының туып, пайда болуы, олардың үлкен қоғамдық күшке айналуы жайында ерекше сүйсініп жазады [263]. Қазақ әдебиетін көп жылдар бойы зерттеген келесі бір ғалым Е.Лизунова романдар жөніндегі монографиясында Ғ.Мүсіреповтің романдарына, соның ішінде «Оянған өлке» романына арнайы тоқталып, көптеген талдаулар жасайды. Ол роман кейіпкерлерінің өте тартымды жасалғандығын ескерте келіп, Байжанның, Игіліктің, Ушаковтың тұлғаларына кідіріп өтеді. Е.Лизунованың ерекше айтқан бір мәселесі – жазушының психолог суретші ретіндегі шеберлігі.

М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов пікірлерінен шығатын қорытынды – әлеуметтік-психологиялық типтендірудің шебері Ғабит жасаған қаһарманының басым көпшілігі психологиялық нанымдалығымен, өміршендігімен көзге түседі – мінез-қалтарысы, кескін-кейпі, іс-әрекеті құйып қойғандай шақтықпен, дәлдікпен суреттелген. Өзіндік бір ерекшелігімен есте қалады, жүрегімізге жылылық ұялатады. Осы сияқты пікірлер басқа да көптеген авторлардың мақалаларынан көрінеді. Белгілі қоғам қайраткері Ілияс Омаровтың мақаласында романда қазақ халқының ежелден қалыптасқан салт-сана, әдет-ғұрыптарының өте тың суреттелгендігі ерекше ескертіледі. І.Омаров – романның халқымыздың көркемдік дамуындағы үлкен жаңалық, тың қадам екендігін алғаш айтушылардың бірі [263].

«Оянған өлке» романы төңірегінде сөз еткен түрлі шолу және арнайы талданған басқа мақалаларда шығарманың артық-кемшін тұстары жан-жақты талданып, сын-пікірлер айтылды, әлі де айтыла бермек. Дегенмен, бұл айтылған бірен-саран ағаттықтар мен ескертпелер «Оянған өлке» секілді үлкен туындының салмағын кеміте алмайды. «Оянған өлкенің» әдебиетімізден алатын тарихи орны мол. Оның жетістігі – өмір оқиғаларын, мінездерді, өзгеріске толы іс-әрекеттерді ұнамды идея тұрғысынан, тарихи шындық тұрғысынан көркем бейнелей алғандығында. Академик С.Қирабаев «Оянған өлке» – XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елі өмірінің сан-салалы тіршілігін кең қамти суреттейтін шығарма» [267] – дей келе, жазушы шеберлігіне тоқтала отырып, «Романды оқыған адамның өмір тануы, адам тануы, көркемдіктің сырын ұғынуы кеңейе түсетіндігі де сондықтан» деген байламға келеді. Сонымен бірге әдебиетшінің: «Оянған өлке» – XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елі өмірінің сан-салалы тіршілігін кең қамти суреттейтін шығарма... Қазақтың байырғы кәсібіне жаңа кәсіптер қосылды. «Қазақтың феодалдық-патриархалдық жайлаған бұйығы тіршілігі, көшпелі тұрмысымен қақтығысқа келген капиталистік қарым-қатынастың сыры мен шынына үңілді» [234, 245–247-бб], – деген пайымдауы да орынды. Ал, Р.Нұрғали «Оянған өлке» жайында, «Ол – қазақ әдебиетіне жаңа бояу ала келген туынды. Кезінде өндіріс тақырыбын реалистік бейнелеген мұндай шығарма бүкіл Орта Азия әдебиетінде жоқ болатын», – дей келе, роман хақында ой толғанысын былайша түйіндейді: «Тұлғаларының сенімділігі жағынан «Оянған өлке» – еңсесі биік туынды. Шығарма кейіпкерлері Жұман, Игіліктер сомдап соғылған. Дала тарландары қулығына найза бойламайды. Ғабит кейіпкерлерін көбіне іс-қимыл арқылы, әрекет үстінде көрсетеді, өзі көрінбейді» [37, 492-б]. Ғалым Б.Шалабаев «Оянған өлке» романының композициялық құрылысындағы кейбір ерекшеліктерге арнап тұшымды пікірлер айтады. Жазушының романдарын туысқан халықтар әдебиетінің туындыларымен салыстыра отырып, маңызды қорытындылар жасайды. Зерттеуші әсіресе, Ғ.Мүсіреповтің бұл романында көптеген әлеуметтік типтерді таба білгенін, олардың көзқарасы мен санасындағы өзгерістерді, өсулерді ашқанын үлкен табыс ретінде атап айтады [239]. Б.Шалабаев өз зерттеуінде романның басты мақсатын ашып көрсетуді негізгі критерий етіп

алады. Ол «тау-кен өнеркәсібі мен жұмысшы табының пайда болуына байланысты XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының қоғамдық өміріндегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерді көрсету» екендігін аңғарады. Романның алғашқы бөліміндегі дала өміріне жаңа заманның ықпалы біліне бастаған тұстағы қазақ халқының саяси өмірі, тұрмысы, салтының көрініс берерін аңдаған сыншы Игілік Өтепов тұлғасы, іс әрекеті, алды-артынды орап алар әккі, қу, алаяқ, замана тынысын сергек қабылдар болжампаздығын алға тартады. «Ол құдіреттілік пен бақыттың өлшемі тек мыңғырған мал деп санайтын, көшіп-қонып мал бағумен, ескі әдет-ғұрыптардан басқаны мойындамайтын бұрынғы надан, сасық байлардың қатарынан емес» деп кесімді ой түйеді.

Мүсіреповтың Игілік характерін ашудағы ғажап шеберлігін шегелер тұста жазушының «Ала көзін бір төңкеріп, қалың қабағын бір түйіп қалса, бұл маңайдағы елдер басына қара жамылғандай болар еді... Бірақ күш белгісін көрсетуді ол ұмытқан адам сияқты... құдірет тізгінін қаңтарып ұстайды. Бұйырғаны – өтінгендей ғана, кесім айтқаны «бітім айтқандай ғана» – деген сыйпаттауларын ғалым орынды, өз орайын тауып қолданады.

Игілік мінезі, әрекеті мен ісіне қарама қайшы Жұман байдың сипатын берерде Ғ.Мүсірепов шеберлік шыңына шырқап шығады, жәй шықпай шығандап шығады. Ғалым автордың мына портрет беру тұсын орынды алады. «Жұман – Алтай» Қарпыққа мәлім тапал адам. Бірақ денесі тартбақ, сом жаралған. Көлденеңі күректей мұқыл тырнақты саусақтары келінің сабындай жұп-жуан. Қылтанақ шығып көрмеген қасқа иегінен тағалы ат тайып жығылғандай. Салбырай бастаған ұртына дейін табиғи тәртіпті бұзбай-ақ келген бурыл сақал қасқа иектен тайып кеткендей алқымға барып, ұйлығып қалыпты да, сақалдан кері ұйысып қалған көк шулан жүнге көбірек ұқсап тұрады. Жүзінің басқа мөрі түгел өшуге жақындап, ескі теңгеліктей көмескі тартқан. Бар мінезі... Біржола түйілген қабақта қалған сияқты».

Сөз жоқ, Жұман күні өтіп кеткен феодалдық-рулық тұлға. Игілік болса капиталистік дүниенің қазақ сахарасына сыналай ене бастаған сипатын ерте танып, ерте сезінген қазақ байының жаңа өкілі. Ол Ушаков, Рязанов, Сикорский тәрізді Қарағанды көмірін, Ақбұйрат мысын жалмап жұтуға келген орыс алпауытынан шошынбайды да сескенбейді, керісінше онымен қоян қолтық араласуға ұмтылады.

Қаламгер Байжан тәрізді қазақ жұмысшысының образын, А.Быков, Е.Сергеевна тәрізді озық ойлы орыс жұртының өкілдерінің әрекеттерін іс үстінде суреттейді. Ғалым сыншы «қазақ жұмысшыларының қалыптасуындағы орыс жұмысшыларының ролі зор сүйіспеншілікпен суреттеледі» – деп орынды пікір түйеді. Өз ойын одан әрі сабақтай түскен Шалабаев: «Олар қазақтарға бұрын көріп-білмеген жаңа істі игеруге көмектеседі, таптық сана-сезімді оятады, кожайындармен күресудің түрлі әдістерін үйретеді» деген ойларға өріс ашады.

Романдағы тағы бір кесек бейне Бұланбай екендігі даусыз. Ғалым «Ол – қазақ жұмысшыларының батыл, ер жүрек те табанды бастаушысы. Бұланбай жуандардың қол шокпары болып жүргендігін дер кезінде түсініп, бай мен

кедейдің таптық мүддесін ажырата біледі. Сөйтіп алғашқылардың бірі боп көмір кеніне келеді» дейді. Дейді де Бұланбайдың рухани өсу процесін жазушының нанымды көрсеткендігін, күрес үстінде шыңдалып, жоталана түскендігін пайымдайды.

Б.Шалабаев сыншы ретінде Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», «Оянған өлке» тәрізді толымды да кесек романдарын талдау үстінде терең ізденістерге барған. Ең бастысы аталмыш туындылардың әдебиетімізден тиесілі тұғырлы орнына қондыра білуі десек керек. Ғ.Мүсірепов ерекшелігін екшеу үстінде «кейіпкерлер мінездеріндегі уақыт, дәуір тудырған жаңа қыр-сырларын шеберлікпен көрсетуінде» деп пайымдайды. «Оянған өлке» қазақ жұмысшы қозғалысының қайнар көздеріне көркемдік талдау жасауында» [133, 276–277-бб] деп біледі.

Кейіпкерлерін тарихи шындық негізінде сомдай отырып, жазушы оларды өз көркемдік ойының қуатымен толықтырады, шығармаға бүтіндей немесе жартылай ойдан шығарылған, бірақ бейнеленіп отырған шындықтың кейбір елеулі жақтарын терең ашуға, өз идеялық-көркемдік ойын толық қамтуға себі тиетін кейіпкерлерді қосады. Бұл мінездердің әрқайсысының өз алдына өмір соқпағы бар. Осы жағдайды суреттеуде жазушы барлық шеберлігін таныта білген.

Өмір шындығы және оның көркемдік шешімінің жолдарын дәл тауып, оқырман қауым мен ғылыми сынды бей-жай қалдырмаған асыл қазына – «Оянған өлке», «Жат қолында» романдарын хас шеберге тән қасиеттерінің нәтижесінде әдебиет әлеміне әкелді.

«Оянған өлке» мен «Жат қолында» романдарының идеясы, тақырыбы, басты қаһармандары, жалпы көтерген мәселесі үндесіп, сабақтасып жатыр. Алайда, екі романдағы стилі, суреткерлігі, суреттеу тәсілі, әдісі жағынан бір деуге болмайды. Арадағы отыз жылдан астам уақыт та өз таңбасын салғандай. «Ғ.Мүсірепов «Оянған өлкені» жариялағаннан кейін отыз жыл бойы осы тақырыпқа жолай алмай, романның жалғасын созып келді. Бәлкім, туған жердің жат қолында қансыраған халін өз шығармасында көруге де, көрсетуге де дәті бармай жүрген болар», – деген қырғыз ғалымы А.Ақматалиев пікірі Ғ.Мүсіреповтің азаматтық тұлғасын да аңдатады.

Сұңғыла қаламгер орыс отаршыларының қанаушылық әрекеттерін суреттеуді саналы түрде алып тастап, ендігі тартыс арнасын жат елдің дүлейлердің қанауына қатысты бағытта сипаттайды. Идеялық мазмұны терең, көркемдік сипаты көз тартарлық «Оянған өлке», «Жат қолында» роман-дилогиясы – қазақ әдебиетіне жаңа бояу ала келген туынды» [37, 495-б], – деген Р.Нұрғали тұжырымы, «Ғабен романдары – халықтың рухани мәдениетінің озық үлгілеріне қосылады», – деген С.Қирабаев түйіні роман-дилогияның әдебиет тарихындағы орнын айқындап берген ақиқат пікірлер болмақ. Біздің бұған алып-қосарымыз әсте жоқ.

Аспанның төсін арда емген асқар шындардан емес, жер қойнауын тесіп шыққан жақпар тастардан шым-шым қайнап өніп, Сарыарқадан Көкарқаға дейінгі көл-көсір алқаптағы ешбір елді мекенді айналып өтпей, бәріне де соғып, бәрінің де көңілін бірлеп, мейірін қандырып баққан ақпейіл өзен

Нұрадай Ғабиден Мұстафин таланты да өзін жаратқан топырақтан нәр алып, өзін жаратқан өлке мен ортаны асқақтата жырлап өтіпті. Оның қырандай қырағы суреткерлік түйсігі туған жазиралар төсіндегі жақсылы-жаманды құбылыстардан үдере өзгеру үстіндегі елі мен жерінің басына атымен бейтаныс заман орнағалы тұрғанын дер кезінде дәл аңғара біліпті. Көз саласына іліккен көріністерді көңіл саласына көшіріп, оның тосын сипаттарының астарларына үңіліп, тарихи мән-мағынасын іздепті. Қайсысының бүгін бар, ертең жоқ құбылмалы, қайсысының бүгін әлсіз, ертең мықты тұрлаулы құбылыстар екендігіне қапысыз қанығуға күш салыпты.

Ол күні жеткенде тілден жақты ажыратпайтын дегендей жаппай жетістіктер кезеңінде өмір сүрді. Талай қимас құбылыстар мен қасиеттер көзге оттай басылып, ұзақ жайлаған көне қоныстарда қалып бара жатты. Талайлар өз қағынан өзі қарадай жерініп, жаңа қонысқа бет алғанның жөні осы екен деп әй-шайға қарамай, әлі беймәлім, әлдеқайдағы нағашысының ауылына бара жатқандай аттарын борбайлатып, адыраңдап шаба жөнелісті. Ғ.Мұстафин ондай алақызба айқай-сүреңдерге елегізіп, босқа арамтер болмапты. Әкесінің иманды, атасының дәулетті болғандығы үшін көзтүрткілік көрсе де көзсіз ашуға мінбепті. Сабасынан аспай, сабырын сарықпай сақтай біліпті.

Оның артына тастаған шығармашылық мұралары бала кезінен табаны тиген Жауыртаудай, қалғандарға атымен ұқсамайтын айрықша тұрпатымен көзге оқшау шалынады. Сыртынан қарағанда шынында да сар далада тайпалта жүйткіп келе жатқан сары жорғаның қыр арқасына күдірейе қонжиған, ат жауыртпай қоймайтын жайсыз ердей сойқан елестейтін, жапырақ ерекше жақпар таулары бар қазынасын тереңіне бүгіп, сол арқылы күллі әлемнің көз сұғын қадалтатын әйгілі Теміртауға айналып отырғаны мәлім.

Қылтың-сылтыңсыз, жылтырақ-жылтылсыз ел болса да өмірдің өзіндей қылып қаз-қалпында кейіптейтін Мұстафин шығармалары да туған елдің ыс басқан түндігіндей, туған ананың бесігінде тербеткен әлдиіндей, туған әкенің қиын сағаттарда арқаңнан қағып, маңдайыңнан сипап, емірене айтатын ақыл кеңесіндей пайымдылығымен еріксіз баурап алады. Олар тіршіліктің әшекейсіз де әдемі, әспеттеусіз де мәнді екендігіне көзінді жеткізе түседі.

Қаптаған құйтырқы құбылыстарға төтеп бере алу қай замандағы суреткерлер үшін де қиынның қиыны болған. Кейінгі жүз жыл ішінде әдебиетіміз осындай ойнақшыма кезеңнің талайын кешіп, талай жерде екі оттың ортасында шыжғырылып, әрі-сәрі дәурен кешіп келеді. Кейбір туындыларымыз қанатсыз тауықтай күнделікті тіршіліктің күлдібадам қиындығының тар көрпесіне қамалып, етекбасты күй кешіп бақты. Кейбір суайт уақыттың айтқанына еріп, ақыр аяғында бәлду-бәлду бәрі өтіріктің кебін киеді. Ғ.Мұстафин мұндай қатерден замана шындығына, адамгершілік көзімен үңіліп, адамгершіліктің таразысымен байыптай алған салиқалы сарабалдығы арқасында аман қалды. Оның шығармалары шырғалаңы мол шытырман заманда ғұмыр кешкен, мейлінше әділ адамның өз көзімен көріп,

өз көкірегіне түйген жерлерін шынайы жеткізе алған дәйектілігімен құнды. Жазушының «Өз көзіммен», «Көз көрген» сияқты жанрлық анықтамаларға жиі жүгінуі соның айғағы.

Ол өмірді күрес деп емес, еңбек деп ұқты. Өйткені, күрескеннің бәрі жеңіске жете бермейді. Ал еңбек еткеннің ешқайсысы жеміссіз қалмайды. Сондықтан да ол тек қана еңбекті насихаттап, еңбекті дәріптеді. «Шығанағында» сол кездегі таптық тайталастардың қызыл қырғындары мен қызыл қырғиларын дәріптемей жер тырмалап, ырзығын айырып, былайғылардың да күн көрісіне қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей өз қолғабысын тигізгеннен басқаны мұрат етіп көрмеген, қазақтың «Я, Құдайлап» күн кешкен қарапайым шаруа шалының бейнетқор тіршілігін суреттейді.

«Қарағандысында» ғасыр тоғысындағы қиян-кестілерді, азып-тозып, өкпесі талған далалықтардың өнбес даудың соңына біржолата құрып кетпей тұрып, жаңа кәсіп пен жаңа талаптың соңына түсіп, жасампаздық жолына шыға бастағанына мейірленеді.

«Миллионерінде» іргесі көң сасып, тірідей күлге көміле жаздап отырған қоңторғай қазақ ауылының қалған дүниеден қағажу көрмей, жұртпен бірге етегін жиып, еңсесін тіктегенін армандады. Бұл шығармаларында ол өзі өмір сүріп отырған кезеңнің ұрандатып баққан идеологияларын жоққа шығарған жоқ. Бірақ оларды қақшандаған таптық тайталастардың таразысына сүйрелемей, жалпыға тән адамгершілік арнасында шешімдеуге тырысты. Керітартпалықтың емес, ілгері ұмтылушылықтың сөзін сөйледі.

Оның 60–70-ші жылдары жазылған «Дауылдан кейін» және «Көз көрген» романдары әдебиетіміздің асыл қазынасынан баянды орын иеленген ірі табыстарымыз. Олар шын мәніндегі ХХ ғасырдағы жаңа тарихымызды қайта зерделеп, қайта бағамдауды бастап берген туындылар. Ғасыр басында қазақ даласына аяусыз тырнақ батырған әлеуметтік қатыгездіктердің қанды жолын мұншалықты шыншылдықпен және сыншылдықпен бейнелеген шығармалар оған дейін кездеспеген еді. Одан кейін де жиі ұшырасып жатқаны шамалы. Алпысыншы жылдардағы азды-көпті кеңшілікті дер кезінде орнымен пайдаланып, халық өмірінің ең көлегей тұстарының ең шынайы панорамасын жасақтап үлгере алған бірден-бір қазақ жазушысы Ғ.Мұстафин болды.

Оның қай шығармасын алсаңыз да кешегі ақыл ұзын, қол қысқа заманда өз халқына шындап жаны ашығандықтан туған шынайы дүниелер еді. Сондықтан да ол кешегі, бүгінгі және ертеңгі оқырманға қажет бірегей қасиет.

Сыншылық-зерттеушілік ой дамуында өзіндік орны бар жекелеген тұлғалардың еңбектеріне қазіргі күн тұрғысынан көз салған тұста олардың жетістік, кемшіліктерінің қай-қайсысын да объективті бағалауға ұмтылу және әсіре бояусыз шынайы ғалымдық болмысын ашу нақты кезеңдегі әдеби үрдістің бет-бағдарын, жанды бейнесін айқындауға септігін тигізері анық.

Бұл орайда басты мақсат қандайда бір зерттеушінің еңбегіне белгілі бір кезең жемісі деп қана үнілумен шектелмей, сол еңбектің ішкі мазмұнына дендей бойлау, сол арқылы уақыт талабымен көркемдік талаптың қаншалықты ұштаса көрініс тапқанын зерделеу, нәтижесінде көркемдік талап деңгейін саралай отырып, нақты кезеңге тән көркемдік таным дамуына зейін аудару, сонымен бірге, шығармашылық жеке тұлға ізденісінің қоғамдық көркем ойға әсерін, оған керісінше, жеке тұлғаның көркемдік танымына қоғамдық сана ықпалын саралай тануға талпыныс болмағы ләзім.

Қайсы бір ғылым саласында болмасын, ғылымды жасаушы да, дамытушы да, халық игілігіне жаратушы да – жекелеген дарынды тұлғалар. Әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының даму тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған сыншылар мен ғалымдардың еңбектерін жан-жақты саралай қарастырып, салыстыра, салғастыра бағалау нәтижесінде ғана нақты кезеңге тән әдеби үрдістің шынайы бейнесі объективті көрініс табары анық. Жекелеген әдебиетшілер мұрасын барынша жан-жақты зерделеу мен зерттеу ісі әдебиеттану ғылымының персоналия тарихы үшін бүгінде алғы кезекте тұрған міндеттердің бірі. Аталмыш міндеттерді шешу барысында қазіргі әдебиеттануда жасалып жатқан ізденістер баршылық. Бұл орайда «алыптар тобының» өкшесін баса әдебиеттегі қадамын әуелде өлең, әңгіме, фельетон, очерк жазудан бастаған әдебиеттанудың «еңбек торысы» атанған көрнекті әдебиетші ғалым, білікті сыншы, романтанушы, кәнігі аудармашы, ұлағатты ұстаз Белгібай Шалабаевтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу және көркем публицистикалық мұрасының ең көлемді арнасы һәм кемелді желісі – қазақ романының тууы мен қалыптасуы тарихы, роман жанрының табиғаты, ондағы сюжет және характер, идея және композиция, әдеби троптар мен стильдік фигуралар мәселелерін тілге тиек етеріміз заңды. Себебі ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің абыройын асырып, мәртебесін биіктеткен классиктердің бірі, көркем сөз бен зерлі сөздің ұстасы, тапқырлық пен ділмәрлықтың нұсқасы, дархан дарын, алыптар тобының алтын діңгегі – Ғ.Мұстафин сынды алып жазушының салиқалы құлаш-құлаш прозалық туындыларына арнайы ат басын бұрған, повесть, романдарының көркемдік-стильдік ерекшеліктерін, идеялық мазмұнын, жазушының еңбек жолы мен творчестволық дамуын, шығармашылық зертханасын егжей-тегжейлі зерттеген әдебиетшілердің бірі – Б.Шалабаев болатын. Жалпы қаламгер шығармашылығы, прозалық, сыншылық және публицистік шеберлігі жайындағы ғылыми зерттеулер жазушының көзі тірісінде ерте кезден басталып күні бүгінге дейін өзінің әділ жалғасын тауып келеді. Олардың ішінен М.Сармурзинаның «Ғ.Мұстафиннің творчествосында социалистік реализм әдісі» (1951), «Ғ.Мұстафиннің творчестволық жолы» (1957), С.Қирабаевтың «Ғ.Мұстафин» (1956), А.Нұрқатовтың «Ғ.Мұстафиннің творчествосы» (1956), М.Хасеевтің «Ғ.Мұстафин шеберлігі» (1987), Ж.Дәдебаевтың «Ғ.Мұстафин» (1989), М.Қаратаевтың «Ғ.Мұстафин творчествосы» (1992) еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар,

проза саласындағы елеулі ізденістері, жазушылық жолы, шығармашылығы жайлы әр кездерде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтермен бірге М.Қаратаев, Т.Нұртазин, Б.Шалабаев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, З.Кедрина, Е.Лизунова, Ә.Тәжібаев, Т.Ахтанов, т.б. көптеген қаламгерлер, әдебиетшілер зерделі пікірлер айтты.

Әдебиетші Б.Шалабаевтың «Казахская литература» (Советский период) (1965), «История казахской прозы» (Сюжет и характер) (1968), «История казахского романа» (1975) және «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1990) монография, оқу құралдарына енген «Повести и романы Г.Мустафина», «Тема современности в прозе Г.Мустафина», «Ғ.Мұстафиннің повестері мен романдары» атты бөлім-тарауларда жазушының прозалық шығармалары жан-жақты қарастырылып әдеби сарапқа түскен еді. Биік талғам, мол эрудиция, сындарлы талдаулармен көңіл баурайтын, айрықша тиянақталған тұжырымды зерттеулердің романтану саласындағы орны бөлек. Біз солардың ішінен зерттеушінің жеткізе айтып, майын тамыза, жіліктей шағып тұрып талдаған жазушының «Дауылдан кейін» романына кідірмекпіз.

«Қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып, барлық жанрларда қарыштап өскен, ұлттың рухани сұранысына жауап берген бай-бағылан дәуірін тудырған ХХ ғасыр қаламгерлері, әдебиетші ғалымдары, ұлт зиялылары, олардың ғұмыры, тағдыры, шығармалары туралы бүгінге дейін айтылып келген пікір, талдау, зерттеу енді жаңа тұрғыда толығып, соны пайым, жинақтау тұжырыммен қоюлана түспек. Жасыратыны жоқ, кеңес өкіметі құлап, компартия билігі құрылғанға дейінгі жетпіс жыл бойы әдебиет, өнер, гуманитарлық ғылымдар марксизм-ленинизмнің ауызына қарады. Бейнелі өнер, ишарамен сөйлейтін әдебиет тұп-тура саясат шапанын кие алмайды, бірақ әдебиеттану, сын саласында зорлықпен енгізілген қисындар көп болатын. Сондықтан да ХХ ғасыр әдебиетін жаңаша пайымдау, оның кезең-кезеңіндегі стильдік-жанрлық ізденістеріне, бейне, көркемдік қазынасына баға беру, талантты қаламгерлер шығармаларының эстетикалық байлығын анықтау, бір сөзбен, бос топырақтан кенді аршып алу – жеңіл-желпі шаруа емес, бұл – көп қайрат-қажыр жұмсауды талап ететін ұзақ шиыр» [37, 5-б], – деген академик Р.Нұрғалидың келелі пікір-пайымдауын назарға алғанда, Б.Шалабаевтың «Дауылдан кейін» романындағы тарихи қат-қабат оқиғаларды объективті әділ түрде бағалайтын сарабдал оқымысты екендігін көрсетеді. Кейін сан-саққа жүгіртіліп, науқандық сұрқиялы саясаттың ағымымен бірде олай, бірде былай бұлғақтатылған идеологиялық саудагершіліктің көлеңкесі де жоқ. Ерекше құптарлық жәйт жазылғанына бәлен жыл өткен бұл еңбектің көкейкесті, өзекті болып отырғанында. Ол еңбектің қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. Олқылығы сол тұстағы әдебиеттану мәселелеріне күнделікті науқандық жәйттерді, түрлі құжаттарды, қаулы-қарарды, партиялық талаптарды, қызыл танау саясатты, солақай социологияны араластыруда. Дегенмен, дәлдік, дәйекті дерек әлбетте бірінші қатарға шығады.

XX ғасырдың 50–60 жылдары қазақ әдебиетінде тарихи-революциялық романдар пайда бола бастады. Олар: Х.Есенжановтың «Ақ жайық» (1957–59), З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин» (1958), Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» (1960) романдары еді. Бұл романдарда қазақ халқының өмірінде елеулі орын алған XX-ғасырдың 20-жылдарындағы аса күрделі оқиғалар жан-жақты қамтылып айқын да терең суреттелгенін әдебиетші қауым бірауыздан мойындаған болатын.

Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы халық өміріндегі сол бір кезеңді суреттеген үлкен шығармалардың бірі. Кеңес еліндегі азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі жеті-сегіз жыл ішіндегі қилы, өзара кезеңді қамтитын романның қазақ әдебиетінің тарихынан алатын орны аса қомақты. Сол 20-жылдардағы революция, азамат соғысы, жылдары тас-талқан болған халық шаруашылығын жөндеу, қалпына келтіру жаңа орнаған совет өкіметіне, оны басқарып отырған коммунистік партияға ауыр тиді. Соғыс коммунизмі, НЭП уақыты, шеткі аймақ – қазақ ауылдарын советтендіру, ауыл пролетариаты – кедей-жалшылардың таптық санасын оятып, жаңа советтік өмірге тарту, бұрыннан бері еңбек адамдарының қанын сорып байып келген байларды ауыздықтап конфескелеу, т.б. тарихи мәні бар елеулі оқиғалар нақты-нақты кейіпкерлердің образдарын мүсіндеу арқылы Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында реалистік биіктен айқын суреттелгенін көруге болады. Тап осы дүрмегі мен дүрбелеңі, шытырман мен шырғалаңы мол аумалы-төкпелі кезеңді дөп басқан Б.Шалабаевтың мына бір үзіндісіне тоқталсақ, «... өмір шындығын эпикалық кеңдікпен суреттеп, дәуір тынысын байсалды да орнықты танытуда Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы қазақ әдебиеті тарихындағы алғашқы кезеңдерін – ауылды советтендіру, жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру кезеңдерін қамтиды. Есейіп, ұлғая келе, жазушылық мол тәжірибе жинақтап барып жазған туындысында Ғабен өмір шындығын боямаламай, қат-қабат, шытырман күйде көрсетеді. «Дауылдан кейін» романында автор өзінің қалыптасқан дағдысынан шығып, өткен күндер оқиғаларына оралады. Оның мәнісін жазушы былай деп түсіндіреді: «Дағдыдан шығып, кейін оралған себебім – өміріміздің бір қызықты шағы жөнді көрсетілмей қалыпты. Оны жазатын жасамыс адамдар азайып барады. Жастар білмейді. Борыш арқалап кету лайық па? Сондықтан азырақ шегінуге тура келді. «Дауылдан кейін» романы бірсыпыра тәжірибелерді бастан кешіріп, ойы байсалды, жасы мосқал тартқан кезде жазылғандықтан бастапқы кітаптарда ескере алмағанымды ескерсем, жеткізе алмағанымды жеткізсем, деген талап қатты қойылды. Көркем әдебиеттің ең үлкен қасиеті – адам таныту. Таныту үшін әуелі танып алу керек. Бұл өте қиын. Сол қиындықтан қашып, шығармаға адамдарды аз енгізетінмін. Бұл жолы көбірек енді. Бірақ, біріне-бірі ұқсамау жағын қадағаладым. Меніңше, сөзі, мінезі, пішіні, аты, іс-әрекеті тек өзіне тән, дара-дара адамдар көбейе берсе, кітап күшейе береді. Ал адамдары көбейгенмен, біріне-бірі ұқсамай берсе, әлсірей бермек. Шығарманы қызықты ететін тек оқиға, сарт-сұрт айқас

деген сыңар езу ұғым бар. Бір кітапта мен алдымен адамдардың ішін, кескінін, әрекетін, табиғат суреттерін көрсетуге тырыстым. Өйткені, бүкіл көркемдік, оқиға осылардан туады.

«Дауылдан кейін» романының автордың жоғарыда аталған шығармаларынан ерекшелігі оның өткен дәуір оқиғаларына негізделгенінде ғана емес, жазылу процесінің өзгешелігінде» [133, 296–297-бб]. Жазушының жеке творчестволық зертханасын жете таныған ғалым романның шығу төркі мен жазылу ерекшеліктеріне аса ден қояды. Әрі оны эпикалық шығармалар санатына көтеріп бағалайды. Ғалымның осы пікір-тұжырымдары үзегілес әдебиетші Ә.Тәжібаевтың ой-толғанысымен үйлесімді үндестік табады. «Шығармасының күйлі де, сырлы болуын көп ойлайтын жазушы – сол шығармасының тарихи документтей мәнді болуын да ұмытпайды. Ол үшін Ғабиден өмірді суретшідей ғана емес, тарихшыдай зерттейді. Оның шығармасына алатын адамдарында өзіне бейтаныс бір пенде жоқ. Жақсы көрері де, жек көрері де автормен бір шаңырақта өскен адамдар сияқты. Ғабиден солардың көбісін жазар алдында дарияларға тоғытып, от кешіртіп, барлық сыннан өткізіп алғандай, іші мен сырттарын түгел танып болғандай сезінеді. Жазушы сондай жақсы көретін адамдарын іріктеп әкеліп шығармаларына қосқанда, оларға жауапты-жауапты жұмыстар тапсырғанда, шығармасының көркемдік және тарихи міндетінің дәрежесін де дұрыс анықтайды. Ол әрбір шығармасына алдымен герой етіп өз халқын алады да, халық пен ғасыр қозғалысын негізгі арқау етеді. Содан соң жеке адамдар өмірі мен тағдырлары арқылы жаңағы бас герой болып отырған халықтың дараланған, айқын образын жасайды. Біз шығарманың алғашқы беттерінен-ақ эпикалық планда үдере көшкен халық қимылы қайдан, қалай басталғанын көрсек, шығарманың өн бойында сол күштің қайда беттегенін, қайда жеткенін, қалай жеткенін көреміз. Бұл жағынан М.Әуезовтің «Абай жолы» ХІХ ғасырдағы қазақ халқының тарихи қимылының шежіресі десек, Ғабиден шығармалары советтік Қазақстанның тарихи қимылының шежіресі Мұстафин романдарының композициялық құрылыстары да осы тұрғыдан танылуға тиісті» [257, 290–291-бб].

Қаламгерлер де, шығатын кітаптар сапасы да әр түрлі болады. Олардың ішінде саясатқа иілгіш, жалаң ұранға құрылған үгіттік, жәдігөй әдебиет те аз емес еді. Олар өмірде болғанын бәрін де мадақтап, жылтырап көрсетуге тырысты. Ғ.Мұстафин ұлы суреткер есебінде мұндай жеңіл жолға барған жоқ. Ол – нағыз творчество адамына тән еңбектің азабын тартқан жазушы. Ол заман идеологиясының жолымен емес, шындықтың жолымен жүрді. Оның кітаптарының мәңгілік сипаты да осында. Оларда жазушы өмір сүрген дәуірдің кең жасалған, панорамалық суреті мен заман қиыншылықтарын кеше отырып, ілгері ұмтылған жаңашыл халық бар, сол халықтың ісі, қызметі, арман-тілегі бар. Егер «Көз көргеннен» бастап, «Дауылдан кейінге», «Шығанақ» пен «Миллионерге», «Қарағандыға» қарай жүрсек, олардан біз ХХ ғасырдың басынан бастап, жарты ғасырдан астам уақыт ішінде қазақ

халқы бастан кешкен күрделі де қиыншылықты өмірдің кең жасалған суреттеріне кездесеміз. Заманның қоғам дамуы алдына қойған өткір проблемалары мен оны шешу жолындағы адамның тіршілігін, қимылын көреміз. Бұлардың негізінде отаршылдық пен езгіге қарсы күресе отырып, халықтың өз билігі, азаттығы үшін күресі, рухани ізденісі, адамның қоғамдық өзгерістер легінде жаңаруы, өсуі, өшуі, т.б. мәселелер қойылады. Осы тұрғыдан алғанда, Ғ.Мұстафин романдарының проблемалық сипатын ерекше атауға болады. Ол нені, кімді суреттемесін, сол кездің, кейіпкердің тағдырын дәуірдің өзекті мәселелерімен байланыста ашады. Сол арқылы әр қилы тарихи тартыстар фонындағы адамның тіршілік жолы бейнеленеді.

Әрине, әдебиет әлеміндегі характерлер де біркелкі бола бермейді. Олардың уақытқа бой алдыратыны да, адамгершілік қылықтары, заман ағымы туралы ойлары қалады. Ғ.Мұстафин кейіпкерлері де осы тұрғыдағы биік талапқа жауап бере алады. Ол адамды заман, уақыт жағатын бояулардың түсімен емес, ісімен, адамгершілік қылықтарымен ой-толғамымен өлшейді. Осылардың бәрі кезінде Ғ.Мұстафин творчествосын жаңаны көргіш, қабылдағыш, өмірге батыл араласқан жаңашыл тың творчество есебінде әйгіледі. Жазушының «Дауылдан кейін» романында дәл осы жаңашыл шығармашылық қырын жете аңғарамыз. «Қазан төңкерісі және қазақ ауылы деген проблеманы көркемдік тәсілмен терең бейнелеген «Дауылдан кейін» романы – Ғ.Мұстафиннің ең шоқтығы биік шығармасы. Осы роман арқылы қаламгер өзінің қанық стилін, талант қуатын толық ашып таныта білді. Қазақ әдебиетінде бұрын тиіп-қашып суреттелген өмір құбылыстары шығармада терең әрі көркем бейнеленді. Романда байыптылық, реалистік салмақ бар. Таптық жіктеліс, ауыл өміріндегі қайшылықтар, қазақ шаңырағындағы өзгерістер бар. «Дауылдан кейін» романында тек қана бір әлеуметтік, кезеңдік проблема ғана емес, өмір мен өлім тартысы, адамдар тағдыры, сезім шырғалаңдары суреттеледі. Шығармада автор өзі көрген жақсы білетін орта, бастан кешкен, жүректі сыздатар оқиғалар бейнеленеді. Нақты атырап – Орталық Қазақстан көріністері, табиғат суреттері. Кейбір сыншылар бұл романда басты қаһарман жоқ, кейбір өмір фактілері бұрмаланған деген сияқты пікірлер айтты. Шындығында, кез келген шығармадан басты қаһарман іздеу дұрыс емес және бұл қиялға орын берілетін көркем роман. «Дауылдан кейін» – полифониялық, кең тынысты, алуан сарынды роман. Өз заманының рухын беретін сенімді кейіпкерлер бар» [37, 494-бб].

Алдымен атап айтарлық жәйт, романның көркі, жетістігі дерлік бірнеше типтік бейнелер жазушы шеберлігінің нәтижесінде өте сәтті болып шықты. Романның бас кейіпкері – Аман Сапаров. Шығарманың сюжеті, оқиғалары осы көркем бейненің төңірегінде тармақталып, өрбіп отырады.

Аман – діндар адамның баласы. Бірақ, сол діншіл әкесінің шырмауында қалып қоймай, жаңа өмірдің даңғылына шығуы оның әдеби тұлғасына өн беріп тұр. Б.Шалабаев бұл кейіпкерге мынадай сипаттама береді: «Наиболее рельефной фигурой среди героев романа является Аман Сапаров. Вначале –

это безобидный, скромный юноша, несколько лет проучившийся у своего отца – муллы Сапара и года два посещавший русскую школу. Он читал Абая, Майлина, Сейфуллина и других казахских писателей. До двадцатилетнего возраста самым любимым его занятием, кроме чтения книг, была охота. К происходящим в ауле общественным и политическим событиям он долгое время был равнодушен и нейтрален. Он, конечно, видел неравенство людей, но оставался в стороне от социально-бытовых конфликтов. Однако бурный поток революционной действительности вскоре захватил и Амана. Поводом послужили два случая: беседа Амантая с Жуманом Ералиным и столкновение с Шөгелом» [233, 297–298-бб].

«...Малқар болыстың шабарманы Шөгел көлік салығы деп, Аманның нағашысы Сыздықтың жақсы атын алып қояды. «Лауға басқа ат берейік» деген Аманның сөзіне Шөгелдер құлақ аспайды. Ызаға булыққан Аман Шөгелді аттан жұлып алып, Сыздықтың жүйрігін жетелеп, тайып тұрады. Кекшіл Малқар «өкіметке қарсылық көрсетті, болыстық атқару комитетінің қызметтеріне қол жұмсады» деп, Аманның үстіне арыз түсіреді. Мұнымен де қоймай, Шөгел мен Малқар өз жігіттерін үгіттеп, Аманнан өш алуға жұмсайды. Аман түрмеге жабылады. Осы бір арпалыс, шайқастар, зорлық-зомбылықтар оның үстем тап – бай, болыстарға қарсы ой, сезімін ұлғайтады. Енді ол түрлі қоғамдық оқиғаларға, ауылдағы тап күресіне еріксіз араласады. Жұмабек Ералин, Алексей Федорович Песик сияқты атақты революциягерлердің баулып, совет үкіметі үшін күреске құлшындыруы Аманға және басқа ауыл кедейлерінің балаларына ауылдық және болыстық советтерде жұмыс істеуге арнап кадрлар даярлау жөніндегі курсқа түсуге жәрдемдеседі. Аман біраз уақыт Халық комиссарлары Советінің председателі Сәкен Сейфуллиннің жанында жүріп, республиканы аралаған сапарында бірге болады. Курстарда алған білімі, Сейфуллиннің айтқан ақыл-кеңестері Аманға еліміздің қоғамдық өмірін терең түсінуіне, көзқарастың қалыптасуына көп жәрдемін тигізеді. Енді ол – Советтердің ісі, партияның идеясы үшін жан аямай күресетін сенімді қайраткер... Болыстық милицияның бастығы болып тағайындалғаннан кейін, ол ауылды советтендіру жолында байларға қарсы белсенді түрде күрес жүргізеді. Ол кедейлерге байларда кеткен есесін қайтарып береді. Қыздар мен жас әйелдерге қалың малдың қырсығынан құтылып, бас бостандығын алуға жәрдемдеседі...

Сол жылдардағы Қазақ ССР Халық Комиссары, байлардың құйыршығы Жандоспен шайқасқанда Аманның жеңіп шығуы оның тұлғасын биіктетіп тұрғаны анық. Бұл тұста шығармадан үзінді келтірудің де реті келіп-ақ тұр. Жандос Аманға:

«Міне, қазақтың бар рахаты – осы жайлау. Бұдан айырылса, малының да, өзінің де берекесі кетеді. Шырағым, сені жайлауға қарсы деседі. Ішіп отырған ағынан қағып, биыл он үйді сары масаның жеміне тастап кетіпсіз. Енді отырықшылыққа шақырып жүрген түрің бар. Қазақ қазақ болғалы көшумен келеді. Оны сасық қораға апарып қамағанмен социализм

орнамайды. Осындай ұшқалақ ойлардан сақтандыруға шақырдым» дегендегі Аманның қайырған жауабы:

«Мен жайлауға қарсы емеспін. Жайлаушылыққа қарсымын. Қараңызшы, осынау сыңсып отырған елдің ішінде ақ үйлер қадау-қадау. Қаптал көпшілігі қоңыр, орташа. Бай, тіпті орташа мал жая келсін. Ал, кедейлер соларға көз сүзуден басқа не бітіреді?... Қойын бір қағаз шайға, атын бір қапшық астыққа сатып, жайлаушыл қазақ не оңады? Ел деген атымыз бар. Елдік мұрамыз бар ма?! Бабаларымыз іс қалдырмай, сөз қалдырыпты. Оның өзі жиюсыз, шашылып жатыр. Ұшан-теңіз жерге иеміз. Оның түгін сорып, суын ғана ішеміз. Ішін ақтарып, шырынын әлі ала алмадық. Осының бәрін менен артық біле тұра, отырықшы өмірден қашқақтауыңызға қайранмын. Елін сүйген, ойы ержеткен азамат қой бастаған Серке – деп қасқая тартар кез жетті емес пе? Егер ол алға шыға алса, беталысы айқын-ақ көрініп тұр-ау!...» Оның осы сөздерінен 20-жылдардағы Аман сияқты озық ойлы, алдыңғы қатарлы қазақ азаматтарының ірі бітімі айқын көрініп тұр. Бір сөзбен түйіндесек, романдағы Аман сол, жылдардағы елімізде совет өкіметін орнықтыруға қыруар еңбек сіңірген қазақ азаматтарының жиынтық, типтік белгісі болып шыққан» [133, 299–301-бб].

Жазушының қаламынан шыққан сом тұлға – Шәкен. Ол – шынжыр балақ, шұбар төстің өзі. Аманның күресетін, алысатын жауының ең азулысы, қауіптісі де Шәкен. Ол – өте қу. Барлық іс-әрекетін, зорлық-зомбылығын, жауыздық-қанішерлігін білдірмей істеуге тырысатын, нағыз алаяқтың өзі, талайларды қан қақсатқан жылпос-жырынды. Сондықтан да онымен күрес совет өкіметі жағындағыларға оңайға түспейді. Сол замандағы баюдың, дүние жинаудың, адам еңбегін қанап, қанын сорудың өз уақытындағы жаңа биігіне шыққан да Шәкен. Сондықтан да сол кезеңдегі қазақтың артта қалған, керітартпа сасық байларынан оның бөлектеніп ерекше тұрғанын әдебиетшілер дәл сипаттап берді. «Автор қазақ байларының басым көпшілігін (Шәкеннен басқасын) адамзат көшінің артында қалған, өмірге бейімсіз бейшара, дәрменсіз, болашағы жоқ тап етіп көрсеткен. Бұл – кең толғанған пікір. Жазушы әңгіме бояуын қалындаттым деп отырған жоқ. Ниеті ақ – нағыз қаны сорғалаған шындықты ауыр-жеңілдігіне қарамай бетіне – басу» [268, 277-бб], – деген Ш.Елеуқеновтің тұжырымы өте дұрыс. Өзіне төніп келе жатқан қауіптерді біле қалып, алдын-ала, күні бұрын қам жасауға шебер де Шәкен екенін жазушы романда көрсете білген. «Сабырлы да салмақты, сырттай қарағанда ақ көңіл, айналасына адамдарды оңай үйіріп алатын Шәкен мырза «заманы түлкі боп қашса, тазы боп шалатын» нағыз сұрқия, құбылмалы адам. Ол – совет өкіметінің, кедейлердің қас жауы. Кедей табынан шықса да алдау, арбау, сатқындық, әзәзілдік, мансапқорлық, сарандық, бастарына іс түскенде дос-жолдастарына опасыздық жасау – Жақып образындағы негізгі қасиеттер» [133, 304-б]. Совет өкіметінің өзін конфескелеп, жер аударатынын біліп, бүкіл мал-мүлкін, байлығын шығындап қойып, конфескеден құтылмақ болған Шәкеннің іс-әрекетіне таң қалмасқа

болмайды. Алайда, ол өзінің басына келген зауалдан біржола қашып кете алмай тұяғын серіппей құлағаны да уақыт шындығы еді. Оның алас ұрып тоқалы Шолпанға қарсы жұмсаған пышағын, бүкіл жаңа заманға, совет өкіметіне қарсы жасаған соңғы зұлымдық, жауыздық әрекет деп білген де жөн.

Романдағы Шәкен – жазушы үлкен білгірлікпен, суреткерлік шеберлікпен сомдаған образ екені талассыз. Б.Шалабаевтың Шәкенді «Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы Игіліктің жаңа замандағы жалғасы, сол Игілікпен терезесі тең әдеби образ» [133, 304-б], деп тануы да дұрыс.

Шәкен бастаған совет өкіметінің қас дұшпандарымен күресте Аманның төңірегіне топталған жаңа қауым – Әдхам, Танқабай, Избасар, Таймас, Танакөз т.б. романда шындық шеңберінде реалистік бояулармен бейнеленген. «Аманмен бірге жалшылардың мүддесін қорғауға қатысқан мұғалім Избасардың, қиын күндерде большевиктерді үйіне жасырған диқан Ақанның образдары жақсы шыққан» [133, 303-б].

Кедейлердің арасынан суырылып шығып, Шәкен байдың сенімді серігіне айналып кеткен Қазанғап романдағы ешбір пендеге ұқсамайтын ерекше антиқаһарман. Бұл жағымсыз кейіпкерді зерттеуші, «Ғ.Мұстафин айлакер, сақ және епті Шәкен мырзаның, жылпос Жақыптың, байдың отымен кіріп, күлімен шығатын, соның малайына айналған Қазанғап сияқты басты ұнамсыз кейіпкерлердің образдарын реалистік жағынан дәл ашып көрсетеді. Бұл үш образ шынайы реалистік орындалуы, типтендіру шеберлігі жағынан үлгі етуге тұрарлық» [133, 304-б], деп жеткізеді.

«Дауылдан кейін» романындағы қазақ әйелдерінің сол кезең шеңберіндегі бейнелері – бір төбе. Әсіресе, ауылдық кеңсенің төрағасы Танакөз, КазЦИК мүшесі Күлпаш – романға көрік беріп тұрған әдеби образдар. Олардың жаңа советтік қоғам үшін жан аямай күресулері сол дәуірдегі өмір шындығына дәлме-дәл келіп тұрғаны күмән туғызбайды. Қажырлы, қайратты олар – жаңа құрылыстың алғашқы жылдарындағы белсенді қоғам қайраткерлері, тарихтың кейінгі жылдарындағы қазақ әйелдерінен шыққан тарихи тұлғалардың алғашқы қарлығаштары. «Әйелдердің ішінен Күлпаш, Танакөз, Шолпан және Ақтамақтардың образдарын атаған жөн.

Күлпаш – Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, «Әйел бостандығы» журналының редакторы, «Қызыл отау» үгіт бригадасының меңгерушісі. «Қызыл отаудың» ол кезде ауыл еңбеккерлерінің өмірінде өте зор роль атқарғанын атап өту керек. Күйеуге еріксіз берілген әйелдер, байлардың арбауына түскен жалшылар «Қызыл отауға» келіп, ақыл-кеңес және жәрдем алып тұрады. Күлпаштың бейнесі арқылы Қазақстандағы Совет өкіметінің алғашқы жылдарында жан аямай еңбек еткен, Советтердің ауыл мен қалада жүргізген барлық шараларына қатысқан, еңбекші әйелдердің

ішінде бүкіл ауыртпалықты көтерген алдыңғы қатарлы қазақ әйелдері көрсетілген.

Танакөз – ауылда өскен батыл, адуынды, еңбекқор әйел. Ол қоғамдық өмірге белсене араласып, еңбек адамдарының талап-тілегіне үнемі құлақ асып тұрады. Советтерге байлардың итаршыларын өткізбес үшін Танакөз сайлау алдындағы науқанға бел шеше кіреседі, өз кандидатурасын ұсынуға келісім беріп, ауылдық Советтің председателі болып сайланады.

Шолпан – еріксіз малға сатылып, кәрі байға күйеуге берілген қазақ қызының қайғылы образы. Ол Аманды жақсы көріп, оның жұлдызының жанғанына қуанады, бірақ күйеуінен қол үзіп кете алмайды. Тек соңғы минутта ғана Шәкенмен бірге жер аударуға барудан бас тартып, соның қолынан қаза табады» [133, 302–303-бб].

Тәңірдің алқауымен ырзық болып бұйырған өнер атаулының кез келгенінен ләззатын сезу, мехнаты мол, хикметін арқалау бір рухани олжа іспетті. Әлімсақтан адамзат баласы руханият айдынының алуан ажарлы да базарлы алтын тіні – өнердің сан қырлы табиғатын, ықылым тылсым сырларын жете тануға ыждаһатпен талпынып, ынтазарлықпен өз ізденісінде төтелей темірқазық ету арқылы игілікке, ізгілік пен жасампаздыққа ұмтылатыны аян. Ендеше адам болмысының рухани тегеріші өнер атты қасиетті ұғымның тілдің ұшынан, жүректің тұсына көшкенде ғана өзінің шын мағынасына ие болып, парасат-пайым мен іс-әрекетке бастайды. Өресі заңғар өнер құдыреттің кемел бітімді бір пұшпағы – ән өнері, қазақ халқы үшін пәк сезім мен тұнық ойдың бірлігінен, оған қоса жан сұлулығынан туындаған аса қастерлі өнер. Адам мен табиғат егіз десек, сол табиғат сұлулығын тереңдей ұғып, оны басқаларға сезімді қозғар, өз бойындағы ерекше өнерімен сезінген, түйсінгенін әсем һәм дәмді сөзбен жеткізе білген өнерпаздар абыз дала, қобыз дала Сарыарқаның ақселеулі желкілдеген киелі топырағында мейілінше мол. Олардың қатарында сабасы сарқылмайтын ұлы сазгер, сал-серілер – «он екі взвод» дауыспен созған Біржан сал, көктегі аққуға әнін қосқан Ақан сері, Үкілі Ыбырай, бір өзі бүтін өнер иесі – театрға барабар Балуан Шолақтардың синкретті өнердің қазақ даласында өріс ашып, өркен жаюына өлшеусіз үлес қосқан осынау алыптардың қатарында Әсет пен Жарылғапберді, Ғазиз бен Естай, Жаяу Мұса мен Иса, Шашубай мен Қосымжан мұраларының әрқайсысы бір-бір ән мектебіне азық та қазық болары қаншалықты ақиқат болса, осынау көш керуеннің бұйда ұстар өкілдерінің Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында көрініс табуы да заңды. Жазушының құлаш-құлаш үзінділерден өнер иелерінің образдарын жете таныған зерттеуші: «Қазақ халқы, ән десе ішкен асын жерге қоятын, домбыра, қобызға келгенде ешкімге дес бермеген ежелден бергі тарихтан аса дарынды, өнерлі халық. Жазушы осы бір бұлтартпас өмір шындығын мұқият есте тұтқаны романның әр тұстарынан анық байқалып отырады. Қымызшы әйел Ақтамақтың үйіндегі Арқаның атақты әншілері Ғазиздің, Сәтмағамбеттің аспандата, құйқылжыта шырқаған әндерін, яки Күлпаш

бастаған қызыл отаудың төрінде отырып әйгілі өнерпаздар Қалибек Қуанышбаев пен Шашубай Қошқарбаевтың көрсеткен ғажайып өнерін майын тамыза суреттеген тұстар романның келісті де көркем шыққан жарқын эпизодтары» [133, 304-б].

Ғ.Мұстафин – асқан суреткер қаламгер. Оның осы озат суреткерлігіне шығармадан бірнеше мысалдар келтіру қиын емес. Романдағы қазақ даласының табиғат суреттерін, әсем пейзаждарды берудегі жазушының шеберлігінде мін жоқ. Мәселен, деп бастайды Б.Шалабаев: «Қыс, күз, көктем кезіндегі табиғат суреттерін жазушы кейіпкерлердің көңіл күйімен тығыз бірлікте бейнелеуі орынды. Сондай-ақ, көркем шығарманың басты көркемдік компоненті – адам портреті болса, романда әр алуан кейіпкерлердің өздеріне лайық шебер қолдан мүсінделген адам портреттері бар. Бұл пікірімізге: «Мұрынды, ұзын кірпікті бетін түк басқан, өңі суық сары кісі. Бас, бет бітімі тіпті мол. Көзі көкпеңбек» [269, 27-б], – деп берілген Аманның әкесі Сапардың, «Орта бойлы, қамытаяқ, ақ шұбар жігіт екен. Сақал-мұртын қырып тастапты, жасы отыз бес, қырық арасында болар. Сырт киімін шешіп барып отырды. Белінде ноган. Бірақ өңі жылы, имандығы сыпайы көрінеді. Өзін еркін ұстап, үлкен көзімен өте байыпты қарайды», – деп берілген Жұмабек Ералиннің, «Бурыл тартқан тығыз қаба сақалын тұжыра қырқып, дәл иектің үстіне ғана қалдырыпты. Қысқа, жуан мойнын, салыңқы тығыз бұғағын ұстарамен тақырласа да кеңірдегіне дейін қарауытып көрінеді. Орта бойлы, текше, жуантық, жүріс-тұрысы шапшаң кісі» [269, 10-б], – деп берілген Шәкеннің портреттері мысал бола алады» [133, 301–302-бб].

Ғ.Мұстафиннің тілі бай, шешен екеніне «Дауылдан кейін» романы толық дәлел. Аз сөзбен көп мағына берерлік ғибратты шешен тіркестері, өзіндік тіл шеберлігін айқындай түседі. Талғампаз суреткердің сөз өнері, ой көріктілігі романда дүркін рет сұрыпталған сөздері сезім сыршылдығын аңғартады. Романда орын алған автордың жүрек жарды пікірлерінен рухани тазалықты, турашыл да әділ ой ұшқынын көреміз. Осы пікірімізді әдебиетшінің мына бір жолдары дәлелдей түседі: «...халықтың мақал-мәтелдерін автор рет-ретімен орынды жиі қолданады. Романдағы жазушының өз сөздері де афоризмге айналып тұр. Атап айтқанда, «Алтын көрсе, періште де, ашу қысса, ақылды да жолдан шығады», «Қараңғы көңіл жарық күнде де адастырады», «Құмарлықтың бәрі ғашықтық емес», «Жеңілген жауға – қатын ер», «Малқұмар қазақ әнкұмар», «Асыққан жетпейді, бұйырған кетпейді», «Жақсы әділсіз сөз шырағы жана ма», «Туған жердің топырағы жай жердің торқасынан жұмсағырақ», т.б. сияқты романдағы қанатты сөздер қазақ сөз өнерінің асыл қорына айналары күмәнсіз» [133, 304-б], – дей келе, романның өн бойында түйдек-түйдегімен ұшырасатын жазушы ой қазыналарының түпнұсқасының қарпін емес, автор ойының рухын жеткізуде аудармашы-тәржімашылардың тарапынан ағат кеткен тұстарына мін тағады: «...язык романа «После бури» богат пословицами, поговорками, ярко расцвечивающими и диалоги, и описания, и

внутренние монологи – афоризмы: «Дождем земля зеленеет, благословением юнец зреет», «Если птица счастья сядет тебе на голову, если камень, кинутый тобой, будет катиться на гору, если радость, подобно половодью, будет распиравать грудь твою – не теряй меры и достоинства и не зазнавайся». Но некоторые идиомы и иносказания не сопровождаются разъяснением, поэтому для русского читателя остаются малопонятными. В отдельных случаях поговорки и пословицы использованы без достаточного творческого переосмысления, например: «Твой воротник был для меня жайляу, а темя – зимовка». Не всегда удается переводчикам передать точный смысл народных и авторских речений, в результате на русском языке появляются невыразительные фразы» [233, 303-б], – деп тілдің барша байлығын сапырып, асылын ақтарып жекелеген идиомдар мен тұрақты сөз тіркестерінің орыс тіліндегі аудармасына сарқа жұмсауды үндейді.

Идеялық мазмұны терең, көркемдік қуаты мол «Дауылдан кейін» өз тұсындағы қазақ романының озық үлгісі. Сол жылдардағы романдардың маңдай алдысы екені анық. Ғ.Мұстафин позициясы заманға, қоғамға, халыққа, сенімге негізделді. Бүгін оның ақталғаны бар, ақталмағаны да аз емес. Алайда жазушы туындыларында болашаққа деген адам арманы мен үкілі үміті әрқашан алда тұрады. Олар осынысымен бағалы.

Ғ.Мұстафин шығармаларының әрқайсысына жеке-жеке тоқталып ондағы сюжет және характер мәселелеріне ерекше ден қойған зерттеуші өз ойын былайша қорытындылайды: «Ғ.Мұстафин шығармалары өзінің проблемалары жағынан Совет елінің өміріндегі маңызды кезеңдерді бейнелейді. Сол шығармалары аоқылы Ғ.Мұстафин қазақ прозасын өмір шындығына сай нанымды характермен байытты. Шығанақ Берсиев, Жомарт Нұрманов, Жақып, Мейрам Омаров, Аман Сапаров, Жұмабек Ералиндердің қай-қайсысы болмасын, бәрі де дараланған, сонымен бірге типтенген образдар, олардың бойында өздері шыққан қоғамдық топтарға тән мінез-құлық, көзқарастардың сан алуан жақтары топтастырылған» [199, 94-б], – деген пікірі оның өзі қарастырып отырған мәселенің қайсы бір тұстарын да қағыс қалдырмай, дәлелді түрде әділ бағалауға талпынатынын айғақтары хақ.

Қазақ әдебиетінде социалистік реализм сынды әдістің болғаны, қазақ прозасы да ресми идеология тудырған осы қалыпқа салынғаны, соған орай идеялық тұрғысы бірінғай шығармалардың шоғыры қалыптасқаны шындық. Бірақ ол процестер қалай жүрді, социалистік реализм ұстанымдары әдебиеттің имманентті заңдылықтарымен қаншалықты қабыса алды, шығарманың поэтикалық құрылымына қай тұрғыдан әсер етті, дейтін сауалдарға теориялық түсініктер беру мәселесі әлі де болса ашық күйінде қалып отыр. Социалистік реализм әдебиеттегі плюрализмге жол ашпағаны, оның сыңаржақ принциптері шығармашылық еркін ізденістерге қатаң шек қойғаны, жалаң үгіт-насихаттың жетегінде шамадан тыс саясаттануға апарғанын қаперде ұстай отырып, оның тарихи-теориялық негіздерін жаңа көзқарастар тұрғысынан саралау қажет.

Қазақ әдебиетіне социалистік реализм әдісі дендей енгізілген 40–50-жылдары М.Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романдары, С.Мұқановтың «Өмір мектебі», «Сырдария», Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ», «Қарағанды», «Жаппархан», Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ батыры» («Қазақ солдаты»), «Оянған өлке», Ғ.Слановтың «Дөң асқан», «Жанар тау», Х.Есенжановтың «Ақ жайық», З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин», «Теміртау», Ә.Әбішевтің «Жас түлектер», «Саржан», С.Бегалиннің «Қыран кегі», Ә.Нұрпейісовтің «Күткен күн», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» т.б. романдары мен повестері дүниеге келді. Социалистік реализмді насихаттау күшейген тұста аталмыш кезең шығармалары әдебиеттің таптығы, партиялығы мен халықтығы принциптерінен тыс тұра алған жоқ.

1942 жылы «Абай» романының, кейін «Абай жолының» қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болып көрмеген құбылыс ретінде жарқ етіп шығуы көркем шығарманы социалистік реализм желеуімен қасаң идеологиялық талаптар тұрғысынан зерделеп келген сыншыларды абдыратып тастады. Содан барып, эпопеяның ғылыми сараланудағы, ұлттық әдебиеттің ең ірі табысы ретінде танылуындағы шырғаланды жолы басталды.

Романға тағылған саяси тұрғыдағы айыптар, сыңарезу тұжырымдар эпопеяның шығармашылық тарихына байланысты әдебиеттерде айтылып, өз бағасын алды. Ол тартыстар мен даулардың төркіні шығармадағы социализмнің мұраттары мен жетістігінің қаншалықты орын алғандығында болғаны белгілі. Дегенмен де, қазақ әдебиетінің ең асқаралы биігі болып тұрған бұл туынды социалистік реализмнен мүлде сырт тұра алған жоқ. Социалистік реализмді қалқан еткен ресми идеология шеңгелі жазушының әуелгі шығармашылық ойларын жүзеге асыртпады. «Сол себепті сапты аяққа ас құйып, сабына өз жанынан қарауыл қойды, ол қарауылы «ішкі редактор» қызметін атқарып, жазып тастайын деп ұмтылған талай дүниесін кейінге қалдыра берді. Романда айтқысы келген бір талай жайлар ашылмай жайына қалды» [270, 233-б]. Ақырында социалистік реализмнің ең принципті талаптарының бірі – әдебиеттің таптығынан айналып өткен жоқ. Бұл мәселені суреткер Абай маңындағы ілгерішіл ұмтылыстағы жастар мен Құнанбай, құнанбайшылар арасындағы тартыс арқылы бейнеледі. Құнанбайды далалық үстем тап өкілінің типтік өкілі ретінде суреттей отырып, оны Дәркембай, Базаралы бастаған халық өкілдеріне қарсы салды. Ал Бөжей, Байсал, Қаратай, Байдалы тәрізді азулылардың өз ортасында болған қайшылық-таластарды сол үстем таптың әлеуметтік тұрғыдағы сипаты ретінде, іштей ірудің қайтымсыз үрдісі түрінде бедерледі. Әрине дала көкжалдары социалистік реализмнің байырғы соқпағындай біржола тұқыртылып, ұнамсыз тұлғаның үйреншікті схемасына салынған жоқ. Ескі мен жаңаның әлеуметтік арпалысы үстіндегі «ескішілдердің» тұлғасы күрделі рухани-психологиялық құбылыс ретінде суреттелді.

Эпопеяға дейінгі прозалық мұраларымызда ұнамсыз жоспарда алынған бейнені типтендіру үлгілері болғанымен, жетесіне жеткізе даралау, оқшау

қасиеттерін әлеуметтік-психологиялық астарлармен ұсыну, кесек характермен, градациялық амалмен беру жоқ-ты. Талант қарымы еріктен тыс таңылған шектеулерден де осындай саңылау тауып, реалды оқиғалардан, өмір шындығынан тым шығандап кетпейтін реалистік шеберлігін мойындатып отырды. Көркем шығармадағы Құнанбайдың таққан әйгілі үш міні мен Абай жауабының эмоционалдық және интеллектілік қуаты да бірі-бірінікінің салмағын арттырмайтын бара-бар деңгейде ұсынылады. Құнанбайды даралау талаптары туындының сан алуан эпизодтарында айғақталып отырады. Тұрпайы саясаттың «сайыпқыран» сыншылары романның идеялық бағытын үнемі қырына алып отыруы себепті жазушыға дәуірдің өктем талаптарын лажсыз ескеруге тура келді. Абайдың жаңашыл жастармен үнемі пікірлес болып, Дәркембай сынды халықшылдар ортасына мүлде ойысуымен, орыс мәдениетінің, орыс прогресшіл ойының өкілі – Михайловпен рухани мүдделестік танытумен қатар, енді Сейіт сияқты жұмысшылар өкілімен, дін шырмауынан арылып, жаңа өмірге бет алған Сармолда, төңкерісшілдердің алғашқы буынының өкілі – Ф.Павловпен достық қарым-қатынастарды бейнелейтін сюжеттік желілер – соның айғақтары. Шығармада орын алған Павловпен болатын ұзақ диалогта Абайды болашақ өмірдің болашақтағы жарқын бейнесіне ұмтылдыру бар.

Сыңаржақ сын мен дөкір талаптың көзін шығарманың басқа да терең жұлгелерінен тайдырып әкету үшін суреткер жаңа мен ескінің тартысын әке мен бала тартысына әкеп тірейді. Ол Абайдың рухани дүниесінің байлығын ашу арқылы ұлттық өмірдің қайталанбас шежіресін жасаудағы ең негізгі мақсаты үшін керек еді. Оны романның орталық кейіпкері туралы айтқан өз сөздерінде де меңзеп өткен болатын. Бұл жерде ең бастысы – коммунистік идеал мен социалистік өмір шындығын талап еткен әдістің догмалық талаптарына бой алдырмай, құрсаулы тығырықтан жол тауып кетушілік, ұлы қаламгердің эстетикалық концепциясының сырттан таңылған шарттарға түгелдей тәуелденбеуінде.

Алайда социалистік реализм арнасында туып, өз дәуірінің дүбірлі оқиғаларын төңкерісшілдік рухта бейнелей отырып, жаңа қоғамның қаһармандарын жасау талабынан өрістеген С.Мұқановтың «Сырдария», «Өмір мектебі», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Қазақ солдаты», Ғ.Мұстафиннің «Миллионер», «Қарағанды» т.б. іргелі дүниелер қазақ прозасының дамуындағы ірі белестер болып қала бермекші. Бұл туындыларда қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларындағы қайнаған еңбектің үстінде шынығып-жетілген қаһармандарды жасау арқылы адам санасындағы жаңалықтарды таныту көзделді. Социалистік өмірді орнатуға белсене араласып жүрген, ерлік үстіндегі адамдарды суреттеу арқылы ұнамды образдың бірнеше типтері жасалды. Дәуір ерекшелігі оны суреттейтін әдебиеттің көркемдік әдісіне тікелей әсер ететіні заңдылық. Ал сөз болып отырған шығармалардың туған дәуірі қоғамдық еңбекті ұйымдастыру түрлері түбегейлі өзгеріп, ірі өндіріс орындарының ашылып, алып құрылыстар

басталған, оған ұлт өкілдерінің жаппай тартылып жатқан кезеңі болды. Қырдағы тұрмыстың ауанымен жүрген байырғы ата кәсіп иелерінің жаңа индустриялы еңбекке бейімделуі, өндірістен кәсіп табуы тәрізді тақырыптардың мол қаузалғаны да сондықтан.

Зерттеуші Ш.Елеуенов Кеңес жазушыларының Бүкілодақтық бірінші съезінде қабылданған Уставтағы «Суреткерден болмысты революциялық даму қалпында, шыншылдықпен, тарихи нақтылықпен суреттеуін талап етеді, болмысты суреттеудің шыншылдығы мен тарихи нақтылығы еңбекшілерді идеялық жөнінен қайта өзгертіп, социализм рухында тәрбиелеумен қиысып, жарасым табуы қажет» деген қағидасына орай «Социалистік реализм әдісінің совет көркем әдебиеті мен әдеби сыны өмірді революциялық даму барысында шыншылдықпен, нақтылы даму тұрғысынан бейнелеуі тиіс деген жеріне қанша шұқшисаң да мін табу қиын. Мұны қатаң семген догмаға ұрындыратындай немесе көркем туындының «аяғын» қия бастырмай, матап тастайтындай пәлендей кінарат ұшыраспайды» [270, 221-б], – дейді. Сол тәрізді жаңа саяси-әкімшілік жүйеге сай өмір құбылыстарының шұғыл өзгеруін сол тарихи мерзім шеңберінде суреттеген жазушылардың көркемдік жетістіктерін жоққа шығаруға мүлдем болмайды. «Сырдариядағы» Сырбай, Айбарша, «Миллионердегі» Жомарт, «Қарағандыдағы» Мейрам, «Оянған өлкедегі» Бұланбай, Байжан, «Толқында туғандардағы» Арман, Дауыл т.б. өмір шындығына сәйкес бедерленген, өзіндік өсу жолдары шынайы бейнеленген кейіпкерлер. Мысалы, Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романында алып кен орнының қалыптасу-өркендеу фоннда қазақтардың жаңа кәсіпті игеру жолдары, жұмысшылар қауымының қалыптасуы, олардың техника тетіктерін меңгеріп, кәсіби жаңа сапаға көшуін баяндайды. Романның негізгі кейіпкері Мейрамның кен жұмысын ұйымдастырудағы алғырлығы мен табандылығын суреттеу арқылы жаңашыл адамның тұрпатын, социалистік реализм шеңберіндегі ұнамды қаһарманның образын жасайды. Әдістің негізгі ұстанымдарының бірі – әдебиеттің халықтығы да мықтап ескеріледі. Мейрамның жаңашыл бастамаларына үнемі қолдау білдіретін халық өкілдері – Ермек, Жұманияз, Бәйтен, Жанабіл сынды образдардың моральдық-адамгершілік сапалары да жазушының оптимистік ыңғайына сәйкес шынайы көрсетілген. Сол шақтағы көркем туындылардың барлығында дерлік үлкен бір арна құрайтын халықтар достығы мәселесіне Щербаков, Козлов, Гительман бейнелері арқылы шешімін табады. «Қарағанды» романына бүгінгі күннің талаптарымен қараған «40–50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті» атты монографиялық еңбекте «Бұрынғы көшпелі ел адамдарының өндірісті еңбекке деген ықыласын терең ашып суреттеу арқылы жазушы Ғ.Мұстафин бүкіл қазақ даласының сипаты өзгергенін, оның адамдарының жаңарғанын аңғартады, сонымен бірге, еңбектің өзгерткіш күш-қуатын көрсетеді. Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романы соғыстан кейінгі қазақ прозасына осындай жаңалық әкелген шығарма» деген бағаны әділ берілген деп табамыз [271, 87-б].

Мұндай мысалды Қазақстанда өндіріс орнының туа бастаған кезеңіндегі қазақ өмірін арқау еткен Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романынан да кездестіреміз. Романда адал, аңғал, әрі батырлық, күрескерлік мінездерімен көзге түсетін Байжан, Бұланбай, өздерінің әрқилы тағдырымен бейнеленетін қарапайым еңбек адамдары – Байшегір, Алшағыр, Жабай, Сейіт, Баянды, жұмыскерлердің күрескерлік рухына дем берушілер ретінде сомдалатын басқа ұлт өкілдері – Елизавета Сергеевна, Андрей Быков, Михайло Неволья, Шило қария сынды кейіпкерлердің ұнамды тұлғалары қаламгер идеясын жүзеге асыратын бейнелер. Атап өтерлігі, жазушының ұнамсыз жоспарда алынатын бейнелердің де күрделі рухани-психологиялық болмысына аса ыждаһатты мән берушілігі. Қаламгер үшін Рязанов, Ушаков, Сикорский, Жұман, Игілік байлар өнегелі істерді алға бастырмайтын, таптық қанаушылықтың айғақтары ғана емес, ең біріншіден – көркем образдар. Олардың арамза пиғылы мен обыр құлқындарын бейнелеуде жазушы ашық мінездеу үлгілеріне барады.

Орыс капиталистерінің зымияндығы мен жыртқыштық характерлерін жасауға суреткердің айрықша мән беруі талай уақыт жүзеге асырылып келе жатқан отарлық саясаттың асқынуын, шегіне жетуін аңғартушылық деп қабылдаған дұрыс. Бұл идеяның мейлінше ашық ұсынылуы мүмкін болмайтынын түсінген қаламгер, оларға қарама-қарсы орыс өкілдерінің Елизавета Сергеевна, Андрей Быков тәрізді антипод-кейіпкерлерді бейнеледі. Ғ.Мүсірепов «Оянған өлке» романында жұмысшылар өмірінің ауыр тұрмысын, бейшара тіршілігін суреттей отырып, қанаушыларға қарсы көтерілуге бет алған езілушілердің санасындағы өзгеріс белгілерін, өмірді өз қолдарымен жаңғыртуға бел буғандардың да бейнелерін көркем жинақтап, нанымды түрде кестеледі. Шығармадағы Назыкеш, Күңше, Көпейлердің тағдыр шырғалаңдарынан туған трагизм де көркем образдардың ішкі өзгерістеріне сай әсерлі суреттермен ұсынылды.

Социалистік шаруашылықты нығайту, капиталистік көріністерге соққы беру, кеңестік шаруашылықты ұйымдастырудың жетістіктері, халықтар достығы идеялары, жаңа қоғам адамының қаһармандық істері М.Әуезовтің «Өскен өркен», Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты», Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», «Дауылдан кейін», Ә.Әбішевтің «Жас түлектер», Ғ.Слановтың «Арман ағысы», «Жанар тау», Ә.Нұрпейісовтің «Курляндия» («Күткен күн»), Ә.Сәрсенбаевтің «Толқында туғандар», З.Шашкиннің «Теміртау», «Сенім», С.Шаймерденовтің «Болашаққа жол», З.Қабдоловтың «Өмір ұшқыны», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» т.б. роман, повестердің идеялық арқауы болып табылады. Бұл шығармалар социалистік реализм шеңберінде жазыла отырса да өмір шындығынан тым алыстап кетпей, ол шындықтарды көркем шындыққа айналдыруда ірі табыстарға жете алды. Аталған шығармалар дәуір талап еткен тақырыптар мен идеяларды өзек қыла отырғанымен, жазушылардың өзіндік дара стиліне сәйкес бейнелеу тәсілдерінің алуандығымен, нені жазса да кейіпкердің ішкі дүниесінің терең

қалтарыстарына бойлау сипаттарымен ерекшеленді. Бұл орайда төңкеріс дүрбелеңінің қарсаңындағы, кеңестік өкіметтің алғаш орнай бастаған тарихи кезеңіндегі адамдар тағдырын, олардың санасындағы өзгерістер мен қарама-қайшылықтарды эпикалық тыныста бейнелей алған З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романы, Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогияларында күрескер адамның табиғи характерлері жасалды. Бұл туындылар ұлттық прозадағы тарихи дәуір ерекшелігін кең тыныста алып қараудың жаңа межелерін белгіледі.

«Қан мен тер» трилогиясында социалистік реализм әдісінің қабырғалы принциптері негізге алынса да қоғам мен адам мәселесінде едәуір жаңашылдықтар бар еді. Қаламгер романды әлеуметтік-психологиялық арнаға лайықтай отырып кейіпкердің рухани дүниесіндегі, қоғамдық санасындағы күрделі қарама-қайшылықтарды бейнелейді. Еламанның әлеуметтік белсенділігі, күрескерлік тұлғасы даяр схемаға салынбай оның ішкі тартыстары негізінде суреттеледі. Жазушы социалистік реализм шарттарын халық ортасынан шыққан өкіл – Қален, комиссар Дьяков сияқты кейіпкерлердің ой-толғамдары мен іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыруды ойлап, Еламанды рухани-психологиялық тұрғыда мүсіндеп шығуды діттейді. Еламанның өмір өзгерістеріне, кедейлердің теңдік алуына белсене араласа жүріп, ол жүйенің болашағына құлай сенгеннен гөрі, екіұдай күйге түсуін көрсететін соңғы ойы шығарманың идеялық бітіміндегі ең шешуші тұстарының бірі.

1960-жылдары қазақ прозасында І.Есеберлиннің «Қатерлі өткеліндегі» Бүркіт, А.Нұрмановтың «Құланның ажалындағы» Құланың сынды қоғамнан өздерінің орнын таппай, рухани дағдарысқа түскен, тұйыққа тірелген, әлеуметтік ортаға деген басқа көзқарастағы кейіпкерлердің дүниеге келуі «жылымық» кезеңнің жемістері еді. Бүркіттің өзі өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың талаптарын түсіне алмауы, күнбе-күн ұрандатып жатқан болашақтың жарқын екеніне сенімсіздік танытуы, сөйтіп шығармашылық тұрғыдан да тоқыруға түсуі сияқты психологиялық процестер жаңа тұрпаттағы бейненің қалыптаса бастағанының айғағы болды. Ақан Нұрмановтың романындағы Құланың да жаңа өмірді құру жолындағы басын бәйгеге тігіп күресетін жан. Алайда оның «жаңа адам» болып қалыптасуы аяғына жеткізілмей, дағдарысқа бой алдырған трагедиясына мән берілуі жазушылардың социалистік реализм аясынан шығып, жаңа көркемдік өрістер іздей бастағанымен байланысты.

«Жылымық» жылдар әкелген жаңашыл көзқарастар социалистік реализм әдісінің теориялық негіздерін шайқалта бастады. Мұндай процестің басталып кетуі «социалистік реализм» ұғымын кеңейту, сол арқылы әдістің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашу талаптарынан басталып кетті. Социалистік реализмнің географиялық бір шегі болып табылатын Шығыс Еуропа елдеріндегі аталмыш әдіске шабуылдардың 50-жылдары күрт артуы, басқа да шет елдік әдебиеттанушылар мен сыншыларының соцреализмді

«тоталитарлық» және «ревизионистік» тенденциялардың басын біріктірген авангард ретінде үнемі сынға алып отыруы бұл үрдісті тек жылдамдатып жіберді. 1959 жылы социалистік реализм мәселесіне арналған Бүкілодақтық жиында И.И.Анисимов әдістің эстетикалық концепциясында басқа да әдеби құбылыстарға деген «үлкен икемділігі» және «ауқымдылығы» болуға тиіс екенін айтса («Вопросы литературы», 1959, №6. 90-б), 1969 жылы өткен «Социалистік реализмнің көкейкесті мәселері» атты конференцияда Д.Марков «социалистік реализм формаларының ашық жүйесі» тұжырымдамасын ұсынды. Бұл социалистік реализмнің догмалық постулаттарынынан алшақтауға үлкен серпін берді. Ал А.Овчаренко өзінің «Социалистік реализм және қазіргі әдеби процесс» (1968) деген еңбегінде «Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы кейбір жазушылар коммунистік мазмұнды реалистік, романтикалық тәсілмен ғана емес, тіпті, символизм, экспрессионизм, неоклассицизм машығымен суреттеуге талпынғандығын» айтуы соцреализмді басқа да әдеби құбылыстармен қатар, аралас қарастыруға мүмкіндік жасады [272, 104-б]. Кеңес тұсындағы социалистік реализм бойынша өрістеген пікірталас 80-жылдардың аяғында қорытындыланды. («Лит.газета», 1988, 13.IY, 25.Y, 20.YI, 1.IX.). Бұл уақытта әуелгі Уставта белгіленген қағидалар маңызын жоғалтып, абыройынан айырылып, социалистік реализм әдебиеттің «саясылығы», «казармалығы», «догмалығы», «лениншілдігі мен сталиншілдігі» ұғымдармен ассоциацияланатын болды.

Қазақ әдебиеті де авторитаризм мен тоталитаризм сеңінің көбесі сөгіле бастаған тарихи ахуалды сезінбей қалған жоқ. Ұлттық прозаның социалистік реализм қалыбынан шыға бастауы адамдар санасының өзгеріске түскен тарихи-саяси, әлеуметтік-психологиялық жағдайға байланысты болатұғын. 60–70-жылдардағы қазақ жазушылары көркем шығармашылықтың өмір ақиқатына деген классикалық қарым-қатынасын қалпына келтіруде өз дәуірінің жауыр бола бастаған дәстүрлі тақырыптарынан бас тарта бастап, тарихи шығарма жазуға ойыса бастады. Тарихқа деген біржақты көзқарастардың тоңы жіби бастауы қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа деген сұраныстың күрт өсуіне әкелді. Бір жағынан, тарихи тақырыпқа бару әдебиетке деген саяси талаптардың, мүлде саясиланып кеткен соцреализм шекарасын бұзып өтуге ең ыңғайлы жол болды. І.Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда», М.Мағауиннің «Аласапыран», Ә.Кекілбаевтің «Үркер», «Елең-алаң», С.Сматаевтің «Елім-ай», Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш», Д.Досжановтың «Жібек жолы» т.б. шығармалары халық тарихының қойнауларына дендей отырып қазақ прозасының классикалық реализм үрдістерімен қайта қауышуына әкелді. Мұндай сипаттағы туындылар тарихи оқиғаларды әдеби шығармашылық арқылы тірілтуімен қатар, әдебиеттің ең негізгі нысаны – адамның күрделі болмысын бейнелеуді, қандай құбылысты бейнелесе де адамның қилы тағдырымен қабыстыру мұраттары көзделді. Әрине 60-жылдардағы

жазушылардың идеялық-эстетикалық ой-пікірінің абсолютті еркін болмағаны І.Есенберлин, М.Мағауин романдарының қиын шығармашылық тағдырынан, Ә.Кекілбаев романдарының орыс-қазақ қатынастарына тарихи мүдделестік тұрғысынан келетін идеялық арқауынан да көрінеді. Алайда ендігі жердегі қазақ әдебиетіндегі таза көркемдік мұраттарды көздеген жаңаша үрдісі өзінің қайтымсыздығын байқатты.

Социалистік реализмнің қасаң қағидаларынан ұзақ уақыт арылмаған «өндірістік проза» болды. Жоғарыда біз атап өткен Қазақстандағы индустрияландыру науқанына орай жазылған шығармаларда қазақ ортасында жұмысшылар табының қалыптасуы суреттесе, алпысыншы жылдары туған З.Шашкиннің «Теміртау», З.Қабдоловтың «Ұшқын», І.Есенберлиннің «Аманат», «Маңғыстау майданы», «Алтын құс», Ш.Мұртазаның «Қара маржан», Қ.Исабаевтің «Өрде», «Арна», М.Сәрсекеевтің «Көмбе», «Жаңғырық», Р.Сейсенбаевтің «Өмір сүргің келсе», Ө.Ахметовтің «Конвертор» т.б. шығармалардың біразында дәуір лебіне сәйкес технологиялық табыстар, шаруашылық-экономикалық жетістіктер паш етілді. І.Есенберлин, З.Қабдоловтардың романдарындағыдай заманауи өзгерістердің символы болған алып өндіріс тынысын адамның адагершілік-психологиялық табиғатымен ұштастыра бейнелеу өрнектері мол ұшыраса бермеді. Бұл кеңес әдебиетінде барынша насихатталған «социалистік алып құрылысты» бейнелеген Б.Горбатовтың «Донбасс», В.Поповтың «Сталь и шлак», Г.Николаеваның «Битва в пути», Б.Кербабаевтың «Набит-Даг» тәрізді туындыларының ықпалы болмай қалған жоқ. Мұндайлық мысалдарды тың игеру тақырыбына жазылған прозалық шығармалардан да көптеп кездестіреміз.

Бұл әдіс негізінде социализмнің мұраттарын арқау қыла отырып, дәуір жаңалықтарын адам санасындағы өзгерістерге сай шынайы бейнелей алған, көркемдік-эстетикалық биік талаптардың үдесінен шыға алған шығармалар да, керісінше ресми идеологияның жалаң үгітшісі деңгейінде қалған туындылар да болғанын есте ұстау қажет.

Сыншы қаламгерлер шығармашылығынан бүкіл әдеби процеске тән әдеби-эстетикалық тұжырымдар жасауға, олардың танымдық ізденістерін әр қырынан аша отырып, әдеби дәстүрлермен үндестіктерін табуға міндетті.

«Сынның міндеті тек кемшіліктерді таңбалау емес, белгілі бір туындыдан немесе бағыттан, үндес қаламгерлер шығармашылығындағы мазмұндық табысты бастамалар мен жанрлық, стильдік тың ізденіс дәрежелерін даралық күйінде алмай, әлемдік ауқымдағы көркемдік даму процесімен сабақтастықта қарастырып, әлеуметтік-эстетикалық ой безбенінде салмақтауда жатыр», – деп жазады ғалым Б.Майтанов. Олай болса, осынау басты міндет үдесінен толық мәнінде шыға отырып, Белгібай Шалабаев өзінің әдеби-сын жанрындағы табиғи болмысын, қабілетін, дарынын, білімін, ізденістерін, шынайы эстетикалық талғамын айқын көрсете алды.

Қалай болғанда да, Б.Шалабаев қаламынан туған ғылыми-сын мақалалар мен ғылыми зерттеулері ғалымның болашақ іргелі еңбектеріне бастаған сәтті баспалдақтар болғаны анық. Осы орайда аталмыш еңбектерге тән негізгі сипаттарға үңіліп көрер болсақ, төмендегідей жағдайларды тани аламыз:

– кеңестік дәуірдегі коммунистік идеология үстемдік еткен кезеңге тұтас келгендіктен де, жекелеген мақалалары мен зерттеулерінде сол жылдардағы қоғамдық санада үстем болған «кеңестік шындық» талаптарының салқыны аңдалғанымен, Б.Шалабаевтың сыншылық болмысына тән негізгі сипаттар ретінде сыни пікірлеріндегі жан-жақтылық, айқындық пен дәлелділік, теориялық тұрғыдан біліктілік, әдеби туындыны көркемдік тұтастық ретінде қарастыру, жеке тұлға мен әдеби-қоғамдық ортаның бір-біріне әсер-ықпалы объективті түсінік сияқты мәселелерді атауға болады;

– ғалымның жекелеген қаламгерлердің шығармашылық өмірі мен шығармаларын талдап-тануға, олардың әдеби үрдістері орнын анықтауға бағытталған зерттеулері дерек көздерінің молдығы, ізденіс өрісінің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Бұл еңбектерінде сыншы-ғалым жеке қаламгердің шығармаларын қоғамдық, әлеуметтік, саяси, экономикалық өмірдегі өзгерістермен тығыз бірлікте ала отырып, соған сәйкес оның шығармашылық тұлға ретіндегі идеялық, тақырыптық, көркемдік тұрғыдағы ізденістеріне баса назар аударуды мақсат тұтады;

– сын зерттеулері мен шағын көлемді мақалаларында жеке туындының кемшілік-жетістіктерін тізбелеумен шектелмей, олардың себептерін қаламгердің өмірбаяндық, шығармашылық деректерімен сабақтастыра қарастыру Б.Шалабаевтың сыншылық, зерттеушілік еңбектерінің жан-жақтылық сипатын танытатын белгілердің бірі болып табылады;

– сыншы-ғалымның қандай да бір қаламгер шығармашылығын зерделеу барысында өзі өмір сүріп отырған уақыт талаптары ауқымында ғана қалып қоймай, өнердің эстетикалық мұраттары тұрғысынан пікір айтуға ұмтылуы – оның үлкенді-кішілі еңбектерінің қай-қайсына да тән өміршең қасиет;

– сыншылдық жолында кей тұстарда уақыт ықпалынан шыға алмай, кей-кейде үстірттеу пікірлерге жол беріп отырса да, негізінен тура бағытынан таймаған Б.Шалабаевтың сыни еңбектеріне әділдік пен ақиқатты мұрат тұтқан принципшілдік, көркемдік таным тазалығы тән;

– Б.Шалабаев зерттеулеріне тән бір ерекшелік ретінде оның өзі зертеу нысаны етіп алған мәселе жайында ең әуелі баға беріп алып, содан соң сол бағасын жүйелі түрде дәлелдеуге көшетіндігін атап өткен жөн. Қандай да бір мәселе төңірегінде ой өрбітсе де, сыншы-ғалымның әркез объективті көзқарас тұрғысынан баға беруге ұмтылатыны, ой-пікірді жеткізудегі сыншы тілінің қасандықтан ада, оралымды әрі әсерлі болып келетіні оның еңбектерінің қай-қайсынан да айқын танылады.

2 Белгібай Шалабаевтың әдеби-публицистикалық және көркем аударма мұралары

2.1 Белгібай Шалабаевтың әдеби-публицистикалық шығармалары

Жазушының шынайы суреткерлік бейнесін қалыптастырған аз болса да, саз боларлық көркем шығармалары әлі күнге дейін арнайы зерттеу жұмысына өзек бола қоймаса да, жекелеген оқу құралдары, анықтамалықтарында орын алған бас-аяғы шағын, келте піш мақалаларда, жайдақ аннотацияларда ауызға алынады. Аталмыш олқылықтың орнын толтыру мақсатында бұл тараудың басында Б.Шалабаевтың жазушылық келбетін һәм қаламгерлік рухын танытқан толымды туындысы «Өмірде не болмайды» повесінің шығу төркіні, егжей-тегжейі мен ондағы троп пен стильдік фигуралардың кейбір түрлері төңірегінде ойымызды пайымдау барысында бүгінде бір жақты күсталана бастаған таптық-идеологиялық бағыттағы социалистік реализмнің қазтабан нұсқасында жазылған кеңестер әдебиетіне деген оқырман қызығушылығын оятуға бір мысқал болсын игі әсерін тигізуін қаперде ұстап отырдық. Біздің бұл шағын ой-толғауымыз осындай дүниелердің кәдесіне асса мақсатымыз орындалды деп есептейміз.

«Біз Кеңес заманын жоққа шығара алмаймыз және сол кезеңде туған әдеби шығармаларды да бостандықты, азаттықты жырлағандықтан бағалай білуіміз қажет», – деген академик Зейнолла Қабдоловтың осы әділ сөзінде Б.Шалабаев талантының табиғатын тамыршыдай тап басу бар. Сонау Кеңес Одағы деп аталған алпауыт елдің ізгілік мұрат-мүддесі үшін істеліп жатқандардың қай-қайсысына да көзсіз беріліп, жанын шүберекке түйген жанкештіліктің бейкүнә қалпында өмірден озған аталарымыз бен әкелерімізді жазғыра алмайтынымыз сияқты, қазақ кеңес әдебиеттанудың іргесін қаласқан, салиқалы көркем шығармаларды тудырған ғалым, сыншы, жазушы Б.Шалабаевтың да байтақ еліміз ұстанған саяси-идеологиялық бағыттарын, асыл идеяларын өз ізденісінде төтелей темірқазық еткен қапысыз сенімін қасандыққа телу, қаламынан шыққан туындыларын жалған бағыттағы «жәдігөй» әдебиетке теңеу, әрі қойғанда әбестік, бері қойғанда өрескел қателік болар еді. Әдетте «біткен іске сыншы көпті» негізге алып, қай-қай заманның да қойнауынан туған шығарманың оғаш тұстарын шырақ ала іздеп, «ай-қап!» дейтін көне таптауырыңға біле тұра барғымыз келмейді. Сондықтан да, заман талқысына түсердей-ақ түсіп көрген жазушы Б.Шалабаев турасындағы толғанысты машан сыншылардың шалғынына орақ салуды артық көреміз.

Әрбір жазушы өз кезеңінің перзенті болғандықтан да сол кезеңнің кескін кейіп, болмысын суреттейді. Сол өзі ғұмыр кешіп жатқан кезеңдегі өзгерістерді шығармаларына арқау етуге тырысады. Осы тұрғыдан әдебиетші ғалым Р.Нұрғалидың: «Шығарманы бағалағанда суреткер дүниетанымын қалыптастыру кезеңдерін ескеру шарт» [273, 188-б], – дегеніне баса назар аударғанымыз жөн.

Алпыс жыл деңгейіндегі әдебиеттің ыстығы мен суығына араласып келген Б.Шалабаевтың көркем дүниесінің тақырып аясы мейлінше кең, әрі әр алуан. 1930-шы жылдары жиырмалардағы арман арқалаған сал жігіттің баспасөзде жылт еткен тырнақ алдысы «Біздің артель», «Түн құшағында», «Пионерлер маршы», «Тыңда», «Октябрь ұлдары», «Октябрь ұлына сәлем», «Социалистік құрылыс», «Көктемнің алғаш күндері», т.б. өлеңдерінен, «Желмаяға міну», «Тоғайда», «Құрмаш әкесін қалай алдады», «Әдебиетке құмарлық» әңгіме, очерктерінен қайырғанда ұзақ жылғы шығармашылық жолында қаламгер эстетикалық әсері күшті сан қырлы көркем образдарды кестелеп, сан алуан тақырыптарды қозғады. Өлең, әңгіме, очеркпен әбден шыңдалып келген ол бірте-бірте прозаның күрделі де қиын жанры – повесть жолына түскен. Повестің қыр-сырын дөп басып, ұңғыл-шұңғылын терең білетін ірі сыншы В.Г.Белинскийдің: «Былайша айтқанда, драмаға арқау бола қоймайтын, романға тапшылық ететін, бірақ ғасырлар бойы бастан кешіріп болмастай жәйттерді қас-қағым сәттің өзіне шоғырластыратын терең мәнді оқиғалар, жағдайлар болады; повесть осындай құбылыстарды алады да, өзінің тар шеңберіне сыйғызып жебереді» [274, 112-б], – деген повесть жанры жайында айтылған дәл де дәйекті пікіріне осы жанрдағы Б.Шалабаевтың «Өмірде не болмайды» шығармасы жауап бере алатынына көзіміз жетеді. Автордың идеялық бағыты анық, эстетикалық мұраты айқын, көркемдік дәрежесі биік те бедерлі, мазмұны бай әрі мағыналы.

Алғашқы нұсқасы 1932 жылы «Әдебиет майданы», қазіргі «Жұлдыз» журналының бірнеше сандарында жарияланған «Тайжеген тауында» повесі кезінде оқушы қауымның зор ілтипатына бөленген еді. Онан бері араға ширек ғасыр мерзімін салып барып шығармаға қойылатын тілек, талаптардың өзгеруіне байланысты автор повесті бұрынғы олпы-солпы, артық-кемді ағат тұстардан арылтып, тың тарауларды қосып қайта өңделген нұсқасын «Өмірде не болмайды» деген жаңа атпен 1961 жылы повесть, әңгімелердің жеке жинағына енгізеді. Кітапқа енген басқа көлемі қысқа «Тұлпар жасқа толды», «Минутта орнаған мәдениет», «Мұхит жорығында», «Нұрлан мен Нұрыш», «Үш айқас», «Бригаданың бастығы» сияқты суреттеме, сықақ әңгімелерде бала мінезін дәл беретін ұтымды диалог, отанын қорғаған офицер естелігі, кең далада мәдениетті бір «минутта» орнатпақ болған асыра сілтеуші т.б. жайлы сөз болады.

1960 жылдардың басына дейін кеңес әдебиетінің схематизмге, жылтырағанға, жалаулатуға құрылған «екпінді» туындылары мен «екпінді» кітаптардың «бағы» жанып тұрған кез болатын. Эстетикалық талаптардың өзі көбінесе ұраншылдық, ақпаратшылдық, арзанқолдық сияқты тұрмыстық категориялар пәлсапасына негізделген тұста, шынайы характерлер қақтығысы, тағдырлар тартысына толы шығармалар ілуде бір әрі некен-саяқ қана кездесетін. «Өмірде не болмайды» повесі өз кезеңінің жоғарыдағыдай кінәрат-сырқаттарына шалдыққанымен «дені сау», көркемдік ет-сүйегі шынайылықтан жаратылған шымыр, шыншыл туынды болып шықты. Жазушының қолтаңбасы жарқырауық, жылтыр сөздерге әуестілігі жоқ, қарапайым ой өрнектерімен танылды. Ол – таяз емес, терең иірімдерінің

зәкіршісі, лирикалық әрі романтикалық шегіністер шебері. Повестің бірқатар негізгі кейіпкерлері тарихта болған адамдарға ұқсайды. Тіпті шығарманың бас қаһарманы – Мақсұт автордың төл прототипіне айналатын тұстар да жоқ емес. Кейбір сюжеттік желілер мен қисындардың өмірден алынғандығы, өмірбаяндық әуендердің сыбызғы сазы шығармаға өзгеше әсерлік, сенімділік дарытқан.

Повестің қат-қабат тартыстарға толы, шытырманы мен шырғалаңы мол сюжеттің бір үзіндісі «Жекпе-жек» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінде 1960 жылдың 18 қыркүйек санында жарық көргенін оқырманның дені біле бермес. Жазушының көркем библиографиясына ат үсті, салғырт қараудың салдарынан зерттеушілер «Жекпе-жек» үзіндісін Б.Шалабаевтың бөлек әңгімесі деп қарастырып келуде. Тіпті 2004 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген, «Қазақстан жазушылары: XX ғасыр» сынды беделді анықтамалығында: «Прозашы ретінде 1932 жылы «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналы бетінде «Тайжеген тауында» атты повесімен көрінген. Кейін «Жекпе-жек» (1936) повесі, «Өмірде не болмайды» әңгімелер мен фельетондар жинағы жеке кітап боп шықты» деп жазылған. Бұл аңдатпа ақпаратқа илансақ, «Жекпе-жегіміз» повесть, «Өмірде не болмайды» әңгімелер жинағы, ал «Тайжеген тауындамыз» өз алдына бір төбе шығармасы болып шығады. Егер әр жазушының кез келген көлемді шығармасынан қолдан бірнеше шығарманы туындатып, бөлек-бөлек жанрларға теліп, дара айдар тағып, «азан шақыртсақ» нақты дерекке мін болмақ. Бұдан Белағаңның абырой-беделі арта қоймасы мәлім. Сондықтан бұл жерде зерттеуші қауымның құлағына алтын сырға айтылар ұзын-сонар сөздің қажеті жоқ екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Сөйтіп уақыт үкімінің елеуінен өтіп, сүргіленіп барып талғамы зор оқырманның тілегіне орай өңделіп шыққан «Өмірде не болмайды» шығармасы көлемі, композиция жағынан сәл-пәл өзгерістерге ұшырағанымен повесте алғашқы жарық көрген уақыттың рухы, боямсыз қалпы түгел қалпында сақталған. Бұл жөнінде автор әңгіме желісін былай сабақтады: «Сүйікті қаһармандардың тұлғасын толығырақ ашу үшін М.Горький айтқандай жексұрын кейіпкерлерді әлсіз етпеуге тырыстық. Колхоз құрылысының айлалы да залым қас жаулары Өзербай, Таутұйғын, Сайқал, Үсендер өздеріне лайықты қашқындық, қастық ұсақ әрекеттерімен шығармадан тиісті орын алды.

Оның есесіне қасқайып, қиыншылық атаулыға қарсы тұрған жаңа өмірді жасаушылардың образын салмақты да нанымды, үлгілі де ұстамды дәрежеге көтеруге тырыстық. Коммунист Мақсұт, комсомол Мүсілім, студент қыз Ажар, екпінді колхозшы Әбіш, жылқышы Дүйсен бейнелерінің қалай жасалғаны жайында әділ баға беретін оқушы жұртшылық. Шығармадағы басты мәселе колхоз өмірінің алғашқы адымындағы түрліше қайшылыққа толы тап тартысымен жаңаның ескіні жеңіп шығуы» [275, 190-б].

Повесть қазақ топырағында алғаш артель құру, ұжымдастыру дәуіріндегі шиеленіскен тап тартысын, сол тартыстағы жаңашыл жастардың саналы ерлігін, қажырлы күресін, әрі тартымды, әрі нанымды суреттейді.

Колхоз құрылысының қитұрқы да залым қас жаулары Өзербай, Үсен, Таутұйғын, Сайқалдар өздеріне лайықты қастық, қашқындық қимылдарымен жан-жақты қамтылады. Бірақ, олардың әрекеттері ұсақ. Алды-арты тірексіз, қолдау, қоштаудан ада, мекенінен айырылып, тау арасын тұрақ еткен тағылық – олардың ендігі қалған тіршілігі. Дауыл көтерген бөлтек бұлттай қашып жүріп, қаһарын тиіп-қашты төгіп кетері бар. Мұндай мардымсыз бүлік халықты оқта тек қиналтпаса, қиратпақ емес.

Повестің негізгі кейіпкері – кең байтақ қазақ жерінің бір түкпірінде алғаш артель ұйымдастырып, сол артельді іргелі ұжымға ұластыруға жан-тәнімен беріліп жүрген Екібастұз шахтері, коммунист Мақсұт. Салмақтылық, пайымдылық, төзімділік, ұйымдастырушылық қабілет – бәрі де осы Мақсұтқа тән қасиеттер. Жауапты басшылыққа Мақсұт бірден келген жоқ. Ол талай асу, талай сыннан мүдірмей өткен. Көп жыл бойы жер астында шахта қайлашысы болып істеген бұл бейнетқор адам кейін колхоз ағасы болады. Басқа колхоз басшылары бейқамдықта жүргенде, Мақсұт қыс түсісімен соқа түзеттіруге кірісіп, өзі басшы бола тұра, қолына күрек алып, артель мүшелерімен бірге аңызға қар тоқтату ісін жүргізеді. Қар суы егінге жаз бойы азық болмайды деп, тоған қаздырып, су келтіреді. Жайқалып астық та піседі. Іле-шала «Тайжеген» колхозы егінін ерте бітіріп, мемлекетке астық өткізу жоспарын артығымен орындап, ауданнан пүлішке оқа ұстаған алтын шашақты туды сыйлыққа алады.

Колхоз табысына іші күйіп, қызғана қарайтын Өзербай, Үсендер Мақсұтқа тұзақ құрып бағады.

Мақсұт – білімді, жаңашыл адам. Әйелдер қауымын тұңғыш рет ұлы іске батыл тарта бастаған да осы Мақсұт.

Колхоз игілігі жолында Мақсұт дара емес; жастар ұйымының хатшысы Мүсілім, еңбекқор Әбіш, мұғалім Ажарлар Мақсұтқа ұшса – қанат, қонса – құйрық дегендей, бір тілекті елгезек жандар. Колхоз мүлкін қызғыштай қорып, еңбекті жандандыратын да осы колхоз актив-белсенділері.

Повестегі Өзербай, Үсен, Таутұйғын, Сайқал, Бүлік – бірін-бірі толықтыра, дамыта түсетін ұнамсыз, бүлікшіл антиқаһармандар. Бәрі де жүздеп жылқы, мыңдап қой өргізген, халықты қан қақсатқан бай тұқымдары, малын конфескілеген кедейлерден қарымта кек алуды армандаған қарақшы, содыр топ. Бұлардың ұрлық-қарлық жолы повесте нанымды баяндалады.

«Жеті жасар Таутұйғыннан әкесі:

– Тәуке, өскенде кім боласың? – деп сұрағанда.

– Ұры боламын, – деп жауап қайыратын.

– Менің құрығымды басқа ұстамаса болғаны», – деп мадақтап күлумен болатын әкесі [275, 127-б].

Тумасынан ұрлықты қалап алған Таутұйғын сертіне жетеді, барымташыға айналады.

Повестегі кесек тұлғаның бірі – Ажар қазақ қыздарынан ұлы дүбірге жан-тәнімен қатысқан жан. Ажар – автордың үлкен табысы. Ол – ошақ қасы, отбасынан ұзап шыққан, ауыл мәдениетінің алғашқы қарлығашы. Кезінде әкесі мезгілсіз жау оғына ұшырап, жетім қалған қыз кеңес заманында

жетімдік көрмей, институтта оқып білім алған. Соңынан ауылға келіп балғындарды мәпелеп тәрбиелеп жүрген ұстаз Ажарды енді бірде трактор рулінде көреміз.

Кедей қызы Ажардың жаңаша киініп, қолына кітап алғаны, оның көркі мен жан сұлулығы Өзербайлардың өзегін өртейді. Тіпті оны жаулар ұрлап та әкетеді. Ол ұрылардың қолына түскенде, ақылдылығы мен парасаттылығын айқын аңғартады. Бұл көріністі жазушы былай сипаттайды: «Ажардың Бүлікті іш тартуында бір сыр бар. Кім болса, соның қол шокпары болып жүрген сорлы, осы жүрісінің не екенін өзі де сезбейтін болар. Мүмкін, мен айтсам, түсінер. Мүмкін, осы қанды қақпаннан құтылуыма да көмектесер. Өмір бойы адам баласынан жылы шырай көрмеген Бүлік Ажардың көз жанарынан жалт еткен от ұшқынын сезеді.

Тамаққа шақырған кезінде, көптен үн қатпай отырған Ажар, бұл жолы үн қатты.

- Сенің атыңның Бүлік емес, Бүркіт екенін де білемін... Өкінемін...
- Неге? – деді томсарып отырған жігіт.
- Бүркіт болып туып, қарға болып өлу деген, ер жігітке қандай жаман!» [275, 146-б].

Міне осы эпизод арқылы автор Ажар қыздың Бүлікті жөнге жетелегенін көрсетеді. Батыр тұлғалы мерген, кедей жігіт Бүлік – адасқан жан. Жаңаны түсінбей, ұрлық жолына түсіп, аяулы әкесінің азан шақырып қойған Бүркіт есімінен айрылып, баукеспе ұры Бүлік атанады. Автор Бүлікті Ажар арқылы жат кәсібінен бездіріп, адал жолға түсіреді. «Өмірде не болмайды? Сүрінбейтін тұлпар, жаңылмайтын жақ, жаза баспайтын сұңқар бар ма? Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң, – деген. Мен Ажардың бәрін-бәрін түсіндім... Оның «Бүркіт болып туып, құзғын болып өлейін деп жүрсің бе», – деген сөзі қатал үкімдей тиді маған» [275, 150-б], – дейді Бүркіт. Шығарманың негізгі өзегі де осы еді. Осынау көкіректі кере шыққан қарапайым сөзде бүкіл толғауы мың тірлік пен бұлтарысты болмыстың қадыр-қасиеті бір-ақ ауыз сөздің қауызына сайып тұр. «Өмірде не болмайды...» бұл жазушының өзіне де, өзгеге де қатал сынмен қарайтын кірпияз кейіпкерінің ғана емес, оны осылай сөйлетіп отырған өзінің де ойы. Мейілінше қарапайым айтылғанымен кез келген адамның тіршілігіне темірқазық болуға лайық қағида-кредосы!

Шығарманың композициясына нұқсан келтіретін бос баяндау, артық тарау, селкеу оқиға жоқ. Жазушы көбіне, оқиғаны дамыту үстінде өмір құбылысын, адам мінездерін, тартыс түйіндерін жеткізуде кең көсіліп, суреттеп жатпай, оқиғаны қысқа диалогқа не авторлық шегініске – монологқа құрады, кейде газеттік фельетон атынан сөйлейді. Мұны біз автор стиліндегі оқиға дамыту тәсілі ретінде қараймыз. Шындық жалаң әңгімеленбей, өзінің заңды шиеленіскен тартысы жағдайында айқын, тартымды суреттеледі.

Повесть кемшіліктен де құр алақан емес. Әр жерде көрініп қалатын «Шапалақтар шарт еткенде, перде жарқ етіп, ойын басталады» [275, 86-б] секілді кейбір жеңіл, «жорға» ұйқастар; «Осы әуремен келе жатқанда қайық шырқөбелек айналып бір жерге тұрды да қалды. Өзін де су төмен тартып

әкетіп бара жатыр. Сүйтсе бір терең иірімге келіпті» [275, 31-б] тәріздес ертегі іспетті баяндау шығарманың көркін көлегейлеп тұр.

Жалпы Б.Шалабаев повесі айтылар ойымен де, жазылу, характер ашу ерекшелігімен де, әрі нәзік те сыршыл лиризммен құнды. Шығармадағы шынайы мінез, талғампаздық пен сезімталдық оқырман ой әлемі кең, жан сезімі бай адам болуға жетелейтіні сөзсіз.

Жазушы кейіпкерлері арасында өмірде кездесетін қарапайым адамдар психологиясы бар. Сол өмір шындығын, адам мінезін бейнелеуде, көркемдік тәсілді қолдануда, көркемдік шешімін табуда, тақырып таңдауда жазушы қаламының даралығы аңғарылады. Шығармадағы адамдар арасындағы тартыс та, кейіпкерлердің жан-дүниелеріндегі қайшылықтар да, сезім иірімдері де адамгершілікті мадақтауға құрылған. Автор повесінің жазушының өз жүрегімен сезінген өмірлік құбылыстардан бастау алғаны сөзсіз. Автор кейіпкерлерін осылайша өмірдің түрлі ситуацияларында көрсетіп, оларды адамгершілік пен ар безбеніне салып, ішкі сырларын психологиялық тереңдікпен суреттеуде табыссыз емес. Әрқашан адамгершіліктің, гуманизмнің биік мұраттарын жырлап, өз замандастарының жан сұлулығын суреттеу тек қана азаматтық позициясы айқын, мәдениетті де талғампаз қаламгердің қолынан келетіндігі дау тудырмайды.

Көркем әдебиеттің басқа түрлері мен жанрларындағыдай, повесть жанрында да оқиға, сюжет жағынан өсу, толысу, даму үрдісін аңғару қиынға соқпайды. Сапа тұрғысынан алғанда да, әр автордың суреткерлік өнерінің ұштала түсуі, өмір атты шетсіз де шексіз дүниенің әлдебір орайлы сәттері мен бас-аяғы жұмыр шақтарын шығармаға қиыстыра арқау ету жайлары жақсы қалыптасқан әдеби дәстүрдің табиғи жалғасындай әсер береді. Жазушы Б.Шалабаевтың повесін оқи отырып, автордың осындай әдеби дәстүрдің тізгінін тең ұстап, тыңға тұяқ қадаған талпыныстарын байқаймыз. Б.Майлин мен М.Әуезов прозаларына сүрлеу тартатын сабақтастық пен үйлесімді үндестіктің байланысын аңғарамыз. Кезінде ғұлама Ф.Достоевскийдің: «Біз бәріміз де Гогольдың шинелінен шықтық» деген пайымдауы аталмыш дәстүр мен сабақтастықтың, еліктей отырып үйрене білудің заңды құбылысына қаратыла айтылған ақиқаттай әсер етеді.

«Әдебиеттің көркемдігін, құнарлылығын көрсететін оның тілі. Сөз көркемдігінің, тіл ажарының көп белгісінің бірі – әсерлілігі, құлаққа жағымды, ойға қонымды болып келетіндігі» [276]. Мұны сөз сүлейі Ғ.Мүсірепов: «Көркем әдебиет деген – ең алдымен жанды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдіреті болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ. Көркем сөздің сұлулығы сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын!», – деп тарқатып береді. Бұл тұрғыдан келгенде сөз зергері М.Әуезов: «Сөз шіркін де адам секілді ғой. Оның ала-құласы көп. Орнатқан жерге қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөз бар да, қурайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ сөз бар», – дейді.

«Ұшқалақ» емес «орнықты» сөздерді жұмсаудың тамаша үлгісін көрсеткен, қалам қарымы өзіндік қуатқа ие қанатты қаламгер Б.Шалабаев

дертпен тең сөз өнерінің ауыр азабын арымай-талмай арқалап, қазақ әдебиеті деп аталатын рухани айдынға толағай күшпен үлес қосып, адам жанына пәрменді нәр беруді жазушылық парызы деп тапқан.

Шығарма қай тақырыпты, қайсыбір мәселені қозғаса да, әңгіме оның көркем жазылып, нанымды шығуында. Көркемдіктің аржағында оқырманды иландыруарлықтай пәрменді ой, мақсат, дәрменді сөз жатуы керек. Онсыз шығарма көркем туынды бола алмасы хақ [277]. Бұның бір кілтипаны әуелі автордың ғаламат сөз өнеріне тән тілдік өрнектерді ұтымды пайдалана отырып қалыптастырған жеке тілдік-стильдік ерекшеліктерінде жатса керек. Жазушы шығармашылығының дені әуел баста өзінің қарапайым, көркем әрі түсінікті түрде бейнелеген тілдік қорымен ерекшеленеді. Онда сөз құнарын арттыра түсетін көркем элементтер, стильдік фигуралар, троптар, айшықты образдарды құбылтудың бірнеше түрлері кездеседі. Жазушы өз кейіпкерлерін әр алуан мінез-әрекет үлгілері үстінде сомдауға талпынады. Сөз өнерінің басты ажырамас белгілері саналатын троп пен стильдік фигуралар Б.Шалабаев шығармасында өзіндік орын тауып тұр. Енді осылардың әрбіріне жеке-жеке кідіріп өтелік.

Адам мен табиғат жалпы адамзаттық мәні бар, мәңгілік философиялық тақырып. Адамзат баласын тек қоғам ғана емес, ең алдымен табиғат байланыстырады. Сондықтан да оның әдебиеттегі алатын орны ала-бөтен. Көркем шығармадағы табиғат көріністері белгілі бір көркемдік қызмет атқаратыны мәлім. Қашанда суреткер пейзажды әйтеуір бір мақсат үшін пайдаланатыны бар. «Тіпті болмағанда ол суреткердің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін білдіреді» [278, 185-б]. Ұтымды салыстырулар мен теңеулер арқылы киелі Баянауылдың Керекуге қарасты Тайжеген ауылының әсемдігін оқырманға жеткізе білген үзінділерден жазушының туған жеріне деген ыстық сезімі аңғарылады. Мұны аңғару үшін шығарманың табиғат көріністерін іздеп, әр бетін теріп жатудың қажеті жоқ. Повестің алғашқы абзацынан-ақ оқырман ерке Ертіс топырағының бір пұшпағы Тайжегенімен қауышқандай болады. Тыңдап көрелік: «Бұлт түнеп, тұман серуендеген Баянның биік тауы. Соның батыс жағында қырық шақырым жерде шөбі қалың кең жазық бар. Туған ел оны Қожа қорығы дейді. Осы қорықтың жиегі солтүстікке қарай созылған адырлы төбе, қатпар-қатпар бұйрат. Ортасында жалғыз биік тұр. Соның өзегінде бұрын бір тайды қасқыр жеген бе? Әйтеуір, «Тайжеген тауы» деп аталыпты» [275, 5-б]. Енді бірде түнгі даланың әсем суреті: «Ымырт жабылып, қас қарайды, түн қаптаған төңірегі қоңырлана бастады; қараңғы кеш жан-жағын бүркеп көме берді. Кеш батқан соң аяз да шаңытты, жаңа туған аймен қара көк түн де жалтырап тұрғандай» [275, 18-б] – дейтін тіркестер небір қияли ойларды сан-саққа жүгіртеді.

Көркем туындылардағы табиғат суреттерінің алатын орны туралы зерттеуші ғалым Б.Майтанов: «Көркем туындыдағы пейзаждың функциясы үш түрлі арнаға саяды. Сюжеттік орайда ол – оқиғаның уақыттың өлшемі. Композициялық тұрғыда ол көркемдік жолмен қабылданған әлемнің тұтастығын білдіреді. Шығарманың идеялық-мазмұндық астарларына қатыста ол характерологиялық міндеттер атқарады» [258, 196-б], деп пікір

білдіреді. Ал ірі ғалым Қ.Жұмалиев: «Пейзаж кейде сюжеттің өсу жолдарына тікелей қатысты болып келеді және оқиғаның даму жолында белгілі орын алуы мүмкін» [55, 81-б] дейді.

Фольклор туындыларында психологиялық параллелизм түзудің негізгі элементі санатында көрінетін табиғат суреттері кейінгі әдеби прозалық шығармаларда авторлық қолтаңба-стиль іздерімен сабақтаса келіп, көркем әлемнің тұтастық жүйесін әйгілейді. Ондағы кейіпкердің ішкі болмыс бітімін зерделеудің маңызды құралы саналады. Көркемдік бейнелеуіш терең иірімді тұстарымен ерекшеленетін Б.Шалабаев шығармашылығында табиғат суреттеріне де бейнелеуіш, психологиялық және характерологиялық зор міндеттер жүктелген.

Жазушы пейзаждық суреттерді барынша есте қаларлықтай етіп сипаттауға тырысады. «Таң мезгілінде тұрған ызғарлы жел де қарсы алдынан үріп, шық басқан шөптерді сілкіндіріп ысылдайды, басқан жерлерінің қырауы қағылып көделері бұлдырайды, ізі сонардағыдай сайрап тұр, алды оның көрінбеуге айналды» [275, 35-б]. «Табиғат ерекше мерейін төккен жазғытұрымғы таң атып, күн шығардағы жауын-шашынсыз бір күн. Аспанда теңгедей бұлт жоқ, төңіректі айнадай көрсететін мөлдір әуе. Баян тау өзінің барлық көркемдігімен әжімін жайып салып, мөлиіп тұр» [275, 60-б]. «Көктемдегі тау қойнынан жұпардай көк иіс аңқиды. Күнгей беттердегі жауқазындар бой көтеріп, май сасырлар шашақ атып қалыпты» [275, 147-б]. Жазушының ой көзімен бағамдап отырған суреттерінен оның маусымдық-мезгілдік аясын сергек сезінерін аңғарамыз. Жазғытұрымғы таңның бірде асау мінезі, енді бірде тыныштық қалпы басты назарда ұсталады. Бұл сөйлемдерден кейінгі жолдардағы суреттеу аясы кеңейіп, бағалаушы мәндермен толыққан. Баян тау, көктемдегі таудың суретімен қоса көз алдымызда жоғарыдағы кейбір образды тіркестердің («әжімін жайып», «мөлиіп тұр», «тау қойнынан жұпардай көк иісі аңқиды») ұғымдық аясымен астарласып жатқан адами образдар мен әрекеттер нобайы ассоциативті түрде елес тастайды. «Қазірде ай қорғалап қалған уақыт, таудың тасасына түсіпті, сұлу қыздың бетіне түскен секпілдей үстін бір шарпы бұлты құрғыр да жаба қалыпты. Кейде сылаң етіп жарық нұрын шашып барып, бұлтқа қайта сүңгиді. Сол мезгілде төңірегіне шашылған сәулесі, биіктен себілгендіктен Тереңөзекке түспей, екінші қарсы тұрған әне бір адырды жарық етіп тұр» [275, 108-б]. Мұндағы табиғат суреттері мекендік (Тереңөзек маңы), мезгілдік (ай қорғалап қалған уақыт) болмысымен нақтылыққа ие бола тұра, тікелей сүреңсіз көңіл әуеніне тәуелденіп тұр.

Повесте енді алуан түрлі пейзаж суреті басты қаһармандардың адамгершілік, жасампаздық іс-әрекеттерімен психологиялық жағынан тығыз ұштасып жататынын көреміз. Табиғат адамның қуатты тебіреніс күшін кешер сәттерінде танымастай өзгереді. Мұндай жағдайларда персонаж іштей түлеу, серпілу шақтарын бастан өткізеді.

Құнарсыз сөздер мен жарымжан тіркестерді орынсыз тықпалаудың гәп мәнісі – тіл жұтаңдығы, бұдан түп негізі – ой таяздығы анық байқалады. Сол себептен жазушының тіл байлығы деп жеке сөздердің көптігі емес, оларды

ұтымды қолданып, ойната білу шеберлігін айтады. Әр жазушы сіресіп, қатып қалған тіркестерге, айтыла-айтыла мезі болған сөйлемдерге, жұтаңдық пен схематизмге ырық бермей өз тілінің асылын ақтарғаны абзал. Көркем шығарманың тіліне қатысты ғалым В.Виноградовтың мына бір сөзіне ден қойсақ: «Писатель – носитель и творец национальной культуры речи. Пользуясь общенародным языком своего времени, он отбирает, комбинирует и в соответствии со своим творческим замыслом – объединяет разные средства словарного состава и грамматического строя своего родного языка» [279, 81-б] деп атап көрсетеді.

«Өмірде не болмайды» дәл осындай сөзбен сурет салудың, сөзбен өмірлік қақтығыстарды айнытпай көркем өрудің, сөзбен адал жанының нәзік те сырлы, сұлу да нұрлы, қатыгез де қайсар, қаһарлы да сұм, аяр да арсыз мінездерге, қарекеттерге толы ішкі әлемін жан-жақты жарқыратып ашудың өрісі кең, ажарлы үлгісі.

Көркем шығарма белгілі бір оқиғаны оқырман сезіміне, жүрегіне әсерлі, бейнелі етіп жеткізетін құдіретті өнер болса, сол өнердің көркемдік дінгек-қазығы іспетті фразеологизмнің ол көркем шығармада алар орны ерекше. Фразеологиялық бірліктердің көркем әдебиетте қолданылу сапасын сол тұрақты сөз тіркестерінің әр түрінің өз қасиеттерінен бөліп қарауға болмайды. Жалпы сөз өзара қатынас құралы есебінде екі түрлі қызмет атқарады: номинативті және коммуникативті. Дәл сөздер сияқты, сөз тіркестері де осы екі қызметті атқарады.

Жіктеп, саралап айтар болсақ фразеологиялық бірліктердің көркем әдебиеттегі ролі сан алуан. Фразеологиялық орамдар жалпы барлық стильде қолданылады, алайда, әрқилы ыңғайда қызмет атқарады. Ғылым және ресми іс стилінде жалпы әдеби, стильаралық тұрақты тіркестер атау күйінде жұмсалса, көркем әдебиетте, публицистикада, ауыз-екі сөйлеу тілімізде ең алдымен фразеологизмдердің экспрессивті-стистикалық жағына аса зор мән беріледі.

Көркем әдебиет пен публицистикада фразеологиялық орамдарды қолданудың бірнеше жолы бар. Жазушылар, публицистер фразеологизмдерді сол күйінде ғана алып қоймай, белгілі мақсатқа орай оларды өзгертіп, құлпыртып та жібереді. Фразеологизмдердің семантикасын, құрылысын және экспрессивті-стистикалық қасиетін жақсартып, жаңғыртып отыратын да тұстары бар. Тыңнан мағыналық реңк алып, бөлекше көркемдік қасиетке ие болады. Сөздердің байланысу қабілеті молаяды.

Тұрақты сөз тіркестеріне жататын мақал-мәтелдер де, идиомдар да, қанатты сөздер де стилистикалық мақсатта қолданылады. Олар кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін, психологиялық мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін суреттеу үшін қолданылады. Адамды өмір құшағындағы ізгі, игі қасиеттерге, тура жолға бастайтындай әр түрлі қанатты, нақыл сөз маржандары Б.Шалабаевтың повесінде өз орнын тапқан. Мұны жазушының қаламына жиі оралатын тілдік-стильдік амал деуге болады. Автор шығармасының сарыны осындай сөз тіркестеріне мейлінше қанық. Оны төмендегі мысалдардан-ақ көруге болады.

Мысалы, «бармағын тістеді, жарғақ құлағы жастыққа тимей, көздерінен от шашылған, қоян-қолтық келді, жүрек жұтқан, беті қайтты, көзге күйік, сағы сыну, зықысы шығу, еңкейген кәрі, еңбектенген бала, т.б. тұрақты тіркестерді қиюластырып, халық ауыз әдебиетінің неше түрлі үздік үлгілерін орнымен қолдана білген: «еті қызған кер қасқа құйындай ұшты», «еті қызған тор қасқа», «құланның жатуына мергеннің атуы», «мергеннің басуына құланның қасынуы дәл келді», «тасын жонып от шашып», т.б.

Сонымен қатар, «мақал – сөздің атасы» дегендей жазушы халықтың өз сөзін де ұтымды қолданып отырған. Мәселен, «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар», «бой түйеде де бар, сақал текеде де бар», «көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болады», «жақсы ит те, өлігін көрсетпейді», «жау кеткен соң қылышыңды бокқа шап», «өгіз су ішкенде, бұзау мұз жалайды», «жақсының артынан сөз ереді, жаманның артынан шөп ереді», «көп сіз-бізден гөрі бір шыж-мыз жақсы», «жітікке саяқ қосылады», «күш атасын танымайды» дейтін мақал-мәтелдер арқылы автор тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйін жасап отырады.

«Жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болуы керек. Бұл – қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма – мазмұнды шығарма», – деп академик З.Қабдолов айтпақшы, жазушы заттың не құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ оны басқа затпен, құбылыспен салыстыру арқылы шығармасының мазмұнын құнарландыратын, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі теңеуді кеңінен қолданған. Әдеби тілдегі құбылтудың бір кең тараған тәсілі теңеуде – біріне-бірінің ұқсастығы бар екі зат салыстырылады. Бұл көркемдеуші тілдік құралдың бір өнімді түрі. Ғ.Мүсіреповтің көркем шығарма тіліне әсіресе проза тіліне қоятын талаптардың бірі, «Тілдің бояуы бозаңдап, қыры сынбауы керек, қыранға айтар теңеудің көрінген құсқа айта алмайтын болайық. Сөздің мөрі өшпесін, малталанбасын» деген қағидасын Б.Шалабаев қатаң сақтағандай. Мысалы: «Сол екі арада шығыстан отқа салған темірдей қызара бөртіп көкжиек те жыртылды...» [275, 24-б]; «Жан-жақтың бәрі ұшы-қиыры жоқ жайылған тұңғиық, түбінде қайрандаған жайындай төңкерілген аспанның көлеңкесі қалтырайды: тереңнің үстіне тереңдетіп тұр» [275, 28-б]; «Жоғарыда тұрып көп қараған адамның басы айналатын, әрі-беріден соң кісіні арбап жұтайын деп тұрған аждаһаның ауызындай үңірейді» [275, 109-б]; «Таутұйғын қорқау қасқырдай үңірейіп Өзербайдың ымын күтіп тұр» [275, 115-б]; «Мұнан кейін қашқындар қою қара орманның ішіне кірді. Қос аяқтай аршып, жылаңдай ирелеңдеп жатқан бұлаққа кездесті» [275, 136-б]; «Күшіген қамаған аққудың балапанындай ысқырып қашқындардың бірін де қасына жолатпаушы еді» [275, 136-б] деген сыңайлы жай теңеулер мен күрделі теңеулерден тұратын тамаша салыстыруларды туындатты.

«Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз», – деп көрсетеді, академик З.Қабдолов [280]. Осыған орай тағы да қаламгер шығармасынан бірер мысалдарды келтіріп көрсек: «Жарқ етіп жаз шығады, қаңқылдап қаз келеді, асқар тау

мұзын сілкеді, айдын көл суын бұғып бүркеді» [275, 6-б]; «... күн де шықты, оның алтын айдарлы шашақ нұры шашылды» [275, 24-б]; «Болар-болмас мандайдан соққан самал суды сескендіріп бұйралап қояды, кейде тіміскіленіп жүріп, бала толқындарды оятады» [275, 28-б]; «Ажарды танып қуанған Мақсұт, ажал оғын ұмытқандай қанат жая жүгіреді» [275, 149-б].

Адам жанына әсер етерлік шындықтың ажарлы сырлы маңызын сипаттайтын тілдік құбылыстардың бірі – сентенция құбылысы. «Сентенция – шығарманың оқушыға эстетикалық әсерін қоюлата түсетін, танымдық ой дүниесін биіктететін және түйсікке қозғау салатын, ақыл-уағыз айтатын терең философиялық мазмұнды, ой-тұжырымы бар сөздер» [281, 80-б]. Ақын-жазушылар авторлық афоризмнің бір түрі ретінде сентенцияны жиі қолданады. Оқиға барысында баяндалатын осындай ойлы-тұжырымды тілдік фактілер ситуация мазмұнына қосымша мағыналық реңк үстеп, оқушысын өзіне баурап алуды ерекшелей түседі. Шығарма шырайын беретін мұндай афоризмдер Б.Шалабаев повесінен де ұшырасады.

Тіл білімінде қаламгер шығармаларында кездесетін сентенцияның максима және гнома атты түрлеріне лингвистикалық тұрғыдан анықтама беріледі.

Максима – айтылған ойдың дидактикалық жағы басым түсетін пікір түйіні бар сөздер болса, мәселен, «қорқақты қуа берсең батыр болады» [275, 126-б]; «сиырға ер-тоқым салғандай» [275, 100-б]; «Адасқанның айыбы жоқ, қайтіп үйірін тапса» [275, 150-б], ал гнома – күрделі философиялық астарды сөздер шоғырынан тұратын тілдік құбылыс. Мысалы, «Жарымеске ақымақ қосылса орталарынан мәжнүн туады» [275, 52-б]; «Белдескен жаудан гөрі, аңдысқан жаудың қауіпті екенін аңдатты» [275, 139-б]; «Сүрінбейтін тұлпар, жаңылмайтын жақ, жаза баспайтын сұңқар бар ма?» [275, 150-б]. Автордың осы сияқты нақылдары белгілі бір оқиғаның түйінінен туған ойлы пайымдаулары болып табылады.

Орыс тілінен енген сөздердің фонетика-грамматикалық тұлғасы біркелкі болып келе бермейді. Кейбір орыс сөздері қазақтың сөйлеу тіліндегі түр-тұлғасында, яғни түпнұсқа қалпынан біршама фонетикалық өзгешеліктерде қолданған. Бұған мысал үшін, тауар, ыстатие, бөшке, кәләш, ләмпішке, пәртпел, сарапан, шәпке, шамадан, шәйнек, үнқағаз, үнжария секілді т.б. көптеген сөздер дәлел. Тіпті, осы сөздер өз тіліміздегі, мәселен, бөтелке-шиша, не шөлмек, божы-делбе, бәңкі-қалбыр, күршек-құмыра, кәләш-кебіс, қожайын-еге, пима-байпақ, ұраш-арпа дегендей баламалардың барлығына да қарамастан кең етек алды.

Асылы адамзат тарихында әр халық өздерінің рухани қазынасын қалыптастырып, жетілдіру жолында өзге елдермен әдеби байланыссыз өмір сүре алмасы хақ. Оның олқылығы – тілді шұбарлауда көрінсе, жетістігі – жалпы дүниетанымды, өрісті кеңейтеді. Мысалы повестегі қарт жылқышы Дүйсеннің жылқы үйірінің соңынан еріп айтқан өлең шумағына үңілсек:

«Астыма мінген атым сабырасный,
Ей, қыздар, менімен бол согласный.
Сколько мен жанымды пида етсем де,

Не любишь мені, сәулем, напырасный!» [275, 100-б], – деп ыңырсып ән салған шалдың мынау өлеңді айтуы, ерсі болғаны былай тұрсын, тілді шұбарландырғаны үшін әрине, алғыс айтарлық ештеңе жоқ. Бірақ автордың – сол тарғыл тілді өлеңді адам ұғып оқыса, тегінде суреттеуге шебер, сол шұбар тілдің өзін тігісін жатқыза өрнектеп, көркемдік өлшеммен, ақындық шеберлікпен бере білгендігі жазушының табысы емей немене? Әжуа, әзіл-сықаққа толы сатира элементтері осы Дүйсен шалдың төңірегінде өрбіп, повестке өзіндік бір шырай дарытқан.

Жазушы өз оқырманына оқиға желісін байыпты ғана тізіп шықпай, мейілінше оның қорытындысын, шешімін, шарықтау шегін белгілі бір салмақты оймен, сабырлы түйінмен тәмамдайды. «Өмірде не болмайды?» деген риторикалық сауалмен өз туындысын аяқтайды. Шығарманың өз бойындағы барлық құбылыс жинақтала келе арнайы қағидамен тоғысады, адам санасына жаңаша бір серпілістің ұшқын беруіне жағдай туғызады, өзіндік ой қалыптастырады. Сонымен біз Б.Шалабаевтың шығармашылығындағы автордың жеке стильдік-ерекшеліктеріне оның повесі арқылы талдау жасап көруге тырыстық. Жазушының қай шығармасына болсын көз жүгіртсеңіз, ондағы оқиға желісі өмірдегі нағыз адам атаулының бәріне ортақ қағидалардың жан-жақтылығын қамтуға құлаш ұрады. Әр шығарма өзінше сыр қозғайды, оқырманын тың сұрлеуге жетелейді. Ол шығармалар біздердің ішімізде бір-бір құдірет жасырынған Адам екенімізді сезінуге, өзімізді-өзіміз тануға, зерделеуге, шыңдауға, құтқаруға, оятуға, адам үшін бағзыдан ардақты, игі ұғымдарды қастерлеуден танбауға үйретеді. Міне, мұның барлығы да жазушы Б.Шалабаев тілінің өзіне тән көркемдік стилі, дара қолтаңбасында жатқандығын мойындатса керек.

Б.Шалабаевтың көркем шығармасындағы тақырып таңдау талабына, идеялық мұратына, сюжеттік-композициялық және тілдік ерекшеліктеріне, образ сомдау, кейіпкерлердің мінез қырларын ашу машығына тоқталып, төмендегідей тұжырымдар жасадық:

– қаламгер ретінде Б.Шалабаев өткен ғасырдың 30-шы жылдардағы қазақ прозасының қалыптасуына араласып, жаңа арналар табуына тырысты. Ұлт пен елдің мәселесін арқау ете отырып, замандастарының бейнесін сомдау арқылы ұлттық толғағы жеткен зәруліктерін шешудің жолын іздеді;

– Б.Шалабаев тұтас шығарма бойында негізінен қаһармандар характерін сомдауда, тіршілік-тұрмыс құбылыстарын зерттеуде психологизм принциптері мен заңдылықтарын еркін меңгергенін байқадық;

– Б.Шалабаевтың шығармашылығындағы тағдыры сан алуан кейіпкерлері арқылы қазақ әдебиеті жана образдармен толықтырылды. Автор осы арқылы өзі өмір сүрген кезеңнің өзекті мәселелерін көтеріп, замандастарының мақсат-мұратын, жалпы сол дәуірдің тыныс-тіршілігін көрсете білді. Оның кейіпкерлері әлеуметтік ортаның үстемдігі мен табиғи жаратылысының құдіретті ортасында қоғамға да, өзінің кісілік деңгейіне бағынатын, көп жағдайда бір-біріне қарама-қарсы қасиеттерді бойына алдыра алатын күрделі, шыншыл бейнелер болды;

– Б.Шалабаевтың повесінде өзіндік сөз саптауы, өз қолтаңбасы бар. Оның шығармасындағы басты ұтыс – баяндау тәсілінде. Қаламгер жалпыхалықтық тілдегі көріктеу құралдарын (теңеу, эпитет, метафора, метонимия, т.б.) өзіндік сөз саптау мәнеріне сай елесп-екшеп, шеберлікпен пайдаланып, жетілдіріп қолданғанына көз жеткіздік;

– повестегі кейіпкерлердің жан дүниесінің әлемін суреттеу шеберлігі, тіл өрнегі, характердің ашылу тәсілі, сюжет пен композиция құрылымының ерекшелігін саралай келе, шығарманы көркемдік және тарихи шындық жағынан көркем әдебиет талаптарына толық жауап бере алған туынды дей аламыз.

Б.Шалабаев шығармашылығы туралы сөз еткенде оның ең алдымен зерттеуші ғалым ретіндегі қызметіне ден қоямыз. Өйткені ол қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму, кемелденіп толысу кезеңдерінің бастау кезінде тұрған санаулы ғалымдар қатарынан орын алады. Осы орайда Б.Шалабаев қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерінің қай-қайсысының да өкілдерінің шығармашылық қарым қабілетіне қалам бұрмай өтпеген. Солардың ішінде көрнекті ақын Жақан Сыздықовтың ақындық өмірі мен шығармашылығына арналған «Жақан шығармалары туралы» [282] және «Жақан Сыздықов» [283] деп аталатын қос публицистикалық очеркіне тоқталамыз.

Ғалым зерттеу нысаны етіп алған ақын Жақан поэзиясының сыр-сипаттарын саралау үстінде қаламгердің сонау 1924 жылы «Бостандық туы» газетінде жарық көрген «Домбыра күйі» өлеңінен бастап «Майкөл тамы», «Әлі қарттың әңгімесі», «Қос қыран» тәрізді кесек поэмаларына дейін шолады. Жәй ғана тізбелемей өлеңдеріндегі саяси мәні бар тақырыптарды қамтыған тұстарда кідіріс жасайды. Бірде ол кемеңгер ақынның шығармашылық зертханасына үңіліп, шеберлік өнерінің сырын ашуға ұмтылса, көбінесе Жақан поэзиясындағы социалистік реализм дәстүрінің қалайша қай деңгейде көрініс тапқандығын сөз етеді. Зерттеушінің біраз ойлары ізгі тілектен туған дұрыс топшылаулар, байсалды тұжырымдар. Әйтсе де оның жаңсақ жалпылама долбармен айта салған сыңаржақ пікірлері де ұшырасады, олқылығы да ара-тұра кездесіп отырады. Тегі сол кемістіктердің салдарынан туса керек, сол кезеңдегі баспасөз беттерінде, кейбір жеке зерттеулерде Жақан Сыздықов мұрасының жайы оқта-текте сөз болып келді. Әрине осының бәрі еріккеннің ермегінен туған арзан ойлар немесе дүмбілез долбарлар емес. Шын мәнінде ұлт мақтанышы Жақан тұлғасын шырқау биікке көтеру, оның асыл мұрасын келешек ұрпақ нәр алатын сарқылмас рухани азық ету. Әдебиетші Ұлы Октябрь революциясының әкелген жаңалықтарын, шаруаның алға басқандығын, Ленинді жырлағандарын қадай айтып, бұлардың «тарихи мәні өте зор», «ірі шараларды өзінің бірнеше шығармаларында жырлай білді» деп баға береді. «Бұларда социалистік құрылыстың айбынды қарқыны, жұмысшы, колхозшы, интеллигенцияның игілікті ісі, оны ұйымдастырушы – коммунистік партиясы мен көсеміміз Сталиннің еңбегі айтылады» деп айрықша айқындай түседі. Бұлардың бәрінде ақынның бағыты айқын, ұстамдылығы мығым дей келіп Жақан поэзиясының дені «саяси лирика» деп нақтылай түседі.

Б.Шалабаев ақынның поэмаларын талдау үстінде бүгінгі біздің толық қосылуға болмайтын шетін пікірлерге барғандарын ашып айту ләзім деп есептейміз.

Әдебиетші «Майкөл тамы» поэмасын «Жақанның ауызға алуға тұрарлық табысы» деп әділ бағасын берсе, «Жақан поэмаларының бірі идеялық және көркемдік жағынан үнемі ойдағыдай болып шықпайды» деп алады да мысалға «Әлі қарттың әңгімесін» сөз етеді.

Б.Шалабаевтың ақынға қояр басты кінәсі неде еді десек, ол «мұнда қиыншылықты жеңгіш совет адамдарының тұлғасы көрінбей, аштықтан шұбырып жүрген бишара пенделер берілген. Ақын совет заманындағы шаруалар тұрмысын қисық елестеткен» [283, 226-б], – дейді. Автор өз ойын одан әрі тереңдете түсіп «Әлі қарт» социалистік реализм әдісімен жазылмаған идея жағынан ұстамсыз шығарма. Ақын өмір құбылысының тәрбиелік мәні бар үлгілі жарқын жақтарын алмай, көлеңкелі күнгірт кезеңдерін жырлайды, поэмада ашаршылық, жұт айқын көрініп, артель тұрмысы көлеңкеде қалып қояды». «Әлі қарттағы» қателік Жақанның социалистік реализмнің көркемөнерге қоятын тілегін түсінбегендігінен туған қателік», – деп түйін жасайды. Енді осынау сыни пікірлерге талдау жасар болсақ Б.Шалабаевтың өз заманының саяси талаптарының табалдырығынан бері аса алмаған, саяси баға беруде социалистік реализмнің ұраншыл сипаттарының аясынан шыға алмағандығын аңғарамыз.

«Әлі қарттың әңгімесі» поэмасын арнайы зерттеген белгілі жақантанушы ғалым А.Есмағұлов өзінің «Тағдыры тәлкекті туынды» атты зерттеу мақаласында Жақан Сыздықовтың осы шығармасының тарихына кеңінен тоқталып өтеді. Әдебиетші: «поэманың алғаш жарық көруі 1927 жыл. Қазақ совет ақындарының тұңғыш коллективтік жинағы – «Жыл құсы» 1927 жылы дүниеге келген-ді. Соның алғашқы санында жарық көрген санаулы шығармалардың бірі де бірегейі осы поэма. Бұдан кейін Қызылорда қаласында шыққан ақынның («Еңбек жемістері» атты) тұңғыш жинағына да (1929 ж.) осы 1927 жылы жазылған ақынның екі поэмасы – «Әлі қарттың әңгімесі» мен «Майкөл тамы» енген болатын.

Бұдан кейінгі жылдары оыс поэмада сөз болған 1920 жылғы «мешін апатынан» да сұрапыл 1932 жылдың «мешін нәубаты» қазақ халқының үштен екісін жалмап кеткенде, ақын поэмасын қайта бастырып шығарды («Әлі қарт», 1934 ж. Алматы). Дәл осы жылы Сәкен Сейфуллин мен Өтебай Тұрманжановтың орта мектептің 5-класы үшін шығарған «Көркем әдебиет» атты оқулық кітабында осы поэманың толық мәтінін келтірген.

Оқулық авторлары поэманың соңынан осы шығарма туралы өз пікірлерін білдірген. «Аштық» атты тарауда поэманың қысқаша мазмұнына тоқталып, ақынның өз туындысын әсерлі, күшті етіп бере алғандығын айтады. Біздің көңілімізді өзіне аударғаны – «Тілі мен көркемдігі» атты екінші тарауы.

Жас қазақ совет поэзиясының көш бастаушысы болған Сәкен Сейфуллиннің осында айтқан пікірін толық келтіре кетуді жөн көрдік.

«Жақан кейінгі жақтардан жетілген көрнекті ақындарымыздың бірі. Жақанның ақындық күшін көрсеткен шығармасының бірі – оыс «Әлі қарттың әңгімесі».

Жақанның тілінің шебер, сөзінің көркем кестелілігін мына бір шумақ өлеңнен байқауға да болады:

Тар құрсағым кеңіткен,
Тас емшегім жібіткен
Әділтай, ботам, құлыным.
Бақайшағым майысқан,
Өкпе бауырым, жұлыным,
Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым.

«Әлі қарттың әңгімесінің» мұнан да көркем, мұнан да күшті жерлері көп-ақ.

«Әлі қарттың әңгімесін» оқығанда еріксіз билеп әкетеді. Оқып шыққанның соңында әңгіменің суреттері көз алдында тұрғандай болады. Сана-сезімің қозғалып, шошынғандай болады.

Баланың өлмей, жем болмай ел қатарына қосылған қуанышты өмірін тілейсің. Надандық шеңберіндегі әкенің қу құлқынына лағынет айтасың. Аштық масқарасына лағынет айтасың. Міне, бұл әңгіменің күші, көркемдік бейнесі».

Осы келтірілген үзіндінің өзінен-ақ оқулық авторларының поэманы жазған қаламгер туындысына бағасын көреміз.

Ал, ақынның өзін де, шығармашылығын да жақсы білетін адамдардың сөзіне жүгінсек қаламгер поэмасына өзек болған оқиға – 1919–20 мешіндегі аштық. Бұған тағы бір дәлел – белгілі жазушы Сафуан Шаймерденовтың «Жұлдыз» журналының 1988 жылғы 12-ші санында басылған «Тағы да аштық хақында» атты мақаласында 1919–21 жылдары қазақ тағдырында болған үлкен ауыртпалық – аштықты айта келіп ол туралы біздің әдебиетімізде өте аз жазылып жүргенін тілге тиек еткен. Автордың тұжырымдауынша, ол кезеңге арналған әзірше оқырманға белгілі екі-ақ шығарма бар – Нұрхан Ахметбековтың «Күланда» және Жақан Сыздықовтың «Әлі қарттың әңгімесі» поэмалары. Міне, біздің ойымызды осы пікір де растай түсетін сияқты. Әрі мәтіннің бірнеше жерінде, әсіресе, қорытынды бөлімінде шығарманың Ұлы Октябрь революциясының 10 жылдық мерекесіне арналып шығарылғаны айқын аңғарылады. Ақынның інісі, көрнекті әдебиетші, аудармашы Қажымұрат Сыздықов осы дәйек-дәлелді айта отырып: «Поэма оқиғасы сол жылдары Ақтөбе облысында болған. Ол оқиғаны ақынға айтып берген 1926–27 жылдары «Бостандық туы» газетінде Жақанмен қызметтес болған белгілі жазушы Жиенғали Тілепбергенов («Таңбалылар» романының авторы, медресе «Ғалия» шәкірттерінің «Садақ» атты қолжазба журналын Бейімбетпен бірге шығарып тұрған). Ақынның «ауыл қарты Әлі еді» дегені, Жиенғали есімінің соңғы екі буыны, өйткені Жиенғали кейбір шығармаларына солай қол қоятын еді» – деген болатын», – деп жазады әдебиетші А.Есмағұлов.

Кезінде Сәкеннің өзінен жоғары баға алған поэма 40–50 жылдары мүлде ұмытылды, егер айтыла қалса да тек датталып келді. Бұл жылдары аталмыш поэма ақын тағдырына әсер етіп, басын тәлкекке қалдырған болатын. Кезінде, жоғарыда келтіргеніміздей, Сәкеннің өзінен жоғары баға алған, Бейімбет Майлин мен Сәбит Мұқанов, белгілі ақындар Сәду Машақов, Қалижан Бекқожин, Әбу Сәрсенбаев талдауларынан поэмаға оң баға берілгендігін, аштық тақсіретін бастан кешкен, жандардың замана әкелген зобалаң нәубетті кезін ашы да болса ашық айтып, батыл суреттегендігін аңдау қиынға түспейді. Ал Б.Шалабаев болса бұл шығарманы мүлде теріске шығарып, орынсыз сынады. «Ақын кейде шындықты бұрмалап өмірдің кездейсоқ құбылыстарын жырлайды. Мысалға, Жақанның 1927 жылы жазылған «Әлі қарттың әңгімесі» деген поэмасын алайық.

Мұнда қиыншылықты жеңгіш совет адамдарының тұлғасы көрінбей, аштықтан шұбырып жүрген бишара бенделер берілген. Ақын совет заманындағы шаруалар тұрмысын қисық елестеткен.

Соңғы әзірге шейін «Әлі қарт» поэмасының әлеуметтік мәні дұрыс ашылмай, теріс бағаланып келді. Кейбір әдебиетшілер оны оқу құралына енгізіп, талдау берді.

Шынында «Әлі қарт» – социалистік реализм әдісімен жазылмаған идея жағынан ұстамсыз шығарма. Ақын өмір құбылысының тәрбиелік мәні бар үлгілі жарқын жақтарын алмай, көлеңкелі күңгірт кезеңдерін жырлайды, поэмада ашаршылық, жұт айқын көрініп, артель тұрмысы қалтарыста қалып қояды.

Шығармадағы адамдар болашағы үшін мақсат қойған кәдімгі адамдар емес, коллектив өмірінен, әлеумет өмірінен тысқары тағы адамдар тәрізді.

Осы фактының өзі-ақ Жақанның «Әлі қарт» поэмасында советтік Қазақстан шындығын қисық көрсеткенін дәлелдейді. «Әлі қарт» тағы қателік Жақанның социалистік реализмнің көркемөнерге қоятын тілегін түсінбегендігінен туған қателік» [283, 226-б], – деп жазады.

Б.Шалабаев «артель тұрмысы қалтарыста қалып қояды» деп кінәласа, поэма оқиғасының 1919–1921 жылдардағы нәубетті кезеңді суреттеу үстінде әлі іске кірісіп, табысқа жете қоймаған қай артельдік тұрмыс әспеттелмек?! Онымен қоймай, «социализмге жабылған жала деген пікіріне сүйеніп сыныққа сылтау іздеген кейбіреулер, басқаны қаралап, өз басын арашалау үшін Жақанның бұл поэмасы фашизмге қызмет етті, сондықтан бізге жат» деп даурыққан да еді және сол үшін ақынды партиядан шығарып, басын тәлкекке де салған болатын. Әрине осының бәрі Жақанға жаққан күйе, сылдырсуайт олқылық, поэзиясына жат дүниелер.

Шығарманың өне бойында адамды өзіне тартып алатын, кейіпкерлермен жан-дүниенді араластырып, олармен бірге күйзеліске түсіретін, олардың қайғысына ортақтастырып, олармен бірге қуаныш бөлістіретін керемет бір күш бар. Ол – шығарманың тілі. Өйткені ол түрлі бояу, нақыштарға толып, адамның жан-күйін дәл басып бере аларлық дәрежеде. Поэмада теңеу, салыстырудың сан түрлері шебер жымдастырылған. Оларды түгелдеп жатпай-ақ, бір-екеуін келтірсек те жеткілікті.

Түйір бидай, тілім нан.
Келгендей-ақ Қырымнан
Бір әйелге құн болды, – деп астың адам үшін аса қымбаттығын, зәрулігін айтса:

Шортан шалып, қарағай,
Алды артына қарамай,
Аштық бейне жын болды, – деп осы кезеңдегі тіршілік атаулының бәріне тақсырет тартқызғанын шебер көрсете білген. Әрі ел аузындағы мақал-мәтелдерді де шебер пайдаланған.

Жақанның бұл поэмасы қазақ поэзиясының қол жеткен үлкен табыстарының бірі еді. Сондықтан да оны кезінде Сәкен де, бейімбет те, Ілияс та өте жоғары бағалаған еді дедік. Ақынның замандас інісі, Қазақстанның халық ақыны Әбділдә Тәжібаев өз кітабында «Атақты Әлі қартына» қоса талай әсем өлеңдер берген Сыздықов Жақан поэзиямыздың іргесін бекіте түсу үшін өз шегесін қақты», – деп поэманы ерекше атайды. Сәбит Мұқанов болса: «Жақанның ақындығын танытқан оның «Әлі қарттың әңгімесі», – деп ашық айтты.

Б.Шалабаев Жақанның «Қос қыран» (1948 ж.) поэмасын талдау үстінде С.Баймағамбетов пен А.Матросов ерліктерін суреттеуде «бұлардың қимылының сыпатын саяз түсініп, жаңсақ суреттеп алған. Мысалы Сұлтанның ер болуы тұқымына тартқандықтан, арғы бабаларының батыр болуынан ғана еді деген сияқты теріс қорытындыға кедген» деп тұжырым жасайды.

Арғы бабалары батыр болып, солардан туған Сұлтан батыр шығып, қаһарман атанып жатса айып болып па? Біз Б.Шалабаевтың бұл пікірінен де ұшқарлылықты аңдаймыз.

Сыншы Жақан шығармаларынан «фольклорға еліктеушілікті» сынайды, тіпті «Халық ақындарының шығармасында көп айтылатын домбыраны өздеріне беріп-ақ, қиындау, жаңа теңеулермен, көркемдік аспабымен айналасуы керек» деп кеңес береді. «Фольклордағы теңеу, эпитеттерді алмай-ақ сөз үнемдеуге, пікірді қоюлатуға болар еді» деп пайымдайды.

Сан жылдар бойы атағын аспандатып көтеруді қойып, атын атауға, сырын ұғып, жырын жаттауға зар болған зәру кезеңдерімізді естен шығармай, ендігі жерде Жақан Сыздықов арысымызға бағышталған бір ауыз жылы сөзді, жылы лебізді жеті қат жер астынан қазып алған асылымыздай аялай білсек, ол да олжа.

Сөз жоқ, ғалым ақын Жақан Сыздықов поэзиясындағы көркем, өрнекті тұстарымен қатар жеңіл ой, ұйқастағы селкеуліктерді, сөз қолданыстағы әлсіз тұстарды дөп басып, өз талдауының ғылыми сипатын тереңдете алған.

Жоғарыда сөз еткен өз пайымдауымызды түйіндей алсақ, Б.Шалабаев кейбір шетін, ұшқары тұжырымдарына қарамастан кеңестік дәуірдегі басты (әдебиет, өнер, мәдениет) талғам-талап социалистік реализм тұрғысынан табан аудармаған, сол талап үдесінен шығарлық шығармаларды насихаттап, социалистік шындықтың шырайын ашар ажарлы туындылар беруге үндейді. Өз заманының талабы мен мақсат-мұраттары тұрғысында ой түйеді. Бұл

тұрғыда әдебиеттанушы С.Мақырұлының: «Ұзақ жылдар бойына, әсіресе, тоқырау кезеңінде, әдебиет пен өнерге деген көзқарастың біржақтылау болып келгені бәрімізге де белгілі. Өнер туындысын бағалауда оның көркемдік, реалистік, жалпы адамдық сапа-маңызынан гөрі тақырыптық-идеялық жағына айрықша мән беріліп, шығарманы таза идеологиялық құбылысқа саю, осы тұрғыдан тану концепциясы үстем болып келгені жасырын емес» [284, 6-б], – деген пайымдауына жүгінсек, Белгібай Шалабаев шығармашылық еңбек еткен кезеңнің шындығын ұғамыз. Бүгінгі күн талап-талғамы мен сыншылдыққа сайсақ кереғар пікірлер соқтығысы мен келісімге келе бермес ойға бой алдырамыз анық. Дей тұрсақ та жаңашыл әдебиеттің қалыптасуына қажырлы үлес қосқан Белгібай Шалабаев еңбектері бүгін де өмір сүруге, еленуге құқылы.

Әдебиетші, сыншы Белгібай Шалабаевтың қызықты сараптауларға құрылған зерттеу және арнау мақалаларының бір тобы – көркем сөз шеберлерінің өмір белестеріне, жазушылық танымдарына, көркем шығарма жазу ерекшеліктеріне, әдебиет тарихындағы өзіндік сыр-сипаттарына арналған жарияланымдары. Ал әдеби сын ғылым тілімен айтар болсақ, шығармашылық портреттерге қойылатын міндет-талаптарды барынша қуаттайды.

Олай болса, сын жанрын зерттеуші ғалым Дандай Ысқақұлының мына бір теориялық танымына жүгінгеніміз дұрыс болмақ: «Шығармашылық портреттің негізгі объектісі суреткер дегенде оның шығармашылығына ден қойылады. Өмірбаяндық, естелік, толғаныс, құжат сияқты түрлі мағлұмат-әдістер кеңінен қолданылуы мүмкін. Бірақ, осының бәрі – жазушының өзіндік болмыс-бітімін, өзгешелік сипаттарын ашуға қызмет етеді. Ал, шығармаларды талдап бағалауда негізінен аналитикалық талдау тәсілдері қолданылады да, басқалары оған қосымша көмекші әдістер болады. Шығармашылық портретте негізінен талдаушылық тәсілдің орын алуы – оны әдеби портреттің басқа түрлерінен ажыратып тұратын басты белгілерінің бірі» [285, 319-б].

Қаламгердің өзі ұстаз тұтып, үлгі-өнеге алған төл әдебиетіміздің сөз шеберлері, әдебиетші-сыншылары С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Т.Жароков, Д.Әбілев, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов сынды тұлғалардың шығармашылығына ден қойып, қырағылықпен шолып өтіп, өзіндік сыни пікір айтып, ой сараптағанын байқаймыз.

Мәселен, Б.Шалабаев өзінің «Ұлы өзгеріс өрнектері» [286] атты мақаласында Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын талдауға ерекше ден қояды. Ол Сейфуллиннің прозалық шығармаларының ішінде осы мемуарлық романының айрықша орын алатындығын атап көрсетеді. Көлемі 30 баспа табақтық бұл романда жеті жүзге жуық кейіпкер тіршілік етеді. Сан қилы тарихи фактілерден бас құраған Қазақстанда Совет өкіметін құруға атсалысқан адамдар тарихы барынша шындықпен суреттеледі деген Шалабаев «әділдік үшін, совет өкіметін орнату үшін күрескен халықтар достығын «Тар жол, тайғақ кешудей» тарихи нақтылықпен ашып көрсеткен шығарма әзірге жоқ дерлік» деп баға береді.

Бұл романның құндылығын зерттеуші «жаңа дәуірдің жаңа адамдарының жарқын да бірегей бейнелерін жасағандықтан да құнды» деген келісті пікірмен тұжырымдаған. «Сейфуллиннің естелік-өмірбандық романы қазақ халқының тарихындағы өзгеріс кезеңінде, ескіні қиратып, жаңаны орнықтыру мәселесі қатты қойылған кезде жазылды. Демек «Тар жол, тайғақ кешуді» белгілі бір тарихи кезең, қазақ халқының өзі жаршы болған алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікірі бейнеленген көркем документ деп қабылдауға толық негіз бар» деген Шалабаев пікірі бұл еңбекке берілген дәл де оң баға.

Әдебиетші Сәкен Сейфуллин романы жайлы орынды ойларын білдіре отырып, одан көп нәрсені оқып-үйренуге болатынын аңғартса, екіншіден, көркем талдаулары арқылы әдеби сын төңірегіндегі өзінің салмағы да салалы білімін танытады.

Сыншының Мұхтар Әуезовтың қазасына байланысты «заңғар жазушыдан» айрылған уақытта кешкен жан сарайындағы арпалыс, ішкі ой-толғамдары жазуға итермелеген «Асыл өнердің ұстасы» [287] атты мақаласында қазақтың ұлттық алғашқы эпопея-романы «Абай», «Абай жолының» авторы Әуезов көтерілген белесті биіктікті қаламгердің бір сырлы, сан қырлы қарым қуатын, суреткерлік сипаттарын әңгімелей отырып, алға тартады. Оның алғашқы әңгіме, повестерін «қазақ әдебиеті тарихында өзінің қайталанбас жаңалық ерекшеліктерімен ұя тапқан, белгілі бір мерзімнің қайшылыққа, күреске, алға басуға бағытталған құбылысын меңзейтін ескерткіштер» деп баға береді.

Ғалым Әуезов драмаларын төрт арнадан іздестіріп, оған нақты мысал, дәлел дәйектемелер жасайды.

Бірінші – тұрмыс-салт мәселелеріндегі кертартпалықты шебер әшкерелейтін, шынайы махаббат, сүйіспеншіліктің жарық жұлдыздарын бетке ұстаған «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше, тоқал», «Қара көз» драмалары десе, екінші – халықтық бай ауыз әдебиетіндегі кесек тұлғаларды жасампаздықпен өңдеп сахнаға лайықтады дей келіп, оларға «Бекет», «Айман-Шолпан», «Қобыланды» драмаларын жатқызады. Үшінші – ұлт азаттық қозғалысының күйін шертетін «Түнгі сарын», «Абай» трагедиясы деп есептесе, төртінші арнаға қазақ халқының ұлтқа айналу процесіндегі жарты ғасырлық қаһармандық күресінің белесті асуларын бейнелейтін пьесалар дейді де оған «Тартыс», «Октябрь үшін», «Ақ қайың», «Тас түлек», «Алма бағында», «Шекара», «Қынаптан қылыш», «Сын сағатта» т.т. жатқызды.

Советтік Қазақстанның өткені мен бүгінгі шындығын, ондағы компартияның жетекші ролін терең бойлай суреттеген қаламгер ретіндегі еңбегін бөле жара сөз етеді. Онысын Әуезов қаламынан шыққан «Шекара», «Жуандық», «Шатқалаң», «Үш күн», «Хасеннің құбылыстары», «Құм мен асқар», «Бүркітші», «Іздер», «Білекке білек», «Дос-Бедел дос» тәрізді туындыларымен өз ойын бекітеді.

Ғалым жазушының ойлағанын бірден таппай іздену үстінде аяғын шалыс басқан кездері де болды дей келіп, Отанын, Қазақстанның барған сайын өркендеп, кемелденуіне лайықты қызмет етті деп тұжырым жасайды.

Ірі суреткерге тән шыншылдық пен арман, яғни реализм мен романтизм қабысып отырды деген пікір сабақтайды.

Ал Әуезов талантының тамаша үлгісіндей болған «Абай жолы» эпопеясын сөз ету үстінде Шалабаев заңғар ғалым Қ.Сәтбаевтың осы шығармаға берген бағасын орынды сөз етеді. «Әуезов романдары үздік көркем шығарма ғана емес, өресі үлкен бағалы ғылыми еңбек. Бұл – қазақ халының өткенін зерттеуші тарихшы, тілші, әдебиетші, тағы басқа гуманитарлық ғылым өкілдеріне өте бай тыңғылықты материал беретін, олардың егжей-тегжейімен таныстыратын кітаптар» деген Қаныш Имантайұлының лайықты бағасына ден қояды.

Шалабаев бұл пікірмен ғана шектеліп қалмай Н.Тихонов, Луи Арагонның Әуезов шығармашылығына қатысты жарқын пікірлерінен пайым түйеді.

Бір сөзбен айтсақ, Б.Шалабаев қысқа да болса нұсқа мақаласында ұлы ұстазына жоғары баға бере отырып, оның шығармашылығының жарқын тұстарын бірсыдырғы талдай алған.

Қоғам қайраткері, белгілі сыншы А.В.Луначарский былай деген екен: «Сыншы жай көзге әншейінде көріне бермейтін сұлулықтарды көре біліп, жаңалық ашып отыруға тиісті». Олай болса, Б.Шалабаевтың бұл естелік мақаласының құндылығы – М.Әуезов сынды ұлы суреткердің адамгершілік, азаматтық болмысын танытуда шынайы көңілмен, әсерлі сезіммен қалам тартуында.

Б.Шалабаев өз зерттеулерінде Әуезов шығармашылығына жиі қалам тартып отырған. Соның бір дәлелі оның «Асыл туынды» деп аталатын енді бір мақаласы.

Автор Әуезовтың ұлы туындысы «Абай жолы» эпопеясын арнайы сөз етеді. Бұл эпопея «түр мен тектілік ерекшелігі жөнінен тек қазақ әдебиеті ғана емес, дүние жүзілік сөз өнеріне өзіндік жаңалық әкелген шығарма» деген тың пікір айтады. Онысын төмендегі ойлармен орайлас қарастырады.

«Мұнда ғылым мен әдебиет қабыса қосылып кетті. Қазақ халқы жасаған тарих қайта тіріліп, кейінгі ұрпақтарға шын жайды сурет, тірі сәулетті мүсін ретінде ерекше әсер, өзгеше ықпалмен танытты. Кешегі қазақ өмірінің шындығын көркем де ғылыми ақиқатты «Абай жолынан» тапты» деп түйіндейді.

Эпопея қазақ ауылындағы түрлі әлеуметтік жік пен топтардың қиян-кескі күресі, бай мен кедей арасындағы талас тартыс – қазақ өмірінің ішкі-сыртқы сипаты түгел көрініс тапқандығын тап басып таниды сыншы. Бір елдің ғасырлық тіршілік болмысын сипаттаған автордың дүние тануы мен энциклопедиялы білімділігін бөле-жара сөз етеді. Сыншы Әуезовтың әлеуметтік ғылымдардың іргелі жетістіктерін игергендігін, сонысын эпопея жазуда жіті қолдана алғандығына назар аударады. Қазақ әдебиетінде ежелден басым болып келген поэзия мен совет дәуірінде өркендеу, даму жолына түскен проза өзара қабысып, екеуі бір оркестрдің үні боп, барлық әлемге дауысын естірткен жаңа аспапты проза жасады. Бұл жәйіт қазақ романын философиялық тарихи эпопея дәрежесіне жеткізді деген құнды пікір айтады.

Шалабаев романдағы кейіпкерлердің жеке басы, қоғамдық қатынастағы қасиеттерінің түгел қамтылғандығын, жас ерекшеліктеріне қарай психологиялық характерлерінің аса нанымдылығына да назар аударады.

Ғалым «Абай» эпопеясына дейін де қазақ топырағында ірі әлеуметтік мәселелерді көтерген, талай тақырыпты, неше алуан проблемаларды қойып, оларды өзінше шешкен романдардың болғандығын сөз ете отырып, Әуезов оларға және әлем романистерінің еңбектеріне сыни көзбен қарап екшегендігін, сөйтіп олардың бір де біреуін қайталамаған эпопея тудырғандығын қадай айтады. Бұл социалистік реализм әдісінің жарқын көрінісі дегенді де қосып қояды. Әуезовтың атқарған ізгі міндеті – тарихи шындықтың шынайы суреттерін жасай отырып қазақ халқының бойындағы іштей шөгіп келген рухани күш-қуатты көрсеткендігі, халықтың мойымас рухын, жарқын келешегі үшін тайсалмай күрескен сарқылмас қайратын көрсеткендігі, орыс-қазақ достығының тарихи қалыптасқан бұлақ көзін көрсеткендігі деген пікірге де қосылуға әбден болады.

Ғалымның көрнекті қаламгер Сәбит Мұқановтың туғанына 60 жыл толуына арнаған «Ақын аға» [288] мақаласында Сәбиттің бір қыры – ақындығына талдау жасалады.

Сәбиттің саяси лирикаларына тоқталған сыншы бұрынғы дәуір әдебиетінің қалпын өзгертіп, тың идея, мазмұн жағынан жаңарған поэзияның сапалы жанрына айналғандығына назар аударады. Саяси лириканың дамуы мен өркендеуіне зор еңбек сіңірген Сәбит отаншылдық, халықтар достығы, компартияның жетекшілік ролі, қазақ елінің қол жеткен табыстары, тәрізді алуан арналы тақырыптарды толғады.

Сәкен Сейфуллиннен кейін Маяковский дәстүрін жалғастырушы Сәбит Мұқанов болғандығына ғалым назар аударады да қазақ өлеңдерінде бұрыннан бар бунақты буынға бөліп, өлеңдік жолдың сынын көбейткендігін, бұрынғы 7–8 буынды ерікті ұйқасты жаңа мазмұнға сәйкестеді; ескі өлең ұйқасын батыл өзгерту тәсілін он бір буынды өлеңге кең қолданды деп ой сабақтайды.

«Ақын «Ақ аюға» шейін араға «Батырақ», «Октябрь өткелдерін» салып, әдебиетімізде жаңа саналы дастанның галереясын жасады» деп оң баға берген Б.Шалабаев ақынның шырқап көтерілген биігі «Ақ аю» дастаны деп атап көрсетті.

Шынында да Сәбиттің 1935 жылы челюскиншілер ерлігін арқау еткен бұл туындысы поэзиямыздағы ірі құбылыс болды. Ақын өз заманын, өз дәуірі, оның адамдарының қаһармандығын бар шабытпен жырлады. «Жазушының эпикалық шығармаларын айтпағанның өзінде, бір ғана қазақ совет поэзиясына қосқан үлесі, оның қанат қаға өркендеуіне, өсуіне қосқан үлесі теңдессіз зор үлес» деп түйіндеуіне қосылуға әбден болады.

Дей тұрсақ та сыншы ғалым Сәбит Мұқанов тәрізді кең арналы қаламгердің басқа да эпикалық дүниелерін сырып қойып «Ақ аюмен» ғана шектелуіне қанағаттана қоймадық.

Қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі Ғабит Мүсіреповтың 80 жылдығына орай жазылған «Көркем сөздің зергері» [289] мақаласы

Мүсірепов шығармасындағы шеберлік, көркемдік сыйпаттарды ашып көрсетуге арналған. Оның: «Жазушының өзіндік өрнегін белгілейтін асқақ романтизм мен нәзік лиризм, философиялық толғам мен өткір сатира, жылы юмор мен публицистикалық пафос бірін бірі жоққа шығарып, жеке дара шашырап жатпайды, қайта жымдаса өріліп, жазушы творчестовсында нәзік жарасым тауып тұрады. Сол арқылы өмір келбетін, адам бейнелерін толығырақ, бұрын белгісіз жаңа қырынан жарқырата көрсетеді» деген ауқымды да терең сезімталдықпен берген бағасы Мүсірепов шығармашылығын дұрыс та әділ тұжырым деуге негіз береді.

Өнерді ең алдымен сапа деп түсінетін Мүсіреповтің тіл шеберлігі, «бір сөзі екінші сөзге сәуле түсіріп тұрар» қасиеттерді қастерлей білуі, сөйлемде артық сөз айтпау амалдары қаламгердің аз жазса да сөз жазар құдіреттілігін айқындайды.

Шалабаев жазушының атақты «Оянған өлке» романындағы жиі кездесетін сөз мағнасын ойнатып, астарлап жұмсау шеберлігіне нақтылы мысалдар келтіреді, сол мысалдар арқылы Мүсірепов сатирасы мен юморының ғажап сыйпаттарын алға тартады. «Қасқыр ішігін қабырғаға құрметпен іліп, жеңіл пұшпақ ішікпен келіп Жұмабек қожайынға қол созды».

«Омырауы да, құрметтеп ұстайтын сақал мұрты да қанға боялған Жұмабек тез шығып кетті», «Бұл үйдің қоңырауға көрсетер ерекше құрметі бар еді...» Шалабаев «құрмет» сөзін қолданудағы жазушы шеберлігін, ажуа, мысқыл орнына жүріп тұрған «құрметтің» қасиетін ұғындырады.

Бұл мақаласында Б.Шалабаев «сөз зергері» атанған, «сөзден түйін түйетін» шебер ісмер Ғабит Мүсіреповтің жазушылық табиғатына сипаттама беріп, қаламгердің тіл ұстарту шеберлігіне ерекше назар аударады.

Ол: «Ғ.Мүсірепов – үлкен жазушы, шебер драматург, сценарист қана емес, туған әдебиеттің шын мәніндегі қамқоршы, жанашыры да. Оның шығармалары әрқашан сырласудан жалықтырмайды. Өмірдің шынайы шындығын, алуан-алуан суретін бойына сіңірген сұлу кітаптар үлкен жүректің перзенті екенін танытады. Оның туындылары бір ұрпақ емес, әлденеше ұрпақтың, өскен талғамына толық татитын шығармалар» деп Ғ.Мүсірепов еңбектерінің өміршендігіне, өскелең ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңыз атқаратынына сенеді.

Тіл – халықтық құбылыс. Халық тілінің өміршендігін, сан қилы сыр шертуін, тілдік құбылыстарды орнықты да шебер қолданысқа түсіру әр жазушының басты міндеті екендігін дәл ұққан Б.Шалабаев: «Біздің Ғабит халықтың тілін қор етпей, мың құбылтып, құйқылжытып, сиқырлы әуендер тарататын жазушы. Өзгенің әуені емес, оның өз тілінен, өз болмысынан жарып шыққан жаңа леп, сыршыл күйлер оқушының құлақ құрышын қандырып, санасын марқайтады. Сол себепті де Ғабит туындыларын қашан оқысақ та әмсе тәтті әсерге шоматынымыз бар», – деп қаламгер ішкі ойын бүкпей, жазушы тілінің ерекшелігіне, еңбектерінің өміршендігіне, өскелең ұрпақ тәрбиесінде елеулі маңыз атқаратындығына кәміл сенеді.

Сөз өнері – түпсіз терең әлем болса, жазушылардың міндеті тілдің нақтылығын, дәлдігін, бейнелілігін айқындай білу екендігін тілге тиек ете

отырып, «шын шеберлік дегеніміз – әр сөздің өз орнында ғана қолданылуы» деп түсінген Белгібай былай дейді: «...Сөз жүйесінде дыбыс қателерін, бояу шалағайлығын, талғам дәмсіздігін жібермеу үшін біздердің – «алыптар тобы» атанған буын жазушылардың тілі тарландарынан үйренуіміз заңды, сол тарландарының бірі – Ғабит Мүсірепов екені тағы хақ». Бұл жолдардан Б.Шалабаевтың өзінің алдындағы сөз зергерлерінен көп оқып, мол үйреніп, тамаша тәлімалуға талаптанған қаламгер екендігін аңғаруға болады. «Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену» оның сыншылық табиғатына сай екенін аңдаймыз.

Көрнекті ғалым Есмағамбет Ысмайыловтың «Сын және шығарма» (1960 ж.) атты мақалалар жинағын талдаған «Сынға қосылған үлес» [290] және «Вклад критика» [291] Шалабаев мақалалары кітаптағы үш тараудың әр қайсына жеке-жеке тоқталып, олардағы зерттеу мақалалардың құндылығына, көтерген мәселелердің мәнділігіне ден қояды. Ғалымның жауынгер сынның дамып отырған әдебиет пен күнбе күнгі байланысы, және әдебиет тану ілімі мен сынның бір тұтас жанр болып қалыптасу процесін айқындау мақалаларының қазақ эстетикасы мен сынның тарихын жасаудағы желі тартылған, бай материалдар мен фактілерге толы екендігін атап айтуын орынды санаймыз. Қазақ совет әдебиетіндегі поэзияның жалпы жағдайы, эстетикалық мәселе, ақындық шабыт, лирика, поэма, жазушы таланты туралы Ысмайылов ой толғамдарын Шалабаев барынша шынайы қалпында танып, түйсінеді. Сондай-ақ таңдаулы романдарға талдау жасаған, әдебиеттегі орнын анықтаған мақалалардың маңызын ашып береді. Автордың көрнекті ақындардың өмірі мен шығармашылық жолын ғылымдық тұрғыдан тексере отырып, олардың өзіне ғана тән ерекшеліктерін екшейді, қазақ поэзиясына тән ортақ заңдылықтарды ашып түйіндейді деген пікірін қолдауға әбден болады.

Ысмайыловтың «Абай жолы», «Жұмбақ жалау», «Миллионер» романдарына байланысты ой тұжырымдарын, жалпы роман жанрының тарихы мен теориясын, оның қазақ әдебиетіндегі даму сыйпаттарын сөз етуін орынды санайды ғалым. Ол сонымен бірге көркемдік сапа, шеберлікті жетілдіру мәселелеріне ерекше ден қоя отырып, кемшін тұстарды ашу үстінде ешкімнің бедел абыройына қарамай әділ баға беретіндігін жоғары бағалайды.

Шалабаев ғалым ағасының 1930–1940 жылдардағы қазақ поэзиясының жағдайын терең талдау үстінде кемшін тұстарды шебер ашып көрсететіндігін, ақынның неден ұтып, неден ұтылғандығын өткір сынға алуын барынша құптайды. Асқар мен Қасым ақынның стилі, шеберлік қырлары, қалыптасуы, новаторлық іздену өресі, сатира мен поэма жасау мәселелеріне ерекше ден қояды.

Шалабаев ғалым ағасының кітабін талдау үстінде орын алған кемшін тұстарға тоқталып, өз ойын алға тартады. Мәселен «Есмағамбет шешпегенде кім шешеді деген оқушы жұртшылық күтіп отырған кейбір проблемалардың аты аталғанмен, олар туралы тиісті дәйектеме жоқ» деуін, немесе сынның тарихын баяндаған уақытта сол сынның қалыптасу жолындағы

қайшылықтарды ашып айтпайды, деуімен қосылуға болады. Бұл орайда Б.Шалабаев Ысмайылов тәрізді көрнекті ғалымның назарынан қағыс қалған мәселелердің мәнін ашуда өткірлік байқатады. Сынның құндылығы, сыншының құдіреттілігі де осында.

«Қазақ совет әдебиетінде реалистік дәстүрдің қалыптасуы әңгіме болғанда автор алдымен прозалық шығармаларды айтады. Біздіңше бұл талас тудыратын пікір. Өйткені қазақ совет әдебиетінде алғашқы дәуірде поэзия жанры басым болды» деуіне де ден қоюға болар.

Бір сөзбен айтқанда осындай ой тоқтатар тұстарға қарамастан Б.Шалабаев ғалымның «Сын және шығарма» кітабіне жоғары баға береді, «бұл әдеби жинақ сыншының өсіп қалыптасу жолын анықтайтын бағалы еңбек болмақ» деуі соның дәлелі.

М.Базарбаев, Т.Беисов, Б.Сахариеттің авторлығымен 1956 жылы екінші рет басылып шыққан «Қазақ совет әдебиеті» атты оқулыққа қатысты өткір сын, ұтымды ұсыныс білдірген Шалабаев позициясы ғалымның зор талапшыл, талғампаздығын, білікті білімдарлығын «Қазақ совет әдебиетінің оқулығы туралы» [292] рецензиясынан аңғарамыз.

Ғалым «бізге үлгі, өнеге болған, жазушы, ақындарымыз үнемі үйреніп, тәлім-тәрбие алған орыс әдебиетін атау, алға ұстау өте дұрыс» дей келе «алайда оқулықта осы мәселені жете ойлану, толғану, зерттеу дәрежесіне көтерілмей, жаттампаздыққа, дайын жобаны қайталауға айналған» деуі орынды-ақ.

Мақала иесі «оқытушыларды да, оқушыларды да тұйыққа тірейтін дәлелсіз екі ұшты сөйлемдер аз емес» деген сынды алға тарта отырып онысын нақты мысалдармен дәлелдейді.

«Т.Беисов жазған бөлімдерінде әдебиетке тән жанды, тартымды, қызықты сөйлемдер жоққа тән» деген өткір сынды да Шалабаев дәлелмен тұжырымдайды. «Оқушыларды көркемсөз өнерінен жирендіретін құрғақ тізім берілген» деуі де өте-мөте орынды. Оқулықта Иса Байзақов, Асқар Тоқмағамбетовке үш-төрт сөйлем берілуі тіпті ұят деген астор С.Мұқановтың «Ботагөз», «Сырдария» романдары талдаудағы ала-құлалық сыйпаттарын өткір сынға алады. Ғалымның «әрбір жазушының көрнекті еңбектеріне берілетін талдау қысқа, мазмұнды, орта мектеп оқушыларының түсінігіне сай, әдебиетті оларға сүйдіретін, құнды болуы керек» деген пікірі өзінің актуальдылығын әлі күнге жойған жоқ. Өйткені мектеп оқушылары күні бүгінге дейін сапалық жағынан талап үдесінен шықпай отыр.

Б.Шалабаев өз дәуірінің заңғар тұлғалары М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Т.Жароков, Қ.Аманжолов тәрізді қаламгерлердің шығармашылықтарын зерделей зерттеумен қатар, есімі елге таныла қоймаған Ә.Жиреншиннің шағын новеллаларына да шолу жасайды. Бұл ірі сыншының жалпы әдебиетке, оның өкілдеріне өгейлігі жоқ қамқорлығын аңғарамыз.

Ә.Жиреншиннің «Кішкене айна» новеллалар жинағында бас құраған шығармаларын «Кішкене айна» [293] рецензиялық мақаласында сөз етеді. Жинақтағы «Нағыз адам» новелласын маңдай алды туынды деп бағалаған

автор ондағы Темір бейнесін едәуір сөз етеді, кейіпкер образын сомдаудағы табысын тілге тиек етеді.

«Еркелік» новелласының құндылығын бала тәрбиесі тәрізді келелі мәселеден іздестіреді. «Алғашқы айқастағы» ақтар келіп қалады деп әбігерге түскен ауыл адамдарының сыйпатын нанымды көрсете алғандығын атап көрсетеді. Дей тұрсақ та Б.Шалабаев назарынан жазушының «Көбелек», «Апанға түскен молда» әңгімелерінің әлсіз тұстары қағыс қалмайды. Ондағы нанымсыз, нашар екі ұшты шыққан образдарды сыншы орынды сынады, алда мұндай олқылықтарға орын бермеске үндейді.

Б.Шалабаев осындай талдауды Д.Әбілевтің «Алтай жүрегі» атты романында да жасаған. «Эпос наших дней» [294], «Новый шаг в казахской поэзии» [295] атты зерттеу мақалаларында алдымен, Диханның романында ауыз толтырып айтарлық әсерлі тұстары бар барлығын сөз етіп, айталық, Риддер жұмысшыларының В.И.Ленинмен кездесу сәті, Зейнеп пен баласы Есейдің тағдырының нанымды да әсерлі суреттелгендігін баяндайды. Әйтсе де: «Жеке компоненттер, тіпті тұтас тараулар қаншалықты құнды болса да босаң романды ширата алмайтыны, олқылықтан құтқара алмайтыны бар. «Алтай жүрегі» де сондай халге душар болған» – деген сыншы романның кемшін тұстарын алға тартады да өз ойын жалғастыра түседі, «Вместо того чтобы рисовать яркие картины из жизни и борьбы своих героев, автор иногда заполняет страницы романа беглым пересказом событий; ряд важных эпизодов, сточки зрения раскрытия характеров персонажей, происходит за пределами романа, и мы о них узнаем вскользь: например, эпизоды с Зульгул в ауле отца, освобождение Зульгул Деевым и клеветническое обвинение Деева в том, что он помогает дочери бая. Эпизоды в ауле Торана могли бы еще полнее раскрыть характеры Зульгул т Торана, показали бы жизнь казахского аула, классовую дифференциацию его населения.

В обрисовке некоторых персонажей Дихан Абилов оказался в плену литературных схем. Литературным злодеем вфглядит, например, Гум. Требуют более полной разработки образы таких положительных героев, как Яшка, Горин, Уваров» [295, 110-б], – дейді. Одан әрі геройлардың біразы өмірден алынбай, ойдан шығарылғандығын, сондықтан да нанымсыз бейнелер туғандығын, адамдардың бір-бірімен байланысы қарадүрсін суреттелгендігін, романның конфликтісі 30-жылдардағы схематизмге құрылғандығын, кейіпкерлер психологиясын ашып, іс-әрекеттерін баян ету орнына, автор жалаң ақыл айту, жиналыстарды баяндау тәрізді келеңсіздіктерге жол бергендігін аңдатып, өз ойын нақты айғақтармен дәлелдейді.

Сыншы: «Диханның бұрынғы өлеңдері сазды, нұрлы шаттыққа толы болушы еді. Соның бәрі сөз болып отырған соңғы шығармаларында ығыстап, өз орнын құрғақ сөздер тізбегіне босатып бергеніне қатты қынжыламыз.

...Дихан өндіріс тақырыбына қызығып, үлкен шығармалар жазған-дағы, бірақ сол өндірістегі адамдарды, олардың ойларын, мінездерін зерттеп жетпеген. Сондықтан бұл шығармаларда сезім жоқ, көңілге қонымсыз жалаң ақыл ғана бар. Бұның өзі үстірт үгітке әкеліп соқпай қоймайды» [294, 110-б],

– деп ақынның жалпы қабілетіне, жетістіктеріне жанашырлықпен қарап, сол тұстағы кемшіндіктің болуы – ақынның тақырыпты жете игермеуі мен кейіпкерлер болмысын толыққанды танымауында жатқандығында екендігін пайымдайды. Десек те, «И все же в целом «Знамя в горах» Дихана Абилева – первый в казахской советской поэзии роман в стихах о рабочем классе – является большой удачей поэта. Нельзя не присоединиться к оценке, которую дали роману Дихана Абилева такие мастера художественного слова, как Мухтар Ауэзов и Габит Мусрепов.

«Познакомившись в оригинале с новым трудом – романа в стихах тов. Абилева, – писал М.Ауэзов в письменном отзыве, датированном 11 июля 1953 года, – я вынес, в целом, весьма положительное впечатление в отношении сюжетно-идейной сущности и достоинств данного произведения.

В книге отражен сложный, драматичный и динамично-напряженный процесс борьбы трудового народа в решающие годы революции.

Ведущие лица в романе индивидуально очерчены достаточно четко и разнообразно. Убедительно, последовательно обрисована ведущая роль русского пролетариата и его сознательной, активной части в формировании сознания национального пролетариата в бывшей царской окраине – Казахстане.

Без натяжек и схематизма, а в жизненно оправданных, исторических ситуациях показа роль партии в борьбе народа за освоение богатств своей Родины. Роман насыщен значительными событиями, борьбой, волевыми поступками действующих лиц».

Габит Мусрепов в рецензии на роман Дихана Абилева говорит:

«В истории казахской советской литературы вплоть до сегодняшнего дня мы могли назвать только единственный написанный в стихах роман, – это «Сулушаш» Сабита Муканова. И в мировой литкратуре редко встречаются романы, написанные в стихах. Ибо они и по форме и по содержанию требуют большой глубины и широкого размаха и принадлежат категории трудоемких произведений, создаваемых годами. Поэтому такой вид поэтического произведения в любой литературе занимает особое и заметное место. К этой же категории относится и роман поэта Дихана Абилева «Сердце Алтая» [295, 110-б], – деп өз ойын қос классиктің пікір-пайымдауларымен түйіндейді.

Қорыта айтқанда, Белгібай Шалабаев қазақ әдебиетінің тарихында елеулі бағасы бар қаламгерлердің, ғалымдардың шеберліктерін, шығармаларындағы ерекшеліктерді, жазушылық таным тереңдігін, ғылыми ізденістері мен табыстарын жете түсініп, таныды. Оларды өзгелерге үлгі етті.

Сыншы қаламгерлер шығармашылығынан бүкіл әдеби процеске тән әдеби-эстетикалық тұжырымдар жасауға, олардың танымдық ізденістерін әр қырынан аша отырып, әдеби дәстүрлермен үндестіктерін табуға міндетті.

«Сынның міндеті тек кемшіліктерді таңбалау емес, белгілі бір туындыдан немесе бағыттан, үндес қаламгерлер шығармашылығындағы мазмұндық табысты бастамалар мен жанрлық, стильдік тың ізденіс дәрежелерін даралық күйінде алмай, әлемдік ауқымдағы көркемдік даму

процесімен сабақтастықта қарастырып, әлеуметтік-эстетикалық ой безбенінде салмақтауда жатыр» [296, 108-б]. Олай болса, осынау басты міндет үдесінен толық мәнінде шыға отырып, Белгібай Шалабаев өзінің әдеби-сын жанрындағы табиғи болмысын, қабілетін, дарынын, білімін, ізденістерін, шынайы эстетикалық талғамын айқын көрсете алды.

Сөз шындықты бейнелейді. Қай заманда, қай қоғамда болса да публицистикаға қойылатын талаптың бірі – сөз құдіретімен өз дәуірінің бет-бейнесін ашып көрсету арқылы оның ішкі сырын, болмыс-бітімін танып білуге, сөйтіп, замана ағым келбетінің көкейкесті, өзекті мәселелерін шешуге атсалысу болмақ. Публицистика – өмір шындығын суреттейтін жанр. Өмір шындығын әр жазушы өзінің қалам қабілетіне, білім деңгейіне, тағы басқа қасиеттеріне орай әр түрлі қырынан түрліше суреттеп жазады. Әсіресе публицистикалық мақалаларында өмірден көріп-білгендерін нақты деректер арқылы сипаттайды. Шындық өмірдің көріністерін ой-толғауымен өрнектеп, тіл шеберлігі арқылы оқырмандар жүрегіне жол табуға тырысады. Бұл Б.Шалабаевқа да тән машық еді. Алдыңғы аға буын мен өз замандастарының қалам ізін тани білген Б.Шалабаев төл әдебиетіміздегі сөз зергерлері мен мәдениет, өнер қайраткерлері туралы ой-пікірлері шығармашылық портреттерге, шолу, рецензиялық мақалаларға, очерктерге ұласқан жанрлар жақындығының сырларын осыдан іздеген ләзім. Осы ретте Б.Шалабаевтың сөз шеберлігінің ерекшеліктерін анықтайтын мына тұжырымдарға баса назар аударамыз:

– автордың ұнамды қасиеті – қай суреткер, қаламгер, ғалым айналасында болмасын, мейлінше байсалды, жан-жақты, әділ пікір тудыру. Б.Шалабаевтың әр нәрсені алыстан аңғарғыш дағдысы, көкей көзінің жүйріктігі, лайықтыны қадірлеу, ағат басқанды кешіруге бейім, сырттай қатқыл көрінсе де, іштей бауыр тартатын мінезі бейнелеу нысанына алынған жекелеген тұлғалардың даралық қалпын анықтауда зияткерлік, салиқалы жүк көтереді;

– портреттік сын мақаланың қыры мен сырын жақсы білген сыншы Б.Шалабаев айтар ойын алысқа апармай-ақ шығарманың өн бойынан табады. Ол оқыған шығармалары бойынша портреттік сын мақала жазу үшін, алдымен шығарманың ішкі құрылымын өзге шығармалармен салыстыра суреттеуге көбірек бейім келеді. Портреттік сын мақала шолу рецензияға, хат, күнделіктерге қарағанда көлемдірек келеді. Өйткені, портреттік сын мақала – күрделі жанр. Б.Шалабаев ақын-жазушылар туралы портреттік сын мақала, рецензия, эссе-сын жазуға төселген сыншы.

Әдеби сын мақалаларға қарағанда, портреттік сын мақаланың өзіне тән жазылу ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер сыншының білімі мен жазу шеберліктеріне орай өзгеріп, жаңарып отырады. Б.Шалабаевтың портреттік сын мақалаларының жазылу ерекшеліктері де әрқилы. Атап айтқанда:

– портреттік сын мақала көбіне мерейтойларға байланысты жазылады;
– портреттік сфн мақалада кемшіліктер аз айтылып (тіпті айтылмауы да мүмкін), шығармашылық жетістіктер көбірек сөз етіледі;

– автордың өмір белестерінен көбірек түсінік беріліп, шығармаға байланысты айтылған ескертпелер (автордың көңіліне тимей) сыпайы түрде (зілсіз) айқындалып сипатталады;

– сыншының жазу шеберлігі мен өмір деректері жымдасып жатады. Автордың ойы, пікірі ашық айтылып, сыншы ойымен салыстыра түсіндіріледі;

– портреттік сын мақалада – шығарма кейіпкері аз суреттеліп, шығарма авторы жайлы көбірек деректер беріледі. Шығарма авторының ақын не жазушы, сыншы, ғалым болуына орай, шығармашылық деректер – өмірбаяндық деректермен салыстыра сипатталады;

– көпті толғандырған проблемалар автордың білімділік деңгейінде айтылады; – замандастары жайлы бұрын айтылмаған тың пікірлер, ой-толғамдар, көрген-білгендері қорытылым беріледі;

– мақала авторының кім екендігі (жазушы ма, ақын ба, ғалым ба, маман сыншы ма, оқырман сыншы ма, т.б.) таныстырылады.

– портреттік сын мақала – күрделі жанр. Әдебиеттану ғылымында бұл жанрдың алатын орны ерекше. Б.Шалабаев бұл жанрға кездейсоқ түскен жоқ. Ол көп ізденістің нәтижесінде үнемі ой үстінде жүргендіктен, өмір талқысын бастан кеше жүріп, өз айналасындағы танымал ақын-жазушылардың жаңа туындыларын қызыға оқып, нәтижесінде портреттік сын мақалалар, портреттік рецензиялар, эссе-сын мақалалар арқылы сыншылдық шеберлігін шындай отырып, өзін өмірге келтірген қабілетті публицист ретінде таныта алды. Б.Шалабаевтың әдеби сындағы мол еңбегінің биік шоқтығы рецензия сипатында жазылған мақалалары болып табылады. Басқаша айтсақ, оның қазақ әдебиетіне қосылған ең таңдаулы көркем шығармалар жайындағы ой-пікірлері айрықша көзге түседі. Ол проблемалық немесе шолу рецензияларды, жекелеген шығармаларды талдаған рецензия сипаттындағы туындыларды жазды;

– сыншының ой өрісінен туындаған портреттік тұлғалардың әдебиетте алатын орны өзгеше. Б.Шалабаев мақалаларындағы портреттік тұлғалар өмірде болған ақын, жазушы, сыншы, ғалым, өнерпаз жандардың ақыл-ой парасаты мен азаматтық тұлғасына орай жинақталып беріледі. Шығарма кейіпкерлерінің портреттік бейнелеріне көркемдік тұрғыдан қарағанда, Б.Шалабаевтың шеберлігінен туындаған тұлғалардың шоқтығы биік;

– сыншы, публицист Б.Шалабаевтың портреттік рецензияға айрықша көңіл бөлуі – оның сыншылдық шеберлігінің жан-жақты дамуына көп септігін тигізген. Ақын-жазушылар туындыларының жетістіктерін және кемшіліктерін көрсету арқылы ол автордың да шығармашылық шеберліктерін ашуға мән береді. Сыншы сол негізде автордың портреттік тұлғасын айқындайды. Бұл Б.Шалабаевтың сүбелі ойларымен ұштасып, сыншылдық қабілетін де айқындай түскен. Шындығына келгенде, қазіргі әдебиет сыны тарихында Б.Шалабаевтың публицистикалық, әдеби-сыншылдық мұрасының жан-жақты жинақталынып, ғылыми тұрғыда зерттеленуі – әдебиеттану ғылымының өрісін де кеңейтері сөзсіз.

2.2 Белгібай Шалабаевтың көркем аудармадағы шеберлігі

Тәңірдің алқауымен ырзық болып бұйырған өнер атаулының кез келгенінен ләззатын сезу, мехнаты мол, хикметін арқалау бір рухани олжа іспетті. Әлімсақтан адамзат баласы руханият айдынының алуан ажарлы да базарлы алтын тіні – өнердің сан қырлы табиғатын, тылсым сырларын жете тануға ыждаһатпен талпынып, ынтызарлықпен өз ізденісінде төтелей темірқазық ету арқылы игілікке, ізгілік пен жасампаздыққа ұмтылатыны аян. Ендеше адам болмысының рухани тегеріші өнер атты қасиетті ұғымның тілдің ұшынан, жүректің тұсына көшкенде ғана өзінің шын мағынасына ие болып, парасат-пайым мен іс-әрекетке бастайды.

Өресі заңғар өнер құдыреттің кемел бітімді бір пұшпағы – көркем аударма өнері дәл осындай саликалы өнер түрлерінің қатарында. Адамзат тарихында әрбір ұлт, әрбір қоғам алмасу, ауысу, араласу нәтижесінде өмір ағымы алға жылжиды, өседі, өркендейді. Демек, өзінде жоқты өзгеден алады, білмейтінін үйренеді, білгенін басқаға үйретеді. Осындай ауысудың түпқазығы, тиянақты тірегі – аударма. Аударма – халықтың рухани қызметінің, мәдени өмір айнасы ондағы дәуір тынысының ілеспе шежіресі болумен қатар, тіл мәдениетінің жарқын көрінісінің айғағы. Көркем әдебиет аудармасы төл әдебиеттің егіз туған сыңары Һәм үйлесімді үндестіктің гармониялық дәнекері. Әдебиет тарихында бір халықтың еншісіндегі әдеби шығармалардың басқа тілге аударылып, сол елдің рухани қазынасын толықтырып жатуы – ертеден келе жатқан құбылыс. Асылы аударма өнері мен көркем әдебиет қатар жүріп, қатар дамығанда ғана бір-бірінің өсіп-өркендеуіне игі әсер ете алады. «Еш уақытта ешбір елдің әдебиеті, өнері томаға тұйық қалыпта, ұлттық шеңбердің ішінде ғана өсіп жетілген емес. Ана топырағында жаратылған өнер басқа жұрттардың озық, асыл қазыналарынан нәр алып, байығанда ғана өркен жаймақ» [297, 94-б], – дейді ғалым Р.Нұрғали. Осыған ұқсас пікірді ғалым Ш.Сәтбаева да айтады: «Қай халықтың болмасын өнер жағынан дамуында әдеби байланыстар сол ұлт әдебиетінің өркен жая өсуіне, оның әлеуметтік ықпалының күшеюіне септігін тигізіп, сөз өнерінде көрінген халықтың рухани қалпын, арман-мүддесін, өмір тарихын басқа халықтардың даму тарихымен ұштастыруға, сөйтіп олардың өзара бөлісуіне, бірін-бірі құрметтеп, достасуына дәнекер болады» [298]. Бұл келелі, құнды тұжырымдар ұшан-теңіз өмір ағысының барша процесін тоғыстыруға кілтипан болып отырған пәрменді күш – тәржіма маңыздылығын аңғартады.

Аударма жұмысының дәл өзі адамның шығармашылық ісі, рухани өнері. Ал аударманы зерттеу ісін, яғни оның теориясын аударма жұмысының нәтижелеріне, тәжірибелеріне сүйеніп жүргізетін, соларға иек сүйеп танитын ғылыми пән деп тануымыз керек. Ұлттар, халықтар мемлекеттер арасындағы рухани-мәдени, әлеуметтік, экономикалық-сауда қарым-қатынастарының ең қажетті құралы, дәнекер болған аударма жұмысы бұрын да зор рөл атқарған және қазір де солай. Халықтар, мемлекеттер арасындағы сан салалы қарым-қатынас кең өрістеген бүгінгі дәуірде аударма өнерінің маңызы ерекше артып

отырғаны да белгілі. Шынтуайтында осыншама рөлі мен маңызы бар және өмір тынысының барлық жақтарын қамтитын іс-әрекеттің өзіндік теориялық негізі, ғылыми дәйек-тірегі болуға тиіс.

Түпнұсқадағы мазмұн мен форманың бірлігін бейнелеп беретін тіл құралдарын үнемі іздестіретін және оларды жеткізетін мүмкіндіктердің ішінен ең қажетті дегенін тандап алатын аударма өнері соншама күрделі де қиын жұмыс. Осындай іздестіру мен тандап алудың өзінде де үлкен шығармашылық сипат бар, олар ой-сананың белсенді қызмет етуін қажет етеді. Ал көркем әдебиет аудармасын, сондай-ақ жоғары шеберлік, нақышты тіл құралдары қолданылып жазылған көркем стильдегі ғылыми шығармалардың, анығын айтқанда қоғамдық саяси әдебиеттің аудармасын жасау көркемдік творчестволық міндетті шешумен парапар келеді, әдеби шеберлікті талап етеді. Сондықтан олар өнер деп саналады.

Аударма жайында сөз басталып, әңгіме арқауы ағытылса оның күрделі теориясы мен мол тәжірибесіне тоқталмай, айналып кету мүмкін емес. Бүгінде аударма өнерінің тұрақты терминіне айналған «аударма», «сөзбе-сөз» дегендер о баста ең алғаш рет Сәкен Сейфуллин қолданған сөздер екені біреуге мәлім болса, біреуге мәлім емес. Қазақ топырағында ертелі-кеш пайда болған бұл жанрдың алдынан түрлі дәуірдің талай алмағайып бұралаң-бұлтарысы, асу бермес өткелі мен шың құздары, ылдиы мен өрі, зұлматы мен ғибраты кездесті. Даулы, даусыз мәселелер көп болды әлі де көп. Тіпті бір кездері аударма теориясын не әдебиеттану ғылымына, не тіл біліміне тели алмай айтулы ғалымдардың таласып келуінің өзінде мол сыр жатыр.

Аударма өнері әлбетте – тіл өнері. Аударманың құрылыс материалы тіл құралдары, аудармашының іс-әрекеті сол тіл құралдарын орынды қолдану, онымен жұмыс істеу болғандықтан, аударма процесі лингвистикалық тұрғыдан, екі тілдің және олардың стилистикалық құралдары қарым-қатынасының сипаты жайындағы мәселесі зерттеуді қажет етеді.

Ал аударманы әдебиеттану тұрғысынан зерттегеннің өзінде тіл құбылыстарын талдау мен бағалау қажет. Өйткені түпнұсқаның мазмұны дербес, оқшау нәрсе емес, ол белгілі бір формада, мазмұн мен форманың үйлесімді көрініс бейнелейтін тіл элементтерінің бірлігінде тіршілік етеді және аудармада да тек тіл құралдарын жұмсау жолымен оқырманға, тыңдарманға жеткізіледі.

Осы орайда аударма теоретигі С.Талжанов аударма теориясы хақында тұңғыш теоретик, ғалым, ұлы жазушы М.Әуезовтің сөзімен ағынан жарылады: «Аударма теориясын жетелеп, жіктеп қарастырғанда, кейінгі кезде екі түрлі өзгеше бейім барлығы анықталды, бірі аударма тіл зерттеу ғылымының ауқымына енетін сала болғандықтан аударма ісінің мәнісін ұғына отырып бұл мәселені лингвистикалық әдіспен зерттеу жағына қарай тартады, екінші – біздіңше дұрыс бейім, аударманы сөз өнерінің бір түрі деп ұғынады да эстетикалық принциптерді көркемдік таразыны алғы талапқа қояды, сондықтан бұл бейім аударманы әдебиеттану теориясын зерттейтін объект деп қарайды» [299, 32-б]. Ірі аударма теоретигі, әдебиетші Ә.Сатыбалдиевтің де мына бір аталы пікірі жоғарыдағысымен іштей үндесіп

жатыр: «Аударма дегеніміз біздің жағдайымызда тіл ұстартудың нағыз зертханасы. Қазақтың бар сөзі сол зертхана сарабынан өтіп жатыр» [300, 20–21-бб.]. Ондаған, жүздеген өкілінің әрқайсысы арнайы зерттеудің арқауы болып, сан қырымен көп сырымен ашылған сайын аударма теориясы айқындала, беки түсері сөзсіз. Өстіп терең тіл ғылымы мен өскелең әдебиеттану ғылымының салмақты саласы, жігерлі объектісі – тәржіма өнерінің теориясы мен тәжірибесінің іргетасы қаланып, қалыптаса бастағанына ғасырдан астам уақыт та болып қалған екен. Бұл бізге кейіннен келген шығармашылық өнердің түрі. Әрине, ертеректе жасалған аудармалар назира жолымен жасалғанын естен шығармағанымыз жөн. Қазақ аудармасының тарихында да, бүгінгі тәжірибесінде де «тілдер аралық аударма», яғни бір тілден екінші тілге аудару өнері қалыптасқан.

«Аударма теориясы ғылымның бір саласы болып әлі жетілмегендігін, әлі төл күйінде, әрі кеткенде қалыптасып есею күйінде ғана екендігін» [301, 3-б] бұдан жарты ғасырдай уақыт бұрын М.Әуезов атап өткен болатын. Ғұлама жазушының тәржіма ғылымы – аударматану турасындағы тұжырымы маңызын жоғалтқан жоқ, өйткені қазақ филологиясында – әдебиеттанымдық жағынан да, тілтанымдық жағынан да – күні бүгінге дейін аударма теориясының басты дәйектемелері, шешуші негіздері, аударматану ғылымының объектісі мен ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, тәржіма ісіне қойылатын талаптар сияқты өзекті жағдаяттардың анық-қанығы ғылыми тұрғыдан анықталған емес. ХХ ғасырдың өн бойында, әсіресе соңғы жарты ғасырда қазақ мәдениетінде өзге тілден қазақшаға аударудың бай тәжірибесі жинақталды; ал қандайда бір тәжірибенің негізінде ғылыми тұжырымдарды түйіндеу, теориялық негіздемені қалыптастыру – ғылым дамуындағы заңды құбылыс. Аударма – лингвистика заңдылықтарына арқа сүйеу арқылы тіларалық коммуникация міндеттерін шешетін сөз өнерінің өзгеше түрі; бір тілден екінші тілге аударудың нысандарын, түрлері мен тәсілдерін қамтитын, өзге де бірнеше ғылым тармақтарымен тығыз байланыстағы, әлеуметтік, мәдени, шығармашылық, коммуникативтік қызметі бар тұтас жүйе. Аударма – мәдениеттің феномені, мәдениеттер байланысына тән құбылыс; ұлт мәдениетінің жетістігі. Осыған байланысты ұлт мәдениеті мен ұлттық тілдің жеке адамды тәрбиелеудегі рөлі мейлінше артып отырған қазіргі кезеңде қазақ тілінде жасалған аударманың рухани-мәдени, тілді байыту қызметі, тәржіма әдебиетте қазақ тілінің лексикалық-фразеологиялық құрамының игерілуіндегі сипаттар тарихи-мәдени тұрғыдан, мәдениеттер байланысы мен тілдер ықпалдастығы аспектісінде зерттелуінің маңызы зор. Аударматану ғылымында түпнұсқа тілдегі идиоэтникалық ерекшеліктердің сақталуына қатысты біршама зерттеулер жүргізілген; ал екінші, аударылатын тілдің ұлттық-мәдени табиғаты, тілдің ұлттық бітімге тән негіздері қалай игерілгендігі турасында фундаментальды зерттеулердің жоқтың қасы. Аударма теоретигі М.Копыленко бұл орайда, «Уровень исследования этнолингвистических аспектов перевода не возвышается здесь над

наблюдениями, эмперией и предписаниями» [302, 82-б], деп орынды атап көрсетеді.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болған тұсынан бері қарай аударматану саласы едәуір күрделі сипатқа ие болып отыр. Егемен елдің рухани дамуындағы бағыттардың бірі – дүниежүзілік ақпараттар алмасудың сапалы деңгейіне көтерілу; ақпараттық база жасау; ақпараттық-анықтамалық ресурстар құру. Шет мемлекеттер мен Қазақстан Республикасының саяси-әлеуметтік байланыстары, қарым-қатынастары жөнінде нақты ақпараттарды жинау, қабылдау, өңдеу, жеткізу жүйесі бір тілден екінші тілге аудару ісімен тығыз байланысты. Аталған мәселелерге орай соңғы бес жыл көлемінде аударылу процесінің объектісі ұлғайды, көркем аудармамен қоса, күнделікті баспасөз материалдары, публицистикалық стильдің әралуан жанрлары, саяси қайраткерлердің сөздері мен баяндамалары, ресми құжаттар (жарлықтар, бұйрықтар, өкімдер, жарғылар мен ережелер, қатынас қағаздары), кинофильмдер, жарнамалар негізінен аударма жолы арқылы жүзеге асырылуда. Жазба аудармамен қатар ауызша аударма (ілеспе аударма және қосарласа аударма) жеке жанр ретінде байқала бастады. Сонымен қатар, бұрын бір тілден екінші тілге аудару барысы мен үдерісі орыс тілі мен қазақ тілінің арасында көрініс тауып келген болса, енді өзге де еуропалық тілдерден және араб, парсы, қытай, жапон, моңғол, кәріс, түрік тілдерінен қазақ тіліне тікелей аудару тәжірибесі белгі беріп отыр. Қазақ тілінен өзге тілдерге тәржімалау ісі де жоғары деңгейде қалыптасқан. Байырғы тәжірибенің негізінде бір тілден екінші тілге аудару процесіндегі ортақ заңдылықтарды, тілдердің өзара ықпалдасуын, бір-біріне қарым-қатынасын ғылыми тұрғыдан қорыту – егемен Қазақстанның рухани-мәдени, әлеуметтік-саяси байланыстары орныққан халықтар мен қазақ халқы арасындағы тіларалық коммуникацияның оңтайлы, ұтымды, білікті деңгейде қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

Өткен ғасырдың екінші жартысында орыс тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен орыс тіліне аударылған әдебиет – аударма мәдениетіндегі дүрмегі мен дүрбелеңі мол аса күрделі, салиқалы арнасы. Сандық және сапалық көлемі жағынан ауқымды аударма нұсқалар қазақ әдеби тілінің динамикалық жай-күйіне елеулі әсер етті; тіл дамуындағы семантикалық процестер, лексикалық единицалардың семантикалық құрылымының стильдерге қарай жіктелуі, қазақ тілі терминдік жүйесінің реттелуі, бірқатар сөзжасам тұлғаларының қызметіндегі айырым-белгілерінің даралануы сияқты эволюциялық сипаттарға интралингвистикалық факторлармен қатар аударма әдебиеттің де ықпалы болды. Аударма ісінің қазақ тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесінің дамуындағы әсер-ықпалын белгілеу – компаративизм ғылым саласының негізгі арналарынан саналады. Көркем аударма өнері өз алдына жеке сала ретінде теория мен тәжірибеге ие бола тұрса да, бұл саланың проблемаларын кең түрде зерттеу компаративистер үшін де күрделі мәселе болып тұр.

Салыстыруға, салғастыруға, жүйелі зерттеу әдістеріне сүйенетін қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық білімнің ең өзекті парадигмаларының бірі

компаративизм ғылымы бүгінгі таңда өз-өзін дәлелдеуге қиын кезеңді бастан кешіруде. Ол бай тәжірибеге ие бола тұра теориялық потенциалын белсенді түрде жүзеге асыруда.

Осындай салыстыруларды пайдалану әртүрлі объектілердің табиғатын ашуға мүмкіндік береді, ал тарихи-біртекті типологиялық әдісте – құбылыстардың бір жағдайдағы генезистері және дамуының өзіндік ұқсастықтарын зерттейді, тарихи-генетикалық әдісте – құбылыстардың ұқсастықтарын олардың пайда болуындағы жақындықтарының нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Салыстырмалы тарихи әдіс тарих, тіл білімі, этнография, социология, юриспруденция және әдебиеттану пәндерімен тығыз байланысты. Осы күнге дейін көптеген анықтамалар берілгенмен, компаративистер әлі күнге дейін пәннің зерттеу объектісін түсіндіретін анықтамалар дайындамаған. Отандық ғылым барысында жалпыға бірдей мынадай анықтама қалыптасқан болатын: «Әр елдің халықаралық әдеби байланысын, өзара ерекшеліктерін, ұқсастықтарын, сәйкестіктерін зерттейтін әдебиет тарихының бөлімі – салыстырмалы-тарихи әдебиеттану болып табылады». Әдеби факторлардың ұқсастығы елдер арасындағы мәдениеттің ұқсастығына негізделеді. Соған сәйкес, әдеби үрдістің «типологиялық аналогтары» және «әдеби байланысы мен әсері» деп бөлінеді, бұл анықтама 1987 жылы жарық көрген «Әдебиеттану сөздігінде» берілген.

Көркем аударманың негізгі функцияларының бірі – халықтар арасындағы мәдениет, әдебиет жағынан бір-біріне әсері туралы екені баршаға аян. Салыстырмалы әдебиеттану және аудармашылық сияқты екі саланың белсенді қатынасының нәтижесі әдебиеттердің бір біріне әсер ету процесінде маңызды шекара болып есептелінеді.

Әлемдік тәжірибеде салыстырмалы әдебиеттанудың аударма жөніндегі салттарын үйрену ертеден анықталған болатын. Негізінде көркем аударма өнері кең салалы, ол филология әлеміне көптеген жолдармен танылған; аударма өнерінің кейбір жекелеген мәселелері тілдің стилистика, лексикология, фразеология, лингвострановедение, әдеби социология, рецептік эстетика сияқты т.б. жақтарынан қарастырылуы мүмкін. Дегенмен компаративистикамен тығыз байланыс теориялық, методологиялық және де концептуалдық мәселелердің зерттеу барысында жалпылай мінездеме қамтамасыз етіп отырса да, жоғарыда айтылған жолдардың барлығы мәтін аудармасының біршама мәселелерін шешуге ғана діттелген.

Көркем аударма саласындағы көрнекті маман А.Попович: «Көркем аударма теориясы сөздің қысқа мағынасында салыстырмалы лингвистика, салыстырмалы стилистика, әдеби компаративистиканың теориясы, әдебиет теориясы сияқты төрт түрлі пәндердің қиысуынан құрылған», деп атап өткен.

Әрине пәнаралық зерттеу дәстүрімен айналысу көркем аударма өнерінің жеке теориясы және тәжірибесіне кері әсерін тигізбеуі керек. Дегенмен де, батыс еуропалық мектептердің тәжірибесіне жүгіну өте тиімді болады. Онда көркем аударма ертеден бері дербес түрде және салыстырмалы әдебиеттану шеңберінде де қарастырылып келеді. Басқа ғылымдардағы секілді анағұрлым

қызықты жұмыс қазіргі кезде зерттеудің пәнаралық деңгейінде көрініс табады.

Көркем аударма тарихы мен әдеби компаративистика тарихының анализі филологиялық ғылымның екі жақты аясында да қарқынды дамуының кезеңдерінің нақты ұқсастықтары туралы қызықты қорытындыға әкеледі. Салыстырмалы әдебиеттану мен аударма туралы ойлар XVIII ғасырдың соңында параллельді дамыды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін компаративизм концепциясының даму қарқыны космополитизм ағымының пайда болуымен жапондық ұлттық әдебиеттің шетелдік авторлары мен шығармаларға ашықтығымен түсіндіріледі. Осы кезең көркем аударма саласындағы кең көлемді қызметтің бастамасы болды. ЮНЕСКО мәліметі бойынша Жапония аударма саны бойынша әлемде алдыңғы қатардың біріне шықты. Осылайша, туған тілінде әлемдік әдебиеттің толық ұқсастығын құру үшін бай потенциал иеленді. Аударматануда өз кезінде ірі жетістіктер әдеби компаративистикадағы бағыттардың нығаюы үшін негіз болды. Бұл жағдай әдеби аударма мәселесі бойынша көп жұмыстар кіретін Германияға да тән болып келеді. Халықаралық сарапшы мамандардың пайымдауынша 1990 жылдары Германия басқа елдерді басып озды және шығарған аудармалар саны бойынша бірінші орынға шықты.

50 жылдары әдеби компаративистік батыс мектептері қарқынды дами бастады. 1954 жылы Әдеби Компаративистикалық Халықаралық Ассоциацияның құрылуы туралы резолюция қабылданып, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері белгіленді. Басты мақсаты болып салыстырмалы зерттеулер арқылы әлемдік әдебиеттің дамуы үшін халықаралық күштерді үйлестіру табылады.

Біздің елімізде көркем аударманың биік шыңға көтерілген кезеңі – XX ғасыр. 70 жылдардың басында аударма тарихы мен теориясы бойынша көптеген монографиялық зерттеулер жарық көрді [303].

Бұл зерттеулерге қарап аударманың дәстүрлі үш бағытта дамығанын көреміз. Лингвистикалық, әдебиеттік және машиналық. Сонымен қатар, аударма ұғымына әр түрлі мағына түсінік үстелген. Көрнекті лингвист В.С.Виноградовтың ұсынысы бойынша: «аударма – қоғамға қажетті үрдістен туындаған жазбаша және ауызша күйінде бір тілде берілген ақпараттар жинағының басқа тілдегі балама түрі» [304]. Аударма үшін ең бастысы сөздердің ақпарат беруші көлемі деген де пікір бар.

Аударма екі ел ортасындағы достықтың арқауы болып қана қоймай, ұлттық әдебиеттің, мәдениеттің дамуына үнемі өз септігін тигізіп отырады деген ойдың мәні бар. Бірақ көркем аударма мәселесінің әдебиеттану саласында әлі де болса ашылмаған жете зерттелмеген қырлары жеткілікті.

Ғалымдар пайымдауына қарасақ, А.В.Федоровтың айтуынша: «аударма – тіл білімінің де, әдебиеттің де кейбір жерлеріне келгенмен, бұл жалпы филологиялық ғылым» [305]. Г.Гачелиладзенің айтуынша: «жалпы лингвистикалық теория бізге тілдік бірліктердің заңын береді, аудармашыға оны білу шарт, ал жеке лингвистикалық теориялар екі тілдің сәйкестік заңын

анықтайды, тіпті көркем аудармада да үлкен көмегін тигізеді» [306]. Демек, көркем аударма әдебиеттану саласына жақын, оның заңдылықтарына бағынып және тілдік бірліктері де түпнұсқамен бірдей. Кейбір әдебиетшілер шынайы аударма әдісін ұсынды, яғни аударманың эстетикалық құндылығы басым болу керек, оның есесіне әлеуметтік шындық сол қалпында тәржімалануы қажет деген тезисті нық ұстады.

Г.Гачечиладзе бір сөзінде «көркем аудармада ең бастысы – аудармадағы эстетикалық құндылықтың сақталуы» деп айтқан болатын, осы тұрғыдан келгенде әлі де болса зерттей түсетін мәселелер жетерлік.

Әдеби байланыстарды дамыту мәселесі өте өзекті мәселелердің бірі. Еліміздің тәуелсіздік алуы, әлемдік интеграцияға қауымдастыққа енуі – рухани саладан да осындай қадамдарды күтеді. Себебі, қазақ әдебиетінің басқа әдебиеттермен байланыстарының ішінде әсіресе классикалық орыс әдебиетімен байланысының жөні өзгеше. Сонау Абай заманынан келе жатқан қазақ-орыс әдеби байланыстары XIX ғ. бірінші жартысында қарқынды дами түсті.

Отандық аударма тарихына шегініс жасап, егжей-тегжейлі кідіріп өтсек, бұл дәстүрдің XIX ғасырға сүрлеу тартатынын аңғарамыз. Орысшадан қазақ тіліне аудару шеберлігін ілгерілетуде XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақша мерзімді баспасөздің дүниеге келуімен тұспа-тұс дөп келіпті. 1870 жылы Ташкентте ұлттық мерзімді басылымдардың тұңғыш қарлығашы «Түркістан уалаятының газеті» шыға бастады. Ғылыми-танымдық, әдеби мақалаларды, ресми материалдарды орыс тілінен қазақшаға аударудың алғашқы үлгісін көрсетті. Газеттің «ресми емес» бөлімінде жарияланған материалдар аударма өнерінің дамуына үлкен септігін тигізді. 1888 жылдан 1902 жылға дейінгі мерзімде Омбыда «Акмолинские ведомости», соңыра «Степная газетаның» аудармасы қосымшасы болып шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» аударма үрдісін кең арнаға салды. Сонымен бірге «Серке», «Қазақ» газеттерінде аударма материалдары үзбей жарияланып отырды. 1911 жылдан 1915 жылға дейін Троицк қаласында үздіксіз шығып тұрған баспасөз органдарының ең сүбелісі – «Айқап» журналы аударма ісінің жандануына өз үлесін қосты. Журнал бетінде әсіресе шығыс әдебиетінің классикалық аударма үлгілеріне мол орын берілді.

Қазақ әдебиетінде аударма жанрының негізін салушылар – Шоқан, Ыбырай, Абай екендігі еш талассыз жайт. Әйгілі орыс ғалымы Г.Н.Потаниннің кезінде көрегендікпен айтқан сөзі шындыққа айналды. Ол: «...болашақта қырғыз-қайсақ (қазақ) халқы екі тілде жазатын, яғни қазақша және орысша жазатын жазушыларды тудырады», – деген. Шамасы оның бұл пікірі есімдері ел есімінен кетпес саналы өмірлерін рухани кеңістігін қорғауға, әдебиетіміз бен тіліміздің өрістеп, өркендеуіне арнаған, халқымыздың болмыс бітімін, рухани қуатын дүйім дүниеге паш еткен тұңғыш ағартушылары – Шоқан, Ыбырай, Абайларға қаратыла айтылса керек.

Үлкен ғалым Н.И.Веселовскийдің: «Шоқан (Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану көгіндегі аққан жұлдыз болды. Орыс ориенталистері оның ғажап құбылыс екенін бір ауыздан айтып еді, түркі халықтарының небір ұлы жаңалықтарын ашатынын тосып еді», – деп

жазғаны тегін емес-ті. Шоқанның кім екенін білген, естіген зиялылар оның әлемге мәшһүр боларына сенген-ді. Олар қателескен жоқ! Өзінің қысқа небары отыз жыл ғұмырында Шоқанның шығыстанушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы, географ, суретші әрі аудармашы ретіндегі тамаша тың туындылары қазақ тарихына мәңгі-бақи құнды мұра болып қосылды. Кезінде Петербург пен Мәскеу, Омбы архивтерінен еркін «сөйлетіп» үлгерген әйгілі ғұламамыз Әлкей Марғұланның қажыр-қайраты арқасында 1984 жылы Алматыда Шоқан шығармаларының бес томдық жинағы жарық көрді. Соларды ақтара отырып Шоқанның аудармашылық қырына көз жеткізіп, тәнті боламыз. Потаниннің естелігіне жүгінсек, Шоқан әуелі Құсмұрында қазақ мектебінде оқып, арабша хат таниды. Дәстүр бойынша «жеті жұрттың тілін білуге» тиісті хан баласы Шығыс тілдерінен араб, шағатай тілін жақсы үйренген, кейінірек Орта Азияның түркі тілдерін меңгерген. Орыс досы, ғалым Н.М.Ядринцевтің: «Шоқан араб өлеңдерін жақсы көруші еді. Соларды оқып, Костылецкий екеуі таң-тамаша қалып, шаттыққа бөленетін», – дейтіні содан. Қазақтың бай ауыз әдебиетінің асыл мұраларымен іштей табысқан Шоқан көбін хатқа түсіріп, қазақ, орыс тілдерінде мазмұндап береді. Қазақтың халық поэзиясын жасаушы, орындаушы ақын, жырауларды Шоқан Батыстың рапсод, бардтармен орыстың баяндарымен салыстырады. Қобызбен домбырасын арқалап жүріп, суырып салып өлең айтатын Оғызқыпшақ заманынан келе жатқан дәстүр бойынша қазақ ақындарының өлеңді суырып салатын импровизаторлық өнерін ол аса жоғары бағалады. Ондайдың бір ұшығы бәдәуилерде кездесетінін айтады. Орынбай, Шөже, Арыстанбай, Тоғжан, Кемпірбай, Жанақ дәстүріне қанық Шоқан: «Кіші Бұхараның аударма әдебиеті қаншалықты бай болса, төл-тума әдебиеті соншалықты кедей», – дейді. «Шоқан... өз халқын Европа мәдениетіне ұштастыра отырып оның ұлттық қасиетін сақтап қалуды арман етті», – деген Ядринцевтің пікірі Шоқан турасында көптеген жайттарға көзін ашады.

Қазақтың алғашқы билингвист-жазушысы XIX ғасырдың II жартысында пайда болды. Ол қазақ тілінде туындылар жазған, жаңа қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі, фольклоршы, этнограф, тілші, «Дала қоңырауы» ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға аудару, яғни қостілді аударманың негізін жасады деуге хақылымыз. Шығармаларында Л.Н.Толстой, К.У.Ушинский, И.И.Паульсон туындыларын арқау етті, өз жанынан сюжеттер қосты. Ыбырай жай ғана аудармашы емес, ол – орыс педагогтарының шығармаларын әдеби өндеп, дала жұртына түсінікті әрі ұғынықты қазақшалап жеткізе білген құрастырушы. Тіл, тарих, өнер мен мәдениеттің тоғысуы мен танымдық-эстетика үйлесімін меңгере отырып, көркем әдебиетті екі тілде бірдей шынайы да шебер суреттеп таныта білу, кез-келген қаламгердің шығармашылығында ұшыраса бермейтін сирек құбылыс. Ыбырайдың аудармашылық қызметі туралы Алтынсаринтанушы ғалым Ә.Дербісалин келесі ой қозғайды: «Ыбырайдың аудармалары қазақ тілінде аударма өнерінің де өзіндік тарихы, өсу жолдарының барлығын қамтыды. Олар бүгінгі өскелең аудармамыздың алғашқы баспалдағы болып саналады» [307, 230-б].

Ал Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – қалыптасқан, биік деңгейдегі кәсіби көркем аударманың алғашқы үлгісін, таптырмас эталонын жасады. Толғауы тоқсан әдебиет атты руханият майданына қару қаламын ертерек сайлай кіріскен Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалап кетті. Дертпен тең сөз өнерінің бар асылын бойына сіңіріп, әдебиеттің небір зіл батпан жүгін қара нардай көтеріп келген ұлы ақынның соны соқпақтары ғажап өзіндік өрнегімен тың өріске жол тартады. Осы сапарда бұрқ-бұрқ қайнаған бұлақ сынды, кейде арынды дария тектес текті де тентек поэзияны ауыздықтатып ерттей мінген Абай ақын, шабыттың шаңқай түсі тастөбеге келгенде сарыжайлаудай шалқар тыңқұлашты, кереғарыс кеңдікті талап ететін проза жанрына да ат басын бұра соққан Абай хакім, ұлы Пушкинге айтқызсақ: «Аудармашылар тіл – керуенінің нағыз кіре тартар күрендеріне айналады десе болады», демекші Абай аудармашы ретінде әлем классиктерін қазақшалауда қазақ поэтикалық аударманың монументальды үлгісін жасаған айшықты қолтаңбасымен аударма тарихында асқан шеберліктің, тың жаңашылдықтың піріне айналды.

Көрнекті әдебиеттанушы, сыншы Т.Нұртазин Абайдың аударма мектебінің мақсат-мұраты жайлы төмендегідей пікір білдіреді: «Жер жүзі мәдениетін елге шашудың бір саласы ретінде Абай бұрынғы ертегі, қиссаның орнына сюжетті романдарды әңгіме етіп айтып береді, төңірегіндегі ақын-әншілер арқылы халыққа жаяды. «Шахнаме», «Рүстем-Дастан», «Үш ноян» т.б. Абай ауызынан таралып, қырық елдің қиырына жиылып кеткен» [308, 30-б].

Абай орыс тілін жетік білетін Шәкерім, Ақылбай, Тұрағыл, Мағауия сияқты шәкірт ізбасарларына орыс классиктерінің көркем туындыларының қиын тұстарын, астарлы ойларын түсіндіріп, олардың ілгері жылжуына мұрындық болып отырған. Өзі оқыған шығарманың мазмұнын айтып беріп, ақындарға осыны қазақша өлең қылуды тапсырып отырған. Әсет, Көкбай, Әріп, Уәйіс, Бейсембай сынды таланттар осы ізбен жүріп, тың сұрлеуге түскен.

Абай мектебінің тарихын, қосқан үлесін зерттеуде М.Әуезов мұрындық болғаны мәлім. Кейінірек оның Қ.Мұхаметханов, Ә.Жиреншин сияқты ізбасарлары бұл істі жалғады. Шәкерім, Тұрағұл, Көкбайлардың әдеби мұраларын жинақтап, оларды жарыққа шығару ісіне Қ.Мұхаметханов, М.Мырзахметов, Ш.Сәтбаева, М.Жармұхаммедов, Т.Жұртбай сынды көрнекті ғалымдар атсалысып отырды.

Абайдың аудармашылық дәстүрі қазақ даласында кең жайылып, XX ғасыр басында талай кәнігі аудармашының әдебиетке қосылуына себепші болды. Шетел әдебиетінің озық туындыларын, бірегей шедеврлерін қазақшаға аударушылар қатарында Мақыш Қалтаев, Әкірам Ғалымов, Мұхаметжан Сералин, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Дөнентаевтарды атауға болады. Олардың шығармашылық жолы ерте кезден зерттеле бастады. Ал сол тұстағы қоғамның зымиян идеологиясы мен сұрқия саясатына қиғаш келген Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейханұлы,

Ахмет Баржақсин секілді Алаш арыстарының көркем аудармадағы тың новаторлықтары әлі күнге дейін арнайы зерттеу жұмысына өзек бола қоймаса да, жекелеген бірқыдыру монографияларда, оқу құралдарында ауызға алынады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде аудармалар турасында М.Әуезовтің талантты шәкірттерінің бірі де бірегейі, ірі әдебиетші Б.Кенжебаев мынадай тобықты түйін жасайды: «Қазақтың XX ғасыр басындағы демократ ақын-жазушыларын алсақ, олардың «орыс тілін білемін һәм хатымен» деп талай талаптанғандары, орыс тілінен көркем шығармалар әсіресе А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, Н.В.Гогольдың, Л.Н.Толстойдың, И.А.Крыловтың, тағы басқалардың бірді-екілі шығармаларын қазақ тіліне аудармағандар кемде-кем» [309], – деген. Сол тағысын тағылардың басы қасында орыстың ірі классигі, дарабоз көсемсөзшісі Владимир Галактионович Короленконың көптеген таңдамалы туындылары да қазақ халқының уысына түсті. Қазақ тілінің өркендеп, дамып, ішкі қуатының мейлінше ашылып, табиғаты айқындала түскен тұсы, аса көлемді арна аталмыш орыстың классикалық прозасын тәржімалауда көрінеді. Бұл аудармалар ана тіліміздің өткірлігін, икемділігін, үйлесімділігін, бейнелеу қабілетін арттырды, сөздік қорын байытты. Орыстың XIX–XX ғ.ғ. классикалық әдебиетінің аударылуы – мол игерілген сала. Бұл дәстүр Ресей империясы билеген отарлық басқару жүйесінің ықпалымен болғандығы – тарихи шындық. Алайда, отарлық билеу жүйесінде бола жүріп, озық мәдениетпен ықпалдаса игі нәтижелерге де жеткеніміз – ұлттық дамудың нақты көрсеткіштері.

Әсіресе көркем аударма жұмыстарының XIX–XX ғасыр бойы үздіксіз жүрген тәжірибесі қазақ әдебиеті төл шығармаларын мазмұн мен пішінді, көркемдік-стильдік шеберлікті игеруде үлкен табыстарға қол жеткізді. XIX ғасырдағы орыстың классикалық әдебиетінің көрнекті өкілдерінің дені дерлік, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтовтармен қатар, А.С.Грибоедов, И.С.Тургенев, И.А.Гончаров, В.Г.Белинский, Ф.М.Достоевский, Н.Г.Чернышевский, М.А.Салтыков-Щедрин, Н.А.Добролюбов, Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, Г.И.Успенский, Д.Н.Мамин-Сибиряк және т.б. ақын-жазушылардың шығармалары аударылды. М.Әуезов «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» атты еңбегінде аударманың теориялық және практикалық бағдарындағы өзекті қырларды анық көрсеткен болатын: «Аударма теориясы еліміздегі сан алуан тілдерден орыс тіліне және орыс тілінен көптеген өзге тілдерге аударылудағы ерекше үздік үлгілерді, таңдаулы аудармаларды жобалы, жүйелі түрде зерттеп, парақтап отыру жолына да түсе қойған жоқ. Бұл айтылған күрделі шешуші және түрлі пікірлерге тірек боларлық жәйттер аударма жайындағы ғылымның түбегейлі негізі болмақ». Алып суреткер айтқандай, аударма нысанына алынған әлемдік проза антологиясының қатарында орны алабөтен орыс классикалық әдебиетінің біртуар тұлғасы В.Г.Короленко шығармаларының қазақша аударылған нұсқаларын да айта аламыз, Короленко шығармалары – ұлттық психологиялық дүниетанымның үздік үлгісі.

Короленко – орыс әдебиетінің классикалық дамуына тән ең жоғарғы деңгейді танытатын жазушы. Қаламгер шығармаларының ұлттық сипатын шынайы аударылуын айтпас бұрын, суреткердің ең әуелі көркем әдебиеттегі танымдық дүниесі мен қаламгерлігі, өмір шындығын көркем кестелеудегі қолтаңбасын басты назарда ұстанамыз. Жазушының сөз өнері әлеміндегі орны, өмірі мен қызметі, туындыларының егжей-тегжейі мен публицистикалық әрі эпистолярлық мұрасы хақында жазылған мол ғылыми-зерттеулер, танымдық еңбектері бар. Олардың ішінде замандас, үзеңгілес әріптестердің естеліктері мен пікір-пайымдаулары да бір төбе. Короленко – көркем сөздің аса көрнекті шебері. Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, М.А.Горький, А.В.Луначарскийлер оның шығармашылығын өте жоғары бағалаған. Жазушы мұрасын зерттеген ғалымдардың ішінен, Н.Шаховскаяның, Ф.Д.Батюшковтың, Н.Пиксановтың, А.Б.Дерманның, Е.З.Балабановичтің, Г.А.Бялыйдың, М.И.Ульманның, И.Груздевтің, В.Бартенеvтің, Т.Г.Морозованың, Л.К.Гейштордың, А.К.Котовтың, П.С.Куликтің, Б.Д.Летовтың, Г.М.Мироновтың, Я.Е.Донскойдың, Н.Ростовтың және т.б. еңбектерін атауға болады.

Біз де осы тарауымызда өз зерттеуімізді қалам қарымы өзіндік қуатқа ие қанатты қаламгер, талантты көсемсөзші, салиқалы қоғам қайраткері В.Г.Короленконың өнегелі өмірі мен өресі биік әдеби қызметінің құлаш-құлаш желілерін көктей шолып өту барысында, жазушыны дүниежүзіне әйгілі еткен «Тілсіз» («Без языка») [310] повесінің қазақ тіліндегі аудармасына арнағалы отырмыз. Бұл күрмеуі күрделі, түйіні тастай зерттеудің шешімін – Короленко повесі әдебиетші, сыншы, аудармашы Белгібай Шалабаевтың аудармасында қандай дәрежеде шықты, тәржімашы аударма барысында нендей жетістіктер мен кемшіліктерге тап болды, деген сыңайлы сауалдары төңірегінде іздестіргенді жөн деп таптық.

Короленко шығармаларының басым бөлігі дүниежүзінің көптеген халықтарының тілдеріне аударылды. Жазушының романтикалық сарындағы тырнақ алдысы «Шындық іздеуші өмірінің кезеңдері» («Эпизоды из жизни искателя») (1879) әңгімесінен бастап, соңғы нүктесін қойған мақала, очерк, корреспонденцияларына дейінгі аралықты қамтитын таңдамалы проза, публицистикаларының көбі дерлік қазақ тілінде басылып шықты. Саралап айтсақ, «Тілсіз» – «Без языка» (1936) повесі; «Соқыр музыкант» – «Слепой музыкант» (1951) әңгімесі; «Таңдамалы әңгімелер» («Ғажайып қыз» – «Чудная», «Макардың түсі» – «Сон Макара», «Қолайсыз қауым арасында» – «В дурном обществе», «Тоғай шуылдап тұр» – «Лес шумит», «Жалтыраған оттар» – «Огоньки») (1952); «Бір сәт» – «Мгновение» (1955) очеркі; «Шеркес» әңгімелер жинағы («Черкес» сборник рассказов) (1986) жеке кітап болып шықты. Бұл туындылар қалың оқырманның жүрегіне тура жол тауып, көркем әдебиет әлеміне деген ынтық сезімі мен құлшыныс лебізі аңқып тұратын, тіл ұстартуды мұрат тұтқан әр толқынның рухани қазынасына айналды. Сонымен бірге қоғамдық ой-санаға пәрменді серпін беріп, оң көзқарас қалыптастыратын публицистің әр жылдары баспасөзде жариялаған және жеке жинақтарға енген тағылымды мақала, очерктері мен өткір әрі

айшықты хаттары да қазақ оқырманына дер кезінде аударылып ұсынылды. Жазушы шығармаларының қомақтысын, тілі аса күрделілерін қазақшалап қажырлы еңбек тындырып, еселей тер төккен кәнігі аудармашылар ішінен Белгібай Шалабаев, Нияз Сыздықов, Ғафу Қайырбеков, Жаулыбай Қосыбаев сияқты нарқасқа қаламгерлердің есімдерін ерекше екшеп айтар едік. Ол дүниелердің жазылғанына арада ғасырдан астам уақыт өтсе де, әлі күнгі өзінің тарихи-танымдық, эстетикалық әрі тәрбиелік сипаты жағынан әлсіремегенін аңғарамыз. Осы ретте танымал жазушы, ірі қоғам қайраткері А.В.Луначарскийдің: «Но если публицистическая деятельность, непосредственные гражданские выступления Короленко имели в то время громадное воспитательное значение, то еще в большей мере такое именно значение имела и его беллетристика.

Всякий знает, что по содержанию своему все его повести и рассказы неизменно написаны на основную тему: любви к человеку, жалости к человеку, негодования против сил, которые затаптывают человека. Словом, они варьируют прекрасную идею гуманизма» [311, 388-б], – деген жалынды сөзінде Короленко талантының табиғатын тамыршыдай тап басу бар.

Короленко ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басындағы орыстың революцияшыл тарихындағы біртуар дарын иесі. Ол тұстағы бүтін Ресейде жаппай етек алған ауыр нәубетті патша самодержавиясына, озбырлы империялық шовинизмге, антисимиттік зобалаңға, жандаралдық езуші билікке, әкімшілік зорлық-зомбылыққа қарсы тайсалмай тұрған күрескер жазушының бар саналы ғұмыры осынау дәуірдің қилы кезеңдерінен, қанқұйлы салдарынан жапа шегіп, зәбір көрген халықтың қамын жеп, қабырғасы қайысып күйттеген үлкен қамқорлығын өтеумен, желеумен өтеді. Ресей өміріндегі төңкерісшіл-демократтық қозғалысқа жан-тәнімен берілген саңлақ қаламгер өз дәуірінің алапат мінезін, замана бұрқағы бұршақтай соққан кесапат ахуалын ой елегі мен сөз сүргілеуінен өткізіп еш айнытпай төл туындыларына арқау етеді. Бұл шығармаларда ойға суат – нәр, бойға қуат – әл беретін ақыл-ой қазынасы түгел саяды. Публицист А.В.Луначарский орыс әдебиетінің алтын жамбыдай асыл шығарма інжу-маржандарының көркемдік-эстетикалық сипатын, этикалық әсерін, патриоттық қуатын көкірегі қордалы соны ой-тұжырымдарымен дәйекті суреттей келе, әсіресе В.Г.Короленконың биік тұғырлы кесек туындыларын аса жоғары дәріптейді, тыңдап көрелік: «Короленко – обладатель огромного литературного дарования: его слог необычайно музыкален и прозрачен, он в одинаковой мере и гармоничный живописец, и тонкий психолог, и ласковый юморист. На его произведениях лежит печать вечности; читая их, вы чувствуете их художественное совершенство, внутреннее спокойствие, уравновешанность, меру, свойственную классическим произведениям. Никто из русских писателей не был в такой мере классиком, не обладал такой зрелой, законченно-прекрасной формой в прозе, как Короленко, кроме разве Тургенева, с которым многое роднит великого писателя» [311, 376-б].

Адамның тұлға ретінде қалыптасуында қанында бар, құдай берген қабілетімен қоса, өскен ортасы, туған жері, көрген тәрбиесі, алған білім-

тәлімі, түрлі әлеуметтік-саяси, т.т. жағдайлар әр қалай, әр шамада ықпал етпек. Короленконың тағдырында солардың бәрі себеп-салдар болып аймаңдай айшықты ізін қалдырып отырыпты.

Короленконың маңдайына мынау жарық дүниенің есігін ашу мерзімі кешегі Ресей өміріндегі дүрмегі мен дүрбелені мол кезеңнің шырғалаң шағы – 1853 жылға дөп келіпті. Ертедегі казактар әулетінен шыққан уездік судьясының бел баласы Владимир, нағашы жұрты жағынан да текті әулеттен Волиндегі ығай-сығай поляк ақсүйектерінен шыққан. Екі жұрттың, қос ұлттың өнегелі жақтары болашақ жазушының творчествосында үлкен орын алады. 1870 жылдардағы альтруистік ағымдар да оның табиғи дарын болмыс-бітіміне айтарлықтай әсер етеді. Короленконың балалық шағы Житомирде, кейін Ровно қалаларында өтеді. 1871 жылы ол туған қаласындағы гимназияны тәмамдайды. 1863 жылғы Польшадағы ірі көтеріліс жас Владимирді енжар қалдырмайды. Гимназияда оқыған жылдары оның орыс әдебиетіне деген құштарлығы арта түседі. 1871 жылы Короленко Петербургтағы технология институтына түскен жерінен 1874 жылы Мәскеудегі Петров атындағы Жер және орман шаруашылығы академиясына ауысады. Революциялық үгіт-насихаттың әсерінен «лаврист» атанып, өз ойларын халықтың алдына жария етеді. 1876 жылы студент ұжымдарының бірауыздан наразылығын білдірген патша әкімшілігінің озбырлығына қарсы әрекеті мен жазған арызы үшін академиядан шығарылып, қамауға алынып Вологод губерниясына жер аударлады. Бірақ орта жолдан кері қайтарылып, Кронштадқа жеткізіледі. Мұнда полиция бақылауында бір жылға бас бостандығынан айырылады. Айып жазасын өтеген соң 1877 жылы Петербургтағы тау-кен институтына түседі. 1878 жылы «Новости» газетінде тұңғыш журналистік кәсіби шеберлігін танытқан тілші Короленконың, 1879 жылы революция қайраткерлерімен байланысы бар деген күдікпен Вятская губерниясының Глазов қаласына, одан Березовские-Починки ауылды аймаққа қамап әкеледі. 1880 жылы «қашпақшы болды» деген жалған жаламен Вышневолоцкий саясилер абақтысына ие жеккенге жер аударлады. Алайда «қашпақшы болған» деген қисынсыз, опасыз ғайбаттың жаласы анықталып, Сібірге жетпей Пермь қаласына тұруға жіберіледі. 1881 жылы Александр III патшаға әскери ант беруден үзілді-кесілді бас тартқаны үшін неше мәрте қамауға алынған, заңсыз қудаланған, патша тарапынан аяқтан шалар содыр наразылығын тудырған Короленконың осы жолы да қол-аяғы байланып, үш жылға Якутияға айдалады. 1879 жылы «Слово» журналында жазушының «Шындық іздеуші өмірінің кезеңдері» («Эпизоды из жизни искателя») атты тырнақалды әңгімесі жарық көреді. Түрмеде отырған жылдары жазған «Ғажайып қыз» («Чудная») әңгімесі 1905 жылы жарыққа шығады. Бұл әңгімеде ол замана ағымына қарсы жер аударылған ержүрек революционер қыздың қаһарман образын сомдай отырып, қалың бұқара мен халықшылдық интеллигенцияның арасындағы жер мен көктей алшақтығын көрсете білген. Ол өзінің өжетті кейіпкердің өр тұлғасы мен табандылық мәрттігіне сүйсіне қарайды, дегенмен сектанттық ұғыммен уланған қыздың қараңғы бұқараға қатысты сабырсыздығын, өз қорғаушылары мен ай мүйізді көк серке көш басшыларын қолдай алмайтындығын әшкерелеп өткір сынға алады.

Короленко шығармаларында ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы орыс халқының тыныс-тіршілігі айқын көрініс табады. Оларда «халықсыз революционерлердің» түбегейлі догмаларын өмір көші қалайша жоққа шығарғандығы баяндалады. Халықшылдық эпигондарға қарағанда Короленко мұжық тобырының бірінғайсыздығын көрсете алған. Бай мен кедейге бөлінген кереғар, әділетсіз өмір көріністері шеберлікпен келістірілген. Дүниені адам жанынан артық көріп, дәулетіне шаттанып, «мырза» деген қошеметке буынып мықымынан ырғақтап, керіліп мұртын сипақтап, шалқайған, дандайсынған бордақы бай-кулак образына қарама-қарсы, жалаңқая жоқ-жітіктен жақ сүйегі шығып сүмірейген, тіленшідей сүмендеген кедей-кепшіктің образын қарсы қояды («Жалған қала» очеркі, 1880; «Яшка» әңгімесі, 1880). Якутия ссылкасынан оралған Короленко 1885 жылы Н.Новгородта орнығады. Сібірде көрген, басынан кешкен тауқыметтері, жүрекке ұялаған әсерлері бәрі де Короленконың ұзақ жылғы ізденіс, тебіреністерінде пісіп жетіледі сөйтіп көптеген әңгімелерге арқау болады: «Макардың түсі» («Сон Макара», 1883), «Соколинец» (1885), «Мүскін Федор» («Федор Бесприютный», 1885), «Шеркес» («Черкес», 1888), «Ат-Даван» (1892), «Аяз» («Мороз», 1901) т.б. және «волынь циклына» енген шығармаларында: «Қолайсыз қоғам арасында» («В дурном обществе», 1885), «Тоғай шуылдап тұр» («Лес шумит», 1886), «Парадокс» (1894), бейбақ міскіндердің, кезбе қайыршылардың, каторжниктердің, жер аударылып қоныс тепкендердің еркіндік пен азаттықтың әуендері суреттеледі. Осы сарындағы «Соқыр музыкант» («Слепой музыкант», 1886) психологиялық этюдінде адамзаттың толыққанды өмір сүруі үшін күресі сипатталады. Әңгіменің бас кейіпкері жеке басындағы қасіретімен шайқаса келе, бойындағы бар күш-қайратын, парасат жігерін халыққа қызмет етуге жұмсап, жанын шүберекке түйген жанкештіліктің арқасында айналадағы қараңғы, безбұйрек әлемді елемей ар-ожданының оянуын сезінеді. 90-жылдардың басындағы демократиялық өрлеуді қуана қауышқан жазушы «Река играет» (1890) әңгімесін жазады.

1896–1900 жылдары аралығында Петербургте өмір кеше жүріп, Короленко Н.К.Михайловскиймен бірлесіп «Русская богатство» либералды-қоғамдық журналды ұйымдастырып басқарады. 1900 жылы Ғылым Академиясы Короленконы сөз өнері саласының құрметті академигі атағына ұсынады. Алайда М.Горькийге берілген осындай марапатты бекітпеген патша үкіметінің жолсыздығына наразылық ретінде А.П.Чехов сияқты Короленко да академик атағынан бас тартады. Осы жылдары оның уралдық, қрымдық, румындық очерктері: «У казаков» (1901), «В Крыму» (1907), «Наши на Дунае» (1909) жарыққа шығады. Өткен кезеңнің шаруалар көтерілісіне ерте кездегі қызығушылығы арта түсіп, 1900 жылы Е.Пугачев хақында повесть жазбақ ниетпен, ол жөнінде тың деректерді жинастырады. Бірақ повесть аяқталынбай қалады. Соңғы 16 жыл ішінде (1905–1921) Короленко өз ең көлемді шығармасын – «Менің замандасымның тарихы» («История моего современника») атты естелік-мемуарларын жазумен айналысты. Естеліктерде өз өмірінің маңызды кезеңдерін, 60–70 жылдардағы

тарихи оқиғаларын, орыс интеллигенциясының идеялық ұмтылыстарымен азаттық жолындағы күрестерін көрсетті. А.И.Герценнің «Былого и дум» дәстүрін жалғастырған Короленко дара тұлға тарихын қоғамдық тарихымен біртұтас бүтіндікте қарастырады. I дүниежүзілік соғыс тұсында Короленко Францияда еді. Оның соғысқа деген көзқарасы «Тұтқындар» («Пленные», 1917) әңгімесінде көрініс тапты. Әңгімеде соғысушы жақтардың қарапайым адамдардың аянышты халін терең сезіммен баяндалады. Дегенмен, Короленко соғыстың шынайы сипатын жете түсінбеді, оның жалғаса түсуін өзінің «Соғыс, отан және адамзат» («Война, отечество и человечество», 1917) мақаласында құптады.

Короленконың үлкен суреткер ретінде әбден әккіленіп, ысылуына өзінің пір тұтары Тургеневтің көркемдік стилі зор әсер етті. Тургенев тәрізді ол да қоғамдық және психологиялық жаңа құбылыстарды сезімтел жүрек жылуына салып терең сезіне білді. Сонымен бірге А.Н.Добролюбовтың мақалалары, Н.А.Некрасовтың поэзиясы, Г.И.Успенскийдің және басқа көптеген революциялық-демократтардың шығармалары жазушының шығармашылық зертханасында өз айшықты орнын таба білді. Орыс этнографиялық мектебі (П.И.Мельников-Печерский, С.В.Максимов) дәстүрдің ықпалы да жоқ емес. Короленконың сыншылдық-реализмі бұрынғы дәстүрлерге сүрлеу тартады. «Біз героизмді де мойындаймыз, деп жазады Короленко. – Реализм мен романтизмнің синтезінен көркем әдебиетте тың бағыт, соны ағым пайда болмақ...», – дейді.

Сонау декабристердің ізімен тыңға тұяқ қадаған В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, А.И.Герцен, Н.Г.Чернышевскийлерден бастап орыстың әдеби көркем сынның тұғыры нақтыла көркемдік өрісі кеңейе, Кеңістік пен Уақыт деп аталатын мәңгілік ұғым түсініктерге орыс сынында да тосын түрен салына бастады. Сөйтіп, неғұрлым шоқтықты шығармаға, көшелі туынды авторына қамшы салу үрдісін нық бастаған алдыңғы толқын інілердің Короленколардың толқыны қосылды. Олардың ұстанымы күрделі әдеби құбылыстың барыс-бағдарын, жеміс-жетістігін, кем-кетігін байқап, әдеби процестің көрсеткіш-барометріне айналу, даму үрдісін кең арнаға жайып салу принципі болатын. Кез келген көркем шығарманың қадір-қасиеті мен құндылығын қалтқысыз анықтап, оған нақты бағасын беру үшін сыншы алдымен ақиқат арашасы бола алатын қасиетке ие болумен бірге, ол хас өнерді объективті және терең түсіне білуі тиіс.

Короленконың қоғамдық және публицистік қызметін оның көркемдік шығармашылықтан бөле-жара, оқшау қарастыруға болмайды. Ол жеті жүзге жуық мақала, очерктерінің авторы. Короленко публицистикасындағы маңызды кезең оның «В голодный год» очеркі (1892) болды. Онда шаруалардың жоқшылыққа ұшырауы деревнялардағы көне реформа сарқыншағы салдары екендігін көрсетті. Мұнда Короленко қанаушылар озбырлығынан аштық кешкен шаруаларды қорғайды. Өзінің «Павловск» очеркінде (1890) Короленко «дал-дұлы шыққан экономика» қалдықтарымен салыстырғанда буржуазиялық тұрмыстың прогрессивтілігін жазды. Шындық іздеуші әрі қудаланушыларды қорғаушы ретінде сектанттар қудалануына

түскен, колөнершілердің тонауындағы орыстың аш-жалаңаш шаруаларын баспасөзде жақтап қана қоймаған ол жалған рәсімдік өлімге айыптаушы удмурд шаруаларын (шаруа-вотяктарын) ақтап алуға қатысады («Мултанское жертвоприношение», 1895–96 мақалалар циклы). Ол оларды ақтауға қол жеткізеді, сөйтіп қанды қасаптан тұтас бір халықты аман алып қалады. Короленко аграрлық тонауға қатысушы Полтава губерниясының шаруаларын қорғайды. Кишиневтегі еврейлерді талқандауға байланысты «Дом № 13» очеркін (1903) жариялайды. Ал «Сорочкинская трагедия» (1907) мақаласында Полтавск губерниясынан шығарылған жазалаушы отрядтың қанды қырғынын жазып, экспедиция бастығы Филоновты сотқа беруді талап етеді. Короленко публицистикалық қызметінің шыңы оны Столыпин реакциясы тұсындағы («Бытовое явление», 1910) өзінің кінәсіздігін дәлелдеу құқын айырған әскери-далалық Соттың өлім жазасына қарсы («Черты военного правосудия», 1910–11) мақалалары болды. Осы және басқа мақалаларында әсіресе «дела Бейлиса» (1913) атты корреспонденциясында Короленко жеке фактілер арқылы әділетсіз сорақы сот пен зомбылықтың «... терең жалғандығы мен уақыт өтірігін» ашып көрсетті. Публицистің жалынды, айбынды сөздері революциялық маңызға ие болды; М.Горькийдің айтуынша олар қалғып кеткен жалпақ орыс адамдарын оятты. Халықшылдардың іріп-шіріген тұсында көптеген демократиялық интеллигенция өкілдері толстойлық насихаттың әсерінде болды. Короленконың «Сказание о Флоре, Агриппе и Менахеме, сыне Иегуды» (1886) атты әпсана аңыз зорлық пен зомбылық көрген еврейлердің «қарсыласпау» («непротивления»), «азалы арын» («гневной чести») қорғауға батыл бағытталды. Ресейдегі еврей мәселесін Короленко орыс зиялыларының жеке ар-ожданының ұяты ретінде қорғады. Өзінің өмірбаяндық «Ночью» (1888) очеркінде Короленко «еврейдің шайтаны» Хапунның ғарасат түнінде («Иом-Киппур») жартылай нақұрыс Юдке еврейді алып кететіндігі жайлы аңызды мысал ретінде келтіреді. Қайта өңделген аңыз «Малорусстардың ертегісі» – «Ақырет күні» («Иом-Киппур») әңгімесінің негізін құрайды. Онда нағыз «қанішкіш» – бұл шинкарь – еврейдің орнын алып қойған украинның байы. Бұл шығармаларда бейнелердің өмірлік сипаттары басымдау келеді. 1890 жылы Короленко В.Соловьевке жазған хатында былай дейді: «Біздің баспасөзде еврейлерді жосықсыз ғайбаттауға, әдебиетіміздің игі бастамаларын ұмытып, қандай да бір жексұрындықтың қатар өршіп келе жатқандығына жиіркенішпен қараймын»; соңыра, 1916 жылы Короленко: «Ресей мен Румынияда еврейлер көріп отырған қоқай өз отаным үшін масқаралық, ол мен үшін бұл еврей мәселесі емес, орыс мәселесі» деп мәлімдеді. 1901 жылы «Егін шықпаудан залал шеккен еврейлерге көмек» атты жинақта Короленко «Огоньки» атты қарасөзбен жазылған өлеңінде келешектің барша халық үшін жақсы болатындығына үлкен үміт артады.

Короленко өзінің көптеген әңгімелер мен очерктерінде еврейлерді мейірімді, ізгі етіп көрсетеді, шектеп айтсақ христиандардан кем емес дейді. Осындай игілікті әрекеттері нәтижесінде Короленко орыс-еврей интеллигенциясының арасында бірізді юдофил ретінде зор құрметке ие

болады. шынында да еврейлерге деген көзқарас оның өз позициясынан өріс ашты. Орыс-еврей қатынасында Короленко реакция мен антисимитизм дәуірін П Александр «ұлы реформалар дәуірімен» салыстырады: «Енді мұндай бостандық жоқ. Тіпті әдебиеттің өзі еврейдің қалыптасқан ұлттық тарихи мінез-піғылына қатысты үнсіз қалып отыр. Сыншылар зорлық-зомбылық алдында ләппей тақсырлық танытуда», деп жазды.

1893 жылғы Короленконың Англия мен Америкаға сапары оның әйгілі туындысы – «Тілсіз» («Без языка») повесінің жазылуына түрткі болды. Повестің алғашқы нұсқасы 1895 жылы «Русское богатство» журналының № 1–5 сандарында жарияланады. Онан бері араға жеті жыл салып шығарманың оқырман қауым тарапынан зор ілтипатына бөлінуіне байланысты автор повесті бұрынғы олпы-солпы, артық-кемді ағат тұстардан арылтып, тың тарауларды қосып қайта өңделген, толықтырылған нұсқасын 1902 жылы дүркін редакциялаумен жарыққа шығарады. Жастайынан мақсұт тұтқан көркем сөз өнері жолындағы оң-солын айқындап, шеберліктің қыр-сырын таныған қайратты қалам иесінің бұл туындысы орыс классикалық әдебиетінің үздік бітімді шығармаларының қатарынан орын алды. Бауырынан жараған жүйріктей табиғаты, бітімі келісті повесть орыс-украин тағдырының сонау І Николай патшаның, 1826 жылғы басыбайлық (крепостнойлық) правоның «мәңгілік» мызғымастығы туралы озбырлы манифесттің ауыр салдары тұсындағы күрделі кезеңнің анатомиясын әрі сыншыл реализмнің өткір тілмен әрі әжуа, әзіл-сықаққа толы сатира тілімен ашып көрсетіп берді. Асылы сатира иелерінің біздің дәуірге берген жан азығы аз болмаған. Сол секілді мына тамаша повесть те мысқалдың маңғаз сарбазы Диккенстің әзіл-оспақ, анекдотқа жақын үлгісінде өте қызықты жазылған. Күлкісіз дүние дегендей, қанша жерден қысылымшылықтың қыр соңынан еріп, қырық жерден қыспаққа алса да, талайды иін қандыра илеп бергені аян. Жалпы сатирик жазушылардың бірі сын садағын ашық сілтесе, енді бірі жатып-атарлыққа салынады, тағы бірі тақым-бұраулатып талдыратынды үйренген. Тіпті бірі ақырындап үндемей шымшып алып шырылдатып жатса, кейбіреуі мысық табанға салып мысын басатын әзілдің көрінісін біз, Короленконың тілге тиек еткен туындысынан көбірек ұғынатын сияқтымыз. Мұның кей тұстағы мысқылды үзінділерін езу тартып оқисың да, құмарың тарқамай ойға батып отырып қаласың. Көңілдің көкसेген жерден шыққандай көк мылжың күлкіге емес, көкейіндегі құбыжықты әлсін-әлі қытықтап қоздырып отыратын мысқалға зілді миықпен мән бергізуге мәжбүр боласың. Кезінде ел абызы Ғабең – Ғабит Мүсірепов «Сөйлемейтін шешен» дегенді айтыпты деген әңгіме бар. Дәл сондай қарқылдатпай тұншықтырып өлтіретін күлкі десек жаңылыспаймыз. Жазушының бұл сирек қасиетін әрі асқан романтикалық табиғаты мен лирикалық қырын А.В.Луначарский жете аңғарғандай: «Кошмар русского самодержавия и русской дикости вызвал в душе его протест, но протестом были прежде всего алмазные слезы печали об угнетенных. Каждое произведение Короленко делает читателя лучше, в каждом сблизит он вас с каким-нибудь далеким и чуждым и сделает вам его братом, объединив и вас и его в каком-нибудь высоком или трогательном

переживании. Великолепны чудаки у Короленко, заставляющие нас смеяться сквозь слезы таким любящим смехом. И вокруг этих жертв и злополучных существ, под грубой оболочкой носящих золотое сердце, для счастья рожденных, «как птица для полета», но с крыльями, подрезанными бедою, раскидывает у Короленко свои чары природа. И густые краски Украины, и весенние акварели севера, и величественная жестокость сибирской зимы, и многое другое – нашли в нем изобретателя несравненного» [311, 377-б].

Өзінің көркемдік жағынан сәл кемшін тұстарына қарамастан бұл повесть 70-жылдардағы орыс жастарының азаттық рухының көтерілуін тарихи тұрғыдан суреттеуде ерекше маңызды. Әңгімеде өз бетінше әділдік іздеуші украин шаруасы – Матвей Лозинскийдің бейнесі ерекше сипатталады. Әділдік «іздеуші» қаһарман бар жан дүниесімен кез келген адам өзін қоғамдық ізгілікке арнап, тек өзі үшін, өз қара басының қамын күйттеуді барынша жек көруі керек дегенге саяды. Шығарманың құндылығы да сонда: мұнда адамсүйгіштіктік, альтруистік сыбай салтақ сипаты жоқ, адам жанына терең үңілген сезім бар. Короленконың одан арғы қызметінде осынау көңіл күйі өріс ашып отырады. Әр адамның бойынан pendant (үстемелеу, үстемелей толықтыру) Гетенің ewig weibliche (мәңгілік нәзіктік), das ewig menschliche (мәңгі ізгі) деп атауға болатын қасиеттерді іздестіре білуі тандандырады. Америкадан жазған хатында Короленко: «...Осы арада жүрегіңмен, ақыл-ойыңмен біздің халықтың қараңғы әрі басы боданда болғанымен өзінің тұрпатында барлық халықтан да жақсы екендігін сезінесің. Бұл асыра сілтеу не славянофилшылдық емес. Бізге бостандық жетіспейді, ал біз оған лайықпыз», – дейді.

«Тілсіз» повесі – кейіпкерлердің ортасы, тағдыры автордың көзімен көріп, ойына тоқығандығына нақты дәлел. Көркем тіл, шиыршық атқан тартыстар арнасы, бүткіл елде жайлаған тарихи драматизмнің бір көрінісі суреткер жазушының өзіне ғана тән стилін айқын танытады. Шығарманың тартымды сөздері, кейіпкерлердің махаббаты мен қиын да қызықты өмір белестері жаныңды елжіретіп жібереді. Сондағы айтылған парасаттылық пен азаматтық, өмірге деген сүйіспеншілік, рухани байлық пен ең өзектісі – азаттық пен жасампаздық идеялары көркем шеберлікпен, әрі үлкен ойға кенелетін қанатты сөздерменен келістірілген. Бұл ретте осы туындының қазақшалануы өте орынды, заңды құбылыс. Белгілі әдебиетші Н.И.Конрад дүниежүзі халықтары әдебиеттерінің дамуындағы көркем аударма өнерінің маңызына, әсіресе аудармашының шығармашылығына жоғары баға береді: «Главным орудием проникновения одной литературы в другую является, конечно, перевод. Но, переводчик далеко не только «посредник». Воссоздание на своем языке литературного произведения, написанного на другом языке, всегда есть акт творчества. Появление перевода представляет в той или иной степени обогащение собственной литературы. Литературное произведение возникает в орбите своего языка, неотрывно от него; уже само появление произведений другой литературы на языке данной страны вводит их в орбиту литературы этой страны» [312, 245-б], – демекші, казак

әдебиетінің арнасына да келіп қосылған көркем аудармалар ұлттық сөз өнерінің эстетикалық әлемінің кеңі, байы түсуіне зор ықпалын тигізіп келеді.

Орыс әдебиетінің таңдаулы туындыларын қазақша сөйлетудегі тәжірибесі, шығармашылық қаламгерлігі қалыптасқан Б.Шалабаевтың В.Короленконың «Тілсіз» повесін аударуы – көркем аударма саласындағы елеулі нәтижелерінің бірі. Сондықтан, «Тілсіз» повесіндегі ұлттық характер мәселесін төлтума мен телтума нұсқауларының сабақтастығы аясында қарастырудың мән-жайы анық. Себебі, әлем әдебиетінің көрнекті туындысына тән суреткерлік болмыс пен оны аударма тілімен өрнектеуді саралау ісі көркем әдебиет шығармашылығын жаңа қырынан ашуға жетелейді.

Түпнұсқа туындыға негіз болған өмір құбылыстарының сырын, оны жазушының қабылдау ерекшелігі мен бағалау тұрғысын, саралау, жинақтау, даралау машығын, творчестволық ойлау және туынды жасау процесін терең зерттеу – аударма еңбек үшін, аудармашы үшін аса өрелі шығармашылық саты, Короленко сияқты сияқты жазушыны аудару үшін аударма өнерінің асқан маманы, саңлақ шебері, Короленконың өзіндей сөз өнерінің асқан таланты ғана қол жеткізе алады. Осыған орай классик жазушы И.С.Тургенев: «Аударма бізге неғұрлым аударма болып көрінбей өзіндей төл тума шығарма болып көрінсе, онда оның солғұрлым тамаша болғандығы», – деп талап қойса, «Қазақтың Белинский» атанған ірі сыншы М.Қаратаев: «Мұндай аса қиын, таза творчестволық жұмыс тек көркемсөз шеберлерінің ғана қолынан келетіні тағы белгілі. Неге десеңіз тәржімаланып отырған шығарманың барлық қалтарыстары мен құпиясына, ой жүйесіне, көркемдік ерекшеліктеріне, сыр сипатына тек суреткер аудармашы ғана тереңінен бойлай алмақ» [313, 145-б], деп толықтыра түседі. Әр шебер аудармашы осы мақсат-талаптардың үдесінен шыққаны абзал. Сонда ғана түпнұсқадағы шығарма төл туындысындай қабылданады. Бұл мәселеге байланысты Ұлы сөз зергері М.Әуезовтің: «Аудармашы шығарманы аудармас бұрын фабулалық дамуын терең түсініп, сезініп ғана қоймай, автордың өзіндік стиль ерекшелігін, қолтаңбасын жақсы тани білуі тиіс...» деген сөзінде үлкен астарлы мән жатыр.

Көркем әдебиеттегі зат, кескін, құбылыс сыр-бояуларының қанық, айшықты тұрпатта болуы бейнелеу құралдары арқылы іске асады, сондықтан да көркем аударма аудармашыға қос тілдегі көркемдеу тәсілдері мен сөз өрнектерін жазбай танитын хас шебер болу міндетін жүктейді.

Көркем шығармадағы табиғат көріністері де белгілі бір көркемдік функция атқаратыны мәлім. Қашанда суреткер пейзажды әйтеуір бір мақсат үшін пайдаланады. «Тіпті болмағанда ол суреткердің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін білдіреді». Ұтымды салыстырулар мен тосын теңеулер арқылы даланың әсемдігін оқырманға жеткізе білген үзінділерден жазушының туған жеріне деген ыстық сезімі аңғарылады. Осыны түйсінген аудармашы да түпнұсқа авторының стилін сақтай отырып, өз қолтаңбасын да қалыптастыра алған. Түпнұсқадағы ой мен сөйлем айшықтарын бұзбай беру үшін аудармашының ана тіліндегі өрнек құралдарды, сөз кестелерін

мүмкіндігінше толық пайдалануға талпынғаны байқалады. Короленко шығармасындағы табиғатты суреттеген образды тіркестерді аудармашы Шалабаев та ерекше поэтикалық тілмен әдемі бейнелеген. Образға алынған компонент, сөздің ауыспалы, коннотатты мағынасы мәтіннің өн бойындағы көркемдікпен суреттелінеді.

Түпнұсқадағы мәтінде: «На небе разливалось зарево. Замелькали окна, уходя все выше и выше к небу» [314, 334-б].

Аудармасы: «Аспанда ақтандақ пайда болып, терезелердің көзі жылтырап, биік үйлер көкке көтеріле бастады» [310, 161-б].

Түпнұсқасы: «Луна стала совсем маленькой, и синяя ночь была довольно темна, хотя на небе виднелись звезды» [314, 336-б].

Аудармасы: «Көк жұлдыз кішірейген айдын, көгілдір түннің күміс нұрының астында тұйықта ағараңдап қана тұр еді» [310, 165-б].

Түпнұсқасы: «Небо тихо горело своими огнями в бездонной синеве» [314, 337-б].

Аудармасы: «Түпсіз көкте өз отына өзі бөленіп жанып жатқан аспан» [310, 167-б].

Түпнұсқасы: «С моря надвигалась мглистая туча...» [314, 339-б].

Аудармасы: «Теңіз жақтан өркеш-өркеш бұлт шығып...» [310, 170-б].

Жалпы түпнұсқадағы автор стилін сақтау дегеніміз түпнұсқаға көзсіз ілесу, сөзіне сөз табу емес екені анық. Мәселе түпнұсқадағы көркем шындықтан ауытқымай, мағына тұтастығын сақтап келесі тілге жеткізуде. Бұл тұста шығыстанушы ғалым Ө.Күмісбаевтың: «Түгелдей алғанда қандай аударма болсын творчестволық сипат алады, бастан-аяқ сөзбе-сөз тәржімалау емес, сөздердің мағынасы, көркемдік қуат, бейнелік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі», – деген пікіріне жүгінеміз. Демек түпнұсқадағы мәтінде қажет еткен жағдайда еркіндікке баруға да болады. Алынған бұл мысалдардың қазақ тіліндегі нұсқасынан көркемдікке ұмтылудың нышандары байқалады. Сөз айшықтары орынды қолданылып, түпнұсқадағы автордың мәнері, ырғағы дұрыс сақталған. Орысша нұсқасындағы, «на небе разливалось зарево», «замелькали окна», «в бездонной синеве», «мглистая туча» деген образды сөйлемдері, «аспанда ақтандақ пайда болып», «терезелердің көзі жылтырап», «түпсіз көкте», «өркеш-өркеш бұлт» деп әрі көркем, әрі ұтымды теңеулермен берілген. Бейнелеуші, көркемдеуші тілдік құралдың, тәсілінің бірі теңеуді аудармашының лингвоэтикалық коммуникативтік құзыретінің жоғары дәрежеде болуын талап етеді. Теңеулерді аудару – көркем аударманың аса маңызды, күрделі қыр-қатпарларының санатынан саналады. Екінші мысалдағы, «луна стала совсем маленькой» – «кішірейген айдын», «синяя ночь» – «көгілдір түн», «күміс нұры», «виднелись звезды» – «көп жұлдыз ағараңдап тұр еді» деген сөйлемдердің қазақша баламалары мен мағыналас синонимдері қисынын келтіріп, тап басып, орнымен үйлестіріліп тұр. Қазақ тілінің сөздік қоры – лексиконы бай екені әмбеге аян. Аудармашының жетістігі сонда, ол өзі сусынданған ана тілінің сөз мағыналарының көркемдігін нәзік реңктерін дөп басып, қолдану шеберлігінің арқасында аудармада анық та тартымды жеткізе білген.

Аударма – суреткердің айырықша түрі. Жалпы алғанда аудармашы әр сөз бен сөйлемді қазақ тіліне аудару барысында өзге тілдегі мазмұны мен құрылымы дайын мәтін үшін сөз тандау, қазақ әдеби тілінің бай сөздік қорының лексикалық единицаларды семантикалық, стильдік, прагматикалық сипаттарына қарай сұрыптап, іріктеп алу мәселесіне ерекше мән берген. Соның нәтижесінде кейбір аудармалар шебер трансформацияланған (сөзді ауыстыру немесе анық беретін мағынасын түрлендіру, ұлғайту, әсірелеу) баламалық тілі бай болып шыққан. Бұл түпнұсқамен аударманы салыстырғанда анық байқалады.

«Гей-гей! Было когда-то наше время» [314, 252-б] сөйлемі, «Ой, дәурен-ай десеңші, біздің заманымыз да өтті» [310, 8-б] болып аударылса, түпнұсқадағы: «пахали землю, ходили в белых и серых свитах, с синями или красными поясами, штаны носили широкие, шапки бараньи...» [314, 253-б], деген сөйлемді аудармашы: «Көк не қызыл белбеумен белдерін буып, кең дамбал, қой тері бөрік, ақ және қоңыр шекпен киіп жер жыртумен болдық...» [310, 8-б], деп аударды. Алғашқы мысалдағы қаратпа сөз, «Ой, дәурен-ай» сөзінің мәнін орыстың танымдық ойлауында да, тілдік қолданысында да жоқ сөзді «ой, дәурен-ай» одағайын аудармашы да арманшыл көңіл-күйдің мұңзарымен қабаттаса өреді. Повестегі қолданған «Гей-гей!» одағайын «уа» не «дариға-ай» сияқты мағыналас синонимдермен де жеткізуге боларлық сөздердің орнына солардың бір варианты алынғанымен «ой, дәурен-ай» сөзі «өкініш, арман, дүние, өмір, фәни, ғұмыр» тіпті осы сөздің мағынасын таратып айтсақ, көңілдің әр алуаны құбылмалы сәтін беріп ғана қоймай сан алуан семантикалық стильдік бояудың, экспрессивті-эмоционалдық күйдің ұлт тіліндегі айшықтарын танытады. Келесі үзіндідегі, «в белых и серых свитах» сөйлемі «ақ және қоңыр шекпен» деп, ал «шапки бараньи» дегенді, «қой тері бөрік» болып тәржімалануын аудармашының жетістігі деп тануға болады. «Шекпен», «бөрік» сөздері тек түркі тілдес халықтарға оның ішінде қазақ ұлтына тән әрбір тілге аударуға келмейтін сөздің номинативті мағынасының негізі болатын материалдық не рухани мәдениеттің көрсеткіші яғни реалийлер. Соған қарамастан аудармашы сөзбе-сөздікке ырық бермей еркін аудармамен сәтті жеткізеді. Мұндағы «свита» архаизмының шығу төркіні мен мағыналарына егжей-тегжейлі кідіріп өтсек, В.Дальдың «Орыс тілінің түсіндірмелі сөздігінде» бұл ұғымның бірнеше анықтамасы берілген: «Свита, свитка (вероятно от свивать, в знач. кутать, одевать) верхняя, широкая долгая одежда вообще. //Мирс. знач. широкая, долгая запашная одежда, без перехвата, обычно с видлогою, кобеняком, кобкою, куколем; // орл. кур. тмб. кал. нвг. влд. армяк, зипун сверх тулупа, зап. вил. сермяга. // Орл-мц. кал. сорочка, рубаха...» (В.Даль. Толковый словарь живого великорусского языка. Т-4, М., «Русский язык», 1991). С.И.Ожеговтің «Орыс тілінің сөздігінде», киім мағынасындағы бұл зат есімге мынадай сәл өзгешелеу түсінік беріледі: «Свита. В старое время: верхняя длинная распашная одежда из домотканого сукна» (С.И.Ожегов. «Словарь русского языка». М., «Русский язык», 1983). Көріп отырғанымыздай аудармашы «свита» сөзінің «армяк», «зипун» не болмаса, «кафтан», «тулуп» егіздей

ұқсас өзара мәндес мағыналарын жете аңғарып, контекстке қатысты шаруалардың шұғадан тігілген ұзын етекті шапанын, демек «шекпен» («чекмень») сөзін дұрыс қолдана білген.

Көркем аударманы талдау мәселесі – өскелең әдебиеттану ғылымы мен терең тіл ғылымының ұштасқан жерінде қарастырылуы тиіс. Терең стильдік талдауды қажет ететін сала, мазмұны мен идеясы, сюжеті, құбылысы дайын мәтінде тілдік құралдарының еркін қолдануы, аударманы қаламгердің жалпыхалықтық қордағы сөздерді; фразеологизмдер пайдалану, өз тарапынан жаңа, сөз тұлғалары мен тың тізбектер жасауы – көркем аударманың ойлаудың образдылық типінің нәтижесі.

Тұрақты сөз тіркестеріне жататын мақал-мәтелдер де, идиомдар да, қанатты, нақыл сөздер де, авторлық афоризмдер де стилистикалық мақсатта қолданылады. Бұларды түрлендіріп, аса шеберлікпен пайдалаунда, В.Г.Короленконың тәжірибесі таптырмас үлгі. Оның шығармаларында фразеологизмдердің әрқилы өзгеріске түсуін байқауға болады. Олардың бәрі де сол шығарманың бүкіл болмысына ең беріп, белгілі бір шындықты жеткізуде сеп болады. Әр халықтың жан дүниесін дәл танытатын қысқа да нұсқа, тоқ етер сөздер тобы жазушының творчествосына өзгеше реңк береді. Аудармашы автордың жиі қолданған фразеологизмдеріне баса назар аударған. Сөзіміз дәйек-дәлелді болу үшін Короленко повесінің негізінде бірер мысал келтірелік.

Түпнұсқасы: «...взял как говорится, ноги за пояс и пошел искать свою долю» [314, 254-б].

Аудармасы: «...екі етегін түріп, екі аяғына сеніп, бөтен елден сыбаға іздеуге шығады» [310, 11-б].

Түпнұсқасы: «...беречь как зеницу ока...» [314, 255-б].

Аудармасы: «...көздің қарашығындай сақтап...» [310, 13-б].

Түпнұсқасы: «Я готов биться об заклад» [314, 235-б].

Аудармасы: «Төбесінен түскендей болып сүңгуге даярмын» [310, 235-б].

Тілі көркем, қазақ діліне, ұғымына сай ұтымды берілген. Әрі ұғымдық қисыны да жойылмаған. Мәселен, «екі етегін түріп, екі аяғына сеніп» деген тіркесі ұйқас пен ырғақтық мәнерге ие болған. Ал аудармашының «доля» сөзін контекстен тыс ауыспалы мағынасындағы «судьба», «бремя» сөздерін «жазмыш», «тағдыр», «талай» деп алмай тура мағынасындағы баламасы «сыбаға» сөзімен алмастыруын көркемдікке ұмтылудың әсерінен деп ойлаймыз. Соңғы үзіндіде, аудармашы түпнұсқадан бөлек, бірақ мағыналары ұқсас өзіндік авторлық афоризмнің бір түрі ретінде сентенцияның, максима (айтылған ойдың дидактикалық жағы басым түсетін пікір түйіні бар афоризм) түрін қолданғанын көреміз.

Түпнұсқасы: – Это вы, кажется, кинули камень в наш огород [314, 267-б].

Аудармасы: – Сіз тасыңызды біздің бақшамызға қарай лақтырдыңыз ғой [310, 37-б].

Түпнұсқасы: – Да здесь человек как иголка в траве или капля воды, упавшая в море... [314, 278-б].

Аудармасы: – Адам мұнда шөптің арасында жоғалған инемен, теңізге тамған тамшыдай ғой, – деді [310, 48-б].

Түпнұсқасы: – Рыба ищет – где глубже, а человек – где лучше [314, 285-б].

Аудармасы: – Балық тереңді, адам тұрмыстың жайлысын іздейді [310, 70-б].

Түпнұсқасы: «...как мухи на мед» [314, 287-б].

Аудармасы: «...балға үймелеген шыбындай» [310, 72-б].

Түпнұсқасы: «...как на корове седло» [314, 392-б].

Аудармасы: «...сиырға ер тоқым салғандай» [310, 278-б].

Бұл мысалдардан аудармашының фразеологизмдердің түп-төркіні мен астарына үнілмей, жеңіл желпі тікелей «калька» жасап аударғанын байқаймыз. Аударманың калька тәсілі, сөзбе-сөз аударма түріне ұқсас келеді. Сөзбе-сөз аударма деп, аударма тілі сөздерінің бастапқы тіл сөздерімен автоматты түрде алмастырылуын айтады. Калька (франц. көшірме, еліктеу) ұғымына қатысты кейбір зерттеушілер мынадай анықтама береді, «калька – өзге тілдегі сөздің немесе сөз тіркесінің құрылымын аудару арқылы енген тіл бірлігі». Фразеологизмдерді сөзбе-сөз аудару керек пе, жоқ әлде ұқсас баламасын (эквивалентін) табу керек пе деген мәселе айналасында бірталай пікір тарағанын баса айту тиіспіз. Мысал үшін, өткен ғасырдың ортасына дейін көптеген аудармашылар «бүкіл жерде бірдей мақал-мәтелдердің ана тіліндегі баламасын іздей бермей, қайта мүмкіндігінше дәл аударуға тырысу қажет» деген сияқты қағиданы берік ұстанған. Әрине, бұл қағиданы төрт аяғы теңселмеген мінсіз қағида десек, шындықты белден басқанымыз болар еді. Шынтуайтында көңілімізді көншітпей жүрген аударма тіліндегі басты мін: сіресіп, қатып қалған дәлме-дәл тіркестер, айтыла-айтыла мезі болған сөйлемдер, жұтандық пен схематизм. Қазақ тілі – көркем әдеби, бейнелі образға бай тіл. Қанатты тіркес – ана тіліміздің көркі мен ажары. Оның ерекшелігі кейде сазды, кейде назды, кейде ойнатып, айқастатып сөйлеуге, ал кейде еңсені көтеріп, кейде астарлап, тұспалдап баяулатуға немесе М.Әуезов сынды түйінді ойды түйдек-түйдегімен төгіп тастауға икемділігі – ғаламат пластикалық бейнелеу тегеуіріні бар. Тетігін тапса бедерлі, қалауын тапса берекелі тіркестер бірінен соң бірі топтасып, толқып келе береді. Іздей білсек, орысша нұсқадағы бейнелі тіркестерді де, кейде тіпті жеке реальный сөздерді де образды фразылармен аударуға әбден болады.

Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған әдебиет – қазақ әдебиетіндегі аса күрделі сала. Сондықтан және сапалық жағынан ауқымды аударма нұсқалар қазақ әдебиеті тілінің динамикалық жай-күйін елеулі әсер етіп ғана қоймай, жалпыхалықтық тілдің сөздік қорын өз қажетіне барынша пайдалану мүмкіндігін сарқа жұмсап, тіл дамытудағы семантикалық процестер жаңаша үрдіспен дамуы Б.Шалабаев аудармасында еркін байқалады. Аударма жатық, кейіпкерлер шынайы қазақ тілінде сөйлейді, оралымдары, теңеулері, ырғақ-мақамы, баяндау тәсілі түпнұсқадан бірде кем емес, тіпті – ең қиын деген жерден кәнігі аудармашы мүдірмей, сүрінбей өтіп, әдемілеп қиыстырып, нанымды, ақылға қонымды, жүрекке жылы тиетіндей етіп аударды. Бірер үзінділерге құлақ түрсек.

«Будет уже тебе плакать, малютка, бог милостив» [314, 271-б] дегенді: «Рақымды Алла тағаланың қазынасы кең, жылама айналайын» [310, 43-б] деп, немесе, – Она, круглая сирота... Грех ее обидеть [314, 318-б] сөйлемі, – Ол панасыз жетім... бейсауат сөз, жүрегіне дақ салады ғой» [310, 131-б] болып аударылса, «А вот же, если я найду там в широком и неведомом свете свою долю, то это будет такой же и твоя доля, малютка» [314, 277-б] сөйлемі, «Егерде мен кең дүниеден өзімнің еншімді аларлықтай орын тапсам, сыбағамның жартысы сенікі болар еді мүсәпірім» [310, 45-б], болып аударылған. Не болмаса, – Жид! А ей-же-богу, пусть меня разобьет ясным громом, если это не жид, – сказал вдруг первый Дыма [314, 275-б] деген үзіндіні аудармашы, «Құдай біледі, төбемнен жай түссің, дәл осы еврей болмаса, – деді кенеттен Дыма [310, 51-б] деп аударарды. Алынған үзінділердің қазақшалануы дәл аударма емес, еркін аударманың тілдік процестерге жаңаша өң беріп, құлпыртып жіберілетіндігіне тәнті ету екендігіне көз жеткізуге болады. «Бог милостив» – «Рақымды Алла тағаланың қазынасы кең», «малютка» – «айналайын» енді бірде контекстке қатысты «мүсәпірім», «А ей-же-богу, пусть меня разобьет ясным громом» – «Құдай біледі, төбемнен жай түссің», «грех ее обидеть» – «бейсауат сөз, жүрегіне дақ салады ғой» сияқты аудармалар арқылы аудармашының төл мәдениетіне, қазақтың тұрмыс-тіршілігіне тән ұғым, түсініктер арқылы қазақы баламаларды «табудың шебері» әрі, аударманың жоғары дәрежеде меңгере отырып, тілдің табиғи тазалығын сақтаушысы ретінде тануға болады. Тағы бір үзіндідегі: «А где тут хорошая заезжая станция, чтобы, знаешь, не очень дорого и не очень плохо...» [314, 275-б] деген жолдарды аудармашы тағы да төл танымы мен ойлау жүйесінің тілдік единицаларын еркін пайдалана білген. Осы сөйлемді Б.Шалабаев: «Ал енді сен бізге онша жілігі татымаған, атасының құнын сұрамайтын, сырттан келгендер түсетін станция көрсет...» [310, 52-б] деп жеткізеді. «Аударма өнерінде стилистикалық қатарын табу жеткіліксіз, сөздің мағынасын беру аз, автордың стилін жеткізе білу шарт. Көп жағдайда аударылатын тілде толық стилистикалық сәйкестіктер болмайды. Тіптен сөздіктің өзінде сол стилистикалық деңгейі табылған жағдайда сөздің экспрессивті бояуын аша алмағандықтан аударманың сәтсіз шығып жататын жағдайлар жиі кездеседі. [315, 105-б]. Егер орыс тілінен мысалға алынған үзіндіні сөзбе-сөз аударсақ «аса қымбат та емес, нашар да емес» болып шығар еді. Бейнелілікті сақтау үшін аудармада мағыналық өрбіту жолдары қолданған, «онша жілігі татымаған, атасының құнын сұрамайтын» деген тұрақты сөз тіркестерін түпнұсқадағы «қымбат та емес, тәуір боларлық» мағынасының орнына мәтінге сай орайластырған.

Аудармашы «Тілсіз» повесінің өн бойында жиі ұшырасатын оқырман аудиториясына жете таныс емес адам аттарын, елеулі тарихи оқиғалар мен атау ұғымдардың, жер-су атауларының түсініктерін кітаптың әр бетінің аяғында қысқаша мәлімет беріп сипаттай отырған. Р.Декард: «Определяйте значение слов, и вы избавите свет от половины его заблуждений», – деген сөзін осындайда айтса керек. Мәселен, тарихи атауларға қатысты мынадай

түсініктемелер берілген: гайдамактар (гайдамаки) – XVIII ғасырда, Польша мен Украинада помещиктерге қарсы көтеріліс жасаған шаруалар: [310, 7-б]; грек пен униат діні (греко-униатская вера) – XVI ғасырдың аяғынан бастап, батыстағы орыс елдеріне кіргізілген православ пен католик діндерінің бірігуінен пайда болған діни таным [310, 8-б]; макковей – б.з.д. III ғасырда жәбірәйілдерге қуғын жасаған, сириялықтарға қарсы көтеріліс ұйымдастырған еврей халқының сатқын көсемдері мен раввиндарының ортақ жалпылама атауы [310, 30-б], т.б.

Осыншама жетістіктеріне, шеберлігіне қарамай «Тілсіздің» кейбір үзінділердің және жекелеген сөздердің тәржімалануы мін-мүлтіксіз емес. Тіпті кей тұстар көзге қораш та көрінеді. Асылы, «На массу читателей действует одно несомненно – прекрасное, действует один талант, творческий дар, необходим переводчику; самая взыскательная добросовестность тут недостаточна», – деп жазушы И.С.Тургенев тегін айтпаса керек. Сөз баламасын дұрыс қолданбай, кейде тіпті түсінбей аударудың салдарынан ағаттыққа ұрынатын, Короленконың тілін бұрмалап, оған еріксіз езу тартар бірденелерді айтқызатын жерлер бар. Мысалы, «Немцы и англичане не имеют обычая креститься, кроме молитвы» [314, 271-б] сөйлемін, «Неміс ағылшын сияқты, шоқынуды білмейтіндер, намаз оқуға кірісті» [310, 44-б] деп аударса, осыған ұқсас, «Священник громким голосом стал молиться» [314, 271-б] сөйлемді, «Сопы дауыстап азан шақыртып жатты» [310, 44-б] деп аударарды. Ал, «...голуби воркуют...» [314, 280-б] деген жай ғана қарадүрсін сөйлемді одан сайын бұрмалай түседі, «...зікір салып отырған көгершіндер...» [310, 59-б]. Осы сөйлемдерді салыстырғанда, ең алдымен, қазақшасының мүлдем қате аударылғандығы байқалады. Аудармада сөйлемдер басқаша құрылған, екіншіден, сөз баламалары мен параллельдері дұрыс алынбаған. Мәселен, «молитва» деген сөзін «намаз» деп аударуы мүлде қате. Академик Р.Нұрғали М.Әуезов аударған «Отеллода», «молиться» сөзінің «намаз оқу» болып тәржімаланғанын, «намаз оқу – мұсылман дінінің ритуалы. Сондықтан осы орайда... «дұға қылуды» қолданған дұрыс еді» [297, 140-б], – деп орынды ескерткен болатын. Бұл жерде Б.Шалабаев та «намаз оқу» дегеннен гөрі католик-православтардың діни ұғым танымына жақын «ғибадат қылу», «құдайға сыйыну», не «жалбарыну» деп аударғанда дұрыс болар еді. Ал, «священник» («иерей, пресвитер, поп, рукоположенный служитель алтаря, совершающий св. тайны» – В.Даль; «служитель христианской церкви, исполняющий церковные службы и требы» – В.Ожегов) сөзін азан шақырушы муәдинге теңеп, оны «сопы» (мұсылман дінінде имамға қол тапсырған құдайшыл, діндар адам – А.Қ.) деу, акты қара деп аударумен бірдей. Дәл осылай орыс тілінен аз-кем хабары бар адамның өзі «молиться» сөзін «азан шақыру» деп, ал «воркотать» («гүрлеу» – А.Қ.) дегенді, «зікір салу» (радение дервишей; доведение себя до экстаза путем бесконечного повторения 99 эпитетов Аллаха – А.Қ.) деп аудармаған болар еді. Аудармашы өз тарапынан сөздер қосып, орысша мағынасындағы бұл етістіктердің алыс синонимдеріне, параллельдеріне де жатпайтын сөздерімен алмастырып теріс сипаттаған. Осы тектес жекелеген сөздерден шығарманың

басқа аудармалары құр алақан емес. «Библия» («Инжіл» – А.Қ.) – «Құран», «президент» – «патша», «мачта» («діңгек») – «қалқан», «парус» («желкен») – «қалқан», «барин» («шонжар») – «төре», «господин» («тақсыр», «мырза») – «төре», «патриарх» («патриарх») – «періште», «негр» («негр», «зәңгі») – «бәдәуи», «вязальная спица» («тоқыма біз») – «шынжыр» деп дүмбілез аудармалап қою сорақылығын ашық айтуымыз қажет.

Дегенмен бұл кемшіліктердің бәрі айналып келгенде – айтарлықтай ойсырап жатқан олқылық емес. Басты мәселе қазақ оқырманына іргелі кесек әдеби туындының көркемдік әрі танымдық келбетін таныту болса, аудармашы сол міндетті қал-қадерінше орындады. Ғұлама, заңғар М.Әуезовтің: «Аудармалар жөніндегі сыни-пікірлердің ақауларының бірі тәуір аудармалардың, тіпті, жалпы аударманың тек бір беткей көлеңке жақтарын, сұрқай пішіндерін ғана байқастырудан тұрады» – деген орынды уәжіне құлақ түріп, көлемді шығарманың аудармасын тілге тиек еткенде бар объективтікпен әділ түрде қарастыруды, талдауды мақсат еттік.

Әдебиет сыны – әркімнің қолынан келетін жеңіл шаруа емес. Бұл жағдайда адамның қолындағы қаламы ақыл-парасаттыққа ғана емес, сезімтал жүректің серпініне де бағынады. Нағыз сыншы қай кезең, кезде де, қандай да болмасын әдеби процеске белсене араласушы және оның көрсеткіш барометрі екені анық. Сыншы талантының сол жолдағы талғам-таразысы, өзі сөз еткелі отырған немесе болашақта сөз ететін шығарма – материалына өзіндік пайым-парасатпен түйген тұжырым-ойы, содан соң оған деген қарымды көзқарасы болмаса, онда оны сыншы деп айдарлап-асқақтату – артық іс. Кез келген теориялық, деректі я көркем шығарманың қадір-қасиеті мен құндылығын қалтқысыз анықтап, оған нақты бағасын беру үшін сыншы алдымен ақиқат арашасы бола алатын қасиетке ие болумен бірге, ол хас өнерді объективті және терең түсіне білуі тиіс. Сонан соң нағыз сыншының ең басты қасиетінің тағы бір қыры ретінде қарайтын жағдай, ол қай мезгілде де әдеби процестегі қарама-қайшылықтарда қалыс немесе қалтарыста қалып немқұрайдылық танытпай, өзінің азаматтық-сыншылық позициясын білдіріп отыруы. Әдебиеттегі қасандылық пен біржақтылықтан арылу, әдебиетті саясаттың ұраншысына, қара сойылына айналдырмай, өз міндетіне, табиғатына жақындату, «тақырып маңыздылығымен» жол ашып, етек алып бара жатқан «халтурамен» күресу талабынан туындап жатса керек. Қай кезеңде де әдебиеттегі шынайылық, үлкен сыншылық мәдениет үшін күрес жолы оңай болмаған. Сол жолдың бел ортасында тұрған алып бағдаршам рәуішті Белинскийдің көрінуі және өзінің сыншылық мұрасымен «ағынға қарсы жүзген мұзжарғыш кемеше» үлгі танытуы әдебиетке деген адалдықтың белгісі болса керек.

В.Г.Белинский XIX ғасырдағы орыстың революцияшыл тарихындағы біртуар сан қырлы дарын иесі. Ол сыншы, публицист ғана емес, XIX ғасырдағы орыстың материалистік философиясының көрнекті өкілі, әлеуметтанушы, орыс әдебиетінің тарихын жасаушы, патша самодержавиясына қарсы қайыспай тұрған күрескер. Ресей өміріндегі революцияшыл-демократтық қозғалыстың көшбасшысы бола білді.

Егер кемеңгерді туғызатын – заман, қоғам десек, Белинский шығармашылығын да ол өмір сүрген орта мен тарихи кезеңнен бөліп қарай алмайтынымыз кәміл. Олай болса, В.Г.Белинскийдің тарихи сахнаға шыққан кезеңнің де сол уақытқа сай өзіндік ерекшелігі болатын.

1825 жылғы декабристер көтерілісінен қатты қауіптенген І Николай патша, 1826 жылы басыбайлық (крепостнойлық) правоның «мәңгілік» мызғымастығы туралы манифест жариялайды. Осы тұста революциялық қозғалыс пен озық мәдениетке қарсы күресудің басты органы – өзінің императорлық «үшінші бөлім» кеңсесін құрып, ол тәртіпке қарсы шыққан зиялыларды тыңшылық жолымен қамап, ит жеккенге Сібірге айдатып отырды. Елде феодалдық-дворяндық тәртіп етек алып, әскери-бюрократтық аппарат құрылды. Осындай өліара кезеңнің нағыз нәубетті шағында азаттықты аңсаған, ой мен сөз бостандығын көксеген ұлт қаймақтары мақсат-мұраттарына жетудің екі жолына шығады. Бірінші жол – декабристердің ізімен абақтыға жабылу, каторгаға айдалу, дарға асылуға апарды; екінші жол – бұлталық тәсілі басымырақ, өрісі кең көркем әдебиеттің күшімен басыбайлылық правоға, патшаның қанды жандармдық террорына қарсы үгіт таратып, насихат жүргізу.

Орыс әдебиетінде ғана емес, бүкіл дүниежүзі әдебиеттану ғылымына, әдебиет теориясына, сынға төңкеріс енгізген, «өжет Виссарион» атанған Белинский аталмыш соңғы жолды таңдаған еді. Өзінің тырнақ алдысы «Дмитрий Калинин» атты романтикалық драмасынан бастап, соңғы нүктесін қойған «Гогольге хат» кесек туындысына дейін бүкіл шығармашылық қызметіне осы бағытты арқау етіп, зерлі тініне айналдырды.

Оқу-ағарту министрі шеңіндегі Ширинский-Шихматовты алмастырған граф Уваров: «Орыс әдебиеті жойылған жағдайда ғана алаңдамай тәтті ұйқыға батармын», – деп айтуды ұнататын көрінеді. Осы бағытта фельдфебель үкіметі барын салып ештеңеден тайынбаған. 1804 жылы алғашқы цензура уставы басылып шықты. 1826 жылы Ресей тарихында «шойын» цензура деп аталған жаңа устав кітап шығаруына, шығарма атаулының бәріне тыйым салды.

«Қанқұйлы» І Николай М.В.Петрашевский үйірмесіне қатысқан декабристердің ізін аңдып, соңына түсіп көзін жояды. А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Т.Г.Шевченко, А.И.Герцен, Н.И.Надеждин, П.Я.Чаадаев, Н.П.Огарев, Н.А.Полевой сынды бірегейлер, алыптар патша озбырлығының құрбаны болады. К.Ф.Рылеев дарға асылды, А.Н.Одоевский Сібірге айдалды, А.И.Полежаев университеттен шығарылып, әскер шебінде қаза тапты. Ф.М.Достоевский «өлі үйде» – түрмесінде он жылға бас бостандығынан айырылады, Е.А.Баратынский он екі жылға жер аударды. Зобалаң ғасырдың небір қиын-қыстау сергелдендерін балғын шақтан өткеріп келген В.Г.Белинскийді де абақтыға қамап, не Сібірге айдап тірідей көмер еді. Алайда цензураның опасыз қудалануына түсіп, аштық пен өкпе дертіне шалдыққан сыншы патша үкімінен бұрын, небары 37 жасында опат болады.

«Орыс әдебиеті қандай күйге түссе де, ол қаншалық гүлденіп өссе де, Белинский қашанда оның мақтанышы, оның даңқы, оның көркі болып

қалады», – деп жазған еді сыншы шәкірті, Добролюбов бұдан жүз жылдай бұрын. Белинскийдің әдеби-зерттеу, көркем-сын шығармалары уақыт тезіне тозбайтын, ешқашан көнермейтін асыл мұра. Оған ойға суат – нәр, бойға қуат – әл беретін ақыл-ой қазынасы түгел саяды. Әлем әдебиетінің алтын қорына енген сыншының әдеби мұрасы жүздеген, мыңдаған әдебиеттанушы ғалымдардың, кәсіби сыншылардың, барша тіл, әдебиет, өнер майталмандарының мақтанышы пен піріне айналды. Оның шығармаларын қазірде кең пайдаланып, пікірлеріне сүйеніп отыратын үрдіс бәсеңдеген жоқ. Ал Белинский шығармаларының таңдамалыларын өз ана тілімізде оқып, көңілімізге тоқып келгенімізге жарты ғасырдан астам уақыттың жүзі болды.

Орыс сыншысының қайтыс болғанына 100 жыл толуы қарсаңында 1948 жылы В.Г.Белинскийдің «Таңдамалы шығармаларының» [316] екі кітабы жарыққа шығады. Қазақ әдебиетінің тарихында, оның ішінде аударма мәдениетінің даму тарихында бұл оқиға, сөз жоқ, маңызды орын алады. Қазақтың әдебиеті мен әдеби тілінің даму жолдарын баяндайтын тарихи құжаттардың қатарындағы бұл да бір көз тартарлық елеулі ескерткіш. Алғаш рет баспадан шыққан «Таңдамалы шығармаларының» – бірінші кітабына көлемді алғысөз жазып, түсініктемелер мен сілтемелер берген аудармашылық шеберлігін бұрынғыдан да еселей түскен ғалым, сыншы, аудармашы Б.Шалабаевтың бұл сүбелі еңбегі асыға күткен қазақ оқырмандарының назарларына ұсынылды. Осы кітап арқылы қалың оқырман орыс әдебиеті мен әдеби сынның өркендеу жолдарын, даму сатыларын жақсы білетін болды. Кітапқа автордың қадау-қадау төрт мақаласы енген. Олар: «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» – «Разделение поэзии на роды и виды» (1841), «Александр Пушкин шығармалары» циклдық мақалалар [317] жинағының бесінші тарауы – «Сочинения Александра Пушкина» цикл статей [317] пятая глава (1843-46), «1847 жылғы орыс әдебиетіне көзқарас» – «Взгляд на русскую литературу 1847 года» (1848) және «Гогольге хат» – «Письмо к Гоголю» (1847). Сыншының алғашқы екі үлкен еңбегін Б.Шалабаев жеке аударды, үшіншісін Т.Нұртазин мен Қ.Бекқожин бірігіп аударса, соңғы төртіншісін Т.Нұртазин жеке аударды. Б.Шалабаевтың Белинскийден аударған «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» деген әйгілі теориялық талдау мақаласының бір үзіндісі мектептердегі «Қазақ әдебиеті» оқулықтарына енген болатын.

Бұл кітапқа арналып, іріктеліп берілген шығармалардың мазмұнымен идеясымен алғашында оқырман қауым таныс емес еді. Сондай түсінбеушілік тумас үшін аудармашы, сыншы Б.Шалабаевтың кіріспе мақаласы оқырман аудиториясына көп жеңілдік беруді көздеген. Шығармалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, қажетті түсініктер, талдаулар берілген. Өз дәуірдің ұлы, өз ғасырдың үні – В.Г.Белинский шығармалары өз кезегінде өмір сүрген ХІХ ғасырдың көркем шежіресі болып табылмақ. Сыншы творчествосын, әдеби-сын қызметін зерікпей зерттеу барысында аудармашы автордың бұл тұрғыдан алғанда бармаған жері, баспаған тауы жоқ дерлік. «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» сынды күрделі шығармада желі болып тартылып жатқан, поэзия табиғатының ұзын-ырғасын күретамыр классификациясына:

эпикалық поэзия, лирикалық поэзия, драмалық поэзия болып сала-салаға жіктелу жолдары мен заңдарын сыншылдық реализм мектебі тұрғысынан көркем тілмен кестелеп баяндайды. Белинскийдің Гогольге жазған хатының тарихи мәнін түсіндіреді. Ал сыншының 1847 жылғы орыс әдебиетіне жазған тамаша сын мақаласын оқыған адам әдебиет сыны жөнінде көп мәлімет, білім алады. Әсіресе, «Пушкин шығармалары» жайында жазған рецензиясы Белинскийдің заңғар сыншы, кемеңгер суреткер екенін айқын танытады. «Александр Пушкин шығармалары» көп қырлы туынды. Мұнда ақынның шығармашылығы ғана емес, Пушкиннің әдеби портреті жасалады. Белинский өзінің 11 циклдық мақалаларында жалпы әдебиеттің сын мәнісінде орыс сынының өткен тарихи кезеңдерін түгел шолып (орыс әдебиеті Ломоносов, Карамзиндерден бастап Пушкинге дейін), монографиялық мақалаларымен («Евгений Онегин» және «Борис Годунов» поэмалары хақында) және проблемалық бесінші мақаласында (сын табиғаты және көркем пафос мәселесі жайында) Пушкин шығармалары орыс әдебиетінің жаңа дәуірін бастағанын айқын дәлелдеп берген. «Александр Пушкин шығармалары» өміршең ірілігі әсте дау тудырмайтын соқталы да кесек туынды.

Кіріспе мақалада Белинскийдің ұлылығын, оның сындарының тегеурінді, әсерлі, керемет терең пікірлі екенін әйгілеу үшін, Б.Шалабаев сыншының бұл қасиеттерінің бәрін соның өзі ұсынған реалистік, эстетикалық бес ережесімен түсіндіреді. Сыншы шығармалырында кездесетін әдеби ұғымның, терминдердің түсінігін кітаптың әр бетінің аяғында сипаттай отырған. Рене Декард: «Определяйте значение слов, и вы избавите свет от половины его заблуждений», деген сөзін осындайда айтса керек. Дегенмен кіріспе мақалада мін жоқ емес. Сол тұстағы идеологиялық жағдайлардан туындаған кейбір таптық тұрғыдағы пікірлер Б.Шалабаевтың алғысөзінде қылаң беріп отырады. Ол, ол ма Белинскийдің эстетикалық ережелерін толық әрі ұғымды етіп түсіндіре алмауы үлкен кемшілік. Әр сыншының өзіндік үні, қолтаңбасы бары ақиқат. Сонымен бірге әр сыншының өмірден таңдап алған өз тақырыбы, өз нысанасы, өз кейіпкері, өз объектісі болады. Мұндай қасиеттер сыншының жалаң тұлғасынан ғана емес, оның бүкіл шығармашылық қолтаңбасынан көрінбек. Белинскийдің қолтаңбасы оның әйгілі бес ережесінен көрінеді. Сол себептен де оқырманның білім деңгейіне, әзірлігіне зер сала отырып, бұл бес ережені мейлінше ұғымды ашып беру мақаланың міндеті еді. Аудармашы олай істемеген. В.Г.Плехановтың еңбегіне сүйеніп сыншының бес ережесін құр тізіп қана өткен, әрі мүлдем ұғымсыз, ауыз тұшырлық болмай, эстетика сияқты аса маңызды мәселенің барлық мәні, көркемділігі, құндылығы, талғамы мен мұраты кең түрде мақала авторының ой елегінен өтпей солғын шыққан. Б.Шалабаев былай деп жазады: «Белинскийдің жазушы, ақындар шығармашылығын сынағанда өз пікіріне өлшеуіш-критери етіп қолданған, эстетикалық заңдары бар. Бұлар Белинский мұрасын құнттап зерттеген әдебиетшілердің бірі – Плехановтың сөзімен айтқанда мынадай:

Бұл ережелердің бірінші заңы бойынша, ақын силлогизммен емес, образбен ойлануы керек, дәлелдемей-ақ, көрсетуі керек. Бұл поэзияны

сипаттаудан шыққан заң, осы заң бойынша, поэзия дегеніміз – ақиқатты тұп-тура аңғарту, әйтпесе образды ой.

Егерде поэзияның заты – ақиқат болса, онда көркем творчествоның бірінші шарты – шындық, әдемілік, ақиқат және қарапайымдылық. Өмір қандай болса, ақын оны безендірмей, бұрмаламай, сол қалпында елестетуі керек. Бұл – Белинскийдің көркемдік ережелерінің екінші заңы.

Белинскийдің үшінші заңының мағынасы бойынша, көркем шығарманың негіз етіп алған идеясы – заттың анау-мынау жағы емес, барлығын аясына алатын нақтылы идея болуы керек.

Төртінші заңына қарағанда көркем шығарманың формасы, оның идеясына, идеясы формасына сәйкес келуі керек.

Ақырында пікір бірлігі форма бірлігіне сәйкес келуі керек. Бұған қарағанда көркем шығарманың барлық бөлшектері жарастықты бір бүтіндіктен құралуы керек. Қателеспесек, Белинскийдің эстетикалық ережелерінің бұл бесінші және ақырғы негізгі заңы (Г.В.Плеханов, XXII т., С. 156–157). Бұдан оқырман не ұғады? Әдебиетші, теоретик Плехановтың еңбегіне сілтеме жасағасын оның Белинский турасындағы терең, көкірегі қордалы пікірін жан-жақты талдап, жеткізу керек еді.

Сонымен бірге кіріспеде мынадай тағы бір кемшілік байқалады. Сыншының осы кітапқа берілген шығармаларында оқушыға жете таныс емес адам аттары көп кездеседі. Мәселен, Жан-Поль Рихтерді Белинский жиі айтады. Бұл кім? Сыншы шығармаларын оқығанда оқушыға ұғынықты болсын деп: «Кейбір сөздер мен адам аттары туралы түсініктеме» ретінде кітаптың соңына қосымша берілгені өте дұрыс әрі орынды болар еді.

Аудармашы Белинский туындыларының терең сырына, көркемдік құндылығына, асқақ мазмұнына әбден қаныққан. Ұлы сыншының толғақты ойын, ғибратты ізет жолын, салиқалы да қайсар мінезін ұққан ол, автордың көркем тілі мен стилін, керемет образдар галереясын жасаудағы тәсілін, кей тұстардағы автордың жүгініп отырған поэтикалық ырғағын сайып келгенде авторлық позициясын, дара қолтаңбасын түпнұсқа тілімен еш бұрмаламай шебер үндестікпен қиюластыра әдемі де әсерлі етіп жеткізуде бар білімі мен аудармашылық кәсіби білігін қал-қадерінше сарапқа салуды тырысты. Алайда, оғаш кеткен жерлер баршылық. Алғашқы кезде Белинский тәрізді кең тынысты, сан қырлы сыншы қаламгерді тәржімалауда аудармашылар таяздыққа, буквализмге ұрынған. Әсіресе сыншының көркем стилі мен пікір дәлдігі біршама бұрмаланып, шығармалардың көркемдік қасиеті, айқын бояуы көмескіленіп кеткен. Ол олқылық неден туындаған? Белинскийдің қайтыс болғанына 100 жыл толуы қарсаңында ұйымдастырылған бұл аудармашылық шарасы әуелден алдын ала қолға алынбай, осы аса жауапты да қыруар іс ала-құла асықтырылып, аудармашыларға тым аз уақыт белгіленгендіктен деп ойлаймыз. Соның салдарынан аударманың алғашқы нұсқасы ақаусыз шықпай, біраз кемшін олқылықтар орын алған. «Кім сойса да, қасапшы сойсын» десек те, санаулы уақыт ішінде мұндай күрделі туындыларды ана тілімізде ойдағыдай шебер сөйлету мүйізі қарағайдай тісқақты аудармашының қолынан да келе бермейтіні анық. Өстіп алғаш рет

баспа жүзінде жарыққа шығуымен-ақ қиянатқа душар болған сыншы мұрасы кейінірек әдеби ортадағы талай дау-дамайдың, қызылкенірдек пікір таластың қадасына айналуына себеп болды. Осының бәрін ескере келе Б.Шалабаев кітапта орын алған бірін-саран қателерді жөндеп, сыншының «Александр Пушкин шығармаларынан» қосымша 6, 7, 10-ыншы тарауларының аудармаларымен толықтырады да, өңделген нұсқасын қайта 1987 жылы «Жазушы» баспасынан жеке кітап етіп шығарады [318]. Бірінші жинағында орын алған кемшіліктерге қатысты құрастырушы өз алғысөзінде: «Ұлы сыншының өлгеніне жүз жыл толу мерекесіне байланысты, Қазақ ССР Министрлер Советінің ұйғаруы бойынша, Белинскийдің қазақ тілінде бірінші рет осы «Таңдаулы шығармаларының жинағы» басылып, оған алғысөз беріліп отыр. Мұны, әрине, қазақ оқушыларын Белинский мұрасымен таныстырудың алғашқы адымы деп бағалауымыз керек және әрбір тұңғыш бастамаға тән табиғи кемшіліктер, бұл жинақтың аудармасынан да табылатыны сөзсіз» [316, 13-б], – деп ескертеді. Сондай-ақ, «Белинский өлгеніне жүз жыл толды, бірақ оның ғасырлар бойы халықпен бірге жасайтын данышпандық еңбегі бізге әлі күнгі көмектесуде. Көркем шығарманы қалай сынауда ұлы сыншыдан әлі де мыңдаған әдебиетшілер үлгі алып, үйренбек» [316, 17-б], – деген түйін жасайды. Бұл ол кез үшін, бүгінде көкейкесті мәні бар ойлы пайымдауы еді. Өйткені, Белинский еңбектерінің ана тілімізге аударылуы «жауынгер жанр» – қазақ әдеби сынының сүбелі дамуына пәрменді ықпал етті.

Неміс классигі Гётенің: «Что бы ни говорили о недостатках переводческой работы – труд переводчика был и остается одним из важнейших дел, связующих воедино вселенную», деген парасатты пайымдауы аудармашы атқаратын зор еңбектің мәнін жете танып, құрметтеуге, ардақтауға үндейді. Ендеше ол еңбекті жете түсіну үшін аудармашының кім екенін, оның аудармашылық зертханасын білуіміз шарт.

«Біз Белинский сынап-талдаған қыруар кітаптардың көбін көптен бері оқымаймыз, ал біразын оқып ұмытпай жүргеніміз тағы да Белинский талдауының арқасы», – деп жазыпты В.Г.Короленко «Белинскийді еске алу» деген мақаласында. Біздіңше осы сөздерде сын мен сыншыға деген оқырманның үлкен сенімі жатқан сияқты. Әдебиет майданына алғаш араласа бастаған балауса шағынан-ақ Белинский шығармаларымен іштей табысқан Б.Шалабаев сыншының еңбектерін аударумен қатар ол жөнінде бірнеше танымдық, тағылымдық мақала жазғандығын баса айтуға тиіспіз. Атап айтқанда, «В.Г.Белинский және оның сыны» (1941), «Ұлы халықтың данышпаны» (1948), «Сыншының эстетикалық көзқарасы» (1948) деп аталатын мақалаларында сыншының өмірі мен әдеби қызметіне толыққанды талдау жасап, әдебиеттің ары һәм мерейі – сын жанрын тілге тиек етіп, қазақ кеңес сыншыларының алдында тұрған келелі міндеттерге тоқталады.

Түпнұсқа туындыға негіз болған өмір құбылыстарының сырын, оны сыншының қабылдау ерекшелігі мен бағалау тұрғысын, саралау, жинақтау, даралау машығын, творчестволық ойлау және туынды жасау процесін терең зерттеу – аударма еңбек үшін, аудармашы үшін аса өрелі шығармашылық

саты, Белинский сияқты алып тұлғаны аудару үшін аударма өнерінің асқан маманы, Белинскийдің өзіндей сыншылық өнердің асқан таланты ғана қол жеткізе алады. Осы ретте Белинский: «Аударма автордың өзі орысша жазған секілді болып көрінсін, көркем шығарманы ондай етіп аудару үшін керемет суреткер болып туылуы керек», деп талап қойса, классик жазушы И.С.Тургенев. «Аударма бізге неғұрлым аударма болып көрінбей өзіндей төл тума шығарма болып көрінсе, онда оның солғұрлым тамаша болғандығы», – дейді. Әр білгір аудармашы ұлы классиктер аманат еткен аталмыш мақсат-талаптардың үдесінен шыққаны абзал. Сонда ғана түпнұсқадағы шығарма төл туындысындай қабылданады. Осы орайда кемеңгер жазушы, М.Әуезовтің: «Аудармашы шығарманы аудармас бұрын оның фабулалық дамуын терең түсініп, сезініп ғана қоймай, автордың өзіндік стиль ерекшелігін, қолтаңбасын жақсы тани білуі тиіс...» [319], – деген. Аудармашы осы шарттың бәрін орындай алды ма, жоқ па, орысша-қазақша мәтіндерді салыстыра отырып Б.Шалабаев аудармасында В.Г.Белинскийдің «Таңдамалы шығармаларын» [318] талдап көрелік.

Көркем әдебиеттегі зат, кескін, құбылыс сыр-бояуларының қанық, айшықты тұрпатта болуы бейнелеу құралдары арқылы іске асады, сондықтан да көркем аударма аудармашыға қос тілдегі көркемдеу тәсілдері мен сөз өрнектерін жазбай танитын хас шебер болу міндетін жүктейді.

Бейнелеу құралдарының бірі теңеуді аудармашының лингвоэтникалық коммуникативтік құзыретінің жоғары дәрежеде болуын талап етеді. Тенеулерді аудару – көркем аударманың аса маңызды, күрделі қыр-қатпарларының санатынан саналады. Өйткені тенеулер көркем аудармада көркемдік қуаты бар құрал болумен қатар ұлттық образдың суреттеу көрсеткіштері болып табылады.

Аудармашы Шалабаев қажет тұстарда еркіндікке барып, сөз тіркестерін орынды қиюластырып, теңеулі ұтымды қолданған. Аударма барысында тәржімашы екі тілдің де ұлттық ерекшеліктерін ескеріп, сөйлем құрылысын бұзбай лайықты баламалар тауып, түпнұсқадағы ойды жеткізуге күш салған.

Түпнұсқадағы мәтінде: «Не юношеская зелень, но старческий снег лежал на нем...» [317, 528-б].

Аудармасы: «Онда жатқан жас албырттықтың көк майсасы емес, кәріліктің ызғарлы қары...» [318, 94-б].

Түпнұсқа: «Прекрасный дни юности мелькали перед ним, ...когда отец в первый раз поставил его на распутии жизни, вправо ведущем по солнечной стезе добродетели в дальнюю мирную страну, ...влево же сводящем в кротовую нору порока, в черный вертеп, полный точащегося яда, полный гнездящихся змей и мрачных, удушающих паров» [317, 528-б].

Аударма: «Жастықтың әсем күндері көз алдынан елестеп өтіп жатты, ...оны сол бір жастық шағында, әкесінің екі айыр жолдың торабына алғаш рет әкеліп тұрғандағысы есіне түсті: оң жақ тарау – кіршіксіз таза ізгілік жолы, ...қиыр алыстағы бейбіт елге апаратын жол, сол жақ тарауы – қылмыстың қараңғы үңгіріне, бұзықтық қапасына, улы жыландардың ордасына, тұншықтырғандай апасқа бастайтын жол еді» [318, 95-б].

Қазақ тілінің сөздік қоры бай екені бәрімізге мәлім. Аудармашының шеберлігі сонда, ол өзі сусындаған ана тілінің көркемдігін аудармада пайдалана алған. Алынған бұл мысалдардың қазақ тіліндегі нұсқасынан көркемдікке ұмтылудың нышандары байқалады. Алғашқы орысша нұсқасындағы «не юношеская зелень» және «старческий снег» деген сөйлемдер «жас албырттықтың көк майсасы емес» және «кәріліктің ызғарлы қары» деп әрі көркем, әрі ұтымды берілген. Екінші мысалдағы теңеулер де еркін аударылып сәтті шыққан.

Түпнұсқа: «Ах! Змеи висели у него на груди и капли яда на языке...» [317, 528-б].

Аударма: «О дариға! Қарттың кеудесінде жабысқан жыландар тілінен у тамшылады...» [318, 95-б].

Түпнұсқа: «О! И я бы мог...» [317, 529-б].

Аударма: «О дариға! Қалаған болсам мен де...» [318, 95-б].

Осындағы қаратпа сөз, «О дариға!» сөзінің мәнін орыстың танымдық ойлауында да, тілдік қолданысында да жоқ сөзді «о дариға» сөзін Шалабаев та арманшыл көңіл-күйдің мұң-зарымен қабаттаса өреді. Жан-Поль Рихтердің «Түс» әңгімесінде қолданған «Ах!», «О!» одағайлары «уа» не «дариға-ай!» деп аударылып соның бір варианты алынғанымен «о дариға» сөзі «өкініш, арман, дүние, өмір, фәни, ғұмыр» тіпті осы сөздің мағынасын таратып айтсақ, көңілдің әр алуан құбылмалы сәтін беріп ғана қоймай сан алуан семантикалық стильдік бояудың ұлт тіліндегі айшықтарын танытады. Аударманың көркем мәтін аударудағы сан алуан қызметінің бірі ойдың динамикалық күш-қуатын арттыруында болса керек.

Аудармашы Шалабаев қолданысындағы ықшам, ұтымды тіркестер, сөйлемдердегі ішкі ырғақ пен үндестік түпнұсқаның көркемдігін одан да ары ажарландырып жібереді. Осы «түс» әңгімесіндегі «небо» сөзінің орнына «көк» сөзін қолданады, дәл осылай «Александр Пушкин шығармалары» мақалаларында талданатын өлең шумақтарында кездесетін «облако», «небосвод», «блеск», тіпті «море» деген сөздерді де «көк» сөзімен жеткізеді. «Көк» сөзі заттың түр-түсіне білдіруі жағынан ұлттық ойлау стереотипіне тән белгілерін танытады. Түркі тілдерінің бірқатарында оның ішінде қазақ тілінде айнала қоршаған ортадағы әр түрлі объектінің түсі, атауы, көк сөзі арқылы беріледі. «Көк» сөзінің семантикасының ауқымына енетін сөздер ұқсас белгілердің жиынтығын құрайды. Шалабаев ол сөздерді «аспан», «бұлт», «көк күмбез», «жарқыл», «теңіз» деп алмай осы сөздердің алыс синонимін «көк» сөзін жиі қолданған. Халықтың тіл байлығын толық меңгерген аудармашы бір-біріне жақын не алыс, өзара мәндес-синоним сөздерді молынан қолданғаны байқалады. Өзара синонимдік қатар құруға икемі бар сөздерді жалғастыра, жарыстыра қолдануда айтпақ ойын дәлелдей түседі.

Орыс тілінен қазақ тіліне аударған әдебиет-қазақ әдебиетіндегі күрделі сала. Сондықтан және сапалық жағынан ауқымды аударма нұсқалар қазақ әдебиеті тілінің динамикалық жай-күйін елеулі әсер етіп ғана қоймай, жалпыхалықтық тілдік сөздік қорын өз қажетіне барынша пайдалану

мүмкіндігін сарқа пайдаланып, тіл дамытудағы семантикалық процестер жаңаша үрдіспен дамуы Шалабаев аудармасында еркін байқалады.

Түпнұсқа: «... над бесчисленными тускнеющими свечами волновался тонкий чад...» [317, 530-б], – деген сөйлемді: «...өлімсіреген сансыз шырақтардың алакөлеңкесімен ұсақ тозаң мұнартып тұр...» [318, 97-б], деп аударса, түпнұсқа: «Посреди сих ужасных судорог...» [317, 529-б], дегенді: «Осы ғаламаттың арасында қалтырап тұрғанда...» [318, 95-б] деп аударылуы «алакөлеңкесі», «ғаламат» сөздерінің контекстке қатысты өзінен қосуы дәл аударма емес, еркін аударманың тілдік процестерге жаңа өң беріп, құлпыртып жіберетіндігіне тәнті ету екендігіне көз жеткізуге болады.

«Александр Пушкин шығармаларының» бесінші мақаласынан: «Зима Пушкина обнита блеском роскошной поэзии» [320, 252-б].

Аударма: «Пушкиннің қысы поэзияның моншақты-сәукелесіне малынып жарқырап тұрады [318, 134-б].

Түпнұсқа: «Представители другой крайности, слепые поклонники старины, почтенные колпаки...» [320, 278-б].

Аударма: «...тағы бір сыңаржақ бағыттың өкілдері ескіліктің көзсіз табынушылары, қоқима бөрік киген маңғаздар...» [318, 165-б].

Түпнұсқа: «... делая из Донского какого-то крикуна в римской тоге» [320, 297-б].

Аударма: «...Донскойды Рим шапанын жамылған бақырауық біреу сияқтандырып суреттеді» [318, 187-б].

Осы мысалдардағы «блеском роскошной поэзии» сөйлемі «поэзияның моншақты-сәукелесіне», «почтенные колпаки» – «қоқима бөрік киген маңғаздар» деп, ал «в римской тоге» дегені «Рим шапанын жамылған» болып тәржімалануын аудармашының жетістігі деп тануға болады. «Сәукеле», «бөрік», «шапан» сөздері тек қазақ мәдениетіне тән реалийлер. Соған қарамастан аудармашы сөзбе-сөздікке ырық бермей еркін аудармамен сәтті жеткізеді. «Колпак» деген диалектизмді аударуға келгенде аудармашы балама іздеп әуре болады. Қазақ, орыс тілдерінде кездесетін ұқсас «колпак» сөзін «қалпак» деп бере салуға болатын еді. Десек те «бөрік» сөзі де сөйлемнің көркемдік дәрежесін түсірмей, қайта жаңғыртып ерекше бояу беріп тұр. Көркем аударманы талдау мәселесі – әдебиеттану ғылымы мен тіл ғылымының ұштасқан жерінде қарастырылуға тиіс. Терең стильдік талдауды қажет ететін сала, мазмұны мен идеясы, сюжеті, құбылысы дайын мәтінде тілдік құралдардың еркін қолданылуы, аударманы қаламгердің жалпыхалықтық қордағы сөздерді, фразеологизмдерді пайдалану, өз тарапынан жаңа сөз тұлғалары мен тың тізбектер жасауы-көркем аударманың ойлаудың образдылық типінің нәтижесі. Белинский өз халқының тұрмыс салтын, ауыз әдебиетін жетік меңгерген суреткер. Аудармашы оның осы қырын ескерген. «Таңдамалы шығармалардағы» халық фольклорының элементтері мақал-мәтел, нақыл сөз, идиома, фразалық тіркестерді қазақ тілінде бар параллель ұқсас нұсқалармен алмастыра аудаурды қарастырған.

Түпнұсқа: «Пиит оживляет мужичка сам с ноготок, а борода с локоть» [320, 283-б].

Аударма: «Ақын өзі тырнақтай, сақалы жарты құлаш мұжықты еліртеді» [318,171-б].

Түпнұсқа: «...Седина в бороду, а бес в ребро» [320, 348-б].

Аударма: «...Сақалға ақ кіргенде, қабырғаға сайтан кіреді» [318, 245-б].

Түпнұсқа: «Стамбул гяуры ныне славят» [320, 273-б] өлең атын

Аударма: «Кәпірлер, мадақтайды Стамбулды» [318, 158-б].

Түпнұсқа: «Я еду, еду, не свищу,

А как наеду, не спущу...» [320, 283-б].

Аударма: «Келе-келе жатырмын үн шығармай,

Бассам, қатып қаламын шеңгелді алмай» [318,171-б].

Түпнұсқа: «из сущих пустяков», «был так наивно невинен», «поглядывает чувство», «пальма первенства», «литературные аномалии», «резонеры», «камердинер», «белоручка».

Аударма: «көң-қоқыр болса», «шаң жұқпас момақан биязы еді», «сезімнің жұрнағы бар», «бас бәйге», «әдеби делқұлылар», «көбік ауыздар», «атқосшы», «қолын күн шалмаған».

Міне, мұндай тәсілде сөзбе-сөздік жоқ, мағынасына қарай оралымды да айшықты сөз іздеу бар. Бұл пікірімізді «Қазақтың Белинскийі» атанған сыншы-аудармашы М.Қаратаевтың мына бір сөзі қуаттайды: «Сөзбе-сөз аударумен мұндай идиомалардың мағынасын беру мүмкін емес. Сондықтан оларға қазақ тілінде сәйкес келетін баламаларды, үйлесімдерді іздеп табуға тура келеді».

Поэтикалық аударма прозалық аудармаға қарағанда мейлінше еркін болып келеді. Көрнекті француз теоретигі Жорж Мунен «Аударма дәл ме? Несімен дәл?» деген мақаласында былай дейді: «Өлең мәтініндегі поэтикалық аударма дәлдігі – семантикалар арасындағы механикалық дәлдік емес, жүзпайыздық фразеологиялық дәлдік емес, автоматты түрде дәл грамматикалық формалар жасап шығару емес, ғылыми түрде қалыптасқан фонетикалық дәлдік те емес. Бастысы түпнұсқадағы поэзияны дәл беру қажет. Ал оны дәл жеткізу үшін сезініп қана қою жеткіліксіз, сонымен бірге ақын ойларына терең бойлап, құнарын сіңіріп, тұтас мәнерлі құралдарды игеру қажет», – деген болатын.

Поэтикалық аудармада өзге халықтың әдебиетінде қалыптасқан өлең құрылымы, жүйесі, ырғағы сезіліп тұруы керек. Әйтпесе, оқырман жылы қабылдамайды. «Поэзия остается всегде наиболее национальной формой искусства», – дейді Б.Томашевский. Поэтикалық аудармада ұлттық өрнектер өз көрінісін таппаса, онда оның маңызы болмайтынын айта келіп, аудармашыларға қатысты К.Чуковский былай дейді: «Они хорошо сознают, что если бы в своих переводах они не отразили какой-нибудь национальной черты... это означало бы неуважение к его национальной культуре» [321, 118-б]. Міне, осы тұрғыдан алғанда аудармашы Шалабаев поэтикалық аудармаға келгенде өлең ырғағын бұзбай, ұлттық бояуын кемітпей әдемі де әсерлі етіп жеткізуге тырысқан. Бұл түпнұсқа мен аударманы салыстырғанда анық байқалады.

Түпнұсқа: «Одна... ничьим устам она не предает
Ни плеч, ни влажных уст, ни персей белоснежных» [320, 248-б].

Аударма: «Жалғыз өзі ауызына уыз тимейді,
Мамық иық, ақша қардай ақ беті,
Тәтті ауызына ешбір пенде төнбейді» [318,129-б].

Түпнұсқа: «Улыбка на устах увянувших видна;
Могильной пропасти она не слышит зева,
Играет на лице еще багровый цвет...» [320,252-б].

Аударма: «Ашусыз, үнсіз сорлы иілмей ме,
Солғын жүзден назды сән көрінбей ме.
Естімей көр сыбысын сылаң қағып,
Құндыз беті жайнай ма, күлімдей ме...» [318,133-б].

Түпнұсқа: «Ты вянешь и молчишь; печаль тебя снедает;
На девственных устах улыбка замирает.

Давно твоей иглой узоры и цветы
Не оживлялся» [320, 260-б].
Аударма: «Үндемейсің, қайғы сені меңдеген,
Күлкі өшіпті қыз бейнелі ерніңнен.
Көптен бері гүл дидарын сұрын енбей,
Үнсіз мұңы құштарлықтың дендеген» [318,145-б].

Түпнұсқа: «Твоим огнем душа палима,
Отвергла мрак земных сует.
И внемлет арфе серафима
В священном ужасе поэт» [320,264-б].
Аударма: «Отыңа сенің міне балқып жандым,
Дүниеге зерігуді еттім талақ.
Серафим арфасына құшақ жайдым,
Шошынған халал болып ақын бейбақ» [318,149-б].

Аударма көкжиегін бетке алғанда Шалабаев санасында орыстың әйгілі ақыны, әрі аудармашысы В.А.Жуковскийдің: «Прозаны аударушы – автордың құлы, поэзияны аударушы – автордың бақталасы» деген сөздерін қаперінде ұстағаны байқалады. Жоғарыда келтірілген шумақтардың тілі жатық, көкейге қонымды, кібіртіктемей еркін оқисың, түсініп, сүйсініп оқисың.

Аударма – суреткерліктің айрықша түрі. Жалпы алғанда аудармашы әр сөз бен сөйлемді қазақ тіліне аудару барысында өзге тілдегі мазмұны мен құрылымы дайын мәтін үшін сөз тандау, қазақ әдеби тілінің бай сөздік қорының лексикалық единицаларын семантикалық, стильдік, прагматикалық сипаттарына қарай сұрыптап, іріктеп алу мәселесіне ерекше мән берген. Соның арқасында кейбір аудармалар шебер трансформацияланған (сөзді ауыстыру немесе оның беретін мағынасын түрлендіру, ұлғайту, әсірелеу) баламалық тілі бай болып шыққан.

Әрбір тілде аударуға келмейтін сөздің номинативті мағынасының негізі болатын материалдық мәдениеттің көрсеткіші яғни реалийлер болады.

Осындай сөздердің аудармасы жөнінде лингвист-ғалым Н. Любимовтың мынадай пікірі бар: «Национальный колорит достигается точным воспроизведением портретной живописи подлинника, воспроизведением бытовых особенностей, уклада жизни, интерьера, трудовой обстановки, обычаев и свечаев, воспроизведением пейзажа данной страны во всей его характеристике, воспроизведением народных обрядов, поверий и т.д.» Белинский шығармаларының өне бойында аталмыш реалий сөздер кездесіп отырады. Түрлі архаизмдер мен шетел сөздерге де кенде емес. Аудармашы ол сөздерді сол қалпында қалдырып, бірен-сарандарына түсініктеме беріп өтеді. Атап айтсақ, сим, оным, коим, сей, боярин, князь, опричник, патриарх, священник, дьяк, игумен, иезуит, слобода, корчма, монострь, икона, рыцарь, принц, принцесса, поместье, сословие, русалка, жребий, самозванец, пьедестал, чин, статуя, колорит, искусство, сцена, мотив, фрак, характер т.б. көптеген сөздер қаз қалпымен аудармаларда ұшырасып отырады. Осында кездесетін «Владимир Красно Солнышко», «вещи Баян» сияқты тарихи есім атаулары да сол қалпында сақталған. Мұндағы «искусство», «рыцарь», «сцена» сөздерін аудармашы кей тұстарда «өнер», «сері», «сахна» деп қазақшалаған. Сол сияқты басқа да жоғарыда келтіріліп өткен сөздерге қазақша аударма, балама тауып беруге болатын еді.

Осыншама жетістіктеріне, шеберлігіне қарамай «Таңдамалы шығармалардың» әжептәуір үзінділердің және жекелеген сөздердің қазақшалануы мін-мүлтіксіз емес. Тіпті кей жерлер көзге қораш та көрінеді. Асылы: «На массу читателей действует одно несомненно-прекрасное, действует один талант, творческий дар, необходим переводчику; самая взыскательная добросовестность тут недостаточна», – деп И.С.Тургенев тегін айтпаған.

Белинскийдің терең пікірлері, отты сөздері аудармада жүдеп кеткенін, оның шегіне жеткізе шыңдалған әрі орамды сөйлемдердің әлсіреп, сөз арасы қайыспай, шашырап кеткенін көргенде, түпнұсқамен таныс адамның наразылығын тудыруы мүмкін.

Мұны дәлелдеу үшін аударманың осал жерін іздеп, әр беттен теріп жатудың қажеті жоқ. Кітаптағы бірінші мақаласы – «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлудің» алғашқы абзацынан-ақ оқырман мағынасыз сөздер мен қисынсыз олақ құрылған сөйлемдерге сүріне бастайды. Мысалы, ондағы: «Өзге искусствоның бәрінің де өзін беруде (?) қолданатын құралының қабілетіне қарай творчестволық әрекеті азды-көпті болса да қысылшаң, тар өрісті боп келеді» [318, 25-б], деген сөйлемді алайық. Мұның түпнұсқасы мынадай: «Всякое другое искусство более или менее стеснено и ограничено в своей творческой деятельности тем материалом, посредством которого оно проявляется» [317, 473-б].

Осы екі сөйлемді салыстырғанда, ең алдымен, қазақшасының ұғымға мүлде ауыр екені байқалады. Аудармада сөйлем мүлде басқаша құрылған, екіншіден, сөз баламалары мен параллельдері дұрыс алынбаған. Мәселен, аудармашы «всякое» және «все» деген сөздердің мағыналық айырмасын ажыратпаған. Сол сияқты, «өзін беруде» дегені тіпті қате, мұнда еш ұғым

жоқ. Мұны ол «оно (искусство) проявляется» дегеннің орнына алып отыр. «Материалы» дегенді «құрал» деп, «дейтельность» дегенді «әрекет» деп алуға да болмайды. Ал «қабілетіне қарай» деген сөздерді аудармашы өзінен қосқан.

Сөз баламасын дұрыс қолданбай, түсінбей аударудың салдарынан ағаттыққа ұрынатын, Белинскийдің тілін бұрмалап, оған еріксіз езу тартар бірдеңелерді айтқызатын жерлері көп-ақ. Мысалы, Белинский орыстың халық өлеңдерінің дені лирикалық болып келетінін, ал лирикалық шығарма әнмен ұштасып жататынын, оның маңыздылығы – әнінде, сазында екенін айтса, аудармашы оны керісінше түсіндіріп: «Орыстың халық өлеңдерінің дені халық зердесінде өзінің маңыздылығымен сақталып келе жатқан жоқ (өйткені оларды тіпті маңыздылық жоқ дерлік)» [318, 27-б], – деп аударарды. Сонда маңызы жоқ өлеңдерді халық өз зердесінде несіне сақтап келген?

Белинскийдің солай деп айтуы мүмкін бе? Жоқ. Белинский «маңызы» туралы емес, «мазмұн» (содержание) туралы айтады. Лирикалық халық өлеңдерінде ауызбен айтып беретін пәлендей сюжет немесе мазмұн бола бермейді, олар әнмен, үндес әсерімен ұтады дейді. Қазақтың «мазмұн» және «маңыз» деген сөздерінің мағыналық айырмасын ажырата білмеген, оларды орыстың қай сөздерімен аудару керек екенін ұқпаған аудармашы Белинскийдің бұл құнды пікірін бұрмалап, теріс ұғыммен көрсеткен.

Аудармашы үшін автор талдау жасап отырған әдеби нұсқалардың мазмұнын білудің де зияны жоқ. Айталық, «Гамлеттен» хабары бар адам «Сумашедшая Офелия» [317, 476-б] дегенді «алжыған Офелия» [318, 28-б] деп аудармаған болар еді. Офелия – жас қыз. Ал алжу – кәріліктің әсері. «Старческий маразм» деген ұғымға саяды. Сондықтан Гамлетке ғашық болып есінен адасқан Офелияны Белинский «алжыды» деп айтты деу, Белинскийге ғана емес, У.Шекспирге де жасалған қиянат.

Нақ осы жағдайда Вальтер Скоттың және Ариостаның туындыларынан мысал келтіретін тұстан да кездестіруге болады. Олардың «Неистовый Бриан» және «Неистовый Роланд» аталған кейіпкерлерін аудармашы «күйгелек Бриан» [318, 38-б] және «күйгелек Роланд» [318, 60-б], деп мүлде теріс сипаттайды. Мәселен, шынында да Бриан барынша қызба, жыртқыш мінезді қатал, айтқанынан қайтпайтын, бір беткей адам болып суреттеледі. Бірақ ондай адамды «күйгелек» деу – ақты қара деп аударумен бірдей.

Ғалым, аудармашы Ә.Сатыбалдиев өзінің «Даналық еңбекті бұрмалаған аударма» [322] атты мақаласында аудармашы Б.Шалабаевтың осындай өрескел қателерді дөп басып мына бір жерін өткір сынға алады: «Аудармашының түсінбей, ізденбей, мүлдем жауапсыз аударатыны соншалық, – ол «храмовой рыцарь» дегенді «ақсақ сері» деп аударарды. «Храм» деп құдайға құлшылық ететін үйді, шіркеу, мешіт сияқты жерлерді айтады. Бриан храмның рыцары болған. Оны түсінбей аудармашы «храм» деген сөз бен «храмой» деген сөздерді шатастырып, сап-сау Брианды «ақсақ» етіп қойыпты». Сыншының осы бір ескертуі аудармашы Б.Шалабаевтың өмірінде, аудармашылық қызметінде «қаралы күні» іспеттес, өмірдің соңына дейін қырсық боп із-түзсіз қалмады.

Аудармашы өз тарапынан сөз қосуға құмар болатын жерлер де жоқ емес. Мысалы, «И полная натура, кипящая избытком юных сил, без рефлексий отдалась влечению сердца...» [317, 488-б], дегенді, «Толықсыған албырт күшінің молдығынан аласұрған жас, рефлексіз-байымсыз жүрегiнiң көрсеқызарлығына берiлiп...» [318, 42-б]. Не болмаса: «Мария уже заранее любитсЯ короною на седых волосах возлюбленного» [317, 489-б]. Аудармасында: «Мария әуелi сүйгенiнiң шашындағы сирек аққа қызығады» [318, 45-б].

Аудармашының ниетi жақсы, алайда сол игi ниеттiң кәдеге аспауы, аударманың талабынан шыға алмауы өзек өртейтiн өкiнiш. Түпнұсқа мен аударманың айырмасы жер мен көктей. Мұндағы «влечению сердца» дегендi «көрсеқызарлығына берiлiп», ал «любитсЯ короною на седых волосах» сөйлемi «сирек аққа қызығады» деп тым шұбалтып жiберген. Автордың сөз саптау тәсiлдерi, көркемдiк ерекшелiктерi, стилi бұрмаланып келедi. Осы сөйлемдердi оқи отырып азын-аулақ болса бiр нәрсе ұғынудың өзi мүмкiн емес. «Көрсеқызарлықтың» не қатысы бар? Ал «сирек аққа қызығады» дегенi сауатсыз құрылғанын айтпағанда, ерсiз, анайы естiледi. Сөз баламаларының дөп түсiп отыруы – көркем аудармадағы ең негiзгi шарттарының бiрi. Түпнұсқадағы әрбiр сөз, өзiнiң белгiлi тiркесiндегi алатын орнына қарай, аудармада да дәл жеткiзiлiп отыруы керек. Ал түпнұсқадағы жоқ сөздердi қосу өрескел қате.

«Аударма үшiн түпнұсқадағы өмiрдi бiлу керек», – деген едi сыншы М. Добролюбов. Алайда, сол өмiрдi беремiз деп шалқақтап кетудiң орны бар ма екен? Аудармашы соны ескергенi жөн едi. «Местничество» деген жалғыз ғана сөздiң өзi «өз ұясы», «тырна қатар би болатын жершiлдiк» деп келедi. Егер әр аудармашы өз жадынан осы iспеттес түпнұсқадан тыс бейнелеу құралдарын қолдана берсе бұл аударма емес белгiлi бiр шығарманың сюжетiн алып, жаңа бiр туындыны өмiрге әкелу болады ғой. Олай болса аударма әдебиеттегi өз орнын жоғалтып алады.

Ендi аудармада «әруақ», «намаз», «сопы» деген сөздердiң қолданысына тоқталайық. Белинскийдiң бiрiншi мақаласында Жан-Поль Рихтердiң «Түс» әңгiмесi мен В.Ф.Одоевскийдiң «Бал» повесiнен үзiндi келтiрiледi. Сондағы, мынадай бiр сөйлемдер бар: «...в опустелом жилище мертвых страшилище принимало на себя мало-помалу черты его» [317, 528-б] және «...громко выговаривали проклятие природе и ропот на провидение» [317, 530-б]. Осы сөйлемдердiң қазақша нұсқасы былай болып шыққан: «...өліктердiң үңiрейiп тұрған мекенiнен әруақ шығып, бiрден бiрге мұның кейпiне түсе бастады» [318, 95-б] және «...осының бәрi қосылғанда әруаққа наразылық бiлдiрген, табиғатқа қарғыс айтқан» [318, 98-б]. Қазақ тiлiнiң түсiндiрмелi сөздiгiнде (Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, Алматы. – 1974 т. 1):1. Ескi. Дiни наным бойынша қайтыс болғандардың рухы. 2. Ауыс. Халықтың рухы, ар-намысы. 3. Ауыс. Арып-ашқан, құр сүлдерi қалған, жүдеп-жадаған адам», – делiнген. Сонымен қатар ол сөзге қатысты ел аузында жүрген мынадай тұрақты тiркестер бар: әруақ атты, әруақ қолдады, әруақ қонды, әруаққа сиынды, әруақ шақырды, тiрi әруақ. Көрiп отырғанымыздай аудармашы осы қасиеттi,

киелі ұғымды «страшилище» және «провидение» деген сөздердің баламасы ретінде алып теріс сипаттаған. Сол сияқты А.С.Пушкиннің әлемге әйгілі «Молитва» деген өлеңін «Намаз» деп аударған. Академик Р.Нұрғали М. Әуезов аударған «Отеллода», «молиться» сөзінің «намаз оқу» болып тәржімаланғанын, «намаз оқу-мұсылман дінінің ритуалы. Сондықтан осы орайда...«дұға қылуды» қолданған дұрыс еді» [297, 140-б], – деп орынды ескерткен болатын. Бұл жерде Б.Шалабаев та «намаз» дегеннен гөрі «дұға» не «ғибадат» деп аударғанда дұрыстау болар еді деп ойлаймыз. Белинскийдің «Александр Пушкин шығармаларының» оныншы тарауында: «Ничего подобного не мог сказать русский отшельник-летописец конца XVI и начала XVII века» [317, 452-б], деген сөйлемді аудармашы: «XVI ғасырдың аяғындағы, XVII ғасырдың басындағы орыстың шежіреші – сопысы осындай сөзді қоюы мүмкін емес» [318, 277-б], – деп аударды. Сөйлем сауатты, ақаусыз аударылды бірақ «отшельник» деген сөзді «сопы» (мұсылман дінінде имамға қол тапсырған діндар адам) демей, «өмірден безген дуана» немесе «тақуа» сөздерімен алмастыру керек еді.

Аудармашы ұлы сыншының поэзия тектерінің бір-бірімен байланысы туралы айтқан пікірін де мүлдем бұрмалапты. Белинский эпикалық шығармаға драмалық элемент кірсе, одан ол бағасын түсірмейді, қайта ұтады десе, аудармашы оны керісінше түсіндіріп: «Эпикалық шығармаға драмалық элемент кіре қалған күнде, ол ешбір бағасын жоғарылатпайды...» [318, 42-б], – дейді.

Аудармашының үлкен бір кемшілігі көпше мен жекешені ажыратпайтындығында. Автордың пікірін қатаң сақтап, әрбір сөздің өз мағынасын беруге тырысудың орнына, ол өзінің сөйлем құруының ығына қарай жекешені көпше, көпшені жекеше етіп ала береді. Түпнұсқадағы мәтінде: «В илиаде царствует судьба. Она управляет действиями не только людей, но и самых богов» [317, 482-б], – деген пікірді аудармашы былай деп берген: «Илиададағы» әмірші-тағдыр. Ол адамның әрекеті түгіл, құдайдың өзінің әрекетін де басқарып отырады» [318, 35-б]. Бұл жерде ол «людей» дегенді «адам» деп, «боги» дегенді «құдай» деп, түбірдегі көпшемен айтылған сөздердің бәрін жекешеге түсіріп отыр. Сол сияқты, Гомерден мысалға келтірілген бір шумақтағы: «о, не свершили ли боги несчастий» [317, 482-б] дегенді де аудармашы: «Әлде бұл құдай салған бақытсыздық» (бұл да сонда) деп, «Боги бессмертные» дегенді: «Ажалсыз тәңір-тағала» деп «бір құдайдың» шеңберіне түсіріп өзінің жай қарадүрсін ұғымына салады.

«Макбеттің ырқындағы – тек қасиетпен өлу ғана еді, – ол солай мерт болды, бірақ күнәсі зор батыр болғасын, жалпы күнәлілер тәрізді, ол жеңілмей қаза тапты» [318, 41-б], – деп жазыпты аудармашы. Мұны оқыған адам: «күнәлілер жеңілмейді, күнәлі болу ерлік» деп түсінуі ықтимал. Сондықтан бұл теріс тәрбие беретін шалағай пікір болып шыққан. Әрине, Белинскийдің олай дегені сөзсіз. Түпнұсқада: «От его воли зависело только пасть с честью – и он пал, сраженный, но не побежденный, как довлеет виновному, но великому в самой вине своей мужу» [317, 487-б], – деген Белинский. Мұнда ол аудармашы айтқандай, «жалпы күнәлілер» деп

отырған жоқ. Ол нақтылы бір адам туралы, демек Макбет туралы айтып отыр. Айтқанда, «күнәлі болғандықтан жеңілмеді» демейді, күнәлі болғанымен, батыр, ер болғандықтан жеңілмеді дейді. Аудармашы бұл арасын шатастырып, Макбеттің өз дара тұлғасына тән қасиеттерді «жалпы күнәлілердің» қасиеті етіп көрсеткен.

Аудармашы кейде кейбір орыс сөздерінің сөйлемдегі орнына қарай мағына, мазмұн жағынан өзгеріске ұшырайтынын байқамайды. Сөйтеді де, бастапқы бір өзінің ұғымынан айырылмай, сол сөзді қандай жағдайда болса да, айнытпай көшіре береді. Осыдан барып автордың пікірі онан сайын бұрмалана түседі. Мысалы, осы кітаптың 40 бетінде аудармашы былай деп жазады: «Осы жағдайда Гамлеттің ішкі пікірінде үрейленетін табиғи тартыс пайда болады, бұл әрбір драмаға мағына беретін тартыс». Бұдан не түсінуге болады. Аудармашының айтуынша, әрбір драманың мағыналы болуы үшін онда «үрейленетін табиғи тартыс» болуы шарт. Жоқ, бұл бұрыс пікір. Әсіресе «үрейленетін тартыс» болмаса драмада мағына болмайды деп Белинскийге айтқызу дұрыс болмайды. Ол: «Естественно, что из этого положения возникает внутри Гамлета страшная борьба, которая и составляет сущность всякой драмы» [317, 486-б], дейді. Мұнда аудармашының «үрейленетін...тартыс» деп отырғаны – «страшная борьба» деген сөз. Бұл жердегі «страшная», «қорқу», «үрейлену» мағынасында емес, «сұмдық», «сұрапыл» деген мағынада. Сондай-ақ автордың сондай сұрапыл тартыстың тууы осы жағдайда табиғи нәрсе еді деген пікірін аудармашы түсінбей, «естественно» деген сөзді «борьба» дегенмен байланыстырып, «табиғи күрес» деп аударуы – олқылық екені айдан анық.

Шалабаев аударған «Александр Пушкин шығармалары» тарауларынан да бірқатар кемшін тұстар байалады.

Белинский «Пушкиннің өзіне тән ерекшелігі бар творчествосынан туған шығармаларын қарауға кірісуден бұрын...» десе, аудармашы оны оңайлатқан болып: «Пушкин шығармаларына, оның творчествосындағы өзіне тән өзгешеліктеріне тоқтаудан бұрын...» [318, 100-б], деп сөйлемді мүлде басқаша құрады да, ондағы «Наше воззрение на критику вообще» [320, 220-б] дегеннің «вообщесін» қалдырып, «сынға өзіміздің көзқарасымызды» деп онан сайын жабылата түседі.

Дәл солай, Белинский романтикалық сынның өмірге жанасымды болғанын дәлелдей келіп, «...она продолжалась не менее десяти лет...» [320, 220-б] десе, аудармашы оны керісінше түсініп, «...бұл сын он жылдан аз уақытқа созылады...» (бұл да сонда) деп аударды, яғни автордың «көп» дегенін «аз» деп түсіндіреді.

«Пушкиннің өз бетімен ұсақ өлең жазуы 1819 жылға шейінгі уақыттар, содан былайғы жылдарда оның еліктеп жазған шығармаларының саны арта береді» [318, 124-б], – дейді аудармашы. Осыған илансақ, орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин 1819 жылға дейін, демек тек жас кезінде ғана, «өз бетімен» өлең жазған, ал қалған өмірінде түгелдей басқаларға, атап айтқанда, шетел ақындарына еліктеумен болған. Сонда, оның 20–30 жылдары туған тамаша поэмалары, «Евгений Онегин» сияқты романы, драмалық, прозалық

шығармалары жалаң еліктеуден туған құнсыз еңбектер, плагиат болғаны ма? Шын мәнісінде әңгіме арқауы басқа арнада болып отыр. «Самобытные мелкие стихотворения Пушкина не восходят далее 1819 года и с каждым следующим годом увеличиваются в числе» [320, 243-б], – дейді Белинский. Тіптен айқын да анық айтылған. Мұнда «еліктеді» деген сөз атымен де, затымен де жоқ. Оны аудармашының түпнұсқадан тыс артық сөздер қосу әуестігінен деп білеміз.

Аудармашы автордың ізімен келеді де, кей тұстарда оның сөздерін өз ұғымына қарай икемдеп, бұрып әкетеді, сөйтіп өзінше бір «афоризм» жасамақ болады. Онысы сөз болмай, басы жоқ, аяғы жоқ құбыжыққа айналады. Мысал үшін, автордың мынадай бір пікірін алайық: «Поэма требует знание жизни и людей, требует создание характеров, следовательно, своего рода драматизировки» [320, 241-б], – дейді автор. Осыны аудармашы былай деп өзгерткен. «Поэма өмірді білуді тілек етсе, адамдар характер (мінез) жасауды талап етпек, сонда бұл өз алдына бір драма» [318, 122-б]. Осы екі нұсқаны бір-бірімен салыстырған адам аудармашының қаншалық түсінбей, өз бетінше сөзді қоса айқын көреді. Бұл аударманы қанша оқығанмен, оның нақтылы бір нәрсені ұғуға мүмкіндік жоқ. Өйткені аудармашы сөзімен айтсақ, поэма мен адамдарды бір-біріне қарсы қойып, «бірі оны тілесе, екіншісі – мұны талап етеді, осыдан барып драма туады» деу ешбір ұғымға саятын, азды-көпті қисыны бар сөз емес. Ал, Белинский олай деп айтып отырған жоқ. Ол: «поэма өмірді және адамдарды білуді талап етеді, мінездер жасауды, демек, өзінше бір драмаландыруды талап етеді» дейді. Аудару техникасы жағынан алғанда, түпнұсқадағы тек бір ғана бастауышы бар сөйлемнен аудармашы бақандай үш бастауыш шығарып, автордың стилін де, пікірін де, түпнұсқадағы сөз қисынын да бейпіл жұмсап, жермен жексен еткен.

Осы тектес сөйлемдерден кітаптың басқа аудармалары құр алақан емес. «Гётенің өз еркінше үлкен семьяның әкесі болған, жетпістегі Эгмонтты қарапайым қызға құштар болған, лепірген жас етіп шығарғаны көп адамдарды еліктіретін көрінеді» [318, 87-б].

Не болмаса: «Бұған сенген сын әрбір ақынға белуардан ілгеннен өзге ештеме бітіре алмайтындығы сөзсіз» [318, 104-б].

Немесе: «Немістер... сегіз қырлылыққа салынады, ол сегіз қырлылық дәнеңеге тұрмайды, солай болғасын, – нәрсенің бәрін тән алады [318, 104-б].

Кемшілікті тере берсек, жекелеген ойларда, авторлық стильде, түпнұсқадан алшақ кетіп, кейде кем түсіп жататын жерлерді көрсету мақсатымызға жатпайды. Кеткен кемшіліктердің бәрі айналып келгенде – айтарлықтай ойсырап жатқан олқылық емес. Басты мәселе қазақ оқырманына іргелі кесек әдеби туындының көркемдік әрі танымдық келбетін таныту болса, аудармашы сол міндетті қал-қадерінше орындады. Ғұлама М.Әуезовтің: «Аудармалар жөніндегі сыни-пікірлердің ақауларының бірі тәуір аудармалардың, тіпті, жалпы аударманың тек бір беткей көлеңке жақтарын, сұрқай пішіндерін ғана байқастырудан тұрады», – деген орынды уәжіне құлақ түріп, үлкен кітаптың аудармасын тілге тиек еткенде бар

объективтікпен әділ түрде қарастыруды, талдауды мақсат еттік. Сондағы байқағанымызды, ойға түйгенімізді ортаға салу мәселесіне де зор мән бердік. Содан шығатын «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» аудармашы Б.Шалабаевтың бұл қомақты аударма еңбегі сәтсіз де емес, төрт аяғы теңселмеген мінсіз де емес, қалыпты деуге болады.

Түпнұсқасы таныс шығарманы басқа тілде оқығанда қызық құбылысқа тап боласың. Көркем шығарма басқа тілге аударылу процесінде, қанша дәл аударылды десек те, қайта түлеп, едәуір өзгерістерге ұшырайды. Өйткені, түпнұсқада сипатталған оқиға, айтылған ой, образ жүйесі бәрі де аудармашының санасында қайта қорытылады, сан алуан сарапқа түседі. Аудармашы бірін-бірі түсінуге іңкәр, бірақ бірінің-бірі тілін білмейтін екі ұлттың ортақ дәнекері, алтын көпірі іспеттес. Сөз саптау, сөйлем құрау, образ жасау тәсілі, автордың дара стилін, қолтаңбасын түсіну түйсігі басқа осы екі халықтың тіліне қоса, күллі тіршілік тынысын бақайшағына дейін білетін кісі ғана аудармада ойдың саф алтындай сара мағынасын сомдай алады. Бұл жағдайда қазақ тілінің барша байлығын сапырып, асылын ақтарып, түпнұсқаның қарпін емес, автор ойының рухын жеткізу мәселесін назарға алғанда, аудармашы Шалабаевтың аудармасынан анық аңғарамыз.

Алып тұлғалар! Бұлар өмір мен уақыттың небір зіл батпан жүгін қара нардай қайыспай көтеріп келе жатқан тағдыр біртуарлары. Солардың арқасында өміріміздің беймаза замана желі қай құбыладан соқса да, сол өмірдің ар-намысы-сының, айнасы – әдебиеттің, ілеспе шежіресі – көсемсөздің тірмізік тіршілік туы жығылмай келеді. Сондай алыптардың бірі де бірегейі, социалистік реализм әдебиетінің дара тұлғасы, дана тумасы, ірі публицист, «дала дауылпазы», «қыр Ницшесі» атанған Максим Горькийдің бар шығармашылық ғұмыры осы үш олжаның алтын қорына еніп, зерлі тініне айналған.

М.Горькийдің еңбектері дүние жүзі халықтарының көбінің тіліне аударылды. Жазушының романтикалық сарындағы тырнақалдысы «Макар Чудра» (1892) әңгімесінен бастап, соңғы нүктесін қойған «...революцияның, онжылдықтардың қозғалмалы панорамасын» кең суреттеген кесек туындысы «Клим Самгиннің өмірі» (1925–1936, 4-бөлімі аяқталмаған) роман-эпопеясына дейінгі аралықты қамтитын таңдамалы прозалардың дені дерлік қазақ тілінде дүркін рет басылып шықты. Сонымен бірге қоғамдық ой санаға пәрменді серпін беріп, оң көзқарас қалыптастыратын көсемсөздің ұлы сөз көсемі Горькийдің әр жылдары баспасөзде жариялаған және жеке кітаптарға енген публицистикалары да қазақ тіліне дер кезінде шебер аударылып, кезінде қалың оқырман қауымының ерекше құлшыныспен қызығып оқитын, тіл ұстартуды мұрат тұтқан әр толқынның рухани қазынасы іспеттес болды. Жазушының тағылымды мақала, очерктерінің, өткір фельетон, памфлеттері мен ғибратты хаттарының жазылғанына арада ғасырдан астам уақыт өтсе де, әлі күнгі өзінің танымдық, эстетикалық әрі тәрбиелік сипаты жағынан әлсіремегенін аңғарамыз.

Сөз шындықты бейнелейді. Қай заманда, қай қоғамда болса да публицистикаға қойылатын талаптың бірі – сөз құдіретімен өз дәуірінің бет-

бейнесін ашып көрсету арқылы оның ішкі сырын, болмыс-бітімін танып білуге, сөйтіп, замана ағым келбетінің көкейкесті, өзекті мәселелерін шешуге ат салысу болмақ.

М.Горький публицистикасының басты тақырып желісі кеңес жастары мен балаларды тәрбиелеу ісі оларды білім, ғылым, өнер жолына салу мәселесі. Өткен ғасырдың аласапыран басында, орта тұсында у татыған өліара кезеңнің хас нәубетті шағында мұндай ізгі ниетті, аса ауыр миссиямен айналысу, айналысып қана қоймай оны кәдеге асыру ісі Горькийдің творчестволық кредосы, ұстанған азаматтық борышы екеніне бұл күндері сан мәрте көзіміз жетеді. Жас буындар жайында айшықты сөйлеген, айтқыш әрі ақиқатшыл қаламгердің келелі, жарқын ой-толғаулары оның бір де бір шығармасында айтылмай қалған емес.

1895–1896 жылдары «Самара» газетінде Иегудил Хламида деген бүркеншік атпен жазған тырнақалды фельетондарынан бастап, өмірдің соңына дейін М.Горький балдырғандар мен жастардың мұңын мұндап, жоғын жоқатаған жанашыр қамқоршысы, пір тұтар ұстазы бола білді. Бір жақтан аяқтан шалар мешандық ескілік, феодалдық құрылыс, екінші жақтан патшаны құлатып, жаңадан құрылған Кеңес өкіметі күшіне енгелі бүтін елде жаппай етек алған қызыл науқанды социалистік құрылыстың ауыр зардаптары мен қанқұйлы салдары, үшінші жағынан көпшіліктің көңілін аулаған болып, әр нәрсені бір дүрліктіріп, дүрбелеңдетіп бағатын сайқал саясаттың қара пиғыл әрекеті жабыла жармасып, онсыз да әрпіл-тәрпіл әлеуметтік сананы одан сайын улап, әр сүрлеуге ала қашып тұрған әсіреңкі, шырғалаң шағында жапа шегіп, зәбір көрген балалардың «қорғансыздардың күнін» ойлап, жыртысын жыртқан, қамын жеп, қабырғасы қайысқандардың ішінде М.Горькийдің атқарған зор еңбегін бір-екі ауыз жайдақ сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Кеше ғана аяқ-табағы араласып, айрандай ұйып отырған елдің Кеңес өкіметі орнағалы бір-біріне қарадай жауығып, ағайын арасынан дұшпан іздеп, қатыны шөміш алып қоқандаған, еркек-сымағы бақан алып бауырлаған заманның бір көрінісі отызыншы жылдардың Сталиндік репрессия дауылы болды. Репрессияның екі иінін жұлып жеп тұрған озбырлы тұсында талай шаңырақ шайқалып барып, ортасына түсіп, талай ошақтың ойраны шықты, ұядай отбасы азып, бала-шаға шілдің қиындай тозып, зұлматты дәуірдің дауылды толқынына ілесіп, әр қиырға бас сауғалап кетті, әкеден бала, баладан ана безді. Аштық пен жалаңаштықтың ұрығын сеуіп большевизмнің қолдан жасаған қызыл қырғынды террорынан, қынадай қырып жатқан қарақуырдақ қасабынан жүйеге жан-тәнімен беріліп, үгіт-насихат рупорына айналған ұлы гуманист М.Горькийдің өзі де қағыс қалмады.

Осы талдауымызды көсемсөзшінің әр жылдары жазған мақала, очерк, памфлеттері мен эпистолиярлық мұрасының қазақ тіліндегі аудармаларына арнағалы отырмыз. Бұл күрмеуі күрделі, түйіні тастай мақаланың шешімін – М.Горький шығармалары қазақ тілінде қандай дәрежеде шықты, аудармашы тәржіма барысында нендей жетістіктер мен кемшіліктерге тап болды деген сыңайлы сауалдары төңірегінде іздестіргенді жөн деп таптық.

«Жастар және балалар туралы» («О молодежи и детях») [323] атты деректі публицистикалық жинаққа М.Горькийдің кеңес жастары мен балалары хақында жазған мақала, очерктері, сөйлеген құттықтау, жарыс сөздері жаңа тілекке сай жинақталған. Мұнда автордың балалармен жазысқан революцияға дейінгі хаттары да енген. Жазушының 1916–1917 жылдары үзеңгілес кеменгерлері, замандас қаламгерлері Валерий Врюсов, Ромэн Ролландарға жазған хаттары, сонымен бірге қазақ тілінде баспа бетін көрген публицистің «Әдебиет туралы» кітабына кірмей қалған әдебиет, өнер жайлы бірсыпыра очерктері де жинақ беттерінен кең орын алған. Енген шығармалар 1895–1936 жылдар аралығын қамтиды. Қазақ оқырмандарын осынау шығармалармен тұңғыш рет көрнекті әдебиетші ғалым, сыншы, кәнігі аудармашы Белгібай Шалабаев қауыштырып таныстырған еді. Жинақ алғаш рет 1949 жылы Қазақтың біріккен мемлекет баспасынан жарыққа шығады. Соңыра ол кітапқа бірқатар толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, өңделген жаңа нұсқасы 1990 жылы «Жалын» баспасынан қайта басылып шығады. М.Горькийдің жазған әр шығарманың төркін және соның тарихи жұбын сақтау мақсатында жинақтың материалдары қатаң хронологиялық тәртіппен тізілген.

Аударма өнері кез келген басқа ұлт тілінің ана тілге аударылған мәтінін, өз тілінің байлығын, сөздің нәзік иірімін, әр түрлі мағынасын, қатпарын тандап қолдануды қажет етеді. Аудармашы ана тілінің байлығын игере отырып, оның мол образдылығын, сұлулық қасиетін тереңнен танып тіл мәдениетінің озық үлгілерін (сөздің сырын, мәнін, сырлы толқыныспен ой тербетіп, шебер ойнатып, жан тебіренер әлемін сезіне білуі) меңгеруі шарт. Өйткені аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері сусындайды. Осыған байланысты заңғар суреткер М.Әуезов: «Аударма бір жағынан шеберліктің де мектебі. Аудару үстінде жазушы автордың шығармашылық сырына қанады, оның көргенін көріп, білгенін біледі, сол арқылы өзінің ой өрісін ұлғайтумен қатар, авторша машықтанып үйренеді. Бұл жағдай шын талант иесінің бойынан шығармашылық қайнардың жаңа көздерін ашуға себепші болады», – деп аударманың сөз дамытудағы орасан мәнін, ондағы аудармашының айырықша рөлін осылайша атап өтеді.

Әлем әдебиетіндегі суреткер жазушы, публицистердің туындыларын басқа тілдерге аударудағы өзекті мәселелердің бірі – фразеологиялық сөз тіркестері. Әр елдің әдебиеттерінің тіліне аударылған үлгілерінде, аудармашылар түпнұсқалардың ұлттық, көркемдік бояулардың ерекшеліктерін, мағыналық тереңдіктерін сақтауда фразеологизмге ерекше мән береді.

Фразеологиялық бірліктердің көркем әдебиетте, публицистикада қолдану сапасын сол тұрақты сөз тіркестерінің әр түрінің өз қасиеттерінен бөліп қарауға болмайды. Жалпы сөз өзара қатынас құралы есебінде негізінен екі түрлі қызмет атқарады: номинативті және коммуникативті. Дәл сөздер сияқты, сөз тіркестері де осы екі қызметті атқарады. Жіктеп, саралап, салалап айтар болсақ фразеологиялық бірліктердің көркем әдебиеттегі рөлі сан алуан.

Фразеологиялық орамдар жалпы барлық стильде қолданылады, бірақ әрқилы ыңғайда қызмет атқарады. Ғылыми және ресми іс стилінде жалпы әдеби, стильаралық тұрақты тіркестер атау күйінде жұмсалса, көркем әдебиетте, публицистикада, ауыз екі сөйлеу тілімізде ең алдымен фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті-стилистикалық жағына аса зор мән беріледі.

Көркем әдебиет пен публицистикада фразеологиялық орамдары қолданудың бірнеше жолы бар. Жазушылар, публицистер фразеологизмдерді сол күйінде ғана алып қоймай, белгілі мақсатқа орай оларды өзгертіп, құлпыртып та жібереді. Фразеологизмдердің семантикасын, құрылысын және экспрессивті-стилистикалық қасиетін жақсартып, жаңғыртып отыратын да тұстары бар. Жаңадан мағыналық реңк алып, өзгеше көркемдік қасиетке ие болады. Сөздердің байланысуы артады.

Тұрақты сөз тіркестеріне жататын мақал-мәтелдер де, идиомдар да, қанатты, нақыл сөздер де стилистикалық мақсатта қолданылады. Бұларды түрлендіріп, аса шеберлікпен пайдалануда, М.Горькийдің тәжірибесі таптырмас үлгі. Оның шығармаларында фразеологизмдердің әрқилы өзгеріске түсуін байқауға болады. Публицист фразеологизмдердің барлық түрін пайдаланған. Олардың бәрі де сол шығарманың бүкіл болмысына ең беріп, белгілі бір шындықты жеткізуге сеп болады. Халықтың жан дүниесін дәл танытатын қысқа да нұсқа, тоқ етер сөздер тобы жазушының творчествосына айырықша реңк береді.

М.Горькийдің «Жастар және балалар туралы» еңбегі орта және жоғарғы мектеп жасындағы балаларға арналғандықтан аудармашы сол жәйтті ескере келе, аударма барысында жолма-жол және балама аударма тәсілдерін шебер қолданып, М.Горькийдің айтар ой-пікірін жас оқырмандарына мейілінше тартымды да татымды, оқылуға жеңіл тілмен жеткізуде бар өнерін сарапқа салған. Әсіресе жазушының жиі қолданған фразеологизмдеріне баса назар аударған. Сөзіміз дәйек-дәлелді болу үшін М.Горький шығармаларының аудармасы негізінде бірер мысал келтірелік.

Түпнұсқасы: «Долгу у города по маковку?» [324, 28-б].

Аудармасы: «Қала борышқа белшесінен батып отырған жоқ па?» [323, 11-б].

Түпнұсқасы: «Один говорит: «Меня моя мамка молочной кринкой по башке хватила, так я – с ног долой» [324, 296-б].

Аудармасы: «Біреу тұрып: «Менің шешем сүт құятын құмырамен бастан періп жібергенде, мен қалпақтай ұштым» деді» [323, 19-б].

Түпнұсқасы: «...прошло то время, когда «каждый сверчок» должен был знать только «свой шесток»...» [324, 297-б].

Аудармасы: «Аяз әліңді біл – құмырсқа жолынды біл» деген заман өтті...» [323, 20-б].

Түпнұсқасы: «Заведующий не был тем человеком пустого дела, погрузившись в которое уходишь в него «с головой, как в омут» теряя при этом голову...» [324, 358-б].

Аудармасы: «Меңгеруші «іс басты, іске сүңгіп кетіп, басын жоғалтып алатын» кісі емес еді...» [323, 38-б].

Тілі көркем, қазақ ұғымына сай ұтымды берілген. Әрі ұғымдық қисыны да жойылмаған. Мәселен, «аяз әліңді біл – құмырсқа жолыңды біл» деген мақалды келтіріп, аудармашы күрделі ойды қазақтың байырғы сөздерімен жымдастыра қолданған. Жығылу (кенет) мағынасында жұмсалған «қалпақтай ұшу» (түсу) фразеологизмі орынды қолданған. «Белшесінен бату», «іске сүңгіп кетіп, басын жоғалту» – деген тіркестер де осылай тиісті пайдаланылған.

Түпнұсқасы: «...об чем ни спроси рассказывает на большой палец» [324, 423-б].

Аудармасы: «...ол кісі барлығын жетік біледі, не жөнінде сұрасаңыз да – ортан қолдай етіп айтып береді» [323, 81-б].

Түпнұсқасы: «Древняя поговорка «яйца курицу не учат», очевидно, потеряла свой затхлый, консервативный смысл» [324, 428-б].

Аудармасы: «Атам заманғы: «Жұмыртқа тауықты үйретпес болар» деген консерватившіл, тымырсық мәтел тозған сияқты» [323, 87-б].

Түпнұсқасы: «Известно, что «в семье не без урода» [324, 288-б].

Аудармасы: «Он саусақтың бәрі бірдей болмайтыны мәлім» [323, 141-б].

Аудармашы ешбір стильдік қателер жібермеген, орысша нұсқасындағы «на большой палец» – «ортан қолдай» деп аударылса, «в семье не без урода» нақылын «он саусақтың бәрі бірдей болмайды» деген балама эквиваленті арқылы сәтті тапқан. Ал «яйцо курицу не учит» мәтелі «жұмыртқа тауықты үйретпес», «балық та емес, ет те емес» – «ни рыба, ни мясо»ның, «қойға шапқан батырың, батыр көрсе қой болар» – «молодец против овец, а против молодца и сам овца» сынды сөзбе-сөз, дәл калька түріндегі тілімізге сіңісе бастаған аудармалардың бірі ретінде көрінеді.

Мақал-мәтелдерді сөзбе-сөз аудару керек пе, жоқ әлде ұқсас баламасын табу керек пе деген мәселе айналысында бірталай пікір тараған. К. Чуковский бүкіл жерде бірдей мақал-мәтелдердің ана тіліндегі баламасын іздей бермей, қайта мүмкіндігінше дәл аударуға тырысу керек дейді. Әрине бұл аталы пікірді төрт аяғы теңселмеген мінсіз қағида десек, шындықты белден басқанымыз болар. Шынтуайтында көңілімізді көншітпей жүрген аударма тіліндегі басты мін: сіресіп, қатып қалған тіркестер, айтыла-айтыла мезі болған сөйлемдер, жұтандық пен схема. Қазақ тілі – көркем әдеби, бейнелі, образға бай тіл. Қанатты тіркес – ана тіліміздің көркі мен ажары. Оның ерекшелігі кейде сазды, кейде назды, кейде ойнатып, айкастатып сөйлеуге, ал кейде еңсені көтеріп, кейде астарлап, тұспалдап баяулатуға немесе М. Әуезов сынды түйінді ойды түйдек-түйдегімен төгіп тастауға икемділігі – ғаламат пластикалық бейнелеу тегеуріні бар. Тетігін тапса бедерлі, қалауын тапса берекелі тіркестер бірінен соң бірі топтасып, толқып келе береді. Іздей білсек, орысша түпнұсқадағы бейнелі тіркестерді де, кейде тіпті жеке сөздерді де образды фразалармен аударуға әбден болады. Мысалы, М. Горькийдің «Қызыл Армия» туралы жазған мақаласынан мына бір өлең үзіндісінің аудармасына көңіл аударалық: «Во казармах жить тошнехонько, Погибай наши головушки!» [324, 445-б]. Мұндағы «тошнехонько» деген жай сөзді дәлме-дәл аударып, «жүрек айныйды», «лоқсу», «құсқысы келу» деп

койса, ешбір бояусыз жай ғана хабарлау болып, тіпті ерсі естілетін еді. Ал аудармашы бұл қолданыстың контекст бойынша сезілетін экспрессивті реңкін тап басып: «Казармада өмір сүру дозақпен тең, Басымыз біздің шірімек осыменен!» [323, 34-б], деп береді. Сол сияқты автордың «Ұлдар мен қыздар» очеркіндегі: «Мещанам очень приятно заметить сучок в глазу Советской власти» [324, 288-б] дегенді, «Совет өкіметінің түймедей кемшілігін түйедей етіп көрсету мещан-сымақтарға өте қолайлы көрінеді» [323, 141-б] деп сәтті аударған. Басқа шығарманың үзіндісін алсақ: «Нести бремя до гроба» – «Өле-өлгенше ауыр мехнатты арқалау» деп, сәтті баламалар табу – көркем тіл нормасының да үдесінен шығып тұр, аударма шартына да жауап беріп тұр. Демек аудармашы орысша нұсқасын жіті түсінген, автор ойын айқын аңғарған.

Көркем әдебиет пен публицистикадағы зат, кескін, құбылыс сыр-бояуларының қанық, айшықты тұрпатта болуы бейнелеу құралдары арқылы іске асады, сондықтан да көркем аударма аудармашыға қос тілдегі көркемдеу тәсілдері мен сөз өрнектерін жазбай танитын хас шебер болу міндетін жүктейді.

Бейнелеу құралдарының бірі теңеуді аудармашының лингвоэтикалық коммуникативтік құзыретінің жоғары дәрежеде болуын талап етеді. Тенеулерді аудару – көркем аударманың аса маңызды, күрделі қыр-қатпарларының санатынан саналады. Өйткені тенеулер көркем аудармада көркемдік қуаты бар құрал болумен қатар ұлттық образдың суреттеу көрсеткіштері болып табылады.

Аудармашы Б.Шалабаев қажет тұстарда еркіндікке барып, сөз тіркестерін орынды қиюластырып, теңеуді ұтымды қолданған. Аударма барысында тәржімашы екі тілдің де ұлттық ерекшеліктерін ескеріп, сөйлем құрылысын бұзбай лайықты баламалар тауып, түпнұсқадағы ойды жеткізуге күш салған. Мәселен, М.Горькийдің «Қолөнер туралы әңгіме» деген мақаласынан мынадай үзінділерге кідіріп өтсек: «Многие из тех детей отцветали, не успев расцвести» [324, 355-б] сөйлемі, «Гүл ашпай, солып жоғалып кеткен балалар қаншама десеңізші» [323, 72-б], немесе: «...он рассказывал Каронину, что у него «выпороли душу из тела» и что живет он «как-будто чужой сморщенной душой» дегенді, «...ол Каронинмен әңгімелескенде: «менің тәнім мен жанымды алып қойған ғой деймін. Өйткені «бөтен бір селбе жан тәріздімін» деді» [323, 72-б]. Не болмаса: «В ушах мещанина, замкнутого в круге личных интересов, всегда, сквозь шумок остороженького наслаждения жизнью, шипел и шипит – маленький, черный ужас перед тем, что в конце концов плоть источат черви» [324, 357-б], деген сөйлемді аудармашы: «Бір өзінің мүддесін көздеген, тіршіліктің ләззатын үнемі жалтақтаумен табатын мещанның құлағында – «түбінде сенің тәніңді құрт-құмырсқа жеп тауысады ғой», – деген сары уайым ызындайды да тұрады» [323, 73-б] деп аударады. Сайып, қорыта келгенде: «Получив щелчок по носу, мещанин погружается в болото уныния, озлобления и воеет о своих заблуждениях, ошибках, страданиях» [324, 357-б] дегенді, «Таяқ жеп қалған мещандар түңілу мен ызаланудың батпағына белшесінен батып, өзінің

адасулары, ағаттықтары, қасіреттері туралы зар илейді» [323, 74-б] деген түрлі теңеулер әрі көркем, әрі ұтымды берілген.

Аудармашы фразеологизмдерді болсын, жекелеген сөздерді болсын бір шалып, басы бапан, аяғы сапан етіп аударма бермейді. Сәті келгенде тауып қолданады. Мысал үшін, «после меня – хоть потоп» [324, 205-б] қанатты сөзін: «өзімнен кейін топан су қаптаса да мейлі» [323, 111-б] деп аударма берді.

Әрбір тілде аударуға келмейтін сөздің номинативті мағынасының негізгі болатын материалдық немесе рухани мәдениеттің көрсеткіші ретінде, яғни реалийлері болады. М.Горький шығармаларының өне бойында атылмыш реалий сөздер мен архаизмдер кездесіп отырады. Атап айтқанда: парша, верста, гривенник, мещанин, кулак, икона, священник, дьяк, монастырь т.б. Аудармашы ол сөздің бірең-сарандарын мысалға, парша – таз (жұқпалы тері ауыруы), верста – шақырым, гривенник – он тиын деп мағынасына қарай аударған.

Бұл кітабқа арналып, іріктеліп бірілген публицистикалардың мазмұнымен, идеясымен алғашында оқырман қауым таныс емес еді. Сондай түсінбеушілік тумас үшін аудармашы, сыншы Б.Шалабаевтың кіріспе мақаласы және өңделіп шыққан жаңа жинаққа енген алғысөзі оқырман аудиториясына көп жеңілдік беруді көздеген. Публицист шығармаларында кездесетін әдеби ұғымның, терминдердің түсінігін, елеулі тарихи оқиғалардың, оқушыға жете таныс емес адам аттары кітаптың соңында қажетті ескертулермен сипаттай отырған. Дегенмен алғысөзде мін жоқ емес. Сол тұстағы идеологиялық жағдайлардан туындаған кейбір таптық тұрғыдағы пікірлер Б.Шалабаевтың алғы сөзінде қылаң беріп отырады. Басқа да кемшіліктерден құр алақан емес. Шығармаларда аталған «утренник», «цынга», «управо», «скорпион», «село», «ясли», «мастерская», «каторга», «няня» деген сөздер термин емес аударуға болатын сөздер. Ал, «мистификация», «пафос», «мартиролог», «педель», «вексель» сияқты терминдерге түсінік беру жөн болар еді. Сонымен қатар кей жерлерде тіптен түсініксіз, көзге қораш көрінетін қысқартылған сөздер- аббревиатурларға да түсініктеме ескертулерді енгізу қажет еді.

Аудармашы орыс тіліндегі «является», «есть» сияқты етістіктерді «болып табылады» деген жазыла-жазыла жауыр болған етістікпен жиі алмастырған.

Ә.Сатыбалдиев өзінің «Рухани қазына» атты еңбегінде: «Кейбір аудармашылар күрделі сөйлем құрғанда, түпнұсқаның ықпалынан бойынан жаза алмай қазақша сөйлемді теріс құрып қояды. Онда, не сөйлем мүшелері өзара байланыспай, қиыспай қалады, не жеке сөздердің мағынасы айқындалмай көмескі тұрады, не болмаса, ішкі сөз тіркестері орысшаның ығымен керісінше тізіледі де, мағынасы бұлдыр жаңылтпаш тақылетті бірдеңе болып шығады» [300, 141-б], – деп ескертеді. М.Горькийдің «Жаңалық пен ескілік туралы» мақаласынан мына бір үзіндіні алайық: «Мен Иванға қарадым, ол сабалақ сары шашты, иман жүзді, көзі шытынаған бала екен» [323, 19-б]. Мұның түпнұсқасы мынадай: «Посмотрел я на Иванку: светловолосый, мохнатенький такой, мордочка умная, глаза – сердитые»

[324, 296-б]. Осы екі сөйлемді салыстырғанда, ең алдымен қазақшасының біршама асқынып, лепіріп кеткені байқалады. Аудармада сөйлем мүлде басқаша құрылған, екіншіден, сөз баламалары мен параллельдері дұрыс алынбаған. Айталық, аудармашы «светловолосый» және «рыжеволосый» (немесе «русый») деген сөздердің мағыналық айырмасын ажыратпаған. Дәл осылай орыс тілінен аз-кем хабары бар адамның өзі «мохнатенький» сөзін «сабалақ» деп, ал «мордочка умная» дегенді «иман жүзді» деп аудармаған болар еді. Аудармашы өз тарапынан сөздер қосып, орысша мағынасындағы бұл сын есімдердің алыс синонимдеріне де жатпайтын сөздерімен алмастырып мүлде теріс сипаттаған. Осы үрдісті ұстанып, аудармашы мұсылмандыққа, ислам дініне мүлде жат христиан шіркеуінде православтардың діни обрядтары мен ритуалдарын атқарып, құдайға ғибадат қылатын «священникті» кей тұстарда «молда» деп аударса, Солтүстік Америка тұрғындарының, американдықтардың екінші лақап атына айналған «янки» дегенді контекстен тыс «ақша құмарлар» деп аударған. Алайда бұл ұсақ-түйек кемшіліктердің бәрі – айтарлықтай ойсырап жатқан олқылық емес. Басты мәселе оқырмандарына М.Горький публицистикалардың көркемдік әрі танымдық, тәрбиелік келбетін таныту болса, аудармашы сол міндетті ойдағыдай орындаған. Қорыта келгенде М.Горькийдің «Жастар және балалар туралы» шығармалардың аудармасын жасаған Б.Шалабаевтың бұл іргелі еңбегі қазақ әдебиетінің тарихында, сөзсіз үлкен орын алады. Қазақтың көсемсөзі мен әдеби тілінің даму жолдарын баяндайтын тарихи құжаттардың жәдігерлердің қатарындағы бұл да бір көз тартарлық елеулі «ескерткіші» іспеттес.

Тараушаның түйінін төмендегі тезистермен топшылаймыз:

1. Аударма – қоғамдық-саяси құрылымның сипатынан тәуелсіз, халықтар арасындағы мәдени-рухани байланыстарды орнықтыратын, нығайтатын, ұлттық мәдениеттің дамуына игілікті ықпал ететін, өркениетті қоғам мүшесін – жеке адамда тәрбиелеу, қалыптастыру ісіндегі қуатты арналардың бірі. Бұл орайда Б.Шалабаевтың орыс жазушыларының прозалық шығармаларын қазақ тіліне аударуы оның екі тілге жеттік білімділігін, еңбекқорлығын аңғартады. Б.Шалабаевтың прозалық тәржімалары түпнұсқадан мағыналық-стильдік жағынан ауытқымағандығымен ерекшеленеді. Аудармаларында ұлттық бояуы қанық сөздерді көбірек қолданып, сөз айшықтарын ерекше мәнерлеп олардың әдебиетімізді байыта түсер туындылар болып қалуына баса назар аударған;

2. Б.Шалабаевтың орыс тілінен қазақ тіліне аударған әдебиеттердің көркем тілін мәдени-тарихи тұрғыдан, ұлт мәдениетіне ықпалы аясында қарастыру маңызды. Тәржімаланған әдебиетте қазақ тілі лексикалық-фразеологиялық жүйесінің қолданылуына тән заңдылықтарды, тілдік нормаларды қадағалау, әдебиет теориясындағы стилистикалық фигуралар мен троптарды талдау қазақ ғылымындағы аударматанудың бағыттары мен теориялық тұжырымдарын қалыптастыруға жол ашады;

3. Б.Шалабаевтың көркем аудармасындағы баламалық – түпнұсқа мен аударма мәтіннің арасындағы коммуникативтік теңбе-теңдіктің негізі.

Алайда қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне, болмыс бітіміне байланысты түпнұсқаның лексикалық-грамматикалық құрылымы тұтас түрінде дәлме-дәл, балама түрде берілмейді. Көркем аудармада функционалды сәйкестіктердің, әр алуан сөз түрлендірулер мен трансформациялардың болуы, баламасыз лексиканың аударылуындағы айырмашылықтар, жалған баламалардың көрініс беруі осыған байланысты;

4. Аудармашының тілін зерттеуге негіз болатын бірлік тұлғалардың бірі – көркем мәтін (сөйлем, контекст, сөйленіс, абзац, тұтас туынды). Әрбір тілдік единицаны мәтін деңгейінде талдау аудару процесіне тән ортақ заңдылықтарды айқындауға ықпал етеді;

5. Аударылған әдебиеттің түпнұсқадағыдай ақпараттық, танымдық, эстетикалық, прагматикалық қызметі толық сақталуы үшін екінші, аударылатын тілді жетік білу маңызды. Осы тұрғыдан келгенде Б.Шалабаев – лингвоэтикалық құзыретке ие, кешенді филологиялық білімі мен дайындығы бар шебер әрі білікті аудармашы;

6. Б.Шалабаев – көркем аудармаға біршама үлес қосқан қаламгер. В.Г.Белинский, В.Г.Короленко, М.Горькийдің шығармаларын аударуына қарағанда, аудармашы тек классикалық үлгідегі туындыларды тәржімалауға тырысқан тәрізді. Оған себеп, әлемдік деңгейдегі үздік бағаланған шығармаларды ана тіліне аударудың аса қажеттігі – уақыт талабынан болғаны даусыз;

7. Б.Шалабаев ұлттық поэтика мектебінде тәрбие алған оқырманның түсінік пайымын, таным деңгейін, талғамын, қалыптасқан дәстүрлерді ескере отырып, өз аудармалары арқылы халықтық сана-сезімді орнықтыруға, санаткерлік пен эстетикалық көзқарасты дамытуға маңызды үлес қосты. Аударманың ең көрікті, ең өрнекті тамаша үлгісін жасауға талпынды;

8. Заманы бөлек, тілі басқа, туған топырағы тосын, ұғымы шалғай, салт-сана, дәстүрі әр алуан жазушыларды ана тілімізде сөйлету асқан білімдарлықты, даңғайыр диапазонды, дархан да дара дарын иесі болуды, сондай-ақ, поэтикалық форманың әрқандай құбылысын, қисапсыз қыры мен қыруар сырын, тіл заңдылықтары мен қатаң ережелерін кең меңгерген шеберлікті талап етері хақ. Осы орайда Б.Шалабаев тәржімашыға жүктелер осынау қасиеттерін бойына дарытқан шебер аудармашы ретінде түпнұсқаның тіл өрнегін ғана емес, жазушының жалпы стилін сақтай білген, бояуын көшірмей, өрнегін өшірмей, шашпай-төкпей, шымыр шығара алған, оқуға да тұрарлық, талдауға да тұрарлық тамаша үлгідегі тәржімаларын жасай білді;

9. Аудармашының үзінді өлең аудармаларында «эквilinearность» (жол сәйкестігі), «эквиметричность» (уәзіннің, өлшемнің сәйкестігі), «эквиритмия» (ырғақтың сәйкестігі) шарттары қатаң сақталған.

10. «Шын аудармашы да сөз дүлдүлі болмаққа керек, талант болғанда – аудармашылық талан керек – біліктілік (эрудиция), көркемдік талғам, сөзге шешендік, екі тілге бірдей жетіктік, еңбекқорлық, ізденімпаздық, зор жауапкершілік қажет. Алайда, талант бірінші орында» (Н.Сыздықов), – дегендей, осынау биік талапқа сай тұжырым әрқашан әдебиеттегі аудармашының басты мақсаты болып қала береді. Б.Шалабаев классикалық

түпнұсқаның сөзін емес, рухын жеткізуде, авторлардың өзін, олардың жан-дүниесін, көзқарас ұстанымын, өмір сүрген заманның қайталанбас ерекшеліктерін, өздерінің дүниетанымы, философиясы, рухани сұранысы мен тұрмыс-тіршілігіне сай етіп туған тілімізде сөйлетуі абыройлы іс деп танығанымыз дұрыс.

Жалпы алғанда Б.Шалабаевтың орыс жазушыларының прозалық шығармаларын қазақ тіліне аударуы оның екі тілге жетік білімділігін, еңбекқорлығын аңғартады. Б.Шалабаевтың прозалық тәржімалары түпнұсқадан мағыналық-стильдік жағынан ауытқымағандығымен ерекшеленеді. Аудармаларында ұлттық бояуы қанық сөздерді көбірек қолданып, сөз айшықтарын ерекше мәнерлеп олардың әдебиетімізді байыта түсер туындылар болып қалуына баса назар аударған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қазақ әдебиеті – сан салалы арналары бар рухани жетістіктерімен сараланып көрінеді. Рухани мәдениет қазыналарының ең негізгі салаларын жекелеген шығармашылық тұлғалардың еңбектері құрайды. Сыншылық-зерттеушілік ой дамуында өзіндік орны бар жекелеген тұлғалардың еңбектеріне қазіргі күн тұрғысынан көз салған тұста олардың жетістік, кемшіліктерінің қай-қайсысын да объективті бағалауға ұмтылу және әсіре бояусыз шынайы ғалымдық болмысын ашу нақты кезеңдегі әдеби үрдістің бет-бағдарын, жанды бейнесін айқындауға септігін тигізери даусыз. Себебі – қандай да болмасын қоғамдық-әлеуметтік ортаның үлкенді-кішілі жекелеген тұлғалар мен адамдардан құралатыны ақиқат. Ал адам болмысын оның іс-әрекеті айқындайтыны да шындық. «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды» (Абай). Бұл орайда басты мақсат қандайда бір зерттеушінің еңбегіне белгілі бір кезең жемісі деп қана үңілумен шектелмей, сол еңбектің ішкі мазмұнына дендей бойлау, сол арқылы уақыт талабымен көркемдік талаптың қаншалықты ұштаса көрініс тапқанын зерделеу, нәтижесінде көркемдік талап деңгейін саралай отырып, нақты кезеңге тән көркемдік таным дамуына зейін аудару, сонымен бірге, шығармашылық жеке тұлға ізденісінің қоғамдық көркем ойға әсерін, оған керісінше, жеке тұлғаның көркемдік танымына қоғамдық сана ықпалын саралай тануға талпыныс болмағы ләзім.

Әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының даму тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған сыншылар мен зерттеушілердің әдеби сын еңбектерін жан-жақты саралай қарастырып, салыстыра бағалау нәтижесінде ғана нақты сол кезеңге тән әдеби процестің шынайы бейнесі объективті көрініс табатыны белгілі. Сыншылық-зерттеушілік ой дамуында өзіндік орны бар жекелеген тұлғалардың еңбектерін бағалауда сол кездегі әдеби процестің бет-бағдарын, уақыт талабы мен көркемдік талап деңгейін және жеке тұлға ізденісінің көркем ойға әсерін саралауға болады.

Әдеби дамудың серпінді күші болып саналатын қазақ әдеби сынның жүріп өткен жолы аса ауыр болғандығын ескерсек, сын жанрының талай қиындықтарын басынан өткерген Белгібай Шалабаев шығармашылығының орны ерекше.

Б.Шалабаев әдеби-сын, ғылыми-зерттеу, публицистикалық, көркем-аударма еңбектерін 1930-шы жылдардың орта тұсынан, 80-шы жылдардың аяғына дейінгі кезеңіндегі әдебиеттану ғылымының барша саласының даму үрдісімен салыстыра тұжырымдағанда ғалым, сыншы, аудармашы ізденістерінің негізгі бағыт-бағдарлары айқындала түседі. Негізі кез келген кесек тұлғаның сыншылық, ғалымдық келбетін зерттеп тану аса күрделі жайт. Өйткені ұлттық әдебиеттанудағы әдеби сында елеулі орыны бар зерттеушінің болмысын ашу үшін оның күрделі рухани танымына, эстетикалық талғамына, азаматтық тұлғасының сан қилы қатпарларына жіті бойлай, зер салып әділ ой қорыту парыз.

Кейде біз пенделік осалдықтарды дәуірдің дамуына, заманның зобалаңына аударып, өзгені кінәлап, басқаны кінәраттауға бой тартып, қоғам не тілейді деген сауалдың жауабына лайық, көбінде ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге қолайлы жол таңдаймыз. Бірақ сол таңдаудың өзі апарып тіреген тығырығынан тағы да құтыла алмай, іштей арпалысамыз. Сөйтсе де, сырт көзге сырбаз қалыпта салмақтана сөйлеуге, өз дегенімізді орайын тауып, басқаға да мойындатуға тырысамыз. Бірақ... Бірақ келешекті алыстан болжап, болашақтың қажетін биіктен бағдарлап, халықтың керегін оның өз қазынасынан табуға тырысатын аз да болса, ат төбеліндей аяулы тұлғалар қай уақыт, қай дәуірде де соқтықпалы, соқпақсыз күн кешеді екен. Бүгінгідей алмағайып аласапыран дауылды жылдар саябырсып, еңсе көтерер тұстарда алдымен іздеріміз де сол алыптар болатыны бұлтартпас ақиқат.

Қазіргі кезде тоталитарлық жүйе тамырымызды қиды, тегімізді тануға тыйым салды, айтарымызды айта алмадық, ішімізде талай ой тұншығып қалды деген аһ ұрулардан құлақ сарсиды. Осы байбаламнан бір сәт арылып, айналамызға ақыл көзімен зер салсақ, сол соқыр саясат билеген тұста да халықтың рухани дүниесін сақтауды парыз тұтқан биік парасат иелері аз емес екен-ау деген ойға келесің. Айырмашылығы, олар айтарын айға, ұран түрінде емес, сыпайы да салмақты етіп, сардар да сарабдал мінезімен бірде төтелеп, бірде тұспалдап, бірде бүркемелеп, жігін жатқыза отырып жеткізе алған екен. Сондықтан да қазіргі жаңа деп жар салып отырған көп дүниелеріміздің соқпағын сана көңіл, алғыр ақыл ой иелерінің сол кезде салынған идеяларынан іздеуіміз, іздегенімізді адаспай табуымыз – табиғи құбылыс. Осы орайда, «Ақынның шынайы шығармашылығы, ойшылдың дуалы диалектикасы, зерттеушінің шымыр шеберлігі – ұлы ғалымды қалыптастыратын құрамдас бөліктер, міне, осылар», деген ойшыл К.Тимирязевтің сөзімен пайымдасақ, ұлттық әдебиетіміздің күрделі кезеңдерінен бүгінгі еліміз тәуелсіздікке жеткен дәуір аралығындағы ақ қар, көк мұзды бастан кешкен әдебиетші ғалым, қабырғалы зерттеуші Белгібай Шалабайұлы Шалабаевтың отандық әдебиеттану ғылымның қай саласы болмасын өз ізденістерінде ең іргелі зерттеулеріне нысана етіп, оған сыңаржақ саясат үстемдік құрған құбылмалы уақыттардың өзінде де алған бағытынан таймаған, халық зердесіне киелі сәулені себезгілеп құнды мұрат тұтқан текті тұлғаның ұлан-ғайыр еңбектерінің, қыруар қызметінің мән-маңызы ешқашан ортаймақ емес.

Б.Шалабаевтың алғашқы еңбек жолы журналистикадан бастау алып, әдебиет әлеміне бет бұрғанда әдебиетші ғалым, сыншы талап деңгейінен танылу жолында шағын әңгіме, фельетон, памфлет, очерктер жазып, өлең шығарумен қатар өзінің сәтті табысы болған прозалық туындысын, көркем аудармаларды әдебиет айдынына ұсынумен бірге, сын, әдебиет тарихы, теориясы, фольклортану, ромانتану ғылым салаларынан қол үзбей, 40–80-жылдардағы әдеби процесті жіті бақылап, әдебиеттану ғылымының мәртебесін жоғарылату үшін үздіксіз ізденумен еңбек еткен. Сол тұстағы Б.Шалабаевтың ғылыми, әдеби-сын еңбектерінде, ғылыми зерттеулерінде қазақ әдебиетінің тарихы, теориялық-ізденіс шаралары, әдебиет өкілдерінің

шығармашылық жетістіктері мен ерекшеліктері, туыстас халықтар әдебиетімен үндестігі, болашақ өсу өрісі секілді мәселелер кең ауқымда қамтылып, жан-жақты зерделенген. Әдебиет жанрларының орнықты қалыптасуына жіті зер салып, орынды ой-пікірлерін ортаға салған әдебиетшінің, терең талдаған шығармалардың идеялық-эстетикалық және басқа да рухани құнды жақтары өте көп.

«Абырой – атақ қамы үшін емес, алдымен туған әдебиет мүддесін ойлаған, көркем өнерге шын жаны ашыған сыншыға қажетті қасиеттерге зер салсақ, ұлы Белинскийдің Гогольге жазған хаты еске түседі», – дейді белгілі ғалым Н.Ғабдуллин. «Әңгіме бұл арада не менің немесе сіздің қарабасыңыз туралы емес, мен түгіл сізден де жоғарырақ тұрған мәселе жөнінде, яғни шындық турасында, орыс қоғамы жайында, Россия хақында болып отыр.

Шындық! Қоғам. Отан. Осы үшеуінің алдында адал болуды Белинский ерекше атап көрсетеді. Бұл жазушы мен сыншыға үлкен талап» [325, 136-б].

Осынау биік талап деңгейінен танылуда Б.Шалабаевтың сыншылық, ғалымдық білгірлігіне тереңірек үңілген сайын, өз кезеңіндегі қазақ кеңес әдебиетінің іргетасын нығайтқан елеулі туындылардың қай-қайсы болмасын сыншының назарынан тыс қалмағандығын көреміз. Ол туған әдебиетінің жетістіктеріне сүйеніп, кемшін тұстары болса, одан арылудың жолын іздеді. Оны әдебиеттану алаңына орнықтырып, алға бастырған төл романтизм саласындағы елеулі еңбектері төрт монографиясы және үш тұрақты оқу құралы (стабильные учебники): «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа» – «Революцияға дейінгі қазақ прозасы мен романының тарихынан» (1956), «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) – «Революцияға дейінгі қазақ әдебиеті тарихының очерктері» (Проза, поэма, роман) (1958), «Казахская литература» (Советский период) – «Қазақ әдебиеті» (Совет дәуірі) (1965), «История казахской прозы» (Сюжет и характер) – «Қазақ прозасының тарихы» (Сюжет және характер) (1968; 1975), «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983; 1990) еді. Әдебиеттану ғылымына деген қабілетін аңдатып, сара жолға бет бұрып, қаламы да ұшталып, ой-өрісі шарықтап алға шықты. Негізінде әдеби сынға, ғылыми зерттеуге, аудармаға араласқан ғалымның қарым-қабілеті, көркемдік-эстетикалық зор болуы қажеттілік десек, Б.Шалабаевтың ғылыми, әдеби-сын еңбектерінде қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихының өзекжарды мәселелері, көрнекті қаламгерлердің шығармашылық табыстары мен өзіндік ерекшеліктері, туысқан халықтар әдебиетіндегі ізгілікті жаңалықтар мен өсу-өркендеу бағыттары жайындағы мәселелерді кең ауқымда қарастырғанын байқауға болады. Нәтижесінде алпысыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің көлемді бір саласы – роман жанрының қалыптасып, өркендеуі дәрежесіне де сын айта алатындай эстетикалық биіктікке жетті. Б.Шалабаев өз зерттеулерінде жеке туындының, не жеке қаламгердің өзіндік өзгешеліктерін суреткер көзімен жете аңғарып, дөп танумен бірге, жазушылық болмыстарын ғылыми негізде айғақтап, дәлелдеп отырады. Сол жылдарда әдебиет тарихының проза жанрында ерекше қалам тартқан М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов,

Ғ.Мұстафин, Ж.Сыздықов, Т.Жароков, М.Қаратаев, Д.Әбілев т.б. сынды жазушылардың айтулы еңбектеріне өзіндік көзқарасында анық танытты.

Жалпы ғалымның қаламынан туған әдеби-сын, ғылыми-зерттеу мақалалары мен еңбектерін сараптағанда бірнеше бағытта жазғаны аңдалады. Оның алғашқысы – 40–70-жылдардағы әдебиеттің жай-күйі турасында, қоғамдық басты-басты мәселелерді қозғайтын өз замандастары шығармашылығы жайындағы әдеби-сын және оқу-ағарту ісі жөніндегі консультациялық, оқу-әдістемелік мақалалар. Екінші – халық ауыз әдебиетінің кейбір мәселелері жайындағы теориялық, зерттеу еңбектері. Келесі – орыс әдебиетінің классиктері шығармаларына, төл туындыларына көзқарақтылық танытып, олардың өзіндік ерекшеліктерін сипаттайтын, халықтар достығын нығайту, әдеби байланыстар орнату бағытындағы жарияланымдары. Төртінші – қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихындағы төл үлгі-үрдістері мен ішкі заңдылықтарын саралаған, роман мен өмір шындығының арақатынасын бажайлаған, жалпы қазақ проза жанрларындағы сюжеттердің, образдардың, характерлердің түпкі тек-тамырына бойлап, қазақ романының тақырыптық-эстетикалық, идеялық-тақырыптық, тілдік-көркемдік, жанрлық-стильдік ерекшеліктерін, тегі мен түрін, поэтикасы мен типологиясын, сюжет және характерін, дәстүр және жаңашылдығын, тарихи болмысын айнытпай анықтау тәрізді жоталы-жоталы проблемаларға қатысты арналған зерттеулері. Бесінші – көркем әдебиет туралы, әдебиеттану мен әдеби-сынға, жазушы мен сыншыға қойылатын алғышарттар мен негізгі міндеттерді саралап көрсететін әдеби-танымдық, ғылыми-зерттеу мақалалары. Алтыншы – шығармашылық портреттерді жасаудағы шынайы сыншының шеберлігін танытатын рецензиялық, шолу, эссе-сын мақалалары.

Белгібай Шалабаев әдебиетші, сыншы ретінде қоғамдық-әлеуметтік талдау әдісі мен көркемдік-эстетикалық танымды шебер қисындастыра алғандығын атап өту ләзім. «Әдебиет салаларының ішінде сын ең қиын жанр екені жұртшылыққа белгілі. Бірақ қиын болса да, мұны қиып тастағын келмейді. Егер адам әдебиетті жан-тәнімен сүйетін болса, ол бұл қиын жанрдың ыстық-суығына да бірдей көнуге тиіс» [326, 6-б], – деген белгілі ғалым Е.Ысмайылов пікіріне назар аударсақ, әдебиетті жанындай сүйген Белгібайдың бұл жанрдың сыр-сипатын ашудағы мақсаты анық та айқын.

Асылы, Б.Шалабаевтың еңбектерінің барлығына ортақ нәрсе – «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүріп өтпей, шығарманың табиғи болмысына тереңдей бойлап, көркемдік қыры мен сырын ашуға күш салуы. Оның өзіндік ойларын нақты да дәлелді айғақтармен пайымдауы – зерделі зерттеушінің табиғатын танытады. Егер: «Ғылыми зертеудің өзге еңбектерден басты бір айырмашылығы – нақтылы фактілерге, объективті ақиқатқа негізделгендігінде, жүйелілігі мен тұжырымдарының дәлдігінде болмақ. Егер әдеби сын үшін пікірдің өткірлігі мен батылдығы, публицист үшін жинақтаудың кеңдігі мен мәселе қоюдың қуаттылығы қажеттірек десек, әдебиетші-ғалымға бәрінен бұрын тексерудің толықтығы мен дәйектілігі зәру. Ғылыми проблемаға бағышталған еңбектерден осындай өзіне хас

белгілер неғұрлым көбірек табылса, олардың құндылығы да солғұрлым күшейе түспек» [327, 150-б], – деген ғалым Р.Бердібаев тұжырымын негізге алсақ, зерттеуші Б.Шалабаевтың «История казахской прозы» (Сюжет и характер) монографиясының мәні аса зор. Бұл іргелі, толымды еңбекке арқау болған қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы, қазақ прозасының басқа да ірілі-ұсақты жанрлары, олардың дами түсуі, өркендеуі және олардың басқа ұлт әдебиеттерімен ықпалдасуы, өзара әсерлесуі, сабақтасуы сияқты аса күрделі мәселелер төңірегінде өрбіп терең зерттелінген. Докторлық диссертациясы жеке монографиялар болып алғашқыда 1968 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан; 1975 жылы екінші рет толықтырылып, өңделген кітабы «Мектеп» баспасынан жарық көреді. Ғалымның 1950-шы жылдардан бері орыс тілінде жарық көрген басқа оқу құралдары секілді бұл монографиясы да «КСРО халықтар әдебиетінің» курс бағдарламасына енген болатын. Профессор Б.Шалабаевтың аталмыш кітабы Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті) қазақ, орыс және әлем әдебиеті кафедраларының біріккен отырысында терең талқыланып, жан-жақты талданып Мемлекеттік сыйлық алуға лайық еңбек деп танылған. Кітапқа жақсы пікірлер беріліп, көптеген мақала-рецензиялар жазылған. Академик З.Қабдолов профессор Б.Шалабаевтың еңбектеріне жоғары бағасын беріп, төмендегідей пікір білдіреді: «Имя Б.Шалабаева хорошо известно нам, его коллегам – литературоведам. Он относится к блестящей плеяде ученых, заложивших основы научного изучения казахской литературы. Ему принадлежит большое количество книг и научно-исследовательских статей, среди которых основное место занимает его труд «История казахского романа», по праву заслуживающий самой высокой оценки. Б.Шалабаев – прекрасный знаток казахской литературы, один из первых создателей ее научной теории; его работа отвечает самым высоким требованиям; исследование проведено с большой художественной выразительностью...». Профессор К.Қанафиева әріптес ғалымның сөзін толық қостап, қостау сөзін айтады, «Давно известно, что Б.Шалабаев является одним из первых теоретиков казахской литературы. Если говорить в общем о личности Б.Шалабаева, то он писатель, член Союза писателей СССР, он переводчик, педагог, воспитавший большую плеяду ученых, успешно работающих на поприще казахского литературоведения. Книга 1975 года «История казахского романа», можно сказать, вершина литературоведческих изысканий автора, она глубока по содержанию, эмоциональна по форме, удовлетворяет высоким требованиям ученого и является незаменимой для студенческой аудитории». Профессор Т.Кәкішұлының әдебиетші-ғалымның еңбегіне айтар алғысы мол: «Как известно, премии присуждаются за работы, имеющие государственное значение. Исследование Б.Шалабаева вполне отвечают данному назначению. По этой книге учатся и будут учиться многие поколения филологов, она воспитывает хороший литературоведческий вкус, побуждает к профессиональным размышлениям. В исследовании удачно сочетаются

теоретическая глубина, чувство меры в подаче художественного материала, большая выразительность повествования.». Филология ғылымдарының докторлары, профессорлар М.Сармурзина және Ф.Кендібаевтар да Б.Шалабаевтың ғалымдық сом тұлғасын асқақтап, дара қолтаңбасын жете аңғара білген, «Книга «История казахского романа» написана отточенным пером специалиста, занимающегося литературоведением с 30-х годов. Очень хороший, выразительный лапидарный стиль, разносторонний подход к анализируемому материалу, умение видеть подтекст и много других профессиональных достоинств отличают книгу Б.Шалабаева. Это действительно настольная книга студента-филолога, начинающего литературоведа, которая будет служить долгие годы. А ее автор – один из самых заслуженных людей нашей республики, прекрасный специалист, отдающий всего себя любимому делу. Профессор Б.Шалабаев является видным деятелем литературы и литературоведения Казахстана. Его заслуги справедливо ставятся в один ряд с заслугами академиков М.Ауэзова, К.Жумалиева в написании учебников и академических изданий. Объект научного исследования профессора Б.Шалабаева перспективен для дальнейшего развития литературоведческой науки, а его учебник «История казахского романа» – книга, незаменимая для начинающегося филолога, книга нужная и вполне заслуживающая присуждения Государственной премии Казахской ССР. Многие труды Б.Шалабаева, которые выходят на русском языке с 1950-х годов, вошли в программу курса «Литература народов СССР». Таким образом, он один из первых казахских литераторов, вышедших на международную арену...» [42]. Бұл пікір пайымдаулар Б.Шалабаевтың үлкен ғалымдық, сыншылдық тұлғасын әдебиетшінің өзіндік қолтаңбасы мен басты бағыттарын ашып береді.

Сондықтан да Белгібай Шалабаев әдебиет зерттеушісі, сыншысы ретінде өзіндік ұстанымынан таймай, өмірінің соңына дейін ұлттық әдебиеттің өсіп-өркендеу бағыт-бағдарын білгірлікпен қадағалағандығын пайымдаймыз. Бұл әдебиетшінің ғылыми диапазонының тереңдігін танытып, қазақ әдебиетінің шын жанашыры болғанының дәлелі болмақ. Ойымызды бекіту мақсатында: «Елін сүймей, ер азаматын сүймей, ол елдің өнерін, өнерпаздарын сүю оңай емес. Демек, шынайы әдебиетшінің таланты да, таза адамгершілігі де оның көңілінің тазалығы мен жүрегінің үлкендігіне байланысты» [328, 9-б], – деген сыншы Е.Ысмайыловтың мағыналы тұжырымын тілге тиек етсек, Белгібайдай дарын иесінің әдебиетшілік, сыншылық, зерттеушілік тұлғасы айқындалып, оның ғылымға қосқан үлесімен, ізденіс жолдарындағы қанат қағысының, асқан асулары мен шыққан белестерінің, жетістіктерінің бағасы зерделі әдебиетші қауым үшін құнын жоймайтындығына көз жеткіземіз.

Б.Шалабаевтың әдебиеттану, әдеби сын мен көркем аударма мұрасын қарастыру – әдебиетші, сыншылық дарынын, әдебиеттануға қосқан қомақты үлесін көрсету үшін ғана емес, ұлттық әдебиеттану ғылымының, сынның жандана түсуі мақсатындағы ғылыми ізденістер мен әдеби-теориялық ой-түйіндерінің қалыптасып, кемелдене түсуі үшін де маңызды болмақ.

Тарих әркімнің тілегімен жасалып, жоспарланбайды. Заман ағымын аңғарып, кезең шындығын түсінген саналы азамат қана көздеген мақсатына, діттеген аңсарына жетеді, абырой-беделге ие болады. Сондықтан, «Б.Шалабаев – қазақ әдебиеттануының аса көрнекті өкілі», – дегенді, Мұхтар Әуезов айтқан уақытта, Б.Шалабаев азаматтығы мен қайраткерлігін түгелдей ескерген болатын. Өйткені, Белгібайдың замана бейнесін жасап, төл әдебиеттану ғылымында жаңа мазмұнға лайық тың парасат-пайымдарымен байытқанын, әдебиеттің бар саласында еңбектеніп, қадау-қадау биіктерін жасап бергенін тарих еш уақытта ұмыта алмайды.

Қорыта айтқанда, сонау 1930–80-жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымының даму белестері жаңа заманда көзқарақтылықпен қайта сарапқа салынып жатса да, Белгібай Шалабаевтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу, көркемаударма және публицистикалық еңбектері өзінің құндылығын жоғалтпауы тиіс. Өйткені оның сыни мақалаларының болсын, орыс тілінде жазылған еңбектері болсын, кең көлемдегі әдеби зерттеулері мен аудармалары болсын, ғылыми-эстетикалық тартымдылығын, әдеби-танымдық сапасын төмендетпейді, керісінше, уақыт өткен сайын маңызды сыр-сипаты ашыла түспек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. «Мәдени мұра» бағдарламасы – Мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. – 2003. – 29 қараша.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 400 б.
3. Аристотель. Сочинения: в 4-х т. Т.4 – М.: Мысль, 1984. – 830 с.
4. Аль-Фараби. Логические трактаты. – Алматы: Наука, 1975. – 672 с.; Избранные трактаты. – Алматы: Ғылым, 1994. – 448 с.; Әбу Насыр әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 419 б.
5. Декарт Р. Рассуждение о методе; Начала философии // Блинников Л.В. Великие философы. – М.: Логос, 1998. – 432 с.
6. Лессинг Г.Э. Лаокоон немесе кескін өнері мен поэзияның шекарасы. Кітапта: Р.Нұрғали. Әдебиет теориясы. Нұсқаулық. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
7. Гегель Г.В. Эстетика туралы лекциялар. Кітапта: Р.Нұрғали. Әдебиет теориясы. Нұсқаулық. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
8. Кант И. Критика чистого разума; Критика практического разума; Критика способности суждения // Философия Канта и современный идеализм. – М.: Наука, 1987. – 272 с.
9. Белинский В.Г. Собр. соч. в трех томах. – М.: АН СССР, 1948. Т.2. – 932 с.
10. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
11. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
12. Құнанбаев А. Таңдамалы екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.
13. Бөкейханов Ә. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
14. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
15. Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер. – Алматы: Өнер, 1990. – 208 б.
16. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
17. Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
18. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 512 б.
19. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
20. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.; Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.; Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.; Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.; Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. – 208 б.; Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.; Ыбырайымов Б. Ой мен сөз. – Алматы: Жазушы, 1985. – 248 б.
21. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.; Кәкішев Т. Сын сапары. Монография қазақ әдебиеті сынының тууы хақында. – Алматы: Жазушы, 1971. – 173 б.; Қазақ әдебиетінің ғылымы және әдеби

сын // Қазақ Советтік Социалистік Республикасы: энциклопедиялық анықтама. – Алма-Ата, 1980. – 498–506 б.; Оңаша отау: Монография. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.; Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.; Ғабдуллин Н. Шығарма арқауы – шындық. – Алматы: Жазушы, 1968. – 192 б.; Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.; Қараев М. Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолы. – Алматы: Мектеп, 1986. – 176 б.; Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары. – Қарағанды: Қарағанды университеті, 1995. – 135 б.

22. Қаратаев М. Ізденіс іздері. – Алматы: Жазушы, 1984. – 376 б.; Ысмайылов Е. Сын мен шығарма. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. – 380 б.; Ысқақов Д. Қазақ әдеби сынының ғылыми негіздері: Филол. ғ. докт. дисс. – Алматы, 1994. – 531 б.

23. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 280 б.; Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.; Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 347 б.; Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.; Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жалын, 1997. – 368 б.; Кәкішев Т. Дәуір дидары: Қазақ совет әдебиетінің өсу жолдары туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 772 б.; Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух. – Алматы: Санат, 1997. – 432 б.

24. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Жаңаша бажайлау. I кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.; 40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. Жаңаша пайымдау. II кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 400 б.

25. Дулат Тұрантегі. Асқар әлемі. Сыншы Төлеген Тоқбергенов. – Алматы: Теларна, 2004. – 152 б.

26. Сәтбаева Ш.Қ. Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы: Ғылым, 1987. – 224 б.; Алпыспысбаева Қ.Ш. Ш.Уәлиханов – фольклортанушы: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 1998. – 24 б.; Зейнулина А.Ф. Қазақ романының қалыптасуындағы Жүсіпбек Аймауытұлының рөлі. Канд. дисс. автореф. – Алматы, 1998. – 23 б.; Бағалбеков М.К. С.Сейфуллин – әдебиет тарихын зерттеуші. Канд. дисс. – Алматы, 1994. – 149 б.; Ахметова К.С. Көркем шығармадағы тарихи шындық (С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссенің негізінде). Канд. дисс. автореф. – Алматы, 1995. – 29 б.

27. Әділбекова Л.М. Илияс Жансүгіров прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 1999. – 23 б.; Ордаева Г.Ж. Қошқе Кемеңгерұлының әдеби мұрасы: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 1995. – 28 б.; Әлмұханова Р. Халел Досмұхамедұлы – әдебиет тарихын зерттеуші: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 1998. – 26 б.; Сыздықов К. Мұхтар Әуезов еңбектеріндегі әдебиеттану мәселелері: Ф.ғ.д. автореф. – Алматы, 1997. – 51 б.; Тасымова С.Т. М.Әуезовтің әдеби-сын еңбектерінің тілі мен стилі: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 1995. – 21 б.

28. Молдаханов Ә. Мұхтар Әуезов – фольклортанушы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 152 б.; Жұртбай Т.Қ. М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірі және көркем әлемі: Ф.ғ.д. автореф. – Алматы, 2000. – 59 б.; Қартаева А. Мұхтар Әуезовтің шығармашылығындағы Абай мұрасы («Абай жолы»

роман-эпопеясы материалының негізінде). Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 29 б.; Жолдасова Т. М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай образы: Ф.ғ.к. автореф. – Түркістан, 2001. – 33 б.; Атымов М. Қажым Жұмалиев: Өмірі мен творчестволық қызметі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 160 б.

29. Зайкенова Р.З. Проблемы казахского литературоведения в трудах К.Джумалиева: Автореф. к.ф.н. – Алма-Ата, 1989. – 25 с.; Сейдаханов К. Әдебиет жанашыры. – Алматы, 1972. – 76 б.; Нұрпейісов Н.Ж. Есмағамбет Ысмайылов және қазақ әдебиеті тарихының 30–40 жылдардағы зерттелуі: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 1995. – 28 б.; Жұмағұлов С. Е.Ысмайылов – сыншы. Канд. дисс. – Алматы, 1999. – 144 б.; Сыздықова Р. М.Қаратаевтың әдеби-сын шығармалары және қазақ әдеби сынының проблемалары: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 1980. – 25 б.

30. Қоңыратбаев Т. Әуелбек Қоңыратбаев – қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші: Монография. – Алматы: Шежіре, 1995. – 256 б.; Тажибаева Ш.А. З.Ахметов как теоретик и исследователь казахской литературы: Автореф. канд. дисс. – Астана, 2001. – 25 с.; Ергөбек Қ. Сәбит Мұқановтың творчестволық лабораториясы: Ф.ғ.д. автореф. – Алматы, 1995. – 47 б.; Тайманова С. Сәбит Мұқанов – әдебиет зерттеушісі: Ф.ғ.к. дисс. – Алматы, 1995. – 162 б.; Тұрғараева Л.К. Академик З.Қабдолов және әуезовтану: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 2004. – 27 б.

31. Аяпова Г.Б. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдебиет теориясының қалыптасу кезеңдері және З.Қабдоловтың теориялық қисындары: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 2004. – 33 б.; Турткарина С.М. Г.Мусрепов, как литературный критик: Автореф. канд. дисс. – Алма-Ата, 1988. – 25 с.; Сартбаева Д.К. Бейсембай Кенжебаев – қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушісі: Ф.ғ.к. автореф. – Түркістан, 2002. – 27 б.; Рахметова Б.А. Темірғали Нұртазиннің ғылыми-сын және әдеби-публицистикалық мұрасы. Канд. дисс. автореф. – Астана, 2004. – 29 б.; Мұхатаева Қ. Ы.Т.Дүйсенбаевтың ғылыми мұрасы. Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 31 б.

32. Дүйсебекова А.Е. Сыншы, әдебиеттанушы Тәкен Әлімқұлов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 180 б.; Тұрантегі Д. Р.Бердібаев – сыншы ғалым. – Алматы, 1977. – 115 б.; Ахметов К.К. Айқын Нұрқатовтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу еңбектері. Канд. дисс. – Астана, 2001. – 163 б.; Керімбеков М. І.Омаровтың әдеби-сыншылық мұрасы. Канд. дисс. автореф. – Түркістан, 2001. – 25 б.; Әбілхамитқызы Р. Ғ.Мұстафиннің әдеби-сыншылық мұрасы. Канд. дисс. – Астана, 2003. – 120 б.

33. Жүсіпова А. Қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау мәселелері және Т.Кәкішұлының ізденістері: Ф.ғ.к. автореф. – Алматы, 2002. – 28 б.; Әділова Ш.Д. Т.Тоқбергенов – әдебиет сыншысы. Канд. дисс. автореф. – Түркістан, 2004. – 31 б.; Смағұлов Ж.Қ. Қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу жолдары: Ф.ғ.д. автореф. – Алматы, 2001. – 57 б.; Такиров С.У. XX ғасырдың 40–50 жылдарындағы қазақ әдеби сыны: Ф.ғ.к. автореф. – Астана, 2004. – 33 б.

34. Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі // Егемен Қазақстан. – 1999. – 26 ақпан.
35. Назарбаев Н. Абай туралы сөз // Егемен Қазақстан. – 1995. – 10 тамыз.
36. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімалар, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. алғы сөзін жазып баспаға әзірлеген Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
37. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. (Ғылыми-зерттеу). – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2002. – 528 б.
38. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 282 б.
39. Қаратаев М. Революция рухымен. – Алматы: Жазушы, 1978. – 416 б.
40. Серғалиев М. Сөз сарасы: сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 197 б.
41. Шалабаев Б. Үш айқас: [Әңгіме. Естелік] // Қазақстан мұғалімі. – 1958. – 20 февр.
42. Архив КазГУ
43. Ысмайылов Е. КПСС ХХІ съезд қарарларына байланысты қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері // Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961. – 376 б.
44. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – 16-Том. (Мақалалар, зерттеулер). – Алматы: Жазушы, 1985.
45. Николаев П.А. Предмет и принципы исследования // Возникновение русской науки о литературе. – М.: Наука, 1975. – С. 3–20.
46. Курилов А.С. Формирование русского литературоведения как науки. Автореферат на соискание ученой степени док. филол. наук. – М., 1982. – 50 с.
47. Гацфельдт А. Основа литературной критики. – Одесса, 1895.
48. Мустангова Е. Современная русская критика. – М.: «Прибой», 1929; Гроссман Л.П. Жанры литературной критики. Т.2. – М.: «Искусство», 1925.
49. Бурсов Б. Критика как литература. – Ленинград, 1975; Борев Ю. Роль литературной критики в художественном процессе. – М., 1979; Искусство интерпретации и оценки. – М., 1981; Долгов К.М. Эстетика и художественная критика. – М., 1972; Зельдович М.Г. Уроки критической классики. Вопросы теории и методологии критики. – Харьков, 1976; Иванов В. Движущая эстетика. – М., 1969; Литвинов В.М. Самосознание литературы. – М., 1976; Лукьянов Б.Г. Методологические проблемы художественной критики. – М., 1980; Якименко П.Г. Методологические проблемы современной литературной критики. – М., 1975; Шукина Т.С. Теоретические проблемы художественной критики. – М., 1979.
50. Методологические проблемы современной литературной критики. – М., 1976; Современный литературный процесс и критика. – М., 1975; Проблемы теории литературной критики. – М., 1980; Современная литературно-художественная критика. – Ленинград, 1975; Современный литературный процесс и литературная критика. – М., 1982; Современная литературная критика. – М., 1977.

51. Вопросы эффективности литературно-художественной критики. Материалы научно-практической конференции 17–18 апреля, 1979. – М., 1980; Марксистско-ленинская критика и литературный процесс / тезисы докладов и сообщений республиканской научно-практической конференции/. – Фрунзе, 1982; Проблемы истории и методологии литературоведения и литературной критики. Сборник. – Душанбе, 1982; Вопросы истории и теории литературной критики. – Тюмень, 1978; Проблемы литературной критики. Сборник. – Тюмень, 1979.

52. Баранов В.И., Бочаров Л.Г., Суровцев Ю.И. Литературно-художественная критика. Учебное пособие. – М., 1982; Червяченко Г.А. Основы литературной критики. Учебное пособие. – Ростов на Дону, 1975.

53. Лахно С.Н. Жанры русской литературной критики первой четверти XIX в. Автореферат. Харьков, 1990; Куляпин А.И. Жанрово-стилевые своеобразие русской литературной критики 1790–1810 гг. Автореферат. Томск, 1989; Акимов В.М. Литературно-критическая и эстетическая полемика в периодике 20-х годов и становление теоретических принципов социалистического реализма. Автореферат. М., 1982; Казачук И.М. Эстетика, художественная критика и современная методологическая борьба. Автореферат. Киев, 1973.

54. Қирабаев С. Революция және әдебиет. Екі томдық. I том. – Алматы, 1977.

55. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1960.

56. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалары. Т.2. Сөз өнері. Монография. Талант пен таным. Әдеби толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 456 б.

57. Сыздықов К. М.Әуезов – әдебиет сыншысы. – Алматы: Жазушы, 1973.

58. Современная литературная критика. – М., 1977.

59. Бочаров А. Еще и журналистика // Литературное обозрение. – 1976. – № 1.

60. Вопросы литературы. – 1971. – № 5, С. 91–92.

61. Груздев И. Критика как труд // Звезда. – № 3. – С. 4–5.

62. Milh W. Literaturkritik und Literaturdeschichte. – «Germanisch – romanische Monatsschrift». – 1930, Hf. 1/2. – S. 12.

63. Рюриков Б.С. Основные проблемы советской литературной критики. – М., 1954. – 259 с.

64. Ысқақов Д. Қазақ әдеби сынының ғылыми негіздері // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 1994. – 53 б.

65. Елеукенов Ш. Сын және сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс // Ақиқат. – 1998. – № 4. – 53–59 б.

66. Белинский В.Г. Полн. собр. соч., т. VI. – М., 1955.

67. Тынянов Ю.Н. Поэтика. Литература. Кино. – М., 1977.

68. Белинский В.Г. Полн. собр. соч., том 2. – М., 1958.

69. Боров Ю. Роль литературной критики в художественном процессе. – М., 1979.

70. Зеленов Л.А., Куликов Г.И. Методологические проблемы эстетики. – М., 1982.

71. Бочаров А. На плацдарме журналистики // Литературное обозрение. – 1980. – № 5. – С. 4.

72. Дементьев В. Критик – это писатель. Писатель и жизнь. – М., 1978.

73. Луначарский А.В. Собрание сочинений / АН СССР, институт мировой лит. им. А.М.Горького. - Т.8: М.Горький. Советская литература (статьи, доклады, речи). – М. : Худож. лит. 1964. – 701 с.

74. Ысқақұлы Д. Сын талқы. – Алматы: «Сөздік – Словарь» баспасы, 2005. – 416 б.

75. Белинский В.Г. Полн. собр. соч., X том. – М., 1958. – 305 с.

76. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Бірінші кітап / Орыс тілінен аударғандар: Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Қ.Бекхожин. – Алматы: Қазбiрмембас (ҚБМБ), 1948. – 394 б.

77. Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим Құнанбаев) // Жұлдыз. – 1991. – № 9. – 110–114 б.

78. Сейфуллин С. Әдебиет туралы ашық хат // Еңбекші қазақ. – 1929. – 26 окт.; Мұқанов С. Әдебиет туралы ашық хат // Кеңес ауылы. – 1929. – № 22; Қызыл ту. – 1929. – 11 дек.; Жаңа арқа. – 1930. – 4 янв.; Әдебиетшілердің есіне // Кеңес ауылы. – 1930. – 24–25 дек.; Тәжібаев Ә. Ел әдебиетін жинауға кірісейік // Еңбекші қазақ. – 1930. – 25–31 янв.; Байтасұлы А. Ауыз әдебиеті жайынан // Жаңа әдебиет. – 1928. – № 1–2. – 139–144 б.; Тілепбергенұлы Ж. Әдебиет мұраларын жинау туралы // Еңбекші қазақ. – 1930. – 14–17 янв.

79. Машинский С.И. Классика и литературная наука. – М.: Знание, 1970. – 63 с.

80. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы // Социалистік Қазақстан. – 1989. – 9 дек.

81. Словарь иностранных слов. – М.: АСТ-ПРЕСС, 1998. – 640 с.

82. Қыспақ көрген кітаптар // Мәдениет. – 1993. – 1–15 шілде.

83. Садри Мақсуди. Панисламизм деген не? // Заман-Қазақстан. – 1993. – 5 ақпан.

84. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995.

85. Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр // Ақиқат. – 1992. – № 12.

86. Қирабаев С. Алашорда және «ұлтшылдық» әдебиет // Абай. – 1998. – № 2.

87. Кәкішев Т. Сәкен сүйген сұлулар. – Алматы: Атамұра, 1997.

88. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

89. Вопросы литературы. – 1992. Выпуск 1.

90. Әдебиет майданы. – 1932. – № 4. – 13 б.

91. Кузнецов П. Идеядсыздық және жайбарақаттық жағдайында // Социалистік Қазақстан. – 1946. – 4 октябрь.

92. Шаяхметов Ж. Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері // Әдебиет және искусство. – 1947. – № 3. – 1–12 б.

93. 40–50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. 2–кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 440 б.

94. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 330 б.
95. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жалын, 1997. – 368 б.
96. Ысмайылов Е. Сын мен шығарма. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. – 377 б.
97. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық. II т. – Алматы: Жазушы, 1991. – 573 б.
98. Сильченко М. Новый роман об Абае // Казахстанская правда. – 1952. – 2 октября.
99. Бердібай Р. Мұхтар шыңы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 208 б.
100. Исмайылов Е., Бекхожин Қ., Айтмұқанов С., Сейітов С. Қазақ совет әдебиеті. Орта мектепке арналған оқу құралы. 4–бөлім, 10 класс үшін (Редакциясын басқарған Е.Исмайылов). – Алматы: ҚБМБ, 1942. – 191 б.
101. Жұмалиев Қ. XVIII–XIX ғғ. қазақ әдебиеті туралы // Әдебиет және искусство. – 1940. – № 9. – 57–67 б.
102. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері туралы // Социалистік Қазақстан. – 1941. – 10 июнь; Мұқанов С. XVIII–XIX ғғ. қазақ әдебиеті туралы // Халық мұғалімі. – 1941. – № 6–7.
103. Совет жазушыларының бүкілодақтық екінші съезі // Коммунизм таңы. – 1954. – 19 декабрь.
104. Әуезов М., Фетисов М. Социалистік ұлттар әдебиеттерінің даму заңдылықтары // Коммунист. – 1959. – № 12.
105. Тәшімова Ә. «Қазақ әдебиеті» сын талқысында // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 14 мамыр.
106. Қасқабасов С. Түпнұсқамыз түгел ме? Қолда бар әдеби мұра алақұла // Егемен Қазақстан. – 1999. – 8 қыркүйек.
107. Шалабаев Б. Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында: [Қисса – жанры туралы]: Жарыссөз // Әдеби мұра және оны зерттеу. / Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. 15–19 июнь, 1959. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961. – 240–244 б.; Қазақ әдебиетінде әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында: [Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция қарсаңында / Қисса – жанры туралы] // Қазақстан мұғалімі. – 1959. – 11 июнь.; Қазақ әдебиетінде әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында: [Қисса – жанры туралы]: Жарыссөз. Әдеби мұра және оны зерттеу: Конференция стенограммасы. 1961 ж.
108. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың туып-қалыптасуы: Ф.ғ.д. автореф. – Алматы, 1997. – 55 б.
109. Русская литература XX века: В 2-х томах. – Т.2.: (1940–1990-е годы). – М.: Изд. центр «Академия», 2002.
110. Казыханова Б. Формирование эстетической культуры казахов: Автореф. дисс. на соискание канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1979.
111. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. (Зерттеу мақалалары) – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 208 б.
112. Жұмабаев М. Шығармалары – Алматы: Жазушы, 1989. – 340 б.

113. Каскабасов С. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора // Известия АН КазССР. Сер. филол., 1984. – № 3 С. 19–24.
114. Медриш Д.Н. Литература и фольклорная традиция. – Саратов: Саратовский Университет, 1980. – С. 15.
115. Ыбыраев Ш. Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең // Әлем: Альманах. – Алматы: Жалын, 1991. – 94 б.
116. «Дала уалаятының газеті». – Алматы: Ғылым, 1989. – 5 б.
117. Елеукенов Ш.Р., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы: (Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін). – Алматы: Санат, 1999. – 192 б.
118. Еңбек, кәсіп жайындағы өлеңдер: [Қазақ фольклорынан сабақ беріп жүрген мұғалімдер мен сырттан оқитын оқушыларға консультация] // Халық мұғалімі. – 1941. – № 5. – 18–21 б. Текст латын әрпінде басылған.
119. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Орта мектептің 9-класына арналған оқу құралы. – Алматы, 1949.
120. Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры / Құраст. және жалпы ред. басқарған проф. М.О.Әуезов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – 39 б.
121. Валиханов Ч. Сочинения, 1904. – С. 109.
122. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. – Ташкент, 1928 – С. 15.
123. Шалабаев Б. Календарлы әңгіме, өлеңдер // Халық мұғалімі. – 1941. – № 9. – 37–39 б.
124. Шалабаев Б. Мақал, мәтелдер // Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры / Құраст. және жалпы ред. басқарған проф. М.О.Әуезов. – Алматы: Қазақ академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – 282–288 б.
125. Шалабаев Б. Халық даналығының құнды қазынасы. (Мақал-мәтелдер туралы) // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959. – № 12. – 16–21 б.
126. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Оқулық, 4-басылуы. – Алматы, «Санат», 1996. – 368 б.
127. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: «Мектеп», 1989. – 95 б.
128. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1980 – 751 б.
129. Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқабов А. Қазақ тілі 3-ші басылым. – Алматы: «Қазақ университеті», 1993.
130. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі 7-том. Ред.басқарған ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі А.Н.Ысқақов, 1983.
131. Русские пословицы и поговорки, собранные и обьесненные Ф.Буслаевым – М., 1984.
132. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1948.
133. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 311 б.
134. Шалабаев Б. Роман туралы: [Консультация] // Әдебиет және искусство. – 1940. – № 7–8. – 104–109 б. Текст латын әрпінде жазылған.

135. Мұхаметханов Қ. «Қаракерей Қабанбай» // Қазақ әдебиеті. – 1991. – (№ 28). – 12 шілде.
136. Литературный критик. – 1940. – № 10–11.
137. Литературный критик. – 1939. – № 10–11. – 211–212 б.
138. Литературный критик. – 1940. – 170 б.
139. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Шолпан. – 1922. – № 2–3; 1923. – № 4–5. Халық әдебиеті туралы // Жас қайрат. – 1924. – № 3–4. Қобыланды батыр // Таң. – 1925. – № 1–2. Әдебиет тарихы. – Қызылорда, 1927.
140. Тоғжанов Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. – Қызылорда, 1929. – 161 б.
141. Кедрин З. Мухтар Ауэзов. Критико-биографический очерк. – М., 1951. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк. – Алма-Ата, 1957. Сильченко М.С., Смирнова Н.С. Творческий путь М.О.Ауэзова. – Алма-Ата, 1957., т.б.
142. Молдаханов Ә. Фольклорист-ғалым (М.Әуезовтің ғылыми еңбегі туралы). Кітапта: Қазақ тілі және әдебиеті мәселелері. 3 шығ. – А., 1965. – 245–257 б.
143. Молдаханова Ә. Мұхтар Әуезов – фольклортанушы. – А., «Ғылым», 1997.
144. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1961. – 391 б.
145. Бекмаханов Е. Казахстан в 20–40 годы XIX века. – Алматы, 1992.
146. Исмаилов Е. В поисках нового. – Алма-Ата, 1967. – С. 189–190.
147. Байтұрсынова А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 415 б.
148. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
149. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932.
150. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.
151. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
152. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. – 420 б.
153. Бартольд В. История турецко-монгольских народов. – Ленинград, 1928. – С. 24–29.
154. Моңғолдың құпия шежіресі. – Баян-Өлгий, 1979. – 151 б.
155. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
156. Қазақ әдебиеті тарихы. /Қазақ халық ауыз әдебиеті. – I том. – I кітап. – Алматы: Ғылым, 1960. – 740 б.
157. Сейфуллин С. Шығармалары. – Алматы, 1964. Т.6. – 495 б.
158. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ–ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967. – 33 б.
159. Валиханов Ч.Ч. Собран. сочин. – Т.І. – Алма-Ата, 1961. – 426 с.
160. Сейдалиев Т., Жантөрин С. Образцы киргизской поэзии. – Оренбург, 1872. – 320 с.
161. Рақымов Б.С. Тарихи жырлар тағылымы. – Қарағанды, 1997. – 207 б.
162. ОҒК - қоры. 1077 бума.

163. Кенжебаев Б. 1916 жылғы көтеріліс жырлары туралы. – Алматы, 1956. – 102 б.

164. Киреев Ф.Н., Шафиро Ш.Я. Восстание 1916 года в Казахстане. Документы, материалы. – Алма-Ата, 1947. – 211 с.

165. 1916 жыл. Әңгімелер, өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Рауан, 1966. – 207 б.

166. Жармухаметов М. Восстание 1916 года в казахской народной поэзии. (Автореферат на соиск. учен. степени канд. филолог. наук). – Алма-Ата, 1962. – 20 с.

167. Сейітжанұлы З. Тарихи эпос /Шыңжаң қазақтары фольклоры. – Алматы: Ғылым, 1994. – 112 б.

168. Рақымов Б. Тарихи жырлардың поэтикасы. (Филология ғылым. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссерт. авторефераты). – Алматы, 2000. – 57 б.

169. Сәкенов С.Б. Қазақ тарихи жырларының сюжеті тарихилығы мен типологиясы. (Филология ғылым. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссерт. авторефераты). – Алматы, 1998. – 25 б.

170. Рахымбаева Г.Қ. Шығыс Қазақстан өңіріндегі тарихи жырлар. (Филология ғылым. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссерт. авторефераты). – Алматы, 2005. – 27 б.

171. Шалабаев Б. XIX ғасырдағы тарихи жырлар. «Жанқожа жайындағы жырлар». Қазақ әдебиетінің тарихы. (I-томның I-ші кітабы). – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясының Баспасы, 1960. – 600–609 б.

172. Шойынбаев Т. Восстание Сыр-Дарьинских казахов. – Алма-Ата, 1949. – С. 14.

173. Шахматов В.Ф. «Освободительное восстание казахов против казахского феодального гнета». Вестник АН КазССР, 1949, № 10; Шахматов В.Ф., Якунин А.Ф. «Восстание казахов 50-х годов XIX века». Известия Казфилиала АН СССР, серия историческая, вып. I, 1940, С. 66–95.

174. Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. – М., 1957. – С. 16.

175. Шалабаев Б. «Жанқожа батыр». Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясының Баспасы, 1948. – 328–333 б.

176. Әуезов М. Жиырма томдық. 19-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.

177. «Абай» журналы, 1992, № 2.

178. Ысмағұлов Ж. Абайдың ақындық тағылымы. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 280 б.

179. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ, 1913, № 43 (Қазақ әдебиеті, 2005, тамыз).

180. 20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Жанаша бажайлау. I кітап. – Алматы: «Ғылым», 1997. – 512 б.; 40–50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. Жаңаша пайымдау. II кітап. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 400 б.

181. «Абай» романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы. Ғылыми конференция материалдары // Қазақ әдебиеті, 1957, 5 апрель.

182. Әдеби мұра және оны зерттеу. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961. – 376 б.

183. Шалабаев Б. Пушкин и Абай // Казахстанская правда, 1936, 24 декабря; Вдохновенный Пушкиным (О творчестве Абая) // Казахстанская правда, 1945, 15 августа; Орыс әдебиетінің алыбы Пушкин – ұлы Абайдың ұстазы // Қаз ССР Ғылым Академиясының Хабарлары, әдебиет сериясы, 1950, № 81, 5 кітап; О прозе казахских просветителей XIX века // Вестник Академии Наук Каз ССР, 1951, № 3; Об отношении казахского классика к великану русской литературы А.С.Пушкину. – Сборник статей о казахской литературе. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1957; Назидания Абая и зарождение поэмы в казахской литературе. – М.О.Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию, издание Академии Наук КазССР, 1959.

184. Дюсенбаев И. Полезное начинание // Учитель Казахстана, 1956, 19 апреля.

185. Бекхожин К. Очерки истории казахской литературы // Казахстанская правда, 1958, 23 июня.

186. Габдуллин М., Бекхожин К. Монография ученого // Казахстанская правда, 1969, 5 июля.

187. Қожакеев Т., Қалдыбаев М. Қазақ романы туралы құнды еңбек // Социалистік Қазақстан, 1984, 8 февраль.

188. Бәйгелов М. Зерттеу жемісі жаңа кітап // Жұлдыз, 1984, № 7, 189–190 б.

189. Әлімқұлов Т. Абайтану туралы // Қазақ әдебиеті, 1971, 19 наурыз.

190. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қара сөздері. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббасп., 1956. – 151 б.

191. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: «Қазақстан», 1993. – 125 б.

192. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: «Санат», 1995. – 318 б.

193. Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат «Художественная Литература», 1958. – 128 с.

194. Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. – Алматы: «Жазушы», 1987.

195. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы, Қаз ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 312 б.

196. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: «Жазушы», 1984.

197. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: «Жазушы», 1957.

198. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек. Эссе. Әдеби-сын, зерттеу. – Алматы: «Жазушы», 1999. – 256 б.

199. Қазақ романындағы сюжет пен характердің кейбір мәселелері // Қазақстан мектебі. – 1973. – № 1. – 89–95 б.

200. Әуезов М. Жиырма томдық. 18-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
201. Абай және қазіргі заман. Өмірі мен әдеби мұраларына жаңа көзқарас, 1994.
202. Елеукенов Ш. Пушкин және Абайдың эпистолярлық романы // Ақиқат, 1999, 43–53 б.
203. Шалабаев Б. К вопросу об отношении Абая к Пушкину // Вестник Академии Наук КазССР. – 1949. – № 6.
204. Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. IV-том, 1981. – 51 б.
205. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: «Ана тілі», 1995.
206. Назарбаев Н. Абай туралы сөз // Қазақ әдебиеті. – 2005. – 19–25 тамыз.
207. Әбдіғазиев Б. Асыл арна: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 128 б.
208. Дүйсенбаев Ы.Т. «XIX ғасырдың 50–70 жылдарындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері»: Баяндама // Әдеби мұра және оны зерттеу. / Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1959. – 374 б. – 15–19 июнь.
209. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ ақын-жазушылары. Қолжазба, 1956. – 55 б.
210. Храмов И. За высокую идейность литературы Казахстана // Казахстанская правда. – 1950. – № 221.
211. Кенжебаев Б. Мақыш Қалтаев // Әдебиет және искусство. – 1950. – № 12. – 72–79 б.
212. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. (Монография). – А., 1958. – 70 б.
213. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыров // Социалистік Қазақстан. 1945. – № 158. – 21 август.
214. Сарсеков Ж. // Казахстанская правда. – 1946. – № 185. – 15 сентябрь.
215. Бекхожин К. Адвокаты буржуазных-националистов // Казахстанская правда. 1946. – № 212. – 28 октябрь.
216. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұттың ақындығы. – Алматы, 1949.
217. Жанділдин Н. Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап // «Коммунист» мақалалар жинағы. 1951. – № 5.
218. Сахариев Б. Б. Кенжебаев творчествосындағы қателіктер // Социалистік Қазақстан. – 1952. – № 72. – 25 март.
219. Сарыбаев Ғ. Қазақ мемлекеттік баспасының таптық көрсоқырлығы // Казахстанская правда. 1933. – 23 апреля.
220. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: «Ғылым», 1992. – 47 б.
221. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі // Арнаулы семинар материалы. – Алматы, 1968. – 27 б.

222. Кенжебайұлы Б., Өтепұлы Қ. Тағы да әдебиет сыны туралы // Социалды Қазақстан. 1933. – № 147. – 30 июль.

223. Бәйгелов М. Зерттеу жемісі жаңа кітап // Жұлдыз. – 1984. – № 7. – 189–190 б.

224. Шалабаев Б. Наследие творчества Торы-Айгырова в истории казахского романа. Дис. на соиск. уч. степ. канд. филол. наук / КазПИ им. Абая /. – Ленинград – Алма-Ата, 1937–1944. – 143 с. / Оригинал рукописи канд. дис. хранится в редком фонде депонированных рукописей науч. библиотеки КазНГУ им. аль-Фараби

225. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазмембас., 1932. – 24 б.

226. Бекенов Е. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық ақын. – Алматы: Қазмембас., 1933. – 59 б.

227. Әуезов М. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. – Алматы: Қазмембас., 1932. – 171 б.

228. Шалабаев Б. Султан-Махмуд Торы-Айгыров // Литература и искусство Казахстана. – 1939. – № 10. – С. 117–125. / О значении творчества С. Торайгырова. В частности о романах писателя. С.Торайгыров рассматривается как продолжатель традиций Абая в казахской литературе.

229. Айтмұқанов С. Сұлтанмахмұт творчествосындағы әлеуметтік мотивтер // Әдебиет және искусство. – 1939. – № 7.

230. Әдебиет хрестоматиясы. Орта мектептің VII класына арналған. Құраст. Е.Ысмайылов. – 1933.

231. Шалабаев Б. Творчество С.Торайгырова // В кн.: Сб. статей о казахской литературе / Вступ. ст., сост. и примеч. С.Кирабаева. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – С. 68–91.

232. Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат «Художественная Литература», 1958. – 128 с.

233. Шалабаев Б. История казахской прозы (Сюжет и характер): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 310 с.

234. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. Зерттеулер, мақалалар, естеліктер. – Астана: «Фолиант», 2002. – 504 б.

235. Дербісалин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1966. – 175 б.

236. Қазақтың жүз романы. Оқу кұралы. Құрастырып, баспаға дайындаған академик Рымғали Нұрғали. – Астана: Фолиант, 2004. – 456 б.

237. Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – 352 с.

238. Көбеев С. «Қалың мал». Роман – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1954.

239. Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов /

Б.Шалабаев / Под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.: ил.

240. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазакадембаспасы, 1967. – 320 б.

241. Сахара сұңқара: Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы Сәкен Сейфуллинге арналады / Құраст. Д.Ж.Омарбекова. – Алматы, 2004. – 406 б.

242. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 1960. – Б. 9.

243. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. – Алматы: «Жазушы», 1966. – 217 б.

244. Қазақ әдебиетінің тарихы: Кеңес дәуірі (1917–1940). – 7-Том. – Алматы: «ҚАЗАҚПАРАТ», 2004. – 462 б.

245. Жансүгіров І. Ақ вексель // Әдебиет майданы, 1934, № 3–4. – 18–27 б.

246. Жансүгіров І. Жолдастар. Роман. 1-кітап. – Алматы – Қазан: «Қазмемкөркемәдеббас», 1935. – 583 б.

247. Ғабитова Ф. Ұмытылмас өмір // Жұлдыз. – 1966. – № 5. – 105–106 б.

248. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. – Алматы: «Ғылым», 1965.

249. Жансүгіров І. Жолдастар. – 3-Том. – Алматы: «Жазушы», 1987. – 472 б.

250. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – А.: Жазушы, 1997. – 643 б.

251. Ахтанов Т. Көкейкесті. – Алматы: Жалын, 1980. – 360 б.

252. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Бірінші кітап / Орыс тілінен аударғандар: Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Қ.Бекхожин. – Алматы: Қазбiрмембас (ҚБМБ), 1948. – 394 б.

253. Мұқанов С. Толық шығармалар жинағы, II-том, Алматы, 1936, 5–6 б.

254. Шалабаев Б. Сәбит Мұқановтың поэзиясы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. Филол. сериясы. – 1951. – № 2 (71). – 152–163 б. – Рез. орыс тілінде / Мақаланы тапсырған Қазақ ССР Ғылым академиясының анық мүшесі М.О.Әуезов.

255. Шалабаев Б. Сәбит Мұқанов: [С.Мұқановтың поэзиядағы өзіндік ерекшеліктері және романдарындағы кейіпкерлер әлемі мен сюжет және характер мәселесі жайында] // Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері. – Алматы: Қазакадембаспасы, 1949. – 110–141 б.

256. Ысмағұлов Ж. Қаламгер мұраты // Ақиқат. – 2002, № 7, 82–92 б.

257. Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. (Естеліктер мен толғаныстар). – Алматы: «Жазушы», 1976. – 472 б.

258. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 334 б.

259. Мүсрепов Ғ. Заман және әдебиет. – Алматы: «Жазушы», 1982. – 152 б.

260. Қ. Р. О. М. М. 1864 қор, 1 тізбедегі № 132, 463, 76, 544, 549, 399-шы істер.

261. Нұрғалиев Р. Арқау. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму. Монография. II-Том. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 576 б.

262. Әдібаев Х. Талант, талғам, тағдыр. Зерттеу. – Алматы: «Жазушы», 1971. – 307 б.

263. Ахтанов Т. Роман о рабочем классе // Советский Казахстан, 1953, № 8, С. 109-112; Нұрмақанов Қ. Оянған өлке // Советтік Қарағанды, 1953, 19 октябрь; Омаров І. Әдеби толғамдар. – Алматы: «Жазушы», 1988. – 400 б.; Лизунова Е. Современный казахский роман. – Алма-Ата: Изд.-во АН Каз ССР, 1964. – С. 361; Кедрина З. Из живого источника. – Москва, 1960; Рунин Б. Подлинное и условное // Литературная газета, 1959, 4 апреля; Марков С. Пробужденный край // Дружба народов, 1958, № 11. С. 247-250; Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: «Жазушы», 1967. – 280 б.

264. Сланов Ғ. Сәтті сапар жолында // Әдебиет және искусство, 1954, № 4, 106-112 б.

265. Шәукенов Қ., Халықов Қ. Оянған өлке // Екпінді құрылыс, 1954, 28 февраль; Мұзапаров Ж. Ғ. Мүсіреповтің жаңа романы // Көкшетау правдасы, 1954, 27 август.

266. Климович Л. О романе Г. Мусрепова «Пробужденный край» // Дружба народов, 1955, № 3, С. 166–171.

267. Қирабаев С. Ғабен романдары – рухани мәдениеттің озық үлгісі // Егемен Қазақстан, 2002, 26 сәуір.

268. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-Т. – Алматы: «Қазақпарат», 2004. – 293 б.

269. Мұстафин Ғ. Шығармалар жинағы. 3-Т. – Алматы: «Жазушы», 1972 – 375 б.

270. Елеуқенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 1997. – 368 б.

271. 40–50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 400 б.

272. Овчаренко А. Социалистический реализм и современный литературный процесс. – Москва, 1968. – 412 с.

273. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. – Алматы: Жазушы, 1997. – 492 б.

274. Белинский В.Г. Собрание сочинений в трех томах. Т. I. – Москва: Гослитиздат. Худ. лит-ры, 1948.

275. Шалабаев Б. Өмірде не болмайды. (повесть, әңгіме, фельетондар жинағы). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас. (ҚМКӘБ), 1961. – 192 б.

276. Сыздық Р. Ғабен және қазақтың көркем тілі. – Егемен Қазақстан, 2002 ж., 16 сәуір.

277. Базарбаев М. Көрікті ойдан, көркем сөз. – Алматы, 1994.

278. Галанов Б. Живопись словом. – Москва: Сов. Писатель, 1972. – 185 с.

279. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. Изд.-во, «Художественной литературы», М., 1959.

280. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992.

281. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002.

282. Шалабаев Б. Жақан шығармалары туралы. (Жақан Сыздықовтың шығармаларын зерттеу жайында) // Майдан. – 1945. – № 1. – 101–109 б.

283. Шалабаев Б. Жақан Сыздықов: [Ж.Сыздықовтың ақындық өмірі мен творчествосы туралы] // Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері / Жалпы ред. басқарған ҚазССР ҒА корреспондент-мүшесі, проф. Қ.Жұмалиев. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1949. – 222–228 б.

284. Мақыпұлы С. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.

285. Ысқаұлы Д. Сын шын болсын. Әдеби сынның ғылыми негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 128 б.

286. Шалабаев Б. Ұлы өзгеріс өрнектері: С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романы жайлы // Қазақ әдебиеті. – 1982. – 17 дек.

287. Шалабаев Б. Асыл өнердің ұстасы: [М.Әуезов туралы: Естелік] // Қазақстан мұғалімі. – 1961. – № 28. – 6 июль.

288. Шалабаев Б. Ақын аға: С.Мұқановтың туғанына 60 жыл толуына орай // Лениншіл жас. – 1960. – № 224. – 13 нояб.

289. Шалабаев Б.Көркем сөздің зергері: [Естелік] // Орал өңірі. – 1982. – 17 март.

290. Шалабаев Б. Сынға қосылған үлес // Қазақстан мұғалімі. – 1960. – 23 июнь. – Кітапқа сын: Ысмайылов Е. Сын мен шығарма: Монография. – Алматы: Жазушы, 1960.

291. Шалабаев Б. Вклад критика // Казахстан. правда. – 1960. – 19 авг. – Рец. на кн.: Исмайылов Е. Критика и произведение: Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1960.

292. Шалабаев Б. Қазақ совет әдебиетінің оқулығы туралы: [Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелеріне арналған республикалық кеңес алдында] // Қазақстан мұғалімі. – 1957. – 17 янв. – Кітапқа сын: Базарбаев М., Беисов Т., Сахариев Б. Қазақ совет әдебиеті. – Алматы: Қазмемопб, 1956.

293. Шалабаев Б. Кішкене айна // Қазақ әдебиеті. – 1961. – № 19. – 5 май. – Кітапқа сын: Жиреншин Ә. Кішкене айна. Әңгімелер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1961.

294. Шалабаев Б. Эпос наших дней // Казахстан. правда. – 1961. – № 24. – 15 окт. – Рец. на кн.: Абилев Д. Знамя в горах. Судьба любви. Поэмы и стихотворения / Пер. с каз. В.Антонов, А.Николаев. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961.

295. Шалабаев Б. Новый шаг в казахской поэзии // Простор. – 1962. – № 1. – С. 107–110. – Рец. на кн.: Абилева Д. Огненные волны. Поэмы и стихотворения / Пер. с каз. В.Антонов. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1957.

296. Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым, 2002. – 425 б.

297. Нұрғали Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.

298. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. – Алматы: Жазушы, 1974. – 216 б.

299. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1975. – 286 б.

300. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына: Көркем аударма мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1987.

301. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері // Көркем аударманың кейбір мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы. – 1957. – 3 б.

302. Копыленко М. Основы этнолингвистики. – Алма-Ата, 1997.

303. Мусаев К. Лексико-фразеологические вопросы художественного перевода. – Ташкент, 1980; Бейбытова К.Д. Эволюция абаевских традиций казахской поэзии начало XX века. – Алматы, 1997; Мырзахметулы М. Восхождение Мухтара Ауэзова к роману. – Алматы, 1994; Камысов Р. Герой нового времени (в аспекте казахско-русских литературных связей 30-годов). – Алма-Ата, 1974; Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. – М., 1983; Ахметов З.А. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. – Алма-Ата, 1984; Алимов А.Х. Проблема художественного перевода в Казахстане в 1920–30 годы. – Алматы, 1993; Сатпаева Ш. Литературные связи в Казахстане XIX и XX вв. – Алматы, 1999.

304. Виноградов В.С. Введение в переводоведение. – М., 2001. – 224 с.

305. Федоров А.В. Искусство перевода и жизнь литературы. Очерки. – Л. Сов.Писатель, 1983.

306. Гачечиладзе Г. Вопросы теории художественного перевода. – Тбилиси, 1964.

307. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 230 б.

308. Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті // Майдан. – 1945. – № 2. – 30 б.

309. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 166 б.

310. Короленко В.Г. Тілсіз: Повесть / Жауапты шығ. ред. Х.Жұбанов. Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. – Алматы – Қызылорда: Қазмемкөркемәдеббас, 1936. – 285 б. Текст латын шрифінде басылған.

311. Луначарский А.В. Собрание сочинений в восьми томах. Т-1. Русская литература; статьи, доклады, речи (1903–1933). – Москва: «Художественная литература», 1963. – 519 с.

312. Конрад Н.И. Запад и Восток. – М.: Гл. редакция восточной литературы, 1966. – 519 с.

313. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – Алматы: Жазушы, 1969. – 444 б.

314. Короленко В.Г. Повести и рассказы. – Москва: «Художественная литература», 1966. – Т-2 – 472 с.

315. Рецкер Я.И. Теория и практика перевода. – Москва: Международ. отношения, 1974. – 216 с.

316. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Бірінші кітап / Орыс тілінен аударғандар: Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Қ.Бекхожин. – Алматы: Қазбірмембас (ҚБМБ), 1948. – 394 б.

317. Белинский В.Г. Избранное. (Эстетика и литературная критика). – Москва: Гослитиздат. Худ. лит-ры, 1959. – Т-1 – 704 с.

318. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары / Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. – Түзетіліп, өңделіп 2-ші рет басылуы. – Алматы, «Жазушы», 1987. – 346 б.

319. Ауэзов М. и современная литература: (Материалы юбилейных торжеств, посвященных 90-летию М.О.Ауэзова). – Алматы, 1989.

320. Белинский В.Г. Сочинения Александра Пушкина. – Москва: Худ.лит-ра, 1985. – 560 с.

321. Чуковский К.И. Высокое искусство: (О худ. переводе). – Москва: Высшая школа, 1988.

322. Сатыбалдиев Ә. Даналық еңбекті бұрмалаған аударма // Әдебиет және искусство. – 1951. – № 8. – 69–74 б. – Кітапқа сын: Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Бірінші кітап / Орыс тілінен аударғандар: Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Қ.Бекхожин. – Алматы: Қазбірмембас (ҚБМБ), 1948. – 394 б.

323. Горький М. Жастар және балалар туралы. Деректі публицистика / Орыс тілінен ауд.: Б. Шалабаев. Қайта өңделіп, редакцияланып 2-ші басылуы. – Алматы: Жалын, 1990. – 176 б.

324. Горький М. Собрание сочинений в 30-ти томах. Т.II. – 23–27. (Статьи, очерки, доклады, речи, приветствия). – Москва: гос.изд-во Худ. лит-ры, 1953.

325. Ғабдуллин Н. Уақыт сыры Мақалалар. Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 232 б.

326. Ысмайылов Е. Сын мен шығарма. – Алматы: ҚМКӘБ., 1960. – 380 б.

327. Бердібаев Р. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 367 б.

328. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 318 б.

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Биобиблиографический указатель

Профессор Белгібай Шалабайұлының өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері

Белгібай Шалабайұлы 1911 жылы 14 сәуірде бұрынғы Семей губерниясына қарасты Павлодар уезі Баянауыл ауданының № 5 ауылында, қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Далба ауыл атырабында дүниеге келген.

1922 жылы «кадірі болса адамның ортаңда тірі жүргенде, орыны қалар ойсырап, бір күні көрге кіргенде» демекші, ауыр қазаға ұшыраған, ажал құрығына ерте іліккен әкесі өмірден өтеді. Бойы өсіп, бұғанасы қатпаған он бір жасар тұрымтайдай бала Белгібай, Баянауыл баурайында байлардың қозыларын бағады. Қытымыр өмірдің қатаң жазасына душар болған Белгібай байлардың қозыларын баға жүріп, бай есігінде күң болып жүрген анасына жәрдемін тигізеді. Бірақ, сұм өмір оны дүркін рет ауыр қайғыға жығады, көп ұзамай 1924 жылы аяулы қамқоршысы анасы да кенеттен дүние салады. Алдындағы отарлы бағланы байдікі болғанымен, кекілі желбіреп, көзі жаудырап, ертелі-кеш Семейге алып баратын үлкен жолға қарағыштай беретін арманшыл бала қиялы тым биікте еді.

1924 жылы он төртке қарағанда жергілікті ауыл кеңес (сельсовет) Белгібайды қорғансыз жетімдердің қосағында Семейдегі № 2 балалар үйіне жібереді. Табанын тас тіліп, маңдайын күн қақтап өскен ұланның талайы артық, талабы үстемдей сезінетін. Аласапыран дәуір, дүниені төңкеріп жатқан дүрбелеңді дүбірлі кезең сахараның жас перзенттерін тез марқайтқан. Белгібай өмірінде де уақыт салған іздер сайрап жатыр. Есін біліп, етек жеңін түрген жасөспірім өзінің өмірдегі орнын табу жолында талмастан еңбек етеді. Осында тәрбиелене жүріп, жасөспірімдер мектебінде бастауыш білімін алады. «Жетім қозы тасбауыр, маңырап да отығар» дегендей, қолы бос уақытында ересек балалармен бірге Семей губерниялық баспаханасының типографиясында баспа бөлімінің үйренуші-стажері ретінде жұмыс істеп жүріп, сол қым-қуыт уақыттың белең-белесінде өзін алға сүйреп, ұмтылудан жаңылмай, тек өзіне, өзінің қуаты мен табиғи дарын қабілетіне сенуге ғана дағдыланған бала ерте есейеді.

1928–1930 жылдары Орынбор және Орал қалаларының Қазақ өлкелік медициналық техникумында оқыған.

1930 жылдың қыркүйегінде Алматыға келіп, еліміздің тұңғыш білім қара шаңырағы – Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының (Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті) тіл және әдебиет бөліміне оқуға түскен.

1930 жылдары жиырмалардағы арман арқалаған сері жігіттің баспасөзде жылт еткен тырнақ алдысы «Біздің артель», «Түн құшағында», «Пионерлер

маршы», «Тыңда», «Октябрь ұлдары», «Көктемнің алғаш күндері», «Жаздың бірінші күндерінде», «Майданға дайындал» т.б. өлеңдерінен, «Желмаяға міну», «Орман ішінде», «Құрмаш әкесін қалай алдады», «Съезде сөз сөйлейміз» әңгіме, очерктерінен қайырғанда ұзақ жылғы шығармашылық жолында қаламгер эстетикалық әсері күшті сан қырлы көркем образдарды кестелеп, сан алуан тақырыптарды қозғады. Өлең, әңгіме, очеркпен әбден шындалып келген ол бірте-бірте прозаның күрделі де қиын жанры – повесть жолына түскен. «Әдебиет майданы» («Жұлдыз») журналының 1932 жылғы бірнеше сандарында (№ 5, 6, 7) жарияланған «Тайжеген тауында» және 1936 жылы жеке кітап болып шыққан «Жекпе-жек» повестері кезінде оқушы қауымның зор ілтипатына бөленген еді. Онан бері араға ширек ғасыр мерзімін салып барып шығармаға қойылатын тілек, талаптардың өзгеруіне байланысты автор аталмыш шығармалардың басын біріктіріп, повестерді бұрынғы олпы-солпы, артық-кемді ағат тұстардан арылтып, тың тарауларды қосып қайта өңделген нұсқасын соңыра «Өмірде не болмайды» деген жаңа атпен 1961 жылы повесть, әңгімелер және фельетондардың жеке жинағына енгізеді. Кітапқа енген басқа көлемі қысқа «Тұлпар жасқа толды», «Минутта орнаған мәдениет», «Мұхит жорығында», «Нұрлан мен Нұрыш», «Үш айқас», «Бригаданың бастығы» сияқты суреттеме, сықақ әңгімелерде бала мінезін дәл беретін ұтымды диалог, отанын қорғаған офицер естелігі, кең далада мәдениетті бір «минутта» орнатпақ болған асыра сілтеуші т.б. жайлы сөз болады.

1932 жылы І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлиндердің құрастыруында орталау мектепке арналған «Қазақстан әдебиеті» оқулық-хрестоматиясына тұңғыш «Социалистік құрылыс», «Октябрь ұлына сәлем» өлеңдері мен «Тұлпар жасқа толды» (Түркісіб теміржолы жайында) көркем очеркі енген.

1933 жылдың шілде айында Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының (Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті) үшжылдық оқу бағдарламасына сәйкес тіл және әдебиеті мамандығы бойынша оқу-өндірістік жоспарын толық өтеп тамамдаған.

1933–1934 жылдары аралығында Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің балалар мен жастардың көркем-әдеби өлкелік комсомол – «Пионер» (бұрынғы «Қазақстан пионері» газеті, бүгінде «Ақ желкен» журналы) газетінде жауапты редактордың орынбасары болып қызмет істеген.

1934 жылы 1 қыркүйекте Тарих, философия, әдебиет және лингвистика Ленинград институтының (Санкт-Петербург мемлекеттік университеті) әдебиет факультетінің әдебиет және лингвистика бөлімі аспирантурасына қабылданған.

1936 жылы қазақ, орыс, қос тілді тең емген аудармашылық қабілетін тұңғыш танытқан Б.Шалабаев В.Г.Короленконың «Без языка» («Тілсіз») повесін ана тілімізде сөйлетіп, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарыққа шығарған.

1937 жылдың 1 қарашасында Ленинград мемлекеттік университетінің (Санкт-Петербург мемлекеттік университеті) әдебиет және лингвистика бөлімі аспирантурасын бітірген.

1937–1938 жылдары Қазақ коммунистік журналистика институтының (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) алғаш ашылған қазақ әдебиеті кафедрасын басқарған.

1938–1942 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы әрі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының (Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті) қазақ әдебиеті кафедрасының доценті қызметтерінде болған.

1939–1940 жылдары Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының ротаторында басылған «Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған қазақ фольклоры және қазақ әдебиеті тарихының кеңейтілген программасы» («Расширенная программа по казахскому фольклору и истории казахской литературы для филологических факультетов вузов») қазақ, орыс тілдеріндегі ұжымдық оқу-әдістеме құралының негізгі серіктес авторы болған.

1941 жылы орта мектептің 8-класына арналған фольклорды оқытудың тұңғыш әдістеме құралы ретінде Қ.Жұмалиев және Ә.Марғұландармен бірге «Қазақ әдебиеті» оқулығын шығарысуға атсалысқан.

1942–1944 Ұлы Отан соғысы жылдарында нағыз жан беріп, жан алысқан сұрапыл тұстарында әдебиетші-ғалым қаламұшын қаруға айырбастап, Отанымызды фашистік жәндеттерден қорғауға аттанады. Қан майданда саяси жетекші, батальон комиссары, полк үгітшісі, дивизия партия комиссиясының мүшесі ретінде туған жердің азаттығы үшін от пен өрттің арасында өлімге бас тігіп жауынгерлік өмір кешеді. Белағаңның осындай бір батыр тұлғасы 1944 жылы 30 мамырда «Казахстанская правда» газетінде жарияланған қос орденді капитан В. Белуниннің – «Учёный-воин» («Жауынгер-ғалым») атты очеркінде аса бір жүрекжарды құрметпен сомдалған. Сонау Ржевтен, Оршаның Белорус майданына дейінгі өлім жолында талай фашистің көзін жойып, Батыс майданының 164-атқыштар дивизиясының 33-армиясына қарасты, 742-атқыштар полкының құрамында жауға қарсы шабуылға қатысып, жауды бекіністен қуып тас-талқаның шығарады. Ондағы ерліктері үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «Қызыл Жұлдыз» орденінің кавалері (кавалер ордена «Красной Звезды») (Әскери, соғыс тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін; 23 наурыз, 1944 жыл) атанып, «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (Медаль «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») (1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін; 9 мамыр, 1945 жыл) және «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» (Медаль «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») («1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін»; 6 маусым, 1945 жыл) медальдарымен марапатталған. Шайқаста ауыр жараланған, сан рет контузияланған жауынгер-ғалым госпитальға түседі. Одан екінші топтағы мүгедек болып елге қайтады. Осындай қиын-қыстау кезеңіне қарамастан ол институт, университет студенттеріне лекция оқуын тоқтатпай, ұстаздық борышын өтейді.

1944 жылы «Наследие творчества Торы-Айгырова в истории казахского романа» («Қазақ романы тарихындағы С. Торайғыров шығармашылығының мұрасы») деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін диссертацияны сонау Ленинградта (Санкт-Петербургте) қазақтың ұлы ақынының есімін орыс әдебиетшілеріне паш етіп, тұңғыш терең танытып, сәтті қорғаған. Қазақ романының тарихи генезисін суреттеу арқылы, С.Торайғырұлының романдары мен поэтикалық мұрасын дәріптеген бұл еңбектің көтерер жүгі батпан, көкейкестігі мен салиқалы мазмұнының өзекті екендігіне көз жеткізу қиынға соқпас. Ғалым диссертациясы сұлтанмахмұттану ілімін тың идеялармен, ойлармен, тақырып-өрнектермен байытты. Автор бұл еңбегінде замана талқысымен қатпарлы жылдардың сағымына оранып, аумалы-төкпелі кезеңдер дүрбелеңінде халқымыздың зердесінде көмескі тартып, ұмытыла жаздаған, халық әдебиетінде ойып орын алар біртуар тұлға С.Торайғырұлының асқақ қайраткерлік сом бейнесін оның шығармалары, дүниетанымы, саяси-әлеуметтік бағыт-бағдары арқылы ақынның халық санасында қайта жаңғыртуды мақсат тұтқан. Қорғауға қатысқан үлкен ғалым-академиктер А.Н.Веселовский, А.Н.Самойлович, В.М.Жирмунский, шығастанушы академик профессорлар В.А.Десницкий, Н.К.Пиксановтар бұл жұмысқа жоғары бағасын беріп, ізгі лебіздерін білдірген.

1944–1949 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық және мұғалімдер институтының (Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті) тарих-филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушы доценті, Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында (1961 жылдан Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты) аға ғылыми қызметкер жұмыстарын атқарған.

1948 жылы жарияланған «Жоғары оқу орындарына арналған ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті программасының» құрастырушы авторы.

1948 жылы В.Г.Белинскийдің қайтыс болғанына жүз жыл толуы қарсаңында орыс сыншысының «Избранные произведения В.Г.Белинского» («В.Г.Белинскийдің таңдамалы шығармалары») алғашқы қазақ тіліндегі екі аударма кітабы жарыққа шығады. Қазақ әдебиетінің тарихында, оның ішінде аударма мәдениетінің даму тарихында бұл оқиға, сөз жоқ, маңызды орын алады. Қазақтың әдебиеті мен әдеби тілінің даму жолдарын баяндайтын тарихи құжаттардың қатарындағы бұл да бір көз тартарлық елеулі жәдігері іспеттес. Алғаш рет баспадан шыққан «Таңдамалы шығармаларының» – бірінші кітабына көлемді алғысөз жазып, түсініктемелер мен сілтемелер берген аудармашылық шеберлігін бұрынғыдан да еселей түскен ғалым, сыншы, аудармашы Б.Шалабаевтың бұл қомақты еңбегі асыға күткен қазақ оқырмандарының назарларына ұсынылды. Осы кітап арқылы қалың оқырман орыс әдебиеті мен әдеби сынның өркендеу жолдарын, даму сатыларын жақсы білетін болды. Кітапқа автордың қадау-қадау төрт мақаласы енген. Олар: «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» – «Разделение поэзии на роды и виды» (1841), «Александр Пушкин шығармалары» циклдық мақалалар

жинағының бесінші тарауы – «Сочинения Александра Пушкина» цикл статей пятая глава (1843–1846), «1847 жылғы орыс әдебиетіне көзқарас» – «Взгляд на русскую литературу 1847 года» (1848) және «Гогольге хат» – «Письмо к Гоголю» (1847). Сыншының алғашқы екі үлкен еңбегін Б. Шалабаев жеке аударды, үшіншісін Т.Нұртазин мен Қ.Бекқожин бірігіп аударса, соңғы төртіншісін Т.Нұртазин жеке аударды. Б.Шалабаевтың Белинскийден аударған «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» деген әйгілі теориялық талдау мақаласының құлаш-құлаш үзінділері орта мектептердегі «Қазақ әдебиеті» оқулық-хрестоматияларына енген болатын.

1948 жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихы» (үш том, алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихы» 1960–1967 жылдар аралығында шықты. Ол басылымдардың фольклорға арналған бірінші томы профессор М.О.Әуезовтің жалпы редакциясын басқаруымен сонау, 1947–1948 жылдары жарық көрді) академиялық ғылыми-ұжымдық басылымның құрастырушы авторларының бірі болған (Б.Шалабаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына енген ғылыми-танымдық зерттеу еңбектері – «Қазақ халқының мақал-мәтелдері»; «Өтірік өлеңдер»; XIX ғасырдағы тарихи жырлар: «Жанқожа батыр жайындағы жырлар»; «Бекет батыр жайындағы жырлар»; «Досан батыр жайындағы жырлар»).

1949 жылы 10 ақпанда Қазақ КСР Білім беру Министрлігінің қаулысымен халық ағарту саласының кадрларын жоғары даярлағаны үшін «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгішесімен (Значок «Отличник народного просвещения Казахской ССР») марапатталған.

1949 жылы жарық көрген «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» академиялық басылымның негізгі авторларының бірі болған (кеңес дәуірі әдебиетіне арналған ұжымдық материалдар авторларының бірі Б.Шалабаевтың бұл кітапқа енген әдеби-сын, ғылыми-зерттеу очерктері – «Сәбит Мұқанов», «Жақан Сыздықов», бірлесіп жазған авторлықта «Қалмақан Әбдіқадыров» шығармашылықтарына арналған).

1949 жылы жарық көрген аудармашының тағы бір көлемді аудармасы М.Горькийдің «О молодежи и детях» («Жастар мен балалар туралы») атты деректі публицистикалық мақалалар, мөлтек очерктер, хаттар, шағын сықақ әңгімелер жинағы болды. Бұл кітапқа М.Горькийдің кеңес өкіметі жайлы, жастары мен балалары хақында жазған мақала, очерктері, сөйлеген құттықтау, жарыссөздері жаңа тілекке сай жинақталған. Мұнда автордың балалармен жазысқан революцияға дейінгі хаттары да енген. Жазушының 1916–1917 жылдары үзеңгілес кемеңгерлері, замандас қаламгерлері Валерий Врюсов, Ромэн Ролландарға жазған хаттары, сонымен бірге қазақ тілінде баспа бетін көрген публицистің «Әдебиет туралы» кітабына кірмей қалған әдебиет, өнер жайлы бірсыпыра очерктері де жинақ беттерінен кең орын алған. Енген шығармалар 1895–1936 жылдар аралығын қамтиды. Жинақ алғаш рет 1949 жылы Қазақтың біріккен мемлекет баспасынан жарыққа шықты. Соңыра ол кітапқа бірқатар толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, өңделген жаңа нұсқасы 1990 жылы «Жалын» баспасынан қайта басылып шығады. М. Горькийдің жазған әр шығарманың төркін және соның тарихи

жұбын сақтау мақсатында, аудармашы жинақтың материалдарын қатаң хронологиялық тәртіппен берген.

1949–1951 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, доценті болған.

1951 жылы 4 тамызда КСРО кеңес Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданған.

1953 жылы Қазақ КСР ҒА баспасы шығарған «М.О.Ауэзов. Казахская советская литература» («М.О.Әуезов. Қазақ совет әдебиеті») (Проспект коллективного труда) орыс тіліндегі академиялық басылымның негізгі авторлардың бірі болған.

1953 жылы Қазақ КСР ҒА-ның баспасы жариялаған М.Базарбаев, М.Дүйсеновтермен бірге университеттің және педагогикалық институттардың филология факультеттерінің студенттері үшін «Казахская советская литература» («Қазақ совет әдебиеті») (Проспект коллективного труда) орыс тіліндегі оқу құралын әзірлеген.

1956 жылы «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа» («Революцияға дейінгі қазақ прозасы мен романының тарихынан») атты педагогикалық институттардың сырттай оқитын студенттерге арналған алғашқы оқу құралы жарық көрген.

1956 жылы 17–18 желтоқсанда «КПСС XX съезінің» қарарларына және директиваларға сәйкес «Қазақ поэзиясының қазіргі жайы туралы» Қазақстан кеңес Жазушылары одағы басқармасының III пленумында жарыссөзге қатынасқан.

1957 жылы 25 наурызда М.О.Әуезовтің «Абай жолы» (1942; 1947; 1952; 1956) төрт томдық роман-эпопеясының толық жазылып аяқталуына арналған «Абай» романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы» атты Алматыда өткен Бүкілодақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Қазақ әдебиетінің алып шығармасы замандастарының назарында» деген тақырыпта баяндама жасаған.

1957 жылы 25 қарашада Б.Майлиннің творчествосына арналған поэзия кешінде «Б. Майлин – прозашы» деген тақырыпта баяндама жасап, естелік айтқан.

1957 жылы орыс тілінде жарық көрген «Сборник статей о казахской литературе» («Қазақ әдебиеті туралы мақалалар жинағы») мақалалар жинағына «Об отношении казахского классика к великану русской литературы А.С.Пушкину» әдеби зерттеуі енген.

1958 жылы «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) («Революцияға дейінгі қазақ әдебиеті тарихының очерктері») (Проза, поэма, роман) кітабы жарық көрген. Оқулық «КСРО халықтар әдебиетінің» курс бағдарламасына енген.

1959 жылы 3 қаңтарда «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен (Медаль «За трудовое отличие») марапатталған.

1959 жылы 23 маусымда Алматыда өткен «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері жайында» ғылыми-теориялық конференцияда жарыссөзге қатынасқан.

1959 жылы Қазақ КСР ҒА баспасы шығарған «М.О.Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию» (М.О.Ауэзовтің алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы) орыс тіліндегі мақалалар жинағына «Назидания Абая и зарождение поэмы в казахской литературе» атты ғылыми-зерттеуі жарияланған.

1959 жылы 15–19 маусымда Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған «Әдеби мұра және оны зерттеу» республикалық ғылыми-теориялық конференцияда «Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында» (қисса – жанры туралы) деген тақырыпта баяндама жасаған.

1960 жылы жарық көрген «Социалистік реализм туы астында» әдеби-сын мақалалар жинағына «Қазақ эпопеясы әдебиеттік сында» зерттеу мақаласы енген.

1961 жылы 1 қарашада «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (Медаль «За трудовую доблесть») марапатталған.

1961 жылы 15 қарашада Қазақ КСР-ның және Қазақстан Компартиясының құрылғанына 40-жылдығына орай Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Мақтау Грамотасы берілген.

1961 жылы 22 қарашада Қазақстанның әдебиет қауымы ғалымның туғанына 50 жыл толуын атап өткен.

1962 жылы «Университеттің филология факультетінің қазақ бөліміне арналған қазақ әдебиетін оқытудағы методикалық программасы» («Программа методики преподавания казахской литературы для казахского отделения филологического факультета университета») деген оқу-әдістеме еңбегін жариялаған.

1962 жылы Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Мемуарная повесть Сакена Сейфуллина» («Сәкен Сейфуллиннің мемуаралық повесі») деген тақырыпта орыс тілінде баяндама жасаған.

1962 жылы 20 желтоқсанда халық ағарту саласындағы ерен еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Құрмет Грамотасы беріліп, «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі» атанған.

1965 жылы «Казахская литература» (Советский период) («Қазақ әдебиеті») (Совет дәуірі) қазақ романының тарихына арналған орыс тіліндегі монографиясы жарық көрген. Танымал сыншы Н.С. Ровенскийдің жалпы редакциясымен жарияланған бұл кітап еліміздің барша әдебиетші мамандары үшін таптырмас, зәру оқу құралына айналып, филология факультеттері бойынша «КСРО халықтар әдебиеті» бағдарламасының оқу курсына енген болатын.

1965 жылы 7 мамырда «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысының жиырма жылдық жеңісі» медалімен (Медаль «Двадцать лет победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») марапатталған.

1970 жылы «История казахской прозы» (Сюжет и характер) («Қазақ прозасының тарихы») (Сюжет және характер) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Докторлық диссертациясы жеке монографиялар болып алғашқыда 1968 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан; 1975 жылы екінші рет толықтырылып, өңделген кітабы «Мектеп» баспасынан жарық көрген. Монографиялар «КСРО халықтар әдебиетінің» курс бағдарламасына енген.

1951–1973 жылдары Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, докторы қызметін атқарған. Әр жылдары факультет партиялық бюросының мүшесі, кафедраның партия тобының жетекшісі және топ кураторы болған.

1973 жылы 31 мамырда профессор атағын алған.

1973 жылдан факультеттің студенттер ғылыми ұйымының ғылыми кеңесшісі. Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология ғылымдары бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғайтын Жоғары Аттестациялық Комиссия ғылыми кеңесінің мүшесі.

1974 жылы КСРО жоғары оқу орындарына сіңірген еңбегі үшін «Еңбектегі үздік табыстары үшін» (Значок «За трудовое отличие»), «КСРО Жоғары мектебінің үздігі» (Значок «Отличник Высшей школы СССР») белгішелерімен марапатталған.

1975 жылы 5 қаңтарда Қазақ КСР ҒА-ның толық мүшесі және корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар М.Қаратаев, Ғ.Мұсабаевтардың қолдауымен «әдебиеттану» мамандығы бойынша Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент мүшелігіне ұсынылған.

1973–1980 жылдары Еңбек Қызыл Ту орденді С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры. Университеттің филология факультетінің әкімшілік қызметін бақылап, қадағалаушы партиялық комиссияның төрағасы қызметін қатар атқарысқан.

1981 жылы 22 қаңтарда Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры қызметіне қайта бес жылға сайланған.

1981 жылы 14 сәуірде Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) профессорлық-оқытушылық ұстаздар ұжымы ғалымның туғанына 70 жыл толу мерейтойын атап өткен.

1983 жылы «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983 жылы «Мектеп» баспасынан жарыққа шықты; қайта өңделген және

редакцияланған бұл соңғы монографиясы 1990 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді) қазақ тіліндегі монографиясы жарық көрген.

1985 жылы қыркүйекте «Қазақ КСР-ына еңбегі сіңген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілген. Ұлы Отан соғыс жылдарындағы жансебіл ерліктері және жанкешті еңбегі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденінің кавалері (кавалер ордені «Красной Звезды») (Әскери тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін; 23 наурыз, 1944 жыл) атанып, «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (Медаль «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») (1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін; 9 мамыр, 1945 жыл) және «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» (Медаль «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») («1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін»; 6 маусым, 1945 жыл) медальдарымен марапатталған. КСРО-ның түрлі деңгейдегі жоғарыдағысымен қоса он медалімен «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (Медаль «За трудовую доблесть»), «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысының жиырма жылдық жеңісі» медалімен (Медаль «Двадцать лет победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.») және басқа да медальдарымен марапатталған. Әдебиетшінің аса нәтижелі, жемісті ғалымдық, сыншылық, ұстаздық ерен еңбегі үшін одан басқа әр жылдары он үш үкіметтік марапат берілген. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Мақтау Грамотасымен, Құрмет Грамоталарымен құттықталып, «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі», «Қазақ КСР-ына еңбегі сіңген ғылым қайраткері», «КСРО халық ағарту ісінің үздігі» құрметті атақтарына ие болған. Одан басқа «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Еңбектегі үздік табыстары үшін», «КСРО Жоғары мектебінің үздігі» белгішелерімен марапатталған. Аса жауапты, адал ұстаздық еңбегі үшін ҚазМУ және ҚазПИ-дің ректораттары мен парткомдары тарапынан сан мәрте мол алғыс, зор құрмет қошемет қолпаштауларға бөленген.

1990 жылдың 3 ақпанында 79 жасында көрнекті әдебиетші-ғалым, білікті сыншы, кәнігі аудармашы, танымал жазушы, ұлағатты ұстаз Белгібай Шалабайұлы Шалабаев кенеттен кездескен ауыр сырқаттан қайтыс болады.

Основные даты жизни и деятельности профессора Бельгибая Шалабаева

Бельгибай Шалабаевич Шалабаев родился 14 апреля 1911 году в бывшей Семипалатенской губернии Павлодарского уезда в ауле № 5 Баян-Аульского района, ныне в окрестностях аула Далба Баянаульского района Павлодарской области.

1922 г. – после неожиданной болезни, скончался отец. Работавшего в своем бедняцком хозяйстве, а в сезонные времена года (осенью и весной) батрачившего у зажиточных людей. Еще неокрепшим ребенком одиннадцатилетний сирота Бельгибай оказавшись в тисках суровой и безжалостной жизни, с этих пор пасет байских ягнят, помогает матери, работающей батрачкой и безвольной рабыней у бая. Вскоре враждебная к нему жизнь опять подвергает Бельгибая к большой скорби. Умирает его горячо любимая мать и он остается круглым, одиноким сиротой. На четырнадцатом году жизни местный сельсовет принимает решение отправить сироту в числе беспризорных детей в Семипалатинский детский дом № 2, воспитанником которого он был с 1924 по 1926 год.

1925–1926 гг. – во время пребывания в детдоме, вместе с наиболее взрослыми детьми работал в типографии Семипалатинского губернского издательства в качестве ученика-стажера печатного отделения.

1926–1928 гг. – ученик Семипалатинской средней школы подростков, получает начальное образование.

1928–1930 гг. – обучался в Казахском краевом медицинском техникуме в городе Оренбурге, затем в городе Уральске.

1930 г. – курсант подготовительных курсов в вузы при Казахском государственном педагогическом институте (Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая).

1930 г. – 1 сентября поступил на отделение языка и литературы Казахского государственного педагогического института (Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая).

1932 г. – в хрестоматии для средней школы «Қазақстан әдебиеті» («Казахстанская литература») /на каз. языке/, составленной под общей редакцией с предисловием И.Жансугуровым, С.Сейфуллиным, Б.Майлиным были опубликованы ранний стихотворения «Социалистік құрылыс» («Социалистическое строительство»), «Октябрь ұлына сәлем» («Сыновьям Октября») и художественный очерк «Тұлпар жасқа толды» (Түркісіб теміржолы жайында) («Годовщина Тулпара») (О Туркестанско-Сибирской железной дороге).

1932 г. – было опубликована первое объемное художественное произведение повесть «Тайжеген тауында» («В горах Тайжеген») в нескольких номерах (№ 5, 6, 7) журнала «Адебиет майданы» («Жұлдыз»). Также в 30-ые годы наряду с уже упомянутыми агитационно-пафосными стихотворениями один за другим выходят в свет цикл лирических

стихотворении таких как, «Біздің артель» («Наша артель»), «Түн құшағында» («В объятиях ночи»), «Пионерлер маршы» («Марш пионеров»), «Тыңда» («Слушай»), «Көктемнің алғаш күндері» («Первые дни весны»), «Жаздың бірінші күндерінде» («В первые дни лета»), «Майданға дайындал» («Готовься к фронту») и целый ряд зарисовок, очерков, фельетонов и воспоминаний «Нұрлан мен Нұрыш» («Нурлан и Нурыш»), «Мұзды мұхитқа саяхат» («Путешествие в Ледовитый океан»), «Мұхит жорығында» («Рейд в океане»), «Желмаяға міну» («Когда нагрузили Желмая»), «Бригаданың бастығы» («Начальник бригады»), «Біз фашистерді қалай алдадық» («Как мы обманули фашистов»), «Орман ішінде» («В лесу») и «Үш айқас» («Три схватки»). После повторной редакции выходит в свет его повесть «Өмірде не болмайды» («Чего только не бывает в жизни»), которая является исправленным, дополненным и окончательно завершенным вариантом повестей «Тайжеген тауында» («В горах Тайжеген») опубликованной в журнале «Адебиет майданы» («Жұлдыз») и «Жекпе-жек» («Поединок») которая вышла отдельной книгой в 1936 году. В 1961 году вышел сборник повести, избранных рассказов, очерков и фельетонов писателя «Өмірде не болмайды» («Чего только не бывает в жизни»).

1933 г. – 1 июля выполнил все требования учебно-производственного плана по специальности отделения языка и литературы и окончил полный трех годовой курс Казахского государственного педагогического института (Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая) с присвоением ему квалификации преподавателя языка и литературы в учебных заведениях типа рабочего факультета, техникума. Выдвинут в аспиранты.

1933–1934 гг. – был назначен ассистентом на кафедре казахской литературы. Будучи научным ассистентом он, одновременно, работал заместителем ответственного редактора Краевой комсомольской детско-юношеской и литературно-художественной газеты – «Пионер» (позже, газета – «Қазақстан пионері», ныне, журнал – «Ақ желкен»), который был органом ЦК ЛКСМ Казахстана.

1934 г. – стал аспирантом Ленинградского Института истории, философии, литературы и лингвистики, литературного факультета (ЛГУ, Санкт-Петербургский государственный университет). В отделе литературы и лингвистики аспирантуры впоследствии Ленинградского государственного университета он проходит лекционные и семинарские курсы у таких светил науки, как академики А.Н.Веселовский, А.Н.Самойлович, В.М.Жирмунский и профессоров востоковедения, членов-корреспондентов В.А. Десницкого и Н.К.Пиксанова, профессоров Б.М.Эйхенбаума и А.Г.Фомина.

1936 г. – на казахском языке выходит повесть В.Г.Короленко «Тілсіз» («Без языка») в его переводе.

1937 г. – окончил аспирантуру Ленинградского государственного университета (Санкт-Петербургский государственный университет) филологический факультет, отделение литературы и лингвистики.

1937–1938 гг. – заведовал вновь открывшейся кафедрой казахской литературы Казахского коммунистического института журналистики (Казахский Национальный университет имени аль-Фараби).

1938–1942 гг. – одновременно и по совместительству работал старшим преподавателем в Казахском государственном университете имени С.М.Кирова (Казахский Национальный университет имени аль-Фараби) и доцентом Казахского государственного педагогического института имени Абая (Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая).

1939–1940 гг. – основной автор коллективного учебно-методического пособия, «Расширенная программа по казахскому фольклору и истории казахской литературы для филологических факультетов вузов» («Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған қазақ фольклоры және қазақ әдебиеті тарихының кеңейтілген программасы») на казахском и русском языках, отпечатанная на ротаторе Наркомпросом КазССР.

1941 г. – в соавторстве с К.Жумалиевым и А.Маргуланом издают первый учебник по методическому изучению казахского фольклора для средних школ 8-классов «Қазақ әдебиеті» («Казахская литература») /на каз. языке/.

1942–1944 гг. – сороковые роковые опалили пламенем войны и Б.Шалабаева. Сменив перо на оружие, он отправляется защищать Родину. В 1942 году вступает в ряды партии. Политрук роты, батальонный комиссар, агитатор полка, член дивизионной партийной комиссии, – вот вехи его фронтовой карьеры, говорящие об его всегдашней добросовестности и патриотизме. О героических фронтовых буднях Б.Шалабаева 30 мая 1944 года писала «Казахстанская правда». В очерке дважды орденоносца капитана В.Белунина «Ученый-воин» рассказывается о том, какими тернистыми путями шел военнотрудовой Б.Шалабаев в составе 742-стрелкового полка 164-стрелковой дивизии 33-армии Западного фронта от Ржева до Орши. За успешное и образцовое выполнения всех боевых операции награжден орденом «Красной Звезды». За проявленный героизм и доблестные наступления на поле боя Указами Верховного Совета СССР был представлен кавалером ордена «Красной Звезды» («За образцовое выполнения боевых заданий»; 23 марта 1944 года), Медалью «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» («За победу в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.»; 9 мая 1945 года) и Медалью «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» («За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.»; 6 июня 1945 года). Сражаясь за Белоруссию, Бельгибай Шалабаевич получает тяжелые ранения и контузию. Комиссованный как инвалид второй группы, возвращается в Алма-Ату и вновь головой окунается в научную работу.

1944 г. – успешно защитил кандидатскую диссертацию на тему «Наследие творчества Торы-Айгырова в истории казахского романа» (Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Ленинград – Алма-Ата, 1937–1944 гг.) /на рус. языке/. Диссертация высоко оценена академиками А.Н.Веселовским, А.Н.Самойловичем,

В.М.Жирмунским, профессорами востоковедения, членами-корреспондентами В.А.Десницким и Н.К.Пиксановым.

1944–1949 гг. – декан историко-филологического факультета и доцент кафедры казахской литературы Казахского государственного педагогического и учительского института имени Абая (Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая). Старший научный сотрудник Института Языка и литературы АН Казахской ССР (с 1961 года Институт Литературы и искусства имени М.О.Ауэзова АН Казахской ССР).

1948 г. – автор учебно-методической программы «Жоғары оқу орындарына арналған ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті программасы» («Программа казахской литературы начала ХХ века для вузов») /на каз. языке/.

1948 г. – к столетию со дня смерти Виссариона Григорьевича Белинского КазОГИЗ выпустил в свет двух томник «Избранных произведений В.Г.Белинского» на казахском языке, которые являются одними из самых грандиозных и величайших памятников антологии мировой критической мысли. Составитель и автор объемного предисловия, подробных комментариев и глосарий Б.Шалабаев. В первом томе напечатаны: «Разделение поэзии на роды и виды» (1841) (В переводе Б.Шалабаева), «Взгляд на русскую литературу 1847 года» (1848) (В переводах Т.Нуртазина и Х.Бекхожина) и «Письмо к Гоголю» (1847) (В переводе Т.Нуртазина). Во втором томе наряду с другими избранными сочинениями впервые на казахском языке выходит главный труд Белинского «Сочинения Александра Пушкина» цикл статей пятая глава (1843–1846) в переводе Б. Шалабаева. Обращает на себя внимание эстетическое, культурное полиграфическое оформление книг, выполненное коллективом гостипографии № 2. Знаменитая теоритическая статья критика «Разделение поэзии на роды и виды» (1841) («Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу») (1841) в мастерском переводе Б.Шалабаева отдельными отрывками была включена в учебную программу хрестоматий казахской литературы.

1948 г. – один из авторов первого тома академического коллективного издания «Қазақ совет әдебиеті тарихы» («Истории казахской советской литературы») /на каз. языке/. («История казахской литературы» многотомное академическое издание состоящая из трех томов и шести книг вышла в свет в 1960–1967 годы. Самое первое академическое издание книги посвященной истории казахского фольклора была издана впервые в 1947–1948 годах, под общей редакцией М.О.Ауэзова) (Научно-исследовательские труды Б.Шалабаева опубликованные в данном изданий – «Қазақ халқының мақал-мәтелдері» («Казахские пословицы и поговорки»); «Өтірік өлендер» («Песни-небылицы»); Исторические поэмы XIX века: «Жанқожа батыр жайындағы жырлар» («Поэма о Жангоже»); «Бекет батыр жайындағы жырлар» («Поэма о Бекете»); «Досан батыр жайындағы жырлар» («Поэма о Досане»).

1949 г. – 10 февраля Министерством Просвещения Казахской ССР награжден значком «Отличник народного просвещения Казахской ССР» за высокое качество подготовки кадров народного просвещения.

1949 г. – один из авторов академического издания «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» («Очерков истории казахской советской литературы») /на каз. языке/. (В коллективных материалах о казахской литературе советского периода, литературно-критические очерки Б.Шалабаева посвящены творчеству и литературной деятельности «Сабита Муканова», «Жакана Сыздыкова» и в соавторстве «Калмакана Абдикадырова»).

1949 г. – на казахском языке выходит сборник публицистических статей, очерков, писем, сатирических рассказов, и других первых коротких беллетристик М.Горького о советской власти, молодежи и детях «Жастар мен балалар туралы» («О молодежи и детях») в переводе Б.Шалабаева.

1949–1951 гг. – доцент и заведующий кафедрой казахской литературы филологического факультета Казахского государственного университета имени С.М.Кирова (Казахский Национальный университет имени аль-Фараби). Член партийного бюро факультета, партгруппорг кафедры казахской литературы и куратор группы.

1951 г. – 4 августа стал членом Союза советских писателей СССР.

1953 г. – один из основных авторов академического издания «М.О.Ауэзов. Казахская советская литература» /проспект коллективного труда, на рус. языке/.

1953 г. – в соавторстве с М.Б.Базарбаевым и М.Т.Дуйсеновым пишет учебное пособие «Казахская советская литература» /проспект коллективного труда, на рус. языке/ для студентов филологических факультетов университетов и педагогических институтов.

1956 г. – выходит первое стабильное учебное пособие «Из истории казахской дореволюционной прозы и романа» /на рус. языке/ для студентов заочного отделения педагогических вузов филологических факультетов.

1956 г. – г. Алма-Ата. 17-18 декабря участвовал в прениях III пленума правление Союза советских писателей Казахстана на тему «Қазақ поэзиясының қазіргі жайы туралы» («Современное положение казахской поэзии») приуроченной специальным постановлением и директивам от «XX съезда ЦК КПСС».

1957 г. – г. Алма-Ата. 25 марта выступил с докладом на тему «Қазақ әдебиетінің алып шығармасы замандастарының назарында» («Первая эпопея казахской литературы в восприятии современников») /на каз. языке/ на Всесоюзной научно-практической конференции «Абай» романы – казактың тұңғыш эпопеясы» («Путь Абая» – первая казахская эпопея») приуроченной завершению четырех томного романа-эпопеи «Абай жолы» («Путь Абая») (1942; 1947; 1952; 1956) Мухтара Омархановича Ауэзова.

1957 г. – г. Алма-Ата. 25 ноября выступил с докладом и поделился воспоминаниями на вечере поэзии посвященной творчеству Беймбета Майлина.

1957 г. – в «Сборнике статей о казахской литературе» было опубликовано литературное исследование «Об отношении казахского классика Абая к великану русской литературы А.С.Пушкину» /на рус. языке/.

1958 г. – было издано второе стабильное учебное пособие «Очерки истории казахской дореволюционной литературы» (Проза, поэма, роман) /на рус. языке/. Учебник был включен в программу курса «Литература народов СССР».

1959 г. – 3 января награжден Медалью «За трудовое отличие».

1959 г. – г. Алма-Ата. 23 июня участвовал в прениях в научно-теоретической конференции «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері жайында» («Об актуальных проблемах казахской литературы»).

1959 г. – была опубликована научная статья «Назидания Абая и зарождение поэмы в казахской литературе» в академическом сборнике КазССР «М.О.Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию» /на рус. языке/.

1959 г. – Алма-Ата. 15–19 июня выступил с докладом на тему «Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында» (қисса жанры – туралы) («О неисследованном жанре») (о жанре – кисса) /на каз. языке/ на республиканской научно-теоретической конференции посвященной основным проблемам казахской литературы, литературному наследию и его изучению – «Әдеби мұра және оны зерттеу».

1960 г. – в сборнике критических статей «Социалистік реализм туы астында» («Под знаменем социалистического реализма») было напечатана литературно-критическое исследование «Қазақ эпопеясы әдебиеттік сынға» («Казахская эпопея в литературной критике») /на каз. языке/.

1961 г. – 1 ноября награжден Медалью «За трудовую доблесть».

1961 г. – 15 ноября вручена Грамота Президиума Верховного Совета Казахской ССР, в связи с 40-летней годовщиной Казахской ССР и КП Казахстана.

1961 г. – 22 ноября литературное сообщество Казахстана торжественно отметило пятидесятилетний юбилей ученого.

1962 г. – вышла в свет «Университеттің филология факультетінің қазақ бөліміне арналған қазақ әдебиетін оқытудағы методикалық программасы» («Программа методики преподавания казахской литературы для казахского отделения филологического факультета университета») /на каз. языке/.

1962 г. – г. Алма-Ата. Выступил с докладом на тему «Мемуарная повесть Сакена Сейфуллина» /на рус. языке/ на научно-практической конференции посвященной жизни, трудовой деятельности и творчеству Сакена Сейфуллина.

1962 г. – 20 декабря вручена Почетная Грамота Президиума Верховного Совета Казахской ССР за заслуги в области народного образования с присвоением звания «Заслуженного учителя Казахской ССР».

1965 г. – была издана монография об истории казахского романа «Казахская литература» (Советский период) /на рус. языке/ под общей редакцией видного ученого-критика Н.С.Ровенского. Монография вошла в учебную программу курса «Литература народов СССР».

1965 г. – 7 мая награжден Медалью «Двадцать лет победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.».

1970 г. – защитил докторскую диссертацию по теме «История казахской прозы» (Сюжет и характер) /на рус. языке/. Фундаментальный труд посвященный глубокому исследованию истории казахского романа и другим жанрам прозы казахской литературы их эстетическим взаимовлияниям и взаимоотношениям с литературами других народов, закономерности развития, исторически изменяющийся процесс проникновения в художественный мир другого народа и восприятие опыта других литератур истоками уходящих в глубину веков. Докторская диссертация вышла отдельными монографиями, сначала в 1968 году в издательстве «Жазушы». Позже, в 1975 году после повторной переработки и дополнения была издана вторым изданием в издательстве «Мектеп». Книга посвящена путям зарождения, становления и развития казахского романа от малых форм до эпопеи. Трудно переоценить огромное научно-практическое значение монографии как первого учебника по истории ведущего жанра современной казахской литературы. Монография как и предыдущие труды по истории казахского романа и жанрам отечественной литературы вошла в учебную программу курса «Литература народов СССР».

1951–1973 гг. – доцент, доктор кафедры казахской литературы филологического факультета Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета имени С.М.Кирова (Казахский Национальный университет имени аль-Фараби). Член партийного бюро факультета, партгруппорг кафедры казахской литературы и куратор группы.

1973 г. – 31 мая получил звание профессора.

С 1973 г. – научный руководитель студенческого научного общества факультета. Член ученого Совета Высшей Аттестационной Комиссии по защите кандидатских и докторских диссертаций филологического факультета Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета имени С.М.Кирова (Казахский Национальный университет имени аль-Фараби).

1974 г. – за проявленные заслуги в развитии образования в вузах СССР награжден почетными значками «За трудовое отличие» и «Отличник Высшей школы СССР».

1975 г. – 5 января был выдвигнут в члены-корреспонденты АН КазССР по специальности «Литературоведение» по ходатайству действительным членом АН КазССР, доктором филологических наук, профессором М.Каратаевым и членом-корреспондентом АН КазССР, доктором филологических наук, профессором Г.Мусабаевым.

1973–1980 гг. – профессор кафедры казахской литературы филологического факультета Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета имени С.М. Кирова (Казахский Национальный университет имени аль-Фараби). По линии общественной деятельности занимал пост председателя партийной комиссии по контролю за деятельностью администрации филологического факультета университета. Член партийного бюро факультета, партгруппорг кафедры казахской литературы и куратор группы.

1981 г. – 22 января был переизбран на должность профессора кафедры казахской литературы филологического факультета Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета имени С.М.Кирова (Казахский Национальный университет имени аль-Фараби) на очередной пятилетний срок.

1981 г. – 14 апреля весь профессорско-преподавательский состав Казахского ордена Трудового Красного Знамени государственного университета имени С.М.Кирова (Казахский Национальный университет имени аль-Фараби) торжественно отметили семидесятилетний юбилей ученого-литератора.

1983 г. – была издана монография «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» («История зарождения и становления казахского романа») /на каз. языке/. (Учебное пособие для студентов, аспирантов и педагогов казахского отделения филологических факультетов университетов и педагогических институтов, вышла ранее в издательстве «Мектеп»; после повторной редакций, переработки и дополнений в 1990 году в издательстве «Жазушы» выходит последняя монография ученого с аналогичным названием). Книга об истории становления и формировании казахского романа и других жанрах прозы казахской литературы их взаимовлияний и взаимосвязи с литературой других народов.

1985 г. – в сентябре присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки Казахской ССР». За боевые и трудовые заслуги в разные годы был награжден тринадцатью правительственными наградами: орденом «Красной Звезды», десятью медалями СССР «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.», «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.», «За трудовую доблесть», «Двадцать лет победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» и другими боевыми и трудовыми медалями, Грамотой и Почетной Грамотой Президиума Верховного Совета Казахской ССР с присвоением званий «Заслуженного учителя Казахской ССР», «Заслуженного деятеля науки Казахской ССР», «Отличника народного просвещения СССР». За отличные успехи в работе награжден значками «Отличник народного просвещения Казахской ССР», «За трудовое отличие» и «Отличник Высшей школы СССР». За добросовестную работу ему неоднократно объявлялись благодарности ректоратами и парткомом КазГУ и КазПИ.

1990 г. – 3 января на 79 году жизни скоропостижно скончался видный ученый-литератор, профессиональный критик, опытный переводчик, известный писатель, заслуженный педагог Бельгибай Шалабаевич Шалабаев.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ

1930–1932

1. Біздің артель: Өлең // Қызыл ту. – 1930. – № 56. – 6 апр. Текст латын әрпінде жазылған.

2. Желмаяға міну: Очерк // Лениншіл жас. – 1931. – 11 июль. Текст латын әрпінде жазылған.

3. Майданға дайындал: Өлең // Еңбекші қазақ. – 1931. – № 45. – 19 февр.; Қазақстан ақындарының үшінші өлеңдер жинағы. (Жинап, баспаға әзірлеген, алғы сөзін жазған – С. Сейфуллин). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1932. – 23 б. Текст латын әрпінде басылған.

4. Минутта орнаған мәдениет: [Сықақ әңгіме] // Еңбекші қазақ. – 1931. – 17 дек. Текст латын әрпінде басылған.

5. Нұрлан мен Нұрыш: Әңгіме // Пионер. – 1930. – № 12. – 11 дек. Текст латын шрифтіңде басылған.

6. Октябрь ұлына сәлем. (Қазақ қызыл әскерлеріне) // Қызыл әскер. – 1930. – № 29. – 12 нояб. Текст латын шрифтіңде басылған.

7. Социалистік құрылыс: Өлең // Әдебиеттік оқу кітабы. (Қазақ мектебінің 5-ші бөлімі үшін). Орта, орталау мектептің 5-класына арналған хрестоматия / Құраст.: Жансүгірұлы І., Сейфоллаұлы С., Мәметкеліні Ә., Майлыұлы Б. – Қызылорда: Қазмембас, 1932. – 1-бөлім. – 7 б. Текст латын шрифтіңде басылған.

8. Тайжеген тауында: Повесть // Әдебиет майданы. – 1932. – № 5. – 11-17 б.; № 6. – 4-13.; № 7. – 21-31 б. Текст латын әрпінде жазылған.

9. Тұлпар жасқа толды: Очерк // Әдебиеттік оқу кітабы. (Қазақ мектебінің 5-ші бөлімі үшін). Орта, орталау мектептің 5-класына арналған хрестоматия / Құраст.: Жансүгірұлы І., Сейфоллаұлы С., Мәметкеліні Ә., Майлыұлы Б. – Қызылорда: Қазмембас, 1932. – 1-бөлім. – 17-18 б. Текст латын шрифтіңде басылған.

1933–1935

10. Әдебиетке құмарлық: [Естелік-әңгіме] // Қазақ әдебиеті. – 1935. – № 25 (55). – 25 авг. Латын шрифтіңде.

11. Біз фашистерді қалай алдадық: Әңгіме // Пионер. – 1934. – 8 апр.

12. Көктемнің алғаш күндері: Өлең // Қазақ әдебиеті. – 1934. – 10 апр. Латын әрпінде басылған.

13. Құрмаш әкесін қалай алдады: Әңгіме // Пионер. – 1933. – 10, 14, 21 авг. Текст латын шрифтіңде басылған.

14. Мұзды мұхитқа саяхат: Ғажайып оқиға // Қазақ әдебиеті. – 1934. – № 18. – 27 авг. Текст латын әрпінде басылған.

15. Октябрь ұлына сәлем. (Қазақ қызыл әскерлеріне) // «Қызыл сақшы» өлеңдер жинағы / Құраст.: А.Кәрім. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1933. – 9-11 б.; Көркем әдебиет оқу кітабы. Орта, орталау мектептердің 5-класы үшін. – 2-стереотипті бас. / Құраст.: С.Сейфуллин, Ө.Тұрманжанов. – Алматы: Қазмембас, 1934. – 9-11 б. Текст латын шрифтіңде басылған.

16. Орман ішінде: Очерк // Пионер. – 1933. – 5 авг. Латын әрпінде жазылған.

17. Пионерлер маршы: Өлең // Пионер. – 1933. – 14 июль. Текст латын әрпінде жазылған.

18. Түн құшағында: Өлең // Лениншіл жас. – 1933. – № 141. – 20 окт. Латын шрифтіңде.

19. Тыңда: Өлең // Лениншіл жас. – 1933. – № 98. – 6 июль. Текст латын әрпінде басылған.

1936

20. Жаздың алғаш күндері: Өлең // «Жас ақындар» жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1936. – 15 б. Текст латын әрпінде басылған.

21. Жекпе-жек: Повесть. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1936. – 123 б. Текст латын әрпінде басылған.

22. Пушкин и Абай: [О преемственности и литературных взаимоотнош. в каз. и рус. лит.] // Казахстан. правда. – 1936. – № 295. – 24 дек.

1938

23. Қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы кейбір принциптер туралы: [Пікір алысу ретінде] // Әдебиет майданы. – 1938. – № 11. – 135-138 б. Текст латын әрпінде басылған.

1939–1941

24. В.Г.Белинский және оның сыны // Әдебиет және искусство. – 1941. – № 4. – 106-119 б. Латын әрпінде басылған.

25. Вильям Шекспир: [Шекспирдің туғанына 375 жыл толуына орай] // Лениншіл жас. – 1939. – № 93. – 24 апр. Текст латын әрпінде жазылған.

26. Еңбек, кәсіп жайындағы өлеңдер: [Қазақ фольклорынан сабақ беріп жүрген мұғалімдер мен сырттан оқитын оқушыларға консультация] // Халық мұғалімі. – 1941. – № 5. – 18-21 б. Текст латын әрпінде басылған.

27. Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған қазақ фольклоры және қазақ әдебиеті тарихының кеңейтілген программасы. (Расширенная программа по казахскому фольклору и истории казахской литературы для филологических факультетов вузов). – Алматы: ҚазССР Халық Ағарту Комиссариатының ротаторында басылған, 1939-1940. (Қолжазба қазақ және орыс тілдерінде).

28. Календарлы әңгіме, өлеңдер // Халық мұғалімі. – 1941. – № 9. – 37-39 б.

29. Қазақ әдебиеті. Фольклор (орта, орталау мектептердің 8-классына арналған). – Алматы: Қазбiрмембас, 1941. – 209 б. / Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұланмен бiрге.

30. Роман туралы: [Консультация] // Әдебиет және искусство. – 1940. – № 7-8. – 104-109 б. Текст латын әрпінде жазылған.

31. Султан-Махмуд Торы-Айгыров // Литература и искусство Казахстана. – 1939. – № 10. – С. 117-125. / О значении творчества С.Торайгырова. В частности о романах писателя. С.Торайгыров рассматривается как продолжатель традиций Абая в казахской литературе.

1944

32. Наследие творчества Торы-Айгырова в истории казахского романа. Дис. на соиск. уч. степ. канд. филол. наук. / КазПИ им. Абая /. – Ленинград – Алма-Ата, 1937-1944. – 143 с. / Оригинал рукописи канд. дис. хранится в редком фонде депонированных рукописей науч. библиотеки КазНГУ им. аль-Фараби.

1945

33. Жақан шығармалары туралы. (Жақан Сыздықовтың шығармаларын зерттеу жайында) // Майдан. – 1945. – № 1. – 101-109 б.

34. Сұлтанмахмұт Торайғыров. (Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сыршыл лирикасы сөз болады) // Соц. Қазақстан. – 1945. – 22 май; Қызыл ту. – 1945. – 5 июнь.

35. Вдохновенный Пушкиным: [О творч. Абая] // Казахстан. правда. – 1945. – 15 марта.

36. Султан-Махмуд Торайгыров: [К 25-летию со дня смерти. Об обществ.-полит. деятельности и лирических произведениях поэта] // Казахстан. правда. – 1945. – 24 мая.

1948

37. Бекет батыр // Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры / Құраст. және жалпы ред. басқарған проф. М.О.Әуезов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – 333-337 б.

38. Досан батыр // Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры / Құраст. және жалпы ред. басқарған проф. М.О.Әуезов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – 338-342 б.

39. Жанқожа батыр // Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры / Құраст. және жалпы ред. басқарған проф. М.О.Әуезов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – 328-333 б.

40. Мақал, мәтелдер // Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры / Құраст. және жалпы ред. басқарған проф. М.О.Әуезов. – Алматы: Қазакадембаспасы, 1948. – Т.1. – 282-288 б.

41. Орыс әдеби көркем сынының алыбы В.Г.Белинский: Алғы сөз орнына // Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазбірмембас, 1948. – Т.1. – 5-17 б.

42. Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы. – 1948. – № 6. – 3-14 б.

43. Өтірік өлең // Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры / Құраст. және жалпы ред. басқарған проф. М.О.Әуезов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – 297-301 б.

44. Сыншының эстетикалық көзқарасы. (В.Г.Белинский туралы) // Соц. Қазақстан. – 1948. – 6 июнь.

45. Ұлы халықтың данышпаны. (В.Г.Белинскийдің қайтыс болуына 100-жыл толу қарсаңында) // Соц. Қазақстан. – 1948. – № 107. – 30 май.

46. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің программасы. Университет пен пединституттарының филология факультеті үшін. – Алматы, 1948. – 27 б.

1949

47. Жақан Сыздықов: [Ж.Сыздықовтың ақындық өмірі мен творчествосы туралы] // Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері / Жалпы ред. басқарған ҚазССР ҒА корреспондент-мүшесі, проф. Қ.Жұмалиев. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1949. – 222-228 б.

48. Сәбит Мұқанов: [С.Мұқановтың поэзиядағы өзіндік ерекшеліктері және романдарындағы кейіпкерлер әлемі мен сюжет және характер мәселесі жайында] // Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері. – Алматы: Қазакадембаспасы, 1949. – 110-141 б.

49. К вопросу об отношении Абая к Пушкину: [Нек-рые вопросы изучения взаимосвязей и взаимодействия нац.-ных литератур в творч. Пушкина и Абая] // Вестник АН КазССР. Сер. филол. – 1949. – № 6 (51). – С. 15-23. – Рез. на каз. яз.

1950–1952

50. Қазақтың алғашқы романы: [С.Көбеевтің «Қалың мал» романының творчестволық тарихынан] // Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің ғылыми еңбектері. Әдебиет сериясы. – Алматы: Қазмембас, 1950. – Т. VIII. – Шығ.5. – 120-130 б.

51. Орыс әдебиетінің алыбы Пушкин – ұлы Абайдың ұстазы: [Пушкин және Абай шығармашылығының үндестігі туралы] // Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлары. Әдебиет сериясы. – 1950. – Шығ.5. (№81) . – 23-34 б.

52. Сәбит Мұқановтың поэзиясы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. Филол. сериясы. – 1951. – № 2 (71) . – 152-163 б. – Рез. орыс

тілінде / Мақаланы тапсырған Қазақ ССР Ғылым академиясының анық мүшесі М.О.Әуезов.

53. Испандияр Кубеев и его роман «Калым» // Казахстан (альманах). – 1952. – № 2. – С. 97-102.

54. О прозе казахских просветителей XIX века // Вестник АН КазССР. Сер. филол. – 1951. – № 3 (72). – С. 81-91. – Рез. на каз. яз.

1953

55. М.О.Ауэзов // В кн.: Казахская советская литература: Статьи, исследования, портреты / Проспект коллективного труда. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1953. – С. 42-45.

1956

56. Из истории казахской дореволюционной прозы и романа. Учеб. пособие для студентов-заочников филол. факультетов педвузов / Б.Шалабаев; авт. вступ. ст. Б.Шалабаев; М-во просвещения КазССР. – Алма-Ата: Научно-метод. каб. М-во просвещения КазССР, 1956. – 84 с. (в пер.).

1957

57. Қазақ совет әдебиетінің оқулығы туралы: [Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелеріне арналған республикалық кеңес алдында] // Қазақстан мұғалімі. – 1957. – 17 янв. – Кітапқа сын: Базарбаев М., Беисов Т., Сахариев Б. Қазақ совет әдебиеті. – Алматы: Қазмемопб, 1956.

58. Об отношении казахского классика к великану русской литературы. (Абай и русская литература) // В кн.: Сб. статей о казахской литературе / вступ. ст., сост. и примеч. С.Кирабаева. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – С. 43-54.

59. Творчество С. Торайгырова // В кн.: Сб. статей о казахской литературе / вступ. ст., сост. и примеч. С.Кирабаева. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – С. 68-91.

1958

60. Аса бағалы еңбек // Қазақстан мұғалімі. – 1958. – 13 нояб. – Кітапқа сын: Каратаев М. Рожденная Октябрем: Сборник статей и очерков о казахской советской литературе. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 374 с.

61. Жаңа жыл анкетасы // Қазақ әдебиеті. – 1958. – 14 март.

62. Жанадан дамыған жанр жайында: [Қазақ әдебиеті мен искусствосының онкүндігі қарсаңында / «Абай жолы» роман-эпопеясының әдебиеттік түрі мен тектік ерекшелігі және өзге де мәселелері жайында] // Қазақстан мұғалімі. – 1958. – 4 дек.

63. Қазақ әдебиетінің алып шығармасы замандастарының назарында: [Қазақстан жазушыларының съезі алдында / М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы] // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. – № 9. – 51-60 б.

64. Үш айқас: [Әңгіме. Естелік] // Қазақстан мұғалімі. – 1958. – 20 февр.

65. Испандияр Кубеев и его роман «Калым» // Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – С. 69-81.

66. Назидания Абая Кунанбаева и развитие эпического жанра в письменной литературе // Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – С. 34-67.

67. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 128 с.

68. Путь народа: [Декада казахской литературы и искусства / Роман-эпопея М.Ауэзова о классике казахской литературы Абае; Образ народа и поэта в эпопее «Путь Абая» М.Ауэзова] // Литература и жизнь. – 1958. – 21 дек.

69. Рассказы Ибрая Алтынсарина // Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – С. 20-33.

70. Сборник статей М. Каратаева // Учитель Казахстана. – 1958. – 13 нояб. – Рец. на кн.: Каратаев М. Рожденная Октябрем: Сборник статей и очерков о казахской советской литературе. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 374 с.

71. Султанмахмут Торайгыров и его романы // Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – С. 83-125.

1959

72. Қазақ әдебиетінде әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында: [Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция қарсаңында / Қисса – жанры туралы] // Қазақстан мұғалімі. – 1959. – 11 июнь.

73. Халық даналығының құнды қазынасы. (Мақал-мәтелдер туралы) // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959. – № 12. – 16-21 б.

74. Назидания Абая и зарождение поэмы в казахской литературе // М.О. Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию / Проспект коллективного труда. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1959. – С. 65-100.

75. Пером большого художника: [О романе-эпопее М.О.Ауэзова «Путь Абая»] // Казахстан. правда. – 1959. – 10 апр.

1960

76. Ақын аға: С.Мұқановтың туғанына 60 жыл толуына орай // Лениншіл жас. – 1960. – № 224. – 13 нояб.

77. Әлемнің камқоршысы: Публицистика // Соц. Қазақстан. – 1960. – 23 март.

78. Жекпе-жек: Әңгімеден үзінді // Соц. Қазақстан. – 1960. – 18 сент.

79. Жетекші ақын. (С.Мұқановтың поэтикалық тіл ерекшеліктері жайында) // Соц. Қазақстан. – 1960. – № 207. – 13 нояб.

80. Қазақ эпопеясы әдебиеттік сында // Социалистік реализм туы астында: Сын мақалалар жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. – 122-138 б.

81. Мереке сыйлығы: Әңгіме // Қазақстан пионері. – 1960. – № 80. – 5 окт.

82. Мұхит жорығында: Ғажайып оқиға // Қазақстан пионері. – 1960. – № 92. – 16 нояб.

83. Сынға қосылған үлес // Қазақстан мұғалімі. – 1960. – 23 июнь. – Кітапқа сын: Ысмайылов Е. Сын мен шығарма: Монография. – Алматы: Жазушы, 1960.

84. XIX ғасырдағы тарихи жырлар // Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1960. – Т.1., 1-кітап. – 600-621 б.

85. Вклад критика // Казахстан. правда. – 1960. – 19 авг. – Рец. на кн.: Исмаилов Е. Критика и произведение: Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1960.

1961

86. Асыл өнердің ұстасы: [М.Әуезов туралы: Естелік] // Қазақстан мұғалімі. – 1961. – № 28. – 6 июль.

87. Кішкене айна // Қазақ әдебиеті. – 1961. – № 19. – 5 май. – Кітапқа сын: Жиреншин Ә. Кішкене айна. Әңгімелер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1961.

88. Нәзік талғам: Публицистика // Қазақ әдебиеті. – 1961. – № 24. – 9 июль.

89. Өмірде не болмайды. (повесть, әңгіме, фельетондар жинағы). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 192 б.

90. Өткір сын – дәуір белгісі // Қазақ әдебиеті. – 1961. – 16 дек.

91. Во имя отчизны: Рассказ // Ленинская смена. – 1961. – № 48. – 23 марта.

92. Дружба навеки: [Рец. на кн.] Алтайский К.Н., Каратаев М. Гудок в степи. Повести и рассказы. – Алма-Ата, 1961 // Ленинская смена. – 1961. – 1 апр.

93. Эпос наших дней // Казахстан. правда. – 1961. – № 24. – 15 окт. – Рец. на кн.: Абилев Д. Знамя в горах. Судьба любви. Поэмы и стихотворения / Пер. с каз. В.Антонов, А.Николаев. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961.

1962

94. Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту методикалық программасы. Алматы: Қазмемопб, 1962. – 45 б.

95. «Жолдастар» романы жайында // Қазақстан мектебі. – 1962. – № 10. – 72-77 б.

96. Новый шаг в казахской поэзии // Простор. – 1962. – № 1. – С. 107-110. – Рец. на кн.: Абилева Д. Огненные волны. Поэмы и стихотворения / Пер. с каз. В.Антонов. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1957.

1964

97. Қазақ совет әдебиетінің программасы. Университет пен пединституттардың филология факультеті үшін. – Алматы, 1964.

98. Мезгіл мен меже // Қазақ әдебиеті. – 1964. – 31 янв.

99. Страницы романа. К 70-летию со дня рождения С.Сейфуллина // Казахстан. правда. – 1964. – 18 февр.

1965

100. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.: ил.

101. Образ народа и поэта в эпопее М.Ауэзова // Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – С. 125-179.

102. Поиски жанра И.Джансугуровым // Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – С. 55-64.

103. Прошлое и настоящее в романах Г.Мусрепова // Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – С. 180-211.

104. Путь С.Муканова-романиста // Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – С. 65-124.

105. Революция в казахской степи и мемуары С.Сейфуллина // Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз.

романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – С. 9-32.

106. Роман поэта: [О романе И.Джансугурова «Товарищи»] // Казахстан. правда. – 1965. – 2 апр.

107. Старый и новый аул в повести Б.Майлина // Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – С. 33-54.

108. Тема современности в прозе Г.Мустафина // Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – С. 212-234.

1968

109. История казахской прозы (Сюжет и характер): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 310 с.

110. Лучшие образцы дореволюционной казахской прозы // Шалабаев Б. История казахской прозы (Сюжет и характер): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – С. 9-64.

111. Расцвет прозы и ее больших форм в литературе Советского Казахстана // Шалабаев Б. История казахской прозы (Сюжет и характер): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – С. 65-303.

1972

112. Ғажайып сырлар: [М.Әуезовтің туғанына 75 жылдығына арналған салтанатты кештен] // Соц. Қазақстан. – 1972. – 28 сент.

113. Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту методикасы туралы // Қазақстан мектебі. – 1972. – № 7. – 42-45 б.

114. Туған жердің еменіндей бойлаған, көп болса екен сіз секілді ойлы адам. Асыл туынды: [М.Әуезовтің туғанына 75 жыл толуына / М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 29 сент.

115. Вдохновенный певец труда. (К 70-летию Г.Мустафина) // Казахстан. правда. – 1972. – 24 дек.

116. Главная тема: [О творчестве Г.Мустафина] // Казахстан. правда. – 1972. – 13 дек.

1973

117. Қазақ романындағы сюжет пен характердің кейбір мәселелері // Қазақстан мектебі. – 1973. – № 1. – 89-95 б.

118. Испандияр Кубеев и его роман «Калым» // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 30-32.

119. История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б. Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – 208 с.: ил.

120. Обогащение Абаем эпического жанра // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 24-29.

121. Повести и романы Г.Мустафина // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 187-203.

122. Повести и эпопея М.Ауэзова // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 124-161.

123. Проза Абая // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 20-24.

124. Проза Б.Майлина // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 58-73.

125. Проза Ибрая Алтынсарина // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 14-19.

126. Произведения С.Сейфуллина // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 41-57.

127. Роман И.Джансугурова // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 74-81.

128. Романы Г.Мусрепова // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 162-186.

129. Романы С.Муканова // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 82-123.

130. Султанмахмут Торайгыров и его романы // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 33-40.

131. Фольклор и поэзия – предшественники прозы // История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – С. 8-13.

1977–1978

132. Атың әсте ұмытылмас: [Т.Жароковтың туғанына 70 жыл толуына] // Қазақ әдебиеті. – 1978. – 29 сент.

133. Бес белеске шыққан шәкіртке, досқа: З.Қабдоловтың творчествосы туралы // Лениншіл жас. – 1977. – 13 дек.

134. Жұлдыздай жарқырап тұрсың: [Т.Жароковтың туғанына 70 жыл толуына] // Қазақстан мұғалімі. – 1978. – 6 окт.

135. Поэт наших дней: [К 70-летию со дня рождения Т.Жарокова] // Алма-Атинская правда. – 1978. – 16 окт.

1981–1982

136. Көркем сөздің зергері: [Естелік] // Орал өңірі. – 1982. – 17 март.

137. Ұлы өзгеріс өрнектері: С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романы жайлы // Қазақ әдебиеті. – 1982. – 17 дек.

138. Ұстаз: [М.Қаратаевтың туғанына 70 жыл толуына] // Қазақ әдебиеті. – 1981. – 16 янв.

1983

139. Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 192 б.

1990

140. Абай – эпикалық жанрды байытушы // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 33-41 б.

141. Абайдың прозасы // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 28-33 б.

142. Б.Майлиннің прозасы // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 78-103 б.

143. Ғ.Мұстафиннің повестері мен романдары // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 277-304 б.

144. Ғ.Мүсреповтің романдары // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 239-277 б.

145. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 311 б.

146. М.Әуезовтің повестері мен эпопеясы // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 115-178 б.

147. С.Мұқановтың романдары // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 178-238 б.

148. С.Сейфуллиннің шығармалары // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 56-78 б.

149. Спандияр Көбеев және оның «Қалың мал» романы // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 42-45 б.

150. Сұлтанмахмұт Торайғыров және оның романдары // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 46-55 б.

151. Фольклор мен поэзия прозаның төркіні // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 11-19 б.

152. Ыбырай Алтынсариннің прозасы // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 19-28 б.

153. І.Жансүгіровтің романы // Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. – 103-115 б.

АУДАРМА ЕҢБЕКТЕРІ

ПЕРЕВОДЧЕСКИЕ ТРУДЫ

154. Белинский В.Г. Александр Пушкин шығармалары. Әдеби-сын, сын-зерттеу мақалалар жинағы (Орыс көркем әдеби сыншылық ойдың антологиясы) / Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев // Әдебиет және искусство. – 1939. – № 1-2-3-4. Текст латын әрпінде басылған.

155. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Бірінші кітап / Орыс тілінен аударғандар: Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Қ.Бекхожин. – Алматы: Қазбірмембас (ҚБМБ), 1948. – 394 б.

156. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары / Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. – Түзетіліп, өңделіп 2-ші рет басылуы. – Алматы «Жазушы», 1987. – 346 б.

157. Горький М. Жастар және балалар туралы. Публицистикалық мақалалар жинағы / Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. – Алматы: Қазбірмембас, 1949. – 208 б.

158. Горький М. Жастар және балалар туралы. Деректі публицистика / Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. Қайта өңделіп, редакцияланып 2-ші басылуы. – Алматы: Жалын, 1990. – 176 б.

159. Короленко В.Г. Тілсіз: Повесть / Жауапты шығ. ред. Х. Жұбанов. Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. – Алматы – Қызыл-Орда: Қазмемкөркемәдеббас, 1936. – 285 б. Текст латын шрифтіңде басылған.

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР МЕН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДАРДА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАЛАР ЖӘНЕ ЖАРЫССӨЗДЕР

ВЫСТУПЛЕНИЯ, ПРЕНИЯ НА КОНФЕРЕНЦИЯХ И ТОРЖЕСТВЕННЫХ СОБРАНИЯХ

1934

160. Съезде сөз сөйлейміз: Очерк // Лениншіл жас. – 1934. – № 92. – 16 июнь; // Қазақстан совет жазушыларының тұңғыш съезі. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1934. – 161 б. / (1934 ж., 12-18 маусым. Қазақстан совет жазушыларының I съезі болып өтті. Съезде I. Жансүгіров «Қазақ совет әдебиетінің бүгінгі күйі, келешектегі міндеттері», I. Қабылов «Маркс-Ленин әдеби сынының сабақты мәселелері», М.Әуезов «Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері», О.Беков «Қазақ театры мен драматургиясының өсу белендері», С.Мұқанов «Қазақ поэзиясының халі және келешектегі міндеттері туралы» деген тақырыптарда баяндама жасап, олар бойынша талқылаулар болды). Текст латын шрифтінде.

1939

161. М.Ю.Лермонтов: Баяндама. М.Ю.Лермонтовтың туғанына 125 жыл толу салтанатында 7 март, 15 октябрь, 1939 жыл Алматы қаласы.

1945

162. Сұлтанмахмұт Торайғыров: Жарыссөз. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қайтыс болғанына 25 жыл толуына арналған жиылыс 24 май, 1945 жыл Алматы қаласы.

1948

163. Великий русский критик: Доклад. Научная сессия отделения общественных наук Академии, Казахского государственного университета им. С.М. Кирова и Союза советских писателей Казахстана, посвященная к 100-летию со дня смерти В.Г.Белинского. 8 июня 1948 г., г. Алма-Ата.

1956

164. Қазақ поэзиясының қазіргі жайы туралы: Жарыссөз. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының III пленумы «КПСС XX съезінің қарарларына сәйкес қазақ поэзиясының қазіргі жайы туралы» Ә.Тәжібаевтың

«Қазақстандағы орыс поэзиясы жайында», Дм. Снегиннің баяндамаларын талқылады. 17–18 декабрь, 1956 жыл Алматы қаласы.

1957

165. Б.Майлин – прозашы: Баяндама. Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – Б.Майлиннің творчествосына арналған салтанатты кеш 25 ноябрь, 1957 жыл Алматы қаласы.

166. Қазақ әдебиетінің алып шығармасы замандастарының назарында: Баяндама // М.О.Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» (1942; 1947; 1952; 1956) төрт томдық роман-эпопеясының толық жазылып аяқталуына арналған «Абай» романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы» Бүкілодақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 25 март, 1957 жыл Алматы қаласы.

1959; 1961

167. Қазақ әдебиетінде әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында: [Қисса – жанры туралы]: Жарыссөз. Әдеби мұра және оны зерттеу: Конференция стенограммасы 1961 жылы.

168. Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында: [Қисса – жанры туралы]: Жарыссөз // Әдеби мұра және оны зерттеу. / Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. 15–19 июнь, 1959. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961. – 240-244 б.

1962

169. Мемуарная повесть Сакена Сейфуллина «Тяжелый путь, трудный переход»: Доклад // Материалы научной конференции по казахской и русской филологии. – Алма-Ата, 1962. – С. 13-14.

1964

170. Қазақтың тұңғыш эпопеясы – «Абай жолы» әдебиет сынында: Баяндама. М.О.Әуезов әдеби-мемориалдық музейінде қазақтың ұлы жазушысы Мұқтар Әуезовтің туған күніне арналған ғылыми-теориялық конференция. 27 сентябрь, 1964 жыл Алматы қаласы.

ПРОФЕССОР Б. ШАЛАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

ЛИТЕРАТУРА О ЖИЗНИ И ТРУДАХ ПРОФЕССОРА Б. ШАЛАБАЕВА

КІТАПТАРДА

171. Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев; ред. алқасы: З.Ахметов, Л.М.Әуезова, Б.Г.Ерзакович, т.б.). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 165, 602 б.

172. Әдеби мұраға арналған конференциядағы қорытынды сөз // Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2. Мақалалар, зерттеулер. – 1985. – 389 б.

173. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. (Зерттеу мақалалары). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 555 б.

174. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда 1959 жылы 19 июньде сөйлеген сөзі // Әдеби мұра және оны зерттеу: Конференция стенограммасы. – Алматы, 1961. – 351 б.

175. Әуезов М. Қорытынды сөз // Уақыт және әдебиет. [Құраст. ред. алғы сөзін жазған Ы.Т.Дүйсенбаев]. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 159, 201 б.

176. Әуезов М. Шығармалар. – Алматы, 1969. – Т.12. – 217 б.

177. Байзақов Е. Эстетика // Қазақ ССР қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – 599 б.

178. Бейімбет Майлин (әдебиеттердің көрсеткіші). – Алматы: Қазақстан, 1968. – 209 б.

179. Белгібай Шалабаев: [Некролог 1911–1990] // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 3 ақпан.

180. В.Г.Белинский шығармалары қазақ тілінде // Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына: Көркем аударма мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1987. – 175-181 б.

181. Дәуір ақыны: Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады / Құраст. Ф.Қ.Бектұрбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. – 230, 239 б. – «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.

182. Дүйсебекова А. Сыншы, әдебиеттанушы Тәкен Әлімқұлов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 8 б.

183. Кәкішев Т. Дәуір дидары: Қазақ совет әдебиетінің өсу жолдары туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 304 б.

184. Кәкішев Т. Дәуір суреттері: Монографиялық этюдтер. – Алматы: Жазушы. – 1967. – 172 б.

185. Кәкішев Т. Қазақ әдебиетінің ғылымы және әдеби сын // Қазақ Советтік Социалистік Республикасы: энциклопедиялық анықтама. – Алматы, 1980. – 498-506 б.
186. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы (Оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. – 300, 345-346 б.
187. Кәкішев Т. Оңаша отау: Монография. – Алматы: Жазушы, 1982. – 178-179 б.
188. Кәкішев Т. Сын сапары. Монография қазақ әдебиет сынының тууы хақында. – Алматы: Жазушы, 1971. – 173 б.
189. Қабдолов Зейнолла Қабдолұлы: библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Ә.Қ.Нарымбетов, Ж.Б.Мұқалдиева, К.Е.Аймұхамбетова, Л.Г.Рафикова; Ғылыми ред. Ә.Қ.Нарымбетов. – Алматы, 1997. – 35 б.
190. Қажыбай А. Сұлтанмахмұттану мәселелері (Сұлтанмахмұттану ғылымы Бейсенбай Кенжебаев пен Белгібай Шалабаев зерттеулерінде) // «Көкейкесті әдебиеттану» жинағының сегізінші кітабына «Қазақ әдебиеттануы мен сыны: тарих, таным, көркемдік» атты ғылыми-теориялық конференцияның материалдары енді (2007, 30–31 қазан). – / Құраст.: Р.Н. Нұрғали. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2008. – 8-кітап. – 331-358 б.
191. Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан даму институты, 1999. – 679 б.
192. Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. (Әдеби-сын мақалалар жинағы). / Құраст.: Қ.Жармағамбетов. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957. – 384 б.
193. Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1917–1940). Он томдық. 7-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2004. – 176 б.
194. Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1941–1956). Он томдық. 8-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2004. – 118, 127, 502, 511 б.
195. Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1956–1990). Он томдық. 9-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2005. – 21, 314, 895, 906 б.
196. Қазақ совет әдебиеті: Оқу құралы / Жалпы ред. қараған Ш. Ахметов. – Алматы, 1957. – 133 б.
197. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы. Энциклопедиялық анықтама. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1980. – 562 б.
198. Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия. / Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев; ред. колл.: А.А.Абдулин, Ж.М.Әбділдин, Ж.Ә.Әбутәліпов, т.б. – Алматы; Қаз. Сов. Энциклопед. Бас редак., 1989. – Т.4. Тіл, әдебиет, фольклор, өнер, архитектура. – 24, 344 б.
199. Қазақстан Жазушылар Одағына – 60 жыл // Нарымбетов Ә.Қ. Әдеби өмір шежіресі. – Алматы: Жалын, 1994.
200. Қазақстанның көркем әдебиеті. 1946–1957.: Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1958. – 240 б.
201. Қаратаев М. Социалистік реализмнің қазақ прозасындағы қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1965. – 409 б.

202. Қаратаев М. Шеберлік шыңына. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1963. – 120-121 б.

203. Қаратаев М. Ізденіс іздері (Әдеби-сын мақалалар). – Алматы: Жазушы, 1984. – 100, 103 б.

204. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға (Әдеби-сын зерттеулер). – Алматы: Жазушы, 1969. – 43, 48, 115, 133 б.

205. Қия жолдар: Роман естелік // Мағауин М. Мен: Роман-эссе. – Алматы: «Сак» АҚ, ҒӨПбк «GAUHAR», 1998. – 412-413, 472, 478-480 б.

206. Менің Әуезовім: роман-эссе // Қабдол З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 20-21, 56-59, 81-86, 90-91, 95, 118, 159-161 б.

207. Мырза Әли Қ. Иірім. – Алматы: Атамұра, 2004. – 207 б.

208. Мырзахметов М. Абайтану (Библиографиялық көрсеткіш). – Алматы: Ғылым, 1998. – 32, 52, 135, 153, 156, 161, 170 б.

209. Нарымбетов Ә. Әдеби өмір шежіресі. – Алматы: Жалын, 1994.

210. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті: Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші (1941–1955). – Алматы: Ғылым, 1998. – Т.2. – 272 б.

211. Нарымбетов Ә. Қазақ әдебиеті: Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші (1956–1960). – Алматы: Ғылым, 1997. – Т.3. – 204 б.

212. Сахара сұңқара: Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы Сәкен Сейфуллинге арналады / Құраст. Д.Ж. Омарбекова. – Алматы, 2004. – 284, 341-342 б.

213. Сәбит Мұқанов: Библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Аймұхамбетов К.Е., Сәйденбаева А.Ш. – Алматы, 2000. – 72 б.

214. Серғалиев М. Сөз сарасы: сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 94-107 б.

215. Шалабаев Белгібай // Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Білік, 1999. – 679 б.

216. Шалабаев Белгібай: Биографиясы // Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. А-Я / ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 542 б.

217. Шалабаев Белгібай // Қазақ Совет энциклопедиясы / Бас ред. М.Қ. Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1978. – Т.12. ХИЛА-ЯЯ. – 170 б.

218. Шалабаев Белгібай // Қазақстан Жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС., 2004. – 332 б.

219. Шалабаев Белгібай // Советтік Қазақстан жазушылары. Библиографиялық анықтамалық. – Алматы: Жазушы, 1987. – 681-682 б.

220. Шалабаев Белгібай Шалабайұлы 14.IV.1911 // Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер (Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық). – Алматы: Рауан, 1991. – 114-115 б.

221. Ысқақұлы Д. Сын сымбаты. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. – 75 б.

222. Ысқақұлы Д. Сынталқы. – Алматы: «Сөздік – Словарь» баспасы, 2005. – 10, 103, 260, 319, 400, 406 б.

В КНИГАХ

223. Ауэзов М. Мысли разных лет. (По литературным тропам). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. – 542 с.

224. Борщуков В., Османова З. Методологические проблемы изучения Советского романа // Советский роман. Новаторство. Поэтика. Типология. – М.: Наука, 1978. – С. 47.

225. Вопросы литературы / № 10 рубрика: Новые книги, изданные республиканскими, краевыми, областными издательствами. – М., 1965. – С. 256.

226. Вопросы литературы / № 2 рубрика: Новые книги, изданные республиканскими, краевыми, областными издательствами. – М., 1969. – С. 312.

227. Елеукенов Ш. Казахский роман и современность. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 219 с.

228. Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – С. 7-8, 124.

229. Зеленский К.Л. Литература народов СССР // Советское литературоведение за 50 лет (Сборник статей). – Ленинград: Наука, 1968. – С. 225.

230. История казахской литературы. В трех томах. Т.3, 2-книга. – Алма-Ата: Наука, 1967. – С. 258, 262-263.

231. История казахской литературы. В трех томах. Т.3. Казахская советская литература. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 800 с.

232. Какишев Т. Поступь: Статьи, исследования, портреты / Пер. с каз. – Алма-Ата: Жазушы, 1988. – С. 87, 100-101, 188.

233. Каратаев М. Вершины впереди. Современная литература Казахстана (Статьи). – М.: Советский писатель, 1977. – С. 359, 364, 369.

234. Каратаев М. Мирозрение и мастерство. – Алма-Ата: Жазушы, 1965. – 562 с.

235. Каратаев М. Рожденная Октябрем. Статьи и очерки о казахской литературе. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – С. 190.

236. Критика и литературоведение // Очерк истории казахской советской литературы. – М.: Изд-во АН СССР, 1960. – С. 334.

237. Лизунова Е.В. Современный казахский роман. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1964. – С. 24, 125-126.

238. Пархоменко М. Многонациональное единство советской литературы. – М.: Советский писатель, 1979. – С. 157.

239. Сильченко М., Каратаев М. Казахское литературоведение за полвека // Октябрь и наука Казахстана. (Сборник статей). – Алма-Ата: Наука КазССР, 1967. – С. 557-558, 562, 565.

240. Филологический факультет // Казахский ордена Трудового Красного Знамени государственный университет им. С.М.Кирова 50 лет. – Алма-Ата, 1984.

241. Филологический факультет // Казахский государственный Национальный университет им. аль-Фараби. – Алматы, 1994.

242. Шалабаев Бельгибай // Греховодов Н., Данилюк В., Косенко П. Писатели Казахстана (1917–1967). (Справочник). – Алма-Ата: Жазушы, 1969. – С. 346.

243. Шалабаев Бельгибай // Писатели Казахстана: Справочник / Сост.: Ауэзов М., Жорабеков К., Жангужина Р. – Алма-Ата: Жазушы, 1982. – С. 263.

244. Шалабаев Бельгибай: Биография // Краткая литературная энциклопедия / Гл. ред. А.А.Сурков. – М., «Современная Энциклопедия», 1975. – Т.8. Флобер-Яшпал. – С. 579.

245. Шалабаев Бельгибай Шалабаевич // Библиография обществоведов Казахстана. – Алма-Ата, 1986.

246. Шалабаев Бельгибай Шалабаевич // Летопись казахского национального университета им. аль-Фараби (1934–1960). – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – Т.1. – 250 с.

ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР

247. Дәдебаев Ж. Ұстаз ұлағаты: Б.Шалабаевтың 75 жасқа толуына орай // Қазақстан пионері. – 1986. – 15 июнь.

248. Исаев С., Жолдасбеков М. Жауынгер-ғалыммен кездесу // Коммунизм үшін. – 1959. – 22 март.

249. Қабулов Қ. Жауынгер-ғалым, сүйікті педагог // Казахский университет. – 1959. – 6 нояб.

250. Қажыбаев А. Белағанның белестері. (Әдебиеттанушы-ғалым, профессор Белгібай Шалабайұлының өмірі, еңбек жолы, әдеби-сын, ғылыми-зерттеу және көркем-аударма еңбектері мен ғылыми-педагогтік қызметі жөнінде мәлімет) // Жұлдыз. – 2005. – № 7. – 155-162 б. / (Мәдени мұра).

251. Қажыбай А. Белгібай Шалабаев «Жанқожа батыр» жыры жайында // «Шоқан тағылымы – 13». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау (Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті), 2008. – 24–26 сәуір. – Т.3. – 288-291 б. / «Фольклористика» секциясы.

252. Қажыбай А. Ғ. Мүсірепов романдарының әдеби сында бағалануы. (Ғ.Мүсірепов романдары Б.Шалабаев талдауында) // «Мағжан Жұмабаев және ұлттық мәдениет». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Петропавл (М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті), 2008. – 25–26 сәуір. – 134-140 б.

253. Қажыбай А. Дүлдүлі дархан даланың: [Б.Шалабаев Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы жайында] // «Ізденіс – Поиск» гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2008. – № 3. – 194-200 б.

254. Қажыбай А. Көркем аударма ажары. (В.Г.Короленконың «Тілсіз» повесі аудармасының ерекшелігі және көркемдік талғам мәселесі) // Еуразия гуманитарлық институтының (ЕАГИ) хабаршысы – Вестник Евразийского гуманитарного института (ЕАГИ). Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2007. – № 3. – 249–256 б.

255. Қажыбай А. Публицистикалық аударма хақында. (Б.Шалабаевтың М.Горькийден аударған «Жастар және балалар туралы» деректі публицистикалық жинағы жайлы) // «Шоқан тағылымы – 11». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау (Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті), 2006. – Т.ІІІ. – 118-122 б. / «Қазақ филология» секциясы.

256. Қажыбай А. Тарихи дерек және көркемдік шешім: [І.Жансүгіровтің «Жолдастар» романының идеялық-тақырыптық, тілдік-көркемдік және жанрлық-стильдік ерекшеліктерінің Б.Шалабаев зерттеулерінде көрініс табуы] // «Жансүгіров тағылымы – 36». Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Талдықорған (І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті), 2008. – 168–177 б.

257. Қажыбай А. Тәржіма тағылымы. (В.Г.Белинскийдің «Таңдамалы шығармаларының» қазақ тіліндегі тәржімасы туралы) // Ақиқат. – № 2. – 29-34 б. / (Мәдени мұра); // Жұлдыз. – 2006. – № 6. – 185–192 б. / (2006 – Қазақстандағы Пушкин жылы); // «Шоқан тағылымы – 11». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау (Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті), 2006. – Т.ІІІ. – 122-127 б. / «Қазақ филология» секциясы.

258. Қажыбай А. Ұлылық ұлағаты. (Б.Шалабаевтың М.Әуезов шығармалары жайындағы зерделі зерттеуі: дәуір талабы және тың тұжырымдар) // Халықаралық Ақмолла оқулары. М.Ақмоллаға арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе (С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті), 2008. – 22-23 мамыр. – 208-213 б. / Қазіргі филологиялық зерттеулер: тәжірибе, проблемалар, перспективалар.

259. Қажыбай А. «Үш айқас» туралы толғау: [Офицер-жауынгер Б.Шалабаевтың жорықты жолдары] // Алаш үні. – 2005. – 23 мамыр. / Ұлы жеңістің 60-жылдығына орай; // Сақшы. – 2007. – 10 мамыр. – № 18 (3560). / Ұлы жеңістің 62-жылдығына.

260. Қажыбай А. Хакім Абайдың ғибраты. (Белгібай Шалабаев хакімнің ғақлиясы мен Пушкиннің эпистолярлық романы Абай аудармасы хақында) // ҚарМУ хабаршысы. – Қарағанды (Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті). Филол. сериясы, 2008. – № 4 (52). – 68-84 б.

261. Қажыбай А. Шеберлік өнегесі: [Б.Шалабаевтың жазушылық қыры һәм тіл шеберлігі] // «Шоқан тағылымы – 13». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау (Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті), 2008. – 24–26 сәуір. – Т.3. – 277-283 б. / «Әдебиеттану» секциясы.

262. Қажыбай А. Ізгілік пен ірілік иірімі (С.Мұқановтың романдары Б.Шалабаев талдауында) // «Ұлт тағылымы – Достояние нации». – Алматы, 2008. – № 3. – 300–305 б. / Сөзстан; // «Жансүгіров тағылымы – 36». Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Талдықорған (І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті), 2008. – 164–168 б.

263. Қалмурзин Т. Ғылымның еңбек торысы // Қазақ университеті. – 1970. – 4 февр.

264. Қанафин Н. Ғалым. Сыншы. Ұстаз: Б.Шалабаевтың 70 жасқа толуына арналған // Жалын. – 1981. – 218-219 б.

265. Қанафин Н. Ұстаз мұраты: [Очерк] // Соц. Қазақстан. – 1981. – 23 июль.

266. Қаратаев М. Сыншы – әдебиеттің жанашыры // Соц. Қазақстан. – 1960. – 15 янв.

267. Серғалиев М. Жастардың аға досы (Белгілі әдебиетші, профессор Б.Шалабаев 70 жаста) // Жалын. – 1981. – № 3. – 141-143 б.

268. Сіздерге берілді: [Құттықтау] // Казахский университет. – 1959. – 16 апр.

269. Ұстаз туралы сөз: [редакциялық мақала] // Соц. Қазақстан. – 1979. – № 27. – 1 февр.

СТАТЬИ ИЗ ГАЗЕТ И ЖУРНАЛОВ

270. Белунин В. Ученый-воин: [Очерк] // Казахстан. правда. – 1944. – № 105 (4971). – 30 мая. / Полевая почта 29416-И.

271. Безмалицына С. Щедрое сердце // Вечерняя Алма-Ата. – 1982. – 27 окт.

272. Исаев С., Жолдасбеков М. Боец-ученый // За коммунизм. – 1959. – 22 марта.

273. Кабулов К. Боец-ученый, любимый педагог // Казахский университет. – 1959. – 11 нояб.

274. Қажыбай А. Большое видится на расстоянии. (Краткий очерк научной, педагогической и общественной деятельности профессора Бельгибая Шалабаева) // Materialy IV Mezinarodni vedecko-prakticka konference «Veda a technologie: krok do budoucnosti – 2008». – Dil 9. Filologicke vedy: Praha. Publishing House «Education and Science» s.r.o. – 1–15 brezen 2008 roku. – 63-69 stran. / Jazyk, rec, komunikace.

275. Лекции на научные темы // Соц. Караганда. – 1948. – 27 июля.

276. Указ Президиума Верховного Совета КазССР. О награжденным Почетной грамотой Верховного Совета КазССР за заслуги в области народного образования с присвоением звания «Заслуженного учителя КазССР» // Ведомости Верховного Совета КазССР. – 1962. – № 24. – С. 90.

277. Указ Президиума Верховного Совета КазССР. О присвоении звания «Заслуженный деятель науки КазССР» // Ведомости Верховного Совета КазССР. – 1985. – № 49. – С. 3.

278. Указ Президиума Верховного Совета СССР. О награждении тов. Б.Шалабаева Медалью «За трудовую доблесть» // Казахстан. правда. – 1961. – 27 сент.

279. Ученый и педагог: [редакционная статья] // Казахстан. правда. – 1962. – 16 дек.

Б. ШАЛАБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ РЕЦЕНЗИЯЛАР, ШІКІРЛЕР ЖӘНЕ СІЛТЕМЕЛЕР

280. Абдрахманов Т. Қазақ прозасы тарихынан // Қазақ әдебиеті. – 1957. – 5 апр. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Из истории казахской дореволюционной прозы и романа. Учеб. пособие для студентов-заочников филол. факультетов педвузов / Б.Шалабаев; авт. вступ. ст. Б.Шалабаев; М-во просвещения КазССР. – Алма-Ата: Научно-метод. каб. М-во просвещения КазССР, 1956. – 84 с. (в пер.).

281. Базарбаев М. Әдебиеттанудың көкейкесті мәселелері (Сын және библиография) // Соц. Қазақстан. – 1959. – 14 июль. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 128 с.

282. Бәйгелов М. Зерттеу жемісі жаңа кітап // Жұлдыз. – 1984. – № 7. – 189-190 б. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 192 б.

283. Бейсенов С. Горькийдің «Жастар және балалар туралы» еңбегі // Оңтүстік Қазақстан. – 1950. – 12 янв. – Кітапқа сын: Горький М. Жастар және балалар туралы. Публицистикалық мақалалар жинағы / Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. – Алматы: Қазбірмембас, 1949. – 208 б.

284. Дүйсенбаев Ы. Игі бастама // Қазақстан мұғалімі. – 1956. – 19 апр. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Из истории казахской дореволюционной прозы и романа. Учеб. пособие для студентов-заочников филол. факультетов педвузов / Б.Шалабаев; авт. вступ. ст. Б.Шалабаев; М-во просвещения КазССР. – Алма-Ата: Научно-метод. каб. М-во просвещения КазССР, 1956. – 84 с. (в пер.).

285. Жақыпов Е. Елеулі еңбек // Қазақ әдебиеті. – 1965. – 3 дек. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.

286. Жақыпов Е. Мол мағлұматты кітап // Ертіс. – 1965. – 20 нояб. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.

287. Жапаров Ә., Қоңыров Т. «Өмірде не болмайды». [Жаңа кітап] // Қызыл ту. – 1962. – 3 апр. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Өмірде не болмайды. (повесть, әңгіме, фельетондар жинағы). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 192 б.

288. Жолдасбеков М. «Өмірде не болмайды» (Сын және библиография) // Қазақстан мұғалімі. – 1962. – 22 февр. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Өмірде не болмайды. (повесть, әңгіме, фельетондар жинағы). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 192 б.

289. Қожакеев Т., Қалдыбаев М. Қазақ романы туралы құнды еңбек // Соц. Қазақстан. – 1984. – 8 февр. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 192 б.

290. Нағыметов А. Әдебиет мұғалімдері үшін пайдалы кітаптар (Сын және библиография) // Қазақстан мектебі. – 1966. – № 1. – 85-89 б. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.

291. Сағымбеков Р. Ғылымдық мәні зор зерттеу // Қазақстан мұғалімі. – 1965. – 8 июль. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.

292. Садырбаев С. Тынымсыз еңбек жемісі // Жұлдыз. – 1966. – № 6. – 154-155 б. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.

293. Сатыбалдиев Ә. Даналық еңбекті бұрмалаған аударма // Әдебиет және искусство. – 1951. – № 8. – 69-74 б. – Кітапқа сын: Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Бірінші кітап / Орыс тілінен аударғандар: Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Қ.Бекхожин. – Алматы: Қазбірмембас (ҚБМБ), 1948. – 394 б.

294. Совет романы туралы кітап (Әдеби өмір жаңалықтары) // Қазақ әдебиеті. – 1979. – № 4. – 25 янв.

295. Тастемханов Ө. Қазақ прозасының тарихы // Қызыл ту. – 1969. – 24 май. – Кітапқа сын: Шалабаев Б. История казахской прозы (Сюжет и характер): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 310 с.

296. Төлешев С. «В.Г.Белинский» (Таңдамалы шығармалар): [Сын және библиография] // Лениншіл жас. – 1948. – 24 июль. – Кітапқа сын: Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Бірінші кітап / Орыс тілінен аударғандар: Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Қ.Бекхожин. – Алматы: Қазбірмембас (ҚБМБ), 1948. – 394 б.

РЕЦЕНЗИИ, ОТЗЫВЫ И ССЫЛКИ НА ТРУДЫ Б. ШАЛАБАЕВА

297. Бекхожин Х. Очерки истории казахской литературы (Библиография) // Казахстан. правда. – 1958. – 23 июля. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 128 с.

298. Габдуллин М., Бекхожин Х. Монография ученого (Издано в Казахстане) // Казахстан. правда. – 1969. – 5 июля. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. История казахской прозы (Сюжет и характер): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 310 с.

299. Дюсенбаев И. Полезное начинание (Критика и библиография) // Учитель Казахстана. – 1956. – 19 апр. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. Из истории казахской дореволюционной прозы и романа. Учеб. пособие для студентов-заочников филол. факультетов педвузов / Б.Шалабаев; авт. вступ. ст. Б.Шалабаев; М-во просвещения КазССР. – Алма-Ата: Научно-метод. каб. М-во просвещения КазССР, 1956. – 84 с. (в пер.).

300. Исаков Б., Уахатов Б. Путь казахского романа (Новые книги) // Казахстан. правда. – 1965. – 3 июля. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.

301. Камысов Р. О казахском романе (Книга вышла в свет) // Ленинская смена. – 1965. – 1 авг. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. Казахская литература (Советский период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. – 235 с.

302. Косов М. Советский роман (Критика и библиография) // Казахстан. правда. – 1979. – № 38. – 14 февр. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – 208 с.

303. Маргулан А., Кожакеев Т. История казахского романа (Критика и библиография) // Казахстан. правда. – 1976. – № 304. – 30 дек. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – 208 с.

304. Сармурзина М. Серьезный вклад в советское литературоведение // Казахстан. правда. – 1960. – 15 дек. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 128 с.

305. Тема исследования – роман (Критика и библиография) // Вечерняя Алма-Ата. – 1979. – № 21 (3570). – 25 янв. – Рец. на кн.: Шалабаев Б. История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – 208 с.

ҚОСЫМША КӨРСЕТКІШТЕР:

ВСПОМОГАТЕЛЬНЫЕ УКАЗАТЕЛИ:

ЕҢБЕКТЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

АЛФАВИТНЫЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ

- Абай – эпикалық жанрды байытушы 140
Абайдың прозасы 141
Ақын аға 76
Аса бағалы еңбек 60
Асыл өнердің ұстасы 86
Атың әсте ұмытылмас 132
Әдебиетке құмарлық 10
Әлемнің қамқоршысы 77
Әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында 168
Б.Майлин – прозашы 165
Б.Майлиннің прозасы 142
Бекет батыр 37
Белинский В.Г. Александр Пушкин шығармалары 154
Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары 155, 156
Бес белеске шыққан шәкіртке, досқа 133
Біз фашистерді қалай алдадық 11
Біздің артель 1
В.Г.Белинский және оның сыны 24
Вильям Шекспир 25
Горький М. Жастар және балалар туралы 157, 158
Ғ.Мұстафиннің повестері мен романдары 143
Ғ.Мүсреповтің романдары 144
Ғажайып сырлар 112
Досан батыр 38
Еңбек, кәсіп жайындағы өлеңдер 26
Жаздың алғаш күндері 20
Жақан Сыздықов 47
Жақан шығармалары туралы 33
Жанқожа батыр 39
Жаңа жыл анкетасы 61
Жаңадан дамыған жанр жайында 62
Жекпе-жек 78
Желмаяға міну 2
Жетекші ақын 79
Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту методикалық программасы 94

Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту методикасы туралы
113

Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған қазақ
фольклоры және қазақ әдебиеті тарихының кеңейтілген программасы 27

«Жолдастар» романы жайында 95

Жұлдыздай жарқырап тұрсың 134

Календарлы әңгіме, өлеңдер 28

Короленко В.Г. Тілсіз 159

Көктемнің алғаш күндері 12

Көркем сөздің зергері 136

Кішкене айна 87

Қазақ әдебиеті. Фольклор 29

Қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы кейбір принциптер туралы 23

Қазақ әдебиетінде әлі күнге дейін зерттелмеген жанр жайында 72, 167

Қазақ әдебиетінің алып шығармасы замандастарының назарында 63,

166

Қазақ поэзиясының қазіргі жайы туралы 164

Қазақ романындағы сюжет пен характердің кейбір мәселелері 117

Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография 145

Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы: Оқу құралы 139

Қазақ совет әдебиетінің оқулығы туралы 57

Қазақ совет әдебиетінің программасы. Университет пен
пединституттардың филология факультеті үшін 97

Қазақ эпопеясы әдебиеттік сында 80

Қазақтың алғашқы романы 50

Қазақтың тұңғыш эпопеясы – «Абай жолы» әдебиет сынында 170

Құрмаш әкесін қалай алдады 13

М.Әуезовтің повестері мен эпопеясы 146

М.Ю.Лермонтов 161

Майданға дайындал 3

Мақал, мәтелдер 40

Мезгіл мен меже 98

Мереке сыйлығы 81

Минутта орнаған мәдениет 4

Мұзды мұхитқа саяхат 14

Мұхит жорығында 82

Нәзік талғам 88

Нұрлан мен Нұрыш 5

Октябрь ұлына сәлем 6, 15

Орман ішінде 16

Орыс әдеби көркем сынының алыбы В.Г.Белинский 41

Орыс әдебиетінің алыбы Пушкин – ұлы Абайдың ұстазы 51

Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский 42

Өмірде не болмайды 89

Өткір сын – дәуір белгісі 90

- Өтірік өлең 43
 Пионерлер маршы 17
 Роман туралы 30
 С.Мұқановтың романдары 147
 С.Сейфуллиннің шығармалары 148
 Сәбит Мұқанов 48
 Сәбит Мұқановтың поэзиясы 52
 Социалистік құрылыс 7
 Спандияр Көбеев және оның «Қалың мал» романы 149
 Сұлтанмахмұт Торайғыров 34
 Сұлтанмахмұт Торайғыров 162
 Сұлтанмахмұт Торайғыров және оның романдары 150
 Съезде сөз сөйлейміз 160
 Сынға қосылған үлес 83
 Сыншының эстетикалық көзқарасы 44
 Тайжеген тауында 8
 Туған жердің еменіндей бойлаған, көп болса екен сіз секілді ойлы адам
 114
 Тұлпар жасқа толды 9
 Түн құшағында 18
 Тыңда 19
 Ұлы өзгеріс өрнектері 137
 Ұлы халықтың данышпаны 45
 Ұстаз 138
 Үш айқас 64
 Фольклор мен поэзия прозаның төркіні 151
 Халық даналығының құнды қазынасы 73
 Ыбырай Алтынсариннің прозасы 152
 І.Жансүгіровтің романы 153
 ХІХ ғасырдағы тарихи жырлар 84
 ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің программасы. Университет пен
 пединституттарының филология факультеті үшін 46
- Вдохновенный певец труда 115
 Вдохновенный Пушкиным 35
 Великий русский критик 163
 Вклад критика 85
 Во имя отчизны 91
 Главная тема 116
 Дружба навеки 92
 Из истории казахской дореволюционной прозы и романа. Учеб. пособие
 для студентов-заочников филол. факультетов педвузов 56
 Испандияр Кубеев и его роман «Калым» 53, 65, 118
 История казахской прозы (Сюжет и характер): Монография 109

- История казахского романа: учеб. пособие для педвузов 119
- К вопросу об отношении Абая к Пушкину 49
- Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов 100
- Лучшие образцы дореволюционной казахской прозы 110
- М.О.Ауэзов 55
- Мемуарная повесть Сакена Сейфуллина «Тяжелый путь, трудный переход» 169
- Назидания Абая и зарождение поэмы в казахской литературе 74
- Назидания Абая Кунанбаева и развитие эпического жанра в письменной литературе 66
- Наследие творчества Торы-Айгырова в истории казахского романа. Дис. на соиск. уч. степ. канд. филол. наук. 32
- Новый шаг в казахской поэзии 96
- Об отношении казахского классика к великану русской литературы 58
- Обогащение Абаем эпического жанра 120
- Образ народа и поэта в эпосе М.Ауэзова 101
- Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман) 67
- Пером большого художника 75
- Повести и романы Г.Мустафина 121
- Повести и эпос М.Ауэзова 122
- Поиски жанра И.Джансугуровым 102
- Поэт наших дней 135
- Проза Абая 123
- Проза Б. Майлина 124
- Проза Ибрая Алтынсарина 125
- Произведения С.Сейфуллина 126
- Прошлое и настоящее в романах Г.Мусрепова 103
- Путь народа 68
- Путь С.Муканова-романиста 104
- Пушкин и Абай 22
- Рассказы Ибрая Алтынсарина 69
- Расцвет прозы и ее больших форм в литературе Советского Казахстана 111
- Революция в казахской степи и мемуары С.Сейфуллина 105
- Роман И.Джансугурова 127
- Роман поэта 106
- Романы Г.Мусрепова 128
- Романы С.Муканова 129
- Сборник статей М.Каратаева 70
- Старый и новый аул в повести Б.Майлина 107
- Страницы романа 99
- Султан-Махмуд Торы-Айгыров 31
- Султан-Махмуд Торайгыров 36
- Султанмахмут Торайгыров и его романы 71

Султанмахмут Торайгыров и его романы	130
Творчество С.Торайгырова	59
Тема современности в прозе Г.Мустафина	108
Фольклор и поэзия – предшественники прозы	131
Эпос наших дней	93

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

АВТОРСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ

Абдрахманов Т. 280
Аймұхамбетов К. 189, 213

Әуезов М. 172-176

Базарбаев М. 281
Байзақов Е. 177
Бәйгелов М. 282
Бейсенов С. 283
Бектұрбекова Ф. 181

Дәдебаев Ж. 247
Дүйсебекова А. 182
Дүйсенбаев Ы. 284

Жақыпов Е. 285-286
Жапаров Ә., Қоңыров Т. 287
Жармағамбетов Қ. 192
Жолдасбеков М. 288

Исаев С., Жолдасбеков М. 248

Кәкішев Т. 183-188

Қабдол З. 206
Қажыбаев А. 250
Қажыбай А. 251-262
Қалмурзин Т. 263
Қанафин Н. 264-265
Қаратаев М. 201-204, 266
Қожакеев Т., Қалдыбаев М. 289

Мағауин М. 205
Мырза Әли Қ. 207
Мырзахметов М. 208

Нағыметов А. 290
Нарымбетов Ә. 189, 199, 209-211

Омарбекова Д. 212
Оразаев Ф. 220

Сағымбеков Р. 291
Садырбаев С. 292
Сатыбалдиев Ә. 180, 293
Сәйденбаева А. 213
Серғалиев М. 214, 267

Тастемханов Ө. 295
Төлешев С. 296

Ысқақұлы Д. 221-222

Ауэзов М. 223

Бекхожин Х. 297
Белунин В. 270
Безмалицына С. 271
Борщук В., Османова З. 224

Габдуллин М., Бекхожин Х. 298

Дюсенбаев И. 299

Елеукенов Ш. 227-228

Зеленский К.Л. 229

Исаев С., Жолдасбеков М. 272
Искаков Б., Уахатов Б. 300

Кабулов К. 273
Кажыбай А. 274
Какишев Т. 232
Камысов Р. 301
Каратаев М. 233-235
Косов М. 302

Лизунова Е.В. 237

Маргулан А., Кожакеев Т. 303

Пархоменко М. 238

Сармурзина М. 304
Сильченко М., Каратаев М. 239

**БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТІ ҚҰРАСТЫРУҒА
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР
МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**СПИСОК ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЙ И ЛИТЕРАТУР
ИСПОЛЬЗОВАННЫХ В СОЗДАНИИ
БИОБИБЛИОГРАФИЧЕСКОГО УКАЗАТЕЛЯ**

Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев; ред. алқасы: З.Ахметов, Л.М.Әуезова, Б.Г.Ерзакович, т.б.). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. 171

Ақиқат 257

Алаш үні 259

Әдеби мұра және оны зерттеу. / Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. 15-19 июнь, 1959. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961. 168

Әдебиет және искусство 24, 30, 154, 293

Әдебиет майданы 8, 23

Әдебиеттік оқу кітабы. (Қазақ мектебінің 5-ші бөлімі үшін). Орта, орталау мектептің 5-класына арналған хрестоматия / Құраст.: Жансүгірұлы І., Сейфоллаұлы С., Мәметкеліні Ә., Майлыұлы Б. – Қызылорда: Қазмембас, 1932. – 1-бөлім. 7, 9

Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2. Мақалалар, зерттеулер., 1985. 172

Әуезов М. Әр жылдар ойлары. (Зерттеу мақалалары). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1959. 173

Әуезов М. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда 1959 жылы 19 июньде сөйлеген сөзі // Әдеби мұра және оны зерттеу: Конференция стенограммасы. – Алматы, 1961. 174

Әуезов М. Қорытынды сөз // Уақыт және әдебиет. [Құраст. ред. алғы сөзін жазған Ы.Т.Дүйсенбаев]. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. 175

Әуезов М. Шығармалар. – Алматы, 1969. – Т.12. 176

Бейімбет Майлин (әдебиеттердің көрсеткіші). – Алматы: Қазақстан, 1968. 178

Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. Бірінші кітап / Орыс тілінен аударғандар: Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, Қ.Бекхожин. – Алматы: Қазбірмембас (ҚБМБ), 1948. 41, 155

Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары / Орыс тілінен ауд.: Б. Шалабаев. – Түзетіліп, өңделіп 2-ші рет басылуы. – Алматы «Жазушы», 1987. 156

Горький М. Жастар және балалар туралы. Публицистикалық мақалалар жинағы / Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. – Алматы: Қазбірмембас, 1949. 157

Горький М. Жастар және балалар туралы. Деректі публицистика / Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. Қайта өңделіп, редакцияланып 2-ші басылуы. – Алматы: Жалын, 1990. 158

Дәуір ақыны: Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады / Құраст. Ф.Қ.Бектұрбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. 181

Еңбекші қазақ 3, 4

Ертіс 286

Еуразия гуманитарлық институтының (ЕАГИ) хабаршысы – Вестник Евразийского гуманитарного института (ЕАГИ). Қоғамдық ғылымдар сериясы. 254

Жалын 264, 267

«Жансүгіров тағылымы – 36». Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Талдықорған (І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті). 256, 262

«Жас ақындар» жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1936. 20

Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту методикалық программасы. Алматы: Қазмемопб, 1962. 94

Жұлдыз 250, 257, 282, 292

Кәкішев Т. Дәуір дидары: Қазақ совет әдебиетінің өсу жолдары туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1985. 183

Кәкішев Т. Дәуір суреттері: Монографиялық этюдтер. – Алматы: Жазушы. – 1967. 184

Кәкішев Т. Қазақ әдебиетінің ғылымы және әдеби сын // Қазақ Советтік Социалистік Республикасы: энциклопедиялық анықтама. – Алма-Ата, 1980. 185

Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы (Оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. 186

Кәкішев Т. Оңаша отау: Монография. – Алматы: Жазушы, 1982. 187

Кәкішев Т. Сын сапары. Монография қазақ әдебиет сынының тууы хақында. – Алматы: Жазушы, 1971. 188

Коммунизм үшін 248

Короленко В.Г. Тілсіз: Повесть / Жауапты шығ. ред. Х.Жұбанов. Орыс тілінен ауд.: Б.Шалабаев. – Алматы – Қызыл-Орда: Қазмемкөркемәдеббас, 1936. 159

«Көкейкесті әдебиеттану» жинағының сегізінші кітабы 190

Қабдол З.Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. 206

Қабдолов Зейнолла Қабдолұлы: библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Ә.Қ.Нарымбетов, Ж.Б.Мұқалдиева, К.Е.Аймұхамбетова, Л.Г.Рафикова; Ғылыми ред. Ә.Қ. Нарымбетов. – Алматы, 1997. 189

Қазақ әдебиеті 10, 12, 14, 61, 87, 88, 90, 98, 114, 132, 137, 138, 280, 285, 294

Қазақ әдебиеті. Фольклор (орта, орталау мектептердің 8-класына арналған). – Алматы: Қазбірмембас, 1941. 29

Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан даму институты, 1999. 191, 215

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. А-Я / ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. 216

Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. (Әдеби-сын мақалалар жинағы). / Құраст.: Қ. Жармағамбетов. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957. 192

Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1917-1940). Он томдық. 7-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2004. 193

Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1941-1956). Он томдық. 8-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2004. 194

Қазақ әдебиетінің тарихы: кеңес дәуірі (1956-1990). Он томдық. 9-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2005. 195

Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры / Құраст. және жалпы ред. басқарған проф. М.О. Әуезов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. 37-40, 43

Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1960. – Т.1., 1-кітап. 84

Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1983. 139

Қазақ романының тууы мен қалыптасуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1990. 145

Қазақ совет әдебиеті: Оқу құралы / Жалпы ред. қараған Ш. Ахметов. – Алматы, 1957. 196

Қазақ совет әдебиетінің программасы. Университет пен пединституттардың филология факультеті үшін. – Алматы, 1964. 97

Қазақ Совет энциклопедиясы / Бас ред. М.Қ. Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1978. – Т.12. ХИЛА-ЯЯ. 217

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы. Энциклопедиялық анықтама. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1980. 197

Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия. / Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев; ред. колл.: А.А.Абдулин, Ж.М.Әбділдин, Ж.Ә.Әбутәліпов, т.б. – Алматы: Қаз. Сов. Энциклопед. Бас редак., 1989. 198

Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы. 42, 51, 52

Қазақ тілі мен әдебиеті 63, 73

Қазақ университеті 263

Қазақстан Жазушылар Одағына – 60 жыл 199

Қазақстан Жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС., 2004. 218

Қазақстан мектебі 95, 113, 117, 290

Қазақстан мұғалімі 57, 60, 62, 64, 72, 83, 86, 134, 284, 288, 291

- Қазақстан пионері 81, 82, 247
- Қазақстан совет жазушыларының тұңғыш съезі. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1934. 160
- Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің ғылыми еңбектері. Әдебиет сериясы. 50
- Қазақстанның көркем әдебиеті. 1946-1957.: Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1958. 200
- ҚарМУ хабаршысы. – Қарағанды (Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті). Филол. сериясы. 260
- Қаратаев М. Социалистік реализмнің қазақ прозасындағы қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1965. 201
- Қаратаев М. Шеберлік шыңына. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1963. 202
- Қаратаев М. Ізденіс іздері (Әдеби-сын мақалалар). – Алматы: Жазушы, 1984. 203
- Қаратаев М. Эпостан эпопеяға (Әдеби-сын зерттеулер). – Алматы: Жазушы, 1969. 204
- Қызыл әскер 6
- «Қызыл сақшы» өлеңдер жинағы / Құраст.: А.Кәрім. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1933. – 9-11 б.; Көркем әдебиет оқу кітабы. Орта, орталау мектептердің 5-класы үшін. – 2-стереотипті бас. / Құраст.: С.Сейфуллин, Ө.Тұрманжанов. – Алматы: Қазмембас, 1934. 15
- Қызыл ту 1, 34, 287, 295
- Лениншіл жас 2, 18, 19, 25, 76, 133, 160, 296
- Мағауин М. Мен: Роман-эссе. – Алматы: «Сақ» АҚ, ҒӨПбк «GAUHAR», 1998. 205
- Майдан 33
- Мырза Әли Қ. Иірім. – Алматы: Атамұра, 2004. 207
- Нарымбетов Ә. Әдеби өмір шежіресі. – Алматы: Жалын, 1994. 209
- Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті: Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші (1941-1955). – Алматы: Ғылым, 1998. – Т.2. 210
- Нарымбетов Ә. Қазақ әдебиеті: Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші (1956-1960). – Алматы: Ғылым, 1997. – Т.3. 211
- Оңтүстік Қазақстан 283
- Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер (Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық). – Алматы: Рауан, 1991. 220
- Орал өңірі 136

Өмірде не болмайды. (повесть, әңгіме, фельетондар жинағы). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. 89

Пионер 5, 11, 13, 16

Сақшы 259

Сахара сұңқара: Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы Сәкен Сейфуллинге арналады / Құраст. Д.Ж. Омарбекова. – Алматы, 2004. 212

Сәбит Мұқанов: Библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Аймұхамбетов К.Е., Сәйденбаева А.Ш. – Алматы, 2000. 213

Серғалиев М. Сөз сарасы: сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. 214

Советтік Қазақстан жазушылары. Био-библиографиялық анықтамалық. – Алматы: Жазушы, 1987. 219

Социалистік Қазақстан 34-45, 77-79, 112, 265, 266, 269, 281, 289

Социалистік реализм туы астында: Сын мақалалар жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. 80

«Ұлт тағылымы – Достояние нации». / Сөзстан 262

Халық мұғалімі 26, 28

«Шоқан тағылымы – 11». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау (Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті). / «Қазақ филология» секциясы. 255, 257

«Шоқан тағылымы – 13». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау (Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті). / «Фольклористика» секциясы. 251, 26

Ысқақұлы Д. Сын сымбаты. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. 221

Ысқақұлы Д. Сынталқы. – Алматы: «Сөздік – Словарь» баспасы, 2005. 222

«Ізденіс – Поиск» гуманитарлық ғылымдар сериясы. 253

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің программасы. Университет пен пединституттарының филология факультеті үшін. – Алматы, 1948. 46

Алма-Атинская правда 135

Ауэзов М. Мысли разных лет. (По литературным тропам). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. 223

Библиография обществоведов Казахстана. – Алма-Ата, 1986. 245

Ведомости Верховного Совета КазССР 276, 277
Вестник АН КазССР. Сер. филол. 49, 54
Вечерняя Алма-Ата 271, 305
Вопросы литературы 225, 226

Греховодов Н., Данилюк В., Косенко П. Писатели Казахстана (1917-1967). (Справочник). – Алма-Ата: Жазушы, 1969. 242

Елеукенов Ш. Казахский роман и современность. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. 227

Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. 228

За коммунизм 272

Из истории казахской дореволюционной прозы и романа. Учеб. пособие для студентов-заочников филол. факультетов педвузов / Б.Шалабаев; авт. вступ. ст. Б.Шалабаев; М-во просвещения КазССР. – Алма-Ата: Научно-метод. каб. М-во просвещения КазССР, 1956. 56

История казахской литературы. В трех томах. Т.3, 2-книга. – Алма-Ата: Наука, 1967. 230

История казахской литературы. В трех томах. Т.3. Казахская советская литература. – Алма-Ата: Наука, 1971. 231

История казахской прозы (Сюжет и характер): Монография. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. 109

История казахского романа: учеб. пособие для педвузов / Б.Шалабаев. – Изд.2-е, перераб. и доп. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. 119

Казахская литература (Сов. период): Учеб. пособие по истории каз. романа для филол. факультетов ун-та и пединст-тов / Б.Шалабаев; под общ. ред. Н.С.Ровенского. – Алма-Ата: Мектеп, 1965. 100

Казахская советская литература: Статьи, исследования, портреты / Проспект коллективного труда. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1953. 55

Казахский ордена Трудового Красного Знамени государственный университет им. С.М.Кирова 50 лет. – Алма-Ата, 1984. 240

Казахский государственный Национальный университет им. аль-Фараби. – Алматы, 1994. 241

Казахский университет 249, 268, 273

Казахстан (альманах) 53

Казахстанская правда 22, 35, 36, 75, 85, 93, 99, 106, 115, 116, 270, 278, 279, 297, 298, 300, 302-304

Какишев Т. Поступь: Статьи, исследования, портреты / Пер. с каз. – Алма-Ата: Жазушы, 1988. 232

Каратаев М. Вершины впереди. Современная литература Казахстана (Статьи). – М.: Советский писатель, 1977. 233

Каратаев М. Мирозрение и мастерство. – Алма-Ата: Жазушы, 1965. 234

Каратаев М. Рожденная Октябрем. Статьи и очерки о казахской литературе. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. 235

Краткая литературная энциклопедия / Гл. ред. А.А.Сурков. – М., «Современная Энциклопедия», 1975. – Т.8. 244

Критика и литературоведение // Очерк истории казахской советской литературы. – М.: Изд-во АН СССР, 1960. 236

Ленинская смена 91, 92, 301

Летопись казахского национального университета им. аль-Фараби (1934-1960). – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – Т.1. 246

Лизунова Е.В. Современный казахский роман. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1964. 237

Литература и жизнь 68

Литература и искусство Казахстана 31

М.О.Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию / Проспект коллективного труда. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1959. 74

Материалы научной конференции по казахской и русской филологии. – Алма-Ата, 1962. 169

Наследие творчества Торы-Айгырова в истории казахского романа. Дис. на соиск. уч. степ. канд. филол. наук. / КазПИ им. Абая /. – Ленинград – Алма-Ата, 1937-1944. 32

Октябрь и наука Казахстана. (Сборник статей). – Алма-Ата: Наука КазССР, 1967. 239

Очерки истории казахской дореволюционной литературы. (Проза, поэма, роман). – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. 67

Пархоменко М. Многонациональное единство советской литературы. – М.: Советский писатель, 1979. 238

Писатели Казахстана: Справочник / Сост.: Ауэзов М., Жорабеков К., Жангужина Р. – Алма-Ата: Жазушы, 1982. 243

Простор 96

Сб. статей о казахской литературе / вступ. ст., сост. и примеч. С.Кирабаева. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. 58, 59

Советское литературоведение за 50 лет (Сборник статей). – Ленинград: Наука, 1968. 229

Учитель Казахстана 70, 299

Materialy IV Mezinarodni vedecko-prakticka konference «Veda a technologie: krok do budoucnosti – 2008». – Dil 9. Filologicke vedy: Praha. Publishing House «Education and Science» s.r.o. – 1-15 brezen 2008 roku. – 63-69 stran. / Jazyk, rec, komunikace. 274

МАЗМҰНЫ

<i>Құнытия Алпысбаев. Салиқалы зерттеу, толымды талдау еңбек.....</i>	3
Кіріспе.....	8
1 Белгібай Шалабаевтың әдеби-сын, ғылыми-зерттеу ізденістерінің негізгі арналары.....	22
1.1 Белгібай Шалабаевтың ғылыми-зерттеу еңбектері.....	22
1.2 Белгібай Шалабаевтың сыни ұстанымы және әдеби сын еңбектерінің идеялық-тақырыптық аясы.....	275
2 Белгібай Шалабаевтың әдеби-публицистикалық және көркем аударма мұралары.....	393
2.1 Белгібай Шалабаевтың әдеби-публицистикалық шығармалары.....	393
2.2 Белгібай Шалабаевтың көркем аудармадағы шеберлігі.....	421
Қорытынды.....	473
Пайдаланылған әдебиеттер.....	480
Биобиблиографиялық көрсеткіш.....	498
Биобиблиографический указатель.....	498

Аян ҚАЗЫБАЙ

**БЕЛГІБАЙ ШАЛАБАЕВТЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
КӨРКЕМ АУДАРМА ЕҢБЕКТЕРІ**
(Монография)

Басуға 22.05.2015 г. қол қойылды.
Пішімі 60x84/16. Көлемі 32,47 баспа табақ.
Таралымы 500 дана.

«Көкше» Академиясы баспасы
020000, Көкшетау қаласы, Капцевич көшесі, 243